

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының, Халықаралық педагогикалық академияның академигі, профессор **Клара Жантөреқызы Қожахметованың** 65 жылдығына арналған

«ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА МЕН ЭТНОПСИХОЛОГИЯ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
8-9 қаңтар, 2016

Материалы международной научно-практической конференции
«ЭТНОПЕДАГОГИКА И ЭТНОПСИХОЛОГИЯ В МИРОВОМ И КАЗАХСТАНСКОМ НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ»,
посвященной 65-летию профессора, академика АПНК, МАНПО, Международной педагогической академии
Клары Жантуриевны Кожакметовой
8-9 января, 2016

Materials of international scientific-practical conference
«Ethno-pedagogy and ethno-psychology in global and Kazakhstani scientific and educational space»
dedicated to the 65th anniversary of professor, academician of APOC, IASP, the International Pedagogical Academy
Clara Zhanturievna Kozhakhmetova
January 8-9, 2016

Алматы, 2016

УДК 37.0(063)
ББК 74.00
К 47

Жалпы редакциясын басқарған

Нокетаева Ж.Ж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры

Жауапты редакторлар

Алиев Б.А. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры
Мұратбаева Г.А. – Жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д.,
Таубаева Ш.Т. – п.ғ.д., профессор;
Джанзакова Ш.И. – п.ғ.д., профессор;
Қоңырбаева С.С. – п.ғ.к., қауымд. профессор.

Қ 47 **«Әлемдік және қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология»:** Қазақстан педаг. ғыл. акаде. Халықара. пед. білім беру ғылым. акаде., Халықара. пед. академияның академигі **Клара Жантөреқызы Қожахметованың** 65 жылдығына арналған Халық. ғыл-практ. конф. Мат.жинағы. **«Этнопедагогика и этнопсихология в мировом и казахстанском научно-образовательном пространстве»**, Сборник международной научно-практической конференции посвященная 65-летию профессора, академика АПНК, МАНПО, Международной педагогической академии **Клары Жантуриевны Қожахметовой.** — Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016, - 564 бет. – казақша, орысша.

ISBN 978-601-224-724-4

Жинақта еліміздегі және әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология мәселелерінің маңыздылығы және оны зерделеудің заманауи мүмкіндіктері ғылыми-теориялық, әдіснамалық, практикалық тұрғыдан қарастырған халықаралық және еліміздегі көрнекті ғалымдардың пайымдаулары берілген. Сонымен қатар, ЖОО профессор-оқытушылары мен колледж, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, докторанттар мен магистранттардың ұлттық идея, білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру жөніндегі ғылыми-тәжірибелік жүйеленген мақалалары ұсынылған.

В сборнике представлены материалы по проблемам этнопедагогики и этнопсихологии в научно-образовательном пространстве и возможности теоретических, методологических и практических аспектов современных исследований в трудах отечественных и зарубежных ученых, преподавателей вузов, докторантов и магистрантов, учителей школ и колледжей

ISBN 978-601-224-724-4

УДК 37.0(063)
ББК 74.00

«Қыздар университеті» баспасы, 2016

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**
**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ-ҒЫЛЫМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКА МЕН
ЭТНОПСИХОЛОГИЯ**
**ЭТНОПЕДАГОГИКА И ЭТНОПСИХОЛОГИЯ В МИРОВОМ И КАЗАХСТАНСКОМ НАУЧНО-
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

АЛҒЫ СӨЗ

Балықбаев Т.О.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі*

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында білім беруді ізгілендіру мен гуманитарландыру үдерістері кеңінен енгізіле бастады. Білім беру ісін әсіресе, халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан этностық мәдениетімен, өнерімен, салт-дәстүрімен табыстыру, жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу маңыздылығына баса назар аударылды.

Бұл мәселеге мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде: «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілді.

Ғасырлар тоғысында ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерін зерттейтін педагогика ғылымының келелі саласы этнопедагогика басым дами бастады. Ол этнофилософия, этнопсихология, этномәдениеттану, этнографияның педагогика аясында кіріктірілген білім саласы ретінде қалыптасты.

Этнопедагогика ғылымының негізгі міндеттерін ғалымдар төмендегіше пайымдады:

-жастарды халықтың ғасырлар бойы қол жеткізген рухани құндылықтары аясында тәрбиелеу, ұрпақты ата-бабамыздың озық салт-дәстүрімен, ғибратты әдет-ғұрпымен қайта табыстыру;

-білім беру мазмұны мен тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу;

-жаһандану заманының ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық сана-сезім мен полимәдениетті ортада өмір сүру жағдаяттарын оңтайлы үйлестіруге негізделген ұлттық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру.

Бұл салада республикамызда Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, Қ.Б. Бөлеев, Ж.Ж. Наурызбай, К.А. Оразбекова, Р.Қ. Дүйсембінова, Қ.Қ. Шалғынбаева және басқа да көптеген ғалымдар іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізді.

Аталған тұлғалардың арасында педагогика ғылымдарының докторы, профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың орнын да, үлесін де айрықша деп айтуға болады. Ғалымдардың барлығы мемлекеттік деңгейде ғылым мен практиканы қатар алып жүруге қатыса бермейді. Ал Клара Жантөреқызы болса, 1983 жылдан бастап Орталық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институтында, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жауапты қызметтерде жүріп, тәрбие жүйесінің теориясы және әдістемесі салаларындағы ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыстарға өз үлесін қоса білді. Соның кейбіреулерін ғана атап өткім келеді.

2004-2005 жылдары К.Қожахметова Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында Тәрбие институтының директоры болып қызмет атқарды. Іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларға жетекшілік жасап, білім беру, тәрбие мәселелері бойынша бірқатар құнды еңбектер жазды, республика көлемін толық қамтыған ауқымды әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырды. Осы жылдары 12 жылдық білім беруге көшудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу жұмысы тобының мүшесі бола отырып, ол білім мазмұнына ұлттық-рухани құндылықтарды ендіру, білімнің тәрбиелік әлеуетін арттыру әдістемесін жасауға айтарлықтай үлес қосты.

2009-2010 жылдары Ұлттық білім академиясы базасында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Әлемдік педагогикалық ой-сана» 10 томдық антологиясы әзірленіп, басылып шығарылған болатын. Клара Жантөреқызы ғылыми жетекшілік жасаған осы антологияның 8-томында кеңестік дәуірдегі білім беру жүйесінің және педагогика ғылымының дамуы, орта білім мазмұнының әдіснамалық және теориялық негіздерінің дамуы, тәрбие теориясының және этнопедагогика ғылымының дамуы сияқты келелі мәселелер бойынша құнды ғылыми тұжырымдар мен мәліметтер жинақталған.

Профессор К.Ж.Қожахметованың еліміздің білім беру жүйесіне қалдырған ғылыми мұрасының бірі – оның «Этнопедагогика» оқулығы. Оқулық жоғары оқу орындарында осы сала мамандарын дайындау үшін маңыздылыққа ие болып отыр.

Қазақ педагогикағылымы дамып, тағылымы мол ұлттық құндылықтарымыздан бастау алатын тәлім-тәрбие жас ұрпақтың жүрегі мен санасынан терең орын алуы үшін К.Ж. Қожахметовадай ғалымдарымыздың қатарының көбейе бергені, оның еңбектерін өз шәкірттері жалғастырғаны абзал. Барымызды бағалап, асылдарымызды ардақтап, Клара Жантөреқызындай ғалым-ұстаздарымыздың соңына қалдырған мұрасын терең зерделеп іске асыру – бәрімізге аманат. Бүгінгі өткізіліп отырған халықаралық конференция соның бастамасы болып, болашақта жүйелі жалғасын тапсын деп тілеймін.

Қол жеткізген тәуелсіздік баянды болу үшін Клара Жантөреқызындай ғалымдар керек. Барымызды бағалап, қадірлеп, қалдырған мұрасын терең зерделеп іске асыру – бәрімізге аманат.

ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҒАЛЫМ

Нөкетаева Д.Ж.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры

Құрметті әріптестер, құрметті зиялы қауым! Бүгін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ерекше басқосу өткізіліп жатыр. Халқымыздың «Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді», - деген, философиялық мағынасы терең даналығында айтылғандай, бүгінгі жиын: этнопедагогика ғылымының дамуына керемет үлес қосып, ұлттық тәрбие саласының өркендеуіне жол ашқан біртуар ғалым, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының, Халықаралық педагогикалық академияның академигі, ұлағатты ұстаз, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Қожахметова Клара Жантөреқызының 65 жылдық мерейтойына орай, өткізіліп, Клара Жантөреқызының ғылым көкжиегіндегі елеулі орнын көрсетеді.

«Еліміздегі және әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қазақстандық және шет елдерден педагогика саласына еңбегі сіңген көптеген ғалымдар мен әдіскерлер, ұстаздар мен тәрбиешілер, ғалымның замандастары, шәкірттері, үзегілес әріптестері келіп отыр.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Ұстаз – тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деген тұжырымы Қожахметова Клара Жантөреқызына арналып айтылғандай десек артық болмас.

Профессор Клара Жантөреқызы Қыздар университетінде тағылымды да, өнегелі еңбек етті. Осы университетте Ғылым және халықаралық байланыстар бойынша проректорлық қызметін жеті жыл абыроймен атқарды. Бұл Қазақстанның жаңа даму жолына түсіп, білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып, жаңа белеске көтерілу кезеңі еді. Қыздар университетінің ғылыми әлеуетін, отандық ғылымға қосар үлесін көтеруге атсалысып, сонымен бірге шетелдік ЖОО жүйелі байланыс жасауды мақсат еткен Клара Жантөреқызы қыздардың білім ордасының ғылым саласын басқарған жылдары халықаралық деңгейде ауқымды мәселелерді шешуге мұрындық болды.

Соның ішінде «XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы», «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі», «Химия және биология салаларының білім мен ғылымдағы өзекті проблемалары», «Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары», «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері», «Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері», «Педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттырудағы инновациялық технология мәселелері және даму ерекшеліктері», «Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері» және «Қазақстан Республикасы психология ғылымының көкейкесті мәселелері және даму бағыттары» атты конференциялар халықаралық деңгейде жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Клара Жантөреқызы ұлттық тәрбиенің жанашыры, этнопедагогиканың негізін салушы ретінде өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Оның ғылыми педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері «Қазақ аруы» атты арнайы курс болып, университеттің білім беру мазмұнынан көрініс тапты. Ғалымның ғылыми зерттеу жетістіктері ғылыми жобалар, студенттік зерттеу, диссертациялық жұмыстарға бағыт беріп отырды.

Профессор Клара Жантөреқызы университетіміздің жақын және алыс шетелдік университеттермен тығыз байланыс жасауын өз үлесін қосты. Көптеген елдерде үздік ғылыми баяндамалар жасап, дәрістер оқыды. Республикамыздың үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдасын жасауға қатысты, мемлекеттік стандарттарды тәрбиелік тұғырдан жетілдіруге, педагог кадрларды даярлау мен біліктілігін жетілдіру жұмыстарына белсене араласты. Студенттердің педагогикалық олимпиадаларын ұйымдастырып, педагогикалық отрядтардың іс-тәжірибеден өтуін қадағалады.

Профессор Клара Қожахметованың ғылым, білім мен тәрбие беруді, басқару жүйесін, сонымен бірге отбасын қатар алып жүруі, бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі. Ғылыми жетекші ретінде аспиранттарға, магистранттарға, докторанттарға ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша мазмұнды кеңестер беріп, ғылымның даңғыл жолында, жолбасшы бола білді. Университетте ғылыми жобалардың ғылыми жетістіктерге жетіп, үздік нәтижелер алып, сапалы орындалуына көңіл бөліп отырды. Университеттің ғылыми деңгейін көтеруде тынымсыз еңбек етті. Республикалық көрме, сайыстарға университеттік ұжым мүшелерінің даярлығын бақылап, университет жетістігін арттыра білді.

Қазіргі кезде маман біліктілігін арттыру жұмысы аясында адамның өзін-өзі өзгертуі, қайта түлетуі арқылы кәсіби шеберліктің шыңына жетуі қарастырылуда. Осы орайда, Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында: «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» – деген сөздері

біздің ұранымызға айналған. Клара Жантөреқызы да өзінің бүкіл саналы ғұмырын білім алуға, ғылыммен айналысуға арнады.

Клара Жантөреқызы сияқты аяулы қазақ қызын тәрбиелеген ата-анасы, бірегей ұстаз әрі ғалым ретінде қалыптастырған білім нәрімен сусындатқан білім ошақтары, өскен ортасы, құрбы-замандастары, аспирантура, докторантура, өзі қызмет жасаған ұйым басшылары, ұжымы, әріптестері ешқашан ұмытпай жадында сақтайды - деп білемін.

Біздің Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті киелі де қасиетті шаңырақ. Осы шаңырақта профессор Клара Қожахметова өзін жан-жақты көрсетіп, сан-салалы жұмысты басқарып, озық ойларын жүзеге асырды. Көптеген бағалы ғылыми еңбектер жазып, маңызды баяндамалар жасады. Университет жастарына қамқор болып, үлкендерге құрмет көрсете білді.

Клара Жантөреқызы өзіне тапсырылған ғылым және халықаралық байланыстар саласын университеттегі басқа салалардағы жұмыспен тығыз байланыстырып, үйлесімді ұйымдастыра білген білікті басшы бола білді.

Бүгінгі таңда, профессордың қалдырған құнды жазба мұрасы тиянақты зерделеніп, білім беру саласында ұтымды пайдаланылуда. Университетіміздің бірқатар педагог-оқытушылары ғалымның этнопедагогикалық зерттеулері негізінде, көптеген ғылыми жұмыстарды атқарып, жастарымыздың білім мен ғылым көкжиегіне шығуына жағдай жасап, жаңа заманның ақылды да парасатты жастарын тәрбиелеуге барынша күш салып келеді.

ИДЕИ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.Н. Джуринский

*академик Российской Академии образования
профессор Московского педагогического
государственного университета
доктор педагогических наук
г.Москва
Российская Федерация*

В России и Казахстане идеи этнокультурного образования разрабатываются в виде этнопедагогики (Г. Н. Волков и др.) [1]. В западной педагогической научной литературе предлагаются идеи «родного воспитания» (native education) (Х. Жилилэнд и др.) [2], которые в известном смысле близки отечественной этнопедагогике.

Идеологи этнокультурного образования предусматривают приобщение к системе народных представлений об окружающем мире и человеке. Они занимаются в первую очередь образовательными проблемами одной этнической группы, анализируют перспективу воспитания и обучения с акцентом на этнокультурных особенностях того или иного этноса, совокупность идеалов, взглядов, убеждений, традиций, обычаев и иных форм проявления педагогического сознания этнокультурной группы.

Установки этнопедагогики базируются на лучших образцах народной мудрости. «Это тот могучий феномен, который обеспечивает сохранение национального характера, обычаев и психологии человека» [3]. Этнопедагогика трактуется преимущественно как отрасль эмпирических педагогических знаний, которые передаются от поколения к поколению, будучи аккумулярованы в фольклоре, этнографических материалах, народных воспитательных традициях, играх и игрушках, праздниках и т.д.

Специфика этнопедагогики – афористичность. Пословицы, поговорки, загадки, благопожелания, клятвы, проклятия, недоговорки, нефигуративные изречения, парамитологические тирады – вот далеко не полный перечень средств, где в образной форме заключены сгущенная констатация и обобщение множества факторов и примеров, их анализ и абстрагирование и, наконец, возврат к педагогическим реалиям. Народная мудрость предоставляет кладезь целесообразных суждений относительно трудового, нравственного, физического воспитания и обучения молодежи.

Этнопедагогика имеет в виду социальную и природную среду проживания той или иной этнокультурной группы, типичные черты характера, поведения представителей различных этносов. Этнокультурные группы как субъекты этнопедагогики не могут быть ни «плохими», ни «хорошими». Они разные. В то же время в них по-своему проявляется общая социальная, природная, духовная человеческая сущность. Этности обладают уникальной исторической, языковой, культурной, генетической и иной общностью и одновременно выступают как дифференцированные феномены.

Так, когда говорят о «русской душе», вспоминают самые разные приметы ее богатейшей общности и многообразия. «Мы любим все – и жар холодных чисел, и дар божественных видений» (А. Блок). В многоцветие русского человека свои краски вносят азартные казаки Дона и Кубани, неспешные поморы Севера, ловкие москвичи, шустрые костромичи, степенные петербуржцы, основательные сибиряки и т.д., и т.п.

Эффективность этнокультурного образования ставится в значительной мере в зависимость от того, насколько последовательно оно основывается на ценностях и проявлениях национальных менталитета и культуры, учитываются лучшие проявления характера, воспитания, поведения, быта представителей разных

этносов.

В поле зрения этнокультурного воспитания и обучения оказываются расовые особенности этнических групп. В концепциях этнокультурного образования аккумулируется знание о таких особенностях, как: раскованность белых американцев, точность и аккуратность немцев, доверчивость и неспешность скандинавов, сентиментальность и переменчивость итальянцев, сдержанность и недосказанность чувств англичан, усидчивость евреев, возбудимость, впечатлительность, экспрессивность, противоречивость, избыток темперамента французов, скрытность и повышенное чувство общинности японцев и пр. Русский человек зачастую играет со словом и реальностью, склонен к иррациональному, фантазийному мышлению, порой полярно противоречив и непредсказуем: готов безудержно радоваться и впадать в глубочайшую тоску.

Безусловно, ментальность представителя европейской цивилизации отличается от традиционного взгляда на мир, присущего аборигену Африки, Америки, Новой Зеландии. Мышление западного учащегося гораздо более абстрактно-логическое, тип его культуры – индивидуалистический. Ему подходят пространные лекции и семинары, основанные на индивидуальной ответственности. Мышление автохтонов Африки и Новой Зеландии, индейцев США – скорее эмоционально-образное, практико-ориентированное, тип их культуры – коллективистский. Для этих народов наглядно-образные средства обучения, практическая деятельность, коллективные формы работы традиционно являются наиболее приемлемыми способами обучения.

Этнокультурное воспитание и обучение заботится о развитии лучших качеств представителей этнокультурных групп. Так, при воспитании русского человека необходимо поощрять его открытость, сметливость, оптимизм, отходчивость, радушие, готовность к тяжелому труду и т.д. Этнокультурное образование предназначено для поддержки позитивной социальной направленности сознания современных русских людей: любовь к России, родной культуре, владение русским языком. При организации педагогического процесса следует учитывать как традиционные истоки самоидентификации русского человека, так и укоренившиеся в нем «советские» и «западные» ценности. Важно поощрять традицию, когда значительная часть русских людей рассматривает Россию как общий дом населяющих ее народов.

Этнокультурное образование не может обходить вниманием особенности общения и поведения разных народов [4]. Так, французы любят беседу; в разговоре они искренни, откровенны, остроумны и тактичны, без конца перебивают друг друга, что не означает невежливость, а доказывает внимание к собеседнику. Японцы предпочитают не слишком отчетливо высказывать свои суждения, избегают прямо отказать в чем-либо собеседнику, часто подают короткие реплики, чтобы не создалось впечатления, будто слушатель нетактичен и невнимателен. Американские индейцы воспринимают пристальный взгляд собеседника как сигнал недружелюбия и угрозы и т.д. и т.п.

Этнокультурное воспитание и обучение должны учитывать национальную специфику заменителей языковых средств (субститутов) и табу на определенные жесты. Итальянцы, кавказцы насыщают речь идеографическими жестами, символизирующими ход мысли, а японцы, народы Севера, напротив, крайне скупы используют подобные символы. Необходимо знать особенности знакового общения разных этнических групп. Например, англичанин, кивнув и произнеся «yes», отнюдь не обязательно согласен с собеседником: это часто лишь подтверждение понимания. Для британца V-образный жест пальцами несет два смысла: поворот внешней части ладони к партнерам – призыв к молчанию; поворот тыльной стороной – знак победы. У болгар покачивание головы влево-вправо означает не общепринятое «нет», а, наоборот, согласие. Когда француз, улыбаясь, поднимает вертикально большой палец на уровень груди, а остальные пальцы сжимает в кулак – это знак восхищения. Если европейцы считают поцелуй руки проявлением уважения, то китайка любое прикосновение незнакомому мужчине расценивает как посягательство на свое достоинство.

В воспитании и обучении следует иметь в виду, что в ходе исторического развития в диверсифицированном и изменчивом социальном, национально-культурном окружении происходит мутация этнокультурных групп. Их язык, культура, генетический фонд неизбежно трансформируются. Подобный процесс по большей части благотворно сказывается на исторической судьбе этносов.

Так, немалую долю успехов и величия русского народа можно отнести на счет способностей впитывать этническое и культурное многообразие. Менталитет, культуру русских обогатили самые разные истоки: и «дух татарской воли», «и острый галльский смысл», «и сумрачный германский гений» (А. Блок). В русский народ, начиная с IX-X вв., влилось множество финно-угорских народностей (меря, весь, мурома, мещера и т.д.), литовское племя голядь, огромное количество осевших и ославянившихся татар, печенегов, половцев, торков, берендеев и других кочевников. Русский язык на протяжении последних трех столетий заимствовал не менее 25 тыс. иноязычных слов и выражений. Как замечает российский публицист и философ Лев Клейн, «ныне совершенно невозможно установить, в ком больше чисто русской крови, а в ком больше всяких примесей. Невозможно и не нужно» [5].

В идеях этнокультурного образования важно выделять научную составляющую. В этой связи необходимо различать два феномена: этнопедагогику и народную педагогику. Если в первом случае речь идет о научном знании, то во втором — исключительно об эмпирическом опыте, интерпретация которого отнюдь не всегда совпадает с устремлениями образования, ориентированного на межнациональный диалог. Вряд ли поэтому следует идеализировать народную педагогику. «В научной литературе часто отмечаются не положительные стороны идей народной педагогики... При этом нередко наблюдается проявление национального эгоцентризма, национализма. Нельзя преувеличивать этот уровень культуры, преклоняться перед ним» [6].

Действительно, народная педагогика содержит пласт националистических, исполненных враждебности к другим культурам и этносам идей, которые некоторые авторы деликатно именуют отсталыми традициями и воззрениями. В условиях России опора на подобные толкования народной педагогики – прямая угроза столкновения культурно-образовательных интересов различных национальных групп. Такой подход противоречит духу и смыслу диалога культур, поскольку исключает такой диалог в сфере образования.

Не продуктивно для подобного диалога является также понимание образования в виде суммы мало связанных компонентов, включающих этнокультурные знания о том или ином народе, которые рассматриваются как средство трансляции духовных ценностей родной культуры, формирования национального характера и самосознания. Подобные установки могут оказаться источником самоизоляции и роста националистических тенденций среди учащихся.

Как замечает в этой связи российский ученый В. А. Тишков, речь идет не о том, «чтобы тщательным разглядыванием и "народоведческим" натаскиванием создавать из доступного социального материала и этнографических наработок номенклатуру разных культур и составлять по школьным классам, вузам, поселкам, республикам и по всей стране списочный реестр четко себя осознающих носителей трудно определяемой "национальной самобытности". Такое понимание выглядит как путь ухода в монокультуру, подпитывает аргументацию создания изолированных этнических школ. Этот концепт, во-первых, исключает культуры меньшинств из образа страны и ее населения, во-вторых, закрывает путь общероссийскому национальному проекту, который носит инклюзивный (открытый, всеохватный) характер» [7].

Концепции диалога культур и этнокультурного образования имеют множество точек соприкосновения. Они существуют, прежде всего, в силу общности субъектов педагогического воздействия – этнокультурных групп. Вместе с тем такая общность проявляется лишь при условии, если идеи этнокультурного образования позиционируются сквозь призму межнационального диалога. Такое понимание соответствует духу образования как диалога культур и этносов, поскольку позволяет опереться на своеобразие культуры, языка, менталитета каждого этноса, на гуманистический потенциал народной педагогической традиции, своеобразие культур при формировании общности национальной культуры. Это означает признание «не только различий, но и схожести, одинаковости, которые чаще преобладают над различиями, по крайней мере, в рамках одной национальной... культуры» [7].

Подобная трактовка этнокультурного образования органично сочетается с концепциями мультикультурного (поликультурного) образования. Предполагается использование идей, направленных на гармонию с окружающей средой, ориентацию на идеалы, воплощающие лучшие качества народа. При использовании воспитательного потенциала этнокультурного образования важно систематически выявлять общность этнокультур. Она проявляется в любви к родному краю, миролюбии и человеколюбию, доброжелательном отношении к различным национальным, религиозным группам, стремлении к нахождению компромиссов, сотрудничестве в решении общих проблем, уважении индивидуальности каждого человека, оценках матери как хранительницы рода, моста между прошлым и будущим.

Этнокультурное образование, становясь частью концепций мультикультурного образования, изучает и использует такую общность при обращении к традиционным ценностям разных этносов. К примеру, правомерно проводить параллели между народным творчеством различных этносов, где проявляются такие гуманные нравственные народные качества, как доброта, внимательность, бескорыстная помощь, справедливость, любовь к матери, дружелюбие, честность и правдивость, юмор. Общность можно проследить между древними молдавскими, украинскими и русскими обычаями. Учитывается аналогичное, а порой и тождественное, художественное воспроизведение сюжетов и мотивов в фольклоре: календарно-обрядовых, свадебных песнях, сказках, танцах; музыкальных инструментах, земледельческих церемониях и т.д., и т.п.

Этнокультурное образование имеет обширные возможности ненавязчиво приобщать к инонациональной культуре и тем самым выполнять важную педагогическую функцию борьбы с ксенофобией, признания культурных ценностей других народов. Трактующее в подобном духе образование предлагает движение представителей тех или иных этносов от родной культуры к культуре общенациональной и мировой. Подобная трактовка красноречиво выведена в название документа, подготовленного Департаментом образования г. Москвы, который именуется «Программа развития этнокультурного образования в духе культуры мира в Москве (от этнокультурного образования к поликультурному)». Программа предусматривает воспитание на основе межкультурного диалога, чтобы обеспечить гармонизацию национальных отношений и модернизацию различных этносов. Назначением такого диалога определено включение личности в культурный опыт, осознание специфики и близости цивилизационных типов, многообразия как условия развития общества и индивида в поликультурном социальном контексте [4]

Трактующие в таком виде мультикультурное и этнокультурное образование в Российской Федерации означают, что народы России, относясь к разным цивилизационным типам, нуждаются в неодинаковом образовании. Вследствие этого обучение и воспитание в многонациональной российской школе означает интегративно-плюралистический процесс, который питают несколько культурных источников: русский, национальный (нерусский) и общечеловеческий. Предполагается сочетание мультикультурного образования и одновременно формирования опыта этнокультурного самовыражения в ходе взаимодействия национальной культуры с культурами народов России и мировой культурой.

Органичное сочетание мультикультурного и этнокультурного образования учитывает объективное несоответствие культурных потребностей отдельных этносов и общенациональных целей воспитания и

образования. Это предполагает обучение по единым стандартам и одновременно введение в образовательный стандарт материалов, отражающих национальные особенности тех или иных культур.

Синтез мультикультурного и этнокультурного образования в итоге позволяет обеспечить воспитание и обучение, начальная ступень которых погружает в поток родной культуры, а средняя и высшая ступени выводят в пространство общенациональной культуры, интеграции культур отдельных этносов и мировой культуры.

Литература

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика. М., 1999.
2. Gilliland Nap. Teaching the Native American 1999 (4th ed.).
3. Стельмахович М. Г. Українська народна педагогіка. Киев, 1997. С. 5.
4. См.: Джурицкий А.Н. Поликультурное образование в многонациональном социуме. М., 2014.
5. Клейн Л. Диагноз // Звезда. 2006. № 9. С. 150.
6. Никитин В. М., Егорова З. В. Сможем ли мы сохранить этнопедагогика? // Известия Академии педагогических и социальных наук. М., 2004. Вып. VIII. С. 64.
7. Тишков В. А. Культурное многообразие в современном мире // Известия Академии педагогических и социальных наук. 2005. № 9.. С. 12, 21.

ЖАҢДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ РОЛІ

Құсайынов А.К.

*Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар
Академиясының президенті*

XXI ғасыр – ғаламдану заманында жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру аса маңызды проблемалар санатына қосылып отыр. Бұл проблема қаншалықты маңызды болса, оны іске асыру – соншалықты күрделене түсуде. Себебі, теледидардан бастау алған ақпарат құралдары жас ұрпақты қайнаған ақпарат ағынының астына алып, оның сана-сезіміне өлшеусіз әсер етуде. Қай елдің ақпарат құралының тасқыны күшті болса, сол елдің баланың психо-физиологиясының қалыптасуына әсері молая түсуде. Оны біз, өкінішке орай, бүгінгі жастарымыздың мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан, тіпті ата-аналарына, қоғамға деген қарым-қатынас, көзқарастарынан көріп, біліп жүрміз.

Бұл үрдіс, яғни ақпарат ағыны жыл өткенсайын күшеймесе, толастар емес. Оның түпкі себебін біз әлемдегі елдер арасындағы экономикалық бәсекелестіктен, алпауыт елдердің, компаниялардың дүниежүзілік рынокқа деген таласынан, өздерінің одан әрі дамуын, байуын басты нысанға алып отырғанынан іздеуіміз керек. Себебі қандай болмасын елдің жастары ұлттық рухани құндылықтан алшақтай түскен сайын, оларға оңай ықпал етіп, оларды өздеріне бәсеке болудан алшақтатуға болады, яғни терең білім алып, саналы азамат болып өсулеріне тосқауыл қойылады.

Ұлттық құндылықтан ажырай бастаған жас буын ұлт келешегінен, ел мен жер келешегінен гөрі, өз басының қамын ойлауға бейімделеді, оның патриоттық қасиетіне сынық түседі. Бұл аса қауыпты, әрі аса қорқынышы құбылыс. Ал оның алдын алу, оны болдырмау – күрделі қоғамдық, әрі ғылыми проблема болып табылады.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде әр ұлт өзінің ықылым заманнан бері қалыптасқан ұлттық құндылықтарын басты назарда ұстайды. Бұл түсінікті жай. Ғылым соны зерттеп, заман талабына сай дамытуы тиіс. Демек, ғалымдардың нәтижелі еңбек етуі – осы істің бастау қайнары, оны нәтижелі жүргізудің негізгі құралы болмақ. Бұл педагогика ғылымының, оның ішінде этнопедагогика ғылымының зерттеу объектісі болады.

1974 жылы Ресей ғалымы Геннадий Никандрович Волковтың «Этнопедагогика» атты оқу құралының жарық көруі, Кеңестер Одағы құрамындағы ұлттардың өздерінің ұлттық тәрбиелеріне ден қоюларына, оны ғылыми тұрғыда зерттеулеріне, өздерінің бай ұлттық-рухани құндылықтарына оралуларына мол ықпал етті. Г.Н.Волков: «Этнопедагогика – этнографияның, педагогиканың және фольклористиканың түйісуінде құрылған интерактивті ғылым» – деді, атап айтты[1].

Осы арады «халық педагогикасы» мен «этнопедагогиканың» ара жігін ашып алған дұрыс. Танымал ғалымы И.Ф.Харламов өзінің 1997 ж. жазған «Педагогика» оқу құралында: «Тәрбиенің халықтық және ұлттық ерекшеліктерін зерттеу, ерекше педагогикалық пәннің – этнопедагогиканың зерттеу объектісі болып табылады. Кейде жеке басылымдарда, халық педагогикасы мен этнопедагогика синонимдер ретінде қарастырылады. Бұл дұрыс емес, себебі халық педагогикасы – бұл тәрбие туралы алуан түрлі этностардың (халықтар, ұлттар) халықтық тәжірибесі мен санасында қалыптасқан идеялар мен көріністердің жиынтығы болса, этнопедагогика – осы халық тәжірибесін және көріністерді зерттеумен айналысатын арнайы ғылыми пән» – деді[2].

Осы кезеңде қазақтың ұлттық тәрбие жүйесін, ұлттық білім мазмұнын зерттеген Құбығұл Жарықбаев, Серғазы Қалиев, Сақыпжамал Ұзақбаева, Қалдыбек Бөлеев сынды ғалымдар көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қомақты ғылыми еңбектер жазды. Осы ғалымдардың қатарында болған Қожахметова Клара Жантөреқызы риясыз адал еңбек етіп, ұрпаққа мол ғылыми қазна қалдырды.

Орал облысы, Ащысай кеншарында дүниеге келген Клара Жантөреқызы Орал педагогикалық институтын аяқтағанан кейін Батыс Қазақстан облысы, Белогор орта мектебінде ұстаз, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып 7 жыл еңбек етті. 1981-1983 жылдары Алматы қаласының №67 мектебінде директордың орынбасары болды. Ғылымға Республикалық білім жетілдіру институтына келгеннен кейін ден қойды. Тәрбие тақырыбына байланысты 1989 ж. кандидаттық, 1998 ж. докторлық диссертациялар қорғады, профессор лауазымын алды. Оның жазған көптеген ғылыми еңбектерінің ішінен «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория және практика» және «Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах» деген монографиялық еңбектерін атауға болады.

Орыстың дана ғалымы К.Д.Ушинский: «Ғылымды тәрбиемен араластыруға болмайды. Ол барлық халықтар үшін ортақ. Барлық халықтар үшін тек практика ғана емес, сонымен бірге теория да халық тәрбиесінің ортақ жүйесі болады» – деген еді. «К.Д.Ушинскийдің осы қысқаша тұжырымында, – деп жазды профессор К.Қожахметова, ауқымды түрде «жеке және ортақ», «ұлттық және жалпыадамзаттық» арасындағы диалектикалық бірлікті сақтау қажеттігі туралы айтылған, басқаша айтқанда, ортақ – ерекше – дара, ал біздің саламызда: ортақ – педагогика, ерекше – этнопедагогика, дара – қазақ этнопедагогикасы». Ойын қорытындылай келе: «Бұл бізге, қазақтарды тәрбиелеудің ерекшеліктерін зерттейтін, педагогика ғылымының құрамдас бөлігі ретінде қазақ этнопедагогикасының өмір сүруге құқығы бар екенін атап көрсетуге мүмкіндік береді, себебі ол практиканың, ғылымның, өмірдің қажеттіліктері арқылы пайда болды» – деп, тұжырымдады.

Осы салада сан-алуан зерттеулер жүргізе отырып Клара Жантөреқызы «Қазақстан педагогикасы», «Ұлттық педагогика» және «Қазақ этнопедагогикасы» ұғымдарына анықтама берді. «Қазақстан педагогикасын тек қана «қазақтың педагогикасы» деп атауға болмайды, себебі ол республиканың барлық ғалым-педагогтарының іс-әректінің нәтижесі болып саналады. «Ұлттық педагогика» қазақстандық ұлт пен нақты этносқа тән, нақты айтқанда, қазақ этносына тән оның тәрбиеге деген көзқарасы, жалпы мен ерекшенің диалектикалық бірлігі болып табылады. «Қазақ этнопедагогикасы» – қазақ философиясы, этнопсихология, этникалық мәдениет, этнографияның түйісуінде қалыптасқан кіріктірілген білім саласы, педагогика ғылымының құрамдас бөлігі болады. Зерттеу пәні: отбасында, білім беру мекемелерінде өмір бойы үздіксіз жүзеге асырылатын қазақтың этникалық тәрбие жүйесі» – деп, атап көрсетті[3].

Клара Жантөреқызының ғылымдағы және өмірдегі рухани серігі, адал досы, еліміздің аса беделді ғалымдарының бірі Шаркүл Таубаева өзінің «Профессор Қ.Ж.Қожахметованың ғылыми мектебінің этнопедагогика әдіснамасын зерттеудегі интеллектуальдық әлеуеті» атты мақаласында, оның ғылыми жетекшілігімен дайындалған 4 докторлық және 19 кандидаттық диссертацияларды зерделей отырып: «Профессор Қ.Ж.Қожахметованың жетекшілігімен этнопедагогиканың әдіснамасы, теориясы, технологиясы тұтасымен ғылым философиясы мен әдіснамасының ең соңғы жетістіктері негізінде толыққанды зерделеніп, ұлттық білім мен тәрбиені биікке көтерді» – деп, тұжырым жасайды. Біз де, Клара Жантөреқызының ғылыми мектебінің 20 жылдай уақыт аралығында педагогика ғылымына қосқан үлесінің интеллектуалдық әлеуеті, жаңалығы, тұжырымдамалылығы, тұтастығы жоғары деңгейде болғанын толығымен мойындаймыз.

Менің профессор Қ.Қожахметованмен жақын танысуым 2003 жылы басталды. Ол кезде Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында еңбек ететін едім. Жастар тәрбиесінде бір олқылықтың бар екенін сезе бастадым. Академия Президиум мәжілісінде осы мәселені талқыладық. Кеңестік дәуірде жастар тәрбиесімен жүйелі түрде октябрията, пионер, комсомол ұйымдары шұғылданатын, енді ондай ұйымдар болмағандықтан, жастармен ел көлемінде жүйелі жұмыстар жүргізілмей жатты. Бір вакуум пайда болғандай болып тұрды және осы вакуумды көбіне шетелдік ақпарат құралдары толтырып жатты. Елімізде тәрбие мәселесімен арнайы шұғылданатын бірде бір мекеменің жоқ екенін ескере отырып, Академия құрамының осы мәселемен шұғылданатын институт ашу керек, деген шешімге келдік.

Академия президиумының осы шешімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тауып, министрлік тарапынан қаржы бөлінді, оған қосымша Академияның бюджеттен тыс қаржысын жұмсайтын болдық.

Қандай болмасын мекеменің табысты жұмыс жасауы оның басшысына байланысты болады. Мен көп ойланы, көп толғанып Клара Жантөреқызын сұхбаттасуға шақырдым. Жастар тәрбие мәселесіне үлкен мән беріп, осы жұмысты жүйелі жүргізу үшін Академия құрамынан Тәрбие институтын ашу жөнінде шешім қабылдап отырғанымызды және оның еңбектерімен таныс екенімді айта келе, осы институтты басқару жөнінде ұсыныс жасадым. Біз бір-бірімізді жақсы түсіндік.

Сонымен Тәрбие мәселелелері институты құрылып, оның директоры болып профессор К.Қожахметова тағайындалды. Екеуіміз ақылдаса отырып, жастар арасында тәрбие жұмыстарын нәтижелі жүргізу үшін алдымен олардың ойларында, көңілдерінде, жүректеріне не бар екенін білу керек деген шешімге келдік. Осы мақсатта көлемді әлеуметтік-зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет тұжырымдадық.

Клара Жантөреқызы институт құрамын толықтырып алып, асқан ыждахаттықпен «Қазіргі мектеп оқушыларының әлеуметтік бейнесі» тақырыбында көлемді зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Зерттеу қортындылары шынайы болуы үшін республиканың барлық аймақтарынан, қалалар мен ауылдардан 25000 респондент: 15000 оқушы, 5000 мұғалім, 5000 ата-ана тартылды.

Зерттеу өте тыңғылықты жүргізілді. Көптеген сұрақтарға алынған жауаптар бізді қатты ойландырды. Мысалы, «Құрбыларың немес өзіңнен ересек жастар тарапының қандай жәбір көрдің?» – деген сұраққа, 53% бала үлкендер оларды есірткі пайдалануға, ұрлық жасауға итермелейтіндерін, ақшаларын тартып алатынын айтқан; «Алкогольді ішімдіктерді пайдаланасыңба ба?» – деген сұраққа, мектеп оқушыларының 35%-ы ішімдік

ішетіндерін ашық жазған, ал 3% бала жауап бермеген; «Есірткі қолданасың ба?» – деген сұраққа 15% оқушы оның қолданыс затына айналғанын, ал 3%-ы үздіксіз қолданатынын айтқан; Мұғалімдердің жеке кітапханасының жағдайын білу мақсатында қойылған сұрақтың нәтижесінде 55% мұғалімнің жеке кітапханасы жоқ немесе өте жұтаң екені анықталды; Мектептегі Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие деңгейін анықтау үшін берілген сұрақтарға 96% мұғалім оқушыларға патриоттық және азаматтық тәрбие беру деңгейінің өте төмен екенін ашық көрсеткен; 12 жылдық оқытуға көшуге байланысты ата-аналардың көзқарасын білгенімізде, 86%-ы – қолдамайтындарын айтқан [4].

Осы зерттеуді қортындылай келе «Біздің әлеуметтік зерттеуіміз қандай ұнамсыз тенденцияларды байқатып берді?» – деп, сұрақ қоя отырып, оған: «Тәрбие жүйесінің негізіне алынған құндылықтар (ұлттық және жалпы адамзаттық) жүйесінің айқындалмауы»; «идеялық-саяси тәрбиенің шын мәнінде жоққа шығарылуы және оның қазақстандық патриотизм ретінде қарастырылатын негізгі компонентінің азаматтық білім берумен алмастырылып, мектептегі де, тұтастай алғанда қоғамдағы да патриоттық тәрбиенің «құнсыздануы»; «шынайы өмірлік құндылықтардан қол үзу және оның тар ауқымды прагматикалық көзқарастармен алмастырылуы шынайы патриоттық сезімдерді жоққа шығарып, оқушы-жастардың арасында сеператистік, ирреденттік көңіл күйді насихаттауға жол ашты»; «Теледидардан көрсетілетін фильмдердің мазмұнын бақылаудың жоқтығынан олар зорлық-зомбылық пен азғындықты ешбір бөгетсіз әрі тегін насихаттау арнасына айналды» деген сияқты, ащы ба болса шынайы қортындылар жаздық.

Зерттеу нәтижесінде көптеген жайсыз дүниелердің беті ашылғаннан кейін, біз қатты ойландық. Себебі, шындықты ашық айту, қашанда, кімге де болса оңай болмаған. Біз оны жақсы біліп, түсінетін едік. Сондықтан мен Клара Жантөреқызына әр сұрақтың жауабын мұқият қарап шығуды өтіндім. Ол әр сұрақтың жауабының шынайы талданып қортындыланғанына сенуімді өтініп, әрқайсысына жеке жауап беруге дайын екенін айтты. Жасалған әр қортындыны да мұқият ой елегінен өткіздік. Енді осы қолжазбаны баспаға беру-бермеу жөнінде шешім қабылдау керек болды. Мен осы кезеңде Клара Жантөреқызының ұрпақ келешегін, ел келешегін өз бас қамынан жоғары қоятын шынайы патриот тұлға екеніне көзім жетті.

2004 жылы ROND баспасынан «Біз өз балаларымызды білемі бе?», «Знаем ли мы своих детей?» – деген, 192 беттік көлемді монографиялық еңбек жарық көрді. Артынан Егемен Қазақстан газетінде «Біз өз балаларымызды білеміз бе?» – деген көлемді мақала (19.11.2013 ж.), Казахстанская Правда газетінің 3 санында «Портрет школьника. Социозамер», «Портрет учителя. Социозамер», «Портрет родителя. Социозамер» – деген атпен, мақалалар (30.01.2004г.; 06.02.2004г.; 13.02.2004г.) жарияланды. Республиканың басқа басылымдары бұл мақалаларды өздері басып жатты, теледидарларда осы тақырыпта байланысты сұхбаттар өткізіліп, кең талқыланып, көптеген ойлар айтылды. Клара Жантөреқызы осы талқылаулардың бел ортасында жүрді.

2013 жылдың басында маған келіп, осы еңбектің кезінде қоғамға терең ой салғанын, содан бері 10 жыл уақыт өткенін, қайтадан осындай зерттеу жүргізу қажеттігін айтты. Мен қолдадым. Содан, осындай зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігін айтып Білім және ғылым министрлігіне хат жолдады. Бірақ соның қортындысына жете алмады. Енді мұндай зерттеу жүргізу біздерге аманат болып қалды.

Клара Жантөреқызының ел болашағын ойлағын қайраткер тұлға екені 12 жылдық мектептің Бастауыш білім беру стандартын тақылаған уақытта ашық байқалды. Осы стандарттың алғашқы дайындалған жобасы талқылауға түскенде, ол туралы өз пікірін Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне, Білім және ғылым министрлігіне жолдап, zonakz.net сайтына сұхбат берді. Сонда: «...чтобы самостоятельно поработать, поразмыслить, разработать собственную концепцию образования, учитывающую традиционные ценности нашей страны (уважение к истории, традициям казахского народа, семейные ценности, солидарность, казахский патриотизм и интернационализм), мы заимствуем через образовательные нормативы у Запада его индивидуалистский тип образовательной культуры, «патриотизм западного образца». Нам предлагается через школьное обучение и воспитание забыть коллективистские корни нашей ментальности, отказаться от евразийской культуры, на чем основана стабильность нашей государственности и сплоченность нации» – деп, толғана ой тербеді.

Осы айтылған сөздерден, біз, елінің жарқан болашағын аңсаған қазақтың ұлтжанды, ақпейіл, ғалым қызы – Қажажметова Клара Жантөреқызын таныймыз, ал оның айтқан салиқалы ғылыми тұжырымдарын санамызға ұялатып, аманат есебінде қабылдап, оны орындау мақсатында еңбек ету қажет деп, көңілге ой түйуіміз керек деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары: Чувашское кн.изд., 1974. – 376 с.
- 2 Харламов И.Ф. Педагогика. //Учеб. пособие. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрист, 1997. – 512 с.
- 3 Қожахметова К. Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория және тәжірибе. – Алматы, «Ғылым», 2006. – 317 б.
- 4 Құсайынов А.Қ., Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. Біз өз балаларымызды білеміз бе? Знаем ли мы своих детей? – Алматы, ROND, 2004. – 192 б.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ТӘРБИЕНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дүйсебек Ә.Т.

*«Оқулық» Республикалық-ғылыми -практикалық
орталық директорының орынбасары
Ы.Алтынсарин белгісінің иегері*

Осы мақаланы жазудың жауапкершілігі маған басқалардан гөрі анағұрлым жоғарылау көрінді. Себебі бұл мақала қазақ білім беру жүйесінде оның ішінде этнопедагогика әлемінде айтарлықтай ізін қалдырып, өкінішке орай, Алланың жазумен ең бір толысқан шағында өмірден өткен Клара Жантөреқызы Қожахметованың рухына арналған конференция жинағында жарияланбақ.

Марқұммен Алматыда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында бірге қызмет атқардым. Осы қарашанырақта елімізге белгілі біраз педагог-ғалымдармен әріптес болсам да, солардың ішінде ең бір жүрегіме жылы, жаныма жақын болған Клара Жантөреқызы еді. Мен ол кісіні көпшілікті пендешіліктің ырқына көндіріп алған қазіргі заманның күйкі тіршілігінен жоғары қалпы үшін, ішкі жан дүниесінің таза да әдемілігі, аксүйектерге тән ерекше жаратылысы үшін сыйлайтын едім. Қазақ жастарының болашағы үшін толғанып, олардың адамгершілігінің жоғары, білімінің терең де тиянақты, рухының асқақ та, биік болуы үшін сөзімен де, ісімен қызмет етіп жүргеніне басымды идім.

Клара Жантөреқызымен бірге өткізген көп іс-шаралардың ішінде екеуіне тоқталайын.

2008 жылы ол кісі Қыздар педагогикалық университетінде проректор қызметінде жүргенде «Учитель Казахстана» газетінің редакторы Алла Сергеевна Тхвостова үшеуіміз Алматы қаласының оқушылары, колледждер мен университеттер студенттерімен Дөңгелек үстел өткіздік. Тақырып «Орнықты даму мүддесіндегі білім беру» болды. Жастарымызбен тең дәрежеде отырып, қызықты да ашық пікір-талас өткіздік. Осы отырыс жастардың есінде өз ізін қалдырды деп ойлаймын. Кездесуді қорытындыларда Клара Жантөреқызы «орнықты дамуға көшудің ең басты шарты - ұлттық құндылықтарымызды сақтай білу, себебі ол біздің табиғи тұптампырымыз- деген еді, - сол құндылықтардан ажырап қалсақ, ғаламдану заманында өз қадір-қасиетімізді, бет-бейнемізді жоғалтып аламыз, ондай ұлт үшін орнықты дамудың ауылы алыс».

Клара Жантөреқызымен соңғы рет 2014 жылы 10 қарашада Алматы қаласының бір мектебі базасында мұғалімдер алдында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» жобасын талқылау күні болған еді. Мен осы тұжырымдаманы әзірлеуші топтың жетекшілерінің бірі болдым, жұмыс барысында әрқашан ол кісімен ақылдасып тұрдық. Екеуіміздің де пікіріміз мұндай тұжырымдаманы асықпай, алдын ала жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сүйеніп, ата-аналар, жастар, педагогтер, ғалымдар, бүкіл зиялы қауым арасында талқылап барып бекіту болды. Сол күні ол кісі ащы шындықтың бетін ашып, қапалана сөйлеген еді: «Біз патриоттық тәрбиені күшейту керек деп ұрандатамыз, бірақ сол патриоттық тәрбие біздің тәуелсіздігімізге деген құрметтен бастау алмайды ма? Олай болса неліктен Тәуелсіздік күні мерекесін жаңа жыл мерекесінің көлеңкесінде қалдырып келеміз, неге Ата заң мерекесі өз дәрежесінде аталып өтілмейді. Осының бәрі жастарымыздың сана-сезіміне кері әсерін тиізбейді ме». Осы сөздерге бүкіл залдың қол соққаны есімде.

XXI ғасырдағы адамзат өркениетінің жаңа сатысы – интеллектуалдық ақпараттық өркениет, білім қоғамы. Жаңа өркениетте еңбек ету мен адам тіршілігінің сипаты түбегейлі өзгеріп, қарым-қатынастың, энергетиканың, технологияның жаңа түрлері ендірілуде. Бұл адамның мінез құлқының, ділінің, мәдениетінің, қоршаған ортаға көзқарасының, қарым-қатынас жасау сипатының, құндылықтарының өзгеруі мен жаңаруын қажет етеді. Осының бәрі өз кезегінде индустриалдық қоғам талаптарына лайықталып құрылған дәстүрлі білім беру жүйесінде парадигмалық өзгерістер жасауды талап етеді. Жаңа білім беру жүйесі XX ғасырдан қалған ғаламдық проблемаларды шешу және адамзаттың ақпараттық өркениетке сай жаңа мәдениетін, жаңа ділін қалыптастырып, орнықты даму жолына түсуін қамтамасыз ету миссиясын орындауы тиіс. Бұл өркениетте білім адамзат қоғамына тұтастай еніп, қоғамдық сана сезімді басқару мен басым дамытудың басты тетігіне айналады.

Өркениеттің қазіргі кезде экономикалық, экологиялық және гуманитарлық салаларда орын алып отырған жүйелі дағдарысынан шығуының бірден-бір жолы адамдардың дүниетанымын, құндылық негіздерін, мақсат-мүдделер жүйесін өзгертуге бағдарланған жаңа жолына көшу болмақ. Білім беру қоғамдық интеллектіні дамытудың «адам санасы адамның өзі үшін емес, адам санасы коэволюциялық даму үшін» парадигмасына көшіру жолында қызмет атқаруы тиісті болады. Бұл білім берудің әдіснамасына, мақсат-міндеттеріне, сапасын бағалау жүйесіне айтарлықтай өзгерістер ендіреді. Білім берудің мақсаты мен нәтижесі ағарту, ақпаратпен қамтамасыз ету емес, адамның жеке тұлғалық сапасын, оның дұрыс бағдарда әлеуметтену деңгейін, қоғамдық интеллектінің жасампаздық сапасын жақсарту болатын болады.

Қоғамдық дамудың жаңа парадигмасы төмендегідей өзгерістерді жүзеге асыруды қажет етеді:

- табиғат, қоғам және адам болмысына ғылыми көзқарасты түзете отырып, адамның өмірлік іс әрекетінің жаңсақ бағыттарын туындататын бір жақты шектеулі механикалық дүниетанымын еңсеру;
- ғылым мен танымның әртүрлі бағдарлары мен салаларын (жаратылыстану, философия, өнер, жантану, дінтану, технология) терең және іргелі түрде интеграциялай отырып, Әлемнің Жалпы заңдарының генетикалық құрылымдық-функционалдық конгруенттігі туралы теория негізінде ғылымның синергетикалық, постклассикалық сатысына көшу;

- гуманистік ноосфералық ой-сана қалыптастыру арқылы Табиғат- Қоғам -Адам жүйесіндегі коэволюциялық дамуға көшу; сол арқылы табиғи ортаның, адамзаттың үйлесімді өмір сүруі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- адамның жасампаздық әлеуетін арттыру, адам болмысының ішкі табиғи мүмкіндіктерін, эмердженттік жаңа сапаларын жүзеге асыру;

- ғаламдық масштабта адамның интеллектуалдық материалдық құндылықтарға біржақты бағдарлануын еңсере отырып, оның рухани адамгершілік тұрғыда өрлеуін қамтамасыз ететін гуманистік дүниетаным, жаңа этикалық идеал қалыптастыру;

- әр ұлттың, халықтың өз табиғи болмысына сай тарихи қазыналары мен рухани құндылықтарын, мәдени мұраларын қолдану мен жаңғыртуды бүкіл адамзат қоғамының орнықты дамуының тұғырнамасы есебінде қарау ұстанымын нығайту;

Осындай іргелі өзгерістерді жүзеге асыру барысында жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің әдіснамасын материалдық-энергетикалық критерийлерден гуманитарлық-мәдени, рухани-адамгершілік критерийлеріне қарай трансформациялау қажет болады. Механикалық ғылым мен материалистік көзқарастарға негізделіп құрылған дәстүрлі білім берудің әдіснамалық басты кемшілігі оның адамның сана-сезімін емес, интеллектісін біржақты дамытуға бағытталуында, ал жан дүниесінің құндылықтары мен рухани әлеміне үстірт қарауында жатыр.

Антропологиялық философия саласындағы ғылыми зерттеулер адамды биологиялық, әлеуметтік және рухани бастаулардың ұштағанды бірлестігі есебінде қарастыра отырып, осылардың ішінде адамның жаны және одан туындайтын руханият адамдық болмыстың аса маңызды жүйе құраушы элементі екендігін және ол дене күші мен ақыл күшімен салыстырғанда басым мәнділікке ие болуы тиіс екендігін көрсетіп отыр. Адам жаны, руханияты, жүрек жағдайы адамның толыққанды адамшылығын сақтайтын және дамытатын, оның ішкі және сыртқы әлемінің тұтастығын қамтамасыз ететін онтологиялық негізі деп бағалануда.

Сондықтан қазіргі кезде білім беру жүйесі алдындағы көкейкесті де басты мәселеле білім берудің құндылық және тәрбиелік әлеуетін арттырып, оның әдіснамасын, мақсаттары мен міндеттерін жас ұрпақты дүние-мүлік әлемінен, тұтыну қоғамының тар қапасынан шығарып, жоғары деңгейдегі рухани-адамгершілік құндылықтардың, үйлесімділік пен жарасымдылықтың, жасампаздық пен шығармашылықтың кеңістігіне ендіру бағдарына ауыстыру болмақ. Оқыта отырып тәрбиелеу емес, тәрбиелей отырып білім беру әдіснамасына көшіп, адамның жалаң интеллектісін дамыту басымдылығынан адамгершіліктік, имандылық, рухани бастаулары мен құрылымдарын, тұлғалық асыл қасиеттерін басымдықта дамыту міндеттерін шешуіміз қажет. Тәрбие адамды сыртқы ортаның әлеуметтік экономикалық тапсырыстарына ыңғайлап көндіруге емес, оның детерминивті, табиғат жаратқан ішкі зор мүмкіндіктерін, қасиеттерін ояту мен өрістетуге арналуы тиіс. Тәрбие мен білімнің мазмұндық ядросы және басты міндеті ең алдымен адамның адамдық қасиеттерін молайту, оны материалдық құндылықтардан биіктетіп, тұлға дәрежесіне көтеретін субъектілік ішкі дүниесін: рух, жан, ар, намыс, ұят, үміт, ниет, наным, сенім, жігер, ізгілік, махаббат, парасат, ұлағат, мұрат сияқты құндылықтарын дамыту болып өзгеруі қажет.

Тәрбие – ақпарат емес, ол – рухани мәдени құндылық, ол білім ақпараттары сынды ми арқылы берілмейді, оның берілу арнасы бөлек, ол адамға жан арқылы, жүрек арқылы, социогенетикалық код түрінде жетеді.

Осы орайда Абай атамның мына бір кеңесіне көңіл бөлейік: «Адамды махаббат арқылы тәрбиелеу керек. Махаббат әуелі адамның адамдығы. Ғақыл, ғылым деген нәрселермен бірге талап, ұғым, білім махаббаттан шығады. Қашан бала ғылымды махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады». Осылайша ол ғылым-білімді игеру үшін оның басты алғышарты махаббатпен көксеу, Ыбырай Алтынсарин айтқандай «ықыласпен көңілге тоқу» деп есептейді, солай дей келе шапағатпен көмкерілген білім ғана адамды адам етеді деп қорытындылайды.

«Жүрек – адам тәрбиесінің темірқазығы. Амалдың тілін алса, яғни арды ойламай, тек пайда ойласақ, жүрек ұмыт қалады. Адам ақылының аздығынан азбайды, ақылдының сөзін алатын жүрегінде жігер мен қайраттың байлауының жоқтығынан азады»... Осылайша ғұлама хакімнің адамның бар жақсылығы, асылы оның жүрегінде екенін, сондықтан алдымен адамның жанының жайын, жүрегіннің жайын ойлау қажеттігін айтып кетті.

Абайдың жүрек туралы осы фәлсафасы да соңғы кездердегі жаратылыстану ғылымдарының аса ірі жаңалықтарымен дәлелденіп отыр. Нейрофизиология, нейролингвистика, инейропсихология, кванттық психология интегративтік психологияның ғылымдары саласындағы соңғы жетістіктер адамның миы, адам қызметін басқару орталығы есебінде космоспен, ғаламның басты заңдарымен үйлесімділікте жұмыс атқарғанда ғана адамзаттың баянды тіршілік жасайтындығын, ал ол космос, заңдылықтарына қайшылықта қызмет атқаратын болса сәтсіздікке ұшырайтынын дәлелдеп отыр.

Әлемнің генетикалық энергоақпараттық біртұтастығы туралы теорияға сәйкес ғалам үш түрлі толқын тербелісі түріндегі өрістер арқылы тіршілік жасайды: энергетикалық толқындар, ақпараттық толқындар және генетикалық толқындар. Осы толқындарды алдымен қабылдауға қабілетті орган, ол – тербеліс жасау қабілетіне ие жүрек. Сондықтан толқындар алдымен осы жүрек арқылы өңдеуден өтіп, содан соң ғана тітіркеністер түрінде миға жетеді. Бұл жерде де өзіндік реттілік бар: олар алдымен интуитивтік-шығармашылық, образдық қабілеттердің иесі мидың оң жақ жартышарына барып енеді, содан өңделген соң ғана дискурсивтік-логикалық қабілеттердің иесі мидың сол жақ жарты шарына барып шешім қабылданады. Басқаша айтсақ, космостық

ортамен адамды байланыстыратын, ең басты орган ол жүрек. Жүрек толқыныстары, жүрек тербелістері мидың жұмысын, адамның барлық сана сезімдерін басқарады.

Тәрбиенің ми арқылы емес, социогенетикалық код есебінде жүрек толқыныстары арқылы, жан сезімі түрінде тамырды қуалай отырып беріледі деп тұжырымдауымыз да сондықтан. Жүрек арқылы өңдеуден өткен генетикалық, энерго-ақпараттық толқындар ғана мида оңды ойлар тудырады. Жүрекке жетпей, «ақылмен ойлап білген» жаттанды ақпараттардың ізгілік әлеуеті төмен, олар мидың сол жақ жартышарына өтіп, қатаң логикалық-рационалдық ой сана тудырып, нәтижесінде материалдық- прагматикалық дүниетанымның орнығуына әкеледі. Бұлар дайын ақпараттарды жаттау және жинақтау, қайталау, ойлаудың логикалық тұрпаты, тапсырмаларды ойланбастан орындау тәсілдері арқылы, яғни қазіргі дәстүрлі білім беру жүйесінің әдіс тәсілдері арқылы берілетін немесе анайы сөз, қатаң музыка, қатыгез көріністер, яғни қазіргі батыстық ақпарат құралдары арқылы жетіп жатқан зардапты энерго-ақпараттық толқындар.

Жүрек арқылы өтетін позитивті бағыттағы генетикалық, энерго-ақпараттық тербеліс толқындарының табиғаты басқаша, олардың тәрбиелік мәні жоғары, олар қанға сіңген қасиеттер; олар – бесік жыры, әженің әлдиі, ананың тілі, ата-ананың мейірімі, домбыра мен қобыздың үні, халқының астарлы сөзі, қазақтың дархан даласының көрінісі т.с.с.

Космоэнергетика ғылымының зерттеулеріне сүйенсек, адамның дене құрылымы, физиологиялық жаратылысы мен оның ішкі аффективтік-эмоционалдық әлемінің және рухани болмысының, жан дүниесінің, энергетикалық күш-қуатының космоспен, ғаламдық ортамен өзара байланыстылығы пен тұтастығын, бірлестігі және үйлесімділігін қамтамасыз ететін табиғи жүйе бар. Ол – адам денесін қоршап тұратын эфирлік астральдық ортада орналасқан, оның денесіне жан беретін, космостан, ғаламнан келетін энергияларды өзінен өткеріп өңдеп, адамның денесіне беру қызметін атқаратын, адамның өмірлік күш қуатының құраушысы – адам арналары.

Қазіргі кезде адамның басты жеті арнасы белгілі. Олардың әрқайсысы адам денесінің белгілі бір бөлігінде орналасқан, адамның ғаламмен байланысында нақты бір қызмет атқарады және жеті түрлі күн спектрінің біреуіне, музыкалық жеті нотаның біреуіне сәйкес келеді.

Қоршаған табиғаттың және әлеуметтік ортаның зиянды әсерлері, әртүрлі психологиялық жайсыздықтар, стрестер, теріс энергетика, тұрпайы сөз, қатыгез көріністер, қайғылы оқиғалар жасөспірімдердің астральдық жүйесіне залалын тигізіп, олардың адам арналарының ластанып, жабылып қалуына әкеледі. Осының салдарынан олардың денсаулығы, дене және рухани күш қуаты, қабілеттері әлсіреп, оның тұлғалық дамуында әртүрлі ауытқулар мен тежелулер орын алады.

Жоғарыда айтқанымыздай, дүниеге бірыңғай материалистік көзқарас, технократизм әсіресе адамзаттың рухани әлсіреп кетуіне әкеліп отыр. Сондықтан да қазіргі білім мен тәрбие жүйесі, мәдени даму, өнер туындылары, бүкіл қоғамдық- әлеуметтік тетіктер махаббат, шапағат, қайырымдылық пен мейірімділік энергетикасының артуына бағытталуы тиіс. Білім мен тәрбие беру жүйесінің табиғилық сипаты деп отырғанымыз осы. Табиғилық бұл құрылымдық және іс-әрекеттік тұрғыдан табиғаттың кодына сәйкестікте болу, табиғатпен бірыңғай тілде сөйлесе білу, қарым-қатынас жасаса білу деген сөз.

Ғылыми зерттеулер негізінде адам ДНК-ның музыкалық дыбысты да, түрлі түсті сәулелерді де қабылдай білетін қасиеті бар екендігі ашылды. Музыкадағы жеті нота, күн спектріндегі жеті түс, бұлар шын мәніндегі ғаламның жеті кереметі, (қазағымыздың жеті санын қасиетті санауы да содан болар), дүниенің Базалық геномының заңдылықтарын құраушылары. Олар осы Геном жүйесінің тағы бір құраушысы биологиялық геноммен біртұтас жүйеге кіреді. Тіл мен саз дыбыс арқылы беріледі. Демек, халқымыздың «Өнер алды қызыл тіл» деген бір ауыз сөзінің ғаламдық мәні бар. Себебі тіл-адамның тұқымын, тегін құрайтын қуатты және мәңгілік социогенетикалық жанды элемент. Ал тіл ділді қалыптастырады. Тіл өлсе, діл де өледі, ұлт тектілігінен айырылып, генетикалық азып тозып, әлеуметтік құбыжыққа айналады. Жүсіп Баласағұнның «Адамға екі ақ нәрсе тірек тегі, Бірі - тіл, бірі - ділі жүректегі»- деп айтқан даналығының мәні, Шыңғыс Айтматовтың «мәңгүрттену» құбылысының мәні де осында болса керек.

Сонымен тәрбиенің темірқазығы - жүрек тәрбиесі, имандылық тәрбиесі, тәрбие бастауы - рухани адамгершілік әлемі. Сондықтан да білім беру жүйесінің міндеті балаларға рухани құндылықтар туралы әртүрлі мәліметтер беру емес, олардың жан дүниесіне, жүрек түкпіріне сол құндылықтарды ұялату, оларды сол құндылықтар биігіне көтеру болмақ. Жасөспірім отбасында, балабақшада, бастауыш мектепте айналадағы әдемілік пен үйлесімділіктің, мейірім мен махаббаттың, жарасымдылық пен жасампаздықтың терең мәні мен маңызын, биік мәртебесі мен ғаламдық мағынасын байқап, көңіл күйімен ұғынып, жан дүниесімен сезінетіндей болғанда, оның ынта-ықыласы артады, зердесі зеректенеді, күш жігері молаяды, рухы асқақтайды, арналары ашылады. Білім беру үрдісі алдымен Шәкәрім атамыз меңзеген адамның жанына жол табуы тиіс, яғни оның рухани және психологиялық күш-қуатының жоғары болуын, эмоционалдық жай-күйінің, көңілінің көтеріңкілігін қамтамасыз ету, ықыласын тудырып, жігерін ұштау, ар-намысын ояту, белсенділігі мен байқампаздығын арттыру функцияларын атқаруы тиіс.

Мектепте, әсіресе оның бастауыш сатысында, баланы бірден білім-ғылымға үйретпей, өзге ұлттың тіліне телінтпей, алдымен толыққанды тәрбие бағдарламасы, эстетика, музыка, көркемсурет, қолөнер, еңбек, денешынықтыру ойын элементтері арқылы әдемілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, ізгілік, еркіндік, өз-өзіне сенімділігін, сана-сезімін, ынта-ықыласын, икемділігін, дене мәдениетін дамытып, ана тілі мен Отанына, туған жеріне, қоршаған табиғатқа, ұлттық мәдениеті мен рухани-адамгершілік құндылықтарға деген жоғары

сыйластық пен сүйіспеншіліктің терең сезімдерін ұялатуға бағытталуы тиіс. Осы құндылықтарды жасөспірім жүрегінде орнықты қалыптастырып алсақ, дер кезінде оның жүрек отын жаға білсек, одан кейінгі кезеңдерде адам бойындағы синергетикалық тетіктер жұмыс атқарып, арналары ашылып, адамның өздігінен дамуы, өз-өзін жүзеге асыру күш-қуаттары іске қосылады, білім-ғылымды да, шетел тілін де оңай меңгеретін болады.

Орта білім жүйесінің жоғарғы деңгейлерінде, жалпы үздіксіз білім беру жүйесінде оқу пәндерінің мазмұнында адам сапасын гуманизм тұрғысынан оңалту мүмкіндіктерін молайту, оны ізгілендіру, гуманитарландыру, мәденилік және табиғилық сипатын арттыру арқылы дүниеге қазіргі орын алып отырған біржақты механикалық-материалистік көзқарастың, техногендік ой-сананың орнына ноосфералық-гуманистік дүниетаным қалыптастыруға, адам-қоғам-табиғат арасындағы коэволюцияға қол жеткізуге, яғни адамды ноосферогенез жүйесіне ендіруге тиістіміз. Бұл үшін ғылымның, мәдениеттің, өнер мен әдебиет әлемінің және имандылықтың, рухани ілім тәжірибелерінің үндестірілуі қажет. Білім беру философиялық, ғылыми, мәдени, діни көзқарастардың интеграциясы негізінде адамның дене күші (жаратылыстану - антропологиялық сипаты), жан дүниесі (сезімі, сенімі, махаббаты, ділі, ынта-ықыласы) және санасының қабілеттері (интеллектісі, ақылы, ойы, есі) арасындағы үйлесімділікті орнату арқылы оның өрлеп өрістеуіне, сөйтіп адамзаттың жалпы планетарлық күш-қуатының артуына жол ашуы тиіс.

Білімнен бұрын тәрбие берілуі керек десек, ал тәрбие жан арқылы берілетін социогенетикалық код деп тұжырымдасақ, әрбір жасөспірім үшін білім мен күнделікті тәрбие мазмұнына ендірілген оның өз ата-бабасынан асыл мұра, алтын қазына болып берілетін ұлттық тілі, ділі, табиғи болмысы, тәрбиелік қағидалары, салт-дәстүрлері, мәдени құндылықтары оның Кемел адам болып қалыптасуының ең басты шарты екендігі дәлелденеді. Ұлттық педагогика және оның өзегі – ана тілінен туындайтын халық тәлімдері туған табиғаттан бастау алып, жасөспірімнің сана-сезіміне ана сүті сияқты сіңірілуі тиіс. Ана сүтімен баланың бойы өседі, ана тілімен, халық тәлімімен ойы өседі.

Қандай заман болса да, өз ұлтының осындай рухани құндылықтарын ешнәрсеге алмастырмай, дамудың түпкілікті тұғырнамасы тұтып келе жатқан елдердің қаншалықты қарқынды және орнықты дамып, өркениеттің алдыңғы шебіне шығып отырғанын көзіміз көріп отыр. Осы елдер жаһандану мен ұлттық мүдделер арасындағы, білім мен тәрбие арасындағы арақатынасты оңтайлы үйлестіріп, ұлттық идея аясында қарқынды да орнықты дамушы қоғам құруға қол жеткізіп отыр.

Тәуелсіздіктің туын тігіп, алдағы стратегиялық бағыттарын, жүрер жолын бағдарлап жатырған Қазақ елі үшін тәуелсіздігіміз тұғырнамалы, болашағымыз баянды болуы үшін ұлтымыздың рухани құндылықтарын, мәдениетінің асыл маржандарын жүзеге шығарудың, оларды егемен еліміздің ертеңі иесі, мемлекетіміздің тұтқасы болатын жастарымыздың санасына сіңіріп, зердесіне құйып, жүрегіне ұялатудың маңызы орасан зор. Сол үшін де елімізде ұлттық идеологиямыздың басты идеясы, білім беру мен мәдениет саласының басты міндеті ұлтымыздың төл өркениетінің желісін жалғастырып, ғасырлар тезінен, уақыт елегінен тот баспай жеткен рухани қазыналарымызды, дала данагөйлері – ата-бабаларымыздың асыл маржандарын жарқыратып жаңғыртып, зердемізден өткеріп, оларды бүкіл білім мен тәрбие беру мазмұнының философиялық тұғырнамасына айналдыру болуы тиіс деп ойлаймын. Осы тұрғыдан алғанда, Елбасы ұсынған «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы келешекте ата-бабаның өрлік пен ерлікке толын жолын жалғастырушы жас ұрпақ үшін жарық бере шамшырақ, тамыры тереңде жатқан, берер жемісі мол рухани құндылықтардың мәуелі бәйтерегі болады деп сенгім келеді.

ПРОФЕССОР КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫ ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫН ЭТНОФИЛОСОФИЯ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ҚАҒИДАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЛОГИКАСЫ

Масалимова Ә.Р.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия және
саясаттану факультетінің деканы
философия ғылымдарының докторы
профессор*

Әлеуметтік-педагогикалық үдерістің ішкі және сыртқы факторларының қызметтері мен дамуы, олардың элементтері мен қарым-қатынастарының байланысы тарихи-жүйелілік тұрғыда зерттелуі тиіс. Қоғамның тарихи, әлеуметтік-мәдени дамуында жеке тұлғаны қалыптастырудың басты философиялық қағидалары бар: бүкіл адамзат қоғамының даму тарихында ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдегендей, адам және оны тәрбиелеу мәселелері өзінің өзектілігімен (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, т.б.), яғни философиялық, тарихи, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық ғылыми зерттеулерді ретроспективті талдау нәтижесінде адамның тұлғалық құрылымында ерекше орын алатын басты қасиет-адамның өзін-өзі тануы, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас және олармен рухани-адамгершілікті байланыстар жасауымен (Ж.М. Әбділдин, В.Г. Афанасьев, Ә. Нысанбаев, т.б.), әрбір тарихи, әлеуметтік-мәдени орта жағдайында адамның мораль тұрғысынан қалыптасуына өзі өмір сүріп отырған қоғамның және әлеуметтік ортаның, шағын ортаның (отбасы, мектеп, жолдастары, т. б. тәрбиелік ықпалымен (Б.Г. Ананьев Б.Ф. Ломов, М.Мұқанов, т. б.) анықталады.

Бүгінгі күні еліміздің тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығы қарсаңында осы орайда іргелі зерттеу жүргізген көрнекті ғалым-профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың *этнопедагогика әдіснамасын* этнофилософия мен әлеуметтік педагогика негізінде зерттеу қисыны болашақ ұрпақ үшін үлгі болмақ. Ол Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры қызметіне 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымнамадан кейін келген еді. Содан бергі төрт жыл ішінде профессор К.Ж. Қожахметова қомақты бірнеше ғылыми еңбектерін жүйелеп дайындап, баспадан шығарып үлгерген екен. Олар: *Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 254 бет.; Этнопедагогика – дербес оқу пәні. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -177 бет.; Этнопедагогика. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. -256 бет. Сонымен қатар жастарға этномәдени рухани-адамгершілік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздеріне арналған мазмұнды әдістемелік нұсқаулары* ұсынған болатын. Бұл оқу құралдары, әсіресе оқулығы мен әдістемелік нұсқаулары университеттің студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушыларының күнделікті білім беру үдерісінде пайдаланатын ақылшысына, анықтамалығына айналды деп сеніммен айтуға болады.

Профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми туындылары тың, әрі бұрын ашық айтылмай келген халықтың тәуелсіздігінің шынайы көріністерін бейнелейтін мектептің ұлттық тәрбие жүйесі және оны ғылыми деңгейге көтеретін педагогиканың бір саласы этнопедагогиканың әдіснамасын анықтауға арналды. Осы мәселелерді тынбай зерттеуге ғалым бүкіл өмірін арнады десек те артық емес. Профессор этнопедагогиканың әдіснамасын этнофилософиямен тығыз ұштастырып қарастырды. Оның монографиясында қазақ философиясының ерекшеліктерін сипатталды, этнофилософия терминіне түсініктеме берілді, М.Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегіндегі рухани-адамгершілік білім, Кейқауыстың «Қабуснама» еңбегінің Ж. Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің отбасындағы бала тәрбиесінің құндылық негізін қалаудағы рөлі, Қ.А. Яссауидың «Диуани хикмет» және «Рисала» еңбектеріндегі ілімінің әдіснамалық негізгі принциптері, А. Құнанбаевтың «Адам болу» философиясының, Ш. Құдайбердіұлының философиясындағы рухани-адамгершілік тәрбие берудің әдіснамалық негізі, Ш.Уәлихановтың әлеуметтанушылық тұжырымдамасының мәні, М.Дулатовтың еңбектеріндегі әлеуметтік философиялық ой-пікірлерінің этникалық сана қалыптастырудағы маңызын,

А.Сейдімбектің, Ж. Қаракөзова мен М.Хасановтың еңбектеріндегі қазақ халқының дүниетанымын, оның қалыптасуына ықпал еткен факторлары терең талданып этнопедагогика әдіснамасының оқу және ғылыми пән ретіндегі құрылымы анықталды және нақтыланды.

Профессор К.Ж. Қожахметованың пайымдауынша, көптеген ғасырлар бойы философия, халықтың рухани мәдениетінің өн-бойына ене отырып, қоғамның барлық қабаттарында кең тараған ауызекі халық шығармаларында, қазақ ақындары мен жырауларының танымал және сүйікті шығармаларында, мұсылмандыққа дейінгі ерте кезеңдегі діни сенім-нанымдарда өзінің көрінісін тапты. Кез келген философиялық жүйе сияқты, қазақ философиясы маңызды дүниетанымдық сұрақтарға жауап іздейді: Адам деген кім? Әлем деген не? Адам бұл әлемге не үшін келеді? Ол қалай өмір сүруі және әрекет етуі керек? Өлім деген не? және т.с.с. Осындай сұрақтардың жиынтығы, философияның пәні, ондағы негізгі ұғымдар мен мәселелердің шеңберін анықтайды. Болмысты философиялық тұрғыда меңгерудің ұлттық ерекшелігіне халықтың өзіндік өмірі әсерін тигізді, ол ұлттық тілдің ерекшеліктері мен шаруашылықтың айырмашылығына, халықтық тұрмыстың ерекшеліктеріне, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне, адамгершілік нормалары мен мінез-құлық ереже-леріне негізделген.

Ол философтар А. Қасабеков және Ж. Алтаев қазақ философиясын қазақтың халық мәдениетінің және әлемдік философияның құрамдас бөлігі, қазақ халқының тарихын әдіснамалық тұрғыда жан-жақты зерттеудің негізі ретінде анықтағанын атап көрсетті. Бұл зерделеуге байланысты М.Орынбеков табиғатты моральдың адамгершіліктік негізі болғандықтан, адамгершіліктің дамуына күш беретін қауымдастықтың мүшелерін өздерін өздері сақтап қалуы мен қорғауын қамтамасыз етеді деп тұжырымдасында айрықша атады. Қазақстандық К.Нұрланова, Ж.Қаракөзова, М.Хасанов сияқты зерттеушілер қазақ мәдениеті көшпелі мәдениет формасы ретінде әлемді философиялық тұрғыдан ойластыру жағынан отырықшы мәдениеттен кем түспейді дей келе, олар қазақ мәдениетінің рәміздер жүйесіне талдау жасаған: мемлекет және символ, салт-дәстүр және символ, өнер және символдардың өзара диалектикалық бірлігін зерттеген еңбектеріне ерекше көңіл бөлді.

К.Ж. Қожахметова Қазақстанда этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерінің жасалуында отандық философ ғылымдардың қосқан үлесі зор деп тұжырымдады. Олардың арасында ғалым О.Сегізбаевтың “Казакская философия XV – начала XX века” деген кітабында XV-XX ғасыр аралығындағы қазақ философиясының тарихи даму үрдісіне жүйеленген және жинақталған талдау жасағаны, сондай-ақ қазақ философиясының халық санасының философиялық ілімге дейінгі дамуынан халықтың қоғамдық ойының дамуына қарай өрстейтін тарихын көрсеткені, философияның халықтың рухани өміріндегі орнын, қазақ фольклорының дүниетанымдық мазмұнын, жыраулар мен ақындардың дүние туралы ойларын, қазақ ағартушыларының философиялық, этикалық, эстетикалық идеяларын, көзқарастарын, ілімдерін, олардың философияға қосқан үлестерін жан-жақты талқылағанын айрықша бағалады, өз зерттеуінде басшылыққа алды.

Сондай-ақ профессор аталмыш қағидалар негізінде этнопедагогика әдіснамасын әлеуметтік педагогика әдіснамасы және педагогика тарихы саласындағы жетістіктермен үйлестіре зерделеді.

Қазіргі уақытта әлеумет, тұлғаның әлеуметтенуі, әлеуметтік білім беру, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік даму, әлеуметтік институт, әлеуметтік-педагогикалық үдеріс, әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік өзара

әрекеттестік, әлеуметтік-педагогикалық әрекет, әлеуметтік-педагогикалық болжамдау, әлеуметтік-педагогикалық жобалау, әлеуметтік-педагогикалық үлгілеу сияқты өзінің категорияларының мәнін жан-жақты қарастырылып отырғандығы ескерілді. Айталық, осы ұғымдарды зерделеуде әлеуметтік-педагогикалық ұстанымдардың ролі артуда. Айталық, зерттеушілер әуелі әлеуметтік педагогика әдіснамасын нақтылауда. И.А. Липскийдің, В.И. Загвязинскийдің пайымдауынша, **әлеуметтік педагогика әдіснамасының ішкі құрылымы** оның мазмұнын көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- **ғылыми-зерттеу қызметі теориясы;**
- **пәндік ғылымтану теориясы.**
- **әлеуметтік-педагогикалық қызметті ғылыми-қайта құру теориясы.**

Әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық негіздерін мынадай құрауыштар құрайды:

- **әлеуметтік педагогиканың өзінің әдіснамасы**- ғылымтану ұстанымы тұрғысында әлеуметтік педагогиканың мәнін тану деңгейі: **гносеологиялық** (әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды тану); **логикалық-гносеологиялық** (таным логикасын танып-білу және технологиялық әлеуметтік-педагогикалық шындықты қалай танып-білу);

- **әлеуметтік педагогиканы танып-білу және қайта құру әдіснамасы** – субъекті (әлеуметтік-педагогикалық тапсырысты анықтаушы мемлекеттің және әлеуметтік-педагогикалық қызметті және оны бағалауды атқаратын маманның) ұстанымы тұрғысынан әлеуметтік-педагогикалық болмыстың сапасын танып-білу және бағалау деңгейлері: **аксиологиялық** (әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды бағалау), **дүниетанымдық** (әлеуметтік-педагогикалық болмысты танып-білуге, қайта құруға және бағалауға қажетті) және **әдістемелік** (әлеуметтік-педагогикалық болмысты танып-білу, қайта құру және бағалау технологияларын іске асыру тәсілдері).

Профессор К.Ж. Қожахметова ғылыми шығармашылығында К.Д. Ушинскийдің бастауыш мектепте бала тек ана тілінде білім алуы керек деген идеясын білім беру жүйесіндегі осы уақытқа дейін мәселе болып отырған сұраққа жауабы деп пайымдады. Академик Төлеген Тәжібаевтың Қазақстанның ХІХ ғасырдағы оқу-ағарту ісі мен мектеп жайындағы екі монографиялық еңбегіндегі, педагогикалық психология саласындағы қазақтың ағартушы демократы, педагог Ы.Алтынсарин шығармашылығы туралы зерттеулеріндегі, 1962 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «ХІХ ғасырдың ІІ жартысында педагогикалық ой-пікірдің дамуы» атты еңбегіндегі ұлттық тәрбие, баланың ақыл-ой саласында әлеуметтенуі, тәрбиеге әлеуметтің әсерлерін, тәрбиенің әлеуметтік тұғырын, сипатын ғылыми деңгейде пайымдағанын, қазақ халқының бала тәрбиесіне деген көзқарасының ғылыми-тарихи очерктерінде де дәйекті түрде тұжырымдалуын халықтық тәрбиенің тұлғаның әлеуметтенуіндегі ықпалын көрсеткені деген қортындыларды жан-жақты талдады.

Профессор К.Ж. Қожахметова этнопедагогика әдіснамасын этнофилософия мен әлеуметтік педагогика қағидалары тұрғысынан зерделеп, ұлттық тәрбиені әлемдік жаһандану жағдайында қалай да ғылым жетістіктері негізінде биік шыңға, жоғары деңгейге көтеруге еңбектенді.

Бүгінгі күні ғалымдар, профессордың шәкірттері осындай қасиетті де игі бастаманы үлкен жауапкершілікпен жалғастырады деген сенімдемін.

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘНІ

Аймағамбетова Қ.А.

*педагогика ғылымдарының докторы
Қазмемқызту профессоры*

Құрметті халайық! Бүгін біз қазақтың бетке ұстар қыздарының бірі және бірегейі, асқан парасатты да ақылды, сымбатты да сыпайы, біріңізге құрбы, біріңізге апа, біріңізге сіңілі мен қарындас – жалпы айтқанда елім деп, ұлтым деп өмір кешкен белгілі ғалым, этнопедагогика ғылымының ірге тасының нығаюына шын пейілмен араласқан, араласып қана қоймай, үлкен салмақты да бағалы үлес қосқан педагогика ғылымдарының докторы, профессор- Клара Жантөреқызының аруағына арнап басқосқан конференцияға қатысып отырмыз.

Клараның ғалым ретіндегі деңгейін, ғылым саласына сіңірген еңбегін осы жана ғана менің алдымда сөйлеген ораторлар толық қамтып, саралай талдап кетті.

Әрине, ол кісінің болашақ қоғам мүшесі болатын жастардың қай тобына болса да тәлім-тәрбие мәселесіне байланысты кез келген педагог қауымына әдістемелік көмек болатын сан-салалы еңбек қалдырғаны анық. Осы туындыларының нәтижесінде ол тек Қазақстан білім беруісінің академигі ғана емес, алыс- жақын шетелдерде де танылып, ондағы ғылым мен білім саласында аты белгілі болған ғалым.

Дегенмен, мұндай сегіз қырлы, іздемпаз адамның қай тұсынан қарасаң да, оның өшпес және жарқын қырлары әр жақтан көз алдыңызға көлденең тартылады.

Клара Жантөреқызының балалық шағынан бастап, еңбекке деген ұмтылысының қалыптасуына жанұяның қаншалықты мән бергендігі өзінің қысқаша жазған ғұмырбаяндық еңбегінен көруге болады.

Сезімтал, асқақ арман қуған жас қыздың дүниеге келуі қазақ халқының қаншама атақты арыстары мен дүлділ таланттарының кіндік қаны тамған топырақтан шығуы және сол мекенде жастық шағының өтуі де оның өмір жолына өз әсерін тигізбей қоймағаны қаж!

Клара Жантөреқызының өмір жолына зер салып, көңіл қойсаң, оның негізінен орыс тілді бола отырып,

неліктен ұлттық тәрбиеге тәнті болып, оның адам баласының бүкіл тылсым-тынысына әсер етуін зерттегенін білу қиын емес. Оның түп тамыры өзінің шыр етіп жерге түскеннен бастап алған тәлім-тәрбиесіне байланысты екені көзге бірден шалынады. Кемеңгер, ақылгөй, кейуана әжесінің бауырында бола жүріп, оның жүрек жылуынан нәр ала отырып, ұлттық салт-дәстүрдің ең тұнығынан, тазасынан, нәрлісінен сусындаған жас жеткіншек оны өз өмір жолында ту етіп ұстап өтті десек, артық болмас. Клара әркім өз жанұясындағы ұстаным тұтатын үлгілерді сақтау мен ата -тегінің атына кір келтірмеуді тек уағыздап қана қоймай, өз тұсынан осы қағиданы мүлтіксіз орындап өткен адам.

Тәжірибе жүзінде көріп байқағанымыз бойынша айтсақ, ұлттық салт- дәстүрді тек кітаптан оқап үйрену бар, ал оны ана сүтімен, ата айбатымен қоса бойға сіңіріп, санасына қорғасындай құйып, өмір тәжірибесі арқылы шындай отырып меңгеру бар. Бұл екеуінің салмақ деңгейі мен маңыз-мәні екі түрлі. Ал, Клара Жантөреқызының ұлт тәрбиесін дәріптеуі мен ардақтап, «Ұлымның тәрбиесін тұттым мұра» деуі осы айтылғандардың екінші жолымен жүзеге аса отырып, оны ғылыммен астастыра зерттеуге айналдырудан туындаған.

Сондықтан да ол өмір бойы:

Ұлттық тәрбие-ұраным,

Ұлттық тәриіе мұңым,

Ұлттық тәриіе-өмірім – деп өтті.

Клараның өзін көрген түр-тұлғасын, мінез-құлқын ойыма түсіріп, көзіме елестетсем, оның әкесінен алған тәлімі үнемі бойынан байқалады екен. Ол өз әңгімесінде «әкем өтірік айтпауға, біреуге орынсыз жағымпазданбауға, көкірек- менменшіл болмауға үйрететін еді»- дейді. Шын мәнінде оның бойынан мұндай келеңсіз қасиеттер ешқашан байқамайтын. Сонымен қатар, оның әрбір сөзі мен айтқан ақыл- кеңесі қазақ қыздарына жар таңдай білу, отбасын құру, адал жар, өнегелі келін болу әйел қауымының таңдаған мамандығын жүзеге асырумен қоса атқаруға тиісті асыл да, ардақты міндеті екендігіне келіп тірелетін. Бұл пікірлер ғылыми тұрғыдан ғана берілмей, ғылым мен өмір тәжірибесін қосып өре отырып, шынайы мысалдар арқылы дәлелденетін.

Клара Жантөреқызының келбетті жылы жүзі, әдемі жымыған күлкісі, сыпайы мінезі мен жұмсақ үні жұмыс бабымен кездескеннің өзінде адамды баурап алатын. Бастығымысып, дауыс көтеруді, ерсі сөйлеуді білмеуші еді. Сынық мінезбен, сыпайы дауыспен, жылы жүзбен анық та ашық айтқан пікірлері санаға судай сіңіп, тастай бататын.

Осы қалпын бұзбай отырып, қаншама жас ғалымдардың жолын ашты, басшылық жасады, өмір жолына нұсқау берді!

Біздің университетімізде қызмет атқару барысында болашақ жас мамандардың үлгі тұтатын ұстазына айналды. Өзінің ұйымдастырушылық, басқарушылық, азаматтық қасиеттерінің жарқын кейпін көрсете білді.

Ғалым өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижесін іс-тәжірибеге орынды және ұтымды енгізіп отырды. Оның бір көрінісі- ол кездегі институтымызда «Қазақ аруы» жобасының тұжырымдамасының және оның бағдарламалық мазмұнының жасалуы еді. Өзінің Шәркүл Таубаева сияқты ғалым әріптестерін, Сараш Қоңырбаева сияқты шәкерттерін т.б. ғалым зерттеушілерді қоса отырып, қазақ қыздарының жарқын келбетін сомдайтын, болашақ жар, ана, отбасы ұйытқысы болатын арулардың жаңа тобын, қазіргі заман талабына сай қоғамда, отбасында, кез келген ортада өзін білімділік, мәдениеттілік, парасаттылық, іскерлік тұрғыдан көрсете білетін, солай бола тұра, өзінің қазақ қызы екенін, ұлтының бүкіл болмысын өз бойынан басқа ұлттарға сездіре алатындай арулардың қалыптасуын армандап, соған апаратын жолды сілтейтіндей етіп жасалған бұл жоба қазіргі таңда жегідіріліп, өңделіп, жаңартылып іс жүзінде қолданылып отыр.

Бұл істі Клара Жаеөреқызының орындалмаған армандарын іске асыруда артында қалған, бірге жасасқан әріптестері мен шәкірттері алға қарай жүргізуде. Қазіргі таңда әр факультетте арнаулы пәндердің бірі ретінде жүзеге асуда. Этопедагогика ғылымының терен тамырына сүйене отырып жасалған бұл жоба әрбір болашақ педагог-маманның бойынан орын алып, іс әрекетінен көрінетініне кәміл сенеміз.

Клараның ғылыми –теориялық зерттеулерінің іс-тәжірибеде қолданылуын көрсететін тағы бір мәселе оның «Этнопедагогика» журналын жарыққа шығаруы болды. Бұл журнал арқылы қазақ халқының тәлім – тәрбиесіндегі ең асыл мұралары тек зерттеушілер мен интелегент оқырмандарға ғана емес, бүкіл Қазақ республикасында тұратын халықтың қолына түсіп, олардың оқып танысуына, содан қазақ халқының адам бойындағы асыл қасиеттерді қалай қастерлеп, құндайтындығын көріп-білуге, оған таңдануға, қызығуға, қуануға жағдай жасады. Клараның қолға алған бұл мәселесі де енді өшпейтіндігін, қайта өсіп- өрбіп, дами түскетінін көрсетіп отыр.

Журнал қазіргі таңда әрбір отбасына, әсіресе жаңа құрылған жанұялардың қолдан түспес құралына айналуға десек артық болмас.

Арамыздан өзі кеткенмен, өшпес сөзі мен айқын ізі қалған, болашағын болжай отырып, ұлтын ұлағаттай білген ғалым, қазақтың біртуар қызы, әдемі көрікті әйел, артына ұрпақ қалдырған ана ретінде әр қашан жүрегімізде сақталады.

Бүгінгі күні осы конференцияны ұйымдастыруға, оны өткізуге мүмкіндік жасаған университет басшыларына және оның мәнді өтуіне және ыстығымен суығына үлестерін қосып, терлерін төкен орындаушыларға шын жүректен алғысымды білдіремін.

ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫ ЖЕКЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ


Джанзакова Ш.И.

*педагогика ғылымдарының докторы
Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің профессоры
Атырау қ.*

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты адамдардың өз халқының тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне деген қызығушылығы тереңдей түсті. Осыған орай халықтың сарқылмас парасатының бейнесі этнопедагогикалық білімдерге ерекше көңіл аударылып, жоғары оқу орындарында этнопедагогика зертханалары мен кафедралары, орталықтары құрылып, этнопедагогика курсы оқытылуда. Этнопедагогика, салыстырмалы этнопедагогика мәселелері Қазақстанның көптеген ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің пәніне айналды. Қазіргі уақытта этнопедагогика жеке оқу пәні болып қалыптасуда. Ғылыми-педагогикалық әдебиетте оқу пәні білімдер жүйесі, оқу әрекеті түрлерінің жүйесі, оқу жоспарлары құрамының элементі ретінде анықталған.

Этнопедагогикалық білім дегеніміз – нақты этностың педагогикалық мәдениеті үшін танымдық және тәрбиелік мәні бар білім, бұл жеке тұлғаның санасындағы әлемнің этникалық бейнесінің мазмұны.

Этнопедагогикалық білім түрлерін мынадай логикада көрсетуге болады (сурет1):



Сурет 1 - Этнопедагогикалық білім түрлері

Халықтық тәрбие мен халықтық педагогиканың құрылымында негізінен практикалық және рухани-тәжірибелік білімдерді көруге болады, ал этностық педагогикада тұтас алғанда рухани-тәжірибелік білімінің жетілген түрлері мен теориялық білімдер дамиды. Педагогика ғылымында білім мазмұны теориясы (М.Н.Скаткин, В.П.Беспалько, В.В.Краевский, И.Я.Лернер және т.б.), жалпы орта және кәсіптік-техникалық білім мазмұны, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің оқу пәнін құрастыру теориясы жасалынған. Педагогика ғылымының зерттеушілері оқу пәндеріне материал іріктеу ұстанымдарына байланысты барлық идеяларды талқылап жүр. Бұл идеялар XX ғасырдың 80-жылдарындағы оқу бағдарламаларын жетілдіруде көрініс тауып отыр. 1965 жылдың өзінде “Советская педагогика” журналында “Ғылым және оқу пәні” атты пікірталас ұйымдастырылып, білім мазмұнын таңдау ұстанымдары туралы мәселе көтерілген еді. “Оқу пәні” түсінігінің дамуында оқытуды ғылыми негіздеу мен жалпы орта білімнің теориялық негіздері әдіснамасы саласындағы іргелі зерттеулер маңызды кезең болып табылады (В.В.Краевский және т.б.). Бұл ретте “білім мазмұны”, “оқу пәні”, “ғылым негіздері” сияқты түсініктердің мәні терең зерделенді, оқу пәндерінің қызметтері анықталды, олардың мазмұнындағы жетекші компоненттер бөлініп алынып көрсетілді, оқу пәндерінің типтері анықталды, шын мәніндегі оқу пәнінің дидактикалық моделі жасалды (И.К.Журавлев). Жоғары оқу орындары пәндеріне қатысты бұл позициялар қазіргі уақыттың талаптарын ескере отырып қайта жасалды.

Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құруды оның мазмұнының матрицасын нақтылау, құрылымындағы ғылыми білімдерді жүйелек, мазмұнының құрамын ғылыми негіздеу деп түсінеміз. Педагогикалық зерттеулердегі негізгі түсініктердің мазмұнын зерделеу және талдау этнопедагогика оқу пәнінің ғылыми мәртебесін анықтау тұрғысынан жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта оқу жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын сол кезеңнің білім мазмұнын құрастырудың теориясы мен практикасына сай жүргізу – бірінші кезектегі мәселе.

Зерттеушілердің пікірінше, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың бастауында тұрған қайнар көзі.

Ол бүгін ғалымдардың, ақындар мен жазушылардың шығармашылығындағы, өткен кезеңнің көне педагогикалық мәдениетіндегі қазіргі өмірге қажет жалпыадами және ұлттық құндылықтарды іріктеуге мүмкіндік туғызады. Халықтық тәрбие тәжірибесінің “халықтық педагогика” түріндегі бейнесі әуелде педагогиканың (XVI ғасырдан XX ғасырдың 70-жылдарына дейін), сонан соң этностық педагогиканың пәніне айналған деп түсінеміз.

Этнопедагогикаға қатысты көптеген мәселелердің қойылып және шешілуі этнопедагогикаға деген жаңа талаптардың пайда болуы оның жалпы ғылыми білімдер жүйесінде маңызын анықтауға мүмкіндік туғызып отыр. Осыған байланысты, этнопедагогикалық білімнің құрылымының жобасын қарастыруға болады. Бұл этнопедагогиканың дербес пән ретіндегі мазмұнын құруға әбден қажет. Олар:

- этнопедагогиканың даму тарихы;
- этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері;
- этностық дидактика;
- этностық тәрбие;
- оқу-тәрбие үрдісін этнопедагогикаландыру;
- салыстырмалы этнопедагогика.

Жүргізілген зерттеулер, практикалық ізденістер этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құруға қажет ғылым философиясы мен әдіснамасындағы ғылыми қағидаларды зерделеуге алғы шарттар жасады.

Білім мазмұнын құру мәселесімен айналысатын ғалымдар, ғылымның білім жүйесі ретінде білім мазмұнының құрамына және құрылымына әсер ету үрдісін зерттеп, ғылымның білім мазмұнының барлық құрама бөлшектерінде көрінетінін байқаған. Олар білімнің үш аясын бөліп көрсетеді: жеке пән білімдері, танымның арнайы әдістері жөніндегі білімдер және тарихи-ғылыми білімдер. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, білім мазмұнының білім секілді құрама бөлшектерінде ғылымның барлық құрылымдық бөлшектері көрінеді, алайда оқу пәнінің басты қызметіне байланысты олар әртүрлі болады. Пәндік ғылыми білімдер ғылым негіздері (физика, химия, биология, астрономия, тарих, география) жетекші бөлік болып табылатын оқу пәндерінде ғылымның барлық құрылымдық бөліктері-ұғымынан бастап теорияға дейін көрініс табады.

С.И.Архангельскийдің білім мазмұнын анықтау үшін негізгі үш шартты: *біріншіден*: ғылымның дамушы салаларын түсінуге және меңгеруге, сондай-ақ, соған сәйкес дағдылар мен іскерліктерді игеруге қажетті, жеткілікті деңгейде тұрақты іргелі және қолданбалы білімдердің кейбір көлемдерін анықтау; *екіншіден*, ғылым мен техниканың сәйкес салаларының негізгі бағыттарын, идеяларын және қарқынын айқындау; *үшіншіден*, студенттердің жалпы және ғылыми дамуының деңгейіне, олардың дүниетанымына және көзқарастарына қойылатын нақты талаптарды ұсынуды қарастырады.

Ғалымдар анықтаған ғылыми пәннің белгілерін жүйелей және қорытындылай отырып, ғылыми пәнді құрастыру қағидаларын ұсындық:

- пән – білім жүйесінің талабына сәйкес оқытуға бейімделген ғылыми білімдер, процедуралар, әдістер тобы және мазмұны;

- ғылыми пәннің жеке зерттеу пәнінің болуы;
- зерттеу мен оқытуда пайдаланылатын әдістер;
- теорияны құрастырудың арнайы тәсілдері;
- әдіснамалық бағдар;
- ғылыми пәннің басқа пәндермен өзара байланыстары;
- басқа пәндер үшін теориялық және әдіснамалық мәнділігі;
- әлеуметтік маңыздылығы: ғылыми мектептер, зерттеуші топтар және т.б.
- пәнді қоғамның мойындау дәрежесі;
- зерттеу нәтижелерінің практикаға қосқан үлестерінің мүмкіндіктері;
- зерттеу міндеттерін шешудің құндылықты мақсаттары мен үлгілері.

Бұл ережелер ғылымның пәндік моделінің күйін бағалау үшін жеткіліксіз болып табылады.

Этнопедагогиканы ғылыми пән ретінде педагогика мен оның әдіснамасы астарында қарастыру қажет, яғни педагогиканың әдіснамасы өзінің мәні бойынша пәндік әдіснама ретінде әдіснамалық сараптаманың төртінші деңгейіне жатады (философиялық әдіснама, жалпы ғылыми әдіснама, нақты ғылыми әдіснама).

Этнопедагогиканың ғылыми пән ретінде қалыптасуы педагогиканың жеке ғылыми және оқу пәні ретінде шығу тегін зерттеу әдістерін сараптауды талап етеді. Этнопедагогикалық зерттеулердің сараптамасы, осы өлшемдердің бұл саладағы ізденістерді және өзекті этнопедагогикалық мәселелердің мәндік алаңын жасауға мүмкіндік береді. Этнопедагогика – педагогикалық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлігі. Ол өзінің танымдық зерттеулерінде бүгінгі күнгі педагогика ғылымының жетістіктерін пайдаланады. Жоғары дәрежедегі жүйенің бөлігі бола отырып, этнопедагогика сонымен қатар, белгілі бір “бостандық дәрежесіне” ие және тек қана өзіне тән ерекше қызметтерді атқарады. Этнопедагогиканың дербестігі оның өзіне зерттеу пәнінің қалыптасқанын көрсетеді. Жаңа ғылыми пәннің пайда болуы – оның объектісі, пәні, құрылымы қызметі және ғылыми білімдер жүйесіндегі орны жөніндегі мәселелерді қозғайды. Осыған орай жоғарыда айтылған жетістіктерге сүйене отырып, этнопедагогиканың әдіснамасы этнопедагогикалық білімнің құрылымын, этнопедагогикалық танымның құрамы мен әдістерін этнопедагогикалық білімнің дамуы мен негізделуінің тәсілдерін зерттейді. Осы әдіснамалық мәселе әдіснамалық зерттеудің пәнін құрайтын болғандықтан, төменде

ғылыми пәннің негізгі компоненттеріне сипаттама бердік.


Педагогикалық мәселе - әлеуметтік генеологиялық шығу тегі бар және педагогика ғылымының объектісі секілді; оны бейнелейтін білімнің қасиеті мен қарым-қатынасы жөніндегі біздің біліміміздің жеткіліксіздігін ұғынуды білдіретін мәселелік жағдайды тиімді бейнелеудің нәтижесі. Этнопедагогикалық білімнің келесі құрамы, бөлігі – болжам. Ғылыми-педагогикалық болжам – педагогика ғылымының немесе білімнің қасиеті және қатынасы жөніндегі негізделген ұйғарым. Этнопедагогикалық болжам – этнопедагогиканың өзінің негізгі даму формасы. Этнопедагогикада болашақта өзінің болжамы пайда болуы керек, мысалы, дидактикада және педагогикалық психологияда соңғы он жылда бірнеше ұстанымдық жаңа болжамдар пайда болды: мектептегі оқытуда теориялық толықтырудың маңызы, рөлі жөніндегі (И.Я.Лернер), кең әлеуметтік үрдісте мектеп пен ортаның бірігіп талап ететін тәрбие жөніндегі (Л.И.Новикова, В.Г.Бочарова, В.Д.Семенов және т.б.) болжамдар. Бұл жөніндегі көптеген психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде келтірілуде.

Этнопедагогикалық дәйек этнопедагогикалық ақиқаттылықтан алынады. Этнопедагогикада материалистік диалектиканың, жалпы педагогиканың, шынайы өмір мен тәрбие, заңдары, моралді-этникалық заңдар қызмет атқарады, сонымен этноәлеуметтік рөл этнопедагогиканың және логика заңдарының – үшіншіні терістеу заңы, жеткілікті негіздеу заңының негіздері болып есептелінеді. Сонымен қатар педагогикалық үрдістер заңдылығы – педагогикалық үрдістің жеке жақтарының, құбылыстар арасындағы объективті түрде болатын, қайталанатын, тұрақты, мәнді байланыстар. Құбылысқа қатысты сыртқы және ішкі (әдіс пен нәтиже арасындағы) байланыс түрлері болады (мысалы, әлеуметтік ортамен байланыс).

Жоғарыда (1-2 суреттерде) біз этнопедагогика ғылыми пәнінің құрылымын, жалпы бөлімдерін қарастыру арқылы, оның мазмұнын жобаладық. Бірақ, ескеретін жағдай, біз этнопедагогиканы ғалым К.Қожахметованың тұжырымдамасын толық қолдап, педагогика аясында этнофилософия, этнопсихология, этнология, этномәдениеттану ғылымдарының тоғысуы арқылы түзілген интегративті білім саласы ретінде қабылдаймыз. Яғни, кумулятивті принцип тұрғысынан, бізге дейін ғылыми қорға ендірілген білімдерді талдай отырып, оның позитивті тұстарын дамыту мақсатында, біз өзіміздің көзқарасымыз тұрғысынан этнопедагогиканың ғылыми пән ретінде моделін ұсындық.

Қазақ этнопедагогикасы – дербес педагогикалық оқу пәні, біртұтас жүйелі білім болып саналады. Ол педагогика ғылымы аясында қазақ философиясының, этнопсихологиясының, этнология, этнография мен мәдениеттанудың тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан. Этнопедагогиканың зерттеу пәні-адам өмірінің өн бойында, жанұяда, білім жүйесі мекемелерінде үздіксіз жүретін этностық тәрбие жүйесі. Этнопедагогика, педагогикалық ғылымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла отырып, педагогика ғылымының заңдылықтарын, ұстанымдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Оқу пәні заңдардың, ұғымдар мен ғылыми әдістердің қарапайым жиынтығы емес, басқа да маңызды компоненттерден тұрады, бұл тұрғыда оны оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жасалған «ерекше білім» деп қарастыруға болады. Ертеректе, оқу пәнін ғылым негіздерінің синонимі деп қарастырды, бұл оның тар мағынасы еді, шындығында оқу пәнінің құрамына түрлі мазмұнды игеру үшін қолданылатын тәсілдер енгізілген.

Оқу пәні-оқыту үрдісінде оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жалпы орта білім мазмұнын жүзеге асыратын құрал (Оқу пәні= мазмұн+оқыту құралдары). *Білім мазмұны* мен *оқу пәні* бір-бірімен *мақсат* және *құрал* ретінде байланыста болады. *Оқу пәні* мен *ғылым негіздері* – біртұтас ұғым, ал оның құрамдас бөлігі болып табылатын «оқу пәні» құрамы және жүйесі жағынан мазмұн мен үрдістен құралған. Оқу пәні 2 блоктан тұрады: негізгісі – мазмұн + құралдар блогы, немесе үрдіс – блогы (3 сурет).



Сурет 3 – Оқу пәнінің құрамы

Оқу пәндері мазмұнындағы жетекші компоненттік рөл атқаратын:

1. **Мазмұндық блок:** пәндік ғылыми білім; әрекет тәсілдері; шығармашылдық әрекеттегі тәжірибе; құндылық қатынастардағы тәжірибе.

Оқу пәні мазмұнының қамтамасыз ететіні:



2. Процессуалдық блок: қосымша білім кешені; әрекет тәсілдері, үрдісті ұйымдастыру түрлері.

Егер, *білім мазмұнын* білім мекемесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық түсіндірмесі десек, *оқу пәні* - білім мазмұнының бөлігі ретінде, ол да әлеуметтік тапсырысқа жатады, сонымен қатар оқушының жалпы танымдық әрекет заңдылықтары мен оқыту жағдаяттарына сәйкес оқыту барысында білім мазмұнын жүзеге асырады. Оқу пәні-игеруіне тиісті білім мазмұны мен оны оқушылар игеретін тәсілдерді, олардың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыратын негізгі құрал. Яғни, оқу пәні-білім мазмұнын беруге арналған арнайы педагогикалық үйлесім, бұл жағынан ол біртұтас, соған қарамастан екі бөлімнен тұрады: мазмұндық және процессуалдық. Білім мазмұнының төрт компоненттік құрамы оқу пәндерінің белгілі бір топтарын құрады. Оқу пәндеріндегі жетекші компоненттер: ғылыми білімдер жиынтығы, әрекеттің белгілі бір тәсілдері, шығармашылық әрекет тәжірибесі, көңіл-күй-құндылықтары, қатынас тәжірибесі, әлемнің бейнелік көрінісі. “Кіріктірілген пән” деген ұғым жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланыс пен жинақылыққа қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

Этнопедагогика мазмұны көрініс табатын оның оқулығының педагогика оқулығы сияқты ЖОО-ның басқа оқулықтарынан айырмашылықтары болуы тиіс, өйткені педагогикалық білім ғылымының басқа салаларынан айтарлықтай ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Ол философия, психология, медицина, филология, тарих т.б. білімдер жетістіктерін өзіне пайдаланады. Бұл жағдай этнопедагогика оқулығының моделін құру қажеттігін растайды. Педагогикалық білім жүйесі әрі білімаралық, әрі пәндік-педагогикалық сипатта болады.

Осы орайда, “Этнопедагогика” оқу пәніне келер болсақ, ол интегративті білім саласы болғандықтан, оның мазмұндық блогын этнофилософиядан, этнопсихологиядан, этномәдениеттанудан біріккен білімдер жүйесі құрайды, ал іс әрекеттік-үрдістік блогын құрайтын – негізгі мазмұнды студенттерге меңгертуге бағытталған әдіс тәсілдер жиынтығы. Бұл арада, біз “Этнопедагогика ғылыми пәні” мен “Этнопедагогика оқу пәнінің” де айырмашылығын нақтылаймыз. Себебі, оқу пәнінің міндетіне барлық ғылыми білімді қамту кірмегендіктен, оқу пәнінің түрі мен негізгі мақсатына байланысты, оның мазмұны түзіледі. “Оқу пәні” мен “оқулықтың” айырмашылығына келер болсақ, оқулық – білім мазмұнын оқу материалы деңгейінде нақтылы түрде көрсетудің негізгі формасы.

«Этнопедагогика» оқу пәнінің болжамдық моделіне сәйкес « этнопедагогиканың даму тарихы», «Этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері», «Этностық тәрбие», «Этнодидактика», «Салыстырмалы этнопедагогика» «Оқу-тәрбие үрдісін этнопедагогикаландыру», бөлімдері бойынша оқу материалдары іріктеніп, жүйелеп түзді.

Келешекте зерттеп отырған мәселе өзінің жалғасын жеке оқу пәні ретіндегі этнопедагогиканың біз ұсынған құрылымындағы әр бөлімдерінің теориялық негіздері мен білім беру тәжірибесінде пайдалану жолдарын, сонымен қатар оқыту әдістері мен формаларын іздестіруде табуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. п.ғ.д. ... дисс. – Қарағанды, 2007 ж. -350 б.

ПРОФЕССОР КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫ ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫН ДАМУЫ ИДЕЯЛАРЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Таубаева Ш.Т.
Булатбаева А.Ә.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессорлары

Білім беру жүйесіндегі тәрбиенің негізгі қағидалары бүгінгі күнде тәрбие беру үдерісінде тәрбиеленушінің өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасауға бағытталуда. Осыған орай барлық педагогикалық мақсаттарды шартты түрде өзара байланысты екі топқа бөлуге болады: үлгілі және

өзекті, соңғысы тұлғаның дамуы мен даралығын қалыптастыру және тәрбие қоғамдық құрылыс ретінде өте күрделі, әрі қарама-қайшылықты тарихи үдеріс. Ол жас ұрпақтың қоғам өміріне қосылуына, тұрмыс-тіршілікке, қоғамдық өндірісте қызметке араласуына, шығармашылық пен рухани-мәдени игіліктерді игеруіне, қоғамдық болмыстың негізін игеріп, жеке тұлға ретінде дамып, азамат ретінде қалыптасып жетілуіне негіз болады. Тәрбие қоғамдық прогресті дамытып, ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз етеді, әрбір жеке тұлғаның, қоғамның маңызды өндіргіш күшінің бөлшегі ретінде өз бақытын өзі құруға көмектеседі.

Тәрбиелік заңдылықтарды біле отырып, тәрбие жұмыстарын алдын ала болжауға және ол іске терең мазмұндық, әрі әдістемелік мән-бағдар беруге болады. Тәрбие үдерісін зерттеулердің әдіснамасын жаңарту қажеттілігі, жүйе құраушы тұғырларды іздестіруге әкелді. Демек, тәрбиенің ұғымдық-түсініктік аппаратын, теориясы мен технологиясының, әлеуметтік педагогиканың базалық категорияларын түсіну мен бағалауға жаңаша көзқарас қажет болды.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде, яғни 1974 жылы профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей білім академиясының академигі Геннадий Никандрович Волковтың «Этнопедагогика» атты оқу құралының дүниеге келуі, Кеңес Одағының республикаларындағы педагогтардың ұлттық тәрбиенің қайнар көздерін шұғыл іздестіріп, оның ғылыми негіздерін дәлелді теориялар мен тұжырымдардан табуға, өз ұлтының бай тәлімдік тәжірибесін зерттеуге бірден бір себепші болды. Жалпы адамзаттық, тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістері анықталып, оқушылар тәрбиесінің үлгілі мазмұны толығымен іске асырылып жатқан уақыт еді.

Қашан да әрбір азамат ұлттық дүниетанымы төңірегінде ойланып, өз жобасын құрастырып, оның қисынды іске асуын ойша пайымдап жүретіні бәрімізге мәлім нәрсе. Ұлттық даму тұжырымдамасы ұлттық идеядан бастау алады деп тұжырымдайды. Ұлттық идея жайлы саясаткерлер, тарихшылар, психологтар, мәдениеттанушылар салалы пікірлер айтуда. Бұл орайда ұлттық өркениет Батыс пен Шығыстың өркениетінен нәр алатынын тілге тиек етеді. Ұлттық мектеп қандай мектеп? Қазақ мектебінің қамын жеген ардақты зиялылардан бастап, бүгінгі алаштың ұрпақтарды да ой маржандарын ортаға салып жүр. Тек ұлттық мектеп деп өз рухани кеңістігімізбен ғана шектелуге болмайды әрине, ол ұлттық мектептің мазмұны мен түрі өркениеттік болмақ. Мақсаты – ұлттық сананы, психологияны, ойлау жүйесін, дүниетанымын, парасатын, рухын, бейнесін, сондай-ақ ұлттық инновациялық қабілетін дамыту. Бұл дегеніміз – ұлттың геналогиялық құрылымы мен генетикалық қорын белгілі бір тұжырымдама негізінде пайымдау. Осының бәрі – ұлттық қауіпсіздігіміздің өркениетке алдыңғы қатарда кіріге алуымызға себеп емес пе?

Ұлттық білім мазмұны, ұлттық тәрбие әдістері қалпы ғылымда, оның ішінде педагогика ғылымында саралануда. 1990 жылдан бері, 35 докторлық, 250 кандидаттық диссертация этнопедагогика саласында қорғалды. Бұл – баға жетпес байлық. Бұл салада профессорлар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, Қ. Бөлеев, К.Ж. Қожахметова жетекшілік етіп ғылыми мектептер қалыптасуда.

Ғылымда бағыт көп. Әрбір ғалым өзінің танымдық, өмірлік, кәсіби және менталдық тәжірибесіне, интеллектуалдық әлеуетіне сәйкес белгілі бір ғылыми бағытта еңбек етеді. Ғылымда жаңа білім жасап шығаратын өндіріс деп ұғынсақ, ғылыми бағыт соны идеяны, теорияны, ұстанымды түсінуге негіз болады. Өйткені, ол бағытта нақты ғылыммен қор жинақталған, реттелген, жүйеленген. Осы бар қорға сүйене отырып, ғылыми бағытқа келген жаңа ғылыми қызметкер әуелі ғылыми бағыттың бағдарламасымен, жасаған еңбектерімен танысады, ой түйеді, нені жасап, нені жасамау керектігін аңғарады. Осындай жаңа ғылыми бағыттың бірі – этнопедагогика мәселелері. Жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарына дейін көбіне халықтық тәрбие мүмкіндіктерін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға назар аударылды. Қазақстан Республикасында соңғы жиырма бес жылда теориялық қағидалар зерделеніп, эмпирикалық материалдар негізінен жинақталды десек болады. Ал бірақ, осылардың ғылыми тұжырымдамаларға, ұстанымдарға ұласуы әзірге баяу өрістеуде.

Жаңа ғылыми білім, яғни этнопедагогиканың пайда болуы бірқатар әдіснамалық мәселелерді туындатады. Осы уақытқа дейін дайындалған «Қазақтың тәлім-тәрбиесі», «Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер антологиясы» (Қ. Жарықбаев, С. Қалиев), «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (С. Қалиев, К. Аюбай), диссертациялық зерттеулер, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген философия, педагогика, психология бағыттарындағы зерттеулер нәтижелері ғылыми ізденіске өте қажет. Ғылымтанудағы, әсіресе педагогикалық ғылымтанудағы қағидаларға сүйенсек, зерттеушілер этнопедагогика ғылымының негіздерінің, әдіснамасы мен теорияларының, ұстанымдарының, әдістерінің қай уақытта, кімнің еңбегінде, қай түрде бастау алғанын қазақ тілінде жете танысуға мүмкіндік алып отыр. Осы материалдардың жинақталуымен тұспа-тұс жүйелі ғылымдардың жетік меңгергендігінің арқасында этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері зерделене бастады.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген жаңа пәнді құру ғылымтану қағидаларының логикасына сүйенетінін басшылыққа ала отырып, профессор К.Ж. Қожахметова ең әуелі ғылыми пәннің моделіне сай этнопедагогиканы ғылым ретінде жүйелеп алды да, панаралық әдіснама деңгейіне көтеріп, педагогикалық ғылымтану мен педагогикалық деректану жетістіктерінің негізінде, этнопедагогикалық мәнін анықтау мақсатында Т.И. Огородниковтың «Этнопедагогика – педагогиканы этнография және фольклорлықпен байланыстырушы ғылым саласы» дегенге сүйенді. Сөйтіп, этнопедагогиканы педагогикалық ғылымдар жүйесінде қарастырады, этнопедагогиканы этнография, педагогика, фольклорлық ғылымдарының түйіскен саласы екендігін нақтылай түсті. Жаңа ғылыми білім ретінде этнопедагогиканың пайда болуы, оның жеке ғылыми пән ретінде қарастырылуының заңды екендігі, этнопедагогиканың пәні, құрылымы және қызметтері, оның педагогикалық ғылыми білім жүйесіндегі орны туралы мәселелерді шешуді қажет етеді. «Этнопедагогика педагогиканың бір саласы бола отырып, өзінің жеке пәніне ие бола ала ма?» деген сұрақтар да туындап отырса

керек. Әрине, бұл күрделі. Сондықтан да профессор этнопедагогиканың дербес ғылыми пән екенін, оның өзіне тән зерттеу пәнінің бар екенін дәлелдеуді жөн деп тапты.

Этнопедагогиканың зерттеу пәні – этнопедагогикалық болмыс, оның этнопедагогикалық зерттеулердегі көрінісі деп тұжырымдады. Сондай-ақ, ғылым этнопедагогиканың педагогика ғылымдары жүйесіндегі алатын орнын және оның басқа ғылымдармен байланысын нақтылауға ұмтылды, сол сияқты оның құрылымын анықтау үшін педагогикалық пәндер арасындағы байланыстар типін қарастырды. Этнопедагогиканың әдіснамалық негіздерін жасауға қажет этнофилософия, этнопсихология, этномәдениеттану, этнография сияқты ғылым салаларының білімдерінің ғылымаралық кірігуі ұстанымдары арқылы үйлесімді ықпалдасуының тетіктерінің қызметтері сараланды. Аталмыш ғылым салалары этнопедагогиканың пәндік, нысандық белгілеріне ерекшелуге тікелей қатысты. Этнопедагогиканың әдіснамасын жүйелеу үшін педагогиканың әдіснамалық қағидаларының ғылыми әлеуетін жіктеп, этнопедагогиканың қызметін, заңдарын, заңдылықтарын, теорияларын, категорияларын, ұғымдарын, терминдерін ажыратып нақты көрсетті.

Өзінің ізденістерінде халықтық тәрбиенің терең философиялық, тарихи, әлеуметтік бастауларына сүйене отырып, *этнопедагогиканың тарихи этнопедагогика, аймақтық этнопедагогика, талдау этнопедагогикасы, ойын этнопедагогикасы, мектепке дейінгі этнопедагогика, афористикалық этнопедагогика, отбасы этнопедагогикасы, этнопедагогикалық антропология, этнопедагогикалық білім беру, этноәлеуметтік педагогика, салыстырмалы этнопедагогика, субэтникалық педагогика, этномәдени білім беру педагогикасы* сияқты салаларын айқындады. Бұл талдауы этнопедагогикалық зерттеулерді жүйелеуге де көмегін тигізді деген пікірдеміз.

Сондай-ақ, профессор этнопедагогика саласында эмпирикалық, тәжірибелік деңгейдегі зерттеулердің бағыттарын құптай келе, әдіснамалық зерттеулердің қажеттігін үнемі зерттеушілер есіне салып отырады. Этнопедагогиканың мақсаттары, міндеттері, нысанасы, пәні, қызметі, әдістері, ұстанымдары, заңдары заңдылықтары, теориялары, тұжырымдары, зерттеу көздері, ұғымдары, терминдері, категориялары бүгін де, болашақта да зерделене бермек. Оның ішінде, педагогикалық әдіснамалық зерттеулер этнопедагогикадағы ғылыми танымды жетілдіруге бағытталуын баса көрсетіп, этнопедагогиканың әдіснамасының дамуының түпкілікті бағыттарына көңіл аударуды талап етеді.

Педагогика ғылымында қарапайым ұғымдар да орын алып келгені сөзсіз. Қарапайым дейтіміз, оның ғылыми негізсіз болжамдануын көрсетеді. Халықтық педагогика деген термин көптен айтылып, жазылып, ғылыми зерттеу тақырыбынан да көрініс тапқан тұстар аз емес. Ал егер халықтық педагогика ғылыми және оқу пәні болса, оның әдіснамасы қайсы, пәні, нысаны қайда, заңдылықтары, ұстанымдары қандай негізде жасалған? Міне, көптеген сұрақтарға жауап табу қажет. Демек, халықтық педагогика емес, халықтық тәрбие тәжірибесі ғой. «Педагогика» деген сөз ғылыми пәнмен, оқу пәнімен қатар айтылса дұрыс болар еді. Біз этнопедагогика саласындағы профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми жетекшілігімен дайындалған 4 докторлық, 20 кандидаттық диссертацияларды 6 топқа бөліп қарастырдық:

1. Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың әдіснамалық мәселелері.
2. Салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеулердің мәні, мазмұны. Тарихи-мәдени шығармашылық мұраның этнопедагогикалық әлеуеті.
3. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылықтарын және этностық мәдениетін қалыптастыру үдерістері.
4. Мектептің тәрбие жүйесін дамыту мәселелері. Мектеп басқару теориясы мен әдістемесі. Мұғалім біліктілігін жетілдіру тетіктері.
5. Білім беру ұйымдарында этнос субъектісін қалыптастырудың әдіснамасы. Көптілді және көпмәдени білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері.
6. Оқушылар мен студенттердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясының этнопедагогикалық негіздері.

Өздеріңіз көріп отырғандай, ғылыми нәтижелер қомақты, зерттеулер әдіснамалық, теориялық деңгейде жүргізілген және нәтижелердің білім беру ұйымдарында енгізілу дәрежесі жоғары, интеллектуалдық әлеуеті биік. Олай дейтіміз, осы бағыттардағы жүздеген зерттеулер ғылыми ізденістердің логикасын, әдіснамалық тұғырларын, зерттеу әдістерін тәжірибелерінде пайдалануда. Бұл ғылыми мектептің зерттеулерімен этнопедагогиканың әдіснамасы зерделеніп, этнопедагогика ғылыми және оқу пәні ретінде тез қалыптасып бітпейді, әлі де бұл мәселенің зерттелетін тұстары баршылық. Сонымен бірге, ғылыми мектеп зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, этнопедагогикадан оқулықтар, оқу құралдарын даярлау үстінде. Ғылыми мектеп алыс және жақын шетелдермен тығыз байланыс орнатқан. Ғылыми мектептің Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы «Білім беру жүйесіндегі Этнопедагогика. Этнопедагогика в системе образования» журналы республиканың білім беру саласына, ғылыми қызметкерлерге белгілі, танымал. Журнал бетінде академик Г.Н. Волковтың ғылыми тұжырымдары, оның шәкірттерінің пайымдаулары, болжамдары, белгілі этнопедагогтардың ой-пікірлері және олар туралы мазмұнды, мәнді мақалалар өз оқушыларын тәнті етуде.

Профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми мектебінің ізденістік ахуалының ерекше тұстары: *профессордың мектеп мүшелерінің білім беру практикасында тәжірибені жинақтап, талдай білу деңгейінің жоғары болуын және тақырып аумағындағы әдебиетті мәнді талдай білуін талап етуі және осы жұмысқа зерттеушілерді ұйымдастыра білуі, зерттеудің объективті, шындық педагогикалық болмыстан алынуы, зерттеу ісінің шеберлігіне ерінбей үйретуі, ғылыми мінбелерде өз ойларын айтуға, ғылыми дискуссияларға*

қатысуға бағыттауы, тақырып саласында мемлекеттік іс-шараларға қатысуын қадағалауы, сын-ескертпелерді үнемі ойландырып жауап іздеуі, тақырыптың болашағын іздестіруі өз айналасындағы шәкірттерін бір ұжымның мүшелері етіп баптауы кімге де болса үлгі деп білеміз.

Ғылыми мектеп өз басынан даму баспалдақтарын, қиындықтарын, қарсы пікірлерді талдап бағамдауды, сынаққа төтеп беруді басынан өткізді. Ғылыми ойлар талқылап, талдап, мақұлданып барып, көңілге қонбақ. Өйткені, этнопедагогика – әлеуметтік-гуманитарлық ғылым. Өзірге ғылымда гуманитарлық әдіснама енді ғана өз ойларын нақтылауды, гуманитарлық сараптама (экспертиза) да жаңадан қалыптасып келеді. Республикада «Педагогикалық өлшемдер» деген мамандықтың ашылуы да көптеген ғылыми зерттеулер сапасын көтеруге себепші болар деймін.

Бұл жолда профессор Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ аруы» атты арнайы курстың мазмұнын ашып, оны интеллектуалдық тәрбие мектебіне айналдыруға аянбай атсалысуда. Ғылыми мектеп аясында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуде. Этнопедагогика саласындағы тұжырымдамалар мен теориялар болашақ ұлттың интеллектуалдық әлеуетінің негізіне алынады. Себебі, этникалық мәдениет этнопедагогика мен этномәдени білімнің қайнар бұлағы болып табылады. Ғылыми мектеп мүшелері этнопедагогиканы оқыту әдістемесін іздестіруде. Оған дәлел аталмыш журналдағы рухани кемелдену сабақтары, тренингтер, конференциялар, глоссарий және тағы басқа тәжірибелер, ойлар, пікірлер. Ұлттық білім мазмұнын, ұлттық тәрбие мазмұнын этнопедагогикаға негіздеп жасау жолдары іздестірілуде. Демек, этнопедагогиканың әдіснамасы, теориясы, әдістемесі, технологиясы тұтасымен толыққанды зерделенуде. Әрине, бұл ғылыми мектеп жалпы ғылымның, педагогиканың, этнопедагогиканың интеллектуалдық әлеуетін ғылым философия мен әдіснамасының ең соңғы жетістіктері арқылы зерделеп, ұлттық білім мен тәрбиені биікке көтермек.

Ғылыми мектептің пайда болу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеушілер ғылыми мектептің ғылыми іс-әрекет пен басқарудың жинақы әрі бағдарлы негізін басшылыққа алып бес типін, ғалымдардың төрт тобын (ойлаудың жаңа тәсілін жасаушылар, ғылымдағы ірі ғалымдар, іргелі ғылымдағы өз үлесі барлар, ғылымның қолданбалы саласының мамандары) атап өтеді. Ғылыми мектептің құрылуы тек зерттеуші өнеріне үйретумен шектелмейді, сондай-ақ ғалымдар жалпы мәселені немесе бағдарлама бойынша жұмыс жасауға күштерін біріктіру үшін де ұйымдасады. Ғылыми мектебінің зерттеушілік ахуалының ерекше белгілері: профессордың жоғары ғылыми талап қоя білуі және оны орындауға жұмылдыру шеберлігі, ашықтығы, сынның ашық айтылуы, оның жеке ғылыми ізденістерге үнемі қолдау көрсетуі, тәжірибелік жұмысты ғылыми талдауға баулуы, ғылыми ізденістің білім беру практикасымен тығыз байланыста жүруін қадағалауы, тақырып таңдауда ізденушілерге еркіндік беруі, ғылыми шығармашылыққа баулуы, зерттеушілермен жеке және ұжымдық оқытуды (үйретуді) ұйымдастыруы. Бұл ғылымға, халыққа деген сүйіспеншілік қой. Білім мен тәрбие мазмұнын бүгін қалай түсініп жүрміз? Қазіргі ғылыми-әдістемелік пайымдаулардан байқағанымыздай, ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын мектептің оқу жоспарының инварианттық бөлігінде емес, негізінен вариативті (жылжымалы) бөлігінде, ал жоғары оқу орнындағы пәндер блоктарының таңдау курстарында оқытып жатыр. Айталық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде тәрбие жұмысының өзегі етіп ұлттық құндылықтарды (әдепті, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты, мәдениетті) ала отырып, 1-курс студенттеріне арнап «Әдептану» факультативтік сабағын енгізіп жатыр. Сондай-ақ, ұлттық тәрбие кафедрасы ашылып, сол бағытта бағдарламалар, оқулықтар даярлануда.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ аруы» атты таңдау курсы жүргізіліп келеді. Бүгінгі күнде көптеген жоғары оқу орындарында тәрбие мәселесі бірінші кезекке қойылып отыр. Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастырылуымен тәрбие жүйесінің қазақстандық моделін іздестіру бағытында бірқатар облыстарда ғылыми практикалық конференциялар өткізіліп, тәжірибелер сараланды, болашақ мамандардың кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасауға үлкен мән берілуде. Ұлттық идея, елдік мұрат, интеллектуалдық ұлт тәрбие жұмысындағы басшылыққа алатын бағыттарға айналуға. Сайып келгенде, осындай ізденістер нәтижесінде ұлттық білім мен тәрбие мазмұны айшықтала түспек.

Дидактика білім мазмұнындағы әлеуметтік тәжірибе, мәдениет жетістіктері жеке тұлғаның ішкі мәдениетіне айналады деп тұжырымдайды. Білім мазмұнын жасау жайлы педагогика ғылымында үш тұжырымдама кеңінен таралған деуге болады. Біріншіден, білім мазмұны педагогикалық тұрғыдан өңделген ғылым негіздері, екіншіден, білім, білік, дағды, дүниетанымдық идеялар жиынтығы, үшіншіден, әлеуметтік тәжірибе, білімдер, әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі, шығармашылық әрекет тәжірибесі әлемге құндылық-эмоциялық қатынас тәжірибесі деп қарастырылады. Білім мазмұны алға қойылған мақсаттардың көрінісі болғандықтан осы төрт бөліктің бәрі әртүрлі көлемде білім мазмұнынан орын алады.

Тәрбие мен білім негізінен жасөспірімнің әлеуметтенуіне ықпал етеді. Кешегі кеңестік дәуірдің құндылықтары енді басқа мазмұнға, ұстанымға бағытталғанмен, оның орнына қандай мұраттар-идеялар, құндылықтар-дүниетанымдар, идеялар мен ұстанымдарды әкелдік? Жаңа тәрбие жүйесінің табиғатқа үйлесімділік, тұтастық, әрекеттік, тұлғаның жеке ішкі әлеміне бағыт алу, жас ерекшелікті ескеру, ізгілік ұстанымдары соңғы 25 жылдағы басылымдарда әртүрлі әдіснамалық тұрғыдан негізделді, тәжірибеде тексерілді.

Ұлттық мектептегі білім мазмұны, оның ұлы мұраты, ұлттық мектептегі тәрбие, ұлттық дүниетаным тақырыптарында бірқатар оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді, зерттеулер жүргізілді. Бұл ізденістер міндетті түрде ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын баяндайтын қосымша ретінде, оқытылуы міндетті емес пән

деңгейінде ұсынылады. Қазіргі тәрбиенің халық педагогикасындағы, халықтың тәрбиелік тәжірибесіндегі тарихи бастауларына ғылыми-әдістемелік талдау жасалып, ұлттық білім мен тәрбие мазмұны эмпирикалық-қолданбалы деңгейде құрастырыла бастады. Айталық, қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, балалар мен жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйрету, экологиялық мәдениет, музыкалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі. Осы зерттеулерде «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесі», «Қазақ халқының балалар мен жастарды еңбекке тәрбиелеу дәстүрлері», «Экологиялық өлкетану» арнайы курстарының, «Электрондық қазақы үй», «Қазақ батырлары», интербелсенді ұтқыр құрылғылардың мазмұнында халық педагогикасынан ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын «қазып», «мәпелеп» «тірілтудің» логикасы көрінеді. Ол: халықтың әлеуметтік жағдайы, көзқарастары, дүниетанымы, тәрбие мақсаты, міндеттері, негізгі қағидалары, дәстүрлі тәрбие түрлері, тәрбиелеудің құралдары мен әдістері, тәрбие идеялары, ой-пікірлері, көзқарастары бүгінгі тәрбиемен байланысы, тәрбие тәжірибесін практикада пайдалану жұмысы, сондай-ақ, ұғымдық-түсініктік-терминологиялық қатарлар (мысалы, «ұлттық құндылық», «ұлттық парыз», «ұлттық келбет», т. б.) мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, анықтамалар берілген.

Ұлттық білім мен тәрбие мазмұны жинақталып, қорғалып, ұсынылып, жекелеген оқу орындарында пайдаланылып, мақалалар, оқу құралдары жазылып, жерге шашылған сынаптай бытырап, әзірге ресми білім мазмұнына толығымен кіре алмай тұр. Белгілі этнограф ғалым, профессор Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты этно-мәдени пайымдаулары, философ Жақан Молдабековтың «Қазақтану» деген еңбегі, Жұмағали Наурызбайдың этномәдени білім беру жүйесі, Аюбай Құралұлының «Ұлттық дүниетаным» атты оқу-құралдары этнос мәдениетін ойластырған ғылыми мақалалар, халықтың философиясынан, тарихынан, математикасынан, физикасынан, географиясынан қазірге қажет білімдерді жүйелеуге ұмтылысты байқататын әдістемелік жұмыстар ұлттық білім мен тәрбие мазмұны бар екен, соны қалай білімнің мазмұнын көрсететін құжаттарға алып шығу жолдары туралы ізденістер жүргізуде.

Қазақ ұлты ұлт болып, саяси бостандықты баянды ету үшін оның жан дүниесі мен жүрегі ұлттың терең тарихынан өрбіген білім мен тәрбиеге сусындап, өзін өзгеден кем көрмейтін, өз мәртебесін түсінетін болып өскені, өзін-өзі толық танығаны, мына жаһандану заманында ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын ертеңге интеллектуалдық ұлттың меңгеруі дағдарысты еңсеруге даяр болуы бірден бір төте жол болмақ. Осы күрделі де қасиетті жұмысқа профессор К.Ж. Қожахметованың қосқан үлесі өз зерттеушілері мен оны пайымдаушы жастарды күтуде.

БІРІНШІ СЕКЦИЯ

ПЕРВАЯ СЕКЦИЯ

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЗЕНДЕРІ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ: ӘДІСНАМАСЫ, ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

ЭТАПЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ И ЭТНОПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

ПЕДАГОГ-ҒАЛЫМ АМАНАТЫ

Наурызбай Ж.Ж.

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Тәрбие және этномәдениет бөлімінің меңгерушісі
педагогика ғылымдарының докторы
профессор
Астана қ.*

К.Ж.Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясында (1998 ж.), сол жылы жарық көрген «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория және практика» атты іргелі ғылыми еңбек – монографиясында қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негіздерін анықтады, құрылымдық-қисындық үлгісін түзіп, оның мәні, мазмұны, түрлері, әдістері мен құралдарын негіздеді. Ұстаз-ғалым этнопедагогикалық білімнің даму келешегін зерттеп, бұл істің басты өзегі біріктіру мен даралау болатынын көрсетті. Жалпы, ерекше, жеке туралы философиялық категорияларға сәйкес тиісінше педагогика, этнопедагогика және қазақ этнопедагогикасының өзара қатынасын зерттеді, халық педагогикасы мен әлеуметтік педагогиканың байланысына сипаттама берді. Әдіснамашы ғалым этностық тәрбие теориясы мен этностық дидактика, этнос субъектісі мен этностық мәдениет субъектісі туралы терең тұжырым жасаған болатын [1].

Ұлттық мектебіміздің бүгінгі мен ертеңі, халықтық тәлімнің зерттелу жайы мен өмірге енгізілу деңгейі, қазақ этнопедагогикасының тағы басқа өзекті проблемаларын үнемі назарында ұстаған ғалым қашанда бұл мәселелерге ұлттық мүдде тұрғысынан қарайтын, өз пікірін ашық, батыл білдіретін, керек кезінде батырып айтатын. Клара Жантөреқызының қаламынан шыққан кітап, мақаланың қай-қайсысы болмасын, бұған дәлел бола алады. Ғалымның қатысуымен өткен диссертациялық кеңестер отырыстарында, халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, «дөңгелек үстел» басындағы пікірталастарда ұлттық тәрбие, ана тіліміз, төл мәдениетімізге байланысты айтылып қалатын сыңаржақ пікірлерге, үстірт көзқарастарға, кейде бой көрсететін құлдық құлыққа жаны ауыра тойтарыс беріп, рухани байлығымызды қызғыштай қорығанына бірнеше рет куә болдым.

К.Ж. Қожахметова 2003-2005 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының тәрбие мәселесі бойынша ғылыми зерттеу институтының директоры болды. 2003 жылы елімізде кең көлемде «Біз өз балаларымызды білеміз бе?» атты ғылыми зерттеулер ұйымдастырды. 2013 жылы Астана қаласында өткен «Қазақстан Республикасында тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту стратегиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясында жасаған баяндамасында ғалым сол зерттеулердің кейбір тұстарын еске алып: «...біз үлкен қасірет алдында тұрғандаймыз. Оған дәлел зерттеуге қатысқан оқушылардың жауаптары: 32%-ы ішімдік ішетін оқушылар; бірінші сыныпқа келген оқушылардың 4%-ы шылымқор болып келеді, 9%-ы мектепте шылым үйренгендер. Есірткі 15% оқушының қолданыс затына айналған, олардың ішінде 3%-ы үздіксіз қолданады. Үнемі жаман сөз айтамын деп – 11%-ы мойындайды, кейде – 49%-ы қолданады.

Осы мінбені пайдаланып айтайын дегенім, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА осы зерттеуді 10 жыл өткеннен кейін қайта өткізіп, тәрбиенің басым бағыттарын анықтап, бұрынғы зерттеумен салыстырғанда қандай өзгерістер байқалатынын анықтап, біздің балаларымыздың жаңа портретін жасаса, оның негізінде жана, тың Тәрбие бағдарламасын дайындап ұсынса деген тілек. Қажет деп жатсаңыз, біз де өз тарапымыздан үлес қосуға әр қашанда дайынбыз!» – деген еді [2, 22-23].

Темекі тарту, ішкілік ішу, есірткі қолдану мәселелеріне келер болсақ, жағдайдың түзеліп кете қоймағаны анық. «Нашақорлықтың, маскүнемдіктің және шылым шегудің алдын алу» оқу құралында (2012) көрсетілгеніндей, Қазақстанда 11-ден 24 жасқа дейінгі жастардың 80 пайызы, ал, ауылдық жерлерде 90 пайыздан астамы спиртті ішімдіктер ішеді. Сыра ішуді әдетке айналдыру – 12 жастан, шарап ішу – 14-15 жастан, арақ ішу 16 жастан басталады [3, 5].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2014 жылы «Қазіргі мектеп оқушысының социологиялық портреті» социологиялық зерттеуін жүргізді. Зерттеу Астана, Алматы қалалары мен Алматы, Ақтөбе, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының 82 мектебінің 6900 оқушысын (5, 7, 9, 11 сыныптар) және 1144 мұғалімін қамтыды.

Зерттеу оқушылардың әлеуметтік мәртебесін, өмірлік құндылықтарын, идеологиялық

бағдарын анықтауға, олардың болашақ мамандығына, кәсіби мансабына, денсаулығына, өзін-өзі басқару ұйымдарына көзқарасын зерделеуге, қоғамдық және мектептік іс-шараларға қатысуын және т.б. талдауға бағытталды.

Зерттеу барысында «Төменде берілген оқиғалардың қайсысы сіздің мектебіңізде орын алды?» сауалына жауап алынды. Сауалдың талқыланып отырған мәселелерге қатысты нәтижесі 1-кестеде көрсетілген:

1 кесте – Мектебіңізде орын алған оқиғалар

Жауап нұсқалары	Жиілігі	%
Темекі тарту	Жиі	2,6
	Сирек	22,4
Спиртті ішімдіктер ішу	Жиі	1,2
	Сирек	21,2
Есірткі пайдалану	Жиі	0,8
	Сирек	20,7

«Сенің темекі тартуға, спиртті ішімдіктер ішуге және есірткі пайдалануға көзқарасың қандай?» сауалына респонденттердің жауабы төмендегідей бөлінді: 5-8 сынып оқушыларының 65,8% – қарсы және өздері олай жасамайды. Темекі тартуға респонденттердің 69%, спиртті ішімдіктер ішуге 66,5% қарсы. Алынған деректерден 5-8 сынып оқушыларынан 30,5% және 9-11 сыныптар арасында 26,1% жауап беруге қиналған.

Алынған мәліметтерге сәйкес қазіргі мектеп оқушысының социологиялық «портретінің» кейбір қырлары мынадай:

- қазіргі оқушының басты құндылығы болып бірінші орында «денсаулық» (83,0%), екінші орында «бақытты отбасылық өмір» (63,3%), үшінші құндылық «мейірімділік пен адамгершілік» (30,5%) тұр;
- қазіргі оқушылардың 77,6% -ында патриоттық сезім бар;
- оқушыларда Қазақстанды біржола тастап кету ниеті төмен (5,7%), бірақ «Өз еліне енгізу мақсатында оңтайлы тәжірибелермен алмасу үшін» (37,9%) және «Оқу үшін барса, шетелдік іссапарлары көп жұмыс табылса» (32,9%) деген жауаптар басым;
- мінсіз оқушы бейнесі қайырымдылық (37,8%), ар-намыс (34,6%), ұжымшылдық (33,4%), патриоттық (33,9%), өнерге қабілеттілік (39,2%), еңбексүйгіштік (54,1), білімді (36,8%), тәрбиелілік (32,7%) сияқты сапалармен сипатталады;
- оқушыларды білім алуға «болашақта қызық және жоғары ақылы жұмыс табу» (жауап берушілердің 47,6%) талаптандырады;
- оқушылар бірінші кезекте мектептен сапалы білімді (74,1%) күтеді;
- қазіргі оқушылар ғылыми-техникалық прогреспен қатар келе жатқан ақпараттық байланыс технологиясына тәуелді, компьютерлік сауаттылығы жоғары – 9,9%;
- кеудемсоқ, күйгелек, менменсіген өзімшіл, жауапкершілікті аса маңызды деп санамайды – 9,7%;
- ешқандай күш-жігер жұмсамай-ақ жоғары нәтижелерге қол жеткізгісі келетін, материалдық игіліктерге ұмтылысы жоғары, селқос, психологиялық жағынан әлсіз, патриоттық рухы төмен пессимист – 6,8%;
- оқу барысында ғаламторға уақыт жұмсау кедергі етеді (47,4%);
- мектепте бекітілген жүріс-тұрыс ережесі оқушыларды қанағаттандырады, олар оны ұстанады (53,9%);
- оқушылардың түрлі іс-шаралар мен мектептік өзін-өзі басқаруға қатысуына «лидер болу ниеті» (46,1%) мен «мектеп өмірін қызықты ету» (28,2%) түрткі болады;
- оқушылардың сыныптасымен, мұғалімдермен және ата-анасымен қақтығысқа түсуіне мінез-құлықтың әр түрлілігі себеп болды;
- олар өз болашағын айқын елестетеді (34,1%);
- оқушыларды бірінші кезекте «ҰБТ тапсырар алдындағы қорқыныш» мазалайды (81,6%) [4].

Профессор Қ.Ж.Қожахметованың тәрбиенің басым бағыттарын анықтап, жаңа, тың Тәрбие бағдарламасын дайындап ұсынса деген ойы да шешімін тапты. 2015 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А.Б.Сәрінжіповтың бұйрығымен Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бекітілді. Клара Жантөреқызы денсаулығының нашарлауына қарамастан Алматы қаласында өткен сол құжаттың жобасын талқылауға қатысып, ұлттық тәрбиенің жай-күйіне талдау жасап, құнды пікірлер айтқан болатын.

Тұжырымдамалық негіздерде:

– тәрбиенің мақсаты, міндеттері мен басым бағыттары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында анықталған;

– тәрбиенің құндылықты моделі ұсынылған. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар атап көрсетілген: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді

шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Президент сонымен қатар, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды [5]. Тұжырымдамалық негіздер осы мемлекетқұраушы жалпыұлттық құндылықтарды ескере отырып әзірленген;

– алғаш рет тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастарынан байқалатын критерийлер ұсынылды;

– оқыту мен тәрбиелеуді кіріктіруге, мемлекеттік, қоғамдық және отбасылық тәрбиенің үйлесімділігіне назар аударылды;

– «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Бөбек» ҰҒПББСО тәрбие жұмысының тәжірибесін тарату және енгізу көзделген және т.б. [6].

Жоғарыда аталған ғылыми-практикалық конференцияда профессор К.Ж.Қожахметова төмендегідей ұсыныстар жасаған еді:

1. Қазақ мектептерінің, ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибеден өткен: Этнопедагогика /Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова т.б./, Этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы /Ж.Наурызбай/, «Дәстүр» тұжырымдамасы /Ә.Сәдуақасұлы/, «Атамекен» ұлттық тәрбие бағдарламасы /М.Қ.Құрсабаев/ негізінде жаһандану үрдісіне төтеп беретін, ұлттық идеология ұстанымын көздейтін **ұлттық рухани-адамгершілік тәрбие тұжырымдамасын** жасау.

2. Мектеп мұғалімінің этнопедагогикалық біліктілігін жетілдіру мақсатында ЖОО-да, ұстаздардың білімін жетілдіру институттарында арнайы этнопедагогика курстар ендіру, ЖОО-да «**Этнопедагогика**» және «**Этнопсихология**» кафедраларын міндетті түрде ашу.

3. Қазақ халқының ұлттық психологиясы мен тарихына, этномәдениеті мен қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне негізделген, әлемдік білім кеңістігі талаптарына сай келетін **қазақ ұлт мектебін** дамытудың тұжырымдамасын жасау және т.б. [2, 25-26].

Барша болмысынан ұлт мінезі атойлап, қазақы қасиет аңқып тұратын ұлағатты ұстаздың арамыздан өзі кеткенімен артында қалған қанаттас, қаламдас әріптестері, ғылымдағы шәкірттері мен ізбасарлары профессор К.Ж.Қожахметованың бұл ұсыныстарын педагог-ғалымның аманатындай қабылдап, жүзеге асырар деп ойлаймын.

ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВА – ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫН ЖАСАҒАН ҒАЛЫМ

Бөлеев Қ.

*Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің профессоры
педагогика ғылымдарының докторы*

1998 жылы К.Ж.Қожахметованың елімізге белгілі ғалым-этнопедагог С.А.Ұзақбаевамен авторлық бірлестікте «**Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы**» қазақ және орыс білімдерінде жарық көрді. Тұжырымдамада этнопедагогикалық білім беру- болашақ мұғалімдерді даярлауды ізгілендіру негізі екені, оларға этнопедагогикалық білім беру мазмұны, болашақ мұғалімдерге I- IV курстарда этнопедагогикалық пәндерден сабақ беруге саралы көзқарас, оларға этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру шарттары, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық этнопедагогикалық білімін дамыту перспективалары анықталған [1].

Аталған тұжырымдама жарық көрісімен жалпы білім беретін мектептерде және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде этнопедагогика материалдарын пайдалану проблемасы бойынша көптеген еңбектер шықты. Сондай-ақ, этнопедагогика ғылымын оқу пәні ретінде оқыту мәселесі кеңінен көтеріліп, көптеген бағдарламалар, оқу құралдары мен оқу- әдістемелік құралдар этнопедагогикалық шығарыла бастады. Әсіресе елімізде этнопедагогикалық зерттеулер жүргізуге ол тұжырымдама бағыт- бағдар беріп, оқу орындарында «Этнопедагогика» оқу пәнін ендіруге жол ашып, ол пән болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың негізіне айналды. Сондықтан этнопедагогиканың әдіснамалық-теориялық негіздерін жасау қажеттігі туындады. Оны жасаумен айналысқан қазақ ғалым- педагогтарының ішінде профессор К.Ж.Қожахметованың еңбектерін ерекше атауға болады.

К.Ж.Қожахметова ғылыми қызметкерлерге, мектеп мұғалімдерімен болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру мақсатында соларға арнап бірнеше ғылыми этнопедагогикалық және оқу-әдістемелік еңбектер шығарды. Мысалы, **К.Ж.Қожахметованың «Қазақская этнопедагогика: методология, теория, практика»** монографиясы Қазақстанда қазақ этнопедагогикасы ғылымының теориялық- әдіснамалық негіздері жасалынған тұңғыш ғылыми еңбек [2].

Монографияның бірінші тарауы «Қазақ этнопедагогикасы негіздерінің теориялық- әдіснамалық зерттелуінің ғылыми-практикалық алғышарттары» деп аталып, онда белгілі педагогтар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі этнопедагогикалық идеялардың генезисі, замануи жағдайларда этнопедагогикалық зерттеулердің жайы мен даму тенденциясы және білім беру ұйымдарының оқу- тәрбие үрдісіндегі этнопедагогика мәселелері; екінші «Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негіздері» тарауында

педагогиканың әдіснамасы- қазақ этнопедагогикасының бағыттаушы негізі, қазақ этнопедагогикасының мазмұндық- терминологиялық негізделуіндегі этнос теориясының маңызы, қазақтардың ерекшеліктерін танудағы этнопсихология, оның рөлі, этнопедагогикалық дүниетанудағы қазақ философиясының мәні, қазақ этнопедагогикасының мазмұны анықтаудағы мәдениет теориясы; «Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу мәселесіне теориялық тұрғыда қарау» атты үшінші тарауда қазақ этнопедагогикасы- педагогика ғылымының құрамдас бөлігі, оның зерттеу пәні, қазақ этнопедагогикасының мәні, мазмұны, формалары мен әдістері және қазақ этнопедагогикасы- дербес оқу пәні; ал төртінші «Білім беру жүйесіндегі қазақ этнопедагогикасы» тарауында республиканың жалпы білім беретін мектептердің тәрбие үрдісінде қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану, жоғары мектептердің студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы, жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын ендірудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі және республиканың үздіксіз білім беру жүйесіне қазақ этнопедагогикасын ендіру мен зерттеу болашағы қарастырылған.

К.Қожахметова, Ш.Таубаева мен Ш.Джанзақованың «Методология общей и этнической педагогики в логико- структурных схемах» атты оқу- әдістемелік құралында жалпы және этникалық педагогиканың теориялық негіздері, мәні мен мазмұны, жалпы және этникалық педагогика саласындағы зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі және жалпы және этникалық педагогикадағы әдіснамалық білімнің дамуы, әдіснамалық білімнің құрылымы мен мазмұны, ұғымдары, этнопедагогикадағы халықтық білімдердің классификациясы, олардың сипаттамасы, қазіргі адам- этникалық тәрбиенің нәтижесі екендігі негізделген [3].

К.Ж.Қожахметова мен Ш.И.Жанұзақованың «Этнопедагогика» және «Этнопедагогика- дербес оқу пәні» атты оқу құралдары кіріспеден, алты бөлімнен, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады [4].

Құралдың бірінші бөлімі «Этнопедагогиканың даму тарихы» деп аталып, онда этнопедагогиканың тарихнамасы, дерекнамасы, тарихи тұлғалар идеясы және этнопедагогикалық тарихи-ғылыми зерттеулер мазмұндалған. Екінші «Этнопедагогиканың теориясы мен әдіснамасы» атты бөлімде этнопедагогиканың тұғырлары мен ұстанымдары, этнопедагогикалық ғылымтану, теориялар, тұжырымдамалар және этнопедагогиканың ұғымдық терминологиялық жүйесі жасалынған. «Этнопедагогика» бөлімінде халықтық дидактикалық білімдер, оқытудың этникалық тұрпаттағы тәсілдері, ұстанымдары, әдістері мен формалары, этнотехнология және халықтық кәсіпке үйрету мәселелері сөз болған. Төртінші «Этностық тәрбие» атты бөлімде адамгершілік, ақыл- ой, эстетикалық, еңбек, дене, экологиялық, отбасы т.б. тәрбиелер туралы мазмұндалған. «Оқу- тәрбие үрдісін этнопедагогикаландыру» атты бөлімінде оқу- тәрбие үрдісіне, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысына этнопедагогика материалдарын енгізу, оқу- тәрбие үрдісін басқаруда ұлттық қоғамдарға сүйену және этнопедагогтар даярлау мәселелері қарастырылған. Алтыншы «Салыстырмалы этнопедагогика» бөлімінде дүниежүзілік этнопедагогикалық ой, әлем аймақтары бойынша этнопедагогиканың дамуы, шетелдердегі этнопедагогикалық зерттеулер және Қазақстандағы этнопедагогикалық ғылыми зерттеулерге шолу берілген.

Ал студенттерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған **К.Ж.Қожахметованың «Этнопедагогика»** атты оқу құралы кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады [5].

Бірінші тарау «Педагогика ғылымының саласы ретінде қазақ этнопедагогикасын құрудың әдіснамалық негіздері» деп аталып, онда ағартушы- педагогтар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі этнопедагогикалық идеялардың эволюциясы, этнопедагогикалық зерттеулердің дамуындағы басымдылығы мен үрдістер, педагогика әдіснамасы этнопедагогика әдіснамасының құрылымдық негізі ретінде және этнопедагогиканың дамуындағы этнофилософияның әдіснамалық функциясы анықталған.

Екінші «Қазақ этнопедагогикасы мазмұнын қалыптастырудың теориялық негіздері» атты тарауда қазақ этнопедагогикасының ұғымдық- категориялық аппаратын негіздеудегі этнос теориясының мәні, этнопсихологияның этникалық қауымның ерекшеліктерін, қазақ этнопедагогикасының пәндік саласын танудағы рөлі және мәдениет теориясының қазақ этнопедагогикасы мазмұнын қалыптастыруға ықпалы қарастырылған.

Үшінші «Қазақ этнопедагогикасы өзіндік ғылыми және оқу пәні ретінде» атты тарауында қазақ этнопедагогикасы- педагогиканың құрамдас бөлігі, этнопедагогиканың нысаны, пәні, қазақтың этникалық тәрбиесі мәнінің мазмұндық- функционалдық сипаттамасы этнопедагогиканың пәні ретінде, қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие мақсаты, мазмұны, құралдары, формалары мен әдістері, біртұтас биоәлеуметтік жүйе ретінде адамды тәрбиелеу мен дамытудың жас және дара ерекшеліктер және оны оқу пәні ретінде құру мазмұндалған.

«Қазақ этнопедагогикасының идеяларын білім беру жүйесіне ендірудің ғылыми- әдістемелік негіздері» деп аталған тарауында білім беру жүйесін ұйымдастырудағы оқу- тәрбие үдерісін этнопедагогизациялау мәселесі, тәрбие жүйесі мектептің оқу- тәрбие үдерісін этнопедагогикаландырудың шарты ретінде, кәсіби даярлық жүйесіндегі болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің құрылымы, мазмұны және жоғары мектепте қазақ этнопедагогикасының материалдарын ендіруді ғылыми- әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету негізделген.

К.Ж.Қожахметованың «Этнопедагогика» атты оқу құралында этнопедагогика интегративті білім саласы ретінде қарастырылып, этнопедагогиканың мәні, педагогикалық, этнопсихологиялық, этнофилософиялық, этнологиялық, этномәдени негіздері және оның педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орны сипатталған [6].

Құралдың бірінші «Этнопедагогика ғылымы дамуының тарихи және ғылыми- теориялық алғышарттары» тарауында этнопедагогикалық идеялардың педагогтар, халық ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде көрініс беруі, этнопедагогикалық зерттеулер- этнопедагогика ғылымы дамуының іргетасы; екінші тарау «Этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері» деп аталып, онда педагогика әдіснамасы- этнопедагогика әдіснамасының бағыттаушы негізі, этнопедагогика дамуындағы этнофилософияның әдіснамалық функциясы, қазақ этнопедагогикасының ұғымдық- категориялық аппаратын негіздеудегі этнос теориясының мәні, этнопсихологияның этникалық қауымның ерекшеліктерін танудағы рөлі, этномәдениет теориясының қазақ этнопедагогикасының мазмұнын қалыптастыруға ықпалы; үшінші «Этнопедагогиканың теориялық негіздері» тарауында этнопедагогиканың мәні, нысаны мен пәні, педагогика ғылымдары жүйесінде этнопедагогиканың алатын орны, қазақ этнопедагогикасының мәні мен құрылымы, қазақ этнопедагогикасының құрылымдық- логикалық үлгісі; ал төртінші «Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлау мәселелері» тарауында кәсіби даярлық жүйесіндегі болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің құрылымы мен мазмұны, педагогикалық жоғары оқу орындарында этнопедагогиканы дербес оқу пәні ретінде ендіру тәжірибесінен, жоғары мектепте этнопедагогика материалдарын ендіруді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері жан- жақты сөз болған.

К.Ж.Қожахметова 2014 жылы көпжылғы зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде «**Этнопедагогика**» атты кіріспеден, алты тараудан, пәннің тақырыптық жоспарынан, мазмұнынан, бақылау сұрақтарынан, этнопедагогикалық сөздіктен және пайдаланылған мол әдебиеттер тізімінен тұратын Қазақ Республикасының Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен еңбегін шығарды [7]. Бұл еңбек «Этнопедагогика» пәні бойынша жарық көрген пәннің әдіснамасымен теориялық негіздерін, құрылымы мен мазмұнын тұтастай логикалық бірлікте жасалған тұңғыш оқулық.

Оқулықтың бірінші тарауы «Этнопедагогика ғылымының генезисі» деп аталып, онда этнопедагогикалық идеялардың дамуы, этнопедагогикалық зерттеулердің бағыттары; екінші «Этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері» атты тарауда этнофилософия- этнопедагогиканың дүниетанымдық негізі, этнопедагогиканың этнологиялық негізі, этнопедагогиканың этнопсихологиялық негізі, «этникалық сана» және «этникалық өзіндік сана» түсініктерінің арақатынасы, этнопедагогиканың этномәдени негізі, этнопедагогиканың әдіснамасы, этнопедагогиканың зерттеу әдістері мен дерек көздері, оның әдіснамалық мәселелері қарастырылса; үшінші «Этнопедагогиканың теориялық негіздері» тарауында этнопедагогиканың мәні, нысаны, пәні, педагогика ғылымы жүйесіндегі этнопедагогиканың орны, этнопедагогика мен халық педагогикасы, «ұлттық» және «этникалық» ұғымдардың арақатынасы, қазақ этнопедагогикасының логикалық- құрылымдық жүйесі сөз болса; төртінші тарау «Этникалық тәрбие» деп аталып, онда этникалық тәрбиенің мәні, идеялары, заңдары, заңдылықтары, заңдылықтары мен мақсаты, этникалық тәрбиенің мәні мен идеялары, заңдары, заңдылықтары, ұстанымдары, халық идеал- этикалық тәрбие мақсатының негізі, этникалық тәрбиенің мазмұны, қызметтері, әдістері, құралдары, формалары, этникалық тәрбие тиімділігінің өлшемі, этникалық тәрбиенің белгілері, оның отбасы мүшелері арасындағы қарым- қатынасқа ықпалы, этникалық тәрбиедегі әлеуметтік рөлдер, ондағы тұлғаның жас және жеке-дара ерекшеліктері ашылса; бесінші тарауда жаңа ұғым «Этнодидактика» деп аталып, онда этникалық дидактиканың мәні, құрылымы мен мазмұны, халықтық білімнің ғылыми пәндер мазмұнындағы көрінісі, халықтың дидактикалық тәжірибесі, этнопедагогиканың дидактикалық құралдары мен олардың типтері сипатталса; алтыншы «Этнопедагогикалық білім беру» тарауында кәсіби даярлық жүйесінде болашақ педагогтарға этнопедагогикалық білім беру мазмұны, педагогтың этномәдени құзыреттілігі, этнопедагогикалық білім беруді оқу- әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері кеңінен қарастырылған.

Оқулыққа қосымша ретінде этнопедагогика пәнінің бағдарламасы мазмұндалған, пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

Сонымен, профессор К.Ж.Қожахметованың көп жылғы ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстары мен тәжірибесі негізінде жарық көрген іргелі еңбектерін мазмұндық талдау жасай отырып, қорытынды ретінде айтарым, ол Қазақ педагогикасының тарихында қазақ этнопедагогикасы ғылымының әдіснамалық негіздерін жасаған ғалым- педагог.

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ФАКТОР ОБЩЕКУЛЬТУРНОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

Н.М.Стукаленко

*доктор педагогических наук
профессор Кокшетауского государственного
университета им. Ш.Уалиханова*

С.К.Молдабекова

*магистр
г.Кокшетау*

Ключевые слова: этнопедагогика, этнопедагогическое образование, этнопедагогический подход, этнокультурное наследие, этнокультурное пространство

Аңдатпа

Мақалада этнопедагогика мен этнопедагогикалық болмыстың білім берудің даму жолындағы маңызды факторы ретінде қарастырылып, оның этномәдениеттік мұраларды игеру бағытындағы маңыздылығын көрсетеді. Этнопедагогиканың қазіргі кезеңдегі ұрпақ тәрбиесіндегі бай шығармашылық мұрасының алар орны мен рухани мәдени маңыздылығы сөз болып, шығармашылық тәжірибе беретіндігі баяндалады.

Annotation

The article discusses the importance and essence of ethnopedagogics and ethnopedagogical approach as the most important factor in the development of education, aimed at the development of ethno-cultural heritage. It also shows ethnopedagogical role of skills significant for creative use of the rich educational experience of the people in modern conditions and the valuable relation to its spiritual culture.

В настоящее время одной из актуальных проблем становится возрождение культурно-исторического наследия прошлого, важнейшим компонентом которого является этнопедагогика с ее богатейшими традициями и опытом воспитания подрастающего поколения. Одним из главных вопросов этнопедагогики является развитие этнокультурного образования в многонациональном обществе, которое направлено на сохранение этнокультурной идентичности личности путем приобщения к родному языку, культуре и искусству с одновременным освоением ценностей мировой культуры. Этнокультурное наследие каждого этноса Казахстана - это уникальный вклад в сокровищницу культуры республики и мировую цивилизацию. Своевременной становится подготовка учителей, отвечающих требованиям «Стратегии Казахстан – 2050» и Закона Республики Казахстан «Об образовании», которые ориентируют систему образования на развитие национальных культур, культурных традиций в условиях многонационального государства, поскольку содержание образования должно обеспечивать интеграцию личности в национальную и мировую культуру [1, 2].

Историческая память народов является важнейшей предпосылкой сохранения самобытности национальной культуры. Возрождение идей народной педагогики, использование прогрессивных традиций и принципов образования и воспитания могут оказать большую помощь в осмыслении и решении проблем воспитания, выдвигаемых современной общественно-политической ситуацией. Классики педагогики говорили, что первый воспитатель - это народ, и по идейному содержанию, силе наблюдательности, точности мысли и выражения народная мудрость о воспитании настолько оригинальна, что воистину «никто не в состоянии состязаться с педагогическим гением народа» [3].

Этнопедагогика представляет собой систему методологической деятельности, объектом которой является педагогическая действительность, а предметом - этническое воспитание. Подход в образовании, направленный на сохранение этнокультурной идентичности личности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным освоением ценностей мировой культуры в практике педагогического процесса называется этнопедагогическим подходом. При этом образование является одной из составных частей этнокультурного пространства. Этнокультурное пространство - это культурная почва, поле для развития этнических культур, материальные условия развития национально-культурных общностей. Составные части - семья, детские дошкольные учреждения, школы, вузы, национально-культурные центры, кружки и курсы. Этнокультурное пространство является условием и средством этнокультурного образования. Этнопедагогика как наука об эмпирическом опыте этнических групп в воспитании и образовании детей, о морально-этических и эстетических воззрениях на исконные ценности семьи, рода, нации изучает народную педагогику и предлагает пути ее использования в современных условиях, собирает и исследует опыт этнических групп, основанный на многовековом, естественно развивающемся соединении народных традиций. Практическая направленность этнопедагогического подхода не остается неизменной: задачи формируются и уточняются в зависимости от изменений социального заказа, связанного с движением общественного самосознания.

Этнопедагогический подход в современном образовании ориентирован на процесс социального взаимодействия и общественного воздействия, в ходе которого воспитывается, развивается личность, усваивающая социальные нормы, ценности, опыт; на актуализацию народных знаний о воспитании и обучении детей, народную мудрость, отраженную в сказках, песнях, загадках, пословицах, играх и пр., в семейном укладе, быте, традициях, а также философско-этические, педагогические мысли и воззрения, т.е. весь педагогический потенциал, оказывающий влияние на процесс культурного формирования личности. Народная педагогика, отражая определенный уровень педагогических знаний, конкретный исторический этап в духовном прогрессе человечества, служит основой, на которой возникла и развивается педагогическая наука. Педагогическая наука и народная педагогика вступают в сложные взаимодействия друг с другом и взаимно благоприятствуют развитию друг друга, создавая единое пространство.

В условиях современной социально-экономической и культурной жизни Казахстана одним из приоритетных направлений совершенствования образования является широкое применение этнопедагогического подхода. В народной педагогике казахского народа, создаваемой веками, раскрываются исторические и природные условия жизни, быта, традиций, взаимоотношения людей. Педагогические ценности опредмечены в многочисленных произведениях народного искусства, обычаях, нравах и типичном поведении казахов. Традиции, семейный уклад жизни воспитывают в подрастающем человеке социально-этнические и моральные нормы поведения. Важнейшей задачей школы, вуза и семьи являются раскрытие и сохранение

лучших человеческих качеств подлинно народного характера, таких как: уважение старших, заботливое отношение к детям, слабым, сиротам, обожествление хлеба, земли, трудолюбие, терпение, скромность, гостеприимство и др.

В Казахстане нет ни одного города, ни одного села, где бы ни жили люди разных национальностей. Например, в северных районах Казахстана живут переселенцы из многих районов бывшего Союза: русские, татары, туркмены, узбеки, украинцы и другие. Нужно представителей разных национальностей приобщать к казахской культуре, воспитывать подрастающее поколение на основе народной педагогики, при этом учитывая культурные традиции каждого народа, социальную сферу, в которой они жили раньше. Школа и семья должны формировать личность школьника на основе социально-этнических особенностей нации. Практика показывает, что дети разных национальностей, обучающиеся в смешанных школах, с удовольствием участвуют в казахских народных праздниках (Наурыз мейрамы и др.), с интересом познают казахскую народную культуру. Таким образом, задача современного осмысления этнопедагогического подхода связана с процессом формирования личности через расширение границ целостного учебно-воспитательного процесса с использованием национальной среды, что находит отражение в учете традиций семейного и школьного воспитания, в участии различных институтов современного воспитания в целенаправленной учебно-воспитательной работе.

В нынешних условиях одной из важнейших задач является духовное возрождение нации, ее лучших национальных устоев, национальной школы и традиционной педагогической культуры. Характерные для современного общества изменения требуют педагога новой формации. Об этом особо подчеркивается в важных государственных документах, таких как «Казахстанский путь – 2050. Единая цель, единые интересы, единое будущее» и др. [4]. В многонациональной стране необходимо духовное обновление, одним из путей которого является этнопедагогическое образование. Появление инновационных образовательных учреждений, отражающих поиск путей реализации принципов национализации, вызывает потребность в педагогах, способных на всестороннее осмысление общечеловеческих ценностей через национальную культуру своего народа и готовых воплотить их в образовательный процесс. В связи с демократическими реформами, гуманизацией общественной жизни и исходя из государственных интересов, направленных на утверждение казахстанского патриотизма и этнического возрождения в современном обществе, продолжает возрастать роль этнопедагогики и ее идей. Решение большинства проблем этнопедагогики, обоснования ее методологических основ, целей и задач, содержания народных традиций, возможностей их использования в современной практике воспитания требует совместных усилий ученых и педагогов-практиков.

В настоящее время является актуальным соединение традиций и опыта этнопедагогики с методолого-теоретическими положениями педагогической науки в решении воспитательных задач, поставленных обществом. Особую значимость имеет процесс обновления содержания образования на основе возрождения прогрессивных традиций этнопедагогики, в которых заложены гуманистические и демократические идеалы народа. Обновление содержания образования с учетом общечеловеческих ценностей, исторического опыта, многовековых культурных традиций выдвигает новые требования к процессу подготовки будущих учителей, так как эффективность воспитания учащихся средствами этнопедагогики определяется личностью самого учителя, уровнем его теоретической и практической подготовки. Умелое и целенаправленное использование этнопедагогической концепции может способствовать воспитанию подрастающего поколения в духе любви к родной земле, к труду, почитания старших, уважения и доброжелательного отношения к представителям разных национальностей [5].

Сегодня возрастает объективная необходимость формирования личности полноценного учителя – гуманиста, патриота, его специальной теоретической, практической, этнопсихологической и этнопедагогической подготовки. Этнопедагогическое образование в высшей школе должно осуществляться непрерывно с 1-го по 4-й курс в ходе аудиторных и внеаудиторных занятий, что предполагает непрерывное совершенствование содержания образования, стимулируя тем самым развитие педагогического творчества в параллельных и альтернативных направлениях. При этом, конечно, необходимо учитывать такие факторы, как специфика факультета, национальный состав и интересы студентов. Для того, чтобы этнопедагогические дисциплины раскрыли свой воспитательный потенциал, нужно изменить сегодняшнюю ситуацию в высшей школе, при которой этнопедагогика как конкретная научная дисциплина, хотя и включена в учебный план, но по ряду причин не всегда полностью выполняет свое предназначение - открыть двери в сокровищницу народной мудрости. Этнопедагогика представляет собой научное направление в педагогике, которое изучает этнически сообразные подходы и принципы, формы, методы и факторы обучения, созданные на основе анализа, систематизации и обобщения опыта обучения разных народов. Поэтому предметом этнопедагогики является совокупный опыт обучения разных этносов, народов Казахстана, народов мира, человеческой цивилизации в целом.

Этнопедагогика как самостоятельная дисциплина способна стимулировать процесс гуманизации личности будущего учителя, вводя его в мир человеческих отношений окружающих его людей, в историю людей разных эпох и народов, их культуры, традиций, обычаев, в мир красоты и нравственности. Этнопедагогическое образование по самой сути своей может и должно быть направлено на формирование внутреннего мира будущего учителя, его духовно-нравственного облика. У этнопедагогики есть особые возможности, так как в ее содержании гармонически сочетается национальное с общечеловеческим, что позволяет познать национальную специфику своего народа, глубже понять и увидеть своеобразие другого народа.

Этнопедагогическое образование – это процесс и результат овладения студентами системой знаний о научных основах этнопедагогики, приобретения умений и навыков творческого использования богатейшего воспитательного опыта народа в современных условиях и ценностного отношения к его духовной культуре. Целью этнопедагогического образования в подготовке учителя должно быть формирование национального самосознания, ответственного, неотчужденного отношения к истории, языку, культуре, искусству и традициям своего народа. Исходя из главной цели этнопедагогического образования, необходимо целенаправленно решать следующие задачи: формирование ценностного отношения к окружающей действительности; формирование способности острого эмоционального сопереживания историко-героическим событиям прошлого своего народа; развитие способности к восприятию этнокультурных ценностей; развитие интереса к приобретению специальных знаний, умений и навыков по этнопедагогике; развитие стремления к творческому самовыражению через самостоятельные продуктивные виды народного творчества; освоение традиций, обычаев и самобытной культуры своего народа; создание условий для удовлетворения культурных запросов студентов разных национальностей; формирование у студентов патриотизма и культуры межнациональных отношений на основе признания духовных ценностей разных времен и народов.

Важность этнопедагогического подхода в подготовке будущего учителя подкрепляется тем, что не овладев специальной и общепедагогической подготовкой, выпускники вузов и педагогических колледжей часто испытывают затруднения в организации этнопедагогического воспитания учащихся в условиях школы. Проведенное анкетирование студентов КГУ им. Ш. Уалиханова выявило явное желание студентов знать культурные традиции своего народа, использовать их в педагогической деятельности, их осознание недостаточной собственной подготовленности в этой области. Анализ исследуемой проблемы показал, что процесс профессионального становления личности будущего педагога должен рассматриваться как целостный процесс общекультурного и профессионального развития при доминирующей роли народного творчества. Народная педагогика эмпирическим путем пришла к выяснению воспитательно-образовательных функций народного искусства. Историография исследований проблем народной педагогики, этнопедагогической подготовки будущих учителей выявила, что изучение народного опыта воспитания как социально-исторического феномена на всех этапах развития входит в круг научных интересов педагогов прошлого и настоящего. Развивая идеи К.Д. Ушинского, Л.Н. Толстого и А. Кунанбаева, современная педагогика исходит из того, что учет этнорегиональной специфики является неотделимым компонентом образования и воспитания молодежи, которые оказывают огромное влияние на подготовку и рост профессионального мастерства будущего учителя. Изучение этого вопроса позволяет констатировать разработанность некоторых методологических подходов к организации подготовки учителя на материале народного творчества - системного, опирающегося на всесторонний анализ ведущих тенденций теории и практики педагогического образования, культурологического и личностно-ориентированного. Вместе с тем, проведенный анализ позволяет сделать вывод о том, что этнопедагогический подход к профессиональной подготовке будущих учителей можно совершенствовать. Основываясь на анализе педагогической теории и практики, выявлена взаимозависимость между социокультурной потребностью в сохранении и развитии традиций казахского народного творчества, использовании его воспитательного потенциала в современной школе и установкой педагогического образования на становление учителя как носителя этой традиции; между социально-педагогической потребностью в учителе, готовом к воспитанию детей на традициях народного искусства, и научными исследованиями в этом направлении, помогающими введению этнопедагогического подхода в процесс подготовки будущего учителя на всех его ступенях на основе этнопедагогической направленности.

Список литературы:

1. Н.А. Назарбаев. Послание Президента народу Казахстана. Стратегия «Казахстан – 2050». Новый политический курс состоявшегося государства. – Астана, 14.12.2012.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Алматы: Казахстан, 2007.
3. Н.А. Назарбаев. Казахстанский путь – 2050. Единая цель, единые интересы, единое будущее. Послание Президента народу Казахстана. – Астана, 17.01.2014.
4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Собр.соч.- М., 1978.- Т. 8.- С. 244-337.
5. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. – Астана, 2005.

МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫН ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жиенбаева С.Н.

*Педагогика және психология
факультетінің деканы
педагогика ғылымдарының докторы
Қазмемқызпу профессоры*

Кілттік сөздер: еңбекке баулу, этнопедагогика, мектепалды балалар

Аннотация

В статье рассмотрены этнопедагогические проблемы детей дошкольного возраста и привитии их трудовому обучению

Annotation

The article deals with the problem Ethnopedagogical preschoolers labor training

Еңбектің өмір сүру құралы, танымның, шығармашылық пен қуаныштың алғышарты, адамның іс-әрекетте өз қабілеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі ретіндегі қызметтері, оны тұлға мен қоғамның прогресі мен өсіп-өркендеуін қамтамасыз ететін басым құндылық ретінде халық тәжірибесінен байқалып келеді. Этнопедагогиканың негізін салушы В.Ф. Афанасьев, Г.Н. Волков, А.Ш. Гашимов, А.Э. Исмаилов, И.А. Шоров шығармаларында еңбексүйгіштік қасиеттің басты роль атқаратындығы айтылып, еңбекті баланың болашақ тағдырының дұрыс қалыптасуына ықпал ететін қайырымды әрекет ретінде қарастырады. Белгілі педагог Г.Н. Волков еңбек тәрбиесінің басты міндеті баланы еңбек дәстүрінің өнімділігі мен белгілі бір ауқымдағы шеберлікті мойындату және оны жетілдіре түсу керектігін ерекше атайды. Сонымен бірге балаларға “он саусақтан өнері тамудың” қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. А.Э. Исмаилов баланы еңбекке баулудың дидактикалық принциптерін қырғыз, өзбек және қазақ халықтарының ортақ ауыз әдебиет туындылары негізінде тұжырымдайды.

И.А. Шоров адыған халқы сәби шақтан еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарын құрметтеуді, еңбек адам өмірінің негізі екенін бала санасына дарытудың жолдарын халық тәжірибесінен іздестірген. Сонымен, жоғарыда айтылған зерттеушілердің еңбектерінде халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы еңбекке баулу жолдарын және еңбекті баланы өмірге икемдеп даярлау құралы ретінде пайдаланғандығын зерделеген.

Түйіндеп айтсақ, тәрбиенің өзекті мәселелері халықтық тәрбие әдісімен, еңбек дәстүрімен тығыз ұштасқан жағдайда ғана дұрыс шешімін табады. Ерте кезден қазақ халқының тұрмыс тіршілігін, кәсібін зерттеген шетел саяхатшылары Ресейлік А.И.Левшин, Ә.Диваев, Г.Потанин, неміс академигі В.В.Радлов, поляк халық өкілі А. Янушкевич және т.б. көңіл бөліп, қалам көтерген.

Қазақ халқының кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін балалар ойынында көрсеткенін зерттеуші А.И. Левшин “Қыздар шүберектен не сүйектен аң бейнесін жасайды. Әсіресе соңғысы күлкілі, шүберекпен жабуланған жақ сүйек түйені бейнелейді, тіпті қолдап, бұйда тағып, жүк артып, түсіріп т.б. “көш-қон ойнайды”,– деп бала ойыны оның болашақ еңбекке даярлығы екенін баяндайды. Балаларды үй ішіндегі өнердің бәріне үйрететіндігін айтты. Ә. Диваев “Егер қыз баланың қолдан жасайтын қуыршақтары мен ер балалардың өздерінің балшықтан жасап алатын жылқы, түйе сияқты жануарлар мүсіні болмаса, қазақтың балалар ойыншығы жоқ,”– деп балалар қол еңбегі арқылы өздерінің ойынына ойыншықтарын жасайтынын, оны халықтың кәсібімен байланыстылығын айтты.

В.В. Радлов өзінің зерттеуінде қазақтардың жастайынан баланы еңбекке, кәсіпке тәрбиелеудегі артықшылығы мен қазақ қыздарының еңбек сүгіштігіне, қол өнер шеберлігіне, төзімділігіне сүйсіне сөз қозғайды. Ғалым А. Янушкевич қазақтың ат баптауын, қымыз ашытуын, қолөнерін ерекше дәріптеп, барымта сияқты жағымсыз әдет-ғұрыпқа ренішін білдіреді. Сонымен, саяхатшы зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлерінен, қазақ халқы балаларын күнделікті кәсіби тіршілігімен, қолөнерімен, ауыз әдебиет үлгілерімен және ойын арқылы еңбекке баулуды көздегенін байқаймыз.

Қазақ халқының тәлім-тәрбие істерінің ғылыми негізін қолдап, оның негізін қалаушылардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ғұлама ғалым мектепке дейінгі балалар тәрбиесіне де мән берді. “Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру” деген сөз. “Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өседі,”– деп өмірге еңбекке сәбилік кезеңнен баулу қажеттілігін ескертеді. Бала ересектің еңбегіне еліктей отырып еңбекке ұмтылып дағдыланады деген ғылыми тұжырымдама жасаған. А. Байтұрсынов мектепалды балаларының негізгі әрекеті ойын екенін мойындай отырып, ойын мен еңбектің тығыз байланысын былай тұжырымдайды: “Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы, айыруға болмайды. ойыны да ойын, жұмысы да ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді”,– деп мектепалды балалар туралы педагогикалық ойларының қазіргі таңда да маңызы зор.

Қазақтың дүлдүл ақыны, қайраткері М. Жұмабаев, күллі педагог қауымына тарту еткен “Педагогика” атты оқулығында қазақ баласының нәрестелік кезеңінен бастап, тәй-тәй басқан әр қадамына елжірей көз салуы, қайтсе ол нағыз азамат болуына ғылыми негізде жүйелеп келіп, педагог ретінде ұлттық тәрбие ерекшеліктерін қолдайды.

Мектепалды балаларының ересек әрекетіне еліктегіштігі және олардың еңбегінің ойынмен байланысы Мағжанның педагогикалық ойларына да өзек болған. “Бала айналасындағы жұмыста не көрсе соны істейді. Мысалы: қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Балшықтан бала жасайды, қотанға қой иіреді деген сияқты ата кәсібіміз мал бағу бала бойынан аз орын алмайды” деп бала еңбегінің дамуын айналасындағы адам еңбегімен тығыз байланыстылығымен түсіндіреді.

Мектепке дейінгі тәрбие мәселелерін көтерген педагог-тәлімгер – Нәзипа Құлжанова. Зерттеуші шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің үлкен бір саласы – еңбек тәрбиесі, “Ана мен бала” деген еңбегінде баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуында ананың тазалығы, денсаулығының ролін жоғары бағалап, оларды салақ, еріншек, жалқау және басқа жағымсыз қылықтарға жиіркене қарап, үздіксіз еңбекқорлыққа шақырады. Ал “Мектептен бұрынғы тәрбие” атты зерттеуінде баланы мектепке дейінгі кезеңнен еңбекке баулу қажеттілігін, еңбек мәселелерін өскен орта, тағылымды тәрбиемен ұштастыра көрсете білген. “Еңбекке машықтандыру”, “Көпшілдік және еңбек” деген тақырыбында маңызды ойлар қозғап, мектепке дейінгі балалардың еңбек түрлеріне (өзін-өзі қызмет ету, табиғаттағы еңбек, қол еңбегі, шаруашылық еңбегі) тоқталып, сипаттама береді. Мысалы: “Кесте, қуыршаққа киім тігеді, балшықтан түрлі заттардың суретін жасайды. Жіптен әр түрлі нәрсе тоқиды”, – деп балалардың еңбекке бейімділігіне, шығармашылығына, ептілігіне баға береді.

Педагог-ғалым Н. Құлжанованың мектепке дейінгі балалардың еңбегі туралы педагогикалық тұжырымдарын қазіргі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану – бүгінгі күннің басты мақсаты. Бұл мәселені ғалым А.Н.Ильясова зерттеуінде атап өткен.

Этнопедагогикалық зерттеулерде С.Қ.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Х.Шалғынбаева және т.б. еңбексүйгіштік әртүрлі халықтардың адамзат құндылықтары жүйесінде ең басты орын алатынын, баланың жарқын тағдырын қамтамасыз ететін құндылық ретінде қарастырылады. Халық педагогикасының барлық жүйесі тікелей немесе жанама түрде өмірлік маңызды еңбексүйгіштікті дәріптейді. Соның ішінде К.Ж.Қожахметова зерттеуінде қазіргі нарықтық экономиканың еңбекке қоятын талабының жоғарылығын жеке адамның тұлға болып қалыптасуының көзі еңбек екендігін және қазақтың ұлттық тәжірибесі арқылы жас ұрпақты тәбиелеу қажеттігін дәлелдейді.

Зерттеуші ғалым С. Ұзақбаеваның пікірінше, балаларды ерте жастан жас ерекшелігін ескере отырып, еңбекке араластырғанын айта келе, еңбекке мұндай араластыру балада көркемдік, эстетикалық талғамдарын, көзқарастарын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Балаларды мектепалды даярлауда Қ. Сейсембаев отбасы дәстүрін, ұлттық балалар ойындарын, халықтың ауызекі шығармаларын педагогикалық тәрбие құралы ретіндегі құндылығына сипаттама береді. К. Қожахметова халықтық педагогиканы зерттеудің мәселесіне тоқтала келіп, қазақ халқының еңбек тәрбиесінің ерекшеліктерін, әдіс-тәсілдерін саралайды. Зерттеушілердің бұл ой қорытындыларын өз зерттеулеріміздің және мектепалды балаларын еңбекке баулу мазмұнын белгілеуде негізге алды мақсат еттік.

Шетел тәжірибесінде мектепалды балаларын еңбекке баулу мәселесіне ерекше мән беріліп, еңбекті тәрбиелеу құралы ретінде қарастырады. Француз педагог ғалымдары П.Кергомер, О.Декроли кез келген әрекет мақсат қоядан басталып, тек ақыл-ойы мен дене дамуына әсер етіп қоймай, “ой еңбегінде оқуға төселдірумен қатар, қол еңбегіне үйретеді,” – деді. Ғалымдар көзқарастарының әлсіз жағы қоғамдық пайдалы еңбекте жеке операцияларға ғана мән беруінде, яғни, жолдастық пен өзара көмек сезімін дамытуға мүмкіндік береді де, ересектер еңбегімен таныстыру бала назарынан тыс қалады. Мектепке дейінгі мекемеде шаруашылық-тұрмыстық еңбек негізінен жоқ, оны балалардың емес, үй қызметкерлерінің міндеті деп санайды. Қол еңбегі ақыл-ой қабілетін, бақылағыштығын, шығармашылығын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Бұл жөнінде зерттеуші П.Я. Минделина “Ана мектебінде еңбекке баулу қол еңбегіне негізделеді. Кейде істің мақсаты айтылмайды да, балалар еңбектің қоғамдық мәнін түсінбейді”, – дейді.

Жапон тәрбиесінде мектепалды балаларының мінезіндегі еркіндікке баса мән беріледі. Ғалым Сайто Наоми “Бала бірлескен әрекеттен өзі қуаныш тауып, одан өзінің орнын байқауы тиіс” деп, балалар еңбегінде “ортақ іс” әдісін кең қолданады. ортақ міндетті шешу үшін балалардың өздері ұсыныс жасап, өздері орындап, атқарылған еңбекті бақылап, талқылап, жаңа ұсыныстар айтады. Мұндай әдістің нәтижесінде бала басқаның айтқанымен ғана жүріп, берген тапсырманы атқарып қоймай, керісінше өз еркімен, саналы түрде әрекет етуді қамтамасыз етеді. Сайто Наоми зерттеуі бойынша баланың дербес өмірге ұмтылысы өзіне-өзі қызмет етуі деп түсіндіріледі.

Америка Құрама Штаттарындағы балабақшаларда балаларды ересектер еңбегімен таныстыруда “әлеуметтік арақатынастарға” ерекше мән береді. Айталық, 3–4 жастағылар полиция, мал фермасына, шаштараз сияқты ересектердің еңбек орындарына саяхат жасап, еңбек процесімен, құралдарымен танысады. Ересектермен тікелей емін-еркін, шын көңілмен пікірлесіп, әңгімелесу, балаға эмоциялық өрлеу, қуанышты көңіл-күй дарытады. Балалар тәрбиешімен біріге отырып, көргендері бойынша ойларын, әсерлерін альбом-кітапқа түсіртеді. Балабақшада баланың өзіндік дербестігін, тұрмыстық-гигиеналық жинақтылығын қалыптастыруға да елеулі уақыт беріледі. 4–5 жастан бастап “күтім”, “гигиена”, “аяқкиім” т.б. тақырыптарда сабақтар өткізіліп, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысына тәрбиеленеді. Америкалық балалар мекемелерінде кең тараған еңбек түрлері ағаш өңдеу, тамақ даярлау болып, онда ең бастысы еңбектің нәтижесі емес, баланың өз күшін жұмсауы деп түсіндіреді.

Вальдорф мектебінің негізін салушы Р. Штайнер 7 жасқа дейінгі балалар төңірегіндегілерге еліктеп, ересектердің еңбегіне деген қызығушылығы, көмектесуге деген қажеттілігі пайда болады. Сондықтан

балалардың еңбек әрекетінде ересектердің еңбегін имитациялау әдісін қолданудың тиімділігін атап көрсетті. Славян ғалымы Т. Бенъова балаларды мектепке даярлауда еңбек дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Мектепалды балаларын еңбекке баули отырып, өздігімен еңбектенуге, басқалардың еңбегіне қызығуларын туғызып, еңбектенуге деген тілегін, еңбек нәтижесін бағалай білу қабілетін дамытуды уағыздайды. Бала мектепке келгенде өзіне-өзі қызмет етуі қажет. Әртүрлі материалдарды қолданып, қолмен жұмыс істей білу біліктілігі мен дағдысы қалыптасады. Өздігімен және ересектермен бірлесе шаруашылық-тұрмыстық және табиғаттағы еңбекті орындауға дағдыланады. Сайып келгенде шетел психологиялық-педагогикалық теориялары мен тәжірибелерін талдай келіп, балалардың қол еңбегін ұйымдастыруда, еркін тәрбие теориясына сүйенетінін топшылаймыз. Бірақ, олар мектепалды балаларының шаруашылық-тұрмыстық еңбегін елемей, оны үй тазалаушының қызметі деп қарайды. Мұндай көзқарастар Қазақстан және ТМД педагог, психологтарының ой-пікіріне қайшы келеді. Ойымызды саралай келіп, ғалым педагогтар еңбекке баулудың мазмұнына жете тоқталып, балалардың мүмкіндіктерін ескеріп жүзеге асыруда еңбекті тәрбие құралы ретінде қарастырғанын тұжырымдаймыз.

Балаларды еңбекке баулу аспектілерін зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар мен мағлұматтар қазіргі кезеңдегі мектепалды балаларын еңбекке баулу жүйесінің педагогикалық өзекті мәселелерін, бүгінгі таңдағы жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын, мақсатын, міндеттерін, жана мазмұнын айқындауға педагогикалық жүйесін құруға елеулі негіз болады. Дегенмен, баланы еңбекке баулудың педагогикалық негіздері ғылыми тұрғыда тұжырымды талданып, жүйелі сараланбағандығын байқаймыз. Әр ел түрлі формада және әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, еңбекке баулудың сан-саласын зерттегенмен, жүйеленген ғылыми педагогикалық негізі берілмеген.

Түйіндеп айтсақ, этнопсихолог-педагог ғалымдар ұсынған балабақша балаларын еңбекке баулудың теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып, қазіргі қоғам өзгерістеріне орай, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге қойылған талаптарына сәйкес, жаңа мазмұнды еңбекке баулу жолдарын, амалын, әдіс-тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Жоғарыда жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде түйіндеген қорытындымыз бойынша мектепалды балаларын еңбекке баулу мақсаты– өздігімен еңбектенуге, болашақ еңбекке алғашқы психологиялық және практикалық алғышарттар қалыптастыру. Сонымен, мектепалды балаларын еңбекке баулуда ересек еңбегімен таныса отырып, олардың еңбегінің құндылығын түсіну мүмкіндігі, өздігімен еңбектеніп отырып, өзіндік “Менің” түсіну, еңбектегі шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндіктері, ағашпен, тоқыма матамен жұмыс істеу мүмкіндігі, еңбек құралдарын қолдана білу мүмкіндіктері анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Радлов В.В. Алтын сандық/ Құраст. С. Қасқабасов, К. Іслянжанұлы. Алматы: Ана тілі, 1993. –256 б.
2. Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына саяхат туралы жазбалар.- Алматы: Жалын, 1979. –262 б.
3. Миндлина П.Я. Дошкольное воспитание во Франции. –М.: Педагогика, 1984.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. –117 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992. –15 б.
6. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. –Алматы: Рауан, 1993. –168 б.
7. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Білім министрлігінің баспасы, 1993. – 17 б.
8. Сейсембаев К. проблемы использования прогрессивных идей и опыта казахской народной педагогики в подготовке детей к школе, в семейном воспитании: Автореф. дис... канд.пед.наук. – Алматы, 1987 – 16 с.
9. Ұзақбаев Е. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. –232 б
10. Детский сад в Японии: Пер.с яп. Л.Д.Гришевой. –М.: прогресс, 1987. –240 с.
11. Краних Э.М. Свободные вальдорфские школы. –М.: Парсифаль, 1993. –39 с.

УСИЛЕНИЕ ПОЗИЦИИ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В ИННОВАЦИОННОЙ ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Н.Ш.Алметов

*профессор Южно-Казахстанского
государственного университета им. М.Ауэзова
доктор педагогических наук
г.Шымкент*

А.Д.Бримкулова

*ст.преп. Казахской академии спорта и туризма
г.Алматы*

Ключевые слова: этнопедagogика, школьная практика, позиция этнопедagogики, педагогическая инновация.

Аңдатпа

Қазіргі мектептің инновациялық тәртіпте дамуы мектептегі білім беру тәжірибесінің педагогикалық жаңалықтарға деген қажеттіліктерінің арта түсуі мен сипатталады. Этнопедагогикалық идеялар, білімдер мен әзірлемелер мектеп педагогтары меңгеріп, ендіріп отырған педагогикалық жаңалықтардың үлкен ағымында өзінің лайықты орынын алуы тиіс. Қазіргі таңда мектепте бәсекелестік инновациялық білімдік орта қалыптасып, онда кейбір жаңалықтар педагогикалық іс-тәжірибенің сынауларына төтеп бере алмай отыр. Этнопедагогикалық ғылыми әзірлемелерде осындай мәселелерге тап болуда. Осы тұрғыдан, мақалада этнопедагогиканың қазіргі мектептің оқу-тәрбие іс-тәжірибесіндегі позициясын күшейтудің мүмкіндіктері қарастырылған.

Annotation

Innovative mode of modern secondary school development is characterized by the growth of the practice needs of school education and training to pedagogical innovation. Ethnopedagogical ideas, knowledge and working out must occupy a worthy position among the large flow of pedagogical innovations which are mastered and implemented by school teachers. The school has created an innovative competitive educational environment where these or other innovations do not stand the test of pedagogical practice. The same challenges face ethnopedagogical scientific working out. From this perspective, the article analyzes the possibilities of strengthening of ethnopedagogy position in practice of educational process of modern school.

Современный этап развития школы отечественные ученые справедливо характеризуют как инновационной. Инновационный режим развития общеобразовательной школы сопровождается непрерывным ростом потребностей практики к научно-педагогическим и методическим разработкам, наукоемкости учебно-воспитательного процесса, освоением и внедрением большого количества педагогических новшеств. В условиях ускорения исторического времени, интенсивного развития экономики и социальной сферы, усиления требований к человеку инновационное развитие школы просто стало объективной необходимостью. В школе внедряют новшества во все: от содержания образования и методов обучения, до самого учителя и ученика. Внедрение педагогических новшеств переходит в разряд массовой педагогической практики.

Между тем, педагогическая деятельность имеет не только вариативную, но и стабильную часть. Педагогические новшества приводят к изменению, в основном в вариативной части педагогической практики (содержание, формы и методы, критерии оценки обучения и воспитания и пр.). Стабильная часть – это традиционные педагогические ценности. Это качества личности педагога, этика взаимоотношений педагога и учащихся, духовно-нравственные ценности и традиции педагогической работы, и воспитание детей на идеях и идеалах народной педагогики. Бесчисленное множество педагогических новшеств, которые внедряются в школе, не должно менять вековые традиции и идеалы народного воспитания, лучшие образцы семейной этнопедагогике.

Нас, исследователей в области этнопедагогике, прежде всего, должно интересовать вопрос о том, каковы позиции народной педагогики, этнопедагогических идей и разработок в инновационных процессах в школе. Как утверждала известный ученый-педагог К.Ж.Кожамбетова «способствовать пропаганде ценного педагогического наследия, его усвоению и переработке в педагогической науке, применению в практике воспитания» является важной функцией этнопедагогике [1,с.145].

Этнопедагогика не может развиваться без практики семейного и школьного воспитания и обучения. Именно потребность практики является мощным толчком развития этнопедагогических идей. Только при реализации этнопедагогических идей и опыта, педагогическая практика ставит новые вопросы исследователям, поиск решений которых развивает как науку, так и практику. Педагогическая практика была и остается критерием истины этнопедагогических знаний.

Какие же позиции занимает этнопедагогические знания в современной школьной практике, находящейся в инновационном режиме развития?

Известно, что в 1990-е годы в отечественной педагогической реальности наблюдался настоящий «этнопедагогический бум». Интерес к изучению, использованию идей и опыта народной педагогики среди педагогов был настолько высок, что преобладающую часть нововведений в школе занимала народная педагогика. Это произошло под влиянием общественно-исторических условий того периода – обретением Независимости, созданием благоприятных предпосылок для роста национального самосознания, возрождения и развития языка, культуры, обычаев и традиций казахского народа и этносов нашей страны. Педагогическая реальность требовало воспитания патриота своей нации, человека-носителя национальной культуры, формирования национального самосознания и национального духа. Однако «не хватало» этнопедагогические знания, ощущался их дефицит.

В этот период созданы фундаментальные научные работы по казахской этнопедагогике, накоплен большой исследовательский опыт. Подготовлены и защищены десятки диссертационных работ по этнопедагогике. Собран и систематизирован обширный этнопедагогический материал. Разработаны и внедрены концептуальные основы этнокультурного образования и национально-ориентированного воспитания учащихся и молодежи. Например, «Концепция воспитания» (1992), «Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан» (1997) и др. документы отчетливо обозначали цели, задачи и содержание воспитания в

общеобразовательной школе через призму использования богатого этнопедагогического наследия казахского народа и этносов страны. Предложены эффективные программы национально-ориентированного воспитания («Атамекен», «Елім ай» и др.), которые приобрели наибольшую популярность среди педагогов.

В 2000-гг. мы наблюдаем «плато» и даже некоторый спад интереса к этнопедагогической тематике как у исследователей, и особенно у педагогов-практиков. Это объясняется следующими причинами:

- к тому времени в отечественном фонде научно-педагогических знаний уже был накоплен солидный багаж исследовательских и научно-методических разработок на этнопедагогическую тематику;
- внедрение этнопедагогических новшеств из передового педагогического опыта переходила в массовый, обыденный опыт;
- передовые педагоги уже искали новые направления, разработки, стремились к новым результатам;
- новые концептуальные положения образования ставили перед педагогическими коллективами другие задачи, сообразно новому этапу развития общества.

Технологизация образования стала наиболее характерной особенностью инновационного развития школы на следующем этапе. Началось освоение и массовое внедрение новых педагогических технологий. Творчески работающие педагоги взяли за смену традиционных методик обучения педагогическими технологиями. Началась тотальная технологизация образования, а затем и воспитательного процесса. Стали адаптировать и внедрять лучшие зарубежные образцы организации учебно-воспитательного процесса. На этом фоне школьная практика стала меньше уделять внимание этнопедагогическим знаниям. Одним из форм «приспособления» этнопедагогической тематики к условиям тотальной технологизации учебно-воспитательного процесса можно называть разработку и внедрение «этнопедагогических технологий». Этнопедагогические технологии базируются на этнопедагогическом обосновании воспитания, т.е. «на сложнейшем процессе, и одним из механизмов которого является внедрение в систему воспитания накопленных народом приемов и методов воспитания достойного члена общины, передаваемых из поколения в поколение и усваиваемых в конкретной жизненной действительности». «Это не что иное, как передача социального опыта, норм индивидуального и общественного поведения, традиционного образа жизни и этнической идеологии» [2, с.247].

Во второе десятилетие XX века в Отечественные общеобразовательные школы были внедрены ряд педагогических новшеств, которые направлены на формирование человеческого капитала, повышения конкурентоспособности национальной системы образования в мире, повышения качества образования ихождения в передовые позиции в мировом образовательном рейтинге. Это, например, образование ориентированное на результат (компетентностная парадигма образования), полиязычное образование, формирование и развитие функциональной грамотности, онлайн-обучение и др. На внешний взгляд, позиции этнопедагогики в таком ракурсе инновационного развития образования может казаться слабым.

Но, между тем, на сегодня появились ряд вызовов образованию, факторов, которые настоятельно требуют обращения школьной практики к этнопедагогическому наследию:

- глобализация образования, планетарный характер нового содержания образования и воспитания, языка обучения, его противоречие с сохранением и развитием национальных культурных, образовательных ценностей, национальной школы;
- информатизация общества, наращивание информационных потоков, проблема защиты от негативного влияния информации на сознание, поведение и деятельность учащихся;
- актуализация тематики идейно-политического и патриотического воспитания в программах национального развития (новые задачи воспитания в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел»);

Кроме того, среди «школьных инноваторов» сформированы стереотипы мышления о якобы консервативном характере народной педагогики, которой невозможно отнести к педагогическим новшествам. К тому же, причины ослабления позиции этнопедагогики в школьной практике также кроется в качестве этнопедагогических исследований, в недостаточной степени внедрения результатов исследования в практику учебно-воспитательного процесса школы. Большая часть исследовательских разработок в области этнопедагогики так и не находит применение на практике. К тому же однообразие этнопедагогических исследовательских работ (за исключением имен народов, традиций и названий, практически одинаковая структура описания идей и опыта народной педагогики, также снижает интерес практиков к разработкам в области этнопедагогики. Очень много добротных этнопедагогических идей и рекомендаций, увы хранящихся годами на полках архивов университетов и библиотек и так и не удосужившихся быть инструментом решения педагогических проблем школы.

Нами предлагаются следующие пути усиления позиции этнопедагогики в инновационной практике современной школы:

1) полипарадигмальный подход к изучению, освоению и реализации идей и опыта народной педагогики. Это, прежде всего, реализация компетентностного подхода, которые требует конкретизации ожидаемых результатов применения элементов народной педагогики в осуществлении образовательных и воспитательных целей в школе. Реализация технологического подхода к организации обучения и воспитания на идеях народной педагогики. Накоплен большой этнопедагогический материал. Теперь исследователям в области этнопедагогики предстоит привлекать методистов и учителей к совместной разработке конкретных практических взаимодействий учителей и учащихся в области этнокультурного образования и воспитания, организованные на основе четкого структурирования, систематизации, программирования, алгоритмизации,

стандартизации способов и приемов обучения и воспитания, т.е. этнопедагогических технологий;

2) изучение и активизация взаимодействия этнопедагогических новшеств с другими педагогическими инновациями в школе. Например, этнопедагогических знаний с методами формирования критического мышления, развития функциональной грамотности, интегративного предметно-языкового обучения и др.;

3) поиск возможностей включения этнопедагогической тематики в приоритетные направления развития школы, определенные стратегическими планами;

4) расширение прикладного характера этнопедагогических исследований, применение системы внедрения этнопедагогических новшеств в образовательную практику;

5) широкая пропаганда этнопедагогических идей и результатов научно-исследовательских работ в области этнической педагогики через средства массовой информации, в кругу педагогической общественности (научно-популярные лекции, семинары-тренинги, презентации «этнопедагогических новинок» руководителям школ и учителям);

6) расширению «ряда исследователей-этнопедагогов» из числа педагогов-практиков, менеджеров образования.

Таким образом, дальнейшее развитие этнопедагогики во многом определяется востребованностью ее научных, научно-методических идей и разработок в инновационной практике образования. Поэтому, специалистам, как теоретикам, так и практикам нужно осуществить конкретные действия по усилению позиции этнопедагогики в практике учебно-воспитательного процесса школы, находящейся в инновационном режиме развития.

Список литературы:

1. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы: Ғылым, 1997.
2. Буланова-Топоркова М.В. и др. Педагогические технологии.- Ростов н/Д: издательский центр «Март», 2002.- С.246-257.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БАҒЫТТАЛҒАНДЫҒЫ

Бөлетова Л.А.

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
Жалпы педагогика және музыкалық білім
кафедрасының меңгерушісі
педагогика ғылымдарының докторы
Шымкент қ.*

Кілттік сөздер: Болашақ мұғалім, этнопедагогикалық даярлық, құзыреттілік тәсіл, этнопедагогика, функционалдық тәсіл.

Аннотация

В современных условиях на фоне новых социально-педагогических реалий этнопедагогическая подготовка будущего учителя в вузе требует поиска путей дальнейшего совершенствования. Модернизация этнопедагогической подготовки будущего учителя в вузе может быть достигнута реализацией компетентностного подхода и функциональной направленностью построения ее содержания и процесса. В статье конкретизируются этнопедагогические компетенции будущего учителя, освещаются пути реализации функциональной направленности их этнопедагогической подготовки.

Annotation

In modern conditions against the backdrop of new social and pedagogical realities future teacher's ethnopedagogical training in university needs to find ways of further improving. Modernization of future teacher's ethnopedagogical training in university can be achieved by the implementation of the competency approach and functional oriented construction of its content and process. The article specifies future teacher's ethnopedagogical competences, it highlights the realization of their functional orientation of ethnopedagogical training.

Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының жоғары деңгейі, қазақ ұлттық мектептерінің одан әрі дамуы болашағының негізгі шарттарының бірі. Қазіргі жаһандану үрдістері, әлемдік және Еуразия кеңістігінде экономикалық интеграцияның күшеюі, ақпараттық қоғамның дамуы, ағылшын тілінің әлемдік білімдік феноменге айналуы т.б. ұлттық мектептің дамуына қатысты жаңа мәселелерді туындатады.

Соңғы 20 жылдан астам уақыт көлемінде Отандық этнопедагогика ғылыми және ұлттық тағылым-тәрбие беру практикасы дамуындағы елеулі қадамдармен қатар, жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандардың этнопедагогикалық даярлығы бағытында айтарлықтай теориялық және тәжірибелік база жинақталды. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының тұжырымдамалық, әдіснамалық және

теориялық негіздері жасалынды (С.А.Ұзақбаева[1], К.Ж.Қожахметова[2], Қ.Бөлеев[3], Ш.М.Мухтарова [4] т.б.).

Дегенмен, Жаңа Қазақстанның ұлттық мектептері дамуының қазіргі кезеңі болашақ педагог мамандардың этнопедагогикалық даярлығының мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, формаларын және күтілетін нәтижелерін жаңа педагогикалық шындық тұрғысынан қайта қарауды қажет етеді.

Қазіргі ұлттық мектеп бір ғана ұлттық тілде білім беретін, немесе ұлттық білімдік, тәрбиелік орта жан-жақты қалыптасқан, оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқына оң әсер ететін факторлар мен орта әсерімен ғана қызмет атқаратын педагогикалық жүйе болмайды. Типті жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдісін сырттай бақылау олардың ұлттық мектеп ретінде едәуір айырмашылықтары жоқтай екендігін байқатады. Ұлттық мектепке жалпыадамзаттық құндылықтардың ойлау қалыптарының әсері күшейіп бара жатқандығын көрсетеді. Мысал үшін, соңғы кездерде ағылшын тілінің бүкіл әлемдегі орны мен рөлінің күшеюі. Ағылшын тілін меңгеру, ағылшын тілінде пәндерді игеру болашақта беделді оқу орындарында білім алу, жоғары ақы төленетін жұмыстарда істеудің шартына айналды. Ал бетке ұстар оқу орындарында білім беру негізінен ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл жайт белгілі дәрежеде ұлттық тілде берілетін білім мен тәрбиеге әсер етпеуі мүмкін емес. Бірақ қоғамдағы кез келген өзгерістерді ұлттық мектептің дамуы, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығы жолында дұрыс пайдалана алу керек.

Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығын қазіргі ұлттық мектептің және оның ертеңгі даму болашағы тұрғысынан жобалау біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады.

Қазіргі таңда болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығына әсер ететін факторларға тоқталамыз:

- 1) жаңа тұрпатты мұғалімдерді даярлаудың нәтижеге бағдарланғандығы, құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру;
- 2) жоғары оқу орындарында педагог мамандарды дайындаудағы инновациялық үрдістер;
- 3) кредиттік оқыту жағдайында білім алушылардың жаңа белсенді өзіндік-танымдық, ізденушілік позициясы;
- 4) мектептің инновациялық дамуы, жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды кеңінен және қарқынды ендіру, ондағы этнопедагогикамен «бәсекелестіктің» күшеюі;
- 5) жалпы білім беретін мектепте көптілді білім беру практикасының жаппай ендірілуі, «Үштұғырлы тіл» жобасы аясында мемлекеттік тіл, ресми тіл (орыс тілі) және ағылшын тілдерін терең игеру міндеттерінің жүзеге асырылуы.

Педагогикалық пәндер оқытушылары болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығын жобалауда оқу жоспарындағы барлық пәндердің этнопедагогикалық мазмұнын талдау және анықтау, пәнаралық байланыстарды күшейту үлкен маңызға ие. Мысалы, «Қазақстан тарихы», «Мәдениеттану», «Философия» т.б. пәндермен қатар студенттердің мамандығы бойынша профилдік пәндердің оқу бағдарламаларындағы этнопедагогикалық мазмұндағы сұрақтарды білу және оларды «Этнопедагогика» пәнін оқыту үрдісінде, педагогикалық іс-тәжірибе тапсырмаларын құрастыруда көкейкестендіру қажет.

Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығының өзегі – жоғары оқу орындарындағы педагогикалық пәндерді оқыту үрдісі, бірінші кезекте – «Этнопедагогика» пәні бойынша сабақтар. Студенттердің этнопедагогикалық даярлығының сапасы, олардың болашақта ұлттық мектептегі табысты қызметі көбінесе «Этнопедагогика» пәнін оқытудың нәтижелілігіне байланысты.

Құзыреттілік тәсіл «Этнопедагогика» пәнін оқытуды нақтылы нәтижелерге бағдарлауды болжайды. Сондықтан оқу бағдарламаларындағы мақсаттарды нақтылау талап етіледі. Мысалы, Блум таксономиясына бағытталып, «Этнопедагогика» пәнін оқыту мақсаты оқытудың келесі нәтижелеріне қол жеткізу болып табылады:

- этнопедагогиканың әдіснамасын, теориясы мен негізгі ережелерін білу;
- халық педагогикасының өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру;
- этнопедагогикалық білімдерді мектеп оқушыларының этномәдени тәрбиесіне қолдану;
- этнопедагогикалық құбылыстарды және үрдістерді талдау;
- қазақ халқы және Қазақстан этностарының этнопедагогикалық тәжірибесін жүйелі сипаттау және оның негізінде оқушыларға этномәдени білім беру;
- халық педагогикасының прогрессивті идеяларын сұрыптау этномәдени білім беру үлгілерін бағалау критерийлері мен әдістемелерін жасау.

«Этнопедагогика» пәнін оқытудың нәтижелерін бірнеше дескрипторлармен сипаттау мүмкін:

а) озық білім элементтерін қоса отырып, игерілетін саладағы білімі мен ұғынуын әйгілеу. Оған сай оқыту нәтижелері:

- этнопедагогиканың әдіснамасын, теориясы мен негізгі ережелерін сипаттай білу;
 - қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының этнопедагогикалық мәнін ұғыну;
 - этнопедагогиканың негізгі құралдарын білу.
- ә) осы білімдері мен ұғынғандарын кәсіби деңгейде қолдану. Оған сай оқыту нәтижелері:
- меңгерген этнопедагогикалық білімдерді халық педагогикасы құбылыстарын жүйеле сипаттауда пайдалана білу;
 - педагогикалық үрдісті жобалауда этнопедагогикалық білімдерін негіздеу;
 - кәсіби педагогикалық іс-әрекетте педагогикалық жағдаяттарды этнопедагогикалық білімдерге

негіздей отырып жоғары кәсіби деңгейде шешу біліктілігі;

б) дәлелдемелерді тұжырымдау және игерілетін саладағы проблемаларды шешу. Оған сай оқыту нәтижелері:

- халық педагогикасы туралы ақпаратты талдау және сұрыптау;
- этнопедагогикалық білімдерді жіктеу;
- этнопедагогикалық білімдерді жүйелеу;

в) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ұғым-түсініктерді ескере отырып, талқылауды қалыптастыру үшін ақпараттарды жинау және тұжырымдау. Оған сай оқыту нәтижелері:

- мектептегі этномәдени тәрбие үдерісін жобалау;
- қазақ халық және Қазақстанда этностары этнопедагогикалық мәдениетін дамыту бағытындағы оқу зерттеу жұмыстарына икемділіктерінің болуы;
- сабақ және сыныптан тыс жұмыстарда халық педагогикасының элементтерін пайдаланудың тәжірибесін талдау біліктілігі.

г) ары қарайғы өз бетінше оқуды жалғастыру қабілеттілігі. Оған сай оқыту нәтижелері:

- халық педагогикасы дәстүрлерінің прогрессившілдігін бағалау;
- этнопедагогикалық фактілерді өзіндік жинақтау және талқылау біліктілігі;
- этнопедагогикалық зерттеу тәсілдерін оқу-зерттеу жұмыстарында пайдалану икемділігі.

Біздің көпжылдық педагогикалық іс-тәжірибеміз болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлаудың мазмұны мектеп мұғалімдерінің этномәдени білім мен тәрбие беруінің нақтылы іс-әрекет бағыттарына бағдар алуы қажеттілігін көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, «Этнопедагогика» пәнінің типтік бағдарламасына [5] нәтижеге бағдарланған білім беру тұрғысынан кейбір қажетті өзгерістер ендіру қажет. «Этнопедагогика» пәнінің қолданыстағы типтік бағдарламасы өзінің көптеген күшті жақтарымен қатар, біздің ойымызша, кейбір тараптарынан жетілдіруді қажет етеді, мысалы:

бағдарламада пәндік оқыту мақсаттары жалпылай түрде берілген, студент меңгеретін құзыреттіліктер нақтыланбаған;

- бағдарлама негізінен болашақ мұғалімнің теориялық даярлығын көздейді, функционалдық бағыттылығы жеткілікті емес, тәжірибелік сипаттағы мәселелерде жеткілікті қамтымаған;
- мектептің оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасы идеялары мен тәжірибесін пайдалану мәселелеріне аз көңіл бөлінген.

«Этнопедагогика» пәнінің қолданыстағы типтік бағдарламасы мазмұны, негізінен, болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығына қажетті фундаменталдық білімдерді қамтыды, бірақ студентің педагогикалық іс-тәжірибе барысында немесе болашақта педагогтық қызметінде ұлттық тәрбиемен байланысты нақтылы педагогикалық міндеттерді шешуіне жеткілікті қолғабыс көрсете алмайды. Сондықтан, біз «Этнопедагогика» пәнінің қолданыстағы типтік бағдарламасы мазмұнының функционалдық бағыттылығын күшейтуді ұсынамыз.

Бағдарлама мазмұнының функционалдық бағыттылығын күшейту, оның мектеп мұғалімнің ұлттық білім мен тәрбие берудегі нақтылы іс-әрекеті бағыттарына бағдарлануын, студенттерді оған сәйкес іс-әрекет түрлеріне кірістіру және баулуды болжайды.

Мектеп мұғалімнің этнопедагогикалық бағыттағы кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті мына құрамдас бөліктерді қамтыды:

- 1) жалпы білім беретін мектепте ұлттық білім мен тәрбие беруді жобалау, жоспарлау және іске асыруға қатысу (командалық жұмыс, өзара әрекеттесу);
- 2) пән сабақтарының этнопедагогикалық мазмұнын анықтау және күшейту тәсілдерін пайдалану, пән сабақтарында халық дидактикасы формаларын, әдістері мен құралдарын тиімді пайдалану;
- 3) этномәдени білім беру бағытындағы оқудан тыс және сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және қажетті деңгейде ұйымдастыру, нәтижелерін өзіндік бағалау;
- 4) ата-аналарға этнопедагогикалық білім беру, ұлттық тәрбие берудің отбасылық озық тәжірибелерін оқып-үйрену, қорыту, тарату;
- 5) этнопедагогикалық ақпараттармен жұмыс істеу, халық педагогикасы тәжірибелерін және оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың тиімді тәсілдерін анықтау бойынша тәжірибелік-педагогикалық, эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу.

Жоғарыда айтылғандай, қазақ ұлттық мектебі оқыту қазақ тілінде жүргізілетіні, немесе пән бағдарламалары мен оқулықтарда қазақ халқының мәдени мұрасы бейнеленгендігімен айрықшаланады. Бірақ, педагогикалық тәжірибе егер мектепте ұлттық тәрбие жүйелі түрде жүзеге асырылмайтын болса, онда күтілетін нәтижелер бермейтіндігін көрсетеді. Тура сондай, мұғалімнің этномәдени білім беру бағытындағы іс-әрекеті де жүйелі, мақсатты, жоспарлы болуы керек. Біз оған студенттерімізді даярлауымыз керек. Ал этнопедагогикалық даярлық тек этнопедагогикалық білімдерді қалыптастырумен шектеліп қалмай, педагогтың ұлттық білім беру мен тәрбиелеу бағытындағы нақтылы әрекеттерге баулуға бағдарлануы қажет деп есептейміз.

Осы тұрғыдан, «Этнопедагогика» пәнінің бағдарламалық мазмұнының функционалдық бағыттағы тақырыптармен толықтыру керек деген ойдамыз. Пікірімізді нақтылайтын болсақ, онда пән мазмұнына кірістірілетін тақырыптар және оларда қарастырылатын сұрақтар мыналар:

Тақырып. «Мектепте ұлттық білім беру мен тәрбиелеуді жобалау, жоспарлау және іске асыру».

Мазмұны: қазақ ұлттық мектебі және оның ерекшеліктері. Ұлттық білім беру. Ұлттық тәрбие. Жалпы

білім беретін мектепте ұлттық білім беру мен тәрбиелеу үрдісін жобалау. Ұлттық білім беру мен тәрбиелеуді жоспарлау. Ұлттық тәрбие мен білім беру үрдістерін іс-жүзіне асыру және оның нәтижелерін талдау.

Тақырып. «Пән сабақтарында халық педагогикасы идеялары мен тәжірибесін пайдалану».

Мазмұны: Халық дидактикасы. Халық педагогикасында оқыту туралы идеялары. Халықтық оқыту әдістері мен құралдары. Пән сабақтарын жоспарлауда халық дидактикасы құралдарын қолдану. Сабақты ұйымдастыру мен өткізуде халықтық дидактика элементтерін пайдалану».

Тақырып. «Тәрбие жұмысында халық педагогикасы мүмкіндіктерін пайдалану».

Мазмұны: Халық педагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктері. Мектепте тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыруда халық педагогикасы идеялары мен құралдарын пайдалануды жоспарлау. Балалар ұжымын қалыптастыруда халық педагогикасы негізіндегі ұжымдық салт-дәстүрлер. Сыныптан тыс іс-шараларда халық педагогикасы құралдарын пайдалану. Ұлттық тәрбиенің барысын мониторингтеу, нәтижелерін бағалау.

Тақырып. «Ата-аналарға этнопедагогикалық білім беру. Халық педагогикасын насихаттау».

Мазмұны: Отбасында ұлттық тәрбие беру тәжірибесін талдау. Озық тәжірибелер, оларды оқып-үйрену, қорыту. Ата-аналарға этнопедагогикалық білім беру мазмұнын құрастыру. Ата-аналарға этнопедагогикалық білім беру формалары мен әдістері, оларды пайдалану. Халық педагогикасын насихаттау жұмыстары.

Тақырып. Мұғалімнің этнопедагогикалық өзіндік білім алуы.

Мазмұны: Этнопедагогикалық ақпараттармен жұмыс істеудің тиімді тәсілдері. Этномәдени білім берудегі мұғалімнің білімдері, біліктері, құзыреттіліктері, оларды дамытудың тәсілдері. Этнопедагогика саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру. Этнопедагогика мәселелері бойынша педагогикалық шығармашылық жұмыстар.

«Этнопедагогика» пәнінің функционалдық бағытталған бағдарламалық мазмұнын іс-жүзіне асыру оқытушы мен студенттердің педагогикалық үрдістегі өзара біріккен іс-әрекетінің интербелсенді формаларын пайдалануды қажет етеді. Курс сабақтары мүмкіндігінше студенттердің танымдық дербестігі мен белсенділігін қамтамасыз еткен жағдайда ғана болашақ маман бойында этнопедагогикалық құзыреттіліктердің қалыптасқандығы туралы сөз болуы мүмкін.

Функционалдық бағытталған этнопедагогикалық даярлық студенттердің нақтылы практикалық міндеттерде шешуге қажетті білімдер, іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыруды көздейтін танымдық, тәжірибелік сипаттағы тапсырамаларды орындауын болжайды. Осы тұрғыдан этнопедагогика курсынан дәрістердің интербелсенді формаларын қолданған жөн. Мысалы, дәріс-кеңес, проблемалық дәріс, семинар-зерттеу, семинар-тренинг т.б. Бір академиялық сағат көлемінде ауқымды танымдық міндеттерді шешу мүмкін емес болғандықтан, этнопедагогикадан студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, есепке алу және бақылауға көбірек назар аудару қажет. Мүмкіндігінше әр бір тақырып аясында студент белгілі бір практикалық тапсырманы дербес, немесе оқытушының жетекшілігімен сабақтан тыс уақытта орындауы, содан соң сабақ барысында алынған нәтижелерді топтың алдында презентациялауы керек.

«Этнопедагогика» пәнін оқыту міндетті түрде басқа да педагогикалық пәндерді оқыту үрдісімен байланыста жүзеге асырылуы керек. Мысалы, «Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен технологиясы», «Педагогикалық шеберлік» курстары оқытушыларымен қажет жағдайларда сәйкес тақырыптар бойынша сабақтарды келісіп өткізу керек.

Студенттің болашақ мамандығы бойынша, әсіресе пән әдістемелері сабақтарының (математиканы, физиканы немесе химияны оқытудың әдістемелері курстары) этнопедагогикалық функционалдық бағыттылығына қол жеткізуді назардан тыс қалдырмау керек.

«Этнопедагогика» пәні бойынша аудиториялық сабақтардың педагогикалық іс-тәжірибемен тығыз байланыстылығы жақсы нәтижелер береді. Студент этномәдени білім беру бағытында әзірлеген, сабақта ұжымдық талдаудан өткен материалдар үздіксіз педагогикалық іс-тәжірибе барысында мектеп оқушыларымен жұмыс үрдісінде пайдаланылады. Сондай-ақ, мектептегі ұлттық білім беру мен тәрбиелеудің озық үлгілерін оқып-үйрену, тәжірибешіл педагогтардан кеңестер алу, мектеп әдістемелік бірлестіктері ұйымдастыратын семинарларға белсенді қатысу да этнопедагогикалық дарлықтың функционалдық бағыттылығын күшейтеді.

Қорыта келе, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығы «Этнопедагогика» пәнін оқытудың функционалды бағыттылығын күшейтуді көздейтін мазмұндық-әдістемелік және ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралардың кешенін жүйелі түрде іске асыруды болжайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Узакбаева С.А., Кожаметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. – Алматы, 1996.
2. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1997.
3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы: пед.ғыл.докт... автореф.- Қарағанды, 2002.
4. Мухтарова Ш.М. Этнокультурное образование будущих педагогов.- Караганда, 2008.
4. «Этнопедагогика» пәнінің бағдарламасы // 05 – Білім мамандықтары студенттері үшін педагогикалық пәндердің типтік оқу бағдарламасы.- Алматы: ҚазҰПУ, 2013.

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ ТРАНСКУЛЬТУРНОГО ВОСПИТАНИЯ

Н.М.Стукаленко

*доктор педагогических наук
профессор Кокиетауского
государственного университета им.Ш.Уалиханова
г. Кокиетау*

Г.М. Ракишева

*докторант PhD ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
г. Астана*

Ключевые слова: этнопедагогика, этнопедагогический подход, этнопедагогическое образование, высшее образование, транскультурное воспитание

Аңдатпа

Мақалада трансмәдени тәрбие негізінде жоғары білім беру жағдайындағы этнопедагогикалық қатынасты қолдану қарастырылған. Білім беруді этнопедагогикалаудың ғылыми-тәжірибелік негіздері, жоғары оқу орнында этнопедагогикалық білім беру сапасын арттыру жолдары мен болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық күзiреттiлiктерiн қалыптастыру ерекшелiктерi айкындалған.

Annotation

The article deals with the use of ethnopedagogical approach in conditions of higher education on the basis of transcultural education. There are disclosed scientific and practical bases of ethnopedagogization of education, the ways to improve the quality of ethnopedagogical education at the university and the peculiarities of the ethnopedagogical competence formation of future teachers.

Нашему государству, вступившему в период углубления социально-политических и экономических реформ, предстоит решить немало сложнейших проблем и, прежде всего, утвердить принципы подлинной демократии, соответствующей опыту народной жизни, национально-культурным традициям, интересам всех социальных групп и слоев населения республики; развивать духовность и нравственность, приумножать древние и современные культурные ценности. Одной из проблем современности становится возрождение культурно-исторического наследия народов, в том числе, этнической педагогики с ее прогрессивными богатейшими традициями и опытом воспитания подрастающего поколения. В Послании Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан - 2050» значительная роль отводится воспитанию патриотических чувств подрастающего поколения [1]. В связи с этим, особую актуальность в настоящее время приобретает возрождение национального самосознания, культуры, народных традиций и обычаев в единстве с нравственным опытом поведения и духовностью культуры. Это определяется возрастающей ролью человека в создании материальных и духовных ценностей, способствует развитию гармоничной личности. Осуществление этих задач связано с реализацией воспитательного потенциала народной педагогики.

В Законе РК «Об образовании» [2] определены основные направления политики нашего государства в области образования, которые базируются на общечеловеческих ценностях, историческом опыте, духовной культуре и многовековых народных традициях. Образовательная система должна не только выражать государственные интересы, но и интересы различных этносов, населяющих нашу республику. Развитие образования на основе народной педагогики, социально-этических идеалах народа – один из главных путей ее обновления. Народная педагогика как составная часть коллективного народного творчества, как проявление педагогической культуры масс зародилась в глубокой древности. Она олицетворяет собой думы и чаяния народа, отражает его идеалы, воззрения, представление о человеке, семье, о воспитании. Источниками этнопедагогики являются многовековой практический опыт народного воспитания, закреплённый в образе жизни народа, традициях, обычаях, фольклоре, искусстве, исторические, этнографические труды, археологические материалы и т.д.

Социокультурные и духовные ценности казахского народа, его традиции всегда играли важную роль в гражданском становлении человека, в формировании его нравственных и трудовых качеств, в социализации личности в целом. Поэтому так необходима объективная оценка исторической роли этих феноменов и изучение формирующего влияния различных воспитательных институтов. Знание, осмысление и переработка культуры прошлого играют важную роль в успешном решении сложных проблем воспитания в современных условиях. Без изучения и использования этнопедагогики не может быть полноценного воспитания личности. Особую значимость приобретает процесс обновления содержания образования и воспитания на основе возрождения прогрессивных традиций этнопедагогики, в которых заложены гуманистические и демократические идеалы казахского народа. Эти идеалы при умелом и целенаправленном использовании могут способствовать воспитанию подрастающего поколения в духе любви к родной земле, к труду, уважения и доброжелательного отношения к представителям различных национальностей, бережного отношения к природе. Этнопедагогизация образования с учетом общечеловеческих ценностей, исторического опыта, культурных

многовековых традиций выдвигает новые требования к процессу подготовки учителей, т. к. эффективность воспитания учащихся средствами этнопедагогики определяется личностью самого учителя, уровнем его теоретической и практической подготовки. Это требует новых организационных форм, теоретических и методических разработок. Анализ опыта работы педагогических вузов показывает, что нынешний уровень готовности их выпускников к организации учебно-воспитательного процесса с учетом прогрессивных традиций этнопедагогики в полной мере пока не соответствует всем требованиям.

В современных условиях возрастает необходимость формирования личности полноценного учителя-гуманиста, патриота, его специальной теоретической и практической этнопсихологической и этнопедагогической подготовки, теоретического и методического обеспечения данного процесса. Возникает вопрос: каким должно быть содержание и методическое обеспечение процесса этнопедагогической подготовки современного учителя в условиях многонационального государства, каким является Казахстан? Конечно, в первую очередь, необходимо определение научных основ этнопедагогизации образования для формирования национального самосознания, ответственного отношения к истории, языку, культуре и традициям своего народа при подготовке учителя. Требуется особое рассмотрение системы этнопедагогической подготовки студентов педагогических специальностей, сформированная на основе возрождения культурно-исторического наследия народов и развития транскультурного воспитания.

Анализ проблемы показывает, что повышение качества этнопедагогической подготовки студентов педагогических вузов возможно, если научно-методический отбор содержания подготовки будет обусловлен выполнением заказа общества и государства, а также практической необходимостью современной педагогики высшей школы в подготовке учителя качественно нового типа, обладающего этнокультурной толерантностью, способностью к сопереживанию и самовоспитанию. Это является одной из главных целей этнопедагогической подготовки будущих учителей, которая должна представлять единство общекультурного, социально-нравственного и профессионального развития личности будущего учителя. При этом, необходима реализация культуроцентрических подходов как методической основы современной педагогической теории и практики, организация учебно-воспитательного процесса на основе использования активных методов обучения, информационных технологий, внеаудиторных форм работы. Очень важно понимание процесса этнопедагогической подготовки как творческой трансляции ценностей культуры в личность обучаемого, превалирование аксиологических компонентов, создание условий для осуществления принципа культуросообразности на основе транскультурного воспитания.

При изучении сущности этнопедагогической подготовки, ее содержания и значения в философско-историческом, социологическом, этическом и транскультурном контекстах, были исследованы психолого-педагогические механизмы формирования личности учителя, которые актуализировали задачу педагогики высшей школы как создание системы образования будущего учителя, которая обусловила бы его интеллектуальное, духовное и профессиональное развитие, становление активной и творческой личности [3]. Анализ проблемы исследования показал, что этнопедагогическая подготовка в контексте транскультурного воспитания представляет собой фактор гармоничного развития личности учителя, его профессионального становления и совершенствования. Для повышения эффективности этнопедагогической подготовки студентов педагогических специальностей необходим учет принципов: этнопедагогизации, социализации, фундаментализации, транскультурной интеграции, междисциплинарных связей, деятельностной направленности обучения, интеллектуального и волевого развития личности. Важно проведение проблемных занятий, круглых столов, конкурсов, групповых форм работы, курсового проектирования; дистанционной, внеаудиторной, факультативной форм обучения, экскурсий, работы в библиотеке, создание студенческих этнопедагогических журналов, соблюдение принципа культуросообразности при составлении учебных программ. Все это направлено на интеллектуальное и деятельностное развитие личности, обусловленное процессом становления таких свойств личности педагога, как эмпатия, гуманизм, этническая толерантность, ответственность, гражданственность, способность к сопереживанию, саморазвитию, самовоспитанию, стремление к самореализации.

Теоретический анализ образовательно-воспитательной системы, сложившейся в последние десятилетия, показывает, что массовое образование утрачивает ценностную ориентацию и превращается в целенаправленное обучение. Из всех задач реального развития общества, поставленных перед образованием, чаще всего осознаются только две: передача знаний и передача навыков. Другие задачи, не менее важные для нравственности, духовной культуры общества: передача творческого опыта, духовности, культуры, опыта эмоционально-ценностного отношения к миру - решаются пока слабо. Однако без решения этих задач не может быть подлинного успеха в полноценном развитии творческой, духовно богатой гуманистической личности, без которой немислимо построение гражданского общества, правового государства. Причиной многих негативных явлений последних лет в области образования стало нарушение трех основополагающих принципов педагогики: преемственности, народности и природосообразности. Игнорирование этих принципов приводит к деформации сложившейся веками системы обучения и воспитания. Вследствие нарушения принципа преемственности современное образование может оказаться оторванным от исторических корней. Выход из этого можно найти в этнопедагогизации системы образования, направленной на восстановление связи времен, возрождение и творческое использование историко-педагогического опыта народов. В рамках этнопедагогизации образования ценности прошлого перестают быть просто историческими реликвиями, они органично вплетаются в настоящее.

Под этнопедагогизацией образования следует понимать процесс обновления системы образования на основе глубокого изучения и творческого применения позитивного народного опыта обучения и воспитания. Именно этнопедагогизация образования обеспечит реальное функционирование принципа преемственности. Образование принципиально работает на будущее. Оно формирует личностные качества каждого человека, его знания, умения, навыки, мировоззренческие и поведенческие приоритеты, т.е. предопределяет экономический, нравственный и духовный потенциал общества в целом. Народ из поколения в поколение передает свой социальный опыт, духовное богатство старшего поколения младшему, создавая историю материальной и духовной культуры общества. Преемственность дает возможность новым поколениям вобрать в себя и развить все лучшее, что было создано предшествующей историей человечества, обогатить в новых условиях многообразие духовных ценностей общества. Народное воспитание, составляя важнейшую органическую часть духовной культуры каждого этноса, уходит своими корнями в глубь веков. Создание и развитие современной культуры, в частности, педагогической культуры, невозможно мыслить без опоры на многовековой фундамент этнической цивилизации. Возрождение идей народной педагогики, использование прогрессивных традиций и принципов воспитания могут оказать большую помощь в решении проблем современного воспитания, народная педагогика может быть вплетена в новое педагогическое мышление, т.к. содержит много идей, соответствующих задачам становления и воспитания личности.

Этнопедагогический подход в профессиональной подготовке будущих учителей позволяет решать очень важные задачи: изучить теоретические основы этнопедагогики, понять роль народной педагогики в совершенствовании обучения и воспитания подрастающего поколения на современном этапе, усвоить положительный опыт народного воспитания в целях совершенствования своей педагогической деятельности, уяснить взаимосвязь народной педагогики и педагогических идей великих ученых и мыслителей, овладеть умениями и навыками анализа педагогических явлений и фактов, накопленных в теории и практике воспитания.

В этнопедагогике есть термин «этнопедагогическая культура», который определяется как социально-педагогический феномен, характеризующий меру освоения традиционной педагогической культуры народа, понимание воспитательной сущности ее ценностей, их адекватного использования в современной практике обучения и воспитания. Этнопедагогическая культура предполагает овладение педагогом системой знаний, лежащих в основе осуществления процесса обучения на основе традиционной педагогической культуры, в соответствии с современными гуманистическими ориентациями. Кроме этого, можно выделить этнопедагогическую образованность и этнопедагогический кругозор педагога, т.е. осведомленность в наиболее актуальных проблемах обучения; этнопедагогическое мышление, отражающее определенный стиль мышления, ориентированный на отыскивание путей оптимальной организации процесса обучения с использованием народного опыта воспитания, а также этнопедагогический опыт, т.е. умение принимать этнопедагогически грамотные решения.

Этнопедагогическая культура тесно связана и с таким термином, как этнокультурная компетентность, которая рассматривается как интегрированное качество личности, характеризующее степень усвоения культуры народа, теоретическую и практическую готовность к трансляции ее ценностей, интеграции идей этнопедагогики и современной педагогической теории в этнокультурном становлении и развитии учащихся, воспитании культуры толерантного отношения к полиэтническому окружению. Формирование этнокультурной компетентности педагогов обуславливается процессом, в котором происходит преобразование внутренней сущности педагога через познавательную, духовно-практическую деятельность, основанную на системе ценностных ориентаций традиционной культуры, соответствующих природосообразному развитию всех сфер личности: когнитивной, нравственно-волевой, деятельностной, эмоциональной. Использование интерактивных технологий повышения уровня этнокультурной компетентности будущих учителей требует такой организации обучения, при котором решаются конкретные практические задачи. Решая их, будущий педагог получает специальные знания и навыки, ответы на которые невозможно найти в педагогической литературе. Таким образом, этнокультурная компетентность - сложное индивидуально-профессиональное образование, которое интегрирует в себе профессиональные теоретические знания, практические умения, навыки, этнокультурные ценности и сознательный выбор моделей поведения. Этнокультурная компетентность будущего педагога репрезентирует стремление и способность реализовать свой потенциал (знания, умения, личностные качества) во время этнопедагогической деятельности, осознавая социально-культурную значимость и личную ответственность за результаты своей деятельности и необходимость постоянного совершенствования.

Итак, этнопедагогическая компетентность педагога, взаимообусловленная его этнокультурной компетентностью, должна включать знание целей обучения учебным предметам на основе этнопедагогической культуры, их конкретного наполнения и приоритетности в современных этнокультурных условиях; владение этнопедагогическими знаниями и способами их использования в этнопедагогической деятельности; знание этнопедагогических понятий и факторов; критериев оценки различного этнопедагогического содержания; способов работы с этнопедагогическим содержанием; эффективных способов обучения этнопедагогической культуре (инструментария, организационных форм обучения и контроля) различных категорий учащихся, дифференцированных как по уровню обучаемости, так и по характеру познавательных интересов. Это качество педагога можно дополнить личностным компонентом его отношения к феномену этнической культуры, испытывающим высокий уровень комфортности при передаче ее феноменологических смыслов и традиций обучающимся. Таким образом, развитие этнопедагогической компетентности будущего педагога в условиях

профессиональной подготовки в вузе эффективнее протекает при применении этнопедагогического подхода на основе транскультурного воспитания.

Список литературы:

1. Н.А. Назарбаев. Послание Президента народу Казахстана. Стратегия «Казахстан – 2050». Новый политический курс состоявшегося государства. – Астана, 14.12.2012.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Алматы: Казахстан, 2007.
3. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. – Астана, 2005.

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бөлеев Қ.

*педагогика ғылымдарының докторы
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің профессоры
Тараз қ.*

Бөлеев Т.Қ.

*педагогика ғылымдарының докторы
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының профессоры
Астана қ.*

Кілттік сөздер: толымды тарихи тұлға, отансүйгіштік тәрбие, патриоттық тәрбие, қазақстандық патриотизм, ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, отбасылық тәрбие, еске алу тағылымы.

Аннотация

В статье определено современное состояние исследованности педагогического наследия доктора филологических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Республики Казахстан, академика АПН СССР.

Annotation

In the article certain the state of investigationalness of pedagogical heritage of doctor of philological sciences, professor, honoured worker of science of Republic of Kazakhstan, academician APN the USSR.

Қазақ халқының мол мұралы мәдениетінде өшпес таңба, өнегелі із қалдырған аса ірі, толымды тарихи ұлы тұлғалардың педагогикалық мұраларын зерттеу, оларды жастарға білім беру, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде кең пайдалану мәселелерін шешу қазіргі қазақ педагогикасы ғылымының көкейкесті проблемаларының бірінен саналады. Осы тұрғыдан қарағанда сондай толымды тұлғалардың қатарына филология ғылымдарының докторы, профессор, Кеңестер Одағының батыры, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, халық әдебиетінің білгірі, жазушы, әскери мемуарист, халық тәлімгері Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасын зерттеу және оны насихаттау айрықша мәнге ие.

М.Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасы арнайы зерттеу нысанасы ретінде Н.А.Туебақованың, М.Ж.Құрманбаеваның диссертациялық жұмыстарында, С.Қалиевтың, Қ.Жарықбаевтың, Қ.Бөлеевтің, С.Негимов, т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Н.А.Туебақованың «М.Ғабдуллиннің педагогикалық идеялары» атты кандидаттық диссертациясында Қазақстанның ХХ ғасырдың 30-70 жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өмір жағдайларындағы М.Ғабдуллиннің көзқарастарының қалыптасуы және жастарды тәрбиелеу мен оқыту туралы идеялары оның педагогикалық жүйесінің теориялық іргетасы екендігі сипатталған [1]. Сондай-ақ, автор «М.Ғабдуллиннің мұрасы және мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизмін қалыптастыру» атты оқу-әдістемелік құралын шығарып, оны арнайы курс ретінде оқу-тәрбие үрдісіне ендірген. Онда Кеңес Одағының батыры М.Ғабдуллиннің шығармалары мен оның жарқын бейнесі оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру негізі екендігіне, ол мұраны бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың қоғамдық маңызына айрықша назар аударған [1]. М.Ж.Құрманбаеваның «Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбына орындаған кандидаттық диссертациясында Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері және оның мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді жолдары анықталған [2]. С.Қалиевтың «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу құралында М.Ғабдуллиннің ұлағатты ұстаз, көрнекті педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор, ауыз әдебиетін ұзақ жылдар зерттеген білгір ғалым, академик, халық батыры, қоғам қайраткері, «сегіз қырлы, бір сырлы», елін сүйген азамат, шынайы халық педагогы болғаны, ол халық педагогикасының қайнар көзі- халқымыздың бай мұрасы- ауыз әдебиетін зерттеу ісімен

үздіксіз отыз бес жыл айналысқаны баяндалған [3]. Профессорлар Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтың құрастыруымен шыққан «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясының» 2-томында М.Ғабдуллиннің «Майдан очерктері» және «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбектерінен үзінділер берілген [4].

Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеуші профессор С.Негимовтің «Мәлік Ғабдуллин» атты кітабында М.Ғабдуллиннің ерлік өмірі мен шығармашылығы, баһадур, білімпаз, ұстаздың балалық, оқушылық, студенттік, аспиранттық шағы, батырлық, қаһармандық қимылдары әңгіме етіледі. Оның қайраткерлік, санаткерлік істері, ұлттық әдебиеттану, фольклортану, психология, педагогика ғылымдарын дамытудағы қосқан зор үлестері, ұшан-теңіз эпистолярлық мұрасы, шығармашылық өмірбаяны мейлінше мол әдеби-тарихи, архив деректері және замандастарының естеліктері негізінде баяндалған [13].

М.Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасын насихаттау мақсатында Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасында «Мәлік Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұрасы» атты арнайы курсты оқу-тәрбие үрдісіне ендірілді. Курс бағдарламасы ғұлама ғалымның әр кезде жарияланған қазақ халық педагогикасы және этнопедагогика ғылымына қатысты еңбектерімен болашақ мұғалімдер мен оқушыларды тереңдете оқып үйренуі үшін жасалынды.

Мәлік Ғабдуллин халық тәлімгері болды. Ол отбасында баланы ұлттық дәстүр арқылы тәрбиелеуіне ерекше көңіл бөлді, ата-аналармен және көпшілік халық арасында жиі болып, оларға халық даналығын насихаттады, жоғары оқу орындарында ауыз әдебиетінен дәріс берді, ғалым-ұстаз даярлады, жоғары педагогикалық оқу орны мен ғылыми зерттеу институтын басқарды, батыр, жеңімпаз жауынгерлерді тәрбиеледі. Бүкіл өмірі халық үшін, халықпен бірге өтті.

Сондықтан бұл бағдарламаны жоғары педагогтік оқу орындарының педагогика кафедраларының оқытушыларына ұсынудағы мақсат М.Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұрасының жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәрбие берудегі маңызын ашып көрсету болды. Арнайы курсқа 20 сағат, оның 12 сағаты- лекция, 8 сағаты-семинарлық сабақ формасында өтіледі.

Арнайы курс бағдарламасының мазмұны

Тақырып 1. Арнайы курстың пәні, мақсаты және міндеттері

М.Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұрасы, оны зерттеудің жолдары. Ғалымның өмірі мен шығармашылығы, олар туралы қазақ ғалымдарының ой-пікірлері. Мәлік Ғабдуллин қазақ халық педагогикасын зерттеу қажеттігі туралы қазақ ғалымдары арасынан алғаш пікір айтқан ғалым екендігі. Ол өзінің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты еңбегінде былай деп ой қозғаған: «Қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты түрде қарастыру өз алдына зерттелетін мәселе» [5].

Тақырып 2. М.Ғабдуллиннің этнопедагогикалық тұжырымдамалары және олардың мазмұны

Ғалымның еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының негізгі ұғымдарына сипаттама беруі. Қазақ халық педагогикасының қайнар көзі және бұлағы - халқымыздың ауыз әдебиеті. М.Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты монографиялық еңбегінде ауыз әдебиеті халқымыздың даналығы екенін, оның жанрлары тұрмыс-салтқа байланысты жырлар, айтыс өлеңдер туралы жан-жақты терең ғылыми талдаулар мен топшылаулар жасап, олардың ғылыми және ұлттық тәлім-тәрбиелік мәнін ашып көрсетуі [7]. Сондықтан ол еңбек жоғары оқу орнына арналған нағыз ұлттық төлтума оқулық және қазақтың халықтық педагогикасының негізі мен асыл-арналары.

Тақырып 3. М.Ғабдуллин қазақтың отбасы тәрбиесі туралы

М.Ғабдуллиннің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты этнопедагогикалық еңбегінің тәлім-тәрбиелік маңызы. Бұл еңбегінде ол бесік жырынан бастап, батырлар жырын қоса халық поэзиясының тәлім-тәрбиелік мәнін ашып, оны бала тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін көрсетіп бергені. Ол еңбекті жазудағы оның мақсаты-«Революцияға дейінгі қазақ арасындағы жас ұрпақты еңбек пен ерлікке тәрбиелеуде халқымыздың нені армандағаны және баланы жастайынан тәрбиелегенде оның өсе келе кім болуын көздегенін шолып өту. Мұндай шолудың керек болып отырған себебі: біріншіден, халқымыздың бала тәрбиелеудегі өткен кездегі арман-мақсатымен таныстыру; екіншіден, оларды бүгінгі, осы қазіргі күннің тілек-міндеттерімен салыстыру және пайдалану еді» [5]. Сондықтан Мәліктің ол еңбегі қазақ этнопедагогикасы бойынша ең тұңғыш ғылыми зерттеу екендігі.

Тақырып 4. Мәлік Ғабдуллин адамгершілік тәрбиесі туралы

Мәлік Ғабдуллиннің әдеби шығармаларындағы адамгершілік идеясы. Мәлік Ғабдуллиннің қоғам қайраткері ретінде халық үшін жасаған жұмыстары, оның шәкірттеріне адамгершілік қамқорлығы [10-11].

Тақырып 5. Мәлік Ғабдуллин патриоттық тәрбие туралы

Мәлік Ғабдуллин әдеби шығармалары мен өзінің өнегелі өмірі арқылы елін, жерін, суын, ауасын сүйетін нағыз ұлт жанды батыр патриоттар тәрбиелеуі. Ол әскери мемуарлары «Менің майдандас достарым», «Сұрапыл жылдар», «Майдан очерктері» шығармаларында нағыз халық батырларының бейнесін нақты өмірде болған адамдар арқылы көрсетуі, өзі солармен бірге жүріп, елін қорғауы туралы баяндалуы [8-9]

Тақырып 6. Мәлік Ғабдуллиннің этнопедагогикалық еңбектеріндегі халықтық тәрбиенің әдістері: сенім, үлгі-өнеге көрсету, түсіндіру, жаттығу, сұрану, ақыл-кеңес беру, қолдау, тиым салу, т.б. [5-13].

Тақырып 7. Мәлік Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұрасының оқу-тәрбие үрдісіне ендірілуі

М.Ғабдуллиннің «Қазақ әдебиеті» (8 сынып) оқу пәніне бағдарламасы, оған «Қазақ әдебиеті» атты оқулығының құрылымы мен мазмұны, оның тәрбиелік мәні. М.Ғабдуллиннің жоғары педагогтік оқу орындары студенттеріне арналған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығының мазмұны және тәлімдік мәні [6-7].

Аталған оқулықтар бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие, олар оқу орындарында негізгі құралдар ретінде

пайдаланылуда.

Тақырып 8. Мәлік Ғабдуллиннің мұражайы - тәрбие орталығы

М.Ғабдуллиннің Көкшетау қаласындағы «Мәлік Ғабдуллиннің мұражайы», оның ұйымдастырылуы. Мұражайдың құрылымы, ондағы бөлімдер және олардың тәлім- тәрбиелік мәні. Мұражай- шетелдік және отандық туристерге, әсіресе жас ұрпақ пен жастарға отансүйгіштік тәрбие беруде негізгі орын.

Тақырып 9. Мәлік Ғабдуллинді еске алу тағылымы

1995 жылғы Көкшетауда М.Ғабдуллиннің 80 жылдық торқалы тойына арнап өткізілген республикалық ақындар айтысының тәлім-тәрбиелік мәні.

2005 жылы Көкшетауда М.Ғабдуллиннің 90 жылдық торқалы тойына арнап өткізілген іс-шаралардың тәлім-тәрбиелік мәні мен маңызы.

Қазақстанның бірнеше облыстары мен қалалары: Көкшетау, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Таразда көшелер мен мектептердің, лицейлер мен колледждердің аттары М.Ғабдуллин есімімен аталынды.

М.Ғабдуллиннің туылғанына 100 жыл толуына байланысты 7 мамыр 2015 жылы Көкшетауда биіктігі 3,5 метр архитектуралық ескерткіш орнатылды, тұрған үйлеріне және оқыған, қызмет істеген Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде мемориалдық тақталар ілінді, Ұлттық банк 50 теңгелік күміс және кәдімгі монеталар, ал Қазпошта батырдың суреті салынған маркалар шығаруды жоспарлады, оның өмірі туралы фильм түсірілді, Ғылым Ордасында оның ғылыми еңбектерінің көрмесі өткізіледі, 11 томдық ғылыми еңбектері мен эпистолярлық мұралары баспадан шығарылады.

Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасы «Педагогика тарихы» және «Этнопедагогика» оқу пәндерінде қарастырылуда. Онда оның «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ әдебиеті» атты еңбектерінің құрылымы және мазмұндары, тәрбиелік мәндері ашылып көрсетіледі. «Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасы» атты тақырыпта курстық және дипломдық жұмыстар орындалуда. Мысалы ретінде дипломдық жұмыстың жоспарын келтірелік.

Кіріспе

I Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-тарихи алғышарттары

1.1. М.Ғабдуллиннің педагогикалық көзқарастарының қалыптасу көздері мен жолдары

1.2. М.Ғабдуллиннің педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары

II Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық мұраларының мазмұны

2.1. М.Ғабдуллин - қазақ әдебиеті бағдарламасы мен оқулығының авторы

2.2. М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқу құралы - халық даналығының негізі

2.3. М.Ғабдуллин - қазақ халқының салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашушы және оны іске асырушы

2.4. М.Ғабдуллиннің әдеби-мемуарлық шығармаларындағы отбасылық, адамгершілік және патриоттық тәрбиелердің мазмұны

Пайдаланылған әдебиеттер.

Қорытынды

Сонымен, халық тәлімгері, ғұлама ғалым, академик Мәлік Ғабдуллиннің педагогикалық мұрасын зерттеу қазіргі кезде елімізде ұлттық мектеп жасауда, онда ұлттық – патриоттық тәрбие беруде және оқытудың мазмұнын жаңартуда көкейкесті педагогикалық проблемалардың бірі болып саналады, ал оны іске асыруда орта мектептерде педагогтік оқу орындарында оқытылатын әдеби және педагогикалық пәндердің алатын орны ерекше.

Мәлік мұраларын зерттеу жалғаса береді, ол мәңгілік тақырып, профессор Серік Негимов айтқандай «Мәліктің мәңгілігі- ішкі жан дүниесінің нұрлылығында. Ол Әдеп пен Ақыл, Кеңдік пен Кеменгерлік, Тектілік пен Ізгілік, Батырлық пен Ғалымдық, Турашылық пен Дұрыстық, Сыпайылық пен Зиялылық, Жақсылық пен Жаңашылдық, Алла сүйген айдайтаза мінсіз Жан, аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды. Мәлік ізі жарқырап көрінеді. Ақыл-ойға кемел, мейірім,инабат, шапағат, биязылыққа толы алтын жүзі, жібектей таза, сұлу жаны, ізгі, ізетті өт жүрегі, Қасиетті рухы, асқақ бейнесі өшпейді» [13].

Сондықтан, Мәлік оқыған және қызмет істеген оқу ордасы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде және туған жеріндегі Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде «Мәліктану» ғылыми Орталығын ашу қажет деп санаймыз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Туебакова Н.А. Педагогические идеи М.Г.Габдуллина: Автореф.дисс.к.п.н. – Алматы: 2002; М.Ғабдуллиннің мұрасы және мектеп оқушыларының Қазақстандық патриотизмін қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2001.

2. Құрманбаева М.Ж. Мәлік Ғабдуллин мұрасындағы этнопедагогикалық құндылықтар арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу: Автореф. дис. к.п.н. – Алматы: 2003.

3. Қалиев С.Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Білім, 1999.

4. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. 2- том/ Құраст.: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1998.

5. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы: Мектеп, 1966.

6. Ғабдуллин М. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1959.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1976.
8. Ғабдуллин М. Сұрапыл жылдар. – Алматы: Жазушы, 1972.
9. Ғабдуллин М. Майдан очерктері. – Алматы: Жазушы, 1959.
10. Нұршайықов Ә. Тоғыз толғау. – Алматы: Мектеп, 1977.
11. Ғабдуллина Н. Махаббатым менің / Жұлдыз, 1974.
12. Бөлеев Қ., Бөлеев Т.К. Мәлік Ғабдуллин- халық ұстазы /Қазақстан мектебі, 1997. - №:2
13. Негимов С. Мәлік Ғабдуллин. – Алматы: Санат, 2001.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІНІҢ ӘДІСТЕРІ

Шалғынбаева Қ.Қ.

*педагогика ғылымдарының докторы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ-нің профессоры
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі
тану кафедрасының меңгерушісі
Астана қ.*

Кілттік сөздер: халықтық педагогика, еңбек тәрбиесі, дәстүрлі еңбек түрлері, үлгі-өнеге, ата-ана тәрбиесі, талап-тілектер, қазақ отбасы және т.б.

Аннотация

В статье рассматриваются методы традиционного трудового воспитания подрастающего поколения и молодежи в казахской семье.

Annotation

The article deals with the traditional methods of labor education of young generation in the Kazakh family.

Еңбек тәрбиесінің жүйесі мен еңбек дәстүрлері қазақ халқының материалдық және рухани өмірінің, тарихи-географиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ықпалымен дамып, қалыптасты. Мәселен, жасөспірімдердің жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасы белгіленді, оның мәні «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздермен қисындалды. Жалпы адам баласына қойылатын талап-тілектер мыналар еді: көшпелі мал шаруашылығын жете игеру; еңбексүйгіштік, қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, жаудан беті қайтпау, ата тегін жадында сақтау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу және т.б.).

Халқымыздың бойындағы осынау асыл қасиеттерді өткен ғасырларда қазақ даласында болған Еуропа зиялылары асқан көрегендікпен дәл басып айтқан да еді. Мәселен, немістің әуесқой этнографы Рихард Карутц «Маңғышлақ түрікмендері мен қазақтардың арасында» атты еңбегінде қазақ отбасындағы балалардың еңбек тәрбиесі туралы: «Бала есейе келе көшпелі тұрмыстың қатаң шындығы оған өз талабын қоя бастайды. Ол ертеңгісін тезек теріп, өзінен кіші баланы көтеріп, ойнату; құдықтан су тасып, мал суғару, қой, ешкі сауу және т.б. жұмыстарға көмектеседі, атқа мінуге де ерте үйренеді. Оның салт аттан құламайтындай алдыңғы, артқы қасы биік, көбінесе оюлы өрнегі бар арнайы кішкентай ері (қазақтар оны ашамай деп атайды) болады.

Бала күні бойы ақыл-ой және шаруашылықтағы еңбек, дене тәрбиесімен ғана айналысып қоймайды, оның демалу, ұйықтау, ойнауға да уақыты жеткілікті, осы үш түрлі іс-әрекетке ол ересек адамның рөліне лайықты әзірліктен өтеді. Мәселен, ойын ойнауда алдыңғы өмір нені талап етсе, соған үйренеді. Қыз балалар қуыршағын киіндіріп, ұлдар ат жасап ойнайды. Қуыршақ жасау оларға оп-оңай – кішкене шыбыққа шүберектен киім кигізе болғаны. Бұрыштап не орап қойған шүберек қуыршақтың басын бейнелейді...

Сондай-ақ қыздар сүйектен аң бейнесін жасайды, әсіресе, шүберекпен жабулаған малдың жақ сүйегі – түйені бейнелейді, тіпті қолдап бұйда тағып, жүк артып, түсіріп, т.с.с. «көші-қон» ойынын ойнайды. Ал атты жергілікті ақ тастан...көбінесе, қозғалмалы аяғымен жасайды. Оның үстіндегі қиық ер- тоқымды бейнелейді» [1], – деген пікірі қазақ халқының ер баланы ежелден-ақ ат құлағында ойнауға, мал бағып, аң аулауға, мылтық атып мергендік құруға, қолөнер шеберлігіне баулығанын, қыз баланы отбасының ұйытқысы болашақ ана, бала тәрбиешісі деп түсініп, ас пісіру, төсек жинау, кесте тігу, өрмек тоқу, ою-өрнек, киім тігу, т.с.с. отбасының ішкі жұмысына үйреткенін дәлелдейді.

Осы орайда біз, Қазақстандық психология ғылымының және педагогика ғылымының негізін салушы ғалым Қ.Б.Жарықбаевтың: «Көшпелі өмір тіршілігі қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен бірге, жан-жүйесі жағынан да жан-жақты жетілген, кемел адамдарды қалыптастырды. Үйде де, түзде де бала ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санап өседі. Олардың көзі қырағы, құлағы сақ, қиядағыны шалатын болады. Аң аулап, мал бағып, күнделікті күйбең тіршілікпен жүрсе де, жас өскін ақынның сөзін, жыраудың жырын, әншінің өлеңі мен әуенін қалт жібермей тыңдап, ел аузындағы ұтымды мақал мен мәтелжі, ертең пен жұмбақты, терме мен шежірені жадында

сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етіп отырды. Әрдайым көшіп-конуға дайын отырған қазақтар үшін аң-құс аулау, мал күзету, жау түсіру тұрмыстың дағдылы машығына айналды. Әрбір жас әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналды. Халық аузында мақал болып кеткен «Өнерді үйрен де жирен», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Шебердің қолы ортақ», «Жауда жүрсе, ат ойнатқан батырым, үйде жүрсе, құрт қайнатқан батырым» деген сияқты бесаспап адамның психологиясы жайлы қанатты сөздердің біздің заманымызға дейін жеткені мәлім. Көшпелі қауым бірін-бірі жақсы білген, әр адамның қадір-қасиеті оның жасына, жол-жоралғасына, әлеуметтік ортадан алатын орнына қарай белгіленіп отырды. Мұндай қоғамдық, адамаралық қатынастарды қаршадайдан көріп өскен бала да өсе, ержете келе ортақ мүдделілікті, өмірге көзқарастың сәйкестілігін, кісіліктің белгісін жоғары қойып, жеке бастың өзіне бұра тартуына мүмкіндік бермеді. Психологиялық тұрғыдан «бірауызды» болып қауымдасқан жандар үнемі өздерінің рулық одағына етене сіңіскен салттар мен дәстүрлерді ұстанды», - деген пікірінен, қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы мен қоғамдық ортасы баланы еңбекке психологиялық тұрғыда даярлағанын байқауға болады.

Ал, шетелдік ғалым, А.И. Левшин қазақтардың табиғат қаталдығына төзімділігін күнкөріс кәсібі – төрт түлік малмен байланыстыра былайша сөз етеді: «...Табиғатпен етене өмір сүрген, қарапайым тамақ ішіп, жайбарақаттықта, таза ауамен тыныстаған қазақтардың денсаулығы мықты, көп жасайтын, күшті де қуатты, аштыққа, ыстық-суыққа шыдамды келеді. Күннің ыстығы қаперлеріне де кірмейді. Айналасын көргіштігі таңдануға тұрарлық, тегіс жерде тұрып кішкентай заттарды он не одан да көп шақырымнан көре біледі. Көздері аса өткір келеді. Еуропалықтар заттарды бұлдыр көріп, әзер байқайтын жерден, олар заттың сұлбасы мен түсін (әсіресе, малдың түсін) жақсы ажырата біледі. Бала күнінен ат құлағында ойнау қазақтың тұңғыш гимнастикалық жаттығуындай, былайша айтқанда, олар ат үстінде туып, ең асау аттың өзін батыл да шебер ауыздықтайды. Әйелдері бұл жағынан еркектерден кейде асып та кетеді, ...ауылға сырттан қонақ келсе, бәрі жиналып соны тыңдайды, берген тамағына ешкім әңгімеден басқа ақы сұрамайды. Қырғыздар үшін меймандостық қастерлі зан», – деп, қазақтың қонақжайлық салт-дәстүрін мадақтаса, олардың психологиялық ерекшелігіне орай: «қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың ең жақсы қасиеті, халықтың даңқын шығарған ұлдарына батыр деп ат беріп, өлсе де ұмытпай үлгі тұтады. Кір жуып, кіндік кескен жерін тастап, ешкім ешқайда кетпейді», – деп, елін, жерін сүйюшілік олар үшін ұлттық сезімнің ең қасиетті белгісі екенін айтып, биік адамгершілік қасиеттерін ерекше атап өтеді. А.И.Левшин қазақ әйелдерінің инабатты, шаруақор, іске шебер, еліне адал болатынын дұрыс бағалай білген. «Қырғыз әйелдері, – деп жазды А.И. Левшин, – түйе жетектеп келе жатып та жасы үлкен ерлерге ізеттілік көрсетуді ұмытпайды. Олар ерлерден гөрі бейнетқор, малға қарайды, киім тігеді, ері үшін бәрін жасап, оны кетерде атына мінгізіп, аттандырып салады. Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй ішіндегі өнердің бәріне үйретеді», - деп, отбасындағы ананың ролін ерекше бағалаған. [2].

Өткен ғасырдың екінші жартысында Орынбор, Омбы, Семей қалаларында болып, қазақтар туралы құнды еңбек жазған дәрігер, антрополог ғалым Н.Л.Зеланд 1885 жылы «Қазақтар» атты этнографиялық очеркін Омбы қаласында бастырып шығарды. Зеланд адамның табиғи қасиеттері, оның ішінде темпераментін сол халықтың психологиялық ерекшелігі ретінде қарайды. Ол көшпелі қазақтарды сангвиник темпераментіне жатқызады. Олардың адамгершілік қасиеттерінің ішінен адалдықты, бауырмалдықты, қайғыға ортақтастық пен қонақжайлылықты, салауаттылық пен төзімділікті, т.б. ерекше атап көрсетеді. Аталмыш еңбекте қыр қазақтарының дене бітімі жайында қызықты деректер бере келе, баланы бесікке бөлеудің пайдасын, балаға ат қою, сүндетке отырғызу, қонақжайлылық салт-дәстүрлер туралы да сөз қозғайды.

Ғалым қазақ халқына психологиялық мінездеме бере келіп: «...қазақ –қызу қанды жан. Оның рухына жайсандық пен ізгілік тән, ол ылғи да жайдары жүреді, жалпы сергек, әрі еліктегіш келеді. Алайда «жүйкесі» көнбісті, ашушандыққа бара бермейді. Олардың қызу қанды болуының себебі, бәлкім, көшпенділердің өмір салтынан да болса керек. Қауырт та шапшаң дене қозғалысы, үнемі ат үстінде жүруі қан айналымы мен зат алмасуына қолайлы болуы тиіс, бұған қосымша дала тұрғындарының дене қызуының жиі алмасуы, олар жұтатын таза ауа да, шөлейтте жол шеккенде сусынды көп ішуі, діни жоралғыларға байланысты тағамдар таңдауы асқазан және ішек жолы қызметін жақсартуға көмектеседі. Бұл айтылғандардың рух күшін сақтауға маңызды ықпалы зор: ақыр соңында арақпен, апиынмен және темекімен жүйкесін жұқартуға әдеттенбеудің де біраз пайдасы бар», – деп, қазақтардың әдет-ғұрпы мен тамақтану ерекшеліктеріне ғылыми, медициналық талдау жасалған. Н.Зеланд қазақтардың ойлаудағы алғырлығына да шек келтірмейді. «Жалпы, қазақтар математикаға басқалардан гөрі жетік келеді, олардың аналитикалық ойлау қабілеті күшті», – дейді [3].

Халықтық дәстүр шамасы келетін өндірістік еңбекке араластыру арқылы балаға тәлім-тәрбиелік бағыт, бағдар берумен қатар, өнеге көрсетіп, әдептілік жөн-жосық нұсқайды. Оның барлық сыры мен сыпайы салты оның санасына, әдебі мен әліне, тілі мен дініне, мінезі мен құлқына кіріге өрілген төрт ұғым төңірегінде топтасады. Олар: адал мен арам, обал мен сауап. Адам үшін ең қымбат түсінік – жанымен сезіну, ойлану, толғану, әсерлену, әрекеттену. Мұның алғышарты – бақылай білу, көре білу, кісінің ішкі сырын танып ұғыну арқылы өзін-өзі түсініп, еңбек өнегесін бойына сіңіріп, шама-шарқына қарай еңбек ету іскерліктерін меңгеру.

Қазақ отбасында балаларды еңбекке өнегелі-психологиялық тұрғыдан даярлауды ерте бастан бастаған. Өмірінің алғашқы жылдарында баланы жұбағу мен алдандыруға арналған қазақтың бесік жырларының мазмұны баланың көңілін аулап қана қоймай, сонымен қатар оған белгілі бір ілімдер жүйесін, соның ішінде еңбекке қатысты ілімді беруге ықпал етеді. Мәселен, бала жүре бастаған кезде қолданылатын бесік жырларында оның еңбекке деген қызығушылығын тудыратын сөздер бар. Сондай-ақ «Тәй-тәй» жыры жүру барысында пайда болатын дыбыстарға ұқсайтын және еліктейтін әзіл-оспақтардан тұрады. Анасы баласының

аяқтары жаңа туған бұзаудың аяқтары сияқты иіледі деп әзілдей отырып, осы алғашқы қадамдарын құптайды, баланың тезірек әрі мығым адым жасауына қолдау көрсетеді. Осылайша, баланы мал қайыру жұмысына даярлануы жайлы өнеге идеясы елеусіз түрде ұсынылады:

Тәй, тәй, балам, тәй, балам,
Жүре қойшы жәй, балам...
Кішкентайым менің жүреді,
Егістен мал қайырып береді, –

деп, балаларды психологиялық тұрғыдан еңбекке ерте балалық шағынан даярлауды көздеген [4].

Балаларды ерте жастан мал және ауыл шаруашылығына үйрету, алуан түрлі қолданбалы өнер бұйымдарын жасауға тарту, олардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып ақыл-ой өрісіне, іскерлігі мен дағдысына талапты күшейту әрбір отбасының негізгі міндетіне айналған. Жеткіншектердің болашағы туралы терең ой толғанысы, арман тілегі, үміті бесік жырлары өлеңдерінде айқын көрініс тапқан. Оны мына өлең жолдары суреттейді:

Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Құрығыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?! [5].

Өскелең жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеуде, олардың еңбек етуге өнегелі және психологиялық тұрғыдан даярлауда қазқ халқының еңбек әрекетінің үрдісі барысында айтатын еңбек жайлы мақал-мәтелдердің мағынасы зор болды.

Қол өнер еңбегі жөніндегі көптеген мақал-мәтелдер халықтың өнерге, өнердің белгілі бір түріндегі шеберлікке деген көзқарасын бейнелейді. Мәселен, «Өнерліге өлім жоқ», «Өнерлі өрге жүзеді», «Өнерлі бала сүйкімді», «Өнер білсең өлмейсің», «Кедеймін деп қысылма, өнерің болса қолыңда, өнердің ырысы жарқырап жатар жолыңда», «Шебердің қолы ортақ», «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын», «Ақыл көпке жеткізеді, өнер көкке жеткізеді» деген мақал-мәтелдер бұған айғақ. Сол сияқты халық «жігітке өлең де өнер, кәсіп те өнер», «Жігіт адамға 70 өнер де аз», «Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар», «Өнер – ердің қанаты» деп есептеген [6].

Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық таным, еңбек, дене тәрбиесі және т.б. нормалар мен принциптер, яғни халықтың жан-дүниесі, өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология-психика мен мінез-құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеріп не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің желісі.

Мақал-мәтелдер адам іс-әрекетінің себебін тікелей бақылау арқылы өзінше түйіндейді. Сондықтан да олар ғылыми бақылаудан өзінің кездейсоқтығымен, арнайы ұйымдастырылып, жоспарланбауымен өзгешеленеді. Алайда өмірде жиі қайталанатын сансыз бақылау күнделікті тәжірибенің өлшемі ретінде қорытыла келе, психологиялық ойдың мәйегіне айналады.

Диалектикалық пікірталастың, ақиқат білімнің алғашқы көріністері де мақал-мәтелдерде мол. Көшпелілердің сонау ерте дәуірден-ақ бұларды көп біліп әрі оны ақылымен байыптай алатын адамды ерекше қастерлеуі тегін емес. Ондай адам ата-баба даналығының көзіндей саналатын. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешім мен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды рөл атқарып отырады. Оны мына мақал-мәтелдердің мазмұны жақсы байқатады. Мысалы: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Мұнда ағайынды алтау бола тұрып, бір-бірімен араз болса, өзара ұйымшылдығы жоқ болса, қолдағы барынан айырылады, ал саны аз болса да ұйымшыл, өзара тату туыстардың бірлескен еңбек іс-әрекеттері алға басып, табысқа кенеледі, көздеген мақсаттарына жетеді деген ой айтылады. Сондай-ақ, өзара ынтымағы, бірлігі, татулығы жоқ халық, әлеуметтік топ қолдағы барынан айырылады, бар байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді, береке-бірлігі, татулығы күшті халықтың тілегі қабыл болып, күткен жақсылығы орындалады деген мағананы білдіреді.

Демек, ағайын-туғанға бір әулеттің жалғасымыз деген сезіммен қарау, соған лайық жақындық жасап, ілтипат көрсету, жиі барып еңбек іс-әрекетін келісіп тұру, хал-жағдай сұрасып, қажет жәрдем-көмек көрсету, ретін тауып мерейлендіріп, еңбек табыстарына қуана біліп, қуаныштарына орай құттықтап тұру, алыстағыларына хат жазып, сәлем-сауқат жіберіп, көңілдерін аулау, сөйтіп, ағайыншылықты нығайта беру – туыскандық парыз. Солай еткенде ғана әр туыстың отбасы сәулетті, берік те бекем, еңбек нәтижесі берекелі болмақ. Қандай да бір себеппен үйінде жүрген ағайын-туысқа, үлкен-кіші демей, ілтипатты болу, қас-қабағына қарау, отбасының бір мүшесі ретінде көріп, жегеніңнен жегізіп, кигеніңнен кигізу, оның көңіліне

келіп қалуы мүмкін сөз бен қылыққа абай болу – әдептілік те, адамгершілік те болып табылады. Олай болса, халықтық педагогикадағы еңбек тәрбиесінің әдістері, бүгінгі қоғамдағы жеткіншектер мен жастарды отбасында адамгершілік-психологиялық тұрғыдан еңбекке даярлау мақсатында ата-ананың өздерінің үлгі-өнегесін көрсету әдісімен қоғамдық өмірге бейімдеу тәжірибесін негізге алу арқылы оларды отбасында еңбекке баулу өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. /Пер. Е.Петри. – Спб.: Изд-во А.Ф. Девриена, 1910. – 189 с.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Соч. 1-3 ч. 1832. – 95 с.
3. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар (қазақ даласына жасалған саяхат туралы хабарлар). – Алматы, «Жалын», 1979. – 268 б.
4. Қалиев С., Аюбаев К. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ойлары. – Алматы, 1992. – Б. 32.
5. Қазақ халық әдебиеті (көп томдық). Т. 2. – Алматы, «Жазушы», 1986. – 286 б.
6. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 1995. – 232 б.

ҚАЗАҚСТАНДА ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ КЕЗЕҢІ

Абильдина С.Қ.

педагогика ғылымдарының докторы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды

мемлекеттік университетінің профессоры

Қарағанды қ.

Кілттік сөздер: Этнос, этномәдениет, этномәдени білім, авторлық бағдарламалар, мемлекеттік-ресми, реттеуші құжаттар, құқықтық-нормативтік негіз, әдіснамалық негіз, құндылықтар, көпмәдениетті орта, ұлттық тәрбие.

Аннотация

Статья посвящена развитию этнокультурного образования в Казахстане. Автором раскрыты теоретико-методологические основы развития этнокультурного образования, раскрывающие вклад выдающихся казахстанских ученых (К.Кожаметова, С.Узақбаева, Ж.Наурызбай и т.д.). В статье представлен период, начиная с принятия независимости РК, приведен анализ нормативно-правового обеспечения (государственных официальных документов), а также учебно-методического обеспечения (авторских программ, учебников).

Annotation

The article devoted to the development of ethno-cultural education in Kazakhstan. The author gives theoretical and methodical basis of ethno-cultural education's development, reveal the contribution of Kazakh scientists (K.Kozhahmetova, S.Uzakbaeva, Zh.Nauryzbay and etc.). The article presents the period since adoption of the independence of the Republic of Kazakhstan, the analysis of legal support (government official documents), as well as training and methodological support (author programs, textbooks).

Бүгінгі таңда этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос субъектісін қалыптастыру қазіргі таңда этномәдени білім берудің зәру тақырып екендігін айқындай түспек.

Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру жүйесін реттеу мен дамытудың басты принциптері еліміздің негізгі заңнамалық құжаттарында көрініс тапқан. Олар: Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы (1997) [1], Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы (2007) [2], Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдамалар: Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы (1994) [3], Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы (1995) [4], Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы (1996) [5] және т.б.. Оларда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі айтылған.

Этномәдени білім берудің даму кезеңінде қазақстандық педагогика ғылымы тәуелсіздігімізді нығайту, ана тіліміз бен төл мәдениетіміздің өркендеуі, ұмыт бола жаздаған тәлімдік-өнегелік құндылықтарымызды оқыту мен тәрбие жүйесіне қайта оралту, ғаламдану үдерісінде ұлттық діліміз бен сана-сезімімізді сақтап қалуымызға қызмет етіп отыр. Бұл істің қазіргі кезеңде берік әрі жан-жақты құқықтық-нормативтік және ғылыми-теориялық және қолданбалы базасы жасалғанын айту керек.

Ел Президентінің ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеяларын жүзеге асыру

мақсатында бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдама: «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы (1998), «Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің қалыптасып, даму тарихын педагогикалық жоғары оқу орындарына арнайы пән ретінде енгізу туралы» (1991), «Әлеуметтік-мәдени даму» (1993), «Гуманитарлық білім беру» (1994), «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесі» (1995), «Жалпы білім беретін мектептердің дамуы» (1997) тұжырымдамалары жарық көрді.

Бұл құжаттарда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі айтылған. Бұл қажеттілік қазақ халқының тарихи даму жолына жаңа көзқарастар туғызып қана қоймай, халық мұрасының жан-жақты терең зерттелуіне, сондай-ақ оны әділ бағалауға өте қолайлы жағдайлар туғызды.

Бағдарламалық құжаттардың мақсаты – жалпыазаматтық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін есепке ала білім берудің мемлекеттік саясатының стратегиясын дайындау.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап жан-жақты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда этномәдени білім беру мен осы саланы зерттейтін ғылым қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық негіздері қалыптасты.

Тәуелсіз елімізде оқушыларға этностық-мәдени білім берудің әдіснамалық-теориялық және практикалық мәселелерін шешуде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру» тұжырымдамасының маңызы зор болды.

Бұл ғылыми-теориялық құжат өмір қажеттілігінен туындады. Тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан Республикасы адамның ұлтына қарамастан оның құқықтары мен бостандықтарын тануға, ұлттардың тең құқықтылығы мен этносаралық тұрақтылықтың сақталуына, қазақстандық патриотизмнің кеңінен тарап, халықтың этностық-мәдени мүдделерінің іске асуына бағытталды. Білім беру саласында да оң өзгерістер қанат жайды: жаңа типті оқу орындары өмірге келді, жаңа буын оқулықтары әзірленді, ұлттық тәлім бағдарламалары іске асырыла бастады, мектепке ұлттық құндылықтар орала бастады.

С.Қалиевтің «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» [6] еңбегінде автор көне заманнан бергі көрнекті ойшылдардың еңбектеріне сүйене отырып, тәлім-тәрбиенің ұлттық сипаты, қазақ этнопедагогикасының туып, қалыптасу тарихы жайында баяндайды. Еңбектің «Этностар мәдениетін зерттеудің ғылыми методологиялық негіздері және қазақ этносы тәлімі тарихының даму кезеңдері» атты бірінші тарауында этнопедагогика, этнолингвистика, этнос ұғымдарына сараптамалық түсініктер берген.

С.Қалиевтың қазақ этнопедагогикасын дамытуға үлес қосқан қомақты еңбегі «Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуірі 1920–1990)» [7]. Автордың бұл еңбегін қазақ этнопедагогикасы тарихын бір жүйеге келтірген тұңғыш құнды еңбек деуге болады.

Қ.Б.Жарықбаевтың ғылыми еңбегінде алғаш рет Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің даму кезеңдерін анықтауға талпыныс жасалып, олардың Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда қалыптасу барысына баға беріліп, қазақ халқының педагогикалық ой-пікірлерінің бастаулары қарастырылып (әл-Фараби мұралары, ежелгі түркі жазба ескерткіштері) көшпелі қазақтардың халық педагогикасының өзіндік ерекшеліктері анықталған, XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ ойшылдарының педагогикалық мұралары талданып, ғылыми айналымға ендірілген, олардың Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің даму тарихындағы орны анықталған, қазақ ағартушыларының және олардың ізбасарларының педагогикалық мұралары талдауға алынған.

Қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін қалаушылардың бірі ғалым С.А.Ұзақбаева өзінің зерттеуінде халықтық педагогиканы халық бұқарасы білімінің, іскерліктері мен дағдыларының жиынтығы ретінде мектептегі оқу-тәрбие процесінің әдіснамалық негізі тұрғысынан қарастырған. Олардың негізінде ұрпақтан ұрпаққа ауысып, рухани бай жеке адамды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін белгілі бір әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқандығын тұжырымдайды. Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне негізделген оқушыларға тәрбие беру тұжырымдамасын жасайды [8].

Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық мәселелерін терең қарастырған ғалым К.Ж.Қожахметова. Бұл зерттеулер автордың «Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика» [9], «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика» [10] т.б. еңбектерінде жан-жақты келтірілген. Ғалым «Қазақ этнопедагогикасы (әдіснамалық аспект)» [10] деген оқу құралында этнопедагогиканың бағыттау негізі – педагогиканың әдіснамасы екенін ашып көрсетеді. Этнос теориясының этнопедагогика мазмұнын терминологиялық негіздеудегі мәнін ашады. Этнопсихологияның этнопедагогикадағы және этнос ерекшеліктерін танудағы орны, этнопедагогикалық дүниетанымдағы этникалық философияның мәні мен маңызы, этнопедагогиканың мазмұнын анықтаудағы мәдениет теориясының орны т.б. мәселелер қарастырылған.

К.Ж.Қожахметованың бұл еңбегінде сондай-ақ, этникалық тәрбиенің біртұтас жүйе ретіндегі мәні: мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері талданған. Этнопедагогикадағы Адамға біртұтас биоәлеуметтік жүйе ретіндегі көзқарас, «этнос субъектісі», «этнос менталитеті» ұғымдары, отбасына этнос субъектісін тәрбиелеу бесігі ретінде қарау – этномәдени білім үшін маңызды тұғыр.

Қазақстанда этномәдени білім берудің негізін қалаушы Ж.Наурызбайдың «Оқушыларға этникалық-мәдени білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты еңбегінде автор оқушыларға этномәдени білім беру тұжырымдамасы мен моделін, тіл саясаты тұжырымдамасын ұсынған. Оқушыларға этномәдени білім берудің ғылыми-теориялық негіздері, мақсаты мен міндеттері, құрылымы мен жүзеге асыру принциптері

айқындалған. Оның ойынша, этномәдени білім беру тұлғаның ұлттық-мәдени және тілдік сәйкестілігі мен этникалық топтың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, басқа мәдениет құндылықтарын игертуге бағытталған білім беру үлгісі [11].

Автордың: «Мәдени-этникалық сұраныс көптеген факторлардың ықпалымен тарихи ұзақ уақытта қалыптасады. Бұған этностың саны, орналасу тығыздығы және жас ерекшелігі, білімділік деңгейі, әлеуметтік-кәсіптік құрамы және діни дәрежесі бойынша бөлінуі, этносаралық қарым-қатынастың шағын ортасы мен этносаралық байланыстың әлеуметтік ортасы және басқалар жатады. Бұл факторлар мәдени-этностық қажеттіліктің қалыптасуын мына жағдайларда анықтайды:

а) ана тілін дамыту, оны біліп, қарым-қатынастың түрлі саласында қолдану, көркем әдебиет пен баспасөзді оқу;

ә) өз халқының тарихын, ұлттық батырларын білу;

б) қазыналық мәдениетті (ұлттық тағам, киім, тағы басқалары) білу;

в) халықтық әдет-ғұрып пен ырым-жораларды (үйлену тойы, жерлеу т.б.) білу және қолдау;

г) халық әндерін, ертегілерін, киссалары мен аңыздарын, қазіргі ұлттық көркем мәдениетін білу», — деген ой-тұжырымымен толық келісуге болады [11].

Талданып отырған кезеңде тағы бірқатар кең ауқымды тұжырымдамалар өмірге келді. Олар: «Қазақстанда оқушыларға мәдени этникалық білім беру тұжырымдамасы» (Ж.Ж.Наурызбай), «Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне негізделген оқушыларды эстетикалық тәрбиелеудің тұжырымдамасы» (С.А.Ұзақбаева), «Қазақ халқының көркем мәдениет дәстүріне негізделген бүгінгі таңдағы музыкалық-эстетикалық тәрбие тұжырымдамасы» (М.Х.Балтабаев), «Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру тұжырымдамасы» (Р.Қ.Дүйсембінова), «Қазақ халқының еңбек тәрбиесі дәстүрлерін үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы» (Қ.Қ.Шалғынбаева), «Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеу тұжырымдамасы» (Р.К.Төлеубекова), «Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы» (Ұ.Әбдіғаппарова) т.б..

Қазіргі таңда, этнопедагогика, біріншіден, жеке оқу пәні ретінде әдіснамалық, теориялық және практикалық жағынан негізделіп отыр. Екіншіден, білім стандарттары жасалып, бағдарламалары әзірленіп, оқулықтары жазылды. Үшіншіден, жеке оқу пәні ретінде оқу орындарына ендірілді.

Бұл мәселені жан-жақты зерттеген ғалым Ш.И.Джанзакованың «Этнопедагогиканы жеке пән ретінде құрудың ғылыми негіздері» [14] атты ғылыми еңбегінде философия мен ғылым әдіснамасындағы ғылыми және оқу пәндері арақатынасының әдіснамалық негіздерін анықтаған, этнопедагогиканың ғылыми пәндік моделі компоненттерінің мазмұны нақтыланған, жеке оқу пәні мәртебесіндегі этнопедагогиканың болжамдық моделі қарастырылған, этнопедагогиканың құрылымдық-мазмұндық-қызметтік компоненттерінің сипаттамасын береді.

Зерттеуде «Этнопедагогиканың» жеке оқу пәні ретіндегі мәртебесі философия мен педагогикалық ғылымтанудағы ғылыми пән мен оқу пәні арақатынасы әдіснамасына сүйеніп анықталды; «Этнопедагогиканың» ғылыми пән ретіндегі теориялық сипаттамасы беріліп, ғылыми және оқу пәні ретіндегі «Этнопедагогиканың» түсініктік-терминологиялық қоры нақтыланды және толықтырылды; «Этнопедагогиканы» жеке оқу пәні ретінде құрудың логикасы сипатталды; «Этнопедагогиканың» жеке оқу пәні ретіндегі құрылымдық-мазмұндық-қызметтік моделі «білім мазмұны», «педагогикалық және этнопедагогикалық білім мазмұны», «оқулық», «оқыту процесі» теориялары мен тұжырымдамалары негізінде құрастырылды; алғаш рет «Этностық дидактиканың», «Салыстырмалы этнопедагогиканың» жеке оқу пәні ретіндегі «Этнопедагогиканың» құрылымындағы орны теориялық тұрғыда негізделді.

Этномәдени білім – білім беру теориясы мен тарихы, мәдениеттану, философия, этнопсихология, этнос теориясының іргелі негіздеріне сүйенетін күрделі педагогикалық құбылыс.

Қазақстанда да бұл мәселелер бірқатар ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапты.

Жоғарыда келтірілген еңбектердің мазмұны бүгінгі таңдағы Қазақстандағы этномәдени білім мазмұнын толық ашады деп есептейміз.

Этномәдени даму эволюциясының осы кезеңінде елімізде ғылыми зерттеулерден басқа этномәдени тәрбиенің авторлық бағдарламалары өмірге келді («Атамекен» (авторы М.Құрсабаев), «Сенім» (А.Қыраубаева), «Кәусар бұлақ» (З.Ахметова), «Қыздар әліппесі» (К.Адамова, К.Ж.Қожахметова, Л.С.Сырымбетова), «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (М.К.Оразаев, М.Ж.Смаилова).

Бұл және басқа да авторлық тәрбиелік бағдарламалар қолданбалы сипаты болуымен қатар ғылыми-теориялық негіздері болуымен де құнды.

Сонымен, Қазақстанда этномәдени білім берудің даму кезеңі еліміздің тәуелсіздік алып, халықтың ана тілі, ұлттық мәдениеті, төл тарихымен толыққанды қауышуға мүмкіндік алған тарихи кезеңнен, яғни 90-жылдардан басталып, бүгінгі күнге дейінгі әзірге қысқа да болса ғасырларға бергісіз аралықты қамтиды. Отбасына, мектепке ұлттық тәрбие қайта оралды, қоғамда халықтық тәлім-өнегеге бетбұрыс басталды, бұл үдеріске қазақстандық педагог-ғалымдар да өз үлестерін қосуда. Соның нәтижесінде:

1. Этномәдени білім, этностық педагогиканың әдіснамалық-теориялық негіздері жасалды (С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева т.б..).

2. Этнопедагогика жеке оқу пәні болып қалыптасты (Ш.И.Джанзакова, Р.Қ.Дүйсембінова, Жарықбаев Қ.Б., Ш.М.Мұхтарова, Ә.Табылдиев т.б..).

3. Этностық-мәдени білімнің тарихи-педагогикалық, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық, этнофилософиялық, мәдениеттанушылық негіздері зерттелуде (М.Х.Балтабаев, Қ.Бөлеев, С.Ғаббасов, Қ.Б.Жарықбаев, Е.Ө.Жұматаева, Б.А.Жетпісбаева, К.Ж.Ибраева, С.Т.Иманбаева, Р.Қ.Төлеубекова, Ұ.Әбдіғаппарова, С.Қ.Әбілдина т.б.).

4. Ұлттық тәрбие, этномәдени білімнің ғылыми-теориялық мәселелерінің терең де жан-жақты зерделенуіне тәлімдік бағдарламалар (М.Құрсабаев, А.Қыраубаева, З.Ахметова, К.Адамова, Л.С.Сырымбетова, т.б.) мен оқулықтар авторлары (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, З.Әбілова т.б.) үлкен үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңы. – Алматы, 1997.
2. Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заң. – Алматы: Юрист, 2003. – 22 б.
3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994
4. Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы. – Алматы, 1995.
5. Қазақстан Республикасында этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. – Алматы, 1996.
6. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. – 280 б.
7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуір 1920-1990). – Алматы: Білім, 1999. – 160 б.
8. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт. автореф. – Алматы, 1993. – 46 б.
9. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
10. Кожаметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасы (әдіснамалық аспект). – Алматы, 1999. – 223 б.
11. Наурызбай Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников: дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 1997. – 357 с.
12. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Қарағанды, 2007. – 48 б.

АДАМНЫҢ АДАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бапасва М. Қ.

*психология ғылымдарының кандидаты
ҚазМемҚызПУ доценті*

Кілттік сөздер: Қарым-қатынас, адамның адамды қабылдауы, идентификация, эмпатия, рефлексия, аттракция.

Аннотация

В статье рассмотрены понятие человекознания, национальные особенности восприятия человека человеком, даны пути эффективной организации форм общения.

Annotation

The article deals with the concept of human cognition, human perception of national characteristics of another person, presented the way of formation of optimal forms of relationships between people.

Адамаралық қарым-қатынастың пайда болуы және табысты іске асырылуы, қатысушылар арасында өзара түсіністік болғанда ғана мүмкін. Өзара түсіністіктің болуы, бір жағынан, басқаның мақсат-мүддесін, мотивтерін, бағдарын түсіну, екіншіден түсіну ғана емес, сол мүдде, мотивтер, бағдарды қабылдау, бөлісу түрінде көрінеді. Осы екі жағдайда да қарым-қатынасқа түсушінің басқа адамды қабылдауының, яғни перцептивті жағының маңызы зор.

Адамды тану ұғымы сыртқы пішінін қабылдаумен қатар, оның өзін ұстауы, мақсат мүдделері, ой, қабілеттері, эмоциялары, бағдарлары тұрғысында өзіндік ой елестерінің қалыптасуын қамтиды әрі қарым-қатынасқа түсушілер арасындағы эмоциялық қатынастардың пайда болуы да қамтылады.

Сонымен әлеуметтік перцепция адамның сыртқы белгілерін қабылдау, оны жеке тұлғалық психологиялық сипаттамаларымен сәйкестендіру, талдап түсіну, соның негізінде келешектегі іс-әрекеттерін болжау деген пікірге жақын.

Дегенмен, адамды қабылдауда, негізінен, ол адамның психологиялық ерекшеліктері мен бағдарлары маңызды рөл атқарады. Әсіресе, бұл айтылғандар алғашқы таныстық кезінде байқалады.

Психологияда қабылданатын объектінің психологиялық қасиеттерін зерттеу де дәстүрлі түрде қалыптасқан. Адамдар қарым-қатынас барысында партнерді бағалауда бақыланатын адамның психологиялық және басқа да қасиеттерін тану арқылы көбірек мәлімет алады.

Сонымен бірге, қабылдаудың табыстылығын қамтамсыз етуге бағытталған әмбебап психологиялық механизмдерді де қарастыруға болады. Оған әлеуметтік перцепция механизмдері жатады. Адамды адамның қабылдауы мен түсінуінің механизмдеріне идентификация, эмпатия, рефлексия, аттракция, атрибуцияны жатқызуға болады.

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үдерсінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбиенің ықпалы арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты.

Қарым-қатынас кезінде адамдар өзін-өзі көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі. Сонымен бірге ол қасиеттері қарым-қатынастарда қалыптаса түседі. Адамдармен қарым-қатынаста адамның азаматтық тәжірибені игеруі, қалыптасқан мораль, құндылықтар, білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, тұлға және дара тұлға тұрғысында қалыптасуы іске асырылады. Қарым-қатынас адамның психологиялық дамуының маңызды факторы.

Адамдар арасындағы қатынастардың қалыптасуы, әдетте олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалануына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің болмысы жөнінде топшылаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық болмыс бітімінің оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет – қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал психологиялық бейне әр адамның қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әртүрлі өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді. Бұлардың бәрі “Жылқы малы кісінескенше, адам баласы сөйлескенше” дегендей әңгімесесу барысында назарға алынып, санада жіктеліп, бекиді де адамның жеке, нақты бағасын беруге негіз болады /1/.

Адамдар көбінесе бірін бірі түсінісуде шектен тыс өзімшіл, субъективті, асығыс қорытынды жасауға бейім келеді.

Адамның өзімшілдігі оның басқаларға баға берудегі өз қабілетін асыра дәріптеуінен келіп шығады. Өзінің кейбір істерге байланысты ой өрісі мен ептіліктерінің мүлтіксіз жұмыс атқаруға жарайтынын пайдаланып, адам сипаттауда да сол қабілетім жеткілікті дегендей жаңсақ ойдың арбауында қалып қояды да, нәтижесінде назарға алған адамы жөнінде қате пікірге тап келеді. Ал онысын өзі сезбейді де, мойындамайды. Мұның түпкі себебі - заттар мен адамдар жайлы қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін жете білмеуден.

Мұндай жаңсақтықтың мәні адамның сол сәттегі өзінің психологиялық күйіне сәйкес, өзінің нақты көріп тұрғаны мен естігеніне сеніп қалады, ал көз бен құлақ арқылы қабылдауы әрқашан адамның жеке көңіл күйінің жағдайына тәуелді. Қандай да адамды қабылдауымыз біздің өзіміздің сол мезеттегі жан толғанысымыз, көңіл күйіміз бен қажетсінуімізге байланысты. Осы тұрғыдан алғанда бағалау барысында адам өз сезімі мен пікір пайымдауына да толығымен сене беруге болмайтынын байқаймыз.

Адамды қабылдауда, негізінен сол адамның психологиялық ерекшеліктері мен бағдарлары маңызды рөл атқарады.

Адамның адамды қабылдауында ым-ишара да мол хабарлаушылық мазмұнға ие. Оларға сүйене отырып, адамның қоршаған ортаға, оқиғаға деген қатынасы қандай екендігі жөнінде пікір айта аламыз. Қимыл-қозғалыс ерекшеліктері, сөз таптауы және т.б. адамның кейбір қасиеттерін, мәселен қулығын, көлгірсуін, алдауын немесе бір сөзге тұратын тұрақтылығын, сөздің емес істің адамы екендігінен мағлұматтар алуымызға негіз болады /2/.

Осы орайда қазақ халқының даналық ойларына талдау жасап қарасақ, адамды қабылдау, оның іс-әрекеті мен жүріс-тұрысынан, сөз саптауынан, басқалармен қарым-қатынасынан, өзгелерге, өзіне беретін бағасын байқауға болады. Мәселен, қазақтың турашыл биі қаз дауысты Қазыбек би қазақ халқын қалмақ қонтайшысы Қалдан Церенге таныстырғанда, ұлттың бүкіл болмыс бітімі, намысы, қайсарлығы, бейбіт өмірді қалайтын, жүрегі мейірімді халық екенін оның дұрыс қабылдай білуіне мүмкіндік жасағанын көруге болады.

Атақты Қазбек би қазақ халқы туралы қалмақ қонтайшысы Қалдан Церенге:

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,
бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт береке қашпасын деп,
найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.

Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса құн боламын деп тумайды,
Ұл мен қызды қаматып, отыра алмайтын елміз.

Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесе, шабысқалы келгенбіз.
Сен-қабылан болсаң, мен-арыстан,
Алысқалы келгенбіз.

Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз,
Тұтқар сары желіммін, жабысқалы келгенбіз.
Берсең жөндеп бітіміңді айт,

Не тұрысатын жеріңді айт» - деп, өзгеге өз елі туралы баға беруі, қазақ елінің ерекшеліктерін, өзіне тән мінез-құлқ құрылымын, ұлт ретіндегі даралығы мен жаратылысын түсіндіру арқылы қалмақ ханының қазақ халқы жайлы өзіндік қабылдауына түрткі болғаны сөзсіз /3/.

Адамның көңіл-күйінің немесе өтіп жатқан психикалық процестердің өзгеруіне қарай күрделі психикалық құрылымдар да үздіксіз құбылып отырады. Әрбір жаңа құрылым мимика, пантомимика, дауыс екпіні, сөйлеу нақышымен сүйемелдене отырып, басқа адам үшін сигналдық және хабарлық болып табылады.

Адамның адамды қабылдау ерекшеліктерін танып білуге арналған зерттеулер, эмоциялық күйді танып ажыратуға бет-әлпет өзгерісінің аса зор маңызы болатынын ерекше ескеріледі. Адамның әрекетін, қимыл-қозғалысын, қылықтарын, қызметін бақылай отырып, адамдар бір-бірі жөнінде алған өз әсерлерін ой елегінен өткізеді және ішкі психологиялық мазмұнға терең үңіледі, адамның ынта-сезім, әдет, сенім, мінез, қабілеттерін танып біледі.

Адамның қылықтарының сыртқы көріністері олардың ішкі мазмұнының бар шындығын ашық көрсете алмауы мүмкін. Сондықтан қарым-қатынас барысында әңгімелесушілердің психологиялық күй-жайларының жай ғана бейнеленуі болып табылмайды. Ол адамның басқа адамды психологиялық тану процесіне айналады. Қарым-қатынас процесі адамның мінез-құлқын да жөнге салып отырады.

Ойлы, сырлы әндерімен, сазгерлік қабілетімен бүкіл қазақ даласына танылған өнер иесі Ақан сері адам психологиясын да жетік ажырата білген. Мәселен, «Қыз сипаты» өлеңінде бойжеткен қыздардың жеті түріне өзіндік психологиялық мінездеме береді. Мысалы,

Бірінші, бір қыз келер ақша маңдай,
Жамағат, үлкен кіші мақтағандай.
Анадан туғаннан –ақ болып дана,
Әлініше, жақсыларды жақтағандай, - десе,

Төртінші, бір қыз келер қара торы,
Бұлғақтар шекесіне таққан шоғы.
Өз ісін өзі білмей, жұртқа күлер,
Білініп жүрсе дағы нәзік жолы, -
деп сипаттауынан екі бойжеткеннің біріншісін ақылы көркіне сай, өнегелі, парасатты деп қабылдаймыз, ал төртінші қызды «жеңіл жүрісі» бар, ар намысты аяққа басқан, теріс қылығымен танылған деп қабылдаймыз.

Біздің дана халқымыз «Елді кебенек ішінен таны,»- деп үйретеді. Бұған дәлел «Аяз би» ертегісінде еріккен хан «... дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын, шөптің жаманын тауып әкеліндер» дегенде уәзірлері қойдың соңында жаяу жүрген, киімі алба-жұлба бір адамды аттың артына отырғызып алып келетіні бар. Уақыт өте келе өзінің әлгі жаманның жаман болмай, дана болғаны да белгілі. Сондықтан жоғарыда айтылған халық даналығының мәнін дұрыс түсінгеніміз, адамның қабылдауына байланысты. Оның жан дүниесін түсінуде, онымен қарым-қатынас жасауда жаңылмайтындығымыздың шам-шырағы іспеттес.

Шаруасы кедей болғанмен, жырларына қарағанда, Бұқар жырау асса – Абылай билеген Орта жүзге, қалса – өз руы Арғынға аса беделді болады. «Керей, қайда барасың?» деген жырында ол өзін Арғын руының басты адамы ғып сөйлейді: «Арғын деген арыспын, азуы кере қарыспын, сен - бұзау терісі шөншіксің, мен өгіз терісі талыспын»- деп өзіне сипаттама беруінен, жыраудың тұлғасын қабылдауда, оның жайдан жай адам емес екенін, жүректі, білекті, азулы, ақылды адам ретінде қабылдауға негіз болды.

Қара Ертістің қанатында ойраттармен болған ұрыста Есім ханның өзінің де ұрыста ерен қатты күш көрсетуінен «Еңсегей бойлы ер Есім» атауы да көпшіліктің адамды ерекше тұлғасы мен қайрат-күшіне қарай қабылдауынан туғандығын көрсетеді.

Төле би өмірден өткенде Қазыбек би: «Төле өлді дегенше дүниедегі әділет өлді десеңші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім хан жеткен» - деген пікірінен тірісінде Төле мен Есім бейнесін бағалаудағы яғни, қабылдаудағы ерекшеліктері, олардың ірілігін тани білгендігін байқатады. Шешендігімен ел ішінде белгілі болған Майқы биді заманында - «Қарқуардай Майқы» деген екен. Қарқуар деген құс ертеден сайрағаннан талмай түннің бір шамасында сайрауын қояды екен. Содан таң құлан иектене қайта сайрайды деседі. Майқының шешендігіне тәнті болған жұрттың қабылдауында осылайша атау негіз болған сияқты /4/.

Дана Абайдың:
«Құрығы шаян, беті адам,-
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,

Кез болар қайда сорлығы» деген өлеңінде адамға берілген психологиялық мінездемеден бұл адамды кара ниет, жылпос, пайдакүнем деп қабылдауға бағдар береді.

Тағыда Абай:

«Кісіге қарап сөз алма

Сөзіне қарап кісіні ал», - деген ғибратында ақын кейде адамның сырт бейнесі, болмыс бітімі алдамшы болуы да мүмкін, сондықтан адам өз ісімен, сөйлеген сөзімен, адамдармен жасаған қарым-қатынасымен өзінің кім екендігін хабар береді деген ойды жеткізеді./5/

Адамның адамды қабылдауы әрине өте күрделі процесс. Болашақ психологтарды адамдармен қарым-қатынас жасаудың құрылыммен таныстыру, олардың көңіл-күйін, эмоциялық жағдайларын қапысыз тани білуге машықтандыру біртіндеп жүзеге асырылады. Мұндай машықтандырудың формаларын тиімді ұйымдастырудың да маңызы ерекше. Мәселен, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға арналған тренингтер, аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдерді оқып - талдау, танымал тұлғалардың ғибратты өмірімен танысу, айналасындағы адамдарды танып білу, оларды бағала, өзін бағалай алуға бағыт бағдар беру және т.б. Осы орайда психологияны оқыту барысында студенттерге төмендегідей сауалнамалар қатары құрастырылып, жауап беру ұсынылды:

1. Адамның қандай ерекшеліктеріне қарай бағалайсың?
2. Бөтен адамды алғаш көргенде алдымен ол адам туралы не ойлайсың?
3. Адам туралы қалыптасқан ойларыңыз кейде өзіңіздің сол адам жайлы пікіріңізді өзгертуі мүмкін бе?
4. «Түсі игіден түңілме» деген нақыл сөзбен келісесіз бе?
5. Адамның сырт болмысына қарап бірден баға бересіз бе? Әлде...
6. Суретіне қарап адамға нақты сипаттама бере аласыз ба?

Сауалнаманың нәтижесінен студенттердің адамды қабылдауларында өзіндік ерекшеліктер бар екені байқалды. Сауалнамадан соң, оларға адамның адамды қабылдау ерекшеліктерін қазақ халқының ертегі, аңыз, әңгімелері желісінен, тарихи оқиғалар мен өмірден, мақал-мәтелдерден анықтау тапсырмасы берілді.

Қарым-қатынас барысында адамдар бір-бірімен пікірлесіп, ойын бөлісіп, өзін тануға, өзгені тануға, оған баға беру деңгейіне дейін көтеріледі. Бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде адамның адамды қабылдауы жүзеге асады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абеуова И. Ә., Ермекбаева Л. К. Әлеуметтік психология. Оқу құралы - Алматы : "Эверо", 2012. - 238 с.
2. Большаков В.Ю. Психотренинг: Социодинамика. Упражнения. Игры. – Москва., 1996
3. Төрешұл Н. Даланың дара ділмарлары.- Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2006, - 592 бет.
4. Жеті ғасыр жырлайды. XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. - Алматы : Жазушы, 2004 - .
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедия», Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. 2011.

ЭТНОПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Айтжанова Р.М.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды

мемлекеттік университетінің доценті

Қарағанды қ.

Кілттік сөздер: Эндогамиялық принцип, табиғилық принцип, халықтық принцип, мәденилік принцип, этноәлеуметтік рөлдер.

Аннотация

В статье на основе принципов этнопедагогика, связанных с национальным самосознанием, духовным наследием, языком, историей, традициями коллективного и личного воспитания, рассматривается их теоретическое и практическое влияние на познавательный и учебно-воспитательный процессы.

Annotation

On the basis of the principles of ethnopedagogics related to national identity, spiritual heritage, language, history, traditions, collective and personal education, it is considered their theoretical and practical impact on the cognitive and educational process.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған міндет – жас ұрпақ бойындағы ұлттық сананың өзін жетілдіріп, отаншылдық сүйіспеншілікті, халықтық қалыпты берік сақтау. Бұл жолда ең алдымен ұрпақ тәрбиесін қолға

алып, оларды өз этносының төл тума тарихымен сусындатуымыз қажет. Демек, әрбір адам ұлттың этникалық сипаттарына жататын және соған сай этникалық сана-сезімде көрініс беретін мәдениеттің тілдің, мінез-құлықтың, тарихи тағдырдың тағы басқа құндылықтардың жалпылығын бірдей бөлісіп, белгілі бір мөлшерде түйсінген жағдайда ғана ұлттың өкілі ретінде қалыптасып, өз ұлтының толыққанды мүшесі бола алады.

Сонымен қатар, бүгінгі болашақ мамандарды даярлаудың басты мақсаты – жаһандану жағдайында әрбір азаматтың ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп өсумен қоса әлемдік мәдениетті қатар меңгеруін, сол арқылы бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуын көздейді. Бұл студенттің білім кеңістігінде өздігінен іздену мен әрекет ету дағдыларын меңгеруге оқытушы бағыты арқылы, дербес еңбегінің нәтижесінде бағдар алуын қажет етеді және жастардың заман талабына сай білім алуының негізгі көзі ретінде қарастырылып, олардың тұлғалық және кәсіби дамуының негізгі құралына айналады.

Біздің қарастырып отырған принциптеріміз этностың тұлғасын қалыптастыратын тұстарын теориялық және практикалық тұрғыдан танып білуді және оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдарын меңгеруді көздейді.

Этнопедагогика ғылымының принциптері төмендегідей:

- *Эндогамиялық принципі* - ұлттың биологиялық тұрақтылығын, төлтума бітімін сақтап, оның жойылып кетпеуінің алдын алады. Бұл принцип аралас некенің сандық шегін анықтап, одан асу ұлтқа қауіп төндіретіндігін ескертеді. Ол шек он-он бес пайыз аралығында. Бұл шамадан шығу аз ұлттардың болашағын екіталай етіп, басқа ұлтқа сіңіп, ұлт ретінде жойылуына әкеледі [1, 87б.]. Кезінде Л.Н.Гумилевтің «қан-аралас некеге» қарсы шығуы ресми билік пен партия органдары тарапынан өткір сынға ұшырап, қудалауға түсті. Қазақстанға жер аударылуының өзі осы ойынан кейін болған деген әңгімелерде болған екен.

Ғалымды сынаушылар былайша тұжырым жасады: «Мұндай байлам дұрыс емес және партиямыз бен социалистік мемлекетіміздің ұлттарды жақындастыру, болашақта оларды біртұтас кеңес үкіметінің халқын біріктіру мақсатына мүлдем қайшы». Біздің ойымызша, бұл мәселе өте күрделі, көп қырлы және мұқият зерттеуді талап етеді. Бұл мәселені негіздеп алмай, бұндай көзқарасты қолдау немесе теріске шығару өлшеусіз зардаптарға соқтыруы әбден мүмкін. Эндогамиялық идея, этностың ерекшеліктерін сақтаудың құралдарының бірі ретінде этнологтардан әділ бағасын алуда. Сондықтан да, полиэтникалық аймақта өмір сүріп отырған этнос субъектісі үшін бұл принцип өте құнды. Өйткені, өмірдің өзі көрсетіп бергендей, кеңестік интернационализм қазақ елінің сарыла күткен үмітіне жол аша алмады, керісінше, эндогамиялық принциптің жүзеге аспауынан аралас некелер көбейіп, оның нәтижесінде туған тілінен, туған тарихынан, рухани негізінен қол үзген, басқа этнос өкілінің құндылықтарын тұтынуға бейім, дүбәра (ұлт өкіліне) жұртқа айналды. Осы жерде мынадай мәселелерге көңіл аударғанымыз жөн. Қазақстанда қоныстанған кейбір ұлт өкілдері мысалы, еврей, кәріс ұлтының қыздары басқа ұлт өкіліне тұрмысқа шыққанымен, өзінің баласын тек қана еврей немесе кәріс ұлтының өкілі ретінде тәрбиелейді. Ал шешен халқы ұлдарының басқа ұлт өкілдеріне үйленгеніне қарсы болмайды, керісінше, қыздарын басқа ұлт өкіліне бермейді. Себебі қыз бала - болашақ ана. Баланың өмір сүру салты, мәдени нысандары, халықтың әдет-ғұрыптары, туған тілі, өз халқының рухани құндылықтары, өмірлік қажеттіліктер және тағы басқалар ана тәрбиесі арқылы балаға әсер етеді. Осының барлығы жаңа ұрпақтың мінез-құлық ерекшеліктерін біртіндеп дамытады.

Г.Н.Волковтың мойындауы бойынша этнопедагогика ғылымында үш өсиет бар [2, 67б.]. Оның біріншісі – табиғилық, екіншісі – мәденилік, үшіншісі – халықтық. Соның ішіндегі табиғилық принципі педагогикаға философия категориясынан бұрын келіп жетті. Жер шарында тұратын халықтардың барлығы да бұл принципті ескермей бала тәрбиелеген емес. Осыған орай психологиядағы ғылыми принциптердің біріне географиялық детерминизм принципі жатады. Бұл принциптің мән-мағынасы адамдардың психикалық ерекшеліктерін зерттеу барысында оның өмір сүріп отырған ландшафының тұрмыс қалпын ескеру керектігі жөнінде айтылады.

Этнопедагогикадағы қарастырылатын *табиғилық принципі* мыналарды болжайды:

- биологиялық организмнің витальдік ерекшеліктерін ескеру;
- жыныстық-жастық дифференциация (ұл мен қыздың жыныстық жетілу кезеңі даму процесіне белгілі бір дәрежеде ықпал етеді).

Берілген принциптің әр түрлі адамдарда кездесетін тұқымқуалаушылық факторымен сәйкестенген. Әрине, тәрбие кезінде бұл принцип басым болмауы керек. Керісінше бола қалған жағдайда биологиялық редуционизмнің шектен шығып кетуіне әкеледі. Сондықтан да бұл принцип басқа принциптер тәрізді кешенді түрде қаралуы тиіс. Оның ішінде мәденилік принципімен қоса.

Мәденилік принципі - тұқымқуалаушылықтан кейін жеке тұлғаның қалыптасу мен дамуына жетекші фактор болып әлеуметтік орта (қоғам) табылады. Бұл фактормен толық түрде мәденилік принципі сәйкес келеді. Бұл берілген принциптің мәні, жеке тұлғаның ментальді ерекшеліктерін есепке алумен анықталады.

Этноәлеуметтік рөлдерді меңгеру принципі - әлемде өмір сүру мәдениетін тәрбиелеудің өзекті міндеті - қоғамда тек қана жапандық жер беті мәселесіне кірісіп қана қою емес, сондай-ақ ғарыштың ғаламдық үрдістеріне де қатысу. Адамды өмір сүру кеңістігінде кең ауқымда педагогикалық талдау, оны бүкіл әлеммен байланысқан біртұтастық деп түсінуге, сондай-ақ адамды жер шарының ғана емес, ғарыштың бір бөлігі деп ұғу мүмкіндігін береді. Мұндай талдау адамның полностік-өрісті өмір сүру теориясы тұрғысынан қарастырғанда болашағы бар (В.Шубинский) [3, 80б.].

Енді олардың әрқайсысына түсініктеме бере кетелік. Биологиялық тұрғысы адамның физиологиялық «тән-дене» ерекшеліктері, оның тірі ағза әлеміне кірісетіндігін сипаттайды. Психологиялық өріс - өмірде кездесетін адамдарға ғана тән емес, басқа да жан иелеріне қатысты психикалық үрдістерге енген (саналы және

санадан тыс) психиканы сипаттайды. Әлеуметтік-технологиялық өріс адамдардың тарихи үрдістерге, техника әлеміне, ғылыми-техникалық прогреске қатынасын, әлеуметтік (қоғамдық) және технологиялық өмір өлшемдерін сипаттайды. Табиғи-ғарыштық өріс адамның барлық табиғи ортамен, барлық әлемдік үрдістермен байланысын анықтайды. Философтар көрсеткен адам - біртұтас биопсихо-әлеуметтік табиғи ғарыштық жүйедеген теориясымен келісе отырып, полюсті-өрісті теория келешекке педагогикалық теориялар жасауда адамның өмірінің философиялық танымдық негізі болады. Оқыту мен тәрбиелеу негізгі полюсті тіршілікте өмірге адам дайындауға бағыт ала отырып, тұрмыстық қайшылықтарды саналы қабылдап, жолын табуға үйретеді.

Әзірше теорияда да, тәжірибеде де мұндай бағдар алу қаралмаған. «Этнопедагогика», «Этнопсихология», сондай-ақ, «Өзіндік таным» пәндерінің мазмұнын негіздеуде ғалымдар соңғы жылдары жетілдіріп келе жатқан адамның био-психо-әлеуметтік мәні туралы идеясының мағынасы зор (В.Созонов). Адамда өзінің мінез-құлқына әсер ететін, ештеңеге бағынбайтын өзіндік даму көздері: өзінің міндеттері, өзінің механизмдері, өзінің тетігі сияқты үш сала тұжырымда қарастырылған. Осы үш құрамдастықтың бірлігінде адамның жеке адамдық өзіндік даму көзі қалыптасқан. Онда әрқашан «істей аламын», «керек етемін», «қажет» деген үш күш өмір сүреді және күреседі. Бұл бөлімдерді құрылымдық пирамида түрінде көрсетуге болады: - Төменде салмақты биологиялық бөлім («істей аламын»); - Жоғарыда (оның астында) аздап психикалық бөлім («керек етемін»); - Ең жоғарыда, жұқа қабатта әлеуметтік бөлім («қажет»).

Бұл осындай шешім, нәтиже, сондай-ақ қоғамнан берілген, алынған өзіндік тұлға деп аталатын биіктік. Темперамент биологиялық саланың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады (және оның ішінде хал-жағдайы). Темперамент адамның мінез-құлқына және оның үдемелі конфигурациясына өзін көрсету үлгісіне өзіндік із қалыптастырады. Өмір ағымында темперамент өзгермейді, сондай-ақ, күшті мызғымайтын іргетас іспетті біздің мінез-құлқымыздың тұрақтылығы мен қалыптатылығын, өміршеңдігін қамтамасыз ете отырып «бүкіл қабаттардың» жүгін арқалайды. Бұл біздің туа біткен қасиетіміз. Жалғыз-ақ, мұғалімнің қолынан келетіні тәрбиеленушінің жаны мен тәнінің саулығын нығайту. Адамның ішкі дүниесі өзінің ішкі әлемі мен өзіне қымбатты «Мен» деген психикалық сезімі биологиялық іргетасқа тірек болады. Бұл «жерде өзін көрсету, өзін байқату, өзін-өзі жүзеге асыру сияқты ішкі жағдайларды қалыптастыруда табылады.

Туа және жүре қалыптасқан талпыныстар, қажеттіліктер, себептер, қызығушылық пен сезімталдық жетекшілік етеді. Адамның психикалық жағдайын, мінез-құлқының қалыптасуы мен психикалық даму үдерісін анықтауда тіректі био-психо-әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыру (қорғануға, мойындатуға, өзін іске асыруда және т.б.) дәрежесінің зор маңызы бар. Осы аталған қажеттіліктердің қаншалықты толық және жақсы орындалуы, субъектінің өзіндік қарым-қатынасы мен «Мен - тұжырымдамасына» байланысты. Психикалық адамның негізі оның мінез-құлқының ауқымды бөлігін анықтайтын «Мен - тұжырымдамасы». Оның үйлесімді және үйлесімсіз «Мен - бейнесінде» біздің барлық құпия мінез-құлықтарымыз, ерлік істеріміз бен пасықтық сатқындығымыз жасырын жатыр. «Мен тұжырымдамасы» адам өмірінің алғашқы күндерінен қалыптасады, солай бола тұрса да оны түзетудің өзі қиын. Бұл үдерісте маңызды орын тәрбиеге тиесілі. Ақырында әлеуметтік сала қоршаған ортаға қарым-қатынасы сияқты психикалық «бөлімге» бейімделеді, дүниеге көзқарас-сенімдері, көзқарастар, идеялар сияқты жүйе ретінде адамды іс-әрекетке саналы түрде шешімдер шығаруға жетекшілік жасайды.

Сондықтан да, біз оны табиғи таланты мен қабілетін арттырып, даралығын өркендете отырып, тәрбиелеуіміз қажет. Қазақ этнопедагогикасы әдіснамасындағы этноәлеуметтік-рөлдік тұрғы. Оның маңыздылығы адамды жастайынан бастап, өмірінің соңына дейін этноәлеуметтік рөлдерге тарту болып табылады. Негізгі құрал - салттар мен этноәлеуметтік рөлдердің мазмұны. Бұл жерде біз қазақ халқының «Жігіттің үш жұрты бар» деген қағидаға негіздей алып отырмыз. Біздің тұжырымдамалық тұрғыда әр адам белгілі бір этностың екілі ретінде этноәлеуметтік рөлдерді игерудің арқасында өзінің дамуында көптеген этникалық сатылардан өтеді.

Әрбір этноәлеуметтік рөл белгілі бір этнос өкілінің тұлғалық сапасы мен қызметі, осы рөлді орындауға қатысты міндеттерінің бір түрі болып табылады. Қазақ халқы - туыстық қарым-қатынасты бағалайтын және ардақтайтын халық. Осылайша, әрбір қарым-қатынас және іс-әрекеттің өзара қарым-қатынастың белгілі нормаларына (салт-дәстүрлерге) сай қарапайым негізделуі, сырттай салттар мен рәсімдерде көрініс табу арқылы өзінің сабақтастығын көрсетеді.

Демек, байланыстың туысқандық түрлері туысқандық қарым-қатынас арқылы, өзінің рөлдік қызметіне сай келетін іс-әрекеттер - бұл этноәлеуметтік рөлдер. Бұдан шығатын нәтиже, осы кезеңде қазақтың этникалық тәрбиесін жаңғырту, өз халқының ішінде тамырын тереңге жіберіп, мәдениет болып қалыптасқандығы, оның этноәлеуметтік рөлдер жүйесінде, «Жігіттің үш жұрты бар» деген ұстанымында, «Қарғатамырлы қазақ» мәтелінде және т.б. көрініс береді деп ойлаймыз. Тұлғаның дамуы этностың субъектісі ретінде этноәлеуметтік рөлдер жүйесін игеру өмір ағымында өмірлік қызмет пен үдемелік үдерістер қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік рөлдерді этноәлеуметтік рөлдер жүйесінде диалектикалық бірлікте игеру, тұлғаның қалыптасу үрдісі мен оның дамуы нәтижесінің негізі болып табылады. Кез - келген этноәлеуметтік рөлдерді игеру мен орындау үдерісі тұлға дамуының кіріктірмелі даму сипаттамасы болып табылады.

Тұлғаның рационалды, әсершіл, жігерлі, адамгершілікті, сыпайы, тәжірибелі болуы оның этноәлеуметтік рөлдерді орындауда және игеруінде өз көрінісін табады. Бұл жерде, ниет, талап, іс-әрекет және нәтиже бірігіп бір тұтастықты білдіреді.

Демек, тұлғаның этникалық тәрбиесінің өлшемі оның белгілі бір этноәлеуметтік рөлдерді толыққанды

орындау қабілеті мен дайындығының нысаналы сипаттамасы. Тәрбиенің этноәлеуметтік рөлдерінің ықпалы қазаққа сақталған туыстық қатынастарға және этикалық тәрбиеге өз әсерін тигізіп отырып, қазақтың этникалық тәрбиесінің кешенді құралы болып табылады.

Этноәлеуметтік рөлді жақсы игерген адам өзін кез-келген ортада жақсы сезінеді, өйткені тұлғалы-рөлдік бағыт бұрынғыдан бері қазақтардың қарым-қатынасының ұлттық этикеті болып табылады. Этноәлеуметтік рөл – адамның өзін-өзі көрсетудегі мінез-құлық және қарым-қатынас нормасының кешені; әр адам туғаннан-ақ этнос мүшесі; адамда этнос өкілі ретінде туыскандық қатынастың үш арнасы бар: өз жұрты; нағашы жұрты; қайын жұрты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Этносфера: История людей и история природы. – М.: Экспрос, 1993. – 87 с.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Москва, 2000. – 67 с.
3. Қожахметова К.Ж. Ұлттық тәрбие. – Алматы. Абай атындағы ҚҰПУ. -№2 мамыр, 2010. – Б. 80.

«ҚҰНДЫЛЫҚ» ЖӘНЕ «АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

Сламбекова Т.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің проф.м.а.
Астана қ.*

Кілттік сөздер: құндылық, адами құндылық, ұлттық құндылық, адамгершілік, жеке тұлға, борыш, бақыт, өмір мәні.

Аннотация

В статье раскрываются взаимосвязь понятий «ценности» и «человеческие ценности», а также категории человеческих ценностей как счастье, смысл жизни, нравственный идеал, свобода, ответственность и их значимое место в жизни человека.

Annotation

The article describes the relationship of the concepts of "value" and "human values" as well as categories of human values as happiness, the meaning of life, the moral ideal of freedom, responsibility and their important place in human life.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мақсатында экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру көзделген, сонымен қатар жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру міндеттері де айқындалған [1].

Жеке тұлға мен қоғам капиталының жандануы адам өмірінің негізгі өзегі болып саналатын адамгершілік, ұқыптылық, ар мен намыс, парыз және жауапкершілік, игілікті іс тәрізді жалпы адамзаттық қасиеттерді шынайы түрде талап етеді. Осыған орай қазіргі қоғамның мақсаты жалпы адами құндылықтарды қалыптастыру болғандықтан, бұл мәселе өзінің әлі де болса көкейкестілігін тоқтатпайды.

Ұрпақтың бойында адами құндылықтарды қалыптастыру мәселесі барлық кезеңдерде де көкейкестілігін жоғалтпай, үнемі педагогика ғылымдарының зерттеу объектісі болды. Оның тиімді үлгілерін ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі мен теориялық-педагогикалық негіздері көптеген ғалымдардың, философтардың еңбектерінен орын алды: Аристотель, Платон, Сократ, алыс және жақын шетел педагогтары: Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, И.П.Подласый, И.Ф.Харламов, Л.И.Божович, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Ж.Намазбаева, Қ.Б.Жарықбаев және т.б.

Ұлттық құндылықтарды Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари тәрізді қазақ даласының ойшылдары, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев тәрізді ағартушылары, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов тәрізді ХХ ғ. педагог-ағартушылары да өз еңбектерінде қарастырған. Сонымен қатар бұл мәселе философтар мен мәдениеттанушылардың еңбектерінен орын алған: С.Торайғыров, Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, Ғ.Есім, Т.Ғабитов, т.б. [2].

Еліміздің бірқатар ғалым-педагогтары адамның адами табиғаты, адамгершілік қасиеттері, адамгершілік болмысы, тәрбиесі, құндылықтары жөнінде де маңызы зерттеулер жүргізген: Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Ғ.А.Уманов, А.П.Сейтешев, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Р.К.Төлеубекова, А.Н.Ильцова, А.А.Калюжный, А.А.Бейсембаева, Г.К.Нұрғалиева, Г.Т.Хайруллин, Б.Ы.Мұқанова, Т.С.Сламбекова және т.б.

[3;4].

Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік XIX ғасырдың ортасында пайда болған. Бұл мәселені құндылықтар теориясы немесе аксеология (грек тілінде «axis» - құндылық және «logos» - ілім) шешуге ұмтылады. Аксеология – құндылықтар жаратылысы, оның нақтылықтағы орны мен құндылықтың әлемдегі құрылымы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлармен тұлғаның құрылымы арасындағы әртүрлі құндылықтар байланысы туралы ілім. Аксеология философиялық зерттеудің дербес аймағы ретінде болмыс ұғымы екі элементке ыдырағанда ғана пайда болды: нақтылық пен құндылық әр түрлі талап пен ұмтылыстар объектісі ретінде қарастырылады да, аксеологияның басты мақсаты – болмыстың жалпы құрылымындағы құндылық мүмкіндігін және оның нақтылық айғақтарына деген қатынасын көрсету болып табылады [5].

Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берген. Сонымен қатар, неміс философтары Кант пен Гегель құндылықтар мәселесіне назар аударып талдаулар жасаған.

Философияда көптеген ғалымдар «құндылық» ұғымының мазмұнын заттар мен қоғамдық және табиғи құбылыстарды өлшейтін адамзаттық және әлеуметтік категория деп қарастырады. Кеңінен тараған «құндылық» ұғымына берілген пікірлерді қарастырайық. Мәселен, философ В.А.Василенко және басқа да зерттеушілер «мағыналық» ретінде құндылықтарды материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандырудағы әдіс-тәсіл, пайдалылық деп қарастырса, ал И.С.Нарский, У.Хетчер сияқты зерттеушілер «құндылықтарды» идеал деп қарастырады, яғни құндылықтар дегеніміз амал-тәсіл емес, мақсат, тиесілілік емес, тиістілік. Бұл көзқарас этикада да кеңінен таралған. Философия мен әлеуметтануда бұл ұғым объектілер, құрылыстар, олардың қасиеттері, қоғамдық идеалдарды құрайтын идеяларды білдіреді делінген.

Философ В.П.Тугариновтың пікірінше, құндылықтар болмысты танудан келіп шығады, олар танып білуге болатын нақты фактілер, қоғам мен табиғаттың мәнді жақтары адамзаттың іс-әрекеті мен қоғамдық тарихи тәжірибесі процесінде жасалады. Философиялық тұрғыдан алғанда, құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, яғни адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндердің барлығы болып табылады.

Психологиялық тұрғыдан, құндылық қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәні бар және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың белгілі бір құбылыстары. Сонымен бірге құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет етеді. Олай болса, құндылық біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және адамның адами әрекеттері, екіншіден, моральдық нормалар, принциптер, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары.

Құндылықтар категориясы – философиядағы, әлеуметтанудағы, психология мен педагогикадағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен, құндылық бұл философиялық және әлеуметтік ұғым, біріншіден, қандай да бір объектінің сапалық сипаттар мен салыстырғандағы оң және теріс маңыздылығын (заттық құндылықтар), екіншіден, қоғамдық сана құбылысының нормативті, ұйғарымдық-бағалаушылық жағын (субъективті құндылықтар мен сананың құндылықтары) білдіретін философиялық және әлеуметтік түсінік екені анықталған.

Ғылыми еңбектерге талдау жасау барысында 14 құндылықтың бар екендігі байқалды: *адам өмірі, еркіндік, адамгершілік, қарым-қатынас, отбасы, жеке бақыт, ұрпақ көбейту, әрекет мәні мен күнкөріс көзі ретіндегі жұмыс, игілік (кіріс, денсаулық), инициативтілік (дәстүрлі құрметтеу), тәуелсіздік, мейірімділік, беделділік, заңдылық.*

Сондай-ақ, құндылықтарды *біріншіден*, өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас және материалдық, рухани қажеттіліктерді өтеу процесіндегі қалыпты нәрселер деп анықтасақ, *екіншіден*, құндылықтар – адамдық қасиеттер. Ол қасиеттер бала кезден ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, адамгершілік негіздері ретінде өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Сөйтіп, осы қасиеттер, адам бойында моральдық жауапкершіліктер жүктеп оның сезімін айқындай түседі.

Құндылықтар – тәрбие процесіндегі адамгершілікке бағытталған идеалдар, оларға: *шындық, қарапайымдылық, тұлға, бостандық, пайда, махаббат, шығармашылық* және т.б. жатқызуға болады.

Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы қабылданады. Олар – құрметтеу, қошеметтеу, түсіну, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді және ол сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын, сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді.

М.А.Гусаковский, М.В.Богуславский, Г.Б.Корнетов сынды зерттеушілер мынадай ең жоғарғы құндылықтар иерархиясын ұсынады: *Адам, Денсаулық, Өмір, Жанұя, Отан, Жер (планета), Адамзат, Бейбітшілік, Еңбек, Білім, Мәдениет, Даму.*

Ғалым Н.Е.Щуркова құндылықтар иерархиясын пирамида түрінде ұсынады. Н.Е.Щуркова ұсынған «құндылықтар» пирамидасының негізі жалпыға мәлім жалпы адамзаттық құндылықтарды алғанымен, қазіргі қоғамның дамуына әсер ететін негізгі факторлар: *отбасы, білім, мәдениет, ұлт* қарастырылмаған.

Қазақстандық ғалымдар оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу тұжырымдамасында қазіргі жаңа ұстанымға сүйене отырып жалпы адамзаттық құндылықтардың ішінен: *Адам, Жер, Ұлт, Отан, Бейбітшілік, Мәдениет, Еңбек, Білім, Отбасын* іріктеп жүйелеген.

Жеке тұлға бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептердің рөлі С.Ғаббасовтың «Халық педагогикасының негіздері» атты жинағында берілген. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру

оның туған кезінен басталуы керек деген. Осы пікірлерден байқағанымыз берілген бұл жүйелер бірдей болмағанымен, олардағы құндылықтар тізімінде ортақ көзқарас бар және оларды біріктіріп тұрған гуманистік бағыттылық.

Қарастырылған барлық жүйелерде «Адам» ең маңызды құндылық болып табылады. Осы адамға сипаттама беретін, адамның тұтастығын беретін құндылықтар адами құндылықтар болып табылады.

Адами құндылықты әркім өз деңгейінде қозғап, әрқалай түсінеді және түсіндіруде. Адамдық өмірдің мәнісін, тұлғалық болмыстың негізін, кісілік қасиеттердің құндылығын, азаматтық сапаның сабақтастығын ұқпай жаңа мүмкіндіктің не екенін ұғыну, адам капиталын үйлестіру, толықтыру мүмкін емес.

Адами құндылықтар туралы саяси және азаматтық көзқарастар әрқашан бір-бірімен үйлесе бермейді. Бірақ қос көзқарас бір арнада тоғысқанда өзекті мәселені дұрыс түсіндірудің дүниетанымдық бағыты тұрақтанады немесе адам факторының рөлін жетілдірудің тың жолдары ұсынылады.

Адами құндылықтарды мазмұны әр түрлі қасиеттер құрайды. Солардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталайық:

Ізгіліктілік – этиканың жеке моральдық санасының негізгі категориясы. Этикалық ұғымдардың барлығы осы категорияға негізделген. Ізгіліктілік – жалпылама түрде моральдық сананың көрінісі. Ізгіліктілікке жалпылама түрде анықтама берсек, ол – адам үшін маңызды, адам мен қоғам үшін қажетті жағдай. Ізгіліктілік гармониямен, үйлесімділікпен, сәттілікпен, т.б. ассоциацияланады.

«Жақсылық», «игілік» ұғымдары көбіне синоним ретінде жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданылады. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін бағалы игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Күнделікті санада игілік – адамның субъективті бағасының нәтижесі. Ізгіліктілік ұғымы моральдың қалыптасу процесінде пайда болған. Ол табиғи құбылыстармен байланысы жоқ құндылық ретінде қабылданады. Ізгіліктілік – алдын-ала ойластырылған, ерікті, моральдық идеалға жанасатын әрекет сипаты. Осы категорияның мазмұны адамгершілік идеалына жетуге байланысты айқындалады. Олай болса, ізгіліктілік – идеалға жетуге ұмтылыс [4].

Моральдық борыш – индивид мінез-құлқын бақылау формасы және адамдар арасындағы қарым-қатынастың бейнесі. *Борыш* – адамның ішкі талап-тілегі, моральдық идеал ұйғырымын орындау қажеттігін сезіну. Кейбір ойшылдар (Ницше және т.б.) борышты сезінуді жеке басты тәрбиелеу нәтижесі деп көрсетеді. Борышты жалпы қабылданған норма, әлеуметтік тәртіптің жеке басқа түсіретін қысымы деп те түсінуге де болады. Моральдық талаптар ұсыныс, ақыл-кеңес формасында беріледі. Борыш адамның өз-өзін күштеуін талап етеді. Ол адамның өз бойындағы кейбір сапаның жеткіліксіздігін сезінуден, осы сапаны жетілдіруден, алда тұрған бөгеттерге мүмкіндігінше қарсыласудан тұрады.

Адамның өз беттілігі моральдық борышты орындауда көрінеді. Адам моральдық борышты өзін күштеусіз-ақ, ерікті түрде орындайды, осы талаптарды өзі ойлап тапқан сияқты болады, өз ісінің дұрыстығына кәміл сеніммен әрекет етеді.

Ар-ұждан – адамның өз қылығына, ойына сыни баға беруі, идеалына үйлесімсіздігін және моральдық борышты орындай алмауын сезінуі. Адамның ұжданы басқа адамдардың көзқарасына тәуелсіз, ол борышпен ғана байланыста, сырттай бақылау жоқ жерде де өз күшінде болады. Көбіне ұждан өзіндік «Мен» - ге тәуелсіз жоғарғы құндылықты тасымалдаушы екінші «Мен» - нің дауысы сияқты. Ұждан табиғатын талдауда бірнеше көзқарастар бар, соның ішінде діни ағым бойынша ұждан құдайдың дауысы болып саналса, екінші бір ағым ар-ұятты ұялудың спецификалық формасы деп түсіндіреді. Сонымен қатар, басқа категориялардың мазмұны сияқты ұжданның мазмұны да мәдениеттің, тарихтың дамуымен бірге өзгеріп отырады. Ұждан адамды тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізінде қалыптасады.

Ұждан арқылы адам өзін жетілдіріп, өзіне ең жоғарғы талаптар қояды. Ұждан - адамның ішкі төрешісі. «Адам өзінің ішкі төрешісінің даусын неғұрлым көбірек тыңдауы, сол үшін барлық құралдарды қолдануы тиіс», - деп И. Кант орынды айтқан.

Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір. Өмір адам тіршілігінің негізі, онсыз адамның өзі де өмірдің мәні туралы ойлары да, іс-әрекеті де, қуаныш-қайғысы да жоқ.

Бақыт және өмір мәні. Егер адам өз өмірін мәнсіз деп тапса, онда ол өз бақытын сезіне алмайды. Өмір мәнін жоғалту проблемасы көптеген психологиялық және философиялық ағымдарда қарастырылған.

В. Франкл «Человек в поисках смысла» деген еңбегінде өмір мәнін жоғалту адамның материалдық және әлеуметтік орнымен емес, депрессиямен, демек, уайымдаумен, қайғырумен байланысты деп көрсетеді. Жоғарғы деңгейде дамыған қоғамда материалдық қажеттілікті қанағаттандыру адамға өмір мәнін сезінуге көмектеспейді. В. Франкл өмір мәнін адам жаны ұмтылатын «рухани объект» және ол мақсатпен, құндылықпен байланыста болады деп түсіндіреді. Өмір мәнін түсіну әртүрлі жас кезеңінде және әртүрлі жағдайда пайда болуы мүмкін, сондықтан адам өз тіршілігіне өзі мән беруі тиіс, әйтпесе оған сырттан келер көмек жоқ. Өмірдің мәні жазылып, құрастырыла салмайды, ол өмір бойы жинақталады. Өмір мәнін іздестіру ақылды жаратылыс үшін табиғи құбылыс болып саналады [4].

Өмір мәні мен бақыт бір-бірімен тығыз байланыста, өмір мәні – бақыттың міндетті түрдегі алғышарты; дегенмен өмір мәні адам өміріндегі жайсыз оқиға кезінде де, мәселен, бақыт жоқ жерде де алдыдан шығады.

Өмір мәнін түсіну жағымды эмоционалдық жағдай ретінде мақсатқа ұмтылушылықпен, қарым-қатынастағы өз орнын сезінумен, басқа адамдарға деген қызығушылықпен, олармен бірігу сезімімен, белгілі ережелерді ізгілік ережелері ретінде қабылдаумен, болмыстағы өз орнын, арман-тілегін сезінумен қоса жүреді.

Адамгершілік идеалы. Адамның мінез-құлқының бастапқы негізі болып жеке тұлғаның мінез-құлқы мен тұрмыс қалпынан орын алатын жоғары рухани құндылықтардың жиынтығы тұрғысындағы идеал ұғымы саналады. Ол адамның адамгершілік мақсатының жүйелі сипаты, мінез-құлықтың моральдық үлгісі, жеке тұлғаның жоғары абыройы тұрғысында қарастырылады. Жеке тұлғаның субъективті моральдық сипаты көптеген рухани қасиеттермен: қызығушылықпен (ғылым, бизнес, өнер, т.б.), сұраныспен (материалдық және рухани), психологиялық көңіл-күймен, тіршілік әрекетінің ережесімен, құмарлықпен, хал-жайымен, т.б. айқындалады. Олардың адам санасынан орын алуы басты рухани құндылықтың жүйелі көрсеткішін қалыптастырады. Сөйтіп, идеал адамның моральдық бейнесін айқындайды деп ой тұжырымдауға болады. Зерттеушілер пікірінше, идеалдар – ақыл-ойға ең биік үлгі-өнегелі нұсқа, өзін онымен салыстыру арқылы жоғарғы деңгейге ұмтылуды қамтамасыз ететін, жақсылық пен жамандықты ажыратуға көмектесетін ең биік үлгі, жоғарғы мұрат.

Идеалдың мазмұны әлеуметтік тұрғыда негізделеді. Оны қалыптастыру қоршаған әлеуметтік ортаның жетістіктерін адамның ішкі дүниесінің байлығына айналдыру процесі болып саналады. Ол жағымды үлгі негізінде, ұлы тұлғалардың беделі, мінез-құлықтың жеке адамгершілік бағдарламасы, белгілі бір іс-әрекет түрлерін бағыттау және басқа факторлар арқылы дами алады. Алайда идеалға тән басты қасиет сол, ол адамды жоғары дәрежеге көтеріп, оның бұрынғысынан да жақсы болуына, жағымды істер жасауына түрткі болуы керек. Егер идеал моральдық сананың жетекші элементі тұрғысында қарастырылса, оның мазмұндық элементі *бостандық және жауапкершілік* арқылы айқындалады.

Адамның моральдық бостандығы дегеніміз – адамгершілік позициясын анықтау және оны жүзеге асыру мүмкіндігі. Бостандық бағдарды таңдауда және әрекет тәсілдерінде көрінеді. Бостандық таңдауда жеке бас өзін өзінше дербес және творчестволық тұрғыда көрсетеді.

Адам көптеген қажеттіліктің қоршауында өмір сүріп, табиғи әлеуметтік, құқықтық ережелерге, мінез-құлық стереотиптеріне және т.б. заңдарға бағынады. Адамның тіршілік ортасы, әрекеттері, жағдайлары, ол бағынатын заңдар – бәрі тек қана адамға тән. Бостандық адам әрекетінің объективті жағдайын ескерумен, ерікті түрде таңдау мүмкіндігінің болуымен сипатталады. Бостандық - моральдың қозғаушы күші. Мораль бостандықпен байланыса отырып, адам мен қоғамның тарихи белсенділігінің көзі болып табылады. Моральдық құндылықтар адам әрекетінің қозғаушы күші болады және практикалық әрекеттер арқылы таралады. Бостандық адамның әрекет нәтижесіне деген жауапкершілігін білдіреді.

Адами құндылықтар адамдардың өзара қатынасында көрінеді, демек адамгершілік қатынаста жеке тұлғаның моральдық сапасы айқындалады. Ол моральдың рухани принциптерін, идеалын және нормасын жүзеге асыруды қажет етеді. Олай болса, адамиқұндылығы қалыптаспаған адам болашақтан үміт күтуге тиіс еместіктен мәселенің шешімін адамиқұндылықтарды бойға дарытудан, іздестіру мен бекітуден бастау керек.

Адамзаттың тыныс-тіршілігіне аса қажетті әлеуметтік мәні өте жоғары адами құндылықтар жиынтығы оның толық адам болуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011.
2. Уразбеков А.У. История развития философских и социально-этических идей в Казахстане (с раннего средневековья до конца XIXв). Автореф. докт. филос. наук., Алматы, 1986, 42с.
3. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995.
4. Сламбекова Т.С. Қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлері. Монография, Семей, 2010, - 220 бет
5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Бегалиева Н.Ү.

*психология ғылымдарының кандидаты
ҚазМемҚызПУ
Алматы қ.*

Кілттік сөздер: ертегі, қазақ ертегілері, ертегі терапиясы, архетип, архетиптік фигуралар, сана, бейсана.

Аннотация

В статье всесторонне рассмотрены психологические особенности казахских сказок, а так же их психотерапевтическая сила использования казахских сказок как вида сказкотерапии, где ребенок имеет

возможность детально воспринимать свой душевный мир и обогатить свой внутренний мир.

Annotation

The article comprehensively addressed the psychological characteristics of the Kazakh fairy tales, as well as their psychotherapeutic power. However, in the use of the Kazakh fairy tales as a form of therapy the child begins the tale thoroughly understand your peace of mind, has the ability to improve your inner world.

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Ертегі тұла бойына халық даналығын, ұлттық мінез ерекшеліктерін, жалпы адамзаттық құндылықтар мен мұраттарды сіңірген. Ертегілер – баланың дамуына сіңіретін маңызы зор әдеби жанр. Ертегі халықтың қиялынан пайда болған. Сондықтан оның авторы халық. Бертін келе ауыздан-ауызға тарап, келешек ұрпаққа жетіп отырған.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, В.В. Родлов, А.Е. Алекторов, А. Ивановский, Л. Исаков, О.Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М. Көпеевтер болса, кейін Э. Дидаев, Н. Пантусов, А. Мелков, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады. Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады.

Т. Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: "Ертегі - рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі", - деп анықтама береді [1].

А.Байтұрсынов «ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керегіне қарай жауап беріледі» деп ой қорытады. Ал, ертегі туралы анықтаманы М.Әуезов былай деген: Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады [2].

В. Дальдың түсіндірме сөздігі ертегіні ойдан шығарылған әңгіме деп көрсетеді [3, 201 б.].

С.И. Ожеговтың сөздігінен көбіне сиқырлы, ғажайып күштердің қатысуымен ойдан шығарылған тұлғалар мен оқиғалар туралы, әдетте халық ауыз әдебиетінен тұратын баяндай жеткізілген шығармалар деп оқуға болады [4, 151 б.].

Бірақ «ертегі» терминін бұлайша кең ауқымда талқыласақ, онда ертегіге барлық фантастикалық шығармаларды, детективтерді де, тіпті шындық пен ойдан шығарудан тұратын қандай да бір оқиғаны суреттейтін кез келген шығармаларды жатқызуға болады.

Көрнекті психоаналитик әрі психиатр Б.Беттельхейм «Сиқырлы ертегінің пайдасы мен маңызы» атты кітап жазып, онда балаға психотерапиялық әсер ету үшін ертегілерді қолдану тәжірибесін талдаған. Ол балалар мен жеткіншектердің дамуындағы бұзылыстардың себебі өмірдің мәнін жоғалту және оны табуға ертегі көмектеседі деп санады. Ол жеткіншектің зейінін баурап алуы, оның қызығушылығын туғызуы, өмірін байытуы, қиялын ынталандыруы, ақыл-ойын дамытуы, өзін-өзі, өз тілектері мен эмоцияларын түсінуге көмектесуі, сол арқылы өзіне және болашағына деген сенімділікті арттыруға жол ашуы тиіс [5].

Қазақ ертегілерінің жақсылыққа сенімділік ұялататын қасиеттері бар, сонымен бірге ол өзінің бойында даналықты, болмыстың терең заңдары туралы білімді, халықтың жылдар бойы жинаған тәжірибесін қамтиды. Қазақ ертегілерінің емдік аспектілерінің бірі – онда уақыт, әрекеттің дәуірі мен орны салыстырмалы түрде «өмір сүріп еді» және «баяғы патшалықта» деген сөздермен анықталады.

Ертегі ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын болып саналады, ол жинақталған тәжірибені, ұзақ уақыт бойында уайым мен жоғалтулар нәтижесінде жиналған даналықты насихатсыз («мен сендей кезімде... немесе «сенің әкең...сенің жасыңда» (атаң, әжең, ағаң, әпкең, басқа туыстар) таратуға және беруге мүмкіндік береді.

Ертегі ұғымымен қатар, практикалық психологияда соңғы жылдары балалармен жүргізілетін психокоррекциялық әдістердің ішінде ертегі "*ертегі терапиясы*" деген ұғым соңғы уақытта жиі қолданысқа түсіп, бала тәрбиесінде тиімді нәтижесін көрсетіп жүр.

Ал, «Ертегі терапиясы» дегеніміз не? Бұл жерден ойымызға бірінші келетіні – ертегімен емдеу. Бірінші, басымызға келетін нәрсе – ертегімен емдеу деген ой. Бірақ, ертегі мен ертегі терапиясын шатастыруға болмайды. Ертегі бір басқа, ал ертегі терапиясы – бұл мүлдем басқа.

Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, уақыт сынынан өтіп, ата-бабаларымыздан қалған ертегі терапиясына тәрбие жүйесі ретіндегі қарым-қатынас дәл осы кезеңде қалыптасқан деп санайды. Осындай кең анықтама бере отырып, Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева егер ертегі терапиясын ертегімен емдеу ретінде қарастырсақ, онда алдымен «баланың жан-дүниесіндегі қазіргі сәтте психотерапиялық әсері бар білімдерді бірлесіп ашу» туралы айтамыз деп нақтылайды [5].

«Ертегі терапиясы» өте ертеден келе жатқан психологиялық және педагогикалық әдіс болып табылады. Ғасырлардан бері дүние мен өмір туралы білімдер ауыздан ауызға беріліп, жазылып, оқылды. Әжелерді еске түсірейікші: әрбір өмірлік жағдаяттарға, әрбір оқиғаларға олардың әзілдері мен мысалдары дайын тұрады. Бүгін біз оны «*ертегі терапиясы*» деген атаумен атаймыз.

Қазақ ертегілерін ертегі терапиясы ретінде қолдану арқылы балаларға өз мәселелерін шешуге, эмоциялық тепе-теңдігін орнатуға, мінез-құлық бұзылыстарын түзетуге көмектесуге болады. Ертегі терапиясы әдісін кез-келген жастағы адамдарға индивидуалды түзету жұмыстарында да, топтық түзету жұмыстарында да

қолдануға болады.

Қазақстанда ертегі терапиясы әлі көп зерттелмеген, сондықтан бұл тақырып өзекті мәселелердің бірі. Қазақ ертегілері түзету әдісі ретінде психотерапияның барлық түріне де сәйкес келеді, сондай-ақ, кез келген жас кезеңіне жүргізуге болады, сонымен қатар жеке және топтық жұмыстарға да жарамды.

Қазақ ертегілерін академик М. Өуезов үш жанрға бөледі: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген. Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бігіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық, арасында өрбиді [2]. Мәселен, «Керқұла атты Кендебай», «Аңшы бай» «Ұшқыш кілем», "Ағаш ат", "Көрұғылы", "Алты жасар Алпамыс", "Алтын балық", "Алтын сақа", "Алып қара құс - Самұрық", "Бақыт құсы", "Ер төстік", "Жалғыз көзді жалмауыз", "Жеті өнерпаз", "Жылан қабықты жігіт", "Төрт дәруіш - ұшқыш кілем", "Үш жетім", "Мыстан кемпір" және т.б. қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін психологиялық тұрғыдан қарастырсақ, бір қарағанда мүлдем шынайы емес, жасырын нәрсені көреміз. Бұл ертегілердің психологиялық мәнінің зор екендігі соншалық, балаларда да, ересектерде де қарқынды эмоциялық қарама-қайшылық тудыратынын байқаймыз. Сондай-ақ, қазақ ертегілерін ертегі терапиясы ретінде балаларға жүргізу баланың өз мәселесін өзі жеңуіне көмектесуіне, оның эмоционалдық тепе-теңдігін қайта қалпына келтіруіне, мінез-құлқын бұзатындарды жоюға, әртүрлі мәселелерді жеңуге, интеллектуалдық қабілеттің дамуына мүмкіндік береді. Нақтырақ айтар болсақ, ертегі кейіпкерлері бір мезгілде екі психологиялық деңгейге - *сана және сана астылық* деңгейлерге айналады. Мұның өзі коммуникациядағы күрделі эмоциялық қарым-қатынастың тиімді де әсерлі жағдайын құру қажет болғанда, түзету жұмысы үшін аса маңызды, ерекше мүмкіндіктер тудырады. Себебі, қазақ қиял-ғажайып ертегілерде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар баяндалады. Олар жеті басты дәумен, жалмауызбен, небір құбыжықтармен күрес үстінде бар асыл қасиеттерімен көрінеді. Олар көкке ұшады, жер астына түседі, теңіздерден өтеді, азабы мол ғажайып оқиғаларды ақыл, айла-тәсілін асырып, жеңіп отырады. Осы жолда оларға Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ, Самұрұқ құс, Қарлығаш сияқты ізгі ниетті жандар болысады, ақылды ат, алып құстар жәрдемдеседі.

Сонымен қатар, қиял-ғажайып ертегілердегі мекен жайлар да сиқырлы, жұмбақ әлемі. Адам тек түсінде ғана көрерлік қиял сарайлары. Олар таңғажайып жиһазға толы. Мәселен, "Күн астында Күнсұлу қыз", "Ай астында Айсұлулардың" адамзат баспас, бармас мекені, кейде бұл от дариасының ар жағы, кейде барсақелмес сиқыр арал боп кетеді. Кейде адамзатқа жұмбақ жай - жалмауыз мекені немесе су асты. Сол дүниелерден барып шығатын мерген мен ер не ажалына, не бағына жетеді. Осы алуандас ертегілердің бәрінде адам қандай, адамды қоршап тұрған дүние қандай? Ол дүниенің жаратылыс сыры туралы сол күндегі адамның ең алғашқы ұғым-нанымы, түсінік қиялы қандай? Қандайлық мифтік түсініктер жасап еді, бұлдыр менен болмыс, барлық арасында сол күннің шамасына қарай білім, наным етіп ұстанғаны немене еді? Адам жаратылысы мен қуатының өзі қандай жұмбақ еді және сол адамның күшіне сену, нану қаншалық дәрежеде биік, берік еді? Осының бәрін халықтың ой қиялы тудырған ғажайып ертегілер неше алуан түрде өзінше шешіп, ашып береді.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер-мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дио сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар. Солармен қатар, адамдарға дос, қиын-қыстау кезде жол табар, ажал аузынан алып қалар, адамның қаскөй күштерді жеңуіне көмектесер жанды тіршіліктер, жансыз заттар да көп кездеседі. Ертегілерді талдау барысында көріністе әр түрлі мақұлықтар, жануарлар, жансыз заттар суреттелгенімен, іс жүзінде шынайы өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынас бейнеленетіндігін балаларға ескертіп отыру керек. Халық ауыз әдебиетінде жануарлар, мысалы, түлкі - әккі, қу адамдардың, қасқыр - зорлықшыл, жауыз адамдардың, қоян - қорқақ адамдардың, аю - ақымақ, қара күштің бейнесі ретінде алынады да, сол мінездегі адамдарға өкілдік етеді. Сонымен бірге жын, албасты, дио, пері, жалмауыздар адамзаттың қас жауы ретінде алынып, жаман ниеттегі қаскөй, озбыр, жауыз күштердің бейнесінде суреттеледі. Ұшқыш кілем, ағаш ат сияқтылар мен алтын орда, миуалы бау-бақшалар халықтың бақытты тұрмысты аңсаған арман-тілегінің бейнесі ретінде алынады. Оқыту барысында ертегілердің осындай ортақ бейнелеу ерекшеліктерін түйін ете отырып, оқушыларды жан-жақты бақылауға, құбылыстан өтіп, мәнді тануға, сол түрдегі образдардың шынайы мәнін түсінуіне көмектесу керек.

Қазақ ертегілерінің терапиялық күші бүгінгі таңда балалармен жұмыс істеуде таптырмас, сұранысқа ие әдіс болып табылады. Мәселен, «Екі дос» қазақ халық ертегісі адал достыққа, мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелесе, «Күн астындағы Күнкей қыз» ертегісі бала өзінің Ішкі әлеміне тереңірек үңілуге, өз әрекеттеріне талдау жасай алуға, ішкі эмоциялық қысымды сыртқа шығара алуға тәрбиелейді, ал «Ұр, тоқпақ» ертегісі өзіне-өзі сенімді болуға, бойларындағы түрлі мазасыздықты жеңуді үйренуге бағытталса, «Үш ауыз ақыл сөз» қазақ халық ертегісі бала өз эмоциясын басқара білуге, сабырлыққа үйретеді, бәріне таныс «Алтын сақа» ертегісі өзіне сенімділігін арттыруға, ішкі әлеуетін жоғарылатуға бағытталады. Сонымен қатар, қазақ ертегілерінің психологиялық жағы:

- баланың жан-дүниесінде өмір сүріп жатқан және аталмыш сәтте терапиялық болып табылатын білімдерді ашуды;
- мағынаны іздеу, әлем мен ондағы өзара қарым-қатынастар жүйесі туралы білімдерді ашу процесін;
- ертегідегі оқиғалар мен шынайы өмірдегі мінез-құлық арасында байланыстар орнату процесін;

- проблемалық жағдайларды объективизациялару процесін;
- баланы дамыту мен тәрбиелеу процесін;
- баланың ішкі табиғатын жақсарту процесін қамтамасыз етеді.

Сикырлы ертегілердің кез келген кейіпкерлері - мейірімді періште, қатігез сикыршылар, жезтырнақтар, мыстан кемпірлер, айдаһарлар - психиканың тереңінен көрініс беретін архетиптік бейнелер болып табылады. Біз оларды сезінсек те, сезінбесек те, олар психологиялық шындық ретінде бізге бәрібір ықпал етеді. Сикырлы ертегілердегі оқиғалар қандай да бір абстракцияны емес, ағымдағы өмірлік психикалық шындықты бейнелейді. Біз ертегіні түсінсек, онда өзімізді жаңаша түсінуге мүмкіндік аламыз. Өзіндік Меннің осы бейнелік әлемнен кесіліп қалуы өзіміздің жеке өмірлік күш-қуатымыздың маңызды бір қайнар көзінің жоғалуына әкеледі. Адамзаттың бейсанасында өте тереңде білімнің жауһарлары немесе егер біз оған қол жеткізсек, бізді байыта алатын жалпы адамзаттық рухани тәжірибенің мекені жасырулы К. Юнг психиканың осы деңгейін ұжымдық бейсана, архетиптер үйі деп атады [6].

Қиял-ғажайып және сикырлы ертегілердің кейіпкерлері - архетиптік фигуралар. Ертегілерді мұқият оқығанда, олардың адам бейнесіндегі кейіпкерлері сырт келбеттеріне қарағанда қалыпты адамзат баласы болғанымен, шындығында тікелей адамдық өмір сүрмейтіндігін байқауға болады: ханшайым, ханзада, ұл, қыз, жауынгер, патша, саудагер, бұл (әсіресе балаларға) белгілі бір кейіпкермен өзін эмоциялық теңестіруге (көбіне жыныстық жағынан: ұлдар - ер кейіпкерлермен, қыздар - әйел кейіпкерлермен) мүмкіндік береді. Олар өздеріне қарап сөйлейді, күмәнданбайды, сенімсіздік танытпайды, адамдық реакциялар оларға тән емес. Ертегі кейіпкерлері жаужүрек, ешқашанда рухы түспейді, соңына дейін күреседі. Әйел кейіпкерлер өз мақсатына жету үшін кез келген азап пен сынақтарға төзеді. Ертегі желісі бойынша олар трафареттік манекендер мен өзгермейтін психологиялық бейнелер болып қала береді. Яғни, адамзатқа тән бірқатар сапалар айқын көрінгенімен, сикырлы ертегілердегі кейіпкерлер толық мәндегі адамдар болып табылмайды. Сонда олар кімдер? Олар - архетиптер, яғни маңызы бойынша, адамзат түріне тән және жеке индивид бойынан табылмайтын психикалық мазмұндар. Ұжымдық психикада жүзеге асатын үрдістерді ой елегінен өткізу үшін анағұрлым толық, боямасыз және қысқа түрде керемет мысалдар беретін алуан түрлі архетиптер нақ осы ертегілерде берілген. Архетиптер әлемінде құндылықтардың шектеуі болмағандықтан, барлық сикырлы ертегілер маңызы бойынша тең десек болады. Әрбір архетип өзінің маңызы бойынша ұжымдық бейсананың тек бір аспектісін ғана емес, оны толықтай бейнелейді. Юнг бойынша «Аңыздар мен ертегілерде, түс көру тәрізді, жан өзі туралы әңгімелейді, архетиптер «тудыру, жүзеге асыру, мәңгілік рухтың сайрандауы» ретінде бірі-бірімен табиғи ойын барысында ашық бола түседі». Кең мағынада, архетип - бұл күш-қуаттық тәсілі ұжымдық бейсананың барлық қырларын қамтитын салыстырмалы түрдегі жабық күш-қуат жүйесі. Оны жай ғана статикалық бейне деп қарастыруға болмайды, өйткені бір мезетте ол, өзіне басқа да бейнелерді қосатын күрделі символикалық үрдіс болып табылады [7].

Сикырлы ертегі түс көру сияқты, қиялдың бейсаналық жемісі болып табылады. Айырмашылығы тек, ертегі жеке (индивидуалдық) сананың емес, үлкен топтың, көбіне тұтас бір халықтың өнімі екендігінде. Басқаша айтқанда, оны тек бір ғана индивидтің мәселелеріне жатқызуға болмайды, сондықтан да ертегі түс көруге қарағанда анағұрлым әмбебап сипат алады. Түсті талдағанда талдаушы көрген түсте жасырынған қандай да бір шешімді бейсананың жеткізетінін біле отырып, индивидуалдық мәселелердің ерекшеліктерімен жұмыс жасайды.

Сикырлы ертегі тірі ағза сияқты – ондағының барлығының жаны бар, тіпті тас та кез келген сәтте тіріліп, сөйлеуі мүмкін. Бұл ертегінің ерекшелігі бала психикасының дамуы үшін өте маңызды. Ертегіні бала оқи және тыңдай отырып, бала баяндамаға «төселетін» болады. Ол тек басты кейіпкерге ғана емес, басқада жанды кейіпкерлерге де ұқсағысы келеді. Сонымен қатар баланың децентрациялау, өзін басқаның орнына қою қабілеті дамып, фантазиясы мен интуициясы белсендендіріледі. Адамның өзінен өзгешені сезіне білу қабілеті Әлемнің жан-жақтылығын және өзінің онымен Бірлігін түйсінуіне мүмкіндік береді.

Нағыз ертегінің белгісі – жақсы аяқталуында. Психологиялық қорғанысында. Шынайылықты философиялық, экзистенциалдық тұрғыда түсіну. Көптеген ертегілерде мейірімділік пен зұлымдықтың айырмашылығы айқын байқалады. Сонымен қатар, бала жаман әрекеттер жасаған кейіпкердің түбінде жазаланатынын көреді. Ал өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетіп, барлық сыннан өткендер міндетті түрде марапатталатын болады. Әлемге көзқарасын қандай болса, ол дасаған солай қарамақ, өмірдің заңдылығы да осында.

Зұлымдық мейірімділіктің бетпернесін киіп, ал мейірімді кейіпкер ұсқынсыз болатын өмірдегі сияқты ертегілерде бар. Бірақ кез келген жағдайда – әділеттік пен мейірімділік міндетті түрде жеңіске жетеді. Бұл психологиялық қорғаныс сезімін береді. Ертегіде не болмасын барлығы жақсылықпен аяқталады.

Қазақ халық ертегілерін ертегі терапиясы негізінде алып, жұмыс істеудің ерекшелігі клиентпен құндылық деңгейінде өзара әрекеттесу болып табылады. Психологиялық, мәдени, педагогикалық мәселелермен адамгершілік бағдарларына, рухани құндылықтар мен тұлғалық әлеуеттерге сүйене отырып жұмыс жүргізіледі. Қазақ ертегілерінің психотерапиялық жетекші идеялары:

- өз әлеуеттерін, мүмкіндіктері мен өз өмірінің құндылықтарын ұғыну;
- оқиғалар мен қылықтардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіну;
- әлемді түйсінудің әр түрлі стильдерін тану;
- қоршаған әлеммен саналы жасампаз өзара әрекеттесу;
- күш пен үйлесімділікті іштей сезіну.

Сонымен, қазақ ертегілерінің психологиялық мәні – баланың Ішкі әлемін ояту мен тәрбиелеу, жандүниесін дамыту, оқиғаларды таразылай білу деңгейін арттыру, өмір заңдары мен шығармашылық күш таныту тәсілдері туралы білімдерді игеру процесі.

Әдебиеттер тізмі:

1. Қазақ ертегілері: Аңыз, тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, хаиуанаттар туралы ертегілер. - Алматы «Балауса» 2004. - 27-346.
2. Әуезов М. Қазақ ертегілері // Қазақ әдебиеті тарихы. 1-т. Алматы, 1949. 58-100-бб. Әдебиет және искусство. №2, 3. 1956.
3. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. – М., 1994.
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Большой толковый словарь. – том 3. – М., 2002.
5. Зинкевич-Евстигнеева Т. Развивающая сказкотерапия – СПб.: 2006. – 125 с.
6. Вачков И.В. Сказкотерапия. Развитие самосознания через психологическую сказку. – М.: Ось-89, 2001. – 369 с.
7. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Формы и методы работы со сказками. – СПб.: Речь, 2006. – 140 с.

ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГ-ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОСТЫҚ ӨЗІНДІК САНА МӘСЕЛЕСІ

Мырзатаева Б.П.

*психология ғылымдарының кандидаты
«Тұран» университетінің доценті
Алматы қ.*

Кілттік сөздер: этнопсихология, ұлттық психология, өзіндік сана, этностық өзіндік сана, ұлттық сана-сезім, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық салт-дәстүрлер, полиэтностық даралық, моноэтностық даралық, этностық «Мен-бейне», этностық жаңсақ нанымдар.

Аннотация

В статье дается краткое обозрение этнопсихологических исследований, изданных в период независимости государства. Рассматриваются концепции этнического самосознания известных отечественных ученых психологов.

Annotation

The article observes ethnopsychological researches conducted since the independence of the state. The article considers the conceptions of ethnical self-consciousness introduced by prominent domestic psychologists.

Еліміздегі бүгінгі жоғары білім беру жүйесінің жана үлгісі жастардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізіндегі рухани тәрбиесіне, ғылым мен практиканың жетістіктері негізіндегі шығармашылық дамуы мен кәсіби қалыптасуына бағытталған.

Осы орайда студенттерде этнопсихологиялық мәселелер, оның ішінде этностық өзіндік сана туралы білімдер қалыптастырудың мәні зор.

Қазақстандағы этнопсихологияның даму кезеңі егемендік алумен байланысты жан-жақты ғылыми бағыттардың пайда болуымен толығып, жаңа мазмұнмен байи түсті. Еліміздегі этнопсихологиялық мәселелердің ішіндегі неғұрлым маңызды мәнге ие зерттеу бағытының бірі – этностық сана мен этностық өзіндік санаға қатысты. Өйткені қандай заманда және қандай қоғамда болмасын, тұлғаның өзіндік санасы этностық табиғатынан тыс қарастырыла алмайды.

Бүгінгі ғылымда тұлғаның этностық өзіндік санасы туралы мәселе көптеген қазақстандық психологтардың зерттеу жұмыстарына арқау болып, өзінің жан-жақты көрінісін тапты. Біз бұл мақаламызда еліміздегі этнопсихология ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып отырған бірқатар көрнекті психолог-ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, тұлғаның этностық өзіндік санасына байланысты ғылыми тұжырымдарына тоқталамыз.

Қазақ этнопсихологиясы саласында көптен еңбек етіп келе жатқан ғалымның бірі – профессор Қ.Б.Жарықбаев. Оның еңбектерінде ұлттық психологияның түбегейлі мәселелері – ұлттық өзіндік сана, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, және т.б. осы секілді мәселелер көтеріледі. Қ.Б. Жарықбаевтың этнопсихологияның әдіснамасын жасауға арналған біраз еңбектері бар. Сонымен қатар, ғалымның қазақ жастарына ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы этностық өзіндік санасын қалыптастыруға байланысты зерттеулері бір төбе [1; 2; 3; 4; 5].

Қ.Б.Жарықбаев этнопсихологиялық мәселелерді зерттеу анағұрлым терең талдап қорытуды қажет ететінін айта келіп, бұл жас ғылымның біздің республикамыздың жағдайындағы негізгі мәселелері туралы көзқарасында бірнеше тармақтарды атап көрсетеді. Олардың ішінде аталған мәселеге қатыстысы:

- тұлғаның өмір бейнесін, этностық таптаурындар, бағыт-бағдарларын, мінез-құлық нормативтерін,

этностық сана мен этностық өзіндік сананың қалыптасуының жағдайларын этнопсихологиялық зерттеулердің біртұтас аймақаралық бағдарламасын құру мен іске асыру;

- балалық шақтың этнопсихологиялық аспектісін зерттеу және оның негізінде мектепке дейінгі жастағы балалар мен мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасын талдау мәселесін қояды [4].

Профессор Қ. Жарықбаев пен оның ізбасары Ж. Нүкежанов «полиэтностық мемлекетте... таза, жеке этнос мәдениеті болмайтынын мойындай отыра, тұрғылықты қазақ ұлтының мәдениетінің орнын ерекше бөліп көрсетуді, өзінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін, тарихын айқындап саралау – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті» екенін атап көрсетеді. Олар «Біз кімбіз? Өзгелерден қандай айырмашылығымыз бар? деген сұрақтардың жауабын әркез көрсетіп отыруды этнопсихологиялық зерттеудің алтын діңгегі» етіп белгілейді. Еліміздегі «этнопсихологиялық зерттеулерге қажетті сенімді әрі жарамды әдістемелердің жоққа тән» екендігін, зерттеушілер көбінде батыстық әдістеме тәсілдерін пайдаланып, қазақ этносының өкілдеріне батыстық стандарт бойынша эксперимент жүргізетінін, сол бойынша қорытынды жасайтынын, қазақ тілінде ғылыми тұрғыдан ұлт ерекшелігіне бейімделген сынақтар жүйесі жоқ» [5] екенін айтып, зерттеулерге сын айтады.

Профессор Қ. Жарықбаев «Қазақ психологиясының тарихы» (1996) атты еңбегінде түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ, ғибраты мол, тұлғасы зор ғұламалар мен қазақ ақын-жырауларының бай рухани мұраларын, қазақ ағартушы-ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің психологиялық көзқарастарын терең талдап көрсеткен [1]. Ғалымның ұлы ғұламалардың шығармаларындағы өнегелі өсиеттері мен нақыл сөздерінің психологиялық мәнін ашу арқылы этностық мәдениетті, ұлттық қадір-қасиетті және олардың жеке басының қасиеттерін жас ұрпақтың санасына құйып, бойына дарыту баланың жан-жақты толық, ұлттық өзіндік санасы қалыптасқан тұлға ретінде дамуының кепілі деп түсінетінін байқаймыз.

Жас ұрпаққа ана тілін меңгертіп, ұлттық салт-дәстүрлердің тарихи даму ерекшеліктерімен таныстыру арқылы ұлттық сана-сезімін, дүниетанымдық шеңберін өрістетуге бағытында психолог-ғылым Ә.Ж. Алдамұратов та зерттеулер жүргізген. Ә.Ж. Алдамұратовтың психоллингвистика саласындағы зерттеулерінің өзекті бір қағидасы – «ұлт бар жерде оның негізгі рухани байлығы тілі де бар... Ана тілі білімнің, ғылымның, күллі адамзат жинақтаған өркениет пен мәдениеттің, тәлім-тәрбиенің ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жеткізуші құралы». Осы орайда ол қазақ шәкірттерінің ана тілі грамматикасы ұғымдарын меңгерту арқылы олардың өзге ғылыми пәндерді игеруде ойлау әрекеттері мен дүниетанымдық көзқарастарын өрістетуге мақсатын көздеп, оқыту процесінің әдістемесін жетілдірудің психологиялық негіздерін іздестірген [6].

Сонымен қатар ғалымның өз еңбектерінде жалпы психологияның практикалық мәселелерін ұлттық бағытта қарастырып баяндауы да біз сөз етіп отырған құрылымдық қасиеттің адам бойында қалыптасуына ықпалын тигізері сөзсіз. Мысалы, 1992 жылы жарық көрген «Қызықты психология» [7], 1996 жылы жарық көрген «Жалпы психология» [8] оқу құралдарында Ә.Алдамұратов ғылымның пәні мен зерттеу объектісін, таным процестерін, психикалық қалпы мен қасиеттерін қазақ жұртының өмір тіршілігіне қатысты мысалдар, мақал-мәтелдер, жұмбақ есептер, жаттығу сұрақтарын енгізе отырып түсіндіреді.

Ал 1993 жылы Ә.Ж.Алдамұратов «Қазақстан мектебі» журналының №2 санында «Салт-дәстүр психологиясының бағдарламасын» [9] жариялап, көпшілік назарына ұсынған. Бұл арнаулы дәріс бағдарламасында қазақ жұртының психологиясына қатысты төмендегі мәселелердің мән-жайын қарастыруды мақсат етіп қояды:

- 1) Халықтың тұрмыстық салт-дәстүрлерінің психологиялық сипаты.
- 2) Бала тәрбиесі және жастарға үлгі-өнеге көрсетудің психологиялық негіздері.
- 3) Әлеуметтік мәдени дәстүрлердің психологиялық және тәрбиелік мәні.
- 4) Халықтық мерекелерді тойлаудың танымдық-тәрбиелік және психологиялық маңызы.
- 5) Жастарды сөз өнеріне баулу.
- 6) Қазақ елінің өлген адамдарды жерлеуі және оның психологиялық, тәлім-тәрбиелік маңызы [9].

Автор жоғарыда аталған салт-дәстүрлеріміздің тек этнографиялық ерекшеліктерімен шектеліп қоймай, шәкірттер мен студенттердің олардың мән-мағынасын түсініп, саналы қабылдап отыруына баса көңіл бөлу қажеттігіне назар аудартады.

Егеменді елімізде психология ғылымына жаңа серпіліс беріп, оның теориямен қатар қолданбалы бағытта да дамуына ерен еңбек сіңірген белгілі ғалым, профессор С.М. Жақыпов. Ол өзіндік сананың этностық қырын оқыту үдерісінде эксперименттік әдістерді қолдана отырып зерттеуге көңіл бөлді. Ғалым этностық сәйкестенуге негізделген өзіндік сана мен этностық сананың қалыптасып дамуының қайнар көзі ана тілі мен ұлттық өзіндік ерекшелікті білуде деп есептейді. С.М. Жақыповтың пікірінше тұлғаның биологиялық факторлармен себептелген дара ерекшеліктерімен бірге этностық факторлармен себептелген дара ерекшеліктері де болады. Осыған байланысты тікелей моноэтностық немесе тікелей полиэтностық ортада дамыған тұлғаның дара ерекшеліктеріне байланысты «*моноэтностық даралық*» және «*полиэтностық даралық*» ұғымдары да шығатынын айтады. С.М. Жақыпов осы түрлі этностық даралыққа ие тұлғаның түрлі этностық мәртебеге ие топтағы тіршілік әрекеті жағдайына бейімделу мүмкіндігінде едәуір айырмашылықтар болатынын, оның шешімін табу - *өнімді оқыту жағдайындағы адамдардың бірлескен іс-әрекетінің этнопсихологиялық механизмдерін белсенділендіруге негізделген оқытудың қарқынды әдістерімен анықталатынын* тұжырымдайды [10].

Ал профессор С.Қ. Бердібаеваның еңбегінде тұлғаның этностық «Мен-бейнесінің» құрылымдарын зерттеуде халықтың өте бай киелі мұрасы – фольклорды қарастырудың аса өзектілігі көрсетілген. Себебі ол

өсіп келе жатқан ұрпақтың ұлттық және тарихи сана-сезімдерінің қалыптасуында, олардың рухани биіктігінде, ұлттық және адамзаттық мәдениет салаларындағы құндылықтарға бағдарланулар жүйесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Осы орайда ғалым этностың сана-сезімдерін дамытатын творчестволық сөз жарысы – айтыстың психологиялық табиғатын ашады. Айтыс бірлескен диалогты ойлау іс-әрекетінің нәтижесі, күрделі логикалық операциялардың көріну сипаты, екі жақтың да интеллектуалды мүмкіндіктерін өзара бағалау көрсеткіші деп дәлелдей келе: *Айтыс халық творчествосы ретінде ұлттық сана-сезімдерді психологиялық тұрғыдан зерттеудің негізі*, - деп тұжырымдайды. Ол айтыстың негізгі үш психологиялық функциясын анықтайды: 1) білім беруші – айтыс арқылы жастар этнос, мәдениет, тарих, адам жайлы жаңа мәліметтер, информациялар алады, когнитивті деңгейде дамиды, жаңа әрекетке бейімделу негіздеріне үйренеді; 2) тәрбиелеуші – ол мағына құрылудың жалпы қорын (мағыналық құрылымның жалпы қорын) қалыптастырады, ұлттық сәйкестілік сезімді күшейтеді, әлемнің этностық көрінісіндегі этностық «Меннін» көріну дәрежесін нығайтады; 3) дамытушы – мағыналық құрылымдардың жалпы қорын – «Ересек позициясы» негізінде құндылыққа бағдарлануды (ойдың логикалық құрылымдары, интеллект сапалары, танымдық белсенділік ерекшеліктері) қалыптастырады. С.Қ. Бердібаева айтысты жүйелік ықпал позициясы тұрғысынан қарастырып, оның мазмұнның үйлесуі, қарым-қатынас пен танымның бірлігі екенін дәлелдейді [11].

Профессор Б.Ә. Әмірова ұлттық тұлғаның өмір бағыттылығын анықтайтын ұлттық таптаурындар, ұлттық бағыттар, наным-сенімдер және этностық жаңсақ нанымдар ұлттық өзіндік сананың құрамына кіретін компоненттер деп есептейді. Ол ұлттық өзіндік сананың қалыптасуының іргетасы ретінде этностық жаңсақ нанымдарды белгілеп, оның даму динамикасын мектепке дейінгі балалардан бастап студенттерге дейін зерттеген. Ғалымның пікірінше, ұлттық тұлғаны қалыптастырудағы этностық жаңсақ нанымдардың көріну, пайда болу факторлары мен механизмдерін дұрыс ашу, ұлттық өзіндік сананы дұрыс қалыптастыру жолдарын этномәдени және әлеуметтік – психотарихи тәсілдермен зерттеу арқылы ғана көрсетуге болады. Ол этностық жаңсақ нанымдарды мектеп жасына дейінгі балаларда тренинг барысында ұлттық ойындар арқылы, ал мектеп жасындағылар мен жоғары оқуғағыларда оқу процесі арқылы қалыптастыруды тәжірибелік жұмыстар арқылы көрсеткен. Б.Ә. Әмірова этностық жаңсақ нанымдар ұлттық ойындар барысында, оқыту үрдісіндегі танымдық іс-әрекет нәтижесінде өзгеріп, балалардың, оқушылар мен студенттердің ұлттық өзіндік санасының жетілуіне әкелетінін түсіндіреді [12].

Қорыта айтқанда Егеменді Қазақстан Республикасының психолог-ғалымдары бүгінгі жас ұрпақтың этностық өзіндік санасын ұлттық мәдениет арқылы қалыптастырудың тиімділігін белгілеп, оны оқыту үдерісінде іске асыруды қуаттайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996.
2. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (VI ғасырдан XX-ғасырдың басына дейінгі кезең) I-том. – Алматы: Рауан, 1994; II-том. – Алматы: Рауан, 1998.
3. Жарықбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. -Алматы: Издательство «Эверо», 2006.
4. Этнопсихология: учебное пособие /под ред. К.Б. Жарықбаева. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998.
5. Жарықбаев Қ., Нүкежанов Ж. Қазақ этнопсихологиясының әдіснамасын жасаудың кейбір өзекті мәселелері./Этнопсихология және этнопедагогика (Ұлттық тәлім-тәрбие). 2-ші жинақ. – Алматы: тәлім-тәрбие қауымдастығы, 1996.
6. Алдамұратов Ә.Ж. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарын меңгеру психологиясы: дис...психол.ғ.к.: 19.00.07. – Алматы, 1993.
7. Алдамұратов Ә. Қызықты психология. Алматы, «Қазақ университеті», 1992.
8. Алдамұратов Ә. және т.б. Жалпы психология. –Алматы: Білім, 1996.
9. Алдамұратов Ә.Ж. Салт-дәстүр психологиясының бағдарламасы//Қазақстан мектебі, 1993. №2, 62-65 бб.
10. Джакупов С.М. Экспериментальные исследования этнопсихологических особенностей личности // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2002. - №2(9). - С.5-11.
11. Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006.
12. Әмірова Б.Ә. Тұлғаның әлеуметтену процесіндегі этностық жаңсақ нанымдардың генезисі мен динамикасы: психол. ғ.д. дисс: 19.00.01; 19.00.05- Қарағанды, 2007.

ЭТНОПЕДАГОГИКА МҰРАЛАРЫНЫҢ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕГІ ОРНЫ

Мұхамедрахим Қыдырбайұлы
педагогика ғылымдарының кандидаты
Астана қ.

Кілттік сөздер: этнопедагогика, интернет ресурстары, этникалық педагогика, ғаламдық ақпарат, электрондық оқулықтар

Аннотация


Данный материал представляет собой выявление эффективного направления систематизации и практического применения материалов этнической педагогики с использованием Интернет ресурсов в условиях современной системы образования в Казахстане

Annotation

This materials is the identification of the effective direction of systematization and application value ethnic pedagogy using Internet resources in a modern system of education in Reublic of Kazakhstan

Этнопедагогика ғылымының бүгінгі зерттелу барысын ғаламдық ғылыми-техникалық ақпарат ресурстары мен медиа құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Ғылым мен техника жетістіктерінің уақыт өткен сайын қолжетімді болуы, осы бағыт бойынша зерттелген жұмыстардың болашақтағы зерттеу объектісін нақтылауды қажет етуде. Бүгінгі қоғамның қозғаушы күші болып табылатын жас ұрпақ өкілдері - кешегі ұлттық тәрбие қайнарын бойына дарытқан ұстаздар мен ғалымдардың орасан еңбектерінің жемісі. Ұлт құндылықтарын қастерлей отыра, олар заманауи жетістіктер ықпалына ұшырай келе, өз кезегінде елдің тағдырына алаңдайтын саналы азамат һәм бәсекеге қабілетті тұлға болуға талпынуда.


Демек, білім жүйесінің ғаламдық ақпарат кеңістігіне ену үдерісіне болжам жасай отыра, жоғарғы технология жаналықтарына барынша бейімделудің өркениетті жолдарын іздестіру біз қарастырып отырған саланың өзекті мәселесі болып отыр.



http://pedlib.ru/Books/1/0078/1_0078-1.shtml

Осы орайда этнопедагогиканың атасы саналатын Г.Н.Волковтың еңбегі алғашқы Интернет-оқулық ретінде көпшілік назарына ұсынылғанын атап өтеміз. Online форматындағы бұл еңбек заманауи талаптарды қанағаттандыру мақсатында ақпараттық технология әлемінде өзінің лайықты орнын алды. Бұл жөнінде қазақстандық мазмұнға келетін болсақ, өкінішке орай Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ., Қожахметова К.Ж., Табылдиев Ә., Бөлеев Қ., Наурызбай Ж., Ұзақбаева С.А., Дүйсембінова Р.Қ., Асанов Ж., Ә.Садуақасұлы, С.Әбілдина, Б.Сайдахметов,

Л.Сырымбетова, С.Қоңырбаева, Ш.М.Шүйіншина және ғалымдар еңбектерін заманауи талапқа сай цифрлық web-ресурстар арқылы локализациялау аса қажет.




http://doc.nlr.kz/result/ebook_90/

Осы орайда Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасындағы электронды кітаптар айдары арқылы жоғарыда аталған құнды зерттеу материалдарын уақыт оздырмай ұрпақ игілігіне айналдырған абзал. Дегенмен, аталмыш проблемалардың туындауына қарамастан бірқатар ілгерушіліктердің бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Атап, айтқанда профессор Зият Әбілованың «Этнопедагогика оқулығы» атты монографиясының қазіргі таңда көптеген зерттеушілер мен студенттердің пайдалы ақпарат көзіне айналғаны қуантады.



<http://psycholog.ucoz.kz/load/5-1-0-16>


Этнопедагогика материалдарын пән ретінде оқыту мәселесі болашақта осы шағын жинақтардан бастау алатыны заңды құбылыс. Әзірше, уақытты өткізе бермей әлеуметтік желілер мен ғылыми-ақпараттық білім ресурстары қорын молайта түскеніміз абыз. Мысал ретінде «Facebook» порталынан «Қазақ этнопедагогикасы һәм ұлттық тәрбие негіздері» Интернет-парақшасын ашуға болады. Алдымен дәрісті немесе оған қатысы бар материалдарды (дидактикалық жинақ, тест, кестелер) парақ бетіне жеке тақырыбы бойынша жүктеу керек.



<https://www.facebook.com/%D0%AD%D1%>

Бұл үрдіс көп қиындық тудыртпайды. Тапсырманың екінші кезені тандап алынған бір тақырып бойынша электронды адресстер сілтемесін (ЭАС) жинақтау қажет. Дәлел ретінде жоғарыда аталған кітабымыздағы «Ұлы ағартушылардың этнопедагогикалық ой-пікірлері» тақырыбы бойынша дәрісті толық жүктеп болған соң, оншақты мағынасы кең «key words» кілт сөздерді есте сақтаймыз.

<https://www.facebook.com/%D0%AD%D1%>




Нәтижесінде Соқрат, Қорқыт, Әл Фараби және Коменский есімдерін теріп алдық. Келесіде «Comment» пернесі бойынша ол атаулады бөлек жазып, өзімізге қажетті толық мағлұматтарды «Wikipedia», «Britanica», «Ciberleninka» және басқа электронды кітапханасынан іздеуге кірісеміз. Монитордағы интерфейс қосымшалары арқылы әр электронды ақпарат парақшаларын (кесте, диаграмма, скриншот, фотосюжет, фототекст, слайд, сөйлем мәтіндері т.б) қарапайым формада бейнелейміз. Оған қол жеткізу үшін сілтеме тапсырмаларын «гипперссылка» форматы бойынша орындаймыз.

<https://www.facebook.com/%D0%AD%D1%>




Енді студенттерге берілген тапсырмаларды тиімді нәтижелендіру үшін біздер «Chat online» қосымшасы арқылы өзіміз қалаған мағлұматты сілтеме ретінде аталмыш Интернет парақшамызға орналастырамыз. Айталық, мен Қорқыт Ата туралы студентім Нұрлыбек Раушановқа тапсырманы SMS желісі арқылы жіберіп, аз уақыт ішінде маған және менің шәкіртіме тиімді ақпаратты қолжетімді қылуға мүмкіндік аламыз. Келесі тапсырманы топтағы әр студентке жеке «key words» әдісі бойынша таратуға болады. Сілтемелер бір жағынан слайд форматы ретінде дидактикалық қосымша бола алады.

https://www.researchgate.net/publication/274717048_NATURE_AND_C




Қазіргі таңда дәстүрлі ғылыми жинақтар хәм қолжазбалармен қатар Online Journal топтамалары ғылыми көпшілік қауымның жаңаша келбеті мен ұмтылысын қалыптастыруда. Басқа да қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар сияқты этнопедагогика саласында кейінгі жылдары көптеген жаңа бағыттағы өзгерістер мен жобалар заманауи талап тілектердің ішкі ойы мен түпкілікті міндеттерін айқындап отыр.

<https://www.google.ru/search?q=%D1%8D%D1%82%D0>




Байқап отырғанымыздай «Google» порталы арқылы «этнопедагогика» тақырыбына қажетті соңғы бес жыл ішіндегі баға жетпес мол электронды нұсқадағы түрле слайдтар мен фотошежірелер, мәтіндер мен кестелердің басқа да дидактикалық-практикалық материалдар қорының мол екеніне көз жеткіземіз. Демек, осы уақытқа дейін мектеп, балабақша хәм оқу орындары практикасында түрлі жағдайда қолданылып келген (семинар, сынып сағаты, тәлім-тәрбиелік іс-шаралар, әдістемелік нұсқаулар, авторлық жобалар, шығармашылық топтар жинақтары, эссе, реферат, конференция материалдары т.б) педагогикалық-психологиялық әрекеттер нәтижесінің тек дәстүрлі форматта қалып қалмай (сынып журналы, жылдық есеп күнделігі, оқулықтар, әдістемелік оқу құралы) көп жағдайда сандық технология форматында баяндалғанын жеткіземіз.

<http://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogika-kak-nauka-predmet-funktsii-osnovnye-kat>




Этнопедагогика ғылымына қатысты бізде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасындағы электронды кітаптар айдары болса, Ресейде «Ciberleninka» электронды ғылыми-техникалық ақпарат порталы өз жұмысын бастап кеткеніне көп уақыт болған жоқ. Бұл орайда ғылыми тұрғыда толық аяқталған іргелі Online форматтағы іргелі еңбектердің біріне Хахимов Э.Р зерттеу жұмысын алуымызға болады [6].



<http://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogika-kak-nauka-predmet-funktsii-osnovnye-kat>

Сондай-ақ аталмыш зерттеулердің қатарына Нездемковская Г.В, Муханова И.В, Давыдова О.И, Мамлеева Д.М, Петрова Л.А, Екеева Э.В, Сокольникова Э.И, еңбектерін жатқызамыз[7]. Ресей сарапшыларының пірінше аталмыш ғылыми топтамалар РИНЦ индексі бойынша жоғары бағаланып, болашақта «Thomson Reuters», «Springer», «Elsevier», «Scopus», «AAAS» ғаламдық ғылыми-техникалық ақпарат ресурстары (FFTP) дәрежесіне көтерілу мүмкіндігі бар екенін жоққа шығармайды.

<http://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogika-kak-nauka-predmet-funktsii-osnovnye-kat>



Қазақстандық немесе ТДМ елдеріндегі ғалымдар еңбектері аталмыш ресурстарды сараптау барысында біздің назарымызға ілінбеді. Сол себепті жоғарыда есімдері аталған ғалымдар еңбектері болашақта осы порталдан орын алу жағын қарастырғанымыз абзал.


<http://www.mcser.org/journal/index.php/mjss>



«Scopus» тобындағы «Mediterranean Journal of Social Sciences» Интернет журналында Қожахметова К.Ж жетекшілігімен этнопедagogика тақырыбына қатысты ғылыми мақалаға оң баға беруге болады. Осы формат бойынша профессор Adnan Tufekčić зерттеуі де заманауи жағдайдағы ұлттық тәрбие мәселеріне қоғамның жіті назар аудару қажеттігін меңзейді[8].


Дегенмен «Thomson Reuters», «Springer», «Elsevier» FTP этнопедagogика тақырыбындағы ғылыми тезистердің жариялануы деңгейі жағынан халықаралық мәртебесі жоғары екені байқалады.

<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814047818>



«Elsevier» тобына жататын «Sciencedirect» ғылыми жинағы соңғы жылдары жекелей этнопедagogика ғылымының қалыптасуына ерекше мән бермегенімен онда «балалар фольклоры», «этникалық һәм мәдени құндылықтар», «халық дәстүрлері», «әлем халықтарының ұлттық ойындары» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын тұрақты жариялап отырғаны белгілі [10].

<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042815021850>



Қазақстандық ғалымдар Ұзақбаева С.А және Жолдасбеков С «The Main Problems of System's Modernization of Vocational Training of Pedagogical Shots in The Republic of Kazakhstan» тақырыбындағы аталмыш ғылыми мақала біздер көтеріп отырған мәселеміздің шешуін табуға зор мүмкіндік тудыртып отыр[9].

Қорыта айтқанда бүгінгі ғаламдық ғылыми-техникалық ақпарат ресурстарын ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жастардың шығармашылық һәм интеллектуалдық мүмкіндіктерінің ашылуына айырықша жағдай туғызуына алға қойған мақсатқа жетудің тиімді жолын табуға мұрындық

себепші болатынын айта келе, өз кезегінде болады деп есептейміз.

Бұл орайда «Cyberleninka» электронды ғылыми-техникалық ақпарат порталы немесе «Procedia» үлгісінде Қазақстандық форматтағы электрондық ғылыми орталықты ашу мәселесін шешу қажет.

Этнопедагогика мәселесі бойынша осы кезеңге дейінгі электрондық материалдарды бір жүйеге келтіріп, жас ерекшелік категориясына лайықтай отырып арнайы дидактикалық порталдың молая түсуіне жағдай туғызу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Әбілова З., Қалиев С.Қ. Этнопедагогика оқулығы, Алматы, 1996, 265 бет
2. Kozhakhmetova Klara, Ortayev Baktiyar, Kaliyeva Sandygul, Utaliyeva Raikhan, Jonissova Gulzhiyan. Ethnic Pedagogy as an Integrative, Developing Branch of Pedagogy. Mediterranean Journal of Social Sciences, Vol 6, No 1 S1 (2015).DOI:10.5901/mjss.2015.v6n1s1p612.
<http://www.mcser.org/journal/index.php/mjss/rt/prinтерFriendly/5581/0>
- 3.Құрсабаев М.Қ. Қазақ нама. Шығармалар жинағы. Астана, 2008, 506 бет
4. http://doc.nlrk.kz/result/ebook_90/
5. <http://cyberleninka.ru/article/n/etnopedagogika-kak-nauka-predmet-funktsii-osnovnye-kat>
6. Хахимов Э.Р. Этнопедагогика как наука: предмет, функции, основные категории. Вестник Урмурского университета. №9, 2007.
7. Нездемковская Г.В. Становление этнопедагогики в России. ТомГУ, 2009.
8. Adnan Tufekčić. Ethnopedagogical review of traditional children's games from Majevisa. The Faculty of Philosophy in Tuzla, Tuzla, Bosnia and Herzegovina.
http://hrcak.srce.hr/index.php?show=clanak&id_clanak_jezik=122490&lang=en
9. S.A.Uzakbaeva, S.Zholdasbekova. The Main Problems of System's Modernization of Vocational Training of Pedagogical Shots in The Republic of Kazakhstan.
<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042815021850>
10. Alevtina Nikolaeva, Lyudmila Popova. To the Problem of the Spiritual and Moral Values Formation in Senior Pre-school Children. Procedia - Social and Behavioral Sciences. Volume 146, 25 August 2014, Pages 271–274. Third Annual International Conference «Early Childhood Care and Education».
<http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814047818>

АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ КӨКЕЙТЕСТІЛІГІ

Майғаранова Ш.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
доцент*

Мұратханова Р.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
ҚазМемҚызПУ*

Кілттік сөздер: Рухани мұра, мәдениет, жалпыадамзаттық құндылық, сана, құбылыс.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы актуальности духовного наследия человечества. Также поднимаются вопросы общечеловеческих и национальных ценностей.

Annotation

This article discusses the relevance of the spiritual heritage of mankind. Also raises the question of universal and national values.

Қазіргі мектептің негізгі парадигмасы гуманистік педагогикаға негізделді. Ол мәңгілік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген білім. Тәрбие мектептегі біртұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі екені белгілі. Бұрынғы қалыптасқан педагогикада бала тәрбие объектісі болса, қазіргі кезеңдегі тәрбие, баланы тәрбие субъектісі ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Еліміздегі білім беру жүйесі де зайырлы сипатқа ие. Зайырлы демократиялық мемлекет ретінде халықаралық стандарт деңгейінде адам құқықтары туралы Конвенцияға қол қойып, әлемдік білім кеңістігіне енуіміз, жалпыадамзаттық білім кеңістігінде мәдениетті тұлға тәрбиелеуді қажет етеді.

Мәдениет ауқымы кең, күрделі, көпқырлы құбылыс. Оны кең мағынада құндылықтар жүйесі деп түсінуге болады. Мәдениеттің мәніне байланысты ізденістер философиялық, антропологиялық, әлеуметтану, этнологиялық тұрғыдан анықталған (батыста: Э.Тейлор, Эванс-Притчард, А.Кребер, Т.Парсонс; біздің елде: Ә.Хасенов, Н.Құрманбаева, Ж.Алтаев, Т. Ғабитов, А.Қасабеков, А.Сейдімбек, т.б.).

Мәдениеттанушы ғалым Л.Уайт мәдениетті біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оны технологиялық, әлеуметтік және идеологиялық салаларға бөледі. Оның пайымдауынша технологиялық саланы табиғат игіліктерімен, оны жасайтын құралдар арқылы адамдар бір-бірімен және адам-табиғат өзара қатынасқа түседі. Әлеуметтік салада адамдар арасындағы туыстық, экономикалық, саяси, этникалық, әскери, кәсіби, т.б. қарым-

қатынас қалыптастырылады. Ал идеологиялық салаға идея, діни сенім, білім, нышанның түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы, т.б. жатады.

Сонымен, осындай жүйелеу бойынша мәдениет – материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы болып табылады. Мәдениет – қоғамдық құндылық, ол үнемі сараланып, көпшіліктің санасында тұрақталып, ұзақ уақыт тәжірибе сынынан өтіп түйінделетін мұра.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасынан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар бірінші орынға адамның құқығын, оның бостандығын, оған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп алғанға баса назар аударады. Білім мен тәрбие аса бағалы құндылық ретінде қаралып, оған қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижелері деп қарау орын алып отыр. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген адам құқығын қорғау ісі мыңдаған жылдар бойында жинақталып, адамның мінез-құлқын реттеуші қызмет атқарып келеді. Тұлғаның бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ісі, адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи бай тәжірибесіне негізделіп, әлеуметтік-этикалық қалыптар мен игіліктерді қатар игеруге болатынын педагог-ғалымдар дәлелдеп берді. Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде адамгершілік үлгілері түрінде көрінеді. Кез келген халықтың тәлімдік үлгілері педагогикалық мәдениеттің ажырамас құрамы болып саналады. Сондықтан осы заманғы білімнің мәні - халықтардың алдыңғы қатарлы озық, ізгілік дәстүрлерін, жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарын қайта жандандыру арқылы, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілігін нығайту болып табылады.

Заман талабына сай бүгінгі педагогика ғылымының алдындағы басты міндеттердің бірі – педагогиканы жалпы әлемдік құндылық деңгейіне (адамды сүю және оның бостандығын сақтау) көтеруге әрекет жасау және адамзаттық мұратты құру болып отыр. Бұл міндетті іске асыру үшін баланы табиғат және мәдениетпен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарды – Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Қиянат жасамауды білім беру үдерісінде ескеру керек. Достық, сүйіспеншілік, мейірбандылық әр халыққа тән шынайы бедел екендігі, сонымен бірге әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрлерінің болатыны, оның жеке тұлғаның бойынан «әлеуметтік қатынасқа түскенде көрініс табатыны анықталған.

Жалпыадамзаттық абсолюттік құндылықтар - белгілі бір ұлттың, сонымен бірге барлық ұлтқа ортақ құндылықтардың жиынтығы, олар бірін-бірі толықтырып, дамытып отырады және түрлі халықтың, діннің, дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын, туыс ететін құбылыс. Сондықтан да ол жалпыадамзаттық деп аталады.

Мектептің қазіргі мақсаты - оқу-тәрбие үдерісін жалпыадамзаттық абсолюттік құндылықтарға негіздей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашып, оны саналы түрде қолдануға ұмтылыс жасау. Жас ұрпақты басқаларда бар мұратты бағалай білуге үйрету арқылы жалпыадамзаттық рухани дамуға үлес қосуды, құндылық атаулының бәрін құрметтеуді, қорғай білуді меңгерту.

Қазіргі дүниежүзілік мәдениетте кейбір адамдық әмбебаптық болмыстың басты бағыттары айқындала бастағандықтан, қазақ мәдениетінің мүмкіндіктерін қарастыруға тура келеді.

Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков, т.б. философ-ғалымдар өмір тенденцияларын жалпылаудың тәжірибесіне сүйеніп, қазіргі қазақ мәдениетінің типологиясын архаикалық, мәңгүрттік, еуразиялық деп жіктейді. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы мәдени жүйесінде үш бөліктің бар екендігіне көз жеткізуге болады. Оларға төлтума дәстүрлі мәдениет, отаршыл мәдениет және батыстың әсері жатады. Еуразиялық мәдени тип дәстүрлі мәдениетті батыстық өркениет жетістіктерімен ұштастыра білген.

Еуразиялық мәдениеттің ерекшеліктерін зерттеген Н.Бердяев, В.Соловьев, Л.Гумилевтің есімдерін атап өткен жөн. Еуразия екі суперөркениеттің жай ғана қарым-қатынасы емес, олардың тұтастану үлгісінің қалыптасуының куәсі болып отыр.

Қазақстан философтары еуразиялық мәдени типтің менталитетін айқындау үшін шығыстың, батыстың және қазақы дүниетанымдар мен дүниелік қатынастардың ерекшеліктерін ескеріп, еуразиялық мәдени типтің болашақ әлеуетін көруге болатын мүмкіндіктерін түйіндейді. Еуразиялық мәдени тип өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін қазақтың дәстүрлі мәдениетімен тұтасуы қажет.

XXI ғасырда түрлі мәдениеттің ұлы тоғысуы, сұхбаттасуы және тұтастануы негізгі қағидаттарға айналды. Біз жоғарыда атаған абсолюттік, мәңгілік құндылықтарды ұлттық мәдениетке және мәдени дәстүрлерге үйлестіре қолдануымыз керек.

XX ғасырдың аяғында әлемдік мәдениетте қалыптасқан тағы бір ахуал озық технологияны гуманистік этикамен үйлесімді қосуға деген талпыныс. А.Швейцер, М.Ганди, Л.Толстой, Тейяр де Шарден, Э.Фромм, т.б. адамгершілікті негізгі құндылық деп жарияласа, ал Шәкәрімнің «Ар ілімі» деп атаған этикасын ғылымдардың ішінде бірінші шепке қоюға болады.

Соңғы 20-30 жыл шамасында білім беру мен тәрбие философиясы дамып қалыптасуда. Б.С.Гершунскийдің еңбегінде рухани-адамгершілік құндылықтың сапалы жағынан төмендеуі, өркениеттің және дүниетанымның тұйыққа тірелуі, XXI ғасыр қарсаңында және үшінші мыңжылдықтағы жүйелі тоқырау қоғамдық өмірдің негізгі үш жүйесін: ғылым, білім, дінді қамтитындығы көрсетіледі. Келешекте білім беру арқылы Білім мен Сенім арасындағы алшақтықты жоюға болатындығын, білімдік көзқарас арқылы материалдық және рухани әлемді тану көзделетініне тоқталады.

Этномәдениеттің өзегін құрастыратын құндылықтар жүйесін мәдениеттануда «архетип» деп атайды. К.Г.Юнгтің пікірі бойынша, мәдени тұлғаның рухани шығармашылық қазынасын қауымдық тылсым құрастырады. Осы бейсананың, тылсымның құрылымдық бөліктерін архетиптер деп атайды. Оларға адамның

рухани өмірінің тәжірибеге дейінгі руханилығын қалыптастыратын және тұлғаның іс-әрекет, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осының негізінде адамда «Мен» сезімі, этноско ортақ уақыттық кеңістік өріс пайда болады.

Архетиптік уақыт мифологиямен тікелей қатысты. Бұл архаистік қалдықтар (З.Фрейд) адам психикасының ескі бөлігінде «ұжымдық бейнелер», мифологиялық тақырыптар арқылы оның негізін құрайды. Неліктен бұдан екі мың жыл бұрын өмір сахнасынан өткен мифтер үнемі жаңғырып отырады және бұл құбылыс бүгінге дейін біздің санамызда неге өзінің белсенділігін сақтап қалған деген сұраққа жауап іздесек, ол былай болмақ. Мифтер адамның ойлау ақпаратында үнемі базистік білім ретінде қатысып отырады. Кейінен бұл архаикалық ескі түсініктер психологияны зерттейтін мектептерде мифологиялық бейнелер мен олардың сапалық көріністері болып табылатын архетиптер немесе алғашқы бейнелер ретінде алынады (К.Г.Юнг).

Сонымен, белгілі бір мәдениеттің архетипіне көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша орта ғасырларда қалыптасқан еуразиялық мәдени кеңістікті қамтыған түріктік халықтар мен тайпалардың көшпелі мәдениеті жатады.

А.Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» атты еңбегінде үш мың жылдық көшпелілер өркениетінің рухани дүниетанымының негізіне Тәңірлік дүниетаным - ғарыштық-табиғаттық үйлесімділік алынғанына тоқталады. Ол жалпыадамзат өркениетіндегі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекеніне жапсарлас өңірлерде дүниеге келгенінің кездейсоқ еместігін көрсетеді. Мәселен, Зәрдеш (зороастризм), Будда (буддизм), Яхуда (иудаизм), Мұхаммед (ислам) бастаған әлемдік діндердің көшпелілер мекенімен шекаралас өңірлерде дүниеге келгенін кездейсоқтық деуге болмайтынына нұсқайды. Осынау әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік дүниетанымның өзекті қағидаларының арқау болғанын түйіндейді.

Кейіннен IX-X ғасырларда Қазақстан және Орта Азия территориясында арабтар ислам дінін уағыздаумен бірге, ғылым мен білімді де әкелді, нәтижесінде түркі халықтарының ұлы ғалымдары Фараби, Фирдоуси, Авиценна, Бируни, Низами, Науаи, Қашқари, Иассауи, Баласағұни және басқалар араб мәдениетін игерді.

Қорыта келе, қазақ халқының дүниетанымында Тәңірлік дүниетаным және Ислам дінінің рухани танымдық жақтары кірігіп, тұтасып адам санасында өзіндік із қалдырды.

Бүгінде біздің қоғамда дінге деген ықылас күшеюде. Оның ұрпақ тәрбиесімен байланысты үлкен тәрбиелік әсері бар ертеден келе жатқан құбылыс екенін мойындауға тура келеді. Жалпы адамдардың дінге деген көзқарасы олардың рухани даму дәрежесін айқындаушы рөл атқарады. Дін қоғамдық өмірдегі сананың бір бөлігі болып саналады. Барлық дінде де сүйіспеншілік, үміт, бейбітшілік, әділдік, ізгілік, қайырымдылық деген ұғымдарға бірыңғай көзқарас бар. Жастарды адамгершілік қасиеттерге, құндылықтарға тәрбиелеуде діннің таза ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейтін ұстанымдарына назар аударуға болады.

Қазақ халқының ағартушы-ұстазы Ы.Алтынсаринның «Мұсылмандық тұтқасы» (1883) атты еңбегінің құндылығы ислам дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі, діни терминдердің мән-мағынасын ашуына және шариғат заңын өмір тіршілігімен және адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ», адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытындыға келеді. Көңілдегі жақсылық, жамандық ниеттер адамның іс-әрекеті арқылы сыртқа көрінеді. Қашанда иман мен дін мәнісін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана, ол құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік деп түсіндіреді.

Ы.Алтынсарин ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндірді.

Ақын, жазушы, аудармашы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы адамды қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып біл, оның өлшеусіз байлығын қажетіңе жарат, сол үшін Жаратқан адамға ұғынарлық ми берді. Білу, нану, тану, ұғыну – бәрі ақыл ісі, олар мида қортылып түсінік, ой, сезім болып шығады деген тұжырым жасайды. Мидың қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы жүзеге асады, ойлаған ісін іске асыру, адамның әділетті немесе әділетсіз болуы, ізгілікті ұстануы немесе жауыздық жолға түсуі, ақыл-парасат пен жүректің ісі, сондықтан не нәрсені сарапқа салып, байыбына барып, терең түсініп, ақылмен іс қылу адамдық, ар-ұждан ісі, адамшылықтың басты парызы дейді. Адамның дүние сырын білуге деген ұмтылушылығы, «нағыз құдай жолы - қиянатсыз ақ жүрекпен адал еңбек ету», оқу оқып, білім алып, дүние сырын білу деген тұжырым жасайды.

Міржақып Дулатов тәлім-тәрбиелік тағылымдарында жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу мәселесінің маңызына тоқталады. Ол мұсылмандардың қасиетті кітабы «Құранның» үлгі-өнегеге толы тағлымдарына баса назар аударады. Жастарды білім алуға, оқуға тартумен бірге діни оқуды да жатсынбау керектігін, орыс тілін үйренумен қатар, дінді де танып, оны өмірлік қажетке пайдаланса, адам жан-жақты білімді азамат болып шығатыны туралы ойын түйіндейді.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» (1922) еңбегінде «... дін сезімдері күшті адам тәңірінің барлығына, құдыретіне сеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек» деп көрсеткен.

Демек, адам дүниетанымының құрамдас бөлігі діни сенім туралы жоғарыда айтылған ой-тұжырымдар қазіргі уақытта да өзінің сабақтастығын жалғастырып келеді.

XXI ғасырдағы адамзат санасының дамуы, жаратылыс заңдылықтарын түсінуге, оның құпиясын ашуға деген ұмтылыстары мен адамның өзін-өзі тану талпыныстары Әлемді біртұтас қабылдауға, яғни

оның философиялық, ғылыми және діни қырларын бірлікте қарастырудың маңыздылығын ашуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана «Елорда», 2001.
2. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (В поисках практико ориентированных образовательных концепций). – Москва.: Изд-во Совершенство», 1998.
3. Фрейд З. Психология бессознательного. – М.: Просвещение, 1994.
4. Юнг К.Г. Проблемы души нашего времени /Пер. С нем.- М.: Инициатива, 1994.
5. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Специальный курс общечеловеческих ценностей. Часть I. – Информационное издание, 2002.
6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.– Алматы «Санат» 1997.
7. Қалиев С. Жарықбаев Қ. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том (VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең) / – Алматы, Рауан, 1994. II том. (XX ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең). – Алматы: «Рауан», 1998.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Сеңкібаев С.Т.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау
университетінің доценті*

Кілттік сөздер: отансүйгіштік, ұлтжандылық, Отан, ел, жер, халық, оқу, білім, зиялы қауым.

Аннотация

В статье говорится о роли и месте казахских просветителей в становлении и развития национальной педагогики в конце 19в. и в начале 20в. Особенно рассматривается и педагогические идеи педагога-просветителя М.Жумабаева.

Annotation

The article discusses the role and place of the Kazakh educators in the formation and development of national pedagogy in the late of 19th century and early 20th Especially considered pedagogical ideas of the teacher-educator M. Zhumabayev.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтайтын күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр»- деген болатын[1]. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғақ уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. Осы тұрғыдан келгенде.ХІХ- ғасырдың аяғы ХХ-ғасырдың басында, яғни ғасырлар тоғысында елімізде талай ұлы оқиғалар болды. Бұл кезеңде Қазақстан түгелдей Ресейдің қол астына кіріп, оның түпкілікті боданында еді.Қазақтың жер асты,үсті байлығын жалғыз Ресей емес, шет ел басқыншылары емін еркін иемденді.

Сонымен бірге, Қазақстан Ресейдің әскери тірек еліне айналды. Жаппай орыстандыру саясатының негізінде, Қазақстан халқының көп бөлігін келімсектер құрды. Қоныс аударылғандарға қазақтардың шұрайлы деген жерлері бөлініп берілді. Жерінен айырылған қазақ халқы нағыз көшпенділер кейпін киіп,көбісі патша үкіметінің реакциялық саясатына шыдай алмай көрші мемлекеттерге көшуге мәжбүр болды. Қалған бөлігі ата қоныс жер суын, арнамысын қорғау барысында күреске де шығып отырды Бірақ ол көтерілістер аяусыз басылып тасталды

Жалпы алып қарағанда, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты негізінде, үш бағытпен жүзеге асырылды.

1. Қазақ жерінің шекараларына әскери-стратегиялық маңызы бар бекіністер салу және оларға Ресейдің басқа аймақтарын мекен еткендерді шоғырландыру.

2.Саяси-құқықтық реформа жасау арқылы қазақ халқын өзін-өзі басқару, билік жүргізуден айырып, тіке басқаруды енгізу.

3.Экономикалық саясатпен, яғни салық салу жүйесі арқылы жергілікті халықты қанау.[2]

Патша өкіметінің сол кездегі геосаясаты түбегейлі түрде қазақ жерін өзіне қаратып, шығысқа жол ашу еді. Өзімен шекаралас жерлерде дала бекіністерін салу 1740 жылы басталды. Халық арасында «қасірет белдеуі» деген атқа ие болған бұл бекіністер, шын мәнінде қазақ халқына ауыртпашылықты көп әкелді. Өздерінің саясаттарымен келіспеген қазақтарды түрмеге қамап, жер аударды. Заңсыздық пен дөрекілік қанат жайды. Ұлтты бір-біріне айдап салу,қарсы қою, реті келсе жанжалдастырып отырды басты құралына айналдырған

болатын. Мәселен, Ресейдің әйел патшайымы 2-Екатерина, Орынбор генерал –губернаторына жолдаған нұсқау бұйрығында:

«1.Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларына араз етіп, бірімен-бірін қас етіп,бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз.

2.Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып,бірімен-бірін иттей тартыстырып,бірінің етін бірі жеуге себеп қылардай іс қылыңыз.

3.Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қол астындағы ақсақал адмдармен араз қылыңыз. Арасына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даярлай беріңіз.»-деп сол кезге тән сұрқия саясат жүргізеді.[3]

Патша үкіметінің қазақ халқына қарсы жүргізіп отырған сол кездегі реакциялық отарлау саясаты қазақ зияларын жайбіррақат қалдырмады.

XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап қазақтың жазба әдебиеті мен ұлттық тәлім-тәрбиесін қалыптастыруда, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин еңбектерінің тарихи маңызы зор. Олардың озық ойларын XX ғасырдың алғашқы ширегінде, Ә.Диваев, М-Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, М.Сералин, А.Байтұрсынов, Ғ.Қарашев, С.Көбеев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев жалғастырып, ұлттық педагогика ғылымының туып, қалыптасуына көп еңбек сіңірді. XX-ғасырдың басында қазақ зиялылар қауымы да елдегі ауыртпалықты көре отырып, отарлаудан құтылудың бірден- бір амалы білім жолы екендігін түсіне білді. Жас жеткіншектерді ұлтжандылыққа тәрбиелеуде бабалар дәстүрін ұлтымыздың ұлы ағартушылары А.Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин жалғастырса, кейіннен олардың тәлімдік ойларын А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Сералин, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, С.Көбеев, Ш.Құдайбердиев тағы басқа ғұламалар XX-ші ғасыр басында қазақ мектебінің негізіне қабыстырды. Осы және басқа зиялылар халықты сауаттандыру үшін өздері оқулықтар жазды, әдістемелік құралдар шығарды, шығармаларында оқу-білімді насихаттады.Өкінішке орай, көпшілік бұл зиялылардың педагогикалық еңбектерінен бейхабар болып, тек олардың саяси-қоғамдық істері жайында ғана білді. Сол себептен де, бұлардың педагогикалық іс-әрекеттері соңғы кезге дейін терең зерттелмей, таратылмай да келді. [4]

Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғақ уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. Осы тұрғыдан келгенде, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың еңбектері мәңгілік. Олар өз жұртын қараңғылықтан арашалап, тек оқу арқылы ғана бахытқа жеткізуге болатындығын түсінді. Халықты оқуға, білім алуға шақыра отырып, патша өкіметінің алдында келелі сұрақтарды қоя білді. Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен “Алаш” партиясының маңына топтасқан зиялылар бостандық алудың бір ғана жолы халықты сауаттандырып, қараңғылық бұғауынан босату деп білді. Осы себептен де ат төбелендей аз ғана топ өздерінің бар өмірін оқу- ағарту жолына бағыттады. Әрқайсысы әр-түрлі пәндерден оқулықтар, әдістемелік құралдар жазды.Бәрі бірігіп халықты оқу-білімге шақырды . Олар осы жолда бар мүмкіндіктерді пайдалана білді. Әсіресе, сол кездегі қазақ арасына кең таралған баспа сөзді шебер пайдаланды. Осы орайда “Қазақ”, “Айқап”,”Жаңа мектеп”,т.б. газет журнал баспа сөз беттерінде оқу- ағарту туралы жарияланған мақалалардың қазақ арасында рөлі ерекше болды. [5]

Қазақ халқының ұлы ағартушылары үкіметке өз ықпалдарын пайдаланып, көптеген оқу орындарын аштырғанын да белгілі. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғақ уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. Әр кезеңнің өз батыр ұлдары мен қыздары «жаным арымның садағасы» - деген ұлы принциппен өмір сүргені белгілі. Сол жолда олар өз бастарын құрбандыққа шалып отырды. Қазақ халқы өз басынан талай қасіретті кезеңдерді өткізді.Біздің еліміздің тарихында сондай қасіретті кезең, XX - ғасырдың 30-шы жылдарында болғанын тарихтан білеміз. «Халық жауы» деген жалған айып тағылып, зорлық – зомбылық заманының құрбаны болған ұлтымыздың талай боздақтарының есімдері, әлі де болса тарихтан өзінің орнын ала алмай келеді. Кейбір деректерге жүгінсек, тек 30-шы жылдырдың ішінде ғана 750-мыңнан астам Қазақстан азаматтары тұтқұндалып,25мыңнан астамы атылған.Жазықсыз жапа шеккендердің арасында қазақ халқының бостандығы мен бақыты үшін күрескен, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин, М.Жұмабаев тағы басқа жүздеген зиялыларымыздың болғанын білеміз. .Осындай зиялыларымыздың ішінде, XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ ғылыми - педагогикасының іргетасын қаласып, оны қалаптастыруға қомақты үлес қосқан адамдардың бірі –Мағжан Жұмабаев. Мағжан Жұмабаев өз ұлтын азат етудің бірден-бір шарты оқу-ағарту, надандықтан құтылу ғана емес, батыл әрекет, күрес қажет дейді.1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қарсаңында, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9,25 маусым күндері шыққан санында ақын өзінің «Дін үйреткенге», «Есімде тек таң атсын» деген өлеңдерін жариялады.Ақын алдымен халқымыздың өткен шағына көз тастап, «ел шетіне жау тигенде, ақ найза, алты құлаш белге байлап, айнымас алдаспанды қолға алып, қанатты, қажымайтын тұлпар міндік, жібекпен жетпіс қабат белді будық, құрсанып қылыш өтпес мұздай темір, қиядан қыран құста жауға ұмтылдық», - деп « енді осы ерлік кезеңімізді тағы қайталайық, тек жата бермейік»-дейді.[6]

Мағжан Жұмабаев өз еңбектерінде қазақ педагогикасының дербес, өзіндік нақышы бар, бала тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті. Әсіресе,1918-1926 жылдардың аралығында Мағжан Жұмабаевтың педагогика саласында өндіріп еңбек еткен жылдары болды. М. Жұмабаевты зерттеушілер оған бір жақты тоқтап, тек әдеби поэзиялық шығармашылығына басты көңіл бөліп отырды. Сонымен бірге көпшілік М. Жұмабаевты тек ақын ретінде ғана біліп, оның ұстаздық дүниетанымына онша көңіл бөлмей келді. Мағжанның ақындағы туа біткен табиғи дарындылығы болса, ал өмірдегі негізі

мамандығы ұстаз-педагог болған. М. Жұмабаев заманынан озып туған педагог. Оған оның сол кездегі жазған мақалалары мен еңбектері, әсіресе, “Педагогика” оқулығы куә. А.Байтұрсыновты ұлттың сол кездегі идеялық ұстазы ретінде білсек те, педагогика саласында алғашқы болып фундаментальды еңбек жазған М.Жұмабаев деуге болады. Ол өзінің “Педагогика” оқулығында тұңғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан көрсетті. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті.”Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек”-деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай[7]. Бүгінгі атом, компьютер, космос заманында оқушы ғылымның соңғы жаңалықтарын біліп қана қоймай, оны игере білу өмір талабы.

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие. Сол себептен де Мағжан шығармашылығы мен танысу балабақшадан басталғаны дұрыс. Ол үшін балалардың жас шамаларына қарай Мағжанның өлеңдерін сараптап, бала бақшада өткізудің әдістемесін ұсыну қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбиелік мәні үлкен Мағжан өлеңдерімен үзінділер жаттатып, оларға ұлтжандылық, имандылық, махаббат сезімдерін ұялатуға зер салыну керек. Осыған орай :

-Мағжанның балалық шағын оқытып, үйрету.

-Мағжан өлеңдерін жатқа айтқызу.

М.Жұмабаевтың әдеби-поэзиялық еңбектерін шолу жасағанда тағы байқағанмыз, оның барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттық рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы оқушыларды отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Оның «Педагогика» атты оқулығы тұнып тұрған халықтық педагогика мен психологиясы. Онда халықтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, бала тәрбиелеу тәсілдері ерекше нақышпен суреттелген. Педагог-ғалым М.Жұмабаев халық педагогикасын ғылымдықпен баяндай отырып, оларды қолданудың әдіс-тәсілдерін жаңаша жағдайда пайдаланудың қажеттілігін ұсынды. Сол мұралар арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Сонымен бірге М.Жұмабаев халық педагогикасының бәрін оқу- тәрбие ісіне талғаусыз енгізе бермей, оны бүгінгі күн талабына сай жаңаша, өркениетті жағдайға пайдаланудың жолдарын меңзейді.М.Жұмабаевтың қазақ педагогикасына енгізген ерекше жаңалығы, оның ұлттық психология ғылымына қосқан үлесі. Ол психологиялық ғылыми қағидаларды зерттей келе, оны қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясына жақындатуды қарастырды. Пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақта пайдалану, дамыта оқыту, бала қиялын, фантазиясын өсіру,өздік ойлау процесіне ерекше мән беріп отырудың қажеттілігін М.Жұмабаевтың оқытудағы басты тәсілдердің бірі ретінде қарстырады. Әсіресе,тіл мәселесіне келгенде баланың бастапқы (1-4)сыныптарда тек қазақша оқу керектігін дәлелдеді. Сонымен бірге, баламен жұмыс істейтін үлкендердің таза әдеби қазақ тілінде сөйлеп, тіл тазалығын сақтау қажеттілігін алдыңғы орынға қоя білді.

Сонымен бірге М.Жұмабаев шығармаларын негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда пайдалануға болатындығы көзіміз жетті. Осыған орай төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1. М. Жұмабаевтың педагогикалық еңбектерін терең зерттеп, оның тәлімдік, тәрбиелік ой- пікірлерін (идеяларын) педагогикалық колледждермен орта мектептің оқу- тәрбие ісіне жүйелі енгізу.

2.Жоғары оқу орындарында, педколледждерде,қазақ педагогикасының тарихының бағдарламасына М.Жұмабаевтың педагогикалық ой-пікірлерімен,өмірі шығармашылығын кеңінен енгізіп оқып үйрену.

3.Мұғалімдер біліктілігін арттыруда М. Жұмабаевтың ұстаздық тәлімгерлік ой-пікірлерін және “Педагогика” оқулығын кеңінен оқып зерттеу.”Мағжантану”курсын енгізу.

4.М.Жұмабаевты қазақ халқының ұлы педагогы, тәлімгер-тәрбиеші әдіскері ретінде танып, қазақ педагогика тарихынан өзіне лайықты орнын беру. Жоғары және орта мектептерде М.Жұмабаевтың педагогикалық еңбектерін арнайы курс ретінде оқуға зер салу.Оның портретін ұлы педагогтар қатарына енгізіп,ілу.

5.Оқушыларға ұлт және адамгершілік,отансүйгіштік,азаматтық тәрбие беруде М.Жұмабаевтың тәрбие туралы идеяларының педагогикалық еңбектерін,адамзаттық құндылық идеясымен байланыстырып,бүкіл әлемдік педагогика тұрғысынан қарап бағалау.

Мағжан рухында бүгінгі жастарды тәрбиелеудің аса маңыздылығы оқушы жастарды елін, жерін, ұлтын сүйе білетін шынайы ұлтжанды патриот азамат етіп тәрбиелеудің қажеттілігінен туындап отырғанын атап айтуымыз керек. Еуромәдениетті желеу етіп өз ұлтын, ата-тегін, ана тілін менсінбей, өз ділінен, тілінен безініп, өзгелердің жыртқысын жырттып, туын көтеретін мәңгүрт жастардың көбеюі де себеп болып отыр.

Бүгінгі таңда Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия идеологиясының қарама-қайшылық кезеңінде ұлттық идеологияны қалыптастырып, жастарды жат идеология ықпалынан аман алып қалу ең өзекті мәселе болып саналады. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды Батыстың бейресми мәдениеті мен моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден-бір жолы - ұлтымыздың тарихы мен халық педагогикасы арқылы тәрбиелеу болмақ. М. Жұмабаев өз ғасырынан озып туған ғұлама адам. Ол ұлы ұстаз,ақын, философ,әдебиетші,тарихшы. Оны оқып, зерттеу бүгінгі ғалымдар мен ізденушілер үлесіне тиесілі болмақ.Мағжанның әділ бағасын беру, бүгінгі ұрпақ үлесіне тиісті. М.Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне, Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз. Тағдыры тәлкекке түсіп, қасірет пен қайғы шырғауынан шыға алмай, қатыгез заманның құрбаны болған осынау аяулы жан, әліде болса, қоғамнан өз бағасын толық алған жоқ,оның

бізге айтып кеткен аманатын біз әлі орындаған жоқпыз.

Қазіргі жаһандану дәуірінде, Қазақстан бірнеше сырт мемлекеттердің қоршауында тұрғаны анық. Олай болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «...біздің ұрпағымыз өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ. Ол, ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, әрі тікелей соғыстардан тартынатын болады. Бірақ, ол өзінің еркіндігі, тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады. Ол сыптай да, серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс, әйтпеген күнде ол қағаң табиғи ортада өмір сүре алмайды» - деп тұжырымдаған.[8] Ендеше, бүгінгі жас ұрпақты Мағжан Жұмабаев сынды ұлттың ұлы ұлдарының үлгісінде оқытып, тәрбиелеу-қазіргі заманның алға қойып отырған міндеттерінің бірі болса керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Н.Назарбаев. ҚР-ы мұғалімдерінің 2-ші құрылтайындағы сөзі-Алматы,-1992ж
2. Бекмаханов Е. Қазақстан тарихы. - Алматы: ҚМБ, 2006ж. – 350 б.
- 3.Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 150 б.
- 4.Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Казахстан2006ж. - 163 с.
- 5.Жолдыбаев М. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы //Құрастырушылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. - Алматы: Рауан, 1998ж.
6. Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар)- Алматы: Ғылым, 1992.- 272 .
7. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Ғылым,1993ж-220б.
8. Н.Назарбаев. ҚР-ы мұғалімдерінің 2-ші құрылтайындағы сөзі-Алматы,-1992ж

ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Калиева С.Н.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Каугаева А.М.

техника ғылымдарының кандидаты

Мырзағалиева Г.

гуманитарлық ғылымдар магистрі

Досжанова А.А.

«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Кілт сөздер: оқулық, сараптама, құндылықтар, мониторинг, қоғамдық пікір, оқулыққа сұраныс, қағида, тізбе

Аннотация

В статье рассматривается вопрос проведения мониторинга по изучению качества и востребованности учебников, используемых в учебном процессе организации образования.

Annotation

The article considers the problem concerning a number of monitoring to study the quality and relevance of the textbooks used in the training process of the republic's educational organizations.

Қоғамдық кемелденуде инновациялық-инфрақұрылымдық жүйемен білім берудің орны ерекше. Ұлттық интеллектуалдықтың негізі қаланып, халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын терең білімді, қоғамдық еңбегі мен кәсіптік шеберлігі, дағдысы жоғары, іскерлік негіздері қалыптасқан, рухани адамгершілігі биік азаматтарды қалыптастыруда инновациялық-инфрақұрылымдық жүйенің атқаратын қызметінің маңызы үлкен. Бұл мәселе туралы Елбасы: «Біздің ендігі міндетіміз – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектуалдыққа, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту», – деп атап көрсетті. [1]

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы қазақстандық білім жүйесін дамытуда үлкен серпіліс жасап, қазіргі білім беру үдерісіне айырықша назар аударуды талап етеді. Өйткені ұлттың дамуының негізі - терең білімде, білім мен ғылым саласын дамытуда және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруда, жеке тұлғалық ақыл-ой қабілеті жоғары, бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындауда. Ел болашағының кемелді болуын ойлаған үкімет өз жастарын білімді де тәрбиелі етіп қалыптастыруды басты орынға қояды. Қазір мемлекеттің күдіреттілігі экономикалық, материалдық байлығына байланысты емес, адами капитал дәрежесімен анықталатынын дамыған елдердің тәжірибесі айқын дәлелдеп отыр. Ал адами капитал дегеніміз сол елдің білім мен ғылымды дамыту деңгейі мен инновациялық технологияны меңгеруінде. Сондықтан

еліміздің болашақта өркенді де қуатты мемлекет болуын мақсат етсек, онда білім мен ғылымды дамытуға бар күшті салу қажеттігі анық.

Қазіргі жаһандану заманында ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған мақсаттардың бірі- қоғамға пайдалы, мемлекетінің болашағы үшін алған білімі мен үйренген тәжірибесін Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеруге жұмсайтын, парасатты да ар - ожданы биік, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Сондықтан жастарға тәрбие мен білім беру құралы ретінде өз тарихын құрметтеп, бүгінін пайымдауға, алған білімін өмірде қолдануға бағыт бағдар беретін, қоғамның замануи құндылықтарына бағытталған оқу материалдарымен толықтырылған оқулықтардың маңызы зор.

Осы тұрғыдан алғанда еліміздегі білім мен тәрбиенің бағыт-бағдарын, Елбасы Н.Ә.Назарбаев жария еткен «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы және Ұлт жоспары аумағындағы 100 нақты қадам аясында жүргізілетін іс-шаралар анықтайтын болады. Елбасы: «...Бүгінде бізді Мәңгілік Ел құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық культі, толеранттылық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді» деп, осы идеяны іске асыратын нақты жолдар мен бағытты айқындап берді. Осы құндылықтарды оқу мен тәрбиенің негізіне айналдыру оқу процесін басқарушылардың басты міндеттері болары анық. Аталған құндылықтарды білім мазмұнының өзегі етіп, «Білім беру стандарты – оқу бағдарламасы – оқулық» жүйесінде толығымен тез арада іске асыру басты міндетіміз.[2]

Ақпараттық оқытудан инновациялық оқыту әдістерін қолдануға, оқушыларға оқу мен тәжірибе барысында да бәсекелік артықшылықтарға мүмкіндік беретін іргелі білімге, ұстанымдар мен құндылықтарға, әлеуметтік маңызы бар құзыреттіліктерге көшу - білім берудің қызметтік параметрлері болып отыр. Осыған байланысты, бүгінгі күні білім беруді жетілдіруде аса маңызды мәселе білім мазмұнын жаңарту болса, бұл практикалық бағыттағы жаңа технологиялық талаптарға сай оқулықтарды әзірлеудің қажеттігін дәлелдейді. Сол себепті, мұғалімдерге оқушылардың функционалдық сауаттылығын ең басты құзыреттілік ретінде қарастырып, теориялық білімдерін өмірде қолдана алу біліктілігін, қоршаған ортадағы өзгерістердің себептері мен салдарын түсіндіруде, табиғаттағы адамның іс-әрекеті нәтижесінде болып жатқан өзгерістер жөнінде ой түйіндеуінде - оқу мазмұны өзгерген, өз еліне, жеріне, елінің салт-дәстүріне сүйіспеншілікпен қарауға үйрететін, рухани-адамгершілік қасиеттерге, жоғары адамдық ұстанымдар мен құндылықтарға, өзін-өзі тану, өзін – өзі жетілдіруге, әлеуметтік маңызы бар құзыреттіліктерге бағыттап, білім беретін, тәрбиелейтін сапалы оқулықтар бүгінгі өмірдің қажеттігі.

Қазіргі оқулықтарға деген қоғамның көзқарасы қандай? Оқулықтар балалардың бойында қандай құндылықтар қалыптастыруға бағытталған?

Басқа да сұрақтарға жауап алу үшін және қолданыстығы мектеп оқулықтарының сапасы туралы қоғамдық пікірді зерделеу мақсатында Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігі өткен оқу жылында «Қатесіз оқулық» акциясын ұйымдастырып, Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігінің «Оқулық» республикалық ғылыми- практикалық орталығы акцияның ақпараттық әдістемелік және ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етті. «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» Қағидасына сәйкес акция 2015 жылдың 1 қаңтарынан 25 мамырға дейінгі аралықта жүргізілді. Акция барысында 2014-2015 оқу жылында еліміздің білім беру ұйымдарының оқу процесінде қолданысқа рұқсат етілген оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендердің Тізбесіне енген және қолданыстағы оқулықтардың сапасы жөнінде мұғалімдер мен ата-аналардың әр оқулыққа жіберген пікірлерін орталық қызметкерлері қарастырды. Акцияға қатысушылардан келіп түскен пікірлер мен ұсыныстар, ескертулерге толық талдау жүргізіліп, оқулықтардағы анықталған қателіктерді жою үшін авторлар мен баспаларға ұсыныстар жіберілді.

Оқулықтарды құрастыруда оқу материалының ғылымилығы және қол жетімділігі, оқушының жас ерекшелігі принципін ескеру авторларға қойылатын негізгі талап болып табылады. Оқулықтардың сапасын анықтау әдістемесіне сәйкес, мәтіндегі белгісіз ұғымдар саны 100 сөзге төрт пайызды құрау қажет, демек мектептің орта буынында 100 сөзге үш -төрт белгісіз ұғым болуы керек. Ал іс жүзінде алып қарасақ, жаңа оқулықтарда нормадан төрт есе көп жаңа ұғымдар берілгендігін көруге болады. Оқулықта берілген оқу материалының ғылымилығы деп: бұл ғылыми білімнің бірізділікпен оқушыға түсінікті де қолжетімді тілмен баяндалуын, негізгі ұғымдардың дәлелді түсіндірмесінің болуын, оқушылар үшін зерттеудің қарапайым әдістерін тез меңгеруіне мүмкіндік беретін ғылыми- зерттеушілік материалмен қамтылуын айтамыз. Ал оқу материалының қол жетімділігі деп - бұл оқушылардың жас ерекшелігіне және табиғи мүмкіндіктеріне қарай оқу материалының мазмұнының сәйкестігін, параграфтар арасындағы сабақтастықтың сақталуы негізінде оқу мазмұнын ашуда оқушылардың білімінің ескерілуін айтамыз. Сонымен бірге оқушының өздігінен оқу материалын меңгерудегі жұмысы, оқулықта оқушының өздік жұмысын зерделеуіне, пысықтауына, өзін-өзі бақылау және өзіндік бағалауына мүмкіндік беретін оқу материалдарымен қамтамасыз етілуі де бүгінгі күні сапалы оқулық даярлаудағы маңызды мәселе екенін көріп отырмыз. Сол себепті, сапалы оқулыққа қажеттілік күннен күнге қалай артса, оқулықты әзірлеуге деген талап та күннен күнге еселене түсуде.

Сол талаптар ата-аналардан, мұғалімдердің, оқушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырып отыр ма? Бұл мәселені шешудің қандай жаңа бағыттары бар?

«Оқулық» орталығы өзінің алдындағы күрделі міндеттерді шеше отырып, сапалы оқулықтарды даярлауды жетілдірудің тың бағыттарын, жаңа жолдарын іздестіруде. Сол себепті, Қағидаларға сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсанындағы № 515 бұйрығымен бекітілген «Білім беру

ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының Тізбесіне» енген, оқу үдерісінде қолданыстағы 1-11 сыныптарға арналған оқулықтар сапасы мен оларға деген нақты сұраныс деңгейін анықтауды да қажет деп тапты.

Бұл қажеттілікті анықтауда, облыстық, қалалық білім басқармалары мен білім беру ұйымдарымен бірлесіп мониторинг жүргізілді. Қазіргі уақытта білім беру жүйесін жанарту мен жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі - басқару жүйесін осы процеске қатысушыларды тұтас қатыстырып, білім беру сапасын мониторингілеу арқылы қалыптастыру болып табылады. Мониторинг шешім қабылдау процесінің сапасын арттырып, жобаларды іске асыруды, бағдарламаларды, саясат өнімдерін бағалаудағы кері байланыс құралы және ақпаратты жүйелі жинау және талдау белгілі бір нәрсенің жай-күйін бақылау, бағалау, талдау және болжау жүйесі, белгілі параметрлерді анықтаудағы бақылау құралы деп айтсақ қателеспейміз. Мониторингтің негізгі қызметі - білім бағдарламасын іске асырудың нәтижесін көтеру, жақсарту мақсатында бірізділікпен өзгертулер, түзетулер енгізу үшін білім беру процесіне қатысушыларды кері байланыспен қамтамасыз ету болып табылады. [3]

Мысалы, жоғарыда аталған Қағидаға сәйкес, сайт ашылып, оқулықтардың сапасына пікір білдіруге еліміздің кез келген азаматының мүмкіншілігін қамтамасыз ету үшін қоғамдық сараптама жасау тетіктері іске қосылып, жоспарымыз жүзеге асырылуда.

Мониторинг Тізбеге енген әр оқулықтар сапасы туралы және сұраныс дәрежесі туралы бүкіл республика деңгейінде шынайы ақпарат алуға үлкен үлесін қосып, алынған мәліметтердің шынайы да тәуелсіз болуына мүмкіндік берді. 1-11 сыныптарға арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерге деген сұранысты мониторингілеу бойынша жиналған қорытынды жұмыс материалдары зерделеніп, талдау жасалды. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сұранысын мониторингілеу нәтижесі бойынша алынған ақпараттарды талдап, қорытындылай келе, біз жүргізілген шараның қажеттілігіне және оның дамытушы әлеуетіне көз жеткіздік. Мониторинг материалдары негізінде республика бойынша Тізбеге енген оқулықтардың арасында өте аз сұраныстағы және сұраныссыз, басқаша айтсақ оқу процесінде мүлдем сұраныста жоқ оқулықтар туралы да мәліметтер анықталады. Уәкілетті орган оқулықтар мониторингінің нәтижелері бойынша білім беру ұйымдары тарапынан сұраныссыз қалған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды Тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдайды. Тізбеден алынып тасталған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар туралы ақпарат уәкілетті органның сайтында орналастырылады. [4]

Мониторинг нәтижесі бойынша, Орталық басшылары қоғамдық ұйымдардың, ата-аналар мен педагог қауымының оқулықтар туралы өз пікірін ашық білдіруге жағдай жасап отыр. Себебі оқулыққа деген сұраныс - оқулық сапасының ең бірінші көрсеткіші емес пе?

Бұл атқарылып жатқан зерделеу жұмыстары оқулықтың ұлттық моделін қалыптастыру жөніндегі алға қойған ең үлкен мақсатқа жетудегі нақты іс-шараларды жүзеге асыруда инновациялық тәжірибенің енгізілуінің маңыздылығын көрсетіп отыр.

Зерттеу нәтижесінің сандық, сапалық бағалау өлшемі болып, оқу процесіндегі күтілетін нәтиже мен қызмет шарты белгіленген норма, эталон қабылданады. Қазіргі замануи оқулықтар сапасына қойылатын талаптар, оларды оқу процесінде қолдануға сұраныс деңгейі, оларға деген қажеттілік көрсеткіші біз өткізген мониторингінің эталоны.

Сонымен, мониторингі өткізудің негізгі объектісі – білім мазмұны және сапа болса, ал біздің жағдайда оқу процесіндегі қолданыстағы оқулықтарға деген сұраныс та көрсеткіші болды. Бұл оқу әдебиетінің сапасын зерттеудің әлеуметтік аспектісі- білім беру процесінің сапасын айқындап қана қоймайды, сонымен бірге қоғамның мектеп оқулығының сапасына берген бағасы да болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Интеллектуалды ұлт -2020» бағдарламасы, Астана, 1.02.2010 ж.
2. Б.С.Кәрімова «Білім беру құндылықтары және заманауи оқулық» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.// Астана, 2015. 9 стр.
3. Майоров А.Н. Мониторинг в образовании. Книга 1. – СПб.: Изд-во Образование – культура», 1998.
4. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын эзирлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары. Астана, 2015.

ЭТНОПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Медеубаева К.Т.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
ҚазМемҚызПУ аға оқытушысы*

Кілттік сөздер: халықтық педагогика, ұлттық құндылық, этнопедагогика, халық поэзиясы, эстетикалық таным, ұлттық педагогика, рухани байлық, тәрбие факторлары, халықтық тәрбие құралдары, ұлт мәдениеті,

ұлттық философия.

Аннотация

В статье анализируются элементы народной педагогики в проиинииведениях выдающейся личности казахской литературы С.Торайгырова.

Annotation

The article analyzes the elements of folk pedagogy in the works of the outstanding personality of Kazakh literature S.Toraigyrov.

Қоғамдағы ұлт саясатын жүзеге асыру және қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, ежелден келе жатқан халықтық педагогика жеке тұлғаның қалыптасуында, дамуында, ұлттық рухта тәрбиеленуде, жалпы білім беру саласында, оқу-тәрбие үрдісінде тәлім-тәрбиелік мәні зор. Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді...Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр», – деген сөзі осының айғағы. [1] Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім үшін қажетті жағдайлар жасау қажеттігі көтерілсе, Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім берудің негізгі мақсаты мен міндеті – жылдам өзгертіп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушыларды адамзаттыққа, елжандылыққа, өз Отанын сүюге тәрбиелеу және білім алушылардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін кәсіптік дағдылар алуына жағдайлар жасау және осы қойылған міндеттерді іске асыру үшін білім берудің мазмұнын дүниені тұтастай қабылдауды қамтамасыз ететін өнер, технология сияқты білім беру салалары арқылы іске асыру қажет...», – деп атап көрсетілген. [2]

Халық педагогикасы – қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы. Ата-бабалардың жақсы дәстүрін шәкірттер бойына дарытуда мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, аңыз-әңгімелерді жиі мысалға келтіріп, ұлылардың айтқан даналық сөздерін ұрпақ санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты талабы. Көптеген халықтар өз ұрпағын өз халқының қағидаларымен тәрбиелейді. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек ғана ұлттық тәрбиенің берері көп болмақ. Ұлттық мәдениеттің жеке тұлғаның дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына қазақ халқының ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, т.б. шығармалары мен халықтық педагогиканың ұлттық тәрбие мәселесінде алатын орнын зерттеуде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. еңбектерінің қосқан үлесі зор. Олар өз еңбектерінде жас ұрпақтардың тәрбиесінің өзекті мәселелеріне байланысты өте құнды пікірлер айта білген. Ол жайында педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж.Қожахметова: «Қазақ этнопедагогикасының негізі қалыптасуына зор үлестерін қосқан танымал қазақ ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде қазақ халқының рухани мұрасын игеру ісіне ерекше орын берілген», – деп атап көрсете келе, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедовтердің есімін ерекше атап өтеді. [3, 13] Ғасырлар өткен сайын ұрпақ тәрбиесі туралы пікірлер, ойлар, тұжырымдар өз жалғасын тауып, тарихшы, этнограф, педагог-психолог ғалымдар С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, А.Сейдімбек, К.Жүкеш, Н.Елікбаев, А.Нысанбаев, Ж.Алтаев, Н.Әлімбаев, Б.Байжігітов, К.Ақышев, Х.Арғынбаев, Ж.Артықбаев, Т.Басенов, С.Қасиманов, М.С.Мұқанов, К.Әмірғазин, Ж.Наурызбай, т.б. зерттеулерінде де жан-жақты қарастырылған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіндегі халықтың құнды ой-пікірлеріне талдау беріледі, қалыптасқан дәстүрлері мазмұндалады және ондағы адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің әдіс-тәсілдері баяндалып, олардың қазіргі жағдайдағы тағылымдық мәні сараланып сипатталады. К.Ж.Қожахметова: «Қазақ этнопедагогикасының мақсаты – бастау көзі халықтың философиясында, халық даналығында, фольклорда болып саналатын халықтың мәдени құндылықтарына баулу болып табылады. Осылайша, біз педагогикалық білімнің саласы ретінде қазақ этнопедагогикасының негізін құрайтын және оның мазмұнын негіздейтін қазақ философиясы деп қарастырамыз», – ұлттық тәрбиені ұлттық философия деңгейінде бағалайды. [4, 12]

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізі басты ұстаным болып табылады. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие үдерісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі оқу-тәрбие үдерісіне тікелей байланысты. Халық педагогикасындағы тәрбие құралдары қазақ халқының көптеген ақын-жазушыларының мұраларында өз жалғасын тауып, рухани сабақтастықпен дамып отырған. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің ішінде халықтық педагогика түрлерін өз шығармашылығында әр қырынан пайдаланған

демократтық-ағартушылық бағыттағы көрнекті ақын – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Халық поэзиясы (Абайға дейінгі) өзінің құрылысы жағынан екі түрлі: бірі – қара өлең, екіншісі – жыр деп аталатынына тоқтала келіп, С.Торайғыровты алғашқы зерттеуші Б.Кенжебаев ақын өлеңдері туралы: «Сұлтанмахмұт өлеңге жоғары талап қойды. Ол өз өлеңдерінде көбінше, қазақтың ежелгі қара, қайым өлеңдерінің, жыр-толғауларының өлшем, ұйқастарын қолданған», – деп жазған. [5, 18] С.Торайғыровтың 1907 жылғы алғашқы шығармасы «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» өлеңін халық ауыз әдебиеті үлгісімен салыстырып қарасақ, осы пікірдің ақиқаттығына көз жеткіземіз. Мысалы, «Елім-ай»:

Қаратаудың басынан көш келеді,	а
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.	а
Ел-жұртынан айырылған иқиын екен,	б
Қара көзден мөлдіреп жас келеді.	а
С.Торайғыров: «Секілді өмір қысқа жарты тұтам»:	
Секілді өмір қысқа жарты тұтам,	а
Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.	а
Аз өмірді ақындық жолға бердім,	б
Лепес қып түкірген соң молда Мұқан.	а

Ұсынылған мысалдан екі өлеңнің де 11 буынды қара өлең үлгісінде екенін көруге болады. Бұл тұжырымды торайғыровтанушы А.Еспенбенбетовтің: «Торайғыров өлеңдері, поэмалары бастан-аяқ дерлік он бір, жеті-сегіз һәм аралас буынға негізделген. Мұны өлеңдеріндегі ауыз әдебиетінің әсерінің ықпалымен сабақтастығынан деп ойлаймыз», – деген пікірі нақтылай түседі. [6, 69]

Әрине, халық поэзиясынан сусындамаған, одан нәр алмаған бірде-бір ақын не жазушы жоқ екені белгілі. Бұл ретте С.Торайғыровтың да өз кезінде халық поэзиясын өзіне өнеге мектебі ретінде үлгі тұтқаны оның өлеңдерінен анық байқалады. Ақынның «Кезек қашан келеді?», «Қандай?», «Жарлау», «Көңілім, неге жасисың?», «Шоң серіктестігін ашардағы тілек», т.б. өлеңдері айшықтаудың бір формасы арнау түрінде жазылған. Әдебиетші-ғалым профессор Қ.Жұмалиев пен академик З.Қабдолов атап көрсеткен жарлай арнау, зарлай арнау, сұрай арнау [7] түрлері С.Торайғыров өлеңдерінде нақты көрініс тапқанын мына мысалдардан көруге болады:

Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай,
 Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай?
 Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып,
 Білмей жатып таспенен атқан қандай? (Сұрай арнау)
 Баршаға мейірбан салған, мейірбанды тәңірім,
 Ісімізді өзің оңғарып, оңға бастыр!
 Қазағыңды ақ, түзу жолға бастыр!
 Әлемге шамшырақ болған пайғамбар,
 Саған салауат айтып, жолыңды қудық.
 Баташы бол, әулие, аруақ!
 Жебе, қолда!
 Қазақ қалмасын қорқынышты жолда.
 Құдай! Өзің білесің, ниетіміз ақ:
 Берсейші бізге бақ!
 Сенен сұрамай, кімнен сұраймыз,
 Қашан болса да, бір өзіңе жылаймыз! (Зарлай арнау)
 Құрметті қазақ байдың баласына,
 Кіші іні, жасы үлкен ағасына.
 Миллетке жәрдем деген сөз айтылса,
 Тығылдың көрден көрдің арасына.
 Ғылым, өнер, құқықтан жұрдай болып,
 Мәз болдың иттей үрген таласына.
 Серпілмей тағы біраз ұйықтай түссек,
 Басқаның құл болармыз қаласына. (Жарлай арнау)

Келтірілген мысалдардан халық педагогикасында кездесетін бата, тілек сияқты халықтық тәрбие құралдарының элементтерін және ұлт ұрпағын қайырымдылыққа, өнерпаздыққа, жаңалыққа құштарлыққа, т.б. ұлттық тәрбиеге бағыттайтын факторларды көруге болады. Ұлттық педагогика элементтері С.Торайғыров мұраларында жан-жақты көрініс тапқан. Қазақ халқының ұлттық педагогикасында кеңінен орын алған тұрмыс-салт өлеңдерінің көне түрі жар-жарды ақын «Қамар сұлу» поэмасында шығарма оқиғасына сай қыздың басындағы аянышты халді көрсетуге негіздеп «зар-зар» түрінде пайдалануы С.Торайғыровтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін өз шығармашылығына үлгі-өнеге тұтқанын және ақын мұрасы мен халық педагогикасы арасындағы рухани сабақтастықты байқатады. Салыстырмалы түрде көрсетсек:

Халықтық педагогикадағы «Жар-жар» үлгісі
 Алып келген базардан қара насар жар-жар,
 Қара мақпал сәукеле шашың басар жар-жар.

С.Торайғыров мұрасындағы «Зар-зар» үлгісі
 Кетпес қына таулардың тасында дүр, зар-зар,
 Кетпес қайғы Қамардың басында дүр, зар-зар.

Мұнда әкем қалды деп, қам жеменіз жар-жар,
Жақсы болса, қайын атаң орнын басар жар-жар.

Нұрым ақсақ жорғалап қасында дүр, зар-зар.
Ит мұрындай тікендер жиегінде зар-зар.

С.Торайғыров өз шығармаларында халық педагогикасында кең орын алған «Сыңсу» өлеңдерін де тиімді қолдана білген. Жазушының «Ауырмай есімнен жаңылғаным» әңгімесінде жастай күйеуі өліп, балаларын бағып отырған жас келіншектің өмеңгерлік салтпен еріксіз қосылуға қарсылық білдірген жесірдің зары түріндегі дәстүрлі сыңсу элементін кездестіруге болады. Мысалы:

Алты жыл қымай күткен, қайын атам!
Мынау ма сонда берген алғыс, батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Қойнына мылқау иттің қайтіп жатам?
Алты жыл қымай күткен, қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңілің менен?
Қайныңның өзі түгіл атын айтсаң,
Шошиды селк-селк етіп барлық денем.
Алты жыл қымай күткен, ауыл-аймақ!
Алдыңнан кесе кткем жоқ, құдай айғақ.
Күйіп тұрған жанымды отқа сал деп,
Көтердің тұс-тұс жақтан бәрің сайғақ.

Халықтық педагогика құралдарының бірі жоқтау өлең элементін С.Торайғыров өзінің досының өлімі туралы жаза отырып, ажалдың мейірімсіздігін, адамды арманына жеткізбейтін мезгілсіздігін, адамға қайғы әкелетін қаталдығын баяндаған «Мейірімсіз ажал» өлеңінен көруге болады:

Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан,
Жүрекке жара дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан
Уытың күшті, ажал-ай!
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған
Ойдағысын еткізбей,
Бірді бірден айырған
Мейірімсіз, шіркін, ажал-ай!

С.Торайғыров халық педагогикасындағы тәрбие құралы қазақ тіліндегі ғасырлар бойы жасалған сөз өрнегі мақал-мәтелдерді өте мол пайдаланған. Ол жөнінде Б.Кенжебаев: «Сұлтанмахмұт қазақтың бұрын-соңды ақын-жазушыларының ішіндегі өз шығармаларында мақал, мәтелдерді ең көп қолданған жазушы. Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақтың халық мақал, мәтелдерінен барлығы жетпіс шақты мақал, мәтел қолданған», – дей келе, С.Торайғыров шығармаларындағы мақал, мәтелдерді тек төркіндеріне қарай үш топқа бөліп көрсетеді: 1) қазақтың халық мақал, мәтелдері мен шешен, кесек сөздері; 2) Абайдың мақал, мәтелдері мен мақал сөз болып кеткен өлеңдері; 3) орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер. [8, 83] С.Торайғыровтың халық педагогикасындағы айшықты сөз өрнегі мақал-мәтелді қолдану шеберлігі «Айтыс» поэмасында барынша айқындала түседі. Ақын поэмада өлең шумағын тұтасымен оннан астам мақал-мәтелден ұйқастырған. Мысалы:

«Өз етігің тар болса дүниенің
Кеңдігінен көрмессің дәнеңені».
«торғай артық жердегі – қолыңдағы,
Ұшып жүрген тырнадан әуедегі».
«Талаптан, нұр жауады талапты ерге»,
«Көрпене шақта аяқты соза берме».

Халық педагогикасындағы тәрбие құралының ең маңызды да мазмұнды түрі шешендік сөзде кездесетін өнегелік, өткірлік, көркемдік, нақтылық және белгілі бір оқиға үстінде туып, күтпеген нәтижеге жететін жанрлық ерекшелікке тән қасиет С.Торайғыровтың «Шоң серіктестігін» ұйымдастыруға жәрдем бермеген Шорманның Сәдуақасына айтқан өлеңінде барынша көрініс тапқанын төмендегі үзіндіден көруге болады:

Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары
Бұтағына келіп қонған едік.
Онымызға қарай сіз де:
«Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік»
Деп, бауырлығыңды білдірмей,
Арқаңның жауырлығын білдірдің.

Осы үзіндідегі «Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары бұтағына келіп қонған едік, бауырлығыңды білдірмей, арқаңның жауырлығын білдірдің» деген жолдарды нағыз қазақ шешендік өнерінің үлгісі деуге әбден болады. Халық педагогикасындағы тәрбие құралының бірі «біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз – бата»

[9,256] элементін де С.Торайғыров өз шығармасында айтар ойына, өлең идеясына лайықтап қолданғанын «Бір баланың тілек батасы» өлеңіндегі:

Оқыт бізді, әкетай,
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып
Уанта көр, құдай-ай!
Аяндардың пітінесін
Суалта көр, құдай-ай!
Надандықта қор қылма,
Микробтарды зор қылма,
Рақым ойлап, құдай-ай! –

деген жолдардан көруге болады. Осылайша, С.Торайғыров қазақ халық педагогикасының бай мұрасын өз шығармаларына арқау ете отырып, халық педагогикасы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін арасына алтын көпір салушылардың бірі және бірегейі деуге болады.

Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, ұлттық тәрбие – болашақ қоғамымыздың құрылысшыларын дайындайтын дарынды, парасатты, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған жеке тұлғаларды қалыптастырудың негізі болуы шарт яғни, «...ұлттық тәрбиенің тәлімдік негіздері Адам атадан бастау алып, бүкіл өмірі өлеңге, өлеңі өмірге айналған жыраулар арқылы жалғасын тауып, одан кейінгі дәуірдегі ақын-жазушылар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды...». К.Ж.Қожахметова ұлттық тәрбиені этникалық тәрбиеге қарағанда кен ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: «Ұлттық тәрбие-жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет» [10, 124].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында ұсынған «Мәңгілік ел» идеясында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып. Әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың перзенті» [11] – деп атап көрсеткен патриоттық ұстанымын ұлттық құндылығымыздың басты негізі халықтық педагогикадағы тәрбие құралдары және олардың С.Торайғыров сияқты ұлы тұлғалардың еңбектеріндегі көрінісі арқылы ұрпақ бойына сіңіре аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде». А., 1993.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 2011.
3. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Алматы, 2012, 13б.
4. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Алматы, 2012, 12б.
5. Кенжебаев Б. Сарыарқаның жаңбыры. Алматы, 1987, 18б.
6. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1992, 69б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1976 ж.
8. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1957.
9. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989, 256б.
10. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Алматы, 2012, 124б.
11. Назарбаев Н. «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». А., 2014.
12. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1993.
13. Дәуір ақын. «Ұлы тұлғалар». Алматы, 2002.
14. Еспенбетов А. Уақыт өрнегі. Алматы, 2005.

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

Дүйсенбаев А.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазақстан инженерлік-педагогикалық
халықтар достығы университетінің доценті*

Айпеисова А.К.

магистр

Ключевые слова: этнокультурные образование, глобализация, традиции, национальное сознание, национальный дух, менталитет, национальные ценности, национальный интерес.

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы этнокультурные образование молодежи. Вместе с тем в основах концепции подробно анализируются проблемы этнокультурного воспитания, а также понятия о

гуманизме, отечественности, традициях, национальном сознании, национальном духе менталитете, морали, описываемые как высшие нормы этикета.

Annotation

However, based on the concepts analyzed in detail the problems of ethnic and cultural education, as well as the concept of humanism, domestic traditions, national consciousness, national spirit of mentality, morals are described as the highest standards of etiquette.

Әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындалған тенденциялары халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығы мен жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және мәдени қатынасы білім саласының күйіне және оның прогрессивтік даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін педагогика ғылымы мен білімінің даму тарихы айқындайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» атты еңбегінде: «Бәсекеге қабілетті ұлт туралы айтқанда ұмытылмайтын бір тиіс нәрсе – бәсекеге қабілеттілік бұл ең алдымен өзіңнің барлық артықшылықтарыңды пайдалана білу деген сөз, бірақ оларды өзіміздің кім екеніміздің ұғынғаннан кейін ғана анықтауға болады. Біз ғасырлар бойы әлемдік өркениеттердің тоғысқан жерінде өмір сүрген әулеттердің ұрпақтарымыз. Ұлы дала қашанда әр түрлі мәдениеттер, тілдер, әскерлер және идеялар тоғысқан қиылыста тұрды. Мындаған жылдар бойы Дала халықтарының генераторы болды. Ал, ХХІ ғасырда ол ерекше сападағы адамның генераторына, жаңа идеялардың генераторына айналуы тиіс. Біздің табиғатымызға біткен ерекше далалық ойлау қабілетіміз икемділікті барынша толық бейнелеп берді. Көшпелілер қашанда икемделгіш болған және бір қарағанда ешбір ақылға сыймайтын бір қасиеттері, олардың барлық іс-әрекеттері қашанда табиғаттың белгілі бір қайталанбалы кезеңіне және қоғамдық өзара қатынастың қағидаларына сәйкес келеді», - деп келтіреді [1, 366-б.].

Осы тұрғыдан алғанда егемен Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігуімен анықталады. Үшінші мыңжылдық жылнамасын ашып отырған бүгінгі Қазақстанның білім беру саясатындағы өзекті ой - еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының тұрақты дамуының басты факторларының бірі екендігінде. Еліміз ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму процестерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенінің тарихи сабақтастығымен айқындалады. Даму процесінде қол жеткізген тарихи тәжірибе із-түзсіз жоғалып кетпейді, ол ұлттық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталып отырады. Өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу – елдің рухани және мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Бұл тұрғыда, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігі де білім мен тәрбие беру ісіне жүктелетіні, ал ол үрдіс әлемдік жаһанданудың тұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге әкелетіні сөзсіз. Жаһандану жаңа қоғамда орын алған экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне өзіндік әсерін тигізеді.

Қазақ халқының этнопедагогикасы негізінде жастарды оқыту, бейімдеу, тәрбиелеу бағыттарындағы ғасырлар бойғы жиған-терген тәжірибелері десек, халықтық тәрбие деп біз белгілі бір ұлттың жеке адамға, соның ішінде балаға тәрбиелік ықпал етуінің тарихи қалыптасқан жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе халықтың бүкіл өмір тіршілігімен, болмысымен бір тұтастықта болады.

Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Ананың бесік жырынан бастап, адамның жер қойына берілгеніне дейінгі өзі көріп-білген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар – барлығы да адамның дүниетанымын қалыптастыратын өмір сабақтары. Күні кешеге дейін халықтық тәрбиеге мән берілмей келді. Ал, өмірден, тұрмыстан аулақ тұрған, халық педагогикасына негізделмеген, барлық ұлттар мен ұлыстар үшін ортақ тәрбие беру теориялары өзінің өміршең болмайтындығын дәлелдеді.

Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу ғана емес, ол – қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу, оның рухани бастауына терең бойлау, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйрету. Мұның дәлелі, YI-IX ғасырларда қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде түркілік отансүйгіштік рух жетекші орын алады. Зерттеуші F.Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты ғылыми еңбегінде: «Түркі бектері мен халқым, мұны естіңдер. Қандай өнегелі сөздерім бар болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды оқыңдар, тағылым алыңдар!» деп келтіреді [2, 3-б.].

Жалпы дәстүрлі, толық ұлттық нышаны бар мемлекеттердің жаһандануды қабылдауы бүгінгі жағдайда қажетті ахуалдардың бірі. Бірақ, бұл құбылыс ұлттық мәдениеті дағдарысқа ұшыраған халықтар мен мемлекеттер үшін қауіпті. Қазақ қоғамы өткен ғасырда кіші жаһандануды басынан өткізіп, оның танымы мен санасы, салты мен дәстүрі айтарлықтай зардап шекті. Біздің ойымызша, одан шығар жолдардың бірі елдің алдыңғы қатарлы ғылымы, әсіресе, білімі мен тәрбиесі. Жер шарындағы мәдени-тарихи үрдіс алуан түрлі этномәдени құрылымдардың уақыт өрісіндегі тарихы мен қалыптасуынан басталады. Мұндай

құрылымдардың арасындағы қатынас әрқайсысының өзгелерге деген қарама-қарсылығы қағидалары жүзеге асады. Мұның барысында этномәдени тұтастықтың өзі өзіндік санасында барынша жағымды атрибуттарға ие болса, ал қалғандары бірыңғай жағымсыз атрибуттарды иеленеді.

Барлық этностар біртұтас адами мәнмен және онан туындайтын этникалық ерекшелігі болғанымен, жалпы ортақ болып келетін мәдениеттің әмбебаптық жолдарымен қамтамасыз етіледі. Сондықтан, бүкіләлемдік мәдени-тарихи үрдістің негізгі үрдісі көптеген оқшау тарихтарды әр түрлі жолдармен олардың өзара қатынастарының формалары арқылы біртұтас қатынасын қалыптастыру. Қоғамның тарихи қалыптасуларында тіптен жаңалықтар да дәстүрлерге бағынған. Дегенмен алдыңғы тарихтағы кез келген адами қауымдастықтың басты дәстүрі - рулар мен тайпалардың тіршілік үшін күресі болып табылады. Әдептер, ғұрыптар, дәстүрлер қолайсыз жағдайларда тіршілікті сақтап қалу үшін қалыптастырылған. Қазіргі таңда дәстүрлік саналылықты жалпыадамзаттықпен ауыстырудың кезеңі келіп отыр.

Әлемдегі елдер өздерінің ұлттық мемлекеттілік келбетінде тарихи шекараларын сақтап қалуға ұмтылады. Жаһандану жер бетіндегі мәдениеттер мен этностардың төлтумалығын сақтап қалуға толық мүмкіншілік туғызады. Дамудың мәдениетаралық, әмбебап - жалпы және жалпыадамзаттық байланыстарына шектеу қойылмайды. Қазіргі жаһандық даму бүкіл әлемде қалыптасуы ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүруінің барлық салаларына бірте-бірте енуінде. Ұлттық-мәдени сәйкестілікті жақтаушылар өздерінің тіл, ғұрып, діни сенімдері, тарихы сияқты сәйкестіліктерін барынша сақтауға және дамытуға ұмтылысы жаһандану үрдісінің мазмұндық көрінісін білдіреді.

Жаһандану үрдісін ғалымдар өркениеттер қалыптасуы деп те айтып жүр. Кез келген ұлтты бейтарап қалдыра алмайтын әрі қоғамның ең маңызды салаларын толық жаулап алған жаһандануды тоқтату мүмкін емес. Сондықтан заман ағымына лайықты бейімделу арқылы ұлттық ерекшеліктерімізді жоймай, ұлттық дәстүрді мәдениетімізді сақтай отырып өз келешегімізді айқындап алғанымыз дұрыс. Мұндағы басты мақсат-жаһанданудың біздің елімізге, менталитетіміз бен тарихи құндылықтарымызға тигізер әсері және оның салдары қалай болады деген өзімізді ойландырған сансыз сауалдар төңірегінде ой өрбіту. Әлеуметтану ғылымдары саласы да жаһандану үдерісі шұғыл дамып отырған қазіргі кезеңде ұлттық тәрбиенің негізін құраушы мазмұны – сана-сезім, этнос, әдет, мінез, мүдде т.б. қажеттілік ұғымдарының мазмұнымен өзекті зерттеулерін байланыстырады. Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негізін жасауда тәрбиені жалпы, жеке, ортақ, ерекше деп қарастыруға болады, ал әлеуметтік негізін үлкен топ, кіші топ, ұжым мазмұнымен қарастырамыз. Ұлттық тәрбиенің әлеуметтік негізі сонымен қатар, адамның табиғатпен және техникалық даму қатынасымен сипатталады. Олай болса, психологиялық, педагогикалық, эмпирикалық, теориялық мазмұнда ұлттық тәрбие беру проблемасын зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткіземіз. Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие, мәдениет, қоғам, тұлға арақатынасы мазмұнымен, әдіснамалық мақсаты – ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту, патриоттық тәрбие беру, тұлғаның жоғары адамгершілік қасиетін тәрбиелеу, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ұлтаралық мәдени даму мен қалыптасуды өзге ұлттар ерекшеліктерімен жақындастырумен ашылады. Олай болса, егеменді мемлекет жағдайында этномәдениеттік дәстүрлердің қазіргі жағдайы жаһандану проблемаларымен үндесіп жатыр. Осыған байланысты педагог ғалым Л.Керімов «ұлттың жұтылып кету» қаупін баса айта отырып, «әлемдік өркениетке қазақ құбылысы болып қалай енеміз» деген сауалға: «халықтық салт-дәстүр біз үшін «визиттік карточкамыз» деп ұғайық. Әрбір отбасында, білім беру мекемелерінде жас ұрпақты отансүйгіштік рух негізінде тәрбиелеуге көше бастағанымыз маңызды. Әлемдік өркениетке «қазақ» болып ену туралы нақты ұсыныстарын айтса, профессор Е.Омар: «...қазақ халқының бәсекеге қабілеттілігін арттыруымыз керек. Біз өзге ұлттарға емес, басқалар бізге қызығып, бізге еліктейтіндей болсақ қана ұтамыз», - деген өз тұжырымын бағамдайды [3].

Рухани байлықтың көзі – этномәдениет болып табылады. Адам өзінің даму барысында қоғамдағы мүмкіншілігін, рухани дамуын мәдениеті арқылы көрсетеді. Ол қоғамның дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес мазмұны өзгеріп отырды. Олай болса, мәдениет өзгермейтін, өзгеріске ұшырамайтын нәрсе деп қарауға болмайды. *Этномәдениет* – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің жиынтығы. Түркілер Еуразия жерінде үш мың жыл бойы көшпелі өмір салтын басынан кешіп, сол өмірге лайық төлтума мәдениетін қалыптастырған көшпелілердің адамзат өркениетінде өз орны бар.

Білім беру Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Ендеше бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Қазіргі жаһандану заманында өзге мемлекеттердің көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін әлеуметтік сала қызметкерлеріне, оның ішінде мәдениет пен білім ісіндегі қызметкерлерге ауадай қажет нысана - қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігіміз болуы керек. Ол - тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық т.б. Жас ұрпақ санасында осы рухани жағдайлар қалыптаспаса, еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы ұлтқа қызмет етуі қиын жағдай. Білім беру саласында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып патриоттық тәрбиенің бастауы болып табылатын этномәдени білім мен тәрбиені естен шығаруға болмайды. Қоғамның ұлттық негізде жаңаруы жоғары мектепте ұлттық тәрбие ісін дамытудағы жетекші фактор болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.

2. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986. – 181 б.
3. Омар Е. Әлемдік өркениетке қазақ құбылысы болып қалай енеміз // Дала мен Қала. – 2008. – 18 шілде.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Белгібаева Г.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің доценті*

Кенесбекова С.А.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
Қарағанды қ.*

Кілттік сөздер: балабақша, халық ауыз әдебиеті, қазақ фольклоры, ертегі, ойын, халықтық салт-дәстүр, бала тәрбиесі.

Аннотация

В данной статье рассматривается социальное воспитание, нравственность, патриотичность, формирование эстетического качества и расширение мировоззрения, отделять хорошее от плохого, трудолюбивость, находчивость, быть справедливым с помощью народной устной литературы и увеличивая эффективность обучения в детях до школьного возраста.

Annotation

This article considers social upbringing, morality patriotic the formation of the aesthetic quality and world view, to separate the good from the bad, to be fair with the help of oral folk literature for children up to school age.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі мекемелерде біршама жаңалықтар енгізіп отыр. Балабақшада тәрбиелік жұмыстар көптеп жүргізілуде. «Халық айтса қалт айтпайды» демекші тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған яғни, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеу, балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн. Бүгінгі жас жеткіншектердің бойында халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, ата-мекені мен ана тіліне сүйіспеншілік, әдет-иба, қайырымдылық, үлкенді, ата-ананы құрметтеу қасиеттерін дамыту. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі таңда тәлім-тәрбие жұмысына енгізуді аса маңызды міндет деп қарастыру қажет.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, тәрбиенің алғашқы кірпішін қалап, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін әлеуметтік тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Осыларды жүзеге асыру мектепке дейінгі мекемелердің мойнына жүктелген міндет. Мектепке дейінгі жастағы балаларға әлеуметтік тәрбие беру халық ауыз әдебиетінің мол мұрасымен астасып жатыр. Халық ауыз әдебиеті халқымыздың ауызекі тарап отыратын мол мұрасы. Халық ауыз әдебиеті талай-талай ғасырлар жемісі. Халық даналығымен туған мақал-мәтелдер, ертегілер, өлеңдер, жұмбақ-жаңылпаштар, тұрмыс-салт жырлары адамның қандай болу керектігі, жалпы кейбір ертегілері кісіге қамқор болу, көмектесуге даяр тұру, шыншылдық, әділдік, еңбекті сүю, табандылық, кішіпейіл болу, үлкенді сыйлау, ерлік отаншылдық сияқты қасиеттерге үйретеді.

Ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да — халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың өз еншісі болып табылады. Ауыз әдебиетінің осы өзгешілігі оның әлеуметтік бітімін де айқын сипаттайды. 20 ғасырдың басына дейін көшпелі қоғамда туып, көшпелі қоғамның талап-талғамы мен әлеуметтік қажеттілігіне толық жауап берген ауызша сөз өнері өзінің барлық даму жолдарында айрықша жүк арқалады, көркемдігі мен әлеуметтік-қоғамдық қызметі бойынша ең биік тұғырға көтерілді. Көшпелі қоғам мәдениетінде табан астында туып, тыңдаушысын тәнті етпеген өлеңді, мәнерін таппаған жырды өнер деп танымаған. Осындай тіршілік аясында қалыптасқан ауыз әдебиеті барлық белгілері бойынша классикалық деңгейге көтерілген. Сондықтан да қазақ халқының ауызша сөз өнері отырықшы елдердегі көп өнердің бір

тармағы ретінде дамыған фольклорлық шығармашылықтан окшауланып тұрады [1].

Қазақ фольклоры біздің заманымызда өткен қоғамдардағыдай дамудың қайнар көзінде, өсіп-өркендеудің ең биік сатысында тұрмағанымен қазір де ұлан-ғайыр әлеуметтік жүк арқалауда. Ұлттың рухани болмысын, мінез-сипатын, тұрмыс-тіршілік тынысын әлі сол фольклор арқылы айна қатесіз танимыз. Еліміздің тәрбиелік, эстетикалық, адамгершілік мұраттарының айқын айғағы, рухани өлшемі де сол фольклордан бастау алады. Көшпелі қоғамда фольклор белгілі бір әлеуметтік топтың ғана шығармашылығы емес, жалпы халықтың ханы мен қарасына, батыры мен биіне, байы мен кедейіне ортақ өнер, әмбеге тиесілі мұра. Бұған себеп күнделікті тіршілікті өнер дәрежесіне, кез келген құбылысты бейнелі де бедерлі жеткізуге дала перзентінің бейім тұруы еді. Үлкен де, кіші де ауызша өнер дәстүріне дағдыланды, жасынан санасына сіңіріп, соны ғана мойындады. Бүкіл қоғам ауызша өнер мектебі болды. Осыған лайық ауыз әдебиетінің көтерген жүгі де орасан зор еді. Халықтың тарихи зердесі, философиялық ой-түйіндері, педагогикалық тәжірибесі, адамгершілік нормалары, кәсіптік әдебиетке тән көркемдік сұраныстары, театрлық өнерге тиесілі есесі ауыз әдебиетіне жүктеледі. Ауыз әдебиеті жанрлық құрамы жағынан да сан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім тағы да басқа), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар... — міне, ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді. Бұлардың қай-қайсысы болса да сөзбен айтылатын шығармалар және олардың негізгі құралы сөз [2].

Ауыз әдебиеті табан астынан тыңдаушыға арналып айтылатындықтан (немесе орындалатындықтан) және суырып салып шығарылатындықтан мезгіл жағынан шектеулі болады, яғни әр жолды, әрбір шумақты, бейнелі тіркестерді айтушының ұзақ уақыт ойланып-толғанып отыруына мүмкіндік жоқ. Сондықтан көркем шығарманы алғаш шығарып отырған мезгіл де, оны ауызша орындау уақыты да бұл арада бірдей. Себебі ауызша шығарма тыңдаушы алдында қолма-қол шығарылатындықтан оны жазба әдебиетіндегідей үздік-сөздік, бірде жылдамдатып, бірде үзіліс жасап, ұзақ ойланып шығаруға мүмкіндік жоқ. Сөйте тұра табан астында шығарылған өлең-жырдың эстетикалық қуаты, нысанаға дөп тиіп жатқан әсерлілігі, өнер ретіндегі өзгешелігі тыңдаушысын қашанда тәнті еткен. Ауыз әдебиеті ауызша шығарылып, ауызша тарайтындықтан шығарманың үнемі өзгеріс үстінде болатындығы заңды құбылыс. Халық ауыз әдебиеті – халық шежіресі. А.М. Горький: «Халық ауыз әдебиетін білмейінше, еңбекші халықтың нағыз тарихын білу мүмкін емес», - дегенді. Ауыз әдебиеті ауызша шығарылып, ауызша айту арқылы таралатын болғандықтан, шығармашылық өзгеріске ұшырап отырады. Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың өткенін білеміз сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз, оны одан әрі ұлықтаймыз. Халық ауыз әдебиетінен халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз [3].

Ұлттық тәрбиені оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиешілер баланың жас дара ерекшеліктеріне сай ұғымына байланысты ертегі, мақал-мәтел және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктеп алу керек. Балаға ұлттық тәрбиені дер кезінде меңгерту ұстаздың басты міндеті. Мектеп жасына дейінгі балаларға ізеттілікті, кішіпейілділікті, қайырымдылықты үйретіп, тәрбиелеу. Оның бастамасы қазақ халқына тән үлкен бір ерекшелік “сәлемдесу” дәстүрі. Балаларды жастайынан дұрыс сәлемдесуге дағдыландыру әр тәрбиеші мен ата – ананың міндеті. Сондықтанда қазақ халқында “Сәлем - сөздің атасы”- деген мақал бар. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүйуге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі [4]. Мектеп жасына дейінгі балалар ертегілерді өте жақсы көреді. Б.Г.Белинский баланың ой сезімін дамытудағы ертегінің маңызы жөнінде: «Баланың ең алғашқы естіген ертегілері жақсы мен жаман туралы, әділеттілік пен әділетсіздік туралы, дөрекілік пен нәзіктік туралы, ар-ождан, ұят туралы түсінік береді, баланы қатты толқытады. Бұл толқу оның – мінез-құлқына, психикасына әсер етіп еңбекке, адамдарға деген ізгі ниетін қалыптастыруға жол ашады» деген [5].

Халық ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс-тіршілік жағдайларына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатынын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөніндегі ұғым-түсініктерін, сезім күйлерін әңгімелеп айтатан болған. Осы негізде ертегі – әңгімелердің алғашқы үлгілері пайда болған. Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балаға ненің жақсы ненің жаман, қайсы дұрыс және қайсы бұрыс екенін әңгімелей отырып, балаларға үлкен тәрбиелік мәні бар мағлұматтар беріледі. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады [6].

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді. Қазақтың ұлт ойындары халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой-жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйретудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімділік, тәрбиелік маңызы бар. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі [7].

Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақжайлығын айқындап көруге болады. Ұлттық ойындары балаларға үйретуде тек олардың өмірі туралы мағлұмат беруге болады. Балаларға ұлт ойындарын үйрету арқылы әділеттілікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілдікке, яғни адамгершілік қасиеттері дамиды. Басқа да ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындарындағы бұлжытпай орындауға тиісті тәртібін баланың ойын барысында сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, батыл, өжет болуға тәрбиелейді. Ойынның балаларды тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ойын арқылы тапқырлық, шапшаңдық, мергендік, еңбек сүйгіштік сияқты қасиеттермен қатар, ақыл-ой тәрбиесі де жүзеге асырылады. Н.К. Крупская «Ойын балалар үшін – айналадағы өмірді танып білу құралы» десе, А.С. Макаренко «Балалар ойында қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады» деген [8].

«Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма» деп, балалар табиғатын, ойынның балалар тәрбиесіндегі алатын орнын жақсы білген халқымыз балаларға икемдеп «Санамак», «Тәй-тәй», «Ақ серек, көк серек», «Қуыр-қуыр-қуырмаш», «Соқыр теке» ойындарын ойлап тапқан. Аталған ойындарда ауыз әдебиетінің үлгілері пайдаланылған. Халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық, әлеуметтік тәжірибелері мен рухани байлығын қалдыра отырып, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын да жасайды. Мұндай сабақтастық жас ұрпақтың өзіне дейінгі адамзат жасаған игіліктерден өзіне қажеттісін іріктеп алып, ұлттық тәрбиеміздің қайнар бұлағының тереңіне бойлап, сол бұлақтан бойға қуат алу жаңа уақыт талабына сай тарихи құндылықтарды жан-жақты байыта түсуіне мүмкіндік береді. Бұл сияқты тарихи үрдісте халық тек жасампаз күш ретінде ғана емес, әрі сол құндылықтардың дара және тауысылмас бұлағы, жыршысы мен философы ретінде де көрінеді. Адамзат жаралғаннан бастап ол өзіне ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлердің негізінде бала тәрбиесіне қойылатын жаңа талаптармен толығып отыр [9].

Мектеп жасына дейінгі балаларды өз халқының ұлттық мәдениеті, оның ауыз әдебиеті үлгілері негізінде тәрбиелеуде шешімін табуға тиіс мәселелер баршылық. Бұл мәселе ұлттық сананың оянуымен, демократиялық қоғамның жаңа адамға деген қажеттілігімен, ұлттық мәдениетінің жандануымен, балаға өз халқының рухани байлығын сусындатумен байланысты туындап отыр. Халықтық салт-дәстүр – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат қазына. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі. Бұл туралы ойшыл Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі - құрбысынан» деген екен [10]. Халқымыздың аса көрнекті ақыны М. Жұмабаевта педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алағыны жайлы айтқан. «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген «Педагогика» атты еңбегінде. Ақынның көздеп отырғаны бала тәрбиесін, халықтық педагогика тұрғысында ұйымдастыру екені айтпай-ақ түсінікті [11].

Сәбилердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын молайтуға ауыз әдебиеті үлгілері - ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардың, халық ойындарының тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Әрине, ауыз әдебиеті үлгілерімен балаларды таныстыру үшін, алдымен оқылатын материалдың көлемін, мазмұнын анықтап алу керек. Материал мәтінінің мазмұны балаларды қызықтыратындай, жалықтырып жібермейтіндей шағын болуы керек. Халық ұрпақтан-ұрпаққа өзінің қоғамдық, әлеуметтік тәжірибелері мен рухани байлығын қалдыра отырып, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын да жасайды. Мұндай сабақтастық жас ұрпақтың өзіне дейінгі адамзат жасаған игіліктерден өзіне қажеттісін іріктеп алып, ұлттық тәрбиеміздің қайнар бұлағының тереңіне бойлап, сол бұлақтан бойға қуат алу жаңа уақыт талабына сай тарихи құндылықтарды жан-жақты байыта түсуіне мүмкіндік береді. Бұл сияқты тарихи үрдісте халық тек жасампаз күш ретінде ғана емес, әрі сол құндылықтардың дара және тауысылмас бұлағы, жыршысы мен философы ретінде де көрінеді. Адамзат жаралғаннан бастап ол өзіне ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлердің негізінде бала тәрбиесіне қойылатын жаңа талаптармен толығып отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларды өз халқының ұлттық мәдениеті, оның ауыз әдебиеті үлгілері негізінде тәрбиелеуде шешімін табуға тиіс мәселелер баршылық. Бұл мәселе ұлттық сананың оянуымен, демократиялық қоғамның жаңа адамға деген қажеттілігімен, ұлттық мәдениетінің жандануымен, балаға өз халқының рухани байлығын сусындатумен байланысты туындап отыр. Халықтық салт-дәстүр – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат қазына. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі. Бұл туралы ойшыл Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі - құрбысынан» деген екен. Әрбір елдің, халықтың бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ғасырлар дәуірінен қалған асыл қазынасы бар. Жас ұрпақ сол ата-мұра өнегесінен күш алып қуаттанады, ізгілік негізі орнығады [12].

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі ұйым қабырғасында білім нәрін сусындап, тәрбиеші педагогтарымыздан тәлім-тәрбие алып келе жатқан балалар болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танытын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген

көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Бүгін де бала тәрбиесі – еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ болғандықтан, өз елін, жерін, тілін, дінін құрметтейтін отаншыл азамат болып өсуіне жағдай жасап, келешекте өзінен көп үміт күттіретінде етіп тәрбиелеуіміз қажет. Ал, сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірибесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Ол үшін қазіргі заман талабына сай халқымыздың түпкі тәрбие бағытын негізге ала отырып жаңашылдыққа жаршы болу, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалануымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Меңжанова А. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу Алматы: Мектеп 1987-59б.
2. Бала мен балабақша журналы // №3, 8, 2010. // №1, 5, 2011.
3. Отбасы және балабақша журналы // №9, 12, 2010.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті // Алматы; 1958.-341б.
5. Белинский В. Эстетикалық тәрбие жөнінде көзқарасы «Қазақстан мектебі» // №8 2004.-55б.
6. Калиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі // Алматы 1987. -48б.
7. Төтенаев Б.«Қазақтың ұлттық ойындары» // Алматы «Қайнар» баспасы 1994.-19б.
8. Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері // Алматы 1993ж-59б.
9. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика, Астана, 2005
10. Қабышева Р. Ұлт тағылымы // №4 2005. -16 б.
11. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі 1992.-160 б.
12. Бала мен балабақша журналы // №1, 5, 2011.

СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ

Нурбаева М.З.

кандидат социологических наук

*Национальная академия образования им. И.Алтынсарина
г. Астана*

Ключевые слова: социология образования , социология , образование.

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік функцияға байланысты білім беру құрылымының мәселесі зерттелген: жинақталған білімді беру, әлеуметтік тәжірибе сабақтастығы мен ұрпақтардың рухани сабақтастығы, жеке тұлғаның әлеуметтенуі, оның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру, оның рухани, зияткерлік және әлеуметтік әлеуетін жинақтау.

Annotation

In article the problems of structure of education connected with studying of its social functions are investigated: transfer of the accumulated knowledge, continuity of social experience and spiritual continuity of generations, socialization of the personality, its self-development and self-realization, accumulation of spiritual, intellectual, social potential by it.

Важным элементом новой идеологии воспитания выступает идея «Мәңгілік Ел», сочетающая черты культуры наших предков, западных и восточных народов, имеющая свои неповторимые особенности и формы развития евразийского типа культуры.

Стратегический фундаментальный уровень воспитания обеспечивает целостный подход к формированию личности, ее общих способностей, гражданского воспитания, освоения ценностей общечеловеческой и национальной культуры, ценностей идеи «Мәңгілік Ел», формирует ценностный подход молодого человека к материальным и духовным явлениям жизни и культуры с мировоззренческих позиций, определенных идеологией воспитания.

Образование играет огромную роль в жизни индивида и общества. Процесс передачи социального опыта и культурного наследия происходит через его механизмы. На первичной стадии образования, которая подразумевает детский сад и школу, закладываются основы мышления, создаётся необходимый базис для дальнейшего обучения. Высшее образование даёт человеку более глубокие и узкоспециальные знания, которые помогают ему стать специалистом в той или иной области. Благодаря образованию в жизни индивида происходят социализация и инкультурация. Именно поэтому решение проблем образования имеет столь актуальный характер.

Социология образования рассматривает влияние образования на все стороны жизни общества - экономическую, социальную, политическую, духовную. В то же время она рассматривает и собственно «образовательные» проблемы: как функционирует и развивается система образования, насколько она соответствует требованиям общества, насколько эффективно ее организационное строение.

Исследование проблем структуры образования связано с изучением его социальных функций: передача накопленных знаний, преемственность социального опыта и духовная преемственность поколений, социализация личности, ее саморазвитие и самореализация, накопление ею духовного, интеллектуального, социального потенциала.

Логически оправдано объединение всех исследований в социологии образования по двум направлениям: внутри институциональное, охватывающее внутренние проблемы образования как социального института, социальные аспекты деятельности субъектов образования, социальную структуру и функцию системы образования, социальный статус педагогических работников как социальной группы, проблемы социального управления системой образования; внешне институциональное, т.е. все исследования социальных аспектов взаимодействия образования с другими социальными институтами, производством, наукой, культурой, политикой; связи образовательного процесса с другими социальными процессами, влияние образования на развитие социальных отношений и видов социальной деятельности.

Школа сейчас стоит перед непростым выбором — найти оптимальные пути своего дальнейшего развития. Оценка происходящих изменений неоднозначна, ибо в общественном настроении, общественном мнении имеются самые различные, в том числе и диаметрально противоположные, точки зрения. Однако предложения и суждения, какими бы противоречивыми по существу они ни были, отражают глубокую заинтересованность людей в обеспечении и дальнейшем наращивании духовного потенциала общества.

Наряду с воспитанием уважения к труду и профессиональной ориентацией существенную роль в становлении личности играют гуманизация образования, развитие самоуправления, выработка у молодежи практических навыков к организаторской и общественной работе.

На сознание и поведение молодых людей большое влияние оказывает механизм управления учебным заведением. Строгое соблюдение норм и принципов законности и справедливости, еще в годы учения становится для них своеобразным эталоном, с которым они в дальнейшем сверяют свой жизненный путь.

Однако далеко не всегда школьное воспитание содействует развитию и закреплению позитивного социального опыта молодежи, недостаточно противостоит проявлениям нигилизма, индифферентности, равнодушия к общественным делам, равно как и демагогии, анархическим действиям.

Рост национального самосознания с большой остротой ставит вопрос формирования у молодежи правильных ориентиров в такой важной сфере, как межэтническое общение. Отсутствие активного противостояния любым проявлениям национализма и шовинизма, национальной ограниченности, недооценка воспитательной работы делают некоторые группы молодежи доступным объектом националистической пропаганды. Более того, национальный экстремизм в основном паразитирует на искренних заблуждениях молодых людей.

Система образования еще плохо формирует высокие духовные запросы и эстетические вкусы, стойкий иммунитет к бездуховности, «массовой культуре». Роль обществоведческих дисциплин, литературы, уроков по искусству остается незначительной. Изучение исторического прошлого, правдивое освещение сложных и противоречивых этапов отечественной истории слабо сочетаются с самостоятельным поиском собственных ответов на вопросы, которые выдвигает жизнь. Но несомненно, что историческое сознание в сочетании с национальным самосознанием приобретает решающую роль в гражданском поведении учащейся молодежи. Информационная революция побуждает к непрерывному пополнению знаний. Правда, они не имеют однородной структуры. Всегда есть ядро — те знания, что ложатся в основу наук, и периферия, где идет процесс накопления и обновления, который не обесценивает основной капитал.

Совершенствование народного образования немыслимо без измерения той ситуации, в которой находится учительство, значительная часть педагогического корпуса.

Если придерживаться формальных критериев — наличия специального образования, стажа работы и т.п., то большинство педагогов отвечают своему назначению. Но если оценивать их деятельность по существу, надо признать, что многие из них отстали от требований времени.

Основная группа педагогов — женщины, хотя давно стало очевидным, что в воспитании мальчиков, юношей (да и девочек) школа испытывает острую нехватку «мужского влияния». Хотя за последнее время существенно повышена зарплата учителей, средние размеры заработка у работников народного образования все еще намного ниже, чем у рабочих.

Формирование педагогических кадров связано со спецификой их труда. Оно органически не приемлет ущемления их прав и авторитета. Упорядочение режима труда и отдыха педагогов — тоже необходимая предпосылка их гражданского и профессионального роста. Улучшения требуют жилищно-бытовые условия преподавателей. Несмотря на предоставленные им льготы, обеспечение их жильем, медицинской помощью, новой литературой остается открытым вопросом.

Преодоление инерции общественного сознания в оценке образования — дело непростое. Успех здесь определяется прежде всего сдвигами в социально-экономических условиях общества. Но воспитательные усилия школы могут дать значительный опережающий эффект, если в пропаганде профессий, их общественной значимости социальный идеал органически увязывается с интересами людей, социальных и демографических

групп населения, если школа работает в этом направлении в тесном контакте с родителями, с общественными организациями.

Поиск наиболее рациональных путей обновления всех ступеней народного образования потребует от социологии еще больших усилий по всестороннему анализу реального положения, определения тенденций его развития, а также участия в решении назревших проблем формирования интеллектуального потенциала страны.

Глобальные цивилизационные сдвиги, которые мы сейчас наблюдаем, ставят под сомнение не только само биологическое существование человеческой особи, но и правомерность следования в развитии человечества рационалистическому мировоззрению. Резко увеличивается биосоциальная нагрузка на личность. Образование, являясь «культурным орудием», без которого наша сознательная жизнь и психика, предоставленные природным процессам, являли бы собой хаос и беспорядок, имеет нададаптивный характер, приобщая молодое поколение к культуре вчерашнего и сегодняшнего дня, формируя мировоззрение дня завтрашнего. Поэтому понятие существования не только имеет биологическое значение, оно подразумевает весь понятийный аппарат человека, способ мышления, воплощающийся в его деятельности, в способах взаимодействия с окружающей действительностью и в определении своего места в ней. Существование как мировоззренческая категория органически вплетается в ткань образовательного процесса школы. Понятие социализации как функции образования, понимаемое как «процесс и результат включения растущего человека в общество, благодаря усвоению и более или менее активному воспроизводству личностью социального опыта, исторически накопленной культуры...», сегодня должно быть расширено до уровня усвоения и включения личности в общецивилизационное мировоззренческое пространство, где образование является ведущим и определяющим фактором.

Образование - это процесс, от которого зависит будущее нации. Именно поэтому особенно важно решать все проблемы, связанные с этой сферой общественной жизни.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева. 17 января 2014 г.
2. Волков Ю. Г. Социология. - Ростов: Феникс, 2004. - 576 с
3. Штинова Г.Н. Социальная педагогика. М.: 2008.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998, - 317 с.
5. Социология. Габдуллина К., Раисов Е. Алматы: Нур-пресс, 2005. - 202 с.
6. Волков Г.Н. Этнопедагогика. М., 1999.
7. Кожаметова К.Ж. Этнопедагогика народов Казахстана. – Алматы: Алем, 2001. – 305 с.

К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРҒЫСЫ ХАҚЫНДА

Абеуова И.А.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
доцент*

Караева Т.Н.

*аға оқытушы
ҚазМемҚызПУ*

Кілттік сөздер: адамгершілік тәрбие, мораль, руханилық, этноәлеуметтік рөл, адамның био-психо-әлеуметтік мәні, өзін-өзі тану.

Аннотация

Данная статья посвящена проблемам духовно-нравственного воспитания обучающихся, основанной на этнопедагогической концепции К.Ж.Кожаметовой. Авторами затрагиваются значимость этносоциальной роли воспитания.

Annotation

This article is devoted to problems of spiritual and moral education based on the pedagogical concept by K.Kozhakhmetova. Also from the point of view of etnopedagogical approach meaning of an etnopedagogical role at education is considered.

Белгілі педагог-ғалым, К.Ж.Қожахметованың тұжырымдамасында рухани-адамгершілік тәрбиенің мәнін қайта ұғынуға талпыныс жасалынады. Бұл тұжырымдамада [1]:

рухани-адамгершілік тәрбиенің өзіндік мәні және оның басқа да әлеуметтік-біліми процестерден ерекшелігі;

көптеген әлеуметтену факторлары жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие процесінің орны мен қызметтері;

технологиялық ережелер мен тыйым салуларға айналатын рухани- адамгершілік тәрбиенің құралдары анықталады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – мәдени құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі, өмірдің мәні мен өнегесі, тарихпен, ана тілімен, философиямен, әдебиетпен, дәстүрмен, психологиямен «құлттық-мәдени әлемнің» арнайы детерминизациялаған мазмұны мен түрі.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің міндеттерін жүзеге асыру төл мәдениетімізді тұтастай сақтаудың маңызды шарты және қоғамның рухани қауіпсіздігінің басты алғышарты, өйткені «мәдени дербестік» қана мемлекеттік тұрмыстың тәуелсіздігінің және халықтың ұлылығының кепілі.

Тәрбие теориясында «мораль», «моральдық нормалар», «адамгершілік», «ішкі адамгершілік еркіндігі мен жауапкершілік», «адамгершіліктік таңдаудың еркіндігі», сияқты маңызды ұғымдар анықталмағандықтан, нақты құбылыстар: моральдық және адамгершілік тәрбиесінің араласып кетуі болды. Балалық шақтың барлық жас ерекшелік кезеңдерінде адамгершілік тәрбиесінің құралы ретіндегі сөздің абсолютті мағынаға ие болуы, моральдық қарым-қатынастың, әдет-дағдылардың ұйымдастырылған тәжірибесінің, тәрбиеші беделінің дұрыс бағаланбауы, адамгершілікті тұлғаны қалыптастырудағы өз бетімен кетушілік пен құлдыраушылық, мақсатсыздыққа әкеліп соғуы осымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызын ашуда - оның негізін қалайтын және жүйелілігін құрушы категориялар: адамгершілік, мораль, олардың мәні, олардағы бірдейлік пен ерекшелікті қарастыру қызығушылық тудырады. Бұл тірек ұғымдардың мәні В.А.Сухомлинский [2], Б.Г.Лихачев [3], Б.П.Битинас [4] және басқалардың еңбектерінде ашылады.

Мораль – жалпы халықтық, топтық, қоғамдық пікірге ие болып, мақұлданған, қоғамдық сана мен қарым-қатынастың дәстүрлі де маңызды формасы. Мораль — тұлғаның ішкі рухани әлеміне қатынас арқылы ішкі рухани күші мен қоғамдық қарым-қатынастың сипаты болып табылады және осылайша анықталады. Оның ішінде бала кезден қалыптасып, өсіп келе жатқан адамға тән ырымдар мен тыйымдар, өсиеттер, заңдар, ережелер, жалпы қабылданған әдеп нормалары кіреді.

Адамгершіліктің моральдан ерекшелігі оның күрделі элеуметтік-психологиялық құрылым екендігінде. Ол жеке зияткерлік-әсершіл сенімнен, өз бетінше талап пен қалауды, қажеттіліктерді бақылау мен іске асыратын тұлға бағыттылығы, оның өмір салты мен рухани бейнесін анықтайтындардан құрылады. Адамгершілік рухтың қалпы ретінде адамның ішкі жанынан, ұятынан мінез-құлқын детерминациялайды, сыртқы теріс әсер мен ықпалдарға қарсы тұруға көмектеседі. Адамның ішкі адамгершілік сенімі мен жоғары адами қағидалары, оны рухани байытады және өзін-өзі сыйлауға үйретеді. Адамгершілік адамның элеуметтік тұрмысы, жинақты түрде рухани-материалдық азығы іспеттес пайда болады. Осының ішінде «жалпыға ортақ адамгершілікті» адамдарға арналған зияткерлік-адамгершілікті еркі бар, ар-ұяты мен жауапкершілікті өмірлік ұстанымдарынан көрінетін және оның ішкі өзегін құрайтын руханилық бар. Олардың арасында:

- мұраттылық, руханилық, сенімділік;
- ұят үстемдігі, мінез-құлық, іс-әрекетті ішкі таңдау еркіндігі және адамгершілікті шешім қабылдау;
- оқшаулану, өзіне өзі бекемдік, рухани және элеуметтік жауапкершілігі бар тұлға ретінде сенімге беріктік;
- басқаша көзқарастағыларға шыдамдылық таныту, сонымен қатар адасуларға белсенді түрде рухани қарсы тұру;
- адамгершілікті ойдың бейімділігі, өмір шындығы мен әділеттілік негізіне қайта бағдар алған құндылықтарға, таптаурындарға, тыйымдар мен моральдық догмаларды бұза білуге қабілеттілік;
- адамдарды адамгершілікке насихаттау және бекіту мақсатымен ұжымшылдыққа жалғыз ғана құрал ретінде ұмтылуларды атауға болады.

Адамгершіліктің мәнін түсінудің осындай ұстанымында, нағыз адамгершілік иесі моральдық нормаларды аттамайтындар емес, ол адамгершілік қағидаларына берік, соларды бекіту үшін өзін де, сыртқы кедергілерді де жоя білетіндер болып табылады. Нақты адамгершілік-элеуметтік құбылыс қана емес, ол рационалды тұтынушылық, ынталандырушылық, ерікті, әсерлік, жүйкелік-психикалық, жыныстық сияқты адами ұйымдасулардың барлық салаларымен байланысты психологиялық та құбылыс. Олар адамгершіліктің мазмұнын, оның императивтері мен ұстанымдарын анықтай алмайды, бірақ тұлға адамгершілігінің көрінісін әрлейді, адамгершілікті шешімді жүзеге асырудың тәртібі, себептері, күресу тәрізді сипаттарға ықпал етеді. Адамгершіліктің тұлғалық-сипаттылық қасиетінің арқасында адамдағы адамгершілік оның жеке адами мінез-құлқы, мақсаты, қызығушылығы, талабы, мінезінің қыры және адамгершілік ұстанымдарының ішкі жиынтығы ретінде қалыптасады.

Осылайша, мораль – өмірі мен әрекетінің әртүрлі саласындағы тұлғаның мінез-құлқына арналған талаптар мен ережелер, нормалар жүйесі болса, ал **адамгершілік** осы нормалар мен ережелерді сақтауға байланысты әдет- дағдылардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты адамгершілік тәрбиесінің мазмұны моральдық қарым-қатынастардың: өзіне деген қатынасы, басқа адамдарға деген қатынасы, еңбекке деген қатынасы, табиғатқа, сұлулыққа, Отанға деген қатынастардың қалыптастырылуларын қамтиды.

Руханилық – заттандырылған, прагматикалық құндылықтардан да жоғары, өмірде аса маңызды да биік нәрсенің бар екеніне о-бастан-ақ саналы немесе бейсаналы бағдар. Ол адамның шындыққа, мейірімділікке,

сұлулыққа деген табиғи, үнемі қажетті іңкәрлігінен және құштарлыққа ұмтылысынан көрінеді. Ол көзге байқалмайтын, Құдаймен байланысты сезінуден туындайды.

Л.П.Буева: «*Руханилық* – бұл діндарлық қана емес. Қазіргі руханилық – ғылым мен діни ойлардың қайшыласа орналасқан күрделі құрылымы. Руханилықтың ұғымы, діндарлық ұғымынан да бай. Мұның бәрі адамда бар және өз қабілетіне сай, биіктікке, сұлулыққа, қайырымдылыққа бағыт алған оның рухынан жаралғандар» - деп көрсетті [5].

Руханилықтың басты ерекшеліктерінің бірі – қанағатшылдық - ол адамдарды бірін-бірі жақсы көруден жалықтырмайтын, жерітпейтін, елжандылық, Отанға қызмет ету сияқты адамдардың жан байлығын сақтайтын, қоғамдық қатынастардың өркениеттілігі, қоғамның руханилығының көрсеткіштері тәрізді нақты өлшемдерінен танылады.

Б.П.Битинастың айтуынша, адамдағы *руханилық* туғаннан және тәрбие үрдісі арқылы жинақтаған өз мәдениетінде жеке адамның «өніп-өсуі» арқылы өзінен өзі көрінеді. Бұл «өніп-өсу» тұлғаның қалыптасу үдерісі, ол өз еркіндігімен ерекшелене отырып, ішкі мүмкіндігімен өз шешімдерін қабылдай алу қабілетінен байқалады. Адам өзінің руханилығына байланысты – сыртқы әлем – *макрокосмостан* бөлінетін – *микросмос* деп қарастырылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәніне бойлау барысында педагогикалық сөздікте жиі қолданыс тауып жүрген «жан», «рух», «аура» (*биоэріс*) ұғымдарының мазмұнына мән беру орынды сияқты.

Адам негізгі 4 өлшемдерде өмір сүреді: *биологиялық, психологиялық, әлеуметтік-технологиялық және табиғи-гарыштық*.

Биологиялық – адамның физиологиялық «тән-дене» ерекшеліктері, оның тірі ағза әлеміне кіретіндігін сипаттайды.

Психологиялық өріс – өмірде адамдарға ғана емес, басқа да жан иелеріне тән психикалық үрдістерге енгенін (саналы және санадан тыс) бейнелейтін психиканы сипаттайды.

Әлеуметтік-технологиялық өріс – адамдардың тарихи үрдістерге, техника әлеміне, ғылыми-техникалық прогреске қатынасын, әлеуметтік (қоғамдық) және технологиялық өмір өлшемдерін сипаттайды.

Табиғи-гарыштық өріс – адамның барлық табиғи ортамен, бүкіл әлемдік үрдістермен байланысын анықтайды.

Философтар көрсеткен *адам – біртұтас био-психо-әлеуметтік табиғи гарыштық зат* деген теориясымен келісе отырып, *полюсті-өрісті теорияны* ұстанушылар келешекте педагогикалық теорияларды жасауда осы бағыт адам өмірінің философиялық-танымдық негізі болады деп анықтайды. Оқыту мен тәрбиелеу негізгі полюсті тіршілікте өмірге адам дайындауға бағыт ала отырып, тұрмыстық қайшылықтарды саналы қабылдап, жолын табуға үйретеді.

«**Өзін-өзі тану**» пәнінің мазмұнын негіздеуде ғалымдардың соңғы жылдары жетілдіріп келе жатқан *адамның био-психо-әлеуметтік мәні* туралы айтуға болады.

Біздің ойымызша және К.Ж.Қожахметованың тұжырымдамасына сәйкес адамда өзінің мінез-құлқына әсер ететін, ештеңеге бағынбайтын өзіндік даму көздері: өзіндік бастаулары, өзінің механизмдері, өзінің тетігі бар дербес, тәуелсіз үш сала бір-бірімен біріктірілген.

Осы құрамдастықтың бірлігінде адамның жеке адамдық өзіндік даму көзі жатыр. Онда әрқашан «істей аламын», «керек», «қажет» деген үш күш күреседі және өзара өмір сүреді. Субъектінің мінез-құлқының ерекшеліктері осылардың қайсысы өте жақсы немесе өте төмен дамуына байланысты. Бұл бөлімдерді құрылымдық пирамида түрінде көрсетуге болады:

- Төменде – салмақты биологиялық бөлім («істей аламын»);
- Одан жоғарырақ – этностық бөлім;
- Жоғарыда (оның үстінде) – біршама психикалық бөлім («керек»);
- Ең жоғарыда – жұқа қабат – әлеуметтік бөлім («қажет»).

Біздің ойымызша, биологиялық, психикалық, әлеуметтік бөлімдерде қандай да бір деңгейде этностық бөлім көрініс беріп отырады.

Адамның ішкі дүниесі өзінің ішкі әлемі мен өзіне қымбатты «Мені», яғни психикалығы биологиялық іргетасқа сүйенеді. Бұл жерде өзін көрсету, өзін байқату, өзін-өзі жүзеге асыру сияқты ішкі жағдайларды қалыптастыруда туа және жүре қалыптасқан талпыныстар, қажеттіліктер, себептер, қызығушылықтар мен сезімталдықтар жетекшілік етеді.

Адамның психикалық жағдайын, мінез-құлқының қалыптасуы мен психикалық даму үрдісін анықтауда тіректі био-этно-психо-әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандырудың (қорғануға, мойындатуға, өзін іске асыруда және т.б. қажеттіліктер) жемістілік дәрежесінің зор маңызы бар. Осы аталған қажеттіліктердің қаншалықты толық және жақсы орындалуына, субъектінің өзіне деген қатынасы мен «Мен-тұжырымдамасы» тәуелді «психикалық адамның» мінез-құлқының ауқымды бөлігін анықтайтын – «Мен-тұжырымдамасы», оның түп негізі болып табылады. Оның «Мен - бейнесінің» үйлесімді немесе үйлесімсіздігінде біздің барлық мінез-құлқымыздың құпиясы, ерлік істеріміз бен пасық сатқындығымыз жасырын жатыр. «Мен-тұжырымдамасы» адам өмірінің ұзына бойында қалыптасады, солай бола тұрса да оны түзету аса қиынға соғады. Бұл үрдістегі маңызды орын тәрбиеге тиесілі.

Ақырында қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сенімдері, көзқарастары, идеялар жүйесі ретіндегі әлеуметтік саласы, дүниетанымы, адамды іс-әрекетке саналы түрде шешімдер шығаруға жетекшілік жасайтын

психикалық «бөлім» үстінде орналасады. Нақ осы бөлімді, жоғарыда көрсеткендей, «тұлға» деп атау керек. Өйткені «тұлға» – «адамды қоғам мүшесі ретінде сипаттайтын оның бітістері, қатынастары, бағдарлары, ниеттерінің тұрақты жүйесі» (В.П.Смирнов). Бұл кезінде К. Маркс айтқан – «барлық қоғамдық қатынастар жиынтығы». Адам болып туады, ал тұлға болып өзінің күші мен еңбексүйгіштігінің арқасында қалыптасады. Сондықтан да біз оны табиғи таланты мен қабілетін арттырып, даралығын өркендете отырып, тәрбиелеуіміз қажет.

Сонымен қатар, К.Ж.Қожахметова тәрбиедегі этноәлеуметті-рөлдік тұрғыға ерекше мән береді. Оның маңыздылығы адамды жастайынан бастап, өмірінің соңына дейін этноәлеуметтік рөлдерге тарту болып табылады. Негізгі құралы – салттар мен этноәлеуметтік рөлдердің мазмұны. Бұл жерде біз қазақ халқының аса маңызды тұрғысы «Жігіттің үш жұрты бар» деген қағиданы негізге алып отырмыз.

К.Ж.Қожахметованың тұжырымдамалы тұрғысына сәйкес әр адам белгілі бір этностың өкілі ретінде этноәлеуметтік рөлдерді игерудің арқасында өзінің дамуында бірнеше этникалық сатылардан (инкультурация) өтеді. Әрбір этноәлеуметтік рөл белгілі бір этнос өкілінің берілген тұлғалық сапасы мен қызметі, осы рөлді орындауға қатысты міндеттерінің «жиынтығы» болып табылады.

Сонымен, этностық тәрбие аясында тұлғаның дамуы дегеніміз, оның этнос субъектісі ретіндегі өмір сүру барысында этноәлеуметтік рөлдер жүйесін динамикалық игеруі мен өмірлік әрекеттік процесте қалыптасуы. Этнос субъектісі ретінде тұлғаның үйлесімді дамуының көрсеткіші, оның жас ерекшелігі мен жынысына байланысты, қоғамдағы әлеуметтік рөлдер жүйесіне сай, сонымен диалектикалық бірліктегі сол жүйені игеруі болып табылады.

Әлеуметтік рөлдерді этноәлеуметтік рөлдер жүйесінде диалектикалық бірлікте игеру, тұлғаның қалыптасу үрдісі мен оның дамуы нәтижесінің негізі болып табылады. Кез келген этноәлеуметтік рөлдерді игеру мен орындау үрдісі – тұлға дамуының жиынтықты даму сипаттамасы болып табылады. Тұлғаның рационалды, әсершіл, жігерлі, адамгершілікті, сыпайы, тәжірибелі болуы оның этноәлеуметтік рөлдерді орындауда және игеруінде өз көрінісін табады. Бұл жерде, ниет, талап, іс-әрекет және нәтиже біріге біртұтастықты білдіреді. Демек, тұлғаның этностық тәрбиесінің өлшемі оның белгілі бір этноәлеуметтік рөлдерді толыққанды орындау қабілеті мен дайындығының нысаналы сипаттамасы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998.
2. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. М.: Педагогика, 1989. — 288 с.
3. Лихачев Б.Т. Философия воспитания. Специальный курс. Учебное пособие. М., 1995
4. Битинас Б.П. Методология и техника исследования воспитательной функции микросоциума // Теория и практика социальной работы: Отечественный и зарубежный опыт. Тула, 1993. – С. 74-88.
5. Буева Л.П. К дискуссиям о человеческой природе / Л.П.Буева // Вестник РФО. – 2010. - №2 (54). – С. 144-148.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сағындықова Л.С.

Есмаганбетова А.А.

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
университеті колледж оқытушылары
Ақтөбе қаласы*

Кілттік сөздер: Тәуелсіз Қазақстан, ұрпақ тәрбиесі, этнопедагогика, мандылық, мейірімділік, ұлттық менталитет

Аннотация

В условиях современного независимого Казахстана особенно приемливо рассмотрение этнопедагогического, национального воспитания на основе внедрения казахской этнопедагогике. Так как казахское этнопедагогическое образование строится на основе раскрытия внутреннего мира через духовно-нравственное мировосприятие. В этом направлении в казахской этнопедагогике есть отличительные особенности. Причина в том, что в основе содержания казахской этнопедагогике есть ценности, характерные для национального воспитания. Все это дает возможности казахскому народу глубоко понять специфические национальные особенности. Неустанный поиск, исследования, системный подход к воспитательному процессу, способствует формированию и развитию таких качеств, как духовность, нравственность, доброта, глубоко присущие казахскому народу, являющиеся главнейшими задачами всего народа, в особенности наставников молодежи.

Annotation

Abstract In today's independent Kazakhstan is especially suitable consideration ethnopedagogical, national

education through the introduction of the Kazakh ethnopedagogics. Since Kazakh ethnopedagogical education is based on the disclosure of the inner world through the spiritual and moral world view. In this direction in the Kazakh ethnopedagogics have distinctive features. The reason is that the basis of the content of the Kazakh ethnopedagogics have values typical for national education. All this gives the possibility of Kazakh people deeply understand the specific national characteristics. Relentless Pursuit, research, systematic approach to the educational process, contributes to the formation and development of qualities such as spirituality, morality, kindness, deeply inherent in the Kazakh people, is the main task of all people, especially the youth mentors.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие - ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар жетерлік. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді.

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық тәрбие дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан- ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиелеудегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару. ...Тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - дей отырып, жастарды тәрбиелегенде ұлт тәрбиесінің негізінде тәрбиелеу арқылы, ұлттық құндылықты бойына сіңіре білгенде ғана, ол рухани бай, сол заманға лайық, елі, Отаны үшін қызмет етуге дайын болып шығатынын көрсетеді. Бұл – келешек ұрпақтың патриот болып шығуы үшін тәрбиелеуді ұлттық тәрбиеден бастауымыз керектігін көрсетеді.

Қазақстанның ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Жан- жақты жетілген, парасатты азаматты дайындау, олардың рухани жан- дүниесін халық қазынасымен байыту, ата- баба дәстүрлерінің озық өнегелерін санасына орнықтыру үшін білім беруде жүргізілетін этнопедагогикалық тәрбие берудің маңызы зор.

Тәрбие тірегі – халық мұрасы. Өйткені халықтық педагогика белгілі бір ұлт өкілдерінің әдебиетінің, мәдениетінің, музыкасы мен зергерлік шеберлігінің ежелден жинақталған, толығынан сақталған, келер ұрпаққа қалдырған бай қазынасы. Осыны төкпей-шашпай жас ұрпаққа жеткізу, оларды зерделікке, адалдыққа, ізеттілікке, мейірімділікке баулу – бүгінгі күннің міндеті. Ежелден ой ұшқырлығын, зеректілікті, зейінділікті бағалаған халқымыздың ғасырлар бойы жиып, көздің қарашығындай сақтап келген асыл мұрасы – сөз өнері ұлтымыздың рухани өрісі, мәртебесі, тұрмыс- салты мен мінез-құлқының көрінісі іспеттес.

Қазіргі таңда білім беру саласындағы ең маңызды міндеттердің бірі жан- жақты білімді, өз кәсібін таңдай білетін, нағыз азаматтарды тәрбиелеуге бет бұру болып отыр. Осыған сай білім берудің бағдарламасына көптеген өзгерістер енгізілуде. Бүгінгі нарықтық экономикаға байланысты ғылыми-техникалық революцияның талаптарына сай еңбек ететін, өзіне де, өзгеге де пайдасы тиетін адам болып қалыптасуы әрбір білім мекемелерінің басты талаптарының біріне айналуға. Әрбір жас өз Отанын сүйетін, еліне болашақта қызмет ете білетін ұрпақ ретінде жетілуінде оқытушының қосар үлесі мол. Ал бұл міндеттерді жүзеге асыруда оқытушыға қойылатын талаптар дәрежесі кең екені де сөзсіз. Ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде бүгінгі оқушының ойы ұшқыр, талабы мол. Сондықтан оқытушының білім діңгегі жоғары болумен қатар, тәжірибесі де кең болуы тиіс.

Осыған орай оқытудың әртүрлі педагогикалық технологиялары жасалынып, оқу мекемелеріне ұсынылуда. Болашақ ұрпақтың заманауи біліммен қарулануында қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқып үйренуінің маңызы ерекше. Еліміздің болашағы – жастар заман талабына сай білімі жоғары, жаңашыл ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, шығармашыл жандар болуы қажет. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытуда қойылатын басты міндеттердің бірі оқушының өз пікірін еркін баяндай алуына бағыт беру, жеке тұлғаның көзқарастары мен болмысына көңіл бөлу, оқушының өздігінен білімді меңгере білуіне көмектесу болып саналады. Қазіргі мұғалім мен оқушы қатынасында теңдік орын алады. Мұғалім үстемдігі жойылады. Ендігі кезде оқытудағы белсенді рөлді оқушылар иеленеді. Бұл деген сөз оқушы өзі оқыған шығармалары яки тақырыптары бойынша тұжырымдар жасайды, жетістіктерге жету үшін өз мүмкіндігінше ынталанады. Оқушының осы пән бойынша белсенділігі мен қызығушылығының артуы – ойлаған мақсатқа жету деген сөз. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасы да жоғары болады. Қазақ әдебиеті пәнінде жас ұрпақ бойында мейірім мен шапағатты тәрбиелеуде – ұлттық дәстүрлерге ерекше мән берген дұрыс. Ұлттық тәлім-тәрбие беруге назар аударылса, жастар арасында бірін- бірі сыйлау, өз кемшілігін мойындай білу, сыйластық тәрізді қарым -

қатынастар туындайды. Қазақ әдебиеті пәнінде негізінен дамыта оқыту жүйесінің тиімділік жақтары мол болып саналады. Оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтасу сабақтың мол жетістігін қамтамасыз етеді.

Бұл жағдай ұлттық тәрбие беру жүйесінің де тиімділігін арттырады. Оқушы бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда әдеби шығармаларды оқытып танытудың маңызы ерекше. Алғыр оқушылармен қатар нашар оқитын оқушыларға да өз шамаларына қарай тапсырмалар беріледі. Шәкірттердің білім алып, өз қабілеттерін дамытуына қолайлы жағдай жасалады. Дамыта оқытудың да басты мәселелерінің бірі – тұлғаның дамуы. Ұлттық тәрбие, яғни этнопедагогикалық тәрбие негізі шешендік сөздер мен аңыз-әңгімелерде, ұлттық дәстүрлерде кеңінен танылса, оларды бүгінгі күн көзімен қарай отырып заңдылықтарына жағдай жасай отырып жетілдіру керек. Адамның өз бойындағы сенімділік, батылдық қасиеттерін, кез келген қиыншылықты жеңе білу, төзімділік қабілеттерін сабақ барысында жетілдіріп, бейімдеп отыру қажет. Сонда ғана болашақ ұрпаққа сенімділікпен үміт арта аламыз.

Оқу барысында оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі арта түседі. Оқыған материалы бойынша өз пікірін ортаға салады. Оқушыда теориялық ойлаудың негізі қалып, ойындағы түрлі мінез-құлықтарды оқып-тану арқылы өзі де өмірді таниды, жақсы жаманды ажырата аларлық пікірге ие болады. Адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді бойына ұялатады. Әдебиет сабақтарында ізденушілік әдіс тәсілдерін де кең пайдалану баланың ой-өрісінің дамып-өсуіне ықпал етеді. Әдебиет пәні арқылы өмірдің сан қилы қырын танытып, жамандықтан жирентіп, жақсылыққа үйретіп отырсақ, аз да болса адамдық тәрбиеге жол таба білсек, бұл – өз перзенттеріміздің жарқын болашағына бағыт бергеніміз. Сондықтан да этнопедагогикалық тәрбиеге көңіл бөлу бүгінгі күн талабы болып отырғандығына талас жоқ.

Ата-бабамыздан бізге жеткен мұра – бүгінгі мен ертеңіні байланыстыратын асыл қазына. Мұны сабақта тиімді пайдалана білу нұр үстіне нұр болар еді. Ал бұл асыл мұраны оқыту үлесі әдебиеттің еншісіне тиесілі екеніне талас жоқ, әрине. Әдебиет сабағы арқылы өмірдің сан алуан қырларын танып, өзіндік пікір көзқарасы қалыптасады, эрудициялық қабілеті ашылады. Кейіпкерлер бойындағы қасиеттерді тани білуде оқытушының көмегіне сүйене отырып талдау нәтижесінде оқушының да өзіндік ұсынысы пайда болады. Көркем туынды арқылы өмірді сүйе білуге үйренеді.

Көркем сөз арқылы адам жанының терең де құпияға бай қыр-сырын танып біледі. Міне, сондықтан да бұл пәннің оқытылуына ерекше назар аударған дұрыс. Әдебиет пәнін терең оқытып танытудың басты міндеттерінің бірі – түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану болып саналады. Мысалы, шығармашылық әдіс, эвристикалық оқу әдісі, зерттеу әдісі, түрлі тренингтер, т.б. жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты аспектілер болып саналады. Жеке тұлға ретінде жеке белсенділігімен бірге адамдармен қарым-қатынас белсенділігі артады, өзіне деген сенімі нығаяды. Бұл әдіс-тәсілдер барысында басты мәселе оқытушының оқушыға деген сенім көзқарасы. Өзі сенім білдірген жан қолдап, оған бағыт берсе, қол жеткізген алғашқы жетістіктерін бағалап, өзімен бірге қуана білсе ғана оқушы ізденісі нығайып, өз көрінісін табады.

Елбасы Н Назарбаевтың: *«Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді»* деген сөзі болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мұраға құрмет көзқараспен қарайтын, қадірлеп, көздің қарашығындай сақтай алатын ұрпақты тәрбиелеу міндеті қойылғанын ұмытпауымыз керек. Ал ұлттық сананы ұрпақ бойында тәрбиелеу – басты парызымыз.

Ұлттық тәрбие беруде басты әдіс-тәсілдердің және бір түрлері бұл әр алуан ойын сабақтар болып табылады. Ойындық функция арқылы баланың пәнге деген қызығушылығы артады, ойлау қабілеті мен тапқырлық белсенділігі артып, тез әрі дұрыс шешім қабылдауға дағдыланады. Іс-әрекет нәтижесінде туындайтын түрлі қиыншылықтарды жеңе білуге үйренеді. Ұлттық ойын арқылы жас ұрпақ бойында әдептілік, сыйластық, ұстамдылық пен сауаттылық мінездері қалыптасады. Ойын барысында бірін - бірі тыңдап, бағалауға, қарсы пікірін мәдениетті түрде сабырмен жеткізе білуге жаттығады, кемшілігін мойындап, түзете біледі. Бұл болашақ ұрпақтың өз пікір - сезімін, білімін еркін ұстап, өнегелі, адамгершілік қағидаларды кеңінен меңгерген тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның түрлері көп. Сабақ барысында сабақтың мақсатына сай ойын түрін пайдалана білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты болмақ. Ойын үлгілерін пайдаланғанда ойынның мақсаты нақты болуы қарастырылады. Ойын тәртібі түсіндіріледі. Оқушылардың ойын тәртібіне енген материалмен таныстығы міндетті түрде ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың толық қатысуына жағдай жаратылуы сабақтың толық мақсатқа жетуіне ықпал етеді.

Дидактикалық ойындар оқушының ақыл-ойын, қызығушылығын арттырса, рөлдік ойындар болашақ мамандықты таңдап, өзі таңдаған кәсібіне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыра түседі. Этнопедагогикалық тәрбие жүйесінде: «Сыр сандық», «Бәйге», «Мақал сөздің мәйегі», «Теңге алу», т.б. ұлттық дәстүрге сай ойындар оқушы бойында ұлттық мақтанышын оятып, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырады. Түрлі тақырыптарда мәтіндер құрастырып, мақалдың жалғасын табуға, әңгіме сюжетін өз пікір - көзқарасымен жалғастыруға дағдыланған оқушы бойында өзіне деген сенімі артып, өмірге еркін араласады. Өзіндік сын көзқарасы қалыптасып, өз-өзіне баға беруге үйренеді. Еліміздің ертеңі жас ұрпақты еліне адал, өз ұлттық қадір - қасиетін бағалай алатын, тілін сүйіп, ата - бабамыздан қалған салт - дәстүрімізді құрметтеп, жетілдіре түсетін жастар ретінде тәрбиелеу - әрбір ұстаз міндеті.

Қорыта айтқанда, жастардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруда этнопедагогика ғылымның маңызы өте зор. Біздің мақсатымыз жастардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру болса, онда ол туған ұлттың этномәдени құндылықтарынан, оның ішінде рухани-адамгершілік құндылықтарынан бастау алуға тиісті.

Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті негізінен педагогикалық оқу орындарында қалыптасуы заңды. Себебі, болашақ маман болатын жастардың педагогикалық іс-әрекетке кәсіби тұрғыдан дайын болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1998. – 37 бет.
2. Новый энциклопедический словарь. - М., 2002. – 888 с.
3. Қазақтың мақал-мәтелдері Алма-Ата 1955
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. -Алматы «Рауан» 1994.
5. Табылдиев Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім. 2006.-312 б.
6. Жұмабаев М. Педагогика. А.,1992.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қолғанатова Н.А.

Зулқарнаева Г.А.

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
жанындағы колледж оқытушылары
Ақтөбе қ.*

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, ұлтжандылық, жалпыадамзаттық, рухани құндылықтар.

Аннотация

Каждый из исторической жизни населения имеют доступ к наиболее ценных вещей были духовные и человеческие качества и моральный бар. Так образцов каждого нового поколения воспитательное значение для захода на посадку образования. Например, Национальное воспитание не исключает того, золотой. Национальное образование универсальные духовные ценности человеческой жизни совпадают с ними. Эти питательные вещества обогащают друг друга. Национальный физически поглощают питательные вещества для человека и духовных ценностей, как можно скорее, так глубоко в полной и совершенной. Как можно скорее выйти на уровень лица. Пусть язык и культуру народа, обычаев, традиций и верований каждого все уверены, что все уверены, что все благородные реоле знаем, что основой духовного воспитания свойств. Этнопедагогика и национальные ценности образования честь во всей вселенной, увеличивая значение. Национальные патриотизм мысли наших предков в формировании талантливом специального образования и образовательной ценности.

Annotation

Each of the historical life of the population have access to the most valuable things was the spiritual and human qualities and moral bar. So samples of each new generation of educational value for approach education an example. The national education does not exclude the gold reason. National education universal spiritual values of human life coincide with them. These nutrients enrich each other. National physically absorb nutrients for the human and spiritual values as soon as possible so deep into the complete and perfect. As soon as possible reach the level of a person. Let the language and culture of the people, customs, traditions and beliefs of each all sure that all sure that all noble people know that the foundation of the spiritual upbringing of the properties. Ethnopedagogics and national education values honored throughout the universe, increasing the value. National patriotism thoughts of our ancestors in the formation of a talented special education and educational value.

Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді.

Мектеп қабырғасынан бастап ұрпағымызды парасатты да білікті,мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек,бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, елін, жерін сүйетін ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне,соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Қазіргі кезде қазаққа осындай идеология керек, өз жерінде өгейсіп, басқа ұлттарға жасқана қарайтын қазақты сол тұнғыықтан суырып аларлық бастама керек-ақ. Жаның ұлтжанды болсын, бірақ оны әркімнің біле беруі шарт емес. Халқын сүйген адам еш уақытта мақтаншақтықты сүймейді, ол үшін бүкіл әлемге жар салып мен халқымды сүйемін, ұлтжандымын деудің реті жоқ. Ұлтжандылық – елін сүю, алқын сүю, халқын жоғары

дәріптеу. Ұлтжандылық – белгілі тәрбие арқылы келеді, сондықтан да елін сүйетін әрбір адам Ұлтжанды болу керек деп ойлаймын. Ұлттық рухта оқушыны қоғамдық өмірге даярлау, шығармашылық белсенділігін арттыру, әлемдік өркениеттің адамзатқа тән құндылықтары негізінде жоғары имандылық қасиеттерге, ұлтжандылық пен елжандылыққа, азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана – сезімді қалыптастыру, оқушыдан қоғам талап ететін лайықты мінез – құлық ерекшеліктерін айқындап, жат қылық, жағымсыз әдеттен аулақ болуға тәрбиелейтін басты мекеме – мектеп болып табылатыны белгілі.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді, ана тілін, тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастардың, тастанды жетім балалардың, «қиын» балалардың, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталардың, нашақорлыққа салынған жастардың, тағы басқаларды бірте-бірте жоюда, олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы болады. Республикамыздың әрбір азаматы ұлтына, нәсіліне, сенімі мен намысына, саяси көзқарасымен, ұстаған бағыт-бағдарына т.б ерекшеліктеріне қарамастан, өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекетін «туған елім, Отаным» деп тануын мектептен қалыптастыру қажет. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен дінін сыйлау, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану - қоғамның әрбір мүшесінің міндеті. Олай болса, мектеп қабырғасынан баланың сана – сезімін, сол ұлттың мәдениеті мен салт – дәстүрлерін меңгеру негізінде дамыту арқылы, ұлттық құндылықты жастайынан бала бойына сіңіре білсек, еліміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын да нұрлы болмақ. Жаңа Қазақстан – жаңа ғасырда қандай болмақ, несімен ерекшеленбек дегенде – ұлттық құндылығымен және білімді ұрпағымен дегім келеді.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір – қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және атериалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалаған тұтыну заттары кәсіби материалды құндылықтарға жатады. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көзінің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім – тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басты бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Халқымыздың мандайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі оқушы тұлға шығатынына сеніміміз мол. Бойында рухани адамгершілік құндылықтары қалыптасқан, өз міндетін айқын сезіне алатын, адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, ізеттілік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерімен мінез – құлығы қалыптасқан саналы ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивидуалдік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп; өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір – бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала – шағаның баянды болуы жастардың тағдыр – талайының қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастардың, тастанды жетім балалардың, «қиын» балалардың, нашақорлыққа салынған жастардың, тағы басқаларды бірте-бірте жоюда, олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі.

Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұнғыығынан беру тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық

фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр.

Рухани-адамгершілік тұрғыда берілетін білім мазмұнында ұлттық руханиятымыздың өзегін құрайтын қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс – салт жырлары, мақал – мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, әдеби ертегілер, ңыздар, эпостық, лиро – эпостық жырлар кейбір тандаулы үлгілері беріледі. Халық ауыз әдебиетіндегі адамзаттық мүддені қорғайтын, өмірге бейімдейтін, әртүрлі әдептілік, әсемдік, әділдік және шыдамдылыққа жетелейтін құндылықтарды оқып – үйрену арқылы оқушылар халқымыздың ділін, дүниетанымын, мәдениетін танып, олардан тәлім алатын болады.

Кешегі түнсіз келешек жоқ, өзімізді өзіміз тануда халқымыздың алуан түрлі дістүрлерін: психологиялық, педагогикалық, әдептілік, филологиялық бала тәрбиелеу ерекшеліктерін біліп, меңгертіп отыруымыз қажет. Ш.Айтматов «Ешбір халық өзінің тарихи тамырларынан ұзап кете алмайды жақсы болсын, жаман болсын, өзінің тарихымен бірге болады» десе, М.Жұмабаев «Әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз баласы, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиені сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті дейді».

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - депті Әл-Фараби бабамыз.

Осыдан өз тағдырын өзі шешуге қолы енді жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екендігін байқаймыз. Ұлттық сезімдерді Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет.

Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет.

Қазіргі кезде республикамызда болып жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық процестерде: халықтың ұлттық сезімін оятуды, тарихи мұраға аялы көзқарасты қалыптастыруды, жалпы адами сипаттағы факторларды дамытуды, жеткіншектерді ұлттық мәдени мұра арқылы патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарын жақсартуды талап етеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанған ғасыры болатынына сенемін» - дейді. Осы ұлағатты пікірді өзімізге ту етіп ұстап, ел тарихын, халық тағдырын ойлайтын егемен еліміздің патриот азаматтарын тәрбиелеуде өз үлесімізді қоса берейік дегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика оқулық, Алматы: Қазақ университеті, 2014.
2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика, Астана, 2005.
3. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты, Алматы, 1996.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика, Алматы, 2004.
5. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 2000.

ЭТНОПЕДАГОГИКА МЕН ЭТНОПСИХОЛОГИЯНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қурмантаева А. Т.

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
университеті жанындағы
колледж оқытушысы
Ақтөбе қ.*

Кілт сөздер: этнопедагогика, этнопсихология, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, оқу, ұлттық тәрбие, ұлттық мінез, туған елге, жерге сүйіспеншілік.

Аннотация

Этнопедагогика – новая отрасль педагогической науки, изучающая этническое развитие общества. Рассмотрение развитие педагогики вместе с этнопедагогическими традициями не только вызывает интерес, но свидетельствует об эффективности историко-педагогических исследований, о пригодности научных педагогических теорий в жизни, о необходимости исследований их в будущем. Курсы этнопедагогика обеспечивают будущего специалиста этническими особенностями воспитательной системы и знаниями о национальной идентичности, нацелен на овладение навыками для использования на практике педагогического богатства, накопленные в результате многовековой образовательной деятельности.

Annotation

Pedagogy – is a new branch of pedagogical science that studies ethnic development of the society. Examining the development of pedagogy with ethno pedagogical traditions not only arouses interest, but also demonstrates the effectiveness of the historical and pedagogical researches the suitability of the scientific and pedagogical theories in life and the necessity to explore them in the future. Courses of ethno pedagogy provides future specialists with ethnic features of the educational system and knowledge about national identity, aimed at mastering the skills for using them

in practice of teaching resources accumulated in the result of centuries of educational activities.

Этнопедагогика – ұлттық салт-дәстүрлердің тәлімдік мән-мағынасын зерттейтін ғылым саласы болса, ал этнопсихология – халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен салттарындағы ұлттық сана-сезімін, өмірге деген көзқарасын, өзіндік ойлау ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Олай болса, этнопедагогика мен этнопсихологияның даму процесінде ортақ заңдылықтар бар деп қарауға тура келеді. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиядағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтастығы болып табылады.

Ұлттық психикалық құрылым мен ұлт мәдениеті арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық психикалық ерекшелік ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді. Мысалы, біз ән-күйлерді, билерді тыңдай отырып, немесе ою-өрнекті, зергерлік әшекей заттарды көріп, оның қай ұлтқа тән екенін бірден айырамыз. Ұлттық психологиялық құрылым ерекшелігі адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасынан, киім киюінен, спорттық ойын түрлерінен немесе ұлттық тұрмыстық салт-дәстүрлерден (келін түсіру, қыз ұзату, қонақ күту, өлік жөнелту рәсімдерінен т.б.), ұлттық тағам түрлерінен байқалады. Ұлттық психикалық құрылым үш бөліктен тұрады: ол ұлттық сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті білдіруі. Ұлттық сезім адамды қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының сол ұлт өкіліне тартқан ерекше табиғи сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты адамның жеке басының қанағаттану, шаттануымен немесе риза болмай, қанағаттанбауымен байланысты ой-қиял, әсер сезімінің сыртқа шыққан көрінісі. Мысалы, “Елім-ай” әнін ести отырып, елінің басына түскен ауыртпалық, шапқыншылық әрекетке езіліп мұңаюы немесе “Саржайлау”, “Сарыарқа” күйлерін ести отырып, тыңдаушының туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік, шаттық сезімінің оянуы табиғи заңды құбылыс. Адамның ана тіліне деген сүйіспеншілігі де ұлттық сезімінің ерекше түрі. Мысалы, ұзақ уақыт елден жырақ жат жұртта жүріп, көпшілік ішінен өз ұлт өкілінің ана тілінде тіл қатуына елең етпейтін, іш тартпайтын адам болмайды. Өйткені, ана тілі адамның ішкі сезімін басқаға жеткізуде ой-қиялға етене жақын, жүрегіне жылы күшті құралы. Айталық, сұлу қызды аспандағы айға, күлімдеген күнге, судағы құндызға теңеу. (“Ай десе аузы, күн десе көзі бар” деу) немесе “Ай мен күндей, әмбеге бірдей бір сұлу қыз болыпты” деп басталатын ертегі қазақ ұғымына, ұлттық сезіміне жақын теңеулер. Қазақ әдебиетінде сұлу қызды “Ботакөз” деуі, туған баласын әке-шешесінің “ботам”, “құлыным”, “қозым” деуі ұлттық ұғымға, ұлттық сезімге жақын көркем сөз айшықтары.

Ұлттық тағамдарды даярлау, сыйлы қонағын ұлттық тағаммен сыйлау да ұлттық сезімді, ұлттық мақтаншыты көрсетеді және ол әр ұлттың өзіне тән тағам даярлау ерекшелігінің куәсі болып табылады. Мысалы, өзбек қонағын палаумен сыйласа, қазақ “бес бармағымен”, ұйғыр мәңгі, лағманымен, татарлар пәрәмшімен сыйлайды. Қазақ шәйін қаймақ қатқан сүтпен баптап берсе, қалмақ, ұйғырлар май, тұз, ұн салып береді. Орыс халқы кофе қайнатады, соның бәрі тағам берудегі ұлттық ерекшелік дәстүрлер.

Ұлттық салт-дәстүрлерге ана тіліне деген сүйіспеншілікті, ұлттық өнер түрлерін: ән-күй, зергерлік қол өнері, бейнелеу-сурет өнері, ұлттық ойын мен спорттың түрлерін, ұлттық тағамды, киімді, мерекелерді, тарихи ескерткіштерді т.б. жатқызуға болады. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жоралар, көзқарас түсініктер жатады. Ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктерін патриархалдық, рулық салт дәстүрлерімен шатастыруға болмайды. Мысалы, қазақтардың қызды қалың малға сатуы немесе барымтасы мен өзбек әйелдерінің пәрәнжі жамылуын бүкіл қазақ, өзбек халықтарының ұлттық салт-дәстүрі деп қарамауымыз керек. Ол феодалдық, рушылдық қарым-қатынастан қалған ескі дәстүрлер. Салт-дәстүрлер халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда ақ қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен төс түйістіріп, анттасып дос болатын болған. “Достықты бұзғанды ант атсын” – деп серттескен. Феодалдық қырғын соғыс кезінде ол батырларды бірлікке тәрбиеледі. Ал бертін капиталистік қоғамның дамуымен байланысты, анттасу салты қажет болмай, мүлде жойылды. Немесе бүгінгі күндерде ерлі-зайыпты қариялардың алтын, күміс тойларын өткізу де салт-дәстүрлердің өзгерген түрі. Оның ұрпақ тәрбиесі үшін үлкен прогрессивтік, тәрбиелік мәні зор.

Салт-дәстүр ұлттар сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою-өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді. Мысалы, қазақтың көкпар тарту ойыны кейбір өзгешілігімен көрші өзбек, түрікмен, қырғыз, моңғол, ауған елдерінен де кездеседі. Киіз үй тігу көшпелі халықтардың бәріне ортақ. Алайда, оның құрылысында, ою-өрнек әшекейінде әр ұлтқа тән ерекшелік белгілер байқалады. Палау, мәңгі, борщ, шашлық, пельмен көпшілік ұлттарға ортақ тағам болғанымен, әр ұлттың өзіндік дайындау технологиясымен ерекшеленеді.

Ұлттық мінез адамның іс-әрекетінен көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлттық мінез осы ұлтқа тән темпераменттік, психикалық рухани сапасымен ерекшеленіп, көзге түседі. Мысалы, қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық, өзбектердің сыпайы мінезділігі, діншілдігі, орыс халқына тән қарапайымдылық пен кеңпейілділік, американдықтардың құнттылығы, ағылшындардың салқын қандылығы,

немістердің ұқыптылығы, француздардың жинақылығы, испандықтарға тән қызу қандылық ерекшеліктер байқалады. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда жоқ, кездеспейді деген ұғым тұмайды. Ол қасиеттер әр халықта әр түрлі қырынан көрініс табады. Әр ұлттың өзіне ғана тән этностық таза мінез-құлықтың болуы мүмкін емес. Мысалы, орыстарға тән дейтін төзімділік қытайларға да тән қасиет болып келеді. Немесе грузиндерді қызба қанды халық дейміз. Ал ол мінез испандықтарға да ортақ. Академик С.Кон өзінің "Ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерінің проблемасы" атты еңбегінде "Ұлттық мінез-құлықты анықтауда әр ұлтқа тән этностық мінез-құлықты шартты түрде алып қарау керек", – деуі орынды. Дегенмен, бір халықта ерекше басымырақ болып көрінетін мінез-құлық сипаты сол халықтың психикалық ерекшелігі болып саналады. Ұлттық дәстүрлер ұлттық психологиядан көрініс тапқанда, кейбір психикалық әлпеттің жалпы адам баласына, барлық ұлтқа тән ортақ қасиетке ие екенін байқауға болады. Мысалы, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, балажандылық сияқты мінез-құлық өлшемдері барлық халыққа ортақ қасиет.

Қоғамның дамуы, халықтар мен ұлттардың интернационалдық байланысы ұлттық психикаға игі әсерін тигізіп, бірнеше ұлтқа ортақ интернационалдық мазмұнды салт-дәстүрлердің пайда болуын туғызды. Мысалы кешегі Кеңестік дәуірде ұлттаралық қарым-қатынастың күшеюімен байланысты қазақтың ат бәйгесі немесе қазақша күрес, теңге алу, қыз қуу ойындарына интернационалдық сипат берді де, бұл ойындар бүкіл Орта Азия елдеріне ортақ интернационалдық ойын түрлері болып кетті. Немесе, кешегі Кеңестік дәуірде халықтардың идеялық сана-сезім бірлестігі ортақ әнұран, ортақ дәстүрлі әскери шеру салтанаттарын өткізу, жастарды әскер қатарына шығарып салу, еңбек кітапшасын табыс ету, неке куәлігін тапсыру сияқты салт-дәстүр түрлерін туғызды да, ол барлық ұлттарға ортақ дәстүрге айналды.

Заман талабына сай жаңа мазмұнды салт-дәстүрлердің туындауы да заңды құбылыс. Мысалы, қазіргі жастардың үйлену той рәсімдері бұрынғы қазақ ауылындағы осындай тойларға мүлде ұқсамайды. Сондай-ақ, баланың дүниеге келуін қуаныштап өткізетін шілдехана тойына қоса бүгінде жастардың туған күнін тойлау рәсімдері пайда болды. Ол мүлде жаңа салт-рәсімде өтеді.

Сонымен қатар этнопедагогика өзіндік ішкі тарихи-педагогикалық даму заңдылықтарына ие. Осыған орай оларды жалпы және даралық тәртіптегі элементтер құрайтынын; жалпы заңдылық этностық тәрбиенің қоғамдық болмыс, өмір саят, қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуы, оның қайта құрылуына тәуелділігімен анықталса; даралық заңдылық этнопедагогиканың ұлттық "адамшылық табиғаттың" адамгершілік тұрғыдан қорғалуын, генофондты сақтау және оның табиғи дамуын қамтамасыз етуге қабілеттілігінде екенін көрсету басты міндет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері-Алматы; 1995.
2. Жарықбаев Қ.Б., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану -Алматы: Атамұра, 1994.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы.-Алматы Білім 2004.
4. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика-Астана. 2005.
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір Антологиясы, 2 томдық.-Алматы: Рауан 1т. 1994., 2 т. 1998.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

Нугманова Қ.Н.

Утешева Г.Р.

*С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
жанындағы колледж оқытушылары*

Кілт сөздер: этнопедагогика, халықтық педагогика, салт-дәстүр, білік, тәлім, ырым, мәдени мұра, ауыз әдебиеті, нақыл-ақыл, өсиет, өнеге, қағида.

Аннотация

Авторами рассмотрены значимость народной педагогики в воспитании детей, раскрывается сущность обычаев и традиций, поверья, обрядов и произведения устного народного творчества, отражаемые во всех видах искусства. Также затронуты средства семейного воспитания, используемые в форме игр, занимающее важное место в межнациональных отношениях всех народов.

Annotation

Folk pedagogics is custom-traditions, popular belief, and verbal literature, national décor-pattern, types of art, sporting games through domestic, type of education at that all is strong taking the place in the International relations of all people.

Этнопедагогика - белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Этнопедагогиканың мақсаты-халықтық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы намысқор, патриот азамат тәрбиелеу. Бұл пәннің міндеті халықтық тәрбие түрлерін оқушы жастардың бойына сіңіріп, білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, нарық жағдайында өмір сүруге икемді, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол жан тәрбиесі мен тән тәрбиесін қатар жүргізе отырып, оқушы жастардың қайрат жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

Халықтық тәрбиенің ғылыми педагогикамен байланысы:

1. Халық педагогикасында тәрбие ісін баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүргізуді талап еткен. Мәселен, "ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындай бағала" деген мәтел баланы еркін тәрбиелеудің, көмекшім деп үмітпен қараудың, ақылшым деп тең санаудың қажеттілігін меңзейді. Ал бұл ғылыми педагогиканың ынтымақтастық принципімен қабысып жатыр.

2. Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін (психологиясын) ескере отырып жүргізуді де ескертеді. "Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің", "Бір биеден ала да туады, құла да туады", "Балана үміт арту - әкенің парызы, ақтау-баланың қарызы".

3. Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған. Өскен ортаның тәрбиедегі әсері жөнінде А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, А.В.Сухомлинский, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлағатты ұстаздардың ой-пікірлері де халық педагогикасының қағидаларымен үндесіп жатыр.

4. Халық педагогикасының тағы бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер де кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. "Ата балаға сыншы", "Баланың балалығына әкенің даналығы бар", "Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан артық" деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған. Яғни, тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орындай санаған.

5. Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісі асқақ арманмен байланысты. Осыны құптаған ата-бабамыз "Армансыз ұлан-қанатсыз қыран", "Арманы жоқтың пәрмені жоқ" деп, келешекті қиялдай білетін арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен.

6. Халық педагогикасының негізгі принциптерінің бірі - тәрбиенің біртұтастығы. Тәрбие ісінің біртұтастығы ұрпақ тәрбиелеудегі мақсат бірлігінен туындайды. Кез-келген тәрбие құралына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлері (еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік т.б.) іштей сабақтасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуді ғылыми педагогикалық еңбектер де қуаттайды.

7. Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізілуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптайды.

8. Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. Халықтық педагогикада "Көп талқысы-тез", "Көп қорқытады, терең батырады", "Көпке қарсылық-құдайға қарсылық деп ұжымдық тәрбиені құптаған. Ұжымдық тәрбиеге ғылыми педагогика да ерекше мән берген.

Қорыта айтсақ, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелері мен заңдылықтарының қалыптасуына бастау бұлақ болған. Халық педагогикасы бүгінде ғылыми зерттеулердің тек объектісі ғана емес, сонымен қатар ол педагогикалық теориялардың, әсіресе отбасындағы тәрбиенің дамуына үлкен әсер ететін ынтымақтастық педагогикасының бүгінгі күнде практикалық та, ғылыми теориялық та мәндігі зор екені даусыз. Қай ғылымның болмасын, тұрақты ғылыми терминдері болатыны сияқты, қазақ этнопедагогикасының да белгілі терминдері бар. Оларға, жалпы алғанда, мыналар жатады: шәкірт, мұғалім, ұстаз, оқыту, тәрбие беру, өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу, үлгі-өнеге көрсету, ақыл-өсиет айту, оқыту, әдеттендіру, жаттықтыру, жадында сақтау. Тәрбиенің түрлері: дене тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, әсемдік тәрбиесі, табиғатты аялауға тәрбиелеу, ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұл, қыз тәрбиесі т.б.

Қазақстанның егеменді ел болуымен оқу-ағарту ісінде оның басшылыққа алатын негізгі идеялық бағыты, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2030" бағдарламасында көрсетілгендей..." Қазақстандық патриотизм мемлекеттің территориялық" тұтастығын, салт-дәстүрдің, ұлттық мәдениеттің сақталуын, Қазақстанда тіршілік етуші ұлттардың бірлігін қамтамасыз етуді, олардың саяси экономикалық және мәдени байланысын мемлекеттік қазақ тілі мен халықаралық қатынас тілі-орыс тілінің жетіліп, көркеюіне баса назар аудару", т.б. болмақ. Бұл пәнде көзделетін мақсат келер ұрпақтың денсаулығын сақтау үшін қамқорлық жасау, оларға қажетті білім беру және дүниетану көзқарасын қалыптастыру, бүгінгі нарықтық қатынас жағдайында өздерінің ата-бабаларының дәстүрін сақтай отырып еңбек етуге әзір болуын қамтамасыз ету болмақ. Келер

ұрпақ бейбіт өмірде шапшаң қарқынмен дамушы, гүлденген отанының патриоты болып өсуі тиіс.

1. Этнопедагогика ғылымы педагогика ғылымынан бұрын қалыптасып, халықпен бірдей жасасып келеді.

2. Ертеде қалыптасқан сөз шеберлігінің ауыз әдебиеті арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп іске асуы. Мысалы, Қорқыт ата туралы аңыз.

3. Этнопедагогика ғылымы зерттеу объектісі ғана болып қоймай, педагогикалық теорияның, әсіресе отбасындағы теорияның дамуына әсерін тигізді.

4. Халықтың адам дамуына әсер ететін факторларды толық түсіне алмауы:

а) тұқым қуалаушылыққа сенбеуі-адамның маңдайына жазуына байланысты деп түсінуі (күдай қосты мен көндім);

ә) оқуға бермеуі, құран үйретуі;

б) орта туралы халықтың өз көзқарасының болуы "ұлың өссе ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол".

5. Арнайы білімі жоқ болса да халық балалардың психологиялық ерекшеліктерін жақсы білген.

6. Этнопедагогиканы нақты заңдармен жүйеленген білім, ғылыми ұғымдардың жоқ болып, халық даналығының терминологиясында жергілікті диалектілер, ырым-жоралардың таңба болып қалуы. (Мысалы, әулиелерге сиыну, тас салу т.б.)

7. Халықтық педагогиканың шығармашылық негізі - оның ұжымшылдығы. Мысалы, тәрбие туралы нақты сөздер жеке адамның емес, бүкіл халықтың ұжымдық шығармашылығы.

"Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар"

"Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады".

8. Халық шығармаларының өмірмен, тәжірибемен тығыз байланысты. Мысалы, жануарлар туралы ертегілер.

9. Қоғамдық мәдениеттің ең асылын өзіне сіңіреді.

- үлкенді сыйлау;
- ата-ене құрметі;
- қонақжайлылығы;
- кішіпейілділігі;

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі.

Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға таза ғылыми негіздегі білімдерді бере отырып, олардың жүректеріне рухани және адамгершілік, имандылық құндылықтарын енгізуді екінші қатарға қалдырады немесе тіпті мән бермейді. Соның салдарынан жастарымыздың бұзылып, адамгершілік, имандылық дегеннің не екенін білмей өсуіне әкеліп соғуда. Қазіргі кезде көп ата-ана баламыз компьютерді, ағылшан тілін меңгерсе болды жетілген тұлға болады деп ойлайды. Ең алдымен әрбір бала адами тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған дұрыс адам бола білуі шарт. Сонан кейін ғана білімін тереңдете алады. Адамдардың адами рухани адамгершілік құндылықтарының орнындағы кемшіліктерді ешқандай да академиялық білімдердің толықтыра алмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазір қоғамымызда балаларға тек қана ғылыми білімдер ғана емес, бәрінен бұрын қайырымдылық, мейірбандылық және сүйіспеншілік туралы білім керек деген қорытындыға келіп отыр.

Бала тәрбиесіне оның өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени жағдайлары тікелей әсер етеді. Тек оның ішінде бала тәрбиесі мәселесін шешуде ұлт болмысының мәні адамдардың ұлттық келбеті, ұлттық қатынастар, ұлттық сана-сезім бейтарап қала алмайды.

Ұлттық сана-сезім астарына, халықтың мінез-құлық минталитеті, рухани дүниесін айқындайтын құндылықтар барлығы белгілі. Ал жаңа заман талабы бейімділік, іскерлік, адамгершілік негізінде ұлттық жан-дүниесін жаңғырту болғандықтан, демократиялық өзгерістермен нарықтық қатынастарды қабылдау халқының даму деңгейіне де байланысты.

Ұлттың ұлт болып сақталып қалуы ұлттық болмыспен айқындалады. Ал ұлттық болмыстың түп қазығы - ол барлық құндылықтардың наным-сенімдердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт дәстүрлердің, білім мен мәдениеттің, тілдің дамуымен шешіледі, қазақ этнопедагогикасы ұлттық ерекшеліктермен ғасырлар бойы қалыптасып, салт -дәстүрге, әдет - ғұрыпқа айналып кеткен, тәлім-тәрбие істерінің мән жайын әлеуметтік өмір шындығымен байланыстыра іздестіреді.

Қазақ халқының басқа халықтардан бір ерекшелігі көркем сөзге, шешендік өнерге құрметпен қарау, мақал-мәтелдерді қолдана отырып, шебер сөйлеу, белгілі бір ойды қысқа да нұсқа жеткізу.

Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және Денсаулық сақтау министрлігі ұлттық мәдениетіміздің негізі болып табылатын қазақ этнопедагогикасын пән ретінде жоғары мектептерде оқыту жөнінде мемлекеттік жарлықтар жариялайды. Осы мақсатта егеменді Ел мәдениетінің ұлттық белгісін айқындайтын этнопедагогика пәні енгізіліп отыр. Егемен Қазақ халқының ұлттық тәрбие құралы-қазақ этнопедагогикасы пәні ғылым ретінде қалыптасып, пән ретінде мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытыла бастады.

Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ауыз әдебиетінен, халықтың салт-дәстүрлерінен ұлттық педагогикалық ойлардан құрылған бұл халықтық ғылымның ғылыми-әдістемелік мәні өте зор екені белгілі.

Этнопедагогика ғылымы әр халықтың оқу, білім, тәлім-тәрбие т.б. мәдени болмысындағы ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді. Әрбір ұлттық мәдениеті тек ана тілінде төл әдебиетімен ұлттық білім негізінде дамитыны белгілі. Мемлекеттік мәртебеге ие болған ұлт тіліміздің этнопедагогика ғылымының пән ретінде сол мемлекеттік тілде жүргізудің, сананы ұлттандырудың мәні зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы - Алматы: "Білім" 2004 .
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. - Алматы "Санат", 1995.
3. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы - Алматы: "Санат" 2001.
4. Назарбаев Н. А. Казахстан - 2030: Послание Президента страны народу Казахстана. - Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
5. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан - № 3058. Алматы - 1996 – 15 июля.

ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сұлтанова З.

№ 40 мектептің тарих пәнінің мұғалімі
Ақтөбе қ.

Кілттік сөздер: тарих, тарихи сана рухани мұра, мәдениет, адамзаттық және даналық болмыс.

Аннотация

Статья о богатом культурном наследии, в том числе о нашей национальной истории и философии. Ведь в среде нашего народа, конечно же, проявлялись неповторимые и уникальные образцы философской мысли, достойные подлинного признания. И их немало. В качестве примера можно привести изречения Коркыт ата, мысли Кожы Ахмета Яссауи, Абая и других мыслителей.

Annotation

The article about rich cultural heritage, including our national history and philosophy. After all, among our people, of course, manifested an unrepeatable and unique examples of philosophical thought, worthy of true recognition. And a lot of them. As an example, sayings of Korqyt ata, minds of Kozha Ahmet Yassau and Abay.

Мәдени ерекшелік ұлт тұтастығын сақтайды. Мемлекет нығайтудың бір тетігі – мәдениет. Тарих – сана көші, дәуірлер көші, мәдени мұра көші. Демек, ұлттың төлқұжаты – мәдениеті.

Ұлттық мәдениеттің тарихи аясы кеңейіп, қайта жаңғырып өркендеуі, халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлерін қастелеу – оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігінің айғағы. Осы көшпелі өркениеттің тіршілік тынысына үлес қосып, биіктерге көтеретін болмыс – Адам. Мәдениет - ұзақ жылдар бойы сұрыпталып, жинақталған қазынадан құралған рухани игілік, салт, дәстүр, әдет-ғұрып, таным, сенім, саналық көзқарастар жүйесі, әлеуметтік топтың, ұлттың, халықтың өмірдегі бет-бейнесі, зиялылығы, біліктілігі, басқа бір ұлттың, халықтың тыныс-тіршілігінің, нәрінің бұлағы.

Ал адам - өз бойында адамзаттық, даналық болмысын жинақтаған тіршілік иесі. Ал, тіршілік иесі - әлемдегі сан алуан халықтың, мемлекеттің этникалық немесе әлеуметтік топтардың, адамдардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын біріктіретін жалпы адамзаттық құндылық түзейтін пенде. Өйткені, тарих, өмір салты, рухани мұра, ізгілік, кісілік – адам баласының тіршілік құндылығы.

Біздің мәдениетіміз ұлтымыздың этногенездік бастауы сақ-түркілік түзілімнен қазақтығымызға дейін үзілмей жалғасып келе жатыр.

Біріншіден, қазақ әлі ата қонысында отыр, сақ дәуірінен бері. Екіншіден, қола дәуірінен төрт түлікті ата кәсіп еттік. Ғылымдағы көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығы деп аталған шаруашылықтар күні бүгінге дейін сақталған. Үшіншіден, рухани мәдениетіміз де қаз-қалпында бүгінге жетті. Төртіншіден, тарихымызды тасқа жаздық. Ал 300 аталық рудың таңбасы әрісі генеологиямыздың, берісі басқару өнеріміздің белгісі болып тұр. Бесіншіден, антикалық дүниенің хабаршысы Геродоттың «Тарих» еңбегінде жазылған «сары қымыз, қазы, қарта, жал-жая» - бүгінге дейін ұлттық асымыз. Алтыншыдан, салт-дәстүр, наным-сенім де сол қалпы. Жетіншіден, қазақтың киіз үйі, салтанаттық, тұрмыстық киім үлгілері, тұрмыстық заттары да антикалық дәуірден бері үзілмеген мәдениет үлгілері. Ең ақыры, жер-су атаулары да бәз-баяғыша.

Хан-билер демократиясы мен батырлық дәстүрдің де заңды мұрагерлері бар. Тарихшылардың саралауына қарағанда, Қазақ хандығы құрылғанға дейін Ертістен Еділге дейін созылған ұланғайыр далада үлкенді-кішілі саяси құрылымдар, ұлылы-кішілі мемлекеттер өмір сүрген. Мұның бәрі – Қазақ хандығына дейінгі ізашар буын-бунақтар, Қазақ елі деген алып бәйтеректің өзегіне нәр берген тұптамырлар, қайнар бастаулар. Сол себептен де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқыны» атты кітабында «Қазақ хандығы Орталық Азия аумағындағы алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет болды», – дейді.

Осы орайда асқақ Астанада сәулетті ескерткіші бой түзеп, асыл әруағына Керей-Жәнібек көшесі беріліп, ұлықталған әзиз хандарымыздың Шу өзені бойындағы Қозыбасыда Қазақ хандығының дербес шаңырағын көтергеніне, ел байрағын жербіреткеніне 550 жыл толып отыр.

Енді осы жерде қазақ хандығының құрылуына аз-кем тоқталсақ, қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде 14-15 ғғ. болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі 15 ғ. 2 жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды. Әсіресе Әбілхайыр (1428-1468) Жошы-Шайбан- Дәулет-Шайх оғланның ұлы хандығы өте нашар еді. 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастаған ойраттардан (жайылым жер іздеген) Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Өте ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында қатал тәртіп шараларын орнатуға кіріседі. Бұл халық бұқарасының оған деген өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде халықтың жартысы Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп барулары еді. Оны Жәнібек пен Керей басқарды. Қазақ хандығының құрылуына себеп болған тағы бір жағдай Қыпшақ Қобыланды батырдың Арғын биі Дайырқожа биді өлтіруі болды. Біз үшін қай заманғы тарихымыз болмасын қымбат, бабаларымыз құрметті, әсіресе қазақ хандығының құрылуы тарихтағы маңызды оқиға. Қазір өзіміз өмір сүріп жатқан Отанымыздың іргетасы. «Өз тарихын білмеген халық, өзін де сыйламайды» деп Елбасымыз айтқандай айтқандай тарихты білу баршамыздың парызымыз, біз – дала өркениетінің мұрагерлеріміз.

Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда олардың тарихи танымдарын дамытуымыз керек. Тарихты тану кейбіреулердің ойлағанындай, тарихи оқиғалар мен деректерді білу ғана емес, сол тарихи деректер арқылы ақиқатқа жету. Бұл ойларды профессор Ж. Наурызбаев жан-жақты талдап, мәдениетті тұлға жайында: "...өз мәдениетіне де, өзге мәдениетіне де тәнті адам деп танымыз. Төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қалап, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады", - деп сипаттама береді.

Шындығында, жан-жақты мәдениет иесі тарихи сана белгілерін мол меңгерген адам. Басқаша айтқанда, тарихи сана - этникалық және жалпы мемлекеттік сананың негізі ұлттық ой-сана, этностық мыңдаған жылдық аңыз-этносанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтық тарихын білу арқылы ғана ерекшелінеді. Халықтық ұлттық ерекшелігін өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында болып, халықтың салт-дәстүрлі мен әдет-ғұрпын терең зерттеген, өзінің "Из Сибири " деген еңбегін жазған неміс оқымыстысы, академик В. В. Радловтың (1837-1918) еңбегінде былай деп көрсетілген:

"... Менің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат - бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай, олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұрарлық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқараспен қарау керек... Олардың өмірге көзқарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан, жыл бойы көшіп-қонуға негізделген". "Ойды бейнелеп беруі және ашық өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (цазактарды) тіпті Батыс Азияның француздары деуге болады. " Қазақ халқының дара ерекшелігіне небір шетел зиялылары бас иген, құдіретін мойындаған. Демократ, интернационалист ғалым А. Янушкевич: "... өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасында бұл көшпенділердің құрметті орын алатын кезі келді" - деп, көрегендік пікір айтқаны дәлел. Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени-рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы қайшылық пайда болды. Батыстық рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін менгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығын бойды ала кашудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтарды тиімді үйлестіру мәселені алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым мектеп оқушыларының қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ, мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді. Белгілі тарихшы Л. Гумилев "Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес", - деген пікірін қолдауға тұрарлық. Ендігі жерде қоғамның рухани өміріндегі қажеттіліктерді (факторлар, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени-рухани кешендер, т.б.) жан-жақты түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарын саралап, жасөспірімдердің дүниетанымдарын нарықтық экономика талаптарына сай қалыптастыру білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған ауқымды мақсат. "Халық өзіндік жолын тауып, өз мәдениеті мен идеологиясын жасау үшін байырғы тарихы мен түсінігіне, өмірлік мұраттарына үңіле түсуі керек және солардан қазіргі кезеңде өз рухына қуат берерлік нәр таба алады да, рухани дүние байлығы адамзатқа ортақ болғанымен, әр ел оны түсінуге өз тірлігі тұрғысынан келеді", - деп жазады Қазақстан философтары І. Ергалиев пен Е. Телібаев.

Қазақ даласы ойшылдарының мұраларынан кісілік, адамның рухани әлемі турасында мол мағлұмат аламыз. Өзге саясат пен бодандық нәтижесінде қыспаққа ұшыраған халық ұлттық қалпын өзгертті. Өзгеше тірлік - дүниетанымын ұлт санасын улады, болмыс-бітіміне елеулі өзгеріс енгізді, бұлар тарихи шындық.

Қорқыт ата мұрасы тарихи тәжірибенің өзіндік ерекшелігіне негізделген, ол түрік қоғамының рухани

өмірі мен оның өзіндік болмысын, өзіне тән қалыптарын айқын көрсетуімен құнды. Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғаклия сөздер, өсиет-нақылдар, қанағат сөз тіркестері жиі ұшырасады. Қорқыт атаның нақыл сөздері, қағидалары екшелеген ойлардың нәтижесі. Мысалы: "Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды. Ананың көңілі балада. Ұлың өсіп жетілсе, ол - отбасының мерейі, бас көзі". Қорқыттың қоғамдық ойларын, шешендігін білдіретін мақалдарда ата мен бала, ер мен ел, жақсы мен жаман, салт-сана сөз болады. Бұл қазақ мақалдарына ұқсас, одан көшпелі салт, табиғат иісі есіп тұрады. Қорқыт шығармаларында отбасындағы әйел-ананың орны туралы сөз болады. Ол әйел төрт түрлі болады, оның басы күт әйел, соңы қанағат жоқ жұт әйел, одан қалса ығыр қылатын кесір әйел, тірлігін ұқсатпайтын салақ әйел. Жақсы әйел - ерінің бар- жоғын білдірмей, елге аға болады дейді. Әйел ерге қорған, отбасының тірегі болса, ол көшпелі өмір салты. Ж Баласағұн "Құтты білік" дастанында ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалым, төрт күдірет - от, су, ауа, жер жайлы антикалық мұраға сүйене отырып, ойшыл әлем осы үшеуінің араласуынан жаралды, ал өмір солардың өзара сабақтасығының әрекеттесуі деп түсіндірді. Ғұламаның тектілік, адамгершілік қасиеттің туа бітетіндігі мен қалыптасатыны жайлы толғаныстарды да аса маңызды. Ойшыл әр адамға тән туа біткен қайырымдылық пен зұлымдылықты, яғни тумасына қайтымды немесе зұлым адамдарды, сондай- ақ тәрбие мен өмір барысында пайда болатын, жастық шақта қабылданған қайырымдылық пен зұлымдылық ара жігін ажыратуды сөз етеді. Ж. Баласағұн қайырымдылық туа біткен қасиет деп біледі, әйтпесе дүние быт-шыт болып, оның бір бөлігін қайғы басқан болар еді деген тұжырымға келді. Бала болмысын қалыптастыруда ата-анамен бірге тәрбиеші де үлес қосады. "Тәрбиешіден алған ізгілікті, көрегенді ұл-қызына әдет үйрет, білім бер, қос жалғанда бірдей көріп күлімдер" дейді. Ж. Баласағұн бала тәрбиесін отбасында бір "аймаңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерге қалдырма" деп өсиет еткен. Баласағұнның бұл тағылымды ойлары білім мен тәрбиенің сабақтастығын жоғары бағалайды. Бала жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке араласуы, жаны мен тәні сабақтас жетілуге тиіс. Тәрбие мен білім берудің бұл жүйесі парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады. Егер баланың жаман аты шықса, ізгі жандарға қауіп төнеді делінеді. Халықтың имандылығының кепілі балалардың ата-анасы мен аға ұрпаққа деген құрметінен көрінбек. Сондықтан да әкесін аман сақтап қалу үшін жанын қиған ұлдың өлімі - ең бақытты өлім болып табылады. Ж. Баласағұнның тұжырымдамасына осындай ойлар жатыр.

XI ғасырда өмір сүрген әрі ақын, әрі ғалым-философ, тарихшы Қожа- Ахмет Яссауи бабамыздың ғылыми еңбектеріндегі руханиятқа бағыттайтын құнды пікірлер баршылық. А. Яссауи еңбектерінде баса айтылатын адамды тура жолға бастаушы жаратушы күшке табыну, оның хақтығына тағзым ете отырып, қиянатсыз бейкүнә, адал жандарды тәрбиелеу жайлы тұжырымдар. Әл-Фараби теңдесі жоқ мұра қалдырды. Ойлау мен тіл арасындағы өзара байланыс, таным логикасы, ұғым мазмұны мен сөзбен бейнелеудің ара-қатынасы, олардың қолданылуы жайлы құнды трактаттар жазған. Әл-Фарабидің философиялық ілімі негізінен алғанда парасатқа, ақылға сүйенген ілім.

Дала ғұламаларының ғибраты ойларына тұтас бір ұлттың рухани болмысының арқауына айналған ұлы ойшылымыз Абай Құнанбаев шығармаларынан небір даналық ойларды табамыз. Ол қазақтардың рухани құндылықтарын сындарлы ой елегінен өткізіп, қоғам талабынан шыға алмайтын, халықтың өсіп өркендеуіне, дамуына ықпал етпейтінін байқады. Ауылдың тұйық, мешеу тіршілігі жанын жай таптырмады, надандық, дау-жанжал, қызғаныш, өсек, парықсыздық елді жайлаған ауыр дерт деді.

Абай дүниетанымының өзекті желісі - "толық адам". Абай осы ұғымының мән-мағынасына өз тарапынан айрықша моральдік гуманистік бағытта "адам болу, адамшылық", "толық адам" деген зор мағыналы танымдарымен тікелей байланысты талдау жасайды.

Абайдың ұрпағына қалдырған ой-толғауларынан кісілік, ерік пен мінезді қалыптастыру, зиялылық, халықтық мұратқа сай жайсаң сезімдерді жетілдіру жайындағы толғаныстары оның тәлім-тәрбиелік идеяларының ең негізгі өзегі болып келеді. Абайдың түсінігенше, баланы жастайынан көркемдікке баулуды үлкендер неғұрлым ертерек ойластыруы қажет, өйткені, бесіктегі нәрестенің өз анасының әлдіі, әуезді, үні арқылы сұлулық пен көркемдіктен хабардар болып жатады.

Абай өзінің философиялық көзқарасында дүниенің, әлемнің заңдылығын мойындайды, дүние мен адамзат қоғамы бірқалыпты тұрмай, бейне бір ағып жатқан судай өзгеріп отырады деп таниды. Бұл ойын Абай былай деп тұжырымдайды: "Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бірқалыпты тұрмайды", "Дүние - үлкен көл, заман – сокқан жел ", "Алдыңғы толқын - ағалар, артқы толқын - інілер, кезектесе бөлінер, баяғыдай көрінер" - дейді Абай адамды дүниенің ең маңызды бөлігіне жатқызады. Абайдың пайымдауынша адамның хайуаннан артық екі қасиеті бар, бірі - дүниені тану, ақиқатты білу, ғылымды үйрену, ал екіншісі – көпке пайдалы еңбек істеу. Абай адамның ақылды, білімді болуы оның тұрмысынан емес, айналасындағы дүниені сезіп-біліп, үйренуінен, еңбек етуінен деп қарайды. Абай білу мен тану сезімдік және ақылдық таным арқылы болатынын растайды. Мұның бәрінен өлшемі ақыл-ой деп тұжырым жасайды. Бала қажеттілігіне сай сол рухани байлықты игеру тәсілдерінен хабардар етудің жолдары мен мүмкіндіктері өте көп, бірақ олар әзірше жүйеленбеген. Ғылым мен техниканың жетістіктері тұрмыс – тіршілігімізге еңбек сонау ықылым заманда халық оның тәсілдерін шебер меңгере білген. Терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан – ұрпаққа мирас болған ежелгі мұраларының қай - қайсысының да пайда болуында және пайдалануында белгілі бір ғылыми негіз, өркендік - тәрбиелік, сырбаз талғам, келісті келбет бар. Халық қандай да ұғымның болмасын, түпкі тамырын тарих қойнауынан алған, ал олар заман өте келе екшеленіп, сын таразысынан өтіп, тұтынуға беріліп отырған. Біздің төл тарихымызда жас ұрпақ санасында мақтаныш сезімін туғызатын өнегелі істер жетіп артылады. Оларды тек жастар санасына санасына сіңіре білсек болғаны.

Әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлігі. Алматы, 1996, 576.
2. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғ.ғ.) Алматы, 1995, 160б.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алматы, 1997, 463б.
4. Адамзат ақыл- ойының қазынасы. 10-томдық жинақ - Алматы, 2007.

СТУДЕНТТЕРДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Баймуханова Б.Қ.

Қадыржанова Ж.Е.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің аға оқытушылары*

Орал қ.

Кілттік сөздер: ұлттық мәдениет, ұлттық сана-сезім, ұлттық салт-дәстүр, руханилық, көп ұлттылық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы формирования у студентов общечеловеческих ценностей. Авторами выделяются этапы приобщения молодежи к этической культуре. Описываются результаты создания и внедрения в учебный процесс интегрированных курсов с учетом этнокультурного компонента.

Abstract

The article deals with the problem of formation of students' human values . The author distinguishes stages of familiarizing young people to the ethical culture. It describes the results of the creation and implementation of the learning process of the integrated courses , taking into account ethnic and cultural component.

Қазақстан мемлекеті мәдениет аралық және ұлтаралық келісімге, толеранттылықты қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық үйлесімді саясатты құруға ұмтылады. Бұл мақсатты жүзеге асыруда сәйкесінше Қазақстан халықтар Ассамблеясы институты бекітілді, «Мәдени мұра» бағдарламасы өмірге әкелініп, өңделді, ұлттық-мәдени орталықтарды мемлекеттік қолдау қамтамасыз етілуде. Мемлекеттің ішкі саясатының бұл бағыты өз ұлтының рухани дәстүрлері мен мәдениетін сондай-ақ, жалпыадамзаттық мәдениет, руханилық және толеранттылық элементтерін игерген жастарды тәрбиелеуде зор маңызға ие. Бұл процесің жағымды дамуы жалпықазақстандық әлеуметтік мәдени қоғамда әртүрлі ұлт өкілдерін неғұрлым тиімді интеграциялауда ықпалын тигізеді.

Әлемдік жаңару және жаһандану жағдайындағы құрамы көп ұлтты елдің өміршеңдігі өскелең ұрпақтың неғұрлым ұлтжандылығына сонымен қатар, жалпыадамзаттық мәдениет пен руханилығының белсенді болуына байланысты.

Қазіргі жағдайдағы мемлекеттің білім беру стратегиясы азаматтық демократиялық қоғамның негізін құрайтын басты құндылықтарды сақтап қалуға бағытталған. Бұл мақсаттың жастардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құндылық бағдарын қайта қарауды талап етеді. Қазіргі таңда өскелең ұрпақтың құндылық бағдары, жеке тұлға және қоғам үшін маңызды құндылықтарға бағытталу мәселесі өзекті болып отыр. Себебі жаһандану, ақкультурация, мәдени өзара ықпалдасу сияқты бүкіл әлемдік өркендеу процесін күшейтуде маңызы зор. Сонымен қатар, жеке тұлға үшін маңызды қасиеттердің қалыптасу процесі негізгі тұлғалық құндылықтарға тәуелді.

Адамзат қоғамының даму процесіндегі ауқымды өзгеріс ұлттық сана сезімінің өсу мәселесіне ерекше назар аударуды талап етеді. Әдетте, ұлттың өзіндік ұлттық сана-сезімін түсінуі, өз тарихына үнілуі, ұлттық сана-сезімінің оянуы, елеулі қоғамдық өзгерістер кезінде байқалады. Білім берудегі өзекті мәселелердің бірі жана ұрпақтың бойында ұлттық сана сезімді қалыптастыру міндеті болып табылады. Тәрбиелеу процесі өз мазмұнына халықтың руханилығын, оның ұлттық сана сезімін, ұлттық мәдениетін, ұлттық психологиясын, өмір сүру салтын енгізгенде ғана нағыз халықтық, ұлттық болып саналады.

Дегенмен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін нәрселер мен құндылықтар бүгінгі күнде дәстүрлі-кеңестік немесе ұлттық мәдени мазмұны мүлде жоқ батыстық тәрбиелеу моделіне негізделеді. Осының салдарынан қазіргі жастардың әлеуметтену процесінің отандық мәдени тұтастықтан ажырауына әкеліп соғады.

Ұлттық мәдениет (дәстүр, салт, рәсімдер, фольклор т.б.) көпшілік жастармен анахронизм ретінде қабылданып отырсада, ол әлеуметтік мәдениеттің сабақтастығының басты өзегі болып табылады. Өскелең ұрпақтың бойындағы өз тарихына, өз халқының салт-дәстүріне деген терең және Отанына деген шексіз сүйіспеншілік сезімдері қалыптасуы мен дамуын ұлттық мәдени өзіндік сәйкестендірусіз елестету мүмкін емес.

Сонымен бірге, көпмәдени және көпұлтты аймақта өмір сүретін біздің жастарымыз тек ұлттық ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттік, нәсілдік, діни айрмашылықты өзектендіру мәселесімен ұшырасады.

Әртүрлі ұлттық қоғамдастықтардың әлеуметтік тәжірибесі мен мәдени құндылықтарын қабылдамау жастардың арасындағы агрессиялықтың күшеюіне, ұлттық және шовинисттік идеялардың таралуына әкеліп соғады. Оның салдарынан қарапайым халыққа қарсы бағытталған нәсілдік кантөгістердің, соғыстың, төңкерістің, терроризмнің белең алуына әкеледі.

Сондай-ақ, білім беру мен тәрбие дәстүрлік құндылықтарға, бұрынғы ұрпақтың адамгершілік тәжірибесіне, ұлттық мәдени салт дәстүрлердің байлығы мен көптүрлілігіне бағытталған қазіргі заманға педагогикалық көзқарастарға негізделу керек. Жоғары айтылған мәселерді ескерусіз қалуы өскелең ұрпақтың тәрбиесін күрделендіреді. Бұл міндет тікелей білім беру жүйесі арқылы шешіледі. Білім беру мекемелерінің тікелей оқу-тәрбие жұмысы ұлттық мәдениетті дамыту мен байытуға оны сақтап қалуға себебін тигізеді. Сонымен қатар, олардың отбасымен және қоғамдық тәрбие институттарымен мүмкіндігінше координаторлық жұмыстарына байланысты. Бұл тұлғаның бойындағы жалпыазаматтық және ұлттық сәйкестікті, сондай-ақ, мәдениет аралық құзырлықты қалыптастырады. Сол себептен білім беру жалпыадамзаттық қызығушылықтар мен құндылықтарды, мемлекеттік, ұлттық және жеке тұлғалық үйлесімділікті қамтамасыз етеді.

Адам өзінің мәдениетін толық және терең игермей жалпыадамзаттық құндылықтарға араласа алмайды, бүкіләлемдік мәдени жетістіктерге жете алмайды. Біздің ата-бабаларымыздың көпғасырлық педагогикалық тәжірибесі өз халқының ұлттық мәдени дәстүрлерінің тәрбиелік мәнінің зор екендігін дәлелдейді. Бұрынғыға қарағанда, қазіргі кезде жас өскелең ұрпақ жалпыадамзаттық құндылықтар тоғысындағы ұлттық құндылықтарға негізделген әлеуметтік бағдар беруді қажет етеді.

Ұлттық мәдени дәстүр негізінде құрылған тәрбиелеу процесі гуманистік сипат ала отырып, ұлттық сәйкестендіруді, азаматтық-патриоттық бағытты ұстануды, рухани-адамгершілік тұрақтылықты, құндылық бағдарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл мәселелерден бөлек, ұлттық мәдени дәстүр тәрбиеленушілердің генетикалық есте сақтауын оятады, ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етеді, тәрбиелеу процесінің анағұрлым нәтижелілігінің артуына себепші болады. Жастармен жүргізілетін ұлттық мәдени тәрбиелеу жұмыстарының құрылымды ұйымдастырылуы үш негізгі бағыт бойынша өту керек:

- Өз ұлтының тарихын қабылдау және білу;
- Бүгінгімен өзін теңестіріп оны жүзеге асырудағы конструктивті іс-әрекет;
- Өзі және өзінің қоғамы үшін алыс, жақын болашағын болжай білу, көре білу.

Ұлттық мәдени құндылықтарға деген қызығушылық белгілі бір деңгейде қоғамдық сана-сезімнің гуманизациялану процесімен байланысты. Білім беруде гуманды қоғамды құру негізгі құрал ретінде қаралып отыр. Жаңаша педагогикалық ойлау тәрбиеленушілерді педагогикалық процестің негізіне ала отырып, олардың жеке қабілеттерінің дамуына және ашылуына неғұрлым жағымды жағдай туғызады. Тәрбиеленушілердің өміріндегі ұлттық мәдени контекстті ескермей жеке тұлғаның қалыптасуы мүмкін емес.

Тұлғаның ұлттық мәдениеті бұл– интеллектуалдық компоненттер (ұлттық, ұлттық мәдени білім, дағды, түсінік), эмоционалды-құндылық компоненттер (ұлттық теңесу, ұлттық сезім, ұлттық сана-сезім), іс-әрекет компоненттері (ұлттық өзін-өзі тәрбиелеу, ұлттық әлеуметтендіру, ұлттық іс-әрекет) сияқты күрделі құрылымды жүйеден құралған.

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңіндегі ұлттық мәдени білім берудегі басты міндет болып жеке тұлғаның ұлттық сәйкестенуі негізіндегі жалпыадамзаттық құндылық бағдарын қалыптастыру. Сол себепті, ұлттық мәдениет арқылы жеке тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталуы, қазіргі кезеңдегі білім беруді ұйымдастырудың маңызыды принципі ретінде қарастырылуы керек.

Ұлттық мәдени білім беру қазіргі өркениет жағдайында жеке тұлғаның нақты ұлттық және әлемдік қоғамның субъектісі ретінде өзін-өзі анықтай алуына, әлеуметтенуіне және дамуына бағытталу керек. Ол мына үш негізгі міндетті шешуге бағытталады:

- Ұлттық мәдени жоспарда – ұлттық сана-сезім деңгейі жоғары белгілі бір мәдениет өкілі – тұлғаны тәрбиелеу;
- Мәдениет аралық жоспарда – басқа халықтардың мәдениетін білетін, сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру;
- Көп мәдениетті жоспарда – жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарға араластыру.

Студенттердің ұлттық мәдени даму деңгейінің жоғарғы көрсеткіші болып олардың ұлттық мәдени өзгерістерге қабілеті мен дайындығының болуы арқасында, өз ұлттық тұрақтылығын сақтап және тәрбиелеу тиімділігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету табылады. Ата-бабаларымыздың көзқарастарына сәйкес рухани мәдениетті тәрбиелеудің басты міндеті болып жеке тұлғаның ішкі әлемінің қоршаған ортамен гармониялы болуы табылады. Өйткені қоршаған орта бұл – *микрокосмос* яғни, тікелей қоршаған орта және *бүкіл әлем* (космос) бұл – әлемдік ауқым ортасы.

Сонымен қатар, кенестік жоғары мектептің қалдырған педагогикалық мұрасына қарсы келуде және жеке тұлғаны тәрбиелеудегі батыстық, нарықтық, жеке бағыттық типтегі тенденцияларға бет бұруда, рухани адамгершілік құндылықтардың екінші жоспарға қалып бара жатырғандығын қатаң ескеру керек. Өйткені қазіргі күнде, педагогикалық қоғамдастықтың өкілдері «тұлға бостандығы» бағытына белең алушылық, «кәсіби меніреулік» дәрежесіне, яғни адамның шынайы адамзаттық құндылықтарға бейімделе алмау жағдайына әкеліп соқтыратындығына алаңдаушылық танытуда.

Ұлттық мәдениет негізінде қалыптасқан рухани-адамгершілік қасиеттерді келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1. Студенттердің өзіне, адамдарға, қоршаған әлемге қатынасын көрсететін құндылықтар туралы білімінің игерілуі;
2. Қалыптасқан құндылық бағдарларының игерілген ұлттық мәдени білім мазмұнымен сәйкес келуі;
3. Ұлттық мәдениеттің негізгі талаптарына қатысты құндылықтарды дамыту;
4. Толеранттылық, өзін-өзі сыйлау және өзін-өзі жетілдіруді сипаттайтын, гуманистік, экологиялық, патриоттық бағытқа сәйкес іс-әрекетті ұйымдастыру.

Жалпы ұлттық мәдени тәрбие беру жүйесін жасауда қазіргі күндегі педагогикалық теория мен практиканың тиімді бағыттарын қолдануды, оқу-тәрбие процесіне ұлттық мәдени құндылықтарды қосу мәселелері қарастырылу керек. Осы бағытта оқу процестеріне ұлттық мәдени компоненттер мемлекеттік, ұлттық, аймақтық ерекшеліктері ескерілетін авторлық курстарды, инновациялық бағдарламаларды жасау және енгізу ерекше мән беру керек. Осы мақсатта қазіргі таңда жоғары оқу орындарында «Қазақ халқының әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлері», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық-құндылықтарын қалыптастыру», «Өзін-өзі тану» тақырыбындағы арнайы курстар, «Достық» жастар клубы және «Алаштану» танымдық-патриоттық үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірменің негізгі мақсаты болып студенттерді өз халқының тарихымен, қазақ халқының алғашқы интеллигентиялық қауымымен, оқу-ағарту саласындағы алғашқы реформаторлармен таныстыру, өз еліне деген патриоттық сезімі мен мақтанышын қалыптастыру табылады.

Сонымен қатар, ұлттық мәдени тәрбиелеу басқа да жұмыс формаларын қолдануды ұсынады: сабақтар, факультативтер, үйірмелер, байқаулар, мерекелік шаралар, жәрмеңкелер, ойындар, экскурсиялар, саяхаттар т.б. Алайда, әрбір өткізілетін сабақ, шаралар, сабақтан тыс ұйымдастырылатын шаралар мәдени өмірдің тұтастылығына бағынып, тәрбиелеу жұмысының жүйесіне ұйымдасқан түрде кірістірілуі қажет. Бұл айтылған жұмыстар тікелей ұлттық мәдениетпен, ұлттық дәстүрмен (мысалы, фольклор) байланысты болу керек. Осы бағытта ұлттық құндылықтарды уағыздайтын акциялар ұйымдастырылып жүр, мысалы «Жасыл ел», «Жол картасы», «Қазақстан ортақ үйіміз», «Мен өзім елімнің патриотымын» т.б.

Ұлттық мәдени тәрбиенің схемалық моделі келісідей:

1. Ұлттық мәдениетті қабылдау;
2. Ұлттық мәдени білімді игеру;
3. Ұлттық мәдени ұстанымды қалыптастыру;
4. Ұлттық мәдени сенімді қалыптастыру;
5. Ұлттық мәдениет шеңберіндегі қызметтерді ұйымдастыру.

Ұлттық мәдени білім беруді ұйымдастыру өмірлік іс-әрекет ортасында негізгі орынды алу керек. Біріншіден, бұл мұғалімдер мен оқушылардың өзара бірлескен іс-әрекеті негізінде психологиялық және адамгершілік атмосфераны қалыптастыру. Мұнда ұлттық мәдени ерекшеліктерге сәйкес безендірілу ескеріледі.

Екіншіден, бұл отбасы ортасы, мұнда ұлттық мәдени тәрбие міндеттерімен байланысты маңызды жағдайлар сақталады. Отбасының ұлттық мәдени педагогикалық мүмкіншілігі оқу-тәрбие процесінде тікелей және белсенді түрде қолданылуы керек.

Үшіншіден, көптүрлі өзара байланыстар мен қатынастарға толы қоғамдық орта.

Ұлттық тәрбие ұлттық мәдениет элементтерін игеруден басталады, кейін оның негізінде өзіне және қоршаған ортаға деген қатынасының қалыптасуына әкеледі, нәтижесінде нақты ұлтқа тән мінез-құлық, іс-әрекет, құндылық ұстанымдарының пайда болуымен аяқталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Петровский А.В. Личность: феномен субъектности. Ростов-н/Д.: Феникс, 1993. 147с.
2. Буева Л.П. Социальная среда и сознание личности. М.: Мысль, 1968. 46с.
3. Шаповалов В.К. Этнокультурная направленность российского образования. М.: 1997. 173с.
4. Шаповалов В.К. Этнокультурная направленность. С.20.
5. Абульханова-Славская К.А. Типология активности личности в социальной психологии // Психология личности и образ жизни. М.: 2001. 126 с.
6. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқу құралы. Алматы: «Қарасай» 2012г. 178с.

ҚАДІР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Каменгаева Г. Б.

*Қ.Дүтбаева атындағы Атырау
гуманитарлық колледже магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: әдебиет, махаббат, поэзия, ақын, шығармашылық мұра, тұлға, зерттеу.

Аннотация

Началом творчества Кадыра Жусипа стала поэзия «Асау Атырау», где проявляется поэтическое мастерство поэта, в котором выражается любовь к отчизне, к человечеству. Увлечением всей его жизни стало собирание казахских загадок, пословиц, с которыми он знакомил своих читателей.

Annotation

Beginning of work of KadiraZhusipa poetry of "АсауАтырау" became. In this poetry talked about magnificent love of humanity. Collecting of the Kazakh riddles, proverbs, tongue-twisters with that he acquainted the readers became fascination of all his life of poet,. He is very decent at the same time, honest, fundamental, demanding to itself and to wider public.

Атыраудың талантты ақиық ақындары қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке-жеке дараланып, олардың ғылыми тұрғыда жүйеленуі, біріншеден, әдебиетіміздің бүгінгі мен кешегісіне, ертеңіне деген жауапкершілікті арттырып, ғылымның өрісін кеңейтеді, екіншіден ақындар арасынан шын мәніндегітума талантын анықтап, олардың туған әдебиетіміздегі өзіндік орнын анықтауға септігін тигізеді. Демек, қазақ поэзиясының өсіп-өркендеу деңгейін енді тек әдіснамалық үрдістер тұрғысынан ғана қарастырып қоймай жеке ақындар шығармаларының зерттелуімен де айқындап көруге болады.[1] Әр акын өзінше бөлек бір әлем. Әдебиетте әр акынның орны ерекше. Туған әдебиетіміздің парасат туын биіктетіп, халқымыздың мұрасын, қасиет-қанын арымен, өмірмен атастыра бойына сіңіру арқылы төл қазынамызға қосар өз үлесін ғұмырлы етуге жауапты – осы қауым. Әдебиетімізге келіп қосылып жатқан өкілдер өз үн-баяуларын айқын аңғарып, кескін-келбетін, болмыс-бітімін, өнер жолындағы өз бағытын танып үлгерді. Енді олар өздерін өкшелей келіп жеткен өжеттеу толқын талаптарға ақылшы аға боп, көтерілген биігінен қарайды.

Атырау елінің өнер дәстүрлері ерте қалыптасқан, ал уақыт өткен сайын шыңдалып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Мұнда аттарына өшпестей сөз, әділеттікке, адамгершілікке, парасаттылыққа баулитын өнегелі өсиет мол. Бұл өлкеде небір дүлдүл ақындар, бұлбұл әншілер, құдыретті күйшілер, мың бұралған бишілер, дана билер, сара шешендер, он саусағынан өнер тамған шеберлер туған, өмір сүрген. Біздің топырақтан талай ұлы ақындар, жазушылар, ғұламалар шыққан.

Әдебиет деген үлкен арнада қалам тербеп, өзінің сезімге толы жырларымен қазақ поэзиясының шарықтауына үлес қосып жүрген ақындардың бірі-Қадыр ЖүсіпӨтегенұлы.Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,ақын,ғалым, ұстаз Қадыр Жүсіп Өтегенұлының осы саладағы елеулі еңбектері, терең мазмұнды жыр-толғаулары жарық көрді.

Ең әуелі Атырау жұрты оның аты-жөнін облыстық радионың дикторы ретінде таныды. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында оның құлаққа керемет жағымды, ашық та әуезді, күмбірлеген қоңыр үні радиоқабылдағыштар арқылы бүкіл облыс көлеміне тарайды.

Соңғы жаңылықтар мен радиорепортаждарды, әдеби және әзіл – сықақ хабарларын нақышына келтіре, жандырып оқитын.

Аса жауапты, жүгі жүз батпан қызметтер – Мұхтар Әуезов атындағы №7, Қаныш Сәтпаев атындағы №19 орта мектептердің директоры лауазымында жүрген кездерінде радиодағы дикторлықтан бас тартуына тура келгенмен, бірақ облыс орталығында өтетін мерекелік шерулердің, алкалы жиындар мен ірі кездесулердің тізгіндерін ұстау, Қадыр ағаның мойнынан түскен жоқ.[2]

1980 жылдардан бастап Атырау университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында еңбек етіп келеді. Мұнда ол қатардағы аға оқытушыдан – кафедра меңгерушісіне дейін, доценттен – профессорға дейін өсті.Алдымен Зейнолла Қабдолов еңбектерін, шығармашылығын жүйелеп, тереңірек зерттеп, содан кейін жергілікті авторлар туындыларын ғылыми айналымға түсірді. Соңғы жылдары академик жазушы З.Қабдолов еңбектерінің үш томдығы дайындалып ұстаз,ғалым, әдебиетші Сабыр Қазыбайұлының «XV – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті»(жыраулар поэзиясы) атты оқулығын(балама негізінде), сондай-ақ «Әдеби толғамдар» атты зерттеу еңбектерін шығарды.

Қадыр Өтегенұлы Жүсіптің ақындық болмысы:

Туғандаймын сырлы сөре арналып,

Ырғағыма жеке өзімнің таңданып.

Көріп жүрген жоқ па екем деп ұзақ тұс,

Есім ауа енді отырмын таң қалып,-деп жырлайды ақын.Айналасына ақиық ақындық көзімен шолу жасап,өмірінің кредосы-өлеңімен сырласады.

Бүгін маған әлем сырын ашты шын,

Құдай өзі қойып биік басқышын.

Түнек болып жүрген еді көз алдым,

Құпияның таба алмай ашқышын.

Құдыретке жүрегімді жылытып,

Күдігімнің қатқан тоңып жібітіп.

Дүниеге жаңа ғана келгенде,

Шыға келдім бәрін-бәрін ұмытып,-деп жырлайды Қадыр Өтегенұлы.

Қадыр Жүсіп Өтегенұлы тек акын емес,ол-жазушы,ол-жыраулар поэзиясын зерттеуші ғалым.

Ақынның «Асау Атырау» жинағында Атыраудың өр суының соңғы кезде өршіл мінез танытуындай төгілте жазылған толғамды жырлары жарық көрген. Мысалы, Махамбет бабамызға арналған Қадыр Жүсіптің «Алмас жыры»ақын қаламының өсу үстінде екеніне дәлел бола алады.

Уа, Махамбет, бабам-ай!

Құдыреті өткен ғасырдың,

Кесегіндей асылдың,

Жебесіндей жасынның.

Заманның қатпарларына-
Дидарыңды жасырдың.
Арғымақ елім сен едің,
Асқақтаған адуын,

Аршындағын адымын,
Ар шыңдағын әдебің.
Атыраудай ағынның,
Қазаққа біткен бағы мың.
Жарқыраған лағылым!

Қорыта келе, бұл толғауда Ақтанберді жыраудың ағыл-тегіл атқарылуы, Махамбеттің текті термелерінің қаймағы бұзылмай төгілуі сол қалпында сақталып қалған. Ақынның поэтикалық шеберлігін оның өлеңдерінен емес, әңгімелері мен мақалаларының, проза жанрындағы еңбектерінен де көреміз.

Қадыр Өтегенұлының қолға алған тағы бір бастамасымен университет жанынан Зейнолла Қабдолов атындағы ғылыми – зерттеу орталығын ашылды. Академик жазушы туралы «Жазушы. Ғалым. Ұстаз» атты зерттеу еңбек жазса, оған жалғас ғылым жолындағы ұстазы З.Қабдолов дүниеден өткенде «Зейнолла намама» деген дастанды дүниеге әкелді. Екеуінің басы Қазақтың Қабдоловы атты кітапқа қосылып, оқырмандарының лайықты бағасын алды. Жазушы, ғалым шығармаларының бес томдығында әзірлеп, баспаға ұсынды. Бұл күндері Қ.Жүсіп жетекшілік етіп отырған орталық халық ақындарымен бұл дүниеде жоқ қаламгерлердің арттарында қалған мұраларын зерттеп жинастырып, кітап етіп бастырып, халық игілігіне айналдыратын, әдеби қауымның басын біріктіретін Атыраудағы бірегей орталыққа айналды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай тағылымы. Алматы, 1986, «Жазушы», 430 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, «Мектеп». 226 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1976, «Мектеп». 374 б.
4. Жүсіпова Г.Қ. Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі // «Сарыарқа самалы» газеті, 1195, 25, 156
5. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. А., «Ғылым», 1990, 200б,
6. «Қадырдың кырлары» Сахара, Зерде
7. Ж.Аронов «Айшықты», «Айша бибі», Алтын Орда, 25 тамыз 2006 жыл

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАРЫМ –ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жангуатова Г.С.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөз: қарым –қатынас, мәдениет, ұлттық тәрбие, этнопедагогика

Аннотация

В этой статье характеризуются понятия "культура", "культура общения", как составляющее содержания теоретической основы развития культуры взаимоотношения студенческой молодежи

Annotation

This article is characterized by the concept of "culture", "culture of communication" which is the meaning and content of the theoretical foundations of development students' culture of communication

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негізі “мәдениет”, “қарым-қатынас мәдениеті” ұғымдарының мәні мен мазмұны сипатталады. Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы. Шығыс мәдениетінде батыс пен шығысты бірдей тербеген Абай көзқарасының маңызы зор. Ол қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты зерделеді. “Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады.” Адам мәдениетінің қайнар бұлағын іздеу Абай шығармаларының өн-бойынан таралады. Шәкәрім Құдайбердиев те қазақ халқының рухани мәдениетіне зор үлес қосты. Ол қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүр ерекшеліктері мен ауыз әдебиеті, рухани байлығымен көрінген ұлы халық ретінде атап көрсетті. Демек, әрбір халықтың даму деңгейінің шыңына жету үшін ұрпақтары өз ата-бабаларынан мирас болып келген дәстүрін,

тілін, дінін, тарихын мәдениетімен ұштастырып дамытқанда ғана жетеді. “Қарым-қатынас” ұғымының көп анықтамаларының арасында біз “коммуникативтік іс-әрекет” ұғымымен синоним деп қарастыратын А.Н.Леоньев, М.И.Лисинаның анықтамасын арқау етеміз. Сонымен *қарым-қатынас* деп – екі немесе одан да көп адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз. Олай болса, біз зерттеуілерімізде қарым-қатынастың мазмұнды жағына, іс-әрекет жүйесіндегі қарым-қатынастың орнына студенттің қарым-қатынасқа қажетті дағды, икемділік, білім, ұлттық рухани мотивтеріне баса аударып, оларды студенттің бойына сіңдіріп, қалыптастыруға аса назар аудардық. [1]

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің “Алтын қорына” өлшеусіз үлес қосқан энциклопедист-ғалым Әл – Фараби бабамыздың педагогикалы мұрасы асыл қазына. “Бақытқа жету жолдары”, “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары” атты трактаттары зерттеліп отырған мәселенің шешімін табуда орны ерекше десек қателеспейміз. Себебі әл – Фарабидің педагогикалық жүйесінің іргетасы оның адам туралы ілімі, оның гуманистік, ізгілік қасиетке баулу мәселесі, яғни біз талдап отырған қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты. Ол: “Адам алдымен алғашқы жаратушыны мойындау, аспан әлемінің және табиғат құбылыстарының заңдарын білу, өзінің және басқалардың жандүниесін түсіну, мемлекеттік және саясат ғылымдарын меңгеруі тиіс”, - деп атап өтеді. Әсіресе, “өзінің және басқалардың жандүниесін түсіну” дей отырып, қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көтереді.

Әл-Фарабидің адамгершілік-этикалық тұжырымдамасының негізі – адам өзі қабылдаған білімі мен білігі, мәдениеті негізінде бақытқа жету, қоршаған дүниеде жан-жақты жетілуі. Ол “Бақытқа жету жайында” деген трактатында: “Мінезділік – бақытты болудың басты шарты. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті бақытсыздыққа ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін оның нашар мінезі” – дейді. Яғни мұнда мінез-құлық мәдениетінің маңыздылығын баса көрсетеді деп түсінуге болады. Сонымен қатар, Әл – Фараби: “адамды өз мінезіндегі теріс қылықтарды жеңуге үйрету және оң әдеттерді қалыптастыруға қабілетті ету, ол үшін адамға жас кезінен этикалық тәрбие беру арқылы жетуге болады”, - деп қарым-қатынас мәдениетін ерте кезден-ақ бастау қажеттігін айтып кеткен.

Адам баласын ізгілікке тәрбиелеу ісі-халықтық педагогиканың негізгі ұстанымы. Сондықтан этнопедагогикалық ұстамдарды оқу-тәрбие үрдісіне арқау етуді бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп қарауымыз керек. Халқымыздың этнопедагогикалық үрдісіне оқу-тәрбие жүйесінде қолданудың жолдарын ғылыми түрде қарастыру қажеттігі туып отыр. Ол ұстанымдар жаңадан шыққалы жатқан оқулықтардан өзекті орын алуы керек.

Халық педагогикасының мақсаты бірнеше ғасырға созылған халық тәрбиесіне сүйене отырып, болашақ ұрпақты еңбекке, өмірге дайындау, өнер білімге баулу, елдің қамын ойлау сияқты ең жоғары адамгершілік, имандылық қасиеттерге тәрбиелеу. Олай болса, өскелең ұрпақты терең педагогикалық, психологиялық ойлармен, теориялармен, халқымыздың бай тәжірибесімен таныстырудың ролі өте зор.

Қарым-қатынастың болуының арқасында адамдар өмір сүреді және шынайы байланыстарда, бір-бірімен қатынастарда іс-әрекет жасайды. Қарым-қатынас түбегейлі адамдық сұраныс бола отырып, дербес құндылық болады, себебі адам басқа адамды әрдайым қажетсінеді. Ол үшін маңызды дүние – бұл басқа адам, онымен қарым-қатынас процесінде және тек сол арқылы адамның мәні көрініс табады. Қарым-қатынас адамның құрылуының маңызды факторларының бірі болып, оның әлеуметтенуінің қажетті шарты болады. Қарым-қатынас қоғам мен адам өмірінің барлық жағын қамтиды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынассыз өз өмірін елестете алмайды, себебі оның өмірі бүкіл адамзаттың сақталуына тікелей байланысты. Қарым-қатынас мәдениеті адамдардың қылығының сапалы бағалауы ретінде түсініледі. Сондықтан олар қарым-қатынасқа түсуді үйрену қажеттігін сезінеді (адами қатынастың мәдениетіне, әр түрлі жағдайларда мінез-құлық ережелерінің жиынтығына және т.б.). Қоғамда қабылданған қарым-қатынас адамдардың қылықтарына қадағалауды жүзеге асырады. [2]

Халықтық педагогика идеяларына негізделген қарым-қатынас - бұл адами қатынастардың күрделі түрі. Ол өзіне жолдастық, достық және ұлттық рух, саналылық, сүйіспеншілік, адамгершілік табысқа жету т.б. құрылу кезіндегі өзара қатынастарды енгізеді. Жеке тұлға қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, ортақ сезімдес, сәйкестендіру арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді. Қарым-қатынас адамдардың өзара әрекет ету, олардың бірін-бірі түсіну және өзара әсер ету, өзара түсіністік, бірлесіп іс-әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру қызметтерін жүзеге асырады. Топтық және жекелік қарым-қатынас арқылы халықтардың мәдени құндылықтары, салт-дәстүрлері өзара әрекетке түседі ұлттық педагогика идеялары негіздерін оқып үйрену, оны өмірге ендіруді басты мақсат етіп қою маңызды міндет деп бағалаймыз. Ол үшін жоғары оқу орындарында ұлтымыздың ерекшелігіне, тарихына, қарым-қатынас мәдениетіне, өміріне, салт-дәстүрлеріне, тұрмыс тіршілігіне, отбасы тәрбиесіне сай, қарастырылып шығарылған бағдарламалар, төлғума оқулықтар, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттер кеңінен пайдаланылуы тиіс. Халықтың педагогика идеяларын оқу-тәрбие процесінде пайдалану мемлекеттік құжаттар мен бағдарламалар, оқу-әдістемелік әдебиеттерді дайындауды және оларды іс жүзінде асыратын – мектеп мұғалімдері. Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үрдісінде басты назарға бұл мәселені қою қажеттігі туындап отыр. [3]

Жүргізген зерттеуім бойынша, жоғары курс студенттерінің 70% ауыз әдебиеті шығармаларын оқымайды, халық даналығы мен мақал-мәтелдерді 11-12 % ғана жатқа біледі; 65 % -ы теледидардан, радиодан

берілген ұлттық мұраларымыз туралы хабарларға көңіл аудармайды; 37 %-ы мектепке халықтың мұралар, халықтық тәлім-тәрбиеге негізделген шараларды, осы бағытта жұмыс жүргізетін мұғалімдерді еске түсіре алмады; ал 82 %-ы жоғары оқу орындарында бұл мәселеге айрықша көңіл бөлуді қажет деп есептейді.

Түрлі бағыттағы зерттеулеріміз жалпы ұлттық тәлім-тәрбиенің, халықтық рухани мәдениетіміз, қарым-қатынас мәдениетін дамыту қызметтігін көрсетті. Бұл күрделі де, маңызды мәселенің шешімін табу, осы салада ғылыми педагогикалық зерттеу жұмыстарының деңгейін жоғарылату және берілген ұсыныстар мен әдістемелер нақты жағдаймен сәйкес келуі, бұл мәселені дамыта отырып, оны әлемдік білім кеңістігі деңгейіне көтеру; халықтық педагогика идеялары негізінде оқулықтар (балабақшадан жоғары оқу орнына дейін) мен бағдарламалар, әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік аудио-видео құралдар, электрондық оқулықтар жасау; ұлттық ауыз әдебиеті шығармаларын, халықтық салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениет пен тарихты кеңінен оқыту, халықтық педагогика идеяларын жүзеге асырушылар – мұғалімдерді қайта даярлау жүйесінен өткізу және жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізу, сонымен қатар педагогикалық емес оқу орындарында “Этнопедагогика” т.б. курсын арнайы оқыту қажет деп есептейміз.

Қарым-қатынасты орнығуы немесе өзгеруіне және бір себепші фактор – бұл студенттердің жас деңгейі. Өмір бойы топтаған тұрмыстық-әлеуметтік тәжірибе адамға, оның төңірегіндегі жандарға, болып жатқан оқиғаларға әсерін тигізбей қоймайды. Жас деңгейі әртүрлі адамдардың бір оқиғаға болған бағасы бірінен бірі алшақ болуы әбден ықтимал, жастық айырма неғұрлым үлкен болса, психологиялық келіспеушілік те соншама болады. Мысалы, жастардың киімі, өнер талғамы үлкендерге ұнай бермейтініне бәріміз де куәміз. Бұл жағдай әулеттер арасындағы қатынастардың мән-мағынасына өз әсерін білдірмей қоймайды. Д.В.Мудрик тұжырымдамасы бойынша: “Адамдар арасындағы қиын қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде, адамдардың өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қиын қатынастың көрсеткіштері қарым-қатынас жасаудағы ұзақ үзіліс, бір сөзбен жауап беру, дауыс екпінін жоғарылату, адамды дұрыс тыңдамау, әңгімені үзіп тастау, байланысқа түсе алмау, дөрекілік, кемсіту, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік айту, бірбеткейлік”, - деп көрсетеді.

Егер оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас мазмұнды, достық, ынтымақтастықта, бұған тән өзара сыйластық, сенім, көмек нормаларына сәйкес құрылса, онда қарым-қатынаста қиыншылықтар болмайды. Осы тұрғыдан алғанда халықтың педагогика идеялары қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мысалы, “Үлкенге-ізет, кішіге-қамқор”, “Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда”. [4]

Мұндай халықтық педагогика идеяларын пайдалану студенттердің қарым-қатынас мәдениетінде маңызды біліктерінің қалыптасуына негіз болады. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуында сөйлеу мәдениеті ерекше орынға ие. Студенттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы, әдетте, олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалауына байланысты, яғни тілдесу нәтижесінде бір адамның екіншісінің бейнесі жөнінде топшылаған ой-пікірі. Екінші адамның тұлғалық бейнесін оның сырт пішіні мен психологиясын және әрекет-қылығын байланыстыра, салыстырып тануға болады. Ал психологиялық бейне әр адамның әр қажетсінуінен, қылық мотивтерінен, мінез бітістерінен, әрқандай өмірлік жағдайлардағы көңіл-күй толғаныстары мен әрекеттерінен көрінеді. Бұлардың бәрі “Ат кісінескенше, адам сөйлескенше” дегендей әңгімелесу барысында назарға алынып, санада жіктеліп, бекиді де адамның жеке, нақты бағасын беруге негіз болады.

Студенттің жеке тұлға ретіндегі ішкі жан дүниесі, оның сөзі мен тілінен айқын көрініп тұрады. Қандай сөздер мен тіркестерді қолдануына қарап, сөз ырғағы мен әуенін талдай отырып, олардың ерекшеліктерін байқауға болады. Ал қарым-қатынас мәдениеті оқу-тәрбие барысында пайда болып, қалыптасуы біртіндеп жүзеге асады. Әсіресе оқытушының қарым-қатынастағы мәдениеті маңызды роль атқарады, бұған үлкен мән берілуі қажет. Демек, қарым-қатынас мәдениетіндегі сөйлесу мәдениетіне ерекше мән беріледі. Адам иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөйлеу мәдениетіне ерекше жауаптылықпен қарайды. Тілдесу мәдениетін бағалай білетін халқымыз: “Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар” деп сөздің маңызын тани білген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы педагогика. Бабаев С.Б [1] (19-21 бет)
2. Этнопедагогика оқулығы [2] К.Ж. Қожахметова (128-130 бет)
3. Этнопедагогика оқулығы [3] К.Ж. Қожахметова (132-133 бет)
4. Этнопедагогика оқулық Қалиев.С, Молдабеков.Ж, Иманбекова.Б. [4] (102-103 бет)

ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЖЕ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕЛІК ТҮСТАРЫ

Әмірова М.Қ.

Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер
институтының ғылыми қызметкері
Қазмемқызпу

Кілттік сөздер: әже мейірімі, тағылым, ұлттық тәжірибе, дәстүр, ұлттық болашақ.

Аннотация

В данной статье описывается исторически сложившийся опыт бабушек в воспитании выдающихся личностей своего времени.

Annotation

This article describes historically established experiences of elderly women on an upbringing of outgoing persons of the time.

Отбасы тәрбиесінде халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесін, ұлттық ерекшелігін есепке алу өте қажет. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. Көп ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді. К.Маркс «Отбасы-кішігірім мемлекет. Оны басқару үшінде өзара келісім, саясат керек», деп текке айтпаған. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз.

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына ортақ дәстүрлер де бар. Отбасына қатысы бар адамдардың әлеуметтік орны біздің халықта өте терең жіктелген, жасы кішілер үлкендердің атын атамай мысалы, ата мен әже, әке мен шеше, аға мен апа, іні мен қарындас, немере, шөпшек, жиен деп сыйлап қарым-қатынас жасауы, бір-бірін еркелетіп атауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелері бірін-бірі ренжітпеуі, әрқайсысының шама шарқынша іс атқаруы бұның бәрі отбасындағы сыйластық. «Ұлдың ұяты-әкеге, қыздың ұяты-шешеге» деп қараған халқымызда ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың міндеті болып саналған.

Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында тәрбиедегі басты бағыт: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» екені айтылған.

Бүгінгі күні бала мен ана, ана мен әже арасындағы отбасылық байланыс күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Алайда, қазақ халқының болашақ мұрагері – қазақ балаларының келешегін қоғамда тәрбиелеуде әже тағылымының тәлім-тәрбиесіне сүйене отырып, жас жеткіншекті көркемдікті көре білетін, әсемдікті сезіне білетін, сұлулықты жасай алатын, қорғай алатын, талғампаз, жаны да тәні де әсем - нағыз азамат болып өсіп жетілуіне қамқорлық жасау қазіргі көкейкесті мәселенің бірі болып отыр.

Қай заманда болмасын тарихтың қозғаушы күші сол дәуірді тудырған әйгілі тұлғалары – өз заманының әйгілі билері мен батырлары, ғалымдары мен ақындарын және өнерпаздарының өмірі арқылы тұтас бір дәуірді зерделеуге де болады. Олардың өнегелі өмірлері отаншылдық сезімін қалыптастырудың қайнар көзі - әрине ананың да, ата-әженің де жинақталған тәжірибелік тәрбиесінің нәтижесі.

Қазақ даласының тағылымын көріп, қайнарынан қанып ішкен халқымыз ұлт зиялыларын тәрбиелеуде өзіндік тағылымымен ерекшеленетін әжелерімізді қай заманда да құрмет тұтқан.

Қазақтың ғұламасы атанған Абай мен жарқ еткен шок жұлдызымыз Шоқанның тұла бойына ұлылықтың ұрығын сепкен әже тағылымы, сондай-ақ Абылай, Қасымхан, Тәуке хандарды тәрбиелеп, хан ұрпағын даярлауға үлес қосқан, дүниеге әкелген ана-әжелеріміздің өмірін ғибрат етіп, ғылыми түрде тәрбиелік мәнін ашып жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсыну біздің борышымыз.

Қай заманда болмасын аталар мен әжелер ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сый-құрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі.

Дәстүрлі қоғамда ата-әженің тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-әжелер жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған.

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен әжесі өз бауырына салып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-әжесін өз әкешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жататыны да рас. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі.

Біздің халқымыздың отбасында жас-ұрпақ тәрбиесіндегі жетекші буын ата мен әже іс-әрекетінің төңірегіне шоғырланған. Себебі, үйілменде әке мен шеше негізгі еңбек иелері, отбасы қажеттілігін қамтамасыз етушілер. Ал ата мен әженің өмір тәжірибесі өз дәрежесінде даналық ақыл-ойдың, орынды дүниетанымның, талғамның, денсаулық бағбанының, орынды тәртіп пен мінез-құлықтық мектебі болып табылады.

Әжелер мен аталар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған.

Қазақ халқы қонақжай халық болғандықтан жиі қонақ шақырысып, жиі қонаққа баратын болған. Үйге қонақ шақырғанда «кісінің мазасын алмасын» дегендей, әжелері оңаша жерге немерелерін жайғастырып

мандайларын сипап отырғызып, таңғажайып оқиғалар мен әңгіме, ертегі айтудан жалықпаған. Сол айтылған әңгіме, ертегілер әженің жан-жағына шүпірлеген кішкентайлар жағы бұйығып, тәтті ұйқының құшағына енсе, ал ересектер тапқырлық пен жүректілікке сүйсініп, зұлымдық пен озбырлыққа күйініп әрі-сәрі күй кешетін. Осындай қызықты әңгімелер мен ертегі тыңдап өскен немерелер әжесінің жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге баулығаны еді. Қазақ білмегенін қарттарынан сұрайды. Оған Мұқағали Мақатаевтың мына өлеңі куә:

«Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен өлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар».

«Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең», – дегендей, ақылды, зерделі қариялар бір отбасының ғана емес, бүкіл ауылдың, ұлыстың, елдің, қамқоршысы, ақылшысы болған.

Біз қашан да ұлы тұлғаларға қарап бойымызды да, ойымызды да түзейміз, соларды үлгі-өнеге етеміз. Олар туралы білуге құштармыз. Ұлы тұлғалардың өмірі, еңбегі кімді болсын қызықтыратыны күмәнсіз. Жас ұрпақ соларға ұқсап адамзатқа, халқына, заманына қадірлі, өнегелі азамат болып ержетуді армандайды. Сондықтан да біз ұлы тұлғалар туралы әңгімелеуді парасаттылықтың белгісі деп білеміз.

Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, демократ, ағартушы Шоқан Уәлиханов өз халқының мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрі мен тарихын жоғары бағалап, халықты білімге және мәдениеттілікке шақырған ұлы ойшыл.

Шоқан Уәлиханов бала жасынан әжесі Айғанымнан ертегі, аңыз-әңгімелерді, тарихи оқиғалар мен XVIII ғ. жоңғар көтерілісіне қатысқан батырлар туралы естеліктерді естіп өсуі Шоканның туған жер, ел, Отан алдында жауапкершілігін арттырды, халық мұрасын бағалап, сүйе білуге үйретті. Оның ой-өрісінің кеңеюіне, көркемдік талғамының жетілуіне орақ ауыз, от тілді ақын-жыршылар, бал тандай әншілер, саусағынан өнер тамған күйшілерден естіген қазақ халқының тарихи шындығын бейнелейтін әндер мен лирикалық әуендері, эпикалық жырлары мен толғаулары, тарихи күйлері де өте зор әсер етті.

Тәуелсіз елімізде өткен заманның ұрпақ тәрбиесіндегі халықтың озық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта тірілтіп, бүгінгі өскелең өмір талабына құрал етіп пайдалану аса қажет болып отыр. Осы тұрғыдан қарастырғанда, Шоканның этнография саласындағы еңбегі ұшан-теңіз. Жастайынан Еуропаша білім алып өскен Ш. Уәлихановтың қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениет тарихын жетік білуіне бірден-бір себепші болған адам әжесі Айғаным ханша екендігіне дау жоқ.

Қазақ халқының аса кеменгер ойшыл ақыны, ағартушы Абай Құнанбаевты айтпасқа болмас. Балаға отбасылық тәрбие беруде ата-ананың ерекше орын алатынын өз іс-әрекеті және тәлімдік маңызы айрықша өлеңдері мен даналық көзі болып саналатын қарасөздерінде көрсеткен.

Абайдың ағартушылығын дұрыс түсініп, орынды бағалау үшін өзінің өскен ұясындағы тәрбиесіне тоқтала кеткен жөн болар. Соның бастау бұлағы – ата-ана тәрбиесі. Әжесі Құнанбай – ел билеген көсем, қарасөзге дес бермеген шешен, жастайынан атқа қонған найзагер, талапты да, табанды адам болған. Бала Абайды жанынан тастамай, өзімен бірге ерте жүріп, үлкен өнегелі отырыстарды, алқалы мәжілістерді көрсетіп, небір дүлдүл шешендердің, ақын-жыраулардың асыл сөздерін, абзал қасиеттерін, көсемдердің әділ биліктерін оған сабақ етті. Әжесі Зере, анасы Ұлжан Абайды өз халқын, ел-жұртын сүйер мейірімділікке, үлкен жүректі ұлылыққа баулыды. Шежіре әжесі өз туыстарының тарихын айтып, елінің тұрмыс-тіршілігімен таныстырып, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретеді. Анасы – өте ақылды, ұстамды, сөзге сараң, сөйлесе шебер, үйлесімін тауып сөйлейтін, ақындық дарыны бар адам болған. Осындай көңілі ояу, көзі ашық білікті ата-ана дәстүрі баладан-балаға жалғасты. Абай да өз балаларына осы үлгіні берді, оқытты, тәрбиеледі. Ата-ананың өнегелі өсиеті оны ағалыққа, адамдыққа әкелді. Туыскандық парызын сақтай отырып, Құдайбердідей аға өсиетін орындап, Шәкәрім сынды дарынды тұлғаны тәрбиелейді.

Қазақтар жеті атасынан бері қарай мергендік, аңшылық немесе ұсталық, күйшілік өнерді ұстаған. Атамыз қазақ кейінгі ұрпағына елдігімізді сақтар, жерімізді қорғар, атымызды жаңғыртар, желбіреген туымызды биікке көтерер, ісімізді жалғастырып, дамытып алға апарар деп үміт артқан.

Абай өз шығармаларында жастарды тәрбиелеудің сан алуан жолдары мен әдіс-тәсілдерін тізе отырып, олардың дүниеге көзқарасы мен мінезінің қалыптасуында ата-ананың үлгі-өнегесі ықпал ететіндігін, сондықтан әрбір әке-шешенің алдымен өздері тәрбиелі адам болуы керек екендігін баса көрсеткен.

Дарынды жазушы, тамаша ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері, аса талантты ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өзінің саналы өмірін ағартушылық және оқытушылық жолына жұмсаған.

Ыбырайдың осындай сатыға көтерілуінің басты бір себебі ол қазақ халқының тұрмысындағы жақсы дәстүрлерін бойына сіңіру арқылы үлгілі отбасылық тәрбие алуынан болса керек. Шешесі Айман сауатты адам болған, халық аузынан жинақталған ертегілер мен жырларды көп білген. Оның әжесі Жәнібек жоңғар-қалмақ соғысына қатысқан қазақ әскерлерінің бірі. Сондықтан талапты баласы Ыбырайға Айман жоңғар шапқыншылығы туралы әңгімелерді көп шерткен. Ыбырайдың атасы – Балғожа сұлтан болған, сауатты, өлең жазған адам. Жас Ыбырайдың мектепке дейін өлең мен жырға әуестеніп өсуіне оның әсері тиген. Балғожа отбасының төңірегіне көптеген ақындар жиналатын болған. Сөйтіп, Ыбырай бала кезінде-ақ туған халқының рухани мәдениеті мен әдебиетін естіп өскен, жақсы отбасылық тәрбие алған.

Ұлт тұлғаларын тәрбиелеу негізінде бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабымен жаңаша қарастырған жөн. Отбасы жағдайында осындай тәрбиенің берілуіне педагогикалық тұрғыда көмек беру мектеп мұғалімдеріне де зор міндет жүктейді.

Ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен халқымыздың ұлдарын тәрбиелеудегі әже тағылымының мұралары – ойшыл акын-жырауларымыздың шеберлігі мен беделін көрсететін құрал ғана емес, халықты тәрбиелеу мектебінің оқулығы. Сонымен қатар, толғаулар мен өлең-жырлардағы замана күйі, халықтың мұң-мүддесі – этникалық педагогикада ескерерліктей маңызы бар тамаша тарих. Қай заманда да әже тағылымы ескірмес туынды қалдырған халықтың ағартушылары іспеттес. Себебі, әжелеріміздің айтылған өлең-жырларын халық жатқа айтып қана қоймай, өміріне үлгі етеді. Тәрбие құралы ретінде пайдаланылады.

Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейбір ұшқыр ойлары бүгінгі ұрпақ үшін қанатты сөздерге, ұранға, мәтелге айналып кетті.

Белгілі жазушы Т.Иманбеков «Ұлағат ұясы» атты әңгімесінде батыр ағамен болған сұхбат сырдың бір белесін көпшілікке ұсынған. Сол сұхбаттан біз батыр ағаның «қорқынышы» туралы бір үзіндіге тоқтасақ... Олар:

«біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын;

екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын;

Үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын;

... Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тындап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірек көзі көр бола ма қорқамын. Ал көрдің қолына балта берсең ала салады, найза берсең сұға салады, намыстанбай бұға салады... Мен табиғатынан, тағдырынан болған сорқалақты айтып отырғам жоқ, тайып алған сорқалықты айтам, Егер сондай сорқалақтан жазылмасак – халық болудан қаламыз ба деп қорқамын»...

Бауыржан Момышұлының бұл қорқыныштарының тамыры тереңде екені сөзсіз түсінікті, мұның басты себебі, Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұлттық мектеп мәселесін өз деңгейінде шеше алмағанымызға тікелей байланысты.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды? – деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе-көлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан-жақтан іздеуге болады. Ата-анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді.

Осындай сәттерде күнделікті ертемен маңдайынан ата иіскемеген, әже бауырының жылылығын сезбей өскен бөбектің рухани жан дүниесіне нұқсан келе береді.

Отбасы оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы болса, ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді, өйткені, бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді. Жақсы отбасынан жақсы адам тәрбиеленіп шығады, әсіресе ата-әжеден тәрбие алған бала олардың мейіріміне негізделіп, жанұяда ұрпақтар сабақтастығы жалғана бермек.

Олай болса, ұлттық тәлім-тәрбиенің басты ерекшелігі өмірмен тығыз байланыстылығында. Халқымыз оқуға, білім алуға мүмкіншілігі болмаған кездің өзінде де, әжелеріміз өз ұрпағын еңбекке баулып, жоғары адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, қонақжайлылыққа, адалдыққа және парасаттылыққа, өнегелікке тәрбиелеген.

«Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта бермейді. Бесікте жатқан құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» - деп жазады да, Бауыржан өзінің әжесі ертектерді, әлди әнін көп айтатынын тілге тиек етеді. «Арада неше заман өтіп, Қызтумас әжесінің сүйегі әлдеқашан қурап кетсе де, әлди әнін айтқан үні әлі құлағымда» - деп, сағынышты сөздерімен жазып кетті.

Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М. Жұмабаев педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»

Ендеше, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» бастауын от басы ошақ қасынан бастауымыз қажет деп есептеймін. Егеменді еліміздің болашағы отбасында тал бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Әдебиеттер тізімі

1. Неке және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы, -Алматы: Юрист, 2002. -68б.
2. Арғынбаев «Қазақ отбасы» -Алматы Қайнар 1996 -288 б.
3. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес Алматы, «Мектеп» 1966 -142б.

4. Алтынбай Ш.А. «Отбасындағы ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары» Д.2006/2073. Алматы, 2004. -130б.
5. Оразбекова К.А. «Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» Д.2003/150. Алматы, 2004 -298б.
6. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие» (Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие) Оқу құралы / Ред. Р.Ыбыраимова Алматы, «Білім» 1995 -232б.
- 6.3. Табылдиев Ә. «Ұлттық тәрбие иірімдері» /Оқу құралы/ ҚМҰУ. Алматы, Қазақстан университеті 2000 -94б.
7. Дүйсенова Ә. «Жақсы адам тәрбиелегіңіз келсе» Алматы, «Мектеп» 1970 -52б.
8. Қоңырбаева С.С. «Отбасы: бала мен ата-ана» Алматы, 2006 -199б.
9. Нуртазина Н. Женщина в традиционном казахском обществе. Алматы, 1999.
10. Шаханова Н. Семантико-семиотический анализ традиционной культуры казахов. Алматы. 1999.
11. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова «Фолиант» Астана-2007, Этнопедагогика
12. Б.Мұқанова, Р.Ильсоева «Фолиант» Астана-2008, Этнопедагогика

ЭТНОПЕДАГОГИКА НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ

Қдырова Л. Г.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: этнопедагогика, этнопедагогика тарихы, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, үлгі-өнеге, ұлт өкілдері.

Аннотация

В статье описываются история развития этнопедагогики и идеи великих ученых-основоположников этнопедагогики: Қорқыт ата, Ж.Баласағұни, Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов и т.д.

Annotation

This paper describes history of development of ethnopedagogics and ideas of the following great scholars-founders of ethnopedagogics: Korkyt ata, Z.Balasaguni, S.Ualikhanov, A.Qunanbayev, Y.Altynsarin, A.Baitursynov, M.Zhumabayev, Z.Aimaulytov, K.Dosmuhamedov and others.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлеуметтік өмірді салауаттандыру мақсатындағы жұмысры, ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай мұрасын, соның ішінде тәлім-тәрбие мазмұнын, қазіргі жастарды оқыту және тәрбиелеуде пайдалана білу қажеттілігін айқындайды.

Қазақ ғалымдары Т.Әлсатов, Қ.Жарықбаев, А.Ильсоева, С.Қалиев, Э.Орынбасаров, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева педагогика тарихын зерделегенде, төмендегіше сипаттайды.

Шығыс классиктерінің (Әл-Фараби, А.Фердауси, А.Рудаки, М.Саади, А.Науай, Г.Низами, Махтым Құлы т.б.) ой-пікірлері, түркі ойшылдарының (Қорқыт Ата, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, Қ.А.Иассауи, М.Х.Дулати және т.б.) өсиеттері, қазақ ғұламаларының (Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердиев, Н.Құлжанова, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Қозыбаев т.б.) еңбектері, суырып салма ақын-жыраулардың (Асан қайғы, Бұхар, Жанак, Сүйінбай, Балқы Базар, Махамбет және т.б.) алмастай өткір өлеңдері, би-шешендердің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, және т.б.) даналық сөздері, жерін, халқын жауынан қорғаған қас батырлардың (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жалқожа, Бұхарбай және т.б.) ерлік өнегесі тәлім-тәрбие мазмұнын құраған[1].

Ұлттық ойлар тарихында Қорқыт ата (VIII-IX ғ.ғ.) “өлмейтін өмір кілті өнерде” деп, мәдениеттің негізгі саласын мәңгі дамытып, ұлттық мәдениетті арттыра беруді уағыздады. Қорқыт ата туралы аңыз-жырлар, бізге жеткен “Қорқыт-ата кітабы” – Орта Азия, Қазақстан және Әзірбайжан халықтарының аса көрнекті жазба ескерткіші. Қорқыттың музыкалық-этнографиялық мұрасы бұрынғы Кеңес Одағын мекендеген түркі тілдес халықтардың барлығының ортақ рухани игілігі. Қорқыт ата тағылымдарында тәлімдік мәні күшті түрлі афоризмдер, қанатты сөздер, ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Бұлар тек тарихи-этнографиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге осы аймақтағы халықтардың ілгі орта ғасырлардағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейді. Дана ойшылдың ата-ананы сыйлап, құрметтеу, үй-ішілік жарасымды қарым-қатынас, ұл мен қыз тәрбиесі, адамның әр түрлі мінез-құлық сипаттары жайында айтқан тағылымдары да бүгінгі ұрпаққа өнеге боларлықтай: “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрып, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар...”

Қорқыт ата жеткіншек, жас өспірімдердің жанымен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жерін жан-тәнімен сүйіп, оны қасықтай қаны қалғанша жаудан қорғайтын жаужүрек батыр болғанын аңсайды.

Әлемнің екінші ұстазы аталған ғұлама әл-Фараби (870-950 ж.ж.) ұлттық мәдениет жеке адамның мінез-құлқынан басталатынын дәлелдеп, мінез әдеттен бастау алып, “абзал әрекет” инабатты (мәдениетті) мінез-құлықты қалыптастыратынын айтады. Білімді адам тәрбиелі (мәдениетті) болу керек деп, “Тәрбиесіз (мәдениетсіз) білім адамзаттың қас жауына айналады” дейді. “Қайырымды қала” мәдениетін арттыратын негізгі мәселелер-білім, өнер, әдебиет (поэзия), музыка деп көрсетеді [2].

Педагогикалық тұрғыдан оның адамдар арасындағы достық, қастық қарым-қатынастар жайлы айтқан пікірлері ерекше маңызды. Мәселен, адамда достықтың екі түрі болады. Оның бірі – адал дос, екіншісі – айнымалы, алдамшы дос. Адал досқа үнемі зор ілтипатпен қарап, одан айырылып қалмау жағын көздеген дұрыс, достар бір-біріне жақсылық, өзара қамқорлық жасауы тиіс. Осы сияқты ғұлама ғалымның ой-пікірлері осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ деп айтуға болады.

Нағыз ұстаз аталған (хас қажып) аталған Жүсіп Баласағұни (ХІғ.) адам мәдениетінің негізгі екі тегі бар: бірі-тіл, бірі-діл деп көрсетіп, тіл мәдениетін мәні зор екенін, егер ол мәдениетті игере алмасаңыз, “басқа пәлетілден” деп көрсетеді. Отбасындағы мәдениет ата-ананы сыйлаудан басталатынын дәлелдейді. Елді мәдени кемелденту үшін ұлттық білім беру жұмысының мемлекеттік дәрежеде жүргізілуі қажет екенін айтады. “Білімсіз адам-мәдениетсіз, ол хайуанмен тең» деп көрсетеді. “Білім-байлық, азаймас һәм жоғалмас, Білім жарық нұрын саған ашатын”-дейді. Оның ең қомақты еңбегі “Құдатғу білік” атты шығармасы. Дастанда көтерілген тәлімдік маңызы зор мәселе-адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны туралы жәйттар, әртүрлі топтардың бір-бірінен айырмашылықтары (ақын, дін, иелері, уәзір, шаруа, саудагер, ғалым дикан, көпес, қолөнерші т.б.) жайлы сөз қозғалады. Дастанның 52 тарауында от басында ұл мен қызды тәрбиелеу керек, оларды оқытудың жолдары, бала тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі тағы осындай мәселелер сол заман тұрғысынан әңгімеге арқау болады [3].

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының фольклорлық шығармаларының шығу тарихы мен тәлімдік мәнін тұңғыш зерттеп, ғылыми еңбек жазған, қазақ мәдениетін орыс, батыс ғалымдарына танытуда ерекше еңбек еткен Шоқан Уәлиханов (1835-1865) болды. Ол Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін, фольклорлық шығармаларының шығу тарихы мен өзіндік ерекшеліктерін зерттеуге арнап, “Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы запискасы”, “Жоңғария очерктері”, “Қырғыздардың Манас жыры туралы”, “Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдығы” т.б. деген еңбектерін жазды.

Шоқан өзінің “Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы” деген еңбегінде Ресейде тіршілік ететін тілі, діні, әдет-ғұрыпы мен салт-дәстүрі басқа да бірнеше ұлттар мен ұлыстардың тұратынын, оларды билеу жөнінде заң жобасын жасау үшін Джон Миль айтқандай “Әр сөловиедегі адамдардың ақыл-ой, адамгершілік және саяси саналары туралы дәлме-дәл ғылыми зерттеулер жүргізіп алу керектігін қостай келе, ел билейтін әкімдердің, әсіресе басқа ұлт өкілдерінің, сол халықтың тарихын, салт-дәстүрлерін, психологиялық ерекшеліктерін жақсы білмей тұрып билік айту аса қиындық келтіреді”-деді [4].

Шоқанның қазақ салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерін зерттеу еңбектерінің құндылығы: біріншіден, ғылыми ауқымының кеңдігімен көзге түседі. Ол ХІІ-ХІХ ғ.ғ. арасында өмір сүріп, бүкіл Шығыс халықтарының мәдени мұралары туралы еңбек жазып, пікір айтқан: Марко Тюло, Батыр, Рашиди, Махмуд Хайдари, Мейндорф, Л.Левшин, Д.Байзаров т.б. батыс, шығыс ғалымдарының еңбектерін оқып, салыстыра отырып, тарихи шындықтың бетін ашуға тырысқан. Екіншіден, Шоқан қазақ мәдениетін көрші өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, моңғол, қытай, татар мәдениетімен байланыстыра қарастырып, олардың бір-біріне тигізетін игі әсерін жан-жақты сөз еткен. Кез-келген халықтың болмысын, жалғыз өзіне ғана тән салт-дәстүрінің болмайтынын, шаруашылық кәсібі мен мәдени тұрмыс-тіршілігі аралас елдердің бір-біріне тигізер әсерінің болатындығын жан-жақты талдап, қарастырған. Үшіншіден, Шоқан көне тарихи мұраларға сын көзімен қарап бағалаған, салт-дәстүрлердің озық үлгілерін тозығынан ажырата талдаған. Шоқан еңбектерінің тағы бір құндылығы салт-дәстүрлер мен фольклорлық шығармалардың тәлімдік мәніне бола көңіл бөліп, оны халыққа оқу-білім беру ісімен байланыстыра зерттеген [4].

Ы.Алтынсариннің тәлімгерлік мұраларына тоқталатын болсақ, ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қараған. Ол өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады.

Ы.Алтынсариннің қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты – дәстүрдің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету еді. Сонымен қатар қазақ-мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жөнінде орыс достарына ғылыми мағлұмат беруді көздейді. Қазақтың салт-дәстүрін жан-жақты зерттеп, жинақтаумен бірге, әр ауыл мен болыс сайын мектеп ашып, мектеп жанынан монша, кітапхана салып, қайтсем қазақ елін мәдениетті елдердің қатарына жеткіземін деп талпынған зиялы адамдардың бірі болғандығы сөзсіз. Өз еңбектерінде ол құда түсу, қыз айттыру, өлген адамды жерлеу дәстүрлерін жан-жақты баяндаған. Мысалы, ол жырларда айтылатын “Атаңды, ененді, жұбайыңды сыйла, ол сенің шешен мен әкең, күйеуіңді сыйла, ол сенің құдай қосқан жарың, өсек айтпа, орынсыз үй қыдырма, үлкенге ілтифат жаса, кішіге қамқоршы бол, шаруаға икемді бол, еңбекті сүй” деген өсиет-нақылдың тәлімдік мәніне тоқталып, келіннің үлкенге иіліп сәлем беруі, орынсыз ойын-күлкіден, келеңсіз қылық пен бейсауыт жүрістен жас адамның аулақ болуы отбасы бірлігіне ұйтқы, себепкер болатынын айта келіп, Ыбырай қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлерінің үлгі-өнегелік жағын ашып көрсеткен [5].

Халқы үшін аянбай қызмет етіп, көптеген ғылыми еңбектерді дүниеге келтірген Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби мұраларының бүгінгі жастарға берері мол, асыл мұра екені сөзсіз.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың ең алғаш нәр алған бастау бұлағы, бірінші – қазақтың бай қазынасы-ауыз әдебиетінің асыл үлгілері болса, екінші – Физули, Фердоуси, Низами, Науай, Сағди, Қожа Хафиз сияқты Шығыс классиктерінің шығармалары болды, үшінші – орыстың Пушкин, Лермонтов, Толстой, Крылов, Батыстың Гете, Байрон, Шекспир, Шиллер сияқты классик жазушыларының әдеби мұраларынан үлгі-өнеге алды.

Абай Құнанбаев өз еңбектерінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін сөз ете отырып, белгілі мақсат көздеген. Дәстүрдің озығын дәріптеп, дәурені өткен тозығын үнемі сынап отырған. Мысалы, “Асқа, тойға баратұғын” деген он ауыз өлең жолында қазақтың қыз айтыруы, ел шетіне жау шапты дегенде ел намысын қорғауға аттаған ердің қапыда жау қолынан қаза табуы, оң жақта отырған қалыңдықтың зар еңіреп жесір қалуы, адал махаббаттың иесі арудың сүйген жарының қазасына шыдай алмай өлуі жырланады. Ақын осы арқылы жастарды елді, жерді сүюге тәрбиелеуді, шынайы махаббат жолында жанын пидә еткен жастарды өзгеге үлгі-өнеге етуді мақсат тұтады.

Абай қазақтың ескі салт-дәстүрі атаулыны тегіс таңдамай, талғамай ала беруге қарсы. Әсіресе, ол адамның арын ақшамен, мал-мүлікпен өлшейтін, әйелді малға сатып алу сияқты ескі салт-дәстүрге, қалың малға қарсы шығады.

Қазақтың салт-дәстүрлері: күйеу келу, қыз ұзату, қызбен танысу, жар-жар, беташар айту, шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесу және т.б. ойын-сауықтардың сәні өлең-жырсыз келген емес, тіпті адамды о дүниеге аттандырып салуы да естірту, жоқтау айту сияқты өлең-жырмен жалғасады. Олай болса, адам өмірге өлеңмен келіп, өлең-жырмен кетеді. Осы туралы Абай Құнанбаев өзінің өлеңдерінде өте жақсы айтып, көрсетеді. Бұл Абайдың ескілікті дәріптеуі емес, қайта халықтық педагогикаға үлкен мән беріп, оның озық үлгілерін насихаттап, тәлім-тәрбиелік мән-мағынасына философиялық ой түйінімен топшылап қарауы деп есептеуге болады.

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші сөзінде: “Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім”-деді [6].

Абай Құнанбаевтың қалдырған мол мұрасы халық педагогикасына қосқан зор үлесі екендігі сөзсіз.

Қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов өз еңбектері арқылы қазақ этнопедагогикасының қалыптасуына теориялық алғышарттар жасады.

Ахмет Байтұрсынов өз еңбектерінде Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері: ұлттық жазу жүйесі; ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар; ұлттық мектепке керек заттар; мектеп ісін жандандыратын ұлтжанды мұғалімдер мен тәрбиешілер. Ол осы жүйеге қазақтың тілін, аңыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті [7].

Мағжан Жұмабаев қазақ топырағында тұңғыш рет “Педагогика” атты ұлттық оқу құралын жазған; ол өз еңбектерінде дене, эстетикалық адамгершілік, құлық тәрбиелерінің проблемаларын қозғаған; өзінің педагогикалық жүйесінде тіл туралы; оның білімділік және тәрбиелік рөлдерінде ерекше назар аударған; әсіресе жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру және оған мұғалімдерді дайындау мәселелерін басты проблемалар деп санаған. Мысалы, “Педагогика” атты құралында автор: “Әр тәрбиешінің қолданатын жолы-ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп”, - деп жазды [8].

Халық тәрбиесінің мәселелерімен ұзақ жылдар бойы айналысып келе жатқан Мұзафар Әлімбаев Мағжанның “Педагогика” оқулығы туралы: “Оқулық-тұтас ұлттың игілігі, бүкіл халықтың кітабы. Халық кітабы халықтың өзіндей парасатты, өнегелі, қадірлі болуы тиіс”, - деп жазды [9].

Ж.Аймауытовтың ана тілі-ұлттың ұлы байлығы, тарих-халық шежіресі, ауыз әдебиеті-даналық көзі, олар ұлттық тәрбие құралдары, тәрбиенің ұлттық сипатта болуы, оны ұлттық мектептерде жүзеге асыру туралы ой-пікірлері, оның ұлттық мазмұнда жазған оқу құралдары мен мақалаларының елімізде қазіргі кезде ұлттық мектеп жасауда, ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда теңдесі жоқ мұра екендігі сөзсіз [10].

Халел Досмұхамедұлы ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері оның әртүрлі атқарған қызметтерінде, “Сана”, “Шолпан” журналдарында шыққан мақалаларында, әсіресе “Қазақ халық әдебиеті” атты еңбегінде қазақ халқының тұрмыстық салт-дәстүрлері туралы, оның тәрбиелік мәні туралы жан-жақты қарастырған [11]. Онда ол халқымыздың шаруашылық кәсібі, аңшылығы, жалпы қазақ халқының тұрмыс тіршілігі туралы нақтылы деректер келтіре отырып баяндаған.

Қазақ этнопедагогикасы және оның тарихының мазмұнын жасауға ғалым-педагогтарымыз З.Әбілова, Т.Әлсатов, К.Әмірғазин, М.Балтабаев, М.Ғабдуллин, Ш.Джанзакова, Қ.Ералин, Қ.Жарықбаев, А.Ильсоева, С.Қалиев, К.Қожахметова, А.Көбесов, Ш.Құлманова, К.Құнантаева, Ж.Наурызбай, Ө.Озғанбай, Т.Тәжібаев, М.Тәнекеев, Р.Төлеубаева, С.Ұзақбаева, Г.Хаметова, Г.М.Храпченков т.б. өз зерттеулері арқылы ерекше үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. Монография. Атырау, 2007. 271 б.
2. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 447 б.
3. Баласағұни Ж. Құт негізі / Көне негізі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Мұратас, 1993. – 315б.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 341 б.
5. Құнанбаев А. Энциклопедия. – Алматы, 1996. – 326 б.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар мен әдеби зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1991. – 263 б.
7. Жұмабаев М. Таңдамалы: өлеңдер, зерттеулер, аудармалар. – Алматы: Ғылым, 1992. – 270 б.
8. Әлімбаев М. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Ғылым, 1961. –Т.2. – 214 б.
9. Аймауытов Ж. Шығармалары: романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
10. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 393 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ

Актаева Т.А.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университетінің магистрі
Семей қ.*

Кілттік сөздер: этномәдени білім беру, жасөспірім, балалар әдебиеті, мінез-құлық.

Аннотация

Этнокультурный образовательный контент детской литературы символов личностей подростков станет сокровищем человеческих ценностей и духовных вопросов

Annotation

Ethno-cultural educational content of children's literature characters personalities of teenagers will be a treasure of human values and spiritual issues

Қазақ балалар әдебиетінің зерттелу жайын әдебиеттегі балалар бейнелерін жасау арқылы этномәдени тұрғысы жайында әр түрлі деңгейде ойлар айтылуда. Жекелеген шығармалар арқылы қарастырсақ балалар әдебиетінің қаншалықты өскенін, жекелеген жанрлардың дамуы мен тақырыптардың қалай игерілгенін аңғаруға болады.

Осы ретінде Ш.Ахметовтың алпысыншы жылдар соңына дейінгі кезеңдегі балалар әдебиетінің дамуына шолу жасайтын «Балалар әдебиетінің очерктері», «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі», «Қазақ совет балалар әдебиеті» секілді еңбектері оқу орындарында балалар әдебиетінің арнайы пән ретінде оқылуына өзіндік негіз болған. Бұл еңбектерде қазақ балалар әдебиетінің жекелеген жанрларының қалыптасуы, дамуы, көркемдік ерекшеліктері, зерттеу мақсатына байланысты әр түрлі аспектіде қамтылып отырған.

Бүгінгі уақыт талабына байланысты жасөспірімдерге этномәдени білім беруді жалғастыру қажет. Бала кейіпкерлердің көркемдік бейнесін аша отырып, этномәдени көріністерді бейнелеп шебер талдап теориялық ойларды жасаған [1]. Белгілі балалар жазушысы Б.Соқпақбаев оқырман жұртшылыққа «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар?» және басқа да повестерімен белгілі. Әдебиет сыншыларының аузына ең алдымен «Менің атым Қожа» шығармасы түседі. Әрине, бұл повесть өз кезеңінде қазақ баласының мейлінше дараланған образын сомдап жасауымен назар аударған болатын.

Әдебиет зерттеушісі Ш.Ахметовтың «Балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді» деген.

Ғалым Ш.Елеуенов ұлт әдебиеттерінің басым бөлігінде осы заман тақырыбын игеру өткен заманның көркем шежіресін жасау жолымен жүзеге асып отырғанын әлде бір кездейсоқтық деп түсінуге болмайтынын айтқан. Бүгінгі күннің қаһарманын тану үшін сол қаһарманның әдеби «генеологиясына», үрім-бұтағына да көз жүгірту керек екенін орынды көрсеткен [2]. Халықтың кешегі мен бүгінін, бүгін мен ертеңін салыстыра отырып білу үшін де бұл өте қажет екені белгілі.

Демек, әрбір көркем шығарма халық тарихының көркем шежіресі болса, әр жас кейіпкер сол шежіренің тірі ұшқыны, әр құбылыс – ұлттың ділі. Шығарма мазмұнымен мұқият танысып шыққаннан кейін осындағы бас кейіпкердің прототипі жазушының өзі деген қорытынды пікір туындайды.

Ізгілік пен қатыгездіктің, мейірбандылық пен жауыздықтың айқын көрсетілуі әлі өмірлік көзқарасы қалыптасып үлгермеген балалардың адамгершілік-азаматтық белсенділігін арттыруға, өмірлік мұратын

таңдауға зор ықпал етері сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек» және т.б. повестеріндегі бала бейнелерімен бір қарағанда шынайы көрінгенмен, күрделі жасалған. Жанбосын, Жантас секілді сотанақ, көрсеқызар, мақтаншақ балалар бейнелері әр қырынан суреттеледі. Шығарманың басты кейіпкерлеріне үнемі зиянын тигізіп, күлкілі, кейде тіпті ауыр жағдайларға душар етіп отыратын да, міне, осындай жандар. Бұл – педагогика іліміндегі білім мазмұны.

Сонымен бірге жеткіншектерді кейіпкерлердің жаман қылықтары да шошытып, оның бойында белгілі бір жақсы қасиеттердің қалыптасуын орнықтыра түседі. Жаманшылық ұғымы кейде адамды өмірден түңілдіріп те жібереді. Мұндай эмоционалдық теріс құбылыстар әлі көзқарасы қалыптаспаған жас адамға көрген әділетсіздіктері, қиянаттары мен басқа да жаманшылықтары жас балаға қатты әсер етеді.

Әр заманның өз тақырыбы, заман талабына сай өз идеясы болатындығынан 40-50 жылдары аралығында соғыс жылдарындағы әлеуметтік жағдайды оқу таным үрдісінде балалар әдебиетімен ұштастырды.

Соның ішінде жазушы Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі бүгінгі таңға дейін балалар әдебиеті ішіндегі ең таңдаулы шығарма [4]. Мұнда қызықты сюжеттік желілер де, психологиялық-әлеуметтік шиеленіскен тартыс та, тұлға қалыптасуы бейнелер де бар.

Балалар бейнесін жасауда қиялдауды ұмыт қалдырмайды. Қиялдың өзі психологиялық категория десек, бұл жөнінде ғалымдар Ө.Озғанбаев пен Қ.Жарықбаев: «Қиялдың пәрменділігі мен маңыздылығы - оның шындықпен жақсы байланыстылығында. Осындай қиял ғана адамды іс-әрекетке жетелейді, оның рухани жағынан жетіле түсуі үшін ерекше маңызды болады» деген тұжырым жасайды [5].

Тартысқа құрылған ішкі монологтардан Қожа қиялының кеңдігі, ой-толғанысының тереңдігі байқалады. Жазушы Қожаның қиялшылығы арқылы жеткіншектерге тән психологиялық ерекшелікті нанымды суреттеген.

Жалпы мінезі күрделі балалардың бейнелері - көркем прозаның қызықты, шым - шытырық, күрделі тұрғыдан жазылуына негіз болатын бірден - бір факторлар. Осылардың теріс әрекеттерімен күресіп, қайралып, намысын ұштап отыратын басты кейіпкерлер қиянатқа күрес үстінде көрінеді. Олардың ішінде табандылықтары арқасында өз армандарына жететіндері де аз емес. Орыс жазушысы, әдебиеттанушы Л.Н.Толстой: «Адам өмір сүру үшін күресу, іздену керек. Шатасу, қателесу, бастап тастап кету керек. Тыныштық жан жауыздығының белгісі», [6] - деген пікірі шынайы образдар өміршендігіне қойылып отырған талап.

Көптеген шығармаларда теріс пиғылды кейіпкерлер оқиға соңында өз қателіктерін мойындап, жақсылыққа бет бұра бастайды. Бас кейіпкермен татуласу үшін кешірімге келіп, қателерін түзетіп жатады.

Кеңес заманындағы жас кейіпкер қоршаған қоғаммен тығыз байланыста. Мысалы, жиырмасыншы жылдар аяғы мен қыркыншы жылдарға дейінгі аралықтағы шығармаларда жас кейіпкерлер колхозшылардың балалары, тимуршылар командасының мүшелері болып келеді. Ал, Ұлы Отан соғысынан кейінгі балалар прозасында сөз болатыны - соғыс зардабын жою, шаруашылық мәселелеріне тығыз араласу әрекеттері [7].

Қорыта келгенде, білім мазмұны жасөспірімдердің балалар әдебиетіндегі адами құндылықтардың рухани қазынаға айналу мәселесін болып табылады. Біздер жасөспірімдердің ақ пен қараны, асыл мен жасықты ажыратарлық таным ұялатамыз. Білім мазмұны жасөспірімдердің әлемге сараптау іс-әрекеті тұрғысында қарауларына бірден-бір қажетті нысаны дей отырып, этномәдени білім беру үдерісінің ажырамас бөлшегі.

Жасөспірімдерге этномәдени білім берудің педагогикалық негізіне қазақ халық балалар әдебиетінің психологиялық-педагогикалық шарттары дегенде алдымен әдеби шығармалардың идеясы. Ол үшін мектептегі жасөспірімдерге мемлекеттік стандарт шегіндегі ұсынылған көркем әдебиет жанрларына мән беріліп, оқушылардың когнитивтік пайымдау іс-әрекетінің авторлық ұстанымға сәйкес үндесіп келуі көзделеді.

Этномәдени білім беру мазмұны жасөспірімдердің балалар әдебиетіндегі сан-салалы кейіпкерлер болмысындағы адами құндылықтардың рухани қазынаға айналу мәселесін көрсетеді. Білім мазмұны жасөспірімдердің іс-әрекеті тұрғысында бірден-бір қажетті нысаны дей отырып, этномәдени білім беру үдерісінің ажырамас бөлшегі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедогогике. Алматы, 1998.
2. Ұзақбаева Б.А. Тамыры терең тәрбие. Алматы: Білім, 1995
3. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. Алма -Ата, 1967.
4. Жарықбаев К.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993..
5. Толстой Л. Педагогическое наследие. М.: Педагогика, 1988
6. Мұхамбаева А.Х. Этнопедагогика мәселері. Алматы, 2001.
7. Қалиев С. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің негіздері. Алматы, 1996.

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ В КАЗАХСТАНЕ

Н.Б.Байысбаева

*ассистент профессора Каспийского Университета,
магистр педагогических наук
г. Алматы*

Ключевые слова: этнос, этнопсихология, этнография, народ, этнокультура, межэтнические отношения, просвещение, восприятие, мировоззрение.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы этнопсихологиялық ойлардың туындауы мен дамуы жайлы айтылған. Қазақтың ұлы ойшыл-ғалымдары Абу-Насыр аль-Фараби, Ш.Уалиханов және А.Кунанбаевтың этнопсихологиялық көзқарастары қарастырылған.

Annotation

The article is devoted to the formation and development of ethno-psychological thinking in Kazakhstan. This is considered ethnopsychological views of great scientists, philosophers Abu Nasir al-Farabi, and Sh.Ualikhanov A.Kunanbaeva.

Сегодня человечество идет по пути этнического возрождения, начало XXI века характеризуется стремлением народов не только сохранить свою самобытность, возродить культуру, обычаи, традиции, свой язык, свои национально-психологические особенности, но и создать или восстановить свою национальную государственность. Это явление получило название этнического парадокса. В настоящее время этническое возрождение рассматривается как одна из основных черт развития человечества на современном этапе. Этнопсихологи призваны выяснить, где нужно искать причины частого непонимания, возникающего при контактах представителей разных народов; существуют ли какие-либо обусловленные культурой особенности психики, которые заставляют членов одного народа игнорировать представителей другого; имеются ли психологические явления, способствующие росту межэтнической напряженности и межэтнических конфликтов. Среди множества вопросов, требующих ответа, и вопрос о психологических причинах возрастания роли этнической идентичности в наше время.

Психология народов (этническая психология, этнопсихология) - одна из ветвей психологии, считающая своим предметом особенности психического склада различных рас и народов; самый крупный раздел т. н. социальной психологии. Термин «этническая психология» был предложен во 2-й половине XIX в. немецкими философами и лингвистами Г. Штейнталем и М. Лацарусом, пытавшимися обосновать понятие этническая психология и сформулировать её задачи. Они пытались доказать на страницах основанного ими в 1859 г. журнала «Психология народов и языкознание», что язык, религия, право, искусство, наука, быт, нравы и т. п. получают конечное объяснение в психологии народа как носителя коллективного разума, воли, чувств, характера, темперамента и т. п. Этнопсихология - междисциплинарная отрасль знания, изучающая этнокультурные особенности психики людей, психологические характеристики этносов, а также психологические аспекты межэтнических отношений. Сам термин этнопсихология не является общепринятым в мировой науке, многие ученые предпочитают называть себя исследователями в области "психологии народов", "психологической антропологии", "сравнительно-культурной психологии" и т.п. Наличие нескольких терминов для обозначения этнопсихологии связано именно с тем, что она представляет собой междисциплинарную отрасль знания. [1].

Особенности казахской культуры как кочевой не позволяют в связи с отсутствием письменности зафиксировать первые этапы становления этнопсихологической мысли в Казахстане. Однако особенность месторасположения республики, во все времена являвшейся местом пересечения направлений во все стороны света, заставляла казахов как этнос присматриваться к прилежащим национальным общностям, определять особенности их характера и фиксировать их в устном народном творчестве: пословицах, поговорках, сказках. Абу Насыр аль-Фараби также занимался вопросами этнопсихологии различных народов. В истории становления и развития психологической мысли Казахстана огромная роль принадлежит выдающемуся ученому - энциклопедисту, выходцу из казахской степи Абу Насыру аль-Фараби. Он является одним из основоположников философско-психологической мысли, возникшей на Ближнем и Среднем Востоке. Его учение оказало огромное влияние и на развитие духовной культуры народов Центральной Азии и Казахстана. Еще при жизни он получил прозвание «Второй учитель» (второй после Аристотеля). Фараби оставил огромное научное наследие: ему принадлежит около 200 научных трактатов, написанных на арабском и переведенных на различные языки мира. Психологические идеи великого мыслителя содержатся также и в многочисленных его произведениях, напрямую не связанных с психологией. В этой связи большой интерес представляют такие его труды, как «Трактат о взглядах жителей добродетельного города», «Существо вопросов», «О сущности разума», «О происхождении наук», «Основы мудрости» и др.

Многие страницы его психологических трудов посвящены проблеме души и тела. По аль-Фараби, душа и тело находятся в абсолютном единстве. В своем трактате «Существо вопросов» он выступает против Платона,

считавшего душу первичной и предшествующей телу. «Душа, - писал Фараби, - не может существовать раньше тела, как это утверждает Платон». Душа возникает одновременно с телом, не может быть две души в одном теле, и она не может преселяться из одного тела в другое. Состояние тела влияет на состояние души. Для сохранения нормального состояния души и выполнения ею своих функций, необходимо здоровое тело. В одном из трактатов он писал, что народы отличаются друг от друга тремя признаками:

1. естественными привычками и нравами
2. характером
3. языком

Народный характер и причины его возникновения объясняются особенностями географической среды, в которой живет тот или иной народ, а также естественными ресурсами (вода, воздух, растения и пр.), которыми он пользуется. Географическая среда оказывает влияние на общество через психику людей, связывает психологию людей с небесными телами и звездным небом. Рассматривая природные естественные условия как средство, воздействующее на формирование психологии народа, аль-Фараби считает, что они не оказывают решающего влияния на уровень его общественной организации. В этих высказываниях аль-Фараби выступает как знаток и по проблемам этнической психологии [2].

Однако первые непосредственно научные этнопсихологические заметки появляются только в XIX веке. И связаны они с именем Ш.Уалиханова, труды которого не только заложили основу для становления этнопсихологии в Казахстане, но и, более того, обусловили специфику данного научного знания в казахстанской науке. Говоря о развитии этнопсихологической мысли в Казахстане, нельзя обойти вниманием творчество Абая Кунанбаева, который был не только великим поэтом, но и великим мыслителем, ученым. Все его поэтические и особенно прозаические произведения отличаются своеобразным подходом к анализу этнопсихологических проблем.

Современная психология, особенно советская психологическая школа, внесла огромный вклад в развитие психологической теории. Если внимательно анализировать психологические открытия, в частности, теорию деятельности С.Л. Рубинштейна, Л.С. Выготского, А.Н. Леонтьева, видно, что это внимательное психологическое осмысление человеческой деятельности. Абай тоже обращается к различным видам человеческой деятельности своего народа с позиции эмпирико-интуитивной психологии. Например, у Л.С. Выготского есть небольшой психологический штрих: «Слово - венец делу» [3]. Здесь психолог-ученый делает важное открытие о том, что слова не рождаются сами собой, слова не придумываются по чьему-то хотению, а есть результат творческой, научной и практической деятельности человека. У учащихся слова выступают в виде знаний, а знания - результат учебной, практической и умственной деятельности. Кроме этих теорий можно отметить теорию поэтапного формирования умственных действий или теорию интериоризации П.Я. Гальперина, теорию личности А. Маслоу и др. Все эти теории в виде педагогических, психологических и дидактических слов встречаются в произведениях Абая Кунанбаева.

Для сравнения Слов Абая с психологической теорией П.Я. Гальперина возьмем в качестве примера 31 слово из «Слов назидания». В этом произведении прослеживается все этапы формирования памяти согласно психологической теории поэтапного формирования умственных действий. Абай тоже говорит, как нужно формировать память для лучшего запоминания услышанного. Абай жил и творил на сто лет раньше П.Я. Гальперина. Знание Абая Кунанбаевым теории поэтапного формирования памяти, по нашему мнению, объясняется синергетическим подходом Абая к изучаемым процессам, будь это учеба, работа и т.д. Абай точно передает в 31 слове суть теории поэтапного формирования памяти. Формирование памяти он обуславливает важностью для развития памяти, речи, хорошей учебы. У Абая все действия носят мотивированный характер, поэтому он пишет не «этапы», как Гальперин П.Я., а «причины», т.е. мотив, но это не противоречит теории интериоризации. Рассмотрим 31 слово: «Существуют четыре причины, способствующие восприятию и запоминанию услышанного:

- Во-первых, нужно утвердиться духовно и быть непреклонным.
- Во-вторых, слушать советы умных людей со вниманием и открытым сердцем, с готовностью и желанием уяснить смысл сказанного.
- В-третьих, вдумчиво, неоднократно повторять про себя эти слова и закреплять их в памяти.
- В-четвертых, следует избегать вредных свойств ума, если даже придется подвергнуться искушениям этими силами, не поддаваться им.

Вредные свойства ума: беспечность, равнодушие, склонность к беспричинному веселью, тяга к мрачным раздумьям и губительным страстям» [4]. Здесь ясно видно, что Абай К. предлагает четыре этапа формирования восприятия, а затем памяти. Это доказательство того, что Абай Кунанбаев отлично знал психологию мышления, умственных действий, но его изложения не укладываются в тезаурус современной психологии лишь формально, нет специальных терминов, присущих науке, но суть психологии передана верно поэтическим языком. Более того, Абай верно описывает психическое состояние учащегося с помощью слов «духовно», «со вниманием», говорит о внутренней речи, т.е. о внутренней интериоризации. Далее усиливает мотивационную деятельность, указывая на пагубность вредных свойства ума, т.е. отвлечений от сути занятий. Последние указания слова можно считать пятым этапом формирования восприятия по Абаю. Все указания Абая тоже не является самоцелью, а являются мотивом деятельности по формированию восприятия услышанного. Психологию человека Абай описывает на уровне искусства, поэтическим языком, в этом особенность психологии Слова.

Второй аспект обращения к труду Абая заключается в том, что в своих трудах просветитель проповедует единство духа (национального), души и тела. Начиная с Жусупа Баласагуна (X в.), педагогической мысли казахов характерно понимание духовного начала личности. Учение и обучение, основанное на духовности, на светской духовности, основой которого является вера в знания, сформируют развитую личность. Вера в знания, по нашему мнению, является составляющей этой духовности. Обращение к трудам психологов подтверждает это, например, Д.А. Леонтьев, А.В. Петровский под духовностью понимают высший уровень развития и саморегуляции личности, вне теологической трактовки духовность понимается как высокоразвитая форма психического (выделено нами) [5]. Таким образом вера в знания как составляющая духовности существует в трудах казахского просветителя Абая, а в трудах ученых-психологов в такой интерпретации не встречается.

Научное творчество Ш.Уалиханова богато историко-этнографическим материалом, собранным в результате его экспедиционных работ в Центральной Азии. Тематическим направлением этих работ является этнографическое изучение народов Центральной Азии и Казахстана, которые основаны на полевых, сравнительно-культурных и архивных исследованиях. Основной направленностью работ Ш.Уалиханова, на наш взгляд, было стремление решить проблему понимания и интерпретации культуры и психологии кочевых народов Центральной Азии, поскольку традиционная точка зрения на кочевые народы в научном плане была малоэффективной и малодостоверной. Этнографический интерес Ш.Уалиханова выходит за рамки собственно культурологического интереса к границам науки, известной в настоящее время как этнопсихология. Расширение границ этнографии в аспекте ее этнопсихологического применения определило и саму методологическую позицию казахского ученого. По его мнению, наука, проявляющая интерес к быту, нравам должна изучать культуру как феномен, в котором находит прямое отражение самосознание этносов, их восприятие других народов и окружающей действительности. Ш.Уалиханов пытался выявить связи между духовным, внутренним миром человека и миром его культуры. В продуктах духовной и материальной деятельности народов он видел проявление национального самосознания, интеллектуальное развитие, мировоззрение, которые в совокупности представляют психический склад этносов. Ему принадлежит мнение о том, что каждый народ в силу определенных природных условий его существования, собственной истории и ведущего вида деятельности формирует те особенности национального характера, которые отличают его от других народов, и проявляют себя в определенных сферах национальной культуры.

Один из современников, армянский психолог Налчаджян А.А. в работе «Этнопсихология» отметил: «Национальный психический склад... опредмечиваются в истории нации, ее философии, языке, художественной литературе, искусстве, в различных жанрах народного творчества, в ее архитектуре. Следовательно, исследование культуры народа, раскрытие ее психологического содержания - один из основных путей развития этнической психологии» [6]. В преданиях кочевников, по мнению Ш.Уалиханова, отражается поэтический дух народа, передаются чувства, переживания, описано поведение людей, выражено этническое сознание народа. В статье «Заметки по истории южносибирских племен» Ш.Уалиханов отмечал, что «поэзия киргиз как верный очерк жизни, понятий и отношений своего общества, чрезвычайно любопытна и представляет множество занимательных сторон» [7; с.304]. Он писал: «изучая внимательно этнографию народа, мы можем открыть, если не истину, то, по крайней мере, слабое отражение ее, сколько-нибудь раздражающее густой слой тьмы неизвестной. Если поэтические сказания Гомера и предания, собранные по слухам Геродотом, имеют сколько-нибудь достоинство историческое, если всякое искаженное, баснословное предание имеет в основании своем происшествие и истину, то, нет сомнения, что положительные и последовательные сказания киргиз, их образ жизни, обычаи и нравы современные, отражающие быт их предков и при сличении во всем согласные с историческими указаниями, могут иметь значение историческое. Как...произведения чисто народного ума, обуславливающие чувствования, жизнь и прогресс всей массы общества, наконец, как ... произведения, вылившиеся из уст всего народа как от лица одного существа, они не лишены как исторического, филологического, так и психологического интереса» [7; 302]. Творчество Ш.Уалиханова изучено достаточно многогранно, однако было бы справедливым отметить и его вклад в становление этнопсихологической науки. Поскольку в его трудах были подняты проблемы изучения систематических связей внутреннего (психического) мира человека с миром культуры народа.

В настоящее время всплеск поиска этнической самостоятельности в Республике Казахстан переживает этап бурного развития. Реалии современного строительства независимого, суверенного и многонационального государства стимулируют появление теоретических и эмпирических исследований, посвященных изучению динамики развития межэтнических отношений, межэтнического взаимодействия, особенностей формирования этнического самосознания, этнической идентичности, психологической природы этнической напряженности и этнических конфликтов.

Поэтому сегодня знание основ этнопсихологии необходимы каждому современному человеку в его повседневной жизни и деятельности. В жизни современного человека осознание своей принадлежности к определенному народу, поиски его особенностей, в том числе и в психике играют важную роль и оказывают влияние на отношения между людьми от межличностных до межгосударственных. Поэтому сегодня особый интерес представляет изучение этих отношений. Что же касается определения межэтнических отношений, понимания их сущности и особенностей, то сегодня в связи с увеличением числа межэтнических контактов, межэтнического взаимодействия с одной стороны, и нарастанием межэтнической напряженности, появлением

межэтническіх конфликтов с другой - эта проблема находится в центре внимания целого ряда наук.

Список литературы:

1. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. 3-е изд. М., "Аспект Пресс", 2004.
2. Жарикбаев К.Б. Психологическая наука в Казахстане (история и этапы развития в XX в.): Монография. – Алматы, 2002.
3. Выготский Л.С. Вопросы теории и психологии. – М.: Педагогика, 1984.
4. Абай Кунанбаев. Слова назидания. – Алматы: Изд-во Ел, 1992.
5. Леонтьев Д.А., Петровский А.В. Духовность. Общая психология: словарь [Электронный ресурс] //http://slovari.yandex.ru/dict/psychlex2.
6. Налчаджян А.А. Этнопсихология. 2-е изд. – СПб.: Питер, 2004.
7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений, том 1, Алма-Ата, 1984.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА – ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Ермаганбетова Л.К.

*Ақтөбе автожол колледж оқытушысы
Ақтөбе қ.*

Кілттік сөздер: этнопедагогика, тәрбие, ұрпақ, элеуметтік тәжірибе, этникалық тәрбие.

Аннотация

Этнопедагогика – одна из составляющих социально-педагогического опыта народа, прошедший тернистый путь и из поколения в поколение передающий народную мудрость, сформированную в современном обществе в целостную систему.

Annotation

Ethnopedagogics - to collect socio - pedagogical experience of the people who pledge from time immemorial, has passed the test of time, and is formed in the system.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдында тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпағын тәрбиелеу. Жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрі ен дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған – тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері. Осындай мол мұраның «дәнегін мәпелеп екпейінше» жастарды ізгілік пен парасаттылықты тәрбиелеу мүмкін емес. Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл – өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім-тәрбие тағылымының бай мұрасы бар. Ол халықтық педагогика деп аталады. Халықтық педагогика отбасылық тәрбиеден басталып, ел – жұрт, ауыл – аймақ, тіпті бүкіл халықтық қарым қатынастан берік орын алған тәлім – тәрбиенің түрі. Ендеше халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, тәжірибеде жүйеленіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, алтын дінгегі болып келгені даусыз.

Міне, сол себептен де халық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың өзара сабақтастығы және ұстанымдық – идеялық үндестігі туындайды. Бүгінгі ғылыми педагогика халық педагогикасынан бастау алып, оны ғылыми теориялар тұрғысынан жан – жақты зерттеп, өз керегіне пайдалануда. Әр халықтың қалыптасу, даму тарихында сол халықтың зиялы қауымы шешуші рөл атқарса, ал бүкіл бір мемлекеттің дамуында этностардың өзара байланысының мәні зор.

Әр этностың өзіне тән материалдық мәдени байлықтары және олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Археологтар тапқан мәдени қазба ескерткіштер көмегімен этностар мәдениетінің гүлденуін немесе құлдырауын анық аңғаруға болады. Этнологиялық, этнографиялық тұрғыды қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, этностар мәдениеті жөнінде бүгінгі ұрпаққа тәлім – тәрбие беруге болады.

Сондай зерттеу қорытындылары арқылы әр ұлттың мәдениетіндегі, салт – дәстүріндегі ерекшеліктерді айқын байқау қиын емес. Ал ұлт мәдениеті арқылы келер ұрпақты жан – жақты дамыту мен тәрбиелеу ісі этнопедагогика ғылымының негізгі мақсаты.

Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Г.Волков, К.Кожаметовалардың басқаруымен жарық көрген «Қазақстан халқының этнопедагогикасы» авторлар ұжымы еңбегінде «Біз этнопедагогиканы педагогикалық ғылымдардың құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз. Ол этнография, этнофилософия, этникалық мәдениет және этнопсихология ғылымдарының тоғысында қалыптасқан педагогика ғылымының бір саласы. Этнопедагогиканың зерттеу пәні отбасі өмірінде және білім беру мекемелеріндегі үздіксіз іске асатын этникалық сананы, ұлттың психикалық ерекшелігін, мәдениеті, тілі мен дәстүріндегі өзіндік ерекшеліктерді есепке алу деп түсіндіреді. Демек, қазақ этнопедагогикасы ғылым саласында қазақ этносының тарихи даму сатысында оның наным-сенім, мәдениет,

тілі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі әсерінен қалыптасқан, қазақтың этникалық тәрбие ерекшеліктерін зерттеу деп түсінуіміз керек екен.

Осындай байланыс тұрғысында білім беру үрдісі күрделі тарихи және этнопедагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Ол тарихи, әлеуметтік, психологиялық, этномәдениеттік құбылыстар бірлігі, оқушы тұлғасынан қалыптасуы өз этносы және өзіндік ұлттық ерекшеліктері негізінде әлемді қабылдауы болып табылады. Ең бастысы, халық педагогикасы ғылыми педагогиканың ережелерімен заңдылықтарының қалыптасуына бастау бұлақ болған. Демек, қай ғылымның болсын, логикалық құрылымымен бірге тұрақты ғылыми терминдері бар. Олар – шәкірт, ұстаз, оқыту, тәрбие беру, өзін-өзі тәрбиелеу, үлгі-өнеге көрсету, ақыл-өсиет айту, әдеттендіру, жаттықтыру және т.б. ал тәрбие түрлеріне мыналар кіреді: дене, еңбек, экономикалық, ақыл-ой, әсемдік, экологиялық, адамгершілік, ерлікке ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұл және қыз тәрбиесі.

Профессор С.Қалиев қазақ этнопедагогикасының өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттеп анықтауды П.Плеханов ұсынған төмендегідей әдіснамалық қағидаларды басшылыққа алған жөн деп есептейді. Олар мына төмендегілер:

- Идеялардың (ой-пікірлердің) жалпы қоғамның әлеуметтік даму үрдісіне тәуелді екендігін анықтау;
- Ғылымның, әлеуметтік психологияның, әдебиеттің, өнердің даму тарихын қоғамның даму үрдісімен ұштастыра қарастыру;
- Тарихтың әр кезінде ғылымның даму барысы біркелкі болмайтынын және әр елдің саяси, экономикалық, кәсіби, мәдени психологиялық өзіндік ерекшелігінің бар екенін ескеру.

Сонымен бірге ғылым бұл талаптармен қатар тарихи-педагогикалық зерттеулерге қойылатын маңызды әдіснамалық талаптардың бірі: деректердің барлық түрін кешенді пайдалану, солар арқылы бір-бірін тексеру, толықтыру, барлық деректерді салыстыра отырып жинақтау, оларды зерттеуде шектес ғылымдардың (антропология, әдістер жиынтығын кешенді түрде пайдалану, деректерді талдап, педагогикалық тұрғыда түсіндіру қажет екенін атап көрсетеді.

«Этнос» гректің – *ethnos* – тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды қолданыла бастады. Сондай-ақ, біз ғылыми дәйекті анықтама берген тарихшы ғалым Л.Гумилев екеніне көз жеткіздік. Л.Гумилев соңғы уақытқа дейінгі этнос ұғымына берілген әр түрлі анықтама-түсініктердің болғанын айта келіп, оларды төмендегідей алты топқа жіктейді.

Біреулер «этнос – тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы» дейді. Үшіншілері «этнос – бір – біріне ұқсас адамдар тобы» дейді. Ал бесіншілері «этнос – белгілі бір қоғамдық формациядағы адамдардың шартты түрде топтасқан тобы» десе, алтыншылары «этнос – табиғаттың сыйы, этнос – әлеуметтік категория» деп жіктеп береді. Тоқтала отырып, халық тәлімінің тарихи кезеңдері шартты түрде 8 кезеңге бөліп қарастырған дұрыс деген пікір білдірген.

Мәселен, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тәрбие. Мұнда тәрбие жас пен жыныс ерекшеліктеріне қарай қоғамдық сипатқа ие болады.

Екінші кезеңді сақтар мен ғұндар империяларының мәдени-жауынгерлік тәрбие дәстүрлері кезеңі деп атаған. Онда өз ұрпақтарын ерлікке және қол-өнер еңбегіне тәрбиелеуге басымдық танытқан.

Үшінші кезең – Ұлы Түркі қағанаты және оның тәлімдік-танымдық мұрагерлері, бұл кезең 6-9 ғ.ғ. қамтиды деп көрсеткен.

Төртінші кезең – Араб-шығыс мәдениетінің Қазақ даласына тарауы орта ғасыр оқымыстыларының тәлімгерлік ой-пікірлері деп топтап, бұл 10-15 ғ.ғ. қамтиды делінген.

Бесінші кезең – Қазақ хандығы тұсындағы ұлттық тәлім-тәрбие, яғни жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар.

Алтыншы кезең – Ресей отаршылдығына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар және ағартушылық – демократиялық идеялардың өрген жаюы.

Жетінші кезең – Кеңестік дәуірдегі қазақ педагогикасының ғылым ретінде дамып қалыптасуы.

Сегізінші кезең – Егеменді Қазақстан Республикасында ұлттық тәлім-тәрбиенің қайта жандануы.

Қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық мәселелерін сөз етпес бұрын біз алдымен этнопедагогикалық түсініктерге берілген анықтамаларға тоқталып, олардың ара-жігін анықтап алуды жөн көрдік. Өйткені, ұлттық тәлім-тәрбие туралы әңгіме қозғағанда халықтық педагогика деп көп айтамыз. Ал осы халықтық педагогика дегеніміз не? Осыған тоқталып көрелік. Педагогикалық энциклопедияға жүгінсек, онда «халық педагогикасы» деген ұғымды зерттеушілер бір-біріне қарама-қайшы төрт тұрғыдан қарастырып жүр. Олар: 1) халықтың санасына тән рухани құбылыс (феномен); 2) әр халықтың педагогикалық тәжірибесі; 3) халықтың педагогикалық ойлары мен іс-әрекетінің бірлігі; 4) халық тәрбиесі туралы ғылым.

Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау үрдісінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы.

Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» деп жазылған.

Белгілі ғалым Е.Христова өзінің «Об уточнения понятиного аппарата этнопедагогики» деген мақаласында «халық педагогикасын – халықтың таптық, педагогикалық санасы деп, ал дәстүрлі педагогиканы – белгілі ұлттық педагогиканың санасы ретінде қарастырған орынды» деген пікір

айтады. Г.Виноградов пікірінше, халық педагогикасын педагогикалық теория емес, педагогикалық практика, халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесі ретінде қарастырған жөн.

Этнопедагогика ұғымына тұңғыш рет дәйекті, ғылыми анықтама берген ғалым Г.Волков «халық педагогикасы – халықтың ауыз әдебиетінде, ырымдарында, балалар ойындары мен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы»... «Халық педагогикасы – халық қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-құралдардың, тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы» дейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев С.Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы. «Рауан», 1998, 125-128 бет
2. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001. 78 бет
3. Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997. 132 бет
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2000. 25 бет
5. «Қазақ этнопедагогикасы» дәрісінің бағдарламасы //Құр. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, З.Әбілова, А: РИК, 1993, 32 бет
6. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика, А: Ғылым, 1998, 315 бет

ЖӘНГІР ХАННЫҢ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ

Избасарова Ә. Н.

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Жәңгір хан, ағарту саласы, білім, мектеп, қазақ баласы.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы становления и развития казахского ханства. Жангир хан известен не только как народный герой, но и как политик, общественный деятель, который выпустил новые реформы в управлении государством, сделал открытия в культурно-просветительной сфере.

Annotation

This article is about Kazakh khanate and politics of Zhangir Khan. He is a hero of his life and Zhangir Khan made openings in cultural and educational field, also issued new reforms.

Жәңгір білімге, ағартушылық пен мәдениетке бой ұрмай халық мүддесін тиімді түрде қорғау алдағы уақытта мүмкін емес екендігін қазақ хандарының ішінде біріншісі болып түсінді. Ол бастауыш мектептері бар мешіттерді салу үшін қаржы жинауға арналған ру билеушілері мен ірі ру бөлімдерін міндеттейтін арнайы жарлық та шығарды.

Ұлтымыздың оқу-ағарту ісінде арнаулы даталы күндердің бірі және бірегейі 1841 жылдың 6 желтоқсанға тікелей байланысты.

Жәңгір ханның осы жылы осы күні өзінің жеке қаражатымен мектеп ашуы – оның ағарту саласындағы ерен еңбегінің бірі болды. Сонымен бірге Жәңгір хан балаларды оқыту үшін оқытушыларды шақырту ісін қолға алып, олардың еңбекақысын хан қазынасы арқылы төлеттірді де. Тіпті мұсылмандық білім беру мәселесіне де көңіл бөліп, білімді молдаларды Орынбор мен Орта Азиядан алдыртып, ерекше көңіл де бөлді.

М. Құлкенов пен Р.Отарбаевтың «Жәңгір хан» деген шағын еңбегінде Жәңгір Бөкейұлының Ордада тұңғыш мектеп ашуы, жәрмеңке ұйымдастыруы, Орда қаласының негізін қалауы, генерал-майор атағын алуы, т.б. оқырманға жатық әдеби тілде баяндалады. Жәңгір ханның ең басты мақсаты – мешіт салу, ауру-сырқауға шипа қолданатын дәрігер ұстау, жәрмеңке ұйымдастыру, мектеп ашу болатын. Соның бірі Жәңгірдің Орда қазақтарына жасаған ең үлкен ізгілігі деп мектеп ашу ісін ұйымдастыруы айтуға болады.

«Жәңгір мектебі» қазақ топырағында орыс тілінде дәріс беретін тұңғыш оқу орны боп қаланды. 1841 жылы 6 желтоқсанда алғашқы оқушысын қабылдаған. Мұнда діни дәрістермен қатар орыс тілі, арифметика, жағрафия, тарих, физика т.б. пәндер өтілген. Мектептің меңгерушісі әрі мұғалімі боп Константин Петрович Ольдекон тағайындалған. Жәңгір хан мектепке арнайы үй салдырып, оқулықтар алдырып қамқорлығын аямаған. Мектептегі оқу сапасын, тәртіп, тәрбие жайын үнемі бақылап, жөн сілтеп отырған [1,21]. Бұл еңбекте баяндалғандай Жәңгір ханның ағарту саласына зор үлес қосқандығын байқаймыз.

Кең далада мал баққан қазақ баласының ғасырлар бойы қалыптасқан сана-сезімі, ой-өрісі мен түсінігінің өзгеріп, болашақ қоғамдық санасының орнығуына бұл мектептің әсері мол болғандығы ақиқат. Мектепті бітірген түлектердің арасынан танымал тұлғалар шықты. Мәселен, төре тартыстың негізін қалаған әйгілі күйші Дәулеткерей Шығаев, дарынды ақын Шәңгерей Бөкеев, 1894 жылы ісі қазақта тұңғыш генерал-

лейтенант атағын алған, Балқан шайқасының батыры Ғұбайдолла Жәңгіров, ғылымға сіңірген еңбегі үшін күміс медальмен ресми наградталған тұңғыш қазақ Мұхамбет Салық Бабажанов, Дағыстандықтарға кириллицаға негіздеп тұңғыш «Әліппе» жазып берген Мақаш Бекмұхамбетов болды [1, 23]. Олар туған халқының игілігі үшін еңбек еткендігіне тарих куә.

Бұлақ көріп көзін ашқан Жәңгір еңбегі еш кетпеді. Мектеп табалдырығы жұғысты, қабырғасы құтты боп білім алған шәкірттердің басым көпшілігі Орынбор, Омбы, Петербург, Москва, Қазан, Уфа, Саратов қалаларындағы жоғары, орта оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша бірі туған топырағына оралса, екіншісі Ресей мен Сібірде, үшіншісі Кавказ, Балтық бойында қызмет етті.

Орынбор кадет корпусын бітірген Жәңгір мектебінің түлектері біліммен қатар офицерлік шендер алып отырды. Мектеп Қазақстанда жалпы мәдениеттің дамуы қозғалысында айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Бұған Жәңгірдің өзі былай деп жазған пікірі дәлел: «Біздің балалар қоғамға ізгілікті түрде қызмет ету үшін білім ала отырып, барлық ғылымды біле алады деп жар саламын. Осының бәрі мені қатты қуантады, себебі білімге қолы жетуі – менің халқым үшін ең үлкен бақыт».

Ғалым Бөкейханов «Хан Жәңгір – Бөкей Ордасының реформаторы» мақаласында: «Қазақтарды оқуға үгіттеу хан ордасының негізгі бір міндетіне айналды. Әскери кадет училищелері ең таңдаулы оқу орны болып есептелді. Хан Жәңгір Патша әкімшілігіне және Орынбор әскери губернаторына өтініш білдіріп жүріп, Бөкей хандығының балалары үшін, 1844 жылы Неплюв кадет корпусының 2-ші эскадронынан ресми түрде 10 орын бөлініп алады. Ол императордың қайырымдылығын пайдаланып, қазақ балаларын орман, жол-қатынас, азаматтық инженер институттарында, сонымен қатар Петербурлық кадет корпусында оқытуын сұрайды. 1839 жылдың тамыз айында Мемлекеттік мүлік министрі Жәңгір ханға императордың оның өтінішін мақұлдағанын хабарлайды. Бірақ, бұл оқу орындарында оқитын жастар алдын-ала губерниялық гимназияларды бітірген болу керек деген шарт қояды. Бұл мамандықтардың ішінде дәрігер оқуы да бар болатын. Сөйтіп, ең алғаш рет Қазақстанда инженер-техникалық және медициналық білім алудың негізі қаланады», - делінген [2, 5].

Ханның білім саласындағы бағдарламасы мен мектепті ашу мақсаты оның Ш. Нұралиевке жазған хатында анық көрінеді. 1841 жылы Жәңгір былай деп жазған болатын: «Сіздерді тиісті іждағаттарын және жақындары мен достарын, сонымен бірге барлық керек адамдардың ақылдарын тиісінше қолданасыздар деген сенімдемін. Егер ғылым қазіргі уақыттың өзінде қоғамға осыншама үлкен пайданы әкелсе, болашақта біздің немерелеріміз ғылым мен білімсіз жақсы өмір сүре алмайды. Бұдан былай сауатсыз және орыс тілін білмейтін адамдарды жауапты жұмыстарға белгілемейді. Қазақтар арасында емшілердің болуы бізге өте пайдалы және тиімді. Әрбір ынта, ақшалай қаражаттың әрбір шығыны жасөспірімдерді оқытуға кететін болса, онда ол болашақта жүз есе артық табыс әкеледі. Қаражатты ғылымның дамуына, игі идеяларға және халыққа адал қызмет етуге жұмсағанымыз дұрыс болар еді».

Жәңгір хан Қазан университетінің бірінші ректорлары К.Фукс және Н.И.Лобачевскиймен тығыз қарым-қатынаста болған. Олармен хат жазысып, жоғарғы оқу орнының жебеушісі болды. Қазақ жастары сол мекемеде білім алуы үшін ол өте көп істерді жүзеге асырды. Ол қазақ халқының ауыз әдеби шығармашылығын зерттеді және қазақтың шежіре кітаптарын жинады, өзі бірнеше эпикалық шығармалар жазды.

Бөкей Ордасындағы білім беру жүйесі Қазан оқу округіне қарағандықтан Қазан университетінің Ғылыми кеңесінде Жәңгір Бөкейұлына профессор атағы берілген. Жәңгір хан қазақ тарихындағы профессор атанған тұңғыш қазақ болды, бұл оның өз заманы үшін бірегей адам болғандығының, әрі ханның ағарту ісіне қосқан үлесін Ресейдің алдыңғы қатарлы ғылыми қоғамының мойындауының белгісі [3, 10].

Жәңгір ханның ұрпақ тәрбиесін көзден де, көңілден де таса қылмай, оған қаншалықты көңіл аударып отырғандығына айғақ боларлық деректер қазақтың этнограф ғалымы Мұхамбетсалық Бабажанов еңбектерінде жиі ұшырасады. «Соңғы кездері, - деп жазды ол 1861 жылы «Северная пчела» журналында жарияланған «Қазақтың қазақтар туралы жазбалары» атты эссесінде, - Жәңгір Бөкейұлы хан болып бекітілгеннен бастап біздің оқып, білім алуымыз едәуір тезірек әрі ауқымды көлемде ілгері басты. Осы ханның ықпалымен және жәрдемімен, сондай-ақ басқа да жағдайларға байланысты ордадағылар сауаттылықтың қажеттілігін түсіне бастады. Шәкірттер мен мұғалімдерді қолдап, демеп отыру үшін хан ақшасын да, өзінің күш-жігерін де аямай, білімінің пайдасы туралы ордалықтардың құлағына құюмен болып еді ... ».

Қорытындылай келе, Еуропалық білім алған, бірнеше тілді (орыс, татар, неміс, араб, парсы) еркін меңгерген, дарынды, алысты болжай білген көреген, қазақ қоғамын өркениетті негізде дамытуға талпыныс жасаған реформатор, оқу-ағарту саласында жаңалық енгізген Жәңгір хан есімі қазақ тарихында мәңгі қалары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Құлқенов, Р. Отарбаев «Жәңгір хан» Даңқ пен Дақпырт. «Өлке» Ғылым баспасы, Алматы -1992, 47 б.
2. Ғ. Бөкейханов. Хан Жәңгір – Бөкей ордасының реформаторы. Түркістан. №1 05.01.2002.
3. Т. Боранғалиұлы Жәңгір хан және Қазан университеті. Егемен Қазақстан №333.01.10.08.

К ВОПРОСУ О ПРИМЕНЕНИИ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ И ОБЫЧАЕВ В КУРСЕ «СЕМЕЙНОЕ ВОСПИТАНИЕ»

Л.Г.Нарицына

Г.А.Жумагулова

Западно-Казахстанский

инновационно-технологический университет

г.Уральск

Ключевые слова: национальные традиции, семейное воспитание, семья, брак, дом, межэтнические отношения

Аңдатпа

Мақалада отбасы тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлердің маңызы қарастырылады. Мақала авторлары қазақ және орыс халықтарының негізгі салт-дәстүрлерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттайды. Сондай-ақ, авторлар отбасы тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртудың маңыздылығын көрсетеді.

Annotation

The value of national traditions of domestic education is examined in the article. Authors describe basic domestic traditions Kazakh and Russian people and their likeness-distinction. Also authors show the necessity of revival of folk traditions for domestic education.

На просторах Казахстана

Много разных народов живет.

Все народы, как братья равны,

Всем народам — любовь и почет

В условиях самостоятельного и суверенного развития Республики Казахстан, роста национального самосознания, возрождения культурных и духовных традиций, особая роль принадлежит **Ассамблее Народов Казахстана**. Первого марта 1995 года на общественно-политической арене республики появился новый институт в области национальной политики. Стратегии развития Ассамблеи позволили совершить прорыв в сознании людей и добиться возрождения культуры и традиций народов, проживающих в стране. Стали традиционными ежегодные проведения массовых народных праздников Наурыз, Масленица, Рождество, Сабантуй и др. Интеграция усилий этнокультурных объединений в повышении роли семейного воспитания в обеспечении гармоничных межэтнических отношений в Казахстане является одной из ведущих целей Ассамблеи. Используя идеи Ассамблеи Народов Казахстана в преподавании курса «Семейное воспитание» используются национальные традиции семейного воспитания.

Традиции в переводе с латинского означает «передача». Признаками традиций являются массовость, прочность, жизненность, долговечность, многообразие. Составной частью традиций являются обычаи. Когда традиции соблюдаются постоянно и регулярно – они превращаются в привычную форму действия, устойчивый стереотип поведения. Вот это и должно быть конечной целью в воспитании студентов на традициях многоязычного Казахстана. На семинарских занятиях мы используем различные формы закрепления теоретического материала: доклады, рефераты, ролевые игры, дискуссии на самые различные темы – «В семье единой Казахстана», «Национальные традиции воспитания в казахской семье», празднование праздников «Наурыз», «Масленица», «Татарские пословицы и поговорки о воспитании трудолюбия», круглый стол «Общие традиции воспитания патриотизма русского и казахского народов», дебаты на тему «Обычаи сватовства у казахского и русского народов» и др. Мы считаем, что курс «Семейное воспитание» воспитывает у студентов такие качества как уважение к старшим, толерантность, любовь к людям и родной земле, уважение к родственникам, к семье взаимопомощь и доброжелательное отношение к другим народам, трудолюбие, которые веками народ считал определяющими в характере человека. У всех народов педагогическая культура складывается из одних и тех же элементов: сказки, мифы, поучительные рассказы, песни, стихи, скороговорки.

Наше время – это время новых отношений. Сейчас нашему обществу особенно нужны люди, способные принимать нестандартные решения, умеющие рационально и трезво мыслить. Огромную роль в этом играет семья. В исследованиях отечественных педагогов выявлена возможность включения детей в жизнь семьи путём приобщения к трудовой деятельности, участия в подготовке семейных праздников, совместном досуге с использованием народных традиций в семейном воспитании русских и татарских народов.

Многие обычаи и традиции различных народов отличаются только лишь по форме, а по содержанию одинаковы. В связи с этим, изучение педагогических обычаев и традиций какого-то отдельного народа, имеет важное значение не только для него, но и для других народов.

Именно в семье складывались и сохранялись народные воспитательные традиции и поддерживались коллективным, общественным мнением. Семья имеет свой уклад, авторитет, свои традиции, обычаи, праздники и обряды, с помощью которых народ воспроизводит себя, духовную культуру, характер и психологию в ряду сменяющих друг друга поколений. В семейном воспитании четко выделяется традиция формировать у детей

знание своей родословной. Вся народная этика сводится, главным образом, к семейной нравственности, основанной на чувстве родства. В этом залог преемственности связи поколений, сохранения фамильной чести, уважения к предкам.

Семья, по признанию ученых, - одна из величайших ценностей, созданных человечеством за всю историю своего существования. Ни одна нация, ни одна культурная общность не обошлась без семьи. В ее позитивном развитии, сохранении, упрочении заинтересовано общество, государство. Следует отметить исключительную роль родственных отношений в казахской семье. Родственная связь для казаха особенная составляющая в его семейной жизни.

«**Отбасы**» — семья, для казаха понятие святое. Рождаясь и воспитываясь в семье, ребенок впитывает все, что присуще этому дому. Повзрослев, человек создает семью и передает полученное им воспитание своим детям. Именно поэтому воспитанию детей в казахских семьях уделялось большое значение. Особые взаимоотношения внутри членов семьи были выработаны вековыми традициями народа. Понятие семья тесно связано с понятием «Брак».

Брак - Слово “брак” происходит от русского слова “брат».

Брак - явление историческое, он прошел определенные стадии своего развития - от полигамии к единобрачию, это исторически сложившиеся разнообразные механизмы социального регулирования (табу, обычай, религия, право, мораль) сексуальных отношений между мужчиной и женщиной, направленного на поддержание непрерывности жизни. Цель брака заключается в создании семьи и рождении детей, поэтому брак устанавливает супружеские и родительские права и обязанности.

Следует отметить семейно- брачные отношения у казахского народа. По древним обычаям установленным, как говорит предание, при хане Тауке, брачный возраст для мужчин определялся в 15-лет а для женщины в 16-лет. Установление более позднего возраста для женщин вызывалось особенностью степной семейной жизни, в которой, как известно, все заботы по хозяйству падают на женщину, от последней требуется большая степень умственной и физической зрелости. Брак запрещался между родственниками до седьмого колена включительно. Значение сватовства в создании семьи ярко отражено в русских народных частушках.

Сговорились, сосватались,
По рукам сватья ударились,
Через столики дубовые,
Через скатерти бранные,
Через яства сахарные,
Они богу помолилися
Добрим людям поклонилися.

Брачный союз у казахов считался священным и должен был быть нерушимым. Народные казахские обычаи не были так строги к женщинам, как традиции других восточных этносов. Например, не было обязательным ношение «паранджи», закрывавшей лицо. Девушки могли свободно принимать участие в праздниках, скачках, айтысах и т. д. Это способствовало более широкому общению с окружающими, в частности, с представителями противоположного пола, возникновению симпатии, дружбы, влюбленности и даже любви. Совместное участие в айтысах, праздниках, молодежных играх сближало молодых людей. Такова традиция, идущая из глубины веков: раз есть семья, значит, должны быть дети; раз есть дети, значит, при них должны быть родители. Представление каждого народа о воспитании совершенной личности развивалось под влиянием исторических событий. Именно семейное воспитание закладывает основы высокой нравственности. Нелегкая жизнь степняков ставила жесткие требования. Люди должны были быть не только физически крепкими, выносливыми, но и иметь соответствующую психическую закалку, помогающую переносить трудности. Отсюда казахская народная поговорка: *«Джигиту и семидесяти ремесел мало»*. Казахскую семью, быт народа невозможно представить без юрты, на практических занятиях знакомим студентов с национальным жилищем.

Юрта – одна из связующих нитей между прошлым казахского народа и его настоящим.

Рассмотрим понятие «родительский дом» с точки зрения педагогики и психологии. Что скрывается за словами «мой дом» для маленького ребенка? Прежде всего это та среда обитания, где он защищен от неизвестности, опасности окружающего мира. Дома его успокоят, приласкают, иногда пожурят, одним словом, поймут. В доме формируется понятие семьи, своего генеалогического древа, что всегда было характерно для кочевников в их стремлении продолжать род, развивать обычаи и традиции своей общины. В сознании казахского народа слово шанырак (купол) включает понятие «дом», «семья». Так например, в казахских семьях про новобрачных говорят- «Шанырак котерди» создали новую семью, именно в доме хранились реликвии, которые передавались из поколения в поколение, от отца к сыну и т.д. Таким образом, ребенку с детства внушалось почитание и уважение к своим предкам и своему роду, к родительскому дому. Не случайно казахские пословицы гласят: *«Незнание своей родословной до седьмого колена – признак сиротства»*, *«Пока живы знавшие отца – жива и память о нем»*. Родительский дом - это и некое материальное понятие. В доме у каждого есть свое место, заповедная зона, к которому другие члены семьи относятся с уважением *«Пусть будет благоденствие и счастье у твоего очага»*.

Материнский язык – основа развивающей личности. Мать, лишившая своего ребенка родного языка, духовно прорывает с ним. Казахский народ отводит матери особое место: она священна. Каждый

сын и каждая дочь перед ней в неоплатном долгу. Перед матерью обязаны преклонить голову и батыры, и ученые, и акыны. Если позвали одновременно отец и мать, сначала надо подойти матери, «Оправдала мое молоко»- самая высокая материнская оценка детям. В пословицах метко выражены представления народа о семье и семейных отношениях, правилах взаимоотношений, которые не потеряли своей нравственной ценности и поныне. Напомним некоторые из них: например русские народные пословицы - «Муж – голова, жена - душа», «Кто не вдовел, тот беды не терпел», «Дитячко что тесто: как замесил, так и выросло», в казахском народе говорят - «Балалыгын устаса-нагашына бар, жигтигин устаса - кайнына бар» - «Если хочешь вспомнить детство иди к родственникам матери, если хочешь вспомнить молодость иди к родственникам жены».

Бурный прогресс современной цивилизации составляет как бы на обочине многие знания, умения опыт приобретенный всем ходом исторического развития человечества. Степень культурности людей и народов можно измерить тем, насколько они активно противостоят процессу исчезновения ценных народных традиций, насколько направленно они ищут способы сохранения и возрождения утраченных сокровищ. Направляющим ориентиром в деле возрождения народных традиций могут служить известные слова К.Д. Ушинского о том, что «воспитание, созданное самим народом, основанное на народных началах, имеет ту воспитательную силу, которой нет в самых лучших системах, основанных на абстрактных идеях или заимствованных у других народов». Народ, считал В.Г. Белинский крепко дорожит обычаями, как своим священным достоянием.

Список литературы:

1. 10-летие Ассамблеи народов Казахстана- Секретариат Ассамблеи народов Казахстана- Астана, 2005
2. Арын Е.М, Исмагулов О,И,Ажигалин С,Е, Шиликенов У,Х, Толеубаев А. Материалы по обычному праву казахов- Алматы, 2006
3. Кенжеахметулы. С. Быт и культура казахского народа –Алматы, 2006
4. Петровский А.В Дети и тактика сем ейного воспитания- М, 2000

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АДАМЗАТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ

Тулегенова А.М.

Султанова М.О.

*Ақтөбе гуманитарлық колледжі оқытушылары
Ақтөбе қ.*

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, рухани құндылық, патриоттық тәрбие, рухани қазына.

Аннотация

Авторами почеркивается, что самым сокровенным кладом становления и развития нации является народное достояние, складывающееся веками, в котором отражается культура и традиции народа.

Annotation

Whether it is the culture of the people, whether it is a tradition or belief - it is the most sacred treasure for each nation. Especially faith in every nation occupies a considerable place.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір - салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы.

Ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына.

Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды.

Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе,

мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Студенттерге жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған студент жастар ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие принциптеріне сүйенді. Колледждің оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспады.

Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтастығы сақталмады. Осыған орай кейбір мәселелердің басын ашып алмай тұрып патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анық. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым-қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда заман ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындады. Ғымдар, түсініктер, ереже, қағидалар арқылы студенттер санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді. Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар – «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм».

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Тереңірек пайымдасақ, мұның өзі ұлттарды ұлылауға бағытталып, ілгеріде жүргізілген кереғар ұлт саясатының кесірінен ұмтылып қалған дәстүрлердің жаңғаруы ұлттық патриотизмін күшейте түсіру. Колледждің студенттерге қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру ісінің маңызы зор екенін біз өз зерттеулерімізден көріп жүрміз. Өйткені егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінуге тиіс.

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Студенттерге ұлттық патриоттық тәрбие беру жоғарғы оқу орындарында кең көлемде жүргізілуі тиіс.

Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілік пен дамып, қалыптасады.

Қазақ этнопедагогикасы - өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан студенттер ұлттық патриотизммен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие берудің тарихын жүйелі талдап, зерттеп, жоғарғы оқу орындарында патриот студенттер тәрбиелеуде енгізілуі керек.

Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры студенттердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір студенттің дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Студенттердің бойында патриотизмнің белсенді немесе баяу дамуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне, мотивтеріне байланысты. Колледж студенттеріне патриоттық тәрбие беруде «патриот студент» тұлғасын қалыптастыруда, Д.С. Құсайынова, Ж.Н. Қалиев, С.Т. Иманбаеваның еңбектеріндегі идеяларды негіз еттік.

Студенттердің патриоттық деңгейін бағалап, сараптау туралы мәселені шешу және оны қалыптастырудың эксперимент жүйесін жасауда қарастырдық. Студенттердің патриотизмін қалыптастыру тетіктері күрделі, қайшылығы мол және ол патриотизмнің барлық құрамды бөліктерін қамтиды: мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыру деңгейлерін көрсетуге негіз болды. Тұтас педагогикалық процесс барысында студенттерге патриоттық тәрбиенің негізі туралы мағлұматтардың болуы-ол патриоттық тәрбиенің қалыптасу деңгейі болып есептелінеді.

Патриоттық тәрбиенің деңгейлері негізгі өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы сандау, саналық сипаттамалардың жағдайын және олардың өзара бір-бірімен қатынасынын көрсетумен айқындалады.

Осының бәрін ескере отырып, жоғарыда ұсынған студенттерге берілетін патриоттық тәрбиеге байланысты айқындалған өлшемдер мен көрсеткіштердің ара қатынасын жоғары, орта, төмен деңгейлермен белгіледік.

Осы мәселеге байланысты жеке-жеке талдап, қарастырдық.

1. Төменгі деңгейі: Отанының алға басуына, Қазақстандық патриотизмнің маңызын түсінуге және Қазақстан халқының тарихи тағдырын, саяси рәміздеріне құрметпен қарауға білім деңгейі жеткіліксіз, қазақ халқының ұлттық ойындарына деген қызығушылығы жоқ, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіртуге құлшыныс танытпайды, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалғастырушы екеніне сенім білдірмейді.

2. Орта деңгейі: жоғары дәрежеде азаматтық жауапкершілік, қарапайымдылық, мейірімділік көрсеткенімен, бұл деңгейдегі студенттер қазақстандағы халықтардың салт-дәстүріне мән бермейді, қазақстандағы халықтардың тағдырына өзінің мүмкіндіктерінің таяздығынан, белсенділік көрсете алмайды, қазақ халқының ұлттық ойындарына деген қызығушылығы тұрақсыз, қазақ этнопедагогикасында студенттерге патриоттық тәрбие берудің мән мағынасының бар екенін ескермейді.

3. Жоғары деңгейі: Отан тағдырына алаңдаушылық білдіріп Отанының алға басуына жұмыс жасап қазақстандық патриотизмнің маңызын түсініп білімін арттырады, қазақ халқының ұлттық ойындарына деген тұрақты қызығушылығы бар, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына қызығушылығын білдіріп, оның болашақ ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеуде мән мағынасының бар екенін түсініп өмірде қолдана алады.

Осылардың барлығы студенттердің патриоттық тәрбиедегі даму деңгейлерімен, әр түрлі өмірдегі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез - құлық көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы (оқу құралы) Алматы, «Санат», 2001.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. М., 1998.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы. «Санат», 1995 ж.
4. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. Алматы, Атамұра, 1994 ж.
5. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, Рауан, 1994.
6. Кенжеахметұлы. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. Алматы, 2009.

ЕКІНШІ СЕКЦИЯ

ВТОРАЯ СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕРІ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СОЗДАНИЯ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

ЖАҒАНДЫҚ ҮДЕРІС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Джанзакова Ш.И.

*педагогика ғылымдарының докторы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің профессоры*

Қақпанбаева Н.М.

*Атырау инженерлік-гуманитарлық
институтының магистрі*

Құспанова А.С.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистрі*

Кілттік сөздер: жаһандану, ұлттық тәрбие, жалпы адамзаттық құндылықтар, этнопедагогика.

Аннотация

В этой статье описывается определенное влияние глобализации на систему образования, а также роль этнопедагогика и национального воспитания в условиях процесса глобализации.

Annotation

This paper explores certain influence of globalization on the educational system as well as the importance of ethnopedagogics and national upbringing under the globalization process.

Жаһандану үрдісі адам өмірінің барлық саласына экономика, саясат, ғылым, білім, мәдениет, тіл, рухани даму, халықаралық қатынастарға әсерін тигізіп отыр. Бұл салалардың барлығы ақпаратты меңгеру мен ауыстырудың жылдам қарқынына ықпалдаса отырып, жаңа сапалық қасиетке ие болуда.

Ғалымдар жаһанданудың мәнін түрліше сипаттағанымен, әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы ретінде таниды. Себебі жаһандық тұтастық пен бүкіләлемдік өзара байланысқа негізделген даму үрдісі жаһандануға алып келеді. Бұл үрдіс ұлттық экономика мен жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді.

Жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне өзіндік әсерін тигізеді.

Жалпы дәстүрлі, толық ұлттық нышаны бар мемлекеттердің жаһандануды қабылдауы бүгінгі жағдайда қажетті ахуалдардың бірі. Бірақ, бұл құбылыс ұлттық мәдениеті дағдарысқа ұшыраған халықтар мен мемлекеттер үшін қауіпті. Қазақ қоғамы өткен ғасырда кіші жаһандануды басынан өткізіп, оның танымы мен санасы, салты мен дәстүрі айтарлықтай зардап шекті. Біздің ойымызша, одан шығар жолдардың бірі елдің

алдыңғы қатарлы ғылымы, әсіресе, білім мен тәрбиесі. Жер шарындағы мәдени-тарихи үрдіс алуан түрлі этномәдени құрылымдардың уақыт өрісіндегі тарихы мен қалыптасуынан басталады. Мұндай құрылымдардың арасындағы қатынас әрқайсысының өзгелерге деген қарама-қарсылығы қағидалары жүзеге асады. Мұның барысында этномәдени тұтастықтың өзі өзіндік санасында барынша жағымды атрибуттарға ие болса, ал қалғандары біріңғай жағымсыз атрибуттарды иеленеді.

Ұлттық егемендікті сақтай отырып, болашаққа қарай ұмтылу – әзірге барлық адамзаттың өркендеуіндегі шынайы болашақтың детерминациясы болып табылады. Жаһандану үрдісінде ұлттық – мәдени құрылымдар толықтай біріге алмайды, әр ұлттың озық мәдени үлгісін таныту үрдісі қалыптаса алады, дүниетанымның дамуын туындататын және қалыптастыратын әлем сипаттарын, ұлттық әлем бейнелері жан – жақты қалыптаса алады. Мұнда әр түрлі мәдениет негізінде пайда болған ортақ мәселелер жаңа қатынастарға ұмтылу арқылы шешім табады.

Әлем елдері өздерінің ұлттық мемлекеттілік келбетін, тарихи шекараларын сақтап қалуға ұмтылады. Мұндай жағдайда жаһандану жер бетіндегі мәдениеттер мен этностардың төлтумалығын сақтап қалуға толық мүмкіншілік туғызады. Дамудың мәдениетаралық, әмбебап – жалпы және жалпыадамзаттық байланыстарына шектеу қойылмайды.

Қазіргі жаһандық даму бүкіл әлемде адамның қалыптасуы ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүруінің барлық салаларына бірте – бірте енуінде. Ұлттық – мәдени сәйкестікті жақтаушылар өздерінің тіл, ғұрып, діни сенімдері, тарихы сияқты сәйкестіктерін барынша сақтауға және дамытуға ұмтылысы – жаһандану үрдісінің мазмұндық көрінісін білдіреді.

«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін - білім», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында нақтылап берді.

Жаһандық білім беру кеңістігіне сай өзінше ғылыми тұжырым жасауға, қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызудың мәні өте зор, себебі тек жоғары білімді маман қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени өркендеуінің көш басшысы бола алады. Кәсіби тұрғыдағы білікті мамандардың көбеюі, олардың техника мен технологияны игеруі қазіргі экономикалық бәсекелестік заманында өте маңызды екені белгілі. Түп мәнінде интеллектуалды ұлтты, зияткерлік қауымдастықты қалыптастыру еліміздің рухани әлеміндегі басты қадамдар қатарына жатады.

Қазіргі қоғамға қажетті ұлттық тәрбие жүйесін жасауда қазақ этнопедагогикасына сүйенуіміз қажет, бұл еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуының руханияттық кепілдігін жасаудың алғышарты болып табылады. Ал, ұлттық тәрбие мазмұнының стратегиясы мен тактикасының, ұлттық қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкестігінің, мақсаты мен мұратының, басымдық тәрбие бағыттары мен тәрбие қағидаларының мемлекеттік дәрежеде орындалуға тиісті тәрбие міндеттерінің пайдалану парадигмаларының құзыреттілігімен анықталады.

Қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін тәнті еткен тарихи жазбалардан белгілі. Ұлы жиһангез саяхатшылар мен зерттеушілер қазақтың ежелгі тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы ер адамдар мен әйелдердің моральдық-этикалық ерекшеліктері туралы, олардың тұрмыстағы, кәсіптегі, отбасындағы, ауылдағы, әулеттегі, рудағы әлеуметтік орны туралы, ұл мен қыз тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер туралы, ұлттық таным, наным, сенім, ұғым, әдеті мен ғұрпы, ұстамды да қайырымды мінезі мен құлқы туралы, жүзден астам рулардың бірігіп, қалыптасқандығына, салты мен дәстүрінің біртұтастығы туралы, осынау кең, ұлы далада көшпенді өмір сүргеніне қарамастан бір тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің, жалпы дала мәдениетінің таңқаларлық үлгілері туралы таңдай қаға айтып, баяндайды.

Мұның барлығы қазақ халқының қазіргі моральдық-психологиялық, мәдени-әлеуметтік ахуалының түп тамыры екендігін зиялы ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп олардың тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін бағалайды. Бұған демократ ағартушылардың (Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) педагогикалық- психологиялық тұжырымдары, қазақ мектебін құру жөніндегі пікірлері, қазіргі қазақ этнопедагогикасының ғылыми теориялық негіздерін жасаушы ғалымдардың Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Ж.Наурызбай, Ш.Джанзакова т.б. тұжырымдары негіз бола алады.

Этнопедагогика ғылымының негізін салушы Ресей ғалымы Г.Н.Волков – этнопедагогиканың пәні мен мәнін, мазмұнын өзара тығыз байланысты қарастырады. Этнопедагогиканың пәні – халықтық педагогика, халықтық тәрбие, ал мәні – үш қасиеттен: ұлттың сақталу педагогикасы, тәрбиенің даналығы және жалпыға бірдей сүйіспеншілік педагогикасы – деп санайды және этнопедагогика – халықтың тарихи өмірін қорғаушы; әр халықтың қорғаныс қуаты оның жүйелі тәлім-тәрбиесінде; әр халықтың өзіне тән шығатын мәдени шыңы бар; мәдениеті жоқ халық жоқ; халықтың тарихи жадысыз дәстүр жоқ, дәстүрсіз мәдениет болмайды, мәдениетсіз тәрбие жоқ, тәрбиесіз руханият жоқ, руханиятсыз жеке тұлға жасалмайды, жеке тұлғасыз халық қалыптаспайды деп халық педагогикасының дәстүрлі қағидаларын жүйелейді.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және ұлттық педагогика (тәрбие беру құралы) арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері: оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді даярлау; өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарын бағалауға бейімдеу; ата-баба салтын және дәстүрлі әдет-ғұрпымен қайта табыстыру; мектептің тәрбие жүйесін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға негіздеу; оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру; ата-бабаларымыздың асыл мұралары арқылы рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін

құрметтеу сезімін жетілдіру; экономикалық, экологиялық, эстетикалық, құқықтық, патриоттық тәрбие т.б. Осы орайда, тәрбие мен білім беруде этнопедагогика элементтерін мүмкіндігінше әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: жастардың танымдық қабілетін жетілдіру, жас ұрпақтың рухани, мәдени, білім мен ғылым құндылықтарын игеруге мүмкіндіктер беру, ұлттық тәрбие арқылы адами қасиеттерді қалыптастыру, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу, шығармашылық қасиеттерін ояту, данышпандық көреген қасиеттердің дамуына жол ашу.

Қазіргі мұғалім өзінің педагогикалық іс-әрекетінде этностың материалдық және рухани өмірінде көрінетін тәрбие туралы елестетулер эволюциясын бейнелейтін дәстүрлі мәдениетке, тәрбиенің жалпы адамзаттық мәдениетінің бір бөлігін құрайтын этникалық қауымдастықтың педагогикасын зерттейтін этнопедагогикаға сүйеуіне зор мүмкіндігі бар. Осыған байланысты жоғарғы педагогикалық мектептің алдында мұғалімдерді өзінің түп-тамырын, салтын, мәдениетін және халықтың тарихи дәстүрін білетін, халықтың рухани бай тәжірибесін игеретін, өзіндік тұрмыстық этнопедагогикалық мәдениет субъектісі және қорғаушысы ретінде даярлаудың практикалық және ғылыми міндеттері тұр.

Ғалымдар мен әдіскерлер этнопедагогиканың әуелі гуманитарлық білім жүйесіндегі орнын философия, тарих, саясаттану, әлеуметтану психология, конфликтология, дінтану, валеология, экология, медицина сияқты ғылымдардың қатарынан табылып, этнопедагогиканы ғылыми пән ретінде қарастырып университеттік білім берудің педагогикалық бөлігін анықтайды.

Этнопедагогиканың дүниетанымдық деңгейдегі негіздеріне талдау жасалынып, ғалымдар осы саладағы білімнің этномәдени құндылықтарын (мәдениеттанушылық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық жүйені (жүйелілік тәсіл негізінде), этнопедагогикалық кешенді (кешенді тәсіл негізінде), этнопедагогикалық объектінің даму варианттарын (оңтайлылық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық жүйелер мен үрдістерді басқаруды (кибернетикалық тәсіл негізінде), этнопедагогикалық құбылыстарды өлшеудің критерийлік аппаратын (математикалық - статистикалық) жан-жақты қарастыруды сондай-ақ, этнопедагогиканың университеттік білім беру жүйесіндегі орнын нақтылау үшін этникалық педагогиканың сапалық белгілері (этнопедагогикалық орта, ғылыми пән, білімдік кешені) объект, пән, мақсат тұрғысынан анықтау бағытындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері - әлемнің ғылыми этнопедагогикалық бейнесі де этнопедагогикалық білімнің негізгі инвариантын (логикалық-гносеологиялық деңгейде) сипаттайды.

Сонымен қатар, этнопедагогиканы университеттік білімнің педагогикалық бөлігі деп тану үшін ол пәнді зерттеуге ғылыми пәндік тәсілді қолдану қажет. Бұл ретте этнопедагогикалық білімнің құрылымдық элементтері (мән, байланыс, құрылым, құрамы, сипаттама, қызмет, қасиет, ерекшелік, ұстаным, тұжырымдама, кезең, түр, бағыт, жолдар) қарастырылады. Сонымен этнопедагогиканың педагогика ғылымы жүйесіндегі орнын да ескерген жөн деп ойлаймыз. Этнопедагогиканың өзі бүкіл ғылымның құрылымын қайта жаңғыртады. Айталық оның іргелі және қолданбалы бөліктері, ғылыми-тәжірибелік (тұлғаның этникалық даму педагогикасы немесе этникалық тәрбие), интегративті (орта педагогикасы), пән аралық (этномәдени білім) және кешенді (этнопедагогикадағы кәсіби білім) салалары, ғылыми бағыттары, ағымдары, мектептері бар.

Бүгінгі күні «этнопедагогика» термині педагогиканың түсініктік-терминологиялық аппаратының бөлінбес құралы. Этнопедагогика этникалық топтардың балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласындағы этникалық тәжірибесін, отбасының, рудың, тайпаның, халықтың, ұлттың, демек тұтас этникалық бірліктің ежелден келе жатқан құндылықтарына моральдық-этикалық көзқарастарды зерделеуде. Этнопедагогикаға әлемді айырықша танып көрудің енуіне куә болып отырмыз. Этнопедагогиканы ғалымдар (оның ішінде О.И.Давыдова) «халықтың тірі білімі» деп қарастыруда. Әрине этнопедагогикада бір білім үнемі халықтық педагогикалық білімнің дәстүріне енетін жаңалықтарымен толықтырылып отырады деп тұжырымдайды. Басқа сөзбен айтқанда, этнопедагогика адамның халықтық мәдениетке кірудің бір құралы дейді. Әрине, білім берудің гуманистік парадигмасы жағдайында жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда жұмысты табысты атқара алатын педагогсыз мүмкін емес. Ол педагог қоғамның интеллектуалдық және мәдени әлеуеті туралы түсінігіне сай болуы керек. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің дамуы көптеген педагогтардың педагогикалық және этнопедагогикалық мәдениеттінің, психологиялық және педагогикалық біліктіліктілігінің жеткілікті деңгейінің болмауынан деп есептейміз.

Жалпы адамзаттық құндылықтарға ұлттық құндылықтар арқылы ғана қол жетпек, бұл құндылықтар бір-біріне қарсы тұрмайды, керісінше, олар әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін даралап көрсетуге ұмтылғаны абзал. Өйткені көркем ұлттық мәдениет - әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Олар үнемі әрекеттесіп, бейімделіп және бірін-бірі байытып тұрады.

Кез келген этнопедагогика алдымен әлеуметтік этнопедагогика болғандықтан, ол этностық бейімделу міндеттерін шешуге бағытталады.

Этнопедагогиканың студенттердің кәсіби даярлық мазмұнына енуі этнопедагогика саласындағы маман әрекетінің мақсаты мен құралдарының сәйкестігіне, олардың келісімді болуына, жүйелі түрдегі әсеріне, талаптардың нақты және бірізділікті тікелей байланысты. Кәсіби даярлық болашақ мұғалімнің жеке, ұлттық, қазақстандық және әлемдік мәдени-біліктілік қажеттіліктер мен қызығушылығын үйлесімді етуге ұмтылғаны жөн. Осы үдерістер педагогтарды этникалық өмірдің іргелі аспектілерін, тәрбиелік дәстүрлері мен салттарын, аймақтық мәдени ерекшеліктерін ескеруі керек.

Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық ұлттық санаға, ана тілінің орны мен рөлін түсініп білуге, қазақстандағы этностардың тарихын, халықтың дәстүрлерін, салттарын тануға бағытталуы қажет.

Қазақстан жағдайында этнопедагогикалық көп мәдениетті орта қалыптасқан, ол орта балаға өз ұлтын

дұрыс түсінуге, басқа ұлт өкілдеріне төзімділік қасиеттерін, мәдениет аралық біліктілікті дамытуға үнемі әсер етеді. Сонымен, кәсіптік білім берудің этнопедагогикалық бөлігін іске асыруда бірізді этнизациялауды, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістерін және формаларын аймақтандыру деп түсінгеніміз жөн. Этнопедагогика жеке тұлғаның әлеуметтік жаңа қасиеттерін жобалауға қатысады. Этнопедагогикада адамды адам ететін әлеуметтіліктің бастауы орын алады.

Интеллектуалды ұлттың өзегі деп саналатын ұлт тарихы, мәдениеті, әдебиеті, өнерін үйреніп бойына сіңірген жас буынды тәрбиелеуде этнопедагогика ұлттық философия, ұлттық этика, ұлттық эстетика үрдістеріне тарихи әдеби мәдени құндылықтарды кіріктіре отырып оны оқу тәрбие үдерісіне пайдалануға мүмкіндік ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан білім қоғамы жолында». Егеменді Қазақстан. 2012. 6 қыркүйек.
2. Ушинский К.Д., О народности в общественном воспитании. Пед.соч., Москва, Педагогика, 1976.
3. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары. Чувашское кн.изд. 1974. 376с.
4. Қожахметова К.Ж., Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі. Алматы, 1997.
5. Садуақасов Ә., «Этнопедагогикалық этнологиялық астарлары». Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика журналы. №1, 2005, №2, 2008.
6. Төребаева К.Ж., Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми - педагогикалық негіздері. пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация – Атырау, 2010. – 280 б.
7. Джанзакова Ш.И., Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. Монография. Атырау, 2007. 271 б.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ «ЖАН ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӨНЕР ТАҢДАУ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Ақажанова А.Т.

*психология ғылымдарының докторы
Абай атындағы ҚазҰПУ доценті*

Кілттік сөздер: Жан жүйесі, этнопсихология, мамандық таңдау, әлеумет, ұлт психологиясы, ғылым, қазақ жастары, қабілет, тума қасиеті, кәсіп, қоғам, тәжірибе.

Аннотация

В статье описаны этнопсихологические проблемы содержательной работы «Психология и выбор профессии» известного для всего казахстанского общества талантливого, писателя, поэта, переводчика Жусупбека Аймауытова. Проанализированы значимость, заинтересованность казахской молодежи первой половины XX века в выборе профессии. На сегодня проблема выбора специальности не потеряла своей актуальности и в этом отношении данная книга внесла весомый вклад в историю развития современной психологической науки.

Annotation

The article describes the problems ethnopsychological meaningful work "Psychology and the choice of profession," famous for all Kazakhstan society talented writer, poet, translator Zhusupbek Aimauytov. Analyzed the importance, interest Kazakh youth of the first half of the twentieth century in the choice of profession. Today, the problem of choosing a specialty has not lost its relevance in this respect, this book has made a significant contribution to the history of modern psychology.

Халқымыз ғасырлар бойы жинақтап қалыптастырған рухани қазынамыз тоталитарлық режим кезінде зор дағдарысқа түсіп, тоқырап қалған. Бұл жағдай жас және болашақ ұрпақтың өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінен ажырап қалуына, сондай-ақ мәңгірт болып қалыптасуына күшті әсер етті. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі арқасында қазіргі кездегі өскелең ұрпақ ата – бабаларымыздан қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып тағы басқа игі істерінен толық қол үзіп, ажырамай қалуының басты себебі болып отыр.

Атап айтқанда, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жораларының тәрбиелік мәні мен этнопсихологиялық жақтарын өз заманымыздың ғалымдары тереңінен зерттеп, оны ұрпаққа барынша түсіндіруде. Мұны осы саланы зерттеумен шұғылданып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектері дәлелдейді. Отандық зерттеушілер Қ.Б.Жарықбаев, А.Т.Ақажанова, Ж.Сейтнұр, К.О.Аймағамбетова, В.В.Чистов, С.Қ.Қалиев, Қ.Жүкеш, Ә.Табылдиев, Н.Жанділдин, А.Мандықбаева, С.Б.Бердібаева т.б. ғылыми еңбектері осының айқын дәлелі.

Сегіз қырлы, бір сырлы, дарынды ақын, романшы, аудармашы, драматург Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылығы көптеген зерттеушілердің диссертациялық еңбектерінің арқауы болған [1, 205]. Атап айтқанда, Р.Досжанова, Қ.Әбдікова, Д.Құсайынова, Г.Шоқымова және Ә.Мірәлиева. Академик С.Қирабаев пен Р.Сағынбекұлының монографияларында да Ж.Аймауытұлының шығармалары барлық жанр бойынша жан-жақты талданып, мәліметтер толықтырылды. Әйткенменде де Ж.Аймауытұлының шығармаларын этнопсихологиялық тұрғысынан талдаудың әлі кемшілік тұстары көп, этнопсихологиялық көзқарастары туралы

толық зерттелмеген.

Сондай еңбектің бірі Ж.Аймауытұлының «Жан жүйесі және өнер таңдау»[2, 251-304].

Бұл еңбекте этнопсихологиялық мәселелер біршама қозғалған. Ерекше сөз болған –XX-шы ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ жастары, олардың келешегі.Жүсіпбек Аймауытұлы әр адам белгілі бір кәсіптің түрін таңдап алатынын, мұнда ол өзінің тумысынан берілетін ерекшеліктерін, іс-әрекеттің қандай түріне бейім екенін аңғара алуы керек дейді. Сонда ғана ол өзіне қажетті мамандықты дұрыс таңдай алады. Мұндағы негізгі мәселе – мамандықтың әлеуметке, қоғамға қалайша пайда келтіретіні. Бұл жерде, біз назар аударатынымыз – мамандық таңдауда адамның тегіне, геніне байланысты жайтқа да ерекше мән берілетіні. Мәселен, XVIII ғасырдағы ғалым Джон Локктың айтуынша, адам дүниеге тазатақта («чистая доска») сияқты келеді де, жақсы-жаман қасиеттің бәрін тіршілік барысында жинайды. Осы қағида кеңес психологиясында да көпке дейін орын алып, адамның генетикалық жағы жеткілікті дәрежеде есепке алынбай келген болатын.

Осы мәселенің ғалымдар арасында талас-тартыс туғызып келгені баршаға мәлім. Ал Жүсіпбек Аймауытұлы болса, бұған өзінің тікелей көзқарасын білдіріп, адамға табиғат сыйлаған қасиеттермен санаспаса болмайды деп, іштен туа біткен қабілетке үлкен мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Жазушылық, ақындық – сүйекке бітетін өнер. Қанша машықтанса да, кім болса, сол жазушы бола алмайды, кемелдікке жете алмайды», - дей келіп, ол мұны тәжірибе жүзінде байқап көреді [2, 256-257].

Жүсіпбек Аймауытұлы психология саласында тәжірибе жасап, табиғи эксперимент жасаудан біраз хабары бар алғашқы қазақ болды. Мәселен ол, 1909 жылы медресе шәкірттерінің арасында анкета таратып, зерттеу жүргізгенде шәкірттердің біраз бөлігі өздері таңдаған кәсіпке немқұрайлы қарайтынын байқапқан. «Жан жүйесі және өнер таңдау» дейтін кітапты жазу идеясы авторда сол кезде осындай тәжірибе жүргізудің нәтижесінде пайда болған.

Осы туындысына эпиграф ретінде ұлы Абайдың «Неге бейім болсаң, соны істе!» деген сөздерін алған. Алғашында жәй сөз болып естілсе де, бұл сөздің мағыналық астарында қоғамға қатысы бар, адам үшін маңызы терең мәселе жатыр. Істі дұрыс шешу барысында ғылыми зерттеу жолын пайдалану керек деп айта келе, ғалым ойын былай жалғастырады: «Неғұрлым қоғамның әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да оңалмақ... Әр адамның еңбегі қай уақытта жемісті болмақ? – деген сұрақ қоя отырып, мынадай жауап қайтарады: әркім өз орнында қызмет істегенде. Олай болса бұл маңызды мәселе», – деп тұжырымдайды педагог-психолог [2, 252].

Жүсіпбек Аймауытұлы психология және этнопсихология ғылымының жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасын ол терең түсінген және қазақ жастарына тәлім берерлік, әлемдік ғылыми тәжірибелік деректерді мол қамтуға тырысқан. Мәселен, кітаптың XVIII тарауында ол неміс ғалымы психотехниканың негізін салушы Г. Мюнстенбергтің (1863-1916) телефоншы қыздар мен трамвай жүргізушілердің қабілеттерін анықтау үшін арнаулы приборларды және өзі ойлап тапқан күрделі техникалық тетіктерді қолдана отырып жүргізген тәжірибелердің нәтижелерінен көптеген мысалдар келтіреді [2, 291-294]. Сондай-ақ, профессор Лазурскийдің ортақолды адамдар үшін келесі мінездемелерді айырып сүреттейді: ғалым, суретшіл, шаруашыл, әлеуметшіл, діншіл, болжаушыл, көпшіл. Автор бақылауға алған шәкірттердің біріне – қозғалғыш, екіншісіне – ұшқалақ, үшіншісіне – ұстамды, төртіншісіне – баяу, тағы осы сияқты айдар тағады. Бұл арада Жүсіпбек Аймауытұлы оқушылардың жеке қасиеттеріне, темпераментіне, олардың тума қабілеттеріне ерекше мән беріп, әр адам өз табиғатына тән кәсіп таңдауы тиіс деген тұжырым жасайды [2, 274-284].

«Жан жүйесі және өнер таңдау» атты кітаптың тәжірибелік жағынан маңыздылығы – «мұнда европалық психолог ғалымдардың осы тақырып төңірегінде жүргізген зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, солармен салыстыра, сабақтастыра баяндалатындығында. Мәселен, автор өз тұжырымдарын сол кездегі әлемге әйгілі неміс және америкалық психологтары Джемс,Мюнстенберг, Штерн т.б. сілтеме жасап, зерттеулеріне өзіндік пікір білдіріп, осы мәселенің ұңғыл-шұңғылына ой жүгіртіп, кешегі көшпелілердің өзіндік психологиясын көрсетуге тырысқан» [3, 432].

Автор өз еңбегінде қазақ жастарының психологиялық ерекшеліктері жайында біршама сөз ете келіп, былай дейді: «Адам қалай болса, солай сүйреуге көне беретін тулақ та емес, қалай қақса, солай домалайтын Алланың добы да емес. Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икемді болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсе – ыңғай, талап, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреуі етік тігуге, біреуі мал бағуға, біреуі әкім болуға, біреуі әскерлікке, біреуі жазушылыққа, біреуі дәрігерлікке, біреуі саудаға, біреуі сөзге, біреуі дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Тіпті болмайды да. Ең болмаса, өтірік айтуға зерек болып жаралатындар да кездеседі. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де көп пайда келтірмек» [2, 251].

Ж.Аймауытұлы бұл мәселе жөніндегі ойларын қазақ өміріне байланысты былайша түйіндейді: «Біздің қазақта не көп – сөз көп, іс аз». Сондықтан біз келешек істің адамы болу жағын ойластырумыз керек, әр адам әлеуметке пайдалы болу үшін өз орнында істеп жүрме, жоқ па? Қазақ пен қырғыз оқығандары мәселеге ерекше мән беруі керек. Біздің бұл жөнінде ұлтымызға тән біраз кемшіліктеріміз де бар. Осы кемшіліктерді көре біліп, өзіміздің келешек қоғамда алатын орнымызды белгілеуіміз аса мәнді нәрсе. Біздің оқыған азаматтарымыз көбіне қызметке тұрлаусыз, тез қызып, тез суынғыш, білімді шалалау алатындығы және алған білімін біреулерге іштарлық, қызғаныш, көре алмау секілді қасиеттерге апаратындығы, яғни болмаса еліктегіш, мансапқорлық, кеңесшілдік, пайдақорлық, өз әлін шамалай алмаушылық, мақсат қуатының белгісіздігі, еркін

жолды тұтына алмайтындығы – осының бәрі біздің қазақ елінде мамандық таңдау мәселесіне кесел болып отырған нәрселер. Біз қазақтың кең даласында ой тудырған жаман қасиеттерге де бой алдырып алдық. Тұрмыс шаруасын түзету, егін салуды үйрену, отырықшылыққа төселу, денсаулығын сақтау, кеңес, сот, әкімшілік қызметтеріне төселу, бала оқыту, сауатсыздықты жою, әдебиетін, мәдениетін ел болуына қанша жабдық керек болса, сонша алуан өнерді білетін жүздеген, мыңдаған қызметкер мамандар қажет дейді. Біздің қазақ пен қырғызға ең аяғы балташы мен пеш салушы, нан салушы, тері илеуші, сабын қайнатушылар да керек. Оған да оқу керек. Ғалым мамандық таңдау мәселесін ұлт психологиясына байланысты ойлармен түйіндей келе, қазақ жастарына төмендегіше кеңес береді: «Жұрттың бәрі әкім, комиссар болғанда, осынша қызметтерді кім істейді. ...Ендеше, әлеумет жұмысы мұндайда орнынан қозғалмайды деп ұғынуымыз керек. ...Әлеумет тұрмысын оналту үшін, онымен бірге әр адамның да тұрмысы түзелу үшін әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеуі керек. Әр адам қабілетіне, ыңғайына қарай өз орнында қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді», - дейді Жүсіпбек Аймауытұлы [2, 253]. Мұнымен автор мамандықты таңдау барысында адамның тума қасиеттерін де ескеру керек екенін баяндайды. Әр ұлттың әр нәрсеге өз қабілеті бар екенін паш етіп отыр. Мінеки осының өзі ұлттардың этнопсихологиялық ерекшеліктерін байқатып тұр.

Жүсіпбек Аймауытұлының негізгі идеясы – әр адам кәсіптің белгілі бір түрін таңдап алар кезде өз мүмкіндігін, өзінің қай кәсіпке бейім екенін білуі қажет, сонда ғана ол қоғамға көп пайда келтіреді деген өзекті ой кітаптың өн бойына арқау болған.

Сондықтан Жүсіпбек Аймауытұлы психология ғылымының міндеті – жеке тұлғалардың өзіне тән ерекшеліктерін зерттеп, олардың сол қасиеттеріне сай саналы түрде нақтылы кәсіпке баулауға мүмкіндік беретін қабілеттерін дамыту керек деп есептейді. Кітапқа материал жинау барысында психология ғылымының жеке адам үшін де, тұтас қоғам үшін де тигізетін пайдасын терең түсінген автор қазақ жастарына тәлім берерлік ғылыми-тәжірибелік мағлұматтарды мол қамтуға ұмтылады.

Қазақ жерінде этнопсихологиялық мәселе қолға алынбай тұрған ерте кездің өзінде де Жүсіпбек Аймауытұлы бұл туралы өз көзқарасын, ой тұжырымын айтып, сөз қозғаған. Профессор Қ.Б. Жарықпаевтің пікірінше, автор бұл мәселені сол кездің талабына сай, санамалап ерекше бөліп көрсеткен психологияның өзін терең түсініп алсын дегені ме, әйтеуір этнопсихологиялық мәселе деп бөліп-жарып айтпаған [3].

Қорыта келгенде, «Бәріне – уақыт таразы» демей ме халық, міне, аз ғұмырында ғажайып біліктілікпен талданған Ж.Аймауытұлың мол мұрасы оқырмандар арасында кең жайылып, бүгінгі ұрпаққа психология ғылымдарының дамуына, этнопсихологиялық және этнопедагогикалық білімдердің тереңдеуіне өз үлесін қосуда [4, 85-87].

Әдебиеттер тізімі:

1. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Қазақтың психологиялық ой-пікірлері. – 10 том. – Алматы, 2006.
2. Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. – Алматы, 1995.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы, 1998.
4. Жарықбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы, 2006.
5. Акажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. Оқу құралы. – Алматы, 2012.

ЦЕННОСТНО -СМЫСЛОВАЯ ОСНОВА ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ ЛИЧНОСТИ

Р.Д.Санжаева

*доктор психологических наук
профессор Бурятского государственного университета*

А.Р.Монсонова

*кандидат психологических наук
доцент*

Д.Р.Базарова

*кандидат психологических наук
г. Улан-Удэ*

Ключевые слова: этнос, конфессия, личность, ценности, смыслы, идентичность, психологические механизмы

Аннотация

В статье рассматриваются аспекты актуальной проблемы этноконфессиональной идентичности человека в сложной ситуации развития всеобщего религиозного самосознания на стыке веков и тысячелетий и мировых процессов глобализации, миграций. Процесс формирования позитивной этноконфессиональной идентичности личности зависит от психологических механизмов: идентификации этноса, ее идеалам, локуса контроля, социализации, индивидуализации личности.

Annotation

This article discusses aspects of the problem of ethnic and religious identity Fidler person in a difficult situation of universal religious identity at the turn of the century and the millennium and the world of globalization and migration. The process of forming positive ethnic and religious identity of the person depends on the psychological mechanisms: identification of the ethnic group, its ideals, locus of control, socialization, individualization

Начало третьего тысячелетия характеризуется ростом этнического самосознания, числа верующих в мире, расщеплением религий на более мелкие единицы и формированием на их стыке или полярных полюсах новых конфессиональных групп, ветвей и течений. Вместе с тем возрастает число людей - верующих без религии: они не связывают себя ни с какой религией, не ходят в храмы, не считают себя атеистами, так называемые «люди нет», «никакие». Согласно «Атласа религий и национальностей», таких людей во всех странах мира становится все больше и они становятся заметной социальной группой. В России таких 25%, т.е. четверть населения, и по их количеству мы занимаем 5-ое место в мире после Китая, Японии, США, Вьетнама. Основной костяк «никаких» в развитых странах составляет определенное поколение – люди, рожденные между 1966 и 1975 годами, после них идет молодежь 1990-х годов, у которой слабо выражена конфессиональная идентификация, их принцип: «Бог един». Основные их ценности – это духовные ценности, которые для всех религий, в основном, едины, являются базовыми для человека, нормами его поведения, жизни, ценностно-смысловыми ориентациями. Эти поколения «никаких» сейчас входят в период политической и экономической зрелости, а значит, будут определять портрет эпохи. Данная новая реальность как один из глобальных вызовов современности требует внимания и изучения.

Актуальность проблемы диктуется и образовательными приоритетами, например, введение в 4-х классах школ России учебного предмета « Основы религиозных культур и светской этики», его психолого-педагогическое сопровождение: интеграция этнического, этнокультурного и этноконфессионального воспитания. Справедливо профессор К.Ж.Кожаметова подчеркивала, что «этническое воспитание – глубоко специфическое воспитание, им должен быть проникнут весь дух семьи, **школа – особенно начальное звено**, а дальше, действительно, на основе родного должно осуществляться воспитание поликультурной личности» в своей этнопедагогической концепции воспитания казахов [1, 64].

В научной школе выдающегося калмыцкого этнопедагога, профессора О.Д.Мукаевой образовательная система также представляет собой специально созданную социокультурную структуру, посредством которой этнос может оказывать целенаправленное влияние на сознание, эмоции, волю растущего человека. Предназначение национальной школы, на ее взгляд, состоит в трансляции национальной культуры, истории обычаев и традиций, верований предков – всех материальных и духовных ценностей народа [2, 90].

Байкальский регион является одним из толерантных полиэтничных районов России, где на протяжении многих веков мирно сосуществуют коренные народы - буряты и эвенки и русскоязычное население («сибиряки», «семейские») и представители более 200 народностей. За несколько веков межэтнического взаимодействия буряты и русские выработали стиль, нормы и эталоны поведения, например, многочисленные примеры братовства, уважение к национальному этикету друг друга. Полиэтническое, межконфессиональное общение не могло не отразиться на системе нравственных и религиозных ценностей, которая, в первую очередь, обеспечила отсутствие этнической напряженности в регионе, диалог культур. Характеризуя процесс взаимовлияния культур, можно подчеркнуть, что своей глубинно нравственно-психологической основой он имел сближение многих моральных ценностей народов, их общечеловеческий характер. Сопоставление буддийских нравственных запретов и христианских заповедей Закона Божьего показывает, что многие важнейшие нравственные ценности буддизма и христианства близки, созвучны друг другу [3].

Поэтому вызывает интерес исследование традиционного ядра в структуре культуры современных народов Байкальского региона, обеспечивающего стабильность и самоидентичность, и ее современного (актуального) слоя, обуславливающего мобильность культуры, ее способность продуцировать инновации, трансформироваться и продуцироваться через образ мира, ценностно-смысловую сферу молодежи, в нашем исследовании – студентов [4].

Период студенчества характеризуется закладыванием основ будущего вида деятельности – реализации себя в профессиональном плане, а также стремлением к осмыслению своего будущего – жизнедеятельности в целом, т.е. одновременным протеканием процессов профессионального и личностного самоопределения. Ведущую роль в развитии этих взаимообусловленных процессов личностного роста играет формирование и развитие ценностных ориентаций как целостной системы интернализованных личностных смыслов, отражающих смысложизненный уровень ее функционирования. М.С. Яницкий, А.В.Серый в своей концепции вузовского обучения подчеркивают: «Именно в процессе обучения в вузе как жизненной ситуации личностного и профессионального самоопределения для молодых людей наиболее актуальным становится смысл собственной деятельности, и в особенности смысл своей будущей профессиональной деятельности, являющейся центральным компонентом в выборе жизненной стратегии» [5,181].

Однако динамическая система ценностных ориентаций не останавливается на этом в своём развитии. Период взрослости характеризуется осуществлением намеченных ранее жизненных целей и планов, а также их корректировкой при затруднениях в достижении. В этот период человек создает собственную семью, реализует себя в профессиональной деятельности, карьере, общественной жизни. Особое место при этом занимают

вопросы максимальной реализации собственных возможностей, личностного роста, саморазвития. Следовательно, период обучения в вузе можно определить как особый смысло-жизненный период в жизни человека, связанный с переживанием кризиса профессиональной идентификации, т.е. идентификации себя с субъектом будущей профессиональной деятельности. Результатом переживания данного жизненного кризиса является формирование своей профессиональной идентичности, являющейся составной и неотъемлемой частью целостного «образа – Я» зрелой личности [6, 56].

В аспекте нашего исследования представляется интересным изучение образа мира современной молодежи, проживающих на территории Байкальского региона. Длительное проживание в пределах одной социально-территориальной общности во всем многообразии человеческой деятельности сформировало некоторое единство отношения не только к хозяйственно-экономической сфере, но и к социокультурной сфере [7,80].

На первом этапе учащиеся должны назвать особенности обеих культур, которые они уже знают. Например, перечислить английские и казахские пословицы и поговорки на заданную тему. Затем они получают новый материал, пополняют словарный запас, обогащают свою речь английскими пословицами и поговорками, идиомами, сравнивая их с казахскими аналогами. К примеру, такие пословицы, как сөз – сабан, іс – дән (о человеке судят по его делам) - Deeds, not words (нужные дела, а не слова) или Әр құстың өз ұясы өзіне қымбат (В гостях хорошо, а дома лучше) - East or West, home is best (Восток ли, запад , а дома лучше всего). Далее происходит сравнение национальных костюмов, в качестве английского национального костюма, приведен пример танцоров, исполняющих танец «Морис», а казахского - традиционные костюмы мужчины и женщины. Затем происходит процесс сравнения традиционных блюд. Учащимся представлены исконно английские и исконно казахские блюда, такие как: бесбармак, кауырдак, сорпа, сірне, казы (казахские) и бифштекс, ростбиф, пудинг, тика масала, пирог пастуха . Также должно происходить сравнение мифов и легенд обоих народов. Из мифов и легенд казахского народа представлены: Алпамыс, Оғузхан, Қозы Көрпеш –Баян сулу, Қобыланды батыр, Ақсақ Құлан, Бурабай, Алаша-хан, Алдар көсе. А из английских мифов и легенд- Беовульф, победитель драконов, сказания о короле Артуре и рыцарях круглого стола, Робин Гуд. Учащиеся должны уделить особое внимание сравнению главных образов и идей этих произведений. Затем следует сравнение общего для обоих народов образа девушки – Джульетты и Баян. Ученикам приводится пример их похожей трагической судьбы. Еще одним пунктом в погружении в культуру обоих народов является сравнение традиционных музыкальных инструментов. Это домбыра, кобыз, адырна, шертер (казахские народные инструменты) и волюнка, клавир, английский рожок, вистл, валлийская тройная арфа (английские народные инструменты). Для еще большего погружения, учащиеся слушают эти инструменты через аудиосистему.

В конце занятия учащиеся обобщают и анализируют полученную информацию, делают особый акцент на сходство и различия обеих культур. Подводя итоги, ученики формулируют вывод, что культура каждого народа уникальна. Она отражает жизнь народа, его особенности. Разумеется, каждая культура имеет много различий, но в сравнении английской и казахской культуры можно выделить и множество сходств: в мифах и легендах, пословицах и поговорках, в культуре быта. Например, существует множество аналогов пословиц и поговорок, главные герои мифов и легенд – храбрые защитники простого народа. Но главное - перенимать самое лучшее в каждой культуре, для того чтобы уверенно двигаться в будущее.

Данная технология значительно усиливает эффект получения новых знаний на уроке английского языка, как при пополнении словарного запаса, так и при запоминании новых грамматических структур, постановки речи в целом.

Таким образом, каждое общество существует в рамках толерантности, и эти рамки могут сужаться и расширяться. Немаловажную роль при этом играют « размеры культурологической дистанции между контактирующими этнолингвистическими общностями» [5,124]. Воспринимая явления, принадлежащие к другой культуре, реципиент интерпретирует его в образах и категориях своей собственной, что и определяет степень понимания неродной культуры. В процессе межкультурной коммуникации сопоставляют образы культур, несущих в себе инвариантную и вариантную составляющие. В связи с этим в процессе межкультурного общения через критическое и креативное мышление формируется толерантность, то есть воспитывается чувство уважения к другим народам, их традициям, ценностям. Достижениям, осознание

непохожести и принятие всего этнического и культурного многообразия мира.

Список литературы:

1. Калыбекова А. Трилогия народного менталитета // Казахстанская правда. – 17 сентября, 2014г.
2. Пралиев С. Культурный ход нации // Казахстанская правда. – 17 сентября, 2014г.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь: Единая цель, единые интересы, единое будущее»//Казахстанская правда.- 18 января, 2014 г.
4. Torrance, E.P. Torrance Tests of Creative Thinking. — Scholastic Testing Service, Inc., 1974
5. Нарожная В.Д. Формирование межнациональной и межэтнической толерантности в невербальной коммуникации // Вестник ЮКГПИ.- № 1, 2014.С.-132

ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ НЕГІЗІНДЕ ҚЫЗДАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Машенбаев Т.Б.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазмемқызпу профессор м.а.

Ахметжанова А.Қ.

магистр

Кілттік сөздер: Гендер, гендерлік әлеуметтендіру, қыз тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі.

Аннотация

В данной статье рассматривались особенности нравственного воспитания девочек на основе гендерной социализации.

Annotation

This article discusses the features of moral education of the girl children on the basis of gender socialization.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы нарықтық экономикалық жағдайына қарамастан ғылыми – техникалық жаңалықтарды меңгеру мен ұлттық мәдени мұраларды жандандыруға ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі. Болашақта жанарған қоғамның жастарына асқақ руханилық пен адамгершілік қадір – қасиеттерін тәрбиелеу мемлекеттік құжаттың басымдылығы ретінде білім беру мекемелеріне міндет етіп берілді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым - қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік дегеніміз үлкенді үлкен, кішіні кіші деп қадірлей білуде, тектіліктің тірегін қалайтын тәлім тәрбиеде. Ал тәрбие қуаты отбасында. Қазіргі таңда еліміздегі оқу – тәрбие жұмысында болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысына көп мән беруді міндеттейді.

Бүгінгі таңда тиінақты білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие және адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты алға қойылатын негізгі мақсат – өркениет, прогресшіл бағыттағы ұлттық бағыттағы азаматтық адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тәлімін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастары мен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сонымен бірге жеке тұлғаның сапасын көтеру.

Адамгершіліктің негізі мінез - құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс - қылықтарынан, мінез - құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым - қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай - ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл - сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық - экономикалық құндылықтары жатады.

Ағылшын тілінен аударғанда "Gender" - «тек, жыныс (еркек, әйел)» деген мағынаны білдіреді. Ген - тұқым, генетика тұқымның өнуімен ағзаның өзгерісін зерттейтін ғылым болып табылады. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Жыныс ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық сипаттағы айырмашылықты білдірсе, гендер олардың арасындағы әлеуметтік ерекшеліктерді қарастырады.

Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени жеке саяси категорияға айналады. Қазақстанның халықаралық тәжірибеге

қосқан үлесі, гендерлік саясат тұжырымдамасы мен гендерлік теңдікті дамыту стратегиясы негізінде гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі жасалды.

Әлеуметтену дегеніміз бұл – тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу, оқу, білімді меңгеру, түрлі дағдыларды, біліктілікті игеру, рухани баю, даму және өсу. Әлеуметтенуден өтпеген адам, жабайы адамға, жануарға айналады. Кез-келген адам оны ата-анасы қалай тәрбиелесе, сондай болып өсетіні даусыз, сондықтан бала тәрбиесіне ата-ана жауапты.

Адамның адамгершілік дамуында ұрпақтан ұрпаққа көшкен, дамыған, толықтырылған, адамдардың бірлесіп өмір сүру үдерісінде жасалған адамгершілік нормаларын игерудің елеулі маңызы бар. Адамгершілік баланың жеке тұлға болып қалыптасуының рухани арқауы, қасиеттердің ішіндегі құндылықтардың бірі болып саналатын ізеттілік оның басты белгілері кішіпейілділік, қайырымдылық адамжандылық бала мектепке дейінгі кезеңнен-ақ не жаман, не жақсы деген ұғымдарды салыстыра отырып, адамгершілік туралы түсініктерін кеңейтеді.

Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім тәрбие арқылы өлшенеді. «Қыз» ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. «Қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады.

«Анасын көріп қызын ал» дейтін халық мақалы текке айтылмаса керек. Ана тәрбиесін көрген қыз әрдайым көрегенділік танытады. Жаңа ғасыр, тек жаңалықты қабылдау керек деп, шетелге еліктеп немесе ғаламтор арқылы керексіз дүниелерді қабылдаудың қажеті жоқ. Заман ағымынан қалмай, орынды киініп, орынсыз нәрселерден аулақ болып, өзге тілде емес, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалығын сақтау қажет. Өзінің ана тілін қадірлемейтін қыздардан жақсы ана шығады деп айта алмаймын. Тілін қадірлемеген адам, ол ұлттың салтынан да, дәстүрінен де хабарсыз болары айқын. Қай қоғамда, қай заманда өмір сүрмесін, ол қазақ қызы деген атқа лайық болуы қажет. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақ бойжеткендері ертеңгі еріне адал жар, балаларының анасы. Олардың бойында имани тәрбие болғаны дұрыс. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз.

Адам бойына қажетті имандылық, қайырымдылық, саналылық, ізгілік сияқты қасиеттерді қалыптастыру да елеулі орын алатын, қазақтың сан ғасыр ұлт ретінде қалыптасу барысында жинақталады: тыйымдар мен ырымдары өте көп және әр түрлі мәселені қамтиды. Ғасыр қайнауынан бүгінгі күнге келіп жеткен ырым-тыйымда; халқымыздың әлеуметтік мәдени тұрмыстық көрсеткіші екенінде сөз жоқ. Қазақ бұрын да ұл-қыздарының кейбір оғаш, осал қылықтарын бетіне басып айтып, тәртіпке салған. Бұл тыйымдар бүгінгі күнге дейін келгені белгілі.

Бүгіндей қоғамның аласапыран шағында адам баласын адамгершілік тәрбиеге баулу өте маңызды мәселе болмақ. Жетік өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылған жөн. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, төл тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды, жетім балалар, «киын» балалар, қарттар үйіндегі әжелер мен аталар, нашарлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жойып, дені сау, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өсуге ықпал етеді. Қазақ халқымыз қыз баласын ана, ел анасы деп қастерлеген ел бола отырып, адамгершілік, тәрбие – ел болашағы деп біз болып, сіз болып жастарымызды ұлттық тәрбиемен үздіксіз қаруландыра беруіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, «Сана», 1995 ж.
2. «Гендер туралы түсінік». Ж.Н. Сәрсенова. – Алматы, 2010 ж.
3. М.Жұмабаев «Педагогика» Алматы. 1993
4. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы А., 1991
5. Дайрабаева А.Е. Нравственное воспитание девушек в казахской народной педагогике- Алматы, 1993. - 125 с.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Рысбаева А.Қ.

педагогика ғылымдарының докторы

профессор

«Бөбек» ҰҒПББО бөлім бастығы

Бейсембаева К.Д.

Қазмеқызту аға оқытушысы

Кілттік сөздер: жоғары оқу орны, болашақ мамандар, кәсіби этнопедагогикалық даярлау, этнопедагогикалық білім, өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік білім беру, өзін-өзі кәсіби дамыту.

Аннотация

В статье излагаются вопросы профессиональной подготовки будущих специалистов в высшей школе, где важное значение имеют этнопедагогические знания, основу которых составляет духовно-нравственное знание. Следует отметить вклад ученого - этнопедагога Клары Жантореевны Кожакметовой в разработку теории и методики преподавания этнопедагогике в Казахстане, в исследование вопросов профессиональной подготовки будущих специалистов в этом аспекте.

Annotation

The paper deals with issues of professional training of future specialists in higher education, which are important ethnopedagogical knowledge, which are based on spiritual and moral knowledge. It should be noted the contribution of the scientist-ethnopedagoga Clara Zhantoreevny Kozhakhmetova to the theory and methodology of teaching ethnopedagogics in Kazakhstan study on the training of future professionals in this aspect.

Қазіргі заманда білім беруді модернизациялау жағдайында, өзінің кәсібін, этнопедагогиканың негіздерін еркін меңгерген, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті және құзырлы мамандарды кәсіби және этнопедагогикалық тұрғыда даярлау мәселесі ерекше маңызды болып саналады. Аталған талаптарды жүзеге асырудың маңызды факторы ретінде, болашақ мамандардың этнопедагогика арқылы өзін-өзі кәсіби дамытуға бағыттылығы алынады. Соңғы жылдары өзінің ана тілін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихы мен мәдениетін терең білмейтін жастардың саны артып келеді, олардың дәстүрлі өмір сүру салтынан оқшаулану үрдісі бекіп, ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік-этикалық ұғымдардың, халықтың рухани құндылықтарының мәні өз деңгейінде бағаланбау үрдісі байқалады, ал бұл құбылыстарды дер кезінде жастар тәрбиесінде назар аударып, қолға алынбаса, ұлттың санасының деформациясына әкелетіні сөзсіз.

Жоғары мектепте оқыту үдерісінің болашақ кәсіби мамандардың өмірлік және дүниетанымдық ұстанымын анықтайтын болғандықтан, жоғары оқу орнында дәстүрлі педагогикалық мәдениетке, этникалық педагогикаға, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қызығушылықты қалыптастыру қажет, яғни этнопедагогикалық білімсіз өз халқының және өз елінің нағыз педагогын даярлау мүмкін емес.

Болашақ мамандар өскелең жас ұрпақпен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен бірлескен іс-әрекет барысында, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негіздерін, этникалық және ізгілік педагогиканы меңгеруі тиіс, сонымен бірге өзіндік кәсіби дамытуға деген жоғары деңгейдегі ұмтылысымен көрінуі керек.

Болашақ құзырлы мамандарды даярлау идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, білім беруді 2011-2020 жылдарға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында, басқа да тұжырымдамалы құжаттарда айқын атап көрсетіледі. Осыған байланысты, болашақ құзырлы мамандарды өзіндік кәсіби дамытуға даярлау мәселесі өзекті бола түседі, оның мәні тұлғаны бірізді бірнеше сатыларды қамтитын, әлеуметтік-кәсіби қатынастар жүйесіне интеграциялауда көрініс береді: кәсіпті білім беру мекемесінде даярлау аясында меңгеру; орындалатын кәсіби қызметтерді есепке ала отырып жұмыс орнында бейімделу; жеке кәсіби стильді қалыптастыру; кәсіби өсудің жолдарын іздеу[1].

Жоғары оқу орнында кәсіби даярлау сатысында, болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға даярлық ерекше мәнге ие болады, себебі дәл осы кезеңде тұлғаның кәсіби өзіндік дамуының мотивациялық-құндылықты, когнитивті және рефлексивті-әрекеттік негіздері қаланады.

Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандартында болашақ мамандардың жоғары оқу орнын бітірер кезінде төмендегі құзыреттіліктерді игерудің қажеттілігі атап көрсетілген:

- өзінің педагогикалық шеберлігін жүйелі түрде жетілдіру;
- білім алушыларды толыққанды оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- психологиялық қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- салалас мамандармен бірлесіп, пәнаралық психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-реабилитациялық іс-шараларға қатысу;
- әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда, білім беру үдерісіне қатысушылардың этномәдени және конфессиялы айырмашылықтарын ескеру қабілеті;
- дамудың әлеуметтік-мәдени жағдайының ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдени ортада кәсіби іс-әрекетті жүргізу қабілеті және т.б.[2].

Болашақ мамандар этнопедагогикалық ерекшеліктерді білуі және есепке алуы қажет, бұл бірлескен оқу және еңбек іс-әрекетін табысты ұйымдастыруда, әрекеттің келісімділігін және өзара түсіністікке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажет. Этнопедагогикалық білім өз кезегінде индивидтердің әртүрлі этномәдени топтарға қатыстылығымен негізделген, ойлаудағы және мінез-құлықтағы ерекшеліктердің көрінісіне толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық теориялар мен гуманистік білім беру тұжырымдамаларын талдау (А.Г.Асмолов, И.Б.Котова, А. В. Петровский, В. И. Слободчиков, Д.И.Фельдштейн, Б.Н.Шиянов) болашақ мамандардың тұлғасын өзіндік дамыту мен өзіндік жетілдіру үдерістерін зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Этнопедагогиканың жекеленген аспектілері Ш.М.-Х.Арсалиев, Г.Н.Волков, В.Н.Иванов, В.А.Николаев, Т.Н.Петрова, С.Қалиев, К.Ж.Қожакметова, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазіргі кезде этнопедагогиканың мәнін педагогтың іс-әрекетінің ғылыми негізі ретінде саналы ұғыну артып келеді. Сондықтан, көптеген этнопедагогтардың еңбектерінде (А.Л.Бугаева, Г.Н.Волков,

К.Ж.Кожаметова, О.Д.Мукаева және т.б.) педагогты этнопедагогикалық тұрғыда даярлауды ұйымдастыруды арттырудың қажеттілігі атап көрсетіледі.

Осы орайда, арнайы атап кету керек: Қазақстанда «Бөбек» орталығында, Сара Алпысқызының авторлығымен ұйымдастырылған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, оқушы жастарға ізгі қасиеттерді қалыптастыруға бағытталып отыр. «Ғасырлар тоғысында біз ойда-жоқта тәрбиенің басты мақсаты – баланың компьютер тетіктерін басып, ағылшынша былдырлап сөйлей білсе жеткілікті деп шештік. Міне, ол дап-дайын – жаңа формация адамы! Ал сол баланың мейірімділік пен зұлымдықтың айырмашылығын ажырата алмайтыны, жақынының ауыртпалығын бөліспейтіні бізді ойландырмайды да...Мен балалардың жастайынан салауатты және бақытты болу өнерін меңгергенін, өмір даналығын бойына сіңіріп, адамзатқа риясыз қызмет ету арқылы бақытқа бөленуді үйреніп өскенін қалаймын. Өздерінің кім екенін, не үшін өмір сүретінін, неге ұмтылатынын терең түсінуі керек. Әр адамның өзін-өзі тануы қажет» [3].

Қазіргі кезеңде ерекше өзекті мәселелердің бірі – бұл жастарға рухани-адамгершілік білім беру. Этнопедагогикадағы рухани-адамгершілік білім беру мәселесіне арнайы мән беріп, зерттеулерді ұйымдастырған ғалымдардың бірі – Қожаметова Клара Жантөреқызы. Арнайы әдістемелік құралдар жасап, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру» бағдарламасы аясында еңбек етіп келе жатқан ғалым-оқытушы еді. Студенттерді, магистранттарды осындай маңызды зерттеу жұмыстарына қызықтырып баулыған ұстаз – Қожаметова Клара Жантөреқызы. Оның болашақ мамандарды этнопедагогикалық даярлауда үлесі мол, оны ерекше атап өткен жөн.

Клара Жантөреқызының шәкірттері бұл бағыттағы зерттеулерді, тәжірибелік жұмыстарды жалғастырады деген үмітпен, келесі міндеттерді шешу қажеттігіне назар аударамыз:

1) білім беру теориясы мен тәжірибесінде болашақ мамандардың кәсіби өзіндік даму үдерісіне рухани-адамгершілік білім беру аспектісінде талдау жасау;

2) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлаудың, рухани-адамгершілік білім берудің шарттарын анықтау және теориялық тұрғыда негіздеу;

3) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуда этнопедагогикалық даярлаудың өзін-өзі тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін анықтап, педагогикалық үдерісте қолдану жолдарын ашып көрсету.

Этнопедагогикалық даярлық – бұл болашақ маманды кәсіби даярлаудың маңызды бөлігі, ол болашақ маманды этнопедагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың үздіксіз және басқарылатын үдерісі [4]. Мұндай даярлықтың маңызды белгілерінің бірі – оның интегративті сипаты. Бұл өз кезегінде болашақ маманның оқу жоспарындағы пәндерді оқу нәтижесінде меңгерген негізгі білімдерін, біліктері мен дағдыларын біріктіретін, педагогикалық практикадан өту барысында бекітілген жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, этникалық құрамдас бөлім кәсіби білім берудің мазмұнына қосымша ретінде анықталып қоймай, сонымен бірге «Этнопедагогика» жеке курсы мен шектелмеуі қажет деп санаймыз. Мысалы, қосымша оқу пәндерін «Бөбек» орталығы ұйымдастырып өткізетін «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру» бағдарламасы бойынша ойластыруға болады. Мұндағы ұсынылатын пәндер ізгілік педагогикасына негізделеді. Әрине, этнопедагогикалық білімнің мәні ізгілікпен, риясыз қамқорлықпен, жоғары адами қасиеттермен анықталады.

«Рухани-ізгілік педагогикасы беделді ережелер мен догмалардан бас тартады. Мұғалім оқушылармен бірлесіп, жоғарыдан белгілі бір ретпен түсірілмейтін құндылықтарды, пікірлерді, көзқарастарды анықтайды. Жалпыадамзаттық және ұлттық мәні бар оқытуды ізгілендіру мен гуманитарландыру негізінде білім берудің мазмұнын құндылықтар жағына өзгерту оқушылар мен ересектердің өмірін рухтандыруға көмектеседі.

Ізгілендірудің педагогикалық аспектісі адамның алғашқы рухани мәнін түсінуден, оның бірегейлігі мен құндылығын мойындаудан тұрады және оның өзімен-өзі болу құқығы бар. Бұл жағдайда оқушының рухани-адамгершілік табиғатын ашуға қолайлы жағдай жасау, кез келген тұлғаның рухани дамуына басты стимул болатын, қызығушылықтары мен рухани биіктікке бірге көтерілетін мұғалімнің ең басты іс-әрекеті болып табылады. М. Мамардашвили осы нүктені ескере отырып, «Әлем құрылымында өзіннің орнында табуға болады» деп санады. Қазіргі кезде сабақтың ең басында ізгілік көрініс беруі керек: мұғалім оқушыларды жымып көңілді күймен қарсы алады, бүгін өте маңызды материалмен танысатындарын хабарлап қызықтырады, алған білімдерін тек сабақта ғана емес, өмірде де пайдалануға болатынын айтады. Осы кезде сабақта мейірімділік, сүйіспеншілік және тыныштық ахуалы орнағаны жөн» [5].

Рухани-адамгершілік білім - бұл этнопедагогика негіздерін анықтайтын білім. Ұрпақтан ұрпаққа ата-бабадан берілетін мұраны құрайтын ең алдымен руханилық, адамгершілік, ізгілік туралы тәлім-тәрбие, тағлым, үлгі-өнеге. Ежелгі дүниеден бата, өсиет-әнгіме, мақал-мәтел, ертегі с.с.т.б. құралдар арқылы, ата-ана баланың адами қасиеттерге ие болуын қалаған. «Этнопедагогика» пәнін жоғары мектепте оқыту теориясы мен әдістемесі оның жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделіп, болашақ мамандардың ізгі қасиеттерінің дамытуға бағытталуы тиіс.

Болашақ мамандарды этнопедагогикалық даярлау бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоғары мектептің білім беру жүйесіне толыққанды енгізілуі керек, ол жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың мақсаты, студенттерді қазақ халқының этномәдени және педагогикалық мұраларына баулу, оны өздерінің кәсіби іс-әрекетінде қолдануға даярлығын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың міндеттері:

- студенттердің балалар мен жастарға отбасылық, қоғамдық, еңбек тәрбиесін берудегі этнопедагогикалық білімді меңгеру;
- білім алушылардың этникалық тәрбие мәселесіне деген қызығушылығын дамыту;
- әлеуметтік-мәдени орта жағдайында болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- өзіндік іс-әрекетте этнопедагогикалық білім мен біліктерді шығармашылықпен қолдану қабілетін дамыту;
- кәсіби өзіндік дамытуға және өзіндік біліктілігін арттыруға деген тұрақты мотивацияны қалыптастыру.

Кәсіби өзіндік даму деп, озат тәжірибені және өзіндік дербес іс-әрекетті саналы ұғынуға көмек беретін, сонымен бірге өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдірудің құралы болып саналатын, кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыруға ықпал ететін көп компонентті, тұлғалық, кәсіби маңызды үдеріс ретінде түсіндіріледі.

Кәсіби өзіндік даму үдерісі адам өмірінің бойында жүреді, әрбір кәсіби іс-әрекеттің өзіндік ерекшелігі болады, ол өз кезегінде кәсіби маңызды сапалардың белгілі жиынтығын талап етеді; кәсіби өзіндік даму үшін іс-әрекеттің болашақ саласын тұлғалық тұрғыда қабылдау қажет; кәсіби өзіндік даму үдерісін іштей және студенттердің өзіндік дамуы арқылы басқаруға болады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлығы деп, біз өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетін саналы ұғынуға ықпал ететін, этнопедагогикалық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған, кәсіби өзіндік жетілдірудің мақсаттарын, жолдары мен құралдарын таңдауда, өзінің этнопедагогикалық дамуын үздіксіз басқару бойынша болашақ маманның мақсатты бағытталған іс-әрекетін көрсететін этнопедагогикалық білім, білік және дағдыларды меңгеру бойынша кәсіби даярлығы ретінде түсіндіреміз.

Қорытындылай келе, келесі тұжырым жасауға болады: болашақ мамандардың қазіргі жоғары білім беру жүйесінде, жоғары мектеп жағдайында өзіндік кәсіби дамытуға этнопедагогикалық даярлығының сапасын көтеру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – 2011. Астана қаласы.
2. Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік Стандарты. – Астана, 2010.
3. Назарбаева С.А. Өмір әдебі. – Алматы, 2001.
4. Чурсина А. С. Формирование готовности к профессиональному саморазвитию у студентов вуза в процессе изучения психолого-педагогических дисциплин: Автореф. дис... канд. пед. наук. - Челябинск, 2011. - 23 с.
5. Мұқажанова Р.А., Омарова Г.А. «Өзін-өзі тану» және басқа оқу пәндері: мазмұны мен әдістерін интеграциялау мүмкіндіктері. Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. / Аударған Р.Мұратханова. - Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО. – 150 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Байназарова Т.Б.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Мектепке дейінгі және бастауыш білім
кафедрасының меңгерушісі
Қазмемқызту доценті*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани адамгершілігі, биік талғам мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» - деп және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, жаңа жағдайларға сай қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және атап көрсетілген.

Эстетикалық тәрбие балаға қоршаған ортаның көркемдігін, адамның рухани сулулығын терең түсіндіре білу, сөйтіп оларды ойлау, қиялдау, сөйлеу қабылдау қабілетінің дамуына ықпал ету міндеттерін жүзеге асырады. Сонымен қатар жас ұрпақ әсемдікті, сулулықты түсініп одан ләззат алуға көркем өнер туралы біліммен мағлұматтармен қарулануға эстетикалық тәрбие арқылы мүмкіндік алады.

Эстетикалық тәрбие балалардың әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп сұлулықты сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Эстетикалық тәрбие көркем өнер құралы ғана емес қоғамдық өмірдің, оқудың еңбектің, табиғаттың әсемдігін тану кезінде адамдармен қарым-қатынас үстінде тәрбиеленеді.

Осыған орай әр оқушының өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалап үйренуге талпынуы оқушының бүкіл жан дүниесіне әсер етеді. Дегенмен адамның көркем өнерге деген қабілетінің дамуы, қабілеттің шығармашылықпен ұштасуы, оны бала кезінен тәрбиенің осы түрімен қамтылуына және әр

оқушының жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиені белгілі мақсатқа бағыттап жүргізуге байланысты.

Халықтың эстетикалық дәстүрлері ұлтымыздың қағазға түспеген өмір заны. Оқушылардың сезімін, ойлау қабілетін тәрбиелеп жетілдіру қажет. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берумен шұғылданатын мұғалім болашақта зор құрметке ие болады. Өйткені, адам әсемдікті ұғынумен бірге бірте-бірте рухани бейнесін де қайта жасайды. Оның санасы мен сезімі тереңдеп, байи түседі, жүрегі қайырымды бола бастайды.

Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне тән әлеуметтік мәдени мұрасы бар. «Халық колөнері – асыл қазына» деп айтқан халқымыздың мақалы оқушылардың әсемдік әлеміне деген сүйіспеншілігін оятумен тығыз байланысты. Сондықтан ұлттық колөнерге баулу арқылы талапты оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мәселесі бастауыш сыныпта еңбекке баулу, жоғары сыныпта технология пәндерінің мазмұнында ескерілген. Бүгінгі мектеп бағдарламасында көп жылдық жүйелі түрде жүргізілген еңбектің нәтижесінде бұл мәселе шешімін тауып отыр.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары - әдебиет, өнер. Өнер мен әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әр түрлі құралдар: әдебиет, театр, кино, теледидар, музыка, кескіндеме (пейзаж, баталия), мүсін (бюст), т.б. көркем туындылар арқылы әсер етіп қалыптастырады. Бұл жерде көптеген мысалдар келтіруге болады. Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарасты және танымды қалыптастыруда табиғаттың рөлі зор. Табиғатты аялау, оны жақсарту бүгінгі күн талабы. Мектеп оқушыларының эстетикалық тәрбиесінің мәні оның әсемдікті түсінуінде, ләззат алуында, жақсы мен жаманды ажыратуында. Осының бәрі эстетикалық сезім арқылы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылары еңбек сабағында негізінен пайдалы бұйым жасағанда өз талғамдарымен бұйым қаншалықты әсем болуын, қай кезеңде оны пайдалана білу керектігін үйрену керек. Бұл бүгінгі нарқы заманның басты талабы. Алайда күні бүгінге дейін оқушылар жасайтын бұйымдарға ғылыми тұрғыдан талап жоқ. Сондай-ақ бұйым сапасына да әсемдігіне де қойылатын талап деңгейі белгіленбеген. Сол себепті мұғалім оқушылардың бұйым жасаудағы олардың әсем де әдемі безендіруіне оларды безендіру жобаларына баулу керек. Сонымен бірге эстетикалық тәрбиені қалыптастыру жолдарын іздестіруі қажет. Ең алдымен жасалынатын бұйым пайдалы зат болуы керек. Мысалы, «Ағаш – көркемдік еңбекке арналған зат, ...». Олай болса белгілі бір пайдалы зат екенін, онымен жұмыс істеу жолдарын алдымен оқушыларға түсіндіру керек: ол үшін ағаш түрлерін көрсету, оны сүргілеу, белгілеу, әрлеу, безендіру әдістерін үйрету жағдайында эстетикалық тәрбиенің тәрбиелік жақтарына толық тоқталған жөн.

Еңбекке баулу сабақтарының бір ерекшелігі – барлық жұмыстар сарамандық негізде өтіледі, яғни оқушы көзбен көріп, қолымен ұстайды. Соған сәйкес практикалық тұрғыдан өзінің орындауына нұсқау беріледі. Мұғалім жасалынатын бұйымның әсемде көркем болуын ескертуі қажет. Көркемдік образ нақтылығымен барлық уақытта адамға эстетикалық сезімді тудыратындай болуы керек. Сондықтан бастауыш сыныпта мұғалім оқушыларға түстердің бір-біріне сәйкес келетіндігін алдымен дұрыс тандап алуына бағыт беруі қажет. Жоғарыдағы айтылған нұсқаулар арқылы мұғалім оқушылардың эстетикалық талғамының қалыптасуына әсер етеді.

Эстетикалық әрекет эстетикалық қажеттіліктен туындап, ол сезімдік-бейнелік ойлауы негізінде қалыптасады. Бұл үрдіске елестету, эмоционалдық тұрғыда көңіл аудару, қарым-қатынас, ақиқат дүние көрінісін алдын-ала қабылдау, болжау, мақсат қою эстетикалық әрекеттің коспоненттері ретінде қатысады. Тарихи дамуда эстетикалық іс-әрекеттің негізгі мына түрлері анықталды:

- ұжымдық (кәсіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, фольклор, т.б.);
- өнер (көркемөнерпаздар, қолданбалы, бейнелеу, т.б.);
- жеке-даралық (жеке тұлғаға қатысты өнер, шығармашылық, т.б.).

Сарамандық жұмыс кезінде оқушы:

- еңбек құралдарын арнайы қорапта ұстау;
- әр затты өз орындарына қойып үйрену;
- жұмыс орнын таза ұстау;

қауіпсіздік ережелерін сақтау сияқты қағидаларды ескерсе ғана, оқушылардың жауапкершілік сезімі оянып, бастаған ісін толығымен аяқтауды дағдыға айналдырады.

Қазақ отбасында бала туғаннан бастап әдеміліктің қоршауында болады, өрнектермен әшекейленген киіз үй жабдықтарын, оюланған кілем, сырмақ, түскиіз, алашаларды, сүйек. Кестеленген киімдерді, күміспен өрнектелген ыдыс-аяқтар мен жиһаздарды күнделікті көріп өседі. Мектепте оқушылар қазақ халқының қолданбалы өнер түрлерімен танысып, оларды дайындау тәсілдері туралы кеңірек мағлұматтар алады. Осынау ұлттық колөнер түрімен айналысудың қолайлылығы – оған қажетті матаның кез-келген шаңырақтан табылатындығы. Олай болса, бастауыш сыныпта оқу жоспарына байланысты «көркем еңбекке» бөлінген сағатты оқытып қана қоймай, оған қосымша сыныптан тыс (қолөнер шеберлерінің еңбектерімен танысу, өнер мұражайларына бару, т.б.) жұмыстар жүргізілгені дұрыс. Өтілетін сабақ тақырыбын оқушылардың толық меңгеруіне мұғалім тарапынан осындай ықпал жасауы тиіс.

«Шеберлер үйірмесіне саяхат» бөлімінде тоқу өнері туралы мәліметтер бере отырып, ою-өрнек, тоқыма әліппесі үйретіледі.

Еңбекке баулу сабағындағы жұмыстың тағы бір түріне – мүсін жасауды жатқызуға болады. Мүсін жасау оқушыларға көркем бейнені қабылдауға, оның кескінін, сипаттық ерекшеліктерін анық білуіне көмектеседі. Оқушылар өздеріне көруге ұсынылған мүсінді дәл сондай етіп жасай алмауы мүмкін, оның қажеті жоқ. Бірақ әрбір оқушы өзінің іскерлігі мен шығармашылығына қарай мүсіндейді. Сондықтан алдымен олардың

фигураларды қалай қойғанда әдемі болатындығына, негізгі сипаттық белгілеріне, күрделі емес қимылды бере білуіне назар аударуын қадағалау қажет.

Бастауыш сыныптағы жүргізілетін жұмыстардың бірі – жапсыру. Бұл жұмысты жүзеге асыруда сәндік қолданбалы өнер едәуір эстетикалық тәрбие беруге көмектеседі. Халық шығармашылығының саздан, қыштан қандай бұйымдар жасауға, оған қандай ою-өрнек жапсыруға, мәнді де мәнерлі нәзік әсемдікті қалай беруге болатындығын көрсетеді. Халықтың саздан жасалған ойыншықтарының көлемді формаларын білуге негіздей отырып, балалар қуыршақ, құс, құмыра, т.б. бейнелерді әсемдеуге бейімделеді.

Бастауыш сыныпқа арналған еңбекке баулу оқулықтарында тапсырмалар жүйелі түрде беріледі.

Еңбекке баулу сабағында білім сапасы арттыру алған білімнің жүйелілігі; білімді тәжірибеде пайдалана білу; алған білімді есте сақтау сияқты белгілерімен сипатталады. Еңбекке баулу да көркемдік мұраны игеруге, өнердегі ұлттық өрнектер мен көркем рендердің шығармашылық ерекшеліктерін ғылыми педагогикалық жағынан анықтауға және осының негізінде талдап, ғылыми ұсыныстар жасалуға тиіс. Сабақ өткізудің практикалық бағытын күшейту қажет. Сабақтың жүйесі үш құрамдасты қамтиды: тіректік білімнің өзектілігін, яғни жаңа материалды оқып үйренуге қажетті білімді қайталауға көңіл бөлу, оқушылардың жаңаны қабылдауға әзірлігін туғызу; іс-әрекеттік жаңа ұғымдары мен әдістерін қалыптастыру, білімді пайдалану, қабілет пен шеберлікті қалыптастыру. Әрине бұл құрамдастар сабақ жүйесінде болады, дегенмен түрлі реттілікте келуі мүмкін. Эстетикалық тәрбие берудің тиімді әдістері – тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізетін әдістер; бақылау; табиғатты бейнелу; тіл дамыту. Өнер туындыларынан көрме ұйымдастыру, ондағы табиғаттың әсем көрінісін оқушылардың әңгімелеп жеткізе білуі олардың сезімдік талғамын, әдемілікке ұмтылу қабілетін дамытады. Жоғарыдағы әдістер шарты түрде ғана теориялық топтарға бөлініп беріліп отыр, ал оларды оқушылардың күнделікті іс-әрекетінде орынды пайдалана білу эстетикалық тұрғыдан белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мұғалімнің кәсібіне сәйкес білімділігіне, шеберлігіне, ізденіспен жұмыс істеуіне байланысты.

Эстетикалық тәрбие берудің негізгі жолдарының бірі – оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекеті. Оның көркем шығармашылық іс-әрекеттерінің көлемі мен сапасына, ұйымдастыру формаларына байланысты алуан түрлі жолдары бар.

Эстетикалық тәрбие беруде оқушылардың эстетикалық сезімдерін, ой қорытындылауын бағалаудың тиімді әдістері де баршылық:

- эстетикалық қабылдауын, талғамның бастапқы көріністерін дамытуға бағытталған сендіру әдістері;
- қоршаған ортаны жасампаздандыруға және эстетикалық мәдениет дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық іс-әрекеттерге үйрету мақсатындағы жаттықтыру әдістері;
- әсемдікке бірге толғанып, эмоциялық жағымды ықылас тудыруға және қоршаған дүниедегі ұсқынсыздықты жек көре қарауға сезімін ояту әдісі, т.б.

Іс-әрекет барысында ойын әдісін пайдалану балаларды жағымды эмоциялық сезім мен көңіл-күйге бөлеп, сурет салу, қию, жапсыруды үйрету үрдісінің тиімділігін арттырады. Ойын әдісін пайдалану кезінде әр балаға «шебер», «ыдыс бояушы», «тігінші», «зергер», «ұста», т.б. ролдері бөлініп берілсе, оқушылар үшін бұл өте қызық. Сәнді әшекей, ою-өрнек жасау әрекеті үрдісінде оқушылардың табиғат туралы білімдерін бекіту үшін әдістермен қатар арнайы фильмдерді ұжыммен көруді ұйымдастыруға болады. Оқушыларды табиғат заттары мен құбылыстарының элементтері туралы түсінік беруге негізделген сәндік ою-өрнек жасау үрдісіне қатыстыру, тарту, олардың сезім мәдениетінің жетілуіне ықпалын тигізеді.

«Зергерлік жұмыстар» бөлімі бойынша I-IV сыныптағы іс-әрекет жұмыстарына келсек, шеберлікті, ұқыптылықты, шыдамдылықты талап ететін өнер болғандықтан, бастауыш сынып оқушылары бағдарламада берілген зергерлік өнер түрлерін әр түрлі материалдарды қолдана отырып, шағын бұйымды көркемдеп безендіре жасайды. Қазақ халқының қолөнерінде зергерлік жұмыстар әр алуан материалдардан жасалған ыдыс-аяқтарды, үй жиһаздарын әшекейлеп жасау, киім-кешек, әшекей бұйымдары мен ғимараттарды зерлеу жатады.

«Өру жұмыстары» тарауында оқушылар ұлттық сәндік-қолданбалы өнерде өзіндік орын алатын өру жұмыстарымен танысады, ол туралы жалпы мәліметтер алады, оның өте қарапайым түрлерін әр түрлі материалдардан – қағаз, жіп, таспа, бау мен жез сымдардан орындайды. Төртінші сыныпта шолпы өру және оны тұтыну мақсаты, қамшы түйе тәсілдері мен қамшы түрлері таныстырылып, техникалық мағлұматтар беріледі. Іс-әрекет барысында жез не сым темірден кесу, ию, өру әдістерін пайдаланып шолпы өреді. Таспа бау немесе жасанды теріден, баудан қамшы өру, түйе әдістерінің қарапайым түрлерін орындауға біліктілігі мен икемділігі қалыптасады.

Сабақ барысында еңбек құралдарымен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасы мен жеке бастың тазалығын сақтау ерекшелігі оқушыларға түсіндіріледі. Сондай-ақ еңбекке баулу сабақтарында ұлттық сәндік-қолданбалы өнерге үйретуде пәнаралық байланыстар іске асырылады. Мысалы; тік бұрыш, кесінділердің ұзындығы математика пәнімен, түстердің үйлесімділігін табуды, нәрсенің бейнесін салуды, пропорциясын бейнелеу өнерімен байланыстырады. Көне сөздермен танысу, тіл байлығын жетілдіру, техникалық терминдер қазақ және орыс тілдері пәндерімен, табиғатпен танысу, оны аялай білуде «Дүниетану» пәнімен байланыста болады.

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушылар едәуір күрделі бұйымдарды жасап, алдыңғы сыныптарда алған білімдері мен икемділіктерін жетілдіре түседі, 5-7 сыныптарда орындалатын көп салалы өнер түрлерін игеруге дайындалып шығады. Сабақтар жүйелі өткізілуі үшін шеберхана заман талабына сай жабдықталуы тиіс. Оқушыларды бастауыш сыныпта таныстыру, үйрету эстетикалық талғамын жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Құралдар мен жұмыс істеу дағдысы мен іскерлігі қалыптасып, кәсіптер туралы мәліметтер алуы кәсіптік

бағдар беруде маңызды болып табылады. Енбекке баулу сабағында эстетикалық тәрбие беру мәселесіне бастауыш сыныптан бастап көңіл бөлінсе, онда елжанды, бәсекеге қабілетті, жан-жақты шығармашыл дамыған, эстетикалық талғамы жоғары тұлға тәрбиелей алатынымыз сөзсіз.

РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚ ДҮНИЕСІН БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әлқожаева Н.С
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессор м.а., п.ғ.к

Кілттік сөздер:Рухани-құндылық, білім беру парадигмасы,білім сапасы

Аннотация

В статье рассмотрено духовные ценности жизни, формируемые на основе образовательных парадигм.

Annotation

The article deals with the spiritual values of life, formed on the basis of educational paradigms.

Бүгінде тек білімді ғана емес, сондай-ақ сол білім негізінде өзін жетілдіретін, өзінің шығармашылық әлеуетін дамытатын, қоршаған адамдармен жеңіл коммуникацияға түсетін, табиғат пен мәдениетке дұрыс қатынастағы түлек сұраныста. Қазір тұлға құндылығы жетілдірілуде, оның адами сапалары өзгеруде, сол сияқты білім беруге деген қатынас та өзгерді. Сәйкесінше, бұл сұранысқа ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте гуманистік педагогика теориялық жағдайды көрсетеді. Шынайы педагогикалық процесте педагогика ғылымының парадигмасына сәйкес білім беру моделін құрастыру жүзеге асады. Оның құраушысы: жаңа білім беру құндылықтары, ізгілік педагогикасының теориялық ұстанымдары, оқыту мен тәрбиелеудегі тұлғаға бағытталған әдістері.

Еліміздің, жеріміздің, халқымымыздың алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына енуі білімдендіру жүйесіне, білімдендіру саясатына тікелей байланысты. Елді, жерді, мемлекетті дамытатын үш таған: саясат, экономика, әлеумет. Мұның біреуі төмендесе, қалған екеуі де сонымен бірге төмендейді. Ал, оларды дамытатын да, алға жетелейтін де білім, ғылым екендігіне ешкім күмән келтірмес.

Бұл тұрғыда ғұлама-ойшыл Ж. Баласағұнның пікіріне жүгінуге болады, ол: Жақсылық білімдіден елге жетеді,

Білімдінің даңқы шартарапқа кетеді...- деп білім, тәрбие арқылы рухани өміріміздің толығып, толысатынын айтады. Ж.Баласағұн адам өмірін екі нәрсе ұзартады, бірі – жақсы ісі, екіншісі – жақсы сөзі, деп өте тамаша айтып кеткен. Сондай-ақ, адамның мінез-құлқы, оның ақыл-ойы мен білімділігін көрсетеді деп, адамзат бойындағы ізгі қасиеттер білім мен тәрбие арқылы қалыптастырылатындығын атап өткен [1].

Білім беру жүйесінің, мазмұнының өзгеруіне сәйкес рухани –адамгершілік құндылықтарды халықтық идеологиядан, халықтық дүниетанымнан, салт-санадан, әдет ғұрыптан бөліп қарастыру мүмкін емес. Сол себептен де тарихи-этнографиялық деректерді үнемі назарда ұстаған дұрыс.

Жоғары мектепте білім беру парадигмаларына сай жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу барысында:

- студент тұлғасын қазіргі таңдағы басымшылық танытатын гуманистік парадигма негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерту қажеттілігі мен оны дамытуда мүмкіндіктерді толық пайдалану;

- білім беру мен тәрбиелеудегі гуманистік парадигмасына терең қызығушылық пен бұл мәселенің бағдарлық-әдістемелік деңгейде қарастыру мәселелері қалыс қалмауы тиіс.

Зерттеушілік және педагогикалық тәжірибеде парадигма ұғымы әртүрлі тұрғыдан талданады.

Біріншісі, парадигма ұғымы әдіснама саласына қатысты және зерттеу іс-әрекетінде соған ғана қатысты екендігін дәлелдейді. Бұл тұрғыны жақтаушылар парадигма ұғымын басқаша қолдануға болмайтынын түсіндіреді (Е.В.Бережнова, Н.Л.Коршунова, В.В.Краевский, В.М.Полонский). Бұл көзқарас классикалық ғылымға сәйкес келеді, мұнда зерттеу объектісі қатар түрде ажыратылған [2]. Берілген анықтамада бірінші орынға парадигманың нормативтік-технологиялық қызметін қойсақ та, оның қызметі: концептуалды, теориялық-әдіснамалық, технологиялық бірлестігі тұтас түсінік беретінін айтпай кетуге болмайды.

Қазіргі мазмұнда бұл принциптер пост-классикалық ғылым болып қалыптасты, ал бұдан субъектінің (зерттеушінің) қызметі өзгерді. Алғашында сырттай бақылаушы болса, кейіннен зерттелетін процесстердің ішіне еруге мүмкіндік алды. Зерттеу процесстері мен нәтижелерін ендіру негізінде ғылым адам өмірін жақсартатын құралға айналады. Парадигманың өзгеруі бір немесе бірнеше зерттеушінің ықпалымен өзгере қоймайды, ол Т.Кун көрсеткендей ғылыми революция барысындағы ұзақ мерзімді процесс. Кейінгі жылдары педагогикалық тезаурусқа құндылық, тұлғалық мазмұн, субъектілік, тұлғалық даму, балалық әлем, көпмәдәни білім беру кеңістігі, мәдени-ақпараттық орта мектебі, оқыту типі, тәрбиелеу моделі, дифференциация, жеке оқу траекториясы, педагогикалық-психологиялық қамсыздандыру, интерактивті технологиялар және т.б. дәстүрлі ғылыми түсініктер гуманизация, информатизация, жаһандану, полимәдениеттілік, коммуникативтілік, корпоративтілік сияқты педагогикалық шынайылықтың белгілеріне сәйкес келеді.

Тұлға, тұлғалық ұстаным, субъектілік және қоғамда өзін-өзі көрсете білу, өзін анықтауда белсенді іс-әрекет, өзіндік жобалау, өзін-өзі жетілдіру маңызды орын алып отырған педагогикалық шынайылықты зерттеу басқа да ғылыми әдістерді талап етеді. Бұл жерде маңызды болып, педагогикалық қоғам мүшелерінің ойынша білімдарлықтың идеалы - техногенді цивилизация тенденциясын бұзатын (рухани навигация) адам саналады. (В.Розин). Рухани навигация ол – ол өзін-өзі бақылау, өз өмірін ойластыруы, бұл ойластырған өмірлік сценариді жүзеге асыру, бұдан шынайы не шығатынын тексеру, өзінің өмірлік тәжірибесін ой толғауынан өткізу, өзін қайта-қайта жинақтау, деп түсіндіреді автор. Мұндағы ұстаным: адам өзінің әлеуметтік рөліне сәйкес функционалды әрекетке емес, әлемді тани отырып, қабылдаған шынайылықты жүзеге асырады [3].

Зерттеу процесінде қолданылатын парадигма мен әдіснаманы құндылық-дүниетанымдық ұстанымдарға сәйестендіретін механизмді парадигмалық бағыт деп атаймыз. Оның мәні зерттеуші ғалымдардың білім міндеттерін шешу үлгісінің парадигмасын дұрыс интерпретациялау. Парадигмалық құрал мен әдістерді таңдау біліктіліктің нақты парадигма шеңберінде ғылыми және практикалық іс-әрекеттің сапасын қамтамасыз етеді.

Білім беру парадигмасы – білім алушыларды мәдени табиғатқа сай әдіснамалық тұрғыдан негізделген эталон құрылымы бойынша білім стандартына сәйкес жоғары адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу. Қазіргі таңда қолданыстағы, дәстүрлі-консервативтік (білімдік парадигма); феноменологиялық (гуманистік парадигма), рационалистік парадигма (бихевиористік, мінез-құлықтық), технократиялық, эзотериялық парадигмалардың ішінде алдыңғы үш парадигма рухани-құндылық дүниені қалыптастыруға бағытталады[1].

Білім беру сапасы, педагогикалық бағалау, құзыреттілік бағыт бойынша кейбір зерттеулер гуманистік педагогика парадигмасының мазмұнын деформациялайды. Алайда, оның интерпретациясы, құрастырушысы мен қолданылу әдіснамасы терең аргументтерді талап етеді. Білім сапасы болуы үшін тұлғаның білім беру процесінің іс-әрекетіне жекелей сапа әрекетін ендіру керек. Сонда екі мазмұн: білім мен сапа бірігіп, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылады. Яғни құндылық-дүниетаным парадигмасының ұстанымдары мен ғылыми міндеттерді шешу әдістері арасындағы қарама-қайшылық зерттеу тәжірибелерінде жиі кездесіп тұрады, ал оны тиімді шешу үшін парадигмалық бағытты жүзеге асыру керек.

Әрбір халықтың, адамзаттың тарихи даму процесі, олардың тіршілігіндегі, өміріндегі педагогикалық тәжірибелері, болашақ ұрпақ, бала тәрбиесіне көзқарасы, сонымен қатар рухани мәдениеті, сан ғасырлық ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдердің педагогика тарихынан алатын өзіндік орны бар.

Білім беру парадигмаларының мазмұнына сәйкес, рухани құндылықтар дүниесін тұлға бойына рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы жүзеге асыра аламыз. Әр тарихи дәуірде өмірдің әр кезеңіне байланысты қоғамның мақсаты мен құндылықтары да өзгеріп отырды. Рухани-адамгершілік тәрбиесі туралы тарихи дамуды зерделесек философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылымдар саласында жан-жақты зерттелгенін байқауға болады.

Бүгінде жоғары мектептерінің мақсаты - жас ұрпақ бойындағы жоғарғы адами құндылықтарды дамытуды, ізгілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа, инабаттылыққа және әдептілікке баулуды көздейді. Ал, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттері адамгершілік түсінік пен адамгершілік мінез-құлықтың, яғни, адамгершілік қарым-қатынас пен іс-әрекеттің тұтастығы. Қазіргі білім мен тәрбие берудің мазмұны:

- еркін тұлғаны тәрбиелеу;
- рухани тұлғаны тәрбиелеу;
- ізгі, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу, яғни, жеке тұлғаны тәрбиелеп жетілдіру мәселесін рухани ізгілікке, ұлттық дәстүрге, дәстүр сабақтастығына, біртұтастыққа, жүйелілікке байланыстыра қарастыруды қамтыған.

Рухани-құнды қасиеттердің қалыптасуы, жастардың мінез-құлық тәртібінің де сапасын анықтайды. Оның рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін факторлар мыналар - қоршаған ортасы, табиғат, дене еңбектерінің түрлері, экономикалық жағдайлар мен ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар. Олар жастардың мінез-құлқының, тәртібінің және қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің өзгеруіне, адамгершілік жағынан қатаюына мүмкіндік жасайды. Басқаша айтқанда оның қалыптасуына саяси, экономикалық, руханилық, адамгершіліктік факторлар мен биологиялық, физиологиялық факторларда әсер етеді, ал оның мәні, нәтижесі рухани-адамгершілік құндылық сипатынан көрінеді. Қоршаған ортасының жанаруы, жаңа тұрмыс салтының негізделуі және жоғары мектеп процесінің жанаруы мен жастардың рухани тұрғыдан қалыптасуының барлығы бір-бірімен тығыз байланысты процесс. Дегенмен олардың рухани құндылықтарының қалыптасуына қарағанда қоғамның материалдық және рухани жағдайлары тез дамиды. Сондықтан, рухани-құнды қасиеттер бір қалыпты жағдайда қалыптасып қоймайды, қоғам мен педагогтың нақтылы әсер етуі, жастардың жеке басының қоғам өмірінің жан-жақты болмысымен белсенді қарым-қатынаста болуын талап етеді. Рухани-адамгершілік тәрбиенің құндылығы, білім алушылардың барлық тәрбиелік жақтарына мақсатты түрде әсер етуімен тығыз байланысты.

Педагогика ғылымында, студенттердің рухани дүниесін қалыптастыру барлық кезеңде де өзекті мәселе болғаны белгілі. Қай кезең болмасын болашақ ұрпағына өз мұраларын қалдыру, оны қадірлеп дамыту жөнінде әдебиеттер мен зерттеу жұмыстарын қарастыру алға қойылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. –156 б.
2. Краевский В.В. Парадигма (послесловие к статье Н.Л.Коршуновой)// Педагогика, 2006.№8.с.21

**ХАЛЫҚТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫ ТАНЫТУДАҒЫ Б.МОМЫШҰЛЫ
БЕЙНЕСІНІҢ ОРНЫ
(З.Ахметованың «Шуақты күндер» эссесі бойынша)**

Аяпова Г.Б.

*филология ғылымдарының кандидаты
Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Халықтық салт-дәстүр, тәрбиелік тағылым, аманат парыз, әдеп пен ізет, естелік-эссе.

Аннотация

В этой статье рассматриваются основы светлой мысли Бауржана Момышулы о развитии народной традиции.

Annotation

In this article are considered Bauyrzan Momyshuly's basic light thoughts about development of national traditions.

Ұлтымыздың батыр ұлы Б.Момышұлы – көркем әдебиет бедерінде абыройлы азаматтықтың, халықтық салт-дәстүрдің символы іспетті ой қадырады. Ата бейнесін танымдық тұрғыда танытуға жол болған Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» естелігі бұл орайда ойымыздың бастауы болып табылады. Себебі, ұлтымыздың тәрбие құралының бастауы болып табылатын «Шуақты күндер» шығармасында повесінде Ата Бауржаннның тәрбиелік тағылымдары жас ұрпаққа қарапайым негізде қабылданатын тілмен жазылған.

Ұлттық ерекшелікті айқындай түсетін белгінің бірі – ғасырлар бойына қалыптасқан әдет-ғұрыптар екені белгілі. «Мен тек атамның келінімін. Тұла бойы қайшылықтарға тұнып тұрған қайталанбас адамның биік шаңырағының кең дастарханын ұстаған, шамам келгенше иіліп қызмет істеп, өнегелі өсиетін де, өңмеңінен тесіп өтер айқайын да естіген маңдайлы келінімін. Атам деген – тірі тарих, шексіз шежіре еді.. Ол – өз өмірінде сый-құрметке, қошаметке бөленген адам. Бірақ халқымыздың жақсы салттарын сақтап, әдеп пен ізет көрсетуім тіпті ұнап-ақ тұратынын білетін едім... » деп жазады Зейнеп апай атасы жайлы жазылған «Шуақты күндер» атты кітабында.

Ата туралы естелік жазу туралы ой өзегі «Шуақты күндер» кітабының алғашқы беттерінде Б.Момышұлының аманат парызынан басталыпты. З.Ахметованың атасымен бірге тұрған кездеріндегі нағыз «шуақты күндерінің» белгісі ретінде естелік-эсселер кітабы бүгінгі таңда балдырған балауса жас пен өткеніне ұрпағы арқылы ризашылығын білдіріп отырған қариялардың сүйсініп оқитын шығармалары. Бұл орайда «жүректі жарып шыққан әрбір сөздің өзін бағалауды», оны сақтауды ақылды атасы үйретіп, тіпті келініне өзінің қымбатты мұрағатын да аманат етіп қалдырыпты.

«- Балам, қазақта «қара шаңырақ» деген өте ертеден келе жатқан қасиетті сөз бар. Оның негізі әкеден балаға, ұрпақтан ұрпаққа қалып отырған шаңырақтың талай түгін шыға-шыға әбден ысталып, көпті көрген деген ұғымнан шықса керек. Мына, өзіміз отырған пәтер, үкіметтің жасап берген баспанасы болғанымен, Ержанға қалатын Момышұлының қара шаңырағы, менің ұрпағым осы үйде, - деп сәл үндемей қалды да, сөзін қайта жалғады.

-Мен дүние жиған жоқпын, бірақ кедей де емеспін. Менің қазынам – тірнектеп жазған қағаздарым. Халықтың кәдесіне жарап, біреуге ой салып, біреуге өнеге болып жатса, одан басқа байлықтың керегі не? Сол жазбалар осы қара шаңырақта қалады, сақтаушысы сен боласың. Өзің ошағын ұстап, дастарханын жайып отырған бұл үйдің босағасының берік, маңдайшасының биік боларына сенімім зор. Сондықтан, саған тапсырып отырмын. Бірақ менің рұқсатымсыз бір жапырақ қағазды біреуге ұстатпағын. –деп еді.

Мен атама берген уәдемді орындадым. Өзге тұрмақ, жалғыз баласы Бақытжанға да ақтартпадым, кілттеулі күйі тұрды. Атам да маған берген бұйрығын өзгертпеді, бөлек тұрған жылдарында бір рет сұраған жоқ. Сол сенім артқан күйі өтті бұл өмірден...

Міне, енді басқа түскенге көніп, өзекті тіліп өткен қайғы уыты саябырлай түсіп, шексіз сағынышқа ұласқанда, атамның қағаздарын парақтадым. Қарап отырып оның жалынды да жаралы жүрегінің лүпілін естуге тырыстым. Топ алдында тұлғасы оқшау асыл бейнесін елестете отырып, биік ойларын теріңірек түсінуге, қайсарлығы мен шыншылдығын тани түсуге талпындым» [1,6] деп ішкі сырын бүкпесіз ақтарған З.Ахметованың Ата туралы шығармалар жазуға жетелеген де осы парасатты парызы екенін түсінеміз.

«Шуақты күндер» шығармасының «Кіріспе орнына» атты аңдатпасына тоқталайық. «Маңдай тұсымыздағы биік төбенің артынан алаулап күн көтеріліп келеді. Қала үстіне нұрын шашып, басталар күннің бар шапағатын арқалап, әке мейіріміндей жылылық шуағын төгіп күлімдейді. Мен мұңдалап тұратын осы бір биік төбе, жайшылықта, жылдар бойына байқалмаған сияқты, байқалса да жүрегімізден өшпес орын алып,

өміріміздегі үлкен бір мәнді орынға айналарын білмеппіз. Бүкіл халықты күңіретіп, жүрегімізді қан жылатып кеткен қаралы күннен кейін бұл төбеге жанарымыз жиі қадалатын болған.

Міне, бүгін де, күннің алғашқы сәулесі түсер-түспестен уәделескендей балконға шығып, күн көтеріліп келе жатқан төбеге үнсіз қарап тұрмыз.

Екеуміз де бір-бірімізге ләм демейміз, әркім өз ойымен әлек. Алайда, менің де, оның да ойлап тұрған ойымыз ортақ, көз талғанша қарайтын нүктеміз де біреу-ақ.

Еңсені басқан тыныштықты Ержанның үні бөліп жіберді.

- Атама қарап тұрсыздар ма?

- Иә, балам, - деді әкесі» [1,3].

3.Ахметованың «Шуақты күндер» шығармасын жазуға бес күнделік-жазбалардан тұратын дәптерлер сеп болыпты. Оны жазуға да итермелеген Бауыржан Момышұлы екен. Оған ең алдымен немересі Ержан себепкер болыпты. Ержан ұйқыдан ояна сала, атасының қасына барып, үнемі көрген түстерін айтатын болған. Сондай түсті айтудың бір сәтінде, Б.Момышұлы келіні Зейнепке немересінің көрген түстерін, айтқан әңгімелерін жазып алуды тапсырыпты. «Мен атамның тапсырмасынан кейін «неге өзі туралы да қағазға түсіре бермеске» деген ойға қалдым. Бұрын да үзіп-жұлып кейбір әңгімелерін жазып қоятынмын, енді күнделікті көңіл бөлуге бекіндім» [1, 9].

Атасы әдебиет әлемінде тұсауын кесіп, бүгінде ұлтымыздың тәрбие бастауынның берік баспалдағы болып табылатындай «Шуақты күндер» және «Бабалар аманаты» атты естелік – эссе туындылары жарыққа шықты.

Ал осы Момышұлының әулетімен таныстығы қалай басталған деген сұрақ төңірегінде З.Ахметова жоғарыда аталған кітабында нақтылап айтып өтеді. «Жасымыздан қазақтың атақты жазушылары жайлы естіп, әсіресе, олардың шығармаларын оқып өскен адамбыз. Құдайға шүкір, өсіп-өнген, көзі ашық, сауатты отбасында бойжеттім. Әкем-дәрігер, шешем де оқыған, зиялы адамдар болғандықтан отбасымызда Александр Бектің «Арпалысынан» бастап, түрлі дастандар мен хиссалардың неше түрі болатын. Ата туралы аңыз әңгімелерді көп естігендіктен бе екен қиялымда ол кісіні баяғының батырларындай «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» өзгеше бір керемет бейнеге айналдырып алғам. Кейін ҚазМУ-дың филология факультетіне оқуға түсіп, студент боп жүрген кезімде, 1963 жылы болуы керек, университетте атамен кездесу болды. Қателеспесем, ата соның алдында ғана Кубада болып келді. Шетелге бару деген ол кезде сирек жағдай. Жәй турист ретінде барса да бүкіл бір мемлекеттің қадірлі қонағына айналып кетпеді ме ол кісі. Содан университеттің үлкен залы, Киров көшесі дейтінбіз ол кезде, сол жерде, лық толы студенттердің ортасына таман отырғам, бір кезде келді. «Ойпырмай, мына кісі де ел сияқты екен ғой» деймін ішімнен. Бірақ сонау жерден қарағанның өзінде көзіндегі от адамға сұмдық әсер етеді екен. Әңгімесін ұйып тыңдадық, сұрақ қоятындар сұрақ қойып жатты. Менің атаны бірінші көруім сол жолы болды» [1,5].

3.Ахметова естелік-эссесіндегі біздің мақаламызда басты тақырып етіп алғандағы негізгі мақсатымыз – Бауыржан Момышұлының бейнесін таныту еді. «Шуақты күндер» естелік-эссесі арқылы атақты ұлт қорғаны, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлымен алғашқы кездесу сәті былай баяндалады. Бұл кезде Бақытжан Момышұлы сол кездегі әдет бойынша егін-орағы басталған соң, көшпелі редакциялар солтүстіктегі астықты өңірлерге баратын. Бақытжан Момышұлының «Огни Алатау» газетінде қызмет істеп жүрген кезі, сондай көшпелі редакциямен Целиноградқа сапарға кеткен мезгілі болатын. кетіп қалған. «Үйде жалғызбын. Алдында, анау үлкен ағайым тұратын жерде, Кеген аудандық оқу бөлімінде мектеп жасына дейінгі балалардың инспекторы дейтін жұмыс істеп әрі кешкі мектепке сабақ беріп жүргем. Тұрмыс құрғаннан кейін біржола келдім ғой Алматыға. Келгеннен кейін жұмыс бірден табыла қоймай, оның үстіне жаңадан үйленген соң үйде болатынмын. Түс кезі. Шәй дайындап, енді ішейін деп отырғанымда есік сынып кетердей тарсылдады. Тарс, тарс, тарс... Зәрем ұшты енді. Тапа-тал түстің кезі, бірақ енді сұмдық қорықтым. Есіктің алдына барып, даусым зорға шығып «Бұл кім?» деппін ғой. Сөйтсем «Бұл –мен! Атаңмын! Бар киін!» деді. Түкке түсінбеймін. Енді жалаңаш жүрген жоқпын ғой, үстіме қараймын, халатым бар. Бірақ «киін» дегеннен кейін асып-сасып жүріп әлгі халатты шешуді ұмытып сыртынан жеңі ұзын көйлек киіп, басыма орамал, аяғыма шұлық киіп алыппын. Жаздың күні болса да. Сосын есікті аштым да «нартәуекел» деп сәлем жасадым. Өйткені шешем, «үлкен кісілер қаласын, қаламасын сәлем жаса» дейтін. Сөйтіп едім қолын болар-болмас басыма тигізіп, «Бақытты бол, балам!» деп ішке қарай өтіп кетті» [1,13].

Атамен алғашқы танысудың өзі-ақ З.Ахметоваға екі қасиеттің тағылымын танытып кетті. Оның бірі «Құдама тартқан екенмін» деген сөзі арқылы, адамның бойындағы жақсы әдетін бағалай білетін асыл ұғымы болды. Ол кейін де ишаралы сөзі арқылы үлгі болып, Алланың жаратқан әр пендесіне деген құрметті оятты. Екіншісі, «Бар, киін» деген ишаралы сөзі арқылы кім келсе де ашық-шашық жүруден бұрын, өзінді сыйлауға деген биік тәрбие салтының алғашқы баспаладағын аттатып еді. Байқап отырғанымыздай, алғашқы танысу сәтінде-ақ ұлтымыздың әдет-ғұрыптық салт-дәстүрлік өзіміз тым байқай бермейтін сынықтары арқылы Бауыржан Момышұлының тәрбие құралы етіп, жалпы адамзатты тәрбиелеуге деген кең құлашты құлшынысын байқауға болады.

Б.Момышұлымен әңгімелесу, тіпті ас-суын бергендегі әр әрекетте де тәрбие тағылымы басты орында тұрғандай болады. Немересі Ержан туғаннан кейін алты ай өткен соң, Атаға бармақшы болады. «Есікті атамның өзі ашты, үйде басқа ешкім жоқ екен. Біздің үстіміздегі қорбиған қыстық киімнен бе, әлде жиі көріп тұрмағандықтан ба, бірден танымады. Менің сәлемімді алған соң, не шарумен жүрген адам екенімізді сұрағанда жылап жіберуге шақ қалдым.

- Ата! Бұл біз ғой. Немереніз Ержан, - дедім.

Атам біресе маған, біресе Ержанға қарап, бір нәрседен қорғанғандай қолын сермеп, саскалақтап қалды. Одан қолымдағы баламды алып бетін бетіне тақап, әлденені күбірлеп бауырына қыса түсті. Мен ол кезде атамның баланы өте сирек еркелетіп, езілетінін білмеуші едім. Мына елжіреу ата жүрегінің қарс айырылған жан күйзелісінің ауыр көрінісі, іштей егілуі еді.

-Алжыған шал! Өз немересін танымай қара басты ма! Жарайды енді, қабағыңды шытпасаншы. Кешір атаңды! Момышұлы Ш деп маңдайыңда жазулы тұр, атаңның шаршаған кәрі көзі бірден көре алмай қалды, - деп Ержан бір нәрсе түсінегіндей сөйлесіп жатты» [1, 27]

Өзгенің алдында оңайлықпен кішірейе қоймайтын әдетін бір ысырып тастап, тіпті текаппарлығы да жайына қалып, бала екеш баладан кешірім сұрауға арланбайтын ұлылығы да тәрбиенің басты өзегі. Осынысымен дараланып биіктей түсетін, жайшылықта көзге шалына бермейтін Б.Момышұлының жүрегінің кеңдігінің қарапайымдылыққа ұласып жатқанын байқаймыз.

3.Ахметованың өмірлік сабақ алған келесі пайымдылық тағылымы –Б.Момышұлының 60-жылдығын өткізу кезеңіне сәйкес келеді. Атаның туған жері Жамбыл облысында болғандықтан бүкіл отбасы екі ай бұрын, Жуалы ауданының шипажайына орналасады. Демалыстан бұрын, Б.Момышұлына көрсетін кісілерден алды күнде босамай, тіпті күніне үш-төрт рет қазан көтеретін жағдайлар да болады. Осындай қысылтаяң бір сәттерде Зейнептің үйткен қойдың басы да шала күйіп, одан әрі таба наны да шикі көкөязданып піседі. Ыдыс-аяқтан өшін алып жатқан келініне Б.Момышұлы дереу Алматыдағы өз шаңырағына кетуді бұйырады. Бірақ, Зейнеп ашуының сырын түсіндіргенде, ашуы да бірден қайтып, жаңа ғана қаңтардың аязындай қарып, бүрістірген суықтық, бірден жаздың жайдары күніндей жайнап шыға келеді. «Күліп болған соң атам байсалды үнмен:

Жаман әйел ыдыс-аяқтан өшін алады. Сен менің баламсың, жаман болуға хақың жоқ. Келіп-кетіп жатырған адамдар сені құйқаны күйдіргеніне ашуланыпты демейді, өздерінің келгеніне торсаңдап жүр екен деп ойлайды. «Момышұлының келіні барған кісіні жақтырмайды екен» деген жағымсыз атаққа ілінесің. Кім келсе де жылы жүзбен, ашық қабақпен қарсы алғын. Егер қадірін кетіріп жатқан қонақ болса, қалай шығарып салуды өзім білем. Сен маған қарама, үлкен-кіші демей дәмінді алдына тартып, сыйлап аттандырғын» [1,25]. Б.Момышұлының келініне қаратып айтқан ақылы З.Ахметованың өмірлік сабақ алатын әңгімесі болды. Атаның үлкен үйінің ақ дастарханын ұстап, есікті ашқан адамдарды ізетпен күтіп, құрметпен шығарып салуды ол зор міндет, әрі таудай сын екенін түсінген еді. Кішкене ыдыс-аяқтың сылдыры арқылы Б.Момышұлының келініне үлкен тәрбие бергенін ұққандаймыз. Себебі, үйге келген кездойсоқ кісіні қарсы алу, шақырылып қойған қонақтан жоғары тұратындығын және келген кісіні қарсы алудың да үлкен мәні бар екенін айқын сезіліп тұрғандай. Б.Момышұлының әр келеңсіз жағдайды мысалмен түсіндіре отырып, тәрбиелеу жолын «Шуақты күндер» туындысынан осылай сатылап көруге болады.

«Шуақты күндер» туындысында Б.Момышұлының бейнесінің ұлттымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тарихының тұнығына тәрбиелеудегі танымдық сипаты да беріледі. Ол – немересі Ержанға «айтып беру қиын емес, бірақ білмеген нәрсені есту одан да жақсы» деген ұстаныммен үйретуден басталады. «Сол күннен бастап атам немересіне айдың, жылдың атауларын үйрете бастады. Атам, Ержанды шатастырмас үшін, қазақша ай аттарын осы күнгі күнтізбе бойынша үйреткенімен, бізге ай аттарының қазақ арасында, әр жерде әр түрлі айтылу айырмашылықтары бар екенін, көне көз қариялардың күні бүгінге дейін сол бұрынғы атауларымен атайтынын түсіндірді. Мысалы, Сентябрь туса қураған шөптің басына мамыққа ұқсаған бір үлпілдіктер қаптап ұшып жүреді, бұны қазақ «мизам ұшты» дейді, содан барып кейбір жерлерде әлі күнге дейін сентябрьді «мизам» деп атайды. Ал октябрьде қараша, қоңыр қаз түн қатып жылы жаққа ұшып кетеді, осыған байланысты бұл айды қараша деп атайды. Атам Ержанға мынандай жыл санау үйретті: Тышқан жылы – тыныштық, Сиыр жылы – сыйлық, Барыс жылы – бірлік, Қоян жылы – қамбалы, Ұлу жылы – үлгілі, Жылан жылы – жайлы, Жылқы жылы – жұтсыз, Қой жылы – құтты, Мешін жылы – мейірімді, Тауық жылы – табысты, Ит жылы – игілік, Доңыз жылы - дүниелі» [1 ,127].

Мұндай жыл санау кез келген адамның есінде сақталатыны белгілі. Бүкіл жыл атаулының бойы құт – береке молшылыққа, бейбіт тыныштыққа тұнып тұр. Бұған қарасаң жаман жыл жоқ, оны жұтататын адамзаттың өзі көрінеді.

Б.Момышұлының басты қасиетінің бірі туындыда әдейілеп отырғызып қойып «сендер былай істендер, былай болыңдар» деп үгіт айтпаған, қарапайым әңгіме үстінде, кішкентай мысалдардың өзінен қиын да қызық, үлкен өмірінің кемеңгерлік қорытындылары көрініп тұрады. Немересі Ержан сол атасының үйреткен жыл аттарын үнемі айтып, сәби жүрегімен бүкіл жақсылыққа құлай сенеді. Кейде ел адамдары Момышұлының қара шаңырағына келгенде «биыл қыс қатты болады, жұт болады» деген пікірлеріне Ержан олай емес, атам маған бұл жыл туралы мынадай деп түсіндірді деп, айтып отыратын болған. Бұл кішкене жыл санаудың өзінен-ақ Бауыржан Момышұлының немересі Ержанның бойына үнемі жарық дүниенің игілігіне, ізгі ниетке, жақсы тілекке сенуді сіңіргісі келгенін байқаймыз. Дарияның ұсақ тұнба бұлақтардан басталатыны секілді, бұлтсыз ашық аспан мен күннің құдіретті шуағын аялай білер, әділетті өмір үшін күресе білер азамат баулудың этнопедагогикалық мөлдір бастауы осы екені сөзсіз.

Қорыта келгенде, З.Ахметованың «Шуақты күндер» туындысы нағыз ұлттық тәрбиені насихаттауға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында жазылған халықтық этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені, шығарманың басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен тығыз байланыстығында, өзі айтқандай, қабысып жабқанында. Туындының басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие

басшылыққа алынып, оған сүйеніп, тәрбиелеу жолы қарапайым ой-пікірлермен берілуі қазіргі кездегі әр қазаққа қажет.

Әдебиеттергізімі:

1. Ахметова З. Шуақты күндер: Б.Момышұлы туралы естелік. Алматы, Жазушы, 1984. -175

КӘСІПТІ ТАҢДАУ НЕГІЗІ - ЭТНОПСИХОЛОГИЯДА

Бейсенова Ж.Ж.

психология ғылымдарының кандидаты

Қазмемқызту

Кілттік сөздер: Кәсіби іс-әрекет, кәсіби психология, кәсіпті таңдау, кәсіби бейімделу.

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы этнопсихологии как основы профессионального выбора, отражающее психологические особенности профессионального развития и профессиональной готовности личности.

Annotation

The article deals with ethnic psychology as the basis of the professional selection and psychological features of professional development and professional readiness of the individual.

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму процестерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенімен тарихи сабақтастықта айқындалады. Қоғамның даму үдерісінде қол жеткізген тарихи тәжірибесі із-түзсіз жоғалып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі бір ретпен жинақталып отырады. Қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін жастардың тәрбиесінде, соның ішінде кәсіп таңдауда пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Себебі, ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен психологиясына қайта оралу заманның жай қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, Сондықтан, қазақ халқының әлеуметтік, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, жастардың болашақ кәсібін дұрыс таңдауға, еңбек етуге белсенділік қасиетін, дәстүрлі еңбек үдерісін меңгертуге тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін, қабілеттілігін, шығармашылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті мәселе болмақ.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеру және халықтың еңбек салт-дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу өркениетті қоғамның талабы. Осыған орай Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін, интеллектісін дамыту міндеті көзделген. Демек, жастарды кәсіби іс-әрекеттің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі айқындалған[1].

Адамзат қоғамының түрлі кезеңдеріндегі даналық ой-пікірлерді уағыздаушы шежірешілер еңбектерінде кәсіпке бейімделу мәселелері туралы терең ой пікірлер көрініс тапқан.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында әдептілік, тәрбиелілік, білімділік адамға өзінің өмір сүріп отырған қоғамдық жағдайларының әсері арқылы қалыптасып, дамитындығын үлкен философиялық ой-тұжырымдарымен түйіндейді. Сондай-ақ адамдардың еңбек іс-әрекеті, кәсіби мамандығы да өзінің өмір сүрген қоғамдық ортасына, оның талаптарына тәуелді болатынын, адамның мінез-құлқы, көзқарасы, білімділігі, тәрбиелілігі, еңбексүйгіштігі т.б.қасиеттері де қоғамның даму деңгейіне сәйкес қалыптасатындығын дәлелдейді. Демек, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны – дидактикалық дастан, себебі, ол өзі өмір сүрген қоғамдық ортасының әлеуметтік-экономикалық, рухани жағдайын, халықтың мінез-құлқы мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жинақтап, ғылыми – энциклопедиялық мазмұнда көрсете білген[2].

Кәсіпке бейім болу тақырыбы Махмұд Қашғари мұрасында да ерекше орын алады. Қашғари атап көрсеткен халықтық тәрбиеде – жеке тұлғаға қажет барлық салаларды игерген еңбекшіні қалыптастырудың аса бай тәжірибесі жинақталған. Атап айтқанда, халықтық тәрбие: балалардың еңбекке моральдық, психологиялық дайындығын еңбекке жағымды қарым-қатынасының болуымен өлшейді; еңбектенудің борыш

және міндет екенін балалар санасына өмір талабы ретінде сіңіреді; орнықты еңбек дағдылары мен икемділіктерін игерту олардың болашақтағы қызметінің кепілі деп біледі; балаларда еңбек әдеттерін қалыптастыру ең бірінші өмірлік қажеттілік деп санайды; балаларды жұмыс істеуге, өнімді еңбекке ерте қалыптастыру халықтық тәрбиенің басты қағидасы деп біледі[2].

Ұлы ағартушы Абай өзінің өлең-жырларында, қарасөздерінде жастарды адал еңбекке, отырықшылыққа, егіншілікті кәсіп етуге, өнер, білімге шақырды. Халық психологиясын зерттеушілердің бірі Шоқан Уалиханов әбір адамды өз халқының тұрмысына қажетті еңбектің мән-жайын көбірек біліп, мал шаруашылығымен қатар егіншілік, сауда-саттық, құрылыс, т.б. кәсіптерді де меңгеруге шақырады. Шоқан еңбекті: құнды еңбек, таза еңбек, табиғатты өзгертетін, адам оны өзіне жарататын – материалдық еңбек деп, бірнеше топқа бөледі. Мұның барлығы еңбек тәрбиесінің туындысы, сол арқылы әрбір жеке адамның көтерілген рухани биігі, байлығы, табысы деп ой қорытады[2].

Қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесінің ғылым негізін қалаған да Ы.Алтынсарин. Ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берді, қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға күш жұмсады. Ы.Алтынсаринның еңбек туралы пікірлері, идеялары қазіргі біздің нарықтық экономика жағдайындағы талаптармен сәйкес келеді. Қазіргі қоғамымызда еңбек етпеген адам өмір сүре алмайды, қайыршылыққа душар болады. Сондықтан оқушыларды болашақ кәсібіне дағдыландыруда оның шығармаларынан аларымыз мол. Ы.Алтынсарин адал еңбек етуді, қанағат қыла білуді адамгершілік қасиет деп санады. Оның «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам – шын бақытты адам» дегені соның нақты айғағы. Ыбырай өзінің осындай тәрбиелік мәні зор әңгімелерінде, жалқаулықты айыптап, алғырлықты, өнерге, еңбекке бейімділікті марапаттайды. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин жастарды белгілі бір мамандыққа тәрбиелеу мәселесін көтеріп, қолөнер мектептерін ашты. Яғни Ыбырай халықтың қолөнеріне жастарды ынталандыруға атсалысқан, кәсіптік мамандық беру мәселесінің ғылыми негізін жасап, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлеу ісіне ерекше мән берген. Мәселен, бүгінгі заманның жастарының жоғары оқу орнына түсуге талпынысы азайған жоқ. Бірақ олардың көпшілігі мамандық таңдауда. Абай заманынан алыс кете қоймаған, өйткені заң, сот мамандықтарына қоса, нарыққа байланысты бизнес, маркетинг, менеджмент тәрізді «сәнге» айналған мамандықтар қосылды. Ал, бүкіл еліміз экономикасының негізін құрайтын ауыр және жеңіл өнеркәсіп, химия құрылысы, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қажетті мамандар саны азая түсуде[3].

Ағартушы Ж.Аймауытов психология саласында жазған «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (Москва, 1926) атты еңбегінде кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы сахара қазақтарының ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мамандық таңдау жолындағы талпыныстарын тәжірибе арқылы анықтау мақсатымен зерттеу жұмысын жүргізген. Бұл ретте ол психология ғылымында кең таралған сауалнама, байқау әдістерін қолданды. Ағартушының зерттеу жұмысының мақсаты: Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа заманның кезінде жастарға мамандықты дұрыс таңдай білуге көмектесу еді. Осы еңбектің мазмұнындағы келтірілген мысалдардан сол кездегі қазақ жастарын қолөнері, заң, сот, әкімгерлік қызметтер, сондай-ақ мұғалімдік, журналистік, сауда, медицина және т.б. мамандықтар ерекше қызықтырғанын аңғаруға болады. Ағартушы: «Мамандықтың жаманы жоқ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күн көрудің жолы ғана емес, үлкен өнерді, шеберлікті қажет етеді», – дей келіп: «әлеумет тұрмысындағы зор кемшіліктің бірі», – деп жазды ол, – әлеуметтің мүшесі – әр адамның өз ортасына қызмет етпеуі... Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек, өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, біркелкі болмақ... Әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді: неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оңалмақ». «...басты мақсатын біржолға ұмытып, әлеумет қызметіне біржолға берілетін адам болуы мүмкін емес, ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек бағалайды. Айырма жалғыз осында. Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады?» – деп сұрақ қойып, ол сұраққа: «әр адам табиғатына біткен қабілетіне, ыңғайына, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады», – деп жауап береді. Демек, Ж.Аймауытов сол кезеңдегі қазақ жастарының көпшілігі әкімшілік, комиссарлық қызметке шектен тыс әуес болғандығын сынап, оларға егін салуды үйреніп, отырықшы бол, денсаулығыңды күт, шаруашылығың мен тұрмысыңды түзет, газет, кітап оқуға әдеттен, мәдениетті адам болуға, алуан түрлі өнерді білетін кісі болуға тырыс дейді. Сонымен қатар ағартушы Ж. Аймауытов мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттері мен кейбір туғаннан бастап берілетін ерекшеліктерін де (нышан). ескеру қажеттігін, бұл жерде адамның өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән беруінің маңыздылығын жалықпай қайталап айтады, адамның өз бойында қандай талант, зеректік қабілет, қасиет барлығын білу қажет, бұл дегеніңіз адамның өзін-өзі тануы деп тұжырымдайды[4].

Ғалым, ұстаз К.Ж.Қожахметованың «Қазақстандағы 1931-1958 жж. оқушыларды еңбекке тәрбиелеу» диссертациялық жұмысы аталған проблеманы зерттеуде айтарлықтай үлес қосты. Бұл еңбекте зерттеліп отырған кезеңде оқушыларды еңбекке тәрбиелеу жүйесіне тұтастай сипаттама берілген, халықтық тәрбие дәстүрлерін қазіргі заман талабына лайықтай отырып, еңбекке тәрбиелеу ісінде қолдану мүмкіндіктері айқындалып, педагогикалық білім мекемелері мен мұғалімдерді даярлау және қайта даярлаумен айналысатын мұғалімдер білімін жетілдіру институтының еңбек тәрбиесінің міндеттерін шешудегі озық тәжірибелі 1980-жылдардағы шаруашылық жүргізудің жаңа формаларына сай жағымды тәжірибені ескере отырып, қазіргі кезеңде оқушыларды еңбекке тәрбиелеуді жетілдіру жөнінде практикалық ұсыныстар берілген[5].

Адамның тұлғалық дамуы мен кәсіби дамуы арақатынасы әрине бар. Ол қоршаған ортаға, адамдарға, материалдық және рухани мәдениет заттарына, отбасына және өз мамандығына деген жақсы қатынастардан байқалады. Сонымен, кәсіби дамудың негізгі ерекшеліктері - кәсіби байлықтар приоритеті, жұмысқа кірісіп кету, берілу. Сондықтан да, қазіргі ғылымдағы кәсіпке дайындалу ұғымы, бір жағынан топтардың, таптардың, ұлттардың жалпы әлеуметтік жүйесінің құндылық стандарттарымен, екінші жағынан тұлғаның мотивациялық бағдарлауымен тығыз байланысты. Қоғамдағы маңызды құндылықтар интериоризациясы мінез-құлықтағы әлеуметтік нормативтерді игеру арқылы келеді. Құндылықтық бағдарлау қоғамдық маңызды істерде және мінез-құлықтарда пайда болатын сананың, мінез-құлықтың белгілі бір бағыттылығында өзін көрсетеді немесе өзі жөнінде мәлімет береді. Индивидті, кәсіби және тұлғалық даму темптерінің сәйкес болуы дегеніміз адамдардың өзін-өзі еңбекке бейімдеуі және оны жүзеге асыруымен сипатталатын қатынас.

Н.С. Пряжников кәсіби өзіндік анықталуды зерттей келе, оның келесі түрлерін бөліп қарастырған: нақты еңбек функциясы кезіндегі, нақты еңбек орнындағы, нақты мамандықтағы, нақты кәсіптегі, өмірлік, тұлғалық және тұлғаның мәдениеттегі анықталулары [6]. Л.М. Митина кәсіби іс-әрекет қалыптасуының екі моделін бөліп көрсетті. Бейімдік (адаптивті) моделі – адам сана-сезімінде кәсіби еңбектің сыртқы жағдайларға тәуелді болу тенденциясы кәсіби міндеттер, ережелер, нормаларды шешу алгоритмдерінің орындалуы түрінде басым болады. Кәсіби даму моделі – тұлғаның қалыптасқан практика шектерінен шығу, өз іс-әрекетін практикалық қалыптасу затына айналдыру және сол арқылы өзінің кәсіби мүмкіндіктерінің шектерін жеңе алу қабілеттіліктерімен сипатталады [7].

Білім алушылардың іс-әрекетін қоғамдық іс-әрекеттерден бөлу мүмкін еместігін, олармен қатар кәсіби, педагогикалық және т.б. іс-әрекеттердің жүретіні зерттелерде дәлелденген. Л.С. Выготский бұл мәселені яғни, тұлғаны әлеуметтік орта мен қоғамнан бөліп қарастыру мүмкін еместігін қарастыра келе, психологияда дамудың әлеуметтік жағдайлары деген түсінікті енгізген. Оның айтуынша, тұлғаның дамуы индивидтің мәдени құндылықтарды меңгеруімен ұйғарылады. Адамдық мазмұн және мән адам қатынастары нәтижесінде туындайды, яғни баланың баламен, үлкендермен тікелей әлеуметтік байланысы кезінде туындап, интериоризация арқылы адам санасында дамиды. Сонда бұл жерде адам қоғаммен және басқа адамдармен біріккен іс-әрекет жасау арқасында қалыптасады, дамиды және өзгереді десек те болады [8].

Жоғарыда айтылған ой пікірлерге сүйене отырып, кәсіби тұлғалық даму - халықтық идеяда қалыптасқан тарихи дәстүрлерді меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес.

«Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс», – деді Ұлттық кеңестің отырысындағы сөзінде Президент Н.Ә.Назарбаев. Демек, бұның мазмұнында қоғамдық сананың қалыптасуы және ұрпақ тәрбиесі секілді үлкен идея жатыр. Ал ол «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асырудың бірден – бір жолы екені анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бахтиярова Г.Р. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану, 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 122 б.
2. Мұқанова Б.Ж. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педколледждің оқу-тәрбие процесінде пайдалану, 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика, пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 123 б.
3. Кожаметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики, 13.00.01 – общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика, дис. ... докт.пед.н. – Алматы, 1998. – 310 с.
4. Б.Ж. Жиентаева, К.К.Шалғынбаева. Қазақ халық педагогикасы негізінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеу. Оқу құралы.
5. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, РБК, 1993. – 162 б.
6. Пряжников Н.С. Профессиональное и личностное самоопределения. - М.: Воронеж, 1996. – 356 с.
7. Митина Л.М. Психологическое сопровождение выбора профессии. М.: Просвещение, 1998. – 125 с.
8. Выготский Л.С. Педагогическая психология. - М.: Педагогика-Пресс, 1996. –536 с.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ САЛТ ПЕН ДӘСТҮР КӨРІНІСТЕРІ

Алимбекова С.Ш.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің доценті
Түркістан қ.*

Кілттік сөздер: салт, дәстүр, мәдениет, ұлттық мәдениет, өнер саласы

Аннотация

В данной статье рассматриваются такие понятия как «обычай», «традиции» и описываются отношение этнической, национальной культуры в содержании общей культуры

Annotation

This article discusses concepts such as “customs”, “tradition” and describes the attitude of the ethnic and national culture in the content of general culture

Қазіргі таңда өткен тарихымыздан сұрыпталып, бүгінгі күндері өзінің құндылығын жоғалтпаған, жастардың тәрбиесіне арқау болар дәстүрлі мәдениетіміздің үлгілерін өмір сүру жағдайына бейімдеп қолдану жөніндегі зерттеулер көңіл қуантады. Солардың бірегейі салт пен дәстүрді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жайы.

Оқушыларды дәстүрлі мәдениетке баулу, оған өзек болатын салт пен дәстүрлерді оқу-тәрбие үдерісі үшін тәрбиелік мәселесі жөнінде қарастырмас бұрын “салт” және “дәстүр” ұғымдарының мазмұндық аспектісіне көңіл бөлуді жөн көрдік.

Педагогика және психология ғылым салалары бойынша қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: “Салт - халықтың кәсіп, сенім, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын дәстүрдің бір түрі. Салт өз уақытына орай жаңарып, қоғамдық болмыс ұстанымдарына бейімделіп отырады. Сондықтан салттың белгілі бір дәуірге тән сипаты басым. Әдеби тілде салт пен дәстүрдің ішкі айырмасы ескерілмей, көбінесе салт-дәстүр түрінде бір ұғымда қолданылып жүр” – деп мазмұндалады [1, 194 б.]. Ал С.И.Ожеговтың сөздігі бойынша “салт – дәстүрлі бекітілген қоғамдық мінез-құлық ережелері” ретінде қарастырылады [2, с. 440]. Сондай-ақ, Қазақ Совет энциклопедиясында “Салт – халықтар кәсібіне, сеніміне, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр. Уақыт озған сайын оған жаңалық еніп, өзгеріп қоғамдық болмыс принципіне бейімделіп отырады. Ал жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды.” - деп анықтама берілген [3, 200 б.].

К.Ж.Қожахметова салт жөнінде “1. Обычай – простые нормы общественных отношений, нацеленные на соблюдение порядка действий в повседневной жизни. 2. Ядро обычая составляют правила, запреты. Формула обычая – через строгое соблюдение порядка действий, правила формирования духовно-нравственных качеств. Обычай передаются через привычки. 3. Правила и нормы строго дифференцированы в зависимости от социального статуса и возраста.” – деп салт ұғымының мазмұндық ерекшеліктеріне, оның байланыстарына тоқталады [4, С. 206-207]. Энциклопедиялық анықтамалықта: “Салт– тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы. Олар адамдардың іс-әрекет стереотиптеріне айналады, жалпылық қасиетке ие болады. Салт ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп” – деп беріледі [5, 536 б.]. Салттың шектеуші (мысалы, жыныстық бейберекеттілікті), жақындастыру, (ауыз бірлікті қалыптастыру), ақпараттық қызметі бар. Салт әлеуметтік ақпараттың жиналуының, сақталуының және келер ұрпаққа жеткізілуінің өзіндік құралы ретінде де көрініс табады.

Дәстүр жөнінде де сөздіктер мен анықтамалықтарда кеңінен мазмұндалған. Педагогика және психология ғылым салалары бойынша қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: “Дәстүр - тарихи тұрғыда қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын қарекет пен мінез-құлық нысандары, сондай-ақ оларға ілеспе астасқан ғұрыптар, қағидалар, құндылықтар, түсініктер. Дәстүрлер өзінің қоғамдық маңыздылығын және тұлғалық пайдалылығын талай рет дәлелдеген қарекет нысандарының негізінде қалыптасады. Белгілі бір қауымның дамуының әлеуметтік жағдаяты өзгеруіне орай дәстүрлер ыдырауы, басқадай болып өзгеруіне алмасуы мүмкін” – деп сипаттама жасалады [6, 73 б.]. Ал Қазақ Совет энциклопедиясында “Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа көшетін, тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің негізі”, - деп анықтама берілген [3, 73 б.]. Сондай-ақ, С.И.Ожеговтың сөздігінде дәстүр: біріншіден, бір ұрпақтан кейінгі ұрпаққа берілетін алдыңғы ұрпақтың мұрасы (мәселен, идея, көзқарас, талғам, әрекет үлгілері, салт); екіншіден, мінез-құлықтағы, тұрмыстағы ережені белгілейтін салт ретінде көрсетілген [2].

Дәстүр жөніндегі толық мағлұматты К.Ж.Қожахметованың зерттеу жұмысынан кездестіруге болады: “Традиции – система сложных общественных отношений, нацеленных на формирование важнейших духовно-нравственных качеств личности: любовь к родине и своему народу, ее истории, культуре, готовность к ее защите, верность дружбе, нацеленность на единение, согласие, согласованность, примирение, возобновление родства, верность клятве, ответственность за доверенное (аманат сақтау), знание родословной, почитание духов предков, уважение к старшим, почитание отчего дома “қара шаңырақ”, гостеприимство, традиции сатовства. К традициям относятся также народные и религиозные праздники.”- дей келе, педагог-ғалым дәстүрдің өзегі болып табылатындарды нақтылап, дәстүрдің өзі салт, рәсім және жөн-жоралғылармен жүзеге асырылатынын атап көрсетеді [4, С. 206-207].

Сонымен, дәстүрдің негізі ретінде- белгілі бір қоғамдық ұстанымдар, мінез-құлық, құндылықтар, идея, әдет-ғұрып басқа да рухани дәстүрлік қасиеті бар іс-әрекет көрініс табады. Дәстүрдің адамдардың өмірлік қаракетін реттеудің маңызды факторы және тәрбие негізі болып табылатыны белгілі. Этнопсихологияда дәстүрлер топтамасы не шоғыры ұлттық қауымдастық сипаттамала-рының бірі болып шығады. Халқымыздың дәстүрге өте бай халықтардың бірі екендігі дау туғызбайды. Қазақ халқының дәстүрлеріне қонақжайлылық, қайырымдылық, бауырмашылдық, төзімділік және т.б. жатады [6].

Дәстүр қоғамдық өмірдің экономика, құқық, саясат, әдебиет, өнер салаларына тән. Бірақ сала сипатына байланысты дәстүрлердің орны мен рөлі әр түрлі болып келеді. Қоғамдық әлеуметтік жағдайларға байланысты дәстүр жаңа нысан мен мазмұнға ие болып, өзгеріп отыратынын уақыт көрсетіп беруде. Дәстүр ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты. Сондықтан мәдениеті дамыған елдің дәстүрі бай болады. Салт, дәстүрге қатысты қарастырғанда мәдениет – заттық емес функциональдық объект болып табылады.

“Дәстүр” ұғымымен қатар “дәстүрлі” сөз тіркесі қолданылады. “Дәстүрлі” сөз тіркесі біріншіден, дәстүрге негізделген көнені сақтаушы; екіншіден, салтты бекітетін, қаракет етуші дәстүр ретінде анықталады [2]. “Дәстүрлі мәдениет” ұғымы педагогикалық тұрғыдан дәстүрге негізделген адамдардың өмірді және іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері мен формалары, олардың өз арақатынасы, сондай-ақ аға ұрпақтан кейінгі ұрпаққа берілген әрекет етуші талғам, әрекет үлгілері, салт, т.б.

Этностық “Дәстүрлі мәдениет - әлеуметтік не этникалық ортада дәстүр негізінде қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар жүйесі” - деген анықтаманы қуаттаймыз. Осы жүйе негізінде әлгі әлеуметтік не этникалық қоғамдардағы тарихи сабақтастық жүзеге асып, кез-келген ұлттың өзіндік бітім болмысы сақталып қалады [5, 193 б.]. Біздің ойымызша этностық дәстүрлі мәдениетке қатысты ой-пікір айтылғанда, мәдениет ол дәстүрге негізделеді, ал дәстүр ұлттық мәдениеттің негізі сондықтан да “этностық дәстүрлі мәдениет” сөз тіркестерін “этностық мәдениет” деп алған жөн. “Дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет” ұғымы тар мағынадағы сөзде мәдениеттің белгілі аймағына қатысты қолданылады [4, с. 134].

Ә.Табылдиев халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жөнінде “Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады.

Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иман жүзділік – барлық мәдени үлгі-өнеге іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. ... Бұл – ұлт мәдениетінің ең озық көріністері.” – дей келе, “Игі әдеттердің өмір қолданысына айналуы - әдет-ғұрып, оның біржола өмір заңдылығына айналуы – салт-дәстүр деп аталады. Яғни дәстүр – қолданылмалы іс-әрекет. Ол қалыптасқан іс-әрекет ешкімнің “нұсқауынсыз” еркін мәжбүрлікпен орындалады” - деп салт-дәстүрлердің жүзеге асырылуын, мәдени дәстүрлердің рухани құндылық қасиеттерге ие екендігін, дәстүрдің саналы және мәжбүрсіз орындалатын іс-әрекет екендігін толықтай сипаттайды [7, 50 б.]. Сонымен қатар, педагог-ғалым ырымдар, тыйымдар, талап ету мен әдеттер, әдеп, рәсім, дәстүр, салт, әдет-ғұрып негіз-дері және әрбір негіздің өз тәсілдері мен үдерістері бар деп біледі [7, 77-80 бб.].


Мәдениет өзінің кең мағынада бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт пен дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрайды. Ғасырлар бойғы күнделікті іс-тәжірибе негізінде сұрыпталған, салт, дәстүрлер мен әдет, ғұрыптар мәдени мирас қалдырудың және оны жалғастырудың жалғыз ғана жолы. Жас ұрпақ, жаңа буын мәдени дәстүрлерді өзгертуді мұрат тұтпай, оларды әлеуметтік ортада берік орныққан заң ретінде қабылдайды. Әр ұлттың дәстүрлі мәдениеті оның тарихи даму барысында ұстанған діни сенімдері, дүниетанымы, мүдделері, тұрмыстық ерекшеліктері, өзге елдермен саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастары негізінде қалыптасып орнығады.

Ә.Табылдиев өзінің “Қазақ этнопедагогикасы” еңбегінде: “Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері – ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады.” – дейді [7, 297 б.]. Сондай-ақ, мәселен, кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау, қонақасы беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалуын, олардың жүзеге асырылуын атап көрсетеді.

Философиялық, педагогикалық еңбектерді зерделей келе мәдениеттің, оның ішінде ұлттық мәдениеттің құрылымы мен этностық мәдениет қатынасын төмендегідей елестетеміз (Сурет 1).

1-суретке сәйкес ұлттық мәдениет этностық мәдениетке қарағанда кең қарастырылады. Ұлттық мәдениет – дәстүрлі-тұрмыстық, кәсіптік мәдениетті және мәдениеттің мамандандырылған саласын қамтиды. Ұлттық мәдениет - өзін қоршаған ортадағы әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі едәуір дамыған тәсілдер мен формалардың меңгерілуін (саясат, ғылым, философия, өнер және т.б.) қамтиды, сондай-ақ үйреншікті өмір сферасында; тұрмыста әр түрлі салтта, сенімде және фольклорда тұрақты архайкалық элементтерді суреттейді [4, с. 135].

Мәдениетке, ұлттық мәдениетке берілген анықтамаларға және олардың аясындағы іс-әрекеттерді, сапалық құнды қасиеттерді негізге ала отырып, «этностық мәдениет - халқымыздың тұрмыстық өмір тіршілігіне тән білімдерді (қонақжайлылық, ісмерлік, эстетикалық талғам, этностық мәдениеттілік), құбылыстарды сипаттай-тын және жеке тұлғалық сапалық, жағымды қасиеттерін қалыптасты-рудағы тәрбиелік іс-әрекеттер, байланыстар, қатынастар» - деп білеміз.



Сурет 1 - Мәдениет құрылымындағы этностық мәдениеттің орны

Ұлттық мәдениетке қатысты зерттеулерді және оған берілген анықтама тұрғысынан этностық мәдениет құрылымы:

- адамдар арасындағы қарым-қатынаста;
- еңбек, өндіріс құралдарымен іс-әрекетте;
- табиғат тіршіліктерімен араласуда және оларға ықпал етуде;
- дәстүрлі тұрмыстық тіршілікте;
- образдық қолданбалы, көркем шығармаларды жасауда этносқа тән дәстүр элементтерінің орындалуымен анықталады.

Этностық мәдениеттегі іс-әрекет мақсаттары:

- гностикалық тұрғыдан: тану, анықтау, түсіну, тексеру, бағалау. Мәселен, рухани құндылықтарды анықтау және бағалау, т.с.с.;

- түрлендірушілік тұрғыдан: түрлендіру, өңдеу, ұйымдастыру, әсер ету. Адамның өзін және қоршаған ортасына қатынасын түрлендіру, сапалық қасиеттерді іс-әрекеттерді (салт, дәстүр, жөн-жоралғы, т.б.) ұйымдастыру, материалдық игіліктерді өңдеу, сыйласымдық қарым-қатынас жасау.

- ізденушілік тұрғыдан: ойлап табу, үлгі құрастыру. Сәндік-қолданбалы өнерде шығармашылықпен тұрмыстық заттарды әзірлеу, т.б.

Бұл мақсаттар этностық мәдениетті қалыптастырудың қайнар көзі, үдерісі және нәтижесі ретінде де қарастырылады.

Этностық мәдениетке тән нысандардың мазмұны:

- ұлттық төл ұғымдарымен;
- этносқа тән іс-әрекет үлгілерін орындау іскерліктерімен;

- этностық нысандарды орындау мен жүзеге асыруда қалыптастыратын жеке тұлғалық сапалық қасиеттермен анықталады.

Этностық мәдениет нысандары арқылы жас буынды тәрбиелеу көпшілік ортада, ұлттық мерекелерде, салт, дәстүр, жөн-жоралғылар, т.б. іс-әрекеттерде ара-қидік жүзеге асырылады. Этностық мәдениетті мектепте оқушыларға қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуі тиіс. Оның ішінде:

- этностық мәдениет нысандарын сипаттайтын оқу материалдары теориялық тұрғыдан оқу пәні және тәрбие жұмысы бағдарламаларының мазмұнына ұғымдар түрінде сұрыпталып, бүгінгі күнге жарамдысын қосу;
- оқу пәндері бойынша теориялық сабақта, практикалық жұмыстарда, тәрбие жұмыстарында оқушылардың этностық мәдениетке тән нысандарды орындауды, дайындауды ұйымдастыру;
- этностық мәдениетті қалыптастыруда оқытуды пәнаралық байланыста ұйымдастыру.

Материалдық та, рухани құндылықтар да адамның іс-әрекетімен байланысты және оны оқушы жастарға ұғындыру педагогикалық қызметке тән. Сол себепті де этностық мәдениет үлгілерін мектептегі оқу-тәрбие ісіне енгізу мәселесі мен оны жүзеге асыруға көлемде, кешенді зерттеуді талап етеді деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тілеуова С., Әліпбек А. Этнопедагогика: лекция мәтіндері мен семинар сабақтарының жоспарлары. Оқу құралы. – Шымкент, 2004. – 187 б.

2. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. -М.: Рус. яз., 1989. - 924 с.
3. Қазақ Совет Энциклопедиясы. - Алматы, X том, 1977. - 581 б.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998. -317 с.
5. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 656 б.
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.
7. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы). –Алматы: Санат, 2001. – 320 б.

ОТБАСЫ – ҰЛТ КЕЛБЕТІНІҢ БАСТАУ БҰЛАҒЫ

Өтешова Б. Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Атырау мұнай және газ институтының доценті*

Идельбаева Р.А.

ҚазҰӨА – ның оқытушысы

Кенжебаева С.Е.

*Х. Досмухамедов атындағы Атырау Мемлекеттік
университетінің магистрі*

Кілттік сөздер: отбасы, ұлт келбеті, құндылық, тәрбие.

Аннотация

В данной статье авторы рассматривают ценности семьи взгляды ученых этнических проблем семьи. Отмечая, что традиции семьи на всех этапах развития формировались на религиозных основах и богатейшем материале народной педагогики. Основные заповеди народной педагогики сохранялись преимущественно в обрядах, обычаях и устном народном творчестве - сказках, былинах, колыбельных, пословицах и поговорках.

Annotation

In this article the authors examine the views of scientists family values ethical problems of the family. Noting that the family tradition at all stages of development formed on a religious basis, and rich materials folk pedagogy. Basic commands folk pedagogy remained mainly in the rites, customs and oral folklore - tales, epics, lullabies, proverbs and sayings.

Халықтың өткен жолына зер сала қарасақ ұрпақ тәлім – тағылымы әр елдің қай кезеңдегі болсын басты мәселесі болған. Бұл көкейкесті мәселе ғасырлар бойы халық даналығы на сүйенгенде ғана шешімін тауып жемісін беріп отырған. Ол халықтың кәсібімен, салт, санасымен, дәстүрлерімен, әдет –ғұрпымен, тілімен, тарихымен, өнерімен, дінімен біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғамның даму сатыларына қарай жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған қастерлі мұра.

Халық мұраларының танымдық тәрбиелік мәні ұланғайыр дүние, тұтастай алғанда адам тіршілігінің қайнар көзі халық өз ұрпағына бойындағы ең жақсысын, ізгілік пен инабат иірімдерін қолынан жетелей жүріп, кекілінен сипап, тең құрбыша ақылдасып, сырласып, зердесін қалыптастырған, күнделікті күйбең тіршілікке, күнкөріске баулыған.

Отбасында нәресте дүниеге келгенде, ат шаптырып, «сүйініші», ұрпағым жалғасты» деп бар пейілімен қуанып, енді оның өсіп –жетілуіне қам жасауға кіріседі.

Өмір келер жан иесінің бүкіл болмысына қажеттілік ана құрсағындағы тоғыз ай тоғыз күнде жүрек тәрбиесі арқылы беріледі. Табиғаттың құдіретті 18 ғаламдық жолын қамтиды деп дәріптеген.«Өмірдің жалғасы, елдің болашағы, ұлт арқауының тіні – бала «деп көрегенділік танытқан ата-бабамыз «адам ұрпағымен мың жасайды» деп ұлағаттаған. Ұрпақ жалғастығынан тіршілік жаңарып, түрленіп, өзгеріп отырған. Елдің елдігін сақтар оның тілі мен ұлттық болмысы деп санаған дана халқымыз ұрпақ тәрбиесіне, болашағына қажетті рухани байлық болмысын дамытуды жарық дүниеге келмей –ақ бастаған. Нәресте болмысының негізгі тіні тегінде деп небір тәлімді ұлағатты, үйлесімді, ырым-нанымдарды, жоралғы – рәсімдерді, дәстүрлерді өмірге әкелген.

Халқымыздың тәлімгерлік мұрасы ұшан теңіз, оның қағидалары тілге орамды, түсінуге жатық, құлаққа жағымды болғанмен, ауқымды шексіз, белгілі бір жүйеге түсе қоймаған. Сондықтан олардың оқу-тәрбие ісіне ендірілуі алдымен ғылыми тұрғыдан жүйелеуді, бағыт – бағдар, жөн – жоба сілтеуді қажет етеді.

Ықылым замандарда ғұмыр кешкен ата- бабамыздан қалған кәдемізге жаратарлық мұра жетерлік. Біз, қазақ қандай халық едік, қазір қандаймыз деген жанды сұрақ жандүниемізге маза бермейді. Өте заңды сұрақ, жауап іздеу керек, бұл бүгінгі ұрпақ үшін ауадай қажет.

Біз өзімізді бұрынғыларға қарағанда қанша білімді, қанша озық, қанша білгір, көзі ашық санасақ та, бәрібір біздің түп – тамырымыз ата –бабалар мұрасында жатыр. Теренге тамыр жайып, нәр алмаған өсімдіктің жайқалып өспейтіні, ия болмаса жөнді мәуе –жеміс бермейтіні секілді ата – баба дәстүрінен нәр

алмаған ұрпақ та алысқа бармайды.

Осы тұрғыдан алғанда біздің халқымыздың өткен тарихына, өмір тіршілігіне үніле қарайтын болсақ, оның дәстүр, салтында, әдеп мәнерінде бүгінгі жастарға үйретер, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жалғастырар тағылым, ұлағат баршылық.

Бала –тәлім тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне, оның өсіп жетілуіне үлкен мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасаған халықтардың бірі –қазақ халқы.

Халық перзентінің өсіп – жетілу кезеңдерінің өзіндік ұлтқа ғана тән ерекшеліктеріне үлкен мән беріп, ой тұжырымдары мен қағидаларын өмір тәжірибесі елегінен өткізген.Халық педагогикасынан бастау алған этнопедагогика ғылымына орасан зор үлес қосқан Қазақстандық ғалымдардың еңбектері бүгінгі ұрпаққа қалған мол мұра деп бағалауымыз керек.Ғалым К.Қожахметова халықтық педагогика ілімдеріне терең талдау жасай отырып, этнопедагогика ғылымының теориялық – методологиялық негізін жасады. Зымыран замандарда тіршілік етудің бағзы түрлері түбірімен өзгеріп, өмір сүрудің дәстүрлі сыйы жаңа үрдістермен толысып, тіпті түбегейлі алмасып кетіп жатқан тұста ғалымның теориялық материалдарының құндылығы сонша халық қазынасы жинақталып жүйеленеді.

Профессор К.Қожахметова «Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі – біртұтас» деген мақаласында халық педагогикасындағы отбасындағы ұрпақ тағылымының бүгінгі күнгі көріністеріне талдау жасай отырып, отбасы тағылымының әлсізденуінің тоғыз түрлі себеп салдарын ұсынады. Отбасындағы ұрпақ тағылымының беріктігінен ел болашағы айқындалады.

К.Қожахметованың қазақ отбасындағы туғандық, туысқандық атаулары ғылыми тұрғыда жүйелеуін білім беру мекемелеріндегі пәндерде қолдану – ұрпақ дүниетанымы дамуына ықпалы зор. Әлеуметтану пәнін оқытуда осы ұғымдарды негізге ала отырып, танымдық, дамытушылық міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

Ықылым заманнан ұрпақ өрбіту, оны мәпелеу, өсіру, жетілдіру адамзат назарынан тысқары қалған емес.Қазақстанның білім беру саласына халықтық ұғымдарды жүйелеп, талдаудан орасан зор үлес қосқан ғалым К. Қожахметованың отбасы құндылықтарының тағылымдық, танымдық мәндерін ашудағы ғылыми ойларының мәні зор. Қазақ отбасындағы адамның мүшелі жастарына философиялық тұрғыдан мән бере отырып, халықтық ұғымдармен айшықтай түседі. Мүшелі жас ұғымдарына қатысты халықтық ырым, жөн – жоралғылардың мәніне ғылыми тұрғыда түсінік береді. Халықтың ұрпақ өрбітудегі танымға толы ұғымдарының мәніне небір құндылықтар табылады, шақалақ дүниеге келгенде өзімен бірге «жолдасын» ала келеді бұл тіршілік иесінің ана құрсағындағы дамып жетілген ұясы. Ежелден аналарымыз шақалақ жолдасының иесінен сақтанып, адам аяғы баспайтын таза жерге терең етіп көміп отырған мұның мәні: қасиетті киесі бар, шақалақ «жолдасын» ит – құсқа жем болмасын киесі ұрады, келеңсіз нәрселерден нәрестені сақтандыру жатқан.

Өмір көші ілгері жылжып, кешегі кеңестік кезеңде ұлттық құндылықтар аяқасты болғанда, мұндай жайттарды сақтауға мүмкіндік берілмеді. Аналар перзентханада босанып, шақалақ «жолдасы» коқысқа лдақтырылды, ит пен құстың жемтігіне айналды. Осы бір көріністерді парасатты ой таразысына салып көрелікші «бәріне уақыт сыншы» деген халықтың терең мағаналы сөз тіркесіне зер салсақ уақыт өте келе ұрпақ болмысында ұлттық ұғымдарда жат небір түсініксіз құбылыстар белең ала бастады. Отбасындағы адам аралық қарымқатынас, тілтабысу, ұғынысу, үйлесімділік секілді тамаша ұғымдарға өзгеріс енді. Ұрпақ аурушаң, жүйкесі зақымданған, әке – шеше болмашыға бет жыртысып ажырасып, ана мен бала қараусыз, қамқорлықсыз қалып жатты. Қоғамдағы мұндай келеңсіздіктер жылдан –жылға өршіп, өрби түскеніне мән бермейтін халге ұшырағанымызды сезбей де қалдық десек артық айтқандық бола қоймас. Халық айтқандай «адамдар итше ырылдасып», арпалысқан тіршілік ұрпақ жан дүниесіне өз зақымын ала келді. Отбасындағы осы бір келеңсіздіктер қоғамдағы адам аралық әдеп әлемінің бұзылуына әкеп соқтырды, мұндай өрескелдіктер уақыт өте келе өз зардабын алдымызға әкелер. Ұлттық ұғымдарымыздың мәніне үңілсек, сол итпен құсқа жем болған шақалақ «жолдасының» киесіне ұшырадық па деген ой мазалайды. Дала данасы атанған халық қағидасы тегін айтылмаса керек. Жоғарыда айтылған халықтың тағылымға толы әрекетін тұрмыс тіршілікке қайтару қажет. Ол үшін көп нәрсенің қажеті шамалы. Ең бастысы – ұрпақ болашағына деген жанашырлық қана. Босанған ананың туысқандарының қолына шақалақ «жолдасын» ұстатып отыру керек. Өзге қлттар үшін мұның соншалықты мәні болмауы, ал қазақ үшін бұл дала заңы, даланың дана ұрпағы үшін аса қажет ұғым екендігі көрегенділікпен дәлелденген.

«Ұрпақ болмысы –құрсақтан, ал бітімі- бесіктен»- деген даналық қағиданы қалдырған ата-бабамыз жоғарыда айтылған жайтты негізге алса керекті. Осы бір даналық халықтық қағида қазақ халқының өзге бірде-бір ұлтта ескерілмейтін ерекшелігі екендігі өміршеңдігін жойған емес. Бастау бұлағымыздың тазалығынан тектігіміз сақталған. Сонау зұлаMAT, зобалаң жылдардан ұлттық болмысымызды сақтап қалуға дәнекер болған да осы тектілік. Туған жеріне де, туыс-жекжатына да жіпсіз жалғанған ұлттың ұрпағымыз. Сондықтан туыстық, отбасылық атаулар тұрғысынан қазақ халқының алдына шығатын ел де, ұлт та, болмаған! Ата –бабамыздың салт –дәстүрі, табиғат тынысынан тың тындап өскен өрен жұрттың парасаты мен пайымы, мәрттігі мен мәдениеті өресінің өзіндік өрінен лайықты орын берген далалық педагогикасы – текті тәрбиесі ауылынан алыстап ешқайда шықпаса да ғаламдық құбылыстар мен өзгерістер саралауға тырысқан көрегенділігі, тарихқа айналған тылсым мен болашақ алдындағы парыз қақындағы ой өрімдерінің өміршеңдігін болашақ ұрпақ бағалауы тиіс.Отбасы құндылықтарын негізге ала отырып, әлемдік өркениетке ұмтылыс жасауға бағыт-бағдар айқындалады.

Ұлттық сипаттағы отбасы құндылықтары әлеуметтік мәнге ие болса, өскелең ұрпақты ұлтымызды

ұлықтап, елжандылыққа үндеуімен қатар жаһандану үрдісіне жұтылып кетуден сақтандырудың айқын жолдары ашылады. Отбасы – ұлт келбетінің бастау деген пайымдауды мына бір халық айтқан даналық оймен түйіндеген жөн сияқты: «Қайда сен тұр ма, қайда сен бар ма, егер бұлақ көрсең сұра: бастауы қайдан екен, қайда барып құяды екен».

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1997. 43-50 бет.
2. Ұзақбаева С. Қожахметова К. Использование казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. Алматы. 1998 г.
3. Тілеуханов М, Халық тағылымы. Алматы, 1996. 299 бет.
4. Ахметова З. Шуақты күндер. Алматы, 1987. 264 бет.
5. Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық қағидасы арқылы дамыту. Алматы, 2007. 194 бет.

СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сарбасов Б.С.

*филология ғылымдарының кандидаты
қауымд. профессор м.а.
Қазмемқызту*

Кілт сөздер: кейіптеу, құбылту, ажарлау, суреткерлік шеберлік

Аннотация

В статье рассматриваются особенности стиля поэзии Суинбая Аронулы

Annotation

The article deals with the poetry style peculiarities of Suinbay Aronuly

Сүйінбайдың даңқын елге жайған, ауыздан ауызға тараған шығармаларының бір шоғыры – өз кезіндегі хан-қара, би-төре, бай-манаптарға, көз көрген замандастарына қарата айтылған өлеңдері. Бұл өлеңдері, ол бір жағынан – елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын табанды да турашыл азаматтың тұлғасын танытып отырса, екінші жағынан – айтар ойын ұрымтал образ, ұтқыр ой арқылы жеткізуге шебер ақынның тегеурінді қарымын танытады. Кез келген біртуар дарын иесі сияқты, Сүйінбай да шапағат нұрын алысқа шашқан, өзіндік мектеп қалыптастырған, үлгі-өнегесін өкше басар ұрпағына жұғысты ете білген құнарлы ақын. М. Әуезовтың «Сүйінбай – Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп нық сеніммен айтып кеткен.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі халқының ежелден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі. Құнарлы сөз, кесек ой, келелі уәж оның поэзиясына, эпикалық қарым, көркемдік сипат дарытып отырады.

Сүйінбайдың ақындық мектебі жайлы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Жамбылдан басқа ақындар да Сүйінбайды өздеріне ұстаз тұтып, оның таланты алдында бас иген» [1,105б.], – деп тұжырымдайды. Жоғарыдағы аталған зерттеуші ғалымдар адуын ақынның поэзиясын жоғары бағалап, Сүйінбайды таптық айқын сара бағыты бар өз алдына бөлек, бүтін бір ақындар шоғырының басында тұрған жыр алыбы деп санайды.

Сүйінбай өлерде айтқан бір өлеңінде мұрасының қағаз бетіне түсіп, жазылып қалмағанына өкінеді. Өзі қайтыс болғаннан кейін өлеңдері елдің есінде қалмай, өзімен бірге жойылып кете ме деп қауіптенеді. Өлеңінде ақын кесір мінезді Жұмыққа реніш те білдіреді. Олай болуының себебі халық ақыны Ө.Сариев былай түсіндіреді: «Арудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақыртып алып, өзінің өлеңдерін жаздырып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін – елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын» [2], – дейді. Бірақ, тағдырға бас иген, өнерге бейтарап Жұмық бұл сөзге құлақ аспайды. Қайта оның сөздерін ауру сандырағы деп түсініп, Сүйінбайға «Құдай алдында күнәлі болмай, жөніңмен жатып, тағдыр бұйрығын қарсы ал», – деп ақыл береді. Жұмықтың осындай тон мінезін сынап айтқан Сүйінбайдың «Жұмыққа» деген өлеңі былай басталады:

Атың емес, Жұмық – ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім – ау көзім жұмып,
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.
Өмірді келген, кеткен аңдамайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін
Жаман ойға келгенде талғамайсың,
Қияс мінез, томырық от пен жалын

Қайтейін осынына арланбайсың, – [3,3056].

Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар.

Бірінші саласына ақынның жиырма шақты толғау – жырлары жатады. Оның мазмұны шет жұрттық басқыншыларға қарсы қол бастаған қазақ батырларының ерліктерін жырлау, өмір сырларын ақтарып, дүние – әлем, бақ – дәулет, талап – талғам, өзгерістерін толғау. Өмір – қоғам құбылыстарын байқаған, дүние, әлем, адам, оның орны туралы толғанысы терең:

Дүние – ескі сарай – ды,
Жолаушы жүрген азамат
Көркіне оның қарайды,
Сондадағы тауарих
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды.
Өміріңнің орағы
Қуанба көріп жаңа айды [3,3076].

Екінші бір шығармасында әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп – өнер ұясы, ұшып – қонары болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенінше, халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал – жан біткен бәрі де,
Өсіп – өнген жерге кетеді...
Халқыңның күні саған түсті,
Әділетті жан болып,
Басқара бер,
Басыңа салған істі.

Ақын шығармаларының бұқарашылық беті, әлеуметтік сыры айқын. Оның жүрегі елім, халқым деп дүрсіл қағып, тыным таппайды.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кесе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.

Ел еңсесін көтерер ерлік, батырлық екенін айта келіп, сол батырды тудырып, баптап өсіретін ел керек, ерге сай елі, еліне сай ері болса ғана іргесі тегеурінді, мықты деген ойын ақын былайша береді:

Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.

Ақын ерлікті, жауға мейірімсіздікті әр тұста жырлап, жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді.

Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі болмаса,
Ерменен жауға бармаса,
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса [3,3066].

Сүйінбай шығармалары – образды, сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шыңға көтеріледі. Әсіресе, үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланады. Ал датқа, ұлық, болыс, би, ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Абайдың “Болыс болдым, мінекей!” сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұтас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбеттің Жәңгірге, Шернияздың Баймағамбетке, Жанақтың Рүстем төреге, Шөженің Бәйтiкке айтқандары сияқты Сүйінбайдың төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері – үндес те мұңдас, түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріне зорға сыйыпсың,

Ұры – қары, залымның,
Жаныңа бәрін жиыпсың [3,3016]. –

деп басталатын Сүйінбай тебіреністері “Хан емессің қасқырсың”, “Мен едім” сияқты Махамбеттің

жалынды жолдарына пара – пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма.

Халқына қызмет еткендей ақылды адам басшы болса игі деген армандарын да білдіреді:

Халыққа жайлы хан болсаң,

Өкпе, жүрек қолқамсың,

Көп жұлдыздың ішінде

Жеке туған шолпансың.

Әділеттен тайсаңыз –

Екі көзі қанданып,

Жегеннен басқа білмеген

Тоғайда жүрген қорқаусың [3,306б.].

Халыққа төремін деп көкірексіп жүргендердің бірі хан емес, момын елге шапқан қасқыр, енді бірі төре емес, төбеде ұлыған төбет бейнесінде екенін Махамбет пен Шернияз поэзиясы анықтап берген-ді. Ал, Сүйінбай осы алып ақындар дәстүрін білгірлікпен жалғастырды.

Сүйінбайдың әрбір арнау өлеңдері – өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлеңдерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе, пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Ақынның «Жақсы менен жаманның айырмасы» мен «Нақылдары» - көтерген мәселелері жағынан тікелей тәрбиелік мәні бар шығармалар. «Жақсы мен жаман адамның айырмасы» деген өлеңінде ол адам бойындағы мінез-құлықтар туралы, адамгершілік қасиеттер жайында ой толғайды.

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,

Халқының қалың жүнді көрпесіндей

Жақсының айтқан сөзі тиянақты,

Түйенің аумайтұғын көрпесіндей.

Жамандар өтірікші, өсегі көп,

Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.

Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,

Жанбай қалған ағаштың шаласындай [4], –

деп ақын адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді салыстыра суреттеп, оқырманына анық та айқын таңдау жасатады. Сөйте отырып, соқырға таяқ ұстатқандай етіп санаға сіңіруді мақсат етеді.

Философиялық сарын өз кезеңіндегі басқа да ақындар сияқты Сүйінбайға да тән. XIX ғасыр поэзиясындағы жиі көтерілген мәселенің бірі – ғұмыр диалектикасы болса, бұл турасындағы ақынның көрнекті туындысының бірі – «Ақын боп жиырмада» атты өлеңі. Адам өмірін кезең-кезеңге бөліп, әр онжылдықтың өзіндік ерекшелігін суреттеген ақын былай деп жырлайды:

Ақын боп жиырмада желдей болдым,

Отызда асқар биік белдей болдым.

Отыз асып қырыққа келгеннен соң,

Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.

Қырық асып елуге келгеннен соң,

Түбім терең құрақты,

Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым [4,15б.].

Ойшыл ақын жиырма мен елу жастың арасын адам ғұмырының ең жемісті кезі деп лайықты бағалайды.

Сөйтіп жас шақтағы табандылық пен алғырлықтың адам өміріндегі алар орнын жоғары қойды. Ақын шығармасының негізгі идеялық түйіні - адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға келу.

Асылында, Сүйінбай ақынның философиялық өлеңдері әрқашан гуманистік оймен астасып жатады. Ол ылғи адам тағдыры, заман жайлы терең толғанып, өзінің ерекше пайымдауларын ұсынып отырады. «Дүние ойлап тұрсам баяны жоқ» деп аталатын өлеңінде адам өзінің өлшеулі өмірін ізгілік пен жақсылық жолына сарп етіп, жаман қасиеттен бойын аулақ салса ғана оның әр күнінің мәнді де сәнді болатындығы туралы мағыналы ой түйген ақын:

Ажалдан құтылмайсың қашқанменен,

Кетпейсің бір тосусыз тасқанменен.

Өлшеусіз жерден ұзап кете алмайсың,

Аспанға қанат байлап ұшқанменен.

Еңкейіп басың жерге бір тиеді,

Қаншама талассаң да аспанменен [4], –

дей отырып, «Көп асқанға бір тосқан» деген халық нақылына орай адамгершіліктің ең бастысы кішіпейілділік, ізеттілік деп таниды.

Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қияқты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын, анық көрінеді.

Сүйінбай – ақындық өнердің қадір-қасиетін таныған, оның мәні мен мақсатын терең түсінген саналы өнерпаз. «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деген ақын өлеңнің құдірет-күшін танып, ақындық өнердің қыр-сырын бойына дарыта алған. Ақын өз бойындағы ақындық шабыт туралы да жырға қосып, өз талғамы мен шабытының ерекшелігі жайлы тебірене толғаған.

Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын,

Бәйге аттай шу дегенде талмайтұғын.

Жасымнан көп шабылған жүйрік едім,

Сұңқардай көкке өрлесе талмайтұғын.

Сүйінбай сөйлер сөзге тарылмаған,

Жалтылдап жанған оттай жалындаған.

Саңқылдап қалың қазақ арасында,

Еліріп өлең айтса арындаған, –

деп жырлаған ақын өз бағасын өзі әділ берген.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларындағы көркемдік кестелер, әр сөзді орынды қолдануы ақын туындыларының тіл көркемдігін, өзіндік мәнерін, сөз қолданудағы ерекше шеберлігін анық көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1997
2. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы». III том Астана: Күлтегін, 2012
3. Жеті ғасыр жырлайды. I том. Алматы: Жазушы, 2004
4. Аронұлы Сүйінбай Шығармалары. /Толғаулары, сын-сықақтар, өлеңдері, айтыстар/. Алматы: «Жазушы», 1990

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ЭТНОМӘДЕНИЕТ РУХЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

Егенисова А.Қ.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар

және инжиниринг университетінің профессоры

Ақтау қ.

Кілт сөздер: Жастар, тәрбие, этнос, мәдениет, этномәдениет, Қазақстанның ел бірлігі доктринасы, Мәдени мұра, Қазақстан халқы Ассамблеясы.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы этнокультурного воспитания современной молодежи.

Annotation

Article deals the problems of ethnic and cultural education of the youth of today

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі өсіп келе жатқан жастарға – ұлттық тәрбие беріп, этномәдениет рухында тәрбиелеу. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, баланы сол ұлттық тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлттық тәрбиенің бағытын көрсеткен болатын. Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени –ғылыми өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы ең басты міндет болып табылады.

Қазақ елінде 130-дан астам ұлт пен ұлыстардың өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Бұл яғни, әр этнос өкілінің өз мәдениетін, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтауға мүмкіншілік туғызады. Сонымен қатар, төл мәдениетімен қоса өмір сүріп жатқан Отанға, мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру, халықтың этностық-мәдени мүдделерін іске асыру – білім беру саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта этномәдениет рухында дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, ұлтжанды, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған этнос субъектісін қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі міндеті болып отыр. Мұның барлығы қазіргі уақытта қазақ жастарын этномәдениет рухында тәрбиелеу керек екендігін көрсетеді.

Мемлекетімізде қабылданған «Қазақстанның ел бірлігі доктринасында» "... Қазақстан этностарының мәдениетін әрі қарай өзара байытуға бағытталған мәдени-ағарту мекемелердің жұмысын жандандыру; Қазақстанның әрбір этносының мәдениетін, тарихи мұрасын, дәстүрі мен ерекшеліктерін сақтауды қамтамасыз ету..." деп елбасымыз айтқан болатын. Бұдан халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық салт-дәстүрге, ұлттық құндылықтар мен мәдениетке, тілге, ділге сүйенетіндігі айтылып, көрсетілген. Сондықтан да бұл доктринада мемлекет алдына оларды жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту міндеті қойылып, еліміздің, әр азаматтың, қазақ жастарының жауапкершілігі анықталады.

Біздің елімізде этномәдени білім беру мен тәрбие беру басты принциптері Үкіметтік қаулы-қараларда, құжаттарда көрініс тапқан. Олар: «Қазақстан-2030» және «Қазақстан-2050» стратегиялары, ҚР президентінің әр жылдарда жолданған Жолдаулары, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (1995), ҚР этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы (1996) және ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Заңы. Осы заңнамалық құжаттарда жастарды барлық ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру жүйесінде ҚР халықтарының этномәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып, этномәдениет рухында тәрбиелеу қажеттілігі баса айтылған. Зерттеу жұмысымыздың тақырыбы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған «Қазақстанның ел бірлігі» Доктринасымен, «Мәдени мұра» бағдарламасымен де байланысып жатыр және ұлттық-мәдени құндылықтар негізінде білім беруді жаңа белеске көтеруді көздейді. Қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы жастарды қазақтың тарихы мен этномәдениетімен сусындатып, тәрбиелеу міндетін қояды. Сондықтан, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының әлі де шешілмей жатқан мәселелерін қарастыруда Қазақстанда жастарға этномәдениет рухында тәрбие беру жұмыстарының маңызы зор.

Сонымен, Қазақстандағы этномәдени білім және тәрбие беру идеяларының, теориясы мен практикасының қалыптасуы мен даму тарихын зерделеудің көкейкестілігі арта түсуде. «Этномәдени білім беру», «этноәдениет рухында тәрбиелеу» ұғымын біз қалыптасқан ғылыми көзқарастан кеңірек қарап, бұл мәселенің ауқымы халық педагогикасы құндылықтарын, этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениеттану ғылымдарының мазмұнын қамтитынын ескердік. Зерттеу жұмысында «этноәдениет», «этноәдениет рухында тәрбиелеу», «этноәдени білім», «этноәдени білім беру» ұғымдарын қолдану, елімізде ұлттық-мәдени тәрбие беру ісінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді, әрі қазіргі уақытта этносаяси бағыттарға сәйкес келеді.

Жиырмамыншы ғасырдың ортасынан бері қарай және жиырма бірінші ғасырдың басында ұлттық педагогика, этнопедагогика ғылымы дамып, этномәдениеттік тәрбие беру проблемалары дамытылды. Атап айтсақ, М.Х.Балтабаев, Ж.Ж.Наурызбай, С.Т.Иманбаева, С.Қалиев, К.Ж.Қожахметова, Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдыев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Сейталиев және т.б. зерттеулерінде кеңінен көрініс тапты.

Қазіргі жастарды этномәдениет рухында тәрбиелеу жөнінде ғалым- педагогтармен қатар философтар, тарихшылар: Д.К.Кішібеков, М.Қозыбаев, А.Қалмырзаев, А.Айталы, Г.Р.Нұрымбетова және т.б. өздерінің еңбектерінде қарастырады.

Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық - үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «...өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді»-дейді. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады.

Ал, этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады. *Этноәдени білім мен тәрбиені жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, авторлық бағдарламалар жасап, арнайы пән ретінде енгізуге болады.* Көптеген оқу орнында этномәдени білім беру тек тәрбие жұмысының бағытында іске асырылып, кей пәндерде үстірт оқытылып, тақырыптарда элементтерін қолданып отырады.

Ал, біз кезінде кеңестік үкіметтің саясатының салдарынан ұлттық тамырымыздан алшақтап кеткендіктен, жоғалта жаздаған Мұхтар ағамыз айтқан «Төрт анамызды» толығымен сезіну үшін, ұрпақ тәрбиесін шынымен жан ашырлықпен қолға алу үшін этномәдени тәрбие беруді оқу орындарында үстірт емес жауапкершілікпен қолға алуымыз керек. Арнайы пән ретінде енгізуді қолға алсақ біз ұлттық құндылықтарды бағалай алатын, құзіреттілік деңгейі жоғары, ұлттық мәдениет арқылы жаһандық мәдениеттің мәнін түсіне алатын жеке тұлғаны дайындай аламыз. Этномәдени тәрбие беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу, білу қажет. Бірақ дүние жүзінің ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері сан түрлі болғандықтан, сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елеуі ұлтсыздандыруға апаратын жол. Сондықтан, әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет. Этномәдени тәрбие беру жүйесіне көшу бір күндік нәрсе емес, әулеттік-экономикалық және демографиялық негіздерді ескере отырып ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ процесс. Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек. Абай ағамыз айтқандай «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен озым демектің бәрі ақымақтық», сондықтан да жастарымыз озық болсын десек этномәдени білім мен тәрбиені оқу орындарында басты назарда ұстау керек.

Біз халықтық тәлімнің ақ уыз шырынан нәр беретін текті тәрбиеге қол жеткізетін ұлттық қазына, рухани байлық атты қасиеттерімізді үнемі назарда ұстауымыз керек. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағлыммен келеді. Сондықтан да, қазіргі оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек деп есептейміз.

Сонымен, этномәдениет рухында тәрбие беру арқылы жастардың ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық

болмысы, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің дұрыс жақтарын бойына сіңірту болып табылады. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған.

Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз».

Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымыздағы өзгерістер еліміздің әулеттік-экономикалық жақтарын түгел қамтыды, сонымен қоса сана сезімімізге көптеген өзгеріс болуына әсер етті. Сол өзгерістерді дұрыс жолға бағыттауда білім беру саласының ықпалы зор.

Шығыстың ұлы ойшылы, түркі дүниесінің ғұламасы Әбу Насыр Әл Фараби «Тәрбиесіз берген білім-адамзаттың қас жауы» деп айтып кеткендей, жас ұрпаққа тек білім беріп қана қоймай, дұрыс жан жақты этномәдени тәрбие беру баршамыздың міндетіміз.

Демек, жастарға мемлекетіміздің соны стратегиялық ұстанымы – «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде төмендегідей мәселелерді меңгерту болып табылады:

– бірінші, білім беру, қазақ халқының тарихы жайында Қытай, Египет, Ресей, Өзбекстан және т.б. алыс және жақын шет елдерден жәдігерлер мен мұрағаттарды табу;

– екінші, еліміздегі және кейбір шет елдердегі қазақтың тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру;

– үшінші, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, ұлттық әдебиет пен өткен ғасырлардағы жазуларымызды зерттеп, кітаптар шығару;

– төртінші, қол жетпеген ең үздік әлемдік классикалық шығармаларды қазақ тіліне аудару жұмыстары жүзеге асырылады.

Осы «Мәдени мұра» бағдарламасының стратегиялық ұстанымына арқау болатын жастарға сал-серілік дәстүр негізінде этномәдени тәрбие беруде «Халық педагогикасына» – халықтың ғасырлар бойы өріс алып, жинақталған тәжірибесін жан-жақты бағамдаудың берері мол. Халықтық педагогика тәрбиеге орай халықтың ақыл-тәрбиесі, халық педагогикасын зерттегенде халық ауыз әдебиетінің шығармаларын, этнографиялық материалдарын, халықтық тәрбие дәстүрлерін, халықтық ойындарды, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін т.б. тірек етпеу мүмкін емес. Халықтық педагогиканы, ата-бабаларымыздың бай мұрасын зерттеу, бізге жеткен салт-дәстүрлерді, тұтас өнегелерді оқыту-үйрету процесінде пәнаралық байланыстарды, қоғамдық, әдеби және мәдени, мемлекеттік және кәсіби мерекелер, жәрмеңкелер, кәсіби және басқа әртүрлі тақырыптағы акциялар, аукциондар сияқты іс-шараларды қазіргі заманға сай мазмұндап ұйымдастыру адамзат құндылығы деңгейінде білім алып және тәрбиеленуге қол жеткізеді. Халықтық педагогиканың негізі халықтық тәлім-тәрбие, өнеге, адамгершілік сезім, достық, ынтымақтық, төзімділік, байсалдылық мұрасы тұрғысында құрылады. Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты - ұлттық рухани деңгейі биік, іскер, қабілетті, иманды, әдепті адам тәрбиелеу.

Жастарды этномәдениет рухында тәрбие беру үшін, «этнос», «мәдениет», «этномәдениет», «ұлт», «ұлттық құндылықтар», «салт-дәстүрлер», «этникалық сәйкестілік» және т.б. терминдердің ұғымдық деңгейлерін, қолданылу аясын анықтап алған дұрыс.

«Этнос» термині бұрынғы грек тілінде «топ», «үйір», «тайпа», «халық» мағынасында қолданылған, ғылыми қайнар көздерде XVIII ғасырдан бергі кезеңде көріне бастады. Алғашқы кезде ғалым-зерттеушілер «этнос» сөзін «тайпа», «ұлт», тіпті «нәсіл» мағынасында қолданды. Әсіресе, «этникалық» деп келетін туынды сөздің мән-мағынасы XIX ғасырдың соңына дейінгі ғылыми еңбектерде бір ізге түсе қойған жоқ. XX ғасырдың екінші жартысында әр салалы этнологиялық зерттеулер «этнос» сөзінің аясын едәуір кеңейтті. Атап айтсақ, этностық сана-сезім (М.Г.Левин), этностардың тарихи типологиясы (С.А.Токарев), этностардың биологиялық ерекшелігі (Л.Н.Гумилев), этностың даралығы (Н.Н.Чебоксаров), этностың аймақтық және экономикалық байланыстылығы (В.И.Козлов), этносаралық, синхроникалық және диахроникалық байланыстардың маңызы (С.А.Арутюнов), этносаралық ассимиляциялану (В.К.Гарданов, И.С.Гурвич) т.б. тақырып өрістері «этнос» сөзінің мағынасын тереңірек мағлұмат берді.

«Мәдениет» терминінің де ғылыми еңбектерде анықтамасы алуан түрлі. Әсіресе, мәдениеттің жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлер сан сала. Тек қана ағылшын тіліндегі еңбектерде 50-ші жылдардың бас кезінде «мәдениетке» 150-тан аса анықтама беріліпті. Ал жалпы, батысеуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 260-ден астам анықтамасы бар екені айтылады.

Этникалық мәдениет (этномәдениет) – мәдениеттің базасы және құрамдас бөлігі, ол белгілі бір қызмет атқарады және өзіне тән мазмұндық компоненттері бар.

Этникалық мәдениет тарихи қалыптасқан іс-әрекет тәсілі, соның нәтижесінде түрлі этностардың өздерін қоршаған табиғат пен әлеуметтік орта жағдайына бейімделуін қамтамасыз етеді.

Этномәдениет бір этносты екіншісінен ажыратып тұратын, әлеуметтік өмірдің күрделі де көп аспектілі құбылысы, оны тек жалғыз элемент арқылы ғана сипаттау мүмкін емес. Этностың ерекшелігі оның мәдениетінің барлық деңгейлерімен анықталады. Этникалық мәдениет көне заманнан бүгінгі уақытқа дейінгі түрлі дәуірлердегі мәдениетті қамтиды.

Жастарды этномәдениет рухында тәрбиелеу мақсатында – 1996 жылы ҚР Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың Өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім» тұжырымдамасы»(авторы Ж.Ж.Наурызбай) атты құжаттарда қарастырылған болатын.

Жастарды этномәдени рухында тәрбиелеуде педагогтардың жұмысы ауқымды, бағыты да әр алуан Оған негізінен мына төмендегідей бағыт- бағдарларды жатқызуға болады:

– сыныпта, топта, жатақханада, қоғамдық бірлестіктерде және мектептен тыс білім мекемелерінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

– жеке бастың психо-педагогикалық ерекшелігін, ата-анасының жағдайын, қызығушылығын, талап-тілектерін, қиындықтарын, кездейсоқ жағдайларын, тәртіп бұзушылығын тексеріп, зерттеу және дер кезінде тиісті педагогикалық көмек көрсету;

– салауатты өмір салтын насихаттау, олардың еркіндігіне, денсаулығына қамқорлық жасау, қауіпсіз өмір сүруге көмектесу, жасы келгендерді білім алуға тарту;

– бос уақытта дарын қабілетінің дамуына, ақыл-ой және дене құрылысының өсуіне жағдай жасау;

– жасөспірімнің жеке басының дамуы мен тәрбиесін отбасымен бірлікте шешу;

– жасөспірімдердің жеке басына тән ерекшеліктерін мұғалімдермен бірлесіп шешу, кемістігі бар балаларға қажетті мүмкіндіктерді жасау.

Оқушы-жастарға этномәдениет рухында тәрбие беруде педагогтар мынадай бағытты ұстануы тиіс:

– тәрбиелік жұмыстар тәрбиенің барлық саласын қамтуы қажет;

– мұғалімдер ұжымы тәрбие жұмысына оқушы-жастардың барлығын қатысуын қамтамасыз етуі тиіс;

– тәрбиелік шаралар оқушылардың қоғамдық қызығушылығы мен белсенділігін және өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ізденістерін дамытуына жол ашуы тиіс.

Оқушы – жастарды этномәдениет рухында тәрбие бере отырып, оларды жаман қылықтардан бойын аулақ ұстау мақсатында имандылық тәрбиесімен қаруландыруымыз қажет. «Имандылық» арабшадан аударғанда, сенім деген ұғымды білдіреді. Олай болса, осы «Иман» деген ұғым-адам баласының жан азығының негізі. Ислам дінінде «Иман дегеніміз- иланған көңілмен ықтияр болушылық» делінген.

Адам сенімсіз, үмітсіз, армансыз өмір сүре алмайды. Адамның ой-қиялы, арқылы алысқа шарлайды. Сондықтан, адамға сенім, дұрыс көзқарас қажет. Сенім-білімнің қанаты. Қоғамның көркеюіне, ғылымның заңдылығына, білім мен нақты өмір шындығына негізделген сенім адамдардың қолқанат-көмекшісіне айналып, дем береді. Қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың көкірегіне ұялап, қанына сінген Ислам дінінің имандылық қағидаларын адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік қарым-қатынас негізіне алып, жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланудың сыры тым тереңде жатыр.

Сондықтан да, қоғам алдында этномәдени білім мен тәрбиені бере, ұлттық педагогиканың жақсы үлгілерін сақтай отырып, қазіргі қоғамға қажетті, ұлттық мүддені жоғары қоя алатын, жаһандану заманында ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерді сақтап қалуға ұмтылатын ұтжанды жастарды тәрбиелеу міндеті тұр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы әзірлеген «Ел бірлігі доктринасының жобасы» 26 қараша, 2009ж.
2. ҚР этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы, ҚР Президентінің Өкімі 1996 жылғы 15 шілде.
3. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы
4. "Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы" Заңы,
5. Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование: теоретический и инновационный опыт.-Жезказған:ЖезУ, 2001, -55с.
6. Табылдиев Ә., Қазақ этнопедагогикасы., -Алматы, Санат, 2001. -116 б.
7. Қалиев С.Қ., Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, Алматы, 1998.128 б.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Кенжан А.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызпу*

Кілттік сөздер: “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттықмүдде”, “ұлттық тәрбие”, ұлттық рух, ақпараттық технология

Аннотация

Статья посвящена применению новых технологий в процессе обучени, где инновационный подход к учебной деятельности современного студента предполагает переориентацию образования на личностную направленность, как процесс и результат развития и самоутверждения личности и как средство ее социальной устойчивости и социальной защиты в условиях рыночных отношений. Таким образом, инновационный подход ведет к радикальному изменению во взаимоотношениях преподавателя со студентами, в переводе их на личностный уровень, в формировании истинно творческой атмосферы сотрудничества, развитию

диалога, открытости. Однако современная образовательная практика в данной сфере не в полной мере оправдывает социальные и личностные ожидания. Для рассмотрения необходимой инновационной педагогической деятельности в указанном направлении остановимся на ряде исходных теоретических положений.

Annotation.

The article is devoted to the use of new technologies in the process of learning, an innovative approach to teaching modern student expects a reorientation of education for personal direction as the process and the result of the development and affirmation of identity and as a means of social stability and social protection under the conditions of market relations. Thus, an innovative approach leads to a radical change in the relationship a teacher with students, transfer it to a personal level in forming a truly creative atmosphere of cooperation, dialogue and openness. However, modern educational practice in this sphere did not fully justify the social and personal expectations. For its consideration of the necessary innovative pedagogical activities in this area will focus on some basic theoretical positions.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдың білім беру саласы негізгі үш ерекшеліктен тұратынын байқауға болады. Олар: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының жас, ой, мүмкіндік ерекшеліктеріне қарай білім беріледі; үшіншіден, бүкіл білім беру жұмысы халықаралық деңгейде басқалармен қатар, қат-қабат іске асырылады. Білім бәсекеге сәйкес, қазіргі кезеңнің талабына сай жұмыс істеуге бағытталады. Бұл ерекшеліктер қазірдің өзінде бізге байқалып келеді.[1]

Мысалы, ақпараттық технология саласындағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңару үстінде. Бұл салада бір сәт кеш қалу дегеніміз ізбе-із өкшелеп келе жатқан бәсекелесімізге орын беріп, жолдан ығысып, шығып қалу деген сөз. Ал, сол жаңарған технологияны өз уақытында тілін тауып, жұмыстың мүддесінен шығудың өзі тыным таппай ізденуді, білмегенімізді күні-түні үйренуді талап етеді. Жоғарғы технология саласын айтпағанның өзінде, қарапайым өмірде осыдан оншақты жыл бұрын компьютерді игеру дәл бүгінгідей жалпыхалықтық сипатқа ие болуы мүмкін еместей көрінуші еді. Өзіміз куә болып отырғандай, жағдай жылдам өзгерді. Бүгін кез келген жұмысты компьютерсіз елестете алмаймыз. Бұған итермелеп отырған да заман талабы. Бұдан былай білім берудің өзінің жаңа технологиясын игеру керектігін аңғартады. Яғни, білім беруді де жаңа әлемдік стандарттар мен жаңа нормаларға, тың қалыпқа негіздеу керек. Бүгінгі дүниежүзілік білім бәсекесі бізден осыны талап етіп отыр. Білім бәсекесі демекші, алған біліміміз басқалардың білімімен бәсекеге түсе алмаса, онда уақыттың босқа шығын болғаны. Сондықтан алған білімнің бәсекелестікке қабілетті болуы білім алушының бейіміне тікелей байланысты. Оның маңыздылығы да осында жатыр. Өйткені, білімді игеру – айтуға оңай болғанмен, жай шаруа емес, аса күрделі құбылыс. Білімді игеру үшін тынбай іздену, үйрену жеткіліксіз, сонымен бірге білім алушының бейім-қабілетін білу керек, сонда ғана белгілі бір нәтиже шығатынына сенуге болады. Әйтпесе, төгілген тер де, кеткен шығын да, бәрі бекер. Бейімнің тасасында табандылық пен құштарлық, батылдық пен өз құнын білетін алғырлықтың жасырынып тұратыны белгілі. Ойымыз жұртшылыққа түсінікті болу үшін, оны үлкен кеңістікке алып шығып дамытуымыз қажет.

Қазіргі жаһандану процесінде инновациялық білімді қалыптастырумен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шырдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағыдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген.[2]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.[1]

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, яғни ұлттық мемлекет. Тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда “туған ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық”, “ұлттық идея”, “ұлттық мүдде”, “ұлттық тәрбие” мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің “жасампаз” интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Ал, бүгінгідей тәуелсіздіктің ақ таңында өмір сүріп отырған қоғамда өз ұлтының ұлттық қаймақтарын, соның ішінде тіл, дін, діл, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие сияқты негізгі құндылықтарын бетке шығармаған ұлт өз мәртебесін жоғалтады. Сондай-ақ, ұлттық мүддені сақтау және оны қорғау сол ұлттың әрбір азаматының адамдық борышы. Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің дүниетанымдық,

кәсіптік деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі керек. Білімді болғанымен, ұлттық мәдениетті бойына сіңіре білмеген болса, ондай адам ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін, Жүсіпбек Аймауытовтың айтқан сөзін еске түсірейік: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», – деген екен. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми педагогика және халықтық педагогика арқылы жүзеге асырылады. [1]

Ұлттық мектептегі тәрбиенің негізгі міндеттері:

- Оқушыларды ұлт алдында тұрған ерекше өзекті мәселелерді шешуге даярлау;
- Өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген табыстарын бағалау;
- Ата-баба салтын, дәстүрлі әдет-ғұрпымен қайта табыстыру;
- Мектептің тәрбие жүйесін ғылыми педагогика мен ұлттық педагогикаға негіздеу;

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне опат әкеледі»,-деді әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби. Оның аса көрегенділікпен айтқан пікірі өз құндылығын қазірдің өзінде де сақтап келеді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан озық әдет-ғұрып, дәстүрлері мен ізгі қасиеттерін сіңіре отырып, дені сау, рухани бай, парасатты, қазіргі қоғам дамуының үрдісіне сай білімді, жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбиенің өзекті мақсаты болып табылады.

Осы орайда, тәрбие мен білім беруде этнопедагогиканы мүмкіндігінше, әр-түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бере отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Жастардың танымдық қабілетін жетілдіру;
- Ұлттық тәрбие арқылы адами қабілеттерді қалыптастыру;
- Ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу;
- Шығармашылық қасиеттерін оятады;
- Данышпандық, көрегендік қасиеттердің дамуына жол ашады.

Ұлттың мүддесі мен мақсатын, алдымен қазақ жеткіншектерінің сана-сезіміне басты нәрсе етіп орнықтырған жағдайда ұлттың тәрбиесі ықпалды болмақ. Бұл құбылысқа бастамашылық өз ұрпағымыздан қолдау тапқаны орынды. Осы тұста, ойымызға халқымыздың ардақты азаматы М.Жұмабаевтың мынадай пікірі оралады: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы көп». [2]

Ұлттық тәрбиенің топтасу жүйесі әр жасерекшелігіне байланысты болмақ, себебі, түрлі ұлттық ойындар мен баланың дамуына әсер ететін іс-шаралар баланың жасына байланысты таңдалынып, жүзеге асырылады.

Ғалымдардың еңбектерінде ұлттық тәрбиенің жалпы әдіснамалық серпіні басым болғанымен, әрбір топтағы жастардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Онда ұлттық тәрбиенің құрылымдық сипаты, мазмұны мен мәні жалпы сипатта тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасында қазақ ұлтының бірегейленуі жүріп жатыр. Бұл міндетті жүзеге асыруда ұлттық тәрбие зор ықпал етеді. Ол үшін халқымыздың тарихи жетістігі мен мақтаныштарын арқау етіп, бүгінгі қоғам жағдайымен үйлестіре жүргізгенде ғана қуатты болмақ.[3]

Ұлтымыздың тарихи өрнегі бар табандылығы мен жігерін, батырлығы мен жасампаздығын, адамгершілігі мен мәдениетін басқа ұлттарға үлгі етуге ұмтылуымыз қажет. Өйткені, ел мен жер қазақтың игілігі, өз байлығы. Оған қазақтан артық ешқандай жанашыр жоқ. Жалпы, ұлттық тәрбие дегеніміз – тек өз ұлтының құндылықтарын ғана емес, басқа да ұлттардың рухани мәдениетінен үлгі алуы тиіс. Ондағы ұлттық мұраттар, бостандық сүйгіштік, қайырымдылық, ізгілік т.б. қасиеттері ұлттық мазмұны арқылы жалпы адамзатқа пайдалануға беріледі. Олай болса, Шекспир мен Гетенің, Достоевский мен Толстойдың, Абай мен Әуезовтың шығармалары ұлттық тәрбие негізінде кез-келген адамды жетілдіруге көмектеседі.

Студенттердің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – оқу орындарында жүргізілетін тәрбиелік іс- шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі өскен ортаға, тәрбиеге ғана емес, үлгі-өнеге берер ұстазға, отбасындағы тәрбиеге де байланысты. Әрбір халықтың өсіп-өркендеуі үшін әлеумет ортада қалыптасқан рухани, мәдени, саяси құндылықтарды сақтап, дамытып отыруы қажет.[4]

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түрлерінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің тәлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты

жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Әрбір халықтың өзінің тарихи, рухани және мәдени төлтума қасиеттеріне бойлауы арта түсуде. Бірақ осындай ұмтылыстар басқа халықтардың мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанның өркениет өріне бастар бағыты – адамгершілік-ізгілік қасиеттерге негізделген ұлттық тәрбиеге табан тірейді.[5]

Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалды ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық кейіп, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады.[6]

Біздің қазақы болмыс, салт-санамыз, тұрмыс-тіршілігіміз қазіргі заманға сай айқындалғанымен, ғасырлар тереңіне үнілген дініміз, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз, ерлікке толы тарихымыз батыстанбақ түгілі, ондай ұғымды да мойындай қоймайды. Өйткені ұлттық рухтың түп-тамыр қазығы ұлттық тәрбие діңгектеріне негізделген. Ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері – ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. Сол себепті «кімде-кім өткеніне терең үнілсе, болашағын көреді» деп Шығыс ойшылы М.Руми айтқандай, бізді болашаққа апарар жол ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектерінде жатыр. Осы тұрғыда, бізге керекті – қоғамда болып жатқан жаһандандудың пайда-зиянын саралап, ұлттық құндылықтарымызға жат мәдениеттен арылу.

Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсар болсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді. [7]

Ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтың ұлттық қайнар көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлағатты қағидалар, от ауызды, орақ тілді би-шешендеріміздің шешендік сөздері болып табылады.

Мысалы, нақты бір зат туралы тұспалдап, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырым жасап, тапқырлық пен дүниетаным дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ ауыз әдебиетінің бір түрі саналатын жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Ал, мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бергі халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесінде пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ел ағасы болған данышпандардың аузынан шыққан өнегелі, қасиетті сөздер.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – отбасы, маңызды бөлшегі, яғни тармағы, халық тарихы мен мәдени ескерткіштер болып табылады. Бұл ретте көптеген рухани жұмыстар кезеңін күтіп тұр. Себебі, тарихи салт-сана, ұлттық зерде мәдениетті адамзаттың рухани қазынасы.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорыта келе, қазіргі жаһандану кезінде әлемнің алпауыт елдерімен ұлттық салт-сана мен дәстүрімізді сақтап және оны болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге түсуіміз керек. Ол үрдіс адамның сәби кезеңінен бастап, жеке тұлға болып қалыптасуына дейін жалғасуы керек. Ұлттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту барысында, отбасы, мектеп, қоршаған орта факторларының әсер етуі өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серік Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті
2. К.С.Ныязбекова «Ұлттық тәрбие» 2013ж.
3. Сұлтан Тайғарин «Ана тілі» газеті «Жаһандану толқынына төтеп бере ала 12мамыр.2011ж.
3. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
4. Есім Ғарифолла. «Ұлттық өркениет және мәдени бағдар» Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
5. Ә.Табылды «Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі» Алматы, «Білім» 2004

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Дарибаева С.Қ.
*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің академиялық доценті
Қызылорда қ.*

Кілттік сөздер: дүниетаным, ұлттық дүниетаным, құндылықтар

Түйіндеме: мақалада колледж оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың тиімді жолдарын анықтау, оны қалыптастыру жолдары қарастырылған.

Резюме: В статье рассматривается проблема формирования национального мировоззрения учащихся колледжа, предлагаются их пути решения и методы воспитания

Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстан мәдениетінің көп мәдениеттілік, көп конфессиялық сипаты ұлт тәрбиесінің даналығынан, педагогикалық ой тұжырымдарынан, ұлттық білім мен тәрбие жүйесін құру негізінде жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру талаптарынан туындайды. Олай болса, әлемдік жаһандану үрдісі мемлекеттік тұрғысынан зерттеуді қажет ететін бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Өйткені жергілікті және жаһандық желілердің (интернет), қашықтан оқытудың желілік технологияларының дамуы өркениеттер мен мәдениеттер, педагогикалық ықпалын өрістетті. Бүгінгі жаһандану үрдісінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: Қазақстан 2050 жылға қарай еліміздің әлемнің ең дамыған алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарынан көрінуге және экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, білім беру жүйесінің Балон декларациясына сәйкес, әлемдік білім кеңістігіне кіруі біздің алдымызға маңызды міндеттер жүктейді. Жаңа сын-қатерлерді лайықты қабылдау үшін ендігі жерде 2030 Стратегиясының аясы жеткілікті емес. Біз жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, 15 жыл бұрынғыдай кезекті дүниетанымдық серпіліс жасауымыз керек"[1,2]-деп атап көрсеткен болатын.

Осыған орай бүгінгі жаһандану заманындағы талапқа сай ұлттық дүниетаным қалыптастыру, оның мазмұны мен мақсатын, қағидалары мен міндеттерін қайта қарастырып, жаңарту қажеттігі күн сайын артуда. Дүниетаным мәселесі қай кезеңнің де ұлы педагогтары мен көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып, өзектілігін жоймай келе жатқан маңызды проблема. Дүниетаным мәселелері бірқатар мемлекеттік құжаттар: "Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы" мен ғалымдар зерттеулеріне: М.Орынбеков "Ежелгі қазақтың дүниетанымы", "Абайдың дүниетанымы...", Н.П.Албытова "Қазақ балалар фольклоры арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру", С.Нұрматов "Ұлттық болмыс пен ұлттық сана", т.б. негіз болды[3,4;5] Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, дүниетаным қалыптастыру көпжақты, көпсалалы процесс. Ұлттық тәрбие де объективті, көп қырлы және күрделі, түрлі жағдайларға: білім, ғылым, мәдениет, өркениет дамуына т.б. тәуелді құбылыс. Еліміздегі арнаулы орта кәсіби білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне бағдар тұтуы "дуалды", "триалды", білімге деген көзқарасты жаңаша тұрғыдан қарастыруды көздейді. Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, дүниетанымы жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Колледж оқушыларының ақыл-ойы, дүниетанымы, рухани дамуының негізі - оқытылатын пәннің мазмұнына, оқу-тәрбие жұмысының мақсатына сәйкестігі мен меңгеретін ғылыми білімдер жүйесінің сипатына байланысты.

Дүниетаным құндылықтарға негізделеді, халықтың ұлттық ерекшелігіне сай қалыптасады. Ол алдымен мәдениет, өркениет, жалпыадамзаттық мүдде тұрғысынан дамиды. Осы тұрғыда ауқымды зерттеулер жүргізген ғалымдар бүгінгі заман талаптарына сай колледждің білім беру жүйесінде пайдаланып жүрген типтік мемлекеттік оқу бағдарламалары мен оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесін сараптай отыра, дүниетаным қалыптастыру жүйесін жасауда педагогикалық мүмкіндіктерді ескеру қажеттігін алға тартады. Зерттеу жұмыстарының методологиялық, парадигмалық негізін, колледж дамуының, оқу-тәрбие үрдісінің осы өзгерістер аясында алғаш рет пайымдалуы, колледждегі оқу ісін ұйымдастырудың мазмұндық және үрдістік негіздерінің даму барысы сипатталып, бағыттары анықталуы, ұлттық дүниетаным қалыптастыруды ұйымдастырудың жүйесі (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері, түрлері, құралдары, нәтижелері) айқындалуы, жүйелі түрде болашақ мұғалімдерге ұсынылуы, дүниетаным қалыптастыруға негіз болады.

Болашақ мұғалімге жеке-дара, екеуара, топтық, ұжымдық жұмыс түрлері, ойын, тірек сигналдары, модульдік жүйе, интерактивті оқыту әдістері, оқытудың компьютерлік, дамыта оқыту технологиялары бойынша білім беруде пайдаланылды.

Колледждегі педагогикалық пәндерді оқытудың барлық деңгейінде, дүниетаным қалыптастыруға негіз болатын білім мазмұнының ұлттық ерекшелікке негізделген мәдениет, өнер, салт-дәстүр, этнопедагогика, этнопсихологиялық барлық рухани мұраларын тұтас бір жүйесі құрылды:

Ұлттық дүниетаным құндылықтары негізінде оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі. Егеменді еліміздің болашағы бүгінгі оқушылар білікті де білімді, іскер де тәрбиелі, саналы да салауатты болып қалыптасуы колледждегі сапалы білім берудің ұйымдастырылуына байланысты. Қазақстан Республикасының біртұтас әлемдік білім кеңістігіне еруге бетбұрыс жасауы жоғары және орта оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісінің демократилық және ізгіліктік ұстанымдар негізінде тұлғаға бағытталып жүргізілуін талап етуде. Сонымен қатар адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсатына сүйене отырып, білім беруді ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылыққа белсенділігін арттыруға, рухани адамгершілік қуатын қалыптастыруға назар аударылуда.

Жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесі көне заманнан бастап бүгінгі күнге дейін философтардың, психологтардың, педагогтардың көңілін өзіне аударып отырған мәселелерінің бірі.

Өркениетті қоғамда болашақ маманды одан әрі дамыту мақсатында ұлттық тәрбие негізінде дүниетаным қалыптастыру жетекші орынға шығады және өз деңгейінде жүзеге асыру оның ғылыми - теориялық, әдіснамалық, парадигмалық, интеграциялық негізін жасау қажеттілігін туғызады. Дүниетаным қалыптастыру мәселесі қай ғасырда болсын ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды әлеуметтік-педагогикалық құбылыс. Дүниетаным болашақта барлық саналы өмірінің өзегі болары сөзсіз. Қазақтың Дана Ділмарлары: Әйтеке би, Төле би, Қаздауысты Қазыбек би ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, олардың жан-дүниесін дамыту, дүниетанымын өрітету жайында "әрбір халық пен ұлт өз ана тілі мен салт-дәстүрін кәстерлеп, тарихи даму жағдайына орай білім беріп, тәрбиелеу керек", - деп ой қорытқаны мәлім [6,120].

Адам баласына күнделікті өмір тіршілігінде қоғамдық жайттардағы кез-келген мәселе жаһандану ықпалын ескере отырып білім алушының дүниетаным қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Біз сонда ғана болашақ мұғалімдерді саналы да білімді, жаһандық ықпалдың тозығына төтеп бере алатын, озығын пайдалана білетін етіп тәрбиелей, кәсіби даярлай аламыз.

Егемендік алып, тәуелсіз ел болған тұста біз жаһандану процесінің ықпалымен ұлттық болмысымызды сақтап қалу негізі дүниетанымды дұрыс қалыптастыру, тәрбие процесін ұлттар мен халықтардың, тайпалар мен ұлыстардың ғасырлар бойы қалыптасқан этностық белгі-қасиеттеріне, салт-санасына, дәстүрлеріне негіздеуге ден қойып, халықтардың өткен тарихы мен салт-дәстүрлерін жаңғыртып, тәлім-тәрбиелік істерін, қол өнері мен тұрмыстық бұйымдарын, ойыны мен ойыншығын, киімдері мен ас-аухатты өндіру, дайындау, сақтау, пайдалану жолдарын қазіргі заман талабына сай қолдануға бет бұруымыз әлеуметтік өмір талабынан туындап отырған мәселе. Бұлар дүниетаным қалыптастыру саласындағы тәрбие теориясы мен этнопедагогикалық зерттеулерде ұлттық тәлім-тәрбие мен құндылықтарды пайдалану істерінің мазмұнын тереңдетіп, объективті түрде шындықтың бетін ашып көрсетеді.

Туған халқының ұлттық мінез-құлқының үлгілерін, адамгершілік сапаларын, этикалық нормаларын, эстетикалық, мәдени құндылықтарын және бүкіләлемдік мәдени құндылықтардың өнегелік нұсқаларын бір-біріне кірістіре отырып болашақ маманға игертуге бағыттай білу ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, құрылысын және нысандарын одан әрі жетілдірудің қажеттілігін туғызды. Бұл мәселелердің шешімін табу өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты үйлесімді дамыған, адамгершілік қадір-қасиеттері мол жеке тұлға етіп тәрбиелеуде ұлттық тәрбие мен құндылықтардың тұғырлық негіз қалайтынын көрсетті. Сондықтан да қоғам дамуында арнаулы орта білім беретін колледжде білім беру сапасын, оқыту әдістемелерін жетілдірумен бірге оқушыларға ұлттық құндылықтар арқылы дүниетаным қалыптастырып, жан-жақты ұлттық тәлім-тәрбие берудің мазмұнын, әдістемелік іс-шараларын қоғамдық талаптарға негіздеп, үнемі жаңартып отыруды талап етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің, ұлттық тәрбиесі мен құндылықтарының дүниетаным қалыптастыруда мәні зор. Колледж оқушыларына білім беру барысында салт-дәстүрлерді пайдалану олардың дүниетаным қалыптастыруға мол үлесін қосады. Колледж оқушыларының санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы - құндылықтары мен ұлттық тәрбиесінің озық үлгілерін, салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың "халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек" дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін ат салысуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан - 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы: Білім, 2015, Назарбаев Н.Ә.
2. Туған елім - тірегім, (Құрастырған: М.Қасымбеков, Қ. Әлімқұлов). - Алматы, 2001. - 128 б
3. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетаным, Абайдың дүниетаным мен философиясы, Алматы: Ғылым, 1996.-64 б.
4. Албытова Н.П. "Қазақ балалар фольклоры арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетаным қалыптастыру", Алматы, 1999.
5. Нұрматов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана, Алматы: Ғылым, 1996 - 131
6. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселері. Алматы. Б.М.Б., А.-1993 ж.
7. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы Астанадан, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, 2012.-195 б.
8. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың халық педагогикасының тарихынан. Алматы: Кітап, 1992

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН ДАМУ

Қағазбаев Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті

Ескендір Н.Ж.

Аманова Д.Ж.

Қарағанды қ.

Кілттік сөздер: таным, танымдық әрекетті дамыту, бастауыш сынып, зияткерлік таным, тәрбие, декларативті білім, процедуралдық білім, өзін-өзі рефлексивті бақылау.

Аннотация

В статье излагаются мнения зарубежных и отечественных ученых о развитии познавательной деятельности учащихся младших классов в рамках иноязычного образования. Приводятся определения понятиям «внимание», «познание», «знания» и их основные типы, а также этапы интеллектуального развития детей. Авторы рассматривают пути становления и совершенствования необходимых умений для развития языковых способностей учащихся.

Annotation

The article considers different points of view of home and foreign researchers on the development of cognitive activity of junior class schoolchildren within the framework of foreign language teaching process. The concepts «attention», «cognition», «knowledge» and their basic types, also the stages of intellectual development of children are also analyzed. The authors discuss the ways of formation and improvement of necessary skills for perfecting language abilities of pupils in the primary school.

Егеменді еліміздің жас ұрпағын білімді, өзіне-өзі сенімді, зияткерлік қабілеті жоғары азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш сынып оқушысы нені болса да білуге құмар болып келеді. Бұл кезең білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы іспеттес. Мұғалімнің міндеті жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығы мен ынтасын оятып, жеке әлем бейнесін танып білу.

Таным – ақпаратты білмеуден білуге, жартылай білуден неғұрлым толық білуге қарай ұмтылатын ой-өрісінің күрделі үдерісі, яғни, зейін қою, есте сақтау, сана, ойлау қабілеті секілді ой үдерістерін жетілдіру. Сондай-ақ таным адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттестігінде көрініс табатын, түрлі деңгейлі динамикалық жүйе болып табылады. Білім алушыларды танымдық негізде дамытумен Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Н.Б. Шумакова, П.Я. Гальперин, В.Н. Дружинин, В. Ушаков, В.С. Гончаров, К.Ж. Қожахметова, Ж.М. Әбділдина, И.В. Блауберг, Ж. Пиаже, Дж. Брунер, Р. Солсо сияқты белгілі ғалымдар шұғылданған.

Когнитивті көзқарасты қарастырғанда оның танымдық көзқараспен балама ұғым екені байқалады, демек «когнитивті» ұғымы «танымдық» ұғымымен синоним болып табылады. Баланың тілдік немесе сөз құзыретін жетілдіруде механикалық жады, ойлау деңгейін дамыту маңызды. Сөз әрекетінде зейіннің алатын орны ерекше, ол қандай да бір объектіге, құбылысқа немесе іс-әрекет түріне ақыл-ойдың бағытталуын айқындап, ырықты және ырықсыз болып бөлінеді. Ырықсыз зейін тұлғаның белгілі бір нысанға икемделуі. Оған стильді тітіркенгіштер, дәлірек айтсақ зор әуен, жаман иіс, қатты жарық және тым ашық түстер түрткі болады. Ал ырықты зейін – ерікті бағытталған іс-әрекет. Бұл жеке тұлға көзқарасының белгілі бір объектіге тұрақталуын көрсетеді.

В.С. Гончаров «Танымдық негізде дамытуды жобалау психологиясы» атты еңбегінде «баланың жалпы психикалық дамуы аспектісі» танымдық құзыретінің өзгеруімен тікелей байланысты деп ой қорытады [1].

В.Н. Дружинин оқыту, шығармашылық және ақыл-ой сияқты, танымдық дағдыларын дамыту тұжырымдамасын әзірлеп, ақыл-ой қабілеттерін адамның жалпы қабілеттерімен ұштастырады.

В.В. Давыдов танымдық негізде дамытуды оқу әрекетін шындау нәтижесі ретінде қарастырады, бұл құбылысты жобалау теориясына жатқызуға болады [2].

«Шетел тілі» пәнін оқу білім алушыға шетел тілінде ойлау сияқты (тілдік, сөйлеу және танымдық) маңызды қабілетті дамытуға мүмкіндік береді. З.Н. Никитенконың пікірінше шетел тілін оқытудың стратегиялық мақсаты әрдайым тұрақты жетілуді талап етеді. Бастауыш сынып оқушысының эмоционалдық-ерікті ортасын, атап айтқанда, шетел тілін меңгеруде танымдық қызығушылығы мен өзін-өзі рефлексивті бағалаудың алатын орны ерекше. Сонымен бірге бастауыш сынып оқушысының танымдық аясы, яғни шетел тілінде тілдік және сөйлеу қабілеттерімен бірге когнитивтік немесе психикалық үдерістер мен қарым-қабілеттерін жетілдіру қажет. Ғалымның пайымдауынша, бастауыш сыныпта танымдық негізде оқытудың құрамына негізінен оның жаңа тіл мен бөгде мәдениетті меңгеруі, шетел тілінде жазу мен оқу білігін жеңілдететін шетел тілінде сөз әрекеті аясындағы фонологиялық таным қабілеті де кіреді [3].

Білім—белгілі бір жүйедегі ұғым, пайымдау мен деректердің жиынтығы. Таным теориясы мен когнитивті психологияда білімнің декларативті және процедуралдық түрлері қарастырылады. Декларативті білім тұлғаның оқу үдерісінде және әлеуметтік әрекеті нәтижесінде алған тәжірибе жиынтығы болып табылады

(мысалы, ұлттық тағамдар, көлік, демалыс, салт-сана т.б). Білімнің бұл санаты тіл және мәдениетпен тікелей байланысты болуы міндет емес, бірақ оның сөз қатысымын жүзеге асыруда маңызы зор. Ал процедуралдық білім – орындалуы тиіс белгілі бір іс-әрекеттің жүйелі тізбегі. Аталған білімнің бірінші тобын шынайы және жалған, ал екіншісін тек іс-әрекеттің табысты және сәтсіз белгілеріне қарап бағалауға болады.

Білімді үш топқа бөлуге болады:

1) жеке индивидуалды білім–белсенді субъектінің ойлау, сөйлеу сияқты іс-әректің жемісі;

2) ұжымдық білім–белгілі бір лингво-әлеуметтік ортада психикалық іс-әрекет заңдылығы бойынша құрылған күрделі жүйелердің қарым-қатынасы;

3) адамдардың әр түрлі іс-әрекетінің өнімдерінде көрініс тапқан «тіркелген» ұжымдық білім.

Білімді оқып үйренуде, ғалымдар білімнің түрлі құрылымдарын қолданады. Олардың ішінде ең кең тарағаны фреймдер. Фрейм білімнің белгілі бір бөлімінің кең көлемдегі инварианты және таным құралы. Ч.Филлмордың ойынша кей фреймдер туа біткен қасиет, ал біреулері білім алып, тәжірибе жинақтағаннан кейін ғана меңгеріледі. Сондықтан оқушылардың санасында бөгде мәдениетті түсінуге тірек болатын «базистік когнитивтік құрылымдарды» қалыптастырған абзал. Сол себепті әр-түрлі ақпарат түрлерін ұтымды пайдалану қабілетін дамыту қажет.

Бөгде мәдениет және тілмен танысып, оларды меңгеру–күрделі әрі жан-жақты үдеріс. Бұл оқушының өзге елдің әлеуметтік және мәдени тұрғыдан танымын арттыруға септігін тигізеді. Ал оқытудың танымдық аспектісі оқушылардың әр-түрлі мәліметтерді, ақпараттарды дұрыс қолдана білуін қалыптастырып қана қоймай, оның толық еместігіне қарамастан, оның негізгі мағынасын түсіну болып табылады. Жалпы адамзат мәдениет дамуының аясында оқушы ана тілі мен төл мәдениетті жетік меңгере отыра, оқушы шетел тілінде ой түйіндеуді үйренеді, тілін оқып жатқан елдің мәдениет ерекшеліктерін, ұлттық және әлеуметтік субмәдениетін танып біледі. Сондай-ақ оқушы өзге елдің рухани мұрасын және мәдениеттер үнқатысуына жету жолдарын анықтауға талпыныс жасайды.

Зерттеуші ғалымдардың пікірі оқушының бөгде тіл мен мәдениетті тиімді меңгеруі үшін олардың бойында келесі қабілеттерді дамыту керек дегенге саяды:

1) оқу әрекеттерін ұйымдастыра білу, атап айтқанда жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауды, өзінің және сыныптасының жұмысын талдап, оны бағалай білу сияқты іс-әрекеттерді үйренеді;

2) зияткерлік үдерістерді белсендіру, яғни тілдік құбылыстарды тану және түсіне білу, ана тіліндегі құбылыстармен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айыра білуге машықтанады;

3) оқу үдерісіне тыңғылықты дайындалу сабақ мазмұнын орындауда белсенді атсалысу, жоспар құра білу, сөздікпен жұмыс істеуге бейімделеді;

4) коммуникативтік іс-әрекетті ұйымдастыра отырып көлемі шектелген тілдік құралдар қорын ұтымды пайдаланып, ым-ишарат және дене қозғалысының көмегімен өз ойын жинақтап, тыңдаушыға жеткізе білу қабілетін ұштайды [4].

Қазіргі заманғы оқыту үдерісі оқушының зияткерлік ерекшеліктеріне сүйене отырып құзыреттілік негізде білім беруді қажет етеді. Тілдік қабілеттің негізгі компоненттеріне ана тілі материалдары негізінде қалыптасқан сөз біліктерін және тұрақты зейін, механикалық жады, ойлаудың жоғарғы деңгейін дамыту жатады. Баланың зияткерлік тұрғыдан дамуында ойын технологиялары орынды қолданыс табуы керек. Бастауыш сынып жасындағы балалардың есте сақтау қабілеті жақсы, үй немесе сынып жұмысын орындап, өлеңдерді, тақпақтарды, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, идиомаларды қызығушылықпен жаттап алуға бейім болады. Сондықтан ой-шиеленісін туғызатын әр-түрлі деңгейдегі коммуникативтік тапсырмаларды ұйымдастырып, ойлау технологиялары негізінде түрлі жаттығуларды ұсынып, үлгілеу бағытындағы жұмыстарды орындау олардың ойлау мен сөйлеу білігінің дамуына себеп болады. Үлгілеу кезінде оқушы мәтінді ықшамдауды үйренеді, демек ойлау үдерісі жүзеге асады. Жалпы тілді үйренуде оқушының тіл материалымен жұмыс істеуде, рефлексивтік қабілетін дамытуда өзіндік стратегияларды меңгеруіне ықпал жасап, көмек көрсетуде мұғалімнің атқаратын рөлі ерекше.

А. Валлонның пайымдауынша, бала туған сәттен бастап әлеуметтік ортаның көмегін қажет етеді, өз бетімен әрекет жасауға ыңғайлығы төмен. Баланың зияткерлік қабілетінің жетілуі үшін қоршаған ортамен өзара қарым- қатынас қажет. Ғалымның бұл пікірімен Ж. Пиженің ойы да үйлесім табады.

Аталмыш француз ғалымының пікірінше оқушыларды танымдық негізде дамыту сыртқы әсерлерге тікелей жауап ретінде қарсы әрекет етпейтін ұзақ үдеріс. Демек, адамның биологиялық тұрғыдан жетілуі зияткерлік тұрғыдан дамуда белгілі бір рөл атқарады, ал дамудың нәтижесі адамның жаңа мүмкіндік-әлеуетінің ашылуымен айқындалады. Барлық балалар зияткерлік даму кезеңінен өтеді, бұл туған сәттен басталып одан әрі жалғаса береді.

Ж. Пиже зияткерлік дамудың 3 кезеңін қарастырады:

1. Сенсомоторлық интеллект кезеңі (туған кезден бастап - 2 жасқа дейін). Рефлексстердің жаттығу нәтижесінде баланың алғашқы дағдылары мен реакциялары қалыптасады, көру және жармасу координациясы айқындалады.

2. Нақты операциялар кезеңі (2 –12 жас аралығы). Қабылдауға, жеке көріністерге негізделген ойлау қабілеті мен операциялар жүйесін атқаруға икемділігінің болуы.

3. Ресми операциялар кезеңі (12-13 жастан бастап). Бұл зияткерлік дамудың төменгі сатыдан жоғары сатыға өтуін көрсетеді және дедуктивті логиканың дамуымен ұштасады.

Ғалымдардың пайымдауынша ересектер мен балалардың танымдық үдерістерінің дамуы бірдей

болады. Олардың айырмашылығы ересектердің қоршаған әлеуметтік орта жайлы алған ақпаратының балаларға карағанда әлдеқайда терең, ауқымды болуында. Бастауыш сынып оқушысының зияткерлік дамуы – оның өз бетінше әрекет жасап, өзін-өзі жетілдіру, танымдық негізде кемелденуге ұмтылу сынды күрделі үдерістерімен тығыз байланысты.

Қорыта айтқанда, шетел тілін оқуда танымдық аспектіні дамытуды тіл мен мәдениетті меңгеру құралы ретінде қарастырған абзал. Оқып, білім алу мектеп жасындағы оқушылардың дүниетаным аясын кеңейтеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін дамыту олардың ақыл-ой белсенділігін, жекебас қасиеттерін, тілдік және зияткерлік қабілетін жетілдірумен тікелей байланысты болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986. – 240с
3. Никитенко З.Н: Основы когнитивного развития младшего школьника в процессе овладения иноязычной речевой деятельностью. – М.: изд Глосса-Пресс, 2011. – 438с.
4. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам.
5. Лингводидактика и методика. -6-е изд.,стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 336 с.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ БОЛАШАҚ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІККЕ ДАЯРЛАУ

Өтешова Б.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Атырау мұнай және газ институтының доценті*

Кенжебаева С.Е.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистрі*

Кілттік сөздер: Ұлттық құндылық, өркениет, гуманизм, отбасы, әлеуметтендіру.

Аннотация

В данной статье автор рассматриваются социальные проблемы ценностей и основные противоречия в системе образования. Дается краткий обзор методологических подходов к профессиональной социализации будущих специалистов.

Annotation

In this article, the author discusses the social problems of values and the basic contradictions in the education system. A brief overview of the methodological approaches to the specialised socialization of future specialists.

Қазіргі таңда халқымыздың өркениетті жан-жақты дамып, мүмкіндігінше заман ағымының талаптарына орай жанданып, түлеп, жетілген кезінде қазақ ұлтына тән құндылықтар тұғырлы мәселе болып отыр.

Тарихымызды, мәдениетімізді жаңғырту, өткенге жаңаша көзқараспен қарау, жаңа мың жылдыққа ұлы көшпен қадам басқан еліміздің рухани жаңаруы, өркениеттік бағдары ұлттық құндылықтарымыз болып табылады.

Өркениеттің басты өлшемі болып табылатын құндылықтар адамзат дамуын байланыстырушы, сабақтанушы, жалғастырушы, түлетуші ретінде дәріптеледі. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология деп атайды.

Аксиология құндылықтар табиғаты туралы, тұлға құрылымы мен әлеуметтік және қоғамдық факторлармен түрлі құндылықтардың өзара байланысы туралы философиялық ілім

Құндылық дегеніміз – әлемдегі бар халықтың, ұлттың атамекенін, тілін, дінін, ділін, тарихын қоғам дамуына сай әлеуметтейтін құбылыс, мәңгі идеалды әлем. Аталған құндылықтар мемлекеттің даму бағытын айқындайды. [1]

Тарихи деректерге сүйенсек, Ұлттық энциклопедияның 1-томының 247-252 беттерінде Алаш азаматтарының жоғарыда аталған құндылықтарды сол кезде мемлекеттік тұрғыда бағалап, қазақ елінің болашағын дұрыс болжағанына куә боламыз.

Алаш азаматтары ең алдымен қазақ елінің жер аумағын нақтылауды қолға алып, ұлттық бірлік, тұтастықты уағыздады. Алаш партиясы сол кезде қабылданған бағдарламаларында: «Қазақ халқы үшін ең өзекті мәселе – жер, оның асты-үсті байлығы елдің меншігі болуы тиіс. Жер мәселесіне қатысты заң қабылданып, қазақ ең алдымен өз жерінен енші алады,» - деп жазылғандығы жер мәселесінің қаншалықты өзекті болатындығын күн ілгері болжағандық деп қабылдағанымыз жөн. [2]

Соңғы ғасырда ішінара өзгерістерге ұшырағанымен егемендік алғалы ұлттық сана бой көтеріп, ұлттық

құндылықтарға рухани сұраныс пайда болды. Бұған ғалым Мұхтар Арынның «Бес анық» атты кітабынан жауап табамыз. «Ұлттың болмыс бітімін айқындайтын бес шарт немесе бес аныққа қатысты айтылар ой баршылық. Жеке-жеке алғанда бұлар әлеуметтік қоғамдық мәнге ие болмайды. Бес шарт бір-бірімен диалектикалық байланыста. Бірінен бірі туындап, бірін бірі қажет қып тұрады. Сондықтан бұл бес анық этномәдениеттің тірегі,» - деп ой түйіндейді. [3]

Ғалым профессор Ж. Наурызбай ұлттық құндылықтар өзге ұлттармен араласып кетушіліктен сақтайтын күштердің өрісі десе, дінтанушы, мәдениеттанушы Мұртаза Бұлұтай өз еңбектерінде ұлт үшін діннің қоғамдық мәніне талдау жасайды.

Құндылықтар – өркениет өлшемі деген философиялық түсінікті білім беру мекемелерінде жүзеге асыру, насихаттау жұмыстарын қазіргі жастардың көзқарасы, талғамын негізге ала отырып, ұтымды әдіс-тәсілдермен жүргізудің нәтижелі болары сөзсіз.

Әлемдік, ұлттық құндылықтардың бастау негізінен хабардар бола отырып, оны жүзеге асырарда мына бір ұғымдар басты: табиғатқа деген құндылық қатынасы; адам өмірінің әлеуметтік құрылымы (отан, отбасы, тарих т.б.); адам өмірінің рухани құндылығын, үйлесімділігін, адами ізгілігін, өмірге деген құлшынысы.

Студент жастардың ұлттық құндылықтар туралы ғылыми түсініктері гуманитарлық пәндер мазмұны арқылы толығы, жетіле түседі. [4]

Ғалым Б.С. Гершунскийдің «Философия образования XXI века» атты еңбегінде: «рухани ізгілік құндылықтардың сапалық деңгейінің төмендеуі, өркениетпен дүниетанымның тұйыққа тірелуінде. XXI ғасыр қоғамдық өмірдің үш жүйесін: білім, дін, ғылымды қамтиды. Келешекте білім беру арқылы білім мен сенімнің арасындағы алшақтықты жоюға болатындығын және білім арқылы материалдық және рухани әлемді тану көзделеді.» - деген болатын. [5]

Ғалым С. Қоңырбаева өзінің «Отбасылық өмірге даярлаудағы этномәдени құндылықтар мәселесі» деген мақаласында шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың аталған мәселелер туралы жазылған ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық құндылық ұғымының отбасылық мәніне тоқталған.

Отбасылық құндылықтарды тұлға қалыптастыруда ғы тәрбиелік бағыттарын айқындап, оның мазмұнына ғылыми тұжырымдар жасайды. Этномәдени құндылықтар негізінде жоғары сынып оқушыларын оқушыларын отбасылық өмірге дайындау мәселесіне «этномәдени білім беру», «этномәдени тәрбие» ұғымдарын аша отырып білім беру мекемелеріндегі мұғалімдер мен тәрбиешілерге әдістемелік бағыт – бағдар беретін құнды материалдар ұсынды. Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау тұлғаны әлеметтендірудің кзекті мәселелерінің бірі. Әлеметтендірудің аясына этномәдени білім беру ұғымының оқыту мен тәрбиелеу үрдістерінде пайдалануға мүмкіндіктері ашылған. Демек, отбасылық, өмірге даярлауға жан-жақты ықпалды этномәдени құндылықтар арқылы әлеметтендіру мәселесінің маңыздылығы айқын болмақ.

Ұлттық құндылықтар тақырыбына ғылыми терең талдау жасаған ғылымдарының бірі профессор Ж. Наурызбай: «Жалпы азаматтық құндылықтар барлық уақытта этникалық мәдениеттің басқалардың озық идеяларына көз тігуі заңды құбылыс», - дей отырып, құндылықтардың этникалық білім берудің аймағы екендігіне тоқталады. Үнемі даму, жетілу үстінде болатын жас ұрпақтың санасына құндылықтар ұғымын дарытып, өмірлік қажеттігіне айналдыру – уақыт күттірмейтін аса жауапты іс деп қабылдаған жөн. Адамзат ұлттық құндылықтарды материалдық, әлеуметтік, рухани қажеттілік деп ұғынған жағдайда ғана елдің әлемдік деңгейіндегі орны жоғарылайды.

Қазақ елінің әрбір азаматы әлемдік құндылық пен ұлттық құндылықты өзара үйлесімділікте ұстау арқылы ғана жетістікке жетеледі.

Жоғарыда аталып кеткен бес анықтың мәнін жастар саналы түсінгенде ғана өмірдегі небір кереғар, келеңсіздіктен сақтана алады, өз әрекетіне пайымдау жасайды.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, рухани сұраныстарға сай өзінің ұлттық бастауын негізге алғанда, дүниетаным көкжиегін жетілдіруге деген ұмтылыс, ізденіс туындайды. Бұған қол жеткізуге жастар үшін мүмкіндік мол, ең бастысы санаға сілкініс туғызып, кісілікті бәрінен жоғары ұстануы абзал. Ұлттық құндылықтарды жан дүниесіне дарытып, табиғатына сіңірмесе, адам рухани азғындайды, бұл өте қатерлі, тамырын тереңге жаятын дерт. Әр халықтың ұлттық ерекшелігі, дүниетанымы, бар болмыс бітімі – құндылық ұғымымен түсіндіріліп, осы ұғымнан тамыр алады. Қазіргі заманда әр ұлт өзінің ұлттық құндылықтарын әлем алдында таныта білуге, одан әрі өз құндылықтарына табынта білуі тиіс. Болашақ маманның жан дүниесі рухани әлеммен байып, өресі, кәсіби біліктілігі әлемдік деңгейге талпыныс жасалуы абзал.

Заманның запыранды зауалына күнделікті тіршілікте көп кездесетін небір олқылықтарға, әлдебір «әтегенайларына» ұлттық болмысымыз бен рухани құндылықтарымыздың құрдымға кету қауіпіне алаңдаған тұстарымызда ұлттық болмысымыз таяныш бола білді. Өмірден көргендерді санада түюдің нәтижесінде келешектің көкейіне сәуле себуден соңымыздағылардың санасына ұлттық рухани құндылықтардың сұлбасын сана ғып қағу аға ұрпақтың борышы.

Қазіргі жаһандану заманында дамыған қоғамның жетекші идеясы, жоғарғы ізгіліктік мәні – әр адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қарастыруы. Гуманизм деген сөз латын тілінен аударғанда «адамгершілік» деген мағнаны білдіреді. Гуманизм адамның өмірлік ұстанымы, ол адамның қасиеттерін сақтап қалуға, тек жағымды, жақсы істер істеуге бағыттайды.

Ізгілендіру- қазіргі қоғам дамуының ең маңызды бағыты. Білім берудегі гуманизм әр жеке тұлғаның мәдениет әлемінде өзін-өзі таныта алуына, еркін түрде өз орнын анықтай алуына, жақсылық пен жамандықты, дұрыс пен бұрысты, өмірдегі мәнді және мәнсіз нәрселерді саналы түрде таңдай алуларына

ықпал жасап, септігін тигізуге бағытталған.[6]

Осындай өзгертулердің негізгі жолдарының бірі ретінде білім беруді ізгілендіру жатады. Білім беру мазмұнын ізгілендіру ұстанымы – барлық нормативтік, заңдық құжаттарда ең жетекші ұстанымдардың бірі. Бірақ, көп жағдайда олар жай ғана жалаң идея түрінде, ұран ретінде, сөз жүзінде ғана қалып қоймауы үшін, оны практика жүзінде іске асыруда көптеген өзгерістер қажет екені анық.

Білім берудің гуманитарлық сипаты тек білімді беруде ғана емес, сонымен қатар адамның объективті шынайылыққа деген қатынастарын өзгертуде байқалады. Гуманитарлық білімдер адам тұлғасын қалыптастырып, оның бойында философиялық, адамгершілік, мәдени негіздерді дамытады. Солар арқылы адам түрлі қоғамдық қатынастарға түсіп, мәдени құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді, азаматтық нормалардың құрастырушысы және келер ұрпаққа жеткізуші болып табылады. Яғни, философиялық-педагогикалық ғылымдардағы ізгілікті бағыттың маңыздылығы: оның жалпыадамзаттық құндылықтардың сақталуына, жеке тұлға дүниетанымының дұрыс қалыптасуына, оның өмірде өзінің өзектілігін сезіне алуына жауапты екендігінде. Бүгінгі таңда гуманист болу әр адамның белсенді өмірлік ұстанымы болуы керек.

Жас ұрпақтың ізгілікті бағдарларын қалыптастыру үшін білім беру барысында жаңа технологиялар қолданылып, оқушыларға қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалуы керек. Ал педагогика ғылымында ең әсерлі факторларының бірі – адамды қоршаған орта. Сондықтан оларды қоршаған ортада, оқыту тәрбиелеу үрдісі де әлеуметтік – гуманитарлық кеңістік болуы керек.

Қазіргі білім беру саласында жас ұрпақты тәрбиелеу үрдісінде бірнеше маңызды бағыттар бар. Олардың ішінде тұлғалық- бағдарлық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, әлеуметтік- гуманитарлық тұрғыда қарау бағыттары аса терең зерттеліп іске асырылуда. Бұл бағыттардағы зерттеулердің барлығы жеке-жеке педагогикалық теорияларға айналуда.

Білім берудегі аксиологиялық бағытта жас ұрпаққа ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерту, адамгершілік құндылықтар негізінде адам тұлғасын жетілдіру, оның әлеуметтік қатынастарға икемделу мәселелері маңызды болып табылады.

Аксиология – құндылықтардың табиғаты жайлы дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім. Құндылық ұғымы философияда, әлеуметтануда, психологияда кеңінен қарастырылған. Философияда «құндылық» ұғымы - тұлға үшін маңызды, пайдалы, өзін жетілдіруге және адамзат қоғамының дамуына септігі бар адамның шынайылыққа деген қатынасының мәні. Ал психологияда ол қоғамдағы моральдық қатынастардың формасы ретінде қарастырылады. Біріншіден, құндылық – жеке тұлғаның адамгершілік мәні, абыройлы және қоғамдық институттардың адамгершілік сипаттары болып қарастырылса, екіншіден, моральдық сынаға қатысты көзқарастар: моральдық нормалар, ұстанымдар, жақсылық пен жамандық адалдық, бақыт туралы түсініктер.

Көптеген ғалымдар құндылықтың келесі белгілерін атап көрсетеді: маңыздылығы, пайдалылығы, жағымдылығы, әлеуметтік мәні.

Педагогикалық құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтармен тығыз байланысып, өріліп жатыр деуге болады. Әлеуметтік өзгерістерге байланысты қоғамның да, тұлғаның да, мектептің де құндылық бағдары өзгеріп отырады. Бірақ тамырлары тереңде жатқан, көп ғасырлар бойы адамзаттың дамуына бағдар беріп келе жатқан әзгілік, адалдық, адами борыш, табиғатты аялау, сұлулық сезімдері сияқты мәңгілік құндылықтар педагог мәдениетінің негізін қалайды. Педагогикалық аксиологияның мәні педагогикалық іс – әрекеттің өзгешілігімен, тұлғаны қалыптастырушылық және әлеуметтік мәнімен анықталады. Сондықтан да жас жеткеншектерге өмірдің өзі үлкен құндылық екендігін, осы өмірде әр адамның алатын орынын маңыздылығын, адамның өмірі игілікті істерімен ғана мәнді де мағналы болатынын әлеуметтік тұрғыдан үйретуге тиіспіз.

Әлеуметтендіру ұғымы қазіргі педагогика ғылымының маңызды категорияларына жатады. Әрбір адам әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен, ол сол ортаға бейімделіп үйлесімді қарым-қатынаста болуы маңызды. Ол үшін тұлғааралық қатынастарды жақсарту, әлеуметтік- гуманитарлық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру қажет.

Тұлғаның толыққанды әлеуметтенуі үшін, оның қоршаған ортамен еркін, сенімді қарым – қатынас жасауы үшін оған қолайлы әлеуметтік-гуманитарлық орта орнату керек. Сондай психологиялық – педагогикалық жағымды жағдайда адам өзіне ұнайтын іспен шұғылданып, өз қабілеттерін дамыту барысында ғана ол шынайы әлеуметтенуі мүмкін. Сол істер арқылы ол жетістіктер байқатса, өзін-өзі басқаларға таныта алады, өзіне деген құрмет сезімі пайда болады. Мысалы, түрлі үйірмелер, жарыстарға қатысып, жетістіктерге қол жеткізуоларды жігерлендіреді. Бұл жердегі маңызды мәселе - шәкірт бойында бір нәрсеге деген ынтаны ояту, сол нәрсеге деген бейімділігін анықтау. Бұл оқытушыдан жан-жақты психологиялық- педагогикалық білімді қажет ететіні даусыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ұлттық энциклопедия, 1- том, 247-252-бет
2. Ұлттық энциклопедия, 1-том, 253-бет
3. Арын М. Бес анық Алматы, 1996
4. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты Алматы, 2000.
5. Гершунский Б. Философия образования для XXI века. Москва, 1998, 20-25-с.
6. С.Қалиев, Ш. Майғанова, Т.Нысанбаев. Тәрбие хрестоматиясы.-Алматы, 2001, -331-б

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ МАТЕРИ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СИСТЕМЫ: «МАМА-СЫНОВЬЯ», «МАМА-ДОЧЕРИ»

М.П.Кабакова

*кандидат психологических наук, доцент
и.о. профессора КазНУ аль-Фараби*

О.В.Юртаева

Ключевые слова: Семья, воспитание, социализация, этносоциальная роль, влияние матери на детей, влияние однополых детей на качества личности матери.

Аңдатпа

Мақала аналардың тұлғалық сапасында әртүрлі жыныстағы балалардың әсерін зерттеу тақырыбына арналған. Сондықтан психология ғылымы саласында ананың балаға (балаларға) әсері жеткілікті түрде жақсы зерттелген. Осы салада зерттеудің ағымды жағдайы қаралады. Мақалада зерттеудің алдын алу және алынатын қорытындылар туралы айтылған.

Annotation

The article is devoted to the insufficiently studied subject: the impact of personality of children of different sexes on personality of their mother. At the same time, influence of the mother on her child (children) is well enough studied in the psychology. The current state of research in this area is discussed in the article. The article describes the prospective study and the possible results.

Традиционно главным институтом воспитания является семья. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни. Важность семьи как института воспитания и социализации личности обусловлена тем, что в ней ребенок находится в течение значительной части своей жизни, и по длительности своего воздействия на личность ни один из институтов воспитания не может сравниться с семьей. В ней закладываются основы личности ребенка.

Семья была и остается важным институтом социализации личности: во-первых, в качестве родительской семьи, так как по ее модели люди выстраивают собственную семью (Кратохвил С., Ричардсон Р., Дымнова Т.И., Захаров А.И.), а также в смысле ее влияния на особенности творческого становления, направленности интересов и активности личности и ее жизненного пути в целом (Андреева Т.В., 1989, 1997, 1999).

В семье как социально-психологической системе выделяются самостоятельные феномены – родительство, отцовство и материнство.

Материнство как явление существует с древнейших времен, оно проявляется в заботе матери о ребенке и его здоровье, в воспитании его как будущего члена общества, в любви к нему. Мать формирует эмоционально-чувственную и социальную сферу ребенка, на основе которой строится базовое доверие к миру, к другим людям.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев объявил защиту материнства и детства, что является важнейшей составной частью социальной политики на новом этапе развития государства. Какой наша страна будет в будущем, напрямую зависит от того, что мы сегодня воспитываем в наших детях. Президент подчеркнул, что, прежде всего, необходимо уделять большое внимание воспитанию дочерей. Именно они – будущие жены, будущие матери, хранительницы домашнего очага [1].

Республика Казахстан — это полиэтничное, поликультурное государство, на территории которого проживают более сотни наций и народностей. В силу исторически сложившихся условий территорию страны длительное время преимущественно населяют казахи и русские, что предполагает историческое взаимопроникновение культур двух народов. Тем не менее, каждая нация обладает своими национально-психологическими особенностями, влияющими на функционирование семейной системы, её составляющих элементов, в том числе и на детско-родительские отношения. Таким образом, мать выступает также транслятором, передатчиком культурного наследия, семейной истории, обычаев и традиций своим детям.

По мнению К.Ж. Кожаметовой, важнейшими средствами воспитания ребенка в качестве участника множества социальных систем, в частности семьи, школьного коллектива, профессиональной группы, этноса, общества, выступает социально-ролевой подход. Его сущность заключается в приобщении детей с ранних лет к выполнению этносоциальных ролей и продолжении их исполнения на протяжении всей жизни - что также является одной из основных ролей матери, как хранительницы культурного наследия, осуществляющей преемственность поколений. Этносоциальная роль — это своего рода кодекс норм поведения и общения. Процесс освоения или выполнения той или иной этносоциальной роли есть интегративная характеристика развития личности. Она достаточно объективна, так как «освоение» и «выполнение» этносоциальных ролей требует единства всех проявлений личности, ее рационального, эмоционального, волевого, нравственного, эстетического, практического начала. Таким образом, критерием этнической воспитанности личности является объективная характеристика ее готовности и способности полноценно выполнять определенную этносоциальную роль [2, 3].

Большой вклад в изучение диадических отношений матери с ребенком и динамики материнского отношения внесли зарубежные исследователи психоаналитической направленности Д.В. Винникот [4], теория эмоциональной привязанности Д. Боулби, работы Э. Лангмейер и И. Матейчик, изучавшие феномен материнской депривации [5]. Необходимо отметить работы Л.С. Выготского [6] изучавшего психику младенца с точки зрения культурно-исторической концепции психического развития, концепцию о генезисе общения М.И. Лисиной [7], работы Г.Г. Филлиповой [8], Р.Ж. Мухаммедрахимова [9] и др.

Многочисленные исследования свидетельствуют о том, что построение доверительных отношений в диаде «мать-младенец» определяются состояниями и поведенческими характеристиками матери. Считается, что не существует понятия нормы материнского отношения, потому что содержание материнских установок меняется в разные исторические периоды.

Социальное поведение ребенка формируется на основе взаимодействия с матерью с первых дней жизни через голос, лицо, прикосновения. Особую роль в формировании отношений между матерью и ребенком имеет кормление грудью. «Наличие или отсутствие естественного грудного вскармливания, качественного бондинга, холдинга во многом определяют формирование привязанности» [10; с. 139]. Поэтому в традициях казахского и других этносов приветствуется грудное вскармливание ребенка до 2-3 лет.

С точки зрения М.И. Лисиной в качестве ключевых условий, способствующих становлению потребности в общении, выступает отношение и инициативные обращения взрослого [7]. Эмоциональный контакт между матерью и ребенком рассматривается как базисная психологическая модель, необходимая для развития личности ребенка. Принимающая, любящая, эмпатийная мать, вовремя реагирующая на потребности ребенка, формирует у него безопасную привязанность. Мать, опекая ребенка, удовлетворяет его потребности, устанавливает стереотипы действий и поведения. Между ними устанавливается контакт, проявляется «заражение» и «подражание». К сожалению дети-отказники, воспитанники детских домов и интернатов, лишенные материнской любви и заботы, являются депривированными и глубоко травмированными личностями.

В целом, под материнским отношением принято понимать комплекс когнитивных, поведенческих и эмоционально-оценочных компонентов. Эти системно организованные качества поведения матери, представляют собой результат взаимодействия многочисленных мотивационных отношений. Наиболее значимыми из них являются: ранее сложившиеся у матери установки и ценностные ориентации в отношении ребенка, особенности отдельных черт личности матери [10,11,12].

Кроме того, привязанность к матери не ограничивается ранними этапами детства, а распространяется даже на взрослую жизнь человека.

Согласно А. Адлеру, в идеале мать проявляет истинную любовь к своему ребенку – любовь, сосредоточенную на его благополучии, а не на собственном материнском тщеславии. Эта здоровая любовь проистекает из настоящей заботы о людях и дает возможность матери воспитывать у своего ребенка социальный интерес.

Таким образом, в различной литературе в основном описывается влияние матери на ребенка и не освещен вопрос обратной связи - каким образом дети, в свою очередь, влияют на мать. Есть некоторые работы, в которых предполагается влияние детей на мать уже в младенческом возрасте.

Так, Д. Боулби обратил внимание на поведенческие аспекты и выделил следующие основные типы поведения: плач, улыбку, сосание, хватание, реакцию следования, лепет, которые являются, по его мнению, врожденными средствами стимуляции материнской заботы. С точки зрения Д. Боулби, ориентированная на родителя активность младенца имеет сигнальное значение для взрослого и активирует генетически запрограммированную комплементарную систему поведения.

Таким образом, младенец не является пассивным объектом материнских воздействий, он иницирует, поддерживает, подкрепляет и регулирует материнское поведение. По мере развития ребенка «репертуар» стимуляции изменяется, появляются новые типы, соответственно меняется и поведение матери. Все это позволяет сделать вывод: не только мать социализирует младенца, но и младенец обучает и воспитывает мать [13]. Данное положение подкрепляется пониманием самого процесса социализации, как двустороннего активного процесса взаимодействия.

Особенно интересно влияние детей на мать в зависимости от пола. По мнению О.Л. Борковской характеристики психологического взаимодействия матерей и детей взаимосвязаны с полом детей: при взаимодействии матерей с девочками показатели тона голоса, настроения, вовлеченности во взаимодействие матерей, настроения и социального поведения ребенка, а также диадных характеристик взаимодействия выше, чем при взаимодействии с мальчиками [14].

В нашем исследовании в рамках дипломной работы на тему: «Психологические особенности личности матери в зависимости от системы: «мама-сыновья», «мама-дочери» предполагается изучить: какое влияние оказывают однополые дети (2 сына или 2 дочери) на качества личности и поведение мамы.

Объектом исследования выступают мамы, воспитывающие 2-х однополых детей. Выборку исследования составляют 2 группы: 1-я группа - мамы с 2-мя сыновьями и 2-я группа – мамы с 2-мя дочерьми. В контрольную группу вошли мамы, воспитывающие 1 дочь и 1 сына.

Для изучения влияния пола детей на качества личности и поведение матери нами были отобраны следующие методики:

1. Опросник Сандры Беем - определяет степень андрогинности, маскулинности и феминности личности.
2. 16-факторный опросник Кеттела - оценка индивидуально-психологических особенностей личности.
3. Методика «Личностный дифференциал» - инструмент для изучения определенных свойств личности, ее самосознания, межличностных отношений.

В качестве гипотезы исследования мы выдвигаем предположение, что воспитание однополых детей, в частности 2-х мальчиков или 2-х девочек, влияет на личностные качества и поведение мамы.

Предполагается, что наличие и воспитание 2-х мальчиков способствует большему развитию у мамы мускулиных качеств, таких как: независимость, напористость, доминантность, агрессивность, склонность к риску, самостоятельность, уверенность в себе и др. Также мам мальчиков, возможно, отличает большее самоуважение в целом, более высокая самооценка в области академических достижений и собственной внешности – физическое Я.

Наличие и воспитание 2-х девочек способствует большему развитию у мамы феминных качеств, таких как: уступчивость, мягкость, чувствительность, застенчивость, нежность, сердечность, способность к сочувствию, сопереживанию и др.

Возможно у мам разнополых детей (контрольная группа) на паритетных началах будут представлены существенные черты как маскулинного, так и феминного типов. При этом предполагается, что эти черты представлены гармонично и взаимодополняемо.

Таким образом, мы видим, что социализация – это двусторонний активный процесс: не только мать влияет на развитие своего ребенка, но и ребенок влияет на формирование определенных качеств личности матери. И данная научно-исследовательская работа положит начало в изучении влияния детей на качества личности и поведение матери. Возможно, у представителей разных этнических групп это влияние будет выражено по-разному. Это покажут результаты исследования.

Список литературы:

1. Основные положения Послания Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14 декабря 2012 г.
2. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: НИЦ «Ғылым», 2008. - 352 с.
3. Кожаметова К.Ж. Развитие воспитания в Казахстане: проблемы и перспективы // Учёные записки Санкт-Петербургского государственного института психологии и социальной работы. – 2014. - № 2. - С. 131–135.
4. Винникотт Д.В. Маленькие дети и их матери. Хрестоматия по перинатальной психологии /Сост. А.Н. Васина. – М.: Изд-во УРАО, 2005. – 246-271с.
5. Рене А. Спиз, Колберг У. Первый год жизни. - М.: Академический проект, 2006. - 352 с.
6. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. - СПб.: Союз, 1997. - 224с.
7. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка / Под ред. А.Г. Рузской. М.: Институт практической психологии. – Воронеж, 1997. - 383с.
8. Филиппова Г.Г. Психология материнства. М.: Изд-во института психотерапии, 2002. - 240с.
9. Мухамедрахимов Р.Ж. Мать и младенец: психологическое взаимодействие. СПб.: Речь, 2003. - 288с.
10. Добряков И.В. Перинатальная психология. СПб.: Питер, 2010. – 272с.
11. Батуев А.С., Полякова О.Н., Новикова И.А. Роль пренатальной психологии в формировании сознательного родительства // Ученые записки Санкт-Петербургского государственного института психологии и социальной работы, 2012. - Т. -17. - № 1. – С. 136-139.
12. Щербаков Е.П. Родительская любовь как вид деятельности. Омский научный вестник, 2010. - № 2 (86). – С. 140-142.
13. Боулби Дж. Привязанность. – М.: Гайдарики, 2003. - 480с.
14. Борковская О.Л. Особенности взаимодействия матерей и детей раннего возраста в связи с психологическими характеристиками матерей. - СПб, 2010. - 178с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Касымова Р.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті*

Кілттік сөздер: жасөспірім тәрбиесі, халықтық тәрбие, халықтық педагогика, накыл сөздер, даналық сөздер, тәрбие әдістері, еңбек тәрбиесі, дене тәрбиесі, үрдіс

Аннотация

В статье рассмотрено воспитания подрастающего поколения с использованием народной педагогики.

Annotation

The article considers the education of the younger generation with the use of folk pedagogy.

Халықтық педагогикадағы негізгі қағида – өскелең ұрпақты тәрбиелеу үрдісі.

Халық әрқашан жасөспірімді тәрбиелеудің мәнін, оның қиындығы мен қуанышын, тектіліктің түпкі мақсатын дұрыс көрсеткен. Сондықтан да халық *«Тәрбие – баға жетпес байлық»*- дейді.

Жасөспірімдерді тәрбиелеу – күрделі мәселе, ол жақсы қарым-қатынасты, белгілі бір білім мен дағдыларды талап етеді. Тәрбие адамзат баласының пайда болуымен бірге қалыптасқаны көне заманнан белгілі, тәрбие – мәңгілік категория және адамзат қоғамының дамуымен бірге жетіліп нығая түседі. Егер тәрбиенің бастапқы кезеңінде уақытты жоғалтқан болса, немесе тәрбие теріс жүргізілген болса қайта тәрбиелеуге тура келеді, ал бұл өте күрделі міндет болып табылады. Халық: *«Ұрпағының азған өмір салтын тіпті қолбасшылар түзете алмайды»*- деп текке айтпаған.

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі халық танымында үлкен мәнге ие. *«Ата-анаң саған өмір сыйлады, ал тәлім алу өз еркің»* деген халық даналығы тікелей жасөспірімдерге арналған. Тауып айтылған сөз. Халық өскелең ұрпақтың өзін-өзі тәрбиелеудің өзіндік бағдарламасын алға тартты: *«Өзіңді танығың келсе, кім екеніңді білгің келсе – адамдардың пікірін сұра»*, т.б. Жас ұрпақ өзін-өзі тәрбиелеу арқылы өз бойына жомарттық, сыпайылық, еңбексүйгіштік, кішіпейілділік, әділдік, шексіз адалдық және шыншылдық сынды үздік адами құндылықтарды жинақтайтынына нық сенім білдіреді.

Әлемге аты белгілі ағартушылар мен педагогтар сәбилік шақтағы тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын атап көрсетті. К.Д. Ушинский: *«Адам мінезі неғұрлым оның өмірінің алғашқы жылдарында қалыптасқан болса, ол соғұрлым берік, адамның екінші табиғаты болып есептеледі. Адамның меңгерген бар ілімінің нәтижесі балалық шақта игергендей терең болмайды»*, - дейді. Халқымыз ғасырлар бойы балалардың психологиялық және жас ерекшелігі жөнінде белгілі бір тәжірибе жинақтады. Сәбилік шақтағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлді. Мұны мына жолдар арқылы көруге болады: *«Тісі шыққан балаға, шайнап берген ас болмас»*, *«Баланы тал бесіктен, бұзауды көгеннен тәрбиелеу керек»*.

Балалық шақтағы тәрбие нәтижелері адамның кейінгі өмірін білуге, бұдан болжам жасауға мүмкіндік береді: *«Үш жастағы дағдылар сексен жылға дейін сақталады»*, *«Ауру қалса да, әдет қалмайды»* т.б.

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама бойынша отбасылық тәрбие барысында күнделікті тұрмыста кездесетін қателіктер, атап айтқанда, бала өмірінің алғашқы жылдарында тәрбиеге аз көңіл бөліну, отбасында балаларға бірыңғай талаптар мен тәрбиелік ықпалдың болмауы; сондай-ақ жалпы балаларға деген шектен тыс сүйіспеншілік көптеген жаңсақтық, түсініспеушілік туғызады. Ата-аналар балалардан отбасында кумир жасағандарын мойындайды, баланы бетімен жібереді, оларға аз еңбек жүктеуге тырысады, бала тәрбиесі туралы аз ойланып, қаржылық қолдау көрсетуге барынша алаңдаушылықпен қарайды. Кейде шектен тыс қаталдық жұмсақтыққа алмасады, мұғалімдермен тиісті байланыстар болмады, олар мұғалімдер мен мектеп талаптарына деген наразылығымен бөліскенде жиі балаларды қорғайды. Ата-аналардың 65 пайызы отбасындағы тәрбие мәселесінде дәл осындай қателіктер жібергендерін мойындайды.

Бұл қателіктерге көптеген отбасында бала тәрбиелеу міндеттерінде ешқандай үлестің жоқтығы қосылады. Біздің зерттеуімізде «Сіздің отбасыңызда жасөспірімдерді тәрбиелеудегі негізгі шаруа кімге тиесілі?» деген сауалға ата-аналар былай жауап берді: анасында – 50 пайыз, әкеде – 8 пайыз, ана мен әкеде тең дәрежеде – 41 пайыз, басқа да отбасы мүшелеріне – 1 пайыз.

Демек, сауалнамаға қатысқан отбасылардың тең жартысында жасөспірімдер тәрбиесіндегі негізгі ауыртпалық анасына жүктеледі, бұл әрине, отбасында көптеген наразылық тудырады және отбасының тәрбиелік әлеуетін төмендетеді.

Енді халықтық педагогикадағы тәрбиелеу әдістерін қарастырамыз. Халықтың ғасырлар бойғы жинаған тәжірибесі балаларды тәрбиелеудегі белгілі қағидаларды ұсынады. Күнделікті тұрмыста түсіндіру, баулу, ынталандыру, мақұлдау, сендіру, жеке бастық үлгі, жаттығулар көрсету, ишара-тұспал, жазғыру, айыптау, жазалау, т.б. тәрбиелік ықпалдың әдістері кең тараған.

Түсіндіру мен *сендіру* балаларды еңбек сүйгіштікке баулу және отбасы мен қоғамда лайықты мінез-құлық қалыптастыру үшін пайдаланылады. Халық педагогикасы үшін ауыл шаруашылығы, қолөнер, әр түрлі күнделікті тұрмыстық еңбек түрлерін (еңбек құрал-жабдықтарын өндіру, топырақ өңдеу, суару, егін жинау, мал күтімі, ұлттық тағамдарды дайындау, тоқымашылық, ою, кесте тоқу және т.б.) игеруге баулу айрықша маңызға ие. Жұмыс ережелерін түсіндіріп, таныстырғаннан кейін *«Белгілі бір жұмысқа дағдылану үшін қолыңды жаттықтыр»* деген кеңес береді. Үлкендердің кеңесімен қатар жастар жұмыс дағдыларымен әдістерін меңгерулері тиіс.

Әсиет – отбасылық тәрбиеде кең таралған әдіс, үлкеннен – кішіге, ұстаздан – оқушыға, халық даналарынан – жастарға, әкеден – балаға қалған әсиет жиі кездеседі. Халық тәрбиешілері өз нақылдарында әр түрлі педагогикалық категорияларды қамтиды: әсиет, ескерту, жазғыру, тіпті белгілі бір педагогикалық шарттарға сәйкес, кез келген істе табысқа жетуге болады. Бұл шарттар әдетте «егер» сөзімен анықталады. Бұл туралы қазақта *«Алыстан алты жасар бала келсе, алтыстағы қарт сәлем береді»* деген немесе *«Егер сепкенің тары болса, бидай күтіп нең бар»* деген нақыл сөздер бар.

Баулу, дағдыландыру – халықтық педагогикада кең таралған әдіс. *«Заттарды сумен жуады, баланы дағдыландырумен тәрбиелейді»* дейді халық нақылы. Әдеттену балалық шаққа тән құбылыс. Мысалы, отбасында кешке уақытылы ұйықтап, таңертен ерте тұруға, ойыншықтар мен киімдерін жинауға, мәдени мінез-

құлық дағдыларын үйретуге, үлкендерге көрсеткен қызметтері үшін «рахмет» айтып ізеттілік көрсетуге, ата-анаға «қайырлы таң», «қайырлы түн» деп айтуға, үлкендермен, құрбы-құрдас, замандастарымен сыпайы болуға баулиды. Баланы үйретуші ересектер балаға ескерту беріп, олардың тәрбиелері мен іс-әрекет үлгілерін тексереді.

Сендіру тәрбиелеу тәсілі ретінде түсіндіруді мен дәлелдеуді жүзеге асырады яғни белгілі бір нақты ұғымдар, іс-әрекет, қылықтар, моральдық тәжірибе мен оларды басшылыққа алу қажеттігін біртіндеп жинақтауда баланың ауытқуы мен күмәнінің жоқ екенінің көрінісі.

Ынталандыру мен мақұлдау күнделікті отбасы тәрбиесінде кеңінен қолданылатын әдіс ретінде насихатталады. Жасөспірім балалар әрқашан тәртібін, ойнау, еңбектену қабілетін бағалау қажеттігін сезінеді. Отбасындағы бірінші ынталандыру – ата-ананың мақұлдауы мен ауызша мақтау. Әдетте, ата-аналар балалардың мінез-құлықында, оқу мен еңбек барысындағы жетістіктерін көргенде «жарайсың», «жақсы», «өте жақсы» деген сөздермен мадақтайды. Сонымен бірге халықтық педагогика бұл мақұлдау, мадақтау сөздерін жылы жүзбен жымыған түрде айту орынды екенін ескертеді. Егер жұмыс тиісті деңгейде жасалмаған болса, ата-аналар «ештеңе етпейді», «осы да жарайды» дейді, бірақ күлкі жоқ. Жасөспірім еш бейнетсіз өз еңбектерінің бағаланғанын түсінеді. Тәрбиенің құны мен ишараның тиімділігі арқылы халық өзінің ғибратқа толы ертегісін жасады. Г.Н. Волков: *«Педагогикалық ым-ишараның құндылығы тәрбиенің немесе баланың мінез-кемшіліктерін зілсіз дауыспен айтуға мүмкіндік береді»* дегенді қалай дөп басып айтқан. Ыммен тұспалдау халықтың педагогикалық әдебі мен оның түйсігі деп сеніммен айтуға болады.

Жеке бастық үлгі (әсіресе ата-аналар) – бұл халықтық тәрбиенің аса тиімді әдісі болып табылады. Ата-аналардың адамгершілік бейнесі, олардың еңбегі, қоғамдық қызметі, отбасылық қарым-қатынасы, айналасындағы адамдармен, заттармен, өнермен өзара байланысы, көзқарасы – осының бәрі жасөспірім үшін үлгі ретінде қызмет етеді және олардың тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Халық даналығы *«Ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол (дос бол)»* (*«ұлың өссе, сабырлы мен, қызың өссе ісмер әйелмен дос бол»*) деп жақсыдан үлгі алу керектігін алға тартады. Тәрбиеге ықпал етудің ең поэтикалық түрі – бұл ата-ананың ақ батасы. Отбасын жаңа құрғандарға халық *«Жаратушы Иеміз сендерге өз балаларыңның тойын көруді жазсын»* дейді. Халықтық педагогика мәжбүрлеу, жазалау, сөгіс айту, тыйым салу және ұрсып-жазғыру тәрізді тәрбие беру тәсілдерін айналып өтпейді. Халық арасында жиі ағат қылықтар мен жағымсыз әрекеттерге ауызша айыптау үкімі қолданылады. Айыптау баланың өз қателіктерін мойындауға және оны жоюға үйретеді. Балаға ескерту жасауды ата-аналар негізінен тәрбиелік шаралардың бірі ретінде сирек қолданады.

Сондықтан халықтық тәрбие адам баласының «баға жетпес қазынасы» деп есептейді.

Халық бала бойындағы жалқаулық пен қыңырлық себептерін, өтпелі кезеңдегі бала тәрбиесіндегі қиындықтарға түсіністікпен қарау қажеттігін эмпирикалық жолмен анықтады, әсіресе жасөспірімдік кезеңдегі қыз баланың тәрбиесіне көңіл бөлуді күшейтті. Эмпирикалық бақылау мен тәжірибе жүзінде тексеру барысында халық отбасылық тәрбие берудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін кеңінен қолданды: баулу, үлгі көрсету, мақтау (ынталандыру), кінәлау, жеке бастық үлгі, бата және басқа да педагогика талаптарына қайшы емес, сәйкес әдіс-амалдар.

Халықтық педагогиканың жалпы жүйесіндегі еңбек тәрбиесінің маңыздылығын асыра бағалау өте күрделі мәселе, ол шын мәнінде халықтық тәрбиенің өзегі болып табылады. Көне заманнан бері жасөспірімдер мен жастардың еңбек тәрбиесі ата-аналардың маңызды міндеті болса, кейіннен келе білім беру мекемелері мен басқа да қоғамдық институттардың еншісі болып саналады.

Халқымыз еңбек адамға табиғаттың берген баға жетпес сыйы ретінде ғана емес, оның қандай да бір шабытты сипатын дәріптейді. *«Еңбек – барлық тіршіліктің атасы».*

Халық әрдайым өскелең ұрпақтың қамын ойлады, олардың бірқатар мамандықты меңгеруін, «әркім өз ісінің шебері» болуын қалайды. Барлық ұлтта біртұтас көзқарас қалыптасты: *«Қосымша өнер бас айналырмайды», «Артық болмас білгенің», «Жігітке жетпіс өнер де аз» т.с.с.* Тарих өскелең ұрпақтың сан алуан еңбек дағдылары мен қабілеттерін игеруі үшін баға жетпес тәжірибені сақтап қалды. Адамдар еңбек дағдыларын меңгеру үшін уақыт пен күштің қаншалықты керегін анық түсінеді: *«Сіз үйренгенше істеу мүмкін емес нәрселер бар, бірақ жасау керек нәрселер бар – үйрену үшін».* Халық жаны қиналмайтын жеңіл жұмыс іздеген адамды мысқылдайды. Бұл жайында мәтел де бар: *«Жаңбырлы күні тауық суаруға тілек білдірушілер көп».* Әсіресе «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» өзгелердің еңбегіне сүйенетін «ақ саусақтар» адамдардың теріс пікірін тудырады. Адамдар өз еңбегінің нәтижесі туралы ойланбайтын немесе пайдасы жоқ қисынсыз шаруамен әуре болғандарды келемеждейді. Мұндайда халық *«Ағашты тамырынан отағанмен, шыңынан сугарылады»*-дейді.

Отбасында жасөспірімдердің еңбек тәрбиесі мәселелеріне А.С.Макаренко көп көңіл бөлді. Халықтық педагогика дәстүрлері негізінде жаңа қоғамның отбасы бірлігін ескере отырып, оқытушы баланың ой, сана, сезім, мінезінің қалыптасу белгілерін еңбексіз тәрбие арқылы дұрыс тәрбиені сіңіру мүмкін емес екенін мәлімдейді. Еңбек тәрбиесі тұлғаның жан-жақты өсуіне маңызды әсер етеді.

Бұл жағдайда халық даналығы мен ғасырлар бойы жинақталған отбасының еңбек дәстүрлерін қазіргі педагогиканың жетістіктерімен байланыстырғанымыз дұрыс. Сонымен қатар еңбек тәртібі ең кем дегенде, мына талаптарға жауап беруі тиіс: еңбектің жүйелік және топтық сипаты; әрбір баланың жасына сай тұрақты еңбектік міндеттерінің болуы. Кішкентай кезінде еңбекті ойын элементтерімен байланыстырған тиімді, ал жоғары сыныптарда ақырындап қарапайым еңбек жүйесін қиынға ауыстыруға болады. Балаларды керектіні

орындауға үйретіп, оларды жазаламай, еңбегінің сапасын бағалап, мақтаулар айтып, саналы және жоспарлы түрде еңбекке баулу қажет.

Бүгінгі күнгі білім мазмұнындағы өзгерістің негізгі мақсаты – интеллектуалды, эстетикалық және физикалық жоғары деңгейлі тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау. Жас ұрпақты ақылға тәрбиелеу қашан да халықтың ең бірінші міндеті болған. Халық алғашқы да білімнен ада болса да, халықтың түпкі түйсігінде оқу-ғылымға деген құлшыныс жатты. «Білім – ақылдың шырағы» - халық даналығы.

Халықтың түсінігінде тек ақылды адам ғана терең білімге ие бола алады: «Ақылдан асқан байлық жоқ», «Ақылды ақшаға сатып ала алмайсың», «Ақыл-ешқашан шешілмейтін киім, білім-ешқашан таусылмайтын бұлақ». Ал мұны қазіргіше айтқанда: «Киіміңмен емес, біліміңмен таң қалдыр».

Тілді білу халықтың білімін кеңейтеді. Өзбек халқы бұл жайлы былай дейді: «Тіл білу жүрекке жол ашады», «Жүз тіл білу жүз ақылмен тең». Бұл жерде туған ана тілінің жасөспірімді тәрбиелеудегі маңызды фактор болып саналады. Ана тілі – халық қазынасының жауһары. Ең алғаш анасынан шыққан сөзді, өз атын естіп бала дүниені тани бастайды, бесік жырымен тербеліп, ұлттық әуенді ұмсына бастайды және оны өмір бақи жадында сақтап өтеді.

«Ұстаздың қаталдығы әке мейірімінен артық»-деген. Адамдар, шындығында, мұғалім мен оқушы қарым-қатынасын өздері елестетеді: «Шәкіртті көзіне мақтайды, ұстазды көзі үшін мақтайды, ал жұмысшыны жұмысынан соң мақтайды». «Сүрінбейтін тұяқ болмас», -демекші, ұстаздың кейбір кемшіліктерін халық кешіреді, алайда ұстаздың беделі мінсіз болуы тиіс. Себебі балалар оған еліктейді, ұстазға ұқсағысы келеді. Халық бұл жолы да қате айтпаған: «Ұстаз тұрып ішсе, шәкірт жүгіріп ішеді».

Халқымыз жасөспірімді ақылға тәрбиелеуімен қатар, физикалық тәрбиелеудің де өзіндік нормаларын, әдістерін, құралдарын да қалыптастырды. Адамдар мекен ететін ортаның табиғи бұзылуы, жасөспірімдерге кері әсерін тигізетін ішімдікке салыну, темекі шегу, нашақорлық сияқты әдеттер олардың денсаулығы жөнінде ойлантады. Физикалық тәрбие, мәдениет жеке тұлғаны жан-жақты, үйлесімді дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Бала денсаулығының күтімі, оның қалыпты физикалық дамуы, төзімділікке, ептілікке, бір нәрсеге машықтануға тәрбиелеуге халық үнемі көңіл аударады. Жасөспірімдерді физикалық тәрбиелеу балалар ойындарында, ұлттық ойындарда, спорт жарыстарында қамтылған.

Халық дене тәрбиесінің факторларын білумен ғана шектелмей, сондай-ақ емдеудің тәсілдерін де ойлап тапқан. «Басыңды суықта ұста, ал аяғыңды жылы ұста». Суық тиген адамға халық былай дейді: «Терлесен – ыстығың басылады». Халықтық педагогикада жасөспірімдерді алдын ала сақтандыруға: «Бір нәрседен құмандансаң - ауырасың». Темекіге халық үзілді-кесілді қарсы болған: «Кім темекі шексе, өкпесі мен ақшасы күйеді».

Осылайша халық түсінігіндегі дене тәрбиесінің мұраты – жасөспірімдерді дені сау, өмірге құштар, мықты, батыл етіп тәрбиелеу. Халық медицинасы, дұрыс тамақтану, табиғи факторларды қолдана білу, ойындар, спорттық жарыстар мен әр түрлі мерекелік шаралар физикалық тұрғыдан дамуын қамтамасыз етеді.

Ата-бабаларымыз әрқашан жасөспірімдерге Отанға деген сүйіспеншілікті, әділеттілікті, шыншылдықты, қарапайымдылықты, достық сезімді мұра етіп қалдырып отырған. Кез келген отбасында тәрбие сол отбасының ерте замандардан бері қалыптасқан өмірлік тәрбие дәстүрімен жүзеге асады. Халықтық тәрбие – қоғамдық тәрбие.

Әрбір мақал-мәтел, ертегі өз орнында айтылып, отбасының дәстүрі мен рухына сәйкес келіп, жасөспірімдерге түсінікті әрі жүрегіне жақын болса, отбасындағы жақсы бір рухани сабаққа айналады. Келтірілген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер идея жағынан да, мазмұн жағынан да, өз халқымыздың теңдессіз шығармасы ретінде ел ішінде кеңінен таралған. «Мақалсыз сөз болмайды, кірпішсіз үй болмайды»- деп бекер айтылмаса керек. Ұстаздар мен ата-аналар жасөспірімдермен қарым-қатынаста осы көркем сөздерді жиі қолданып, мағынасын олардың санасына сіңіріп отырса, тәрбиенің де дұрыс болуына септігін тигізетіне сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім - тәрбиесі. –Алматы., 1995.-75 б.
2. Джакупов С.М. Межэтнический фактор в условиях формирования познавательной деятельности // Этнопсихология и этнопедагогика. –А.: 1991. С. 83-88.
3. Агеев В.С. Психология межгрупповых отношений. -МГУ, 1983.-94 с.
4. Джандильдин Н. Природа национальной психологии. А., 1971.-68 с.
5. Дилигенский Г.Г. Проблемы теории человеческих потребностей /Вопросы философии. 1976.

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ БАЛАНЫ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ

Асылбаева Ф.Б.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазмемқызту

Кілт сөздер: Ұлттық сана, рухани қажеттіліктер, еңбек тәрбиесі, ауыз әдебиеті, қол еңбегі, технология

Аннотация

В статье рассматриваются основы трудового воспитания детей младшего школьного возраста. По мнению автора основы трудового воспитания является устная народная литература.

Annotation

The article covers the basics of labor education of children of primary school age. According to the author the basics of labor education is the oral folk literature .

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – 12 жылдық білімге көшу мәселесі көкейкесті тақырыпқа айналууда. Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық құндылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

Дегенмен, білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жаңартуымызға елеулі септігін тигізді. Осы ретте еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының барлық жүйесінде, атап айтқанда, бала тәрбиелеуші әрбір отбасынан бастап мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектеп, колледж, ЖОО-да халықтық педагогика тағылымдарының озық үлгілерін жан-жақты енгізу дәстүрге айналды.

Халық педагогикасы үлгілерін оқу-тәрбие процесінде қолдануды алыс, жақын шетел ғалымдары: Т.С.Виноградов, Г.Н.Волков, В.Ф.Афанасьев, Я.И.Ханбиков, Н.Сафаров, К.Пирлиев, А.Э.Измаилов қарастырды. Ал қазақстандық ғылым докторлары: Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Қ.Бөлеев, Ә.А.Қалыбекова, Ә.Табылдиев, Қ.Ж.Қожахметова, Р.Қ.Дүйсембинова, Ш.Құлманова, З.Әбілова, Ж.Асанов және т.б. халық педагогикасы идеяларын оқу-тәрбие процесінде пайдалану мәселелерін қарастырғанымен, бұл еңбектерде еңбек тәрбиесі жалпылама түрде сипатталады[2].

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі технология оқу пәні жетілдіруде.

Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Ол арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргізуге бағыттау қажет. Оқушылар әр түрлі әзірленген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсібі ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Сондықтан, технология сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігі, өнерге, шеберлікке деген бейімділігі дамыта отырып қалыптастырылады. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбекке қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Өйткені, тәрбиесіз білімді бала бойына сіңіру мүмкін емес.

Тәрбие–ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Баланы жастан деп бекер айтпайды халық, бірақ тәрбие тек жастарға керек деген пікірге қосылу қиын, үлкендерге де тәрбиенің қажеттілігі мол. Бұл жерде біз Мұқтар Ғ.Арынның «Жастарды тәрбиелеуші құрал – үлкендердің парасаттылығы» деген ойына қосыламыз. Шынында да халық бекер айтпайды: «Жас- кәрінің көзі, кәрі-жастың тезі», «Үлкен бастар, кіші қостар», «Алдыңғы арба қалай жүрсе –артқы арба солай жүреді»-деп осыдан туындайтын ой. «Егер ересек адамдар тәрбиелі болса, онда артындағы жастар ешқайда кетпейді». Оқушыларды тәрбиелі етіп өсіру мақсаты қазақ халқының ертегілерінде де ерекше орны алады. Мысалы: «Жеті - өнерпаз» деген ертегілерде батырлықта, шыншылдыққа, имандылыққа, шыдамдылықта, адамгершілігінің молдылығының нәтижесінде үлкен шеберлікке жеткендігі туралы айтылады.

Ертегілердің басым көпшілігі бастауы сынып оқушыларын еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарын құрметтеуге, еңбек тану арқылы өнердің бір түрін игеруге, өнер иесі болуға уағыздайды. Мәселен «Алтын балта», «Газша бала», Жігіт пен өнерлі қыз» т.б. ертегілер осындай идеяға құрылған. Кейбір ертегілердің халықтың сыртқы сұлулықтың адамның ішкі рухани байлығымен, ақыл-ой ы, ерлік, батырлық, ержүректілік, патриоттық, гуманистік терең сезім тәрізді моральдық қасиеттермен үйлесімді болуын құлағына айқын көрініс береді. Оған «Құса батыр», «Алтын айдар», «Қайсар құмырсқа», «Патша мен бүркіт» т.б. ертегілерден дәлел бола алады. Ертегілер мазмұнынан жолдастық көмек, достық, қиындықта дер кезінде қол ұшын беру, шынайы достықты жоғары бағалау айқын байқалады. Оған мысал ретінде «Ақ қасқыр», «Жүсіп мерген», «Ер Төстік», «Ақымақ дос», «Үш өгізбен арыстан» т.б, ертегілерді айтуға болады. Қазақ халқы қаршадайынан баланы үлкенді құрметтеу, оны сыйлау, үлкеннің сөзін аяқ асты ептеу қариялардан өнеге алуға тәрбиелейді, үлкендерді келемеждеу, мазақтау, жақсылыққа апармайтындығын құлағына құйады. Халықтың бұл ойы «Шал мен жігіт», Қарт пен тапқыр», Ұр тоқпақ», «Бай ұлы», «Малды пайдаға қарату» атты ертегілерден айқын аңғарылады. Бір топ ертегілер («Әдеп», «Салақтық», Ажалдан құтқарған асыл сөз», «Жақсы әйел», «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Бай мен жарлы баласы», «Жамандыққа-жақсылық» т.б.) кішіпейілділік, мейірімділік, ұқыптылық, шыншылдық т.б. асыл қасиеттерді мегеруді уағыздап жамандықтан жирендіреді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен /ертегі, аңыз, мақал-мәтел/ жинап, оны ғылыми жүйеге келтіріп, орыс-қазақ тілінде насихаттаушы фольклоршы, әрі этнограф Әубәкір Диваев болды. Ол қазақ халқының халық әдебиетінің асыл мұраларын жинаған батырлық жырларға аса мән берген. «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге батыр», «Бекет батыр», «Шора батыр» жырларын жинақтап жарыққа шығару арқылы халқымыздың ерлік және жауынгерлік тәрбиесі бойынша артына өшпес мұра қалдырды. Халықтың бай мұрасының оқушыларды адамгершілікке, еңбекке, ерлікке тәрбиелеудегі ықпалының мол екеніне тоқталды.

Жаңылтпаш, мазақтама.

Шын еңбекшіл - өрмекші,

Өрмекші – шын өрнекші. Маңызы. Оқушыларды дербестікке, іздемпаздыққа, талғампаздыққа, шығармашылыққа, әсемдікке баулиды. Сабақ материалы есте ұзақ сақталады.

Бала тәрбиесіне қай елде болмасын, қай кезеңде болмасын, ерекше мән берілгенін тарих парақтарынан білеміз. Себебі, жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің ертеңгі тірегі, мызғымас болашағы. Бүгін мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің ертең қандай азамат болып шығатыны – ата-аналар мен ұстаздар қауымының арасында мәңгілік таусылмас тақырып болып қалып отырғандығында. Жас өскелең ұрпақты саналы, саяси әзірлігі мол, тәрбиелі, азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі күн тәртібінде тұрған келелі мәселелердің бірі.

Нарық заманы бүгінде қай салаға да жеңіл тиіп отырған жоқ. Бірақ, сол қиыншылықтарды тілге тиек етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне келешегіне немқұрайлы қарауға болмайды. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерлеу процесінде адам факторы және оны жандандыру бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізі болып барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып білуде, тәрбие жұмысын жүргізуде ақыл-ой қабілетін, шығармашылығын, адамгершілігі мол, еңбекқорлығы мен денсаулығын сақтай білу және дені сау азамат етіп тәрбиелеу бұл мақсаттың тиімділігі сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мұғалім, педагогтың шығармашылық ойлануының, кәсіби біліктілігіне, шаберлігіне үнемі ізденуіне тікелей байланысты.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу – қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекті сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн.

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепте іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушының ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі.

Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді. Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оны шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Қазақ халқы көне дәуірден бүгінгі күнге дейін өзінің көпғасырлық тарихында халық педагогикасын өзіндік ұлттық формада жасаған. Қазақ халқы мақал-мәтелдерді, әндер мен ертегілерді, эпостарды, жұмбақтарды, еңбек мерекелерін балалардың еңбекке деген көзқарасын қалыптастырушы, олардың әр түрлі еңбек түрлері жайлы білімдерін (диқаншының, малшының, аңшының, ұстаның, т.б.) толықтырушы және еңбек адамдарының алдыңғы ұрпағы жинақтаған тәжірибені жеткіншектерге жеткізуші тиімді әдістер ретінде халық арасында қолданған және әлі де қолдануда.

Қорыта келе, балаларды еңбекке идеялық-адамгершілік тұрғыдан даярлауда қазақ халқы жеткіншек ұрпақтың тағдыры үшін моральдық жауапкершілігі мен өздерінің азаматтық парызын естен шығармаған, оларды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеген.

Қазақ халық педагогикасындағы ер балалар мен қыз балаларды дәстүрлі еңбек түрлеріне тәрбиелеу ерекшеліктері, жеткіншектерді мақсаттылықпен еңбекке тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Т.1. /Құраст. Қ. Жарықбаев, С.Қалиев). – Алматы, «Рауан», 1994. – 320 б.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалар. - Алматы, 2005. -400б.
3. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993. - 151 б.

М.ӨТЕМИСҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Көшербаева Г.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Маңғыстау гуманитарлы-техникалық университеті
Гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі*

Кілттік сөздер: Махамбет Өтемісұлы, ақынның шығармашылық мұрасы, этнопедагогикалық мүмкіндіктер, этнотәрбиелік әлеует

Аңдатпа

М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасын зерттеудегі ұстанымдар, мен әдістер, негізгі категориялар қарастырылып, оның этнопедагогикалық мүмкіндіктері көрсетілген.

Аннотация

Принципы и методы основных особенностей категорий рассматриваемых в исследовании творческого наследия М. Отемисұлы и его этнопедагогические потенциалы.

Annotation

Principles and methods of the main features of the main categories considered in the study of the creative heritage and this M.Otemisuly etnopedagogical potentials.

М.Өтемісұлы жыраулардың жауынгерлік бағытын дамытып, ұлт-азаттық поэзиясының негізін қалады. Махамбет қолға қару алып күресу, сөйтіп азаттық алу, әділеттілік орнату қажеттігін жырлады. Сонымен, Махамбет күрес поэзиясын, содан туындайтын саяси-азаттық идеяны жырлаушы деп саналады.

М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасының сан қырлылығы, қайталанбас бірегейлігі және оның идеяларының түрліше түсіндірілуі қазіргі уақыттағы ғылымның философиясы мен әдіснамасына жүгінуге әкеледі. Махамбет Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуетін анықтауға негіз болатын әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардан туындайтын қағидаларға тоқталайық. М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуетін табудың, талдаудың ұстанымдары ғылымдағы әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарынан туындайды деген пікірдеміз. Этнопедагогикалық әлеуеттің негізіне этномәдени және ұлттық, саяси-әлеуметтік құндылықтар жатады. Біздің зерттеуімізде М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасы, біріншіден, әдеби мұра, екіншіден, саяси тарихи мұрасы, үшіншіден, сол шығармашылық мұраның сипаты Махамбеттің жасаған Исатай мен Махамбеттің бейнелерінен көрініс табады. Сондықтан да, егер этнопедагогикалық мүмкіндіктерді белгілі бір құрылым ретінде көрсетсек, онда М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасы – ерлік бейнесінен, ұлттық және этномәдени құндылықтардан, саяси әлеуметтік құндылықтардан тұрады.

М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық мүмкіндіктерін әлеуметтік философияның тұғырларына сүйене қарастырсақ, онда философияның “жалпы әлемдік – жалпы – ерекше – жеке” категориялары арқылы талдағанда шығармашылық мұраның “жалпы әлеуеті → саяси → әлеуметтік әлеуеті → этнопедагогикалық әлеуеті → М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуеті” деген логикалық тізбек шығады.

Сондай-ақ, бір жағына, саяси-әлеуметтік әлеует шығармашылық мұраның қалыптасуына мұрындық болған тарихи әлеуметтік алғышарттарды жүйелеудің ұстанымдарынан туындайды, ал екінші жағынан, қалыптасқан шығармашылық мұраның өзі ұлт-азаттық қозғалысына байланысты фактілердің, құбылыстардың, үдерістің қайсысына байланысты болғанына қарамастан болашақта саяси мәні бар, халықтың ұлттық санасын қалыптастыру мүмкіндігі мол, яғни саяси-әлеуметтік әлеуетке ие мәңгілік қазына, мұра. М.Өтемісұлының бүкіл мұрасы (ақындық, батырлық, сазгерлік, күйшілік) адами әрекетінің мәні мен мақсаттарын анықтайтын өмірлік білімнің үлгісі болып табылады. Ақынның шығармашылық мұрасының кез келген түрі өз Отанына, халқына, адамдарға бақыт әкелу үшін күреспен тығыз байланысты. Бұл ретте ол оның адамгершілік бағдарларынан хабар береді, жеке өмірінің әлеумет өміріне тарихи тәуелділігі мен ішкі байланысын көрсетеді.

М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасының білім мазмұны теориясы тұрғысынан жүйеленіп, этнопедагогика пәнінің құрамынан орын алып, (этнопедагогиканың әдіснамасы, этнодидактика тарихы т.б.), мектептегі оқу-тәрбие үдерісіне тұтастай ендіру жолдарын қарастырамыз. Ақынның шығармашылық мұрасының саяси-әлеуметтік әлеуеті және этнопедагогикалық әлеуеті бір-бірімен тығыз бірлесіп алынды, себебі М.Өтемісұлы мұрасын біз дәстүрлі педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар тұрғысынан әрі талдап, әрі мектеп практикасына бейімдеп, ұлттық білім мазмұны матрицасын жасап ұсынуымызға әбден болады. Білім мазмұны әрқашанда ұлттық, бірақ әзірге, сөз жүзінде, бағдарлама, оқулықтар білімнің тек қана негіздері берілетін бөлігін алумен ғана шектелуде, зерттеушілер әлеуетті білімдік, әлеуметтік педагогикалық әлеует кеңістігінде қарастырады. Олар әуелі психо-физиологиялық әлеуеттің (денелік, психологиялық, әлеуметтік), психологиялық-педагогикалық әлеуеттің (мотивациялық, мақсаттық, мәндік), әлеуметтік-педагогикалық әлеуеттің (білімдік, тәрбиелік, ұстанымшылық) құрылымдарын саралай келе, тәрбиелік

әлеуеттің өзі адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтік компоненттерден тұрады деген тұжырымды ұсынады. М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасы әдеби-мұрагерлік поэзиясы – мектептегі білім мазмұнында ішінара орын алып белгілі бір қызметті атқарып келеді. Оған біздің ешбір күмәніміз жоқ. Дегенмен, осы ақынның шығармашылық мұрасы ұлттық білім мазмұнынан тиісті дәрежеде орын алып білімдік, тәрбиелік міндеттерді атқару үшін, оның этнопедагогикалық әлеует түрінде жүйеленуі өте күрделі де, көкейкесті мәселе болып табылады. Жалпы білім мазмұнын іріктегенде, оның этнопедагогикалық бөлігін құрастыру мәселесін зерттеуде, этнопедагогиканың құрамдас бөліктеріне енетін ұғымдар, түсініктер, терминдер жүйелеуде, М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасын талдағанда, педагогикалық әлеует теориясын қолдану қандай нәтиже беретіндігі ойластырылады.

Гуманитарлық танымның құндылықтары мен нормалары тұрғысынан М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасын бағалау үшін төмендегідей ұстанымдарға сүйенгенді жөн көрдік.

- М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасын мағыналық жағынан түсіндіру мүмкіндігі;
- ақынның өз өмірінің гуманистік мағынасын, ізгілікті іс атқару қажеттігін саналы сезінуі;
- М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасында әлемді танудың жан-жақтылығы мен тұтастығының көрінісін табуы;
- тәрбиенің гуманистік бағыттылығы, ұстанымы;
- мәдени сәйкестік ұстанымы, яғни ұлттық мәдениет пен аймақтық дәстүрлердің құндылықтары мен нормаларына сәйкес жалпы адами құндылықтарға негізделген тәрбиені іске асыру ұстанымы;
- әлеуметтік бейімделу, өзін іске асыру дағдыларын қамтитын әлеуметтік әрекеттесудің тиімділігі ұстанымы;
- жеке тұлғаның әлеуметтік және мәдени дамуына бағытталған тәрбие тұжырымдамасы ұстанымы;
- ұлттық, экономикалық, діни, нәсілдік немесе идеологиялық ерекшеліктеріне бағынышсыз барлық адамдарға және әлеуметтік жүйелерге пайдалануға болатын гуманистік идеялардың әмбебаптығы ұстанымы;
- гуманистік құндылықтардың басымдылығына сәйкес іргелілік ұстанымы; Мысалы, гуманистік құндылықтар жүйесіндегі бостандық идеясының басымдығы арқылы теңдік, әділеттік сияқты әлеуметтік құндылықтар іске асады;
- демократияландыру ұстанымы, білім беру субъектілерінің белсенділігін және шығармашылығына алғышарттар жасау.
- ұлттық мүдделерді ескеру ұстанымы, жас ұрпаққа білім беруге этномәдени тұрғысынан келу;

М.Өтемісұлы поэзиясының, яғни мұрасының шығармашылығының этнопедагогикалық әлеуетін қарастырғандықтан «шығармашылық» түсінігі мұраның сапалық деңгейін көрсетуге бағытталған деп білеміз, демек ақын мұрасының шығармашылық әлеуеті жоғары болғандықтан ол зерттеу объектісіне алынып отыр, ал зерттеу пәні ақын шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуеті, ақын мұрасына этнопедагогикалық тұрғыдан баға беріп, әлеуетін нақтылау қажеттігін көрсетеді. «Әлеует» ұғымы да көбінесе жоғарыдағы «мұра», «шығармашылық» сияқты жеке тұлғаға қатысты зерделенеді.

Адамға қатысты айтылатын бұл ұғымның философиялық сөздіктегі түсіндірмесі адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздермен мағыналас екенін көрсетеді. Басқаша айтсақ, адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қор, ішкі мүмкіндіктер көзі», - деп тұжырымдайды. Біздің жағдайымызда ақын шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуетін теориялық тұрғыда негіздеп алып, оны практикаға ендіріп, шын мәніндегі шығармашылық мұраның оқушының жеке тұлғасына қалай әсер ететіндігімен шығармашылық мұраның этнопедагогикалық әлеуетін байқамақпыз. Демек, онда этнопедагогикалық әлеует шығармашылық мұраның жеке тұлғаға әсерімен өлшенбек.

М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының саяси әлеуметтік әлеуетіне тоқталғанды жөн көрдік. М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуеті оның саяси әлеуметтік әлеуетінен айқын көрінетін аңғардык. Сол себепті, біз зерттеуші ғалымдардың деректеріне, мұрағат құжаттарына сүйене отырып, М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының қалыптасу кезеңдерін және оның саяси-әлеуметтік бағыттағы мазмұнын талдадық. Әрине, бұл жерде біз ақынның шығармашылық мұрасын хронологиялық тұрғыда келтіргенде, ақынның шығармаларын әртүрлі мазмұндағы тақырыптарды қамтитыны көрініп тұр. Әйтсе де ақынның шығармашылық мұрасының мазмұнынан байқағанымыз – оның саяси-әлеуметтік әлеуетінің басымдығында.

Махамбет шығармашылық мұрасы ұлт мұратына, ел-жер тағдырын, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді әр алуан қырларынан көрсетумен маңызды. Махамбет мұрасы қоғам құбылыстарының мәнін, кезең көріністерінің сырын, өмір уақытының шындығын, адам әлемінің мың сан иірімдерінен бейнелі, нанымды түрде жеткізеді. Ақынның адам мұраты, өмір-уақыты сырлары, тұрмыс мәні турасындағы көзқарас жүйелері “Жалған дүние” өлеңінен кеңінен көрінеді.

Ақын осы өлеңі арқылы Адам, өмір мұратын, арулар ақиқаты мен батырлар бейнесін, тұлпар тағдырын, уақыт-тұрмыс сырларын әлеуметтік-философиялық деңгейге көтерген, риторикалық сұраулар арқылы өздігінше түйін-тұжырымдар жасайды. Ақын адам ақиқатын айтып, болмыс-жаратылысын көрсетуге өмір тәжірибесіне, уақыт, тұрмыс сырларына айрықша маңыз береді. Ағайын арасын, жақын-жуық, сыйлас жандар қарым-қатынасын көрсетуде де өмір тәлімі, уақыт таңбасы айқын аңғарылады. Ең негізгісі, ел, мұрат пен ерлік салты, ұлттық рух пен халықтық қасиеттерді ардақтау – Махамбеттің ақындық өнерінің биік тұғыры. “Махамбет жырының да мәнін тереңдетіп, мазмұнын байытып тұрған осы сыр мен сымбат”.

Махамбет поэзиясында хан-сұлтандарға арнаған өлеңдері өмір мәнін, уақыт сырларын, адам

бойындағы алуан мінез кырларын реалистік тұрғыдан көрсетумен мәнді (“Жәңгірге”, “Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны”, “Әй, Шонты би”, т.б.). Ол әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарды, өмір-уақыт, тұрмыс сырларын кең көлемде баяндап, сол арқылы хан-сұлтандардың өктемдік пен озбырлыққа құрылған мақсат-мұраттарын, көзқарас-саясаттарын сынайды. Қатал уақыт, қиын-қыстау кездердің көрініс-суреттерін хан-сұлтандарды сынап-мінеу арқылы қалың көптің сөзін – ақиқатты айтады. Ажал алдында, өмір мен өлім сынға түскен сындарлы сәтте де халық атынан сөз алып, ұлт мұратын, ел-жер тағдырын тереңнен толғайды. Елдің амандығын, жердің бүтіндігін, бейбіт өмірдің қымбат та қастерлі, киелі екендігін бүкпесіз баян етеді. Сол арқылы отырықшылардың ойранын, үстем таптың озбыр-содырлы саясаттарын халық назарымызбен табиғи, нанымды байланыстырады.

Махамбет шығармаларының ірілігінің өзі өктемдік жүйеге қарсы тұруында. Махамбет жырларының құдіреттілігі – арман-ансарының заманалық кесектігінде. Басты бағыты – ұлттың азаттығы, халықтың әлеуметтік теңдігі. Ақынның шығармашылық мұрасының құдіреті, өміршендігі оқырманын бей жай қалдырмай, сана-сезімін билеп алып, белсенді іс-әрекетке жетелеуі – оның сарқылмас рухани әлеуетінде. Сондықтан, біз осы феноменді зерттеуді өзімізге негізгі мақсат етіп алып отырмыз.

Біздің ойымызша, ақынның шығармашылық мұрасының құдіреті, өміршендігі оқырманын бей жай қалдырмай, сана-сезімін билеп алып, белсенді іс-әрекетке жетелеуі – оның сарқылмас рухани әлеуетінде. Сондықтан, біз осы феноменді зерттеуді өзімізге негізгі мақсат етіп алып отырмыз.

Ол мынау жарық дүниедегі әділетсіз өмірдің қыспағында отырған ел күйзелісін көріп шыдай алмайды. Ел деп еңіреген Исатай батырмен бірге атқа қонады, қолына қылыш пен қаламын қатар ұстап, майдан даласына атой салады. Махамбет өлеңдеріндегі әрбір сөздің қуатына таң қалмай отыра алмайсыз. Қазақтың елеусіз өтіп жататын күнделікті тірлігінде қалыпты қолданыста көріне беретін сөздерге Махамбет өзгеше сапалық жігер беріп, тірілтіп әкетеді. Майдан алаңында мың сан қолға ие болғандай рухтанып, кісіні елітіп, еліктіріп әкетеді. Осының өзі Махамбет Өтемісұлының шығармашылығының этнопедагогикалық әлеуетінің ауқымды екенін айқын көрсетеді.

М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық мүмкіндіктері мектептегі білім мен тәрбие мазмұнынан орын алатын ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардан көрініп тұр десек артық болмас. Махамбет Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық мүмкіндіктері – ұлттық құндылыққа негізделген, тұлғаның ұлттың санасын қалыптастыруға, оның ұлттық сезімі арқылы асқақ рухын оятуға бағытталған рухани қуат, ол тұлғаның этнос субъектісі, этномәдениет субъектісі деңгейіне көтерілуін басты мақсат тұтады. Этнос, этномәдениет субъектісі – ұлттық жанашыры ретінде өз ұлтының өркендеуіне ұлттық рухани мұрасынан сусындап, өз рухани әлеуетін өн бойына сіңіріп, жаңа сападағы күш-қуат иесіне айналып, әлеуеті дами түседі.

М.Өтемісұлының шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуетін екі компоненттен тұратынын нақтыладық; этнобілімдік (көтеріліс тарихы, Исатай бейнесі, Махамбет бейнесі, табиғат, жан-жануар, аң-құс, тірі табиғат бейнесі мен ақынның күйшілік мұрасының сипаттамасы және сезімдік эмоциялық құндылықтар. Бұл құндылықтар білім және тәрбие мазмұнына еніп, М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасының жалпы әлеуетін, оның ішінде этнопедагогикалық әлеуетін арттыра түспек.

М. Өтемісұлы шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуетінің құрамына кіретін *этнобілімдік компонентін* (көтеріліс тарихы, Исатай бейнесі, Махамбет бейнесі, табиғат, жан-жануарлар, аң-құс, тірі табиғат бейнесі, күйлері) оқушылардың ұлттық-азаматтық құндылықтарын қалыптастыру құралы (рухани қуаты) деп, ал *этнотәрбиелік компонентін* (ерлік философиясы, патриоттық (отаншылдық), әлеуметтік (халықшылдық), адамгершілік тәрбие, эстетикалық тәрбие, сезімдік-эмоциялық тәрбие) – этнотәрбиелік ұғымдар негізінде оқушылардың ұлттық, әлеуметтік (халықшылдық), отаншылдық, эстетикалық, сезімталдық құндылықтарын қалыптастыру құралы (рухани қуаты) ретінде қарастырдық.

Біз зерттеуімізде шығармашылық мұраны рухани мұра ретінде таныдық, ол оның этнопедагогикалық әлеуеті шығармашылық мұраның мазмұндағы жалпы адами және ұлттық құндылықтар деп есептедік.

Гуманитарлық таным құндылықтары мен нормалары тұрғысынан М.Өтемісұлы шығармашылық мұрасын бағалау ұстанымдарын нақтыладық та ақынның шығармашылық мұрасының қалыптасу кезеңдері мен ақын мұрасындағы құндылықтарды жүйеледік, этнопедагогикалық әлеуеттің құрылымы мен құрамын нақтыладық.

Әдебиет:

1. Көшербаева Г.Қ. Махамбет Өтемісұлының шығармашылық мұрасының этнопедагогикалық әлеуеті. Пед. ғыл. канд. диссертация. – Атырау, 2010.

ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ: ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІ

Джамбозова А.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Кілттік сөздер: Отансүйгіштік тәрбие, патриоттық тәрбие, қазақстандық патриотизм, ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, отбасылық тәрбие.

Аннотация

В докладе , вопрос поднимался в работах писателей казахского народа судьба женщин и этнических и воспитательное значение .

Annotation

The report , the question raised in the works of the writers of the Kazakh people is the fate of women and ethnic and educational value .

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында бағдарламалық мақсаттар ішінде «жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру» бөлініп көрсетіледі.

Қазіргі Қазақстан білім берудің өзіндік ұлттық моделінің үлгісін құру үстінде. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі жарқынырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек сапалы білім мен саналы тәрбиеге ғана тән. Мектептегі білім мен тәрбие оқушыларды халқымыздың бай мәдениеті негізінде тәрбиелеп, ғылым негіздерін игеріп, ой-өрісі кең, шығармашыл, іске әрқашан әзір, салауатты азамат қалыптастыруды қажет етеді. Ж.Аймауытов: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», - дегеніндей, бүгінгі таңдағы гимназияның алдында тұрған өзекті мәселе нәтижеге бағытталған білім мен тәрбиені қоса бере отырып, жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес мінез-құлқы, құзіреттілігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Соңғы кездері Қазақстан Республикасы ғалымдарының қыздар тәрбиесі саласындағы ғылыми-педагогикалық зерттеулерін бірнеше топқа біріктіруге болады: ғылыми еңбектердің бірқатары қазақ қыздарының тәрбие және білім алу мәселесіне арналса (К.Садвақасова, М.Қозғамбаева, К.Құнантаева, Ш.Жалғасова); енді бірқатары қыз тәрбиесіндегі адамгершілік тәрбие мәселесіне (А.Е.Дайрабаева, Ж.Б.Сәдірмекова, Л.С.Сырымбетова, Д.С.Құсайынова), тәртәбі нашар қыздарды қайта тәрбиелеу мәселесіне (Р.К.Мамбетова) көңіл бөліп зерттелген. Ал, қазақ қыздарын халық педагогика негізінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін А.Дайрабаева қарастырып, халықтың ежелден сақталған әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін, ертедегі қолжазбалар мен естеліктердің құнды бағыт-бағдарын бүгінгі қыз тәрбиесінде қолданудың амал-жолдарын, әдіс-тәсілдерін жүйелеген. [1]

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағды мен шеберлігін, асқақ адамшылдығы мен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Қазіргі уақытта қала жастары ғана емес, берекелі ауыл мен ақ көңіл, жайдары, ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Кешегіміз бүгінгінің жалғасы болып, ертеңіміз осыдан бастау алар бұлақ көзіне айналатын халық педагогикасының берері көп, тәлімі мол екендігі айғақ.

Қазақтан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Т.Тәжібаев өзінің 60-жылдардың басында жазған «Ауылдағы қазақ балаларының тәрбиесі және Қазақстанның мектептері» атты мақаласында «Қазақтардың мәдени өмірінде фольклор, музыка, қолданбалы өнер және халықтық тәрбиелік дәстүрлері басты рөл атқарған», – дей келіп, қазақ балаларының ауылдардағы тәрбиесі халық педагогика негізінде жүргізілгенін айтып, қазақ педагогикасының тарихында алғаш рет «халықтық педагогика» терминін: «Халықтың сан ғасырлық тәжірибесін, ойы мен мұң-мұқтажын білдіретін мақалдар мен мәтелдерде қазақтың халықтық педагогикасы көп жиналған», – деп ендірі. Бұл жерде ғалым осы мақал-мәтелдерден ұлттың, халықтың ерекшеліктерін, оның қажеттерін, рухани құндылықтарын сезінуге болады деген ой тастаған. Ғалымның пікірі осы күнге дейін өзінің маңыздылығын жойған жоқ деп толық айтуға болады.[2] Сонымен қатар, этникалық тәрбие құралдарының бірі – роман болғандықтан, қазақ жазушыларының шығармаларында тұнып тұрған халықтық тәрбиені көрсек болады.

Романдарда жастардың тағдыры, олардың адамдық өмір жолындағы күресі махаббат хикаясы арқылы баяндалады. Екі жастың тағдырын трагедияға душар қылған әлеуметтік топтар мен түрлі күштердің мақсат-

мүддесі көрінеді. Сондықтан роман кезінде қазақ қоғамы арасында жақсы қабылданып, қоғамдық санаға қозғау салды.

XX ғасырдың бас кезі қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі өзгеріс, тың жаңалықтарға толы болды. Ұлттың зиялы қауымының үлкен бір шоғыры қалыптасып, қазақтың жазба әдебиеті өркендеді.

Әйел тағдыры, теңсіздікті бастан кешкен әйел бейнесі барлық қаламгерді тебіrentті де А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, С. Дөнентаев әйел тағдырын шешуге дұрыс жауап тауып, әдебиеттегі қазақ әйелінің образын жан-жақты жасаумен қатар білімге, өнерге үндеу идеясын жүзеге асырды. Олар қазақ қызының теңсіздікте мұң кешіп отырғанын бейнелеп, оларды өздерінің бас бостандығы үшін күреске шақырды.

Әйел тағдырының қиындығынан бөлек, сол кезеңде ұйытқы болып отырған ұлттық құндылықтарымызды бір шолып өткендей боламыз. Ұлттық құндылықтарымыздың негізгі салаларының бірі – салт-дәстүрдің шығу тарихын, қолдану заңдылықтарын зерттей келе, оның қыз бала тәрбиесінің өзекті арқауы екеніне көз жеткіземіз. Оның тәрбие беру мазмұны мынаған саяды:

- Әдеп, отбасы, қоғамдағы қарым-қатынас ұғымдарын қалыптастыру;
- Имандылық салтын қалыптастыру, өмірді бағалау, оның жасампаздық жағдайына бейімделу;
- Адамгершілік, еңбекқор, кішіпейілділік сияқты адами қасиеттерге баулу;
- Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну;
- Ұлттық болмыс-ұғымдарды жете білуге баулу.[3]

Ал, қазақ қыздарын халық педагогика негізінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін А.Дайрабаева қарастырып, халықтың ежелден сақталған әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін, ертедегі қолжазбалар мен естеліктердің құнды бағыт-бағдарын бүгінгі қыз тәрбиесінде қолданудың амал-жолдарын, әдіс-тәсілдерін жүйелеген.

Қыз тәрбиесінің қазіргі кезеңдегі ғылыми педагогикалық мәні, оған жаңаша қарауды қажет етеді. Осы мақсатта бұрынғы жұмыс әдістері мен формаларын өзгеертіп, жетілдірген жөн. Ол өыз балаларды қазіргі жағдайларға байланысты тәрбиелеудегі әлеуметтік тапсырыстадың өзекті міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін, сыныптан тыс жұмыстарда, басқа да тәрбие түрлерінде, жалпы педагогикалық процестері мен өзара қарым-қатынаста кешенді түрде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Қыздар тәрбиесінің мәселелері бойынша жүргізілетін талдау нәтижесінде біз қыздар тәрбиесін ұйымдастыруда қыздар әдебінің мәні оның білімінде, мінез-құлық әдеттерінде және өзгелермен қарым-қатынасында, қоғамдық әрекет тәжірибесін жинақтау кезіндегі қатынастарда екенін ескеру қажет деген түйін жасаймыз.

Қазақтың халық педагогикасындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі жайлы А.Дайрабаева өз еңбегінде халықтың ежелден сақталған әдет-ғұрпы, салт-дәстүр бойынша қыздарға адамгершіліктің тарихи-тағылымдарын талдай келе, бүгінгі қыздардың тәрбиесінде халық педагогикасының адамгершілік тәрбиесін берудегі әдіс-тәсілдерін, әдістемелік ұсыныстарын жасап, қыздар игеруге тиіс адамгершілік қасиеттерге, халық педагогикасы қоятын мінез-құлық талаптарын көрсеткен.

Ұлы ойшыл Ж. Баласағұнның «адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бакыт та қонбайды» деген тұлға мәні тарлы ой-пікірі негізге алынуы тиіс. Кез келген адам жақсы болға немесе жаман жаққа бет бұруды өзі таңдайды. Бұл шешім көп жағдайда жасөспірім кезде қабылданатын болғандықтан осы жас шамасындағы оқушының тәрбиесіне үлкен мән берген жөн. Жасөспірім қыздар әйелдерге, жасөспірім ұлдар ер адамдарға еліктейді, солардың тірліктерін қайталағысы келеді. Жасөспірім қыздарға әйел үлгісі жеткілікті. Себеі үйде ана, мектепте әйел мұғалімдер үлгі болып табылады. Осыны ескере отырып, өнеге бола алатын тұлғалардың өмірі мен қызметтерінен сыр шерткен оң нәтиже береді деп ойлаймыз. Бұл дегеніміз оқушы қыздардың гуманистік көзқарастарын әйел қоғам қайраткерлері әрекеті үлгісінде қалыптастырудың маңызын тағы да растайды. Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздік-дербестікке ұмтылысы. Бұл – алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес. [4]

Баяндамамызды, К.Ж. Қожахметованың: «Қыз-келіншек, әйел-ана, әже-кейуана тағылымы өшпес із қалдырды. Ол – қазақ тілінің ана тілі деп аталуы. Мұндай жағдай қазақ әйелінің өзіндік қасиетін де, басқалардан айырмашылығын да танытады. Бұл – әйел қауымына көрсетілген зор құрмет! Әйелдердің жасаған ісі, қалдырған ізі ақсақалдық ешбір мектептен кем емес, оның әманда тазалығына, жаңарып-жаңғыруына орасан жағдай жасады. Бұл тағылымды жоққа шығаруға немесе елемеге болмайды!» - деп аяқтағымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенбаев А.Қ. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. дисс.: 13.00.01. – Атырау, 2006. – 150 б.
2. Этнопедагогика – дербес оқу пәні: оқу құралы / К.Ж. Қожахметова, Ш.И. Жанұзақова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 177 б.
3. «Сыныптағы тәрбие» 2003 №3 / Қыз бала тәрбиесін салт-дәстүрлер негізінде ұйымдастыру / 32-34 б.
4. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика 2005 №1 / Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі – біртұтас. К.Ж. Қожахметова/ 68-73 б.

ЭТНОПЕДАГОГИКА В УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

К.Б.Махатова

Г.Д.Сайжанова

Р.Н.Бисальева

преподаватели Актюбинского
строительно-монтажного колледжа
г.Актобе

Ключевые слова: метод и средство народной педагогики, традиции, культура, сохранение самобытности.

Аңдатпа

Бұл мақалада Алтын қазына – халық педагогикасын оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі туралы айтылған

Annotation

In this article we considered using the ethno pedagogics in education.

Аннотация

Народная педагогика - неиссякаемый источник средств и методов воспитания

У каждого народа есть своя история и культура. И особенности национальной культуры зависят от условий существования народа, его вероисповедания, традиций и обычаев. Правдивость и честность, высокая нравственность, скромность, дружелюбие, гостеприимство, почтительное отношение к старшим – неизменные качества психологии казахского народа.

Обитатели степи без краев за протяженности веков набрали богатый опыт по воспитанию молодых поколений, и породили правила и обычаи нации.

Основная цель народной педагогики – воспитание молодого поколения на основе богатейшего исторического опыта – трудолюбивого, патриота – защитника своей родины, знающего свою культуру, духовно богатого. Известно, что в реализации цели народной педагогики принимали участие непосредственно как члены семьи, так и аксакалы («белобородые»), старики, предки, поэты-певцы, сказители, музыканты - *кюйши* и другие.

Еще одна гносеологическая особенность казахской национальной философии состоит во взгляде на Атамекен (родину), народ. Некоторые люди место своего рождения не считают родиной. Там, где живут, работают, считают своей родиной, в чем глубоко ошибаются. Казахский народ высоко ценил место рождения своих предков.

В последнее время в учебно-воспитательном процессе Казахстанского образования все чаще можно встретить влияние Западной культуры, которая отрицательно сказывается на мировоззрении нашей молодежи. Поэтому нам необходимо в процессе обучения использовать сокровищницу национального воспитания - этнопедагогика. Воспитывая молодежь в духе прошлого и соединяя с настоящим мы получим будущее, не потеряв самобытности, сохранив для поколений жемчужину веками накопленную народом.

В воспитании человека активное участие должны принимать все: и стар и млад, семья, школа, социальная среда. Основу народной педагогики составляет духовная культура, народные обычаи, традиции, социально-этические нормы. Во все времена, все народы, независимо от верований, культур, учили детей брать пример с родителей.

Многие ученые в своей работе о воспитании молодого поколения как утверждал великий русский педагог К.Д.Ушинский, что народная мудрость по силе наблюдательности, точности мысли, идейному содержанию настолько оригинальна, «что никто не в состоянии состязаться с педагогическим гением народа», а французский ученый А.Леруа-Гуран как-то сказал: «Народ является самим собою лишь благодаря своим пережиткам». Каждый из нас соглашаясь словами этих ученых, в своей практике наряду с современными методами воспитания необходимо использовать народное воспитание.». Каждый народ богат своей многовековой культурой. И в этом богатстве самое сокровенное народная мудрость, которую передавали из уст в уста. Казахский народ богат своими обычаями, традициями, поэтическим и музыкальным творчеством: айтысы, жырау, слова назидания. Что только не пережил народ, как бы ни был тернист его путь, все же он не растерял крупицами собранную многовековую культуру, народную мудрость. Ведь недаром говорится «мен казакпын мың өліп, мың тірілген...». Менталитет казахского народа основан на трилогии на языке, памяти и культуре как воспевают в песнях «тілің кетсе күнің қоса кетерің, қалай ғана қайран елім білмедің». Народ особое внимание уделял воспитанию подрастающего поколения. С малых лет в них закладывалась чувство патриотизма, любовь к родине, уважение к старшим, опора младшим. Велика роль в воспитании бабушек (тому пример бабушка Абая — Зере), которые, балуя и любя внуков, рассказывали им сказки, легенды, были о батырах, биях, и тем самым зарождали в них чувство подражания, любовь к труду «еңбек- бәрін жеңбек», чувство сопереживания «күлме досқа, келер басқа», ответственности «қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер», нравственности «елдің ала жібін аттама». А дедушки требовали знания наизусть семь поколений дедов, «жеті атаға дейін қыз алыспайды», чтобы не испортилась кровь. Народ воспитывал детей, постепенно приучая к

труду, чтобы в последующем подросшее поколение позаботилась о старших.

Окружающая среда также влияла на формирование личности, поэтому детей учили правильно выбирать друзей. Если появлялись плохие друзья, то старались от них уберечь. И одним из важных моментов в воспитании является стремление каждого ребенка достижение поставленной цели. При допущении ошибок старшие строго указывали на них, но они же и мягко направляли на верный путь.

Многообразие средств и методов этнопедагогике как условие, обеспечивающее преемственность и целостность воспитательно-образовательного процесса. Труд и игра как метод и средство воспитания, их исключительная социокультурная значимость. Традиции - фундамент национальной, общественной жизни, основа будущего нации.

Народная педагогика – великая сила воспитания. Она формировала очень многие поколения наших предшественников. Современная художественная литература чрезвычайно сильна в своих нравственных исканиях и педагогических находках. Она народна по своей сути, но сильна её типично народно-педагогическая направленность. Современная народная педагогика обогащается и современным фольклором, и современной литературой. Сохраняется также и всё старинное, древнее, - то, что оправдывает себя и служит прогрессу. У народа есть будущее, пока он помнит о прошлом. У казахов существовала своя система традиционного воспитания детей. Главной целью воспитания являлось последовательное включение детей в реальную жизнь, в жизнь своих родителей. Родители заботились о всестороннем развитии детей, с раннего детства знакомили с нравственными и этическими понятиями, прививая соответствующие навыки в поведении, передавали знания об окружающей среде, ее богатствах и способах существования в ней, обучали трудовым навыкам. Все это вытекало из жизненного векового опыта предков и диктовалось жизненной необходимостью.

Народ на практике семейного воспитания накапливал знания. Постепенно, шаг за шагом, он вырабатывал свои “неписанные законы”, нормы поведения молодежи, принципы воспитания у нее правдивости, честности, трудолюбия, уважения к старшим. По утверждению народа, пословицы и поговорки служат примером для подражания, как добрый советчик и пример образного мышления. Они имеют большую воспитательную идею, воспитательную задачу, дидактические цели и для них характерен принцип целесообразности.

Интерес к народной педагогике не является случайным, ибо она – часть духовной культуры народа, формирующей основы этики и морали. Как ни удивительно, но принципы народной педагогике на всех материках и у всех нас и народов имеют немало общего, ибо они исходят из общечеловеческих ценностных ориентиров. Это так важно знать каждому из нас в век межнациональных конфликтов, нравственного обнищания и пересмотра духовных ценностей. Народ отображал в своей многовековой истории все самое ценное в педагогическом отношении, в деле семейного воспитания и выразил его в форме поучительных афоризмов. По мнению К.Д. Ушинского, для достижения успехов в педагогике необходимо опираться на систему, созданную самим народом, в которой учитываются природные наклонности, своеобразие национального характера. Знание устного народного творчества, т.е. отражённого в нём народного опыта воспитания, помогает глубже понять специфику исторического развития народа, его обычаи и традиции, семейные устои, в условиях которых происходило воспитание и развитие каждого ребёнка. Начиная с дошкольного возраста закладывается фундамент будущей личности, гражданина своей страны. Одна из главных задач, стоящих перед педагогами, воспитывать любовь к Родине, своему народу, доброжелательное и уважительное отношение к людям разных национальностей.

В послании Президента страны народу Казахстана «Казахстан-2030» в разделе «Миссия Казахстана» изложены основные идеи воспитания детей в духе сохранения самобытности в сочетании со стремлением к цивилизации: «К 2030 году, я уверен, Казахстан станет Центрально-азиатским Барсом... Он будет мудр в воспитании потомства... заботясь о его здоровье, образовании и мировоззрении... Они будут одинаково хорошо владеть казахским, русским и английским языками. Они будут патриотами своей мирной, процветающей, быстрорастущей страны, известной и уважаемой во всем мире».

Поэтому каждый должен стараться внести свой вклад в развитие и воспитание подрастающего поколения.

Список литературы:

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика.-М.,200
2. Измайлов А. Народная педагогика: педагогические воззрения народов средней Азии и Казахстана. – Педагогика, 1991
3. Жарыкбаев К.Б. Казак психологиясы.-Алматы, 1995
4. Подласый И.П. Педагогика.-М., 2003
5. Узакбаева С.А., Айтбаева С. Казахские народные традиции.-Алматы, 2000

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИЛІЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Қарабаева А.С.

Қ.Дұтбаева атындағы Атырау гуманитарлық
колледжінің директоры

Кілттік сөздер: технология, көп ұлтты мемлекет, құндылық, мәдениеті.

Аннотация

В статье рассматривается проблема подготовки специалистов, обладающих знаниями и опытом в нужной сфере. Главные «вечные» ценности образования - приобщение человека через этнопедагогическую культуру к мировой культуре, развитие личностных качеств, приобретение жизненно важных знаний и умений - реализуются в процессе воспитания и обучения.

Annotation

The article discusses problems of training specialists with the experience and knowledge in the required field. The major values of education which is exposure humans through ethnopedagogical values to the world culture, development of personal qualities and acquisition of vital skills and knowledge are all done by a specific training and education.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны ретінде жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру – педагогика қоғамының талқылауындағы өзекті мәселе.

Бүгінгі күні әдіснамалық және дүниетанымдық мәдениеті жоғары, шығармашылық жағынан белсенді, өзінің кәсіби іс-әрекетінде икемділік пен қабілеттілік таныта алатына маман дайындау міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының басты құндылығы – Мәңгілік Ел идеясына ерекше мән беруі. Бұл ретте Ұлт көшбасшысы: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – деп тұжырымдайды. Қазақстанның ХХІ ғасырда өркениетті әлемнен орын алып, дамыған елдер деңгейіне жетуіне ықпал етер бірден-бір құдірет — білімді ұрпақ болмақ.

Қазіргі кезде Қазақстан сияқты көп ұлтты мемлекет алдында, біріншіден, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден, ұлттық этнопедагогика мен этнопсихологиялық озық дәстүрлеріне сүйене отырып, жеткіншектер санасына туған халқын қадірлеуде ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрін меңгеру, тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеу тарихи қажеттілік болып отыр. Сондықтан, қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай даму қарқыны болашақ мамандарды даярлау барысында рухани, ұлттық болмысты қалыптастыруда білім беру моделін жаңаша құруды қажет етуде. Заман талабына сай туындаған қажеттіліктер болашақ ел иелерін ұлттың рухани қазынасымен, өнеге-өнерімен сусындатуды талап етеді. Осыған байланысты болашақ мамандық иелерінің іс-әрекетінің, бейнесінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, тұлғаның дамуы көзделеді.

Мамандардың кәсіби шеберлігін дамытуға сәйкес дамыған елдердегі білім беру жүйесінің, оның ішінде арнайы білім берудің дамуы мен тәжірибесі қарастырылып, зерделенеді. Әр елдегі оқу орындарының ішкі ерекшеліктерімен бірге ауқымды мәні бар білім беруді басқару, ұйымдастыру, білім мазмұнын құру, оқытудың мақсат-міндеттерін, түрлерін, әдістерін, құралдарын, оларды бағалау мен бақылау мәселелерінің дүниежүзі бойынша өзекті проблемалардың бірі екенін анықтауға бағытталған теориялық ізденістер жасалды. Қарастырып отырған мәселелер бойынша әлемде жоғары білім мен тәрбиенің тәжірибелік бірнеше эпицентрлері бар екені туралы болжам жасауға мүмкіндік берді. Олардың қатарына АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония және Ресей сияқты елдерді жатқызуға болады, олардың ықпалы басқа аймақтар мен елдерге әсер ететіні де байқалды.

Қоғамдық дамудағы жаңа технологиялардың, жаңа заңдар мен мәдени парадигмалардың өзгеруі адамдарды жаңа өмір сүру жағдайларына бейімделуге мәжбүр етеді. Ал бұған үздіксіз білім беру жүйесінсіз және оның әр буынында, соның ішінде арнаулы оқу орнындарында тұлғаның жеке мүмкіндіктерін толық пайдалану, дамыту жүзеге асырылмайынша қол жеткізу мүмкін емес.

Әлем елдеріндегі жоғары білім беруде байқалып отырған ортақ тенденция – оқу-тәрбие процесін интенсификациялау идеясы.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесіндегі білім сапасын арттыру мақсатында оны инновациялық технологиялармен байытуға, оқытудың интенсификация сипатын арттыруға мүмкіндік беретін құралдар мен әдіс-тәсілдерін анықтауға және оқытудың нәтижеге бағдарлануына, сөйтіп жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге жағдай туғызатын әлемдік тенденцияларға назар аударылды. Осыған орай келешекте оқу орындарында студенттің жеке тұлға болып қалыптасуы, олардың бір-бірімен ынтымақтастықпен қарым-қатынас жасауы, өзгермелі құбылысқа тез бейімделіп жол табулары, дұрыс шешім қабылдай алуы сияқты қасиеттерге баулуға басым бағыт беріледі. Болашақ мұғалім пәнді жақсы білумен қоса, өз қызығушылығы мен мүмкіндіктері арқылы өзіндік танымын, қазіргі кезеңдегі қажетті жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып,

психологиялық сауаттылығын, ойлау мәдениеті мен мінез-құлық мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын меңгереді.

Білім сапасы оның төрт сипатын (білім-құндылық, білім-жүйе, білім-процесс, білім-нәтиже) біртұтас қарастыра отырып, олардың ішінде білімнің құндылық ретіндегі және нәтиже ретіндегі сипатына мән берумен тікелей байланысты. Мұнда оқытудың басымдық берілетін компоненті-студент тарапынан жүзеге асырылатын оқу. Мұндай оқу процесінде пәндік білім, білік, дағдыларды меңгеруге емес компетенцияларды дамытуға басты назар аударылады. Соған орай білім салалары, оған енетін пәндер бойынша анықталған күтілетін нәтижелердің көпдеңгейлі жүйесі ұстанатын негізгі бағдар болады. Осы тұрғыдан студент-білім беру процесінің қоғамда бағаланатын кең спектрлі дағдыларды жинақтайтын танып білуші субъект. Сонда оқыту нәтижелері компетенциялар түрінде (студентке не үшін оқу керек?), яғни оқу процесі (студентті оқуға қалай үйретуге болады?) деген сұрақ негізінде ұйымдастырылады, ал оқыту нәтижелері-студенттер жинақтаған өмірлік дағдылар, компетенциялар анықталады. Осы жұмыстардың заңды жалғасы ретінде оқу үрдісін жаңа мотивациялық идеяға құрудың ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін ойластыратын уақыт келді. Басқаша айтқанда, оқу орнындағы оқу үрдісін жаңа талаптарға сай келетіндей етіп ұйымдастыруда жаң-жақты қарастыру проблемасы тұр. Бұл түптеп келгенде, дәстүрлі оқыту теориясының басты мәселелерімен оған үндес келетін ғылыми-әдістемелік проблемаларды түгелдей қайтадан қарап, көптеген жаңалықтар енгізуді қажет етеді. Білім беру ісінің даму жағдайын анықтайтын басты бағдар оқытушы мен студенттің қарым-қатынасын жетілдіруге бағытталған. Яғни студентті, оқытушы мен бірдей жауапты субъект ретінде, дара тұлға ретінде қабылдау – оқу үрдісіне енуге тиісті ең негізгі жаңалық болып саналады. Ғылым тілімен айтқанда, оқу – тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастырудың және жетілдірудің теориясымен практикасындағы танымдық құрылымдық – функционалдық әдісіне, жүйелі қарау ұстанымдарына және жаңаны синтездеуге баса көңіл бөлініп отыр. Мәселен, жаңаны синтездеудің талаптары қазіргі оқу үлгісіндегі әйгілі іс- әрекеттің үшеуіне де өзгеріс енгізуді қажет етіп отыр: олар студенттердің интеллектуалды-танымдық: /дүниені және өзін өзі тануы/, эмоционалдық/ құндылықтар/, олардың жасалуын көңілмен ұғу, практикалық/ шынайы дүниені білдірудің, оны өзгерту мен қайта жасаудың жолдары/ іс-әрекеттері. Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің гарантиялық тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның бұрыннан белгілі дәстүрлі оқыту технологиясының айрықша ерекшеліктері мынадай:

- интеллектуалды мінез-құлықтың дағдылар мен біліктердің аз уақыт ішінде көбірек дамуына не қалыптасуына бағытталғандығы;
- студент пен оқытушының белсенділігінің сайма – сай болуы;
- студент пен оқытушының өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі;
- оқу материалдарын және т.б. толық қажетті деңгейде игергендігінің нәтижесің кезең сайын бөлек бағалаудың мүмкіндігінің болуы.

Икемді педагогикалық технологияның басты бөлігін рөлдік, іскерлік және лездік-ойындар, сантүрлі тренингтік сабақтар құрайды. Бұл ойын элементтерін кең қолданатын сабақ түрлерінің теориясы мен практикасы/ максаты, құрылымдық ұстанымы, түрі, типі, элементтері, ойындық моделін құру, т.т./ қазіргі педагогикада қарастырылып отыр. Кіріктірілген білімнің әлем және адам туралы ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруға әсері зор. Кіріктірілген технология дегеніміз, бұл - жаңашыл педагогикалық технология. Жаңа педагогикалық технология қатарына ұжымдық ойлау, әрекеті (Вазина К.Я), ұжымдық оқыту тәсілі (В.К.Дьяченко), ұжымдық шығармашылық әрекет (И.П.Иванов), дамыта оқыту технологиялары (В.В.Давыдов, Д.Эльконин, Н.П.Тальзина [1,2], т.б.), саралап, деңгейлеп оқыту (В.В.Фирсов, В.М.Монахов, Ж.А.Караев), проблемалық оқыту технологиялары (М.И.Махмутов) жатқызылады.[1,3]

Болашақ мамандардың міндеті оқу үрдісіне, оларды сауаттылықпен игеріп, түсініп енгізу болып табылады, сонда ғана жоғарғы оқу орнындағы білім беруді ізгілендіру нақты іске аса бастайды. Мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру тек білімін оқтын-оқтын жетілдірумен шектелмей, олардың мәдени деңгейін, ізденімпаздығын көтеруге бағытталуы қажет. Біздің пікірімізше, студенттер кәсіби шығармашылық қабілеттері мен кәсіби құзыреттілігін арттырудың жолын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгереді, кәсіби білім мен біліктілігі жетіліп, дүниеге өзіндік кәсіби көзқарасы қалыптасады. Соның нәтижесінде жеке кәсіби құзыреттілігі дамып, шығармашылық қабілеті өрістейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
2. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. .
3. Белкин А., Жукова Н.К. Педагогический мониторинг образовательного процесса. – Екатеринбург, 1998. 112-б.
4. Лапшина Н.Ф., Спасская В.В. Служба контроля – качества образования – системный подход к организации. Стандарт и мониторинг в образовании. 2001, №5. С.27.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҚЫЛ - ОЙ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Асқарова А.Қ.

Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі
педагогика ғылымдарының магистрі
Атырау қ.

Кілттік сөздер: Ұрпақ тәрбиесі, ақыл-ой, реформа, рух, шығармашылық.

Аннотация

В статье отдельно рассматриваются некоторые элементы народного творчества – как пословицы, поговорки, считалки, национальные игры, ораторская речь которые формируют у человека самознание, разум, духовное богатство народа.

Annotation

In this article have written the importances of national games, proverbs and the rhymes, which are the samples of folklore and the moral wealth of our people for the development of pupil's mental thinking.

Ұрпақ тәрбиесі - Қазақстанда жүріп жатқан реформалар мен ғылыми техникалық дамудың алғы шарттарының бірі.

Жаңа қоғам дамуы қазіргі адамдардан тез ойлап, жылдам шешім қабылдауды талап етеді. Сондықтан да қазақ халқының өте әрі дегі ата-бабаларының өмір сүргенінен бастау алып, күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан рухани мұрасының бірі - ақыл ой тәрбиесі мәселелерінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолға алу қажеттілігі туып отыр. Отанын, жерін, елін сүйе білетін, ұлттық рухта тәрбиеленген, ұлттық сана мен ойы қалыптасқан нағыз патриот Ұлы Абай атамыздың сөзімен айтқанда «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» демекші, «толық адам» тәрбиелеп, өмірге қанат қақтыру - басты мақсатымыз. Бұл ретте ақыл-ой тәрбиесі жеткіншек ұрпақтың жан-жақты дамуының негізі екенін ескере отырып халықтың этнопедагогикалық мұрасын ақыл-ой тәрбиесінің негізі етіп ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың мәні зор.

Ақыл-ой тәрбиесі – жеткіншек ұрпақ тәрбиесінің бір бағыты және тәрбиенің аса маңызды құрамды бөліктерінің бірі.

Ақыл-ой тәрбиесінің қуатты құралы - тіл. Ой тілсіз дамымайды. Тіл мен ойдың бірлігі - ақыл сананың дамуына мүмкіндік туғызады. Ақыл-ой тәрбиесі - балалардың ойлау қабілетін дамыту, интеллектуалдық ақыл-ой санасын, дүниеге ғылыми көзқарасын жетілдіру, ой еңбегі мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет.

Ақыл-ой тәрбиесі - жеке тұлғаны қоғамның өркеніетті даму бағытына сай жан-жақты тәрбиелеудің құрамды бөліктерінің бірі. Ол білім жүйесін меңгеруге оқушылардың рухани күшінің дамуына ықпал етіп, ой еңбегінің мәдениетін меңгеруге интеллектуалдық іс-әрекетпен ұзақ шұғылдануға білуге, оқушыларды дербес жұмыс істеуге дағдыландырады. Яғни баланың рухани дамуы ақыл-ой тәрбиесінен басталады.

«Бой жетпеген жерге ой жетеді,

Қыран жетпеген жерге қиял жетеді» - деп халқымыз бекер айтпаған. Олай болса, жастарды олай білуге, дұрыс ойлауға ерте кезден жасынан машықтандырған абзал.

Жас ұрпақтың ақыл-ойының дамуы еңбек пен ғылым-білімнің ұштасуына байланысты. Қоғамдағы барлық байлық – адамның ақыл-ойымен, екі қолымен жасалатын еңбектің нәтижесі, ғылым мен техника, бүкіл өнер туындылары, еңбек пен ақыл-ой қызметінің жетістіктері. Халықтық педагогикада: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Оқу – білім бұлағы, білім - өмір шырағы», «Ақыл азбайды, білім тозбайды», «Оқу түбі - тоқу» - деп қарапайым өмір тәжірибесінен туындаған қағидаларды жас ұрпақтың ақыл-ойын тәрбиелеу үшін пайдаланған. Халық бар дүниенің тетігі ғылымда, оны төзімді еңбекпен аласың деп, заңғар ойлы парасатты, әділдік жолында алыса білген адамдарды үлгі өнеге еткен.


Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды қалай дарытуға болады?

Оны тек өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен әдет-ғұрып дәстүрлерімен неғұрылым тереңірек таныстыру арқылы дарытуға болады.

Шығыстың ұлы ұстазы Әбу Насыр Әл Фараби «Бақытқа жетудің жолы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Азаматтық саясат» трактаттарында жан қуаты, бақыт дегеннің не екендігін, оған жетудің жолдарын қарастырады. «Адам кемелдігі неде? Бақытта. Бақытқа қалай жетуге болады? Білім мен іс - әрекет арқылы. Ол қандай ілім. Бақыт беретін іс-әрекет қандай? Бақыт әкелетін қызмет - қайырымдылық. Ол білімдер қалай жиналады? Теориялық және практикалық өнермен жетуге болады.» Ұлы ғұлама өз еңбектерінде мына жағдайларды бөліп көрсетеді:

1. Адамның өз дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттері;
2. Құштарлық, рақат, қуаныш, ашу, қорқыныш сияқты жан аффектілері;
3. Ақыл-парасат. Адамның жетістігі, алдымен ойлау қабілетіне, оймен үлес ерік - қимыл әрекетіне қатысты. Жан, ақыл, ерік аффектілерін ұштастырған адам – жетілген адам. Жетілген адам қабілеті мен қайырымдылығы арқылы өзгелерден озады, басқаларды билеуге бейім. Сонда ғана ол үнемі бақыттың шоқтығына бөленеді: «Ақыл парасат күші. Адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуға және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», - деп ой түйіндейді.

Білім мен ақыл егіз. Білім – ақылдың ажары, көркі. Оны халқымыздың «Ақыл азбайды, білім тозбайды»,- деген мақалынан көруге болады.



Сайып келгенде, баланың ақыл-ойының қалыптасып дамуына халқымыздың рухани байлығы, халық ауыз әдебиет үлгілері – мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар, шешендік сөздер, ұлттық ойындардың да ерекше маңызы зор. Енді, әрбір ұлттық құндылықтарымыздың оқушылардың ұлттық рухта ойлауының дамытқыш қуатын анықтап көрейік:

1) Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп, ұрпақтан - ұрпаққа мұра боп келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері. Олар халықтың сан ғасырлық ақыл-ойының жиынтығы, өмірде үнемі қайталанатын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Тегінде мақал-мәтелдер қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез - бітімінің, тыныс - тірлігінің айнасы, ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, мол қазынасы екенін де сездіреп белгісі. Өйткені қазақтың мақал-мәтелдерінің айтары - өсиет, ақыл, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік. Мақал мен мәтелдерді халық ежелден жақсы көреді, сүттей ұйып, сүйсіне тындайды. «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал», - деп қадірлейді, «Аталы сөзге арсыз жауап қайырады», - деп сөз қадірін білмейтіндерді катал сынайды. «Өнер алды – қызыл тіл», - деп сөз өнерін жете бағалайды. Мақал-мәтелдер халықтың өз перзенті, өзі жасаған баға жетпес қазынасы, ол өзіне жақын да, түсінікті де, сондықтан сүйікті де. Онда халық: жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен сараңдықты, саналылық пен надандықты сөз етеді. Мәселен: «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның ырысы», - деп адамның адамгершілік қасиетін білдірсе, «Бейнет түбі – зейнет», «Еңбек етсең – емерсің», - деп еңбек туралы, «Ер елін – арым деп сыйлайды, ел ерін – нарым деп сыйлайды», - деп ерлік туралы, «Өлімнен ұят күшті», - деп арлыққа, «Шешеннің тілі ортақ, шебердің қолы ортақ», - деп адам бойындағы өнер туралы айтылса, «Ашу дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос», «Ақыл тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен», - деп ақылдың көптігін, егер білімді болсаң, таусылмайтын кен деп мол байлыққа теңеп тұр. «Ақыл – дария, ой – теңіз», «Ой түбі – алтын, ойлай берсең аларсың», «Ойын түбі – от, ой түбі – алтын», «Білім – өмірдің шырағы», - деп, білімділік, ойды ұштайтын, қиялды қанаттандыратын парасаттылық пен сабырлықты уағыздайды.

Жақсылығы көп жарық дүние – оқу-ғылым арқылы жасалады дей отырып, оны қараңғылық пен надандыққа қарама-қарсы қояды, салыстыру жасап, түйінді қорытынды шығарады. «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Білімдіге – дүние жарық, білімсізге – түбі ғарып», «Өнерлінің өрісі – ұзақ» деген мақалдарымен халық өнер - білімді, оқу мен ғылымды аса жоғары бағалайды. Бағасын бере отырып, ақылын да айтады: оқы, үйрен, ақылды, білімді бол! – дейді. Әрине, оқу білім алу жолы оңай еместігін де халық мақалына қосады. «Оқу – інемең құдық қазғандай», - деп, қиын екенін аңғартады. Бірақ қиыншылықтан қорқып оқымай қалуға болмайды оқи берсе, оған ынта-жігерімен беріле кіріседі, адам баласы мақсатына жетеді деп көрсетеді. Өмір бойына оқи беру, «оқып болдым, жетілдім» деуден сақ бол дегенді ескертеді.

2) Жас ұрпақтың рухани қамы үшін ұлт санасының тұңғышынан сүзіліп, тарихи жадының тереңінен терілген інжу-маржандарының ендігі бір парасы – жұмбақтар. Жұмбақтар туралы А.Байтұрсынов өзінің «Ақ жол» атты еңбегінде: «Жұмбақ» деген ат жұмудан шыққан: яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды, ойды бүгіп, айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады», - дейді. Ендеше, жұмбақ оқушының ой-өрісін кеңейтеді, алғырлығын арттырады, байқағыштыққа баулиды. Нақты бір зат тралы тұспалдап, ұқсастып, бейнелеп айту арқылы баланы, ойлату, танымдық білімдік ұғымдар мен түсініктер ой-қиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап шешімге келу де тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін, халық ертеден - ақ

жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Жұмбақты шығарушыға табиғи талантпен қоса, мол өмір тәжірибесі, жан-жақты білім қажет. Жұмбаққа халық атамзаманнан ерекше мән берген, ұрпақтан ұрпаққа жеткен айтулы аңыздарда атақты билер, әйгілі хандар өздеріне мұрагер таңдауда не бір құрылысы күрделі мән-мағынасы мерен, жұмыр да ұтымды жұмбақтарды ортаға салып, соны әрі тез, әрі тұтас шеше білуіне қарай таңдалған. Жұмбақтарды жаттап айтумен қатар, кез келген айтушы өз ойынан құрастырып та айта береді, тек жұмбақтың сөздік қисыны, өлеңдік үйлесімі болуға тиіс. Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық мәнімен қатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Себебі жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленушінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады. Ынта жігері артады, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады. М.О.Әуезов: «Жұмбақ – ақылдың ұрығы - дәні», - деген.

Қорыта айтқанда, Қадір Мырза Әлидің мына сөзі: «Жұмбақ – тапқырлық, дәлдік, шеберлік мектебі» екенін ескеру қажет.

3) Қазақ халқының тәлімдік тиімді құралдарының бірі – ертегі. Оларда халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлқы, өз халқына, Отанға, туып өскен жерге, оның табиғатына сүйіспеншілігі бейнеленген. Ертегілер ата-бабамыздың ұзақ жылдар бойы жинаған асыл қазыналарының ең көне түрі бола да, осы күнге дейін өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде маңызды жоймаған жанрлардың бірі. А.Байтұрсынов өзінің «Ақ жол» атты еңбегінде: «Ертегі – қиялмен қисынын келтіріп, қызықты ету сияқты мақсатпен шығарған әңгімелер. Ертегінің ішіндегі уақиғалар, кейіпкерлер көбі дүниеде жоқ. Қиялдағы уақиғалар мен нәрселер болып табылады. Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр. Ертегілер өтірік болғанымен, мағынасыз болмайды. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, батырлық тағысын тағы сондай жақтан өнеге беру, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі», ертегілер:

- Бұрынғылардың сана - салты жағынан дерек беруімен керек нәрсе.
- Халықтың тілі, ұмытылған сөздерді ертегіден табылмақ.
- Балалар әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге, баланы қиялдандыруға, сөйлеуге үйретеді.

Ертегі тілінің көркемдігі, оқиғаның қызықтылығы тыңдаушыны елең еткізбей қоймайды. Ол адамның қиялын ұштап, ойын дамытады, халықтық тәрбие көзімен табыстырады.

Халық өзінің ертегілерінде, қиял түрінде болса да, қоғам өмірінің көптеген мәселелерін камтиды. Оларды халық тілегі, көпшілік мүддесі тұрғысынан әңгімелейді. Ертегілерде айтылатын әңгімелердің қайсысына болса да халық өзінше қорытынды жасап, әділ бағасын беріп отырады. Нені ұнататындығын, нені жек көретіндігін суреттейді. Мысалға, қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты туған ертегілерді алайық. Бұл тақырыптағы ертегілерде ұшан-теңіз мәселелер көтеріледі; үй ішіндік әңгімелерден бастап қоғамдық мәні бар жайдарлы баяндауға дейін барады. Солардың бәрінде халықтың сыны да, міні де, қостауы мен құптауы да айтылады. Неше түрлі жауыздық, зұлымдық істер және оны жасаушылар, ел арасын бүлдіріп жүрген ала аяқ кулар халық ертегілерінде жириенішті түрде орын алады. Оларға халық өз арасынан шыққан қарапайым адамның ақылы мен қайратын, көпшілік үшін жасаған адал еңбегін қарама-қарсы қояды да, үлгі етеді. қазақ ертегілері мазмұны мен құрылымдылық ерекшеліктеріне қарай:

- а) Қиял-ғажайып ертегілер
- ә) Хайуанаттар туралы
- б) Тұрмыс-салт туралы
- с) Аңыз ертегілері деп төрт топқа бөліп қарастырылады.

Сайып келгенде, ертегілер халықтың арман мүддесін, дүниетанудағы ой-өрісін, көзқарасын, тұрмыс-тіршілік және қоғамдық жайларын бейнелеуімен қатар, жас ұрпақтың ақыл-ойының өрістеуіне септігін тигізеді.

4) Аңыз әңгімелер туралы: «Ертегісімақ – ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімдірек. Тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған әңгіме. Мәселен: «Алдар Көсе», «Жиренше шешен», «Қожа Насыр» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер, мұнда да өтірік көп. Бірақ өтірігі қисынды, шынға ұқсас», - дейді А.Байтұрсынұлы. Аңыз әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен және тарихта болған адамдардың ісі, өмірін әңгімелеу негізінде туған. Мұндай адамдардың халыққа қамқор болып, халық намысын қорғаған, бұл жолда жасаған әр алуан істері ел аузында аңыз-әңгімеге айналып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Мысалы, қазақтың аңыздарында аталатын Алдар Көсе, Асан Қайғы, Жиренше туралы тарихи деректерден гөрі аңыз-әңгімелер көп. Бұларды бірінде ол халықтың ақыл, тапқырлығына, қулығы сай ер көңілді, өжет жігіті болып суреттеледі.

5) Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі – санамақ. К.Матыжанов «Рухани уыз» атты еңбегінде: «Жас өспірімдер арасында осыншама құрметке ие болған бұл жанрдың тәлімдік мәні өте зор. Ең алдымен ұйқасты өлеңдер баланың поэзияға құмарлығын арттырып, әдемі сөйлеуге дағдыландырса, санамақта көп жаттауға деген құлшынысы олардың жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады». Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған, әлбетте санамақтар арқылы мектепалды топ балаларын қоршаған ортадағы дүниені танумен қатар халқымыздың атадан қалған салт-дәстүрін де санау арқылы үйренеді, әрі дүниені де танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады.

Оған Қадыр Мырза Әлидің мына санамағы дәлел:

Бота - түйе, құлын - бие,

Торай - шошқа, қозы - қошқар,

Қодық - құлан, бұзау - бұлан,
Көжек - қоян, бақа-шаян,
Торғай – шымшық,
Сен - қал, сен - шық!

6) Мақалдар мен мәтелдерді байытып, оның сарқылмас көліне ылғи үзілмей құйылып отыратын тағы сала-сала бұлақтар бар. Олар – нақыл сөздер, толғаулар, шешендік сөздер.

«Шешендік сөз – асыл ойдық өрнегі», - демекші, халқымыз сөз өнерін өнер атаулының алды деп өте дұрыс баға берген. «Дүние сырын танып білуде көркемөнердің бір саласы – көркем сөз өнері тыңдаушыны тамсандыратын, санасын өсіріп, сезіміне қозғау салатын тәрбие құралы.

Шешендік сөздер баланың жаңа ұғымдарды біліп, ойының дамуына сананың қалыптасуына ықпал жасайды. Халық оны «Атадан – ақыл, ағадан – нақыл», - деп бағалаған.

7) Жаңылтпаштарды – халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыт мақсатында ойлап шығарған. Жаңылтпаштарды жаттап жатқа айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімдері қалыптасып, ой-қиялы дамиды. Жаңылтпаштар көбінесе, әрі тіл ширату, әрі дүние тануды, әрі білімі беру, тәрбиелеу мақсатында жазылады. Енді, жаңылтпаштар туралы анықтамалардан екі – үш мысал. А.Байтұрсынов жаңылтпашқа: «Жаңылтпаш» деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма – жаңылтпа деп аталады», - деп анықтама береді.

8) К. Матыжанов: «Өтірік өлең – қазақ халық поэзиясындағы ерекше қызғылықты, балалар құмарта тындап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр», - десе, А.Байтұрсынов: «Өтірік өлеңнің не екенін аты да айтып тұр. Өтірік өлеңнің шыққан жайлы ертегі бар. Қысқаша мазмұны. Қырық ауыз қисынын келтіріп, өтірік өлең айтқан адамға хан қызымды берем деген. Соған біреу қырық ауыз өтірік өлең айтып, хан қызын алған», - деп жазады өз еңбектерінде. «Өтірікті – шындай, ақсақты тындай етіп» өтірік айта біл де өнер. Өйткені, оның негізінде әрқашанда тапқырлық, сұңғылалық жатады, қиыннан құрастырылады, түймедей нәрсені түйедей етіп, керісінше, түйедей нәрсені түймедей етіп көрсетуді тілейді.

Өтірік өлеңдер балалар мен тыңдаушылардың ой-қиялын, дүниетанымын, өлең өнеріне деген ықыласын, қызығуын дамытады, қисынды ойлауға үйретеді, тілдік қорын молайтады.

9) «Қазақ балалар әдебиетінде айрықша жеміс беріп келе жатқан сатиралық жанр үлгісі – мысал. Ол туралы сыншы ғалым Б.Сарбалаев: «Қазіргі қазақ балалар поэзиясында құстың сүтіндей аздың біреуі – сықақ өлең, мысалдар», - деп анықтама берген. Мысал – сатира мен юмордың ең ежелгі, ең көне, ең ерте пайда болған жанрларының бірі – дейді теоретик - ғалым Темірбек Қожакеев өзінің «Сатиралық жанрлар» атты ғылыми еңбегінде. Ол біздің ғасырымызға дейінгі VIII ғасырдағы ежелгі грек әдебиетінде көрінген. Сонау Эзоп заманынан бастау алып, іргетасын нық қалап, қалыптасып, дамып келе жатқан мысал қазақ әдебиеті үшін де тосын дүние емес. Абай, Ыбырай, Дулат, Майлықожа, Молда Мұса, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Т.Ізтілеуов, С.Көбеев жыраулар мен каламгерлерімізді өздерінің төл туындылары мен аудармалары арқылы мысалдың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлестерін қосты.

10) Баланың өсіп дамуына, ақыл-ойының жетіліп қалыптасуына ұлттық ойындар да өз әсерін тигізеді. Бала ойының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы білеміз. Ойында баланың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлық қалыптаса түседі. Ойын – балалық шақтың басты кілті «Базар – қаланың ажары, ойын – баланың ажары», «Баланың ойынын бұзба, өнегең болса қозға», «Бала ойынмен өседі, дана ойымен өседі», «Ойнай білмеген, ойлай білмейді» - деген мақал-мәтелдер баланың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы баланың сана-сезімі, ақыл-ойы жетілетіндігі көрсетілген.

Қорыта айтқанда, ақыл-ой тәрбиесі адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені адамгершілік қасиеті адамның дүниеге көзқарасымен, идеялық сенімінің негізінде қалыптасып жасалады. Бұл эстетикалық тәрбиенің табысты болуын алдын ала анықтайды, өйткені дұрыс баға беруінің пайымдылығының, тәрбие талғамының, өнер ұғымының қалыптасуына жол ашады.

Сондай-ақ, ақыл-ой тәрбиесі дене күші дамуына да оңды реттеуші ықпал ететіндігі дәлелденіп отыр. Физиология мен гигиеналық негіздерін білу организмнің тіршілік қызметінің принциптерін түсіну адамдарға өз денсаулығына неғұрлым саналы да ақылға қонымды түрде қарауға көмектеседі. Жеке адамның өзіндік ерекшелігін, даралығын құрайтын көптеген өсиеттердің ішінде ақыл сапасының өрлеуінің мәні зор. Ақыл-ой қабілеттілік деп аталатын нақты бір адамның ойлау ерекшелігін білдіретін сапалар жиынтығы деп те айтуға болады. Ақылдың мұндай сапаларына білім құмарлық, ізденімпаздық, ой тереңдігі, ақылдың икемділігі, сыншылдығы және т.б. жатады.

Сапалы білім, саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде халқымыздың асыл негіздерін пайдалану – өзіндік ерекшелігі бар тұлғаны қалыптастыруға негіз болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізмі:

1. Қалиев С., Молдабеков Ж, Иманбекова Б. Этнопедагогика, - Астана, 2003.
2. Айтбекова М. Мектептегі ұлттық тәрбие жұмысын жүзеге асыру жолдары// Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика – 2007.-10 (13).
3. Меңжанова А. Тәлім-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. А-2003.
4. Рысбекова З. Халық педагогикасы-асыл мұра Бала тәрбиесі, №1, 2005.

5. Ыбыраев Ш. Ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері. – Алматы: Өнер, 1990.
6. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.
7. Асыллов Ұ. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Мектеп, 1987.

ҰЛАҒАТТЫ БОЛУ – ТӘРБИЕДЕН

Шүйншалиева Г.Н.

*Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі
педагогика ғылымының магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Тәрбие, ауыз әдебиетінің үлгілері, мақал мәтелдер

Аннотация

Одним из главных аспектов становления молодежи, как целенаправленной личности, является народное творчество. И в данной статье я заострила внимание на то, что пословицы и поговорки отличаются глубоким смыслом, красивым и точным языком, что играют немаловажную роль в детском фольклоре.

Annotation

In my article, I have written about the main instruments for the spiritual development of children are - the Kazakh folklore types. And the examples of folklore types are proverbs and sayings. It has great educational value and the role in the children's folklore.

Халық тәрбиесі баланың жас кезінен көпшіл, ынтымақшыл, өнегелі адам болуын көздеген, баладан адамгершілік қасиетті талап еткен. Қазіргі таңда ұл-қызымыздың білімді, әдепті, тәрбиелі, мәдениетті, бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы азамат болуын армандаймыз. Келешекте елге ие болатын ұрпақтың бойына біліммен қатар адами қасиеттерді дарыту үшін

«Тәрбие табалдырықтан басталады» деген нақылдың өзі өмірден алынған шындық. Халық тәрбиесі ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Адамды адам еткен еңбек болса, ол еңбекті ұрпағына үйретіп, адами қасиетке баураған - халық тәрбиесі.

«Сөз асылы - мақал» дейді халық. Оны айтушылар да, тұтынушылар да халық. Сондықтан мақал – халық тәжірибесінде туған, тұжырымдалған ой пікірлер. Мақал-мәтелдер - қазақ фольклорында жасалып, сөйлеу тілінде көбірек қолданылатын даналыққа толы нақыл сөздер.

Көптеген мақалдар адам баласының еңбек ету жайында беріліп, онда халықтың еңбекке көзқарасы байқалады. Мысалы: «Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай» деген мәтел сөздерге тәжірибесі аз балалар алғаш бұл жұмбақталып айтылған сөз бе дер түсінбей қалуы мүмкін. Ойға салып, таразылай келе, өмір тәжірибесінен алынып айтылған өнегелі сөз екеніне көзі жетеді.

«Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Бір түйір дән де бір тамшы тер бар», «Ердің атын еңбек шығарады» т.б. мақалдар жасөспірімдерді еңбекке баулуда септігін тигізері сөзсіз. Сондай-ақ, еріншектік, жалқаулық – кісінің соры, жаман әдет екендігін жас буынға ескертетін «Еңбек етпесең елге өкпелеме, егін екпесең жерге өкпелеме», «Адамды еңбек асырар, жалқаудың құтын қашырар» сияқты мақалдар еңбекті дәріптеп, жасөспірімдерге еңбек адамын үлгі-өнеге ете отырып, жағымсыз қасиеттерден жирентіп, жақсы мінез-құлық қалыптастыруда еңбектің орны ерекше қастерленеді.

Білім алу, еңбек ету – бәрі де адамның саулығына, жақсы тәрбиеге байланысты екені де мақалдарда толық қамтылған. «Денсаулық – зор байлық» деп, алдымен денсаулығыңды сақта, саулығың жақсы болса, ойлаған мақсатыңа жетесің деп үйретеді.

Ал «Тазалық – денсаулық кепілі» екені баршаға аян. Саулықтың негізі таза жүруге байланысты екенін де ескертеді.

Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің қайнар көзі – мақал-мәтелдер. «Кекшіл болма, көпшіл бол», «Мейірімді алғыс алады, мейірімсіз қарғыс алады», «Жақсы бала – сүйік, жаман бала - күйік», «Үйрен жақсы әдеттен, жирен жаман әдеттен», «Игі істер өлмейді, ізгі ойлар өшпейді», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы», «Батырдың өмірі қысқа, даңқы ұзақ», «Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді», «Талабы жоқ жас та бір, қанаты жоқ құс та бір», «Қорқақ көлеңкесінен де қорқады», т.б. мақалдар арқылы жас баланы ізгілікке баули отырып, жаман мен жақсының ара жігін ажырата білуге, әзілдің астарындағы сын-ескертпені аңғаруға үйретеді.

«Өтірік сөз жанға қас», «Ашу – ақылдың дұшпаны», «Күшіне сенбе, адал ісіңе сен», «Білмеген бүлдіреді, бүлдіреді де күлдіреді», «Қисықтың көлеңкесі де қисық», «Жаман адам – құлқынның қара қабы, жақсы адам – адалдықтың асыл тағы» т.б.

Егер ұрпағымызды жақсы жағдайда дұрыс тәрбиелесек, олардың жақсы қасиеттерге ие болары сөзсіз.

Баланың алғашқы тәрбиешісі – ата-анасы. Баланың бойына жастайынан ізгілікті, имандылықты, кішіпейілділікті сіңіру бірінші міндет болғандықтан, ата-ана жайлы да мақал-мәтелдер бар.

«Анаға қарап қыз өсер», «Әке балаға сыншы», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген

халық мақалдары өмір тәжірибесінен алынған.

Адамгершілік қасиеттің өзекті мәселесі – достық пен адалдық. «Жомарт – дос көбейтеді, сараң – мал көбейтеді», «Адал достық алтыннан да қымбат» т.б. Мақалдарда жасөспірімдерді достыққа, жолдастыққа үйретіп, қас пен досты ажырата білуге меңзейді. Адал достықты дәріптеп, адамгершілікті паш етеді.

Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының төл жемісі, тәрбие теориясы. Заманалар тәжірибесінен сұрыпталған тұжырымдар кейінгі ұрпаққа кітап сөзіндей аса қымбат болғаны да, құндылығы да осыдан.

Халықтардың ұлттық ерекшелігі мен ұлттық психологиясына, салт-дәсүріне мән бермеу ұрпақтар арасындағы байланыстықтың жойылуына алып келетіндігін тарих көрсетті. Қоғамдық жаңартулар педагогтердің алдына адамгершілік тәрбиесі мәселелерін шешетін әдістерді талдап, тиімді жолдарын табу талабын қойды. Өткенін білмеген – халқының қадірін білмейді. Халқымыздың рухани дүниесі – асыл мұраларымыз салиқалы сөздерден, өнегелі өсиеттерден, ақиқаты мол даналық нақылдардан, ақын-жыраулардың жыр жолдарынан байып отырған. Қазақ тілі сабағында оқушыларға тиісті өтілетін ережені теориялық білім деңгейінде меңгертіп қана қоймай, әр сабақта оқушы бойына еңбек сүйгіштік, адалдық, борыш, ар-ұят, адамдарға сабырлы қарым-қатынас, үлкенді сыйлау сияқты айқын адамгершілікті қалыптастыруға тырысамын.

Мысалы, «Етістіктің шақтары мен райларын» меңгерту жолында халқымыздың өнегелік асыл мұраларын ұрпақтар үшін баға жетпес тәрбие әдісі ретінде пайдаланып жүрмін.

Етістіктің ауыспалы осы шағын қорытындылау мақсатында мына мақалдарды толықтырып, ауыспалы осы шаққа қойып жазу тапсырылды.

1. Жеті атасын білген ер, (Жеті жұрттың қамын жер)
2. Өлі риза болмай, ...(тірі байымайды)
3. Жаңбырмен жер көгереді, (Батамен ел көгереді)
4. Көз көруге, құлақ естуге...(тоймайды)
5. Құс қанатымен (ұшады), Құйрығымен (қонады)

Бұл мақалдарды толықтырып қана қоймай, жасалу жолын белгілеу және жаттап келу тапсырылды. Тексеру бойынша әр мақалдың мәнін ашып, түсінік бердім. Мақал бойынша берген түсінігім: халқымыз «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл құлағымен жағын жер» деп өсиет қалдырған. Бұл сөзден халықтың өз тарихына қастерлі көзқарасын, өз тегін білмеген өзгені де түсініп жарытпайтынын, ел қамын ойлайтын азамат болып өсе алмайтынын аңғарамыз. Өз ұрпағына жеті атасын жаттатпау, яғни ата-баба аманатын атқармау, білгенін айтпай өзімен бірге о дүниеге ала кету – кешірілмейтін күнә. Жеті атасын білмейтінді «жетесіз», тегін білмейтінді «тексіз» деп атаған.

Болжалды келер шақтың жасалуын (–ар, -ер, -р) түсіндіргенде, оқушыларға мынадай ой тастадым. Мал бағу жөнінде ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін халық «Мал баққанға бітеді» деген даналық оймен қорытындылығын. Жас балаларға жалқау болма, еңбек ет, мал өсір, бұлай етпесең азып кетесің, деп қандай өсиет айтып еді (аз, тоз, оз) етістігін қою керектігін ескерттім.

Асық ойнаған (азар)
Доп ойнаған (тозар)
Бәрінен де қой бағып,
Құйрық жеген (озар).

Мына сөйлемдерді оқып толықтыру жұмысы жүргізілді.

1. Ат басына күн туса, ауыздықпен су (ішер)
2. Ер басына күн туса, етігімен су (кешер).
3. Артқы айылдың батқанын иесі (білмес). Ат біл(ер)
4. Ат айналып қазығын тап(ар)

Мақал-мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшамды, есте сақтауға икемді әрі жеңіл болғандықтан бала тәрбиелеу ісінде де ерекше рөл атқарады. Сондай-ақ балаларға арналған мақал-мәтелдердің ерекшелігі – балаларға терең ой салумен бірге оларды көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын дамыта түседі.

«Көре көре көсем боларсың, сойлей-сөйлей шешен боларсың» дегендей, еңбектенудің талаптанудың, үздік әрекеттің арқасында игілікке, алға қарай ұмтылуға болатынына олардың сенімін арттырып, ынталандыра, қызықтыра түседі. Олардың көңілін серпілтіп, қанаттандырады. Осының бәрі – халықтың ұрпағына деген ізгі ықыласынан туған асыл мұра. Бала өсіруде, тәрбиелеуде халық өзінде бар бүкіл асыл сөз, даналық ойларын балаларға арнаған. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінде алынған асыл ойларын мақал-мәтел етіп, үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы болатын ұрпағына қалдырып отырған. Кім болса да өз баласын білімді, тәрбиелі, өнегелі халық азаматы болып өссін дегенді арман етеді. Сол арманын іске асыру үшін қолда бар мүмкіншілігін бала болашағының игілігінен аямайды. Халық мақалдарында жастарды өнеге білімге баулумен қатар, тәрбиелеу керектігі де толық ескерілген. Адам баласына пайдалы, өнегелі істердің барлығына да мақал-мәтел етіп айтылғанын алдымен ауызға аламыз. Сондықтан халықтың нақыл сөздерін, мақалдарын әрқашан құлағына құйып отырады.

Мақал-мәтелдер - өмір тәжірибесінен алынған тапқыр ойдың тамаша жемісі. Оның балалар фольклорынан алатын орнын, терең мазмұны мен тәрбиелік әсерін, өмір оқулығындай болатын идеялық сипатын, өткір де көркем тілін, мейлінше ықшам қолданылатынын тілге тиек етеміз.

Ұрпақ тәрбиесі - қай қоғамның, қай заманның болмасын көкейкесті мәселесі. Сол тәрбие процесіндегі

жасөспірімдердің рухани жетілуіне септігін тигізетін негізгі құралдардың бірі – ауыз әдебиеті үлгілері.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, болашағы бар ел ғана тарих бетінде ұлт болып жазылмақ. Ата-бабадан қалған бай мұраны – аңыз-әңгімелерді, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді тереңірек оқыту керек. Жас ұрпақты халық тәрбиесі үлгісімен адамгершілік қасиетке үйрету – тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. 1001 мақал
2. «Маржан сөз», Алматы, Мектеп баспасы
3. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1994, №5
4. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1995, №8
5. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1996, №2
6. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1998, №4
7. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 1999, №2

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ҰЛАҒАТТЫ БАҒЫТТАРЫ

Қожрақова А.С.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистрі
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Ұрпақ тәрбиесі, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, халық, ата-ана.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы привития подрастающему поколению национального самосознания, воспитания, трудолюбия, почитания и уважения старших, а также вопросы преемственности в воспитании семьи, среды, общества, детского сада, школы, вуза, общественных объединений.

Annotation

In the article the problems of are examined to therising generationof national consciousness, education,industri ousness, honouring and of respect elders, and alsoquestions of succession in education of family, environment,society, k indergarten, school, institution of higher learning,publicassociations.

Қазақ халқының дана бабалары ұрпақ тәрбиесіне аса ерекше мән беріп отырған, өйткені ұрпақ – халқымыздың болашағы екенін естен шығармай қастерлеген. Ұлы Абай өлеңдері мен қара сөздері жас ұрпақты жетілдіріп, тәрбиелеуде зор ықпалын тигізді.

Тәрбие отбасынан басталатындықтан баланы бұзуға, түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге, ол өнеге ата-ананың тәрбиесі болуы керек. Ата-ананың тәрбиесінен кейінгі әсер беретін нәрсе өскен орта, адамды замандас, жолдастың азғырып не түрлі мінез жұқтыратыны белгілі. Олай болса, жасөспірім бойына халқымыздың салт – дәстүрлерін, әдет- ғұрыптарын, имандылық пен ізгілік нұрын сіңіруге баса назар аудару, бүгінгі таңда басты мақсат – мұраттарымызға айналып отыр. Ол үшін өз елін, өз жерін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін қадірлеп-қастерлейтін азаматты тәрбиелеу, ұлттық санасын дамыту – мектептердің басты міндеті болмақ. Өз ұлтының келешегі мен бүгінінен бейхабар азаматтан қандай жақсылық күтуге болады. Ұрпақ тәрбиесі келешек ұлт тағдыры, олай болса тәлім – тәрбиеде бүкіл халықтың қолдауы қажет.

Ұлттық тәрбиеге негізделген ұлттық сана – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз.

Өз ұрпағының еңбек сүйгіш, елгезек, өнегелі, өнерлі, инабатты абзал азамат болып өсуін армандаған қазақ халқы есі кіріп, бұғанасы қата бастағаннан-ақ қыз баланы үй сыпырып, ыдыс-аяқ жуып, ас пісіруге т.б. үйдің ішкі жұмыстарына үйретсе, ал ұл балаларды құлын ұстап, тай үйретуге, қолөнері шеберлігіне үйреткен. «Ана көрген – тон пішер, әке көрген – оқ жонар» деген мақал осының дәлелі.

Бүгінгі бала-ертеңгі қоғам мүшесі, ата-ананың өмірінің жалғасы. Болашақ қоғам мүшесінің тәрбиесі отбасының ғана емес, мемлекеттің де басты мәселесі болуы тиіс. Қай кезде де, қай халықта да ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріліп келген. Жеткіншек қамын ойламаған жерде ел, халық болашағы туралы айту артық. Қазақ – өзіндік бай мәдени мұрасы бар халық. Кемел философиялық ой, асыл сөз, әсем ән, поэзиялық өлең, жыр, лиро-эпостар, көркем сөз өнерінің нақышты, әдемі айшығы тәрізді мәдени мұра үлгілері арқылы келер ұрпақты рухани тәрбиелесе, ұсталық, зергерлік, ағаш, металл өңдеу, тері илеу, тоқыма бұйымдарын әзірлеу сияқты өнер түрлеріне үйрету арқылы икемделіп, еңбек дағдысын қалыптастырады. Сонымен бірге өзара сыйластық, қарттарды күту, қонақ қабылдап, аттандыру сияқты дәстүрлерді де көңілге түйдіріп, көкірекке ұялатып отырды.

Жас ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге баулыды, өмірге бейімдеп, отбасы, әулетінің, ауыл-аймақ, Отанының намысын ойлайтын ізгі адамшылық қасиеттерге тәрбиеледі.

Қазақтың тәрбие мектебі – ақын-жыраулар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен де, өнегелі ісімен де халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді.

Халқымыздың жылдар бойы жинақталған дәстүрлерінің ішінде адамгершіліктің жоғары сапаларын тәрбиелеуге ықпал жасаған озық өнегелері бар. Қазақ халқының дәстүрлерінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқаны оның өміршеңдігіне, тәлім-тәрбие ісінде кең таратылғандығында. Адамның туған күнін бастап барлық өмір жолын қамтитын түрлі рәсім, дәстүрлер бар. Ендігі мақсат ата-баба дәстүрлерінің озығын жаңарту, ұрпақ тәрбиесінде басты рөлге айналдыру, қазақтың ата-салтын, қағидасын қазіргі өмір тынысына сай пайдалану, жаңарту-басты проблема. Ұлы ойшылдардың, арнайы халық мұрасын зерттеушілердің тәрбие жөніндегі идеялары, ой-пікірлері одан әрі дамып, әр халықтың тәуелсіздік жолындағы күресінде рухани, құдіретті күшке айналып отыр.

Отбасында ата-ана, мектепте мұғалім бала тәрбиесіне үлгі етіп, шешендік сөздер мен мысал келтіріп, баланы әңгімеге тартып, оның ойын оятып отырады. Ал, бала шешендік сөз үлгілерін ықыласпен, ынталана тындап өнегелі сөздерді жадында сақтай білуі қажет. Сөзді жаттап, ойда сақтау үшін, оны бірнеше рет қайталап еске түсіру керек болады. Шешендік сөздер жинақтарынан таңдаулы өнегелерді үнемі оқуды әдетке айналдырып, әдеттен дағды, дағдыдан дәстүрлі қалыптастыру керек.

Мектепте әрбір оқушының шешендік қабілетін дамыту үшін үйірме ұйымдастырып және пікірталас, пікірсайыс білім жарыстыру, сахналық қойылымдарды қою жұмыстарын өнерпаздық тәсілімен жүзеге асыру қажет. Осы үйірмелерге ата-аналар баланың уақытын тиімді пайдаланып, қатысуын қадағалап отырса, әр түрлі тақырыптарды талқылауда ата-аналарды қатыстырса бұл жақсы нәтиже беретіні сөзсіз.

Ұлттық тәрбиеден қағажу қалып бара жатқан жастардың отаншылдық сезіміне де кесірі тиетінін өмір дәлелдеп береді. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз жұртының қадір – қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау – ұлтымызға, елдігімізге сын. Тыңдар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс – тіршілігіндегі керемет салт – ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылдық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ. Қазақ халқының рухани тіршілігінде, қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата – ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. «Қасқа қатал, досқа адал болу» - қазақ халқының негізгі мінез – құлқы. Қазақ халқында тым ертеден келе жатқан көптеген әдет – ғұрыптар бар.

Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше, оқушыларымызға білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану, олардың ұлттық санасын қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, жастардың санасына халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынасы – салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады.

Бала шыр етіп жерге түскен күннен бастап үйде де, түзде де, мектеп жағдайында да жас буынның ұлттық санасы мен әдет-ғұрпы, тілі мен имандылығы қалайша дамып, қалыптасып отыратындығына үнемі көңіл бөлуді қажет етеді. Балаға алғашқы тәрбие – бесік жырынан басталады. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлдиі туғаннан баланың құлағына сіңеді. Сәбиді тербете отырып айтатын бесік жырында аналар баласына тіл-көзден, ауру-сырқаудан аман болып ержет, өнер жолын қу, еліңе адал азамат бол деген тілек-арманын да білдірген.

Халқын шын сүйіп өткен қаһарман ұлы Б.Момышұлы «Немересіне ертегі айтып бере алмаған әжелерден қорқамын, баласына бесік жырын ыңылдап жеткізе алмаған келіндерден қорқамын, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-санасын ұмытқан жастардан қорқамын», - деген екен. Осы қорқыныш ақиқатқа айналмас үшін «ошақтан басталған» тәрбиені балабақша, мектеп, жоғары оқу орны, қала берді қоғамдық ұйымдар жүйелі, сабақтастыра жүргізуі қажет. Өйткені, сөзіміздің басында айтып өткеніміздей, бүгінгі бала-ертеңгі қоғам мүшесі. Жаһандану құрдымына жұтылып кетпей, ұлттық ерекшелігімізді сақтау, бала санасының бекем қалыптасуына да тікелей байланысты екендігі ақиқат.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев. Әдеп және жантану. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.
2. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы: «Рауан», 1994.
3. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова. Этнопедагогика. «Фолиант» баспасы, Астана, 2010.

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, қыз тәрбиесі, ұлттық құндылық, этномәдени құндылықтар

Аннотация

В данной статье автором рассмотрены проблемы привития этнокультурных ценностей в профессиональном становлении будущего педагога в образе девушки современного общества.

Annotation

This article discusses the purpose of restoring the value of ethno-cultural image of a girl in today's society.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы мемлекетіміздің жаңа саяси курсына құрайтын идеясынан туындаған жаңа бағыттар халқымыздың этномәдени құндылықтарын қастерлеп, өмір салтына айналдыра алатын, білім мен тәрбиенің негізгі бастауын ұлттық мазмұнда тағылым алған қыз балалардың мәдени болмысымен тұтас қарастыруды талап етеді.[1]

«Ұлтты қыз сақтайды» деген аталы сөзді басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздің негізін құраушы халықтың қыз балаға ерекше қамқорлықпен қараған дәстүрлі тағылымына орай, әлеуметтік саясатымызды жүзеге асыруда қыз тәрбиесіне басымдылық бере, педагогика ғылымдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануды көздейміз.

Бүгінгі қазақ қызы – ертеңгі ана, бір отбасының ұйытқысы. Заманауи қыз тұлғасын этномәдени құндылықтар негізінде қалыптастырудың қажеттілігі айқын. Мемлекетіміздің іргесін қазақ отбасылары құрайтынын ескерсек, ұлттық қалпымыз бен салтымызды, ұлттық санамыз бен рухымызды, діліміз бен дінімізді сақтайтын, ең бастысы, ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіретін қазақ қызының болашағына немқұрайлы қарамауымыз керек.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Біз ана болу – күрделі кәсіп дейміз. Бірақ неге екені белгісіз, оны ешкім ешқашан үйретпейді. Ана болуды, отбасылық өмірді және балаларды тәрбиелеу ісін де үйрену керек» - деген сөзі басшылыққа ала отырып, ұлттық құндылықтар негізінде заманауи қыз тұлғасын қалыптастыру – заман талабы екендігін ұғынғанымыз жөн.[2] Әрбір тәуелсіз мемлекеттің рухани дамуының өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Осы ерекшеліктер тәуелсіздіктің туын тігіп, еңселі ел болсақ деп ежелден армандап келген бүгінгі түркі жұртының тағдырына тікелей қатысты өзекті мәселенің ең бастысы – қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін қыздар тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Бүгінгі таңда қазақ халқының алдында тұрған ең келелі мәселелердің бірі – қыз тәрбиесі.

Демек, ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлерін ой елегінен өткізіп, жаңа көзбен қарап, оралту – заманның жай ағымы ғана емес, өткір қажеттілік және ауқымды мәселелердің ішінде қыз тәрбиесінде оны тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Өйткені, тәрбие салаларында жүргізіліп жатқан реформалар мен ғаламдық талаптардың біртіндеп ене бастауы қыз балаларымызды өзгермелі қоғамға әлеуметтендірудегі уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат.

Олай болса, бұл мақсат-міндеттер тұтастықта іске асуы үшін, қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлерін әлеуметтік, рухани-мәдени құндылық-тарын сақтай отырып, қыз тәрбиесінің негізі ең алдымен отбасында бастау алуы тиіс екендігі.

Осы жағдайда ұлт болашағының алға басуы және қоғамымыздың дамуы тарихи тәжірибеміздегі педагогикалық-психологиялық құнды мұраларға жаңаша көзбен қарап, дұрыс пайдалану қазіргі қоғамның талабы.

Өткен өмір сабақтарын бүгінгі қыздар тәрбиесіне лайықтау және оны санасына ұялату қажеттілігін ескеріп, тарихи тәжірибемізді қыздар тәрбиесінде қолдану мүмкіндігі туды. Білім сапасы жоғары, өркениеттік санасы терең, кәсіби іскерлігі шарықтау шегінде, адамшылық қағидасы биік жас ұрпақ қана еліміздің мақтан тұтар патриоты болмақ. Осының бәрін алдымыздағы ұлға да, қызға да берер – ана.[3]

Олай болса, қыз балаларға білім мен тәрбие беру мазмұнын, оны ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін отбасында, балабақша мен бастауыш сыныпта қыз балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес саралап, сабақтастықта жүргізу керек. Себебі, қыз балаларына сабақтастық негізінде тәрбие берудің басты мақсатының бірі – олардың отбасындағы, балабақша, мектептегі және орта арнайы, жоғары оқу орындарындағы білім мен тәрбие беру іс-шараларында ұлттық тәрбиедегі қазақ қызына тән дағдыларын жетілдіре түсу.

Қыз тәрбиесі отбасынан бастау алып, одан әрі балабақшада ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәрбие арқылы жалғасын тауып, мектепте, орта арнайы, жоғары оқу орындарында жан-жақты тәрбиелік кеңістігін кеңейте түседі. Осылай қыз баланың даму, өсу кезеңдерінде қыз табиғатына үздіксіз әсер етіп, өмір бойы өшпестей із қалдыратын тәрбие беру ісінің сабақтастығы іске асады.

Қазақ халқының қыздарды тәрбиелеудегі дәстүрлі әдістерін жүйелі жүргізу үдерісі үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында іске асыруға негізделеді: отбасы – балабақша – мектеп – орта арнайы оқу орны – жоғары оқу орны болып үздіксіз сабақтаса байланысуы тиіс. Демек, мектеп жасына дейінгі және мектеп

жасындағы қыз балаларды халықтың дәстүрлі тәрбие әдістері арқылы тәрбиелеуді үздіксіз үдеріс ретінде қарастыру қажет.

Бүгінде жаһандану жүріп жатқанда, ұл мен қыздарымызды халық дәстүрі негізінде, тәрбиелеу, аталы сөзге тоқтау, ақыл-кеңес тыңдау, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді ойына салып отыру керек.

Қазақ жастары үлкендердің сөзіне тоқтаған. Бүгінде қыздарымыз үлкеннің сөзіне тоқтамақ түгіл, баса-көктеп басыннан аттап өтуге дайын тұратындары баршылық. Әрине, бәріне бірдей топырақ шашуға болмайды. Ал, бұлардай тапшы ұрпақта кісілік, елдік деген түсінік жоқ болатынын көрсетеді.[4] Ондай адам «елдің камын жемейді, елдің нанын жеуге» дағдыланады. Мұндай ұл мен қыздарымыз біздің қоғамда да ішінара кездесіп қалып жүр. Олай дейтініміз, білім және тәрбие саласында ұлттық тұрпаттың қуатының шалалығы.

Солай десек те, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның азаматтары да жаңарды, әрбір адамның ісі, сөзі, әдеті, психологиясы, көзқарасы өзгеруде. Қазақ қызымын деу мақтаншқа айналды. Осылай болашаққа деген ыстық патриоттық сезімі мен нық сенімді іске астырудағы аналардың рөлі ерекше.

Демек, өткен өмір сабақтарын ой елегінен өткізудің қажеттілігін ескеретін тарихи тәжірибеміздегі көп аспектілі қыз тәрбиесінің дәстүрлерін ой елегінен өткізіп, бүгінгі күнге лайықтап тәрбие үдерісінде қолдану мүмкіндігі туып отыр.

Педагогика тарихында қазақ халқының өзіне тән қыз тәрбиесінің қалыптасуында түркі тілдес халықтарының орны ерекше екендігі белгілі. Осыған байланысты бүгінгі күні қыз тәрбиесіндегі рух тәрбиесі, соның ішінде әрине, тән тәрбиесі.

Бүгінде «**қыз**» сөзімен қосарланып, «*қыз-қырқын*», яғни «*қыз-балалар*» мағынасын береді. Жалпы қазіргі қазақ тілінде «**қыз**» сөзінің мынадай мағыналары бар:

1. Әйел бала, сәби.
2. Күйеуге тимеген бойжеткен.
3. Жігіттің көңіл қосқалы жүрген адамы, қалыңдығы.

Ал, «**қыз**» сөзінің жыныстық – логикалық қарама-қарсылық мағынасын қарастырсақ: Қыз – жігіт, Қыз бала – ұл бала.

Қазақ тілінің сөздігінде «**қыз**» –

1. *Ұрғашы жынысты сәби. әйел бала. Әйел- тапты.*
2. *Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен.*

«**Қыз**» сөзінің этимологиясын әрі қарай қарастырсақ, «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты тарихи еңбекте «**Қыз**» (гиасы) – «ханша» дегеннің орнына қолданылатын сөз. Ежелден хан-патша, тегі-тектілердің қыздары «**қыз**» деп аталып, қара халықтың қыздары «қырқын» делінген» – деп анықтама береді.[5]

Бүгінгі күнде нәзік жыныстылардың бәріне жалпы атауға айналған «**қыз**» ұғымы, халықтың өз ұрпағын жақсы болса екен, патшалардың қызындай сыйлы да құрметті болса екен деген асыл арманының айғағы болса керек.

Халқымыздың арғы тарихына үңіліп, әлеуметтік тұрғыдағы ой-тұжырымдарына барлау жасасақ, қыз балаларға құрметпен қарауға айрықша мән бергенін байқаймыз. Қазақ халқы өз ұрпағын, оның ішінде қыз бойында адамгершілік, ізгілік, инабаттылық, имандылық сияқты қасиеттерді қалыптастыруды және олардың болуын ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Ата-бабаларымыз жазу-сызудың кем соғып жатқан шағында, көшіп-қонып жүріп-ақ ұрпақ қамын, оның болашағын жан-жақты ойластырған. Халқымыздың мәңгілік мұрасын сарыла зерттеп, тамсана жазғандар көп болғаны тарихтан белгілі. Ата-бабаларымыз қалыптастырып, халқымыздың бұлжымас тіршілік заңына айналған сол ғажап салт-дәстүрімізді ерте заманда-ақ өзінің мәнділігімен, озық үлгісімен қыз баласын тәрбиелеуде таптырмайтын үлгі-өнеге, әдіс-тәсілдер мол екеніне көз жеткіздік.

Демек, тәрбие беру ісінде қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесінің мәні тереңде жатыр. Ғұлама ғалымдар, шешендер мен билер, ақын-жыраулар мен сал-серілердің өзіндік сара жолдары болғанын, олардың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен өнегелі істері бүгінгі қыз баланың рухани-мәдени жетілуіне, саналы, білімді, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор екенін ескердік.

Қазақ этникалық-рухани жағынан мыңдаған жылдық дәстүр мәдениетінде, философиясы мен әдебиетінде, тарихи шежіресінде Әйел-Ананың орнына ерекше мән берген халық. Жалпы Әйел-Ананы қадірлейтін, оның табиғатын жан-жақты кестелейтін деректерді көне заман ескерткіштерінен көптеп табуға болады. Алғашқы қауымдық құрылыстан біздің заманымызға шеру тартатын мәдениет дәстүрі сабақтастығын тиянақтап зерделесек, оның қазіргі педагогика жетістіктерінің ілкі бастауында орны бар екендігіне көз жеткіземіз.

Данышпан Абай шаңырақ ұйтқысы болар әйел бойындағы қасиеттерді бағалап көрсете білген. Адамға дұрыс тәрбие беріп, шындыққа қалыптайтын нәрселер: “Ақыл, ғылым”, “мұның табылмақтығына бірінші себепкер сезім, екінші тән сұлулығы, бұлар адамда туысынан болады”. Ал қалған өзге қасиеттің бәрі “жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады” – деп философиялық жағынан бейнелейді.

Абай әйелдердің отбасындағы әлеуметтік орнына халықтық көзқараспен қарап, баға береді. Бұл ойын өзінің «Масғұт» поэмасында айқын танытты. Осы поэмасының басты кейіпкері Масғұт алдына өмірлік мынадай мақсат қояды:

...Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,

Деп едім бір пайдасы маған тиер – деп, әйелдердің әлеуметтік өміріне үлкен мән берді.

«Әйел от басы – ошақ қасы» болып, үй ішінің тіршілігіне, бала тәрбиесіне ғана қатысты болып, ерлерінің нағыз көмекшісі деп бағаланған.

Қазақ қызының нәзік жанын, ибалы қасиеттерін, адамгершілік ар-ұждан тазалығын жырлаған, ұлы Абай, осының бәрі қазақ қыздарының әдептілікті биік ұстаудағы өнегелі жолы, - деді. Қызға қырық өнер де аз, - деген халық тағылымындағы ойды жалғастыратын ұлы ақын, қазақ қыздарының он саусағынан өнері тамған екендігін дәлелдейді. Біріншіден, тері илеп, тон тігу, киіз басып, үзік жамау, жіп иіріп, шекпен тоқу ата кәсібіміз, екіншіден, төрт түлік малдың терісі мен жүнін, сүті мен етін тұрмыстық қажетке жарата білуі, - керек екендігін айтады. [6]

Қазақ халқында негізінен ата-ананың еркіне сөзсіз бағыну рухында тәрбиеленген, тіпті көпшілік жағдайда оң-солын әлі айырып үлгермеген жас қыздар амалсыздан, жылап-сықтап отырып, кәрі күйеудің жетегіне еріп, айдауына көніп жүре берген. Қазақ дәстүріндегі неке құрудың тағы бір түрі, әменгерлік әдетке байланысты, жесір жеңгеге не келінге үйлену орын алған.

Қазақ әйелдерінің күйеулеріне тәуелділігін дәлелдейтін тағы бір әдет, күйеулерінің атын атамауы. Әйелі күйеуін «отағасы», немесе өзінің бір баласының әкесі, «Мұраттың әкесі» деген сияқты атаған. Сонымен қатар, «Жақсы әйел, қалыңдық кезінде де әдет сақтап, күйеуінің ағайындарын (қайын жұртын) және оның барлық аталастарын, туыстарын некелесуге дейін де, тек балама атымен атауға тиісті болған. Еркіндеу әйел ғана сыртынан оларды есімімен атаған. Сондай-ақ күйеуінің туыстарының есімі бар сөздерді де айту әдепсіздік болып саналған.

Күйеуінен үлкен әйел адамдарды, келін өзінің енесі сияқты «ене» десе, жастарына қарай «апа», «бикеш», «ортаншы қыз», «кішкене қыз» деп атаған.[7]

Жоғарыда келтірілен қарапайым және жалпы аттардан басқа әйелдер белгілі бір шеніне, мінезіне, тұр-тұрпатына, сұлулығына, ерекшелігіне байланысты арнап есім берулері орын алып отырған. Мысалы, «төрем», «аппағым», «ақ жарқын», «айдарлым», «шырақ», «еркем» т.б. аттар кездесіп отырған. Келіндер күйеуінің туыстарының аттас бөтен адамдардың да, немесе өз туыстарының да, заттардың да аттарын атамауға («аты теріс», «атам аттас», т.б.) мәжбүр болған.

Міне, қазақ қызының тәрбиесінде тапқырлық, шешендік, қатаңдық пен бірге әдептілік те болғанын осы жерден көруге болады. Қазақ әйелдерінің отбасындағы ынтымақтықты сақтауға ықпал мол екендігін де байқаймыз.

Бүгінгі ата-ана балам жақсы болсын деп ішер асын да, киер киімін де, кітап-журналын да, интернетін де, барлық мүмкіншілігін жасап береді. Алайда, ата-ана міндеті мұнымен шектелмейді. Балаға ең бірінші керек құндылық ол – тәрбие. Ұлы Абай ағамыз: "Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата-ананың қызынан қапы қалма" деген екен. Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі отбасына үлкен міндет. Сонымен қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер.

Келешекте ұлттық салт-дәстүрмен тәрбиеленген қыздар ел қорғайтын ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенуіміз керек, ағайын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. –Алматы: Білім, 2012. - 96 б.
2. Қазақстан Республикасының этникалық білім беру тұжырымдамасы /Егемен Қазақстан. 1996 ж. 7 тамыз.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. –Алматы: «Ғылым», 1973. 117-б.
4. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. - 222 б.
5. Адамова Қ., Қожахметова К., Сырымбетова Л. Қыздар әліппесі. (оқу бағдарламасы) – Алматы: Екібастұз, 1999. - 36 б.
6. Танирбергенова Г.Т., Кушалиева Г.Г., Соловьева Г.Г. Основы гендерного образования. Учебное пособие. – Алматы: Умай, 2003. -286с.
7. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006. - 198 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ташаева Ә.М.

*Алматы университетінің аға оқытушысы
педагогика ғылымдарының магистрі*

Кілттік сөздер: Бастауыш сынып оқушылары, еңбек тәрбиесі, қабілет, білім беру.

Аннотация

В статье рассмотрены проблемы формирования навыков учащихся начальной школы

Annotation

The article deals with the problem of formation of skills of elementary school students

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, еңбекқор, өмірлік тәжірибе қоры кемелденген жаңа ұрпақты тәрбиелеу талабын қойып отыр. Бұл тұрғыдан қарағанда президентіміз Н.Назарбаевтың «Елдің экономикалық деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы бірінші кезекте адамдық капиталға байланысты» деп атап көрсеткені мәлім. Сондықтан өмірге келген әрбір бөбекті өз өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыру, оқу-тәрбие процесін дамытушылық, тұлғаға бағдарлану тұрғыда ұйымдастыру мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Онымен өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай алатын, оң шешім қабылдай білетін тәжірибелі жеке тұлға дайындауға бағытталған үздіксіз білім беру ісін сапалы жүзеге асыратын үздіксіз білім беру жүйесін құру заман талабы.

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларды еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда басты ескеретін шарттардың бірі – мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептің жұмысындағы сабақтастық болып табылады. Осы міндетті шешудің маңызды факторы ретінде мектепке дейінгі балаларды мектепке дайындау алынады. Бұны ең алғаш өзінің «Шешенді тәрбиелеу туралы» атты педагогикалық шығармасында ежелгі грек философы Квинтиллиан I ғасырда атап көрсетті. Оның пікірінше, 7 жасқа дейінгі бала отбасында еңбекке тәрбиеленеді және оқиды, ал 7 жасында мектепке барады.

Мектепке балаларды дайындау идеясы, бастауыш мектепке түсерде міндетті түрде пайда болатын қиындықтардың алдын алу қажеттілігі ретінде, кеңейтілген түрде Я.А.Коменскийдің отбасындағы тәрбие мен оқыту туралы «Аналар мектебі» атты еңбегінде баланың туылғаннан 6 жасқа дейінгі қалыптасу жүйесі қарастырған. Автордың пікірінше, бұл кітап әрбір үйде болуы керек деп, «Ата-аналар балаларын мектепке қалай дайындау керек?» деген бөліммен аяқталады (XII тарау). Онда ұлы педагог осы маңызды мәселе бойынша ата-аналарға кеңес бере отырып, «Адамзаттың барлық істерін пайдалы қолдана білсе, ұқыптылық пен қажетті дайындықты талап етеді, ... өздерінің балаларын мектепке ешбір дайындамаған ата-ана дұрыс істемейді» деп оның бір жолы еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі мектептегі дене және ақыл-ой еңбегіне негіз болатындығын атап көрсетеді. Я.А.Коменский білім жүйесін құруды адамның жас ерекшелігі бойынша даму сатыларын қамтып, мектепке дейінгі жастан бастағанда соңғы нәтижеге жету табысты болатындығын сол кездің өзінде мән берген.

Ресейде мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі сабақтастық мәселесін алғаш қарастырған В.Ф.Одоевский болды, ол «Ғылымға дейін ғылым» деген еңбегінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналып, оның бастауыш мектептің еңбек тәрбиесінің өзара байланысын ұйымдастыру туралы қызықты ой-пікірлер айтылады.

А.С.Симонович балабақша мен мектептің байланысын келесідей көрсетеді: балабақша баланың жалпы дамуын жүзеге асырады, ал мектеп бұл дамуды қолданады. Балабақшада балалар оқымауы керек, олар дамуы керек, «мектеп пен балабақшадағы сабақтар арасында қатаң сызық салынған: мектеп күрделі ғылыммен айналысады, ал балабақша күрделі ойынмен айналысады. Мектепте - берілетін пәнге назар аударылады, ал балабақшада - балаға назар аударылады, ал пән екінші рөлде болады, ол тек мақсатқа жету құралы болып саналады». Сонымен қатар, «...қазіргі заманғы мектеп өзінің құрылымын, әсіресе бірінші сыныпта өзгертсе, оқушыларды грамматикамен шаршатпаса, оның орнына мектеп пәндерін беру енгізілсе, бала үшін балабақшадан қарапайым мектепке тікелей өту болмайтын еді». Бұл пікір К.Н.Вентцельдің жұмыстарында да кездеседі. Ескі мектепті сынап отырып, автор балабақшаны мектеппен байланыстырмау керек, ал мектепті «балабақшаның жаңа типіне» бейімдеу керек деп санады. Ол «жаңа балабақша баланың шығармашылық дара тұлғасын дамытуды дайындау үшін ең қолайлы орта болып саналады» деп атап көрсетеді.

Н.Ф.Каптерев балабақшаны балалардың қоғамдық тәрбие жүйесінің бірінші сатысы ретінде қарастырады. Ол «мектепке дейінгі жылдары баланың ойын, еңбек, оқу іс-әрекеттерінде ақыл-ой дамуына үлкен назар аударуды, оның сезімдерін, еркін дамытуды, дербестік, шыдамдылық, бақылау шеберлігі, салыстыру сияқты мінез-құлық белгілерін дамытуға ерекше назар аударуды атап көрсетеді, бұлардың бәрі баланы оқуға толыққанды дайындау үшін қажет» деп тәжірибесін жинақтау арқылы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптасуына мән берген. Педагогтың келесі ой-пікірлері өзекті болып саналады: ересек топтағы балаларды мектепке даярлау, балалардың өзара оқыту барысында, күнделікті өмір процесінде жүзеге асырылуы керек, сонымен бірге әрбір баланың күшіне сәйкес келетін ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылуы керек.

Танымал педагог Е.И.Тихеева балабақшаның мектеппен тығыз байланысын қалыптастыру қажеттілігі туралы жазған болатын: «Балабақша мен мектеп арасында ешқандай демаркациялық сызық жоқ және болмауы да керек. Балабақшаның ересек сатысы – үштен бір мектеп, ал мектептің кіші сатысы – үштен бір балабақша болып саналады». Автордың пікірінше, балабақшаның ересек тобында балалардың білімдері мен елестетулерінің бірқатар жүйесін реттеу қажет, оларды балалар балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде меңгереді». Осылайша, аталған кезең үшін балабақша мен мектептегі өтпелі топтарда, білім беру процесін осылайша құру тән болды, олай құру осы жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алады, бұл гуманистік бағыттылықтағы еркін тәрбиелеу идеясына сәйкес келеді. Сонымен бірге, балабақша мен мектептің жұмысындағы сабақтастықты жүзеге асыру мәселесіне басқаша көзқарас та болды. Ол балабақшаның мектеп жұмысының мазмұны мен әдістерін қайталап көшіруді болжайды.

XX ғасырдың алғашқы он жылы мектепке дейінгі ұйымды білім беру жүйесінің алғашқы буыны деп санаған, халыққа білім берудің кеңестік жүйесінің қалыптасуымен сипатталады. Осыған байланысты, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастық мәселесі, мемлекеттік деңгейде шешілуі керек еді. Н.К.Крупская «дұрыс қойылған мектепке дейінгі тәрбие, мектепті жоғары дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді, бұл үлкен тиімділік береді. Балабақша, бастауыш және орта мектеп – бұлардың барлығы өзара тығыз байланысқан жалпы дамудың буындары, осы мекемелердің бір ғана мақсаты - жеке тұлғаны толыққанды, жан-жақты дамыту, оны қалыптастыруға жағдай жасау болуы керек».

Сабақтастық мәселесін шешуді Н.К.Крупская дайындық топтардың іс-әрекетінде мектептің төменгі құрылымы ретінде қарастырды. Оларды құрудың қажеттілігі сол уақытта, мектепке дейінгі жастағы балаларды қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиемен біршама қамтуды талап етіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке дайындау мәселесі, көптеген педагогтар мен психологтарды қызықтырды. Бұл мәселені шешу балабақшадағы балаларды оқыту арқылы байқалды. Мектепке дейінгі педагогикада балалардың оқытуын ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бірақ, оқытуды балалық шақтың мектепке дейінгі кезеңінің өзгешелігін есепке алу арқылы құрудың қажеттілігі атап көрсетілді (Л.С.Выготский, Е.А.Флерина және т.б.). Е.А.Флерина мектепке дейінгі оқытудың өзгешелігін, жағымды эмоциялармен толтырылған, мазмұнды, қуанышты өмірді ұйымдастыруда деп атап көрсетті. Автор тәрбиешінің барлық балалармен міндетті сабақтарын ұйымдастыру ретіндегі, оқыту мәселесін тар шеңберде шешу, тек жағымсыз нәтиже беруі мүмкін деп санады. Кейіннен бұл көзқарастар, мектепке дейінгі балаларды оқыту мәселесі, В.А.Сухомлинскийдің «қуаныш мектебі» жұмысының тәжірибесінде бекітілді, онда 6 жасар балаларды оқыту ойын, сурет салу, фантазиялау, практикалық іс-әрекет түрінде жүргізілді және баланы жан-жақты дамуға бағытталды.

1950-жылдардың басында балабақшаларға А.П.Усованың басшылығымен құрастырылған оқыту енгізілді, онда негізгі назар тәрбиешінің топтағы барлық балалармен міндетті сабақ жүргізу формасында, оқытуды ұйымдастыруға аударылды.

1970-жылдардың басында, мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептің жұмысындағы сабақтастық мәселесіне қызығушылық арта түседі. Бұл бастауыш мектептің оқушылардың 3-жылдық оқытуға өтуімен және бастауыш білім берудің теориялық деңгейін арттырумен байланысты болды. Сабақтастық мәселесін шешуге педагогтар, психологтар, практиктер айналысты. А.В.Запорожец, А.А.Люблинская және т.б. еңбектерінде, мәселені шешуге біржақты тәсілдің жеткіліксіздігі атап көрсетіледі. Мысалы, А.В.Запорожец балабақша мен мектептің оқу-тәрбие жұмысында, сыртқы сәйкестікті қалыптастыру, сыртқы келісу ретінде сабақтастықты тар, шектеулі түсіндіру қанағаттанарлықсыз болып саналады және бұнда мектепке дейінгі және мектептегі балалық шақтың шекарасында, жалпы дене және рухани дамудың ішкі органикалық байланысын, дамудың бір сатысынан келесі сатысына ішкі дайындықты қарастырады.

Ғалымдар мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептегі тәрбиенің дене, ақыл-ой, еңбек, адамгершілік және басқа жақтарының бірыңғай жүйесін құру туралы идеяны ұсынады, бұнда балалардың психикалық дамуының заңдылықтары есепке алынады. Балалардың мектептегі оқуға психологиялық дайындығына арналған зерттеулер жүргізіле бастады. Осы дайындықтың деңгейін арттыру мүмкіндіктері анықталады, бұнда мектепке дейінгі білім беруді оңтайландыру, іс-әрекеттің мектепке дейінгі түрлерін рационалды қолдану есепке алынады.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруда, балаларды мектепке пәндік даярлау тактикасы басым болды, ол балабақшадан мектепке дейінгі өтпелі кезеңде, баланың даму заңдылықтарымен сәйкес келмейді.

Аталған тактиканың тиімсіздігі 1980-жылдардың басында етек жайған, 6 жастағы балаларды жаппай оқытуды ұйымдастыруға ұмтылыс кезінде анықталды. Бұнда қойылған міндет - мектеп мен мұғалімдердің, 6 жасар балаларды оқыту үшін қажетті жағдай жасауға дайын болмауы себепті, орындалмайды. Осы жылдары жинақталған осындай оқыту тәжірибесі, ғалымдар мен педагог-практиктердің, білім берудегі сабақтастық пен үздіксіздік принциптерін жүзеге асыру сыртқы жағдайларды (оқыту мен тәрбиенің мазмұны, формалары мен әдістері), баланың ішкі мүмкіндіктерін, оның ахуалын талап етеді. Бұндай тәсіл білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз етуде жаңа аспектілерді ашады, екі буындағы педагогтардың баланың өз дамуының жана кезеңіне өтуі үшін, қолайлы жағдай жасау үшін жауапкершілігін арттырады.

90 жылдардағы нарықтық қатынастарға өту қарсаңы түрлі деңгейдегі үздіксіз білім беру мекемелерінің кіріктілуімен қатар жүргізілді. Мәселен, «балабақша-мектеп», «мектеп-колледж», «мектеп-жоо», «мектеп-колледж-жоо» Оның ішінде «балабақша-мектеп» кешені мектептегі сапалы білімнің берілуі 1-6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі ұйымға жаппай тартылуы, мектепалды дайындық деңгейіне, бір сөзбен айтқанда мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектептің сабақтастығымен тығыз байланысты.

«Сабақтастық» термині тарихи кезеңдерде білім беру мазмұнының құрылымын, компоненттерді, белгілі бір идеяларды қолдану немесе білім берудің барлық буынында бірізділікті белгілеу үшін қолданылып, алдыңғы басқыш келесі басқыш үшін база болып саналады.

Қазіргі кезде елімізде С.Смайылов, М.С.Керимбаева, А.М.Мубаракوف, Т.О.Оспанов, Ұ.Б.Төлешева, Г.В.Наумов, Ж.Р.Баширова және тағы басқалардың зерттеу жұмыстары бар. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастық мәселелері Р.И.Афанасьева, Л.Д.Глазырина, О.Ю.Зырянова, Т.С.Комарова, Т.С.Казаковцева, В.С.Кузин, В.Я.Лыкова, О.Р.Лагутина, Л.В.Туровцева, Т.Я.Шпикалова, елімізде В.А.Завалко, Ә.Мұханбетжанова, А.Манкеш және т.б және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

«Сабақтастық» ұғымына берілген анықтамаларды талдай келе: мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесіндегі сабақтастық деп, жаңа мен ескінің байланысы түсіндіріледі, осы байланыста пайда болатын диалектикалық қарама-қайшылықтар сәйкес компоненттердің ұйымдастырылған өзара әрекеті жолымен шешіледі. Аталған мәселені қарастыра отырып, сабақтастықты ең алдымен, еңбек және құрал-жабдықтар туралы білімді меңгерудегі сабақтастық деп қарастырады, бұған еңбекке баулу мазмұны, технологиясы мен психологиясы сабақтастығы болмай, қол жеткізу мүмкін емес деп санайды. Мектепке дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті арнаулы пән болып аталмайды, стандарт бойынша, құрастыру және шығармашылық іс-әрекет шеңберінде қарастырылады. Дегенмен, еңбек іс-әрекетін меңгерту білім беру мазмұны арқылы шешіледі.

Білім беру мазмұнындағы сабақтастық – бұл пәндік-мазмұнды компоненттің үздіксіз дамуы, атап айтсақ: әрбір кезеңде мектепке дейінгі кезеңде еңбекке баулу мен «Технология» пәнінің тақырыптары кеңейту және тереңдету есебінен, жоғары деңгейде зерттеу үшін базаны құру болып табылады. Үздіксіз білім берудің әртүрлі сатылары мен деңгейлеріндегі сабақтастықты жүзеге асыру негізінде, базалық буындарда қаланатын фундаменталды мазмұнды анықтау қажет, оны қарым-қатынас тәсілдерінен, қарапайым технологиялық әдістерінен бастап, білім саласы мен іс-әрекет сфераларына сәйкес негіздермен аяқтау қажет. Білім берудің технологиясындағы сабақтастық оқытудың әдістері, формалары мен құралдары арқылы, білім берудің әртүрлі сатыларында қолданылатын өзара іс-әрекет арқылы көрінеді, бұнда оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың білім және біліктеріне, жаңа материалды түсіндірудің формалары мен тәсілдеріне талап қойылады.

Білім беру психологиясындағы сабақтастықта дамудың алдыңғы кезеңі, келесі психикалық жаңа құрылымдардың пайда болуына алғышарттарды құрады, онда балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, олардың іс-әрекетінің жетекші типтерін ескеру талап етіледі, сонымен бірге бейімделудегі өтпелі кезеңдердегі психологиялық қиындықтарды төмендетуге ықпал етеді.

М.М.Пашкова мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастықты жүзеге асырудағы негіздеме ретінде төмендегілерді атап көрсетеді:

- балалардың денсаулық күйі және дене дамуы;
- оқу іс-әрекетінің қажетті компоненті ретінде олардың танымдық белсенділігінің даму деңгейі;
- оқушылардың ақыл-ой және адамгершілік қабілеттері;
- бағытталған интеллектуалды және тұлғалық даму ретінде, оқушылардың шығармашылық қиялының қалыптасуы;
- коммуникативтілікті дамыту, яғни ересектер мен қатарластармен қарым-қатынас жасау шеберлігі.

Құзыреттілік тұғыры негізінде балабақшада балалардың жаңа «Технология» меңгеру үшін алғы шарттар қалыптасады. Мемлекеттік жалпы міндетті 5-тен 6 жасқа дейінгі мектепалды дайындық жастағы балаларға білім беру стандартында «баланың бастапқы біліктілігінің қалыптасуының базисі болатын бес білім саласының мазмұны денсаулық сақтайтын жеке тәжірибе, когнитивтік жеке тұлғалық тәжірибе, шығармашылық тәжірибе, қатынасты- өзара қатынасты қалыптастыратын тәжірибе, тұрмыстық іс-әрекет тәжірибесі деп бөліп белгіленген. Мұның өзі мектепке дейінгі кезеңнен баланың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Аталған тәжірибе түрлері 12 жылдық жалпы білім берудің басатуыш сытысында жалғасын табуы қажет деп санаймыз.

12-жылдық жалпы білім беруге көшу жағдайында 3-10 жастағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда бағыттары ұсынылады:

1. Аталған кезеңдегі психикалық жаңа құрылымдар: өзін және өзінің іс-әрекетін саналау ретіндегі рефлексия, қиял, танымдық белсенділік, белгі-символдық жүйелерді түсіну және операциялау (модельдер, графикалар).

2. Әлеуметтік даму: әлеуметтік құқық пен міндеттерді саналау; қоршаған ортамен өзара әрекет, әлеуметтік тәжірибесінің қалыптасуы, әлеуеттенуі.

3. Әрекеттік даму: заттық, ойын, оқу және еңбек іс-әрекетті меңгеру (максаттарды, нәтижеге жету тәсілдерін құрастыру), іс-әрекеттің шығармашылық сипатын қалыптастыру.

4. Әрі қарай білімді меңгеруге дайындығы дайындық: технологиялық, көркемдік-эстетикалық.

5. Эмоциональдық-құндылық дамуы: еңбекке құндылық қатынасы, еңбекке сүйіспеншілігі. Сондықтан бүгінгі таңдағы мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі сабақтастықтың аталған бағыттары өзекті болып табылып, жеке –жеке зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Коменский Я.А.Избранные педагогические сочинения: В 2т.-М.: Педагогика, 1992.-Т.1-556 с.
2. Сағымбекова П. Преемственность в обучении математике дошкольников и младших школьников: Дис... канд. Пед. Наук. 1990.-194.
3. Завалько В.А. Теория и практика индивидуализации процесса обучения в многоступенчатой системе «Детский сад-школа-вуз» - . – Алматы, 2001.
4. Муханбетжанова А. Система воспитания детей в сельском комплексе «Школа-детский сад».- Алматы, 1991

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ СУБЪЕКТ РЕТІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

*Толқынбаева Ә.К.
Қазмемқызту магистрі*

Кілттік сөздер: халықтық педагогика, жеке тұлға, тәрбие, білім беру саласы, ұлттық құндылық

Аннотация

Автором затронуты проблемы привития национальных и общечеловеческих культурных ценностей ребенка на основе народной педагогики, создания необходимых условий для формирования творческого развития обучающегося

Annotation

The author discussed the problems instilling national and universal cultural values of the child on the basis of folk pedagogy, creating the necessary conditions for the formation of the creative development of the student

Еліміздің «Білім туралы» Заңында көрсетілгендей, жаңа ұлттық білім үлгісі бойынша мектепке келген баланың жеке басын тәрбиелеуде педагогикалық дамудың жаңа бағыттарын пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бүгінгі жас буынның ұлттық мәдениеттен нәр алған рухани адамгершілік, кісілік қасиеттер қалыптасқан жеке тұлғаны субъект ретінде қалыптастыру мәселелері негізгі орын алады. Балаға адамгершілік, имандылық, инабаттылық, ізеттілік, атадан – балаға мирас етіп қалдырған салт-дәстүрімізді қадірлеп, сүюге үйрету – ұлттық тәрбиеден басталады.

Кез-келген пән мұғалімі пән ғылымының мазмұны арқылы да шәкірттерін тәрбиелейді. Білім мен тәрбие берудің басты мақсаты - ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде баланы жеке тұлға етіп қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, баланың шығармашылық қабілетін дамыту және биік адамгершілік тәрбие беру болып табылады. Жан-жақты, тәрбиелі, мәдениетті, жеке тұлға субъект ең алдымен біртұтас дүниетанымға ие болуы қажет.

Міне, біз балаларды жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін тәрбие мен білім берудің маңайында ұлттық дүниетанымға сүйене отырып, жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатамыз. Бала бойына рухани мұраларды сіңіре тәрбиелеудің бірі - халықтық тәрбие.

Халықтық тәрбие – рухани уыз. Халық көптеген тәрбиелік дүниелерді тұтына отырып, сол арқылы баланың сегіз қырлы, бір сырлы азамат болып қалыптасуын қамтамасыз еткен. Әр халықтың болашағы жастарына тәуелді. Егер әр халық жас ұрпағын өзінің ұлттық рухымен тәрбиелемесе, онда ол елдің болашағы бұлыңғыр болатындығын бүгінде ғалымдарымыз баспа беттерінде жиі жариялап келеді. Өйткені ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал жастар оны кейінгі буынға сол бай мұраны тапсырмаса, онда ұлттық атау біртіндеп жоғалары сөзсіз. Олай болса, елінің болашағын ойлар әрбір ұлт осынау мәселеге ерекше мән беруі қажет.

Осы жерде халқымыздың көрнекті ағартушы-ғалымы, әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлының: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын?» деген ойлы сөзі түсінген жанға үлкен ой салары сөзсіз. Ол үшін қоғам және барлық ұстаздар қауымы бірігіп, жастарымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әдебиеті мен мәдениетіне, тілі мен дініне құрметпен қарауына, халықтық дәстүрмен тәрбие және білім алуларына ат салысуы керек.

Тәрбиенің негізгі қағидаларының (принциптері) болуы заңды құбылыс. Халық педагогикасының негізгі қағидаларына мыналарды жатқызамыз:

1 Келер ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу. Жас нәрестенің дүниеге келуі ата-ана, ағайын-туыс, қауым - көпшілікке зор қуаныш әкелумен бірге, борыш та жүктей келеді. Дәлірек айтсақ ұрпақты тәрбиелейтін халық мектебінің есігі сәбиін алғаш дүниеге келген күннен бастап айқара ашылады. Ол белгілі мақсат-тілекпен байланысты туындайды. Отбасы үлкендерінің бәрі жаңа туған жас баланы өзінің елінің асыл азаматы болуын аңсап армандайды. Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп, дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызады. «Аққылың, жасын берсін» деп, жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқынан шығарту ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді. Үлкендерден бата алғызады. Халықтың балаға арналған ырым, бата-тілектерінде келешектен күткен үлкен үміт, аңсау арман бар. Тәрбиенің алғашқы қағидасы ата-ананың аңсау арманымен, баладан күтер үмітімен үндесіп жатыр.

2 Баланы жастайынан еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу көзделген. Ол бесік жырлары мен тұсау кесу жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерден өзекті орын алған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы еңбектің қарапайым түрлерінен басталып, қоғамдық маңызды істермен ұштасқан. Ұл баланы қозы, лақ қайтаруға, отын-су әзірлеуге, мал өнімдерінен тұрмысқа қажетті құрал-жабдық (камшы, шідер, жүген ору, тері илеу, қару-жарақ т.б.) жасауға әзірлеу, қора салу, киіз үйдің ағашын істеу, ұсталық, зергерлік өмірге үйрету т.б. көзделсе, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, шай қою, төсек жинау, кесте, өрмек тоқу, ас пісіру, бала күту, қонақ күту т.б. үйреткен.

3 Халық педагогикасында «Бірінші байлық – денсаулық» деген ұғым өзекті орын алған. «Дені саудың

жаны сау», «Ас - адамның арқауы», «Ауру астан» деп рухани, материалдық байлықтың негізін жеке бастың және тәннің саулығына байланысты қарастырған. Баланы туған күннен бастап тұзды сумен шомылдыру, маймен сылау, дене күтіміне ерекше мән беріп шынықтыру, мерзімінде жақсы ас беріп тамақтандыру мен ұйықтатудың бәрі тән саулығы үшін жасалған әрекеттер.

4 Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді баланың бойына дарыту, ізгілікке, имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу, ар-ожданлы қастерлеу басты қағида болып есептелген. «Жаным - арымның садағасы» деп арды адамгершілік қасиетінің үлгісі санаған.

5 Гуманизм мен патриотизмхалықтық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан от басынан басталады» деп ұққан ата-бабамыз өз басының, ананың, рудың, отанның намысын қорғауды, кертартпа, ауру-кемтарларға көмектесуді, басқа ұлт өкілдерін сыйлауды отбасы тәрбиесінің өзекті принципі деп бағалаған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы – көпке ортақ», «Ел үшін еңбек ет, халқын сүйген қор болмайды» деген өсиет тәрбиеден өзекті орын алған.

6 Тілді, жерді қорғайтын, еңбеккер азамат болу үшін денені шынықтыру қажет. Халық педагогикасында «Шынықсаң, шымыр боласың» деп ой қорытқан ата-бабамыз ұлттық ойынға жаттықтырып үйрету (аударыс, күрес, теңге алу, қыз қуу) арқылы дене тәрбиесіне баса көңіл бөлген.

7 Тіршіліктің тұтқасы, өмірдің шамшырағы өнер мен білімді дәріптеген халқымыз жастарға «Өнерлі өлмейді», «Білегі жуан бірді жығады, білімі терең мынды жығады», «Білім таусылмас кен, өнер өлмес мұра» деп балаларға ертегі, өлең-жыр, мақал-мәтел, аңыз әңгімелер ұсынған.

8 Адам өмірі мәңгі табиғат құшағында өтетін болғандықтан, ата-баба өз ұрпағын ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше табиғат аясында аялап, әсемдікке тәрбиелеп келген. Ол туралы әлденеше жұмбақ, өлең-жыр, ертегі-аңыздар шығарған.

Мұның бәрі сайып келгенде «Сегіз қырлы, бір сырлы еңбексүйгіш, арлы азамат тәрбиелеуден туған халықтық қағидаға негізделген.«Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат тәрбиелеудің ұстанымдары барлық халықта бар, ортақ жағдай. Мысалы, орыстар ондай адамды «Кішкене болса да өнегелі, ақылды», «Ақылды да сүйкімді», «Қайырымды жігіт» деп санаса, таулықтар «Мал тапқыш жігіт» деп атайды екен.

Ал, чукчалар «Адал өмір сүрсең, азамат» дейді. Ол теңізде - жүзгіш, соғыста - батыр, ғылымда - терең ойлы, билікте - әділ, еңбекте - шебер, өмірде - бірлікшіл, сөзде - шешен, атыста - мерген. Қиын жерде отаншыл, бауырмал деген қасиеттер бойында бар азаматтар.Қайырымды, ізгі жүректі адамды «иманжүзді, құдайы бар азамат» - дейді.

Ал, қазақта сегіз қырлы азамат дегендер: еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, әділ, адал болу дегенді білдіреді. Сондықтан да «Сегіз қырлы, бір сырлы» жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдаланған.

Халық тәрбиесі ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орны ерекше. Ұлттық тәрбиенің негізі - халықтың ауыз әдебиетінен басталады. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыс, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады. Осындай асыл қазына халық тәлімінсіз күнделікті өмірде жүзеге асуы мүмкін емес. Осы орайда дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы саналған ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби «Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеу керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген ойы орынды деп есептеймін.

Қазақ даналығында: «Ел санатымен танылып, өнерімен теңеседі, ұрпағымен жалғасады» - деген сөз бар. Ендеше, қазіргі ақпараттық қоғамда мықты да, білікті, жоғары мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны субъект ретінде қалыптастыруда халықтық педагогика негіз бола алады. Ол жаңа модель айнасында оқу үрдісін қарқынды, жеке тұлғаны тәрбиелеуде үлкен үлесін қосады. Сондықтан да халықтық тәлім-тәрбиенің бастау көздеріне тоқталып өткеніміз абзал.

Бес жаста безіп үйден тал ат мініп,

Он жаста жарға ойнағанлақтайсың,-

деп бейнелейді халық балалық бал дәурен шақты. Халық ұғымында бала бес жастан бастап өзінше дәурен кешеді. Бұл жастағы баланы «ойын баласы» дейді, яғни бала өз тұрғыластарымен тіл табысып, ересектер өмірінен «азат» әлемге кіреді.

«...Почти все народы придают особое значение возрасту от 5 до 7 лет. В это время родители обычно передают, а дети принимают на себя ответственность за младших детей, уход за животными и выполнении ряда других домашних обязанностей... Считается, что в 5-7 лет ребенок уже «входит в разум» и приобретает более или менее устойчивый характер, позволяющий принимать новые социальные роли», - дейді И.С.Кон[24]. Әрине, бұл жердегі баланың сәбилік шақтан өтіп балалық кезеңге енуінің дәл 5 жастан басталуы шартты ұғым. Ол бірте-бірте болатын, одан ертерек басталатын құбылыс.

Жалпы халықтық педагогиканың озық үлгілерінің бастаулары халықтың ауыз әдебиетінен, анығын айтқанда қазақ фольклорының түп тамырынан бастау алатынын байқаймыз. Олардың бүгінгі заман талабына сай түрлері мен үлгілерін сұрыптап тәрбие ісінде қолдану – тек ұстаз шеберлігі мен талғамына, біліктілігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, 1998
2. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Алматы: Мектеп, 1987
3. Қалиев С.Қазақ этнопедагогикасының тарихы.Алматы: Білім, 1999

4. Қалиев С. Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысына енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері // Қазақстан мұғалімі, 19 ақпан, 1993

5. Мен – Адаммын: жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуға арналған құрал / құраст. Б.Қ. Игенбаева. Алматы: Дәуір, 2000

ЭТНОПЕДАГОГИКА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Қазиева Г.Ә.

Абилова А.Б.

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
және колледж оқытушылары*

Кілттік сөздер: этнопедагогика, даму тенденциялары, әлеуметтік жүйе

Аннотация

В статье рассмотрены основные тенденции развития народной педагогики

Annotation

The article describes the development trend of the basics ethnopedagogics

Этнопедагогика - (гр. *ethnos* - халық, *pedagogike* - бала тәрбиесі туралы ғылым) - педагогика ғылымының саласы. Оның қарастыратындары: 1. нақты халық (ұлттық педагогика) үшін дәстүрлі тәрбие және оқыту түрлері, әдісі, міндеті, тапсырма және мақсаттарын зерттеу; 2. әр түрлі халықтарға тән тәрбиемен оқудың салыстырмалы спецификасының зерттеуі; 3. сол немесе басқа этникалық қоғамның өкілдерін оқытумен тәрбиелеудегі ұлттық психологияның әсерінің анализі; 4 оқыту әсерімен педагогикалықтың жүзеге асырылуы және ұйымдастырылудағы бұл процестің заңдылықтарының есебі.

Әлеуметтік жүйенің көпшілікке ортақ түрі отбасынан басталады. Халықтың күнделікті тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста дамыған дәстүрлі тәрбиенің құрамдас бөлігі отбасы тәрбиесі тәжірибесі, халық ұғымындағы тәрбие жөніндегі түсініктер, тарих елегінен өтіп калыптасқан тәрбие принциптері, әдіс-тәсілдерінің мәнін ашып көрсету, оның бүгінгі тәрбие ісінде қолдану жолдарын қарастыру – этнопедагогика ғылымының өзекті проблемалары. Нақты өмір сүру жағдайындағы /әлеуметтік, экономикалық,, мәдени, табиғи және т.б. белгілі бір этносқа тән рухани өлшемдердің яғни, әдет пен қылық, әлеуметтік орта құбылыстарына сезімдік қатынас, сезімдер, құндылық бағдар, салт-дәстүр, қажеттілік, талғам т.б. жеке тұлғаның өзіндік айқындалу қабілетіне ықпал ететін басты факторлар екендігі даусыз. Осыған орай түрлі тарихи кезеңдердегі тәрбие сипатын тану, халық педагогикасын тәрбие мен тәлім мәселелері қатар көрініс табатын біртұтас процесс ретінде түсіну этнопедагогиканың теориялық мәселелерін қарастыруда қажетті шарттардың бірі болмақ

Этнопедагогикада кең теориялық қорытындылауды талап ететін проблемалармен қатар, фактілік материалдар жинақтау, терендеп зерттеу мен талдауды қажет ететін жекелеген мәселелер де аз емес. Оның алдында шешілуі ең алдымен педагогика мен этнографияға мәнді жәрдемін тигізетін өзекті міндеттер түр. Бұларды төмендегідей тақырыштармен белгілеуге болады:

- мақалдар мен мәтелдер және олардың жас ұрпаққа адамгершілік тәжірибесі берілісін қамтамасыз етудегі ролі;
- жұмбақтар ақыл-ой тәрбиесі құралы ретінде;
- халық ертегілері халықтың педагогикалық кеменгерлігінің жарқын талпыныстары ретінде;
- халық әндері және олардың балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі ролі;
- балалар мен жастар ортасы, оның педагогикалық қызметтері;
- дүние жүзі халықтарының бесік жырлары ана поэзиясының, ана мектебінің

және педагогиканың көрнекті жетістіктері ретінде халықтық педагогика жетістіктерін қазіргі тәрбиеде қолданудың мақсатқа сәйкестілігі жөніндегі тұжырымдармен келіскенмен, кәсіби педагогикаға бағытталғандыққа қатысты халықтық педагогика ролі байқарлықтай төмендеп, оның қолданыс аясы тарылуы әбден заңды сияқты деген пікірлермен келісу қиын. Мұндай пікірлердің қателігі, ең алдымен халық даналығының ешуақытта ескірмейтіндігімен анықталады.

Адамзат ғасырлар бойы жүзеге асыру үшін күрескен халық педагогикасы идеялары өзінің толық іске қосылу мүмкіндігін дәл осы Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде орнықтырып жатқан бетбұрыс кезең жағдайында алуы қажет. Екіншіден, ғылыми және халықтық педагогиканы қарсы қоймау, ал салыстыру қажет, ол — ғылыми білімдер тұрғысынан педагогиканың халықтығын анықтап ашып көрсету мүмкіндігін береді. Және, керісінше, балаларды халықтық тәрбиелеудің бұқаралық тәжірибесінің жәрдемімен ғылыми педагогикалық теориялардың өмірге икемділігін тексеру де маңызды.

Этнопедагогика дамуының негізгі тенденцияларын мазмұндауда мұндай тұжырымдама аса келешекті болып табылады. Диалектикалық өлшемге сүйене отыра этнопедагогика ұдайы мұрагер болу, жаңару және жаңаны тудыру процесінде өмір сүретін қозғалысты жүйе деп әбден қарастыруға болады. Мұнымен

байланысты этнопедагогикада жаңа құбылыстардың пайда болуы және алға басуы; ХХ ғасырдың басына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерді этностық педагогиканың даму тенденцияларын ашып көрсетуге елеулі орын берілуі қажет. Этностық педагогиканың кеңес өкіметінен кейінгі кезеңі бір мағыналы емес, оның жағымды ілгерілеулерімен қатар, халық педагогикасының әрекет ету аймағы тарылған және сонысымен этностық педагогика бастауларын қиратқан және бүліншілікке ұшыратқан беттері бар. Қоғам өміріндегі өзгерістердің этнопедагогикаға ықпалы көп қырлы және бірқатар өлшемдер бойынша бейнеленеді:

Біріншіден, жүзеге асырылып жатқан демократияландыру педагогикалық шығармашылық үшін кең жол ашады; ұлттық педагогикалық мәдениеттің дамуына күш-қуат беретін жағдай қалыптастырады.

Екіншіден, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру; адамгершілікті қайта жаңарту, алдау, зорлық-зомбылық, екі жақты ойлауды жою адамға халықтық моральмен үндес және онда этнопедагогикамен қалыптасқанды емірде қолдану мүмкіндігін береді.

Этнопедагогика білімдерін қолдану рухсыздыққа, ұлттық жоққа шығаруға, тарихи ессіздікке нақты тосқауыл қояды, балалар мен жасөспірімдерге халықтық құндылықтар мен дәстүрлер, ұлттық мәдениет мұрагерлері ретіндегі азаматтық борышын жете түсінуге, оларды өзінің ата-аналары, өткен ұрпақ, бүтін халық ісін жалғастыруға үйретуге көмектеседі.

Отанға қызмет етудің тиімді жолдарының бірі – оның ұрпақ тәрбиесіне белсене араласу болуы адамзаттың қазіргі әлеуметтік дамуының ерекшеліктеріне айналып отырғандығы кездейсоқтық емес. Патриоттар мен гуманистер, ғылым мен мәдениеттік шынайы ұлы қайраткерлері тұлға қалыптастыруы саласына енжар болады. Жалпы рухани және мәдени дамудың басты белгілерінің бірі педагогикалық алға басулар болып табылатындығы кездейсоқ емес. Мақсаты мен сипаты ор кезеңде, әрбір қоғамда түрліше, тіпті қарама-қарсы болғанына қарамастан, тәрбие қашанда жалпыға бірдей құбылыс болды.

Дүниежүзілік тарихи мәнге не өткен кезеңдер мен түрлі елдердің педагогикалық тәжірибесі педагогикалық дамудың заңдылықтары жайлы жалпы белгілерінде пікір айтуға және өлемдегі мектептік-тәрбие ісі дамуы жағдайын елестете алуға мүмкіндік береді. Бұған халықтық және ұлттық тәрбие ерекшеліктерін оқып үйрену арқылы халықтық ішкі дүниесіне енуге жағдайлар туғызатын этнопедагогикалық зерттеулер өз үлесін қосады.

Этнопедагогикалық қарастыруда тәрбие қоғамдық құбылыстың бірінен өзгесіне заңды ілесіп отыруы, яғни мінез-құлықтың табиғи формасы ретінде алға шығады. Педагогикалық процесс заңдарының объективті сипатын көрсету қиынырақ. Бұқаралық педагогикалық шығармашылықтан өсіп шыққан этнопедагогика педагогика ғылымның халыққа жақындатуға икемді. Сонда мектепті өмірге жақындату проблемасы ретінде жалпы нұсқада тұжырымдалатын педагогикалық міндет этнопедагогикалық түсіндіруде мектептің өмір мен идеялық, адамгершілік, рухани байланысын жан-жақты нығайту деп қисындап мазмұндалуы мүмкін. Бұл шын мәнінде мемлекеттік моральдық-саяси бірлігінің педагогикалық аспектісі. Халықтың педагогикалық процесті терең талдауға мүмкіндіктері болмады, ол жазудың болмауы оларға халықтың педагогикалық жетістіктерін жинауға, қорытындылауға және жүйелеуге жол бермеді.

Соған қарамастан халық бүкіл қолайлы шаралармен жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша ұнамды тәжірибені таратуға көмектесті және де сонысымен педагогикалық білімдердің дамуына ықпал етті.

Сонымен этнопедагогика зерттеудің кең келеміне не оның алдында үлкен өзекті міндеттер тұр. Оның қалыптасуының қазіргі жағдайда халықтың педагогиканың әрекет ету аясын анықтау оның бүгінгі тәрбие мен өзара байланысын айқындау аса маңызды. Халық даналығы қамқорлығының түйірлерін жинау, халықтың тәрбиенің негізгі категориалары мен заңдылықтарын анықтау, оларды басқаратын әлеуметтік-экономикалық факторларды белгілеу, халықтық педагогикалық дәстүрлердің өмір сүргіштігінің себептерін айқындау және оардың қоғамның қазіргі рухани өміріне енуі жүйесін белгілеу этнопедагогикалық аса маңызды міндеттері болып отыр.

Тәрбие идеялары мен тәжірибесін салыстырмалы педагогикалық талдау – этнопедагогика методологиясының негізі. Халықтық педагогикалық мәдениетінің өзекші саласын езіне зерттеу пөні етіп алған ғылымның жаңа саласы жан-жақты дами алады деп болмауға болады. Ол педагогика ғылымдары жүйесінің ажырамас бөлшегі бола отыра, өзінің таным объектісін тереңдей зерттеуде педагогиканың бүгінгі бүкіл жетістіктеріне сүйенеді, оның материалдарымен және методтарымен пайдаланады. Этнопедагогиканың практикаға жол табуы – ол қазіргі педагогикалық теорияны жан-жақты қолданғанда ғана мүмкін болады. Сонымен бір мезгілде этнопедагогиканың көптеген қоғамдық, гуманитарлық және психологиялық ғылымдардың өзара байланыс пен өзара ықпал ету шеңберіне енуінің принципті мәні бар.

Бұл этнопедагогикалық материал мен бастаулары елеулі кеңейтеді, оны үлкен тарихи жәжірибесі бар ғылымдар методтарымен қаруыландырады және сонысымен де аса кең теориялық қортындылаулар үшін қолайлы жағдайлар туғызады. Этнопедагогикалық ізденістерді этносоциологиялық зерттеулердің құрамды белігі ретінде қарастыру жемісті болып көрінеді. Мұндай бірлік осы кезге дейін көптеген зерттеушілер назарынан тыс қалып келетін тәрбиенің халықтың практикасын терең танып біліу мен объективті бағалауға мүмкіндік береді. Кез келген ғылым секілді этнопедагогикаға да теориялық тереңдікпен ұштасатын кеңестік керек, мұның өзі эмпирикадан тек теориялық қорытындылауларға көшкен жағдайда ғана мүмкін болады. Зерттеушілер жинастырған зор көрнекті материалды халық тәрбиешілерінің шеберлігі мен өнерінің сырын ұғыну үшін пайдалану керек. Зерттеулердегі дара-дара идеялар мен халықтық жас ұрпақ тәрбиесі бойынша тұтас тәжірибесінің тоғысуы жүйелі этнопедагогикалық теория негіздеу үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014ж.
3. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
4. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. — Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 456 бет. "Мәңгілік ел" - Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, Бижанов А.С., студент, ғылыми жетекші: А.Ф. Ибраева т.ғ.д., профессор Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
5. Интернет дерек көзі <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416>© e-history.kz

ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫ ДАМУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ РОЛІ

Уралбаева Л.Ш.

Жаңа технологиялар және жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы

Измуратова Ж. Д.

№19 орта мектебінің мұғалімі

Ақтөбе қ.

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі, оқу-тәрбие құрылымы.

Аннотация

Укрепление суверенитета Республики Казахстан и национальной идентичности среди стран цивилизованной старны и проблемы воспитания, являющееся главным приоритетом сформированности национального статуса республики

Annotation

The strengthening of the sovereignty of the Republic of Kazakhstan and national identity among the civilized nations and the restoration of education and the main condition for the formation of the nation-state.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез — құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады.

Ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, озық үлгілері келер ұрпаққа жеткен қателеспейтін педагогиканы – халықтық педагогика дейміз. Қазақтың халықтық педагогикасындағы тәрбиенің басты принциптері адамгершілік, бауырмалдық, туысқандық, қайырымдылық.

Адам баласы өмірге келген күннен бастап ол дүниеге аттанып кеткенше үздіксіз тәрбие құшағында болуға тиіс, халықтық педагогика осы үздіксіз тәрбие қағидаларының жиынтығы. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық мәдениетімен, өнерімен, бүкіл рухани байлығымен өскелең ұрпақты кеңінен таныстырып, олардың сана сезімін ұлттық дәстүрде қалыптастыру үшін барлық оқу орындарының, бала-бақшаларының, мектептердің жұмысы жаңа талапқа сай болуы керек.

Халқымыздың ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тарихи тағылымы, ой пікір қорытындылары бар. Ол біздің ұлттық болмысымызды бейнелейтін, басқа ұлттардан ерекшелігімізді дәлелдейтін халқымыздың даналық тұжырымдары.

Жалпы жер жүзіндегі мәдениетті жұрттар баланы төрт-бес жасқа дейін тек қана өз ана тілінде

тәрбиелейді. Аса қастерлі саналатын халық дәстүрлерін балаға осы мезгілде сіңіруге тырысады. Жас бүлдіршінге жаңа тілдерді үйренуде салыстырмалы таным беретін тек өзінің ана тілі ғана болмақ.

Халқымыздың қай тақырыпты қажет етсе де табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы етіп құрылған аңыз-әңгімелері қаншама? Жас сәбидің зердесін дамыту үшін жаттатып айтқызатын жырларымыз да көп. Баланың ішкі дүниесінің үндесе дамуына арнаулы ойластырылған ұлттық ойындар да жеткілікті.

Бүгінгі мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын түбегейлі өзгертіп, оларды халқымыздың ежелгі тарихы мен салт-дәстүріне, халықтық психологиясына негіздей отырып, әр пәнді оқыту кезінде халық педагогикасының үлгілі дәстүрлерімен шебер ұштастырып, сабақтан тыс тәрбие жұмысында ұлттық салт-дәстүрімізді, шешен, әнші, күйші, ұста, зергерлер, аңшы, мергендер туралы әңгіме айту, олар туралы өлең-жыр, мақал-мәтелдер жаттату арқылы жеке тұлғаны ойы орамды, тілі бай мәдени өрісі кең, адамгершілігі мол азамат етіп қалыптастыруымыз біздің міндетіміз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ойлы – пайымды, білімді, мәдениетті, іскер, еңбекшіл азамат тәрбиелеуді адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және бүгінгі ұрпақтың санасына ұстаздың ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Жеке тұлғаны жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық ролі орасан зор. Қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде адам заманнан бергі жиып терген мол тәжірибесі бар.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып балаларды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Л.Н.Толстой айтқандай: «Өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара – пар» демекші, ұлттық жан-күй үйлесім ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан киім кию түрлерінен, спорттық ойын ерекшеліктерінен, тұрмыстық салт-дәстүрлерден, ұлттық тағам түрлерінен айқын байқалады.

Ұлттық тәрбиелік сезім – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі. Ұлттық болмыс – бітім тәрбие адам мінезінен, іс-әрекетінен ерекшелене көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлттық болмысты, тәрбиені анықтауда әр ұлттың өзіне тән этностық таза мінез-құллықтың болуы тиіс.

Қоғамның дамуы, халықтар мен ұлттардың өзара достық байланысы ұлттық психиканың құрылымына игі әсерін беріп, бірнеше ұлтқа ортақ ізгі, өнегелі салт-дәстүрлерінің пайда болуына әсерін тигізеді.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы ой арманы. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, кәсіптік және эстетикалық тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа заманалар бойы халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұраптарда марапатталып, сіңіріліп, іске асырылып отырады.

Тарихи дамуға көз жіберсек, адам тәрбиелеуде адамгершілікке мән беріп мұны ұрпаққа, халық шығармашылығы арқылы жалғастырып отырған. Мәселен, халқымыздың мақал – мәтелдер, жай ғана айтылған ұқсас сөздер емес, олардың тәрбиесінің негізгі ұстанымы – адамгершілік мәні болған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Заманына қарай адамы», «Әдептілік ар-ұят адамдықтың белгісі» т.б.кісілік қасиеттерді парасаттылықты арқау еткен мысалдар дәлел бола алады.

Рухани адамгершілік тәрбие тұлғаның өмірдегі өз орнын табуға, қоршаған ортадағы мәдени тұтастықты қалыптастыратын жиынтық. Құндылықтар сезім мен ақылдың ұштасуын және сол арқылы іс-әрекетті белгілейді.

«Қазақстан Республикасының этникалық – мәдени тұжырымдамасында» - Халық – этникалық мәдени сәйкестігі өз тарихында, мәдениетте болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандары мен зиялыларын қастерлеу нәтижесінде құрылады және де мәдениетті, әлемдік құндылықтарды білім мен тәрбиеге бағытталған бағытта қоса игеру делінген. Бұл тұрғыда алғанда болашақ жас өспірім бойында адамгершілік сана, әдеп пен рухани мәдениеттің үлгілерін қалыптастырудың маңызы зор. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практикалық жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы керек» деп көрсетілген. Осы орайда, М.Шоқай «ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымызды қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды. Халықтың рухани дүниесі біртұтас құбылыс» деген болатын.

Бұл міндеттерді шешуден адамзаттың рухани байлығы болып саналатын білім мен ілім мәдениетінің жаңа парадигмасына сай білім – ғылым – мәдениет – менталитет – дүние танымнама – сезім – өзіндік сана – көзқарас – мұрат арасындағы байланыстарды қарастыра отырып, рухани – адамгершілік құндылық адамдық тәртіп пен рухани болмысты қалыптастыратын жүйе.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашақ екенін ескерер болсақ, бәсекеге қабілетті, жаңа уақыттың өктем талабына үн қоса алатын азамат тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең маңызды басымдылығы. Ұрпақ тәрбиесіне құндылық бағытта жаңаша көзқараспен қарау, озық мәдениет үлгісіне үйлесімділігін қосу, белсенділікті дамыту, тұлға еркіндігін жан-жақты қалыптастыру басты мәселе болып отыр. Қазақстан мемлекетінің рухани әлемі бүгінгі қол жеткізіп отырған тәуелсіздігіміздің қайнар бұлағы, тұлғаның даму өзегі, тәрбиесі – рухани

адамгершілік құндылық болып табылады.

Рухани адамгершілік құндылық тұлғаның өмірдегі өз орнын табуға, қоршаған ортадағы мәдени тұтастықты қалыптастыратын жиынтық. Құндылықтар сезім мен ақылдың ұштасуын және сол арқылы іс-әрекетті белгілейді.

Бүгінгі қоғамда құндылықтар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрлік, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу – жоғары маңызға ие болып отыр.

Ұлттық тәрбиенің негізгі тамыры арқылы ұлттық тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық негіздерін жүйелей отырып, қазақ даналығындағы ақыл мен парасат арқылы көз жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі. Қоғамдық өмірді ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас тәрбие көкейкесті мәселелердің бірі.

Бүгінгі күні мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жүйелеуде, этнопедагогиканы дамытуда, ұлттық тәрбиені қалыптастыруда халықтық психологиясына негіздей отырып, ұйымдастыру керек. Халқымыздың ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік тарихи тағылымы, ой пікірі көп.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика журналы. Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. 2014-2015 ж.
2. Орақбекова Қ.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиенің ғылыми-педагогикалық негіздері. Алматы, 2000
3. Өтебаева Ә.Г. Рухани – адамгершілікке тәрбиелеудің қазіргі шарттары. Қазақстан мектебі. 2006
4. Омарова Р.С., Есенғұлова М.Н. Халықтық педагогикадағы қарым-қатынас мәдениеті. Ақтөбе, 2009
5. Кунапина Қ.Қ. Ұлттық тәрбие – тарихи тағылым. Алматы, 2003
6. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 1994
7. А.Шашақова «Халық тәлімі – тәрбие бастауы». Алматы. «Рауан» 1994ж.
8. Әдеп әліппесі.
9. С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смаилова «Қазақ халқының салт-дәстүрлері».
10. Республикалық педагогикалық журнал «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» №5, №6

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІМЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Сұлтанова Ғ.Т.

*Қ.Дұтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледж оқытушысы
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: педагог үлгісі, өнегесі, ұлттық рухани мәдениет, отбасы құндылықтары.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы духовного развития учащейся молодежи, их саморазвитие и самопознание на примере личностей, таких, как К.Ж.Кожакметова и Г.Н.Волков. Раскрытие механизмов этнопедагогики и духовного развития личности способствуют формированию духовного этнического сознания личности.

Annotation

The article discusses problems of spiritual development of the students, their self-development and self-knowledge based on the example of such individuals as K.Zh. Kozhakhmetova and G.N.Volkov. Revelation of ethnopedagogics and spiritual development's mechanisms leads to the formation of one's spiritual consciousness and ethnic identity.

Ел үміті жастарды мұғалімдік мамандыққа дайындауда қазіргі заман Педагогы қандай болу керек деген басты сауалға негізделетініміз, жауап іздейтініміз белгілі.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институттың тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасы қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы азаматына жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие берудің үлгісі әзірленіп, оны басшылыққа алып жүрміз. (Дорожжина Л.А., Тайтанова Н.К., Маханбетова А.Ә., Қалдарова Қ.И. Қазақстан Республикасы азаматына тәрбие берудің үлгісі. Алматы, 2010 жыл)

Үлгіде тәрбиенің дүниетанымдық негізін, идеологиясын, мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, қағидаларын, тәрбие іс-әрекетіндегі негізгі әдістері мен түрлерін, тәрбие үдерісінің мониторингін анықтайтын негізгі ой-пікірлер жиынтығы берілген, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы азаматының және педагог-

тәрбиешінің үлгілері бөліп көрсетілген. Сонымен, осы құжат негізіндегі Қазақстан Республикасының педагогының үлгісіне назар аударсақ, ол:

- өз халқы, оның дәстүрлері мен мәдениетін мақтаныш тұтатын Қазақстан Республикасының елжанды азаматы; жалпыадамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастар мен қағидаларды ұстанады; қазіргі білім саласындағы, педагогикадағы, әдістемедегі, философиядағы мақсаттық бағдардың мәнін түсінеді; ел азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастырады; әртүрлі технологияларды, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін жақсы біледі; білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес оқушы тұлғасын дамытатын оқытудың және тәрбиелеудің тиімді әдістерін қолданады; оқушылардың іс-әрекетін белсенді ету және өмірге әлеуметтік жағынан бейімдеу мақсатымен олардың қызығушылықтарын дамытуда тәрбие әдістерін қолданады; тәрбие үдерісінде тәрбиелеудің белсенді түрлерін қолданудың жолдарын және мәнін біледі; баланың психологиялық-физиологиялық, педагогикалық дамуының ерекшеліктерін біледі; білім берудің мәдени-шығармашылық қызметін түсінеді, қандай да болмасын жағдайларда педагогикалық әдептің ережелерін сақтайды, баланың ар-намысына тимейді; білімдарлығы мен ой-өрісі кең; оқушыларды табысты іс-әрекетке бағыттайды, олардың шығармашылығы мен білімқұмарлығын дамытады және қолдау көрсетеді,-деп жинақталған.

«Ұстаз қандай болу керек» деген сауалға жастар жауапты Ұстаз өнегесі арқылы алады деп түсінемін. Кімнен үйренем, кімге теңелем деген сауалға «жақсының өмірі – өнеге» деген сөз бар, гуманист ұстаз, ғалым, сонымен бірге отбасы ұйытқысы бола алған Клара Жантөреқызы Қожахметованың істері мен іздері, үлгісі-өнегесін жастарға жеткізіп, оларға таныта білсек болғаны деп түсінемін.

Колледжде педагогика, психология, этнопедагогика, өзін-өзі тану пәндерінен дәріс беру барысында пәнаралық байланыс мүмкіндіктерінің арқасында «артық етпес білгенің» деп, жас маманға, студент жастарға заманымыздың, ұлтымыздың озық ғалым-педагогы Клара Жантөреқызының фотосуретін көрсеткен кезімде, олар «қандай келбетті, сұлу адам» деп айтып қалды.

«...Осы бір жүзінен парасат нұры төгілген, барша болмысынан ұлт мінезі, атойлап, қазақы қасиет аңқыған ұлағатты ұстаз-ғалымды көргенде Алаш ардақтысы Ә.Бөкейхановтың «Ұлтына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден», - деген сөзі еске түседі...» деген профессор Жұмағали Наурызбайдың осы аттас мақаласын оқып бере отырып, иә, парасатты жүзінен мейірім шуағы төгілген, айтқан сөздеріне адам қалтқысыз иланатын, әрбір сөзі даналық - осы адам кім? -деп бастаймын сабағымды мен студенттеріме.

Клара Жантөреқызының өмірбаяны мен ғылыми еңбектерімен, ғалымның қаламынан шыққан кітап, мақалаларымен таныстырып қана қоймай, ол кісінің мінезінің ерекшелігін де, яғни ұлттық тәрбие, ана тіліміз, төл мәдениетімізге байланысты сынаржақ пікірлерге, үстірт көзқарастарға, кейде бой көрсететін құлдық құлыққа жаны ауыра тойтарыс беріп, рухани байлығымызды қызғыштай қорғайтыны туралы, студенттердің ғалымның еңбектері мен өмірі туралы мол мәліметтерді тауып оқуларына, үлгі-өнеге алуларына бағыт-бағдар беруге тырысамыз.

«Тәрбиенің өлшемі жоқ, оның нәтижесі азамат болғанда ісінен, сөзінен белгілі болады. Себебі тәрбиенің нәтижесі белгілі бір уақыттан кейін ғана көрінеді. Ал, сауатын білімді немесе білімсіз деп ажыратып айта аламыз...; Ауру қоғамда жарымжан адам тәрбиеленеді. Рухани мүгедектік қатты байқалады. Тіпті, тілдің шұбарлығы, ана тілінде өз ойын толық айта алмауы. Басқасын былай қойғанда, кейбір басшы азаматтар да орыс тілінде сайрап тұрады да, қазақ тілінде жарытып ештеңе айта алмайды.» деген сөздерін талдаған бір студент «менің ойыма дәл келді» деп қосып қойды.

«Тіл – ең басты тәрбие құралы. Ана тілінде тәрбие берілген отбасының хал-ахуалы өзгеше болады. Ал түрі қазақ, жаны басқа жанұяда қандай бала тәрбиеленіп шығады? Бұлай кете берсе, болашақта қоғамымыз қалай болады? Өз тілін қомсынған қазақтың рухани сұранысы да бөтен мәдениет болмай ма. Біз рухани өзегінен айрылған балаларды өсіріп жатырмыз. Бір қауіптісі осы. Мәселен, Германияда толық неміс азаматын, неміс ұлтының өкілін, маманын, неміс тілінің жанашырын тәрбиелеп жатыр. Басқа тілді өзінің көзғарасын кеңейту үшін ғана меңгереді. Ал бізде өз мәдениетін білмей жатып, басқа мәдениетті біледі, сосын ол оның күнкөрісі, лауазымға көтерілу, шетелге барып білім алу көзі болады. Ана тілінді білу өз еркінде, білмесең ешкім талап етпейді. Қазір қазақ тілінің қамын орыс тілінде жоқтап жүрміз, біраз жылдан кейін қазақ тілінің жоғын ағылшын тілінде жоқтайтын шығармыз ...» деген Ұстаз бір интервьюде. Осындай ойлармен танысқан жастардың намысы оянады, сөйтіп олар өздерін, өз балаларын өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиелейді деген үміт туатыны рас.

Ұлттық рухани мәдениет - ұлттың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, оның өмір сүру ортасына және айналасына, осындай үлгі болар адамдарға да байланысты екені белгілі. Сонымен бірге ұлттық мәдениетті біздер өзге халықтармен тарихи және үйлесімдік байланыстар таба алғанымызда ғана сақтай аламыз. Сондықтан біздің рухани құндылықтарымыздың бүкіл адамзат биігінен табылуы аса маңызды екенін жадыдан шығармаған абзал. Осы тұста мен өз баяндамада студенттерді Клара апайымызбен қатар қоятын, өзге ұлттың өкілі болса да, жанымызға жақын, әр сөзі мен ісі адам баласын ізгілікке жетелейтін, нағыз педагог - Геннадий Никандрович Волков - профессор, педагогика ғылымының докторы, академик, жазушы-прозаик, этнопедагогиканың негізін қалаушы ұстазбен таныстыруды «Человек любящий. Академик Геннадий Волков» атты фильмді көрсетуден бастадым. Ғалымның «Этнопедагогика» атты оқулығымен таныстырып тәрбиенің этникалық мәдениеті, ғылыми педагогика мен халық педагогикасының біртұтастығы талданды. Одан кейін осы екі ғалымдар туралы зерттеулерге тапсырма берілді. Осы екі тұлғаны қатар алып, параллель

жүргізуімінің мәні – бұл тұлғаларды тоғыстырып, өмірлерінің мәніне айналған Этнопедагогика ғылымы біздің білім мен тәрбиенің негізі болып табылатындықтан, студенттерге білім мен тәрбие беру ісінде үлгі-өнеге болып, үйренетін тұлғалар, мен үшін бұл жандар - Нағыз Ұстаздар. Сондықтан, шәкірттеріміздің де осындай тұлғаларға ұқсап бақса екен деген ізгі ниетімнен еді.

Университетіміздегі республикалық конференцияға келген Қожахметова К.Ж., Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. сияқты ғалым-қонақтардың біздің де оқу орнына ат басын бұрып студенттермен, оқытушылармен кездесуге келгенін мақтанышпен еске түсіреміз. К.Ж.Қожахметова ұлттық тәлім-тәрбиенің жанашыры әрі жаршысы ретінде республикалық ғылыми-әдістемелік «Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. Этнопедагогика в системе образования» атты журнал шығарды, біз бір топ студенттеріміз бен оқытушыларымыз осы журналмен тығыз байланыста болып, мақалалар мен ой толғаныстарымызбен бөлісіп отырдық.

Қазіргі студенттер болашақ маман ғана емес, олар отбасы мүшесі, басшысы, ұйытқысы, яғни болашақ жар, ана-әке...

Отбасы – тұлға тәрбиелеудің және оны қоғамның сан қырлы жақтарын игеруіне мүмкіндік туғызатын ең алғашқы әлеуметтік орта. Тұлға отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Қазіргі таңда әлемдік жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетке, дәстүрлі ұлттық құндылықтарға тигізетін кері ықпалы күшейді. Қоғамымызда осындай үдерістердің үдеуі салдарынан жас буын жат елдің мәдениетіне еліктеп, сан ғасырлық ата дәстүрлерімізді, ұлттық құндылықтарымызды ұмыта бастады. Осыған орай жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Бірақ соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселеге айналууда. Сол мәселелердің бірі ретінде ұлттық тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымыздың дұрыс сақталмауы алаңдатады.

Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болса да оның төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтары оны мекендеген басқа ұлттардың дәстүрлеріне қайшы келмейді. Қанша ғасыр сынынан өткен ұлттық мәдениетіміз тарихи тағдыр біріктіріп отырған қанша халық арасында да өз ерекшелігімен, өзінің қайталанбас күйінде сақталуы тиіс.

Осы тұста отбасылық психолог ретінде «Бүгін бала-ертең ата-ана»: студент жастар мен жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты авторлық бағдарламам және әдістемелік материалдарымның облыстық «Үздік бағдарлама» сайысында жүлделі орын алғанын, әдістемемнің өне бойын этнопедагогикалық құндылықтар құрайтынын айта кеткім келеді. Міне, жастарды отбасылық өмірге дайындау, тәрбиелеу ісінде де жоғарыда атап кеткен тұлғалардың тәлімдері бізге өнеге. Мысалы, Клара Жантөреқызы: «Дәстүрлі отбасылар (ата-ене, ұл-келін, немере, шөбере) азайғанын; толық емес отбасылар (ата-анасының немесе әже-атасының біреуінен құралған) көбейіп; дәстүрлі емес отбасылар (азаматтық некедегі, көбіне баласыз) етек алғанын, ең бастысы, отбасындағы бала тәрбиесінің «бас кейіпкері» – әкенің ролінің, беделінің, балаға ықпалының төмендеуі, отбасындағы ата мен әженің тәрбиелік ықпалының (бөлек тұрғандықтан, бір-бірін өте сирек көргендіктен, тілдік қатысым кедергілерінен) шектелуі; қала жағдайында қазақ тілді ортаның аясы тар, орыстілділердің көп болуы; компьютерден, интернеттен еш кедергісіз келеңсіз ақпараттардың кең ауқымда таратылатынын, сөйтіп, ұлттық тәрбиенің әлсіреуінің себептерін, бұның астарында жас ұрпақтың бойында өз ұлтын менсінбеушілік сезімдерін қалыптастыруға әкеліп соға ма деген қауіптің бар екенін айта келе, «Жастар тәрбиесіне қоғамдағы барлық құбылыстар әсер етеді.», дей келе, туыстық, жерлестік, рушылдық психологиясының көлеңкелік тұстарын ашады.

Қазіргі бала тәрбиесінде әдебиеттің ролі туралы айта келіп, Клара Жантөреқызы: «Әдебиет – ұлттың жаны, иммунитеті», дей тұрғанмен, соңғы жылдары балалардың, студент жастардың көркем әдебиетті оқымайтындығы жиі айтылып жүр. Бұның бір себебі, төл әдебиетіміздің компьютермен, интернетпен, теледидармен бәсекелестікке түсуінде болса, екіншісі, отбасында баланың кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға немқұрайдылық танытуында, оның үстіне балалар әдебиеті тапшы әрі қымбат екені де ескерілген жөн. Соңғы кездері елімізде «Кітап күні», «Бір ел – бір кітап» сияқты шаралар кеңінен ұйымдастырылууда. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Студент оқитын 100 кітап» акциясын өткізу дәстүрге айналды. Әрине, мұндай жұмыстар науқаншылдық емес, жүйелі түрде өткізілсе, өз нәтижесін береді,» - дейді.

«Абай отыз сегізінші нақыл сөзінде «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиет қалдырған. Ескертетін жат қылығы – көрсеқызарлық, опасыздық, орынсыздық, мақтаншақтық, пасықтық, өсек. Егер Абайдың өсиетінен сабақ ала алсақ, ар мен ұятты айыра білсек, келешек ұрпақ та салауаттылық пен парасаттылыққа ұмтылады. Абайдың қағидалары – бала тәрбиесінің бағдарламасы іспеттес. Ата-аналардың этнопедагогикалық, рухани-адамгершілік, хұқықтық мәдениетінің төмен екендігін әшкерелейді. Ол үшін бүгіннен бастап, мектеп жанынан Ата-аналар университеттерін – «Әке мектебінің», «Ана мектебінің», «Ене мектебінің» жұмыстарын ыждағаттықпен жандандыруды күн тәртібіне қою керек. Баласының көзінше басқа біреуді жамандау, біріншіден, өз перзентіне теріс ықпал етсе, екіншіден, бір қазақты бір қазақтың менсінбеуі – ұлттың ынтымағына қиянат келтірумен пара-пар деп ойлаймын. Қазіргі таңда «Әр қазақ менің жалғызым!» (Сабыр

Адай) деген қағиданы ұстансақ қана өз ұлтымыздың тұтастығын сақтап қалуға үлес қоса аламыз», - деп, Ұстаз ұрпақты қалай тәрбиелеу керек екеніне жол сілтейді.

...Иә, балаларымыздың тілін бұзатын да, түзейтін де өзіміз ғой! Бәрін өз отбасымыздан бастауымыз керек.

«...Қазіргі таңда бала тәрбиесінің босаңсуының кесірінен қарттар үйі, балалар үйі, түрмелер, түрлі діни секталар көбейді. Және ғалымдардың зерттеуі бойынша балалардың жастайынан шылым шегуге (мектеп жасына жетпей), арақ ішуге, нашаға әуестенуі, дөрекі сөздерді қолданбай сөйлем құрай алмауы, ойын-сауыққа құмарлығы – жыл сайын арта түсуде. Мұндай жағдай отбасын да, мектепті де, қоғамды да бей-жай қалдыруы мүмкін емес. Сондықтан адам сапасы (білім сапасынан бұрын) – басты басымдылық (приоритет) ретінде бірінші орында болуы тиіс. Ол үшін ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие тұжырымдамасы қоғамдық талқылаудан өтіп, тез арада қабылданып, жүзеге асырылуына жан-жақты жағдай жасалуы қажет. Отбасын қалпына келтіріп, ата-ана алдындағы «қарыз бен парызды» өз деңгейіне көтеріп, қажет болса, безбүйрек балаларды Заң алдында, Ар алдында жауапқа тартып, ондайларды халықтың ортасына шығарып әшкерелеп, тектілікті қастерлеуге, тексіздікпен күресуге жұмылып, азаматтық некеге, жынысын ауыстыруға, «гей, лесбиянкалар клубтарына» тыйым салып, туыстық қатынасты, бауырмалдықты сақтап қалу үшін әрекет етуіміз қажет,» деген Ұстаз өсиеті жастарымыздың, жас мамандардың ұстанымына айналса игі!

Әдебиеттер тізімі:

1. Живая этика: Избранное /Сост. М.И.Ключниковой. – М.: Республика, 1992.- 414л.
2. Кожухметова К.Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.А: Ғылым, 1998
3. Волков Г.Н. Этнопедагогика: Изд. центр Академия, 1999. qyzylordakz.wordpress.com
4. «Тәрбиеде ұсақ-түйек деген ұғым болмау керек». 15.09.2011; almaty-akshamy.kz

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ – ВАЖНЕЙШИЙ ФАКТОР УКРЕПЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

Рысбаева С.К.

*учитель истории школы-лицей №5
имени М.Ломоносова
г. Талдықорған*

Ключевые слова: патриотизм, патриотическое воспитание, укрепление государственности, история казахского народа, история Казахстана.

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудегі қазақ халқының тарихы туралы білім мен тәрбиелігі мол салт-дәстүрлердің маңыздылығы туралы баяндалады.

Annotation

Article about the history of the Kazakh people in the patriotic education of pupils and breeding great traditions reported on the importance of education.

Современное общество характеризуют глобальные проблемы, от решения которых зависит сохранение и развитие цивилизации. Существуют проблемы, связанные с глобальными угрозами, ростом вооружения, неразумным расходом природных ресурсов, нищетой и голодом. Ученые в своих исследованиях делают выводы о том, что человечество должно задуматься и принять срочные меры по защите окружающей среды от загрязнения, ограничению выпуска оружия, укреплению мира и взаимопонимания между народами, наконец, по воспитанию подрастающего поколения в духе патриота планеты Земля!

Каждый человек ответственен за мир на земном шаре. И задача старшего поколения - передать молодым умение жить со всеми людьми в мире и согласии, стремиться сделать свою страну процветающей.

В Послании Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» подчеркивается, что одной из главных целей, которая стоит перед государством является его дальнейшее развитие и укрепление государственности [1].

В достижении поставленной цели имеет важное значение воспитание молодежи на основе формирования исторических знаний о Казахстане, его прошлом, настоящем и будущем.

Педагоги-историки через содержание своих уроков, организацию внеучебной деятельности решают задачи патриотического воспитания учащихся, уделяя особое внимание вопросам развития Казахстана как многонационального и многоконфессионального государства.

В век глобальных потрясений, военных конфликтов, возникающих на основе межнациональной розни, очень важно донести до учащихся необходимость проявления уважения и дружбы, взаимопонимания и

взаимопомощи между людьми разных народов и наций. В нашем лицее учатся дети разных национальностей: казахи, русские, татары, корейцы, немцы и др. Мы проводим классные часы, посвященные памятным датам в жизни разных народов, мы отмечаем великие события, произошедшие не только в жизни казахского народа, а в истории других народов, но имеющие значение для всех людей на земле. Мы беседуем на темы дружбы и чести, мира и ненасилия, проводим благотворительные акции. Мы вместе празднуем казахские и русские народные праздники, поздравляем друг друга с днем рождения, и при этом абсолютно не акцентируем внимание на национальности, потому что мы живем дружно, как одна большая семья.

Вне сомнения, велика роль семьи в патриотическом воспитании детей и подростков. Поэтому установление сотрудничества школы и семьи в этом направлении, осуществление педагогического просвещения родителей в патриотическом воспитании детей имеет немаловажное значение. Необходимо рекомендовать родителям перечень литературы для расширения знаний по истории Казахстана, по истории быта казахов, ценностного отношения к культуре, традициям и обычаям, имеющим воспитательное значение.

В патриотическом воспитании школьников особое значение имеет использование устного народного творчества, пословиц, поговорок, рассказов и легенд о батырах, а также о талантливых людях музыкального, театрального искусства, прославлявших свою землю в различных ее жанрах.

Причем, патриотизм народ прославляет не только одами о силе и мужестве человека. Но еще более ценным является достижение мира путем ненасилия. Так, например, существует казахская народная пословица «Қылышынан қан тамған батырды тілінен бал тамған шешен аттан түсіріпті», что в переводе означает: «Красноречиво говорящий человек заставил спешиться даже воинственного батыра».

Исторические этапы развития казахского народа тесно связаны с развитием устного народного творчества, возникновением легенд о людях, которые умели ясно и четко излагать свою мысль, владеющие искусством слова разрешать любые споры. Казахские ораторы были в почете, и их красноречие часто использовалось в целях воспитания.

Речь, в которой было много места для импровизации, запоминалась. И в народе сохранилось много крылатых слов, высказываний таких ораторов, как Жиренше шешен, Аяз би, Тазша бала, Алдар Косе, Анет баба, Сырым батыр, Майкы би, Асан Кайгы, Досбола шешен и др. Вот как воспевал родной край Доспамбет – жырау, казахский поэт средневековья, отличавшийся доблестью воина, чувством собственного достоинства, особым поэтическим даром.

О, край милый, Ак Жайык!...
Где дни, когда с шелковой бахромой
Кольчугу мы надевали в бой?..
Где дни, когда в руки секиру я брал,
Чтоб недруга в битве разить наповал?
Где дни, когда пикой в три роста длиной,
Всегда попадал я по цели любой?
Где дни, когда стрелами полный колчан
Для битвы был каждому воину дан?
Когда, тетиву натянув до конца.
Стрелюю сражал я чужого стрельца?
Речь друга всегда мне была дорога.
Где дни, когда был ты со мной, Кет-Буга?.. [2].

Велико значение речей ораторов и биев **Толе, Казыбека, Айтеке** в деле сплочения народа в борьбе с джунгарскими захватчиками. Так, по преданию, сохранившемуся в народе, когда люди спешно покидали свои насиженные места, услышав о наступлении джунгаров, один Толе не стал торопиться разбирать свое жилище. И когда его спросили о том, почему он не собирается уезжать, как все, он ответил: «В этом году одна ласточка поселилась наверху моей юрты. Всем известно, что, именно эта легендарная птичка во время потопа, когда корабль Ноя тонул, спасла его. Не могу же я разорить ее гнездо и уничтожить ее птенцов!», - ответил Толе. «Да, это поистине святой», - сказал военачальник джунгар (калмыков) и не тронул его и его окружение.

Оказывается, вблизи городов Шымкента и Ташкента люди чтут традицию не называть имени Толе би, а говорят «Священная ласточка» («Карлыгаш бий»).

Казахский народ богат своей многовековой культурой, в которой глубокая мудрость, передаваемая из уста в уста, почтение людей, снискавших почет и уважение среди народа, благодаря словам назидания, сокровенным речам, имеющим воздействующую силу на душу человека.

История современного Казахстана пишется и развивается, благодаря сохранению и приумножению не только материальных ценностей, но, в первую очередь, на основе духовного обогащения.

В своих выступлениях Президент страны отмечает: «Впереди - большая и ответственная работа. Чтобы пройти глобальный экзамен на зрелость, мы должны быть сплоченными. Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана».

Межэтническое согласие - это живительный кислород. Мы не замечаем его, когда дышим, делаем это автоматически - мы просто живём. Мы должны сами беречь наше единство и межэтническое согласие. Извне, никто и никогда не придет делать это за нас. Наша молодежь растёт в новой, независимой стране. Нынешнее поколение не видело межэтнических войн и конфликтов, разрухи 90-х годов. И многие воспринимают

стабильность и комфортную жизнь в Казахстане как нечто положенное от рождения» [3].

Патриотизм казахского народа отражен в его истории. Молодежь изучает, читит и готова, сохраняя и приумножая материальные и духовные богатства Отчизны, защищать, способствовать дальнейшему ее росту и процветанию.

Список литературы:

1. **Послание** Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». – Казахстанская правда, 14.12.2012.
2. **Казахская литература. Доспамбет – жырау. /Перевод Вс.Рожественского.** - <http://bibliotekar.kz/s>
3. **Послание** Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы Жол - путь в будущее» г.Астана, 11 ноября 2014 года.

ИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУЫ

Абдраманова Г.М.

*№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-итернаты
директордың оқу іс-жөніндегі орынбасары
Шымкент қ.*

Кілттік сөздер: Диалогтық оқыту, қарым-қатнас, мұғалім, оқушы, белсенділік, қызуғушылық.

Аннотация

В этой статье рассматриваются пути проявления у ученика таких качеств, как активность, интерес, соперничество, а также пути усовершенствования совместных навыков через диалоговое обучение.

Annotation

This article discusses ways of manifestation the student qualities such as activity, interest, competition, as well as ways to improve the collaborative skills through training dialog.

Қазіргі заманда білім адамды бұрынғыдай табиғатты өзіне бағындырып, дүниені игеру немесе өзгерту үшін қажетті ұғымдармен «қаруландырмай», керісінше оның болмыс пен жаратылыс заңдарын біліп, дүниеге бейімделіп, «кірпіш» секілді «қалануына» әкелуі керек. Білім адамға ақыл беріп, әлемді көріп, түсінуге, оған өзінің жан дүниесін ашуға, сол арқылы ақиқатты ізденуге жетелеуі қажет.

Ал бүкіл әлемді және басқаны түсінуге, адам болуға, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға тек диалог арқылы ғана жетуге болады. Сонымен, білімнің басты мақсатын «Үйрету» демей, «Адами қасиеттерді басқа адамды түсіну арқылы бойға сіңіру үшін қажетті жағдайлар жасау» немесе, басқаша айтқанда, «Диалог пен қарым-қатнасқа үйрету» деп қабылдап, «Диалог- оқыту процесінің басты құралы» деген қағиданы ұстану керек. Мектептегі сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы зор. Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру мен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Выготскийдің білім беру моделі оқушының диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдаған, демек оқушылардың көбірек білетін сыныптастары мен мұғалімдермен жүргізілген диалог болған жағдайда ғана, білім беру жеңіл болады. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болғанымен, жақын арада даму аймағы аясында қарастырылғандықтан білім беру табысты болмақ, деп көрсетті. Дәстүрлі әдістерде диалог көбіне мұғалім мен оқушы және бірнеше ғана оқушы арасында диалог өтілетін. Оқушыларды диалогқа тандап шығаратынбыз, олар өз пікірін, ойындағысын нақты сұрай алмай, тұйықталып қалатын. Ал диалогтық оқыту технологиясы да жұптасып жұмыс атқарады. Оқушылар сыни тұрғыда еркін ойлау қабілетін кеңейте отырып, еркін сөйлеуді үйренеді. Диалогты оқытуда балаға сабақта да, сабақтан тыс кезінде де сыни тұрғыда ойлауына ықпал ететіндей сұрақтар қойып отыру керек. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсартып кеңейте алады.

«Диалогтік оқыту» модулі екі жақты: біріншіден, оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін құрал, екіншіден, барлық мән-жайын түсінуді қажет ететін маңызды құралдың бірі. Диалогтік оқытудың ұстанымдары:

– Танымдық ұстаным. Әр адамда жаңа түсінік бірлескен жұмыс нәтижесінде қалыптасады деген қағиданы ұстанатын болса, онда ол әрқашан өзінің идеялары мен туындаған сұрақтарын басқаларға жеткізіп, талқылауға дайын болады.

– Психологиялық алаңдамаушылық. Диалог барысында әр адамның ойлары мен идеяларының, пікірлері мен көзқарастарының мұқият тыңдалып, олардың сенімсіздік және күлкіден қорғалатынын білсе, онда

ол қарым-қатынастың тең дәрежелі қатысушысы екенін сезінеді.

– Қызығу. Әр адам диалогтің қызық екенін сезіну керек. Диалог барысында өзін басты кейіпкер ретінде сезінеді. Диалогта интербелсенді әдістерді қолдану арқылы диалогке қатысушылардың пікірлерін ортаға салып, талқыға салады. Осылайша диалог тиімді әрі нәтижелі болып, қатысушылардың танымдық мүдделеріне сәйкес келеді. Диалог барысында оқушылар (мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін бірлесіп жұмсайды және Мерсер сипаттағандай бірлесіп білім алуда немесе «пікір алмасу» барысында, олар тең құқылы серіктестер болып табылады. Сабақ жоспарын құру барысында диалогтық оқыту бағытын кеңінен қолдануға керек. Сыныптың білім деңгейін анықтауда барысында, өткен материалды қайталауда және жаңа сабақ түсіндіру кезінде диалогтық оқыту технологиясын пайдаланған дұрыс. Ұстаз оқушыларға тек теориялық немесе практикалық білім беріп қана қоймай, олардың мәдениетті сөйлеу нақыштарына да назар аударуы керек. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтік оқытудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеулерде ересектермен қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың нәтижесі балалардың оқуына және ұжымдағы орнына әсер ететінін көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болуы, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Оқушылар анағұрлым толық жауап алу үшін, сұрақты дұрыс қоя білу қажет.

Диалогтық оқыту әрбір мұғалімнің барлық сабағында жүзеге асырылып отырылады. Мұғалім өз сабағына қатысып отырған оқушының ойымен санасып, ойын ашық түрде жеткізе білуге мүмкіндік берсе, міне осы жерде диалогтық оқыту көрініс табады. Жаңа сабақты игеру мақсатында оқушылар қойылған сұрақтарға оқулықты пайдалана отырып, жауаптар жазады. Топтар арасында туындаған сұрақтарды басқа топтарға қоя отырып талқылайды. Оқушылардың бір-біріне түсіндіруі олардың өз ойларын ашық жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни, оқушы өз құрдастары арасында түсінбеген сұрақтарын еркін қоя алады. Топтық тапсырмалар орындауда оқушылар оқулықтағы тапсырмаларды орындап қана қоймай, бір-біріне сұрақтар қоя отырып, диалогтық қарым-қатынас жасайды. Сұрақтар қою негізінде қасындағы сыныптастарынан жауап алып, топ ішінде тұлғааралық байланыс орнайды және диалогтік оқыту жүзеге асырылады. Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер байқалып, оқушылар бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатады. Диалогтік оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық және түсіндірмелі, иллюстративті мазмұнда репродуктивті және шығармашылық тапсырмалармен жүзеге асады. Шығармашылық негізге құрылған тапсырма бірнеше шағын тапсырмаларға бөлінеді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың ойлау процесін дамытып, белсенділігін арттырады.

Диалогтық оқыту технологиясы оқушылардың ортада өздерін сенімді ұстайға тәрбиелейді, сөйлеу қабілетін, мәдениетін қалыптастырады. Басқаларды тыңдай білуге, сыни тұрғыдан ойлауға, өз пікірін айтуға, өз идеяларын құрдастарымен бөлісуге үйретеді.

Бүгінгі күнің талаптары диалогты оқу/оқытудың басты әдісі мен құралына айналдыруды қажеттеп отыр. Бұл технологияны оқу процесінде интербелсенді әдістемені жан-жақты қолдану ісін мықтап қолға алуды міндеттейді. Жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолы әрбір ұстаздың басты міндеті деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 жыл
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы, 2009.
3. «Қазақстан мұғалімі» республикалық журнал, 2012 ж.– №3.

РЕФЛЕКСИВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ОСНОВА ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ

*Турдыгулова Г.Д., Жунускали А.Б.
Карагандинский государственный
университет им. академика Е.А.Букетова
г. Караганды*

Ключевые слова: рефлексивная деятельность, самосознание, личностное развитие, самооценка.

Андатпа

Мақала шетел тілі сабақтарындағы рефлексия феноменін қарастырады. Рефлексиялық іс-әрекеттің оқушылардың тұлғасына, олардың өзіндік танымының қалыптасуына әсері дәйектеледі. Адамның өзін-өзі тануының компоненті ретінде рефлексияның функциялары жан-жақты зерттеледі. Теориялық шолуда психологиялық және философиялық әдебиеттердегі рефлексия түсінігінің анықтамасы толық беріледі. Оның шетел тілі сабақтарындағы маңызы анықталады.

Annotation

The article examines the phenomenon of reflection on the lessons of foreign language. The author substantiates

the impact of reflective activities on the development of personality of students, formation them a new level of consciousness. The function of reflection as a component of self-awareness was analyzed in detail. In the theoretical review the interpretation of the concept of reflection was given in philosophical and psychological literature. The article justifies the importance of reflection on the lessons of foreign language.

На современном этапе развития образования большое внимание уделяется развитию личности, готовой к саморазвитию и самообразованию. В связи с этим одной из задач образования является формирование у ребенка способности к рефлексивному контролю и оценке своей деятельности как источника мотива и умения учиться, познавательных интересов и готовности к успешному обучению. Именно поэтому слово «рефлексия» давно перестало быть новшеством.

Рефлексия (от позднелат. reflexio - обращение назад) – всякое размышление человека, направленное на анализ самого себя (самоанализ) - собственных состояний, своих поступков и прошедших событий [1]. Впрочем, сегодня рефлексия направлена на достижение различных целей: не только на эмоциональную сферу, настроение ребёнка, но и на учебную деятельность, процесс и содержание. На начальном этапе изучения иностранного языка очень важно, сохраняя интерес к предмету, научить детей анализировать содержание своей деятельности, оценивать ее и планировать с точки зрения достижения положительного результата.

В современных энциклопедиях рефлексия определяется как «форма теоретической деятельности общественно-развитого человека, направленная на осмысление всех своих собственных действий и их законов; деятельность самопознания, раскрывающая специфику духовного мира человека», или как «осмысление чего-либо при помощи изучения и сравнения; в узком смысле – новый поворот духа после совершения познавательного акта к «я» и его микрокосму, благодаря чему становится возможным присвоение познанного».

Рефлексия в психологии выступает в форме осознания действующим субъектом-лицом или общностью – того, как они в действительности воспринимаются и оцениваются другими индивидами или общностями. Рефлексия – это не просто знание или понимание субъектом самого себя, но и выяснение того, как другие знают и понимают «рефлексирующего», его личностные особенности, эмоциональные реакции и когнитивные (связанные с познанием) представления.

В психологической науке накоплен определенный опыт изучения рефлексии и ее компонентов в учебной деятельности. При этом исследователи отмечают многочисленные проблемы развития данной способности, начиная с младшего школьного возраста. В исследованиях О.В. Лишина, Г.А. Цукерман и других высказывается мысль о «монополизации» взрослых права на рефлексию, которая практически не принадлежит ученикам. Исследования Н.Ф. Кругловой, А.К. Осницкого подтверждают мысль о несформированности у школьников регуляционных компонентов рефлексии в частности таких, как определение рациональных способов выполнения. Лишь исследования одаренных детей содержат данные о двусторонней направленности их сознания: на решаемую задачу с одной стороны и на собственные способы выполнения с другой, а также способности фиксировать собой в выполняемой деятельности, диагностируя его причину [2].

Рефлексивная деятельность учащихся представляет собой форму реализации рефлексивной позиции личности, активного отношения человека к освоению собственного опыта.

В аспекте рефлексивной деятельности учащихся целями являются:

- самосознание (способность к самопознанию, эмоционально-ценностному отношению к себе, способность к самоконтролю и саморегулированию);
- самоопределение (процесс и результат выбора личностью собственной позиции, целей и средств самоосуществления в конкретных обстоятельствах жизни; основной механизм обретения и проявления человеком внутренней свободы);
- самовыражение (процесс и результат развития и проявления индивидом присущих ему качеств и способностей);
- самоутверждение (специфическая деятельность в рамках саморазвития по обнаружению, подтверждению своих определенных качеств личности, черт характера, способов поведения и деятельности);
- самооценка (оценка самого себя, своих достоинств и недостатков, возможностей, качеств, своего места среди других людей);
- саморегуляция (система сознательных актов, действий, направленных на поддержание, достижение необходимого психического состояния, управление своей психикой) [3].

В структуре рефлексивной деятельности необходимо выделить потребности и мотивы. У учащихся рефлексия – форма познания и самопознания, способ удовлетворения своих познавательных потребностей и учебных мотивов, оценочная деятельность своих учебных достижений и неудач, эвристическая способность – выступает источником нового знания об окружающем мире и самом себе. Согласно В.Я. Вазиной, рефлексия, направленная на осознание внутреннего мира человека, постоянно исследует степень его гармонизации:

- состояние равновесия;
- доброжелательность отношения к миру, к себе;
- самоуважение, забота о себе, защиту себя;
- овладение культурой и ее практическое использование;
- интенсивность, насыщенность процесса творчества [4].

Анализ психолого-педагогических исследований по данной проблеме показывает, что потребностями и

мотивами рефлексивной деятельности учащихся могут быть следующие: интерес к себе, т.е. эмоционально окрашенная потребность в познании себя; мотивы, связанные с саморазвитием, потребность в самоутверждении, мотивы других видов деятельности (общения, престижа, достижения, учения, моральные мотивы и др.).

Результатами рефлексивной деятельности учащихся могут быть: фрустрация, стремление к самоутверждению в учебной деятельности; стремление к раскрытию творческих способностей в учебной деятельности.

Залогом успешного обучения является осознания приемов и средств, с помощью которых осуществляется учебная деятельность, умения правильно оценивать свои достижения и возможности, делать необходимые выводы относительно собственного совершенствования. Рефлексия – это один из механизмов, который помогает достигнуть этих целей. Способность к рефлексии дает возможность человеку формировать образы и смысл жизни, действий. Важнейшей особенностью рефлексии является их способность управлять собственной активностью в соответствии с личностными ценностями и смыслами, формировать и переключаться на новые механизмы в связи с изменившимися условиями, целями, задачами деятельности [5].

Таким образом, рефлексия обеспечивает осмысление прошлого и предвосхищение будущего. Чем более развиты рефлексивные способности, тем больше рефлексивных моделей (способов), тем больше возможностей для развития и саморазвития обретает личность. В школьном возрасте рефлексия развивается особенно бурно, что позволяет школьнику исследовать как свои психические процессы, так и свои личностные особенности, проявляющиеся в коммуникациях и поведении с людьми. А для того чтобы сформировать каждого как коммуникабельную, социально активную личность, развитие рефлексии становится необходимым условием решения этой задачи. Ибо только человек с развитой рефлексией в состоянии ставить перед собой общественно значимые цели и находить индивидуальные пути их достижения. Во многом именно мера развитости у человека способности осмысливать окружающий мир и себя в нем позволяет ему находить социально ценные, личностно значимые и реальные способы реализации себя в общении и активной жизни.

Список литературы:

1. Ариян М.А. Повышение самостоятельности учебного труда школьников при обучении иностранным языкам. Журнал «ИЯШ» №6, 1999. - с.107.
2. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. Общедидактический аспект. - М.: Педагогика, 2001 – с.82.
3. Баева Н.В. Психология в понятиях, образах, переживаниях. - М.: Изд-во Центр гуманитарного образования, 2003. – с.87.
4. Богоявленский Д.Б., Менчинская Н.А. Психология усвоения знаний в школе. - М., 2005. - с.125.
5. http://pedsocet.su/metodika/refleksiya/5665_refleksiya_kak_etap_uroka_fgos

ИННОВАЦИОННО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ШКОЛЬНОГО РУКОВОДСТВА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ

Джонисова Г.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті*

Калкенова Г.Б.

*магистр
Орал қ.*

Кілттік сөздер: мектептегі инновация, мектеп басшылығы, психологиялық ерекшеліктер, типологиялық сипаттамалар.

Аннотация.

Статья комплексно рассматривает вопросы психологических особенностей и типологические характеристики руководства школ в условиях инновационных изменений в контексте мировых глобальных изменений. Рассматриваются проблемы перспективы развития образовательных учреждений, типологические характеристики руководства школ в вопросе успешного внедрения педагогических инноваций.

Ключевые слова: инновация, руководство школы, психологические особенности и типологические характеристики.

Annotation

The article comprehensively examines the psychological characteristics and typological characteristics of school management under the conditions of innovative changes in the context of global changes in the world. The problems of development prospects of educational institutions, typological characteristics of school management and the issue of the successful implementation of pedagogical innovations are being considered.

Key words: innovation, school management, psychological and typological characteristics.

Республикада білім беру жүйесі қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отыруы анық. Қазіргі уақытта білім беру саласына көптеген өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі-сыртқы жүйесі түгелімен жанаруда. Біз бүгінгі күні әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттарды ұстануда ең алдымен мұғалімдерді жаңаша оқытуға бағыттауымыз қажет. Дамыған елдерді білім беру жүйесіндегі тенденциялардың бірі – білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады.

Мектеп ұйымдарын жетілдірудің негізгі мүмкіндіктері- адами ресурстарын дамытудағы икемділік болып есептеледі. Табысты басшы- тек қана билік өкілеттілігін иемденіп қоймайды, сонымен қатар білім беру мекемелерінің қызметіне, барлық педагог ұжымы мен жеке педагогтардың дамуы мен қолдауына бағытталған педагогикалық ұжымдағы лидерлік беделі болады. Басшы- бұл ресми түрде ұжымды басқару және оның іс-әрекеттерін ұйымдастыру функциялары бар тұлға [1, 276 б].

Басшының билікке деген қатынасы, оның лидерлік статусы, басқару стилінің бағыттары- мектеп басшысының жекелік психологиялық ерекшеліктерін бейнелейді және педагогикалық ұжымды қалыптастырады. Осыған байланысты басшының билікке деген қатынасының психологиялық ерекшеліктерін қарастыру маңызды. 1938 жылы Мюррей басымдыққа деген қажеттілікті әлеуметтік- психологиялық аспектіде зерттеді. 1973 жылы Винтер «әлеуметтік билікті» мінез-құлықтың қажетті эффектілерді тудыратынын және өзге адамдарды да уайымдауға қабілетті деп түсіндіреді. Мак Клелланд 1975 жылы билік мотивін біріншіден өзін күшті сезіну, екіншіден өзінің күштілігін іс-әрекетте көрсетудегі қажеттілік деп анықтайды. Хекхаузен 1980 жылы билікке деген талпынысты адамның мінез-құлық мотиві ретінде қарастырады. 1993 жылы Ю.Г.Волков пен В.С.Поликарпов билікке деген талпынысты адамның іс-әрекетін белсендендіретін- маңызды мотивация ретінде анықтайды: «қоғамдық күштілікті иемденуге және басымдыққа деген талпыныс» [2, 38 б].

Мектеп басшысының басқару мәдениеті, оның тұлға ретінде мектеп басқарудың технологиясы мен құндылықтарын жасау, игеру және оны алға жылжытуға бағытталған жұмыстарда өзінің шығармашылық күш-қуатын танытуы. Бұндай жағдайда басқару мәдениетінің компоненттері — аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығарма-шылық болып табылады.

Мектеп басшысы басқару мәдениетінің аксиологиялық компоненттері. Қазіргі заманғы мектепті басқарудың маңызы мен мәні болып табылатын басқару-педагогикалық құндылықтардың жиынтығын құрайды. Мектеп басшысы басқару қызметінің процесінде басқарудың жаңа теориясы мен концепциясын игеріп, ептілік пен дағдыларды меңгереді. Ал практикалық қызмет барысында олардың қаншалықты маңыздылығына баға беріледі. Қазіргі кезде басқару тиімділігін артыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

Мектеп басшысының басқару мәдениетінің технологиялық компоненті педагогикалық процесті басқарудың әдістері мен тәсілдерін біріктіреді. Мектепшілік басқару технологиясы арнайы педагогикалық міндеттерді шешу басшы-менеджердің педагогикалық талдау және жоспар-ластыру, педагогикалық процесті бақылау және реттеуді атқара алатын іскерлігіне байланысты. Мектеп директорының басқару мәдениетінің деңгейі аталған міндеттерді шешудің әдіс, тәсілдерін қаншалықты меңгере алуына тікелей байланысты.

Мектеп басшысының басқару мәдениетінің тұлғалық-шығармашылық компоненті педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру арқылы ашылады. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық болып табылады. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылық-тарды өзінше қайта құрып, талдап түсіндіруге ұмтылады. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала болып табылады. Басқару қызметінде мектеп басшысы тұлға, басшы, ұйымдастырушы және тәрбиеші ретінде өзін-өзі танытады.

1991 жылы С.Б.Каверин билікке деген қажеттіліктің жағымсыз жағын көрсетпей, керісінше бұл феноменнің жағымды жақтарын ғана қарастырады. Оның көзқарасы бойынша билікке деген қажеттілік тұлғаның бес базалық қажеттіліктерінен тұрады (тұлға болуға қажеттілік, өзін-өзі сыйлауға қажеттілік, гедонистік немесе қанағаттанушылық қажеттіліктер, өзін көрсетуге деген қажеттілік, бостандыққа деген қажеттілік) және олар бірігіп, сапалы жаңа құбылыс- билік қажеттілігін құрайды.

С.Б.Каверин билікке деген қатынаспен байланысты тұлғаның типологиясын ұсынды:

1. Нонконформист- бостандыққа деген қажеттілік, билік тәуелсіздікке және өзінділікке деген талпыныс ретінде қарастырылады.
2. Конформист- гедонистік қажеттілік басым, билік материалдық аумақтың және басқа да жеке пайданың негізгі қайнар көзі ретінде анықтайды.
3. Диктатор- өзінді сыйлауға деген қажеттілік, билік басқаларды басқаруға, жоғары беделділік және даңқ ретінде түсіндіріледі.
4. Авантюрист- мұнда бірінші орында өзінді көрсетуге қажеттілік, билік ойын ретінде бейнеленеді.
5. Демократ- тұлға болуға деген қажеттілік, билік адамдар мен қоғамға қызмет көрсету ретінде түсіндіріледі.

Ғылымда «басшы» және «лидер» түсініктері анықталады. Психология бұл түсініктердің бірдей еместігін көрсетеді. Лидер- топ мүшесі, бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыратын, орталық рөлді ойнауға қабілетті, маңызды жағдайларда шешім қабылдауға құқылы және топтағы өзара қарым-қатынасты реттейді. Басшы - топта лидер болуы да, болмауы да мүмкін. Лидер басшы позициясында да және ұжым мүшесінің

қатарында да болуы мүмкін. 1993 жылы Р.Л.Кричевский басшы- формальды қарым-қатынастар жүйесіндегі феномен, ал лидер- формальды емес қарым-қатынастардың феномендеп қарастырады. Бұл айырмашылықтарды 1971 жылы Б.Д.Парыгин көрсетеді:

1.Лидер көбінесе топтағы тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеуге қатысса, ал басшы әлеуметтік ұйым ретінде топтағы ресми қарым-қатынастарды ұйымдастырады.

2.Лидер- өз тобының өкілі. Басшы- макроортаның өкілі, яғни қоғамдық қарым-қатынастар жүйесімен байланысты.

3.Лидер кенеттен не жүре пайда болады, ал басшы тағайындалады немесе таңдап алынады.

4.Лидер тұрақты емес, топтың көңіл-күйіне байланысты, ал басшы тұрақты.

5.Басшы лидерге қарағанда бағынушыларға әсер ету билігіне көбірек иемденеді.

6.Басшының шешім қабылдау процесі күрделі және көптеген жағдайларға байланысты, ал лидер топтың қызметіне қатысты тікелей емес шешімдерді қабылдайды.

7.Лидерге қарағанда басшының қызмет аймағы кең ауқымды.

Г.Н.Андреева лидер мен басшының принципті айырмашылықтарына назар аударады: «Лидер түсінігі топта «көлденең» түрде пайда болатын психологиялық қарым-қатынастар сипаттамасына жатқызады». Яғни, басымдық және бағынушылық көзқарас. Ал басшы түсінігі топтың барлық қызметтерін ұйымдастыруға, басқаруға жатады. Басшы топтағы қарым-қатынастың әлеуметтік сипаттамасы болып есептелінеді. Яғни, басқару және бағынушылар ролдерін бөлу.

Ғылым басшы және лидер деген ұғымға шекара қояды, бірақ карама-қарсы қоймайды, себебі олардың арасында ұқсас белгілері бар:

1. басшы мен лидер ұжым қызметін үйлестіру ролін атқарады, тек басшы әкімшілік, заңдылық өкілеттің негізінде атқарады, ал лидер жеке өзінің бастамасы арқасында;

2. басшы мен лидер ұжымдағы әлеуметтік ықпалын әр түрлі жолмен жүзеге асырады.

3. басшы мен лидер арасындағы қатынас реттеленіп, субординацияны ұсталған болуы керек.

Сонымен лидер- психологиялық феномен ретінде, ал басшы- әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады. Лидерлік теориясында лидерді не табысты ететінін түсіндіретін төрт негізгі үйлесімді бөліп көрсетеді: тұлғалық сапалар позициясы жағынан үйлесім, билік және әсер ету позиция жағынан үйлесім, мінез-құлықтық үйлесім, жағдайлық үйлесім[3, 516-518 бб].

Басқару іс-әрекетінің белгілері мен сипаттамаларының жиынтығы оның кәсіби іс-әрекетінің басқа түрлерінен айырмашылықта болатын психологиялық ерекшеліктердің белгілі бір симптомдық кешенін түзеді. Ол әр түрлі қиындықпен көрінеді. Бұл айырмашылықтар жетекшінің иерархиялық мәртебесін анықтайды — ол неғұрлым жоғары болған сайын атап көрсетілген үлгілер соғұрлым айқынрақ және керісінше болады.

Тұлғалық сапалар жағынан үйлесім табысты басшы тұлғалық сипаттамаларын көрсетуді өзінің алдына мақсат етіп қояды. 1997жылы Д.Майерс қазіргі жағдайда табысты лидердің сипаттамаларын көрсетеді: өзіне сенімділік, жолын қушылар жағынан қолдау жасау, энергиясы бар, адал, эмоционалды тұрақтылық. Әлеуметтік топтардың өмірлік қызметінің әртүрлілігі лидерліктің әртүрлі сапаларын талап етеді. Е.В.Андренко жетістікке жеткен мұғалімнің сипаттамаларын бөле отырып, бір жағынан тиімді қарым-қатынасқа себеп болатын сапа, екінші жағынан педагогикалық еңбектің ерекшелігін анықтайтын сапаны бөліп қарастырды. Біріншісіне қарым-қатынас, басқаларға бағыттылық, әріптестікке бейімділік, эмпатия, әдептілік, шыдамдылық, эмоционалды тұрақтылық, әртістік, жаңа рольдерді игеруге деген икемділік жатады, ал екіншісіне жоғары интеллектуалды икемділік, ойлаудың тездігі мен сынилығы, өзбеттілік, өз-өзін сынауды жатқызды[4, 4 б].

Н.П.Пищулин мен В.М.Ананишев білім берудегі басшының профессиограммасын жетілдіре отырып, бірінші орынға лидерлік сапаларды қояды, оған ұжымды ұйымдастыра білу және оның іс-әрекетін қойылған мақсатқа жетуге бағыттау; ұжымда эмоционалды көңіл-күйді тудыруға және қолдауға қабілеттілік; шығармашыл; жаңа инновацияларды дамытуға бейімділік.

Лидерлік теорияны қарастыра отырып, А.Н.Банковский психология ғылымында қалыптасқан және лидердің екі факторлы моделіне сүйенетін үш бағытты бөлді: Мичиган университеттік зерттеу, РМ-лидерлік теория, Херси-Бланшардың жағдайлық теориясы.

Мичигандық университеттің зерттеушілері мінез-құлықтық үйлесім аясында лидерлік мінез-құлықтың екі базалық факторын бөлді: жұмысшыларға бағдарлану және өндіріске бағдарлану. Жұмысшыларға бағдарланған лидерлер тұлғааралық қарым-қатынастың маңыздылығына көңіл бөлді, қызығушылық танытып, жұмысшылардың жеке ерекшеліктеріне түсіністікпен қарады.

Лидерліктің қолданбалы модельдерінің бірі- Херси-Бланшардың жағдайлық теориясы болып есептелінеді. Лидерліктің екі факторлы моделін- адамға бағдарлану мен тапсырмаға бағдарлануды негізге ала отырып, ғалымдар лидерліктің төрт ерекше стилін бөліп көрсетті:

1.«директивті»- тапсырмаға бағдарланудың күштілігімен, адамдарға бағдарланудың әлсіздігімен ерекшеленеді.

2. «қолдаушы» - тапсырмаға және адамдарға бағдарланудың күштілігімен көрінеді.

3. «қатысушы» - тапсырмаға бағдарланудың әлсіздігінен, адамдарға бағдарланудың күштілігімен көрінеді.

4. «делегирлі» - тапсырмаға және адамдарға бағдарланудың әлсіздігімен көрінеді.

П.Херси мен К.Бланшардың теориясында лидердің мінез-құлқы тікелей топтың есеюіне тәуелді екенін белгілейді.

Ұйымдық мәдениет түсінігі мінез-құлық нормалары, қызмет амалдары, әдеттер, шектеулер, болашақ және қазіргі елестету туралы көріністерден тұрады. Ұйымдық мәдениеттің дамуына саналы әрекеттесетін негізгі фактор- лидерлік болып табылады. Лидерлік ең біріншіден ұйымдық мәдениетті жетілдіретін процесс, стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру бойынша ұйымның нәтижелі қызметін қамтамасыз ететін элементтерді дамытады. К.Камерон мен Р.Куинн ұйымдық мәдениеттің типологиясын өңдеді. Олар ұйымдық мәдениеттің төрт типін бөлді: отбасылық, инновациялық, нарықтық және иерархиялық. Әрбіреуін анықтау арқылы басшы-лидердің позициясын анықтады.

Инновациялық ұйымдық мәдениет- лидерлерді кәсіби ізденіске бейім жаңашыл деп есептейді. Мектеп жаңа білімдік үйлесімдерді, технологиялар мен әдістемелерді дамытуға назар аударады. Инновациялық өзгеріске қатысушыларға жаңа білімдік қызметтерді ұсыну, жаңа әдістемелік өнімдерді өңдеу жетістік болып есептелінеді. Бұл білім мекемелерінің арасында идеялық және әдістемелік лидердің пайда болып, педагогтардың жеке бастамасы мен бостандығының, шығармашылығының жүзеге асуына мүмкіндік береді. Ұжымда жаңа бастамалар мен тәжірибелер, тиімді бастамалар жасақталады.

Табысты ұйымдық мәдениетте мектеп білімдік нәтижеге жетуге бағытталған. Педагогикалық ұжымның басты міндеті- оқу және тәрбиелік жұмыстарды нақты орындау. Педагогтар мақсатқа бағытталуымен, әріптестер арасында бәсекелестіктің болуымен ерекшеленеді. Лидерлер- қатаң шешімдерге қабілетті, ал мектеп жоғары білімдік нәтижеге жетуге ұмтылады. Мектептің беделі мен жетістігі жалпы міндет болып есептелінеді. Мектептің стратегиялық даму перспективасы қойылған мақсатқа жетумен байланысты. Бұл ұжым үшін жетістік жоғары рейтинг пен білім беру нарығында бәсекеге қабілеттілік деп анықталады.

Рольдік ұйымдық мәдениетте- педагогтардың қызметін нақты тәртіп пен нұсқаулар басқарады. Лидерлер мен басшылар өздерін рационалды ойлауды ұйымдастырушылар мен үйлестірушілер деп мақтан етеді. Мектепті әріптестердің өңделген тәртіп пен ресми білімдік саясатпен жүрумен біріктіреді. Жетістік мектептің тұрақтылығымен анықталады. Қазіргі таңда кейбір білім беру мекемелерінде мұндай басқару типі кездеседі, алайда бұл ұжымның инновациялық өзгеріс бағытында жұмыстануы жай ғана тәртіп пен нұсқаулар деңгейінде қалу қаупі болады.

Жалпы басқарудың теориясы мен тәжірибесі эволюциялы дамиды. Сондықтан жақын уақыттарда принциптік өзгерістерді күтуді талап етпейді. Басқару теориясының дамуын болжау қиын, ол кәсіптік дамуға балама реакция береді.

Қазіргі таңда басқару ғылымында екі ірі бағыт құрылды. Біріншісі есепке бейімделген, ол әрбір жақсы басқарушының міндеттері пайдасының көлемін алуға бағытталған мекемені басқарудың көлемді әдістерін көрді. Компьютерлердің табысы бұл көріністерді нығайтты. Ақпарат жүйесінің басқарушылары миллиондаған сандарды өңдей алады, оңтайлы болып табылатын шешімдердің нұсқаулары туралы мәлімет береді және қажетті комбинация табады. Бұл бағыт қазір де басты. Екіншісі шешілетін мәселелерді санмен емес, адамдармен, еңбекпен көреді. Оның өкілдері ұйым шеңберіндегі адамдардың іс-әрекетінің жұмбақтарын шешу және қандай жағдайларда адамдар тиімді жұмыс істейтіні немесе керісінше оларды жұмыстан не жиіркендіретінін анықтау маңызды деп есептейді. Мұндай позицияны бізге таныс «іс-әрекет мектебі» өкілдері ұстанады [6, 165-169 бб].

Сонымен, жүргізілген талдау негізінде басқару типтерімен басшы-лидердің, билік пен лидерліктің қарым-қатынасына деген психологиялық ерекшеліктерін құруға мүмкіндік береді және әрбір басқарушы өзінің «торын» білуі тиіс, ол дұрыс бейімделуге көмектеседі, мақсатты анық анықтауға, билікті көтеруге көмектеседі деген қорытынды шығады. Мектепке инновацияны сәтті енгізу үшін инновациялық типтің элементтері бар басшылық мәдениет нәтижелі болып табылады. Бұл жағдайда нәтижелі басшы педагогикалық ұжымның қызметін бағыттауға мүмкіндік беретін оның тұлғалық сапалары мен психологиялық ерекшеліктері бар басшы болып есептелінеді. Бұл басшы-лидер тек мектептің дамуына бағытталмайды, сонымен қатар педагог пен оқушылардың тұлғалық дамуына бағдарланады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ахметов Б.Ж., Уркунчиев Е.М., Шоханов И.Ш. Менеджмент: оқу құралы. - Алматы, «Эверо», 2009, - 276 б.
2. Төлебаева Б. Менеджменттің теориясы және тәжірибесі: оқу құралы. - Орал, 2007, - 38 б.
3. Алексеев К.Г. Инновационная деятельность в сфере образования // Пушкинский институт. - Москва, 2005. - 516-518 с.
4. Андриенко Е.В. Профессиональная зрелость учителя, как фактор совершенствования содержания образования и развития личности учащегося // Педагогическое обозрение, 2002. - №28. - 4-5 с.
5. Сабыров Б.Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. Алматы, 1999. - 85 б.
6. Ахметов К.Ф., Сағындықов Е.Н., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Жұмаев Ж.Ж. Менеджмент негіздері. - Ақтөбе-Орал, 2005. - 165-169 б.

Кілт сөздер: халық педагогикасы, қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті, дәстүрлі тәрбие принциптері, тәрбие әдістері.

Аннотация

В статье систематически и всесторонне анализируется и принципы казахской традиционной педагогической культурой и эффективные методы.

Annotation

The article contains systematically and comprehensively analyzes of principles of Kazakh traditional culture and effective methods.

Оқу – тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік – теориялық қағидаларымен біріктіру қажет. Мұның өзі этнопедагогиканың прогресшіл дәстүрлерін оқу орындарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда қолдануды талап етеді. Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» - деген анықтама берілген. Оқу – тәрбие мақсаттары туралы ой – пікірлер ғасырлар қойнауынан бастау алған. Ж.Ж.Руссо мақсаттардың негізін азаматтық құндылықтармен байланыстырды. Адамның адамгершілік деңгейін көтеру жөнінде пікір айтқан. Неміс педагогы Ф.Рейн нағыз азамат қалыптастыру жолында күш жұмсау керектігіне тоқталады: «Тәрбиеші өз әлпешіндегі баладан шынайы жақсы адам, татымды болғанның бәрін зейінмен қабылдап, өз халқы үшін пайда келтіре алатын, ақкөңіл де адам, діни сезімі мол нағыз азамат қалыптастыруы міндетті» - деген.

Қоғамға сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесін бірінші орынға қойған М.Жұмабаевтың пікірінше: оқу – тәрбие мақсаты – жеке тұлғаны тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманға лайық етіп шығару. Тұлғаны дамыту талабы – жалпы білім беру орындарының мақсатына жатады. Мақсаттардың арасында ең жоғары мұраты – адамды жан – жақты және үйлесімді дамумен қамтамасыз ету. Тұлғаның бойында еңбексүйгіштік сапалармен қоса адамгершіліктің бұлжымас сапаларының бәрі үйлесімді даму қажет. Адамгершіліктің бұлжымас сапалары – адалдық, әділдік, борыш, тәртіптілік, жауапкершілік, намыс, ар, бедел, гуманизм, үлкенге құрмет. Тәрбие мақсаты жалпы және нақты міндеттерден тұрады. Мақсат пен міндеттер өзара бүтін мен бөліктің, жүйе және оның элементтері сипатындағы қатынаста болады.

Мақсаткерлік табысты болуы үшін ғалым Г.Н.Сибирцова төмендегідей талаптардың орындалуы шартты дейді. Олар:

- Диагностикалық, педагогикалық үрдіс мүшелерінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, тәрбие жұмысының жағдайын үнемі зерттеу негізінде мақсатты түзету, негіздеу, ұсыну;
- Шанайылық, нақты жағдаяттарды есепке ала отырып мақсатты ұсыну және негіздеу;
- Сабақтастық, тәрбие үрдісінің барлық мақсаттары мен міндеттерінің арасындағы байланысты жүзеге асыру: педагогикалық әрекеттің әр кезеңіндегі мақсатты ұсыну және негіздеу;
- Мақсаткерлік үрдісіне әрекетке қатысушылардың барлығын жұмылдыру арқылы қол жететін мақсаттардың тепе – теңдігі;
- Нәтижеге бағыттылығы, мақсатқа жету нәтижесін айқындау, ал бұл тәрбие мақсаттары нақты айқын анықталғанда ғана мүмкін болады;

Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық игі дәстүрлерін сақтай отырып, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу арқылы қоғамдағы саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет арнасына енуді көздейді. Халықтың мәдени рухани құндылықтары, дәстүрлі адамның азамат болып қалыптасуына, оның адамгершілік, еңбексүйгіштік, ізгілікке баулуға, тұтас алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарған.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды, қазақ халқының тарихи тәжірибесін, сан ғасырлық мәдени озық дәстүрлерді есекере отырып, білім беру мазмұнын жаңарту болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне де жаңа талаптар қояды, өйткені жеке тұлғаны дамыту өмір талабынан туған қажеттілік.

Орыс социал – демократтары жеке тұлғаны дамыту мәселесіне, тәрбие мақсаттарының нақтылығына көп көңіл бөлді. В.Г.Белинский баланы үстем тап өкілдерімен күреске, әділдік үшін, халық теңдігі үшін күресе алатын азамат тәрбиелеу қажеттігін айтады. К.Д.Ушинский жеке тұлғаны дамыту міндеті баланың бойында

адамгершілік сапаларын қалыптастыру деген пікір айта келіп, адамгершілікті білімділіктен де жоғары қойған. Н.Г.Чернышевский тәрбие алдына қайырымдылықты, ізгілікті мақсат етіп қойды.

Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде халықтың ауызекі шығармашылығы айрықша орын алады. Ол халықтың поэтикалық өнерінің жеке тұлғаны дамытуға ықпалы туралы өлең, мақал – мәтелдер, эпотық жинағынан кездестіреміз. Оның «Егер Гомердің поэтикалық аңыздаулары, Геродоттың естіп алып, жазып қалдырған аңыздары азды - көпті тарихилық мәнге ие десек, егер әрбір шала- пұла, қисынсыз аңыз – әңгімелердің өзінің негізінде оқиға мен шындық жатады десек, қазақтардың ұнамды және жүйелі аңыздауларында... тарихи мән болуы шүбәсіз» - деген пікірінің өзі-ақ халықтың ауызекі шығармашылығының қандай жағдайда болмасын таныла білетіне кәміл сенгендігін байқатады. Шоқан Уәлихановтың бұл пікірі оның зерттеу жұмыстарына арқау болған деп айтуымызға оның еңбектері дәлел. Шоханның зерттеу әрекетінің басты мақсаты – халықтың ауызекі шығармашылығы арқылы және қазақ халқының салт – дәстүрлерін бала тәрбиесінің құралы, әдіс- тәсілі ретінде пайдалану қажеттілігін түсіндіру. «Қалай дегенмен де өмірдің, өз қоғамының ұғымдары мен қатынастарының бейнесі ретінде қазақтар поэзиясы өте қызықты және көңіл аударатын көптеген жақтары бар» - деп атап көрсетеді. Баланы тәрбиелеуде халық тәрбиесіне сүйену қажет. Ал халықтың тәжірибелері оның арғы тегіне, халық болып қалыптасуына, тұрмыс – тіршілігінен бастау алады. Әдіснамалық ерекшеліктерін жан – жақты зерттей келе, жеке тұлғаны дамытудағы қазақ этнопедагогикасының методологиялық ғылыми – зерттеу негіздері төмендегіше сараланады:

Ұлттық тәрбие, ұлттық ойындар;

Ұлттық өнер;

Қазақ халқының тарихи тәжірибелері;

Ұлттық болмыс, діл, тіл, тіршілік, әдеп;

Ауыз әдебиетінің этнопедагогикалық мәні;

Ұлттық салт – дәстүрлердің этнопедагогикалық мәні;

Жазу мәдениетіндегі этнопедагогикалық ойлар тәртібі.

Ғалымдар мен ойшылдар, ағартушылар мен ұстаздар этнопедагогикалық ойлары тарихында ұлттық тәрбиенің әдістемелік негізін қалап, қазақ этнопедагогикасының жеке ұлғаны жан – жақты дамыту мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін айқындап, тәрбие әдістемесіне мол үлестерін қосты.

Халық педагогикасы «Баланы жастан», «Жастықта алған білімің – қарттықта ұстар мүлігің», «Баланы үйрет үйренетін кезінде» деген тұжырымдарды ұстана отырып, баланың өсіп, жетілуіндегі әр жас кезеңінің психологиялық мүмкіндіктерінің ескерілуін талап етіп, тәрбиені ерте жастан қолға алуды ескертеген.

Қазақтар өмір сүру барысында жас ұрпақты тәрбиелеудің өресі кең, бай тәжірибесін жасаған халық. Педагогикалық ой – тұжырымдарын халқымыз өз туындыларына сыйғыза отырып, жас ұрпақ тәрбиесінде оларды үйлесімділікте, ұтымды, кешенді пайдалана білген. Осы жайттар дәстүрлі педагогикалық мәдениетіміздің өміршендігін, оның терең мазмұндылығын, кешенді қалыптасқан тұтас жүйе екендігін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің тарихнамасы. Алматы 2010.
2. Педагогика. Дәріс курсы. А.Нұрыл әлем 2003. 368 – бет.
3. Уәлиханов. Ш. Таңдамалы. А. Жазушы. 1985.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қылышпай Б.С.

п.ғ.м., оқытушы

Сыпырындиева Г.Қ.

п.ғ.м., аға оқытушы

Қазмемқызту

Аннотация

В данной статье затронуты проблемы формирования этнокультурных ценностей студентов в системе высшего учебного заведения

Annotation

In this article the problems of formation of ethno-cultural values of students in higher educational institutions

Әр халықтың өзіне тән тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасқан. Қазақ хандығының 350-жылдығы осының дәлелі. Қазақ даласы арқылы әлемге Әл Фараби, Ж.Баласағұни, Ахмет Иассауи, М.Қашқари, Жалаири сияқты ғұламалар танылды. Олардың тағылымға толы еңбектері осы күнге философия, тарих, этнопедагогика, педагогика пәндерінің мазмұнында көрінісін табуда. Еліміздің егемендігімен бірге, халықтық тәлім-тәрбие қазыналарын жинақтап, оны этнопедагогиканың негізі мазмұнына енгізсек, сол мазмұнды жүзеге асырудың басты құралы – этномәдениет қазыналары. Қазақстан Республикасында этномәдени

білім беру жүйесін реттеу мен дамытудың басты қағидасы еліміздің негізгі заңнамалық құжаттарында көрініс тапқаны белгілі. Олар: 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы, 2007 жылы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес бекіткен бірнеше Тұжырымдамалар: 1994 жылы Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995 жылы Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы, 1996 жылы Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы және т.б. Оларда барлық құндылықтарды сақтай отырып, білім жүйесін Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық-мәдени және мәдени-тарихи дәстүрлерін ескере отырып қайта қарау қажеттілігі анық тұжырымдалған.

Тарих тұңғығынан Қазақстанның мәдени қазыналарын тауып, бүгінгі ұрпақтың ол байлықты сақтауына, танып білуіне, рухани-мәдениет саласындағы білімін дамытуға ұсынған еліміздің ғұлама ғалымдардың қажырлы еңбектері еленіп келеді.

Қорқыт көтерген мәңгілік мәселесі – өмірсүйгіштікке шақыру және өмірді сүйген адам ғана өз ұрпағын адамгершілік негізінде тәрбиелейді, сол арқылы жалпы халықтың болашағы алдында өзінің жауапкершілігін түсінеді және перзенттік борышын барынша парасаттылықпен орындауға тырысады. Адамның тектілігі де, намысының негізгі кейпі де осында. Тектілікке дүниенің сырын, оның терең мәнін жүрегіңмен түсініп, ақылыңмен екшеп, айналаңа жылуынды шашу арқылы жарқын өмір сүруді жатқызуды болады. Адамның жақсы істің жалғасын біліп, дүниені көркейтуге өз үлесін қосуы тектіліктік белгісі.

Махмұт Қашқари «Диуани лұғат-ат-турікте» «Әдептің басы - тіл», «Тіл -тәрбиелікпен қайырымдылықтың басы», «Ақылды сөз алтын табаққа жеткізер», «Тіл түйгенді тіс шеше алмайды», «Белгі болмаса жол бұзылады, білім болмаса сөз бұзылады», «Шаппақты жақса - от тұтанар, сөз ұғындырылса - ой білінер» - деп тіл мәселесіне аса мән береді. Тіл - тәрбиеліктің көрсеткіші және ақпарат алмасудың маңызды құралы деп түсіндіреді.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани Хикметте» оқып білім алу, иманды, ізгі қасиетті болу, жақсы мен жаманды айыра білу сияқты моральдық-этикалық қатынас құндылықтарын уағыздайды. Ахмет Махмұдұлы Жүйнеки «Ақиқат сыйы» атты дидактикалық дастанында моральдық- этикалық ілімдердің педагогикалық мүмкіндіктерін сөз етеді. Ізгі істерді, адамгершілікті, имандылықты бірінші орынға қояды.

Қазақ этикасының негізін салушы Шәкәрім Құдайбердиев өз шығармаларында ар, ұят, намыс сияқты ізгі моральдық- этикалық құндылықтарға кеңінен тоқталады. Имандылық - ар өлшемі деген пікірді ұстанады. Адамның ең асылы - Қиянатсыз, ақпейіл. Ең зиянқас жасығы - Тайғақ мінез, екі тіл. Сөз мінезі құбылса Ар, иманы жоқ деп біл. Аулақта жемтік сыдырса, Оны ойыңмен айуан қыл, -деген.

Бүгінгі таңда этномәдени тұрғыда толыққанды дамыған, көпмәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге бейімделген, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған ұлт қалыптастыру міндетін қолға алу қажет. Демек, этномәдени құндылықтарын қалыптастыру мәселесі жүзеге асырылуы тиіс. Этномәдени тұрғысында жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеруге бейімдеу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық мәдениет жиынтығы жас ұрпақ бойында көрініс беруі, мәдениет аясында жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыруын дәлелі. Қазақ халқы ұрпағының «Сегіз қырлы-бір сырлы» азамат болып дамуын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениет құндылықтарының тәлімдік мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып жүзеге асыруда. Ол құндылықтардың негізін, халқымыздың - әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлары құрайды. Сөз мәдениетінің этикалық аспектісін этикалық ұстанымдардың, жалпыадамзаттық этикалық құндылықтардың этикалық нормаларды құрайды, ал этикалық нормалар дейтініміз қарым-қатынастың әртүрлі жағдаятына (ситуациясына) тән тілдесу ережелерінің жиынтығы болып табылатыны энциклопедиялық сөздіктерде айтылады. Сөз этикасы – дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым.

Қазақтың ұлттық сөз саптау дәстүрінде этикалық ұғымдарға қоса эстетикалық компоненттер де қабаттаса, қатарласа жүреді. Сөз этикасының құрамына сөз этикеті деген ұғым кіреді. Сөз этикеті ережелері сыпайылық принциптеріне негізделген. Сөйлеуші жақтың өз әріптесіне құрметпен қарауы негізгі ережелердің бірі болып саналады. Сыпайылық, сыйластық, ізеттілік – моральдың, этиканың түп негізі. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу адамдардың бір-бірін құрметтеуінен, ілтипат көрсетуінен басталады. Сөз мәдениетінің сапалық көрсеткіштерінің бірі – сөз көркемдігі. Зерттеушілердің пайымдауынша, сөз көрнектілігіне мынадай жағдайлар әсер етеді: сөз иесінің ойлау даралығы, саналы әрекеті; сөз иесінің өзі сөйлейтін сөздің мазмұны мен оны тыңдаушыларға деген ықыласы; тілді, оның көріктеуші құралдарын жақсы меңгеруі; тілдік стильдердің ерекшеліктері мен өзіндік заңдылықтарын жете білуі; өзінің сөйлеу дағдыларын жүйелі түрде шыңдап отыруы; өз сөзіне үнемі бақылау жүргізіп, қай жерде көрнекі, қай тұста құрғақ сөзге жол берілгенін бағамдай алуы; өзінің алдына көрнекі сөйлеуді нақты мақсат етіп қоя білуі. [4, 115 б.].

А.Байтұрсынұлы тіл әуезділігін екі топқа жіктеп көрсетеді. Оның айтуынша, «сөз әуезділігі сөз ішіндегі дыбыстардың құлаққа жағымдылығы, ол дауысты, дауыссыз дыбыстардың оңтайлылығына байланысты; сөйлеу әуезділігі – сөйлемдердің құлаққа жағымдылығы, ол сөйлемдердің тізілуінен көрінеді. Онда буын екпіні мен сөз екпіні ерекше рөл атқарады. Екеуі де дауыс ағымына қарайды [4, 49 б.].

Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Қазақ фольклоры тілінің бейнелілігімен, көптеген мақал-мәтелдерінің мәнділігімен, мазмұндық өткірлігімен аса құнды қазына. «Өнер алды - қызыл тіл» деп, «Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін» шешкен ата-бабаларымыз, халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын

өзінше бір жылнама болатын, ұрпақтарға тәлім болатын асыл мұра қалдырған. Сол бай құндылықтардың ішінде, патриотизмді дәріптейтін мұра - батырлық дастандар. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Едіге», «Сырым батыр» т.б., «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі елін, жерін сырт даулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен патриоттық қасиетін баяндайтын, сол сияқты «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. лиро-эпостық жырлар мазмұны, рухани тазалықты, адамгершілік пен махаббатті паш ететін, халқымыздың этномәдениетінің асыл қазыналары.

Қазақ халқының музыкалық және поэтикалық шығармашылығында жырлаған халықтың Отан-анаға, туған жерге, көз жетпейтін ұлан-байтақ қазақ даласына, оның табиғат байлығына деген сүйіспеншілігі музыкалық және эстетикалық тәрбие құралдарында көрініс тапқан. Қай кезде болмасын жыршылар, күйшілер, өлеңші-әншілер қазақ халқының музыка мәдениетін сақтау мен байытуда, жастарлық эстетикалық талғамдарын, көзқарастарын тәрбиелеуде айрықша маңызды роль атқарады. Бүгінгі таңда этномәдени білімнің нәтижелі жүзеге асуы үшін ел тарихында қалыптасқан игілікті тәжірибелерді саралап, қорыту және оның даму үрдістерін айқындау – кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Еліміздегі этномәдени білім беру идеяларының, теориясы мен практикасының қалыптасуы жоғарғы оқу орындарында пән арқылы студенттердің этномәдени құндылықтарын қалыптастырудың негізінде жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы.
2. Сарыбекова Ж.Т. Қазақ халқының қыздарды тәрбиелеудегі дәстүрлі әдістері. – Тараз, 2009 ж.- 128 б.
3. Н. Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // докт. дисс. қолжазб. – Алматы, 2007.
4. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру концепциясы.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
6. Н.Ә. Назарбаев. «Ғасырлар тоғысында». – Алматы, 1996.
7. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана: Елорда, 2001. –230 б
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 260 б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бейсенова Б.Р.
*Алматы Университетінің
аға оқытушы*

Кілттік сөздер: Білім сапасы, әлеуметтік, саяси, экономика, болашақ маман

Аннотация

В этой статье затрагиваются вопросы нравственного воспитания студентов, где ведущим показателем нравственного учения является повышение качества образовательного процесса

Annotation

In this article, the moral education of students, the moral teaching of the importance of strengthening education.

Мамандар дайындау ісінің талапқа сай сапасын қамтамасыз ететін жоғарғы оқу орындағы оқу-тәрбие үрдісінің бағыттарына әр уақытта ерекше мән беріледі, өткені жоғарғы оқу орындарының басты міндеті мен мақсаты адам қасиеттері мол тұлға, болашақ мамандар даярлау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғарғы оқу орындарына қоғам тарапынан қатысатын талап та өзгереді. Жоғарғы оқу орының басты бағыттары ретінде кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық оқыту үрдістерін жетілдіру, алдыңғы қатарлы оқу тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстары арасындағы алшақтықты жою, адамзат өркениетінің мәдени және өнегелік деңгейінен хабары мол, ой-өрісі жоғары, кәсіби біліктілігі мол маман иелері даярлауды атауға болады.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық түбегейлі өзгерістер өз кезегінде, болашақ маман даярлауда жоғарғы мектептің алдына да жаңа міндеттер қойып отыр. Заман талабы өзгерген сайын жоғарғы оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан-2030» бағдарламасында жоғарғы білімнің сапалылығы, адамгершіліктігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық роліне ерекше мән берген болатын. Сондықтан Қазақстан Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, әлемдік ынтымақтастықтағы мемлекеттердің қатарына тұғыры биік тәуелсіз, өз саясаты мен даму стратегиясын қалыптастырған ел ретінде мүше болып енуі, дербес ел ретінде танылуы отандық білім берудің алдында жаңа міндеттер мен талаптар қойып отыр. Кез-

келген елдің білім берудің жүйесінің алдына қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен үл міндеттер тұрғаны белгілі. Өйткені білім беруді дамыту арқылы мемлекеттің өсіп-өркендеуіне жақсы жол ашылары сөзсіз. Білім берудің қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле жара қарауға болмайды.

Адамгершілік ұғымдарына түрлі бағыттағы философиялық теориялар және тұжырымдамалар шеңберінде талдау жасалынған. Философтардың ішінде алғаш рет

И. Кант адамгершілік ұғымына құрылымдық-функциональдық тұрғыда анықтама беруге талпыныс жасады. Канттың пікірінше мораль адамгершіліктің ең қарапайым көрінісі. Кант моральдық қасиеттері мол адам мінез-құлқын адамгершілік заңдылықтарға сай болып қана қоймай, тұлғаны адамгершілік негізде қалыптастыратындай ерекше мотивтерге сай болуы туралы айтты.

Гегель адамгершілікті әдеттер мен дағдылар ретінде бағалап, соның негізінде адам мінез-құлқы реттелетіндігін айтты. Гегельдің ойынша мораль адамгершілік турасындағы жалпы пікірлердің жиынтығы, мақсат идеал, қарым-қатынасты қамтитын субъективті-жеке дара мораль аймағы. Гегель мораль философиясына жүйелі түрде түсінік бере отырып, оның адам дамуына ықпал ететін механизмдерін қарастырады. Гегельдің пікірінше құқықтық және моральдық әрқайсысы жеке дара мәнге ие бола алмайды. Олардың түпкі мәнінде адамгершілік негіз бар. Адамгершілік-қоғамдық өмірдің желісі. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып, жаңа мазмұн алып отырды. Мораль адам мінез-құлқын реттеуші нормалардың жиынтығы. Мораль өте күрделі және берекелі емес қоғамдық құбылыс. Ол қоғамдық қатынастардың сан салалы жақтарын, адам мен табиғаттың өзара ықпалдастығын, адамның қоғамдағы, жеке өмірдегі әрекеттесуін бейнелейді.

Моральдық педагогикалық функциясы, оның көмегімен балалар әлеуметтік қарым-қатынастардың тұратын күрделі әлемді меңгере бастайды. Мораль арқылы рухани құндылықтарға бастайтын түрлі өзара қарым-қатынас түрлерінен бетпе-бет келіп, игереді.

Мораль жеке тұлғаға қатыста алғанда рухани әлеуметтік күш ретінде көрініс бере отырып, оның қоғамдық өмір жағдайларына сай бейімделуін, үстемдік етіп отырған нормалар мен мінез-құлық ережелері шеңберінде, деңгейінде әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сондықтан моральдық тәрбие, моральдық ағарту және іске тұрақты педагогикалық нәтиже бере алмайды, түпкілікті болмайды, адамға қоғамдық ықпал етудің ақиқатты мақсаты бола алмайды. Ол тек қана жеке тұлғаның ең басты қасиеті болып табылатын, оның ішкі жүйесіндегі рухани-адамгершілік бастаулардың пайда болып дамуына, қалыптасуына ықпал ететін кезең болып табылады.

Бүгінгі таңдағы философиялық ойлардың моральдық адамгершілікпен өзге мән туралы қалыптасқан екі түрлі көзқарас бар. Оның алғашқысында, мораль сананың бір түрі, ал адамгершілік-практиканың әрекет, қадамдар, әрекеттердің аймағы ретінде қарастырылады. Екінші көзқарас бойынша мораль қоғамдық пікірлер, топтық критерийлер, сыртқы бақылау мен талаптың қатаң орындалуын реттейтін әрекет формасы ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда адамгершілік-жеке тұлғаның адамгершілік екендігінің сферасы болып табылады. Мораль адамшылық пен гумандылықты идеалды, аяқталған формада бейнеленсе, ал адамгершілік оны тарихи нақты шара ретінде анықтайды.

Отандық философ ғалымдардың пікірлеріне талдау жасамас бұрын, халқымыздың сан ғасырлық рухани адамгершілік қағидаларын ой елегінен өткізіп көрейік. Ұлы түркі қағанаты дәуіріндегі Орғон Енисей ескерткіштеріндегі (VI – VIII ғ.ғ.) жазбаларда былай дейді: «Құлақ қойып тыңданыңдар, тереңнен ойланып, толғаныңыздар. Өлімнен ұят күшті. Адам ұлының бәрі де өлмес үшін туады». IX ғасырда өмір сүрген қорқыт бабамыз «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тоғылым алмаған ұл жаман. Мен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық» - деген екен.

Қожа Ахмет Иассаудің «Диуани хикметі», Жүсіп Баласағұндың « Құдатғу білігі (Құтты білік)», Махмут Қашқаридың «Дуани муға-ат түріндегі», АхметЖүйнекидің Хибатул хикаятын» «Ақиқат сыйы» Хорезмидің «Махаббат наласы» адамгершілік, парасат, имандылық өнегелерінің жинағы деп айтуға болады. Бұл өсиетнамалардың маңызы ғасырдан-ғасырға өрлейтіні ақиқат. Бұл рухани жәдігерліктердің адамгершілік мазмұны ұрпақ үшін өшпес мұра, бұл адамзаттың даму жолдары мен шежіресі жинақталған, адам әрекетінің барлық ауқымына әсер ететін адамзаттың тіршілік тәжірибесі, орасан зор рухани әлем.

Адамгершілік тақырыбы туралы айтқанда халықтың тәрбиеге тоқталмай кету мүмкін емес. Халықтық тәрбиенің қайнар көзі, халық педагогикасы мен дәстүрлерді адамгершілік мектебі деп пайымдауға толықтай негіздер бар. Өйткені халқымыздың рухани мектебі болып табылатын өткен даму шежіресін, салт-дәстүр, өсиетнама, мәдениеттің дәстүрлі түрлерін танып білу арқылы адам рухани бастаулардан нәр алып туған діні, тілі, жұртының өзіндік ерекшеліктерін аялап, сақтауға үйренеді. Халқымыздың даналық мектебі адамгершілікке тәрбиелеу мектебінің өзіндік шежіресі мол деп айтуымыз негізді. Халықтық адамгершілікке тәрбиелеу қағидалары адамзат баласының көптеген ұрпақтарын толғандырған. Ұлы педагогтар Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский халқымыздың біртура ғұламалары данагөйлері Ы. Алтынсарин, Ш.Уалиханов, А. Құнанбаев адамгершілік қағидалары мен ғақияларын дәріптеген.

Бұл үрдіс ұрпақ сабақтастығы ретінде бүгінде заңды жалғасын тауып, рухани дәстүрлерге қайта оралуға мән берілуде. Білім беру саласында халқымыздың руханилық дәстүрлерін кеңінен дамытып, өскелең ұрпақты рухани сезімдерінің биік болып, жалпыадамзаттық құндылықтардың бүгінгі таңдағы маңыздылығын түсінетіндей деңгейде тәрбиелеуге мән берілуде.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған

баулу дәстүрге айналған. Белгілі философ Н. Бердяев «Рухани-сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б. көрініс табады»-деп атап өткен. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылығы: оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік жанашырлық, әділеттілік, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген ішкі жан дүниесінің көрініс табуы деуге болады.

Болашақ маманның құндылық дүниесінің қалыптасуына ЖОО оқу тәрбие үрдісі әсер етеді. Рухани-адамгершілік құндылық идеяларының негізі-ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың жазба мұралары, ауыз әдебиеті т.б. арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырған. Болашақ мамандық иесін терең біліммен қаруландырумен қатар биік имандылық қасиеттерді бойына сіңіру және өздері өмір сүретін қоғамға сай етіп тәрбиелеу арқылы рухани құндылық дүниесін қалыптастыруға болады. Философиялық және әлеуметтік әдебиеттерде құндылық мәселесі 60 жылдардың басынан бастап талданады.

80 жылдардағы зерттеулерде құндылықтар мен қызығушылықтардың өзара әсері адамгершілік мәдениетінің жүйелілік элементтері ретінде қарастырылады.

Адамгершілікті дүниені рухани тұрғыда түсінудің әрекеттік әдісі ретінде қарастыру 70 жылдарда басталды, бұл кезде моральдың негізгі ретінде құндылықтарға мән беріледі. 80 жылдар моральдық сана мен іс-әрекеттің өзара қарым-қатынасы, мораль және мінез-құлық, моральдық сананың ішкі компоненттері болып табылатын-моральдық императив, мотив, жеке позициялардың диалектикалық бірлігі зерттеледі.

Мораль мен мінез-құлық арасындағы қарым-қатынастар моральдық мінез-құлықтың екі түрлі мәні болатынын көрсетті. Моральдық ұстаным өзінің негізгі ретінде түрлі мотивтерді арқау етуі мүмкін, сондықтан ол түрлі адамгершілік сапаларға ие болады.

Моральдық мінез-құлықтың өзіндік ерекше сипаты, онда моральдық мотивтердің болуында. Алайда, көптеген адамдардың шынайы іс-әрекеттерінде бірқатар мотивтер кездеседі, оның қатарында моральдық мотивтер арнайы орын алады. Моральдық мотивтер ретінде барлық мінез-құлық сипатын қарастыру керектігі туралы айтқан философтар бар. Ал педагогика ғылымы үшін адамның моральдық ұстанымдарға негізделген іс-әрекеттері аса маңызды.

Моральдық сананың ең түпкілікті өзегі қоғамның материалдық тұрмысы болғанымен оның қалыптасуы арқылы. Ол өзінің даму процесінде қоғамда үстемдік ететін өндірістік қатынастардың ықпалымен қатар қоғамдық сананың басқа да түрлерімен байланысқа түседі. Моральдық құбылыстар қоғам дамуының бүкіл тарихында қалыптастып, осы процесте үнемі жетіліп, өзгеріп жаңа мазмұнға ие болып отырады.

Мораль-қоғамдық сананың ерекше түрі. Ол қоғам тұрмысының әлеуметтік құрылымына байланысты адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалар жасап шығарады. Жеке адамды белгілі бір қоғамның моральдық мұраттарына сай қалыптастыру үшін, оны осы қоғамда қабылданған моральдық нормаға үйрету қажет.

Қоғам мүшелерінің рухани тіршілігінде моральдық көзқарастардың қалыптасып жетілуімен көп саналы, сондай-ақ құрылымы жағынан да арқилы процесс.

Психологтар адам бойында моральдық мінез-құлықтың психологиялық негіз болып табылатын айрықша қажеттілік-жеке адамгершілік қажеттіліктерге айрықша мән береді. Адамгершілік қажеттіліктер адам өмір сүру барысында қалыптасады. Оның басты ерекшелігі түрлі адамдардың санасы мен мінез-құлықтарында түрліше бағыттарда қалыптасуында. Рухани-адамгершілік қажеттіліктердің түрлі адамдардың санасы мен мінез-құлықтарына ықпал бірдей емес және тәрбиеге байланысы, соған тәуелді болып келеді. Моральдық әлеуметтік, табиғаты әлеуметтік болмыспен объективті қарым-қатынасына байланысты ерекшеленеді. Тәрбиенің сана мен мінез-құлықтың адамгершілік негіздерін қалыптастырудағы ролі шешуші сипатқа ие. Әрбір жеке тұлғаның өмір жолы басқалардан ерекше болғандықтан, моральдық тәжірибенің де мазмұны мен дамуы әр түрлі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қажеттіліктері оның психологиясында арнаулы бағдарланып, оның ерік жігеріне қозғау салады. Рухани-адамгершілік қасиеттіліктер ұғымына психологиялық құбылыстар шеңбері қоғамдық мүддеге қатысты мінез-құлық ерекшеліктерін айтуға болады.

Рухани-адамгершілік қажеттілікке адамның жеке дара санасы элементтерін жүзеге асыруға талпынысын, әлеуметтік топқа қатысты моральдық ұғымдары мен сезімдерін қалыптасуын айтуға болады. Кез-келген индивидің менгерген қоғамдық мораль элементі тұлғаның рухани-адамгершілік қажеттілігіне әсер етеді.

Жеке тұлғаның санымен белсенді ету және тұрақтандырудың көп қырлы аспектілер тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен практикасында маңызға ие болды. Психологиясының тұрақтылығы мінез-құлықтың біртұтастығы, жеке тұлғаның әрекеттерінің жетілуінің алғышарты болып табылады.

Адамгершілік қажеттіліктер моральдық мінез-құлыққа дағдылылар негізінде қалыптасады. Адамның адамгершілік санаға ғана негізделіп қоймайды, жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін де негізге алады, оның ішінде руда белсенділік көрсетуге, тұлғалық адамгершілік тазалыққа, адалдық, принципшілдік, жауапкершілік, шыншылдық, гумандық қасиеттерге, қоғам мен ұжым көзқарасын түсіне білу дағдысына, халықтың қолы жеткен жетістіктеріне аялы көзқарасқа терең адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу, әр студентте патриоттық және сезімдерді дамыту, болашақ мұғалімде халық алдындағы өзінің парызын сезінуін, жаңа адамда оқыту мен тәрбиелеуде жауапкершілігін қалыптастыру

Болашақ мұғалімде моральдық сананы дамыту күрделі процесс ол кездескен қарама-қарсылықты жоюмен, ана ұрпақталу адамгершілік тәжірибесін менгеріп, ұнамды адамгершілік дәстүрлі менгерумен сипатталар.

Оқушыларға адамгершілік тәрбие беруде педагогикалық пәндер үрдіс оқыту маңызды. Осы пәндер мазмұны арқылы оқушылардың моральдық нормалар бағдарын бекітуге болады.

Оқушыларға адамгершілік бағыттағы ағарту шараларын ұйымдастыру, түрлі практикалық іс-әрекеттер бұл мақсатты жүзеге асыруға ықпал етеді. «Адамгершілік қабілеттер» ұғымына жеке тұлғаның биологиялық ерекшеліктеріне тәуелді. Биологиялық ерекшеліктің жеке тұлғаның мінез-құлқына әсерін бағалау индивид психологиясының жүйелі сипатын ескермей мүмкін емес.

Ешқандай адамгершілік сапа индивидтің биологиялық шартты ерекшелігі немесе туа пайда болмайды. Тәрбиеде тәрбиелік ықпал ету объектісінің табиғи ерекшеліктері мен спецификасын ескеру маңызды, сонымен қатар жеке тұлғаның адамгершілік сансын қалыптастыруға субъектілік ықпал ету маңызды.

Тәрбиелеуде тұлғаның тұрақты психологиялық қасиеттерін ескеру маңызды. Жеке адамның оның дамуының түрлі кезеңдеріне арналған тәрбие шараларының болуы аса маңызды.

Моральдық құбылыстар қоғам дамуының бүкіл тарихында қалыптасып, осы процесте үнемі жіктеліп, өзгеріп, жаңа мазмұнға бөленіп отырады. Моральдық сананың даму заңдылықтары қоғамның әлеуметтік құрылымына байланысты. Жалпы адамзаттың мораль әлеуметтік даму сатысының нақтылы дәрежесінде қоғамға қызмет етеді. Әлеуметтік тұрмыстың туындысы бола тұра мораль осы қоғам құрылымындағы адамдар санасына әсерін тигізеді. Бұл әсер өздігінен бола алмайды. Оны жүзеге асыру үшін әлеуметтік болмыстың әр саласында еңбек ететін немесе тәрбиеленетін адамдар қоғамдық мораль туралы жүйелі білім алулары қажет. Бұл міндет оқу-тәрбие жүйесі арқылы іске асырылады. Жоғарғы оқу орындарында педагогикалық оқыту үрдісінде оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру де жүйелі жоспарлы тәлім бұлағы бола алады. Бұл жағдайда оқытушылар қауымы жетекші орын алады.

Жас ұрпаққа моральдық тәрбие берудің маңыздылығына байланысты болашақ мұғалімдерге кәсіптік мораль туралы білім беру жоғарғы оқу орындарында педагог кадрларды даярлаудағы басты міндеттердің бірі. Осыған орай жалпы білім беретін мектептердегі шешуші, басты тұлға мұғалімнің моральдық даярлығы мен мәдениеті қазіргі кезеңде қандай дәрежеде болу керектігін талдау педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Бүгінгі студент болашақ мұғалімдердің білімі, кәсіби шеберлігі, жеке бастарының рухани және моральдық бейнесі болашақ ұрпақтардың жан-жақты дамуына тікелей әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Қалиев С. «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы» А, Рауан, 1994.
2. Духовно-нравственное воспитание основы нравственного студента в условиях учебного процесса вуза. Учебно-методическое пособие. Караганда, 2005. С.114.
3. Проблемы духовно-нравственного воспитания в современном обществе. Международная научная конференция «Наука и образование-ведущий фактор стратегии «Казакстан-2030».-Караганда, 27-29 июля 2006.- С.477-479.

ҮШІНШІ СЕКЦИЯ

ТРЕТЬЯ СЕКЦИЯ

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ МӘНЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

ЭТНИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ».

ЖАҢА ДАСУ ДӘУІРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИЕТТІҢ БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Серғазы Қалиұлы
Қазақстан Педагогика ғылымдар
академиясының академигі
педагогика ғылымдарының докторы
профессор

Кілтті сөздер: Мәдени даму, ұлттық мәдениет, ұлтаралық қарым-қатынас, қазақстандық патриотизм, ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбие, отбасылық тәрбие, еске алу тағылымы.

Аннотация

В статье автором затронуты проблемы этнокультурного образования в современном обществе, тенденции ее развития на всех этапах становления государственности в условиях глобализации

Annotation

In the article the author touched upon the problems of ethnic culture in the modern society and development trends in all stages of statehood in the context of globalization

Бүгінде біз әлемдік мәдениеттің кіріккен жаһандасу дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Жаһандасу дәуірі – ғылыми-техникалық прогрестің ғарыштап өркен жаюы, ұлттық мәдениеттің дамып өркендеуі, нарықтың жағдайындағы мәдени-экономикалық дамуы мен өзара жақындасып кірігу процесін бастан кешіріп отырған кезеңіне дөп келіп отыр.

Мәдени даму, кірігу ұлттық мәдениеттің жақындасуын, ұлтаралық қарым-қатынастың күшеюін туғызатыны, ал оның ұлтаралық қарым-қатынас құралы тілдік мәдениеттен де көрініс табатыны ақиқат.

Бүгінгі халықаралық мәдени қарым-қатынастың тілдегі көрінісін халықаралық ғылыми терминдердің күн санап көбеюімен және оның әдеби тіліміздің қорына көптеп енуінен байқауға болады. Мәселен, соңғы 15–20 жыл ішінде нарық жағдайына, экономикалық қарым-қатынасқа байланысты басқа тілдерден қазақ тіліне ене бастаған департамент, президент, инвестиция, интернет, кредит, курс, кризис, акция, спонсор, бизнес, сертификат, менеджер, банкир, олигарх, параметр, парадигма, сайд, символ, технология, операция т.б. ондаған терминдермен тіліміз қорланып, байы түсті.

«Тіл сананың сыртқа шыққан көрінісі» деп қарайтын болсақ, әдеби-ғылыми терминдердің молаюы, біздің ұлттық ойлау жүйеміздің көкжиегін де кеңейте түсетіні даусыз.

Оның басты себебі Қазақстан азаматтарының сауда-саттықпен – Еуропа, Азия, Африка құрлықтарына күн өткен сайын ағылып баруы, студент жастар мен жоғары сынып оқушыларының «Болашақ» бағдарламасы бойынша алыс жақын шетелдерде оқу оқып, білім алуы немесе шетел жастарының мәдени-туристік саяхаттармен біздің елге келуі де мәдени-тілдік байланысты күшейтуге оң ықпалын тигізуде.

Қазақстан үкіметі 2000 жылы бекіткен «Білім туралы» заңының 4-бабында қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – халықаралық қатынас тілі деп атап көрсетілген болса, бүгінде әлем халықтарымен мәдени-экономикалық байланысқа түсу, ақпараттық білім кеңістігіне шығуымен байланысты ағылшын тілін меңгеру өмір қажеттігіне айналып отыр. Көп тіл білу бүгінгі жастарға әлем кеңістігіне шығуға, мәдениет көкжиегін кеңейтуге кепілдік болатын мандат бола бастады.

Әлем халықтары мәдениетінің алтын қоры – ұлттық мәдениеттің озық үлгілер жиынтығынан тұрады.

Жаһандасу дегеніміз әр ұлт өкілдерінің ұлт мәдениетінің озық үлгілерін бойына сіңіріп, берік сақтай отырып, оны әлемдік мәдениет қорына өзімен бірге ала барып кірігу процесін бастан кешіру деп түсінуге тура келеді.

Әр ұлттың алдыңғы қатарлы өкілдері әуелі өз ұлтының рухани байлығын бойына жинап, меңгеріп алып барып, әлем мәдениетінің алтын қорын игеруге кіріседі. Мәселен қазақтың ойшыл оқымысты ұлдары Шоқан, Ыбырай, Абайлар әуелі қазақ-шығыс мәдениетін еркін меңгеріп, мол сусындағаннан кейін орыс, батыс мәдениетін меңгерген.

Ұлттық патриотизмнің өсіп, өркендеу процесі біртіндеп интернационализм идеясымен ұштасатыны да тарихи шындық. Мәселен, Ш.Уәлиханов өзінің орыс достарына жазған бір хатында «менің патриоттық сезімім орыс халқының матронюшкасы сияқты» дей келіп, егер көшеде орыс пен қазақ төбелесіп жатса мен қазаққа болысқан болар едім, ал орыс пен француз төбелесіп жатса орысқа болысамын деп өзінің интернационалдық сезімін ұлттық патриотизммен байланыстыра баяндаған.

Заманымыздың заңғар ғұлама ғалымы М.О.Әуезов бұдан 50 жыл бұрын Ташкентте өткен Азия, Африка, Еуропа, Латын Америкасы елдері мәдениет қайраткерлерінің халықаралық конференциясында сөйлеген сөзінде «Әлемдік мәдениетке әр халық өзінше үлес қосады. Мысалы әлем мәдениетіне француздар сұлу сурет өнерімен, италияндықтар әсем сазды музыкасымен, Египеттіктер пирамидасымен, қытайлықтар фарфор ыдыс-аяқтарымен үлес қосса, қазақ халқы бай көркем мұра томдық ауыз әдебиетімен үлес қосты» деген болатын.

Жаһандасу дәуіріндегі озық идеялы этностық (ұлттық) мәдениеттің дамуына жеке тұлғалардың қосар үлесі зор.

Мысалы, Галилей, Коперник, Дарвин, Королев, Сахарев, Луй Пастер, С.П.Боткин, Ибн Сина, Науаи, Пушкин, Толстой, Моцарт, Чайковский, Глинка, Леонардо да Винчи, Абай, Шоқан, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Хемингуэй, Ш.Айтматов, Р.Гамзатов т.б. ғылым мен мәдениетте жаңа өрлеу туғызған ұлы тұлғалар. Олар тапқан жаңалықтар мен мәдени құндылықтар әлем халықтарының бәріне ортақ мұра. Ал олардың шыққан табы, ұлты мен нәсілі, дүниеге көзқарасы әр түрлі. Олай болса, әлемдік мәдениеттің алтын әр этнос өкілдері өз үлестерін қоса алады. Олар жасаған ұлттық мәдениет үлгілері әлемдік өркениеттің алтын қорын байытып, молықтыра түседі екен.

Этностар мәдениетін дамытуда белгілі мөлшерде діннің рөлі. Мәселен, христиан, будда, мұсылман, иудей діндерінің бәрінде де ізгілік, имандылық, әділдік, адалдық марапатталады. Барлық діннің негізгі қағидасы қоғам мүшелерінің бір-бірін сыйлауы, тату-тәтті, бейбіт өмір сүруі ұлт араздығын тудырмау, қантөгісті болдырмау, гуманистік идеяны уағыздау. Оны христиан дінінің өкілі Л.Н.Толстой мен мұсылман дінінің өкілі Ш.Құдайбердіұлының гуманистік идеяларының үндестігінен байқауға болады. Л.Н.Толстой «Ізгілік жауыздықты ауыздықтай алады» – деп қарап, кавказдық мұсылман халқының өкілі Хаджимұратты өз шығармасының жағымды басты кейіпкері етіп алып сипаттаса, Шәкерім «Толстойша» деген өлеңінде:

Молдалар өзгелерді кәпір дейді,
Өзі надан, наныңыз түк білмейді.
Өзімшілдік көкейін тескен сорлы,
Аузына келгенін айтып, жанын жейді.

Білсе олар Салтыков пен Толстойын,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алып,
Қазақтың бөлер еді нұрға бойын» –

дей келіп, Пушкиннің Дубровский повесін өлеңмен қазақ тіліне аударып жастарға үлгі етіп ұсынады.

Ал ұлы Абай, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Гете, Байрон, Шиллер шығармаларын қазақшаға аударып, шынайы демократияларын үйрену арқылы дүниенің тетігін меңгерсең деп жастарды орыс тілі мен мәдениетін игеруге шақыруы «Қай тілді біліп, қай ғылымды меңгерсең де мұсылмандыққа жат емес» – деп қарайтын құран сүресімен үндесіп жатыр.

Бүгінгі әлемде жиі ұшырасатын ұлтаралық, дінаралық алақөздіктерді болдырмаудың, қазақстандық ұлт достығын күшейтудің жолы осы елді мекендеуші барлық ұлттардың салт-дәстүрлері мен ұлттық мәдениет үлгілерін кең түрде насихаттау болып саналады.

Ол үшін әрбір елді мекендерде, қалада да, далада да әр ұлт өкілдерінің үйлену тойларын, ән-күй фестивальдарын, ұлттық ойындарын жиі марапаттап отыруды дәстүрге айналдыру керек.

Көгілдір экраннан соңғы кезде бір көрініп жоқ болған «Отандастар» атты бағдарламаны қайта жандандырып, оның мазмұнын байыта түсу қажет.

Сол сияқты 2000 жылы Қазақ ұлттық білім академиясының бастауымен шығарылған «Халық қапысыз – тәрбиеші» атты жинақты қайта жаңғыртып, Қазақстанда тіршілік етіп, ұрпақ тәрбиелеп жатқан 120 ұлт өкілдерінің отбасы тәрбиесінің түрлі-түсті альбомды жинағын шығарса дұрыс болар еді. Бұл мәселеге педагог-ғалымдар мен ұлттық мәдени орталық қызметкерлерін тарта отырып, газет-журналдарда, көгілдір экранда ұлттық тәрбиенің озық үлгілерін насихаттауды үнемі ұмытпағаны абзал.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әр жылдардағы Қазақстан еңбекшілеріне жолдаған жолдауында басты назар аударып отырған мәселенің бірі – көне мәдени мұраларды жинау, қорландыру, айналымға ендіру, сол арқылы жастарды ұлттық рухта елжандылыққа тәрбиелеу болып отыр. Бұл мәселені шешуде де Қазақстан ұлттық ғылым академиясының философия және саясаттану, әдебиет және өнер, шығыстану институттары мен Қазақстан ұлттық білім академиясының, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті ғалымдарының елеулі істер атқарып жатқанын атауға тура келеді.

Соның бірі Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті педагогика кафедрасы ғалымдарының (проф.С.Қалиевтің басшылығымен) Қазақтың тәлімдік ойлар Антологиясының 30 ғасырлық көп томдығын шығару ісімен айналысып келе жатқаны деуге болады. 2004-2010 ж.ж. Антологияның қазақша 10 томы шықты. 2012 және 2014 ж.ж. он томдықтың қысқарған 2 томдығының орысша нұсқасы «Сөздік-словарь» баспасынан жарық көрді.

Көп томдық Антологиясын шығаруда көзделетін мақсат – біріншіден, ежелгі түркі-қазақ дәуірінен бергі тәлімдік ойлардың даму тарихынан жүйелі мағлұмат беру болса, екіншіден, тәлім тарихын кешегі Кеңестік партиялық-таптық идеологиядан арылтып, ұрпақ тәрбиесінің бігінгі шынайы гуманистік-демократиялық жүйесін қайта түзу. Үшіншіден – алабақша тәрбиешілерімен мектеп мұғалімдеріне, студент, магистранттар мен ғылыми ізденушілерге, тәлімгер-ғалымдар мен жалпы ұлттық тәлім тарихына қызығушылық танытушы оқырмандарға ұлттық тәлім тарихынан мағлұматтар кешенін жасай отырып, оны зерттеушілерге дереккөз ретінде ұсыну.

Көп томдық тәлімдік ойлар Антологиясының материалдарын арнаулы орта және жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары мен мектеп мұғалімдері жастарды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеудің пәрменді құралы ретінде пайдалануы керек. Ол әрі тәрбиенің, әрі білім берудің қайнар бұлағы болып табылады.

Бүгіндегі жаһандасу дәуірінде ұлт мәдениетін әлемдік өркениет үлгілерімен ұштастыра меңгерту арқылы ғана жастарды жан-жақты жетілген, білімді де мәдениетті, шынайы ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге болады.

ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

Төлеубекова Р.К.

*педагогика ғылымдарының докторы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ профессоры
Астана қ.*

Кілт сөздер: Ұлы дала ұрпақтары, ұлттық тәрбие, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы, интегративті пән енгізу, «Қазақ елі» пәні.

Аннотация

В данной статье проводится всесторонний анализ роли национального воспитания, а также проблемы национальных ценностей в реализации программы «Мәңгілік ел» стратегии главы государства «Казakhstan-2050».

Annotation

This paper conducts a comprehensive analysis of the role of national upbringing, as well as issues of national values in the program "Mangilik yel" of the "Kazakhstan-2050" President's strategy.

Қазақстан Республикасының Конституциясының мерейтойында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқымыздың өршіл рухы мен ұлттық келбетін ешқашан жоғалтқан еместігіне айрықша мән бергені белгілі.

Азаттықтың бастау кезеңінде «Болашақ» бағдарламасымен он мыңнан астам өнерлі де интеллектуалы басым жастар шетелдің ең беделді университеттерінен білім алып, өздерінің алған ғылыми-біліми әлеуетін аса бір ыждаһатпен еліне қызмет етуімен оқшауланып келетініне де тоқталып өтті. Зияткерлік мектептер мен жоғары оқу орындары ашылғаны да, «Мәдени мұра» бағдарламасымен қазақ елінің «Мәңгілік ел» шыңына жетуіне темірқазық болар ата-бабаларымыздың асыл мұрасы да жинақталып, ұрпақ тәрбиесіне ұсынылғаны жайлы тұғырлы баға берілді.

Қазақстанның Еуроодақ, Америка, Ислам елдерімен қарым-қатынасының жаңғырығуы, әлем елдерімен арадағы сенімді орнықтыруға барымен күш салғаны, еліміздің кейінгі ұрпақ үшін мәңгілік болуы тек ұлттық тәрбиенің қарымы, оның іргетасы екені сөзсіз. «Бәріміздің киелі атамекеміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы» - деген Елбасымыздың жаңа форматтағы ұлттық тәрбиенің дінгегі, ол – өз Отанына пайда әкелетін, бар рухани құндылықтарды сақтап, оны еселей алатын тұлғалар. Қазақ хандығына дейінгі дәуірлердегі сақ, ғұн, оғыз, сәнби, жужан, қыпшақ секілді алты алаш кезіндегі ерлік, батырлық, батылдық, сақтық сияқты асыл қасиеттер бүгінгіге де пайдалы.

Үйсін мемлекеттеріндегі, Ұлы түрік қағандығы (Бограхан, Жүсіп Баласағұн тұсы), Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің ұлттық тәрбиеге қызмет етер тіректік желілері – Қазақстандық патриотизмге өзек болады.

«Ұлы Дала елі» атауы біздің ұлттық болмысымызды айқындап, идеологиялық бағытты мемлекеттік ұстанымға сәйкестендіріп, ұлттық тәрбие құрылымын жаңа Қазақстан кеңістігіне бейімдеу бүгінгі күннің өткір де көкейкесті мәселесі болып отыр. Сондықтан өркениетті елдер қатарына қосылу мақсатына қол жеткізудің бір тізгіні – өскелең ұрпақ өзінің төл тарихын біліп, оның баға жетпес тұстарынан үлгі-өнеге алар тұжырымдарын бүгінгі тұрмысқа жарату.

Н.Ә. Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының Саммитінде әлемдік мінбеден қазақша сөйлеуі – барлық ұрпағымыз үшін де ұлттық тәрбиенің үлгісі бола алады. «Ұлы Дала» идеясын ұлттық мүддеге, тәрбиеге қолданудың бірден-бір мүмкіндігі қандай жағдайда болмасын көкейкесті мәселені дөп табумен, оны шешудің дұрыс амалын саралаумен тығыз байланысты.

Қазіргі кезеңде қазақстанда білім, тәрбие беру саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі жастарды жаһандық өркениеттілік мемлекетте өмір сүре білуге дайын ерікті азаматтарды құндылығы жоғары адамгершілік мақсатқа бағыттап тәрбиелеу.

Осы тұрғыдан келгенде Елбасының «Мен Сіздерге - жаңа буын қазақстандықтарға сенім артам. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер, тәуелсіз қазақ еліне тынбай еңбек етіп еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосу абыройлы іс деп білемін» деп жастарға үлкен аманат жүктегені белгілі. (1)

Бүгінгі таңда қазақ ұлты үшін құндылықтар өресі кеңейген шақта рухани байлықты бойына сіңіру, білімді жан-жақты тереңдетіп әлемдік технологияны меңгеру жастарды ұлттық идея аясында тәрбиелеу. Ол үшін біріншіден, жастардың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен диалектикалық тұтастықта қарастыру, екіншіден, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтай білуге, үшіншіден, жастарға білім, тәрбие беру барысында, бір жағынан өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруға, екінші жағынан, өз елінің этномәдени тарихын терең білуге көңіл аудару қажеттігін баса назар аудару мәселесі өзектеніп түсуде.

Демек, бүгін жастардың бойында өз ұлтының ұлттық тәрбесін жандандыру арқылы оның интеллектуалды және рухани шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамыту. Қоғамның барлық саласында еркін еңбек ете алатын тұлғаны тәрбиелеу деген сөз. Мұндай мақсаттың орындалуы жоғарғы оқу орнының білім беру мазмұнына қазақ елінің тарихын, мәдениетін, сал-дәстүрінен мағлұмат беретін интегративті пән енгізу мәселесінен байланысты болып тұр.

Өткеннің тәжірибесін адамның төл бойына дарыту, оны оқып білу өнегелі рухани дәстүрді жалғастыру, ұрпақтар сабақтастығының тарихи үрдісі. Бұл үрдісті жалғастыру ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға, тәлім-тәрбиеге байланысты.

Тәлім-тәрбие деген адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатыр. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамгершілікке баулу. Ал адам болудың жолы әр халықтың, ұлттың дәстүріне салтында адам болу жолдары үлкенді сыйлаумен, тыңдаумен, ата-баба жолын қуумен, ар-намысты, ұлтты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке, адамгершілікке ұмтылумен анықталады.

Мәңгілік ел тарихы ол халық ауыз әдебиеті, этнографиялық материалдары, халықтық тәрбиесі, дәстүрлері, ойындары отбасы тәрбиесінің жүйесінен құрылады. Киелі керемет дәстүрлері арқылы ғана әр бір ұлт өзінің ұлттық бояуы мен өзінің болашақ ұрпағының төл келбетін қалыптастырады. Ұлттық рухымыздағы дәстүр ол жастарды өз елінің патриоты етіп тәрбиелеуге негіз болмақ.

Осы орайда ұлы ойшылдардың жалпы тәрбие жөніндегі идеялары, ой-пікірлері «Мәңгілік ел» тарихында одан әрі дамытылып, әр халықтың тәуелсіздік жолындағы рухани күзіретті күшіне айналмақ. Мәселен, Әл-Фарабидің трактаттарында адамзаттың игілікке, бақытқа, шаттық өмірге жету жолындағы ең негізгі компоненттер деп экономиканы, саясатты, мемлекеттік құрылысты, отбасы мен тәрбиені атаған. Ден қойып қарайтын болсақ ұлы ғұламаның сол кездегі идеясы бүгінгі жаңа ғасыр талаптарымен үндесіп жатқанын көреміз. Оның «Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелмен берекеге

толады» (2) деген қағида да бүгін өте көкейкесті.

Баласағұнның «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол билікті болады» (3) дегені де бүгінгі күннің талабымен Елбасының стратегиялық бағытта айтылған ойларының өзектілігін байқатады.

Ғұлама ойдың иесі Абай адам тәрбиесінің ең өзекті мәселелерін өзінің шығармаларына арқау еткен. Мәселен, «баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» болатынын ескертіп жас ұрпақ бойына парасатты қасиеттерді тәрбиелеуге болатынын «Мен егер заң қуаты қолымда бар болса, адам мінезін түзеп болмайтын деген кісінің тілін кесер едім» (4) - деген оймен тәрбиеге зор сенім артады. Бүгінгі жаһандану заманында да қазақ елінің тұғыры биік болу оның тәрбиесіне байланысты болатындығында болса, екіншіден, ұлы ойшылдардың жалпы тәрбие жөніндегі идеялары, ой-пікірлері жаңа қоғамдық тарихи жағдайларда одан әрі дамытылып, әр халықтың тәуелсіздік жолындағы күресте рухани, құдіретті күшке айналып отыруы қажет деп ойлаймыз.

Бүгінгі күнде жастар әлеуметтік өзгерістердің субъектісі ретінде қоғам дамуының үлкен күші, тетігі деп қарастырсақ. Онда оның бойында сол тетікті жүзеге асыра алатын, ұлттық сана-сезімдері жоғары, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғай алатын, ұлттық құндылықты қадірлей білетін жоғары деңгейдегі әмбебап кіріктірілген білімдері болу керек. Әмбебап білім ол «Қазақ елі» пәні арқылы ғана жүзеге асырыла алады. Бұндай білім Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университет тәжірибесінде «Ұлттық тәрбие» пәні арқылы жүзеге асырылуда. Бұл университеттің ректоры С.Ж.Піралиев мырзаның идеясымен оқу үдерісіне енгізілген пән Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы бағдарламасын жүзеге асырудың бастамасы деп есептеу керек.

«Ұлттық тәрбие» пәні студенттерге, болашақ мамандарға не берді десек? Онда мынадай мәселелерді ерекше ойшықтап көрсетуге болады.

1. Ұлттық тәрбие адам тәрбиесі жайындағы ғылым болғандықтан, жастарды этно-әлеуметтік мәдени тұрғыда өмірге және еңбекке даярлауға, оларға тарихи, ата-баба тәжірибелерін үйренуге көмектеседі. Рухани мұрасын меңгеруге, оны өмірлік тәжірибесінде қолдана алуға бейімдейді. рухани мұрасын меңгеруге, оны өмірлік тәжірибесінде қолдана алуға бейімдейді.

2. Ұлттық тәрбие ол белсенді іс-әрекет барысында тұлғаның тілдік қарым-қатынас ортасын құруға мүмкіндік берді.

3. Ұлттық тәрбие өз ұлтының тарихын, салт-дәстүрлерін, мәдениетін, ата-бабалардың рухани мұрасын меңгеруге, оны өмірлік тәжірибесінде қолдана алуға бейімдейді.

4. Жастар бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру жүйелікті қажет етеді. Өйткені, адамзат қоғамының дамуы әр түрлі кезеңдердің арасындағы байланыстың үздіксіз жүретін мәнін ғылыми ұғынуға мүмкіндік туғызды.

5. Халықтың мәдени-тарихи құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына септігін тигізеді және оның өзегі болады.

6. Қоғам – адам – жеке тұлға байланысын ұлттық идеяға негіздей отырып жалпыадамзаттық құндылықпен сабақтастықты жүйелі түрде іске асыруға ықпал етуге көмектесті.

7. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан «ұлттық тәрбие» пәні көпмәдениетті ортаға бейімделуге, өзіндік ұлттық бет-бейнесін анықтауға мүмкіндік берді. Міне бұл айтылғандардың бәрі мен кімнің, болашақтың тірегі бола аламын ба? деген сұрақтарға жауап бере алады. Сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық сананың бүкіләлемдік санамен сабақтасуына ықпалын тигізе отырып, жалпыадамзаттық мәдениеттің негізгі құрамды бөлігі ретінде, тұлғаның қазіргі заман мәдениетіне араласатын субъект болуына көмектеседі.

Мәдениет әлемі адамның күшімен құрылған, оның құндылықтары адам баласының ғасырлар қойнауында жинақталған бағалы тәжірибесімен сипатталады. Мәдениет әлемінің құндылықтары мен бағалы тәжірибелері барысында жеке тұлғаның бітім-болмысында, кісілік келбетінде ой-сана, мінез-құлық, білім, әдет-дағды ойлау логикасы біртіндеп қалыптасады, белгілі бір жүйеге айналады. Бұның бәрі түптеп келгенде адамның әлеуметтік дамуы оның жаңа қоғамды, дүниені танып біліуінің өсуі, өзі туып өскен ортасының, мәдениетінің жемісі және өзінің болашағын жаңадан жасаушы тұлға ретінде сол ұлттың жан дүниесін ұлттық тәрбие негізінде қазақ тілінің дамуымен шешіледі. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол қоғамның, әр мемлекеттің, әр ұлттың мәдениеттің тетігі. Сонымен қатар, тіл – ұлттың бірегейліктің негізі, әрбір халықтың өзіне тән дін дүниетанымы, мәдениеті, рухани қазынасы тіл арқылы сақталып дамиды. Қазақ тілінің толық өркен жаюы үшін осы тілде сөйлейтін ұлттық ортаны қалыптастырып, онда ана тілінде таза, қоспасыз ойлай білетін, сөйлей білетін, жаза білетін ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл аудару керек. Оның уақыты туды. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші – баласына бесік жырын айтпаған анадан, екінші – немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшінші – бір-бірімен қазақша сөйлемеген қазақтардан» - деген екен. Сондықтан ана тілінде таза сөйлеу қазақтың дастархан басындағы әңгімесі болуы қажет. Осы орайда академик Есім Ғарифолла отбасындағы дастарқан үстіндегі «әке – бала – немере» арасындағы қазақи әңгіме, сұхбат жасау қажеттігін қазақ елі, мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың бір тетігі болуы керек деген идеяны ұсынуда. Бұл өте орынды. Өйткені әкенің ұрпағына берері, үлгі-өнеге болуы, оны өзінің ұрпағы пір тұтуы қажет. Қазіргі күнде әкенің рөлі төмендеп кетті. «Әке балаға сыншы» деген мақалдың философиялық терең мәнін жандандыру керек. Әке өмірге ұрпақ әкелген соң, соның өсіп-өніп өз елінің патриот азаматы болуына өз үлесін қосу ол әкелік парыз. Осы ретте «парыз» деген ұғымның мағынасы да еленбей жатыр.

«Ел боламын десең, бесігіңді жөнде» деген М.Әуезовтың даналық сөзін жүзеге асыратын кезеңнің

келгенінің көрінісі. «Қазақ елі» пәні аясында тарихи, философия, әдебиет, мәдениет, дін, ұлттық тәрбие кіріктірілген білімдер жүйесі құрылуы керек, өйткені қазақ елін біріктіретін, дамытатын оның символдары жоғарыда біз айтқан ұғымдар бола алады. Сонымен қатар қазақ елінің өсу траекториясын да осы ұғымдар анықтайды.

Сонымен түптеп келгенде ұлттық мақсат, ұлттық діл, ұлттық тіл, ұлттық идея, ұлттық рух, ұлттық келбет мәселелерін жастардың білім тәрбие үрдісіне енгізу «Мәңгілік ел» идеясының механизмі болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Стратегия-2050 «Мәңгілік ел» 2014 ж. 14 ақпан.
2. Әл-Фараби Әлеуметтік-этникалық трактаты А., Наука 1973 ж.
3. Баласағұн Ж: Құтты білік. Алматы, 1986 ж.
4. Абай шығармалары. Алматы, 1994 ж.
5. Пірәлиев С.Ж. «Қазақ елі» жобасы – жаңа ірәлиев С.Ж. «Қазақ елі» жобасы – жаңа заман талабы «Тұжырымдамасының жобасы. Алматы, 2013ж.

МӘҢГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҰЛТ ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Қуандық А.Қ.

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің
басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің
біліктілігін арттыратын республикалық институты*

Кілт сөздер: Мәңгілік Ел, ұлт, тіл, ұлттық тіл, ұлттық рух, тәуелсіздік, ұлттық мақтаныш, халық, ар мен парыз, тәртіп пен ерлік

Аннотация

В этой статье рассматриваются вопросы сохранения и пропаганда духовных ценностей основной идеи «Мәңгілік ел»

Annotation

In this article, the main questions of preservation and Propaganda of national values of "eternal"

«Тәуелсіздікке қол жеткізу қаншалықты қиын болса, оны ұстап тұру одан бетер қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек», - деген Елбасы Жолдауында айтылған сөздер әрбір саналы азаматтың жаны мен санасына ой беретіні сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол мемлекеттік тіл - қазақ тілі! Әр қазақ үшін Ана тілі бәрінен де жоғары тұруы тиіс. Өйткені, Біз – қазақ деген халықтың перзентіміз. Елге деген құрмет, өз Отаныңа деген сүйіспеншілік – алдымен өз ана тіліңмен қалыптасатынын білген жөн.

Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю - оған жақсылық жасау. Ендеше отаншылдық - сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық, ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.

Отансүйгіштік сезім әр адамды өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шұқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Шынында талай зобалаң кезенді бастан кешірген қазақ жері "Найзаның ұшымен, білектің күшімен" өз жер көлемін сақтап қалған. Бұрын-соңды даму үрдісінде отансүйгіштік ұғымы бізде, негізінен, біртекті халықтың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыруға қызмет етіп келгені белгілі.

Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсысы бүгінгідей (кеңес дәуіріндегі және қазіргі күндергідей) жүйелі отансүйгіштікке тәрбиелеудің жүйесіне салынбаған. Бірақ елін, жерін, Отанын қорғауда жан-тәнін аяп қалмаған. Осындай көптеген тарихи тәжірибелерден, сол кездегі отбасы тәрбиесіндегі

отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына ата-ана, ауыл аймағының ықпалының күшті болғанын көреміз. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында отансүйгіштік сезімнің қалыптасуына отбасындағы тәрбиенің ықпалын елемей қоюға болмайды.

Б.Момышұлы өзінің "Соғыс психологиясы" еңбегінде ұрыста адамға тән барлық жоғарғы және төменгі сезімдерді барынша ашып көрсетеді. «Жоғарғы сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б. Төменгі сезімдер: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, т.б. Әрбір адам өз Отанына деген мақтаныш сезімі, өз ұлтын терең сүйю арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс», - деген сөздер өз маңыздылығын ешқашан жоймайды. Себебі, бұл сезімдер адам санасынан жоғары не төмен тұратыны, нақты жағдаяттарда көрініс табады. Соғыс - дүниедегі ең сұрапыл, адамзатқа қасірет алып келетін жауыздық. Дүниежүзі адамдарының сын сағатта барлық қадір-қасиетінің, бойына сіңген тәрбие, сезімдерінің сыналатын кезі. Сол үшін де батыр бабамыз отансүйгіштік сезімнің бастауы, қайнар көзі отбасынан басталатынын дәп басып айтқан. Бұл сезім ешқашан сырттан, аяқ астынан пайда болмайды, ол ең алдымен анаға, әкеге, бауырларына, яғни, отбасына, туған жеріне, еліне, қоршаған ортасына деген сезімнен басталады. Бірақ бұл сезімнің қаншалықты растығы, жалғандығы нақты жағдаятта, іс-әрекетте өз көрінісін береді. Бұл көріністер қазақ халқының ауыз әдебиетінде мақал-мәтел, нақыл сөздерде, жыр, жырауларда, аңыздарда өз орындарын тапқан. Дәл осындай жырлармен, дастандармен, ата-баба өсиетімен өскен қазақтың ұл-қыздарынан батырлар да, ақын-жыраудар да шыққан. Олар тек қана елін, жерін қорғаған батыр немесе мақтаған ақын-жыраулар болған жоқ, олар өз бойларына барлық адамның асыл қасиеттерін жинаған, есімі ел аузында қалатын тұлғаларға айналған.

Мәңгілік елдің тұғыры биік, абыройы асқақ болу үшін, оның ұлттық рухы мен санасы, тілі берік болу қажет! Ұлтымыздың мәңгі өмір сүруі үшін адамдар арасында **ұлттық рух, тіл, ар мен парыз, тәртіп пен ерлік** т.б. қатар жүруі қажет. Бауыржан Момышұлы өз еңбектерінде, әр шығармасында ұлттың ұлт ретінде сақталуы туралы ой-пікірлерін, жазбаларын айшықтап, айқындап, ұрпақтарына мұра ретінде қалдырған.

Батыр бабамыздың әр сөзі атқан оқтың мөріндей, тура, қақ ортасынан істі шешетін, жүректен шығаратын нақ, адамды жігерлендіріп, қанаттандыратын қанатты сөздерін әр шығармаларынан байқауға болады.

Оған дәлел ұлт, ұлттық рух туралы төменде көрсетілген сөздері:

І. Ұлттық рух.

1. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті.
2. Ұлтшылдықтың негізінде басқа халықтарға өзін қарсы қоюшылық, антогонизм жатады, ал ұлттық рухтың табиғатына өз халқына деген сүйіспеншілік арқылы басқа халықтарды сүйю мен құрметтеу тән.
3. Ұлттық рух – бұл, асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік.
4. Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық!
5. Дәмді, дәстүрді сыйламай өскен балалардың қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр.
6. Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті.
7. Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң.
8. Халықтардың бауырмалдығы ұлттық мақтанышқа негізделген.
9. Халықтың ізгі дәстүрі – біздің ең асыл мұрамыз.
10. Әдебиет, музыка, живопись – барлық ұлы да тамаша нәрселерді нақты бейнелейді, ол ата-бабаларымыздың даналық сөздері мен олардың еңбектері – өмірді танудағы нақты, күшті, мықты құрал, күрестің күшті қаруы болып табылады.

Бұл қанатты сөздерде бүгінгі күнге жетіспей жүрген ұлттың ұлттық сезімі, рухы, мақтанышы сияқты асыл қасиеттер сөз болды. Мұндай ұлттық сезімдердің бастауы халықтың дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, өнерінен басталатыны сөзсіз. Әр ұлттың қадір-қасиеті, рухы, рухани байлығының қайнар көзі – халық ауыз әдебиеті! Адам неғұрлым халық ауыз әдебиетімен сусындап өссе, ол дәстүрдің де, ұлттық сананың да, тәрбиенің де негізін қалыптастырады.

Мәңгілік елдің тілі де мәңгі болуы шарт!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік тіл туралы Қазақстан халқына Жолдауында былай деді: **«Қазақ тілі мәселесіне келер болсақ, бүгінде біздің тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Одан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты және әлі де үйренуде. Былтырға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10%-ғы өсті. Бұл да бізге біраз жайттан хабар берді». Осы орайда айта кету керек, өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығы мен саны тілімізді үйренуге өсіп жатқанда, өз ұлтымыздың санасын өзгерту керек! Ұлт тілі, ұлттық сана, ұлттық құндылықтарымыз сақтауға, насихаттауға деген ой-саналарын оятып, өзгерту қажет. Мемлекетіміздің ұйтқысы, негізгі тілі туралы одан әрі елбасымыз өз жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар – ана тіліміз мәңгілік елмен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы деп білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, өзіміз соған атсалысуымыз керек», – деп нақты кесіп айтты Елбасы.**

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын

баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі білімді, мәдениетті адам бола алмайсың. Себебі, білім мен мәдениет бірінші өз еліңнен, өз тіліңнен, өз салт-дәстүріңнен басталады.

Тіл мәселесін ұлт пен тарихтың ең маңызды көрсеткішіндей санаған ұлт мақтанышы Б.Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», - деген. Сондай-ақ тілдің өз және өзге ұлтқа қаншалықты қажеттігін, мән-мағынасының маңыздылығын тілге, оның тазалығына, қолдануына қатысты айтқан ой-пікірлері мен тарихта белгілі сол кездегі Орталық комитеттің басшысына жазған хатынан байқауға болады.

1. Мақал, мәтел – өмір тәжірибесі.
2. Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз басты белгісі.
3. Ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлт безерлік тудырады.
4. Дұрыс аударма жасау үлкен өнер. Тілдің нәзік сырларын білмей аудару мазмұнды жүдетеді, шығарманың екпінін, ішкі тынысын тарылтады.

Орталық комитеттің басшысына жазған хатынан:

1. Ежелден, атам заманнан тіл - елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениетінің арнаулы құралы - ғылымның атаулы санасы екендігі даусыз.
2. Тілсізді - айуан дейді. Тілі кедей елді - мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды.
3. Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан - тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің - мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило).
4. Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе
5. Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа - әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз - сондықтан «өнер алды қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар.

Әр сөзін ауыз әдебиетінің мақал-мәтелімен өрнектейді. Оған дәлел: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Ат жүйірігі айырады, тіл жүйірігі қайырады», «Сөз жүйесін табады, мал иесін табады», «Қиыстырып қаласаң отын жанар, қисындырып айтсаң халық нанар», «Зекетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам», «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

Тарихы терең, тағылымы мол – Мәңгілік елге айналу үшін сол елде тұратын азаматтардың қарым-қатынасы, сыйластығы, бір-бірінің отбасында, қоғамда, қызметтегі орындайтын міндеттері мен байланысындағы ар-ожданы, парызы таза болуға міндетті. Бұл ең алдымен әр адамның өз алдында, өзге алдында, Отан алдында орындайтын өзіндік қызметі болып саналады.

Ар мен парыз. Ар мен парыз - өмірде де, соғыста да өз алдында әрі өзге алдында, Отан алдындағы әркімнің таразысы, міндеті. Б.Момышұлы бұл ұғымдарды өз тұжырымымен төмендегідей түсіндіреді:

1. Парыз алға қойған міндеттен туады, яғни, міндет адамға парызды жүктейді. Сондықтан да парыз бен міндет адамның қызмет әрекетінде де әр түрлі.
2. Адамның жан-тәніне түсетін жөнсіз сын мен ауыртпалықтан, арып-ашу мен қажудан мүмкіндігінше аулақ болған жөн.
3. Парызды түсіну ар-ұят деп айтылады.
4. Ар – парыздың бақылаушысы, адам қызметін реттеп отырушы.
5. Абыройды, жоғары моральдық рухты сақтау жолында өз өмірін қиюға дейін баруға ниет ету – намыс деп аталады.
6. Адам бойындағы басты сезім – парыз сезімін ұштап, тәрбиелеу.
7. Әлемде парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ әрі болмайды да.

Ұлттық сезім - өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білуден басталады. Еліміздің әр азаматы өз тілін құрметтеп, қорғаштап, салт-дәстүрін сақтап, халық мұрасын қастерлеп ұстап, дамыта білсе, ол ел сонда ғана тұғыры биік, Мәңгілік елге айнарлар!

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»

- Халыққа жолдауы. - www.bnews.kz веб-сайтынан
2. Гвардия плковнигі Бауыржан Момышұлы. Қазақ тілі туралы пікірі. –Алматы.
3. Бауыржан Момышұлы. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.-Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011
4. Ғаламтор материалдары: www.nvpkz.narod.ru/.../BM_kanattysozder.do...

ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ

Сүлейменова Ж.Н.

*Нийде университетінің профессоры
педагогика ғылымдарының докторы*

*Нийде қ.
Түркия Республикасы*

Кілттік сөздер: К.Ж.Кожухметова, этнопедагогика, ұлттық құндылықтар.

Аннотация

Статья посвящена трудам в области этнопедагогике профессора К.Ж.Кожухметовой. Она является одной из основоположников этнопедагогике в Казахстане. В ее трудах рассматриваются проблемы этнопедагогике и проблемы формирования национальных ценностей, этнической культуры учащихся.

Annotation

This article analyzes the work in the field ethnopedagogics professor K.Zh.Kozhahmetovoy. She was the one of the founders of ethnopedagogics in Kazakhstan. In her works with the problems and challenges ethnopedagogy formation of national values and culture of the ethnic students.

Педагогика ғылымында ерекше орны бар, дара тұлға, Қазақстанда этнопедагогика ғылымының негізін қалаушылардың бірі – Қазақ педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Клара Жантөреқызы Қожухметова Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келіп, Орал педагогика институтын бітіріп, еңбек жолын мектеп мұғалімі қызметінен бастаған еді. Тағылымы мол еңбек жолында Республикалық білім жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында тәрбие мәселелері институтының директоры, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Этнопедагогика және этнопсихология зерттеу орталығының директоры т.б. қызметтерін үлкен абыроймен атқарды.

Саналы ғұмырын Қазақстанда күрмеуі көп күрделі сала этнопедагогика ілімінің дамуына, ұлттық білімнің негізін құрайтын алтын тұғыры ұлттық мектеп және ұлттық тәрбиенің өзекті мәселелері мен олардың шешіміне арнады. Оның қаламынан ұлт қазынасы болып табылатын «Ұлттық мектептің тәрбие жүйесі: теория және практика», «Біз өз балаларымызды білеміз бе?», «Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудың өлшемдері», «Этнопедагогика:әдіснама, теория, тәжірибе, «Этнопедагогика», «Этнопедагогика- дербес оқу пәні» т.б. іргелі еңбектер туындады.

Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, ғылым жолындағы ізбасар шәкірттерін даярлаған, соңынан дарынды шәкірттер ерткен ұлағатты ұстаз 30-ға тарта ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарын даярлады. Бүгінде олар ұлттық тәрбиенің жанашыры, жаршысы ретінде ұстаз жолын жалғастырып, халқының игілігіне ерен еңбек етіп жатыр.

Қоғамымыздың өзгеріп, заманымыздың жаңаруымен үндескен, тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесін жоғары деңгейге көтеруге қосқан үлесі мол болды. Білім беру жүйесінің жаңа ұлттық моделін жасау- Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған зор міндет болса, осы істе аянбай еңбек етті. Жоғары мектепте оқыту жүйесінің жаңаша құрылуының алғышарты маман даярлаудың құзыреттілік моделін қамтамасыз ететін білім беру жүйесін демократияландыру, ізгілендіру, ақпараттындыру, оқыту үрдісіне жаңа технологияларды енгізу, болашақ маманның жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына жағдай жасау мәселелері бойынша әркез батыл ойлары мен пікірлерін білдіріп отыратын.

Жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы адами болмысының қалыптасуы алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты екенін білген ол ЖОО-да келешек маман даярлығының ұлттық моделіне баса көңіл бөлді,

оқыған дәрістері де осы мазмұнға толы болатын.

Саналы ғұмырын Қазақстанда этнопедагогика ілімінің дамуына, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды сапалы тәрбиелеуге арнаған бірегей ғалыммен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінде Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарып жүрген кезінде жақын таныдым. Қызметтес болған жылдары тек оның жақсылығын, қамқорлығын ғана көрдім. Клара Жантөреқызының тамаша қасиетінің бірі әріптестеріне, шәкірттеріне деген сүйіспеншілігі болатын.

Менің көз алдымдағы бейнесі шебер басшылығымен, терең білімділігімен, табандылығымен, сабырлығымен, ұлтжандылығымен, аса мейірбандылығымен қалды. Әркез жанашырлығын сезінетінбіз. Ол қызмет бабының жайттарын ғана емес, жеке бас жағдайларымыздан хабардар болып, ақылын айтып отыратын ізгі жан болатын. Менің жүрегімде қазақтың аяулы қызының асыл бейнесі тек осылай ғана сақталды.

Қазақстанда тәрбие саласы бойынша ол бірегей ғалым ретінде танылды. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбие, оны қалыптастыру моделінің өлшеміне қатысты бірқатар іргелі зерттеулер жүргізді. Білім, тәрбие беру ісіндегі қоғамда белең алып бара жатқан келеңсіз мәселелерге де баса мән берді, өзіндік пікірін батыл ұсынып отырды. ҰБТ мен МАБ секілді жаппай жүргізіліп жатқан саны бар, сапасы аз жүйелік жұмыстарының ұрпақ тәрбиесінің сапасы мен жүйелі білім алуына тигізіп жатқан зиянын да ашық айтып, қоғамдағы азаматтық ұстанымын үлгі етіп отырды. Оны: «Тест – жауап беру үшін ғана болатын жанталас, кейін ұмытылуы ғажап емес. Одан жүйелі білім қалыптаспайды. Егер оқу үдерісі жүйелі түрде ұйымдастырылса, білім сапасы да артып, оқушылар тест тапсырғанда да киналмас еді. Өкінішке орай, жалған рейтинг қуып жүргенде, соның тасасында бала тәрбиесі қалып қойып жатыр»- деген пікірінен көруге болады [1]. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі құнды пікірі жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматты ойландыруы тиіс деп есептеймін: «Ауру қоғамда жарымжан адам тәрбиеленеді. Рухани мүгедектік қатты байқалады. Тіпті тілі шұбарланған, ана тілінде өз ойын толық жеткізе алмайды. Басқасын былай қойғанда, кейбір басшылар орыс тілінде сайраса да, қазақ тілінде жарытып ештеңе айта алмайды. Аянышты. Мысалы, бос қызмет орыны туралы кейбір хабарландыруда ағылшын, орыс тілін білуі тиіс деп, қазақ тілін «желательно» дейді. «Обязательно» емес, «желательно». Осыдан кейін мың мәрте айтсаң да, ештеңе өзгермейді. Ал тіл – ең басты тәрбие құралы. Ана тілінде тәрбие берілген отбасының хал-ахуалы өзгеше. Түрі қазақ, жаны басқа жанұяда қандай бала тәрбиеленіп шығады? Өз тілін қомсынған қазақтың рухани жан сұранысы да бөтен мәдениет болмай ма? Біз рухани өзегінен айырылған балаларды өсіріп жатырмыз. Қауіптісі – осы» [1]. Шын мәнінде, қазір осыны бастан кешіп отырғанымыз - нағыз шындық. Ғалым бұл өзекті мәселелердің шешімін ғасырлар бойғы рухани байлығымыз ұлттық тәрбие мен ата-бабадан қалған қасиетті дәстүрге негіздейді. Ұлттық сапалардың бірі – «тектілік» ұғымы мен оның мазмұнына терең мән беріп, қазақтың ұлттық тілі мен ділі секілді рухани құндылықтарды бойына сіңірген қазақ азаматын тәрбиелеуді мақсұт тұтты. [2]. «Бірінді, қазақ, бірін дос демесең, істің бәрі бос» деген қағидаға сүйенген ол ұрпақ тәрбиесі жолында сөзімен ғана емес, әрекет етуге жұмылдырған күрескер ретінде танылды.

Сөз соңында айтарымыз Ұлы Абайдың «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі» азамат тұлғасы Клара Жантөреқызына арнап айтылғандай.

Өмір-өзен айлар өтер ағылып, жылдар өтер жылжып ...алайда оның биік тұлғасы асқақтап, ғылыми еңбектерінің құны арта береріне сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. www.qyzylorda.kz. Тәрбиеде ұсақ-түйек деген ұғым болмауы керек. Сұхбат.15.09.2011.
2. Үйдегі сөз түзелмей, түздегі іс оңалмайды. //Қазақ әдебиеті, №10 (3382), 2012.
3. Қожахметова, К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» - ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫ ТҮЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ МАЗМҰНЫ

Манкеш А.Е.

*педагогика ғылымдарының докторы
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

Кілттік сөздер: этносаралық, әлемдік өркениет, конфессияаралық, төзімділік, интолеранттылық, әскери этноцентризм.

Аннотация

В условиях национальной идеи «Мәңгілік Ел» толерантность является законным правилом нормальной жизни – взгляды разных уровней и верования, предотвращение обострения противоречий, рассудительный взгляд на традиции, все это возможно достичь соглашением между собой, не приводя к большим последствиям.

Annotation

In the context of the national idea "Mangilik El" Tolerance is a legitimate rule of normal life - the views and beliefs of different levels, to prevent exacerbation of contradictions, thoughtful look at the traditions, all this is possible to reach an agreement between themselves, do not lead to large consequences.

Егеменді ел Президентінің «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында - еліміздің рухын көтеріп, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынғаны белгілі. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк абыз негізін

қалаған бұл идея, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – жастарға, бала тәрбиесіне және оның болашағына көп көңіл бөліп, отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне қатысты – «Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Ал, бұл ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған батыл әрекет еді. Адамзаттың байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа, өзара түсіністік пен шыдамдылыққа шақыруы, қоғамның бейбіт те, орнықты дамуының кепілі ретінде бағаланып отыр.

Әлемдік өркениетке бет бұрған қазіргі кезеңде этносаралық және конфессияаралық өзара келісім мен төзімділікті дамыту демократиялы қоғамда қалыпты өмір сүрудің заңды ережесі ретінде толеранттылық – әр түрлі деңгейдегі көзқарастар мен наным-сенімдерге, салт-дәстүрлерге парасаттылықпен қарау арқылы қайшылықтың асқынуының алдын алып, белең алып кетуі мүмкінзардаптарды өршітпей, өзара түсіністікке қол жеткізеді. Индивид пен қоғам мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелермен үйлесімді қарым-қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе – толеранттылық болып табылады. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты.[1]

Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының 15-ші сессиясында Ел президенті қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың білім беру орындарында «Толеранттылық негіздері» атты курстар енгізуді ұсынған болатын. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. “Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады - деп түйсіну, елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек”, – деді Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында. Толеранттылыққа тәрбиелеу ең бірінші отбасынан басталады. Отбасы жас ұрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың қайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік бастауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта.

Ертеден-ақ еркіндік пен елдікті, бейбітшілік пен берекені ту ете білген халқымыз ешқашан өзгені өзекке теппей, өзгелерге толеранттылықтың үлгісін көрсете білген, ал бұл өзін басқамен тең көретін парасатпайымы жоғары, байсалды халықтың атадан балаға мұра болған ұлттық идеясы еді.

Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтайшыға айтқан мына бір сөзі, «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп үкі таққан елміз. Басымыздан сөз асырмаған елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, ұл-қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ-қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір-еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен-арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімді айт, не тұрысатын жерінді айт!» деп аяқталатын сөздері бақыт құсының қастықта емес, достықта екенін терең аңғартып, өзара келісім мен бітімге шақырған пәлсапа болатын[2]. Ал, “Төремін деп тепсінбе. Төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеледі”, – деп, адамдардың намыс, ақыл-парасатпен теңесетінін ерте кезден-ақ пайымдай білген билердің бұл теңеулері қазіргі күнге дейін мән-мағынасын жоймаған ұлттық тұжырымдар қатарында.

Қарама-қарсы беталыс, бағыт, пікір, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы үрдістерді белгілі мәмілеге келтіріп, асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық келісім, тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді: күн сайын, айлап, жылдар бойы, үздіксіз, ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып, олардың шешімін табуды талап етеді.

Толеранттылық ХХІ ғасырда экономикалық дамудың маңызды факторы және әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан алып шығушы тұтқа болып отыр. Қазақстанда бұл тәсіл уақытпен тексеріліп, сынақтан өткізілген, сондай-ақ оның тиімділігі тарихпен дәлелденген. Қазақстан өзінің жерінде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың шынайы Отаны бола білді. Олардың жалпы тарихи тағдырлары ұқсас және біздің бәріміз үшін бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңызды болып қала бермек. Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Басқа этностардың рухани дүниесін терең түсіне білгенде ғана сан түрлі ұлт өкілдерінің басын біріктіре алады[3].

Фордхэм университетінің профессоры П.Мордвидж “Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің ішінде жоғары жетістікке жеткен алғашқы ел, сондықтан ұлтаралық келісімнің Қазақстандық моделін әлемдік тәжірибеде қолдану керек” дей отырып, еліміздегі бүгінгі жағдайға жоғары баға берді. Ал, біздің ортақ міндетіміз – Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық татулық пен бірлікті сақтау. Бұл елдің әлем алдындағы беделін нығайтуға сеп болатынын ұмытпауға тиіспіз[4].

Жалпы, толеранттылық латын тілінен аударғанда «tolerantia» – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген

мағынаны білдіреді. Демек, толерантты адам - иманды, рухы биік, қайырымды, мейірімді, жүрегі таза, көңілі кең, адамгершілік ар-ожданы жоғары тұлға. Ұлы Абайдың:

Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп, Және хақ жолы осы деп әділетті ... деген зерделі ойдан бастау алатын - қанатты ұғым[5].

Қазіргі кезеңде бала тәрбиесімен тікелей айналысатын барлық әлеуметтік институттардың қызметіне толеранттылық жөніндегі көзқарасты қалыптастыруға негізгі нысана ретінде басымдық берілуі тиіс. Бұл – толеранттылық бағытындағы жұмыстар мен гуманистік құндылықтарды дамытуда мектеп пен отбасы және жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстары мен тәрбиелік іс-шараларына үлкен жауапкершілік жүктейді. Өкінішке орай, қазіргі таңда, мектеп және отбасы байланыстарының бұзылуы, үлкендер мен балалардың бір-бірінен жат болып кетуі, олардың қарым-қатынасындағы түсінбеушіліктің қатарын арттыруда. Демек, жас ұрпақтың әлеуметтік жағдайында төзімділік көзқарасты қалыптастырудағы мәдениетаралық, этникааралық қарым-қатынастардың дамуы өзекті де маңызды мәселеге айналып отыр. Әртүрлі ұлыстардың өкілдері арасындағы қарым-қатынастан көрінетін және де басқа ұлттарға төзімділікпен қарайтын бұл байланыс - этнотөзімділік болып табылады. Кез-келген ұлт өкілінің мінез-құлықтары мен әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері туралы жүргізілетін түрлі іс-шаралар – баланың санасына толеранттылық туралы түсінікті ұғындыра білуге, сондай-ақ әрбір тұлғаның мәдениетаралық және ұлтаралық іс-әрекетінің нәтижелі болуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, тұлғаның қалыптасуына әсер ететін субъективті, сонымен қатар объективті фактор ретінде этномәдени құндылықтар негізінде қоғамдағы жастар тәрбиесіне деген жауапкершіліктің артқанын білдіреді[6].

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша БҰҰ-ның мүше мемлекеттерімен 1995 жылы 16 қарашада қабылданған және жарияланған «Толеранттық қағидалар Декларациясы» бойынша тәрбие - толеранттықтың алдын алудың бірден бір құралы болып табылады. Декларацияда көрсетілгендей, толеранттық рухында тәрбиелеу, адамдарды олардың құқықтары мен бостандықтарын үйретуден және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудан басталады, яки жастардың бойында өзіндік ойлану, сыни ойлау мен адамгершілік тұрғысынан шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту және т.б. Толерантты тұлға келбетін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру жағдайында педагогикалық дайындық дәрежесін көтеру, оқу жоспарлары мен оқулықтардың сапасына мән беру, күнделікті өтілетін сабақтардың мазмұны мен сипатына назар аударып, төмендегідей қажетті әлеуметтік-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру міндеттеледі. Мәселен:

- өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілікті ояту арқылы басқа халықтардың мәдениеті мен тарихына құрметпен қарап, түсіне білу рухында тәрбиелеу;
- мектепте оқушылардың жағымды психологиялық қарым-қатынаста болып, түрлі конфликтілер мен келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешіп, зорлық зомбылықтан бас тартуға бейімдеу;
- альтруизм және басқа адамдарды сыйлау идеяларына үйретіп, адамдардың көпмәдениеттілік және көпәлеуметтік ортада өмір сүретіндігі жайлы түсінік қалыптастыру;
- ұстаздардың оқушыларға деген сенімі мен олардың даралығын бағалау, шығармашылығы мен белсенділігін таныту арқылы толеранттыққа тәрбиелеуге жағдай жасау.

Қазіргі жастардың позитивті этникалық көзқарасын қалыптастыру бағытындағы, этникалық көзқарасы бар толерантты тұлғаның негізгі сипаты:

- этнопедагогика мазмұнында төзімділіктің маңызын ашып беру;
- өз этносының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлерін сыйлай білу;
- қарым-қатынасқа түсуші этностың ұлттық мәдениетінен хабардар болу;
- әлемдік мәдениеттегі өзінің және серіктес этностың рөлін бағалай білу;
- ұлттық психологияны түсіну арқылы ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін бағалау;
- өзінің ана тілі мен халықаралық қатынас тілін білу;
- этностың психологиялық ерекшеліктерін білдіретін эмпатия, өзіңді басқаның орнына қоя білу арқылы, басқаны түсіне білу қабілеті және т.б.[7]

Этникалық толеранттылыққа қарама қарсы ұғым бұл - этникалық интолеранттылық болып табылады, басқа этностараға қатысты шыдамсыздық. Этникалық *интолеранттылықтың* негізінде:

- әскери этноцентризм, мұнда адамдар тек қана басқа елдің құндылықтарына баға беріп қана қоймай, сонымен қатар, оларды басқаларға таныта білуі тиіс;
- теріс, нақты емес гетеростереотиптер, басқа этникалық қауымдастықтар туралы қате бағалаушы шешімдердің орын алуы;
- этникалық қате шешімдер, белгілі бір этникалық топтың мүшелеріне теріс ықпалда болу үдерісі;
- ұлттық қате шешімдер, басқа ұлттарға қатысты шындықты дұрыс көрсете алмайтын шешімдер[8].

Әлемдік білім беру жүйесінде тұлғаның бойына гумандық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында, мектеп пен басқа да мекемелердің бірлескен тәрбиелік іс-шараларын жүргізуде мынадай ұстанымдар негізге алынуы тиіс:

- *жағдаяттылық* - тәрбиелік (осы амалдың негізінде шын өмірден алынған жағдаяттарды қарастыру, мазмұннан құндылықтарға көшу, оқушылардың белсенділігіне мән беру, рөлдік және іскерлік ойындар мен топтық дискуссияларды қолдану);

- *құқықтық* (құқық нормалары мен принциптер туралы білімді үйрету, менгеру және тасымалдау, сонымен қатар, құқық нормаларына және оның жүзеге асырылуына белгілі бір ортаның құрылуын, өз құқығын жүзеге асыра алу, тиым салынған нәрселерді жасамай, өз міндеттерін орындау);

- *саясаттанушылық* (саяси және қоғамдық қозғалыстарды, азаматтардың саяси белсенді топтарын біріктіру болып табылады);

- *интегративті* (мәдениеттану, пәлсапа, әлеуметтану, психология негіздері және басқа да пәндерді біріктіретін орта туралы білім жүйесі);

- *мәдениеттанушылық* (әлемнің түрлі халықтарының мәдениеттерін салыстыру сараптамасын жасап, ортақ адамзаттық құндылықтар мен ерекшеліктерді тауып, бөліп көрсету болып табылады.) [9]. Сонымен қатар жоғарыда аталғандарға этнопедагогикалық қағиданы қосуға болады. Этнопедагогика педагогиканың кенже саласы болуымен қатар, этникалық топтардың эмпирикалық тәжірибесі туралы, отбасы, ру, тайпа, ұлыс, ұлттық құндылықтарына деген моральдық-этикалық көзқарастары туралы ғылым. Жалпы алғанда этнопедагогика-бала тәрбиесі мен білімі туралы халықтың, діни ілімдерде, ертегілер мен аңыздарда, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерде, ойындарда, отбасы тұрмысында, дәстүрлерінде көрініс тапқан халық даналығы, философиялық-этикалық, педагогикалық ойлар мен тұлғаның тарихи-мәдени қалыптасу үдерісі [10].

Толерантты тұлғаның қалыптасуы қоғам дамуы заңдарымен, білім беру үдерісімен, оқыту және жеке тұлға дамуымен макро және микро орталарының шарттарымен үндес болып келеді (жастық, гендерлік, ұлттық құрам, өзара қатынас сипаты, тұлғааралық қарым-қатынас жиілігі және т. б.). Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыруға берілетін басымдық пен оның тиімділігі, бір-бірімен заңды байланыстағы оқу және әлеуметтік салалардан тұратын педагогикалық күш сияқты нақты тәрбие құралдарының «толерантты тұлға келбетін» қалыптастырудағы мүмкіндігінің жоғары екендігін айғақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. Астана, 2014ж.
2. Ә.Кекілбаев. «Үш пайғамбар», Алматы. 1992.
3. А.Кунанбаев. Сбор.соч. 1-том. Алматы, 1961. 452с.
4. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
5. Шаяхметова М. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог маманның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың моделі // Ұлт тағылымы. -Алматы, 2009.
6. Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред.и высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 1999. – 168 с.
7. Тарасов А.Н. Формирование межэтнической толерантности: Учеб. пособие для студ. – 040201. – М.: Гос. ун-т упр., 2007. – 90 с.
8. Формирование толерантной личности в полиэтнической образовательной среде: Учеб. пособие / В.Н. Гуров, Б.З. Вульф, В.Н. Галяпина и др. – М., 2004. – 240 с.
9. Рубцова О.В. Теоретические основы формирования толерантности школьников. Метод. рекомендации / Под ред. Л.В. Разумовой и др. – Челябинск: Изд-во ИИУМЦ «Образование», 2007. – С. 105-109.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ДӘСТҮРЛЕРІ

Көкшесва З.Т.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инженеринг
университетінің профессоры
Ақтау қ.*

Кілттік сөздер: Елбасы жолдауы, Маңғыстау қазақтары, әдет-ғұрып, ұлттық тәрбие.

Аннотация

В статье приведены этнопедагогические утверждения Мангистауских поэтов-певцов, основы поведения местного населения, особенности традиций и обычаев в воспитании детей.

Annotation

The article reviews the ethnic-pedagogical statements of Mangistau poet-singers, the principle of behavior of local population, the characteristics of traditions and habits in a child's education.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың руханият пен білім беру салаларын дамытуда маңызы аса зор 2003 жылғы Жолдауында «Мәдени мұра» бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды ұсынған болатын. Ол бағдарлама өз жемісін беріп, бүгінде рухани қорымызды байытып отыр, олай дейтініміз, ол бағдарламадағы мақсаттың бірі – “халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық

мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау”. Өйткені, жастардың өз халқының патриотты, өз елінің тілі мен дінін, салтын, ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерінің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық.

Осыған орай, академик Рахманқұл Бердібаев кезінде «көзқаман» деген анықтама берген еді: «Мәңгүрттік пен көзқамандық – бір-бірінен айырмасы үлкен екі түрлі құбылыс. Жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті мәңгүрттер халі аянышты. Олар – алыс пен жақынды, пайда мен зиянды ажырата алмайтын, өз анасын дұшпан санап атып жіберетіндер. Сондықтан да ел мұндайларды жадында ешнәрсені сақтай алмайтын «миғұла», «мәңгүрт» деп атаған.

Ал, көзқамандар – ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын, саясатын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәуегейден бетер білгір, әлем тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратындар тәрізденеді. Сөз жүзінде бәрі отаншыл болып көруі мүмкін.

Мәңгүрттер – есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер...Заманнан заман ауысса да, бүтін елдің ішіне алалықты әдейі тудыратын сырт күштер де, халықты адамшылық бейнесінен айырып, аздырып-тоздыратын арақ-шараптың кесепаты да қазіргі дәуірде қаз-қалпында тұрғанын көреміз.

Ең қауіптісі сол – осы күнгі көзқамандар жұртшылық көзіне елдің ең терең мұраттарын шырқырап іздегендей сыңай байқата біледі. Ал шынтуайтына келгенде, басына зәредей қиындық түссе, лезде жалт бұрылып кетеді. Сөз бен істің бір-бірінен алшақ кеткендігі соншалық – жамағатшылық небір әдемі сөздердің өтірігі мен расы қаншалық екенін біле алмай, дал болады, ақырында мұндай жаппай жалғандыққа еті өліп, қоғамда болып жатқан апат пен опатқа селт етпейтін болып меңіреуленеді...» дейді. Сондықтан, тәрбиені құрсақтан бастауға баулитын қазақ елі ұрпағына білімнен де бұрын өнегені, оқудан бұрын тоқуды міндеттеген, өз халқының тілі мен дінін, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық мәдениетті көздің қарашығындай қадірлеп қастерлеуді үйреткен, жас ұрпақты жастайынан баптап, елін-жерін сүйетін намысшыл ұлтжанды етіп тәрбиелеуге тырысқан.

Қазақтың ең даласындағы мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығы, негізінен, халықтың мекен еткен аумағының бірлігіне байланысты қалыптасты. Әлбетте, халықтық тілдегі диалектілік айырмашылықтар сияқты, кейбір салт-сана, әдет-ғұрып негіздерінде де жергілікті ерекшеліктердің болғаны белгілі. Бір тілде сөйлейтін бір ұжымның ұзақ уақыт бірге өмір сүруінің нәтижесінде оның мүшелерінде бірдеймінез-құлық, әдет-ғұрып, дәстүр, талғам және т.б. элементтер пайда болады. Маңғыстау түбегінің де қазақ даласының басқа қоныстарынан табиғи оқшаулығына орай, бұл өлкені көне замандардан бері мекендеп келе жатқан қазақтардың тұрмысы мен мәдениетінде жағырапиялық ортаның әсерінен туған біршама ерекшеліктері байқалады.

Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда Маңғыстау қазақтарының аралық рулық құрылыс қалдықтары берік сақталды. Карл Маркс айтқандай, дүниеден тысқары тұрған абстрактілі нәрсе емес, ол өзінің бүкіл болмысымен туған ортасының, өскен жұртының ерекшелік белгілерін танытады. Маңғыстауда қазақ халқының ұлттық дәстүрлі көне мәдениеті мен тұрмысының деректері мол сақталған. Тарихи дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар халықтың адамгершілік принциптерін, адамдардың өзара қарым-қатынасының нормалары мен ережелерін көрсетеді. Маңғыстау өңірінің өзіне тән көне тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Ғылыми әдебиеттердегі мәліметтер мен осы кезге дейін жұрнағы сақталған ежелгі ескерткіштер бұл өлке азамат өркениетінің көп ғасырлық даму жолынан ешқашан сыртқары тұрмағанын аңғартады.

Маңғыстау өңірі – этнологиялық тұрғыдан әлі де болса зерттеліне беретін, жергілікті этнографиялық ерекшеліктері мол аймақ. Мұнда әдет-ғұрыптың, салт-сананың патриархалдық-рулық түрлері басқа жерлерден үстемірек болып, қоғамдағы феодалдық қарым-қатынастар патриархалдық-рулық қарым-қатынастарға айналған. Хан-сұлтандарға бағынбай, өздерінің әдеттік құқы мен ру басшыларына бағынғандықтан, мұндағы қазақтар басқалардан гөрі еркіндікте жүрді. Оларда өр мінез қалыптасты. Бұл өңірдің қазақтары ұдайы көшпелі ғұмыр кешкендіктен, тұрмыс-тіршілігі көбіне төрт түлік малға байланысты болды. Мал мінсе – көлік, кесе – киім, ашықса – тамақ. Сондықтан, оларға құрметпен қарап, иелері бар деп, қасиетті санаған. Малға дауыс көтеріп ұрысып, балағаттап тіл тигізуге болмайды, иесі өкпелейді деп сенген. Сүйегін отқа жақса, тірі малдың сүйегі сырқырайды, сүтін төксе, малдың желіні іседі, сүті қайтады, оны тепсе – дәулет қашады, малсыз қалып жоқшылыққа ұшырайды деген ырым-ұғымдардың бәрінде де негіз бар, сол арқылы жастарды кесірліктен сақтандырып отырған. "Мал өсірсең – қой өсір, табысы оның көл-көсір" дейді халқымыз. Расында, қой малының еті – уыз да, сүті – бал, жүні – жібек, елтірісі – алтын. Маңғыстауда табиғат жағдайына қарай адай қойының тұқымы сұрыпталып қалыптасқан.

Маңғыстау қазақтарында табиғат күштеріне, көкке, әлем жарықтарына сену ертеден бері орын алған. Олар айды, жұлдызды көктің ажырамас бөлшегі деп ұққан және оларды қасиетті деп санаған. Жаңа ай туғанда "Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке" деп бата қылған. Олар әр адамның көкте өзіне тән жұлдызы бар, егер ол ағып түссе, дәл сол адам дүниеден кетті деп есептеген. Сондықтан да, егер жұлдыз аққанын көрсе, "Жұлдызым

жоғары» деп сиынады. Егер ұзақ уақыт күн күркіреп, найзағай ойнап, жанбыр жаумаса, қазақтар мал сойып тасаттық жасау арқылы тәңірге жалбарынған. Қариялардың айтуынша, Маңғыстауда тасаттық оқу ғұрпы да болған, бұл дәстүр әлі күнге дейін сақталып келеді. Құйынды қазақтар эзәзіл, шайтан деп ойлап, оның арасында қалмауға тырысып, құйынға "тіфә-тіфә, таздың үйіне кет" деп су шашатын болған. Егер адам сол құйынның арасында қалып қойса, жын қағады, аяқ-қолы істемей қалады, бет-аузы қисаяды, не ауру, ессіз жынды болады деп қорыққан. Дейтұрғанмен, қазақ халқының дәстүрлі ырымдары мен тыйымдарында мәдениеттілік пен тазалыққа баулитын ғибрат, өнеге аз емес. Мысалы, "Желіні баспа, аттама", "Сүттің, қымыздың, тамақтың бетін жауып қой, шайтан өлген адамның өкпесін салып кетеді", "Адамы жоқ үйге сәлем беріп кір", "Түнде суға барма", "Түнде басыңды жума", "Есікті қатты серіппе", "Өлген адамды жамандама, ғайбат сөйлеме", "Көшкен жұртыңды сыпырып, тазалап кет, қаққан қазықтарды суырып таста, ошақтарды, ұраларды көміп таста", т. б. Қағулы қалған қазық, қазылған ошақ пен ор, түнде жүрген аттыға, жайылған малға, аң қуған атты кісіге қауіп деп білген.

Ертедегі дәстүр бойынша, жастардың қолын қусыртпайтын, екі қолын артына ұстатпайтын, екі кештің арасында жатқызбайтын, таңертең күн шықпай тұрғызатын. Қос қолын төбесіне қоюға, дауыс шығарып есінеуге, үлкен адамға тіке қарап қатты, дөрекі сөйлеуге тыйым салынады. Тырнақ алса, жинатып, оған шөп қосып көмгізіп тастайтын. Қалыптасқан дәстүр бойынша, аурудың кешке қарай көңілін сұрамайды, құстың ұясын бұздырмайды, қуыс үйден құр шығармайды, дәм ауыз тигізеді. "Жоқ" деген сөзді айтуға тыйым салады, "жоғалып қаласың" дейді. Жігітті қаңтарда үйлендірмейді, "қаңтарылып қалуы мүмкін" дейді. Есік көргенді алғызбайды, адамды да, малды да сыпыртқымен ұрғызбайды. "Судай суық болып кетесіңдер" деп бір-біріне су шашқызып ойнатпайды. "Табалдырықты баспа, маңдайшаға асылма" деп тәртіпке шақырады. Табалдырықты бассаң, бойың өспей қалады, табалдырықтан бұрын ауру-сырқаулар да басып кеткен болар, солардың сырқаты саған аууы мүмкін деп сескендіретін.

Маңғыстау қазақтарында күні бүгінге дейін сақталып келген, балаларға үлгі ететін ғұрыптар мол. Мысалы, үйде ысқырма, ысқырсаң жел, дауыл болады деп ескертеді. Жағынды таянба, себебі көңілсіз болып, қайғырып, сары уайымға салынғанда ғана адам жағына таянып күрсінеді. Таяққа сүйенбе, өйткені қаралы үйдің алдында бата оқуға, көңіл айтуға келетіндерді күтіп үлкен кісі таяғына не күрекке сүйеніп тұрады. Сондықтан таянып қаласың, таяққа сүйенбе дейтін. Мойнына белбеу салма, әбден шаршап, ызаланған адам құдайдан тілек тілерде мойнына белбеу салып, "О, құдай, менің тілегімді қабыл ет",-деп өзінің тілегін айтады. Жалғыз ағашты шаппа, ол киелі, пәле-жаладан адамдарды сақтандырады, көлеңке, қорғаныш болады деп дәріптейді. Сондай-ақ, дәстүр бойынша, күлді не ошақты басуға болмайды. Егер осы дәстүр бұзылса, келіннің бойына бала бітуі неғайбыл. "Келінжан, мына күлді көміп кет, біреуге зиян болар",- дейтін ертедегі аталар. Себебі ошақ басындағы күлде әр түрлі жұқпалы аурулар қалады, ол жұғады деп сенген. Тұзды баспа, ол ауруға ем, асқа дәм, сондықтан қадірлеу керек. Атамыз қазақ "Сәлем – сөздің анасы" деп сәлемдесуге үлкен мән берген. Сондықтан үйге кіргенде, адамдар бір-біріне кездескенде, "Ассаламуғалейкум", яғни сізге "Алланың нұры жаусын!", "Уағалейкум уассалам!", яғни "Алланың нұры сізге де жаусын!" деп, ерлер жағы қол алысып, төс қағыстарып амандасқан. Әйелдер бір-бірімен құшақтасып, келіндер үлкендерге иіліп сәлем етіп, қыз балалар тізе бүгіп сәлемдескен. Жаңа түскен келіншек туыстарының атын атамай, қайын сіңлілерін "еркежан, шырайлым, ақылдым, кекілдім, кербезім" десе, қайын інілерін "төрежан, төрем, шырақ, мырза жігіт, кенжеш, қайным" деп еркелетіп атайтын болған. Осы сөздің өзі-ақ ізеттілікті, сыпайылықты, әдептілікті, көргенділікті көрсетеді. Жас кісілер үлкендердің алдын кесіп өтпеген. Үлкен кісілер ұрысса, оны мен сөз жарыстырып тайталасу көргенсіздік саналған. Ата-анасына тілі тиген, жасы үлкен туысына қол жұмсаған жастардың бетіне күйе жағып, мойнына ескі қара құрым киізді тесіп кигізіп, көлікке теріс қаратып мінгізіп, ауыл ауылды аралатып жүріп масқаралаған, осылайша жазалаған. Халық ондай жастың бетіне түкіріп теріс айналып кете беретін, онымен ешкім сөйлеспейтін. Бұл жаза кінәлі жасқа өте қатаң тиіп, басқалар ондайдан қашатын болған. Осы тәртізді ғасырлар бойы жинақталып, өмірлік тәжірибеден өткен халықтық қағидаларды білгеннен, оның талаптарын орындағаннан ұмытпасақ, ұтылмаймыз. Мұның бәрі, Маңғыстау қазақтарында мұсылмандық қанша тарағанмен, исламға дейінгі әр түрлі көне діни сенім мен наным қалдықтары молынан сақталып келіп, олар өмірдегі әдет-ғұрыптарға, ырымдарға айналғандығын көрсетеді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып – халықтың рухани өзегі, тілінің тірегі, мәдениетінің арқауы. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ауысып келе жатқан ата дәстүрді халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыру – өркенді де өнегелі іс. Дәстүр, салт қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп отырады. Сондықтан бұған осы тұрғыдан қараған дұрыс. Әркім керектісін, көңіліне ұнататын, көкейіне қонғанын қабылдап, іс жүзінде қолданса, оны ұлтымыздың озық салт-дәстүрлерімен байланыстырып, байытып мазмұндандыра түссе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Академик Г.Н. Волков «...салт-дәстүр – әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, осындай түрлі сыннан сүрінбей өткен тақырыптың бай тәжірибесіне сүйенген халықтың халықтық педагогикасы мен болашағы зор болмақ» деп жазады. Қорыта келе, жастарға ұлттық мәдениеттер негіздерін толық ғылыми негізде жетілдіру – жаөспірімдер үшін күрделі, сондықтан олардың этнопедагогикалық білімге қызығушылықтарын тудыру амалында олардың өздерінің өмір тәжірибелерінен алынатын жергілікті жердің, яғни, Маңғыстау өңірінің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес этнопедагогикалық ілімдермен қамтамасыз ету тиімді нәтиже береді. Мысалы: Маңғыстау өңіріндегі ауыз әдебиеттің этнопедагогикалық мәнін ашатын тұсаукесер, бесік жырларының, жаңылтпаштың, санамақтың, жұмбақтың, мақал мен мәтелдердің, ойын-өлеңдерінің,

жергілікті билердің шешендік сөздерін; Сүгір, Ақтамберді, Қашаған, Абыл, Сәттіғұл т.б. сынды жыршылардың термелерін; ертегілер мен аңыз әңгімелердің, өнердің, тұрмыс салт, батырлық, ел ішінде аңызға айналған «Ақбөбек пен Қайып» сияқты ғашықтық жырлардың тәлім-тәрбиелік мәнін айқындап, оларды ұрпақ тәрбиесінде қолдану мақсатында оқу-тәрбие үрдісіне ендіру жолдарын қарастырып, тереңірек зерттесек, мұның өзі-ұлттық мәдениетіміздің алтын қорын молайта түспек.

Сондай-ақ, жасөспірімдердің жергілікті жердің тарихы пен рухани мұраны құрметтеу сезімдерін оятуда: Қазақстандағы, оның ішінде Маңғыстау өңіріндегі этнопедагогикалық ойлардың даму тарихын жүйелеп, оларға жеке-жеке мазмұндық сипаттама жасау оқытушы жетекшілігімен студенттің өздік жұмыс тапсырмаларына ежелгі тасқа жазылған дастандардың тәрбиелік мәнін, мысалы: Қашаған ата немесе Қорқыт ата тағылымы, Әл-Фарабидің, Ш.Әленұлының, Ж.Қараевтың, т.б. педагогикалық мұрасы, Орта ғасыр ойшылдары: Махмұд Қашғаридың, Ж.Баласағұнидің, А.Иүгінекидің, А.Иассауидің т.б. еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеяларды этнопедагогикалық оқу құралдарындағы нақты мысалдар арқылы салыстырмалы түрде жеткізу. Сондай-ақ, қазақтың XIX ғасырдағы ағартушы педагогтары Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың ағартушылық идеялары, Ш.Уәлихановтың тәлім-тәрбиелік көзқарастары немесе Маңғыстау өңіріндегі дарынды ақын-жыраулар поэзиясындағы этнопедагогикалық ой-пікірлер, олардың толғауларынан үзінділер келтіріп, ЖОО оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің болашақ жастар тәрбиесінде мәні зор болмақ.

Олай дейтініміз, болашақтың кілті-білімді жастарда, «Мәңгілік ел» идеясын жалғастыратын да, іске асыратын да жастар болмақ. Бұл туралы Елбасы жастарға үлкен сенім арта отырып, өз ойын былайша тұжырымдайды: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз... Мен XXI ғасыр – Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін және XXI ғасыр – білекке сенетін заман емес, білімге сенетін заман».

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің тұлғасының қазақстандық отаншылдықты қалыптастырудағы рөлі. Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 1-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. – Қарағанды: ҚМТУ баспасы, 2009.
2. «Көзқамандар». Р. Бердібаев, Әдебиет айдыны. – 2006 жыл, 17 тамыз
3. Ш.Әленов. Педагогика., 2000 ж.
4. Қалиев С., Жарықбаев Қ. «Қазақ-тәлім тәрбиесі», Алматы «Рауан», 1994 ж
5. «Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні»,
6. Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001 жыл.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖОЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТАРҒА ИНФОРМАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІНІҢ САН АЛУАНДЫҒЫН ҚАРАСТЫРУ

Булатбаева А.Ә.

*педагогика ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры*

Алимбаева А.Р.

магистр

Кілттік сөздер: Өмір бойы білім алу, информальды білім, өзіндік білім алу, интернет, желілік қарым-қатынас.

Аннотация

В условиях кардинальных изменений в обществе образование взрослого становится жизненной необходимостью, так как мобильность, умение быстро получать и эффективно применять новые знания в процессе жизнедеятельности выступают показателями его конкурентоспособности. В этой связи авторами рассматривается потенциал информального образования, или самообразования. В статье отражены признаки, отличительные особенности и формы информального образования. Также в статье описаны модели информального образования в зарубежом.

XXI ғасырдың үшінші онжылдығында Қазақстан әлемнің дамыған елдері қатарына енуді көздеп отыр. Бұл жағдайларда қазақстандықтардың өскелең ұрпағына зор жауапкершілік жүктелуде, олардың алдында ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру, XXI ғасырда Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен беделінің артуын қамтамасыз ету міндеттері тұр. Негізгі қоғамдық капитал – адам капиталын белсенді дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі «технологиялық серпінге» әзір жаңа ұрпақты дайындау, оларды ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты іске асыруға тарту болып табылады. Бұл – «Мәңгілік Ел» өрлеуінің жаңартушысы болмақ.

«Мәңгілік Ел» жолы экономиканың қозғаушы күші, келешекте инновациялық жаңа экономиканың табыс көздерін тұрақтандыру, тездету тәсілін өндіріске қосу, тиімді бағыттарды қолдау. Осындай өндірістің өрлеу стратегиясына ерекше әсерін тигізетін жаңа факторлар: инновациялық білім, ғылым, талпыныс жүйелерін озық әдістеме мен жаңа технологиялық процестерді қолдау, қорғау арқылы әлемдік білім, ғылым кеңістігіне еркін енуге болатындығын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Осындай жағдайда өзіндік білім алу ересек адам үшін өмірлік қажеттілікке айналады. Себебі, жаңа білімдерді тез меңгеру және оларды эффективті қолдану қазіргі таңдағы бәсекеге сай болу үшін қажетті қасиеттердің бірі болып табылады [1].

2000 жылы Лиссабон қаласында өткен саммит Европалық Одақтың саясаты және тәжірибиесі үшін анықтаушы кезең болды. Білім беру моделіне, жұмысқа және жалпы өмір сүруге қатысты көз-қарас күнделікті өзгеріп жатыр. Лиссабондық саммиттің қортындысы бойынша, білімге негізделген экономикаға сәтті ауысу «өмір бойы білім алу» үзілмес білім алу процессімен бірге жүреді.

Соңғы уақытта, формальды білім алу процессімен бірге, ересектердің білім алуына қатысты, квалификацияны көтеру немесе дипломнан соңғы қайта дайындалу және тағылымдама өту ретінде білім алудың жаңа түрі қолданыста. Осындай білім алу процессін - информальды білім алу деп атаймыз. 2006 жылы 23 қазан айында Коммуникада Европалық Одақтың комиссиясының «Ересек адамдардың білім алуы: оқу - ешқашан кеш емес» тақырыбындағы отырысында, одақтастар елдердің формальды емес және информальды білім алу мүмкіндігін қоғамдық жүйелеріне мойындату және сендірудің қажеттігі туралы айтылды[2].

Европалық бірлестіктің «Үзілмей білім алу меморандумда» формальды (бекітілген диплом қағазын алумен аяқталатын), формальды емес (білім алу мекемелерінде немесе қоғамды ұйымдарда, клубтарда және үйірмелерде, жатықтырушы немесе репетитормен индивидуалды сабақ алу кезінде жүретін, документтерді алумен сипатталмайтын білім алу), және информальды білім алу түрлері де қарастырылады. Оны күнделікті өмірдегі индивидуалды танымдық іс-әрекетімізбен бірге жүретін және белгілі бір бағыттылығы болмайтын білім алу түрі ретінде сипаттайды [3].

Информальды білім алу немесе өзіндік білім алу іс-әрекет түрі ретінде келесі сипаттарға ие:

- Білім беру саласына қатысты басшылықтың мүлдем болмауымен сипатталатын жүйелі білім алу іс-әрекеті;

- Кез-келген жаңа білімдерді алуға бағатталған және коммуникациямен байланысты іс-әрекет;
- Қажеттіліктердің талаппен үйлескен индивидтің дербестігі.

Информальды білім – қоғамды үздіксіз білім алуға қосатын ықпалды жолдардың бірі болып табылады. Ол дәстүрлі білім алу ортасынан тыс білім алуды білдіретін жалпы термин болып табылады, яғни: мақсатталған бағыты болатын, күнделікті өмірде жүретін индивидуалды танымдық іс-әрекет түрі; мәдени-біліми ортада индивидтің жеке белсенділігінің арқасында іске асатын спонтанды білім алу; қарым-қатынас, оқу, мәдени мекемелерге бару, саяхатқа шығу, бұқаралық ақпараттар құралдары және т.б. [4].

Информальды білім алу интернет технологияларды қолдану түсінігімен ғана шектеліп қоймайды, бірақ өз дамуын бұл концепция Интернет арқылы алды.

Информальды білім алуға:

- Байқау және қателесу әдісі;
- Толғандыратын сұрақтарға жауапты жеке түрде іздеу;
- Белгілі бір іс-әрекетті орындау арқылы, бірлескен білім алу;
- Мәдени мекемелерге бару және кітаптар оқу арқылы жан дүниесін байыту;
- Медиа технологиялар арқылы білім алу;
- Интернет сервистар: кәсіби форумдар, әлеуметтік желілер, электронды оқулықтар арқылы білім алу.
- Құзыретті маман басшылығымен бір жұмыс орындау;
- Коммуникативті дағдылар мен тұлға аралық қатынастар кезінде өмір танымның қалыптасуы[5];

Джейн Харт осы мәселе жайлы «...білім алушының ниетіне байланысты, формальды және формальды емес білім алу әдейі дайындалған акт болып табылады, ал информальды білім алу (негізінде), білім алуға бағытталмаған процес. Сонымен қоса, информальды білім алу кезінде, білім алушы жаңа ақпаратты қабылданғаны жайлы білмеуі немесе оны уақыт өте анықтауы мүмкін[6].

Танып білу көз-қарасы бойынша информальды білім алуды екі категорияға бөлуге болады: *саналы, бағытталған, басқарылатын өзіндік даму және санаға салынбаған, кенеттен жүретін, басқарылмайтын өзіндік даму*. Саналы өзіндік дамуға ойландыратын сұрақтарға, пайда болған мәселелерге, соның ішінде кәсіби сұрақтарға жауапты өзіндік іздеу; жаңа білімдерді заманауи ақпараттық технологиялар арқылы қабылдау; оқу, мәдени мекемелерге бару (кітапхана, мұражай, көрмелер және т.б.); белгілі бір жұмысты құзыретті маман басшылығымен орындау.

Саналы түрде болмайтын информальды білім алуға: субъектің кәсіби, тұлғалық өсуіне әсер ететін, кенеттен тыс, бағытталмаған білім алуды айтамыз [4].

Формальды емес білім беруге қарағанда информальды білім беру негізгі білімнен бөлек, кәсіби және тұлғалық дағдылар мен біліктерді арттыруға бағытталған, жоспарланған, жүйелі бағдарламаға негізделген.

Қазіргі таңда, информальды білім беру мәселесін әлемдік білім беру жүйесінде теориялық және практикалық бағыттарда зерттеулуде. Информальды білім өзінің ауқымды қорын енді ашып келе жатыр. Және осы мәселені зерделі ұғыну үшін, информальды білім берудің әлемдік модельдерін қарастырайық.

Информальды білім берудің Швециялық моделі

Шведтік модель негізінде информальды білім беру FOLKBILDNING моделін ұсынады. FOLKBILDNING – жинақталған түсінік, іс-әрекеттік курстар, үйірмелер, ересектерді оқытатын мектептер аясында өтетін мәдени іс-шаралардың және т.б. Мұндай білім беру ересек адамдардың өзіндік жетілдіруі мен өзіндік дамуын ғана емес, сонымен қоса, азаматтық қоғамның ұйымдасуына әсер етеді.

Білім беру деңгейі төмен болған көне Швецияда тұрғындардың көп пайызы жоғары білім ала алмағандықтан, қоғамның сұранысы бойынша FOLKBILDNING бағдарламасы ұйымдастырылды. Осындай білім беру форматы, көптеген мемлекеттерде монополиялық болатын, мемлекеттік білім беру жүйесіне қарама-қайшы болып келеді. Мемлекеттік білім беруде әр қатысушы өз еркімен оқу процесіне, курстың мазмұнына өзгеріс енгізе алады және курс бағдарламасы әр қатысушының өмірлік тәжірибесіне және олардың дамуына әсер етуге бағытталған.

Информальды білім берудің басты формасы пәнді оқу мақсатында жинақталған кіші топтардың тұратын үйірмелер болып табылады. Швецияда әр түрлі бағыттағы көптеген үйірмелер бар.

Нидерландтардағы информальды білім алу

Нидерландтарда мемлекеттік білім алу ЮНЕСКО терминологиясына сай келеді. Мемлекет басқарушы ұйымдар «серіктес мектептерді» барынша қолдайды. Оқуға әр түрлі жастағы адамдар қатыса алатын Швецияның моделіне қарағанда Голандық модель жастарды оқуға бағытталған. Әдетте осындай үйірмелер тегін немесе минимальды қаражат тұрады.

Германиядағы информальды білім алу

Германия азаматтарының информальды білім алуына аса жоғары көңіл бөлетін елдер қатарына жатады. Информальды білім алу қазіргі таңда мемлекеттік мектептер қатарына өткен, бірақ, мемлекет информальды білім беруді монополиялық болып табылмайды. Соңғы кездері Германияда жастар мен балалардың бос уақытын өткізуге мүмкіндік беретін орталықтар мен мекемелер ашылу үстінде [7].

Бүгінгі күнде көмпьютерлік технологиялар, адам өмірінің барлық айналасын толық қамтиды және әлемді жеке танудың әлеуетті күші болып табылады. Қазіргі таңда, білім алу процесі қызықты әрі пайдалы болуы мүмкін. Және осындай білім алу, жұмыс орнында немесе желілік пікірлестермен үйде өту мүмкін. Сондықтан, қазіргі кезде, информальды білім беру, ересек адамның өзіндік оқуыныңының эффективті және қолжетімді құралына айналууда.

Ересектерге информальды білім беру мәселесінің әлеуметтік-мәдени мәртебесін көтеру арқылы Қазақстан Республикасы әлемдегі білім беру жүйесіне жетекші позицияларды иелене алады деп ойлаймыз. Олар келесі мәселелерді қамтиды:

- Қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық инновационды дамуын;
- Мемлекеттің халықаралық қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының әлемдегі көшбасшылық рөлін;
- Жаһанданған информальды білім беру аймағын дамыту;
- Информационды технологиялардың дамуын;

Қорта келе, демократия және ашықтық принципі ұстанатын Қазақстан, әлемдегі білім беру жүйесінің кіріктірі және жаһандандыру процесінен тыс қала алмайды. Информальды білім беру, әрдайым өзгеріс процесінде болатын қоғамда, ересек адам үшін қауіпсіздік жүйесі бола алады. Және қауіпсіздіктің субъективті сезімі, ересек адамға өзіне сенімділік, тұрақтылық және өмірлік іс-әрекеттерінің жетістіктеріне қол жетімділік сезімін береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.inform.kz/kaz/article/2745138>
2. European Inventory – Validation of non-formal and informal learning. 2004.
URL:<http://www.ecotec.com/europeaninventory>
3. Стародубцев В.А. Создание персональной образовательной среды преподавателя вуза: учебное пособие / В.А. Стародубцев; Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2012. – 124 с.
4. Павлова О. В. Включение информального образования в жизненные стратегии взрослого// Человек и образование – 2011.- № 4 (29)
5. «Формальное, неформальное и другие формы непрерывного образования». 2012
URL:<http://murzim.ru/nauka/pedagogika/26456-formalnoe-neformalnoe-i-drugie-formy-neprepryvnogo-obrazovaniya.html>
6. You can't manage informal learning – only the use of informal media. 2011.
URL:<http://www.c4lpt.co.uk/blog/2011/10/28/you-cant-manage-informal-learning-only-use-of-informal-media/>
7. <http://gurt.org.ua/articles/28484/>

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Иманбаева С.Т.

*педагогика ғылымдарының докторы
ХПБҒА-ның академигі, Халықаралық КОНКОРД
академиясының корреспондент-мүшесі (Франция)
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

Базарбаева Қ.

*Педагогика ғылымдарының кандидаты
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
мен инженеринг университеті
Ақтау қ.*

Кілттік сөздер: Мәңгілік ел, Қазақстан Республикасы, ұлттық тәрбие.

Аннотация

В этой статье авторами затронуты проблемы национального воспитания молодежи на основе идеи «Мәңгілік ел».

Annotation

In this article examines national problem education on the basis of idea of «Eternal country».

«Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясының білім беру жүйесінде іске асуына байланысты атқарылыпотырған шаралар тарихымыздың өткені, бүгінгі, болашағын сабақтастыра отырып жүргізу мәселесі басты бағытымыз болып табылады. Ұлттық идея, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстаным болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамның интеллектуалды әлеуетін дамытуды көздейді. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында «Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз, бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы, бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан» - деген тұжырымнан бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасындағы сабақтастық болғанда ғана қазақ елін Мәңгілік Ел, Қазақ мемлекеті дәрежесіне көтеруге болатынын халқына аманаттайды[1]. Осыған байланысты қазіргі қоғамда ұлттық тіл, діл, рух, ұлттық сана-сезім, ұлттық таным, елжандылықты күшейту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясы сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алып, Түркі қағанаты тұсында дамып, Алтын Орда, хандық дәуірлерде, «Алқакөл сұлама заманында» өз шегіне жетіп, бүгінде бабалар салған сара жолды жалғастырудың биік шыңын көреміз.

Дегенмен, қазақ елі идеясы қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардың басым болып тұрған тұсында тарихи құндылықтарға аса мән беру қажеттігі туындағаны дау туғызбайды. Яғни, зиялы қоғамды құруда білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, білім беруді және қоғамды ақпараттандыру, қоғам мүшелерінің бойында ұлттық рухани құндылығын қалыптастыру. Бүгінгі таңда Елбасының ұсынып отырған негізгі Стратегиясын қоғамдық үдеріске енгізе білсек, ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, бәсекеге қабілетті, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екені анық.

2013 жылдың қыркүйек айының 3 жұлдызында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Астана қаласының № 64 мектеп-лицейінде өткізген патриотизм сабағында мектептерге«Қазақ елі» пәнін енгізу қажеттілігін атап көрсетті. Осы пәннің маңыздылығына көңіл бөле отырып Елбасы: «Туған жеріңнің, өз халқыңның тарихын білмейінше шынайы патриот болу мүмкін емес... Патриот – өз елін сүйетін және өзге мемлекеттерге құрметпен қарайтын адам» – деген маңызды мәселені көтерді. Президенттің үздіксіз білім беру мекемелерінде «Қазақ елі» ұғымының мәнін ашумен қатар, оқу орындарында аталған пәнді енгізуі туралы ұсынысын дәл осы тұрғыдан қабылдау қажет.

Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады. Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді» - деген құнды пікірі ұлттық дәстүрімізді сақтауға, туған жер мен қазақ ел алдындағы аманат парызымызды ақтауға шақырады.

Қазақ елін дамытуда жаңа саяси басым бағыттарын анықтай отырып, мықты және қуатты Қазақстанды құрудағы бүгінгі білім беру жүйесінің маңызы ерекше екені, елбасы оларда ұлттық сана-сезімдері мен тарихи сананы жан-жақты қалыптастыру мәселесін баса назар аударды.

«Қазақ елі» ұғымы арқылы тарихымыздың талай ғасырлық ерен ерліктері мен елдіктері, ұлттық бірлік, татулық, т.б. құндылық қасиеттері арқылы бабаларымыздың осынау ұлан ғайыр даланы ұрпағана аманаттауын ұрпақ жадысына сіңіру арқылы олардың бойындағы рухани құндылықтарды жетілдіру негізгі миссиямыз болып

табылады. «Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болуы үшін біз бабалардан қалған аманатты есімізден шығармай, үнемі електен өткізіп отыруға тиіспіз»– деп Елбасы айтқандай, жас ұрпаққа отандық тарихты оқытуда мемлекетшілдік дүниетанымның жаңа моделін жасап, осыған байланысты ұлттық құндылықтар мен тарихи жетістіктер бағдарларын ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу.

Міне, жалпы орта білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларына «Қазақ елі» пәнін енгізу мақсаты – өз ана тілін білетін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық мәдениетті меңгерген, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етілген Атамекеннің тұтастығы мен тәуелсіздігін қорғай алатын елжанды, бәсекеге қабілетті, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде қалыптасқан жаңа тұрпатты болашақ маман тұлғасын тәрбиелеу. Туған жерінің, өскен елінің тарихын білу, қазақ ұлты, қазақ елі қалай қалыптасты дегенді біліп алу маңызды деген ұстанымды көздейді.

Бұдан бұрын, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Елбасы күшті және қуатты Қазақстан мемлекетін құрудағы басшылыққа алатын алты негізгі бағыттарды бүгін біздің негізгі тұмарымыздай болуы қажет[1].

«Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей келе, Президент тек ұлттық мәдени кодты (негізді) сақтай отырып қана (тіл, руханият, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы араландығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек», – деген Елбасының құнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы перзенттік парызымызды ақтауға шақырады. Осыған байланысты ғалымдардың ұлттық идеологиялар ұзақ өмір сүреді және ұлттар сол үшін өзінің жеке «мені» үшіндей күреседі, онсыз ұлт туралы әңгіменің болуы да, оның болашақтағы тарихи өмірі туралы сөз қозғаудың өзі де мүмкін емес деген пікірлері орынды.

Білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері бойынша көптеген ғылыми зерттеулерде тұлғаның ұлттық сана-сезімі оның бір ұлтқа жататындығымен, ұлттың өткен, қазіргі және болашақтағы тарихына деген қатынасымен, ана тілін меңгерудегі белсенділігімен, төл мәдениетін игеруімен, ұлт мүддесі мен ұлттық құндылықтарды сезінуі және қабылдауымен, басқа этникалық қауымдастықтармен ынтымақтастық қарым-қатынастарын қалыптастыра алуымен анықталады. Этникалық тұтастықты сезіну көп жағдайда қоғамда өзін жағымды жағынан іске асыруға қабілетті, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруды анықтайтын этникалық бірегейлікке апарды.

Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, өз халқының мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу, жалпы адамның және халықтың дамуына орны толмас шығын әкелетін ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен уақыт байланысының бұзылуына әкеліп соғады. Осыған орай қазіргі жас ұрпақтың басым көпшілігінде ұлттық сана-сезімдерін дамыту және жаңғырту қажеттілігі аса қатты сезіледі. Әсіресе, бұл жайт қазақ жастарының өз ана тілін ғана емес, сонымен қатар міндетті деңгейде өз ұлтының тарихын, салт-дәстүрлерін, ата дінін білмейтін бөлігіне қатысты. Сондықтан «халықты жою үшін оны толығымен құртудың қажеті жоқ, тек оның есін, ойын және сөзін жоғалтса жеткілікті, сонда халықтың жаны да өледі», - деген қарапайым қағиданы есте сақтау маңызды.

Қазір мектептерде «Абайтану», «Алаштану», «Бауыржантану» т.б. пәндер элективтік пәндер тұрғысынан оқытылып жатыр. Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігі тарапынан «Қазақ елі - мәңгілік ел» ұлттық идеясын барлық пәндердің мазмұнына енгізілуі керек деген мемлекеттік тапсырма өте орынды және нақты уақытында ұсынылып отыр. Біз де бұл мәселені шешуде мектептермен қатар арнаулы кәсіптік және жоғары оқу орындарында «Қазақ елі» пәнін енгізу студент жастарды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2009-2010 оқу жылынан бері «Ұлттық тәрбие» пәні, 2012-2013 оқу жылынан Елбасының «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық бағдарламасына сәйкес «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуеті» пәні, 2014-2015 оқу жылынан бастап «Мәңгілік ел» пәнін оқу үрдісіне енгізу арқылы бүгінгі «Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясын іске асыруда іргелі шаралар атқарылып отырғанын көреміз. Аталған ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша «Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы» (С.Ж.Пірәлиев, С.Т.Иманбаева, Ж.И.Намазбаева, Н.Н.Хан, С.И.Қалиева т.б.), «Қазақстан жоғары оқу орындарында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы» (С.Ж.Пірәлиев, К.Н.Нарибаев, К.К.Жампеисова, С.Т.Иманбаева, Н.Н.Хан, Ж.Ж.Молдабеков, М.Қ.Қойгелдиев т.б.) дайындалып, көптеген іргелі жұмыстар жүргізілді.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің басты мақсаты – ұлттық сана-сезімі, мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, өз ұлтын сүйетін, оның салт-дәстүрін, тілін, ділін, дінін, мәдениетін қастерлейтін, еліміздің қазіргі мәдени-әлеуметтік жағдайында жоғары сұранысқа ие болатын нағыз ұлтжанды мамандар даярлау. Өйткені, халқымыздың ежелден қалыптасқан адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге – ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл-парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, өзгеге деген сыйластығымен ерекшеленетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, мол мәдени-рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын еселеп жаңғырта түсетін қырларын жастарға ұғындыра алатындай білім беру қажеттігі күннен-күнге айқын сезіле түсуде. Жаһандану кезеңінде халқымыздың осындай асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне енгізу арқылы жастардың ұлттық қасиетін, ұлттық

дүниетанымын сақтап қаларымыз анық. «Ұлттық тәрбие» пәнін оқу үдерісіне енгізу арқылы біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетіміз бен тарихымызды, дәстүрлерімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра отырып, қазақ елінің болашақ жастарын жаңаша тәрбиелеуді бастадық.

Асылы, ұлттық рухты үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі тым тереңнен басталады. Ұлттық тәрбие қайнарынан қанып сусындаған ұрпақ дені сау, ақылды, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Халықтың өмір тәжірибесінен, рухынан, өнерінен, ділі мен тілінен, ұлттық мінезінен туатын ішкі заңдылықтарды дұрыс түсіндіре білу – жастарымыздың тәрбиесіне оң әсерін тигізбек. Ұлттық тәрбиедегі аса көңіл бөліп отырған мәселеміз – мемлекетшілдік нышандарды дамыту, оны ұрпақ тәрбиесімен ұштастыру және осы арқылы жастардың отаншылдық рухын ояту. Олай болса, елдің, ұлттың мәңгілік болуы оның уақытқа бағынбайтығында, халқын, елін, жерін шексіз сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде жатқаны айқын[3].

«Ұлттық тәрбие» пәнін оқыту барысында біз студенттерге халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл мен діл, дін негіздерін, ұлттық мәдениет, сыйластық, кішіпейілділік, отаншылдық мәселелерін тереңдетіп оқытуға ерекше көңіл бөлінеді.

«Болашақ маманның интеллектуалды әлеуеті» атты пәнді оқытудың мақсаты -адамзаттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын; көптілді және ұлттық өркениеттік мәдениетті меңгерген; бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген; халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын; ақпараттық және инновациялық технологияларды еркін қолдана алатын интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыру.

Пәнді оқыту міндеттері:

-интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру - мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың кепілі екенін;

- Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың әр жылғы Жолдауларындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру идеяларының маңызын;

- Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың алғышарттарын;

-Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы Қазақ елін Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол екенін;

- «интеллектуалдық тұлға» «интеллектуалды ұлт», «интеллектуалдық әлеует», «болашақ маманның интеллектуалдық әлеуеті», «ұлттың интеллектуалдық әлеуеті» ұғымдарының мәнін;

- интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы халықаралық тәжірибелер жиынтығын;

- ұлт зиялыларының қалыптасу тарихы мен оның интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы ролін;

- ұлттық тіл, ұлттық тарихты, салт-дәстүрді меңгерту арқылы студенттердің ұлттық сана- сезімін, тарихи зердесін қалыптасуы;

- болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру барысындағы инновациялық және ақпараттық технологиялардың маңызын;

- жоғары мәдениеттілікке, біліктілікке, бәсекеге қабілеттілікке жетелейтін білімнің басым бағыттарын білуі тиіс[4;5].

Ұсынылып отырған оқу құралының басты ұстанымдары: интеллектуалды ұлт – халықтың интеллектуалды әлеуетінің бейнесі, интеллектуалды дара тұлғаның, ұлттың қалыптасуының негізгі басты бағыт-бағдарын, жолдарын айқындайды, студенттің үздіксіз білім алу мен өздігінен білім алу қажеттілігін жете түсінуіне, интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізгі индикаторларын, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру екенін меңгеруге ықпал етеді. Аталған пәндер республикадағы жоғары оқу орындарының оқу - тәрбие үдерісіне енгізілді. Алғаш рет Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистратура бөлімінде таңдау пән ретінде оқытылып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы және «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында қарастырылған бағыттардың іске асырылуы инновациялық индустриялық экономикаға, біртұтас және топтасқан ұлт ретіндегі қазақстандықтардың жаңа өмір сапасына, ХХІ ғасырдағы ырғақты дамушы және жауапты мемлекет ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделінің жаңа шырдарына көтерілуді көздейтін бірегей бағыттарын көрсете отырып, мызғымас бірлік, тынымсыз еңбекпен, жасампаздық пен жаңашылдық, жауапкершілікпен табысқа жететін интеллектуалды тұлға қалыптастыруды көздейді. Қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық және өркениеттік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот - азаматты қалыпт Университеттің оқу - тәрбие үдерісіне енгізіліп отырған «Ұлттық тәрбие» «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуеті», «Мәңгілік ел» т.б. пәндері арқылы бүгінгі «Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясын іске асыру арқылы болашақ жастардың бойындағы азаматтық - патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға бағыттталып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. Алматы. 2014. -40 бет

2. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – 5 - 27 бб.
3. Пірәлиев С., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г., Нұрғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2014. – 229 б.
4. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013. 36 б.
5. Пірәлиев С.Ж., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е., Шолпанқұлова Г.К., Нұрғалиева Д., Халықова К.З., Ауелғазина Т.Қ. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуеті. Оқу құралы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат». 2014. – 296 б.
6. Қазақстан жоғары оқу орындарында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру тұжырымдамасы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2015. –54б.
7. «Мәңгілік ел». Оқулық. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2015. –336б.

ОТБАСЫ - ТҰЛҒАНЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Абсатова М.А.

*педагогика ғылымдарының докторы
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры*

Нишанбаева С.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты
Алматы қ.*

Кілт сөздер: отбасы, адамгершілік, тәрбие, тұлға, отбасы құрылымы, сапалары.

Аннотация

В статье рассматривается проблема воспитания личности в семье. Авторы раскрывают сущность понятий «семья», «характеристика семьи», «функции семьи». Исследователи попытались актуализировать семью как источник воспитания у личности ценностей.

Annotation

This article about the problem of person's individual education in the family. The authors reveal the essence of the concepts of "family", "family characteristics", "functions of the family." Researchers have attempted to update the family as a source of education at the individual values.

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы ұрпағының келешегіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, тағылымды ұрпақ тәрбиесіне мән беруді қолға алады. Осы орайда өскелең буынды заман талабына сай жетілдіру, отбасы мен мектеп, ұстаз бен ата-ана, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жайлы мәселе қашанда өзекті болмақ. Өйткені баланың дүниетанымдық көзқарасы, адами құндылықтар жайлы білімі тек ата-ананың таным түсінігі мен саналы іс-әрекетін зерделей келе қалыптасады.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, қазіргі отбасы - баланың денсаулығын сақтау, оларды тәрбиелеу, құқықтық және моральдық тұрғыдан жауапкершілігі бар институционалдық бірлік ретінде зерттеледі. Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті.

Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция» (1995), Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» (2011), «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сияқты құжаттар дәлел бола алады. Ал ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуы олардың қоғам алдында өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады. Сондықтан да баланы жағымды ортада тәрбиелеу мен оқыту қазіргі таңдағы ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеуші О.Конт қоғам өмірін ұғынып, түсіну үшін, алдымен отбасы құрылымына назар аудару керек деп есептеді. Ол отбасын ұрпақ сабақтастығын, әрбір жаңа ұрпақты өмірге бейімдеп, қалыптастыратын, тәрбиелейтін кішкентай қоғам деп таныды. Отбасы О.Конттың пікірінше, өнегелік үлгісі бойынша қоғамды орнықтыратын негізгі элемент, әлеуметтік өмір мектебі [1].

Отбасы жеке дара институт ретінде қарастырғанда, алдымен, оның күнделікті өмір сүру қалпы, әл-ауқаты, тұрмыс жағдайы, балаларына, ата-аналарына қамқорлығы, қоғам ағымымен үндестігі, мақсат-мүдделері, арман-тілектері зерделенеді. Отбасы қоғамдық құрылымның негізгі, бастапқы даму, қалыптасу нүктесі, ұстамды тұғыры, шағын әлеуметтік ұясы.

А.Ж.Сқақованың пайымдауынша, отбасы өз құрылымына физиологиялық үрдістермен қатар психологиялық қалыптарды, мәдени құндылықтарды, нарықтық және өндірістік-экономикалық қатынастарды,

демографиялық өзгерістерді, әлеуметтік институттарды тағы басқа да әртүрлі компоненттерді біріктіреді, - деп беріледі. Одан көретініміз, отбасы әлеуметтік-психологиялық топ ретінде зерттеуде жеке тұлғамен қоғамның байланысы тұлғааралық қарым-қатынас деңгейінде қарастырылады [2].

Белгілі болғандай, отбасы - өскелең ұрпақтың әлеуметтенуінің негізгі институты. Ол балалардың жеткіншектердің, жасөспірімдердің жеке дамуы мен ортасын көрсететін отбасының нақты бірқатар сапаларын анықтайды. Бұлар келесідегідей:

- демографиялық – отбасының құрылымы (үлкен, басқа туған-туыстарын қосқанда немесе ата-ана және баласын қамтитын орта; толық немесе толық емес отбасы, бір балалы, аз немесе көп балалы);
- әлеуметтік мәдениеті – ата-анасының сауаттылық деңгейі және олардың қоғам өміріндегі қызметі;
- әлеуметтік-экономикалық – ата-аналардың жұмыстан қолын босата алмауы, мүлкілік сипат;
- техникалық-гигиеналық – күн көріс жағдайы, үй жабдықтары өмір сүру үлгісінің ерекшеліктері болып саналады.

Біздің ойымызша, бүгінгі күндегі отбасы бұрынғы уақыттағы отбасынан мүлдем өзгеше. Ол тек экономикалық тұрғыдағы өзгерістер емес, отбасындағы эмоционалды-психологиялық қызметтің түбегейлі өзгерістерімен ерекше.

Отбасындағы ата-аналар мен балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен көзқарасы соңғы уақыт ішінде үлкен өзгеріске ұшырауда. Олар бір-біріне деген сүйіспеншіліктің тереңділігімен анықталып, эмоционалды-психологиялық күйі одан әрі күшейе түсуде, яғни балалар ата-аналарының өмірінің негізгі құндылығына айналған. Оған оның өз себептері бар. Олардың бірнешеуін атап өтсек:

Біріншіден, отбасы баланың ақыл-ой дамуында жетекші рөлге ие. (Америкалық зерттеуші Блум сәтті құрылған отбасындағы баланың ақыл-ой дамуы мен сәтсіз құрылған отбасындағы баланың ақыл-ой дамуы арасындағы айырмашылық коэффициенті 20 ұпайды құрайды делінген). Сонымен қатар балалардың оқуға деген қарым-қатынасына әсер етіп, оның жемісті болуына себепші болады. Әлеуметтенудің барлық кезеңдерінде отбасының білім беру деңгейі оның мүшелерінің қызығушылықтары баланың ақыл-ойының дамуына ықпал етіп, ол сол ортада мәдениетті қандай деңгейде игерсе, кейін өз бетімен білім алуы да соған байланысты болады.

Екіншіден, отбасының адамның әлеуметтік нормаларды игеру жолында алатын орны үлкен. Әсіресе, отбасы рөлдерін анықтайтын нормалар жайында сөз болғанда отбасының берер әсері өзекті бола түспек. Оның ішінде көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, ерлі-зайыптылардың талғамы, қарым-қатынасы бала күнінде әке-шешесінің үйінде көрген тәрбиесіне қатысты екен.

Үшіншіден, отбасы баланың әлеуметтік және халықаралық қарым-қатынаста көрінетін оның өмір сүру стилін, өмірлік талпыныстарын, жоспарларын, қабілеті мен жетістіктерін анықтайтын бағыттылық құндылықтарын қалыптастырады.

Төртіншіден, отбасы баланың әлеуметтік даму үдерісінде де үлкен рөл атқарады. Себебі адамның өмірінде кездесетін қиындықтар, кикілжіңдер, әр жас кезеңдерінде болатын дағдарыстар барысында қолдау көрсететін де отбасы болып табылады. Сонымен қатар отбасының атмосферасы мен құндылықтары оның мүшелерінің өзін-өзі шынайыландыруына ұйытқы болады.

Отбасы тәрбиесі туралы ата-анаға арналған сөздікте: «Отбасы тәрбиесі» дегеніміз - «Ата-ананың бірлесіп әрекет етуі - бұл отбасы тәрбиесінің заңы. Әке мен шеше – баланы отбасында тәрбиелеудегі негізгі тәрбиелеушілер, сондықтан бұлардың тек бірлесе отырып әрекет етуі қажет. Бала тиянақсыз, ойдағыдай беріліп жұмыс істей білмейтін болса, мұғаліммен немесе сынып жетекшісімен ақылдасып, бұл кемшіліктің одан әрі қарай дамуына жол бермеуге шара қолдануы қажет. Ата-ана ынтымақтаса әрекет етсе, балаға әсер етулері бұрынғыдан да бірнеше рет өсіп отырады. Егер ата-ана өз балаларының тәрбиесі үшін шын мағынасында қам жейтін болса, олар өзара келіспеушілікті оңай жеңе отырып, бір пікірге келіп, бірлесіп әрекет етеді», - деп түсініктеме берілген [3].

Отбасы өмірге бейімделу үрдісінің аралық буыны емес, баланың өз үйі ата-анасының шексіз махаббаты мен жылуына бөленетін жалғыз жер. Ата-анасы баласының жеке тұлғасының барлық жақтарын дұрыс қабылдап, оның қуанышы мен бақытсыздығын бірге бөлісетін болса, баласы бақытты әрі өмірге жақсы бейімделген болып өседі. Алайда баланы өмірге өзінен артық ешкім бейімдей алмайтынын да айта кеткен жөн. Баланың өз бойында талап пен қабілетін ашуы туралы бұған дейін айтып кеткен болатынбыз.

Әдебиеттерге сүйенсек, отбасы – адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі, некеге немесе қандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланысты болғанымен, отбасы – қоғамдық өмірмен салыстыра қарағанда адамдардың биологиялық жағынан ең жақын, өз алдына дербес те сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани үдерістермен сипатталады.

Сонымен қатар, М.С.Каган өзінің отбасы жайлы зерттеулерінде: Отбасының құрылымы оның ішкі элементтерінің тұрақтылығымен анықталады деп көрсетеді. Сондай-ақ, отбасы қоғамдық ортада алатын орнымен ерекшеленеді: «Өйткені ол шағын әлеуметтік құрылым бола тұрып, басқа топтар, институттар, мекемелер т.б. өз бетінше экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынасқа енеді» делінген [4].

А.О.Пинт: «Ата-аналар балаға жақсы тәрбие беру үшін оның мінез-құлқындағы әрбір ұсақ-түйек өзгерістерді байқап білуге қабілетті болуы керек. Педагогтар секілді кез-келген ата-анаға да педагогикалық такт өте қажет. Олар балаларын суықтап қалудан немесе әртүрлі ауруға шалдығудан қорғап, алдын алып жүреді де, дөрекі сөздері мен әрекеттері арқылы олардың жүйке жүйесіне кері әсер ететінін ескере бермейді», - дей келіп, бала тәрбиесінде ата-аналардың бойында педагогикалық байқағыштық, педагогикалық елестету,

педагогикалық такт және ұйымдастырушылық қабілеттердің болуын ұсынса [5], О.Р.Кунц: «Жаксы адам, тек оны дұрыс тәрбиелегенде ғана қалыптасады», [6] - деп дұрыс тәрбиелеу үшін ата-аналардың мынадай алты жағдайды ескеруі керектігін айтады:

- білім;
- отбасы ахуалы;
- педагогикалық такт және талап қоюшылық;
- ата-аналар мен балалардың идеялық тұлғасы;
- ата-аналардың әрекет бірлігі;
- ата-ананың баланың педагогтарымен жиі қарым-қатынас ұстауы.

Ата-ананың өздігінен білім алуы жөнінде С.Қалиев «Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру жөніндегі мектеп жұмысының жүйесі педагогикалық білім беруді отбасындағы ата-аналардың өздігінен алуға басшылық жасауымен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ұжымдық, топтық және жекелей түрлерімен ұштастыруға, ата-аналарға құрмет пен талап қоюға, оны тәжірибеге сүйенуге негізделеді», - деп айтқан болса [7].

Қ.Т.Әтемованың пікірінше, отбасы баланың өмір жолын бастайтын және қоршаған орта туралы тиянақты да терең әсер алатын ұжымы екенін, соның негізінде білім, әдет, мінез-құлықпен өмірге деген көзқарастың қалыптасатынын нақты дәлелдеп көрсетеді. «Отбасында балалар мен ересектер де тәрбиеленеді. Әсіресе отбасының ықпалы жасөспірімдерге ерекше әсер етеді. Сондықтан отбасының тәрбие берушілік қызметі үш аспектіден тұрады:

- Бірінші – баланың жеке басын қалыптастыру, оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту;
- Екінші – үйдегі әрбір адамның жеке басына отбасы ұжымының үнемі жүйелі түрде тәрбиелік ықпал етіп отыруы;

- Үшінші – отбасындағы балалардың үнемі ересектердің өздерін-өздері белсенді түрде тәрбиелеп отыруына мәжбүр ететіндей әсер етуі» бұл айтылғандардың барлығы дерлік өмірлік тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады дейді. Олар: өмірге ғылыми көзқарас, еңбекке деген жоғары адамгершілікті қарым-қатынас, достық пен бауырмашылдық сезімін ояту, қоғамдық мінез-құлық талаптарын сақтай білу, интеллекттік, эстетикалық дамуды дене жағынан дамумен ұштастыру, денсаулығын сақтау мен санитарлық-гигиеналық білімін жетілдіру секілді қоғамнан алған өмірлік тәжірибелері болуы мүмкін [8].

Қоршаған ортаны зерттеу барысында бала өзінің шынайы өмірде нені істей алатынын немесе нені істей алмайтынын біледі, ал айналадағылары әр түрлі жолдармен оның бұл жетістіктерінің қаншалықты құнды екенін көрсетеді. Жеке тұлғаның мінез-құлқын алынатын нәтижелер айқындайды. Бұл нәтиже ішкі немесе сыртқы, алғашқы немесе екінші, материалдық немесе рухани, сондай-ақ, қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін, әртүрлі психологиялық теорияларды жақтаушыларға байланысты. Адам кез-келген жаста мінез-құлықтың ойдағыдай жағымды әсері бар түрлерін жалғастырып дамытса, мұндай әсерлер сүйіспеншілік қасиеттерге тәрбиелейді.

Отбасында баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік – экономикалық және мәдени – тұрмыстық ахуалы. Осыған байланысты орта мектеп мұғалімінің негізгі мақсаты - өмір сүру қажеттілігіне сенімділігі бар баланы тәрбиелеу. Оқушының туған жеріне адалдығын сақтап, қоршаған ортаға белсенді араласып, жалпы мәдени дамытып, білімге деген ынтасын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, болашақта дарынды баланы үлкен ортаға бейімделу болып табылады.

Сонымен, отбасы іс-әрекетінің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (адамгершілік, ұлттық, отансүйгіштік, дене, еңбек, эстетикалық, т.б.) байланыстылығын күшейтіп, соның нәтижесінде бала бойында адамгершілік құндылықтарды кешенді және мақсатты түрде қалыптастыра алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. - СПб: Товарищество худ. печати, 1990. - 247 с.
2. Сқақова А.Ж. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендіру институты: әлеум.ғыл.канд. ... дис. – Түркістан, 2010. – 143 б.
3. Халитова І. Р. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2007. 200 б.
4. Каган М.С. Философия культуры. - СПб.: Петрополис, 1996. -416 с.
5. Ляудис В.Я. Структура продуктивного учебного взаимодействия. Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся. - М.: Просвещение, 1980. - 83 с.
6. Кунц О.Р. Беседы о семейной педагогике. - Уфа, 1981. -150 с.
7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 127 б.
8. Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы: пед.ғыл.канд. ... дис. - Алматы, 1999. – 127 б.

АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Танатарова Ж.Т.

тарих ғылымдарының докторы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау

мемлекеттік университетінің профессоры

Кенжебаева С.Е.

магистр

Кілттік сөздер: Алаш автономиясы, Алаш партиясы, Тәуелсіз Қазақстан, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы

Аннотация

В данной статье автор рассматривает связь времен и идей, Алашская идея, рожденная в начале XX в., продолжает служить интересам независимого Казахстана. достойное наследие общественной мысли и духовного опыта алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ в потоке истории.

Annotation

In this article the author examines the connection to time and ideas, Alash idea, born in the early twentieth century., Continues to serve the interests of the independent Kazakhstan. worthy heritage of social thought and spiritual experience of Alash intelligentsia will support the people of Kazakhstan in the flow of history.

*«Алаштың баласы бұл жолы болмаса,
жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар»*

А.Бөкейханов.

XX – ғасырдың басында қазақ халқының мақсат – мүддесі мен ғасырлар бойы көкसेген асыл арманын жүзеге асыруды өздеріне парыз санаған ат төбеліндей азғана топ – Алаш қайраткерлері екендігі ақиқат.

1905 - 1907 жылдары өрістеген Алаш қозғалысы аясында қазақ зиялыларын бір мақсат - мүддеге жұмылдырған ұлттық демократиялық «қазақ» газетін шығарып, «Алаш» партиясын құрып, өз алдына тәуелсіз мемлекеттік құрылым «Алаш» автономиясын жариялаған, алаш арыстарының идеялары мен жүзеге асырған істері бүгінгі тәуелсіз Қазақстан кезінде жалғасын тапты.

XX ғасыр басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан игі жақсылықтар қазақтың ұлттық идеясын көтеру міндетін парыз санады. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері болатын. Олардың басым көпшілігі жоғары білім алған зиялы азаматтар еді. [1]

Алаш партиясы - қазақтың тұңғыш ұлттық демократиялық партиясы. Алаш (түрік) – бауырластар, қандастар туыстар. Түркі халқы бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. [2]

Партияның құрылу себептері:

1. Қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық, саяси және рухани негізінде қайта құру қажеттілігі пісіп жетті.

Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырады. [3]

Алаш партиясының бағдарламасында мына мәселелер қаралды:

1. Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі ашық және оқу ақысыз, оқу жалпыға бірдей. Қазақ тілінде орта мектептер, институттар ашылады, бастауыш сыныптарда сабақ ана тілінде жүреді.

2. Жер мәселесі ең өзекті болды. Қазақ жерінің асты – үсті байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс, жер туралы заң қабылданғаны, қазақ өз жерінен енші алады. Жерді сатуға тыйым салады. Алаш партиясының бағдарламасының жобасында («Қазақ» 1917, № 291) берілді

1. Онда партия мүшелері халық арасында талқылап, ортақ тұжырымдар жасауға тиіс.

2. Партияның ұйытқысы болған қайраткерлер қазақ елінің 2-ші жалпықазақ

съезін өткізді. Ол съезде өмірге Алашорда - ұлттық кеңес үкметі келді.

1917 жылғы қарашада өткен Бүкілресейлік құрылтайға депутаттар сайлануда барлық қазақ қайраткерлері атына тіркелді. [4]

«Болашақ» бағдарламасының түлектерінің бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда бұлайша еңбектенуі – бұл Алаш қайраткерлері бастаған сара жолдың жүзеге асуының айқын дәлелі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдің Еуропалық бөлігі Қазан, Омбы, Том қалаларында және Еуропа жоғарғы оқу орындарында білім алған Алаш қайраткерлері қазақ халқының мемлекеттік құрылымын жасақтауға айырықша лайықты тұлғалар болған.

«Алаш» қозғалысы идеясы мұраттарының бірі қазақ халқының тұтастығы. Алаш арыстары шетелдегі қандастар мәселесін 1918 жылдары қолға алып, Қытайдың Шығыс Түркістан аймағына арнайы адамдар сапар

шеккен. Бұл сапарды айғақтайтын деректердің бірі Әсет ақынның, «Алаш» толғауы, екіншісі Ахметжанның түсірілген фотосы.

Осы сапардағы Алаш арыстарының басты мақсаты: «Алашорда» үкіметінің Шығыстағы эмиграциялық бөлімдерін ашу. Босып барған ел мен жергілікті қазақтардың басын қосып, Алашорда үкіметінің азаматтары ретінде қытай үкіметіне ресми тіркету. Оларды жерге орналастырып, дербес автономиялық басқару жүйесін құру. Алаш қайраткерлерін толғандырған шет қонып, қиыр жайлағандар. (қазіргі бір сөзбен оралмандар)

Қазақтар мәселесі Қазақстан тәуелсіздік алған ХХ –ғасырдың 90 жылдары жүзеге аса бастады. Нақтырақ айтсақ, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігі жариялаған Қазақстан Республикасы шетелдегі қазақтарды атамекенге жинау мәселесін қолға ала бастады. 1992 жылғы 28 қыркүйекте тұңғыш рет Дүниежүзі Қазақтарының Құрылтайы өтті.

Құрылтайдың нәтижесінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Құрылтайдағы Елбасының: «Бүгінгі құрылтайдың басты мақсаты - бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жайлы ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдырымыздың қалай өрлейтінін талқылау. Қазақ диаспорасының қалыптасуы - зерделі жанды қалдыратын құбылыс. Әрбір үш адамның біреуі атамекеннен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар», - деген тебірінісі жиналған бар қазақты толғандырды.

Міне ширек ғасырға жуық уақыт аралығында Алаш қайраткерлерінің әлемге тарыдай шашыраған қазақты бір мемлекеттің туының астына жинап, ел қылсам деген арман – мақсаттары осылайша орындалып келеді.

Алаш қайраткерлері Алаш автономиясын жариялап, Абылай хан заманынан бері үзіліп қалған мемлекеттік құрылымды қалпына келтірді. 2 жыл 3 ай өмір сүрген Алашорда үкіметінің бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан үшін қалдырып кеткен асыл мұрасы - осынау ұланғайыр жері.

Алашорда үкіметі таратылғаннан кейін, Алаш қайраткерлеріне 1919 жылы амнистия жарияланып, олардың біразы Кеңес үкіметінің жергілікті органдарына қызметке тартылды. Кеңестік жүйе құрамында қызмет ете жүріп, Алаш қайраткерлерінің көпшілігінің Қазақ АКСР –ін құруға ат салысуы, қазақ жерін қазақ осы автономия құрамына енгізіп беріп кетуі қазақ тарихында мәңгі қалды.

Алаш қайраткерлері жасақтап берген қазақ АКСР –нің территориясында 1991 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде бой көтерді. Бұл әр сәт сайын Алаш идеясын санамызда жаңғыртып тұрар көріністер.

1994 жылы сәуірде Қытай Үкметі төрағасының Қазақстанға сапары кезінде Нұрсұлтан Назарбаевпен Ли Пэн қазақ –қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі құқықтық негізде халықаралық шарттарға заңдастырылды. Өйткені, жер –бізге мұра болып қалған бабалар аманаты Алаш қайраткерлерінің аңсаған, соңғы істерінің бірігейлі - ұлттық территориялық біртұтастықты негіздеуі жүзеге асты.

Бұл Алаш автономиясы мен Тәуелсіз Қазақстанның тарихи сабақтастығының жарқын көрінісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы журналы, №5 – 2014 Б. 16-18
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.1 том Б 246
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.5 том Б 251
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы.5 том Б 252

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА ТУЫНДАҒАН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Сабырова З.Қ.

*Әлеуметтік және тәрбие
істері жөніндегі проректор
Қазмемқызпу*

Кілттік сөздер:»Мәңгілік ел», Тәуелсіз Қазақстан, Мәңгілік тіл, елдің болашағы

Аннотация

В данной статье автор дает определение понятию «Мәңгілік ел», значимость понятия в экономическом и социальном развитии общества

Annotation

In this article the author gives a definition of «Мәңгілік ел», the importance of the concept of economic and social development sotsalnom

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік саладағы серпінді дамуына ерекше назар аудара келе, алдағы он жылдыққа арналған, басым бағыттар белгіленген стратегиялық құжатта қазақстандық азаматтарға бірқатар тапсырмалар жүктелді. Бүгінде дамыған 30 елмен тереземізді теңестіру үшін

көптеген экономикалық және әлеуметтік тұрғыдағы кедергілерден өтуіміз қажет. Экономиканы құру, инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы, сондай-ақ денсаулық және білім беру саласын дамыту – жас мемлекеттердің алдына қойылған мақсаттардың кішкене бөлігі ғана. Осыған орай, елдің дамуын сауатты стратегиялық жоспарлаудың маңызы зор. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халқына Жолдауы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі екені даусыз. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбында өрбіген Жолдау Отанымыздың әлемнің дамыған елдері қатарынан орнымызды ойып алып, саяси беделімізді арттыра түсуге негіз болмақ. Қарапайым ел жұртшылығының өмірі де назардан тыс емес. Мемлекет байлығы – халқымыздың әл-ауқатын жақсарту, бейбіт өмір сүруді қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын нығайту Президент Жолдауларында басымдық берілетін басты тапсырмалар болып табылады. Егемен еліміздің тұрақты дамуына септігін тигізер, мемлекетіміздің жарқын болашағын көздейтін тарихи құжатта - Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуі жолындағы басым бағыттар нақтыланды. Бүгінде Президентіміздің салиқалы саясатының арқасында еліміз бақуатты мемлекеттермен иық тіресе алатын деңгейге жетті.

«Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы», - деп атап өтті Н. Назарбаев. Бұл ретте Мемлекет басшысы Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізгенін, еліміздің жүрегі елорда тұрғызылғанына тоқталды. «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деді Ұлт Көшбасшысы. Сонымен қатар, Президент Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынғанын алға тартты. «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екені баршаға мәлім. Бұл - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік, талай елдің тағдырын құрдымға жіберді. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол - Мәңгілік Ел», - деді Елбасы.

Елбасымыз Мәңгілік Елге бастайтын, абыройлы әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға зор сенім артып отыр. Өйткені, Отанымыздың болашағын баянды етіп, аға буын салып кеткен сара жолды жалғастыратын – жастар! Сондықтан, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолында аянбай еңбек етіп, Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту – тікелей жастардың қолында! Ұлт Көшбасшысының, ел ертеңі – жастарға көбірек жүгіне сөйлеуі – осының айшықты дәлелі. «Бұл Стратегия Сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Елдің болашағын бірге жасаңыздар!» деген Елбасы Қазақстанның болашағын жастармен байланыстырады. Бүгінде республикамыздың әрбір екінші тұрғыны 30 жасқа толмаған өскелең жастар. Жас буын өкілдеріне арналған мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асуда. Соңғы жылдары жоғары білім алуға берілетін гранттар саны ұлғайтылып, мемлекеттік «Болашақ» Бағдарламасы аясында жас қазақстандықтар әлемнің таңдаулы оқу орындарында озық білім алуда. Ең басты міндет ретінде белгіленген - әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру – Қазақстан жастарының мойнына жүктелер үлкен міндет болмақ. Осыған орай, жастар да өз білімімен, жаңашылдыққа деген құштарлығымен осы мұратқа лайық болуға, соның талабына жауап беруге тиіс. Сонда, «Қазақстан-2050» Стратегиясын орындалуы да өз уақытында жүзеге асары сөзсіз. Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырушы да, жемісін көруші де – жастар. Сондықтан, өздеріне артылып жатқан сенімді үлкен жауапкершілікпен ақтау әрн жастың басты міндеті болып табылады. Елбасының жастар саясаты дамуын нақтылай түскені – жастарға үлкен сенім артқаны деп қабылдаймыз. Мерейлі істердің берекелі бастауы белгіленген аталмыш тарихи құжатта ең бастысы – ұлттық идеяның тұғыры айқындалып, қазақ тілінің мәңгілік тіл екендігі айтылды. Шынымен-ақ, қазақ тілі – ұлт тірегі. Дәл осы «Мәңгілік Ел» ұғымы ұлтты ұйыстырып, болашаққа бет алған бағдарымыздың дұрыстығына кепіл бола алады. Сондықтан келешегіміз кемел болуы үшін – бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз шарт. Қазақ тілі – ортақ құндылығымыз. Қазақ тілі – мемлекетімізде өмір сүретін ұлттар мен ұлыстар ұйытқысының кепілі болуы қажет. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білген жөн» деген Елбасы сөзі «елім» деген әрбір азаматтың көкейіне тоқылса, бірлігіміз беки түспек. Әр қазақ үшін Ана тілі бәрінен де жоғары тұруы тиіс. Өйткені, Біз – қазақ деген халықтың перзентіміз. Елге деген құрмет, өз Отаныңа деген сүйіспеншілік – алдымен өз ана тіліңмен қалыптасарын білген жөн. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген Қадыр Мырзалиев ақын-ағамыздың айтқанындай, өз Ана тіліңді құрметтеу өте маңызды. Сондықтан Елбасымыз да тілді дау - дамайдың төркініне емес, даму мен өркендеудің негізіне, ұлттың ұйытқысына айналдыру - баршамыздың парызымыз екендігін бәрімізге де тағы бір мәрте тиянақты ұғындырды.

Қазақ тілі – барша жұрттың сұранысына ие болып, жаппай қолданыс тіліне айналар күн алыс емес. Қазақ мемлекеті атану – біздің өз қолымызда! Елімізді мекен ететін халықтың бәрі мемлекеттік тілді құрметтейтін, күнделікті өмірінде кеңінен қолданатын уақытты жеделдету - ең алдымен бізге, қазақтарға сын! Басқасын былай қойғанда, Елбасының кезекті Жолдауындағы «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген тілегін орындасақ та – тіліміз талай биікке жетіп қалар еді. «Тілге құрмет – елге құрмет» екенін алдымен жастар

өзінің жеке басымен көрсете білуі керек. Солай еткенде ғана 2050-ші жылға дейінгі даму арнасын айқындап алған мемлекетіміз тағы бір мұратына жетпек.

Мемлекет басшысы болашаққа үлкен талпыныспен, ұмтылыспен қарап, халыққа деген үлкен сенімін білдірді. Бұл – терең ойланатындай бағдарламалық құжат болып қала бермек, өйткені біздің дарын ғасырымыз – жеңілдің асты ауырдың үстімен өткерер жеңілтектікті көтермейді. «Еңбек», деді елдің басшысы, «ғылым», деді елдің басшысы. Екеуіне иек артпай, ертеңіміз жоқ, деді елдің басшысы. Жолдау әрбір адамның ертеңгі күніне үлкен сенім ұялатады. Қазақстан 20 жылдың ішінде қоғам өмірінің барлық саласында жаңартуды өте жоғары деңгейде жүргізді. Тәуелсіздігіміз өз қолымызда, іргелі мемлекет болдық. Жолдаудың әрбір жолында Президенттің еліміздегі миллиондаған халықтың әл-ауқаты, жағдайына байланысты қамқорлығы сезілген. Себебі бұл жолдауда елімізді дамыту, әр отбасының, азаматтың жағдайын одан әрі жақсарту, халқымыздың бірлігін, тыныштығын қорғау жолдары нақты көрсетілген. Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Таяудағы 3 жыл ішінде, 2017 жылға дейін орын жетіспеушілігін жойып, қажетті жерлерде елдегі барлық мектепті екі ауысыммен оқытуға көшіру, таяудағы 2-3 жылда дуальдік, техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру, келешекте жастардың техникалық білім алуын мемлекеттік кепілдендіруге көшіруді қарастыру қажеттігі туралы Елбасы нақты тапсырыс берді. Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің келешегі өз Отанымызды әлемдегі ең табысты мемлекеттердің біріне айналдыруға бел бұған жандардың қолында екенін атап өтті, бұл ретте жастарға ерекше назар аударды. Менің ойымша «Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы барша жастарымызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген «Қазақстан-2050» стратегиясы – ұлттың ұлы бағдары. Елулікті еңсердік, енді дамыған отыз мемлекеттің қатарына енуді мұрат етіп отырмыз. Елбасының халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауы қоғам дамуына үлкен жігер беретіні сөзсіз. Таяу және алыс болашақтың бағыт-бағдарын айқындап, алға үлкен міндеттер белгілейді. Мұнда Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуының басты негіздері мен 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму көкжиектері айқын көрсетілген. Сонымен қатар, онда елдің өркендеуі мен оның әрбір азаматының игілігіне негізделген «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы арқылы ел тағдыры мен әрбір қазақстандықтың жарқын болашағы көрініс табады. Жолдауда көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін Мемлекет басшысы нақты және айқын міндеттер қойып отыр.

«Мәңгілік ел» идеясы қазақ елі үшін заңдылық. Себебі қазақ халқының мыңдаған жылдар тарихынан, Тәуелсіздік жолында туындаған ұлттық идея. Мемлекетіміз мәңгілік ел болуы үшін Отанымыздың тәуелсіздігін нығайту біздің басты мақсатымыз. Бізде бір ақ мүдде бар, ол біздің ортақ құндылықтарымызды сақтап, еркін және өркендеген елде өмір сүру. «Мәңгілік ел» сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынды. Оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Десе де, бірер пікірді алға тастап, айтқанымызды бекемдеп алайық. Мәселен, белгілі түрколог ғалым, тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы «Бұл, әрине, тектен-текке шыққан дүние емес. Кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк абыз негізін қалаған идея» дейді. Бұл тарихи асыл мұратты Президент те дөп басты. «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы» деді. Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Алайда айтылғанның бәрі ақиқатқа айналып шыға келеді деу қисынсыз болар. Ата-баба құндылығын ауызбен айту бір басқа да оған барынша адал, әрі шын жанашыр болып, оны қайраткерлікпен, тектілікпен іске асыру екінші мәселе. Біздің рухани ұстыны жұқарып, ұлттық мәні тайыздалған қоғамда бұндай үлкен идеяны бірден көтеріп шыға келу тосын құбылысқа балағатыны да анық. Белгілі қоғам қайраткері М.Жолдасбеков «Біздің тарихтан да, Құраннан да білетініміз мәңгілік тек Аллаға тән. Алладан басқа жер бетінде, аспан астында мәңгі ештеңе болмайды. Бірақ бізге адаспай жүретін идеология керек. Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» деп ойлаймын. 2050 жылы біз «Мәңгі ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр» – дейді. Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды. Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. Елбасы Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуға бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3 - 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп атап көрсетті. Осыған орай, үлкен жауапкершілік жүктеліп отырған мұғалімдерге жаңашылдықпен жұмыс жасауға тура келеді. Елбасы Жолдауында өмірдің баға жетпес құндылығы – балаға, бала тәрбиесіне, болашағына көп көңіл бөліп отыр. Отбасы, әке мен бала, бала мен ана мәселесіне – «Бала тәрбиелеу - болашаққа үлкен инвестиция» деуінде үлкен мән жатыр. Бұның барлығы ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған әрекет. Адамзат өзінің байырғы құндылықтарынан ажырамауы үшін ат салысып, адамдарды ізгілік пен қамқорлыққа шақыруы көңілге

қонымды. Отағасының серігі отанасы демекші Елбасы Жолдауында әлеуметтегі әйел адамның рөлі, оның келешегі жөнінде айтылған. Әйел адам ең алдымен - ана. Ал ана - отбасы, мемлекет шамшырағы. Қыз баланы – ұлттық дәстүрде тәрбиелеп, құрметтеу керектігін, оны зорлық – зомбылықтан сақтау, заманға сай білім алып, кейін қызмет етуіне құқылы екендігі айтылған. Баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмек көрсету, олар үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауларына жағдай туғызу перспективасы қуантады. Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Ұлт көшбасшысы ұсынған "Мәңгілік ел" идеясы - халықтар бірлігінің символына айналады. Қазақстан жұртшылығын ортақ мүддеге жұмылдырып, ұлы мұратқа жетелейді. "Мәңгілік ел" -- бірлігі бекем, халқы тату, тірлігі табысты елдің келешегін нығайтуға бастайтын ұлы идея. Тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап өз елін жарқын болашаққа бастап келе жатқан Нұрсұлтан Назарбаев сынды Ұлы көшбасшысы бар Қазақ елі – аз уақыт ішінде тарихта бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізді.

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама.

Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұратымыз. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол- мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн деп ой түйді. Олай болса, ана тілімізді- мәңгілік тіл ету өз қолымызда.

Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізіп, дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін тұғырлы идея.

ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТИРЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ШКОЛЫ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Г.Ж. Джуманова
Б.К. Кудышева
Б.Ч. Дуанабаева
г. Алматы

Ключевые слова: Воспитание, школа, ценностные ориентиры, воспитательная система, национальная идея «Мәңгілік Ел»

Аңдатпа

Мақала мемлекет білім беру ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» жинақталған негізгі құндылықтар ұлттық жүйесін қатынастарының жайландыру мәселелерін көрсетеді. Мектептердің білім беру жүйесінің мүмкіндіктері, кең әлеуметтік ортаға біріктірілген. Мектеп білім беру жүйесі ұлттық идеяның жүзеге асыру үшін тиімді тетігі болып табылатын педагогикалық шарттардың сипаттамасы.

Annotation

The article shows the conditioning of attitudes of the national system of education national idea " Mangilik El accumulated core values of the state. The potentialities of educational system of schools, integrated into broader social environment . The description of the pedagogical conditions in which the educational system of school becomes an

effective mechanism for the implementation of the national idea .

Ценностные установки национальной системы образования закономерно обусловлены национальной идеей, воплощающей в себе сакральные понятия отечественной истории и культуры, которые призваны сыграть объединяющую, вдохновляющую и воспитывающую роль в переломные периоды развития общества. С первых дней истории суверенного Казахстана руководство страны во главе с Лидером нации Н.А.Назарбаевым стремилось обеспечить единство народа и государства, четко осознавая значимость для каждого гражданина уверенности в будущем, наличия перспектив и возможностей личного и профессионального роста. Два десятилетия успешного развития Казахстана во всех сферах жизни привели к тому, что все казахстанцы, независимо от конфессиональной или этнической принадлежности, стали испытывать гордость за свою страну и ее достижения. Это стало основанием для провозглашения Президентом РК в Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» идеологии нового казахстанского патриотизма, способной объединить весь народ уверенностью в благополучном будущем. «Я твердо уверен, что казахстанцы 2050 года - это общество образованных, свободных людей, говорящих на трех языках. Они граждане мира. Они путешествуют. Они открыты новым знаниям. Они трудолюбивы. Они патриоты своей страны. Я убежден, что Казахстан 2050 года – это общество всеобщего труда. Это государство с сильной экономикой, где все делается для человека. Где лучшее образование, лучшее здравоохранение. Где царит мир и спокойствие. Где граждане свободны и равны, а власть справедлива. Там верховенство закона. Я верю в то, что мы движемся правильным курсом, и ничто не сможет сбить нас с верного пути» [1]. Эта консолидирующая идея была развернута и обобщена в Послании Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». В этом исключительной важности документе дана всеобъемлющая характеристика общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», аккумулировавшей главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Они отражают опыт Казахстанского пути, выдержавшего испытание временем: «Во-первых, это Независимость Казахстана и Астана. Во-вторых, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе. В-третьих, это светское общество и высокая духовность. В-четвертых, экономический рост на основе индустриализации и инноваций. В-пятых, это Общество Всеобщего Труда. В-шестых, общность истории, культуры и языка. В- седьмых, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Благодаря этим ценностям мы всегда побеждали, укрепляли нашу страну, множили наши великие успехи. В этих государствообразующих, общенациональных ценностях заключается идейная основа Нового Казахстанского Патриотизма» [2]. В своих последующих выступлениях Глава государства вновь дополнил и конкретизировал свое видение Нации единого будущего. «Необходимо дальнейшее укрепление казахстанской идентичности. Она должна основываться на принципе гражданства. Все граждане должны пользоваться одним объемом прав, нести один груз ответственности и иметь доступ к равным возможностям. Консолидирующие ценности на базе идеи Мәңгілік Ел – это гражданское равенство; трудолюбие; честность; культ учености и образования; светская страна – страна толерантности. В этом случае гражданство будет самым надежным фундаментом устойчивого и успешного государства. Развитие триединства языков - казахского, русского и английского – это залог консолидации общества, роста его конкурентоспособности. ...Наша главная цель, чтобы казахстанцы ставили новые общенациональные ценности – верховенство права, государственные традиции, казахстанские ценности – выше своих этнических поведенческих моделей. Объединяющей для всех казахстанцев выступает евразийская идея, которая реально синтезирует в казахстанце лучшие качества и азиата, и европейца. Системой общегражданских ценностей должна выступать идея Мәңгілік Ел, оформленная в важнейший документ государства.

В школах необходимо ввести в программу обучения преподавание ценностей всеказахстанской идеи «Мәңгілік Ел» [3]. «Сила любой страны – в единстве ее народа.

«Стратегия-2050», новая индустриализация, «Нурлы жол», Пять народных реформ, «Мәңгілік Ел» – это поколенческие мега-проекты, рассчитанные на многие годы вперед. Их способен запустить только мощный всенародный механизм. Таковым может стать нация единого будущего. Мы формируем уникальную модель единства народа. Нас объединяют, во-первых, общая любовь к нашему общему дому – Казахстану. Во-вторых, общественное согласие по отношению к истории нашей древней земли и развитию языков. В-третьих, глубокая вера в настоящее и великое будущее нашего государства и ее граждан. Это и есть основа нашей Вечной Родины - Мәңгілік Ел. ...Главный источник казахстанского национального духа – единство народа на основе общих духовно-нравственных ценностей. Наша Конституция гарантирует и защищает равенство прав всех граждан независимо от расовой, этнической, религиозной и социальной принадлежности. Вместе с тем, необходимо дальнейшее укрепление казахстанской идентичности. Она должна основываться на принципе гражданства. Все граждане должны пользоваться одним объемом прав, нести один груз ответственности и иметь доступ к равным возможностям» [4].

Как известно, руководством страны принят План нации, определяющий 100 практических шагов по реализации пяти институциональных реформ Н.Назарбаева [5]. Часть из них имеет непосредственное отношение к системе образования: Шаг 85. Разработка проекта патриотического акта «МӘНГІЛІК ЕЛ». Шаг 86. Разработка и реализация масштабного проекта Ассамблеи Народа Казахстана «БОЛЬШАЯ СТРАНА – БОЛЬШАЯ СЕМЬЯ», который укрепит казахстанскую идентичность и создаст условия для формирования

целостной гражданской общности. Шаг 87. Разработка и реализация национального проекта укрепления гражданской идентичности «МЕНИҢ ЕЛІМ», в рамках которого предусмотрена реализация серии технологичных проектов. Шаг 88. Разработка и реализация национального проекта по продвижению идеи Общества Всеобщего Труда, который направлен на продвижение идеи общества всеобщего труда с учетом планов реализации программы инфраструктурного развития «НУРЛЫ ЖОЛ», второй пятилетки индустриализации, а также персональных историй успехов казахстанцев (героев нашего времени), добившихся благодаря государственной политике высоких результатов в трудовой, предпринимательской, научно-образовательной и другой профессиональной деятельности за годы независимости, престижности и популярности в обществе рабочих и профессионально-технических специальностей, отвечающих потребностям государственной политики индустриализации и реализации Стратегии «Казахстан-2050». Шаг 89. Разработка и реализация национального проекта «НУРЛЫ БОЛАШАҚ», внедрение ценностей МӘҢГІЛІК ЕЛ в действующие учебные программы школьного образования. Шаг 90. Информационное сопровождение и продвижение реализации 5 институциональных реформ, а также идеи казахстанской идентичности в СМИ, Интернете, масс-медиа нового поколения, а также в социальных сетях.

Мы убеждены, что для успешной реализации всех обозначенных выше задач необходимо поднять на качественно новый уровень организацию воспитательной работы в школах, чтобы каждая из них стала воспитательной системой, интегрированной в широкую социальную среду.

Ярким примером такой воспитательной системы является гимназия №132 г. Алматы, создавшая благоприятные условия для социализации и гражданско-патриотического воспитания школьников [6]. Здесь учителя, дети и их родители объединены общими ценностями и целями, совместной деятельностью, включены в широкие контакты с гуманитарными организациями и видными общественными деятелями. В гимназии созданы благоприятные возможности для политической и правовой социализации детей и молодежи посредством организации ученического самоуправления, детских организаций (школьный парламент, дебатный клуб, КВН и др.). Благодаря участию в школьном самоуправлении учащиеся получают возможность попробовать силы в роли лидера, оценить свою роль избирателя и сформировать к ней отношение, понять смысл участия в представительских органах власти, осознать роль законов и воспитать у себя готовность к их исполнению, определить собственную гражданскую позицию. Средством эффективного развития школьников является центр творческого развития детей (ЦТР), где функционируют клубы по интересам.

Участие детей в клубах по интересам, кружках и секциях позволяет приобщать их к гуманистическим ценностям, создает благоприятные возможности для усвоения ими социальных норм, решения актуальных жизненных и нравственных проблем.

Способами творческого самовыражения и познавательной деятельности учащихся являются Клуб веселых и находчивых «Замандастар», пресс-центр, который включает школьное телевидение - «НУТВ» и журнал «Оркен», дебатный клуб «Позиция», Международную программу «Одиссея разума», научное общество учащихся «Искер» и др. В них созданы условия для самореализации и творческого развития детей.

Важное значение в расширении образовательно-воспитательного пространства школы имеет школьный журнал «Оркен» и клуб ученического телевидения «НУТВ». Для учащихся данный проект стал возможностью максимального раскрытия своего творческого потенциала, самоутверждения и саморазвития. В дебатах, как новой педагогической технологии, проявляются позитивные изменения в личностных, нравственных качествах и поведении участников данной программы. Педагогами отмечается расширение общего кругозора ребят. Их ответы на уроках отличаются всесторонним подходом, глубоким анализом, творческим подходом к выполнению заданий. Учителя отмечают уверенность в публичных выступлениях и другие лидерские способности этих ребят.

Членов дебатного клуба отличает высокий уровень развития социальной активности. Они понимают значимость участия в решении социальных вопросов, необходимость привлечения внимания властных структур к решению затронутых проблем.

Действенным инструментом усвоения этических ценностей и развития творческо-познавательной активности учащихся является программа «Одиссея Разума», в которой учащиеся, решая творческие задания определенной направленности, совершенствуют свои знания, развивают умения, связанные с научным поиском, учатся оценивать ситуации в реальных условиях, выявляют причинно-следственные связи явлений и процессов. Система разнообразных коллективных дел и проектов в клубах по интересам в полной мере способствует реализации творческой индивидуальности школьников.

Как видим, воспитательная система школы играет большую роль в контексте реализации общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» и культивировании гражданско-патриотических ценностей в казахстанском обществе.

В процессе целенаправленной социализации в условиях воспитательной системы гимназии школьники усваивают качества, необходимые для полноценной жизнедеятельности в обществе. Они обретают чувство собственного достоинства, потребность в самосовершенствовании, способность хорошо ориентироваться в жизненных ситуациях, принимать решения и нести ответственность за свою судьбу.

Список литературы:

1. Послание Президента РК народу Казахстана «Стратегия «Казахстан- 2050» - новый политический курс состоявшегося государства», 14 декабря 2012 г.

2. Послание Главы государства Н. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 г.
3. Выступление Президента Республики Казахстан, Председателя партии «Нур Отан» Н. Назарбаева на XVI съезде партии, 11.03.2015. – «Современное государство для всех: Пять институциональных реформ». http://www.akorda.kz/ru/page/page_219934_tseremoniyaofitsialnogo-vstupleniya-dolzhnost-prezidenta-respubliki-kazakhstannursultana-nazarbaeva
4. Выступление Президента Казахстана Н. Назарбаева на XXII сессии Ассамблеи народа Казахстана, 23.04.2015. - «Мәңгілік Ел: одна страна, одна судьба»// http://www.akorda.kz/ru/page/page_219853_142_vystupleniya-prezidenta-kazakhstana-n-nazarbaeva-na-khkhii-sessiiassamblei-naroda-kazakhstana
5. План нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н. Назарбаева, 20 мая 2015. <http://www.inform.kz/rus/article/2777943>
6. Дуанабаева Б.Ч. Формирование гражданской позиции старшеклассников в условиях воспитательной системы школы. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. 13.00.01. - Алматы, 2010.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТЫҚ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Сансызбаева К.З.
Жапақова Г.Қ.
Бакенова Ж.А.**

*«Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Ф
Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
Ақтөбе қ.*

Кілттік сөздер: Тәрбие, азаматтық-патриоттық тәрбие, ұлт, «Мәңгілік ел», ұлттық идея, оқу-тәрбие, жаһандану, патриоттық сана, іс-әрекет, түйсік, туған жер, ел, патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм

Аннотация

Статья посвящена формированию и развитию гражданско-патриотического воспитания на основе национальной идеи «Мәңгілік ел». В статье подчеркивается, что идея «Мәңгілік ел» должна способствовать развитию патриотических ценностей личности и формированию Казахстанского патриотизма.

Annotation

The article is devoted to the formation and development of civil and patriotic education on the basis of national idea " Mangilik eat ." The article emphasizes that the idea of " eating Mangilik " should promote patriotic values of the individual and the formation of the Kazakhstan patriotism.

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты – экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізіп, дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін тұғырлы идея.

«Мәңгілік ел» – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – дейді Елбасы. Мұндағы «ұлттық» ұғым түсінігі барша Қазақстан халқын қамтыған мағына білдірсе, «Мәңгілік ел» идеясы мемлекет құраушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтауын, көпұлтты, межесі мен мәресін айқындайтын іргетасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы қаланды. Қазақстанда елдікті нығайтып, тәуелсіздікті баянды ету үшін Елбасы «Ұлт жоспары. 100 нақты қадам» бағдарламасының 85-қадамы «Мәңгілік ел» идеясына арналды. Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Бала құқығы туралы декларацияда» және үкімет құжаттарында, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен басылым беттерінде айқын аңғарылады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты «қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып

саналады. Ел егемендігінің тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуына бірден-бір ықпал еткен фактор – бұл Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу- тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу- тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі- патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі педагогикалық үрдіс. Жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу бір кезендік іс емес. Патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идиологиясы және айқын жүйесі бар. Мектептерде жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың туған жерін туаларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан батырлары мен танымал тұлғалары көп ел екені даусыз. Ал оларды тәрбие беру құралына айналдыру елтану бағытында жасалған оңды шара. Мысалы, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Баян батыр, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар. Әлемдік озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары: Ш.Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол. Тәлімдік ой пікірмен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық тұжырымдары өміршеңдігімен құнды.

Патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, елжандылық проблемаларына көптеген тарихшылар мен философтар (М.Қозыбаев, Ә.Нысанбаев, А.Қалмырзаев, А.Ахметова, К.Меңлібаев және т.б.) филолог жазушылар (М.Әуезов, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Ә.Нұршайықов және т.б.) аса назар аударған. Педагогика ғылымында патриоттық тәрбиенің бірқатар салалары, атап айтсақ, оқушылардың саяси мәдениетін қалыптастыру (К.К.Жампеисова, Ю.Г.Наумова, Е.З.Батталханов), жас жеткіншектерді революциялық ерлік және еңбек дәстүрі рухында тәрбиелеу (К.Құнантаева, Ә.Жұмақанов, Ш.Әміралиев, С.Ешімханов, А.Щербаков, Д.Құсайынова және т.б.), оқушылардың адамгершілік-құқықтық (А.А.Калужный, В.В.Трифонов, Л.К.Керімов және т.б.) азаматтық (С.Б.Омарова, Ж.Мақатова) тәрбиесін жүзеге асыру болашақ мамандардың патриотизмін қалыптастыру (А.Қ.Қалимолдаева) сияқты салалары зерттелген. Қазақ халық педагогикасын патриоттық тәрбие беру мақсатында пайдалануға байланысты орындалған жұмыстардан С.Иманбаеваның (ұлттық жауынгерлік дәстүрлер арқылы оқушыларды ерлікке тәрбиелеу), Л.Бейсембаеваның (қазақ ерлік эпосы арқылы жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу) зерттеулерін, Қ.Б.Жарықбаевтың (Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойлардың дамуы), С.Қалиевтың (Қазақ халық педагогикасында тәрбие мен білім берудің ғылыми-педагогикалық негіздері), С.Ұзақбаеваның, Р.Төлеубекованың, К.Қожахметованың, Р.Дүйсембинованың патриоттық тәрбиені ішінара қарастыратын зерттеулерін, Ә.Табылдыевтің (қазақ ерлік эпосын оқыту әдістемесі) атты зерттеуін атауға болады [1;45]. Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүйуге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда патриоттық сезімді ардақтап, батырлық, ерлікке мадақталу, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген. Бұл тақырыпта әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын, оларда халықтық батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардақтағанын білуге болады. Егер, бала жас кезінен ұлттық жырларымыздың сұлулығын сезініп, мазмұнындағы адами құндылықтарды бағалай білсе, оның өз Отанына, халқына, төл өнеріне сүйіспеншілігі артатыны сөзсіз. Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі - ертегілер. Қазақ халқы, оның ішінен шыққан дана адамдар өз заманының адамдарына да, кейінгі ұрпақтарына да жақсы тәрбие беруді көздеген. Философиялық сөздікте «патриотизм (грекше *patris* – отан) – адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [2;80]. Патриотизм – жеке тұлғаның «табиғат-адам-қоғам» жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Патриотизм- отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту. Патриотизм грекше *patriotes*- отандас, *patris*-отан, туған жер деген ұғымды білдіреді. Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым- қатынасты білдіреді» - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [3; 95]. Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік- қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, қамқорлықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап-қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Қазақ совет энциклопедиясында «Патриотизм дегеніміз (грек *patriotes*-отандас, *patrio*-отан туған жер) отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш пен қуаты білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет- ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастады»- деп атап көрсетеді. Ал, қазақ ұлттық энциклопедиясында: «Патриотизм – Отаншылдық, отансүйгіштік, адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», - деп анықтама берілген [4; 95]. Патриоттық тәрбие – жастармен жүріп жатқан қазіргі жұмыстардың басым бағыттарының бірі. Қазақстан қоғамында патриоттық тәрбие деген ұғым – Отанға деген, өзінің халқына деген махаббат, адалдық, азаматтық және қоғам игілігі үшін қызмет ету деген сияқты түсініктер ретінде қалыптасқан. Патриотизм – азаматтардың ұлттық санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде қоғамның рухани-адамгершілік тұрғыдан жаңғыртуы. Сонымен, патриотизм –

кешенді рухани және әлеуметтік феномен, оған өз еліне деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, өзінің күші мен қоғамның күштеріне деген сенім кіреді. Патриотизм – идеология және психология, саясат пен адамның Отанға деген ерекше, көтеріңкі, шын берілген қатынасын білдіретін қызмет. Патриотизм сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адам бойына дарыта білу керек. Бұл – күрделі, көп жоспарлы процесс. Оған тарихи сананы, яғни елдің батырлық және қайғылы оқиғаларын сараптап, елдің тарихына, мемлекеттік рәміздеріне, заңдарына, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау кіреді. Бұл процесс отбасы тәрбиесіне, күнделікті қолданылып жүрген дәстүрлерге, еліміздегі өмірдің деңгейі мен сапасына, әлеуметтік бағдарламалармен қанағаттандырылғандыққа, яғни адамның өз елін мақтан тұтуына мүмкіндік беретін барлық факторларға едәуір дәрежеде байланысты болады. Бұл жайында Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Әрбір қазақстандық өзінің ұлттық тиесілігіне қарамастан, Қазақстан – бұл оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ылғи да дайын болатын, оның қанына сіңген туған мемлекеті екенін сезінуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық патриотизм сезімін арттыру және тәрбиелеу үшін түпкілікті негіз пайда болады, тек осы жағдайда ғана отандастар қазіргі уақытта Қазақстан ретінде бүкіл әлемге әйгілі мемлекетке тиесілігі үшін мақтаныш сезімін байқайды». ХХІ ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш-жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді. Бүгінгі жаһандану үрдісінде, патриотизм ұғымы халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау, яғни жалпыадамзаттық патриотизм тұрғысынан қарастырылады. Сондай-ақ, патриотизм ұғымын жан-жақты талдау «елжандылық» ұғымын анықтау оны «ұлтжандылық» ұғымымен салыстыра қарастыруды қажет етеді.

Оқушылардың бойында азаматтық – патриоттық сана – сезім, іс -әрекет адам бойына өздігінен қалыптасатын қасиет емес екендігін, оның өзі білім мен тәрбие барысында Отанды ұлағаттау, халықтың төлтума мәдени – рухани әлеміне терең бойлау арқылы қалыптасатынын теория мен тәжірибе дәлелдеп келеді.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық тәрбие берудегі жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде тәрбие маңызы ерекше.

Тәрбие бағыттылығының дербес идеясы мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуын қажет етеді. Ол педагогикалық жұмыстың ең жоғары мақсаты. Сондықтан баланы зор ұқыптылықпен зерттеген жөн. Барлық тәрбие жұмысының барысында еске алатын басты тұлға – бала екендігін ұмытпауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалыбекова Г. Жастарды елжандылыққа тәрбиелеу мәселесі. Ұлт тағылымы №4, 2010, 76-78б.
2. Философиялық сөздік. Ред. кол: Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1996, 80 б.
3. Момышұлы Б. Совет бабаларын патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы 1989, 95 б.
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Алматы. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы, 2001, 95 б.

"МӘНГІЛІК ЕЛ - ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ" КОНТЕКСТІНДЕГІ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ, ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ИМИДЖІ МӘСЕЛЕСІ

Құдайбергенова А.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті*

Смайлова А.Б.

магистр

Кілттік сөздер: Мәңгілік Ел, педагог, педагог-психолог, педагог мәртебесі, имидж, тартымды имидж, қарым-қатынас.

Аннотация

Статья ориентирована на анализ текущего состояния педагогического образования, где подчеркивается необходимость принятия мер для улучшения положения учителей, когда педагогическая деятельность педагога-психолога исходит из компонентов нравственного и духовного обогащения в рамках воплощения идей «Мәңгілік ел»

Annotation

In this article, the "Eternal national idea" based on the context of the current status of the teacher education is stressed. Stressed the need for action to improve the status of teachers, which is considered as one image problem. Image pedagogical work of teacher - psychologist on the stand is based on the scope of the concepts of moral and spiritual components.

Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы! [1].

Егемендік алған мемлекетіміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси өркендеуі үшін алдымен отандық білімді жетілдіру, өзінің және оған жақын мамандықтарды еркін меңгерген, мамандығы бойынша әлемдік стандарт деңгейіне сай нәтижелі жұмыс атқара алатын білікті кәсіби құзырлы мамандар дайындау керектігіне ерекше мән берілген. Қазіргі таңда бүкіләлемдік білім беру кеңістігінде Болондағы Еуропа мемлекеттерінің білім беру министрлігі Кеңесінің, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру нұсқауларына сәйкес жаңа тұрпатты заманауи педагогты дайындау мәселесі қарастырылуда. Бүгінгі білім саласында республикадағы білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс байқалады және педагог іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру мәселесі қарастырылған.

Қоғамның даму кезінде білімнің қарқынды дамуы мен ескі технологиялық идеялардың тез өзгеруімен, инновациялық жаңашылдыққа көшуге болашақ мұғалімдердің іс-әрекетімен байланыстыру ерекше сипат алды. Олай болса, білімнің сапалы да, саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі зиялылар қауымының кәсіптік деңгейіне байланысты. Педагогтың қоғамдағы белсенділігін арттыру үшін оның кәсіптік мәртебесі және әлеуметтік беделіне, шығармашылығына көңіл бөлу керек, яғни, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімнің құзырлығын қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жақсы педагог-психолог қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік.

Осы стратегиялық құжатта Президентіміз мемлекеттік қызметтің барлық саласын қамти отырып, тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір қазақстандықтың, әрбір отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды. Бұл жолдағы негізгі бағдарымыз – «Қазақстан – 2050» Стратегиясын орындаудың бес жылдық кезенді қамтитын маңызды міндеттерін атап көрсетті. Өр кезең сайын экономиканың жаңа белестерін бағындыру әрбір бес жылдықтың нақты нәтижесі болып табылады [3]. Әсіресе, индустриялық - инновациялық даму, шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешен, білім-ғылым салалары осы Жолдаудың ең салмақты тұстары екені сөзсіз. Мәселен, жолдауда білім саласына айырықша көңіл бөлінген.

Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті. Сондықтан оқу-ағарту саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгерудің қажеттілігі туындайды. Бұл бағытта мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек қажет-ақ.

XXI ғасыр білімнің жаңа философиясын, жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларын талап етеді.

Қазақтың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің “Ел боламын десен, бесігіңді түзе” деген өте терең мәнді, орынды да әдемі нақылы бар. Ол – еліңнің ертеңі – жас ұрпағыңды жақсылап өсір деген сөз ғой. Осы міндеттің көп салмағы мұғалімдер мен тәрбиешілерге түсетіні аян. Елдің ертеңгі күніне сенімін орнықтыру, өнімді де шығармашылық еңбекті өрістету, қоғамды кернеп бара жатқан бұзақылықтарға қарсы күшті тосқауыл қойып, адамдардың бейбіт өмірін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің мағыналы мақсаты. Елордада өткен мұғалімдердің тұңғыш форумы мені ерекше қанаттандырды. Атап айтқанда, әлемнің дамыған елдерінде білім беру жүйесінің табыстылығы, ең алдымен, педагог кадрларды даярлау сапасы, педагог кадрларды қатаң іріктеу және педагог мәртебесінің айқындалатындығымен байланысты.

Енді біз «педагог имиджі» деген терминге қысқаша түсінік беріп өтсек. Жалпы «имидж» терминінің ең алғаш американдық экономист Болдуинг XX ғасырдың 60 жылдарында енгізген болатын. Содан бері «имидж» алғаш рет басқа салада қолданыла бастады. «Имидж» кескін, бейне, келбет» деген мағынаны білдіреді. «Имидж» терминіне көптеген еңбектерде алуан түрлі анықтамалар беріледі. Солардың ішінде бүгінгі тақырыбымызға орайласатын мынандай анықтамаларды көреміз. Имидж - өзіндік қасиеттері, қарым-қатынас іс-әрекеті үйлесімді түлға бейнесі [4]. Имидж – ұстазды тәрбиеленушілердің, ұжым мүшелерінің іс-әрекетіне, адамгершілік қасиетіне қарай бағалауы [5]. Осы тектес анықтамаларды саралай келе, біз «педагогикалық имиджология - өз шеңберінде гуманизмнің психология, педагогика, риторика сияқты ғылым салаларымен, оның ережелерімен сабақтасатын, адамға әсер етудің технологиясын зерттейтін ғылым» екенін көреміз. Сондықтан да имиджология - тек саясат, экономикада ғана емес, педагогикаға да қажетті термин.

Мектептің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының тәрбиеде алатын орны мен маңыздылығын оқушыларға үйретіп, мұғалімдердің қалыптасқан имиджі негізінде, олардың рухани байлығының, яғни сөйлеу мәнері, өзін өзі ұстауы, қазақи қарапайымдылық мінезі арқылы этнопедагогикалық білім беріп, ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, ұлтжанды азамат тәрбиелеп шығаруға даярлаудың қажеттілігі туып отыр [2]. Педагогикалық қызметке балалармен жұмыс істеуге бейімі бар, қабілеті жоғары, талантты жастарды тарту

жұмыстарын мемлекеттік маңызды басымдылықтар деңгейіне көтеру және оны жүзеге асыру механизмін әзірлеу – кезек күттірмейтін іс.

Педагог кадрларды іріктеудегі үлкен жауапкершілік – педагог мәртебесінің артуына тікелей ықпал ететін факторлардың бірі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мұғалім имиджін көтеру, оның жағымды бейнесін қалыптастыру және тұрақтандыру өзекті мәселе ретінде қарастырылған. Мемлекет тарапынан мұғалім мәртебесін арттыруға қатысты көптеген шаралар атқарылып жатқанымен, оны дамыту мен жетілдіру педагогтік қауымдастықтың үлесінде екендігі сөзсіз. Сол себепті педагог мәртебесін көтеру үшін ең алдымен педагог-психолог имиджін қалыптастыру шараларын жоспарлау, оның нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатында озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, тарату және насихаттау жұмыстарын күшейту қажет. Педагог-психолог бейнесінің кәсіби сипаты мен қызметінің қажеттілігі туралы бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты қамтамасыз ету, халықаралық баспасөз беттерінде жарияланымдар жасау қызметтерін жүйелеу жұмыстары аса маңызды. Қазіргі заман педагогтың кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе имиджге байланысты.

Болашақта мектеп педагогтар қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген педагогтар, педагог-психологтар бейнесін қайта қарауымыз керек. Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері қарым - қатынастардың қажырлығы және оның барлық уақытта сақтала бермеуі. Сондықтан, мұғалімге тән педагогтық қарым - қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, ұстаздарға оның негізгі сапаларын қалыптастыруымыз қажет сияқты. Сонымен ХХІ ғасыр педагог имиджіне тоқталатын болсақ, имидж – ағылшын тілінен аударғанда «бейне», «кейіп» деген мағына береді. Педагогтардың арасында айналасындағыларға өзі туралы жақсы әсер қалдыруды маңызды санамайтындар да бар. Тіпті, кейбір педагогтар имидждің маңыздылығына сенбейді. Басқа мамандық иелеріне қарағанда педагог мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында. Сонымен имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жарқырап ашылуы, өзіңіз туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның карьерасымен тікелей сабақтас [6]. Егер олай болмаса, қолдан жасалған имидждің көмегі тимесі анық. Сондықтан да кәсіби мамандығын жан - жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек. Жалпы, адамдардың 85%- ы бізбен танысқан алғашқы бес секундта қалдырған сыртқы әсер бойынша баға береді деп есептелінеді. Сол себепті педагогқа өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор.

Тартымды имидж:

- Айналасындағы адамдардың көңілін аулау кепілі;
- Кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты.

Егер оқушылар мұғалімнің жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмайды деген байламға келуге болады. Себебі, баланың өмірінің жартысы оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын мектепте өтеді. Әлеуметтік және балалық шақтан алған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Мұғалімнің жеке басы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Ұстаз өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Мектеп әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек? Бар мәселе имиджде.

Имидж құрылымы:

- сыртқы бейне;
- вербалды және вербалды емес қарым - қатынасты пайдалану құралы;
- ішкі «Мен» сезімінің кәсібіне сәйкестігі.

Сыртқы имиджді құраушыларға:

- мимика,
- дауыс күші мен тембрі,
- костюм,
- қимыл,
- мәнер.

Айналаңыздағы адамның санасындағы сіздің бейнеңіз туралы көзқарас. Ол сізбен жүздесуден кейінгі сыртқы кейпіңіз бен өз - өзіңізді ұстауыңыздың тәрбиелік мәні мен сөйлесу мәнеріңіз арқылы қалыптаспақ. Сыртқы бейнеміздің үйлесімді әсер қалдыру үшін вербалды және вербалды емес қатынас қажет:

•Мәнерлі сөйлеу•

Көндіре білу

- Стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу
- Тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу
- Шыдамдылық
- Көргіштік

Педагог-психолог мамандығы ерекше болғандықтан, ол әрдайым көпшіліктің алдында. Сонымен имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жан-жақты ашылып, жарқырап көрінуі, өзіңіз туралы жақсы пікірдің қалыптасу жолы. Педагог-психолог өз имиджін өзі жасау керек, бұған киім таңдауы да жатады.

Педагог-психолог имиджіндегі басты құрал, оның даусы, дауыс ырғағы, оны сабақта қолдана білуі. Оқушылармен қарым-қатынас жасауда сөйлесе білу, дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру маманның біліктілігінің басты көрсеткіші. Сонымен педагог-психолог имиджі – бұл ішкі және сыртқы мазмұн бірлігі. Әрпедагог-психолог имиджі тек өзіне тән педагогикалық стильде қалыптасады. Бір мектепте жұмыс істейтін педагогтар имиджі, мектеп имиджін анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. К.Ж.Қожахметова Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе. Қазақ университеті, 2013. 254б
3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014
4. Қыдыршаев А.С. Мұғалім кадрлардың біліктілігін арттыруға шешендіктану ілімінің қатысы // 12 жылдық білім жүйесі және жаңа педагогикалық технологиялар. Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2006- 9-10 б.б.
5. Дүйісмағамбетова Ә.М. Ұстаздық келбет – педагог шеберлігінің кепілі // II Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің «Жас ғалым – 2007» ғылыми- практикалық конференция материалдары. Тараз, 2007.
6. Калужный А.А. Педагогическая имиджелогия. Алматы, 2004

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Примбетова М.Б.

КАЗГЮУ Университетінің доценті

Астана қ.

Кілттік сөздер: Тіл, тарих, ұл, қазақ, таным, қоғам, парыз, дүниетаным, руханият, Қазақстан, жастар, елжандылық, отаншыл, тәрбие, ұлттық мүдде, халықтық педагогика, жасампаздық

Аннотация

Автор в статье описывает свое мнение касательно восхваления традиционных духовных ценностей казахского народа. Рассказывает о тесной связи основы национальной идеи «Вечный народ» и общенациональной педагогикой. Кроме того, выражает о необходимости внедрения этнопедагогики в учебно-воспитательном процессе в системе отечественного образования.

Annotation

The author of the article describes her opinion on praise of traditional spiritual values of the Kazakh people. She describes the close relationship between basis of national idea of "Eternal nation" and national pedagogy. In addition, it expresses the necessity to implement ethno pedagogics in the educational process of the system of national education.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында жаңа қазақстандық патриотизмнің елімізде білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, этнопсихология мәселелерінің әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі маңызы зор және дамытудың заманауи мүмкіндіктері жоғары. Дегенмен, адам бойына, одан ары ой-санасына отаншылдық және елжандылық қасиеттер тәрбиемен енетіні сөзсіз. Отбасы – жаңа туған нәрсе шағынан бастап, ер жеткенге дейінгі уақытта берілетін құнды іс-әрекет. Ал «Мәңгілік ел» идеясын бүгінгі күні ел жастары жүзеге асыруы тиіс және олар бұл ұлы істе дәстүрлі рухани құндылықтарды дәріптей алуы керек. Бұл мәселелер әрине тіл арқылы жүзеге асатыны анық. Тіл дегеніміз – таным, ал тарих – шежіре. Бұл қағида іспеттес ой оралымы тіл мен тарихтың ұлт қорғаны екендігін білдіреді. Ұлы даланың адамзат өркениетіне қосқан мәңгі құндылықтарын әрі кемел даналығын айғақтап тұрғаны асыл мұралар бүгінгі адамның ұлт тарихын тануға және құрметтеуге міндетін артады. Әрбір саналы мұсылман азамат өзінің жеті атасын қалай білсе, ел тарихын да солай білуге тиіс. Тарихты білу – өз елінің шежіреге толы сырын ұғу деген сөз және сол арқылы өзінді тану деген артық емес.

Тарихқа ықыласпен ден қоюдың маңыздылығын арғы бабаларымыз сөзімен де, ісімен де өсиет ретінде қалдыра білген. Бұл өсиеттер – өмір сүрудің алғы шарты іспеттес.

Елбасымыздың ұлт тарихын түгендеп, қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау мақсатында шығарған жарлығының мәні зор болды. Қазақ хандарының барша іс-әрекетінен қазақ болмысын, қазақ парасаттылығын, ұлтымыздың толеранттылығын байқаймыз. Қазақ қоғамы қиын-қыстау заманды басынан өткізді, алайда «жүні жығылдып, сағы сынбады». Бұл ерлік пен еркіндікті жаратылысынан көкसेген ұлтымыздың қайсар мінезі мен ой-танымының тереңдігін, мақсатшылдығын және болашаққа деген сенімін көрсетеді. Ұлт жанашырлары дәріптеген жолда келе жатқан жаңа ұрпақ қоршаған ортаға деген қамқорлығы мен жалпы адамзатқа деген бауырмалдығын арттыра отырып, ұлттық дүниетанымын, болашаққа деген көзқарасын айқындай түседі.

Айталық, Төле бабамыздың Жоңғарлықтардың үйін өртейміз дегендегі тапқырлығы тарихта болған кеменгерлеріміздің басынан кешкен сан алуан оқиғалары мен жағдаяттарын және сол жағдайдан шығуда ақыл мен сабырлықтың үлгісін көрсете алғандығын білеміз. Ол – бүгінгі ұрпаққа үлгі, сабақ және тағылым. Бір шумақ өлеңнен ұлтымыздың ұлағатты, шешендердің сөзуарлығы, ақынның пәлсапасын байқауға болады. Мәселен, ақын М.Жұмабаев:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйірік қиял,

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от боп жан туып па?

Көп түрік ениі алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? – деген.

Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері жалғасып келе жатқан этносаяси, мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттілік үдерістердің бір жағынан қорытындысы болып саналса, екінші жағынан, қазақ халқының кейінгі ортағасырлық кезеңдегі тарихына жол ашып береді.

Жалпы ұлт руханиятының игі шарасына әдебиет қайраткерлері мен тіл мамандарының да және зиялы қауым өкілдерінің қосары үлесі мол. Алайда тарих жолында ұлттың өткені мен бүгінін саралауда тарихшы мамандардың орны ерекше екені анық. Дей тұрғанмен, тарихты білу – баршаға ортақ.

Қазақстанның басты байлығы ұлан-байтақ жерінде ғана емес, ұшан-теңіз кеңдігінде ғана емес, баршамызға белгілі ынтымақшылдық рухта, ынтымақшыл елінде, берекеге бастар бірлігінде. Елбасымыздың бастамасымен Тәуелсіздік кезеңінде талай оң өзгерістер мен игі бастамалар қолға алынуда. Соның бірі - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жариялануы. Яғни ағымдағы жыл мерейлі мерекеге толы жыл болды және 6 ақпан – тарихи күнге айналды! Қазақстан халқы Ассамблеясының ашылуы – этносаралық бірліктің іргетасының беріктігіне үлесін қосары сөзсіз.

Жалпыхалықтық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Осы орайда ұлт тарихын парактай отырып, пайымдауға және зерделеуге мүмкіндік туады. Осыдан келіп, жастардың ой-санасында тарихи таным қалыптасып, патриоттық елжандылық, отаншылдық сезім оянады, болса, артады және жан-жақты қалыптасады. Ел бірлігі – ең асыл қасиет, дей тұрғанмен, ел болашағы, ұрпақ сабақтастығы бірлесе отырып, қазақ жұртшылығының тарихының өнеге, ұлылыққа толы екенін білсе, яғни өзге ұлттың Алаш жұртшылығының тарихынан мольнан хабардар болса, қазақ еліне деген құрметін арттырары, сөзсіз. Өйткені біздің тарихта «біз ұялатындай ештеме жоқ. Қазақ халқы - жыланға ақ құйып қайтарғандай, окпен атқанға ас ұсынған, жеңілсе, жігерін қайраған, мұқалса, мойымаған, құласа, қайта тұрған, Тәуелсіздік заманында жоғалтқанын тапқан, өлгені тірілген ұлы халық. Сан рет «мың өліп, мың тірілсе» де ұлттық рухын жоғалтпаған, еңсесін тік ұстап, толайым табыстармен қарсы алған ерік-жігері мол еркін іргелі ел.

Қазақ халқын әлем жұртшылығы таныды, Елбасының саясаткерлігін жоғары бағалауда.

Қазақ - қайсарлығы мен жігері, парасаты мен пайымы үндескен, ынтасы мен ықыласы бір арнаға тоғысқан, көңілі дархан, пейілі пәк, баталы, арлы халық. Осынау сезімге толы теңеулерге лайық қазақ халқы қазіргі уақытта тарих толқынында тербелуде.

Н.Назарбаевтың «Әулиебұлақ басындағы сұқбатында» ағынан жарыла отырып, тарихты түгендеуді табыстады. Бұл тарихшы ғалымдарға ғана емес, барша алаш жұртшылығы ізденіс жолында болуын міндеттеді.

Мемлекеттік тілді дамыту мен қолданылу аясы тек тіл мамандарын ғана емес, тіл жанашырларына да жүктеледі. Егер арамызда өз ана тілін сүймейтін, қазақ болып туылғанына өкінетін өгейлер болса, олардың жөні бөлек және олар ұлтжандылық рухтан мақұрым қалғандар қатарында тіршілік ете береді.

Халық тарихы – ұлттық сана қайнары. Ұлт болмаса, мемлекет болмайтыны анық. Ал тіл – ұлттың төлқұжаты, болмыс-бітімі, ар-ұяты, таным-түсінігі, тарих пен тіл – тамырлас. Ұлтты сақтайтын тіл, тілді ұстап тұратын ұлт. Ұлттық рухтың діңгегі де – Тіл. Алаштың ана тілі – өміршең тарихи құбылыс және баға жетпес құндылық.

Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары дәріптелді, ұрпақ есінде қалатындай дүбірлеген басқосулар өтті, саликалы әңгімелер айтылды, терең мәні бар ойлар қозғалды, тағылым боларлық тарихи шындықтар паш етілді.

Тарих қойнауына жылжып бара жатқан 2015 жыл еліміз үшін толайым табыстар мен экономикалық өрлеу болды. Әлем таныған қазақ елі – «Мәңгілік ел» жаңа патриоттық идеясы аясында жаңару кезеңін жауапкершілікпен сезінуде. Алдағы уақытта әлем жұртшылығы ЭСПО-2017 халықаралық көрме арқылы одан әрі жұдырықтай жұмылып, бірлігін арттырып, тірлігін жасап жатқан қазақтың жасампаз халық екеніне көз жеткізеді деп білеміз. Иншалла солай болғай!

Көпұлттылық пен көпмәдениеттілік ұғымы өз мәніне ие бола бермек!

Елбасы: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз» - деген-ді.

Ендеше қазақ елінің өркендеуі үшін жаңа технология арқылы білім, ғылым, мәдениет, өнер, спорт және заманауи кәсіпкерлікті дамытып жүрген азаматтар Елбасының саликалы саясатын қолдайды және одан әрі инновациялық тұрғыда дамытады деп сенеміз.

Ендеше «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында жаңа қазақстандық патриотизмнің елімізде білім беру

жүйесіндегі ұлттық педагогика және этнопсихология мәселелерінің әлемдік білім кеңістігіндегі маңызының зор екендігін және оны дамытудың заманауи мүмкіндіктерін барынша іске асыру міндеті алдымызда тұрған құндылықтардың бірі болмақ.

Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлаған жылы қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарының ұлт үшін маңызының зор екенін түсіну қажет-ақ. Өйткені жаһандану жағдайында өмір сүріп отырған тәуелсіз Қазақстан азаматтарының дәстүрлі рухани мол мұрасын дәріптеу қажеттігі күн санап өзекті мәселеге айналып отыр. Бәсекеге қабілетті ұрпақ, сөз жоқ, терең білім алу арқылы руханилықтың жоғары сатысында ғана өзіндік құндылықтарын дәріптей алады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландырудың тиімді жолдарын қарастыру қажеттігі күн тәртібінен түспегені маңызды деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. Астана: «ана тіл – ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ДЖШС., - 2007. -272 б.
2. XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы. Алматы: Экономика, 2013. -248 б.
3. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Республикалық баспа кабинеті. 1997. 404 б.

МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абимолдина Ж.

Ақтөбе автожол колледж оқытушысы

Кілттік сөздер: Мәңгілік ел, этнопедагогика, ғылым, білім.

Аннотация

Наука этнопедагогика в современном мире является основным методом внедрения культур национальностей мира. Она уточняет и выделяет особенности образования и воспитания нации.

Annotation

Tendency connection science of ethropedagogics is nations on world in now aday grain basic means deceleration. I give features metions forms, specific features education.

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – қашанда жастардың жарқын болашағына бағыт-бағдар беретін маңызды құжат. «Мәңгілік ел» – бәсекеге қабілетті ел, оған жеткізетін бәсекеге қабілетті ұрпақ болмақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қоғамымыздың қазіргісі мен ертеңгісіне қажетті рухани күштің көздерін қайдан көруге, неден іздестіруге болады деген көкейкесті ойын таратқан Жолдауы білім беру мекемелерінде, ғалымдар арасында үлкен серпіліс жасады. Демек, елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз. Тәрбие көп қырлы, сан алуан сипатты, күрделі, қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық, жалпыадамзаттық, халықтық, көп жақты феномен. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – жастар тәрбиесіндегі стратегиялық бағдар беретін негізгі идеология тұрғысынан бүгінгі жоғары оқу орындарында тарихи тағылым ретінде қабылданып отыр. «Мәңгілік Ел» идеясы үздіксіз білім беру жүйесінде оқытылатын барлық пәндердің мазмұнында толықтай кіріктіруді қажет етеді. Көп ұлтты Қазақстан Республикасында мемлекеттік идеология тұрғындардың құрамын ескере отырып жүргізіледі.

Адам баласы әу бастан өз ұрпағын өмірге, еңбекке икемдеп, тәрбиелеп келгені көпке аян. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми-теориялық заңдары бар педагогика ғылымы өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысып бақты. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып тарап келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағлымдары бар. Ол халықтық педагогика деп аталады. Халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы отбасылық тәрбиеден басталып, ауыл-аймақ, ел-жұрт, ру-тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады. Олай болса, халық педагогикасы қоғам дамуының (алғашқы қауымдық қоғамнан бастап) белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогикалық құралы болып, тәрбие жүйесінің қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды. Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ғылыми-педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны ғылыми теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп, қарастырып, байытты. Сөйтіп, өз қажетіне жаратты. Осы қажеттіліктен келіп, халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары — халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен

оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерін өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың ғылыми бір саласы этнопедагогика пайда болды.

Этнопедагогикалық зерттеулердің Кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т.Огородников, В.М.Коротов, А.Г.Гордина, М.Ф.Шебаевалар да кезінде келелі пікірлер айтқан еді. Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелуі жайы, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші - XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, батыс саяхатшысы, этнограф ғалымдарының (Э.С.Вульфсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд т.б.) қолжазбалары десек, екінші - XX ғасырдың алғашқы 20-30-жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып сөз еткен Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов т.б. болды. Яғни, бұл кезеңді қазақ этнопедагогикасының ғылым ретінде туып, қалыптасу кезеңі деп қараймыз. Үшінші кезең - 35-40 жылдық үзілістен кейін (1970-2000 ж.ж.) қазақ этнопедагогикасының қайта жанданған, даму дәуірі деп аламыз. Ежелден Қазақстан жерінің байлығына қызыға қарап, көз тіккен және мұхитқа шығар қақпа деп есептеген орыс, батыс мемлекеттері бұдан әлденеше ғасыр бұрын саяхатшы, елшілер жіберіп, жер-суы мен шаруашылық кәсіпін, қазба байлығын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеуді көздеген.

Орта Азия мен Қазақстан даласын мекендеген көшпелі тайпалардың өмірі батыс оқымысты ойшылдарының назарына ерте-ақ ілінген-ді. XVII-XVIII ғ.ғ. қазақ даласына тұңғыш әскери экспедициялар ұйымдастырыла бастады. М.В.Ломоносовтың замандасы географ және этнограф ғалым И.К.Кирилов 1730-35 ж.ж. Башкирия, Қазақстан далаларында саяхатта болып, көшпелі халықтардың шаруашылық тіршілігі мен салт-дәстүрін зерттеді. Қазақстан және Орта Азия елдерінің картасын жасады. Ал орыстың саяхатшы офицерлері әкелі-балалы Рычковтар (П.Н.Рычков, Н.П.Рычков) қазақ ауылының өмірінен очерктер жазып, қазақтардың ер жүрек, жауынгер халық екенін суреттейді. Олар қазақ әйелдерінің еңбек сүйгіш, табиғи қарапайым, жылы жүректі болып келетінін айта келіп, қазақтардың арғымақ атты ұрлауды үлкен өнер санайтынын баяндап, мәдениеті жағынан “тағы” деген тұжырым жасайды. Әрине, ол көшпенділер мәдениетіне біржақты баға беруші ұлы орысшылдық көзқарастың салдары еді.

Ұлттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасы негізінде қарастыру тиімді. Қай заманда болмасын заманына қарай жеке тұлғаның болмысын қалыптастыру туралы ойлар мен пікірлер көпшілікті толғандырып келген. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары көрсеткіші ретінде қабылданып, қоғамда жоғары жауапты міндеттерді атқаруға лайық деп танылған. Бүгінде ТМД мемлекеттерінде өз халқының тарихына, тіліне, дініне, мәдениетіне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына деген қызығушылықтары негізгі факторға айналды. Ата-бабаларының ұрпақтан-ұрпаққа берілген мәдениетінің бөлінбейтін бір бөлшегі ретінде этнопедагогика да осы қызығушылық аймағынан тыс қала алмайды. Осы тұста белгілі педагог-ғалым Г.Н. Волковтың «этнопедагогика – мәдениеттің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын, ең алдымен этностың барлық ұрпақтары арасындағы тарихи-рухани мұрагерлікті (сабақтастықты), әрбір этносты ұлттың басты белгілерінің бірегейі ретінде сақтауға көмектеседі», – деп этнопедагогиканың мәні мен ерекшелігін өзгеше ашып көрсеткен пікірін назарға алуды жөн көрдік. Этнопедагогика отбасы, ру, тайпа, халық, ұлттың ежелгі құндылықтары, оларда адамгершілік-этикалық және эстетикалық көзқарастар қалыптастыру, балалар тәрбиесіндегі этникалық топтардың эмпирикалық тәжірибесі туралы ғылым екендігін ерекше атап көрсетуге болады.

Этнопедагогика әлеуметтік әрекеттесу және қоғамдық ықпал үдерістерін зерттейді, оның барысында тұлға әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, тәжірибені меңгеретін; баланы оқыту мен тәрбиелеу туралы халықтық білімді жинақтайды және жүйелейді, діни ілімдердегі, ертегідегі, жұмбақтардағы, мақал-мәтелдердегі, ойындардағы бейнеленген халықтық даналық, отбасы философиялық-этикалық, педагогикалық ой-пікірлер мен көзқарастар, яғни барлық педагогикалық әлеует тұлғаның тарихи-мәдени қалыптасу үдерісіне әсер етеді. Тәжірибеге сүйенетін болсақ, 1997 жылдан бастап, белгілі ғалымдар Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдыев, С.Қалиевтың басшылығымен жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарға жас ұрпақты тәрбиелеудің халықтық дәстүрлерін және халықтық тәрбиенің құралдарын теориялық тұрғыдан түсіндіретін «Этнопедагогика» курсының типтік бағдарламасы мен оқулықтары дайындалып, оқу-тәрбие үдерісіне ендірілген. Сонымен қатар, этнопедагогикалық зертханалар, кафедралар, орталықтар құрылып, бұлар педагогикалық ғылымдарды қазіргі заман тұрғысынан зерттеудің нысаны болуы үшін осы мәселелердің шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Осы еңбектерде ең алдымен қазақ этнопедагогикасына қатысты мәселелер әр қырынан мұқияттық көрініс тапты. Сөйтіп, қазақ этнопедагогикасы өзінің одан ары дамуына және белгілі бір логикалық қалыптасуына қажетті шабыт алды. Әрине бұның бәрі сонымен қатар жалпы этнопедагогиканың одан әрі дамуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы 130-дан астам халық пен халықтар өкілдері мекендеген өте сирек бірегейлі көп этникалығымен сипатталатын мемлекет. Бұл үлкен байлық, біздің қоғамның барлық жалпы жетістігі, басқа халықтардың құнды мәдени мұраларының жетістіктері мен Қазақстандықтарға беретін мүмкіндіктер. «Мәдениеттің көп түрлілігі және тілдер бұл, біздің еліміздің әрбір халқын түпнұсқасымен дамыту, нақты шығармашылықпен өзара байытуға мүмкіндік беретін баға жетпес сый», – деген еді Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Демек, этнопедагогиканың жалпы негіздерін оқыту, сонымен қатар әртүрлі

халықтардың этнопедагогикасы (ең алдымен Қазақстанды мекендеген халықтардың) мемлекетіміздің Президенті көрсеткендей сол бір сирек кездесетін байлығын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болашақ мамандардың этнопедагогикалық білімін жетілдіру және этнопедагогикалық мәдениетін дамыту, олардың бойында этнотолеранттылықты, этникалық мәдениетке және басқа этникалық топтың өкілдеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, қазіргі мектептің көпұлтты ұжымында білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында этнопедагогикалық білімді пайдалану біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру көзделген.

Қазақ халқы үшін қашанда адамның адамгершілігі, ар-намысы, денсаулығы, достық, еңбек, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі ізгі құндылықтар болып табылған. Заманауи жағдайда халықтық өсиетті қоғамда және ғылымда қолдану – рухани-адамгершілікті, азаматтық-отансүйгіш тұлғаны, олардың тұлғааралық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру шарттарының бірі болып табылады. Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Халықтық дәстүрді зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, оның дәлелдеусіз қабылданатын негізгі пікірлері, яғни, жорамалдары бұрын да және бүгін де тәрбиенің тиімді құралы болып табылады, сонымен бірге өскелең ұрпақты қоғамдағы өмірге, еңбек әрекетіне, өзінің өмірлік ұстанымына ғана емес, Қазақстанның басқа да халықтарына түсіністікпен толерантты тұрғыдан қарауға дайындауда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заман жағдайында халықтық педагогика үшін аса маңыздысы көпұлтты Қазақстан қоғамында толерантты қатынас орнатуға мүмкіндік туғызатын дәстүрлерді сақтау болып табылады. Тәрбиедегі толеранттылық мәселесін адам мен табиғат бірлігі заңдылық ретінде сақталған, туған жер, Отан, ата-ана, отбасы, халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, тұрмыстық және діни оқиғалар қастерлі болған тәрбиенің халықтық педагогикалық тәжірибесі арқылы шешу мүмкін. Педагогикалық үдерістегі қолданылатын салт, дәстүрлер, оларды меңгеру «әдет», «намыс», қоғамды адамгершілік-рухани сауықтырудың толерантты қарым-қатынас қалыптастырудың педагогикалық бөлінбейтін бөлшегі болып саналады. Барлық халықтар үшін «намыс» категориясы ортақ. Бұл сөз мағынасы «қадір-қасиет», «бедел» деген адамгершілік тобында өзара бір-біріне жақын сөздер екенін анықтайды. Олардың өзара айырмашылығын тек осы қасиеттерге дұрыс баға берілген кезде ғана көруге болады. Намыс адамның жан-дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табады. Өзін-өзі танудан бастау алған адамның рухани ізденісі оның қоршаған ортасын меңгеруіне ұласады. Ұлы бабамыз Қаздауысты Қазыбек бидің «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағидадан көрініс тапқан, яғни, ар-иманның қадірін білумен айқындалатын намыстың бір түрі адамның адамдық келбетін айқындайтын асыл қасиеті. Адам өз бойындағы ең асыл құндылық иман, ар-ождан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе ол шын мәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз.

Бүгінгі күнді алып қарасақ, елімізді өркениеттілікке жеткізетін, ел экономикасын дамытатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасын 30 дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік беретін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыруды жаңа заман талабы тұрғысынан қарастыра отырып, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасындағы сабақтастық болғанда ғана қазақ елін «Мәңгілік Ел», «Қазақ елі» дәрежесіне көтеруге болатынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ этнопедагогикасы» дәрісінің бағдарламасы //Құр. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, З.Әбілова, А.РИК, 1993, 32 бет
2. Кукушин В.С., Столяренко Л.Д.,- Этнопедагогика и этнопсихология, Ростов на Дону:Феникс, 2000,- 448 с.
3. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. Алматы: Ғылым, 1998.– 315 б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ОҚЫРМАНДАР АРАСЫН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ - КІТАПХАНАШЫЛАР

Қарашүкеева Д.Т.

*Орталық Азия университетінің магистрі
Алматы қ.*

Кілттік сөздер: кітапхана, оқырман, мәдениет, өнер, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, кәсіби біліктілік

Аннотация

Самую высшую ценность для человека в его профессиональном становлении является книга. И здесь говорится о важности деятельности библиотекаря, как одной из самых востребованных профессий в обществе.

Роль библиотекаря важна не только в развитии личности, но в совершенствовании профессионального роста каждого специалиста любой сферы.

Annotation

The most supreme value for man in his professional development is a book. And it says here about the importance of the activities of the librarian as one of the most popular professions in society. The role of the librarian is not only important in the development of the individual, but in the professional growth of each sovershenstvoanii specialist of any sphere

Елбасының «Қазақстан - 2050» бағдарламасында: XXI ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес, халықты сауатты да салауатты өмірге бағыттауымыз керек» деген сөздері бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбие берер жандарға міндеттелген тапсырма іспетті. Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден – бір руханият ордасы – кітапханалардың алатын орны ерекше.

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар.

Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сикырлы да киелі орда. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. Оқырманның сана-сезімінде адамзат жүріп өткен тарихи-мәдени әлеуметтік жол кітап арқылы өзінің мән-мағынасымен, барлық қырмен ашылды. Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды дегендей, егеменді мемлекетіміздің болашағы жастардың мәдени танымдық қабілетін қалыптастыратын мәдени ортаның бірі кітапхана болып табылады.

Кітап (араб.: – жазба) - мерзімсіз баспасөз басылымы; көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды.

Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 25-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 7- ғасырда қамысқа кітап жазу ісі Грекия мен Римде кең өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машықтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды[1].

Біздің заманымыздан бұрынғы 2-ғасырда қамыстың орнына тері жарғақ қолданыла бастады. Ежелгі Рим мәдениеті мен ғылымы өкілдерінің туындылары жарғақ кітаптарға жазылып таралды. 105 ж. қытай шебері Цай Лунь қағазды ойлап тауып, 13-ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа тарай бастады. Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап қауырт өркендеп, түрліше әріптер, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады. Кітап мұқабалары алтын, күміс, т.б. металмен өрнектелді. 15-ғасырдың ортасында неміс өнертапқышы Иоганн Гутенбергтің баспа қалыбын ойлап табуына байланысты, жылжымалы құйма қаріппен құйылатын баспа кітап пайда болды. Осы заманғы кітап - мұқабаға дәптерлер түрінде өзара тіркестіріліп бекітілген кітап блогі үлгісінде жасалады[2].

Қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі, сауаты, әрине, кітаппен байланысты. Америка Құрама Штаттарында халықтың тең жартысы кітап оқымайтын көрінеді. Соның да салдары шығар, сұрақ-анкета нәтижесіне үңілгенде студенттердің 40 пайызы Израиль - араб елдерінің бірі деп жауап берген. Франклин Рузвельт АҚШ-тың Вьетнам соғысы кезіндегі президенті деп түсінеді екен. Ал сол студенттердің тең жартысы Черчилльдің кім екенін білмей шыққан... [3]

Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздікте: «Кітапханашы - мамандық, оның мазмұнына кітапханадағы жұмыс процестерінің бүтін жиынтығы енетін кітап қорын толықтыру және ұйымдастыру, әдебиеттерді насихаттау, оқырмандарға қызмет көрсету, оқырмандардың қызығушылығын қалыптастыру, сұранымын қанағаттандыру, оқуға басшылық жасау.

Қоғамға жақсы танылған осындай қызметтерді атқара отырып, кітапханашы халыққа адамгершілік тәрбие берудің ұйымдастырушысы ретінде көрінеді.

Мәдени ой-өрісінің кең болуы, мамандық білімінің тереңдігі, педагогикалық жұмыс әдістерін игеру - кітапханашыларға тән қасиет болуы қажет; кітапханадағы қызмет дережесі кітапханалық процестердің күрделілігіне қарай және арнаулы дайындығының дәрежесіне қарай мынадай категорияларға бөлінеді; бірінші, екінші және үшінші дәрежелі кітапханашы, жетекші және бас кітапханашы» деп сипаттама берілген [4].

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бірақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, көпшілік көп біле бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт – бағдар алуы үшін жан – тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан – теңіз.

Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан – жақты білімді, парасатты кітапханашылардың орны да өзінше бір бөлек.

Бүгінгі күні кәсіби шеберлік – кез - келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты ұстаным. Әр маман иесінің қызмет көрсету деңгейі ең әуелі қызметкерлердің кәсіптік деңгейімен анықталады.

Бүгінгі таңда кітапханашы жеке тұлғасы, білімі, өз ісіне және білім алушылар мен оқырмандар арасындағы қатынасы, әдістемелік шеберлігі – оқырманның білімге және шығармашылыққа деген ынтасын арттырудың кепілі. Сондықтан оқырманның жан-жақты мүмкіндіктерін ашуда кітапханашының шеберлігі үлкен рөл атқарады.

Кітап оқу–танымдық қызметі барысында, білім алушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауды да дамытады. Білім алушылардың танымдық мүмкіншіліктерін арттыруда кітапханашы басты рөл атқаратындығын сөзсіз. Білім алушылардың өзіндік танымдық жұмыстарын ұйымдастыру, өздігінен оқып ой-өрісін тереңдетуге баулу арқылы ғылыми ізденіске, жазбашылық өнерге жетелеу.

Кітап – білімнің рухани құндылығымыз, теңдесіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғық тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табамыз.

Кітапханашының атқаратын қызметі заман талабына сай оқырмандарға өркениетті қызмет көрсету, кітапханаларға берілген жаңа технологияларды кітапхана жұмысында кеңінен қолданып, кітапханалардан бүгінгі қоғамның қажетті ақпарат орталығы екендігін дәлелдеп, беделін көтеру.

Ақпарат көздерін, әмбебап құжаттардың толық жинағын, оқырмандарға әлемдік, ұлттық мәдени, рухани құндылықтарды насихаттай отырып, жергілікті қоғамда кітапхананың міндетті түрде қажеттілігін дәлелдеу.

Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени – ағарту қызметінің негізі десек келешекте кітапханалар жүйесі ең озық алдыңғы қатардағы қоғамның қайта жанданып, өзгеруінде басқа мәдени мекемелер арасында үлкен мәртебеге ие болу мүмкіндігі мол.

Қазіргі таңда оқырмандардың өскелең талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алар орны ерекше.

Білім алушылардың кітапханалық - библиографиялық білім негіздерін үйретуде, кітапханалардың библиографиялық жұмысын ұйымдастыруда, библиографиялық құралдарды құрастыруда кітапханашының біліктілігі үлкен орын алады.

«Библиография»- ертедегі грек сөзі. Оның алғашқы бөлігі «библио»- кітап, ал екінші «графо»- жазамын деген ұғымды білдіреді[4].

Тәуелсіз қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, кітапханада осы міндетті бірге атқарады. Осыған орай кітапхананың алдына қойған өзекті мәселесі жас ұрпақтың рухани дамуына ұлттық құндылықтарымызды мүмкіндігінше насихаттау және ұлттық мәдениетімізді меңгерту болып табылады.

Білімнің қайнар бұлағы - кітап. Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Француз философы және жазушысы Дени Дидро «Адамдар кітап оқуын қойса, ойлауын да қояды» деген. Мұны ғалымдардың зерттеулері де дәлдейді. Олардың зерттеулері бойынша кітап оқитындар қоғам өміріне белсенді қатысады екен. Олар мәдениет мекемелері – мұражайларға, картина галереяларына, театрларға, концерт залдарына басқаларға қарағанда жиі барады, спорттық шараларға да көбірек қатысады. Олардың тағы да бір ерекше қасиеті – мейірімділік, қайырымдылық танытуда да алдыңғы қатардан көрінеді. Міне кітаптың құндылығы осында, яғни, оның тәрбиелік мәнінде[5].

Бүгінгі кітапхана - кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар қоғамдық-мәдени орталық. Ал бүгінгі кітапхана кітап қарауылшысы ғана емес, білім жолындағы білім мен тәрбие процесінің концепциясын жауапкершілікпен қадағалап дәріптеуші. Ол үшін не істейді дегенге келетін болсақ, мектеп кітапханашысы жаңалықтың жаршысы, әрбір елімізде болып жатқан оқиғалардың насихатшысы болу керек. Ол әрбір арнаулы күндерге кітап көрмесінен бастап насихат түрінің барлық формасын жүргізу керек.

Қазіргі уақытта кітапханашыға қойылатын кәсіби талаптар өте жоғары. Кітапханашы мамандығының, кәсібінің қыр-сырын десек те болады - шын мәнінде көпшілік адамдар біле бермейді, немесе бұл мамандық иелері жайлы бір жақты көзқарастағы пікірлер айтылады, бұл мамандық – жан дүниесі әлсіз адамдарға арналмаған.

«Қоғамда бағаланбайтын, мәртебесі төмен кітапханашы мамандығын, кәсібін «бұл өмірден мақрұм қалған», нағыз интровертті тұлға атқарады т.б. деп» бүкіл әлемнің түкпірінде қызмет етіп жатқан кітапханашылар туралы осыған ұқсас көзқарастар мен пікірлерді естіп қаласың – әрине кітапханашы жұмысының ерекшелігі жалпы алғанда қоғамдағы адамдардың санасы үшін жұмбақ болып қала береді.

Кітапханашының кәсіби профессиограммасында: «Кітапханашы - кітапхана қорын ұйымдастыратын, кітапхананы пайдаланушыларға қызмет көрсете алатын, арнайы кітапханатанудан білімі бар маман. Кітапханашы - ақпарат пен пайланушыларды байланыстыратын звено» делінген[6].

Жаңашыл кітапханашы мамандығының ерекшелігі оның педагогика, психология, мәдениет, ақпараттық технология салаларын бірдей қамтуында. Ол әрі ақпарат маманы, әрі педагог, психолог, әрі менеджер. Кітапханашы туралы қоғамда қалыптасқан теріс көзқарастар мен пікірлердің тууына жол берместен, білім алушының ішкі жан дүниесін ұғынуға, түсінуге тырысу керек. Оқырмандардың кітапқа деген ынтасын арттыру, шығармашылық пен библиографиялық шеберлігін дамыту мақсатында кітапхана жұмысын жақсарту

үшін кітапханашы қазіргі қоғам талаптарына сай өз білімін үнемі жетілдіріп, қарым-қатынас психологиясының әдіс – тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Қазіргі уақыттағы кітаптың, кітап оқудың мәртебесінің төмендеуі жұртшылықты аландатады. Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да кітап оқуға қызығушылық азая бастағаны байқалады. Кітап оқу бос уақытты өткізу түрі ретінен гөрі іскерлік оқуға қарай ойысты, ақпараттық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана оқу жиі кездесетін болды. Оқушылар, студенттер көбінесе оқу залдарына тапсырылған тақырып бойынша реферат, баяндама, шығарма жазуға ғана келеді. Бірінші кезекте мұндай жағдай кітапхана қызметкерлерін ойлантып, мынадай сұрақтар жиі мазалайды: біздің кітап оқуға қызығушылығымыз төмендеуінің себептері неде және оның соңы неге әкеледі? Кітап оқымайтын адам сауатсыз, ойлау қабілеті төмен, шығармашылық қиялдауы шектелген болып келетіні белгілі. Осы орайда, айта кететін жайт: қазіргі уақытта қазақ қоғамының алдында тұрған негізгі мәселе – тіл мәселесі ғой. Осы мәселенің де бір шешімі, менің ойымша, жастар болсын, үлкендер болсын – бәрін кітап оқуды, қазақ тілінде көркем шығармаларды оқуға тартуда. Көркем шығармалар біздің тілімізді байытып, қазақ тілінде сөйлеу қабілетін арттыратыны анық.

Қазіргі кезде қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан-жақты алу аудио, видео, интернет жүйесі арқылы мүмкіндік туғанымен кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып алатын білім мен сауаттылықтың орны жоғары.

Кітап оқу - білім алушының қоршаған ортаға қарым қатынасын анықтайтын дайындық болып табылады. Егер кітап балаға ұнаса, қызықты болса, ол үнемі кітапқа көңіл бөліп отырады.

Бүгінгі таңда барлық адамзаттың алдында тұрған басты мақсаттарының бірі ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерген білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ойлай болса, біздің барлық іс әрекетіміз осы бағытта болу керек. Ал ұрпақ білім қайдан алады? Әрине, кітаптан. Ойткені тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орын кітапхана.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауына «Ғасырда білімсіз өмір сүру мүмкін емес, халықты салауатты да сауатты өмірге бағыттауымыз керек» деген сөздерді тірек ете отырып, әдеби шығармаларды насихаттап, кітап оқу арқылы білім алушылардың өмірге деген құлшынысын арттырып, өздеріне деген сенімділігін оятып, рухани дамуын нығайтып, әлемдік білім кеңістігіне шығуға жол ашатынына сендіре аламыз.

Кітапхана рухани даму ордасы. Жана заман компьютер дәуірі болғанымен, рухани азық іздеген көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның келер шаңырағы кітапхана. Қазіргі уақытта кітапхана заман талабына сай жұмыс істеп, ізденіп, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып отырған бірден бір қасиетті шаңырақ деп айтсақ артық болмас еді.

Адамға рухани байлық сыйлап, ғылым мен білімнің терең сырынан сусындатар мәдени орын – кітапхана. Елдің болашағы, өсіп – өркендеуі жастардың қолында. Еліміздің болашағын жасайтын жастар білімімен қатар шығармашылық қасиеті жоғары, өзіндік көзқарасы бар, ұлттық мәдени құндылықтарымызды бойына сіңірген, елге тұлға болатын азаматтар болуы керек.

Кітапханашы оқырмандарға рухани жағынан тәрбие бере отырып үнемі шығармашылық жағынан да көмек береді. Кітапханашы - үйретуші ұстаз, ол да жаңа заман талабымен жұмыс жасап, ізденіп, жастардың ұлттық тәрбиесіне өз үлесін қосып келеді. Талапқа сай оқырмандармен қарым-қатынас жасау, қызмет көрсетудің тиімді жолдарын іздестіру, ұлттық мәдени құндылықтарымызды насихаттау, шығармашылық қабілеттерін шыңдау – кітапханашылар үшін ең жауапты іс. Оқырмандармен сапалы, жүйелі жұмыс жүргізе отырып, ұлтжандылық, толеранттылық, достық, сүйіспеншілік, отбасы сезімдері сияқты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды бағалап, қастерлеуіне зор мүмкіндік туғыза алады

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы
2. “Балалар Энциклопедиясы”, V-том
3. Қадыр Мырза Әли, "Жазмыш" кітабынан. 2004 жыл.
4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын- Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006 жыл. - 430 б.
5. Туранина Н.А., Капустина Т.А. Культура общения специалиста библиотеки: проблемы и пути их решения // Культура и образование. – Июль 2014. - № 7.
6. Нравственные аспекты профессиональной деятельности библиотекаря // Культура. Творчество. Человек. Ч. I. Социально-политические науки. Философия: Тез. Всерос. респ. науч. конф. - Самара, 1990. - С. 112-114.

ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Сарсекенова А.Б.

Балапанова Ж.Т.

*«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»
АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық
қызметкердердің біліктілігін арттыру институты
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Ұлттық сана, құндылықтар, қоғам-мектеп қатынасы, құндылық-бағдарлы тәрбие

Аннотация

В статье рассмотрены возможности развития национального сознания и ценности физического лица.

Annotation

The article describes the possibilities of development of national consciousness and values of an individual.

Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау.

Заман талабына сай білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлануға үйрету, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету, еліміздің білім жүйесінде оқыту үрдісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнымен қамтамасыз ету міндеті тұр.

Әдетте «қоғам мен мектеп» деген тіркесте-отбасы, баланың денсаулығы мен әлеуметтік ахуалы, оның өз өмірінде басшылыққа алатын адамгершілік құндылықтарда жатыр.

Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог – ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, философиялық материализмнен руханилық, гуманистік ұстанымдарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

XXI ғасырда әлемдік дамудағы шапшаңдықты ұлғайтқан уақыттың өзектілігі сезіледі.

Құндылықтық-бағдарлы тәрбие жүйесін жасау үшін ең бірінші мақсатты нақтылап, тұлғаның жеке бастық қасиеттерін:

- әлеуметтік;
- адамгершілік;
- жауапкершілік;
- дербестік тәрізді қасиеттерін дамыту қажет.

Жас ұрпақтың жеке басының моральдық санасы мен құндылығы, ата-бабаларымыздан келе жатырған ұлттық сана сезім арқылы әдет ғұрып, дәстүрді сақтау мәселесі көзделуде. Дәстүрлердің ескісі де, жаңасы да бұрын болмаған өзгерістерге ұшырауда. Бірақ олардағы басты нәрсе — өтіп бара жатқан ұрпақ пен келер ұрпақ арасындағы жанды байланыстың сақталуы. Қазіргі тәрбиенің мәні халықтардың прогрессия ізгілікті дәстүрлерін қайта жандандыру арқылы ұрпақтардың саналы адамгершілігін нығайту болып табылады.

Көп жылдар ұстаздық еңбек ете жүріп, байқағаным бала тәрбиесінде моральдық ұлттық сана – адамның санасында адамгершілік принциптерінің болуы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты және қоғамға қатынасты реттейтін мінез-құлық нормасы отбасында қалыптасуы қажет.

Әлеуметтік құнды сапалық қасиеттерді тәрбиелеу білім беру және іскерлік дағдыны жетілдірумен қатар жүреді.

«Адамға өткен дәуір бәрі – сабақ» дегендей, бабалар тәжірибесінен сұрыпталған ой-пікірлер кейінгі ұрпаққа аса қымбат.

Мақал-мәтелдер ойды қысқа қайырып, ұтымды жеткізетін, халық ойы мен өмір тәжірибесінің қорытындысы іспеттес сөздер. Тыйым сөздер мен тәрбиелік нақыл сөздер халқымыздың ұлттық әдеп-әдет этикасының бір тармағы ретінде бүгінгі күнге дейін жеткен. Олар – халықтың терең философиялық ойын, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі қағидалары іспеттес.

Тарихы талай ғасырға тереңдейтін, қысқа да нұсқа асыл мұра – халықтың моральдық кодексі ретінде болашақ мұғалімнің ақыл-ойын дамытып, қызмет етуге қажетті ой-өрісін, сана-сезімін, түйсігін дамытады. Тұлғалық ерекшеліктерін дамытып, адамгершілік мінез-құлықтың нақты ережелерін құруға мүмкіндік береді; өзін-өзі басқара білуге, қызмет барысында парызылық ұстанымдарға жүгінуге жетелейді.

Өз тәжірибемде көз жеткізгенім әр отбасы мүшесі кішкентай кезінен отбасында берілген саналы тәрбиені, аталы сөздердің орынды айтылуы, ұрпақтың сана саңылауын ашып, ұлттық тәрбиелік құндылық ретінде түсініп, дұрыс қабылдайды. Бұл оның өз халқының моральдық құндылықтары мен моральдық санасы түсініктерінің отбасынан дәстүрлі қалыптасқан тәрбиесі, дағдысы, тәртібінен көрінеді. Есейе келе, өмір елегінен өткізіп, саналы ғұмыр кешуіне септігін тигізеді.

Сана - жеке адамға тән қасиет. Педагогтардың кәсіби моралінің мазмұнын анықтауда табиғи түрде осы салада жинақталған халқымыздың мол тәжірибесіне, педагогикалық бай мұрасына арқа сүйейтініміз белгілі.

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінгі күнге дейін философтар, психологтар, педагогтар мен әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылардың зерделерінен орын алып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар әрбір адамның ақыл-ой байлығының тікелей көрсеткіші. Құндылықтың мәні мен табиғаты, оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы толғандырып келеді. Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың мәнін (игілік, жақсылық пен жамандық) түсіндіру үшін қолданылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардан философтар, прогресшіл ойшылдар мен педагогтар адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастырған.

Кез келген халықтың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылады. Мамандар оқушылардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру ісі оларға адамзат баласының қолы жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесін игерту және тұтастай алғанда әлеуметтік-этикалық нормалар мен жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игертуге болатынын дәлелдеп берді.

Бұл өлшемдер халықтық дәстүрлерде, адамгершілік уағыздарда, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың тәуір белгілері, тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері шоғырландырылған күйде әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Кез келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және сан алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жалпыәлемдік құндылықтар — түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын, туыс ететін құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады, өйткені олар біртіндеп жинақталды және XX ғасырдың соңында Халықаралық топ алғашқы рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады.

Қазіргі кезеңдегі басты тұлға, басты капитал жасампаздықтың иесі, гуманистік бағыттағы жан, ең маңызды құндылық иесі – Адам екендігі даусыз.

Тәрбиедегі басты мәселе-тұлғаның тұлға аралық қатынасын дамыту, өз құрбы-құрдастарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын жасай білу, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшелігін жасына, ұлтына қарамастан саналы түсіне білуі, өзіне сын көзбен қарап, өзінің көңіл-күйін, атқарған іс-әрекетінің есебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға беруі тиіс.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі - әрбір жеке тұлғаға ұлттық тәрбие мен білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алдымен, баланың сезімін оятып, әсершілдігін дамыту.

Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта оқушыны білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін және жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға жеткізуіміз керек.

Қазақстандық қоғамның «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамасында «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Жолдауда бұл құндылықтар аталған: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Қазақстандық қоғамның Мәңгілік елге бағытталуы жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, өзгерістердің бірыңғай маңызды факторы ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау миссиясын атқарады» делінген.

Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Қазақтың ұлттық идеясы – «Қазақ мемлекеті» ұғымын сөз етті. Бұл көптен күткен, көптің көңілін күпті еткен мәселе. 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР Конституциялық заңының VI тарау 15-бабында айтылған «ұлттық мемлекет» ұғымы одан кейінгі бірде-бір тарихи құжатта айтылмаған еді. Сол себепті де бұл құжатта «Қазақ мемлекеті» ұғымының қайта жаңғыруы – халыққа қанат бітіріп, бұл бағдарламаның негізгі ерекшелігі де осында.

Бұл туралы ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – деген қанатты сөзі күллі түркі халықтарын бір серпілтіп, ертеңге деген сенім ұялатқаны жасырын емес. Елбасы және бір сөзінде: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы...

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», – деп ерекше атап өтті.

Мәңгі ел құндылығы бүгін мемлекетіміздің ұлттық идеясына айналды.

Білімді, білікті, ұшқыр ойлы, саналы, өз елінің патриот жастары бар міндетті жүрегімен сезінсе екен. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену – Қазақстан жастарына жүктелген зор міндет деп санаймыз.

Қазіргі заманауи ұлттық идеяны мектепке дейінгі білім беруде, балабақшаларда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге, оқушыларға, студенттерге, жастар санасына жеткізілуде біршама істер атқарылуда. Әрине қазіргі жас ұрпақтың санасына, өмір салтына сіңген құндылық «Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші боларына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014ж.
3. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
4. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. — Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 456 бет. "Мәңгілік ел" - Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, Бижанов А.С., студент, ғылыми жетекші: А.Ф. Ибраева т.ғ.д., профессор Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
5. Интернет дерек көзі
6. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416>
7. © e-history.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – АЛТЫН ДІҢГЕК

Сұлтанова Ғ.Т.

Қ.Дүтбаева атындағы Атырау
гуманитарлық колледж оқытушысы
отбасылық психолог

Кілттік сөздер: ұлттық психология, мектептегі психология, оқу-тәрбие, педагогикалық психология.

Аннотация

В статье поднимается вопрос о целесообразности и возможностях преподавания психологии как учебного предмета в средней общеобразовательной школе. Автор, ссылаясь на труды ученых, считает: чем более широк круг культуры, в который вводит ребенка школьное образование, тем более значимыми и содержательными становятся основания для развития полноценной личности и творческой индивидуальности.

Abstract

The article raises a question of whether it is necessary to have psychological knowledge for students in order to cope with the inevitable challenges in life. In addition to that, it discusses necessity of teaching psychology as a separate subject in secondary schools. Author analysed the work of scientists and based on that believes that the wider culture which secondary schools introduce to pupils, the better. It also can be a good foundation for raising adequate individuals with creative individuality.

*«Менің ойымша, қазақтардың қайталанбас
этикалық, психологиялық әлемі – әлі жете зерттелмей,
зерделенбей жатқан тылсым дүние.» Н.Назарбаев*

Қазіргі таңдағы көкейкесті тенденцияның бірі- білім берудің жеке тұлғаға бағытталуы, ізгілендіре оқыту, тәрбиелеу болып табылады. Яғни білім беруді ізгілендіру –педагогикалық теорияның негіздерін ізгіліктік (гумандық) көзқарастар жүйесіне негіздеу, оқыту мен тәрбиелеудің мақсат, міндет, әдіс-тәсілдеріне ізгіліктік тұрғыда келу мәселесі күн тәртібінде тұр. Жеке тұлғаға бағытталған білім берудің негізгі мақсаты тұлғаның оқу, кәсіби және жалпы өмірлік іс-әрекет субъектісі болуына көмектесу болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Пәндік көзқарасқа негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары оқушылардың өмір жолын таңдауына, мүдделері мен перспективаларын нақты белгілеуіне оң негіз бола алмайды. Жоғары сынып оқушыларының 30%-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіптік қызметті саналы түрде таңдайды. Болашақ мектеп түлектерінің 70%-ының өзін-өзі бағалау деңгейі өте төмен және өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Жоғары сатыда бейінді оқытудың жетіспеушілігінен еңбек нарығында мектеп бітірушілерге деген сұраныс жоқ» делінген.

Жастардың өзін-өзі тануы, өзгені қабылдауының жетіспестігі, моральдық құндылықтардың материалдық құндылықтарынан кемшін бола бастауы, жастардың отбасылық-некелік өмір туралы даярлығының төмен болуы, ата-ананың бала тәрбиесіне психологиялық-педагогикалық білімінің жетіспеуі, сәбидің дүниеге келуінің төмендеуімен, ажырасу санының көбеюімен және осыған байланысты баланың панасыздығының, қараусыздығының өсуімен қатар, жалпы айтқанда, отбасына әлеуметтік құлдырау қаупі барынша төнуде.

Бұның бәрі жастардың өзін-өзі, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін танымауынан, білмеуінен деуге болады.

Ж.Аймауытовтың «Адам өзін танымаса, өзгені де танымайды» деген пайымы осыған дәлел бола алады. Педагог, психолог-ғалым Ж.Аймауытұлы тәлім-тәрбие саласында адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ғана емес, ең алдымен – тұлға. Тұлға – қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі. Оның ұлттық тәлім-тәрбие ісін дұрыс, тиімді ұйымдастыру мен шешуде жеке тұлғаны қалыптастырудағы зор маңызы бар екенін айтады. Қазақ топырағында ХХ ғасырдың басында тәлімдік ой- пікірлерімен ұлттық колоритке (нақыш) толы психологиялық көзқарастарымен барша жұртты тәнті еткен, қазақ жантану ілімінің көшбасшысы ретінде танылған Ж. Аймауытовпен қатар, оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ерекше ден қойған М.Жұмабаевтың еңбектерінің мәні зор. Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог М. Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осыған орай, педагог «түзу адам», «жетілген адам» туралы айта келіп, бұл оның пішін-келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді. Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүюі шарт. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға – сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады, деп тұжырымдаған

Жүз жыл бұрын шыққан «Психология и школа» деген жинақта Челпановтың «Место ли психологии в средней школе?» деген мақаласында: «Если мы считаем необходимым, чтобы молодые люди знали природу растений, камней, то отчего же в такой же мере не необходимо для них знание внутреннего мира? Отчего научное знание того, что такое память, внимание, воображение, аффекты, не столь же ценно, сколько является ценным знание внешних явлений?» дей келе, «Психология начинает приобретать слишком важное научное значение, чтобы ее отсутствие среди предметов гуманитарного образования не было замечено. Я уверен, что этот пробел будет очень скоро заполнен,» деп аяқтайды мақаласын.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы психологиялық ой-пікірлердің дамуы қазақтың үш ой алыптары – Ыбырай, Шоқан, Абай есімдерімен байланысты екендігі белгілі. ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі психологиялық ой-пікірлердің дамуы Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев еңбектерімен айрықша ерекшеленді.

Жеке тұлға белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан, оның кейбір генетикалық, әлеуметтік негіздерін халық педагогикасы мен ұлттық психология қарастырады. Қазақстанда ұлттық психология ғылымының негізін салған психолог ғалымдар: Ә.Алдамұратов, С.Балаубаев, Қ.Жарықбаев Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, А.Темірбековтердің психологиялық зерттеулер жүргізу нәтижесінде ғылыми-теориялық және әдістемелік еңбектер жарық көрсе, ғалымдар Г.А.Урунтаева, Х.Т.Шерьязданова, т.б. өздерінің ғылыми еңбектерін мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшеліктеріне арнады.

Қазақстанда оқу-ағарту ісінің тарихында зерттеушілер Ә.Сыдықов, Т.Тәжібаев, Ә.Сембаев, И.Я.Гармс, С.Мусин, Қ.Бержанов, И.Б. Мадин, А.Т.Колмаков, Ж.Есекеев, А.Көбесов, К.Құнантаева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, Қ.Б.Сейталиев, Т.М.Алсатов, Е.Омарұлы, Ә.Н.Көшербаева, К.Ж.Ибраева, А.Ильсова және т.б. ғалымдар тобы жастардың әлеуметтік дағдысын, тұлғалық сапаларын жетілдіруге көмектесетін, мәдени мінез-құлыққа, жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелейтін жаңа пәндер мен оқыту әдістерін оқу-тәрбие жүйесіне, жалпы білім беретін жүйеге ұлттық психологиялық-педагогикалық білімді енгізу керек деп санайды. Елімізде психология және педагогика саласында оқушы жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды бірқатар зерттеулер орындалған: оқу процесін жетілдіруде ұлттық дүниетаным, қазақ халқының тәлім-тәрбиелік тағылымдарын пайдаланудың өзекті мәселелері Қ.Б.Бөлеев, Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, Қ.Шалғынбаева, С.Ғаббасов, Өтешева Б., т.б; оқыту қызметін тәрбиелік іс-шаралармен сабақтастырудың жаңаша сипаты Г.К.Нұрғалиева, Л.К.Керимов, Б.А.Тойлыбаев, А.Ғ.Қазмағамбетов, Р.К.Төлеубекова; жеке

тұлғаның танымдық ізденімпаздығы мен шығармашылық ойлау мүмкіндіктерін дамыту, Н.Д.Хмель, С.С.Смаилов, Б.А.Оспанова, Б.А.Тұрғынбаева, А.Е.Әбілқасымова, Р.С.Омарова, А.А.Бейсенбаева, А.К.Аренова, Т.Сабыров т.б; болашақ мамандарды кәсіби даярлауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіру бағыттары М.Ә.Құдайқұлов, Б.К.Момынбаев, О.С.Сыздықов, Ш.А.Абдраман, А.С.Сейтешов, Г.А.Уманов, С.А.Абдыманапов т.б. зерттеулерінде орын алған.

Көптеген ғалымдарының еңбектерін талдауда шығармашылық қабілет, креативтілік, дарындылық мәселелерінің - адамның өзі туралы, өзге туралы адекватты білімі, психологиялық ерекшеліктер мен тұлғааралық қарым-қатынастар туралы, шығармашылық, даму, өзін өзі дамыту, өзін іске асыру-тұлға болып қалыптасуының негізгі факторы болып табылатынын аңғаруға болады. Ал бұл мәселе, білім беру мазмұнына психологиялық компоненттерді енгізу қажеттігін анықтайды. Бұдан шығатын қорытынды, жоғарыда аталған ұлы ғұламалардың мұраларын мектеп оқушыларының тұлғасын қалыптастыруда, олардың бойына адами ізгілік қасиеттер мен еңбекті сүюге, білімге қызығушылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алуға болады деп түсіну керек.

Қазіргі мүмкіншіліктер мол заманда адамның білім алу барысындағы көптеген білімдерінің ішінде өзі туралы, өзінің жан дүниесі туралы білімнің жоқтығы таңқаларлық нәрсе. Психологиялық білім тек кәсіби, жоғары білім беретін оқу орындарында, онда да педагогтар мен психологтар даярлайтын оқу орындарында ғана пән ретінде жүрді. Қазіргі кезде психология білім ретінде көптеген кәсіби білім беретін орындарда, түрлі мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарында да жүреді. Ал мектептерде ше?

Әрине қуанарлық мәселе, білім беру орындарында психологтың қызметі тағайындалуының өзі білім беру практикасындағы ізгі қадам.

Алайда, психологтың жұмысына нормативтік құжаттарда нақты анықталмаған өте үлкен ауқымды талаптар қойылады. Соның бірі – психологиялық ағартушылық, ақпараттандыру, психологиялық білім беру мәселесі.

Алайда, психологтың дамытушылық, психопрофилактикалық, коррекциялық (түзетушілік) және тіпті ағартушылық (сауаттандыру) бағытындағы қызметі балалардың базистік психологиялық мәдениетін толық және тиімді қамтамасыз ете алмайтын секілді

Психологты күнделікті зерттеу, оқу-тәрбие үрдісімен байланысты міндеттерімен қоса, перспективалық-оқушылардың психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету міндеті күтіп тұрады. Бұл мектеп психологының оқыту, білім беру, яғни мұғалімдік қызметінің қажеттілігін анықтайды..

Кеңестік мектептерде 1980-83 жылдары психология пәні мектепке қайта оралып, «Этика и психология семейной жизни» деген атпен жүрді.

Қазақ мектептерінде 80-ж. аяғы, 90-шы жылдары «Әдеп және жантану» пәні жүрді. Осы пәннің негізін салған Қ.Жарықбаев пен Ә.Табылдиевтің “Әдеп және жантану” еңбегінде: “... әр халықтың ғасырлар бойына жинақталып, белгілі жүйеге түскен рухани өмірінің жиынтығы” мектеп оқушыларын тәрбиелеу ісінде өз үлесін қосты, алайда соңғы кездерде осы пәннің мектеп бағдарламаларынан түсіп қалғандығы қынжылтады.. Мектептегі психологияға байланысты материалдар көптеген басылымдарда жарияланып келеді. Мысалы, Жарықбаев Қ.Б. «Ұлттық әдептану және жантану пәндері мектептен неге алыстатылып жүр?» «Қазақ әдебиеті» 31 қаңтар, 2003; Дуанабаев Ж. «Мектепке психолог керек пе? «Лениншіл жас»9 маусым 1989. т.б...

Алайда мектепте психологияны пән ретінде жүргізу туралы проблеманы қарама-қайшылықты жағдай деуге болады: тәжірибелер көрсетіп отырғандай, бір жағынан, ғалымдар жалпы білім беру мазмұнына психологиялық компоненттерді енгізу қажет екенін, оқушылардың психологиялық білімінің болу қажеттігін түсініп, ұсынуы, ал екінші жағынан, қазіргі білім беру базистік оқу жоспарында жоқтығы және 12 жылдық білім беру жобасында бұл пәннің заңды түрде көрсетілмеуі.

Психология пән ретінде тек инновациялық мектептерде немесе, психолог-энтузиастар өздерінің идеяларымен өздерін мойындатып, арнаулы сағаттар (факультатив, үйірме)бөлгізген болуы мүмкін.

Бұл әрине, психология пән ретінде жүйесіз, ситуативтік, педагог-психологтың шеберлігі мен тәжірибесіне байланысты жүреді деген сөз. Демек, мектепте психология пәнін енгізу әлі күнге көптеген шешілмеген маңызды сұрағы бар даулы мәселе болып отыр. Ғалымдар мектептегі дәстүрлі пәндермен қатар балаларға психологиялық білім мен дағдыны меңгерту қажет пе, егер қажет болса, қашан, оны қандай формада, қандай әдіс-тәсілдермен жүргізген дұрыс деген сұраққа жауап іздеуде.

Бұл ғалымдар тарапынан әлі бір пікірге тоғыспаған мәселе бола тұра, практикада көптеген елдердің мектептерінде психологиялық сабақтар жүргізілуде.

Көп жағдайда бұл бағдарламамен, оқулықтармен жете қамтамасыз етілмеген, кейбір психолог-педагогтардың жеке бас энтузиазмі болса, кейбір мектептерде «Өзін тану» сияқты бағдарламалардың еніп, іске асуы арқылы болып отыр. Қазақстан Республикасында «Өзін өзі тану» («Самопознание») пәнінің методологиялық негізін қалап, оқу-тәрбие мекемелеріндегі оқу процесіне енгізуге С.А.Назарбаева, Ш.К. Беркімбаева, К.Н. Шамшидиева, Б.А. Альмухамбетов, Б.К. Дамитов, Х.Т. Шерьязданова, К.Ж. Қожахметова, М.Ш. Хасанов, А.Н. Нысанбаев, Б.К. Кудышева, Г.И. Калиева, Т.А. Левченко, Г.Г. Соловьева, М.Ж. Джадрин сияқты қайраткерлер мен ғалымдар зор үлес қосты. Өзін-өзі тану пәні жас ұрпаққа адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы, халықтық педагогика әдістеріне және жалпы адамзаттық құндылықтарға оқытудың дүниежүзілік тәжірибесіне негізделіп құрылған.

«Ұлы мұраттарға жету үшін ұлттық психологияны мықтап қолға алу керек» деген атпен берілген /2009 тамыз, <http://aikyn.kz/> ұстазымыз Жарықбаев Құбығұл Бозайұлының интервьюінен «... психологиялық асыл мұралар әлі күнге дейін зерделенбей келеді. Тіпті әрідегі ғұлама ойшылдарымыз түгілі, берідегі Шоқан,

Ыбырай, Абай мұралары да психологиялық талдауға түскен жоқ. Бұл жерде қазақ психологтарына өкпеміз кара қазандай. Осыны жан-жақты зерттеп, қазіргі ұрпаққа ұсынып жатқан қазақ психологтары да, тіпті ниет білдірушілер де жоқ. Қазір ғылыми жұмыс жазып, әйтеуір қорғап алуды мақсат еткен жастар оңай тақырыптарға жүгіреді де, осындай қиын да, күрделі тақырыптарға бас ауыртпайтын болды» деген жолдардан көп нәрсені аңғарғандаймыз.

Кезінде Мағжан Жұмабаев: Мен жастарға сенемін! деп үміт артып, «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік хәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ, серттесуге болады. Сондай негізде құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», деп өсиет етіп кеткен болса, күні бүгін Қазақстан психологтарына «...Ал үстіміздегі ХХІ ғасырдағы қазақ психологиясының тарихын жазу – бізден кейінгі ұрпақтың еншісі болмақ дейміз.»- деп үміт артады Құбығұл Жарықбаев, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы. /Егемен Қазақстан газетінен алынды./

Мен ұстаздардың ойларын - ұлттық мүдде алтын діңгек, бәріміз соның төңірегіне жиналып, еңбек етелік дегені деп түсінемін.

Әдебиеттер:

- 1.«Қазақстанның-2030» даму стратегиялық бағдарламасы;
- 2.«Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы» (2004);
- 3.«Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық : ғылыми басылым. Т.5. Гуманистік психология.- А. : "Таймас" баспа үйі, 2005;.
- 4.М.В. Попова. “Психология как учебный предмет в школе”, М.; Гуманитарный издательский центр, Владос, 2000 г., т.б.

ТӨРТІНШІ СЕКЦИЯ

ЧЕТВЕРТАЯ СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ЭТНОПЕДАГОГИКАЛАНДЫРУ

ЭТНОПЕДАГОГИЗАЦИЯ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

ПЕДАГОГТАР ҰЖЫМЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

Мендаяхова Қ.М.

педагогика ғылымдарының докторы

Қазмемқызпу профессоры

Кілттік сөздер: құндылықтар жүйесі, құндылық бағдары, субъективті құндылықтар жүйесінің

Аннотация

В предлагаемой статье автор обосновывает понятие система ценности, ценностных ориентаций в образовании и понимании феномена субъектных ценностей в контексте педагогических наук.

Abstract

In the suggested article the author gives proof of the concept of value orientations in the formation and understanding of the phenomenon of subject values in the context of humanities.

Құндылықтар жүйесі индивидтің өмір сүріп отырған қоғамдағы идеология мен мәдениетті бейнелейді. Құндылықтар адамның әртүрлі материалдық, моральдық, саяси және рухани құндылықтарға деген қатынасының ішкі негізін көрсетеді. Қоғамдық құндылықтар біріккен, мағыналы іс- әрекет үстінде қалыптасады және топ мүшелерінің әртүрлі әлеуметтік объектілер мен құбылыстарға деген қатынасын анықтайды.

Мемлекет дамуының өтпелі кезеңінде саясат, экономика, әлеуметтік психологиялық аймақтар өзгеріске ұшырауда. Нәтижесінде құндылықтардың иерархиялық құрылымдары да өзгеруде. «Құндылық» терминіне философияда, социологияда, этика мен психологияда көптеген анықтамалар беріледі.

Құндылық маңыздылығы оның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орнына байланысты. Құндылық іс- әрекеттің әдісі мен құралдарын анықтайтын идеяның, көзқарастың және оларға сәйкес әлеуметтік психологиялық құрылымдардың жиынтығы. Тұлғалық құндылықтар қажеттілікпен өзара әрекет

жасай отырып, социогенез үрдісінде қалыптасады. Адам әлеуметтік тәжірибесін өзіндік құндылыққа айналдырады. Құндылықтар адамның мінезін күрделі, тұрақсыз, түрлі өзгеріске ұшырап отыратын реттегіштері.

Қазақстандықтардың құндылықтар жүйесінде ерекше орынды мінездің моральдық этикалық эталоны алады. Қазақстан Республикасы полиэтникалық мемлекет және оның аумағында өмір сүретін халықтарға бір-бірінің мәдениетіне, дәстүріне, салтына деген толерантты қатынас тән. Сондықтан терминалды құндылықтар қатарында адамға жақсылық жасау құндылықтарды алғаны заңды.

Педагог жұмысы өз әріптестерімен және оқушылармен өзара әрекет жасау үрдісінде өтеді. Педагогқа мектеп бағдарламасына алған құндылықтар мен басшылардың тұлғалық позициялары мен көзқарастары әсер етеді. Тұлғалық және ұжымдық көзқарастар арасындағы сәйкестік қолдаудан бастап келіспеушілікке дейінгі аралықты қамтиды.

- Ұжым құндылықтарының жүйесін толық қолдау. Бұл жағдайда педагогтың пікірі аталған құндылықтарды қолдауға және дамытуға бағытталады.

Ұжым құндылықтарымен келісу. Педагог идеологияға түсіністікпен қарайды.

-Ұжым құндылықтарымен келісу мүмкіндігі. Индивидуалды және ұжымдық көзқарастар арасындағы айырмашылыққа қарамастан, педагог белгілі бір жағдайларға байланысты ұжым құндылықтарымен келіседі.

-Ұжым құндылықтарымен толығымен келіспеу жағдайында педагогтан оның моральдық принциптеріне қарама- қайшы құндылықтарды қолдауы талап етіледі. Құндылықтар арасындағы конфликтінің себебіне мәліметтің жеткіліксіздігі немесе түсініспеушілік жатады. Мұндай конфликтілер ұжымға және индивидке пайда әкеледі. Индивидтерге олар өзіндік тұлғалық құндылықтарын анықтауға және олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындауға көмектеседі. Ал ұжым ұжымдық құндылықтар жүйесін қайта қарастыруға мәжбүр болып, маңызды құндылықтарды анықтау жолында жұмыс атқарады. Кейде мұғалім таңдау жасауда қиыншылықтарға кездеседі. Өз пікірін ашық айту жайсыздықтарға әкеледі, ал ұжымнан кету көпт еген перспективалар мен материалдық қиыншылықтарға ұрындыруы мүмкін. Ал басқа позицияны қабылдау еңбек іс- әрекетіне және рухани тепе -теңдікке нұқсан келтіреді. Бұл жағдайдан шығу жолы - белгілі шешім қабылдап, оның нәтижесімен келісу. Ұжымның жұмысын анықтайтын және стратегиялық шешімдер қабылдайтын басшылар үшін тұлғалық құндылықтардың маңызы зор. Олардың жұмыстарында «дұрыс» немесе «бұрыс» шешімдері жоқ мәселелерді шешу талап етіледі. Бұндай шешімдер айқындалған құндылықтарға негізделеді.

Ұжым құндылықтар бірлігіне біріккен белсенді іс- әрекет нәтижесінде жетеді. Құндылықтар бірлігі дегеніміз іс- әрекет мақсаты және міндеттеріне жетудегі ұжым үшін маңызды адамгершілік және әскерлік аймағындағы позициялардың және бағалаулардың жиынтығы. Оқыту мен тәрбиелеу ұжымындағы біріккен іс - әрекет педагогикалық үрдіс негізінде туындайтын өзара қарым -қатынастар біріккен іс- әрекеттің мақсатына, ұйымдастырылуына, құндылығына байланысты дейді.

Ғалымдардың пікірінше педагогтың өзінің даму перспективасын анықтауда үш мүмкіншілігі бар:

- бейімделу, өзін -өзі дамыту және іс- әрекетінің «құлауы». Бейімделу- рөлдік позицияларды меңгеруге, іс- әрекеттің барлық түрін меңгеруге, білім беру жүйесінің барлық талаптарына бейімделу мүмкіндігін береді.

- Өзін -өзі дамыту- педагогтың өзін профессионал ретінде толық жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

- Статация - педагог өз дамуын тоқтатқан кезде пайда болады және осы үрдіс нәтижесінде педагогтың кәсіби белсенділігі төмендейді, жаңалықты қабылдайды т.б.

Педагогтың өзін- өзі тану, өзін -өзі дамыту мәселесіне талдау жасамас бұрын оның тұлғалық ерекшеліктері, кәсіби компоненттілігі, іс -әрекетінің спецификалық сипаттамаларына тоқталайық.

Қазіргі кезде ғылымда педагог тұлғасының құрылымдық компоненттерін, оның іс- әрекеті мен - қатынасын, кәсіби компоненттілігінің ерекшеліктерін анықтауда әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Педагог тұлғасының маңызды құрылымдық компоненттеріне кәсіби педагогикалық бағыттылық, кәсіби белсенділік, кәсіби білімдер мен шеберліктер, кәсіби педагогикалық қабілет, ес, қиял, ойлау, кәсіби өзіндік сана, құндылықтар енеді.

Кәсіби белсенділік педагогтың өзінің іс- әрекетінің аймағын кеңейтуге деген ұмтылысымен, оқытудың жаңа формалары, әдістері мен құралдарын іздестірумен, әріптестермен, ата аналармен, оқушылармен жақсы өзара қатынаста болуымен, өзін өзі тәрбиелеудің барлық амалдарымен құралдарын қолдана отырып, өзін өзі дамытумен айналысуымен сипатталады. Кәсіби білімдер мен шеберліктер кәсіби даярлықтың мазмұнын құрайды, педагогтың білімдері мен шеберліктері болмаса, ол өз функцияларын жүзеге асыра алмайды. Кәсіби білімдер сан түрлі. Оларға өз пәнін білу, педагогика, психология әдістемелері аймағындағы білімдер, өзіндік кәсіби мүмкіндіктерін білу жатады. Арнайы шеберліктерге аналитикалық, проективті, рефлексивті, дамытушылық, коммуникативті, перцептивті шеберліктер жатады. Педагогтың меңгерген білімдері оның компоненттілік деңгейін анықтайды.

Педагогикалық қабілеттер әрбір педагогтың тұлғалық потенциалын сипаттайды. Адамның өз бойынан педагогикалық қабілетті байқауы педагог болуға деген сәйкес кәсіби көзқарасты қалыптастырады. Педагог бойынан табылатын маңызды қабілеттер қатары төмендегідей:

- Дидактикалық- балаларға оқу материалын түсінікті, ұғынықты, қызықты етіп беру. Бұл үрдіс нәтижесінде балалар білім жағынан жоғары нәтижелер көрсетеді;

-Перспективті - балалардың ішкі дүниесіне ену, баланың тұлғасын түсінумен байланысты психологиялық бақылағыштық қабілетінің болуы;

-Коммуникативті - балалармен жасалатын продуктивті қарым қатынас, өзара сенімді қарым қатынас орнату қабілеті;

-Ұйымдастырушылық - балалар ұжымын бірлікке шақыру қабілеті, өзінің жұмысын ұйымдастыру, жұмысқа арналған уақытты дұрыс пайдалана алу шеберлігі;

-Сөздік- педагогтың өз ойын айқын, анық тілмен айта алуы, сөйлеу мәдениетін меңгеруі;

- Проективті- педагогтың, балалардың іс- әрекетін, ұйымдастырылған іс- әрекет құрылымын шеберлікпен құруы;

- Авторитарлы- балаларға эмоционалды еріктік әсер ету, осы негізде авторитетке жету: педагогикалық қиял, өзінің және басқалардың әрекеттерінің нәтижесін алдын ала көре білу шеберлігі.Аталған қабілеттер педагогтың білімі, шеберлігі мен қабілетін толық ашып көрсете алмайды, бірақ олар туралы көзқарастар қалыптастырады.

Кәсіби өзіндік сананың объектісі кәсіби маңызды тұлғалық сипаттамалар мен ерекшеліктер болып табылады.Педагог тұлғасының құрылымдық компоненттерін қысқаша сипаттай отырып, олардың педагогтық индивидуалдығын құрайтынын және қарым қатынас пен іс- әрекеттен көрінетіндігін атап өткен жөн.

Педагогикалық іс- әрекеттің құрылымына мынадай компоненттер кіреді:

Конструктивті- өзіндік іс- әрекеттің және білім беру үрдісіндегі басқа субъектілердің іс- әрекеттерінің әдістері, формалары, мазмұнын жоспарлаумен байланысты іс- әрекет;

Ұйымдастырушылық- педагогтың ойлаған ойын тәжірибе жүзінде іске асыру қабілетінен, оқыту үрдісін ұйымдастыруынан көрінеді;

Коммуникативті - педагогтың балалармен қатынас жасау шеберлігі мен байланысты іс- әрекеті;

Шығармашылық- педагогтың педагогикалық міндеттерді жаңаша шеше алу қабілеттілігі. Үрдістік көзқарас тұрғысынан қарастырсақ, педагогикалық іс- әрекет педагогикалық мақсаттар мен міндеттерді қоюды, оларды орындаудың құралдары мен амалдарын таңдауды, оқушылармен өзінің әрекеттеріне баға беру мен талдау жасауды қамтиды. Адамның тұлғалық қалыптасуы әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі ертеден дәлелденген. Бұл туралы психолог, педагог ғалым Л.С.Выготский өзінің зерттеулерінде көрсеткен. Ол әлеуметтік ортаны шартты түрде адамдар қарым -қатынасының жиынтығы деп есептей келе, әлеуметтік ортаның ерекше өзгермелі жаңа мазмұны, тәрбиенің икемді, қажетті құралы болатындығын дәлелдейді. Әлеуметтік орта сансыз көптеген әртүрлі қырларымен, құрамды бөліктерімен үнемі үздіксіз диалектикалық тұрғыда дамып отыратын динамикалық үрдіс деп тұжырымдайды.Осыған байланысты қазіргі кезеңдегі әлеуметтік тұрақсыздық жағдайындағы орта мен адам арасындағы байланыс бұл тек қана әлеуметтік маңызды мәселе болумен бірге, педагогикалық көкейтесті мәселеге айналып отыр. Болашақ ұрпақты қазіргі өте бір қысылтаяң экономикалық, әлеуметтік қиындық жағдайында, қарама қайшылықты кезеңде өзіндік мәні бар әлеуметтік мәдениет тұрғысында азаматтық құндылықтарға тәрбиелеу - өркениетке бағыт алған тәуелсіз мемлекеттің өзекті мұраты.Жас ұрпақ бойында жалпы азаматтық, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға отбасы, мектепке дейінгі мекеме, мектеп, ғылыми көпшілік ұйымдар және әрбір жеке адам үшін оны қоршаған басқа адамдар әлеуметтік орта болып есептеледі. Осының бәрі қосылып, жас ұрпаққа ықпал жасайтын әлеуметтік мәдени орта болып табылады.Түйіндей келе, қазіргі әлеуметтік мәдени ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал жасайтын ең шешуші саласы - болашақ ұрпақтың адами тұтас тұлға болып қалыптасуына бағытталған және өркениеттілік негізге құрылған тәрбие беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Козлова С.А.,Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. – М., 2001.
2. Устемиров К. Шаметов Н.Р. Васильев И.Б. Профессиональная педагогика. Алматы 2005.- 432 с.
3. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Алматы .-2009.

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ АССЕРТИВНОСТЬ ЛИЧНОСТИ КАК БАЗОВАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Е.В. Андриенко

*доктор педагогических наук
зав. кафедрой педагогики и психологии
профессор Института физико-математического и
информационно-экономического образования
ФГБОУ ВПО*

«Новосибирский государственный педагогический университет»

Т.Н. Кондратьева

*кандидат педагогических наук
доцент кафедры педагогики и психологии Института
физико-математического и
информационно-экономического образования
г. Новосибирск*

Ключевые слова: глобализация, профессиональное образование, поликультурное образование, стратегии взаимодействия, мультикультурное образование, толерантность, этнокультурное образовательное пространство, этнокультурная образовательная среда, этнокультурное образование, этнокультурная компетентность, этнокультурная ассертивность.

Аннотация

В статье рассмотрена проблема формирования у студентов педагогического вуза этнокультурной ассертивности как базовой составляющей профессиональной компетентности будущего педагога.

Annotation

The article considers the problem of formation at students of pedagogical higher education institution of ethno-cultural assertiveness as a basic component of professional competence of future teacher.

Глобальный процесс взаимопроникновения и переплетения культур и связанные с этим интеграционные явления создают предпосылки для реформирования системы профессионального образования и совершенствования профессиональной направленности будущего специалиста. Высокий уровень профессиональной направленности – это та качественная особенность структуры мотивов личности, которая выражает единство интересов и личности в системе профессионального самоопределения. Повышение уровня профессиональной направленности образует основное содержание ее развития [10].

Актуальным направлением развития будущего педагога является формирование этнокультурной компетентности, как базовой составляющей педагогического мастерства современного учителя. Формирование этнокультурной компетентности человека происходит в течение всей его жизни, но наиболее активно – в специально организованных условиях образовательного учреждения [9;11].

Диалектика национальных и общечеловеческих ценностей в общекультурной ориентации зрелого педагога выступает в качестве нормативной связи, отражающей динамику изменения любой социальной группы [2]. Современная мировая педагогическая наука располагает теориями поликультурного (мультикультурного, многокультурного), этнокультурного и глобального образования, цели которых в той или иной мере отвечают задачам культурного плюрализма в воспитании и образовании подрастающих поколений.

С середины семидесятых годов XX века в американской педагогике активно стал использоваться термин «поликультурное образование», которому предшествовало понятие «полиэтническое образование». В разработку доктрины поликультурного образования, как новой парадигмы философской и педагогической наук, большой вклад внес американский ученый Джеймс Бенкс, представивший четыре альтернативные модели содержания образования и дидактических принципов [5].

Цель поликультурного российского образования по определению В.В. Макаева, З.А. Мальковой и Л.Л. Супруновой и др. [13] состояла в формировании толерантной личности, способной на основе диалога активно взаимодействовать с представителями других культур. Поликультуризм в образовании, по мнению Г.М. Коджаспировой [8], это построение образования на принципе культурного плюрализма, признание равноценности и равноправия всех этнических и социальных групп, составляющих данное общество, на недопустимости дискриминации людей по национальному признакам национальной или религиозной принадлежности, пола или возраста.

Следует заметить, что в работах по проблемам поликультурного, мультикультурного, многокультурного образования, данные понятия рассматриваются как идентичные, но имеющие разное лингвистическое происхождение: «много» – русского, «мульти» (от лат. multum – много), «поли» (от греч. πολυ – много). Таким образом, семантика двух понятий несет одинаковую смысловую нагрузку, а использование в научных работах той или иной терминологии имеет свои основания.

По определению исследователя многокультурного образования Г.Д. Дмитриева, «многокультурное образование исходит из фундаментального методического принципа, гласящего, что у всех и каждого есть

культура как стиль жизни, как совокупность менталитета, традиций, аргументов, акцента, диалекта, стиля одежды и причёски, кухни, правил поведения, песен, напевов, сказаний, литературы, символов, родо-половых и физических данных, отношений, нравственных и эстетических ценностей, образования, трудовых навыков, веры, только она – культура – разная» [6]. В данном аспекте многокультурное (поликультурное) образование выходит за рамки многоэтнического (полиэтнического) образования, т. к. принято считать, что причины конфликтов, насилия и нетерпимости лежат не только в области этнических различий, но и культурных. Вопросу о границах данного понятия было посвящено множество дискуссий, но до сих пор он остается открытым.

Г.В. Палаткина считает, что «понятие «мультикультурный» является более емким, соответствующим принципу диалога и взаимодействия культур, их переплетающемуся множеству» [15]. Базовое определение мультикультурного образования рассматривается ею как «образование, направленное на сохранение и развитие всего многообразия культурных ценностей, норм, образцов и форм деятельности, существующих в данном сообществе, и на передачу этого наследия, а также и инновационных новообразований молодому поколению, а также обеспечивающие равные права и равные возможности для всех этносов и социальных групп» [15].

Используемый в работе термин «этнокультурное образование» значительно расширяет представление об этносе с точки зрения многообразия его культурных и национальных особенностей в условиях глобализирующегося мира. Под этнокультурным образованием будем понимать целенаправленную социализирующую деятельность всех субъектов образовательного процесса, направленную на формирование этнокультурной ассертивности через интериоризацию социокультурных ценностей личности в процессе взаимодействия с представителями народов ближней и дальней культурной дистанции в условиях титульной и нетитульной образовательной среды.

Культурная дистанция означает определенное расстояние, психологический барьер в общении, возникающий между отдельными представителями конкретного народа, или группами, вследствие наличия разности в базовых и инструментальных системах ценностей, в предпочитаемых нормах и идеалах, стандартах поведения и образе жизни. Часто дистанцирование происходит в случае миграции и попадания в иное культурное пространство, или в ситуации заниженной этнической самооценки.

В таблице 1 на примере РФ показана вероятность социокультурной близости и удалённости разных народов. Данная таблица составлена на основе классификации, представленной в книге В.Г. Крысько «Этническая психология» [12].

Таблица 1

Народы ближней и дальней культурной дистанции

Группы народов	Состав групп в зависимости от близости культурной дистанции
Славянская группа	русские, украинцы, белорусы
Финно-угорские народы	мордва, удмурты, марийцы, коми и коми-пермяки, карелы, финны, ханты, манси, вепсы, саамы и др.
Тюрские и алтайские народы	татары, чувашы, башкиры, кумыки, тувинцы, хакасы, ногайцы, алтайцы и др.
Монголоязычная группа	калмыки, буряты
Тунгусо-маньчжурская группа	куты, ненцы, коряки, ительмены, нанайцы, чукчи, эвенки, эвены, эскимосы, ульчи, удэгейцы, орочи и др.
Народы Северного Кавказа	адыгейцы, черкесы, карачаевцы, абазинцы, ингуши, балкарцы, кабардинцы, чеченцы, осетины, лезгины, аварцы, даргинцы, кумыки, лакцы, табасараны, рутильцы и др.

Важными условиями этнокультурного образования является создание этнокультурного образовательного пространства и этнокультурной образовательной среды.

Этнокультурное образовательное пространство – это то окружение, которое оказывает непосредственное влияние на процесс этнокультурного образования.

Условно его можно разделить на две большие сферы – формального и неформального плана. Формальную сферу образуют те социальные институты, в которых процесс этнокультурного образования происходит системно, в специально организованных условиях, под руководством подготовленных специалистов (например, ДОУ, школа, вуз и др.). Неформальная сфера представлена большим количеством институтов, в которых процесс формирования этнокультурной ассертивности происходит хаотично, но не менее значимо, чем в первом случае (к ним относятся семья, соседи, сверстники и др.).

Этнокультурная образовательная среда – это среда, характерная для той или иной региональной и национальной культуры. Она имеет как внешнюю (материальную) так и внутреннюю (моральную) составляющие. Внешняя – проявляется в облике городов и местностей, в поведении людей, в одежде, в особенностях жилища, предметов быта и т. д. Внутреннюю этнокультурную образовательную среду образуют нарративные источники, произведения устного народного творчества, обычаи, традиции, верования, приметы и др.

Культурная представленность различных этносов, этнических групп и общностей в отдельных регионах создает уникальную полиэтническую, поликультурную образовательную среду, своеобразие которой

определяется географическими, историческими, этнокультурными и другими особенностями региона. В зависимости от наличия/отсутствия в регионе представителей титульного народа она имеет название титульной/нетитульной. Сравнительный анализ условий организации обучения, воспитания и развития учащихся в рамках двух описанных выше образовательных сред подтвердил наличие общих черт у народов близкой дистанции и лишь частичное их присутствие в случае культурной удаленности.

Любая этнокультурная среда уникальна сама по себе и по-разному влияет на каждого отдельно взятого человека. Однако можно установить определенные закономерности, связанные со сходством результатов воспитания у народов близкой культурной дистанции. Например, русские могут испытывать интерес к жизни западных или южных славян, американцы – к жизни европейцев (считается, что американская цивилизация вышла из европейской). И наоборот, любое погружение человека в условия общества с дальней культурной дистанцией влечет за собой ситуацию культурного шока, что вполне объяснимо. В целом такие макрокультурные контрасты прослеживаются между так называемыми цивилизационными регионами мира, региональными культурами, или цивилизациями.

Для того чтобы минимизировать эту разницу в мировой практике в течение длительного времени использовалось большое количество терминов, отражающих суть рассматриваемого феномена. Теоретические знания об этнокультурных различиях отражались в таких дефинициях как, сенсительность (чувственность), социабельность (общительность), транспарентность (прозрачность), эмпатия (сочувствие, сопереживание), синтонность (созвучность, согласованность) и др. Однако наибольшую популярность среди приведённых приобрёл социологический термин «толерантность», что в переводе с латыни означает «терпение, терпеливость, добровольное перенесение страданий».

Во многих культурах понятие «толерантность» является своеобразным синонимом «терпимости». Словари XX века определяют «толерантность» как терпимость к чужому образу жизни, поведению, чужим обычаям, чувствам, верованиям, мнениям, идеям или просто называют «толерантность» синонимом понятия «терпимость». [Словарь Брокгауза и Ефрона](#) сводит толерантность в основном к веротерпимости [17].


Слово «терпимость» присутствует практически во всех словарях русского языка. В частности, [словарь В.И. Даля](#) трактует «терпимость» как способность что-либо терпеть только по милосердию или снисхождению [4]. Другие словари дают похожее толкование. По мнению М.В. Семашко [16], понятие «терпимость» содержит в себе пассивное принятие окружающей реальности, непротивление ей, способность подставить вторую щеку.

[Дж. Мид](#) и [Г. Блумер](#) [7;14] для объяснения толерантности пользовались описанием процессов межличностного взаимодействия и теорией символического интеракционизма. Согласно их исследований личности и социальные действия обозначаются символами, в символы вкладывается отношение, позиция и социальная установка. В дальнейшем общающиеся индивиды интерпретируют символы друг друга. Присвоение знаков и символов есть процесс идентификации. При помощи знаков люди и группы людей находят свое место в системе «свой – чужой». Толерантность может существовать только в тех случаях, когда человек пробует посмотреть на ситуацию глазами «другого». Так же толерантность обеспечивается созданием символов, отвечающих общечеловеческим ценностям, таким как: права человека, демократия, мир и др.

В контексте нашего исследования представленные идеи оказываются наиболее актуальными, поскольку любое взаимодействие включает в себя большое количество действий как функциональных единиц. При всем разнообразии они складываются в систему повеления, наиболее характерную для данного субъекта. Для описания типов поведения субъектов в процессе их взаимодействия было выделено два показателя: внимание человека к интересам других людей и внимание к своим собственным интересам. По соотношению направленности на себя и на партнера можно сформировать стратегии взаимодействия человека.

Под стратегией взаимодействия понимается совокупность доминирующих особенностей поведения человека в отношениях с другими людьми, проявляющихся с той или иной социальной ситуации. Р. Блейк, Д. Моутон, К. Томас выделяют пять основных стратегий взаимодействия: соперничество, компромисс, сотрудничество, приспособление и избегание [3].

Графическое изображение описанных стратегий представлено на Рисунке 1.



В жизни каждого человека бывают ситуации, когда он вынужден прибегать к тем или иным стратегиям взаимодействия. Однако большинство индивидов имеют доминирующую стратегию, которую в свою очередь определяет система ценностных ориентаций личности [1].

Описанная выше модель очень четко проецируется на современную этнокультурную практику. Суть такой проекции заключается в необходимости выстраивания компромиссных отношений между представителями разной национально-культурной принадлежности. Причем отношения эти могут быть как локальными (межличностные, личность – группа, группа – группа), так и глобальными (группа – государство, государство – государство и др.)

Ключевым понятием такого конструктивного общения является понятие ассертивности. В отличие от толерантности оно означает способность человека не зависеть от внешних влияний и оценок, самостоятельно регулировать собственное поведение и отвечать за него.

Ассертивность – это социальное качество личности, проявляющееся в ориентации на компромисс и сотрудничество как ведущие стратегии взаимодействия. Понятие ассертивности в русском языке появилось недавно. Термин имеет английские корни «assert» дословно переводится как «заявлять о себе». Ассертивность характеризует личностно зрелого человека, который точно знает, что он хочет и чего не желает и может это выразить без агрессивных реакций по отношению к другим людям. Ассертивное поведение предполагает умение субъекта защищать свои интересы и отстаивать свои права, не ущемляя прав других.

В настоящее время в русском языке продолжают активные поиски термина, синонимичного слову ассертивность, которое означало бы нечто среднее между эгоизмом и альтруизмом. До тех пор, пока оно не будет найдено, мы будем вынуждены пользоваться иностранным термином, включая в его смысл несколько разные значения.

В рамках нашей темы применим его к этнокультурному образованию и сформулируем понятие этнокультурной ассертивности, через такие составляющие личности, как:

1. Установки, побуждения к деятельности – фиксированная в социальном опыте личности (группы) предрасположенность воспринимать и оценивать социально значимые объекты, а также готовность личности (группы) к определенным действиям, ориентированным на социально значимые объекты.

2. Основные стратегии взаимодействия человека и социальных групп – совокупность доминирующих особенностей поведения человека в отношениях с другими людьми, проявляющихся в той или иной социальной ситуации (соперничество, компромисс, сотрудничество, приспособление, избегание).

3. Позиция субъекта взаимодействия – партнерская позиция участников межкультурного взаимодействия как основа организации этнокультурного пространства.

4. Процесс принятия решений – процесс рационального или иррационального выбора альтернатив, имеющий целью достижение осознаваемого результата.

5. Способы поведения в любой, в том числе конфликтной ситуации – поведение, которое ожидается от человека, занимающего определенный статус.

6. Способы решения конфликтов (прямые/косвенные) – пути достижения определенных результатов.

Механизм формирования этнокультурной ассертивности открывает большие возможности для усовершенствования процессов межкультурной коммуникации и межнационального взаимодействия. В основу содержания этнокультурного образования целесообразно положено воспитание ассертивной личности, способной синтезировать в себе как индивидуальные этнические, так и глобальные национально-культурные особенности, руководствуясь при этом принципом «свой – другие».

Еще одним основанием для ухода от понятия «этническая толерантность» в сторону понятия «этнокультурная ассертивность» является то, что важными составляющими психологической основы нации являются ее язык, национальный характер, темперамент, национальные интересы, чувство гордости достоинства за свой народ и др. Результаты многочисленных исследований, проводимых учеными в течение длительного времени, показали, что у разных народов эти национально-психологические особенности появляются по-разному. У одних они ярко выражены и проявляются в повседневном общении, у других носят слабовыраженный характер в силу того, что не были сформированы, либо утратились в ходе ассимиляции.

При стойко сформированной этнической толерантности любая даже незначительная ситуация, связанная с ущемлением чувства собственного достоинства у первых, повлечёт за собой ряд противоречий конфликтного характера. Реакция вторых будет менее болезненна. В случае наличия этнокультурной ассертивности у каждого появится возможность заявлять о своих правах, не ущемляя при этом интересы другого.

Список литературы:

1. Андриенко Е. В. Педагогический профессионализм: монография. – Новосибирск, 2011. – 188 с.
2. Андриенко Е. В. Психолого-педагогические основы формирования профессиональной зрелости учителя / монография. – М.; Новосибирск: Изд. НГПУ, 2002. – 266 с.
3. Андриенко Е. В. Социальная психология. – М.: «Академия», 2012. – 263 с.
4. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка: II издание (1880 – 1882).
5. ДжеймсБэнкс Race, Ethnicity, and Education: The Search for Explanations

6. Дмитриев Г. Д. Многокультурное образование. – М.: Народное образование, 1999. – С. 37.
7. Kenneth Vaugh, Jr. The Methodology of Herbert Blumer. 1990.
8. Коджаспирова Г. М., Коджаспиров А. Ю. Словарь по педагогике. – М., Ростов н/Д, 2005. – 448 с.
9. Кондратьева Т. Н. Изучение этнопедагогике и этнопсихологии в системе современного педагогического образования // Педагогический профессионализм в образовании: материалы X Международной научно-практической конференции (г. Новосибирск, 19–20 февраля 2014 г.) / под науч. ред. Е. В. Андриенко; Мин-во образования и науки РФ, Новосиб. гос. пед. ун-т. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2014. – С. 40-44.
10. Кондратьева Т. Н. Профессиональная карьера в образовании: учебно-методическое пособие; Мин-во образования и науки РФ, Новосиб. гос. пед. ун-т. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2014. – 148 с.
11. Кондратьева Т. Н. Формирование этнокультурной компетентности учащихся в условиях реформирования современной системы образования // Педагогический профессионализм в образовании: материалы IX международной научно-практической конференции, посвященной 120-летию со дня основания города Новосибирска (21–22 февраля 2013 г., г. Новосибирск): в 2 ч. / под науч. ред. Е.В. Андриенко. – Новосибирск: Изд. НГПУ, 2013. – Ч. 1. – С. 56–60.
12. Крысько В. Г. Социальная психология: учебник для вузов / В. Г. Крысько. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Эксмо, 2010. – 684 с.
13. Макаев В. В., Малькова З. А., Супрунова, Л. Л. Поликультурное образование - актуальная проблема современной школы // Педагогика. – 1999. – № 4. – С. 3-10.
14. Мид Дж. Г. Избранное: Сб. переводов / РАН. ИНИОН. Центр социал. научн.-информ. исследований. Отд. социологии и социал. психологии; Сост. и переводчик В. Г. Николаев. Отв. ред. Д. В. Ефременко. — М., 2009. — 290 с. (Сер.: Теория и история социологии).
15. Палаткина Г. В. Мультикультурное образование в полиэтническом пространстве. Монография. – Астрахань: Изд-во Астраханского гос. пед. ун-та, 2001. – С. 74.
16. Семашко М. А. Развитие термина «толерантность» в гуманитарных науках // Электронный научно-педагогический журнал: октябрь, 2007 // <http://www.emissia.org/offline/2007/1204.htm>
17. Энциклопедический словарь / под ред. И. Е. Андреевского, К. К. Арсеньева, О. О. Петрушевского. Издатели Ф.А. Брокгауз (Лейпциг), И.А. Ефрон (Санкт-Петербург). – СПб (1890–1907).

ҚОЛӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Ортаев Б.Т.

*педагогика ғылымдарының докторы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің профессоры
Түркістан қ.*

Кілттік сөздер: Қолөнер, өнер, өнердің тәрбиелік мүмкіндіктері, сән өнері

Аннотация

Автор статьи рассматривает воспитательные возможности обучения декоративно-прикладного искусства

Annotation

In this article we are risen educational training opportunities of decorative and applied arts

Халқымыз еңбекті тәрбиені қалыптастырудың негізі деп ұққан. Сондықтанда еңбек - өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі ретінде қарастырылған. Ол жөнінде де көптеген мақал-мәтелдер туған. Еңбекпен келген нанның дәмді болатынын халық білген. Мәселен, “Еңбегі қаттының ембегі тәтті”, десе еріншектік жөнінде “Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады”, ал еңбектің нәтижесі ретінде “Еңбек түбі - береке” деп білген. Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін өзара бөлісіп алған. Қыз балаларға үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, тон пішу, өрмек тоқу, ою-өрнек сияқты отбасының ішкі жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне қалдырған. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, отбасы ұйытқысы деп түсінген халқымыз оның еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ерекше мән берген. Қолөнеріне икемі жоқ қыздарды: “Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде тон пішер” деп келеке еткен. Тіпті шай құю мен төсек жинаудың өзі үлкен сын болған. Ақындардың өлеңдерінде кездесетін “Қыздың жиған жүгіндей” деген тенеулер текке айтылмаған [1, 10-11 бб.]. Қолынан іс келмеген, ұқсата білмеген баласы үшін ұят ата-анасына келетін болған. Екінші жағынан қыз баласын еңбекке баулу арқылы болашақ өмірлік жарға тән іс-әрекетке баулуды жүзеге асырған. Бір сөзбен айтқанда, халқымызда еңбекке баулу этнопедагогикалық құралдар, әдіс-тәсілдер қамтамасыз етілген.

Қазақ халқында балаларды еңбекке баулу мен олардың сапалық қасиеттерін қалыптастыруда

қолөнерінің орны ерекше. Қолөнер туралы зерттеуші, этнограф С.Қасиманов: «Қазақ халқының қолөнері деп, халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады» - деп жазады [2, 3 б.]. Қолөнер - материалдарды өңдеудегі, тұрмысқа қажетті бұйымдарды және көркем өңдеу түрлерін қамтыған, халықтың дүниетанымы бейнеленген еңбек объектілерін дайындаудағы мақсатты іс-әрекеттердің жиынтығы деп білеміз.

Қолөнер - өнердің ерекше түрі, дәстүрлі мәдениетті жалғастырушы құрал.

Ал, "Өнер – өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейтін қоғамдық сана мен адам іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы. Көркем образдар құрылымының ерекшеліктеріне қарай өнер туындылары бірнеше түрге бөлінеді. ... кең мағынасында өнер ұғымына, технологиялық және эстетикалық жақтарынан аса шеберлікпен орындалатын адамның практикалық қызметінің барлық түрлері жатады" - делінген Қазақ Совет энциклопедиясында [3, 26 б.]. Бұл берілген анықтама тұрғысынан қарастырғанда өнер дене және ақыл-ой еңбектерінің жоғары жетістігі деуге болады. Сонымен қатар, өнер екінің қолынан келе бермейтін, келседе өз деңгейінде жүзеге асырыла бермейтін іс-әрекет.

Өнердің шынайы мәнінің дінгегі – сұлулық, әсемдік болып табылады. Сұлулық, әсемдік адамды ерекше бір жан ләззатына бөлейтін сезім тудыра қасиет. Соның нәтижесінде, өнер көңіл-күйді, сезімді білдіреді, соларға тікелей байланысты. Өнер адамды имандануға, жан дүниесімен біртұтас нұрлануға бастайды. Өнердің басты мақсаты – қандай да бір жетілу, кемелдену үлгісін, мұратын (идеалын) беру әрі содан адамды талпындыру, құштар ету [4, 71 б.].

Сондай-ақ Қазақ Совет энциклопедиясында: “Сән және қолданбалы өнер (декоративно-прикладное искусство) – сән өнерінің бір саласы. Сән және қолданбалы өнер негізінен тұрмысқа қажетті көркем және жиһаздық заттарды өндіретін творчество түрлерінің басын құрайды. ... Сән және қолданбалы өнер (ДПИ) туындылары материалына (металл, керамика, ағаш, тоқыма), жасалу әдісіне (көркем оймыш, шекіме, әсем жазба, кесте, көркем құйма, интарсия т.б) орай екі түрге жіктеледі.” - деп мазмұндалған [3, 78 б.].

Сәндік-қолданбалы өнер (сәнді-қолданбалы өнер) – (латынша *decorare* - әшекейлеу (украшать)) - адамдардың көркем іс-әрекетінің ерекше саласы, практикалық мақсат үшін арналған өнімдері эстетикалық мақсатты пішінді шешіммен органикалық үйлесімділікке негізделген [5, С. 36-37].

Сондықтан сәндік-қолданбалы өнерді өнердің мәнерлі түріне жатқызу қабылданған. Сәндік-қолданбалы өнер шығармаларының көркем мәнерлілігі олардың жоғары-эмоционалдылығы сұңғаттылығы мен бояуында болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердегі ішкі түр топтамасы: материалдық, технологиялық, функциональдық принциптер бойынша жүргізіледі. Өзінің таңдалған негізіне байланысты оны: керамика, мата (текстиль), жиһаз, ыдыс-аяқ, бояма (роспись), ою (резьба) және т.б. мамандандырылған салаларға бөледі. Сәндік-қолданбалы өнерде адамның көркем іс-әрекеті дайын немесе дәстүрлі бұйымдарда жүзеге асырылады [5]. Сәндік-қолданбалы өнерде материалдарды әрлеу, ою, бояма және т.б. көркемдік іс-әрекет орындалады.

Зерттеушілердің Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Х.Марғұлан, Қ.Мұқанов [6, 7, 8, 9], т.б. еңбектерін зерделеу халқымыздың қолөнерінің, сәндік қолданбалы өнер туындылары және оларды дайындау барысы жөніндегі оқу материалдары, олардың: тәлім-тәрбиелік, білімділік мүмкіндіктерін толық мәнді ашып береді.

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз деп қараған. Қолөнер шеберлігін мал бағып, егін салып, аң аулау кәсібінен артық санама, кем санамаған. Қазақ шаруасының қолөнері өзінің күнделікті өмір тіршілігімен, тұтыну қажетімен тығыз ұштасып жатады. Оның ішінде ішер асы да, киер киімі де, баспанасы да малдың өнімімен байланысты болғандықтан, қолөнері де сол мал өнімін өңдеуге, ұқсатуға арналған. Жүн иіріп, өрмек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз, өрнектеу, тері илеп, бас киім мен сырт киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер болып саналған. Сол себепті де “Шебердің қолы ортақ”, “Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық”, “Ісмердің байлығы – қолында, кемеңгердің байлығы - жолында”, “Ел өнерге бой ұрады”, “Өнерлінің қолы – алтын” деген мақал-мәтелдер сол пікірді дәлелдейді [1, 16 б.].

Халқымыздың сұлулыққа ұмтылуы оның еңбек тәрбиесімен үйлесімдікте болуы өмірлік тәжірибесінен көрініс алған. Осыған байланысты Ә.Табылдыев “Сәндік өнерді үйрету, халық дәстүрінде негізінен, еңбек тәрбиесімен ұштастырылып жүргізіледі. Ішік, тон, қамзол, шекпен, желек, желеткі, саптама етік, шалбар, қынамалы бешпет пішу және оны ою-өрнекпен безендіріп тігу өнері – көркемдік тәрбиенің нәтижелерін бейнелейді.” – деп атап көрсетеді [10, 39 б.].

Өнердің эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктерінің мол екендігі белгілі. Эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекшелігі оның тұлғаға тікелей емес, жанама түрде әсер етуі, яғни эстетикалық тәрбиеде тұлға көркемөнер туындыларынан ой түйіп, солардан алған эстетикалық әсер нәтижесінде таза өзінің қалауына жол таңдайды. Эстетикалық тәрбиелі жан жүріп-тұруында, киінуінде жөн-жосықсыз әрекеттер болмайды. Эстетикалық тәрбие жастар бойына талғампаздық қасиетін дарытады. Оның қалыптасуы жөнінде В.П.Беспальконың мазмұндауын басшылыққа алу қажет. Өнерге баулу, яғни оқу еңбек объектілеріндегі бейнелердің дүниетаным көрінісін; еңбек объектілерінің көркем формасын, эстетикалық сипатын, үлкендерден мектептік жеке тұлғаның эстетикалық сапасын қалыптастыруды көздейді. Ал эстетикалық сапа жеке тұлғаның әлеуметтік негізгі қасиеті болып табылады [11, с. 37]. Жеке тұлғаның эстетикалық сапасының негізгі қасиеттерін (олардың көріністерін) төмендегідей беруге болады: эстетикалық қабылдау (түсі, формасы, мағынасы (ойы)), эстетикалық талғамы (бағалаудағы тағайындау позициясы), эстетикалық сезімі (жауапкершілігі, әсерленушілігі), эстетикалық іс-әрекеті (көркемдік белсенділігі, көркем шығармашылығы), эстетикалық өнегелігі (өнер адамдарына, өнер шығармаларына, табиғатқа қатынасы). Бұл жеке тұлғаның эстетикалық сапасының бастапқы қасиетіне ықпал етуге, қасиеттің көрінуіне тәлімгерлердің дайындығы болуы тиіс.

Өнердің тәрбиелік мүмкіндіктері туралы А.Құлсариева “... өнер сезімге әсер ете отырып, адамгершілік, ізгілікке тәрбиелейді. Көркемдікке сүйсіну, соны тамашалаған сәтте сезімге бөлену барысында жанымыз тазарады. Жан тазалығы – ар тазалығы. Олай болса, эстетикалық тәрбие – имандылық, ғибраттылық тәрбиесінің бір тарауы” – деп мазмұндауының мәні бар [12, 72 б.].

Қазақ мәдениетінің өнермен байланыстылығын ізденуші Ө.А.Құранбектің “Тамырын көне дәуірлерден алатын қазақ мәдениеті өнердің, яғни адам жасампаздығының, кемелдігінің, суреткерлігінің барынша ашылуына мүмкін болғанынша қуат берген сыры мен құпиясы мол болмыс әлемі.”- деуінің сыры көпті аңғартады деп білеміз [12, 25 б.].

Халқымыз өнер, білім туралы мақал-мәтелдердің үлкен тәрбиелік мәніне сәйкес қолданып, пайдаланған. Мәселен, «Ата көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» деп, ұлды атаның, қызды ананың тәрбиелеуін меңзесе, екінші жағынан ата-анадан не үйренген болса, соны ұқсата алатынын мазмұндайды.

Материалдық өндірістегі ұлттық сәндік қолөнердің және нәтижесінің жалпы формуласы: «Қол еңбегі (технология) + (әдемілік + ұлттық таным)» түрінде көрінеді деп білеміз. Бұл келтірілген формула сәндік-қолданбалы өнердің қол аспаптарымен бұйымды әзірлеуді және еңбек объектісін дайындаудағы ұлттық дүниетанымды бейнелейтін көркем өңдеуді қамтитынын көреміз [13].

Қолөнердің өзін үш құраушыдан тұратынын көрсетуге болады. Олар: білім, іскерлік (психологиялық дағды), жеке тұлғалық сапа. Білім дегенімізде, ұлттық қолөнері бойынша төл тума ұғымдар, атаулар, түстер үйлесімділігі, олардың психологиялық функциялары, т.б. түсінеміз.

Іскерлік дегенде, қолөнер бұйымдарын ұқсату, өңдеу технологиясын түсіну керек. Ал, жеке тұлғалық сапа дегенімізде іс-әрекет барысында адам бойында қалыптасатын сапалық қасиеттерді ұғынамыз. Олар: сабырлылық, шыдамдылық, талғампаздық, т.б.

Қолөнердің тәрбиелік (ұлттық тұрғыдан білімдік және тәрбиелік) функциясын жүзеге асыратынын біздің ойымызша кесте 1-ге сәйкес анықтауға болады.

Кесте 1 - Оқушыларды қолөнерге, еңбекке баулу барысында болжамды қалыптастырылатын білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапалық қасиеттер

Қолөнер, еңбек іс-әрекеті реттілігі	Білім (ұғымдар, түсініктер)	Іскерлік (оқыту негізінде жүзеге асырылатын)	Қыз баланың іс-әрекеттегі жеке тұлғалық сапалық қасиеттері
1	2	3	4
Материалдар бойынша	Материалдың сыртқы белгілері мен қасиеті (түрі, рең, түсі, т.с.с.)	Сыртқы белгілері бойынша басқа мате-риалдардан ажырату	Байқағыштығы Қабілеттілігі
Белгі түсіру құралдары бойынша	Белгі салу құралдарының құрылысы мен арналуы. Белгі салу тәсілдері (сызықты, кеңістікті)	Арнаулы бойынша белгі салу құралдарын таңдау. Сызба бойынша белгі түсіру	Ұқыптылығы, көз өлшемі, қол ептілігі, қозғалыс координациясы
Қолмен өңдеу құралдары бойынша	Материалдарды кесу құралдарының құрылысы мен арналуы	Материалдарды кесуде қажетті құралдарды таңдау	Ұйымдастырушылық, байқағыштық, ұзақ уақыттық көрнекі-бейнелі есі
Кесу үдерісі бойынша	Материалдарды кесу құралдарымен орындау тәсілдері, өңдеу құралдарының құрылысы мен арналуы	Қажетті құралдарды таңдау, материалдарды кесуді орындау	Дәлдік және ұқыптылық, қол ептілігі, қозғалыс координациясы, ұстамдылық, зейін, жинақылығы, ойлау есі
Өңдеу тәсілдері бойынша	Өңдеу тәсілдері (жазық бетті, көлемді денені, т.б.)	Материалдарды берілген өлшем және өңдеудегі тәсілдері, деңгейі, т.б. бойынша өңдеу	Дәлдік және ұқыптылық, ойлау есі, қол ептілігі, қозғалыс координатасы
Материалдарды өңдеу бойынша	Материалдарды өңдеу	Технологиялық реттілікті жүзеге асыру және қауіпсіз еңбек ету ережесін сақтау	Ес, ойлау, зейін Қол ептілігі, зейінді топтастыруы, ойлау, ес
Бөлшектерді біріктіру бойынша	Бөлшектерді (әр түрлі) біріктіру түрлері	Әртүрлі материалдардан дайындалған бөлшектерді біріктіру	Дәлдік, ұқыптылық, қол ептілігі, қозғалыс координациясы
Біріктіру материалдары бойынша	Біріктіру құрал-жабдық-тары мен материалдары және олардың арналуы	Бөлшектерді біріктіруге сәйкес біріктіру құралдарын таңдай алу	Тапсырманы орындаудағы зейін, ұқыптылық, дәлдік
Бөлшектерді біріктіру	Бөлшектерді біріктірудің тәсілдері	Болашақ бұйымға сәйкес біріктірудің тәсілін таңдау	Тапсырманы орындаудағы зейін, ес,

тәсілдері бойынша		және оны орындау	ұқыптылық, дәлдік, қол ептілігі
Әрілеу жұмыстары бойынша	Әрілеу жұмыстарының түрлері, әрілеу материалдары мен құралдары, әрілеу тәсілдері	Әрілеу материалдарын, құралдарын таңдау, әрілеу жұмыстарын орындау	Қабілеттілігі, байқағыштығы, ұқыптылығы, жинақылығы, қол ептілігі, талғампаздығы

Еңбекке, қолөнерге баулудағы, бұйымдар дайындауды үйретудегі тағы бір сәт, ол бұйымның түсі мен түрі. Оны оқытудағы мұғалімнің, сондай-ақ ата-ананың жақсы білуі тиіс. Бұл мәселе бейнелеу сауаттылығын талап етеді. Ұлтымыздың кез келген қолөнер бұйымынан ұлттық ерекшелік, таным көрінеді. Оқытуда көп жағдайда осы мәселе назардан тыс қалып қояды.

Сонымен қолөнерді оқытуда, оқушыларды қолөнерге баулуда оның төмендегідей функцияны атқаратынын назарға алу керек деп білеміз:

- дидактикалық тұрғыдан қолөнер бұйымдарын дайындауға қатысты білімдерді (халықтық, этносқа тән танымдық бейнелеуді, т.б.) оқушылардың игеруін қамтамасыз ету;

- практикада технологиялық және эстетикалық тұрғыдан аса шеберлікпен орындалатын ұлтқа тән іс-әрекеттерді меңгерту;

- қолөнер бұйымдарын дайындау барысында оқушыда тұтастай алғанда жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді қалыптастыру.

Оқушыларды ұлттық қолөнері арқылы дәстүрлі мәдениетімізге баулуға мүмкіндігіміз мол екендігін көруге болады. Ол үшін қолөнер бұйымдарын оқу үдерісіне енгізу үшін бірқатар талаптарды басшылыққа алу қажет деп білеміз:

- қолөнер бұйымының технология пән бағдарламасына сәйкестілігі;

- қолөнер бұйымдарының педагогикалық мақсатқа (оқыту, тәрбиелеу, дамыту) сәйкестілігі;

- қолөнердің политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруы (өндірістік үдерістер негізін оқыту мен іскерліктерді қалыптастыру);

- қолөнер бұйымдарының және оларды оқытудың шамаға лайықтылық пен қажетті күрделілікті, шығармашылық бастаманы қамтамасыз етуі;

- қауіпсіздік талаптарын сақтауды жүзеге асыруы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.К. Қазақ тәлім-тәрбиесі: (Оқу құралы). – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
3. Қазақ Совет Энциклопедиясы. -Алматы, XI том, 1976. - 591 б.
4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Зият пресс, 2004 – 160 б.
5. Краткий словарь по эстетике: Кн. для учителя /Под ред. М.Ф.Овсянникова.-М.: Просвещение, 1983. - 223 с.
6. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: 1987. – 128 б.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
8. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. -Алма-Ата: Өнер, 1986. –256 с.
9. Жүннен жасалатын бұйымдар /Құраст. Қ.Мұқанов –Алматы: Қайнар, 1990. – 144 б.
10. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы). –Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
11. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М.: Педагогика, 1989. –192 с.
12. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Зият пресс, 2004 – 160 б.
13. 13 Әлімбаева С. Қолөнердің этнопедагогикалық функциясы. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ. Академик Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы. - Алматы, 2005.

БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН АҚПАРАТТЫҚ-ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ МАҚСАТТАРЫ

Берді Д.Қ.

Пралиева Р.Е.

Беркімбаев К.М.

педагогика ғылымдарының докторы

А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік

университетінің профессоры

Түркістан қ.

Кілттік сөздер: ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар, болашақ химия мұғалімі, кәсіби даярлық.

Аннотация

В статье рассматривается цели подготовки будущих учителей химии к использованию информационно-

телекоммуникационных технологии. Определены психологические аспекты подготовки будущих учителей химии.

Annotation

The article discusses the purpose of the preparation of future chemistry teachers to use information and telecommunication technologies. The psychological aspects of training future teachers of chemistry.

Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мұғалімдерді даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 қадамында «Адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту», 79 қадамында «Даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру» – деп, нақты тапсырмалар міндеттелген болатын

Бүгінгі таңда адамзаттың жоғары индустриалды және ақпаратты қоғамға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі жоғары білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуға сүйенеді, сондықтан да қазіргі кезеңде болашақ мұғалімдерге кәсіби білім мен тәрбие беру ісі түйінді мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр.

Жаһанданудың даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі керек. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, жетілдіру, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуы қажет етеді.

Қазіргі таңда еліміздегі білім үдерісі өзгерді. Бұрынғы кезде пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, ал қазіргі таңда енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілуде. Бұл - қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті үдеріс.

Адамзат ақпаратты ұрпақтарына жалғастыру тәсілдерін, біліктері мен білімдерін жетілдірудің жаңаша жолдарын іздестіруге, ойлап табуға бет бұра бастады.

Өркениетке адамзаттың жетуі әр маманның кәсіби іс-әрекеттегі жаңашылдығына, жаңаны ойлап табуына, шығармашылық болмысына байланысты. Ал, ақпараттық іс-әрекет, жаңашылдыққа бағыттылық заманауи технологияларға креативті қызығушылықтан бастау алады.

Болашақ мұғалімдерді даярлауда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор. Қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселе ретінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары басымдыққа ие болуда

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі - мұғалім. Қазіргі кезде шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта болашақ педагог- психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек.

Мұғалім тұлғасы туралы еңбектер Конфуций ілімінен бастау алатыны белгілі. Оқыту түрін таңдаудың маңыздылығын ғұламаның келесі нақыл сөзінен байқауға болады: «Естісем – ұмытамын; көрсем – есте сақтаймын; істесем – түсінемін!» делінген. Осы сөздерден ақпараттық технология құралдарымен оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Мұғалім - білімнің құндылығын айқын түсінетін, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық, шығармашылық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол тұлға.

Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасының кәсіби көрсеткішіне қойылатын қағидаларды да ұсынады: мұғалімнің жеке тұлғасының сипаты мен қасиеті; мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығына қойылатын талаптары; арнайы дайындықтың құрамы мен көлемі; мамандық бойынша әдістемелік мазмұны.

Жаратылыстану пәндері мұғалімінің психологиялық қасиеттерінің ерекшелігі: заттардың сыртқы қасиеттерін (түсі, иісі), химиялық түзілістер барысындағы өзгерістерді нақты қабылдау және сезінуі; дамыған ауытқушылық сезінулер, уақыт пен кеңістікті сезіну және қозғалыстар координациясы, салмақ пен көлемді бағалау барысындағы жақсы көзөлшемі; әсердің жылдамдығы, қолмен жұмыс барысындағы автоматтану қабілеті; сананың сараптамалық-синтетикалық қасиеттері, дамыған ассоциативтік және бейнелік ойлау, абстракциялауға, символдар мен сандарды ойластыру қабілеті; мол кеңістіктік қиял; ойлау үдерістерінің жылдамдығы, назардың көлемділігі, бақылаушылық, ситуациялық тапқырлығы; дамыған логикалық, терминологиялық және механикалық ес.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің аса маңызды мінездік қасиеттеріне еңбекқорлық, мақсаттылық, қайсарлық, шешім қабылдаудағы батылдылық, шыдам, жүйелілік, әдістемелілік, ұқыптылық, мұқияттылық және жұмыстағы пысықтылық жатады.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін даярлау күрделі үдеріс, себебі бір жағынан өз мамандығы бойынша кәсіби пәндердің негіздері жөнінде терең білім беруге жағдай жасау, екінші жағынан оқушының тұлғасын дамытуға негізделген оқытудың қазіргі замануи оқыту технологиялармен болашақ маманды қаруландыру.

А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған, олар [1]:

1. Объективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

2. Субъективті критерийлер. Мұғалімнің мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби–педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

3. Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізе алды ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларының жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

4. Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгертуі жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.

Кәсіби маманда қалыптастырылуы тиіс кіріктірілген тұлғалық-кәсіби қасиеттер қазіргі кезде заманауи жағдайдағы әлеуеттерін жетілдіруді талап етуде.

Ж.Р.Бәшірова, Н.С.Әлқожаева болашақ маман пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің салалары бойынша білікті, дағдыны меңгеріп қана қоймай, заманауи жетілдірілген, ғылыми негізделген оқыту технологиясын, білім беруге қажетті кәсіби біліктілік, кәсіби дағдыларды меңгеруге арналған құралдарын, әдістерін меңгерген маман ғана қазіргі қоғамның сұранысына сай маман бола алады деп тұжырымдайды [2].

Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық үдерістерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, заманауи ақпараттық технологияны терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Педагогикалық психология ғылымының классикалық теорияны негізге ала отырып, болашақ мұғалім қызметін психологиялық тұрғыдан *үш кезеңде көрсетуге* болады: *бірінші кезеңде* ақпараттарды қабылдау, ақпараттық білім ортасына үйренуі, АТТ туралы теориялық білімін қолдану дағдысы; *екінші кезеңде* түсіну, құзыреттілікті көрсете алу мүмкіндігі; *үшінші кезеңде* қалыптасқан құзыреттілікті жүйелеп, практикада қолдануы.

Мұғалімнің *кәсіби құзыреттілік деңгейіне баға беру үшін оның кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын анықтау қажет* болады. Тұлғаның кәсіби қалыптасуын дамыту мәселелері психология ғылымы үшін қызығушылық тудырады. Болашақ мұғалімнің тұлғалық дамуының осы аспектісіне қызығушылық, оның өзін-өзі анықтауын, ал қабілеттерінің және кәсіби білімінің даму мүмкіндіктеріне назар аударумен байланысты. Аталған мәселелерді шешу қоғамның дамуымен, қазіргі кәсіби даярланатын болашақ мұғалімге деген талаптардың артырумен анықталады.

Нәтижелі білім алу дегеніміз адамның оқу-тәрбие үдерісінің барысында өзін іс жүзінде көрсетуі және оның жеке қызметінің нәтижесі болып табылады. Осының арқасында сыртқы (объективтік) және ішкі (субъективтік) білім өнімдері құралады. Болашақ мұғалімнің оның мүмкіндіктері шегінде алған сыртқы өнімдері оның ішкі сапалық өсуі мен өзін іс жүзінде көрсету дәрежесін бір мезгілде қамтамасыз ете отырып, болмыстың әлеуметтік және мәдени нысандарын құрайды.

Білімді ақпараттандыру жағдайында жалпы орта мектептің жаратылыстану пәндері мұғалімі білім беруді ақпараттандыру мен ақпараттық-телекоммуникациялық технология құралдарын қолдану бағытында психологиялық тұрғыдан төмендегі іс-әрекеттерді іске асыра алуға дайын болуы керек: *оқу-тәрбие үрдісін білім беруді ақпараттандыру бағдарламасы негізінде ұйымдастыру; ақпараттық-телекоммуникациялық технология құралдарының мүмкіндіктерін кәсіби қызметіне қолдану; педагогикалық бағдарламалық және мультимедиялық технология мен электрондық-дидактикалық құрылғыларды оқытуда өңдеу; оқытуды әдістемелік түрде жүйелеп ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар арқылы жетілдіру, оның тиімділігін анықтау; болашақ мұғалімдердің білімін және білім беру үрдісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру; білім беру үрдісінде қолданатын АТТ құралдары мен интерактивтік жабдықтарға педагогикалық-эргономикалық тұрғыдан бағалау жүргізу; ақпараттық білім ортасында өзіндік білім алу мен кәсіби қызметтерін жобалау және ақпараттарды өңдеу [2].*

Ғылыми зерттеу жұмыстарын басшылыққа ала отырып, болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін АТТ пайдалану даярлығын қалыптастырудың психологиялық мүмкіндіктерін айқындайтын белгілерді көрсетуге болады: өзіндік тану, даму, білім алу қабілеттері; бейімділігі; жобалау, болжау, мақсат қою;

ізгілікшілік; коммуникативтілік; тұлғалық бағдарлау; сыни тұрғысынан ойлау; рефлексивтік, креативтілік және т.б..

Қазіргі кездегі білім беру жүйесі толыққанды шығармашылыққа бағдарланып, жастарды білім беруді ғана емес оны үнемі жаңартуға, толықтыруға, дүниетанымды кеңейтуді қуана құптайтындай, ойлауды жетілдіруге ұмтылдырып, мәдени және рухани құндылықтарға байытуы тиіс.

Білімді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, әдістемелік жүйені құру психологиялық-педагогикалық тұрғыдан біртұтас кешен ретінде қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің АТТ құралдарын кәсіби қызметіне қолдану даярлығын *психологиялық тұрғыдан* келесі тұрғыда көрсетуге болады: болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны меңгеруге деген қызығушылығын зерттеу; кәсіби қызметтерін ұйымдастыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға деген ынтасын қалыптастыру; болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар құралдарын оқу үрдісіне енгізу, меңгеру даярлығын қалыптастыру; болашақ мұғалімдердің АТТ құралдарын оқу үрдісіне пайдалануға әсерін зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру; АТТ құралдарымен жұмыс жасауда болашақ мұғалімнің қажеттілік көрсеткіштерін анықтау; болашақ мұғалімдердің мультимедиялық оқу-әдістемелік кешендерімен жұмыс жасауда білім сапасын арттыруға деген ықпалын зерттеу құзырлығын қалыптастыру және т.б.

Зерттеу жұмысымызда көрсетілген элементтер арқылы болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны оқу үдерісіне қолданудың психологиялық аспектілері әртүрлі екендігі анықталды.

Білім беру жүйесінде АТТ қолдануда болашақ мұғалімдердің қажетті позитивті түрткі құруға арналған әдістемелік негізделуі тиіс. АТТ-мен жұмыс істеу барысында тәртіп түрткілерінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Түрткі оқыту үдерісінде маңызды рөл атқарады, табысты оқытудың кілті болып табылады. Осы орайда, заманауи АТТ құралдарының функцияларын құраушыларды 1-суретте көрсеттік.



Сурет 1 –Заманауи АТТ функциялары

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін АТТ-ны пайдалануға даярлаудың мақсаты мен оның нәтижесі - жоғары оқу орындарында осындай мамандықтар бойынша даярланған әрбірболашақ мұғалімдердің бойында өз кәсіби бойынша қалыптасқан білік, дағдылары мен дүниетанымынан, шеберлігі мен қабілетінен танылады.

Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, кәсіби іс-әрекеттерде АТТ пайдалану даярлығын қалыптастырудың құрамды бөліктері төмендегідей айқындалды: ақпараттық сауаттылық - ақпараттық үдерістермен жұмыс жасай білуі; компьютерлік сауаттылық – компьютерді пайдаланушы деңгейінде қолдана білу дағдысы; телекоммуникациялық технологиялар бойынша сауаттылық - Интернет желісінде ақпараттарды іздей білуі мен ақпараттық қорларды пайдалану, желіде ақпаратты таратуды меңгеруі.

Болашақ жаратылыстану пәндерін мұғалімі оқыту үдерісінде АТТ қолдануда өз пәндеріне деген кәсіби қызығушылықтары артып, мұғалімге қажетті тұлғалық қасиеттер қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Зерттеу барысында жеке тұлғаның кәсіби сапалылығына психологиялық тұрғыдан талдау жасау арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерінде АТТ құралдарын қолдануға келесі сапаларды бөліп көрсетуге болады: жалпыбағыттағы тұлғалық – ақпараттық сауаттылық, азаматтық белсенділік, қағидалылық; ұйымдастырушылық – кәсіби белсенділік, іскерлік, жауапкершілік, АТТ құралдарымен жұмыс жасай алу қабілеттілігі, талаптылығы, өздігінен АТТ құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана алуы, ұжымшылдық; қарым-қатынастық – ақпараттармен жұмыс жасай алу қабілеті, он-лайн режимінде кәсіби тұрғыдан байланыс жасай алу, қарапайымдылық, әдептілік, шыншылдық, ұқыптылық; танымдық– кәсіби ісіне АТТ құралдарының мүмкіндіктерін шығармашылық тұрғыдан қолдана алуын бақылау, басқа адамдарға түсіністікпен қарау, тұлғаның, ұжымның дамуын жобалай білу дағдысы; экспрессивтік – АТТ құралдарымен жұмыс жасай алуға сенімділікпен қарай алу дағдысы, қызбалылық, эмоцияға берілу, өзін-өзі ұстай білу.

Сонымен, болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімінің АТТ құралдарын пайдалануды жүзеге асыруға даярлығын қалыптастыру үшін қажет білім мен біліктіліктерді психологиялық тұрғыдан игеруде сыртқы және

ішкі факторлар әсер етеді: айналадағы құбылыстарға байланысты іс-әрекеттер; АТТ құралдарын пайдалануды жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттерді дамыту ерекшеліктері мен оның нәтижелері; АТТ құралдары мен интерактивтік жабдықтарды кәсіби іс-әрекетте қолдану арқылы сапалы нәтижелерге жеткізу жолдары; өз дайындығын өздігінен бағалай алуы; күрделі мәселелерді шешу барысында жинаған тәжірибелері; өзіндік білім алу жағдайын басқару деңгейі; алға қойған мақсатқа жету үшін диагностикалық бақылаулар жүргізіп, оны дамытуға байланысты тиімді шешімді таба білуі.

Әдебиеттер:

1. Маркова А. К. Психология проблемы повышения квалификации. - М. : Педагогика, 1992. - 128 с.
2. Бәшірова Ж. Р. , Әлқожаева Н. С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. -175 б.
3. Берді Д. Қ. , Жылысбаева Г. Н. , Мухамеджанов Б. Қ. , Дарібаев Ж. Е. Химияны оқыту әдістемесі (Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар негізінде). – Шымкент: Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2014. – 124 б.

ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ

Мукашева А.Б.

*педагогика ғылымдарының докторы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проф. м.а.*

Мельдеханова А.А.

магистр

Кілт сөздер: кәсіптік бағдар, өзіндік анықтау, кәсіби бағдарлану, психологиялық дайындық

Аннотация

В статье рассматриваются основные работы профессионального ориентира учащихся, и требования, предъявляющиеся к выбору профессии.

Annotation

In the article basic works of professional orientira are examined student, and requirements, produced to the choice of profession.

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзіндік анықталу мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді [1].

Кәсіп – (профессия-латын тілінен аударғанда *professio*) адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі [2].

Кәсіптік білім – жеке тұлғаның кәсіптер әлемінде бағдар ала білуін және биімделуін, еңбек етуде әлеуметтенуінің, нақты мамандықты және білік деңгейін меңгеруін, адамның түрлі іс-әрекеттері саласындағы күзіреттілігін, шеберлігін және дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған үдеріс. Бұл үдеріс барысында әр бір жеке тұлғаның қызығушылығына мән беріледі және соған жетудің жолдары қарастырылады.

Кәсіптік қалыптасу - жеке тұлғаның кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын, жеке тұлғалық сапаларын кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыруда қол жеткен деңгейі.

Кәсіптік даму – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде дамуы. Оның кезеңдері: кәсіби өзін-өзі анықтауы, кәсіптік білімділік және іскерлік, кәсіби күзіреттілік, кәсіби шеберлік, кәсіби шығармашылық.

Қайсыбір ғылым саласы сияқты негізгілерімен қатар, кәсіби педагогикаға қатысты кәсіби мәдениет, кәсіби жарамдылық, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби бағдар, кәсіби кеңестер беру, кәсіптік білім мекемелері сияқты категориялары қарастырылады [3]. Бұл категорияларды жеке-жеке төменде қарастырамыз.

«Мәдениет» термині латын тілінен шыққын. Алғашында ол жер өңдеу мағынасын білдірген. Уақыт өте келе, «мәдениет термині қоғамдық мәнге ие бола бастады. Бүгінгі күні жалпы алғанда, мәдениет ұғымы қоғам мен адамның жаңғырып өзгеруі, сонымен қатар, осы іс-әрекеттің нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

«Кәсіби мәдениет» - бұл адамдардың белгілі бір кәсіби міндеттерді шешудің тәсілдері мен амалдарын меңгеру дәрежесі. Кәсіби мәдениетті бір кәсіпке жататын адамдар тобының қасиеті ретінде ажыратып көрсету, әртүрлі мамандықтар іс-әрекетінің түрлерін айырықшалауға ұласатын, еңбекті бөлісу нәтижесі. Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі кәсіби іс-әрекет, мақсатты, міндеттерді, пәнін, құралдарын, әдістерді, нәтижені

қосып алғандағы, күрделі құрылым. Маманның кәсіби мәдениетінің жоғары деңгейі ойлауы мен санасының дамығандығымен, яғни кәсіби міндеттерді шешуге қабілеттілігімен ерекшеленеді [3].

Қазіргі ғылым (педагогика, психология) былай дейді: «Тұлғаның ашылуы кәсіби іс-әрекетінде. Адам өзінің тұлғалық және кәсібилік сапасын көрсете алады, өзін-өзі дамушылығын көрсете алады, қоғамда аты шығып, белсенділігін байқатады». Осы қағидада өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі бекітуі көрінеді.

Өзін-өзі кәсіби анықтау деген – кәсіби әрекетіндегі тұлғаның дамушылық процесі және өзінің қабілетін, тұлға-психологиялық мүмкіншілігін жүзеге асыру. Ол бір кезеңде болмайды, толық белсенді жұмыс әрекетінде атқарылады. Осы жолда мақсаттар мен міндеттер қалыптасады. Осы процесс адамның өмір бойғы жолымен табады және де өзін-өзі бекітуінің толықтай негізі болып саналады.

Өзін-өзі кәсіби бекіту – кәсібилік қабілеті, кәсібилік мотивация, кәсібилік өзіндік санасы, мінезінің қасиеті. Олардың мамандық алу жолының құрылысы қызық. Ол кезде тұлға әрекетінің стилі қалыптасады, тұлғаның кәсібилігі қалыптасады.

Сондықтан, тұлғалық-кәсібилік даму, өсу — адам дамуындағы үзілмейтін процесс. Осы кезде өзін-өзі басқаруы, қоғамның өзгерістерін байқауы, қоршаған ортамен байланыс жасай отыра, өмірдің көп қырлылығын қабылдауы өмір мен кәсіби тәжірибесінде анықталады.

Қазіргі жағдайда өзін-өзі анықтау мәселесін мамандықталған өзін-өзі анықтаусыз толық деп айту қиын. Өзін-өзі анықтау мәселесіндегі барлық сұрақтарында психологияда мамандықталған өзін-өзі анықтауда толық жауаптар берілген С.П.Крягже алғашқы этапта мамандықталған өзін-өзі анықтау екі түрге бөлінеді деп көрсетеді, яғни белгілі мамандық таңдау немесе мамандырылған мектеп таңдау.

С.Л. Рубинштейн бойынша өзіндік анықталу сыртқы себептің ішкі әсерге байланысты болып табылады. Сыртқы себептелу “сыртқы детерминация” әлеуметтік шарт, жеке тұлғаның әлеуметтік детерминациясын анықтайды. Бұл жағдайда жеке анықтама жеке детерминация болып табылады.

Сондай-ақ, Л.И. Божович жұмыстары да өзін-өзі анықтауға психологиялық анықтама береді. Біріншіден, өзін-өзі анықтау қажеттілігі онтогенез өзегінде яғни жасөспірім кезеңі мен жастық шақ кезеңінде пайда болады. Екіншіден, өзін-өзі анықтау қажеттілігі тұлғаның өзі және айналасы туралы түсінігін жүйелеу ретінде қарастырылады. Үшіншіден, өзін-өзі анықтау болашақта мамандық таңдауға байланысты. Осылайша, Л.И.Божович өзін-өзі анықтауда екі жақтылықты көрсетеді, бір жағынан ол мамандық таңдауда, болашағын жоспарлауда қажет болса, екінші жағынан өзінің өмір сүру мағынасын іздеу болып табылады.

Кәсіби бағдар беруді ақпараттандыру – оқушыларға түрлі еңбек қызметтері мен кәсіп ерекшеліктері олардың нарық жағдайы мен әлемдік өркениеттегі даму бағыттарымен, ел, аймақ экономикасына тигізетін әсері, рөлі туралы мәліметтер беру.

Қоғамдық пайдалы өнімді еңбек түрлеріне жас жеткіншектерді баулу. Түрлі жұмыстарды атқаруға баланың икемділігін байқау, және қасиеттерін тәрбиелеу арқылы өнімді еңбекке үйрету. Оларға практикалық жұмыстар кезінде өз бетінше еркіндік беріп, шығармашылыққа баулу.

Кәсіби бағдар беруге арналған негізгі кеңестер. Мұндағы басты нәрсе – кәсіп таңдауда негізгі қоғамдық және идеялық сананы қалыптастыру. Оқушылардың жеке қасиеттері кәсіп талаптарына сай келуі қажет. Мұндай кеңестерге қазіргі оқып жүрген жастардың тең жартысы зәру

- Өз бетінше мамандық таңдай алмаған оқушылар.
- Мамандық таңдауда ата-аналарымен келісе алмаған жастар.
- Өзі таңдаған мамандықтың дұрыстығына көз жеткізгісі келген жасөспірімдер.
- Тәртібі нашар, толқу үстінде жүрген жеткіншектер.

Кәсіби бағдарға ұсыныс беру түрі:

- Ақпаратты – анықтамалық.
- Психологиялық – педагогикалық.
- Медициналық тұрғыдан.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу арқылы жүргізіледі.

4-6 - сыныптағы жеткіншектер өмірлік және кәсіби идеялары оянып адамгершілік сананың енді қалыптаса бастаған кезеңімен сипатталады.

7-9 - сынып оқушылардың өз мүмкіндіктерін, кәсіби маңызды қасиеттерін өздігінше бағалай алатын, сол жолда білім алу мен ізденуді жалғастыратын кезең.

10-11 – сыныптағы оқушылар нақты мамандықты таңдап, икемділігі мен дағдыны қалыптастыра бастауы қажет.

Кәсіптік бағдар беруде пайдаланылатын ақпарат көздері мен әдістері:

- Сөз арқылы, ауызша;
- Көркені құралдармен;
- Практикалық;

Сабақтан тыс уақытта берілетін тәрбие жұмыстарында кәсіби бағдар берудің түрлері мен әдістері:

- Әңгімелеу (таныстыру және бағыттау).
- Сол мамандық иелерімен және ұстаздарымен кездесу.
- Оқушылардың мамандық туралы жазған шығармалары мен рефераттары.
- Байқаулар, виуториналар және т.б.[4].

Р.С.Омарованың пікірінде, кәсіби бағдар жеке адамның ішкі позициясын айқындайтын жетекші мотивтер жүйесімен тығыз байланысты екендігі көрсетіледі. Тек қана адамның мамандыққа деген субъективті қатынастарын негіздейтін мотивтер жүйесін талдау нәтижесінде оның нақты мазмұны туралы айтуға болады. Сонымен кәсіби бағдар дамуының бір формасы – мотивтерін байыту; жеке мотивтен неғұрлым толық, жан-жақты мотивтер жүйесіне өту [5].

Мектеп бітірушілердің өздері таңдаған болашақтағы игеретін мамандықтарына байланысты олардың психологиялық дайындықтары мен кәсіби өзіндік анықталу механизмдеріне өзіндік бағалау ерекшеліктері әсер ете ме? Мамандық таңдау сипаты мен өзіндік бағалаудың арасында белгілі бір байланыс орнаған ба? Міне осы сұрақтар – әрқашан да өз маңыздылығын жоймайтын және педагогикалық-психологиялық ықпал негізінде зерттеуді талдап кететін мәселелердің бірі. Жоғары сынып оқушыларына еңбек іс-әрекетіне деген шығармашылық қатынасты орнату, нақты дұрыс психологиялық бағдар беру, психологиялық дайындықты қалыптастыру сұрақтары аса маңызды.

Мамандық таңдау, кәсіби өзіндік анықталу мәселелерін зерттеудің өзектілігі мына мәселелерге байланысты:

- кәсіп таңдау мотивтері мен жағдаяты;
- адамның кәсіби және әлеуметтік тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты таңдайтын мамандықтың әлеуметтік және тұлғалық мәнділігі.

Сондықтан да мамандық таңдауға байланысты кәсіби бағдар, кеңес беру, психологиялық көмек көрсетудің теориялық, әдістемелік негіздерін жасау психология ғылымымен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа кезең- Жаңа экономика» лекциясы.Қ.Р. Президентінің ресми сайты
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Алматы 2008
3. Кәсіби педагогика Р.Қ. Дүйсембінова Алматы 2012
4. Омарова Р.С. 12 жылдық мектепте оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін
5. ұйымдастыру. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2007
6. Ковалева Н.В.Личность воспитывает себя. –М.: Политиздат, 1983

ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕП ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Машенбаев Т.Б.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызпу проф.м.а.*

Керімбаева Д.Р.

магистр

Кілттік сөздер: Шағын жинақталған мектеп, шағын жинақталған мектеп мәселелері, мұғалім, білім беру жүйесі.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы работ малокомплектной школы пути их решения.

Annotation

In article are considered the problems of the low-completed school's activities and the ways of resolution with them.

Қазақстанның қалыптасқан тарихи және географиялық ерекшеліктеріне байланысты – үлкен аумақ пен халық тығыздығының төмендігі, халықтың көші-қоны, ауылдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиындығы – республикада өте көп шағын жинақталған мектептер (ШЖМ) бар. Іс жүзінде әрбір төртінші қазақстандық мұғалім мен әрбір алтыншы қазақстандық оқушы шағын жинақталған мектепте оқиды және жұмыс істейді. ШЖМ мынадай міндеттерді шешеді:

- оқушыларды жалпы орта білім қажеттілігімен қамтамасыз ету;
- мектеп бітірушілердің ары қарай кәсіби білім алулары үшін бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру.

Ауылдық шағын жинақталған мектеп білім беру міндеттерімен қатар әлеуметтік-экономикалық міндеттер кешенін де шешеді:

- жастардың ауылдан кетуіне кедергі болу;
- халықтың мәдени деңгейінің артуына септігін тигізу;
- демографиялық мәселелерді шешу;
- экономиканың аграрлық секторын дамыту.

Бұл факторлар, әсіресе, ауылдық жерлерде, ШЖМ маңыздылығын арттырады. Олар ауылдың

демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығында маңызды рөл атқарады. Шағын жинақталған мектептердің білім беру-тәрбиелік, мәдени орталық ретінде, сонымен қатар, шаруашылықтың өндірістік саласымен айналысатын халықтың орнығуына ықпал етуші фактор ретіндегі ерекше мәртебесі оның мәселелеріне ұқыпты және мұқият қарауды талап етеді.

XXI ғасырдың шағын жинақталған мектебі қандай болуы тиіс? Шағын жинақталған мектепте балаларды неге және қалай оқыту керек? Мұғалімнің «жасау керек» деген сөзін қалай оқушының «жасағым келеді» және «жасаймын» деген ойына айналдыруға болады? Баланың дамуы мен оның денсаулығын сақтау үшін қандай жағдайлар жасау қажет?

«Шағын жинақталған мектеп» ұғымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен (1 бап, 58 тармақ) «білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп» ретінде анықталды. Заманауи шағын жинақталған мектепті дамыту Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бізде қабылданған «2020 жылға дейінгі ҚР білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы», «2010-2020 жж ҚР білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» шағын жинақталған мектептердегі оқыту үдерісін қарқындалтуға, білім беру мазмұнын жаңартуға итермелеп, ынталандырды. Сонымен бірге, ШЖМ бір ерекшелігі мұғалімдердің жұмысындағы көппәнділік. Шығыста былай дейді: «Учитель не тот, кто учит, а тот, у кого учатся». Әрбір мұғалімнің еңбегі – әрдайым сезіле бермейтін үлкен қоғамдық-мемлекеттік маңызы бар, тек мықты және әуесқой тұлғалардың қолынан келетін бірсарынды еңбек, ал шағын жинақталған мектеп мұғалімінің еңбегі қандай? Шағын жинақталған мектеп мұғалімінің жұмысының ерекшелігі неде? Мұнда жұмыс қалыпты емес, қайталанбас, күрделі әрі қызықты. Шағын жинақталған мектеп оқушыларының оқу-танымдық әрекеттерін басқару – мұғалімдерден үлкен зиякерлік әрі физикалық күшті, жоғары педагогикалық шеберлікті, кәсібилікті, оқыту мен тәрбиелеудің құралдарын және әдіс-тәсілдерін таңдаудағы икемділікті талап ететін күрделі міндет. Шағын жинақталған мектеп мұғалімдеріне балалардың оқу әрекетін түрлі жастағы қоғам негізінде құруға тура келеді. Сабақ мұғалім мен оқушының бірігіп әрекет етуіне негізделген оқыту жұмысын ұйымдастырудың жетекші формасы болып табылады. Алайда шағын жинақталған мектептегі сабақ жеті жастағы да, тоғыз жастағы да баланың қажеттіліктеріне сай болуы тиіс. Тапсырмалардың күрделілігі сыныптан сыныпқа қиындайды. Бағдарламалық талаптарға сәйкес және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, біз әрбір даму кезеңінде баланың білім, шеберлік, икемділіктің белгілі қорын жинауына көмектесуіміз керек. Сондықтан біз әрбір сабақта оны жалпы және жеке түрде жүзеге асыруымыз керек; бір уақытта бір сыныптың жұмысын және екінші сыныптың өзіндік жұмысын басқаруымыз керек. Біз 2-3 есе көп сабақ дайындаумен қоса, педагогикалық әсер оңтайлы болуы үшін олардан бір тұтас нәрсе жасауымыз керек. Демек, ШЖМ ерекше жағдайында жұмыс істейтін мұғалім қосымша кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- сынып-жинақтар жағдайында білім берудің оңтайлы әдістерін іріктеу, бейімдеу және құрастыру;
- оқушылардың түрлі жастағы ұжымын басқару;
- бірпәнді және біртақырыпты сабақтарды жүргізгенде сынып-жинақтардың оқушыларының әрекеттерін басқару;
- білім алушыларды дамытудың жеке білім беру жолын жобалау;
- білім алушылардың әрбірінің ілгерілеуін бақылау үшін бақылау-бағалау рәсімдері пакетін даярлау;
- білім алушыларды жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени, экономикалық үдерістеріне тарту.

Бір уақытта бірнеше сыныппен жұмыс жасау кезінде сабақ уақытының үлкен бөлігі оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына кетеді. Біздің жұмысымыздың табыстылығы оның өнімділігімен тығыз байланысты. Оқытудың Жаңа Мемлекеттік Бағдарламасы мен білім берудің Мемлекеттік стандарттарының енгізілуімен өзіндік жұмыс деңгейін дамыта оқыту деңгейіне дейін көтеру қажет. Сабақта ешкім жалықпауы тиіс.

Өзіндік жұмыс – арнайы бөлінген уақытта тапсырмаларды мұғалімнің тікелей қатысуынсыз орындайтын сыныптың барлық оқушыларының белсенді танымдық әрекеті. Мұнда оқушылардың өзіндік, ойлағыштық және физикалық әрекеттерінің нәтижесі сырттай бақыланбайтын формада көрініс табады (сурет, жазбаша жауап, белгі қойып оқу, кластер сызу, жұптасып жұмыс жасау, кейде топтық жұмыс жасау). Осы өзіндік жұмыс арқылы біз оқушыларда жалпы оқу шеберліктерін қалыптастырамыз: бұл жылдам оқу, конспектiлеу, ойды графикалық бейнелеу, ойды дәл жеткізу.

Өзіндік жұмыс мұғаліммен тікелей байланыссыз, бірақ, ережеге сәйкес, оның қатысуымен және бақылауымен жүзеге асырылады. Мұғалімдер қасында болғанымен, бала өз бетінше әрі ыждаһатпен жұмыс жасайды. Жоғары сыныптардағы өзіндік жұмыс оқушылардың жаңа ақпаратты үйренуге дайындығымен байланысты және өткен тақырыптарға сүйенеді. Шамамен 15-20 минутқа созылатын жоғары сыныптағы өзіндік жұмысты орындау кезінде төменгі сыныпқа жаңа тақырып түсіндіріліп, ізінше өзіндік жұмыс тапсырмалары беріледі. Содан соң жоғары сыныпқа ауысып, оқушылардың орындаған өзіндік жұмыстары тексеріледі және жаңа тақырыпты түсіндіру басталып, сыныпқа және үйге берілетін өзіндік жұмыс тапсырмаларымен аяқталады. Қалған уақытта төменгі сынып оқушыларының өзіндік жұмысы тексеріліп, үй тапсырмасы беріледі.

Шағын жинақталған мектепте бірінші кезекте маңыздылыққа ие оқушылардың өзіндік жұмыс түрлері әр түрлі: өзіндік оқу, мәтінді талқылау мен көшіру, есептерді, теңдеулерді шешу, түрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұратын (жіктеу) карточкалармен жұмыс, тесттермен жұмыс, жұптасып жұмыс істеу, өзара

оқыту және көптеген басқалары. Олардың барлығы оқыту және тәрбиелеу мәніне ие болуы керек.

Шағын жинақталған мектептегі өзіндік жұмыстың жағымды жақтарымен қатар кемшіліктері де бар. Оларға тоқталар болсақ:

Шағын жинақталған мектептегі өзіндік жұмыстың басты кемшілігі – басқарылмайтындығы. Өзіндік жұмысты басқаруды біз тек жаңа тақырыпты баяндау немесе жаппай сұрақ қою арқылы ескі тақырыпты қайталау жолымен оқушыларды тапсырмаларды орындауға дайындайтын бірінші кезеңде ғана жүзеге асырамыз. Содан кейін тапсырманың өзі болады, ақыл-ой және тәжірибелік әрекеттердің сипаты мен жүйелілігі туралы алгоритмдік типтегі ұйғарымдармен жетілдірілген құралдар болмағандықтан, тапсырманың орындалуы ауызша формада түсіндіріледі.

Түсіндіргеннен кейін оқушылар өзіндік жұмысқа кіріседі, ал мұғалімдер басқа сыныппен жұмыс жасайды, сондықтан біздің өзіндік жұмысты тікелей басқару, жіберілген қателерді ескерту мен уақытылы түзеу мүмкіндігіміз жоқ, бұл тапсырмалардың ойланбай орындалуына, кейде қате машықтардың қалыптасуына әкеледі. Сонымен бірге, біздің іс жүзінде өзіндік жұмысты қорытындылауымызға да уақыт қалмайды, және, көбінесе жеке оқушыларға ескертулер айтумен шектелеміз. Оқушылардың жеке бас ерекшеліктерін зерттеу мен есепке алуға да уақыт қалмайды. Шағын жинақталған мектепте өзіндік жұмысқа сабақтың 2/3 уақыты кетеді, ал мұғалімнің басшылығымен жұмысқа - тек 1/3.

Өз тәжірибемде өзіндік жұмысты төмендегідей түрде жоспарлаймыз:

1 нұсқа

кезеңдер	2 сынып	4 сынып
1	Мұғалімнің басшылығымен жалпы жұмыс	
2	Мұғаліммен жұмыс	Өзіндік жұмыс
3	Өзіндік жұмыс	Мұғаліммен жұмыс

2 нұсқа

кезеңдер	2 сынып	4 сынып
1	Өзіндік жұмыс	Мұғаліммен жұмыс
2	Мұғалімнің басшылығымен жалпы жұмыс	
3	Мұғаліммен жұмыс	Өзіндік жұмыс

Сабақтарды жоспарлау кезінде төртінші сынып оқушыларымен жұмысқа көбірек уақыт бөлу керек екенін басты назарға аламыз, себебі өтілетін тақырыптың күрделілігі мұғалімнің тарапынан тұрақты басшылықты, түсіндіруді және көмекті қажет етеді. Сондықтан оқушылар өз жұмыстарын аяқтағаннан кейін бөлек ескертусіз орындауға тиіс қосымша тапсырмаларды тақтаға немесе карточкаға алдын ала жазып қоямыз.

Оқушының оқудағы дербестігіне, бастамашылдығына және жауапкершілігіне қол жеткізу үшін баланың бақылау-бағалау дербестігі, яғни өз әрекетін өз бетінше бақылау мен бағалау, туындайтын қиындықтардың себептерін табу, мүмкін болса, оны жою қабілеттері үлкен мәнге ие. Осы мақсатта бағалау парақтарын пайдаланамыз, яғни оқушылар дәстүрлі әдіспен («5», «4», «3»...) сабақтың жеке кезеңдеріндегі жұмыс барысында өз әрекеттерін бағалайды, содан кейін ортақ баға қойылады. Бұл жағдайда баға анағұрлым объективті әрі оқушылардың өз күштеріне деген сенімділіктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Біздің тәжірибемізде, әдетте, біріккен сыныптарды бір пән бойынша сабақтарға жинауды пайдаланамыз. Сабақты бұлай ұйымдастыруда ой тоқтату жеңілрек, мұндай сабақтарды екі сынып оқушыларымен біртақырыпты сабақтар үшін пайдалану мүмкіндігі бар. Бірақ, шағын жинақталған мектептегі жұмыс ерекшеліктері сабақ кестесін мінсіз, жұмыс барысында өзгермейтін деп қарастыруға мүмкіндік бермейтінін естен шығармау керек. Жұмыс барысында бір сыныпта бақылау диктанты, ал екіншісінде жаңа тақырыпты өту болуы мүмкін. Демек, осы күннің ішіндегі сабақтардың жүйелілігін ауыстыру қажет болады.

Біріккен сыныптардағы біртақырыпты сабақтарды ұйымдастыру мен жоспарлауға ерекше мән беру қажет. Әр сыныпта көптеген тақырыптар түрлі деңгейде қайталанатындықтан (мысалы, орыс тілі), осы тақырыптар бойынша сабақтарды біруақытта екі сыныпта жүргізу үшін оқу үдерісін жоспарлау мүмкіндігі бар: мұнда уақыттың бір бөлігін барлық сынып оқушыларына есептелген кестемен жұмысқа («Етістік» тақырыбы бойынша жұмыс кезінде) пайдаланамыз, ал қалған уақытта әрбір сынып оқушылары жеке тапсырмалармен жұмыс істейді. Және де тақырып бойынша әңгімелесу барысында түрлі сынып оқушыларына түрлі сұрақтар қою керек. Үлкендер үшін – бұл басқа оқушылардың баяндауымен өткенді қайталау, ал кішілер үшін – бұл озық жүру жұмысы: оқушының миы айтады: «Назар аудар! Бұл маған ертең қажет болады».

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014ж.
3. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. — Астана: Сарыарқа, 2012. — 568 б.
4. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы.Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. — Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. — 456 бет. "Мәңгілік ел" - Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, Бижанов А.С., студент, ғылыми жетекші: А.Ф. Ибраева т.ғ.д., профессор Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

БОЛАШАҚ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ МҰҒАЛІМІН АҚПАРАТТЫҚ-ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ МӘНІ

Берді Д.Қ.
Ниязова Г.Ж.
Беркімбаев К.М.

*педагогика ғылымдарының докторы
А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік
университетінің профессоры
Түркістан қ.*

Кілттік сөздер: *Білім беру, кәсіби іс-әрекет, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар, ақпараттық коммуникативтік құзыреттілік*

Аннотация

В статье рассматривается подготовка будущих учителей естественных дисциплин на основе информационно-телекоммуникационных технологии. А также определены психологические особенности использования ИТТ в образовательном процессе.

Annotation

The article deals with the preparation of future teachers of natural sciences on the basis of information and telecommunication technologies. And to determine the psychological characteristics of the use of ICT in the educational process.

Жоғары оқу орындарында білім сапасының жақсы дәрежеде болуы көптеген факторларға тәуелді болады. Ол ең бірінші білім беру ұжымының педагогикалық қызметінің сапасына, кадрлардың ғылыми дәрежесінің сапалық құрамы, оқу – материалдық базасына, ғылыми-әдістемелік, техникалық құралдармен қамтамасыз етілуіне тәуелді. Білім сапасының ең негізгі шешуші факторы – жоғарғы оқу орнындағы ғылыми мектеп.

Болашақ мұғалім үшін оқу, кәсіби білім мәні құндылықтар, идеалдар жүйесіне байланысты, осының арқасында болашақ мұғалімнің санасында оның мәні жөнінде түсінік қалыптасады, көптеген өзгерістерге ұшырады [1, 2].

Жоғары оқу орындарында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің білім сапасының жоғары деңгейге көтерілуі ең маңызды көрсеткіш болып табылады. Білім алуда *білім сапасын анықтаушы өлшемдер*: білімнің нақты жүйесінің деңгейінде және білім беру мекемесінің деңгейінде мақсат пен нәтижелердің сәйкес келу дәрежесі; нақты болашақ мұғалімнің білім нәтижесін бағалағанда әр түрлі көрсеткіштердің сәйкес келуі (білім сапасы, дағды мен білімділігінің тиісті дәрежеде қалыптасуы, шығармашылық пен дербестік қабілетінің дамуы, жеке тұлғалық және құндылықтарға бағыт-бағдарлық сапасы); теориялық білімдердің және оларды өмірде және кәсіби қызметінде қолдана білуінің сәйкесуі дәрежесі, адамның өзінің білімін, дағдысын үздіксіз жетілдіруге ынталығын дамытуы [3].

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың дамуымен байланысты ақпараттар көлемінің ұлғаюы оқыту мазмұны мен білім сапасын өзгертуде. Ойлау, шығармашылық әрекеттерінің жаңа формалары болашақ мұғалімдерді ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны пайдалануға даярлау барысында пайда болады.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін АТТ пайдалануда теориялық және практикалық даярлығын қалыптастыру болашақ мұғалімдердің оқу жоспарындағы әртүрлі пәндердің мазмұнын меңгеру үдерісінде жүзеге асуы қажет. Теориялық даярлық – болашақ мұғалімдердің АТТ пайдаланудың психологиялық-педагогикалық мәнін, оқыту үдерісінің заңдылықтары мен ондағы іс-әрекетті және АТТ қолданудың әдістерін білуі. Болашақ мұғалім мұндай білімді психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша өтілетін сабақтарда теориялық аспектілерін оқу үдерісінде ала алады. Ал, практикалық даярлық - болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орнында оқу кезінде АТТ пайдалану іс-әрекет тәжірибесін меңгеру үдерісінде қалыптасатын болашақ мұғалімнің оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытуға кәсіби даярлығы. Бұл сабақта және сабақтан тыс әртүрлі әдістемелік жұмыстардың негізінде қалыптасады.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімі ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлауда мынадай талаптарға жауап беруі қажет: іргелілік пен практикалық-бағдарлық сипат. Осы талаптарды ұстана білу болашақ мұғалімдерді ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың теориялық және практикалық негіздерін қалыптастырудың негізі болып саналады.

Қоғамдық сұраныс талаптарын талдау жаһандану кезеңінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдалануда болашақ мұғалім жоғарыда аталған даярлықтарды кәсіби

қызметтің барысында жетілдірілуі қажеттілігі сөзсіз. Яғни, өзін-өзі ұдайы дамытушы, өз іс-әрекетін қорытындылау және түзетуге, жаңартуға, білім беру жүйесіндегі өзгерістерге саналы түрде бейімделе білуге даяр, қоғамның, еңбек нарығы дамуының жаңа талаптары және кәсіби даярлықтың шектеулілігі арасындағы карама-қайшылықтардың оңтайлы шешімін таба білетін болашақ мұғалім қажет екендігін көрсетеді.

Білімді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың екі бағыты тән: *бірінші бағыт* -білім, шеберлік, қабілеттілік мамандықты меңгеру үдерісінде ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін ұғынуға, оларды әртүрлі мәселелерді шешуге қолдану шеберлігін, құзырлығын қалыптастыруға жетелейді; *екінші бағыт*- ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар оқу үдерісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Бұл жайтты практика жүзінде іске асыру компьютерлерді жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде қолдану аясын кеңейту, оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін құру және енгізу, әртүрлі пәндерге оқытудың дәстүрлі әдістемелерін өзгерту жағдайларында мүмкін [4].

АТТ мүмкіндіктерін оқу-тәрбие үдерісінде қолдану, ой-қабілетінің операционалдық, көрнекі-қабілеттік, теориялық үлгілерін белсенді түрде дамытады; үйренушінің шығармашылық, интеллектуалдық күш-қуатының дамуына себептер туғызады. Сондықтан, ақпараттық-телекоммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін оқытудың дәстүрлік түрлерімен тәсілдерін қолдануға ғана емес, оқытуды дамытатын идеяларды жүзеге асыру, оқу-тәрбие үдерісінде барлық деңгейлерін интенсификациялауда, білімгерлерді ақпараттық қоғамда өмір сүру жағдайына даярлау.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерінде АТТ-ны пайдаланудың психологиялық-педагогикалық даярлығының аспектілерін төмендегідей етіп қарастыруға болады: ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар туралы теориялық, әдістемелік, технологиялық, жалпы педагогикалық білім негіздерімен қарулануы; *іс-әрекетке жағымды көзқарас* (соның ішінде іс-әрекетте ақпараттық-телекоммуникациялық технологияны пайдалану); *іс-әрекетке, қызметке талаптар, мінез-құлық көрінісі, қабілеттілік, темперамент, мотивация; қажетті білім, іскерлік, дағды, біліктілік, шеберлік; тұрақты мамандыққа қажетті қабылдау, зейін, ойлау, эмоциялық және ерік үдерістерінің ерекшелігі* .

Педагогикалық қабілет болашақ маман иесінің оқыту үдерісінде меңгерген теориялық ілімдерді өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдану білу арқылы жүзеге асырылады. Ал, өз мүмкіндігіне қарай, педагогикалық қабілеттілігі бар болашақ мұғалімдер педагогикалық іс-әрекетті тез меңгеретіні анық. Соңғы кезеңдерде біздің елімізде нарықтың экономикалық қатынас ықпалынан пайда болған, мамандықты таңдауды қабілетіне қарай емес, мүмкіндігіне қарай қарастыру тенденциясы жиі байқалады.

Демек, оқуға қабылдану көрсеткішінің де педагогикалық мамандықтар үшін аса жоғары болуы тиіс. Ендеше, қазіргі жоғары оқу орындарының басты назары осы жастардың педагогикалық мамандықты өз деңгейінде меңгеріп шығуына қажетті заманауи білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерді іздестіруі қажет. Бұл орайда, білімді күштеп меңгерту емес, қызықтыру арқылы, ынталандыра оқыту, оның ішінде нәтижеге ұмтылу басты міндетке айналуы тиіс.

Мұндай міндеттер тәжірибелі мұғалімнің кәсіби міндеттерін белсенді түрде арттыруға мүмкіндік береді. Олай болса, мұғалімнің ақпараттық қызметінің анықтамасы мына түрде береміз: *мұғалімнің ақпараттық қызметі дегеніміз* оқытудың негізгі мақсаттарын іске асыруға бағытталған тұлғаның ақпараттық белсенділігінің бір түрі. Бұл анықтамадан ақпараттық қызметтің жүйеленген сипаттамасы зерттелініп, оның құрама элементтері, бөліктері және жүйеленген факторлары айқындалды.

Нәтижесінде ақпараттық қызметтің құрылымы анықталып, ерекшеліктері сипатталды. Болашақ мұғалімнің ақпараттық қызметінің құрылымы теориялық дайындықты білдіретін *кәсіби дағдыдан, ұйымдастырушылық, рефлексивтік, қатынастық сияқты сыртқы (пәндік) дағдыны айқындайтын практикалық дағдылардан* тұрады.

Біз берген тұжырымдаулар, болашақ мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігі *құндылыққа-бағдарланған, кәсіби-іс-әрекеттік және рефлексивтік-қатынастық құзіреттерден құралған ақпараттық білімнен, ақпараттық дағдыдан және ақпараттық қабілеттен* тұратындығын түсіндіреді. Аталған құзыреттілік бөліктері өзара бір-бірімен сабақтастысып, үлкен үйлесімділікте қарастырылады.

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану тиімділігі, білім беруді дербестендіру мүмкіндіктері оқытушының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік деңгейіне, білім беру үдерісіндегі оқу пәндерінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға дайындық дәрежесіне тәуелді болады. Ал, енді болашақ мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруын мұғалімнің кәсіби құзыреттілік тұрғысынан қарастырайық.

Ақпараттық қоғам жағдайында кәсіби мәні бар білімдерге, қабілеттерге, дағдыларға, қасиеттер мен мұғалімнің қабілеттеріне тағы бір маңызды құрауыш – ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік қосылды. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің негізін - ақпарат қоғамына байланысты әртүрлі салалардан келіп түсетін, әртүрлі мазмұндық мәні бар және берілу формалары әртүрлі адамның ақпаратпен жұмыс істеу іс-әрекетіндегі біліктілігі құрайды. Мұнда ақпараттанудың әр бір кезеңі мұғалім кәсібіне жана құзыреттіліктер талаптарын ұсынады.

Болашақ мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің бөлігі, мұғалімдердің білім беру іс-әрекетінің қажетті бөлшегі, ғылыми-білім беру іс-әрекетінің ақпараттық аспектісінің сапалық сипаттамасы болып табылады. Болашақ мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік ақпараттық ортамен өзара іс-әрекеттесуде білімдердің, қабілеттердің, дағдылар мен рефлексивтік

кешеннің болуымен сипатталады.

Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті игеру болашақ мұғалімдерге келесі мүмкіндіктерді кәсіби қызметінде қолдануға жағдай жасайды: оқу және ғылыми ақпараттың үлкен көлеміне қол жетімділік; оқыту үдерісін компьютерлендіруді іске асыру; түрлі ақпараттарды жүйелеу мен жалпылау; заманауи ақпаратты құру және оны өзінің кәсіби іс-әрекетіне пайдалану; оқу бағдарламаларын жасау немесе жаңалау; басқа білім беру мекемелеріндегі ұжымдастармен жедел байланысу.

Осылайша, «Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі кәсіби қасиеттерге жаңа объективтік талаптар және мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі кәсіби маманның жеке портфолиосы ретінде» айтуға болады [5].

Олай болса, «*мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі* - кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің барлық түрлерінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолдануға дайындық» деп анықтаймыз.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру барысында ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде ойлау, шығармашылық әрекеттердің жаңа түрлері пайда болатыны байқалды.

Солармен бірге, қазіргі ЖОО педагогикалық үдерістің бүгінде қарқынды даму үстіндегі инновациялық білім беру жүйелерімен, бірінші кезекте, шығармашылық қабілетке, шығармашылық әлеуетке, шығармашылық өзін-өзі дамытуға, шығармашылық дербестікке, креативтілікке қойылып жатқан талаптарға сәйкес келуі мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. Жеке тұлғаның АТТ пайдалануға даярлауда шығармашылық әлеуетін дамытуда креативтік мәселелері ескерілуі тиіс.

Құзыреттіліктің креативті деңгейінде, болашақ мұғалімдер өз бетімен заманауи ақпараттық технологияларды болашақтағы кәсіби педагогикалық әрекетінде жүзеге асыра алады, олар кәсіби қолданушы деңгейіне жақындайды, белгілі бір бағдарламаның функционалды мүмкіндіктерін толығымен қолдану қабілетіне ие болады, сонымен бірге нақты міндетті шешу үшін бағдарламаны таңдай алады, оны шешудің алгоритмдерін шығармашылықпен қайта құру қабілетіне ие болады.

Сонымен, болашақ мұғалімнің АТТ пайдалануға даярлығы олардың *жеке тұлға болып қалыптасуына, шығармашылығына және ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігіне* байланысты болып табылады. Яғни жоғары оқу орнын бітірген болашақ мұғалімнің қазіргі қоғамды ақпараттандыру талабына сай заманауи өзгерістерге бейім, жаңа әдіс-тәсілдерін ізденуге бағдарланған және дербес интеллектуалды ізденіс жұмыстарын жүргізе алатындай деңгейдегі ақпараттық даярлығын қамтамасыз ету басты мақсатымыз. Ал, ақпараттық іс-әрекет болашақ мұғалімді өмірдің жаңа белесіне шығарып, өмірлік ұстанымын айқындауға және жеке тұлға ретінде барлық мәселелерді шығармашылық тұрғыда креативтілікпен нәтижелі шешуге мүмкіндік береді. *Демек, болашақ мұғалімнің жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы жоғары білім беру жүйесіндегі кәсіби дайындығымен тікелей байланысты.*

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін *ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау деп* -теориялық негіздерді, нақты білімдер мен білік, дағдыларды игеруге және жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға үйретуге бағытталған, арнайы ұйымдастырылған өзара қатынасты элементтердің реттелген жиынын түсінуге болады.

Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау білімді ақпараттандыру жағдайында: ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру арқылы; болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін қолдану арқылы кәсіптік бағытта білімдерін жетілдіру қажеттілігін тудыру арқылы; болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың кәсіби және қоғамдық маңыздылығын түсінуі арқылы; ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды болашақ кәсіби қызмет саласына қолдануға тұрақты қызығушылық танытуы арқылы жүзеге асады.

Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-телекоммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін игеруі үшін білім беруді ұдайы жетілдірудің ықпалы болуы шартты. Сонымен бірге қабылданып жатқан нормативтік-құқықтық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларды практика жүзінде іске асыру үшін ақпараттармен дұрыс жұмыс жасай білуі қажет. Сыртқы ортада болып жатқан құбылыстар мұғалімдердің кәсіби қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

Жоғарыда зерделенген ғылыми тұжырымдардан шығатын қорытынды, білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау мәселесін басты назарға алынуы оң нәтиже береді.

Бүгінгі заман ағымына қарай өздігінен дербес, сыни тұрғыда ойлайтын, туындаған проблемаларды көре білетін және оларды шеше алатын кәсіби маман қажет. Ол өздігінен белсенді әрекет етуге, шешім қабылдауға, өмірдің өзгермелі жағдайларына икемді бейімделуге, бәсекеге түсе алатын қабілетті болуына мүдделі. Сондықтан ақпараттық қоғамдағы білім берудің мақсаты – адамды интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыда дамыту. Осындай мақсатты жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімге, мектепте қызмет ететін маман ретінде, білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты айқын көрсетілуі қажет. Оған оқу үдерісінің тиімділігі, сабақтардың жүйелілігі мен сапасы, бағдарламаның орындалуы, білімнің тереңдігі және бүкіл оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жоспарлануы игі ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Shtejnberg V. Je. Didactic design: methodology, technology and prospects. Professional'naja pedagogika: kategorii, ponjatija, definicii // Sbornik nauchnyh trudov. Professional Pedagogy: categories, concepts, definitions: collection of scientific papers. - Yekaterinburg, 2011. - Vol. 6. - P. 254–267.
2. Shtejnberg V. Je. Konstruktorsko-tehnologicheskaja dejatel'nost' prepodavatelja v sovremennyh uslovijah. Design and technological activity of the teacher in modern conditions: cand. diss. - Ufa, 1998. - 228 p.
3. Shtejnberg V. Je. Teoretiko-metodologicheskije osnovy didakticheskikh mnogomernykh instrumentov dlja tehnologij obuchenija. Design and technological activity of the teacher in modern conditions: dokt. diss. - Yekaterinburg, 2000.
4. Беркімбаев К. М. , Корнилов В. С. Берді Д. О подготовке будущих учителей химии в условиях информатизации высшего образования // «Наука и образование в XXI веке: теория, практика, инновации» Международная научно-практическая конференция. – М. , 2014. – Ч. 3. – С. 68-70.
5. Сластенин В. А. , Исаев И. Ф. , Мищенко А. И. , Е. Н. Шиянов. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических вузов и колледжей / под ред. П. И. Пидкасистого. – М. : Российское педагогическое агентство, 1996. – 304 с.

РАЗВИТИЕ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЯ В СИСТЕМЕ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

Н.К.Кибатаева

кандидат педагогических наук

зам.директора филиала

АО «Национальный центр повышения квалификации»

«Өрлеу» -института повышения квалификации

педагогических работников по Актыбинской области

г.Актобе

Ключевые слова: Этнопедагогическая культура, этнопедагогическое образование, система повышения квалификации.

Аңдатпа

Аталған мақалада біліктілікті арттыру жүйесінің этнопедагогикалық мәдениетін дамытуға қатысты мәселелер қарастырылады. Ұлттық ойлауды дамыту, этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу, этнопедагогикалық ұсыныс, көзқарас және наным (сенім) жүйесін құрастыру өзектендірілген.

Annotation

This article presents issues related to the development of ethnopedagogical culture in the system of professional development. The development of the system of ethnopedagogical views, opinions and beliefs, education of ethnic tolerance, the development of national thinking are become actual.

«Нельзя забывать, что Казахстан - в полном смысле слова – многонациональное государство. Это не декларируемый постулат, это истина. Вот почему для нас очень важна задача сохранения национально-культурных ценностей всех народов, населяющих Казахстан, малые они или большие...»

Н.А.Назарбаев

Наступивший XXI век, как известно,- век информации и научных знаний. Система образования решает принципиально новую глобальную проблему, связанную с подготовкой миллионов людей к жизни и деятельности в совершенно новых условиях информационного мира. В таких условиях возрастает потребность в нравственности, духовности, гуманности, этнокультурного взаимодействия. Сегодня нужны такие модели образования, которые бы способствовали не просто выживанию общества, а его гармоничному этнокультурному развитию разных этносов и народностей.

Несомненно, особая роль принадлежит образованию как фактору, позволяющему «вписаться» в глобализационные вопросы, идти в ногу со временем, не теряя при этом национальных достижений и особенностей своей культуры. Необходимо такое образование, которое научит людей жить вместе, будет содействовать прогрессу и устойчивому развитию общества. Именно такое образование будет направлено на изменение стиля жизни людей, основанного на глобальном понимании происходящих в мире процессов. При этом философия образования также выполнит свою миссию - будет содействовать решению проблемы перехода к глобальному пересмотру отношений между человеком и природой, человеком и обществом, человека к самому себе.

К настоящему времени накоплен обширный научный фонд, создающий теоретические предпосылки для исследования этнопедагогической культуры. Это педагогическое наследие известных мыслителей-

гуманистов Я. А. Коменского, Д. Л. Локка, Р. Оуэна, И. Г. Песталоцци, Ж. Ж. Руссо, педагогических идеи и взгляды на народное воспитание В. Г. Белинского, А. И. Герцена, Н. А. Добролюбова, А. Н. Радищева, Н. Г. Чернышевского, педагогические воззрения педагогов Н. К. Крупской, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинского, С. Т. Шацкого и др. Особую актуальность и значимость приобретают исследования по теории и практике народной педагогики В. Ф. Афанасьева, Г. С. Виноградова, Г. Н. Волкова и др., а также вопросы содержания этнопедагогической подготовки учителя отражены в трудах Т. И. Березиной, А. Л. Бугаева, Г. Н. Волкова, И. Ф. Исаева, В. А. Сластины, М. Г. Харитоновой, Е. Л. Христовой и др.

В Казахстане проблемы этнопедагогизации процесса обучения рассматривались в работах У. С. Абдукаримовой, А. П. Сейтешевой, Н. Д. Хмель, С. Узакбаевой, К. Кожаметовой и др.

Существенные перемены в образовании невозможны без кардинальных изменений профессионального сознания учителя. Появилось множество новых знаний, понятий, которые необходимы современному учителю, владеющему этнопедагогической культурой.

Существует многообразие интерпретаций понятия «этнопедагогическая культура». Так, исследователь В.А. Николаев в 1998 году вводит термин «этнопедагогическая культура» как «социально-педагогический феномен, характеризующий меру освоения традиционной педагогической культуры народа, понимание воспитательной сущности ее ценностей, их адекватного использования в современной практике обучения и воспитания» [1]. Другой исследователь М.Г. Харитонов в 1999 году расширил понятие «этнопедагогическая культура» за счет введения термина «этнопедагогическая компетентность». Автор выделяет этнопедагогическую образованность и этнопедагогический кругозор педагога, т.е. осведомленность его в наиболее актуальных проблемах обучения учащихся; этнопедагогическое мышление, отражающее определенный стиль мышления, ориентированный на отыскивание путей оптимальной организации процесса обучения учащихся с использованием народного опыта воспитания, а также этнопедагогический опыт, т.е. умение принимать этнопедагогически грамотные решения [2].

На наш взгляд, сущность понятия «этнопедагогическая культура учителя» необходимо рассматривать как профессионально-значимое качество личности, включающее в себя нравственно-этническую направленность сознания, способность к культурной идентификации и самооценке собственного уровня этнопедагогической культуры; этнопрофессиональную образованность и владение этнопедагогическими технологиями; морально-психологическую воспитанность; наличие толерантности как профессионально-педагогической доминанты по отношению к воспитанникам.

В условиях кардинального обновления казахстанского общества особую значимость приобретает выявление закономерности возникновения, становления, развития и функционирования этнопедагогической культуры населяющих нашу страну народов. Безусловно, воспитание - национально. Как утверждал К. Д. Ушинский «Воспитательные идеи каждого народа проникнуты национальным более, чем что-либо другое». Выдающийся педагог современности, основатель нового научного направления – этнопедагогики академик Г.Н. Волков сделал много важных и интересных научных открытий. В их числе мы можем назвать известные постулаты: без исторической памяти - нет традиций, без традиций - нет культуры, без культуры - нет воспитания, без воспитания - нет духовности, без духовности - нет личности, а без личности - нет народа как исторической личности[3].

Этнопедагогическая культура личности формируется и проявляется в живом процессе деятельности людей. Успех формирования ее зависит от целенаправленного воспитательного воздействия на личность тех форм жизнедеятельности, с которыми она связана. В данном случае имеет место сознательное и целенаправленное формирование в каждом человеке:

- этнического сознания как составной части общественного сознания, которое проявляется не только в потреблении, но и в создании этнопедагогических ценностей;
- своеобразной культуры чувств, проявляющихся в любой сфере жизнедеятельности;
- особых способностей и навыков создания, хранения и распространения этнопедагогических ценностей.

Этнопедагогическая культура делает основную ставку на формирование духовности, характеризуемой бескорыстием, свободой, эмпатией, взаимной поддержкой, солидарными действиями, добротой, эмоциональностью, т. е. всеми теми качествами личности, которые возвышают ее над собственными индивидуально-эгоистическими, прежде всего биологическими потребностями. Духовность связывается с традиционной народной этикой, выражающейся, прежде всего, в ненасилии, во внутренней чистоте, умиротворенности, скромности и послушании. Поскольку этнопедагогическое образование и воспитание способствует обогащению, обновлению и совершенствованию системы общего и профессионального образования, его осмысливают и как феномен образовательной деятельности, и как целевую функцию в системе подготовки специалистов. Казахские исследователи С.А. Узакбаева и К.Ж.Кожаметова рассматривают «систему этнопедагогического образования» будущих специалистов как систему этнопедагогической подготовки, включающей компоненты: цель, задачи, теоретические и методологические принципы, содержание, состоящее из четырех взаимосвязанных элементов: система знаний – система общих интеллектуальных и практических навыков и умений – опыт творческой деятельности – опыт эмоционально-волевого отношения к окружающей действительности; совокупность форм и методов, средства этнопедагогического воздействия, результат[4].

Формирование этнопедагогической культуры – это процесс целенаправленного развития способности

личности к полноценному восприятию и правильному пониманию традиций, обычаев, обрядов и др. В названном контексте процесс обучения на курсах повышения квалификации предусматривает выработку системы этнопедагогических представлений, взглядов и убеждений, воспитание этнической толерантности, развитие национального мышления.

Развитие этнопедагогической культуры учителя в системе повышения квалификации тесно связано с обновлением содержания курсов повышения квалификации в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел» в зависимости от конкретных форм и методов организации этнопедагогического взаимодействия. Основными направлениями обновления содержания образования являются:

- приведение содержания образования в соответствие с современными запросами социально-экономического развития общества;
- обеспечение гуманизации содержания образования, его вариативности;
- обеспечение содержания образования, способствующего формированию ключевых компетенций, направленных на воспитание потребности и умения самостоятельно добывать и применять знания на практике;
- отбор содержания образования, направленный на формирование познавательной мотивации;
- ориентирование содержания образования на целенаправленное и систематическое приобщение учащихся к научным способам познания и самостоятельным исследованиям;
- ориентация содержания образования на воспитание уважения к национальной культуре и открытости по отношению к другим культурным истокам.

Развитие этнопедагогической культуры учителя в системе повышения квалификации заключается в глубокой индивидуализации обучения путем учета способностей, склонностей, возможностей, интересов и потребностей каждого обучающегося и использования разнообразных форм, методов взаимодействия, в насыщении каждого занятия большим этнопедагогическим содержанием.

В системе повышения квалификации особую актуальность сегодня приобретает комплексный анализ потенциала воспитательных средств, формирующих этническое сознание педагогов, прежде всего, духовно-нравственных ресурсов развития этнопедагогической культуры на специальных курсах, обучающих семинарах-тренингах, Мастер-классах и др.

Качество развития и освоения ценностей этнопедагогической культуры определяется рядом психолого-педагогических условий: соблюдение принципа «диалога культур»; детерминированность целевой, содержательной, процессуальной составляющих курсового обучения; развитие этнопедагогического сознания и мышления, этнопедагогической деятельности; последовательность овладения ценностями-целями, ценностями-содержанием, ценностями-средствами этнопедагогической культуры. В рамках обучения педагогов методологической основой для разработки лекционных материалов являются исследования Кожаметовой К.Ж., в которых ученый последовательно раскрывает соотношение педагогики, этнопедагогики и казахской этнопедагогики через градацию, «где педагогика – общее, ее законы действуют и на область этнопедагогики; этнопедагогика – особенное, то есть в ней вычленяется этнический специфический аспект, а казахская этнопедагогика – единичное, которое образовалось за счет своеобразия этнической культуры, выражающееся в языке, традициях, обычаях, обрядах, религии» [5].

В системе повышения квалификации новые этнопедагогические формы и технологии взаимодействия: модульное построение программ повышения квалификации специальных курсов; творческие мастерские, Мастер-классы, авторские школы, творческие лаборатории;

организационно-деятельностные формы повышения квалификации: деловые игры, тренинги; этнопедагогизация и технологизация процесса обучения на основе модулей: введение (диагностика, самодиагностика), основной- учебный процесс, итоговый - рефлексивно- оценочный) способствуют развитию этнопедагогической культуры.

Таким образом, процесс повышения квалификации этнопедагогов как посредников между разными культурами способствует межэтнической интеграции и строится на основе совместного решения проблем в курсовой и межкурсовой периоды. Групповые проекты по этнопедагогическому образованию, коллективная опытно- экспериментальная работа по вопросам этнопедагогики – наилучшие способы развития этнопедагогической культуры учителей. Такое сотрудничество разрушает свойственный для учительской профессии индивидуализм, изоляцию, рождает атмосферу взаимоуважения, профессионально обогащает каждого участника проекта, создает поле различных мнений, а также норм и ценностей на основе средств этнопедагогического воздействия.

Список литературы:

1. Николаев В.А. Теория и методика формирования этнопедагогической культуры учителя: дис. ... д-ра пед. наук. - М., 1998. - 408 с.
2. Харитонов М.Г. Этнопедагогическая подготовка учителя начальных классов национальной школы: монография. - М., 1996. - 226 с.
3. Волков Г.Г. Этнопедагогика. - М., 1999. - С. 168.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Гылым, 1998. – 317 с.

ИЗ ОПЫТА РЕАЛИЗАЦИИ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ

Булатбаева А.А.

*доктор педагогических наук
и.о. проф. Казахского национального университета
им. аль-Фараби*

Ключевые слова: патриотизм, содержание военно-патриотической работы, начальная военная подготовка, экспертный опрос.

Аңдатпа

Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі - біздің мемлекетіміздің аса маңызды бағыттарының бірі. Осыған байланысты, бұл мақалада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Мемлекет және құқық институтының фокус-топтардағы зерттеулер нәтижелері талданады.

Annotation

Military-Patriotic education of youth is one of the most important areas of our state. In this regard, the report analyzed the results of focus group research conducted by the Institute of state and law of the al-Farabi University.

В Республике Казахстан сформирована единая идеология, основные ориентиры развития государства, вдохновляющие, объединяющие цели и перспективы. Формирование казахстанского патриотизма у молодежи осуществляется на основе ценностей «Мәңгілік Ел». Главным показателем этой работы выступает формирование Патриота – любящего Отечество, связывающего свое будущее с Казахстаном, законопослушного, относящегося с уважением к языку и культуре других народов и соблюдающего принципы мира и согласия.

Вопросы патриотического воспитания освещались в трудах К.Ж.Кожаметовой [1], М.С.Джилкишиевой [2] и др. В рамках данного доклада хотелось бы осветить основные результаты фокус-группового исследования, проведенного Институтом государства и права КазНУ им. аль-Фараби. Эти результаты показывают, что только на прочном фундаменте осознанного патриотизма и его высшем проявлении - готовности к защите Родины можно сформировать у народа, воинов армии и флота высокие нравственные и боевые качества, необходимые каждому гражданину нового Казахстана.

Результаты экспертного опроса показывают, что в рамках реализации молодежной политики военно-патриотическое воспитание занимает ключевые позиции. При этом активно используется потенциал общественных объединений. Практически во всех мероприятиях областного плана проводятся общественные, культурные, военно-патриотические мероприятия с молодежью. Традиционно в городах и районах Восточно-Казахстанской области по инициативе молодежных организаций, бизнес-сообщества, активных граждан прошли VII областной слет военно-патриотических клубов, «Бал кадетов» в городе Семей, торжественное посвящение в ряды «Жас Ұлан», неделя призывника. В регионах представлены различные организации, занимающиеся вопросами военно-патриотического воспитания молодежи, это и военно – патриотические клубы, юнармейские центры. Так, в Кызылорде функционирует совместный совет «Жастар саясаты мен патриоттық тәрбие беру жөніндегі», в Мангистау Республиканский молодежный патриотический фестиваль «Мой Казахстан», Патриотическая акция на тему: «Мәңгілік ел». Только в одной Астане по данным Федерации военно-спортивных клубов РК зарегистрировано 52 военно-спортивных клуба.

В военно-педагогической теории и практике в содержании военно-патриотического воспитания выделяют следующие три направления. Это, во-первых, формирование у молодых людей морально-политических и психологических качеств защитников Родины. Необходимо воспитывать убежденных патриотов Родины, готовых стойко переносить все тяготы военной службы, достойно выполнять обязанности гражданина Республики в самых трудных условиях, как в мирное, так и военное время. Во-вторых, военно-техническая подготовка в ходе, которой у учащихся формируется боевые качества, к числу которых относятся: военные знания; боевое мастерство; дисциплинированность и организованность; войсковое и флотское товарищество; неукоснительное выполнение требований военной присяги и уставов, приказов и распоряжений командиров и начальников. И в-третьих, физическое воспитание молодежи. Оно имеет своей задачей формирование у нее физической выносливости, способности переносить огромные физические нагрузки, как в повседневной военной службе, так и в боевой обстановке.

В целом, улучшение и качественные сдвиги в направлении военно-патриотического воспитания показывает контент-анализ «Казахстанской правды» и общественно-политической газеты «Литер». В представленной ниже таблице мы выделили ключевые тематики военно-патриотического воспитания (ВПВ) молодежи, освещаемые в данных СМИ.

Казахстанская правда	Айкын - Литер
Батальон остается в строю (освещение деятельности ветеранов боевых действий по ВПВ)	Освещение деятельности военных школ, специализированных военных лицеев
Освещение направлений воинских формирований и подразделений по ВПВ	Освещение военно-патриотических сборов молодежи
Освещение деятельности военно-патриотических клубов и объединений	Уважением и почет героям. Чтим память
Освещение достижений отдельных героев и личностей	Государственные символы
Вопросы призыва в армию, жизнь новобранцев	
Уважение и почет героям	
Гордость за Республику	

Тем не менее, отвечая на вопрос, какие недостатки имеются в военно-патриотическом воспитании, большая часть экспертов отмечают:

отсутствие четкой целостной Концепции военно-патриотического воспитания молодежи;

нехватку финансирования и учета деятельности общественных военно-патриотических клубов регионов.

При этом 25% опрошенных, считают, что именно военно-патриотическое воспитание есть но, не в таком масштабе в котором бы хотелось, и что нужно расширить работу по этому вопросу и улучшить качество преподавания начальной военной подготовки в школе. По мнению экспертов, именно тесная связь военно-патриотического воспитания с начальной военной подготовкой и должно способствовать лучшему овладению молодежью военным делом, средствами и способами защиты в чрезвычайных ситуациях.

Начально-военная подготовка является составной частью системы подготовки граждан Республики Казахстан к военной службе в Вооруженных Силах, в других войсках и воинских формированиях РК, обязательным государственным предметом в общеобразовательных и профессионально-технических школах, средних специальных учебных заведениях независимо от принадлежности и форм собственности. Значимость данного предмета усиливается в условиях перехода армии на контрактную основу.

Ее программа предусматривает изучение военного дела в объеме подготовки молодого солдата, с тем, чтобы юноши, будучи признанными, в Вооруженные Силы РК смогли в короткие сроки современным оружием и военной техникой.

Экспертный опрос позволил получить следующие ответы: «Сейчас престиж армии начал подниматься в глазах молодежи. Распорядок дня поменялся, срок службы сократили до 1 года. С воспитанием в этом плане у нас все в порядке. Хотелось бы обратить внимание на качество таких мероприятий в школах. Там чаще всего они несут чисто формальный характер», «Преподаватель должен закладывать какие-то базовые вещи в сознание детей, быть для них примером, а не монотонно читать лекции. Нужно со школы все закладывать», «Главное престиж армии поднимать. Внутри армейской системы все положительнее сделать. Чтобы просто не боялись туда идти молодые люди», «В школе проводится уроки НВП, но этого недостаточно. Нужно отправить их на 10 дней в военную школу и показать их плюсы».

В то же время надо отметить, что отдельные регионы по разному решают свои проблемы в данном направлении. Так в СКО акцентируется внимание на организацию патриотического воспитания в период летнего отдыха и досуга детей и подростков; в ЮКО – проведение различных круглых столов по тематикам гражданско-патриотического и нравственного воспитания молодежи, выработки устойчивых и эффективных механизмов приобщения молодежи к здоровому образу жизни; в Актюбинской области через участие в спортивно-военных конкурсах «Сарбаз-2015», военно-патриотические игры «Жас ұлан» и т.д.

Таким образом, организация и проведение военно-патриотической работы предполагает использование целого комплекса соответствующих форм, которые могут быть дифференцированы на три основные группы.

Первая группа, обусловленная общеразвивающим компонентом содержания военно-патриотического воспитания включает совершенствование учебно-материальной базы начального военного обучения.

Вторая группа, обусловленная спецификой содержания военно-патриотического воспитания, менее разнообразна и характеризуется большей военной и военно-прикладной направленностью. Эти формы, проводимые преимущественно в виде практических занятий, работ, различных игр и т.д.

Наиболее перспективным в плане высокоэффективного выполнения задач военно-патриотического воспитания является применение комплексных комбинированных интегрированных форм, оптимально сочетающих как общее, так и специфическое в его содержании, образующих третью группу. К ней относятся такие формы, как оборонно-спортивный оздоровительный лагерь, учебно-полевые сборы, патриотические клубы и объединения различной направленности, университеты будущего воина, офицера, школы юных моряков, летчиков, пограничников, десантников и некоторые другие.

В качестве мероприятий по улучшению качества военно-патриотического воспитания молодежи эксперты предлагают:

Пропагандировать престиж армии (77%) через различные развлекательные передачи и технологии

СМИ;

Улучшения законодательства и проведение антикоррупционных мероприятий (27%);

Поднять качество преподавания НВП в школах республики (53%);

Увеличение военно-спортивных мероприятий по ориентированию и т.д. (23%);

Организация целостной воспитательной работы, взаимосвязь с семьей, т.е. формирование военно-патриотических чувств начинать с семьи (31%);

Организация в школах активных военно-патриотических мероприятий (игровые методы, реконструкция исторических событий, ролевые игры и т.д.) (42%);

Освещать все в СМИ, привлекать молодежь к ним, а также проводить креативные мероприятия для молодежи, проводить побольше патриотических мероприятия в новом формате (15%).

В целом, проведенное исследование позволяет выделить *необходимые условия успешной реализации военно-патриотического воспитания*:

активное включение семьи и других социальных институтов в воспитательный процесс;

системный характер взаимодействия с заинтересованными государственными органами и ведомствами;

мониторинг и учет возможных потребностей, интересов и настроений учащейся молодежи;

повышение профессионализма и научно-методической подготовки воспитателей, учителей начальной военной подготовки

Список литературы:

1. Кожаметова К.Ж. Развитие основных направлений воспитания в Казахстане и механизмы их реализации//Вестник АПН Казахстана. – 2013. - № - С.
2. Джилкишиева М.С. Научно-педагогические основы гражданско патриотического воспитания студентов педагогических специальностей вузов Казахстана. Автореф. диссер. ... д.п.н.:13.00.01 – Бишкек, 2015. – 28 с.
3. Правила организации и проведения, а также формирования учебно-материальной базы начальной военной подготовки, утвержденные Приказом Министра обороны Республики Казахстан от 19.12.2014 г. № 606.

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Албытова Н.П.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проф.м.а.*

Жолдасқалиева А.Ж.

*магистр
Астана қ.*

Кілттік сөздер: Әлеуметтік педагогика, әлеуметтік педагог, әлеуметтену, студент, кәсіби әлеуметтену.

Аннотация

В данной статье рассмотрены проблемы профессиональной социализации студентов в образовательном процессе и работы отечественных и Российских ученых.

Annotation

This article discusses the problem of professional socialization of students and the works of Kazakh and Russian scientists

5В012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бакалаврының кәсіби іс-әрекетінің саласы жалпы білім беретін ұйымдарда, арнайы (түзетуші) білім ұйымдарында, пенициатрлық типтегі мекемелерде, сауықтыру орталықтарында балалар мен оқушы жастарды әлеуметтендіру және тұлғалық дамыту процесі болып табылады [1,5].

Студент - латын тілінен аударғанда *studens* - бір нәрсеге ұмтылушы, бір нәрсеге қызығушы - жоғары оқу орнында (институт, университет т.б.) оқып білім алушы. Ең алғашқы университет пайда болған уақытта латынша ғылым мен іс-қағаздарының тілі болатын. Студенттерді ол кезде школяр латын тілінен аударғанда *scholaris* - оқушы, [лат. schola](#) - мектеп деп атайтын. Бұл термин бүгінде мектеп оқушыларына қатысты қолданылады. Студенттерге күндізгі, сырттай және кешкі формада оқитын адамдар жатады. Студенттердің жасы әртүрлі болуы мүмкін [2,281].

ЖОО-да әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандары көптеген салаларда қызмет атқарады, мысалы: олар, білім беру, денсаулық сақтау, пенитенциарлық жүйе және т.б. Сонымен қатар, қоғамда болып жатқан процестер мен құбылыстарға тұтас көрінісі бар жоғары білікті мамандар, қажеттіліктеріне сай, тәжірибеде өз білімдерін қолдана алатын, жеке тұлғаға және топқа қызмет көрсете алады. Бір қатар зерттеулерде (Н.Ф. Голованова. Т. Парсонс, И.В. Воробьева) мамандарды дайындауда біржақтық басым

болатындығы, яғни білім беруде - теория мен тәжірибе негізге алынатындығы туралы зерттелген. Ал көп жағдайда эмпатия, жеке тұлғаға құрмет, әлеуметтік әділдік, объективтілік сияқты құндылықтар ескерусіз қалады, өйткені материалдық жағдай мен мансапқа ұмтылуға баса назар аударылады. Маман дайындауда, әсіресе «Адам-Адам» қатынасында қызмет атқаратын, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын дайындауда студенттерді әлеуметтендіруге баса назар аудару керек [3,28].

Әлеуметтену ұғымына түсінік беретін болсақ, әлеуметтену дегеніміз - жеке адамдарға қоғам мен оның құрылымдары тарапынан үнемі (жинақы, бақылаулы, шашыраңқы түрде) әсер ету процесі. Соның нәтижесінде индивид белгілі бір білімдерді, құндылықтар мен нормаларды игеріп, нақты қоғамда, әлеуметтік топтар мен ұйымдарда өмір сүру тәжірибесін жинақтайды [3,29].

Әлеуметтендіру – әлеуметтік ақиқатты студенттің меңгеруі. Әлеуметтендіру процесінде студент әлеуметтік нормаларды меңгереді, әлеуметтік ролдерді орындау тәсілдері мен қоғамдық мінез-құлық дағдыларын игереді. Әлеуметтендіру студентке қоғамда тең құқылы мүше санатында болуына мүмкіндік береді. Әлеуметтендіру жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды-іскерліктерді, біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жол-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгеру арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу [4,1312].

Әлеуметтену түсінігі 1940-1950 жылдары А. Бандура, Дал. Кольман және т.б. еңбектері арқылы әлеуметтік психологияға енген. Психология әлеуметтенуге қатысты мынадай мәлімет береді: білімді меңгеру, қабылдау, эмоционалдық реакция, коммуникативтік сапа, қорғану механизмдері, психосексуалдық даму және адамның әртүрлі өмірлік цикліндегі даму кезеңдері.

Әлеуметтік педагогика әлеуметтенуді екі аспектіде қарастырады. Біріншіден, әлеуметтенудің бақылайтын бөлігі – тәрбие болғандықтан, оның тенденциялары мен перспективаларының мәнін зерттейді, тәрбие принциптерін, мазмұнын, формасы мен әдістерін анықтайды. Екіншіден, социологияның көмегімен ол қоғамды әлеуметтендіруші орта ретінде зерттейді, оның студентке жағымды әсерін күшейту тәсілдері мен жолдарын және жағымсыз әсерлерін жою мен түзету мүмкіндіктерін анықтайды [5,194].

«Әлеуметтену» ұғымының авторы американдық социолог Ф.Г. Гиддингс. Ол өзінің 1887 жылы жазылған «Әлеуметтену теориясы» атты кітабында аталған ұғымды әлеуметтік табиғаттың немесе студент мінез-құлқының дамуы, студенттің әлеуметтік тіршілікке даярлығы деп түсіндірген.

И.С. Кон пікірінше, «әлеуметтену» тәрбие ұғымына қарағанда көлемі кең ұғым. Ол тәрбиені, ең алдымен студент бойына қажетті белгі мен қасиеттерді арнайы енгізуге бағытталған жүйе ретінде қарастырса, әлеуметтенуді – студентке қоршаған ортаның алдын ала ойластырылмаған, кездейсоқ әсер етуі және осының салдарынан студенттің мәдениетке жақындауы, тіршілік етіп отырған қоғамның толыққанды мүшелігіне мүшелігіне айналуы – деп қарастырған [5,197].

С.Я. Иконнова, В.С. Марков жеке тұлғаның әлеуметтік толысуын әлеуметтенудің саналы сипаты дей келе, сондай-ақ студенттің дамуы осы межеге жеткенде әлеуметтену процесі аяқталады деген пікірді айтады.

Орыс ғалымы А.В. Мудрик «әлеуметтену» түсінігін анықтау барысында студенттің бейімделуі тікелей қоғамдағы жағдайларға байланыстылығын жазады. Теориялық сараптама «әлеуметтену» ұғымының ғылымдар аймағында кең таралғанына қарамастан психология ғылымындағы әр түрлі өкілдер арасында бұл ұғымның нақты бір мағынаға ие емес екендігін айғақтайды. Әйтсе де, психология ғылымында «әлеуметтену» ұғымымен синоним ретінде екі ұғымды қатар қарастыру ұсынылады: «жеке тұлғаның дамуы», «тәрбие».

И.А. Зимняя, Т.Ф. Яркина және т.б. әлеуметтенуді әлеуметтік психология аумағында толықтай әлеуметтік психологиялық мәні бар мәселе ретінде қарастырған. Онда студенттің әлеуметтік тәжірибені жай ғана меңгеріп қоймай, оны жаңадан өндіріп, өзінің құндылығына, бағыт бағдарына айналдыратындығы тілге тиек етіледі. Әлеуметтік тәжірибені меңгерудің нәтижесі оны өңдеу, жаңадан өндіру, демек жаңа деңгейге көтеру [5,200].

Студенттерді әлеуметтендірудің мазмұны, кәсібилену ұғымына саяды: «кәсібилену ұғымы – мамандыққа бейімделу, кәсіби тәжірибені қабылдау, кәсіби іс-әрекетті орындау үшін тұлғаның сапалары мен қасиеттерін дамыту» дегенді білдіреді [4,2485].

Кейбір зерттеулерде (Л.М. Митина мен Р.Л. Кричевский) қазіргі замандағы қоғамға әлеуметтік жетілген адамдар қажет. Балалық кезде адамдар қоғам туралы жалпы мағлұмат алады. Әлеуметтену ұғымы мектеп қабырғасында қалыптасады. Мектеп – тұлғаның әлеуметтенуінің алғашқы институты. Өйткені, мектепте мұғалім оқушыға әлеуметтенуге көмектеседі. Мектепті бітірген кезде оқушыда білім ғана емес, әлеуметтік тәжірибе болуы керек. Әлеуметтік тәжірибе қалыптасқан қоғам жағдайына бейімделуге, мамандық алуға, жақсы жұмыс табуға, отбасы құруға көмектеседі [6,7].

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының басты мақсаты білімді, білікті дайын маман дайындаумен қатар, кәсіби нормалар, құндылықтар мен міндеттерді игерген, яғни әлеуметтенген тұлғаны қалыптастыру [1,6].

Б.А. Ананьев әлеуметтенуді біз білім беру кезінде жүзеге асатын күрделі кешенді процесс ретінде қарастырамыз. Әлеуметтену процесінің негізгі компоненттері өзін-өзі анықтау және өзін-өзі тану процестері деп орында көрсеткен [7,145].

А.С. Волович шетел ғылымдарының еңбектеріндегі әлеуметтену процесін зерттей келе, кәсіби әлеуметтенуді заман талабына сай қойылатын мәртебелерге жетілу белгілері, деп түсінік беретіндігін айтады

[7,148].

Э. Дюркгейм кәсіби әлеуметтенген студент - моральді мінез-құлық ережелерінің объективті жүйесі ретінде қабылданған, кәсіби мамандығында жеке мүдделері бар тұлға деген анықтама бере отырып, ол студенттерді әлеуметтендіруде моральға көбірек көңіл аударған [7,162].

М.В. Фирсовтің тұжымдауы бойынша, кәсіби әлеуметтендіру – жеке тұлғаның қалыптасуының күрделі, үздіксіз процесі. Олардың болашақ мамандығы туралы хабардар болуы, студенттің белсенділігін арттырып, кәсіби шыңға жетуге қозғалыс моделін қалыптасуына ықпал етеді [8,432]. Ал, Л.М. Митина мен Р.Л. Кричевский кәсіби әлеуметтенуді екі жақты процесс деп қарастырады. Бір жағынан – индивидтің кәсіби ортаға енуі, кәсіби тәжірибені меңгеруі, кәсіби қауымдастықтың стандарттары мен құндылықтарын игеруі болса, екінші жағынан – жинақталған кәсіби тәжірибені қарқынды жүзеге асыру, үздіксіз өзін-өзі кәсіби дамыту деп тұлғаның кәсіби әлеуметтену еңбегінде тұжырымдайды [6,15].

С.А. Дружилов кәсіби әлеуметтену процесіне кәсібилік ұғымымен байланысты зерттейді. Оның ойынша, индивид кәсіби ортада әлеуметтік-кәсіби сапаларды игереді. Студенттің кәсіби қалыптасуында, кәсіби «Мен», кәсіби «Бізден» бөлінбейді. «Адам-Қоғам-Қызмет» жүйесі арқылы, студент өзінің бірегейлігі кәсібилігін иеленеді, өзін еңбек субъектісі ретінде сезінеді, әлеуметтік кәсіби топ пен қоғамда өзін кәсіби анықтайды [9,127].

Студенттерді әлеуметтендіру процесі көкейкесті мәселе болып келеді. Студенттің табысты әлеуметтенуінің бірден бір шарты: студенттердің потенциалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған үздіксіз оқу процесі [3,30].

А.А. Бодалев әлеуметтену процесін $S \rightarrow O$ деп белгілейді. Мұнда S - әсер ету субъектісі, яғни білім және кәсіби орта, ал O - әсер ету объектісі, яғни студент. Мұнда оқу процесінде профессорлық-оқытушылық құрамы, әлеуметтік педагогтар мен өзін-өзі тану мамандары және бірге оқитын группаластар студентке әсер етеді, осылайша студентке мамандығын түсінуге көмектеседі. Өткен енжар алған білімдерін біріктіреді. Әлеуметтенудің кері байланыс объектісінің оқу процесіне әсер етуін $O \rightarrow S$ деп белгілеп, үйренді нормалар мен құндылықтарды, сараптама мен мәдениет, білім мен дағдыларды тәжірибеде қолдануы [10,60].

Кәсіби әлеуметтендіру студентті кәсіби қарым-қатынасқа енгізу және сол кәсіби қарым-қатынасты өз бетімен жүргізуді көздейді. Студенттер өздерінің бастамаларын білдіреді, эксперименттер жүргізеді, әлеуметтік ынтымақтастықта кәсіби тәжірибе жинақтайды және қарым-қатынас, әлеуметтік қызмет кезінде өздерінің құндылықтарының жеке жүйесі қалыптасады. Кәсіби әлеуметтендіруді кәсіби даму кеңістігі мен сол кеңістікте өз орнын табу деп түсінуге болады [10,61].

А.А. Бодалев кәсіби әлеуметтендіру процесінің тиімділігін анықтау үшін «табысты әлеуметтендіру» сөз тіркесі қолданады. Бұл, әлеуметтенген студенттің мінсіз моделі, мамандығына сай талаптарды меңгерген, әлеуметтік жұмысқа қатысуға дайын, сонымен қатар оның құндылықтарына сәйкес болуы. Бірақ әлеуметтендіру абсолютті болуы мүмкін емес. Әрбір студент әр түрлі болып келеді. Кәсіби қызметте белгілі бір нәтиже алу үшін, ол белгілі бір «технологияларды» пайдалануы керек. Бұл технологияларды пайдалану үшін, студент белгілі білім, қабілет пен дағдыларды табысты қолдана алуы керек. Әрқашан олар жинақтаған жалпы және арнайы қабілеттер мен мотивациялар өмірлік маңызды мүдделері орнату оның қызметін көрсетеді [10,62].

Демек, студенттердің кәсіби әлеуметтендіру мәселесі 1-ші курстан басталуы қажет. Кәсіби әлеуметтендіруге негіз болатын, жоғарыда көрсеткен оқу процесін жүйелі, жан-жақты жауапкершілікпен ұйымдастыру бірден бір себебі болады. Мысалы, біріншіден, кітапханамен жұмысты үздіксіз дағдыға айналдыру керек. Тек қана кітаппен жұмыс істеу емес, сол меңгерген материалдарды топта ортаға салуды үйрене білу керек. Екіншіден, мамандыққа кіріспе пәнін оқуда, мамандықтың жан-жақты қыр-сырын түсіндіру керек, осыған сәйкес студент мемлекеттік стандарттағы талаптарды меңгеруі қажет. Үшіншіден, кәсіби пәндерді оқуда студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстарының сапалы, жүйелі орындалуына көңіл аудару керек. Осыларды жүйелі орындау, студенттерді бірінші кезекте қарым-қатынасқа түсіреді. Қарым-қатынасқа түскен студент, кәсіби әлеуметтенуге жасаған алғашқы қадамы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, енгізу күні 2010.09.01, 56
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007ж. 281б.
3. Социализация молодежи: опыт, проблемы, перспективы. Тезисы докладов на Всероссийской научно-практической конференции. - Улан-Удэ., -2000г. 28-30с.
4. Социология: энциклопедия – сост. А.А. Грицанов, В.Л. Абушенко, Г.М. Евелькин, Г.Н. Соколова, О.В. Терещенко. Мн.: Книжный Дом, 2003. 1312-2485с.
5. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Т.С. Сламбекова. Педагогика. Астана, 2014-194-200б.
6. Митина Л.М., Кричевский Р.Л. Профессиональная социализация личности // Проблемы профессиональной социализации личности. Кемерово, 1996. 7-15с.
7. Ананьев Б.Г. О психологических эффектах социализации // 1971. 145-167с
8. Фирсов М.В., Студенова Е.Г. Теория социальной работы. - М., 2000г. - 432с.
9. Дружилов С.А. Психологические проблемы формирования профессионализма и профессиональной культуры специалиста. Новокузнецк: ИПК, 2000г. 127с.
10. Бодалев А.А. Акме-эффект личностного осуществления в процессе социализации // Мир психологии. - 1998г. - №1. -60-62с.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Джонисова Г.Қ.
педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті
Орал қ.

Кілттік сөздер: Ұлттық құндылық, құндылық бағдар, бастауыш сыныптағы ұлттық құндылық бағдар.

Аннотация

В этой статье рассматривается роль учителя начальных классов в формирований у детей национальных ценностных ориентаций. Определено содержание работы и методика формирования национальных ценностных ориентаций в начальных классах.

Annotation

This article presents the role of primary school teacher in the formation of pupils value orientation. The content of the work and the methods of the formation of national value orientation in primary school have already determined.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім беру жүйесінің барлық сатысында білімнің жетілдірілген үлгілерін енгізу және ұлт мектебінің жаңа моделін жасау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылуда[1]. Осыған орай, қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық құндылықтары арқылы тәрбиелейтін ғылыми теориялық негіздерді жетік меңгеру, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр.

К.Ж.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

- Жалпы адамзаттық: Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.

- Ұлттық: Ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубешілдік, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі[2].

Егемен елдің болашақ азаматтары - бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. Қандай қоғам болмасын онда дүниеге келген баланың бойында ұлттық рухты, ұлттық сипат пен өзіндік сананы қалыптастыру сол қоғамдағы ересектердің, атап айтқанда, ата-ананың, мұғалімнің міндеті болып табылады.

Бүгінгі бастауыш сынып мұғаліміне тәрбие жұмысы бойынша қойылатын басты талап – ол тәрбие үдерісін ұйымдастыру арқылы тұлғаның біліктілігін, өмірде кездесетін түрлі жағдайларды жеңуге көмектесетін қажетті күш-жігерді, анықталған құндылықтық бағдарларын қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жұмысы мұғалімнің осы бағыттағы атқаратын тәрбие жұмыстарына тәуелді. Оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімін молайтып, белгілі бір құндылық бағалау, қатынас қалыптастыру үшін мұғалімнің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеті, тұлғалық бағыттылығы, рефлексиялық қабілеттілігі мен осы жұмысқа дайындығы ерекше рөл атқарады.

Оқушының тұлғалық жетілуінде оның өзін ұлт өкілі ретінде сезінуі отбасы көлемінде ғана емес, мектепте, қоғамдық орталарда көрініс тауып отырады. Баланың адамдармен қарым-қатынасының ұлттық құндылық негізде болуы қандай құндылықтардың ең басты құндылық ретінде ұғынылатынына байланысты.

Бастауыш мектеп жасы оқушының психикалық қасиеттерінің өзгеріске ұшырауымен қатар, әлеуметтік статусының да өзгеруімен ерекшеленеді. Енді ол ойын баласы емес, оқушы болды. Бұл жастағы балалар сөз бен істің сәйкесті болуын талап етеді, жөнсіз кінәлаудан жеркену сезімі туады, үлкен адамдардың жіберген қателерін тез байқайды, арманшыл, қиялшыл болады, өзіне сенімді серік іздейді т.б. Осы кезеңде тұлға бойында жалпы мәдениеттің негізі қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды. Бастауыш мектеп жасы құндылық бағдар қалыптастыру жұмысын тиімді іске асыру үшін біршама мүмкіндіктердің бар екендігімен ерекшеленеді. Балалардың осындай қасиеттері ретінде эмоциялық көңіл-күй көтеріңкілігі, сыртқы әсерлерге берілгіштік қасиеттері, жағымды құндылықтар әлеміне бағытталғандығы сияқты ерекшеліктерін қарастыруға болады[3].

Сондай-ақ, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда жас ерекшелігіне сәйкес мынадай жаңа құрылымдардың да маңызы зор деп есептейміз:

- білімді қажетсінуі және жаңа әсерлерге деген қажеттіліктері;
- тұлғаның жоғары эмоциялық-мотивациялық аясы;
- қарым-қатынасқа түсуге даярлығы;
- әлеуметтік әрекеттерді және әлеуметтік рөлдерді меңгерудегі жетістіктері.

Алғашқы кезекте баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ұғына алатын, меңгеруге мүмкіндігі жететін

ұлттық құндылық таным-түсініктерінің көлемін анықтаудың маңызы зор. Ұлттық құндылықтарды тану адамның іс-әрекетін белгілі бір деңгейде бағыттап, әлеуметтік тәртібін анықтайды.

Ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда оқушылардың балабақша қабырғасынан қалыптасып келген еліктегіштік, әсершілдік, белсенді іс-әрекетке құштарлық сияқты қасиеттерін ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда есепке ала отырып, жасы есейген сайын ол қасиеттерді дамыта түсуге, ал бұрын қалыптасып қалған ұнамсыз әдеттерді жоюға бағытталған жұмыс түрлері оқу үдерісі барысында жүзеге асырылды.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда мұғалім төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруы тиіс:

- бастауыш сынып оқушыларына қазіргі уақыт талабына сай, қоғамымыздың саяси дамуына жауап беретін ұлттық құндылықтар жөніндегі таным-түсініктерінің жиынтығын меңгерту (білімдік, ақпараттық);
- оқушылардың өздерінде қалыптасқан дүниетанымдық қағидалар негізіндегі қоғамның әлеуметтік құндылық идеяларына бағытталған, ұлттық құндылық бағалауын қалыптастыру (қатынас, эмоциялық);
- бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды меңгеруінің нәтижесі ретіндегі оқушылардың әлеуметтік құнды біліктіліктерін қалыптастыру (әрекеттік).

Бастауыш сыныптарда бұл жұмысты жүзеге асырудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалып отыр:

- ана тілі, дүниетану және музыка сабақтарындағы ұлттық құндылықтарға бағыттап отыратын шағын мәтіндерді таңдап, талғап пайдалану;
- арнайы факультатив курсы жүргізу;
- сыныптан тыс жұмыстарды жетілдіру;
- электронды оқу құралын пайдалану[4].

Бұның өзі бастауыш сынып оқушыларын қоғам талабына сай біліммен қаруландыра отырып, әлеуметтік тәжірибені меңгеруді көздеген оқыту технологияларын орнымен қолдана алатын мұғалімнің оқыту іс-әрекеті мен оқушының оқу іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Осыны ескере отырып, бастауыш сыныптарда «Құндылық бастаулары» атты факультатив курсы жүргізуді ұсынамыз[5].

Ұсынылатын тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушылардың Отан, туған жер, Отбасы, ана тілі, ел тарихы, рәміздері туралы түсініктерін кеңейте түсу арқылы белгілі бір құндылық қатынас қалыптастыру. Соның нәтижесінде ұлттық құндылықтарды тани білетін, оларға ұмтылатын, оларды таңдайтын өзіндік сана-сезімі жетілген тұлғаны тәрбиелеу. Олай болса, бастауыш сыныпта жүргізілетін тәрбие сағаттарының негізгі бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады:

- Отан, туған жер, отбасы, ана тілі, ел тарихы, рәміздері туралы қызықты мәліметтермен ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстыру арқылы бұл ұғымдардың мәнін ашу, білімін тереңдету;
- Осы ұғымдардың құндылығын түсініп, бағалауға үйрету, сыни ойлауын жетілдіру;
- Ұлттық құндылықтарды тануға, таңдауға мүмкіндік туғызу;
- Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың белсенділігін арттыру, тұлғалық жетілуін қамтамасыз ету.

Отан, туған жер, ана тілі, ел рәміздері туралы түсінікті 1-сыныптан бастап таныстыруға бағытталған жұмыстардың кешенді жүйесі құрыла отырып, оқушылардың бұл түсініктерді біртіндеп тереңдету мүмкіндіктері ескеріледі.


Психологтардың тұжырымдары бойынша, бастауыш сынып оқушылары сыртқы әсерді тез қабылдағыш, айтылған нәрсенің шынайылығына иланғыш, адамгершілік нормалардың қажеттігіне сенгіш. Сондықтан оқушыларға берілетін мәліметтер өмірмен байланысты, күнделікті тұрмыста басшылыққа алу мүмкіндігі бар дүниелер болғаны жөн. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық қатынасы ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарасы, туыстық парызды ұғынуы, ұлттық намыс, достық, жолдастық, ар, ұят сезімдері арқылы және ана тілін қастерлеуі арқылы көрініс тауып отырады. Сондықтан ана тіліне деген саналы көзқарас қалыптастыруға көмектесетін тәрбиелік шараларды түрлі формаларда бала тәжірибесі мен мүмкіндігін ескере отырып жүргіземіз.

Сыныптан тыс өткізілетін шаралардың мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде болып жатқан дүниелерге қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтар туралы білімдерін жетілдіру, ұлттық құндылықтарға бағыттау. Сонымен қатар, рухани жетілуіне мүмкіндік беріп, ұлтымыз қастерлейтін адами қасиеттерді санасына сіңіру арқылы әр оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда тиімді әдістер деп рөлдік ойындар, пікірсайыс, видео-әдіс, этикалық жағдаяттар, өнеге-үлгіні ұсынамыз. Мұғалім мен оқушының атқаратын іс-әрекеттерін талдай келе, олардың өзара белсенді әсерін ақпараттық технология арқылы қамтамасыз етуді көздейміз. Мұғалім ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру жұмысында электрондық оқу құралын көмекші ретінде пайдалану нәтижесінде балалардың қызығушылығын, ақпараттарды бағалау іскерлігін жетілдіреді.

«Ұлттық құндылық негіздері» атты электронды оқу құралы бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруды жүзеге асыруға ықпал етеді. Оқушыларға ұсынылатын жаңа мәлімет мазмұны электрондық оқу құралындағы аудио-визуалды материалдармен толығып отырады, сондықтан ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруға негіз болатын ақпаратты іздеу, бағалау, таңдау тетіктері іске қосылады. Электронды оқу құралында сол жастағы баланың рухани өзгерістері, таным

мүмкіндіктері ескеріліп, оны жетілдіру қарастырылды.



Сурет – 1 «Менің елім – Қазақстан» модулінің құрылымы

Сондай-ақ оқу құралымен жұмыс жасауда интерактивті іс-әрекет оқушының өзіне керекті құнды мәліметтерді гипермәтін материалдарынан, суреттерден, тапсырмаларды орындаудан алатындай етіп ұйымдастырылған. Тақырыпқа сәйкес әндер мен музыкалық шығармалар да берілген.



Сурет - 2 «Асыл қазына» модулі

Салт, дәстүрлерге арналған бөлімді «Асыл қазына» деп атай отырып, қазақ халқының ұлттық келбетін айқындайтын дәстүрлер туралы білімдерін молайту көзделді. Мұнда да шағын мәтіндер берілген.

Ұлтжандылыққа, мәдениеттілік пен парасаттылыққа тәрбиелеудің қайнар көзі де осы ұлттық мүдденің бір саласы- оқулықтарға енгізілетін ұлттық құндылықтар жайындағы мағұлматтар екені белгілі. Сондықтан ұлттық құндылықтар мен оларды сипаттайтын ақпараттық материалдар біртұтас жүйе түрінде толымды беріліп отыруы тиіс. Сол арқылы ұлттық құндылықтарды игерген, рухани бай, өресі жоғары, рухы мықты, білімді тұлға қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // Егеменді Қазақстан 01.02.2010ж.
2. Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогике: дисс...док. пед. наук. - Алматы, 1998. – 431с.
3. Төрениязова С.М. Бастауыш мектеп оқушыларын сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмысы арқылы дамытудың педагогикалық негіздері. П.ғ.к. автореф. Алматы, 1999. – 226.

4. Қожахметова К.Ж., Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттыққұндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқуәдістемелік құрал. – Алматы, 2010.-112б.
5. Джонисова Г.Қ. Құндылық бастаулары. Факультатив курсының бағдарламасы.Орал, 2006. - 12б.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІСІ

Джонисова Г.Қ.
педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті
Султанғалиева А.И.
Магистр
Орал қ.

Кілттік сөздер: Балалардың дүниетанымы, танымдық үрдіс, қазақ этнопедагогикасы.

Аннотация

В данной статье рассматриваются на основе мировоззрения философских, педагогических, психологических проблем, анализа методической литературы, отечественных и зарубежных трудов ученых, анализа формирования детского мировоззрения и познавательных процессов, составлен образец формирования детского мировоззрения на основе казахской этнопедагогике.

Annotation

This article discusses, based on mirovoznaniya philosophical, pedagogical and psychological problems, the analysis of methodical literature, domestic and foreign works of scientists, analyzing the formation of children's mirovoznaniya and cognitive processes, the formation of a sample composed of children on the basis of Kazakh mirovoznaniya ethnopedagogics.

Жалпы дүниетаным, таным мәселелері философия тарихында терең зерттелген, күрделі мәселелердің бірі. Адам танымы қоғам дамуына сәйкес өзгеріп отырады. Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі үдеріс. Дүниеге көзқарас, адамның шығу тегі мен қоғамдағы орнын анықтау, адам мен қоршаған ортадағы дүниенің сырын ашу, табиғат пен қоғамның арасындағы негізгі заңдылықтарды танып білу – дүниетанымның негізгі мәселелері. Дүниеге философиялық көзқарас – дүниетанымның ең жоғарғы сатысы. Дүниетанымның негізін көне грек философтары Платон, Аристотель, кейін Ф.Бэкон, Г.Гегель, Р.Декарт, Дж.Локк басқа да ғұламалар негізін қалады және балалардың танымдықкеңістігінің дамуына білім мен тәрбие құралдарының аса қажет екенін ерекше атаған.

Белгілі философтар В.Афанасьев, П.Алексеев, А.Леонтьев, А.Сpirкин, Ж.Алтаев, Ж.Әбділдин, Қ.Бейсенов, Д.Кішібеков, А.Қасабеков, Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков т.б. дүниетаным ұғымына жан-жақты сипаттама берді.[1, 226 б].

Ә.Мұханбетжанова өз еңбегінде оқушылардың қоршаған дүние бейнесін тұтастықта қабылдауы, олардың білімін жүйелеу, интеграциялау бойынша жетекші идеяларды сатылық құрылымға байланыстыруды талап ететіндігін айта келе, бұл жұмысты мектепалды жаста және кіші мектеп жасында, оларда дүниенің біртұтас ғылыми, бірақ қолайлы (түсінікті) бейнесін қалыптастыра отырып жүргізу қажет екендігін, бұл кейін негізгі мектепте оқыған кезде оқушының дүниетанымдық көзқарасын дамытудағы қайшылықтар мен қиындықтардан құтылуға мүмкіндік беретінін атап өтті. [2, 45 б].

Қ.Аймағамбетова өз еңбегінде танымды былайша қарастырды: «Таным бір жеке затты білу, не соны басқалардан ажырату ғана емес, ол, оқушының адамгершілік, мәдениеттілік, шығармашылық дағдыларының көрінісінен байқалатын біліктілік. Таным көзі – оқу, бақылау, іс-әрекет жасау, түрлі жұмыстар атқарып жаттығу. Таным көлемі кеңейген сайын, оқушылардың білімі, дүниеге көзқарастары дамиды». [3, 205 б].

Дүниетаным негізі – әлемді түсіну, яғни қоршаған болмыс жөніндегі білімдер тобын меңгеру. Бұл білімдер мен ұғымдар ертеңге де, бүгінге де, әлде болашаққа да қатысты. Олардың бәрі адамдардың рухани дүниесінің кәусар көзі. Дүниетаным құрамы күнделікті өмір барысында, өнерде, әдебиетте, ғылым мен дінде қалыптасатын белгілі мұрағаттар мен шындық бейнелерінде көрінген болмыстық қабылдаулардан құралады. Дүниетаным адамның табиғатпен, мінез ерекшеліктерімен моральдық, этикалық қағидаларда айқын аңғарылады. Ю.Н.Кулоткин мен Г.С.Сухобская адамның танымдық іс-әрекеті мен оны оқыту үдерісіндегі ілгерілеуін сипаттайтын үш әсерді ажыратып көрсетті:

1. Когнитивтік бағдардың дамуы – адамның жеке танымдық салада, қоршаған дүниенің қасиеттері мен қатынастары жөніндегі түсініктер мен ұғымдар негізінде шындықтың құбылыстары мен факторларына тұлғалық қатынасты анықтау.
2. Эмоциялық-құндылық бағарларының дамуы – адамның дүниені құндылығында игеруінде ілгері жылжуы, қоғамдық нормаларды, идеалдар мен бағаларда

интериоризациялау негізінде шындықтың құбылыстары мен факторларына тұлғалық қатысты анықтау.

3. Операциялық бағдардың дамуы – адамның объектілерімен практикалық әрекеттегі іскерліктерде, қалыптастырушы әдістер мен тәсілдер негізінде іс-әрекеттің операциялық құрылымын игеруде ілгері жылжуы. [4,157 б].

Біздің зерттеу мәселемізге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыруды мынадай үш әрекетке байланысты қарастырдық:

- *баланың бастапқы бағдарының дамуы* – балалардың қазақ этнопедагогикасы негізінде қалыптасқан қоршаған орта жөніндегі дүниетанымдық көзқарастары;
- *эмоциялық бағдарларының дамуы* – балалардың қазақ этнопедагогикасы материалдарын игеруде қоғамдық нормаларды, ұлттық болмысты игеруі;
- *ой қорыту бағдарының дамуы* – балалардың дүниетанымдарының тәжірибе жүзінде қолдана білу дағдыларының қалыптасуы.

Қазақ этнопедагогикасы жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруға бағытталуы ұлттық құндылықтардың жарасымды үйлесім табуында. Мұның өзі қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшелігін терең танып, көре білуге мүмкіндік береді. Сол себепті жас ұрпақтың дүниетанымының қалыптасуына әлеуметтік, адамгершілік, мәдени, жалпы азаматтық, рухани т.б. құндылықтардың маңызы ерекше.

Құндылықтар мәселелерін Л.А.Харисова, Р.А.Құл-Мұхамед, Ж.Молдабеков, Г.Ә.Сәрсенбекова, М.Е.Сыздықовт.б. ғалымдардың еңбектерінде құндылық негізі адам мүдделерінен туындайтын құбылыс, қажеттілік пен сұраныстар немесе мұқтаждықпен астасып жататындығын атап көрсетті.

Білім беру үдерісінде жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда құндылық оның қайнар көзі болып табылады. Адам іс-әрекетінің нәтижесінде құндылықтар маңыздылығын арттырып отырады. Құндылық мағынасы қазақта «құн сұрау», «құн төлеу», «әкесінің құнын сұрады», «ердің құны мың жылқы» мағынасында айтылады. Ал, ғылымда құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Құндылық адам дүниетанымының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Жалпы құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтар жүйесінен бастау алады.[5,144 б].

К.Ж.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

- Жалпы адамзаттық: Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.

- Ұлттық: Ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубешілдік, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі[6].

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі алдымен танымдық әрекеттердің әсерін, дүниені тұтастай бейнелеудің маңызын айқындайды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту, Әнұранының ерекшеліктерін тану, еліміздің ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын айрықша белгілерді білу бала танымын жетілдіре түседі. Елтаңбамызда шаңырақтың, уықтардың бейнеленуі, тудың көгілдір түсі аспанымыздың ашықтығын білдіретінін балаларға түсіндіре отырып, дүниетанымдарын кеңейте түсеміз. Танымдық мәдениетті балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары: дұрыс киіну, тамақтану, мәдени-гигиеналық тазалық сақтау, еңбек іс-әрекеті, құстарға, жануарларға, өсімдіктерге қамқорлық жасау тәрізді іс-әрекеттер жетілдіре түседі.

Халықтың тұрмыстық іс-әрекет дағдысында үлгілі істер, әуелі дағды қалыптасып, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға айналып, өмір заңдылығы болып қалыптасқан. Ал, өмір заңын бұзу – қоғам мүшесі үшін күнә, қылмыс болып есептелген. Сол себепті, өмір заңына айналған адам бойындағы ізгі қасиеттердің маңыздылығын балаға түсіндіру арқылы қоғамға деген дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, бала бойына сіңіреміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортаға деген көзқарасын дұрыс қалыптастыра отырып, бір-біріне қамқорлық жасау, үлкенді сыйлауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, мәдени-гигиеналық тазалық сақтауға (тамақ ішер алдында қолдарын жууға, төкпей-шашпай тамақтануға), таңертеңгілік жаттығу жасауға, ұлттық ойындарды ойнауға дағдыландырамыз. Бұл іс-әрекеттер баланың әлеуметтік және рухани талап-тірліктерінің қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асырылады. Сондықтан жеке тұлғаның өз құндылығын қоғамның даму бағытына қарай бағдарлап отырамыз. Баланың рухани ойлау дәрежесін өсіру арқылы өз бойына игі қасиеттерді қалыптастырып, әлемдік, ұлттық мәдениетке, жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы жетуге талпынысының негізін қалаймыз.[6,29б].

Бала дүниетанымын мектепке дейінгі шақтан бастап қалыптастыру мектеп жасында дүниетанымды қалыптастырудың бастапқы болып қаланады. Біздің зерттеуіміздің көзқарасы тұрғысынан алғанда *мотивациялық-құндылық компонентінің мақсаты* - мектеп жасына дейінгі балалардың мотивтік дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру, жеке тұлғаның құндылықты түсінуге бағыт-бағдар беру. Қазақ этнопедагогикасына деген балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қызығушылықтарының жоғары деңгейде болуымен, адам, қоғам және табиғат арасындағы байланысты ұғынумен сипатталады.

Оның көрсеткіштері:

- қазақ этнопедагогикасы негізінде дүниетанымының қалыптасуы;
- қазақ этнопедагогикасы сабақтастығы арқылы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы түсініктері.

Мазмұнды-құрылымдық компонент – мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ этнопедагогикасы

жөнінде жас ерекшеліктеріне қарай білім деңгейлерінің ерекшеліктерімен сипатталады. Мазмұнды-құрылымдық компонентінің көрсеткіштері:

- қазақ этнопедагогикасы материалдарының балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты құрылымдық ерекшеліктері;

- оқу-тәрбие жұмыстарына қазақ этнопедагогикасы материалдарының дүниетанымды қалыптастырудағы бағыты;

- әр сабақтарға енгізу және жеке пән ретінде өткізу арқылы тақырыптық байланыста жүйелі ұғынуы.

Іс-әрекеттік компонент – қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекет дағдыларын қалыптастырумен, педагогтардың қазақ этнопедагогикасы материалдарын тиімді қолдануымен сипатталады. Қабылдаушылық іс-әрекет бала дамуының алғашқы сатысы болып табылады. Ол біртіндеп сатылап даму нәтижесінде шығармашылық іс-әрекетке айналып отырады. Қазақ этнопедагогикасын қолдану барысында балалардың тапқырлығы, зеректігі, ойлауға икемділігі жетіле түседі. Іс-әрекет компонентінің көрсеткіштері:

- қазақ этнопедагогикасы негізінде таным үдерісінің жетілуі;

- балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы.

Аталған компоненттер балалардың таным қабілеттерін дамытып, өзін-өзі тану, өмірге деген дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде бала дүниетанымын қалыптастыру бағыттары сабақтар, серуендер, саяхаттар, ойын-сауықтар, ертеңгіліктер, т.б. болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың негізгі бағыты – *ұымдастырылған оқу іс-әрекеті*. Ұымдастырылған оқу іс-әрекеті барлық балалар үшін міндетті. Мұнда білім, білік дағдыны игерумен қатар балалар тобын құруға, онда өмір сүріп іс-әрекетпен шұғылдануға, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді. Тәрбиеші ұымдастырылған оқу іс-әрекеті тақырыбына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ этнопедагогикасы материалдарын бала дүниетанымын қалыптастыруға бағыттай отырып, іріктеп алады. Ұымдастырылған оқу іс-әрекеті әдіс-тәсілдерді, көрнекі құралдарды, сабақ тақырыбына сәйкестіріп қолдану бала дүниетанымын қалыптастыруға мол мүмкіндік береді.

Балалардың сабақта алған білімдері *серуен* барысында тиянақталып, бекітіліп отырады. Серуен табиғат аясында өткізілетіндіктен көбінесе, балалардың этноэкологиялық түсініктерін шыңдауға қолайлы сәт. Балалар ауа райына, табиғат құбылыстарына, ағаштарға, құстарға бақылау жасай отырып, салыстырады, байқап көреді, қарапайым тәжірибе жасай отырып, ой қорытындысын жасайды.

Бала дүниетанымын шыңдай түсетін іс-шаралардың бірі – балабақшада өткізілетін *ойын-сауықтар* мен мерекелік *ертеңгіліктер* ата-аналармен бірлесе отырып ұымдастырылады. Ертеңгіліктер мерекеге арналып ұымдастырылса, ойын-сауықтар балалардың алған білімдерін тиянақтау барысында қазақ этнопедагогикасын бала дүниетанымын қалыптастыруға бағыттай отырып, балабақшада жиі ұымдастырылады. Қазақ этнопедагогикасына бағытталған ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға ата-аналарды қатыстыру олардың да қазақ этнопедагогикасы жөніндегі білімдерін кеңейте түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 226 б.
2. Мұханбетжанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларға дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...автореф. - Алматы, 2001. - 45 б.
3. Аймағамбетова Қ. Дүниетануды оқытудың теориясы мен технологиясы: студенттерге арналған оқулық. - Алматы: ҚазМемҚыз ПИ, 2006. - 205 б.
4. Кулюткин Ю.Н., Сухобская Г.С. Исследование познавательной деятельности учащихся вечерные школы. – М.: Педагогика, 1987. – 157
5. Қоңыратбаева Т.Ә. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары. - Алматы, 1994. - 144 б.
6. Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде жастардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру. // Білім жүйесіндегі этнопедагогика 2008ж, №3. - 25-28бб.
7. Белгібаева Г.Қ. Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау: пед. ғыл. канд. ... автореф: 13.00.01. - Қарағанды, 2006. - 29 б
8. Беделбаева Х. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниені қабылдауы. - Алматы: Мектеп, 1976. - 48 б.
9. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. - Тараз, 2001. - 343 б.

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В ПРОЦЕССЕ СПЕЦИАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Г.А.Абаева

кандидат педагогических наук
доцент Казгосженту

зав.кафедрой специальной и социальной педагогики

Ключевые слова: этнопедагогика, дети ограниченными возможностями, дети с интеллектуальными нарушениями, слепые и слабовидение, специальная школа.

Аңдатпа

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеуде этнопедагогика элементтерін қолданып, жүргізілген жұмыстар және олардың қорытындысы баяндалған.

Annotation

The article presents the results of their research experience with the experimental study ethnopedagogics elements in the process of special education and education of children with disabilities.

Президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. в своем послании «Казахстанский путь – 2050» отметил, что «Традиции и культура – это генетический код нации. Нам следует оберегать нашу национальную культуру и традиции во всем их многообразии и величии, собирать по крупицам наше культурное достояние. Казахская культура должна стать патриотическим ядром для всех граждан страны». Соответственно поставленной Президентом задаче становится актуальным обновление содержания образования детей с ограниченными возможностями развития с опорой на исторический опыт казахского народа и его культурные многовековые традиции.

В конвенции ООН о правах ребенка, принятой Генеральной Ассамблеей (1982г.), указывается, что неполноценный в умственном или физическом отношении ребенок должен вести полноценную и достойную жизнь в условиях, которые обеспечивают его достоинство, способствуют его уверенности в себе и облегчают его активное участие в жизни общества. Для этого ребенку с ограниченными возможностями должен быть обеспечен эффективный доступ к услугам в области образования, профессиональной подготовки, медицинской помощи, подготовки к трудовой деятельности и т.д., для наиболее полного вовлечения ребенка в жизнь общества, его культурного и духовного развития. Так же Законодательством Республики Казахстан гарантированы права детей с ограниченными возможностями на получение образования, что отражено Законах Республики Казахстан «О правах ребенка в РК», «О образовании», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ОВ».

В данной статье предлагаем ознакомиться с результатами изучения опыта применения элементов этнопедагогика в процессе специального обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями.

В народной педагогике казахского народа раскрываются исторические и природные условия жизни, быта, традиций, взаимоотношения людей. Педагогические ценности опредмечены в многочисленных произведениях народного искусства, обычаях, обрядах, нравах, типичном поведении казахов, что составляет существо этнопедагогической культуры.

Казахский народ имеет богатое духовное наследие, уходящее корнями в глубь веков (VI - VIII в. до н.э.). На протяжении длительного времени народная мудрость передавалась из уст в уста от одного поколения другому. Особенности кочевого образа жизни повлияли на формирование требований к обучению и воспитанию детей.

Использование элементов этнопедагогика в процессе обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями в наше время актуально, так как, этнопедагогика способствует всестороннему развитию личности и включает в себя элементы умственного, трудового, физического воспитания.

Благотворное воздействие народных этнокультурных, этнопедагогических средств на развитие и формирование ведущих качеств личности высоко оценивали выдающиеся педагоги прошлого К.А.Гельвеций, Л.А. Коменский, Г.А.Песталоцци, К.Д. Ушинский и др.

В настоящее время этнопедагогика является не только объектом научных исследований, но и оказывает определенное влияние на развитие педагогической теории и практики. Исследованием этнопедагогических аспектов занимались многие ученые.

Проблемами становления казахской этнопедагогика как науки занимались казахстанские ученые: К.Б.Жарыкбаев, С.К.Калиев, С.А.Узакбаева, К.Ж.Кожаметова, М.Х.Балтабаев, Ж.Ж.Наурызбаев, К.К.Шалгынбаева и др.

Казахская этнопедагогика - единичное явление, которое образовалось за счет своеобразия этнической культуры казахов, выражающееся в языке, традиции, обычаях, обрядах, религии, своеобразного этнического мировосприятия, которая находит свое выражение в его характере, национальных чувствах, национальном самосознании.

Казахская этнопедагогика является составной частью педагогической науки объединяющей в своем

составе этнологию, этнопсихологию, этнокультуру, этнофилософию, и выступает как интегрированная отрасль знания.

В казахской этнопедагогике выделены следующие виды воспитания: интеллектуальное воспитание, нравственное воспитание, трудовое воспитание, физическое воспитание, эстетическое воспитание.

Интеллектуальное воспитание у казахов оценивалось по развитию познавательных сил и способностей, уровню знаний, умению использовать их в жизни и трудовой деятельности.

Нравственное воспитание казахского народа включало нравственно-этические нормы, идеалы, чувства и убеждения, нравственное поведение. В основу нравственного воспитания были положены: культ почитания старших, уважение младших, послушание; уважение отца и матери, забота о девочках, сестрах; любовь и преданность семье, роду, племени, народу; патриотизм, мужество, смелость; сплоченность и единство, храбрость; честь и достоинство, самоуважение.

Основным и ведущим видом *трудового воспитания* казахов было скотоводство, к чему готовили и детей. Главным видом из работы было пастушество, уход за скотом, обработка продуктов животноводства. Дети учились, наблюдая за трудовыми образцами взрослых, подражая их действиям. Другим видом трудовой деятельности были ремесла: обработка шкур, изготовление изделий из кожи, валяние войлока, изготовление изделий из него, изделия из дерева, железа, строительные работы (зимовки, кошары и др.). В данном случае справедливы поговорки: «Джигиту знать 7 ремесел - мало, знать 70 ремесел — немного», «Имя джигита трудом славится», «Труд - вторая мать человеку».

Изучение истории культуры казахского народа свидетельствует о его высокой *эстетической воспитанности*. Она проявлялась во всем: в одежде, во внешнем облике, искусстве, архитектуре, языке и литературе, музыке, танцах, песнях и т.д. Основными средствами эстетического воспитания были: природа, красноречие и поэзия, шедевры эпоса, легенды, сказки, состязания акынов, айтысы, музыка и песни, национальные танцы, прикладное искусство.

Физическое воспитание у казахов начиналось с самого рождения ребенка, средствами которого являлись: верховая езда, скачки «Аламан байга», «Жаргажарыс» - скачки на иноходцах, «Кокпар» - козлодрание, «Қызқуу» - догони девушку; борьба «Қазақша күрес»; охота и многие другое.

Применение элементов народной педагогики в работе с детьми, способствует раскрытию души ребенка, его внутреннего мира, формирует уверенность в себе, интерес к изучению предмета. Самовыражение собственного "Я" происходит без принуждения. В результате ребенок становится свободным, незакомплексованным. Но самое главное – изучение народной культуры, прошлого казахского народа очень важно сейчас, когда потеряны многие идеалы, нет уверенности в сегодняшнем дне, а будущее пугает. Поэтому целесообразно обратиться к прошлому, своим народным истокам, национальным корням.

С целью изучения опыта использования на практике элементов этнопедагогике в образовательном процессе с детьми с ограниченными возможностями была разработана методика экспериментального изучения. Эксперимент состоял из двух этапов.

На первом этапе проводилось анкетирование педагогов, работающих в системе специального образования, для определения отношения к использованию элементов этнопедагогике.

Экспериментальные исследования проводились на базе специальной школы-интернат №6 для детей с интеллектуальными нарушениями и специальной школы-интерната №4 для слепых и слабовидящих города Алматы. В эксперименте участвовали педагоги и воспитатели начальных классов.

Данный этап эксперимента занимает важное место, так как, достоверность полученных результатов целиком зависит от исходных параметров.

Анкетирование охватывало следующие вопросы:

1) необходимость использовать элементы этнопедагогике в работе с детьми с нарушениями интеллекта;

2) опыт применения у анкетированных педагогов элементов этнопедагогике в образовательном процессе;

3) место, форма и частота их применения.

Результаты анкетирования свидетельствуют, а том что:

- 44% педагогов и воспитателей считают, что использование элементов этнопедагогике на занятиях хорошо, но не так важно их использовать;


- 86% педагогов и воспитателей оценивая педагогические условия по применению элементов этнопедагогике, видят в них еще эстетические, нравственные и культурные возможности;

- 91% педагогов и воспитателей видят положительное влияние этнопедагогике на образовательный процесс;

- 98% педагогов и воспитателей специальных школ считают, что использование элементов этнопедагогике в образовательном процессе развивает культуру личности, тем временем традиционные занятия формируют лишь учебно-познавательную деятельность младших школьников с ограниченными возможностями.

Так же, результаты анкетирования педагогов и воспитателей начальных классов специальных школ можно увидеть в следующей диаграмме.

Диаграмма 1. Результаты анкетирования педагогов и воспитателей по отношению у элементом этнопедагогике, %.



Таким образом, полученные данные по анкетированию педагогов, дают нам права утверждать, что многие педагоги за то чтобы использовать элементы этнопедагогике на занятиях, но не всегда удается применять их систематизирована.

На втором этапе анализировали опыт применения элементов этнопедагогике в процессе обучения детей с интеллектуальными нарушениями и нарушениями зрения.

На данном этапе эксперимента нами было проанализировано содержание образования в начальной школе, а именно, учебные программы, учебники, методические пособия и др. Здесь можно отметить, что содержания программ специального обучения нуждаются в пересмотре с целью приведения его в соответствии с образовательной политикой суверенного государства. Вместе с разработкой программ, необходимо обеспечение практических работников методическими комплексами, раскрывающими процедуру использования различных этнопедагогических материалов в учебном процессе, и во внеучебной деятельности.

В планировании урока с элементами этнопедагогике педагог должен указать тему, образовательные, развивающие и воспитательные цели, методы, формы, применяемые на уроке, материально-техническое обеспечение.

Для того чтобы определить, используют ли, педагоги начальных классов на уроках элементы этнопедагогике и какие элементы они больше используют в процессе обучения детей, нами были проанализированы посещенные уроки в начальных классах по разным предметам.

В следующей таблице мы указали, какие элементы и, в каком количестве применяются педагогами на уроках.

Таблица 1

Предметы	Пословцы и поговорки	Сказки	Загадки	Игры
Письмо	12%	19%	10%	15%
Чтение	25%	40%	15%	18%
Математика	5%	9%	7%	10%
Мир во круг	15%	10%	11%	15%

Результаты анкетирования свидетельствуют, а том что многие педагоги оценивая педагогические условия по применению элементов этнопедагогике, видят в них еще эстетические, нравственные и культурные возможности; большинство педагогов видят положительное влияние этнопедагогике на образовательный процесс; так же, использование элементов этнопедагогике в образовательном процессе развивает культуру личности, тем временем традиционные занятия формируют лишь учебно-познавательную деятельность младших школьников с ограниченными возможностями.

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» /«Казахстанская правда» -№11, июнь 1999 г.
2. Коменский Я-А Материнская школа//Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста /Сост. М, М. Алексеева, В. И. Яшина. – М.: Академия, 2000. – с. 56-59.
3. Ушинский К. Д. О первоначальном преподавании русского языка //Хрестоматия по теории и методике развития речи детей дошкольного возраста /Сост. М.М. Алексеева, В.И. Яшина. – М.: Академия, 2000. – с. 83-96.
4. Кожаметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогике: Автореф. дис. докт. пед. наук. - М., 1998. – 45 с.
5. Матышанов К.М. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. А., 1990.
6. Нұрмұхаметова Р.Ә. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ фольклоры арқылы эстетикалық тәрбие беру (5-7 жас): Педагогика ғылым. канд. авторефераты. ө Алматы., 2003.
7. Едігенова А.К. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне танымдық қызығушылығын қалыптастыру: педагогика ғыл. авторефераты. - Алматы. 2004..

ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЭКСПЕРИМЕНТТІК БАҒДАРЛАМА ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шайжанова Қ.Ү.

психология ғылымдарының кандидаты

Қазмемқызпу доценті

Кілттік сөздер: Жазбаша сөйлеу, эксперименттік бағдарлама, психологиялық ерекшелік.

Аннотация

Особенности составления экспериментальной программы для формирования письменных речевых способностей детей младшего школьного возраста

Annotation

In this article considered the psychological features compilation of experimental programme for formed writing speech of schoolchildren

Қазіргі мектебіміздегі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың жазбаша тілін қалыптастыру болса, ал оның саналы әрекет ретінде психологиялық тұрғыда жетілдіруін мақсат етіп, ойлау әрекеттерін дамыту арқылы оның дүниетанымдық көзқарасы мен білімін өрістетудің де қуатты құралы болып саналатыны хақ.

Қазақстанда тіл психологиясы саласында профессор М.М.Мұқанов /1/ зерттеулері 1952 жылы жарық көрген “Психология очерктері” деген еңбегінен бастау алып, мектеп оқушыларының тіл пәнін меңгеру процесінде ақыл-ой мен білімін дамытудың этнопсихологиялық негізін арнайы жүргізген зерттеулері арқылы тұжырымдайды.

Тіл психологиясына қатысты шәкірттердің сөйлеуі мен ойлау әрекеті арқылы дүниетанымы мен білімін дамытудың қажетті құралы ретінде қарастырылатын болса, екіншіден, оқушылар мен шәкірттердің өзге текті тілдерді меңгеру процесінде ақыл-ойы мен білімін дамытудың неғұрлым пайдалы құралы екендігін психологиялық жағынан қарастыруды мақсат етіп қояды. Мұндай мәселенің психологиялық тұрғыдан іздестірілуін әйгілі психолог маман Л.С.Выготскийдің /2/ баланың үнсіз сөйлеуі мен жазба сөзінде қалайша пайдаланып оның мән-жайын түсінудің тетіктерін ашып көрсетуді мақсат етіп қояды.

Балалардың өз тілін толық меңгеру процесі (үрдісі) сол тілді меңгеру барысында психикалық таным әрекеттерінің қалыптасуы арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде жүріп жататындығы мәлім. Өмір тәжірибесінде қалыптасқан дәстүр бойынша “Білім бастауыштан басталады” деген өнегелі мәтел бар. Мектеп табалдырығын аттаған бала дүниенің құпия-сырын оқу арқылы танып, білімді және олардың мән-жайын санасына ұялатуды, ойын білімдік пен біліктілігін, танымдық әрекеттерін дамытады. Оқып білім алу - адамның негізгі іс-әрекетінің бір түрі және тіршіліктегі жетекші әрекеттің өзіндік бөлігі.

Жалпы тіл дамыту негізі – ойды дамыту. Мектептің алдына қойылып отырған басты міндет – балалардың ой-өрісін дамыту, оларды ойлауға үйрету болып саналады. Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілді меңгеру мотивацияларын біздің ойымызша: тұтас жүйеден айырып, бөлек операцияларын жетілдіруден бастамай, мәтіннің мағыналы мазмұнын қамтамасыз ететін әрекетін ұйымдастыру деңгейін қалыптастырудан бастаған жөн. Жазбаша тілді меңгеру процесін бастауыш сынып оқушыларының сөздік творчествалық әрекетіне ендіру – ертегілер мен оқиғаларды ойлап шығару. Оқушылардың мұғалімдермен біріккен әрекетін ұйымдастырып, жазбаша тілдің әрекеті мен операцияларын меңгеру барысында оның формаларын өзгерту.

Ә.Ж.Алдамұратовтың /3/ айтуы бойынша – “Мұғалім оқушымен біріге отырып, баланың істеген әрекетін, баламен бірдей істеген жағдайда, мұғалім баланың сырын да, күшін де анықтауға мүмкіндігі бола алады, ал бала қысылмай, басылмай, еркін түрде өз сезімін, ішкі дүниесін, арманын, ойын білдіре алады”.

Оқу барысында тек таным әрекеттері пайда болып дамып қоймай, сонымен бірге мұғалім мен оқушының ара-қатынасы қалыптасып отырады. Мұғалім мен оқушының ара-қатынас жүйесінің қалыптасуы, оқу әрекет мотивациясының сипатында, оқушының таным әрекетінде саналы қалыптастыруға ықпалы болады. Осы төңіректе оқытудың эксперименталды моделіне “Мұғалім - оқушы” қатынас жүйесін дамытып, басқару процесіне негізделген. Оқушылардың таным әрекеттерін меңгеруде қамтамасыз ететін процедуралар ену керек. Оқу мотивтерін және оқушының жеке тұлғасын дамытуда, балада жемісті шығармашылық әрекетін белсендіретін оқу типінің үлкен мәні бар. Осы жағдайда ғана оқу барысындағы қарым-қатынас жемісті болады. Оқушы мен мұғалімнің және оқушының басқа оқушылармен біріккен әрекет жағдайы оқушыда жаңа пән мазмұнын меңгерген сайын кеңейе береді. Бұл біріккен әрекет жүйесінің өзгеруінде және оқу процесіндегі қарым-қатынаста көрініп отырады. Осы өзгерістердің логикасы келесі: мұғаліммен біріккен әрекеттен бөлек әрекетке, сонан соң еліктеуі мен өз бетінше оқу. Бұл нұсқаулар оқытудың эксперименталды моделіне қойған

талапты нақтылауға мүмкіндік береді: оқушының жемісті шығармашылық белсенділігіне бағдар алуы, олардың мұғаліммен біріккен әрекетінің көрсетілген формалары арнайы құрастырылып, бұл формаларының оқу процесінде қайта құрылып, өзгерілуін қамтамасыз еткен жағдайда ғана іске асырылады.

Біріккен әрекеттер және оның негізіндегі “мұғалім–оқушы” жүйесіндегі жеке тұлға қарым-қатынастары, тіпті оқушы таным және тыңғылықты әрекеттеріне ие болмаған жағдайда да оның жемісті әрекетінің құралы болып келеді. Сондықтан, мұғаліммен біріккен әрекет жағдайында оқушының белсенділігі бірігіп жетістікке жетуге бағытталады. Осы орайда оқушылардың танымдық дамуының ерекше жағдайы туындайды. Танымдық және тыңғылықты әрекеттердің даму мүмкіндігі пайда болады. Оқушы ақиқаттың жаңа жағдайына түсіп – өзін творчествалы тұлға ретінде сезініп, аз болса да өз мүмкіндігін іске асырып, мұғалімнің көмегінің арқасында жеміске жететін сезімі болады. Жеке тұлға санасының негізгі функциясы ретінде мағыналы құрылым мен мақсатты құрылым жөніндегі нұсқауды А.Н.Леонтьев /4/ ұсынған.

Дегенмен, оның осы жағдайда туатын және жазбаша тілдің әртүрлі қасиеттерінің шығарма негізінде қалыптасу мүмкіндігінің психологиялық механизмі белгісіз болып қала берген. Жоғарыда аталған еңбектерде жазбаша тілдің мәтінді құру әрекеті ретінде, пайда болуы және даму шарты зерттелінбеген. Экспериментті өткізу мақсатымыз келесі ойды дәлелдеуге арналады: Егер жазбаша тіл ертегі, оқиғалар шығару барысында толық, терең көрініс беріп, қалыптасуға мүмкіндігі кеңірек болып, ал мазмұндамада нашар болса, онда жазбаша тілдің негізгі көрсеткіштерінің санды белгілері шығарма жазу жағдайында мазмұндама жазу жағдайына қарағанда едәуір жоғары болуы тиіс.

Зерттеу әдістемесі ретінде жазбаша тілдің ерекше тіл әрекеті ретінде тән мүшелерінің қызметін зерттеу міндетімізге орай, біз келесі сұрақтарды қарастырдық:

-жазбаша тіл параметрлерінің белгілеріне міндетті творчествалық мәнісі ықпалын тигізе ме?

-жазбаша тіл параметрлерін, творчествалық жағдай өзгерте ме жоқ па?

-жазбаша тіл параметрлеріне жаңғыртқан мазмұн, оның сюжеттілігінің әсері бола ма?

Арнайы ұйымдастырған эксперименталдық жағдайда, зерттелушілер берілген мазмұнды жаңғыртып нақты затты суреттеп, белгілі ертегінің жалғасын құрастырып жаңа ертегі немесе оқиғаны шығарып отырады. Әр оқушымен жеке жұмыс жүргізілгендіктен біз, зерттелушілердің екі кішкентай ғана тобымен жұмыс жасадық. Бірінші топта алты оқушылары алынып, екінші топта жеті оқушылары алынған. Қазақ тілі пәнінен бірінші топтағы үлгеріміне қарай екінші сынып оқушыларын үш топқа бөлдік – үздік өте жақсы оқитын оқушылар, жақсы оқитын оқушылар, қанағатты оқитын оқушылар. Әр топқа енетін оқушылар саны анықталды.

В.Проппаның /5/ бес функциялар жинағына негізделген “жіберу” ертегісін шығару (Мысалы: “Сыйлық беруші адаммен кездесу”, “Сыналу”, “Сиқырлы зат алу”, “Қайтып келу”, “Балқалам”) болды. Мағыналы мазмұн тудыру әрекеті: мәтіннің мазмұнын логикалық және уақытылы ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Мәтіннің мазмұнын жаңғырту әрекеті: мәтінді шығару 4 параметр бойынша редакциялау (сөздіктің жан-жақтылығы, мәтіннің фразалық ұйымдасуы, байланыстылық және контекстілік). Зерттелушілердің топтық жұмысы: топтағы қатысушылар арасында міндеттерді бөлу (шығарманы бөліп-бөліп шығару, ертегіні суреттеу, таза вариантты көшіріп жазу (2 сағат).

“Егер менде уақыт мәшинесі болса” оқиғаларын шығару. Мәтіннің мағыналы мазмұнын тудыру әрекеті: мәтіннің уақытылы және логикалық ұйымдастырылуы; мазмұндама өткенді, кәзіргіні және болашағы және олардың байланысын өзектендіру. Мәтіннің мазмұнын жаңғырту әрекеті: шығарған мәтінді редакциялау. Өз бетінше ертегіні ойлап шығару. Ұжыммен талқылау (2 сағат). “Балалар күні” – өзі жөнінде қиялдау жағдайында әңгіме шығару. Мәтіннің мағыналы мазмұнын тудыру: өмірлік факторларды жаңа контекстіге айналдыру мәтіннің мазмұнын жаңғырту әрекеті. Өз бетінше әңгімелер шығару. Ұжыммен талдау (2 сағат).

Эксперименталды бағдарлама, сонымен бірге бақылау мәтіндері де енген. Бұл мәтіндерде оқудың тексеретін моделінің нәтижелілігін санды бағалау үшін қажетті арнайы құрастырған критерий болды. Айта кететініміз, болжамымыз шектелген болғандықтан, біз оқушылардың өзара қарым-қатынас және сол қатынастың бір-біріне ықпалының даму деңгейі анықталып бағаланбаған. Дамудың бұл критерийларын бағалау бөлек зерттелушіде шектеледі деген ойдамыз. Біз жазбаша түрде ойды жеткізуде, демек затты мазмұнды таным әрекеттерін дамуына ықпалын тигізетін ой әрекетінің қалыптасу нәтижелілігі бағаланатын, санды көрсеткіштерінің жүйесін қолдандық. Бұл бағдарлама 35 сағатқа арналған. Дәл сондай уақыт кәзіргі ана тіліне оқыту бағдарламасында бастауыш сынып оқушыларының тілін қалыптастыруға берілген.

Сонымен қатар, жазбаша тілге эксперименталды оқыту көзделінді. 2-ші сынып оқушыларының эксперименталды тобына дамытушы зерттеу жүргізіліп берілген “түл” сөзіне жаңа ертегі шығарма жазу жұмысы жүргізіледі. Алынған нәтижелердің негізінде зерттелушілер жазбаша тілі даму деңгейі тең екі оқушыдан бөлінді. Мұндай серігі жоқ оқушылар экспериментке кіргізілмейді (серіксіз қалған оқушылардың жазбаша даму деңгейі басқа оқушылардан әлде қайда айырмашылығы көрініп тұрды). Бұл оқушылар сыныптағы басқа оқушылармен бір эксперименталды оқытуға қатысты, бірақ талдауда олардың нәтижелері ескерілмеген. Айта кететін жәйіт, бірінші бақылау зерттеуінің көрсеткіштері анықтаушы зерттеудің нәтижелеріне сай келді: екі топта да жазбаша тілдің даму деңгейі бірдей нәтиже көрсетті.

Оқушылардың жазбаша тілін қалыптастыру үшін ертегілер мен оқиғаларды шығару жағдайы және шығарған мәтіндерді талқылау (редакциялау) жұмысы қолданылды. Оқушылар шығарманы өздері үшін немесе мұғалім үшін жазбай, балалар бақшасының дайындық тобының балаларына арналған. Бірінші эксперименталды сабақта зерттелушілерге балалар бақшасының тәрбиешісі мен балалары ертегіні ойлап шығарып жазуды өтінді, өйткені кітапханадағы барлық кітаптарды балалар оқып бітіріпті, деп айтылады. Балалар мұндай өтінішке бар

ынталарымен жауап қайтарғысы келді. Мұғалім балаларға ертегі мен оқиғаларды жазу әдістерін үйретіп көмектесуге уәде береді.

Эксперименталды оқыту, біздің жорамалымыздың нұсқаулары нақтылы орын алған арнайы құрастырма бойынша жүргізіледі. Біз осындай тапсырмаларды таңдап алған себебіміз, біріншіден, жазбаша тілде үнемі, экспрессивті тіл формасына айналған берілген мазмұндама қолданылады, немесе тілмен жеткізетін мағыналы мазмұнды етіп ашылатын жалпы ой қолданылады. Бірінші жағдайда мазмұндама, екінші жағдайда шығарма жазылады. Екіншіден, мазмұндама – кәзіргі бастауыш мектепте жазбаша тілді дамытудың, жалғыз қолданылатын жолы. Бастауыш сыныпқа арналған қазақ тілі пәнінің бағдарламасында, негізінен мазмұндама ғана берілген.

Кезінде Ы.Алтынсарин /6/ мынадай пікір айтқан: “...қазақ баласының атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы, қазақ баласы қиялқұмар болуға тиіс”. Эксперименталдық оқуда балаларды жазбаша тілге ендірудің негізгі әрекеті ретінде біз, шығарманы қолданамыз. Біз үшін, осы екі оқу жағдайының әрқайсысы жазбаша тілдің бастапқы қалыптасуына қандай ықпалын тигізіп отырады деген сұраққа жауап беру және оның жазбаша тілдің жалпы құрылымын қалыптастыруда салыстырмалы ықпалын анықтау өте маңызды болды. Бақылау зерттеуімізде берілген сурет бойынша мазмұндама жазу жұмысы мектепте кәдімгі қолданылатын әдістеме бойынша жүргізіледі. Ал өз бетінше ертегіні шығару жұмысын эксперименталды бағдарлама бойынша жүргіздік. Бұл жерде айта кететін жәйіт, бақылау зерттеулері екі топта да бір күні және де бір құрастырма бойынша жүргізілді.

Бақылау зерттеуінің көрсеткіштері келесі параметрлер бойынша талданды: микротақырып саны, мағыналы байланыстылық, мазмұнның тұтастығы, сөз саны, сөйлем саны, сөйлемнің орташа ұзындығы, сөздерінің кеңдігі, сөйлемнің тереңдігі, сөйлемдердің байланыстылығы және контекстілігі.

Кәзіргі мектепте жазбаша тілді, қатынас және жалпылау құралы болатын операциялардан басталатыны белгілі. Осы жағдай, бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілді жеткіліксіз меңгермеуінің негізгі себептерінің бірі. Н.И.Жинкиннің /7/ өте қызықты ескертулері бар: “Құбылысты жүйесіз түсіну әдеті, алдымен тілдің иерархиялық жүйелерінің төменгі жүйелері құрылып, сонан соң деңгейлері құрыла бастайтынын көрсетеді. Тіпті үйдің де, егер бірінші, екінші қабаттары болмаса, бесінші қабатын салу мүмкін емес. Тілге келгенде, әдетте фонетика, сонан соң морфология, сонан кейін барып синтаксис оқылуы керек деп есептеледі. ... Бұл схема логикалық жағынан дұрыс болғанымен, психологиялық жағынан мүмкін емес. Екіншіден, біз жазбаша мәтінді құрастыру процесін арнайы реттеу жұмысын жүргіздік. Ол екі кезеңге бөлінді: мәтіннің мағыналы мазмұнын тудыру және оны жаңғырту жұмысы. Бірінші кезеңге дейін негізінен импровизациялауға, фантазияға бағытталады. Оқушылар бұл әрекетті мұғаліммен және бір-бірімен қосыла отырып орындайды. Импровизацияланған мазмұн қағазға түскеннен кейін, зерттелушілер екінші міндетті шешуге кіріседі: мәтінді оқыған адамдардың бәріне түсінікті және әдемі, яғни байланысты, контексті, мәнерлі сияқты.

Қорыта келе, біздің жазбаша сөйлеу әрекетін қалыптастыруға арналған эксперименттік бағдарлама құрудың психологиялық ерекшеліктері нәтижесі мынадай көрініс берді. Біріншіден, оқушылар барлық операцияларды біріккен әрекеттің әртүрлі формаларына сүйене отырып меңгергені анықталды. Екіншіден, балалардың шығарма жазу барысында қиял әрекетінің дамуы байқалды. Үшіншіден, жазу ережелерін қиналмай, ойындағы ой-пікірлерін ашық қағазға түсіруге мүмкіндіктері болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов М.М. Ойды этно және лингвопсихологиялық тұрғыдан зерттеу. Алматы, 1971., 3-9 б.
2. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. М., 1960., 23-28 б.
3. Алдамұратов Ә.Ж. Тіл ұғымдарын меңгеру. Ұсыныс. Пікір. –Қазақстан мұғалімі. 1989. № 9., 21-23 б.
4. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. М., 1981., 231б.
5. Проппа В. Морфология сказки. Л., 1978., 122б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы.: Ғылым, 1995., Пт.
7. Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. М., 1982., 241б.

КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМГЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Джонисова Г.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық
университетінің доценті*

Ізғалиқызы А.

Магистр

Кілттік сөздер: Құндылық, бағдар, әлеуметтік бағыттылық, құндылық бағдар.

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические аспекты ценностных ориентаций ссылаясь на исследований

зарубежных и отечественных ученых. А так же особенности формирования ценностных ориентаций на знание у учащихся колледжа.

Annotation

This article is devoted to the theoretical bases of value orientation based on the research of foreign and home scientists and advantages of formation of value orientation of college students education.

Егемен елдің болашақ азаматтары – бүгінгі оқушылардың қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады. Осы ретте о қ у б а р ы с ы н д а оқушылардың құндылық бағдарын дұрыс қалыптастыру ерекше мәнге ие. Ол үшін колледж білім алушыларына тек арнаулы пәндерді ғана оқытып қоймай, кәсіби бағдары мен құндылық бағдары қалыптасқан маман етіп даярлау қажеттігі күн санап артуда. Оқушылардың білімге құндылық бағдарын қалыптастыру, өзіндік білім алуға бейімдеу, тұлғаның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету, тұтастай алғанда олардың танымдық әрекеттеріне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр.

Осыған орай, құндылық бағдар қалыптастыру мәселесі жан-жақты қарастырылып келген: философияда (Алексеев В. П., Дробницкий О. Г., Тугаринов В. П., Здравомыслов А. Г. т.б.) әлеуметтануда (Ядов В. А., Блауберг И. В., Любимова Т. Н. т.б.) психологияда (Леонтьев А.С., Божович Л. И., Непомнящая Н.И., Абульханова-Славская К. А., Давыдов В. В., Выготский Л. С., Узнадзе Д. Н. т.б.), ал педагогикада (Казакина М. Г., Мальковская Т. Н., Кирьякова А. В., Мухина В. С., Дуранов М. Е. т.б.).

А.Г.Здравомыслов, В.П.Тугаринов сынды философтар құндылықты белгілі бір құбылыстың немесе заттың нақты бір адамға не қоғамға маңыздылығы, мәнділігі түріндегі категория ретінде қарастырады. Мәселен, В.П.Тугаринов құндылық ұғымына мынадай анықтама береді: «Құндылық-адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты, қызығушылығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті». Ғалым құндылықтардың төмендегідей топтарын бөліп көрсетеді:

1. Материалдық құндылықтар: баспана, тамақ, киім, техника т.б.
2. Әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, бостандық, қауіпсіздік т.б.
3. Рухани құндылықтар: білім, ғылым, өнер[2].

Психология ғылымында құндылық бағдардың адам өміріндегі рөлі жан-жақты көрсетіледі. Психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәніне көңіл аударып, құндылық бағдардың тұлғаның мінез-құлқын реттеуде ерекше роль атқаратынын айтады(М.Г.Казакина, Д.Н.Узнадзе, С.Л.Рубинштейн т.б.). Кеңес психологы В.Н.Мясищевтің пікірі бойынша: «Құндылық бағдар-жеке тұлғаның рухани дамуының өзегі, жеке тұлғаның қоғамға, белгілі бір топқа, еңбекке, өзіне деген саналы қатынасы». Психолог С.Л.Рубинштейн құндылық бағдарды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастырып, өз теориясын ұсынды[3]. Оның пайымдауы бойынша, құндылықтар мектебі адамның іс-әрекет барысында өзінің қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруда белгілі бір реттеушілік қызметін атқарады.

Оқушылардың мектеп қабырғасын аттаған алғашқы күндерінен бастап құндылықтардың мәні мен маңызын, оның қажеттілігін саналы ұғынып, сол меңгерген құндылықтарға сәйкес өз іс-әрекеттері мен мінез-құлқын реттеп отыруына көмектесу міндеті тұрады. Бұл міндетті шешудің алғышарттары кейінгі кезде дайындалған шетел және отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Бұл зерттеулердің мынадай бағыттарда дамып келе жатқанын атап көрсетуге болады:

- Әлеуметтану, философия ғылымдарындағы құндылық бағдар ұғымының зерттелуі(В.П.Тугаринов, В.А.Ядов, С.Нұрмұратов);

- Құндылық бағдар қалыптастырудың психологиялық табиғатын зерттеген ғалымдардың тұжырымдары (В.Н.Мясищев, Д.Н.Узнадзе, С.Л.Рубинштейн);

- Құндылық бағдарды қалыптастырудың педагогикалық мәселелерін зерттеген кеңес ғалымдарының пікірлері мен көзқарастары (М.Г.Казакина, А.И.Титаренко, А.В. Кирьякова, Б.С.Круглов);

- Құндылық бағдар мәселесінің әртүрлі аспектілерін Қазақстан ғалымдары да зерттеген: жеке тұлғаның құндылық бағдарының бірқатар, теориялық-практикалық негізі (Нұрғалиева Г.Қ, Багаева И.Д., Васильева З.И); оқушылардың болашақ кәсіптік іс-әрекетіне құндылық қатынасын қалыптастыру (Кикина Н. И.); педагогикалық баспасөзге студенттердің құндылық бағдарын қалыптастыруды (Тленбаева А); қарастырған.

Атап айтсақ, профессор Нұрғалиева Г.Қ. [4] өзінің еңбегінде құндылық бағдар қалыптастырудың философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін саралай келіп, оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға әсер ететін факторларды айқындайды. Құндылық бағдардың әлеуметтік-этикалық мазмұнын қарастыра отырып, оның құрамдас бөліктерін және олардың өзара байланысы мен тәуелділігін ашып көрсетеді.

Оның тұжырымдауынша құндылық бағдар – оқушының құндылыққа бағдарланған қабілеті, сапасы, іскерлігі және жеке тұлғаның ішкі мүмкіндігін көрсететін категория. Ол оқушының оқу-танымдық әрекетіне түрткі болып, білім алуға ықпал етеді. Құндылық бағдар адамның сезімін оятып, іс-әрекеттің себеп-салдарын анықтайды, соған байланысты іс-әрекетті реттейді, оның іске асуына ықпал етеді. Автор құндылық бағдар беру үдерісінде төрт негізгі құрауыштарды айқындайды:

- Мотивациялы-мақсаттылық;
- мазмұндық;
- операциялық;
- бағалау-нәтижелік.

Ғалым Б.К.Құдышеваның тұжырымдауынша құндылық бағдар – оқушының құндылыққа бағдарланған қабілеті, сапасы, іскерлігі және жеке тұлғаның ішкі мүмкіндігін көрсететін категория. Ол оқушының оқу-танымдық әрекетіне түрткі болып, білім алуға ықпал етеді. Құндылық бағдар адамның сезімін оятып, іс-әрекеттің себеп-салдарын анықтайды, соған байланысты іс-әрекетті реттейді, оның іске асуына ықпал етеді. Ол мамандыққа құндылық бағдар қалыптастырудың өзіндік алгоритмін ұсынады. Іздену-бағалау-таңдау-көшіруді жүзеге асырудағы мақсаттық, мазмұндық, әрекеттік, бағалаушылық компоненттері бойынша әр мамандыққа құндылық бағдар қалыптастыру қарастырылған.

- ең алдымен кәсіби өзін-өзі айқындауы мен мамандықты таңдауы;
- өз шама-шарқын бағамдауы;
- кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы [5].

Ол құндылық бағдардың адам санасының барлық жағына әсер ететінін айта келіп, құндылық бағдар тұлғаның барлық іс-әрекет мотивациясына және әрбір жекелеген мінез-құлық мотивтеріне әсер ететінін көрсетеді. Оның тұжырымдары құндылық бағдар тұлғаның белсенді өмірлік ұстанымдарын және еңбекке саналы қатынасын қалыптастырудағы бірден-бір тиімді жол дегенге саяды.

Тілеуова С.С. өзінің «Болашақ ұстаздарды оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға даярлау» деп аталатын еңбегінде құндылық бағдар мәселесін теориялық, әдістемелік жағынан біркелкі зерттеген. Ол жеке тұлғаның тәрбиелік дәрежесін сол адамның құндылық бағдарының көріну, байқалу белгілеріне қарай анықтауға болатынын айтады. Ғалым болашақ ұстаздардың құндылық бағдарды «көре білу» қабілетін жетілдіру бағытындағы жұмыстарды саралап көрсетеді.

Қарастырылған ғылыми еңбектерде «құндылық бағдар» ұғымына түрліше анықтамалар беріліп, тұлғаның ерекше құрылымы ретіндегі маңызына көңіл аударылады.

Мұндағы «бағдар» ұғымын жекеше алып қарасақ, ол екі түрлі тұрғыда қарастырылады:

1. Бағдар-тұлғаның эмоциялық күйі: қызығушылығы, ынтығасы, белсенділігі, икемділігі. Бұл оның әлеуметтік қызметті табысты орындауының басты шарты болып табылады.
2. Бағдар- тұлғаның қасиеттері: көзқарас, сенім, идеал, дүниетаным. Бұл қасиеттер тұлғаның әлеуметтенуі барысында қалыптасады да әр адамның мінез-құлқының негізгі сипаттарының бірі ретінде орныға түседі. Тұлғаның өмірдегі бағдарының әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан дамуының оның оқып, білім алуы мен тәрбиеленуі үшін маңызы зор екені белгілі.

Ғалымдардың бір тобы құндылық бағдарды адамның жалпы әлеуметтік бағыттылығы деп қарастырса, екінші бір тобы- құндылық бағдарды жеке тұлғаның әлеуметтік құндылықтарға деген субъективті қатынасы дейді.

Олай болса, құндылық бағдар тұлғаның қоғам дамуының ерекшеліктерін танып білуінің, өзінің «Менің» тануының және өз «Менінің» маңызын, мәнділігін сезінуінің көрінісі екенін айтуға болады.

«Құндылық бағдар» ұғымының мәнін ашатын ғылыми еңбектерді талдай отырып, біз мынадай түйін жасаймыз:

- құндылық бағдар қоғам дамуының ерекшеліктерін сезіну формасы бола отырып, оқушылардың өмірлік ұстанымдарын анықтайды және тұлға ретінде қалыптасуында маңызды роль атқарады;
- құндылық бағдар тұлғаның маңызды сипаттамасы ретінде оның мінез-құлқын бағыттауда жетекші мәнге ие;
- құндылық бағдар тұлғаның дүниетанымын айқындайды және оның әлеуметтік, интеллектуалдық, шығармашылық белсенділігін танытады.
- құндылық бағдар болашаққа арналған, ол алдағы жасалатын іс-әрекеттердің жоспарын белгілеуде үлгі қызметін атқарады.

Аталған еңбектердегі «құндылық бағдар» ұғымына берілген анықтамаларды талдай келе, оның негізгі мазмұнының тәрбие үдерісіне қатысты екені анықталды. Сонымен қатар, құндылық бағдар тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқының әлеуметтік мәнді үлгілерін меңгеруінің нәтижесінде пайда болатын қоршаған әлемге, басқа адамдарға және өзіне-өзінің құндылық қатынастарының жиынтығынан тұратын ерекше тұлғалық құрылым екендігін белгіледік. Сондықтан, құндылық бағдарды қалыптастыруда оның мазмұндық, сапалық ерекшеліктеріне көңіл аудару қажет болады [6].

Құндылық бағдар жүйесінде өлшемнің дұрыстығын табу арқылы жеке тұлғаның тұрақты және өзгеріске толы өмірге деген дайындығы, іс-әрекеті көрінеді. Құндылық бағдар тұлғаға өзі үшін маңызды және маңыздылығы төмен деп есептейтін жағдайларды ажыратуға көмектеседі. Сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтік, интеллектуалдық және шығармашылық белсенділігін айқындауға да әсер етеді. Тұлғаның құндылық бағдарды сезінуі- қоғамдық болмыстың айнасы болып табылатын қоғамдық сана қалыптасуы үшін маңызды. Құндылық бағдарды сезіну арқылы тұлға сол құндылықтарға саналы түрде өз бетінше талпынып, өмірінің негізгі ұстанымдары ретінде пайдаланады. Жеке тұлғаның маңызды сипаттамасы ретіндегі құндылық бағдар тұлғаның қоғам дамуының ерекшеліктерін сезінуіне және өзінің әлеуметтік ортасына енуіне көмектеседі және тұлғаның ойлауын, қоғамдық келбетін анықтайды.

Бұл мәселені ойдағыдай шешуде басты сала оқу барысында колледж білім алушыларының құндылық бағдарын қалыптастыруға даярлау болып табылады. Әр адамның мінез-құлқының негізгі сипаттарының бірі— оның бағдары. Әр адамның өмірдегі бағдарының әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан дамуының оның оқып, білім алуы, мен тәрбиеленуі үшін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтірмейді. Алайда, әр адамның бағдары деген ұғымның өте күрделі категория екенінде айту

керек. Адамның іс-әрекеті әр нәрсеге итермелейтін, ішкі ойын іске асыратын қозғалысқа келтіретін дұрыс шешуін күттіретін мәселе. Оны дұрыс шешкен жағдайда ғана адамның құндылық бағдары ұғымының мәнін түсінуге болады.

Құндылық бағдарға қызығу, ынталану, талпыну ұғымдарының білім алушының болашақ іс-әрекеттерінің объектілері мен субъектілерімен біртұтас байланысы ғана емес, сонымен бірге сол жеке тұлғаның құндылық бағдарына дұрыс көзбен қарауы деп қарастыру қажет. Ол көптеген психикалық процестерді, қабілетті көтермелейді, оларға дем береді, адамның іс-әрекетін толыққанды, қуатты және жарқын болуына көмектеседі.

Құндылық бағдарының маңызды қасиеттерінің біріне оның серпінділігін, яғни жай ғана қызығушылықтан жеке бастың тұрақты қасиетіне дейін өзгеруін жатқызуға болады.

Білуге, үйренуге қызығушылық адамның ми қабатында оптимальды қозу ошағының пайда болуымен байланысты; адамның бір нәрсеге қызығуы кезінде оны тез арада жақсы түсініп, тұрақты қабылдаудың физиологиялық тұрғыдан түсіндірілу себебі де осыдан.

Білуге, үйренуге қызығушылықтың адамның санасын оятатын зор күші бар, ол қызығуды қанағаттандыру үшін амалдар мен қажет заттарды іздестірудің пәрменділігін, нәтижелігін арттыруға мәжбүр етеді.

Жалпы алғанда, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесіне қызығушылық мынадай факторлардан тұрады деп санаймыз:

1. Жеке тұлғаның құндылық бағдар проблемасына қызығу.
2. Жеке тұлғаның құндылық бағдар процесін меңгеруге талпыну, ықылас білдіру.
3. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасын меңгеруге ұмтылу, талпыну.
4. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін игеруге ықылас білдіру, қызығу.

Сонымен, жеке тұлғаның құндылық бағдар жүйесінің мотивация саласы: жеке тұлғаның құндылық бағдар процесі; жеке тұлғаның құндылық бағдары; жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықыластың пайда болуымен анықталады. Бұл басты өлшемдердің жекелеген көрсеткіштері;

1. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының маңыздылығын түсінуге, жеке тұлға проблемасына, жеке тұлғаның құндылық бағдарының ерекшеліктерін білуге ынталану, талпыну.

2. Жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің маңыздылығын түсінуге, құндылық бағдар процесінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын білуге, жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің амалдарын үйренуге, құндылық бағдар процесінің қайшылықтарын жеке білуге талпыну, қызығу, ынталану.

3. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасының маңыздылығын түсінуге, диагностиканың бағдарламасын жасай білуге, диагностиканың нәтижесін «көре білуге», диагностиканың нәтижесіне қарай тәрбие жұмыстарын жоспарлай білуге, жалпы тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін анықтап, белгілеуге қызығу, ынта-ықылас білдіру, ұмтылу.

4. Жеке тұлғаның құндылық бағдарының ғылыми әдістемесінің маңыздылығын түсінуге, ғылыми әдістемені тиімді пайдалана білуге, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ұмтылу, қызығу, ынталану.

Құндылық бағдары оқу танымдық әрекеттің сапалық мотивіне ықпал ете отырып, білім беруді жандандырады сонымен қатар, құндылық бағдары әрекеттің жиынтығымен байланысты және оның орындалуын анықтайды.

Әдебиеттер: тізімі:

1. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. -М.: Политиздат, 1996. – 301с.
2. Тугаринов В.П. Жизненные ценности нового человека. //В кн. Личность и общество. - М.: Мысль, 1985.- С.43.
3. Казакина М.Г. Ценностные ориентации школьников и их формирование в коллективе. – Л., 1989. – 84с.
4. Нұрғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностного ориентирования личности: дисс... доктор. пед. наук. - Алматы, 1993. - 336с.
5. Кудышева Б.К. Формирование профессионально-ценностных ориентаций старшеклассников общеобразовательной школы: дисс...кан. пед.наук. -Алматы, 1997. - 212с.
6. Джонисова Г.Қ. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру: пед.ғыл.канд... автореф.- Атырау, 2010- 30б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұбандықова А.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызту қауымд.проф. м.а.*

Кілттік сөздер: мінез-құлық мәдениеті, мектеп жасына дейінгі балалар, моралдық құндылықтар

Аннотация

В статье показаны особенности формирования навыков культуры поведения детей младшего дошкольного возраста. Работа предназначена для преподавателей вузов, работников дошкольных образовательных учреждений.

Annotation

The article shows the features of formation of skills of cultural behavior of children of preschool age. The work is intended for teachers of high schools, employees of preschool educational institutions.

Қазіргі қоғам адам тағдырына жаңа көзқараспен қарап, соған сәйкес балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды, білім беру жүйесін жаңартуды, балалардың білім сапасын жетілдіруде талаптарды күшейту, әр баланың білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың бітұтас жүйесін жасау керек.

Қазіргі педагогика ғылымы адамгершілік тәрбиені бала өмірінің алғашқы жылынан бастап моральдық сананы, адамгершілік сезімдер мен әдеттерді, адамгершілік мінез-құлықты қалыптастырудың мақсатқа бағытталған белсенді процесі ретінде қарастырады.

Қарастырылып отырған мәселе мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу аясында болмақ.

Мектеп жасына дейінгі балалардың (5-6 жас) қоғамдық және отбасы тәрбиесінің қолайлы жағдайларында құрбыларына, топ тәрбиешісіне, балабақша ұжымына деген сезімі анық байқалады. Балалар айналадағыларға ізетпен қарайды, мейірімді де сезімтал, үлкендердің ескертпелеріне зейінді, оларға қатты толғаныспен қарауға бейім оңай араласып кетеді. Өздерінің қылықтарын мадақтауды қуанышпен қабылдап, әлі де жақсырақ қылықтар істеуге дайындықтарын білдіреді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру процесі әр түрлі әрекеттер – ойын, еңбек ету, оқу арқылы өтеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиешісі оларды адамгершілікке тәрбиелеу дәрежесін есепке алады. Алғашқы күндерден бастап өз ойында күдік тудырып жүрген балалармен қандай жұмыс жүргізу керек екендігін; балалар сезімін тереңдете түсіп, өзге адамзатпен қарым-қатынаста ерекше көзге түсетін мейірімділік қасиетін дамыту қажет. Мінез-құлық нормалары мен ережелеріне сай істеу; қарама-қарсы мінез-құлық көрсететін балаларды қалай тәрбиелеу керектігі жөнінде тәрбиешілердің талқылағаны жөн. Бұл балалардың мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін үлкендерге құрметпен қарауды, достық өзара қарым-қатынас пен ұжымшылдық бастамасын, мейірімділік, достық, шыншылдық, адалдық, сипаттылық жөніндегі, Отанымыз пен еңбек адамдары жөніндегі моральдық түсініктерін қалыптастыруға тәрбиеге дифференцияланды, дара тәсілді жүзеге асыруға көмектеседі, заттарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеуде де көмегін тигізеді.

Балаларды саналы және мәдениетті етіп тәрбиелеуде маңызды психологиялық жағдай – баланың жақсы эмоциялық күйде болуы, бұлшық еті мен жан дүниесін, өзін-өзі қолайлы сезінуі. Көпшілік жағдайда қоршаған ортадағы қарым-қатынас стиліне, балабақшадағы және отбасындағы жағдайларға байланысты.

Баланың негізгі проблемасы мінез-құлықтың ерекшеліктерімен соншалықты байланысты болмаса да, ортаның талабына қарай өзгеріп отыратын психикалық процестің жұмылдырушылығы мен бейімделушілігінің төмендеу тәсілдерінің түрлері де тап сондай дұрыс болмайтын жағдайлары айтарлықтай жиі кездеседі.

Тәрбиеші балаларды тәрбиелеуде тәрбие жұмыстарының әр түрлі әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, балалардың мінез-құлық пен өзара қарым-қатынас ережелерін білуі және оларды күнделікті өмірінде орындауға тырысуы жөнінде қамтылуға тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән олардың қоғамдық бағыттанушылығын қалыптастыру болып табылады. Ол – балалардың нақтылы өзара қарым-қатынастарынан, олардың сөздерінен, құрбыларының қылықтарын бағалаудан және балалар ұжымының барлық мүшелерінің ортақ іс-әрекетінің жалпы бағытынан көрінеді. Бұл жастағы балаларда тәрбиеші белгілі бір мөлшерде сүйене алатын қоғамдық пікір қалыптаса бастайды. Балалар құрбыларының мінез-құлықтарын олардың өзіншілдік қылықтарын, іске ұқыпсыз көзқарасын сынай алады, жолдасының жақсы мінез-құлқын қуаттауын айта да алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұқыпты мінез-құлық дамуында айырмашылық байқалады. Бір балалар мінез-құлық нормаларын сақтайды, жақсы, тез, жұмыс істеп, басталған істі аяғына жеткізе алады, жолдасқа көмек етеді, бірігіп ойнау, еңбектену жөніндегі ұсынысты белсенді қабылдайды, қандай да болмасын ереже тәртібін бұзушылықты сезіп, ол бұзушылықты жоюға тырысады. Екінші біреулері жұмысты орындаған кезде ережені білмегеннен немесе жеткілікті дағдысының болмауынан қиыншылықтарды бастарынан кешіреді.

Мектеп жасына дейінгі баланың адамгершілік жақтан дұрыс дамып келе жатқанының бір белгісі – оның айналасындағыларға көмек көрсетуге ықылас ниетінің артуы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың үлкен адамдармен және құрбыларымен қатынас процесінде мінез-құлықтың мәдениетіде ұйымшыл дағдылары мен әдеттерінің қалыптасуы жалғасады.

Мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеудің негізгі және қажетті шарты – балабақшада күнделікті өмірді дұрыс ұйымдастыру, тәрбие процесінің жалпы құрылуы. Бір біріне сенімділік, балаларды қоршаған достық, ұстамдылық, педагогтың сырттай және іштей мәдениеттілігінің маңызы ерекше.

Балабақша тәжірибесінде адамгершілік нормалары мен ережелерін хабарлау және түсіндіру жұмысы оқыту процесі үстінде, балалардың күнделікті өмірі мен қызметі кезінде және арнайы жоспарланған әңгімелерде жүзеге асырылады.

Адамгершілік нормалары жөніндегі ой пікірлерді оқу процесінде, білімдер оқыту процесінде, негізінен алғанда оқытуда және тәрбиелеуде дамытып отыру қажет. Тіпті К.Д.Ушинскийдің өзі баланың адамгершілік жағынан қалыптасуына олардың кітап оқуының маңызды екенін атап көрсеткен болатын. Ол кез-келген туынды балаға өмірдің белгілі бір қырын танытатындығын айтқан.

Балалардың мінез-құлқы мен тәртібін тәрбиелеу – бүкіл педагогикалық ұжымның міндеті. Оны жекелеген тәрбиешілердің бытыраңқы күш-жігерімен шешуге болмайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем шығарма арқылы мінез құлқын қалыптастыру арқылы тәрбиелеудің маңызы зор, өйткені жеткіншектік және жасөспірімдік шақ кезінде қалыптасатын мінездің негізінде жататын психикалық процестерді және жеке адамның қасиеттерін тәрбиелеу туралы айтылғандардың көбінің бала мінезін қалыптастыруға қатысы бар. Мектеп жасына жасына дейінгі балалардың бойында негізінен орындаушылық сипаттағы іскерліктер мен дағдыларды тәрбиелеуге, оларды балабақшада, үйде және қоғамдық орындарда түрліше қарапайым ережелерді сақтай білуге үйретуге бағытталған. Сана-сезімді дамыту жөніндегі міндеттер де педагогтың қызметін балалардың бойында балалық және қоғамдық міндеттерді мүлтіксіз орындау рухында өзіне және жолдастарына қоятын талапты тәрбиелеу, арсыздық, өсекшілдік, дөрекілік, немқұрайдылық және т.б. фактілерге деген теріс көзқарасты қалыптастыру мақсатын көздейді.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылқытарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, ұжымдық, өзара көмек, қоғамға тән адамгершіліктің формалары, бұл – сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық заңдылықтары жатады.

Тәрбиенің саласы көп. Тәрбиеші оның ішінде ең бастысына ерекше көңіл бөледі. Мәселен, тәрбиеші балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге балабақшада және балабақшадан тыс кездерде мінез - құлықтың негізгі ерекшеліктерін үйрету міндетін шешу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жағымсыз қасиеттері де жоқ емес. Мысалы, олардың кейбіреулері бір беттілігімен, ашушандығымен, енді біреулері жай басарлығымен, немқұрайлылығымен, ұяңдығымен немесе керісінше шектен тыс белсенділігімен, ұшып- қонып тұруымен, әдепсіздігімен, тынышсыздығымен, тәртіпсіздігімен, жағымсыз жақтарымен ерекшеленеді. Бұл сапалар әлі берік орнықпаған, тек уақытша психикалық ерекшеліктер болып табылады, бұл сапалар келешекте олардың мінез-құлқына сіңісіп кетпеуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқын қалыптастыру және тәрбиелеу үшін тәрбиеші өз тобындағы балаларды, олардың тұрмыс жағдайын, ата-анасын, отбасындағы тәрбие деңгейін жете білуі керек. Өйткені бір баланы тәрбиелеу арқылы бүкіл топ балаларына дұрыс тәрбие беру ісі көзделеді.

Бүгінгі таңда педагогикалық ұжымның көңіл бөлетін міндеті – қоғамның қазіргі талабына жауап беретін, шығармашылықпен еңбек ететін, талапкер, ізденімпаз, мәдениетті, жауапты іскер адамды тәрбиелеу.

Мінез-құлық мәдениеті адамның ішкі мәдениетімен, эстетикалық талаптарымен, жалпыға ортақ бағыттармен және дәстүрлермен тығыз байланысты. Ішкі мәдениет көп ретте адамның сыртқы тәртібін анықтайды, алайда сыртқы мінез-құлық та ішкі мәдениетке әсер етіп, адамды ұстамды, іштей жинақы болып өзіне-өзі ие бола білуге бастайды.

Мінез дегеніміз – адамның өзіндік бағыт бағдарының жан дүниесінің ерекшелігінің тұрлаулы белгісі.

Тәрбиелі мінез адам бойындағы имандық қасиеттердің бар екендігін көрсетеді. Басқаларға қамқорлық, қадірлеу, жауапкершілік пен адалдық – мінез сапасының негізгі бітістері. Адамгершілік тәрбиесі бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай сапасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат – бағытына жүйелі түрде ықпал ету.

Ерте дүниедегі ойшылдардың айтуы бойынша қалыптасқан мінез – адам мәрі. Шынында да адам мінезі қандай болса, оның өмірдегі іс-әрекеті де сондай болады. Мінез негізінде адамның өмір тәжірибесінен алған әсерлі нәтижесінде қалыптасатындығын бұрын да айтқан болатынбыз. Бірақ адам барлық нәрсеге бірдей жауап бере алмайды. Өзіне керекті, қажетті нәрселерге айырықша қызыға қарап, олардың мазмұнын, мәнін терең қабылдайды. Ал өзіне керексіз нәрселерге мән бермейді. Демек, адамдағы өмір тәжірибесінің қалыптасуы оның мұрат-мақсатына, арман-тілегіне, ниетіне байланысты екендігі айқын. Осыған орай адамның мінез ерекшеліктерін зерттеуде ең алдымен оның мақсатына байланысты туған қызығуын, қажеттілігін анықтап алған жөн.

Өйткенмен тәрбиенің негізгі маңызды саласы – адамгершілік тәрбиесі, әдептілік пен имандылыққа, үлкендер мен кішілер арасындағы қарым-қатынас мәдениеті болып отыр.

Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру жұмысында Ф.Т. Бондарьдың негізгі жұмысы:

- тәрбиеші балаларға мәдени тәртіптілікті және үлгілі болуды үйрету қажет;
- балалардың іс-әрекетінде дұрыс мінез-құлықтың дағдылары мен ережелері игерілуі қажет;
- балалардың тәртіптілігін бақылауға алуды қалыптастыру;
- тәрбиеші балалардың тәртібіне объективті баға беру қажет;
- тәрбиешінің балалармен жұмысында жеке көңіл аударылып жұмыс істеуі қажет.

Дегенмен, қазіргі уақытта жастар тәрбиесіне, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мәселесінде қазақтың халықтық педагогика арқылы балаларды тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл аударылып келеді. Соның ішінде Қисымова Алима Қисымзының ғылыми еңбегі балаларға адамгершілік жыныстық тәрбие беру мақсатында алғаш рет халықтық педагогиканың тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындап, халықтық педагогиканың дәстүрлері өнегесіне балалар қарым-қатынасының қалыптасуы деңгейінің өлшемдерін анықтап, қазақ халқының өнегелі дәстүрлерін пайдаланудың тиімділігін ұсынды.

Мектеп жасына дейінгі баланың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және өнегелі мінез-құлықтарына байланысты болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда тәрбие әдістерінің тиімді пайдалану қажет. Тәрбие әдістерін тиімді жетілуі бір мақсатқа, мазмұнға негізделген тәрбие бағытын қолдайды. Осыған орай тәрбие әдісін мына топқа бөлуге болады:

- тұлғаның ақыл ойын, санасын қалыптастыру;
- іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық, құқықтық тәжірибе қалыптастыру;
- іс-әрекетке және мінез-құлыққа ынталандыру әдістері.

Баланың мінезіне оның эмоциялық тәрбиесі де әсер етеді. Сезімтал болу: өзгенің табысына қуану және біреудің қайғысын шын көңілімен бөлісуі – мінездің маңызды сипаты. Мұндай сезім мектеп жасына дейінгі балаларда әлі жеткілікті дами қоймайды. Олардың балалықпен жолдастарын күндеушілігі жиі болып тұрады, өздері бастан кешірмеген қасіретті мүлдем түсіне де қоймайды. Сондықтан балаларда өзін басқаның орнына қойып көру қабілетін тәрбиелеу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Е. А. Алябьева «Нравственно-этические беседы и игры с дошкольниками». –М.,2003.
2. Бархатова «Воспитание культуры поведения». // Д/в №11 – 2009. [Воспитание нравственных](#) чувств у старших дошкольников: 2-е изд.//
3. Буре Р. С., Година Г. Н., Шагова А. Д. и др.; Под.ред. Виноградовой А.М.
4. Купина Н.А, Богуславская Н.Е Веселый этикет. Нравственное воспитание, развитие коммуникативных способностей ребенка, сюжетно-ролевые игры. – М., 1992. - 176 с.

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Кульбаева Б.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Ақтөбе қ.*

Кілт сөздер: этникалық тәрбие, этнопедagogикалық білім мен тәрбие, этномәдени білім, этникалық біртұтастық, сабақтастық.

Аннотация

В статье рассмотрены структуры этнического воспитания. В период развития глобализации в воспитании молодежи нашего государства особо важное место занимает национально- духовное наследие, то есть, этническое воспитание.

Annotation

In the period of globalization in the education of young people of our state occupies a particularly place of national spiritual heritage, that is ethnic education.

The article describes the structure of ethnic education

Бір жылдықты ойласаң егін ек,

жүз жылдықты ойласаң ағаш ек,

мың жылдықты ойласаң ұрпақ тәрбиеле.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық саласында болып жатқан сан өзгерістерге байланысты халықтың педагогикалық мәдениетінде, тарихында қалыптасқан озық тәжірибелерін зерттеп, саралауға баса назар аударылып отыр. Қазіргі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру процесі кезінде әр ұлт өз мемлекетінің рухани мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке бет бұруы заңды құбылыс.

Әр мемлекет, әр қоғамның халқын белгілі бір бастауларға итермелейтін, біріктіретін, ауызбіршілігін нығайтатын бір идея болуы қажет. Елбасымыз қолдап отырған «Мәңгілік ел» идеясының негізі Отанды сүйу, бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесін қосудан тұрады. «Мәңгілік ел» идеясының түп төркіні әріде жатыр. Елдің келешегі тәрбиелеп отырған ұрпағымыздың қолында. Қазір заман ағымы талап етіп отырған әлемдік деңгейде жеке тұлғаны қалыптастыруды үйлестіретін оқыту мен тәрбие жүйесін құрудың қажеттілігі артып отыр. Бұл қажеттіліктің мазмұнын ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениет құрайды.

Өз ұлтымыздың мәдениеті мен тарихын білмей заман талаптары мен мәдениеттеріне жауап беретін рухани бай тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес.

Бүгінгі елдің алдына қойып отырған міндет адамзат мәдениетінің санғасырлық өркениет жетістіктері мен ұлттық рухани мәдениетін саралай отырып меңгерту, жастарды өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, ұшқыр ойлы, жаңашыл іске ынталы, талантты толыққанды халық азаматын тәрбиелеу болып табылады.

Жер жүзінде екі мыңнан астам ұлт пен ұлыс тіршілік етеді десек, олардың әрқайсысына тән әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері бар. Олар- сол халықтың мәдениет деңгейі, рухани байлығы, ұлттардың бір-бірінен айырмашылығының белгілері.

Дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана қоғамдағы әлеуметтік қатынас мәдениетін көрсетумен қатар, тәрбие талаптарының негізін құрайды. Адамдардың қоғамдасып өмір сүруінің және ұйымдасуының маңызды формаларын көрсетеді.

Халықтың өзіндік бейнесін сақтап қалуда жеке саяси-әлеуметтік өзгерістер барысында ұлттық тәрбие ерекшеліктерін ұштастыра отырып пайдаланғанымыз жөн. Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, уақыт сынынан өтіп, екшеленген ұлттық нышандағы әдеп нормаларын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Дәстүр мен әдет-ғұрыптар ғасырлар бойы қалыптасып, уақыт екшеленген әдеп нормаларын ескере отырып этникалық тәрбиесінің идеялары мен формалары арқылы этнопедагогикалық тәрбие сабақтастығын құруға болады.

Бұл туралы өз зерттеулерінде ғалым К.Ж.Қожахметова этникалық тәрбие физикалық, рухани, еңбек саласында, жалпы отбасылық тұрғыда, материалдық-экономикалық тұрғыда сабақтастықта жүргізілетінін көрсеткен.

Жоғарыда айтылған әрбір сабақтастықтың маңызы мен мазмұны тереңде жатыр. Сабақтастық этнопедагогиканың ерекшелік белгісі болып табылады, ол арқылы этникалық тәрбиенің негізгі идеяларының, формалары мен құралдарының сабақтастығы қамтамасыз етіледі. Сабақтастық – бұл қоғамдық өмірде жинақталған тәжірибені келер ұрпаққа беру процесі. Бұл дәстүрлердің үздіксіз өзін-өзі дамыту және жаңарту процесі.

Өркениеті дамыған елдер есебінде келе жатқан мемлекетіміздің жастардың болашағына көп көңіл бөлетіні анық. Әлемдік кеңістікте елімізді танытатын жастар. Ұлт ұрпақтары ел мен елдің шекарасы ашылып, жастардың шет елдерде білім алуына жол салынып, үлкен мүмкіндіктер берілуде. Осы мүмкіндікті пайдаланған кейбір жастарда, ата-аналарда біздің ұлттың менталитеті, кейбір адами қасиеттеріміз басқа елде ортада өзін ұстауға кедергі болмайды ма деген сұрақтар ой туғызады. Сонымен қатар рухани жүдеулік, парықсыздық және мәдениетсіздіктің белең алуы көптеген жауабы жоқ сұраққа айналуда.

Қоғамның рухани жағынан азғындауы кең етек алып бара жатқандықтан ұлттық болмысымыздың өзегі болып табылатын менталитет мәселесі қоғамдық ойдың негізгі мәселесіне айналды.

Жастардың қазіргі уақытта батысқа еліктеуі ұлттық құндылықтарының өзгеруіне әсер етеді. Отбасында, оқу орнында алған тәрбиемізбен қазақтың қанына тән менталитеті бірігіп тұлға дамуында ұяндық, сыпайылық басым болуына әсер ететіні анық. Дей тұрғанымен адамды адам кейпінде қалдыратын да осы әдептілік белгісі екені белгілі. Әдептіліктің түпкі қазығы ұлттық тәрбие, яғни этникалық тәрбие. Адамның этникалық параметрлері назардан тыс қалып қойды, ал саяси тұрғыда ұлттық қатынастар саласындағы күрделі құбылыстарға әкеледі [1.56].

Зерттеушілер С.Б.Дорженов, А.Коновалов, С.Нұрмұратов «ұлттық», «этникалық» ұғымдарының мазмұнын ұлтқа байланысты құбылыстар мен үрдістерді диалектикалық-әлеуметтік және этникалық бірлікте зерттеген.

Этникалық тәрбие мазмұнын ұлттың бірегейлік, сабақтастық, ұлттық мінез құрайды. Этникалық тәрбие этноәлеуметтік факторлардан айрықшаланатын этностық этномәдени құрамдысына зейінді ерекше шоғырландыруға мүмкіндік береді, бұл әдістемелік және практикалық жағынан аса маңызды болып саналады. Этникалық тәрбие адамның этникалық санасының қалыптасуын, этникалық қауымның өмір сүру салтын, мінез құлқын ережелері мен этикет нормаларын меңгеруді қамтамасыз етеді. Этникалық тәрбие беру этникалық білім берумен тығыз байланыста. Ж.Ж.Наурызбай: «этномәдени білім беру –бұл жеке тұлғаны ана тілі мен мәдениетіне баулу және бір мезгілде әлемдік мәдениеттің құндылықтарын меңгерту арқылы, оның этномәдени ұқсастығын сақтауға бағытталған, оқыту және тәрбие жүйесі»-дей отыра, автор: «әрбір азамат қазақстандық қоғамға көпмәдени жеке тұлға қалыптастыру арқылы, жалпы орта білім беру жүйесімен қамтамасыз ету»-деп этномәдени білім берудің міндетін көрсеткен. Этникалық тәрбие мен этномәдени білім беруді ұштастырып, байланыстыратын бұл ұқсастық. Өзінің мәдениеті арқылы өзге халықтардың мәдениетін түсінеді. Этникалық тәрбие –көп мәдениетті бойына сіңірген тұлға тәрбиелеудің бірінші сатысы, этникалық тәрбие –ерекше терең тәрбие, ол отбасының, мектептің, әсіресе бастауыш мектептің рухани қоры іспетілі –деп К.Ж.Қожахметова

тұжырымдама жасайды. Қазақ халқының этникалық тәрбие жүйесінің мазмұны терең, әрі бай. Этникалық тәрбиені дәстүрлі тәрбиемен қатар қолдана отырып, тұлға бойында адамгершілік –имандылық сапаларын, ақыл-ойын, ұлттық дүниетанымы мен өзіндік сомасын, ұлттық рухын т.б тәрбиелеп қалыптастыру қарастырылады.

Этникалық – мәдени білім беру жүйесіне көшу- бір сәттік шара емес, өзіндік кезеңі бар ұзаққа созылған үрдіс.

Г.Р.Бахтиярова қазақ халық педагогикасындағы ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі түсінік-отбасынан бастау алатын адамгершілік, имандылық, еңбек, ақыл-ой, дене экономикалық, эстетикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие міндеттерінің жүзеге асырылуына келіп тіреледі. Дана халқымыз бүгінгі әлеуметтану ғылымының «адам адам болып тумайды, қалыптасады» деген [2.183].

Ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық, ұлттық мәдениет, ұлттық менталитет бір-бірін толықтыратын ұғымдар. В.И.Куралиев өз ойларының негізгісі ретінде былай деп көрсетеді: елдің болмысы оның дәстүрінде, аңыздарда жатыр және сол дәстүр мен аңыздар ұлттық менталитеттің мәнін ашуға көмектеседі. Халық болмыстың ерекшелігін тану оның өмір сүру ерекшелігін түйсінумен тығыз байланыста.

Сонымен, этникалық тәрбие дегеніміз - ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар құндылықтар негізінде ұлттық сананы, мінез-құлықты қалыптастыру. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады. Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, авторлық бағдарламалар жасап, арнайы пән ретінде енгізу қажет.

Д.Кішібеков былай деп жазды: «қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны европалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» [3].

Демек жастарға этникалық тәрбие беруде қазақ халқының менталитетін алдыңғы қатарға қойған дұрыс.

Қазақ халқының менталитетінің этномәдени архетиптері қатарына кеңпейілдікті, жомарттықты, кішіпейілдікті, әдептілікті, төзімділікті, парасаттылықты т.б жатқызуға болады.

Жоғарыда айтылған әдеп-инабаттылық нормалардың көргенділіктің ел арасында әспетте бұзылуы, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты жоғары, істің көзін білетін талант иелерін даярлауға және оларды ұлттық игілікке айналдыруға айтарлықтай кері әсерін тигізуі [3:12].

Қазақ баласын кішіпейіл қарапайым болуға тәрбиелеген. Ұлықпан Хакім қарапайымдылықтың жеті сипатын көрсеткен: ізгілікке құштарлы, айбатсыз елету, міндетсіз иба, дуалсыз қорған, кешірім сұраудан құтылу, періштедей тазалықайыптан адалдық. Демек, даналықтың, ақылдылықтың, ұлылықтың белгісі бұл кішіпейілділікпен қарапайымдылық. Халық «Кіші пейілділік- кішілік емес, кісілік»-деп, босқа айтпаған.

Аса жоғары бағаланатын әр адамға тән мінез- сабырлық, төзімділік, шыдамдылық. Сабыр – әдептілік-инабаттылықтың рухани тірегі. Кез-келген жағдайды мәрттік пен қабылдап, сағы сынбай, дұрыс шешім қабылдаудың өзі үлкен сын.

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтың «қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған» [3:21]

«Ар мен намысты» асқақтата білген аға ұрпақтың тәрбие мұралары батырлық пен ерлікпен ұштасқан. Рухани мұраның мақал-мәтелдер мазмұнында, «намыс», «ар», «ұят» түсініктері мен астарласып жататын қайырымдылық, мейірімділік, әдептілік секілді адамдар бойындағы адамгершілікке толы қасиеттер дәрістеледі. Оны «Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады», «Ақылды болсаң арынды сақта, ар ұят керек әр уақытта» және т.б мақал-мәтелдерден байқауға болады.

Адамзаттың рухани даму, ақыл ой тарихына көз жіберсек, қай заманда болсын адамның асыл, аяулы қасиеттерінің барлығы ақылдылықпен сабақтасып жатыр. Қазақ халқының түсінігінде жан-жақты жетілген адам тұлғасына тән ең басты сапаның бірі-ақыл. Ақыл- қоғам мәдениетінің көрсеткіші. Ақылдың серігі парасаттылық. Білім парасаттың ішкі нәрі, сыртқы шырайы. Білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық дәріптейді, қастерлейді.

Дана Абай өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде бұл мәселеге үнемі оралады. Ол парасат ұғымын адам болу (Адам болам десеніз) толық адам болам деген сөздермен белгілейді. «Адам» сөзінің астарында жоғарыда аталған адами қасиеттердің барлығы жатыр.

Осы орайда, «Атаның баласы болма, адамның баласы бол!» деген қағиданы қазақ қашанда басшылыққа ала отырып, баласын жақсы көрумен қатар, қатаң талап қоя отырып тәрбиелеген. Қазақтар өмір сүру барысында жас ұрпақты тәрбиелеудің өресі кең, бай тәжірибесін жасаған халық. Халық өмірінде ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды, көптеген тәрбие құралдарын, әдіс-тәсілдерін қазіргі жаңа технологиялармен сабақтастыра отырып этникалық білім беру жүйесін құру арқылы елжанды, толықанды адам тәрбиелеу мүмкіндігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: Қазақстан халқына жолдауы// Ақтөбе облыстық қоғамдық саяси газеті. 2014. №7.
2. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2012. -248 б.

3. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті: тарих, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2012. -372 бет.
4. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика: Оқулық. 2-ші басылым/Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. – Астана: Фолиант, 2010. -400бет.
5. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1998. -272 бет.
6. Нурмуратов С. Ұлттық этикалық жүйенің негізгі ұғымдары // Ізденіс. 1995. № 1. С. 58-65.

МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ЭТНОС СУБЪЕКТИСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА

Айтжанова Р.М.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік

университетінің доценті

Қарағанды қ.

Кілттік сөздер: Этнос, этнос теориясы, этникалық қауымдастық, ру, пассионар теориясы, этнос субъектісі.

Аннотация

В статье рассматриваются теории воспитания субъекта этноса, которые будут способствовать воспитательному процессу современной общеобразовательной школы. Вместе с тем, автор анализирует понятия род, народность, нация в контексте социально-педагогических проблем.

Annotation

The article deals with the subject of ethnology theory of education, which will contribute to the educational process of modern secondary school. At the same time, the author analyzes the concept of race, nationality, nation in the context of social and educational problems.

Этнос субъектісін қалыптастыру өте күрделі проблема болғандықтан, оның ғылыми-педагогикалық негізін анықтау үшін, басқа ғылымдардың (этнология, психология, педагогика) теориялық тұжырымдары мен нұсқауларына сүйенуге тура келеді.

Қазіргі уақытта біз зерттейтін мәселеге байланысты көзқарас, қызығушылық этнос жайлы әртүрлі теориялар бар. Сондықтан, бұл теорияларды талдауды біз төмендегідей көзқарас тұрғысынан жүргіземіз: 1) теорияның негізін құрайтын идеялар; 2) этнос теорияларының этнос субъектісін қалыптастырудағы маңызы.

Этнос мәселесін түбегейлі түсіну үшін, ең алдымен «қауымдастық» деген сөз қандай мағынада қолданылатынына тоқталайық. Табиғат, қоғам және органикалық дүниенің дамуына ортақ заңдылықтар тән. Оларды ескермеу ой желісін шындықтан қиялға бұрып, даму бағытын біржақты түсіндіреді. Сол заңдылықтардың ішінде дифференциация (даралық) мен интеграцияның (ынтымақтастық) алатын орны бөлек. Биологиялық түр ретінде Homo Sapiens (саналы адам) алуан түрлі қауымдастықтарға бөлінеді. Солардың ішінде ұлттардың алатын орны ерекше [1].

Этникалық қауымдастық саласындағы терминологиялық пікірталас ұлт феноменінің күрделігін көрсетеді. Ал бірінғай құбылыстарды анықтайтын терминдердің алуан түрлілігі әрқилы ой тудырып, этникалық процестерді танып-білуге қиындықтар келтіреді. Бұл жағдай оқу процесіндегі пайдаланып жүрген терминдерді бір жүйеге түсіріп, қайсысын негізге алу керектігін талап етеді. Енді аты аталған мәнді ұғымдарға жеке-жеке тоқталып көрелік:

- нәсіл, нәсілдік топ ұғымы адамдардың тұқым қуалайтын генетикалық табиғатына байланысты биологиялық, антропологиялық сипаттарын белгілейді;

- ру ұғымы адамдардың ортақ арғы ата-бабаларынан тараған қандастық, туыстық байланыстарын анықтайтын қауымдастықты білдіреді. Рулық қатынастар қазіргі кезеңде де өзінің мәнін жойған жоқ;

- тайпа – белгілі бір мекенде (территория) тұратын, ортақ тілі, діні, әдет-ғұрпы бар рулар мен рулық қауымдастықтардың одағы;

- ғылыми әдебиет пен оқулықтарда жиі қолданылатын терминнің бірі – халық (народность). Халық ұғымы үш мағынада қолданылады.

Біріншіден, белгілі бір елде қоныс теуіп, өмір сүретін тұрғындар сол елдің халқы деп аталады (қазақстан халқы, ресей халқы және т.б.). Бұл ретте «халық» ұғымы этностық емес, территориялық мемлекеттік мағынаны білдіреді.

Екіншіден, бұл термин этникалық қауымдастықты (орыс, қазақ, татар, т.б.) білдіреді. Ал бірінғай дара ұлтты мемлекеттерде (ұлт, халық ұғымдарының мазмұны біртектес.

Үшіншіден, «халық» деп көп ұлтты мемлекетте сан жағынан аз халықтың тобын атайды.

Сонымен қатар, ең алғашқы «этникалық қауым» терминін әдебиетке кіргізген әйгілі ғалымдар М.Г. Левин мен Н.Н. Чебоксаров болды. Олардың пікірлерінше: этникалық қауым - өзінің тілі, мәдениеті, мекен ететін жері (территориясы) бар тарихи қалыптасқан адамдар тобы ретінде анықтайды [2].

Аталмыш авторлардың тұжырымдары мен келісе отырып, этникалық қауымдар классификациясын қарастыруда біз қарапайымнан күрделіге өту принципін басшылыққа аламыз. Қарапайымдылық жағынан «Этникалық категория» және «этнофор» ұғымдары бір мағынаны білдіреді. «Этнофор» ұғымы өздерін белгілі бір этноспен бірегейліктерін мойындайтын тұлғалардан құралатын этникалық қауымды білдіретін белгі [3].

Біз қарастырып отырған этнос субъектісі ұғымының мәнін анықтау үшін біздің зерттеуімізге арқау болған Л.Н.Гумилевтің этнос теориясы [4;5;6]. Ғалымның этнос туралы теориясын бағалауда әр алуан көзқарас болғанына қарамастан, оның жекелеген идеялары – «пассионар теориясы» этнос субъектісін қалыптастыруда маңызды әрі аса құнды деп ойлаймыз.

Ғалымның пікірі бойынша «эндогамия» - ұлттың биологиялық төлтума бітімін сақтап, оның жойылып кетуінің алдын алады. Бұл теория аралас некенің сандық шегін анықтап, одан аттау ұлтқа қауіп төндіретіндігін ескертеді.

Біздің ойымызша, қазақ халқының ойшылдарының еңбектерінде кездесетін «толық адам», «түзу адам», «сегіз қырлы, бір сырлы» ұғымдары ғалым Л.Н.Гумилевтің «пассионар» теориясымен сәйкес келеді, әрі бірін-бірі толықтырады. «Толық адам» ұғымы жас ұрпақтың бойына рухани - адамгершілік құндылықтарды бағалай білетін адам қалыптастыру мақсатында пайдаланылса, «пассионар» ұғымында рухы биік, ұлттық сана-сезімі жоғары Адам қалыптастыру мүмкіндігі туындайды.

Мұндағы айтарымыз *пассионарий адамдар* – мол рухани психикалық қайрат иелері, олар бар күшін жоғары мақсатқа – ұлт (этнос) мүддесіне жұмсайды, оны өзінің жеке мүддесінен анағұрлым жоғары қойып, баю, дүние жиюға емес, жан-тәнімен ұлт мүддесіне қызмет етуге сарп етеді. Олар басында аз болғанымен, көпшілікті өзіне ілестіре алады, этносының есінде, тарихта қалатын шаруалар тындырады.

Л.Н.Гумилевтің айтуы бойынша, этностың пайда болуы пассионарлық дүмпуден басталып, соның күші жойылғанша этнос ішіндегі пассионарийлер мен субпассионарийлердің күресінен, текетіресінен құралып, ғасырлар бойы созылып, этностың құруымен аяқталады. Ол дүмпу – пассионарий адамдардың әрекеті, ондай адамдар этностың гүлденуін қамтамасыз етеді. Бастапқыда олар бастаған этнос соғысып, бабаларымыздың айтуынша, «тізесі барды бүктіріп, басы барды игізіп», өзін танытып, өміріне қажетті кеңістік, жер, ландшафт иемденіп, соның қожасы болады. Сол жерде тұрып, дамып, гүлдеп, мәдениеті шарықтап, толастайды. Заман өте этностың пассионарийлері азайып, субпассионарийлері көбейіп, ол әлсіреп, рухани азайып, мәдени тозып, жоқ болады. Ал адамзат тарихы одан әрі жалғаса береді.

Біздің зерттеуімізге негіз болған Л.Н.Гумилевтің этнос теориясын түйіндейтін болсақ, ұлттың қалыптасуының, дамуының өзара байланысты, үйлесімді сатылары, көптеген жылдарға созылады. Дамудың жаңа кезеңі келесі пассионарлық күштің әсерінен болады. Бұл жерде жаңа пассионарлық популяция пайда болады. Ол ескі этносты жоймайды, керісінше, этногенездік процестің дамуына жол ашатын жаңа ұлт өкілін, яғни этнос субъектісін дүниеге әкеледі.

Сондықтан, жоғарыдағы қарастырылған мәселелер бойынша мына сенімді ой-тұжырымдарға келуге болады деп ойлаймыз: ұлтаралық қарым-қатынастар тұсында этностардың *кірігуі, сіңісуі, этностың ыдырауы, жойылуы немесе жою процестері* елеусіз жүріп жатады. Қоғамдық, әлеуметтік, саяси ықпалдардың салдарынан мұндай процестердің даму қарқыны жылдамдап не бәсеңдеп отырады. Ол ең алдымен этнос өкілінің өзіне тән ұлттық белгілеріне (туған тілі, туған тарихы, мәдениеті) ие болуына байланысты болады.

Ю.В.Бромлейдіңімі көптеген этнос теорияларының ішінен, өзінің көп мағыналылығымен және мұқият талдауымен ерекшеленеді. Біз үшін ғалымның этностың дуалистік табиғаты жөніндегі идеясы аса құнды. Этностың дуалистік табиғаты жөніндегі идеясының бастамасы мынада этнос тар мағынада «этникос», кең мағынада – этноәлеуметтік организм (ЭЭО) деген ұғымға ие болады.

Әрбір ересек адам, қай жерде жүргеніне қарамастан, қандай да бір этносқа жатады: кейде оның негізгі өзегін құраса, кейде оның “*элеусіз*” бөлігіне енеді. Осының нәтижесінде адамзат кез-келген мезгілде «*этникостар*» жиынтығы болып табылады [7;8;9]. Мысалы белгілі бір себептермен кезінде өз ата жұртынан басқа (Монғолия, Қытай, Франция, Германия, Турция,) елге қоныс аударған қазақтар. Біздің зерттеуіміз үшін бұл теорияның маңыздысы, қандастармыз жер шарының қай жерінде жүрсе де өзінің тілін, тарихын, мәдениетін сақтап қалып, өз отанына оралуды мақсат етіп отыр.

Біз зерттейтін мәселе тұрғысынан алғанда, этнос субъектісін қалыптастыруда оның: «Әрбір адам ұлттың этникалық сипаттарына жататын және соған сай этникалық сана-сезімде көрініс беретін мәдениеттің, тілдің, мінез-құлықтың, тарихи тағдырдың, т.б. жалпылығын бірдей бөлісіп, белгілі бір мөлшерде түйсінген жағдайда ғана өз ұлтының мүшесі бола алады» - деген Ю.В. Бромлейдің ой-пікірі аса құнды әрі маңызды [10]. Осыған сәйкес, берілген теорияны қарастырып отырған мәселеміздің әдіснамалық негізі ретінде қабылдаймыз.

Сонымен, қорыта келгенде жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша мына сенімді ой-тұжырымға келуге болады:

а) этнос - өздерін өзге қауымдарға қоятын, шығу тегі жөнінде ортақ мифі бар, өзіндік сана-сезімімен, өзіндік атауы (этноним) және өзіндік бірегейлігімен өзгелерден ерекшеленетін күрделі динамикалық жүйе;

ә) этнос – құрамы жағынан өте күрделі адамдар бірлестігі және этнос этникалық қауымдастықты білдіреді;

б) этнос - кең мағынада этноәлеуметтік организм, оған мысал, экономикалық және саяси қауымдастығы бар ұлт;

в) этнос - өзіндік тәртіп таптауынымен (стереотип) ерекшеленетін тұрақты, табиғи құрылған адамдар ұжымы;

г) этнос – табиғи-тарихи негізде қалыптасып, “біз” бен “оларды” салыстыру мен қарама-қарсылыққа негізделген адамдардың қауымдастығы.

д) этнос - тобыр емес, ұжым, яғни әлеуметтік қауым. Бұл анықтамалардан түйіндейтіміз, “этнос” - тарихи уақытта заңдылықтарға сай өзгерістерге түсіп отырады және әлеуметтік өлшемде өмір сүреді.

Жоғарыда қарастырылып отырғандай этностың маңызды сипаты мәдениет болып табылады. Өйткені, этнос өкілінің ұлттық ерекшеліктері, ең бірінші, мәдениеттен көрініс береді. Елімізде болып жатқан түрлі теріс қылықтар ұлтымыздың кейбір өкілдерінің осы қағидаларды ескермеуінен туындайды. Демек, өз ұлтының мәдениетін меңгеру барысында ғана этнос өкілінің ұлттық өзіндік санасы қалыптасады.

Ұлттық өзіндік сана категориясын қарастыру, бізге психология ғылымындағы «менталитет», «біртектілік» деген өте бір-біріне жақын ұғымдарды талдау үшін қажет.

Н.Елікбаевтың пікірінше, ұлттық өзіндік сана ұлттық психологияның компоненттерінің бірі болып табылады. Бұған *ұлттық жетістіктерді бағалау, өз ұлтын сүю, оның басына түскен қиыншылықтарын бірге бөлісу, ұлттардың өзара айырмашылығын ажырату* жатады. Ұлттық сана-сезім ұлттың этикалық өзгешеліктерінен туындайды. Ұлттық сана-сезім ұлтаралық қатынастардың дамуында айрықша рөл атқарады, ұлтаралық қатынасыз адамзат баласы қарқынды түрде дамымайды [11].

Демек, Ж.Ж. Наурызбайдың «жан-жақты мәдениетті тұлға» өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстанған адам деген пікірі мен К.Ж.Қожахметованың этнос субъектісі өз тілін, тарихын, мәдениетін толығымен біледі деген ой-пікірлерінің маңызы өте зор.

Ғалым Қ.Жүкештің пікірінше, ұлттық мүдденің қойылуы, түсінілуі және қанағаттандырылу деңгейі ұлттық өзіндік сана деңгейін де айқындайды, ал «ұлттың санасы» бұл жерде мәнге ие – ол қазақ ұлтының санасын көрсетеді. Мүдде – келешекте іске асырылатын мақсат-мұраттардың жиынтығын көрсетсе, сана – қазіргі кездегі ұлттық ойдың жеткен жерін айқындайды [12].

«Ұлттық өзіндік сана, - деп жазады Н.Жанділдин, - ұлттарға тән арнаулы көрсеткіш, тарихи түрде дамыған, бір ұлттардың екінші бір ұлттардан типінен айырмашылығын айқындайды [13].

О.Х.Аймағанбетова ұлттық өзіндік сана – жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік-этностық қауымдастыққа қатыстығын сезінуі және идеяларда, көзқарастарда, сезімде, эмоцияда, көңіл-күйді көрінетін қоғамдық қатынастар жүйесіндегі оның орны деп атап кетеді [14]. Ұлттық сана-сезімін жоғалтқан ұлт құрып кету қаупіне ұшырайды.

Ұлт өкілінің жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы мен сезімі, арманы мен талғамы, кісілігі, яғни «менталитет», «біртектілік» сияқты жеке-дара ерекшеліктері қалыптасады.

Этникалық сөздікте «менталитет» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Этникалық менталитет грекше Etnos – халық, французша Mentalie – рухани», яғни әр халықтың өздеріне тән ойлау жүйелері, мәдениеті, өнері, тілі. Менталитет қай тілде айтылмасын, оның негізі латын сөзінен (Mentalyti) алынған. Бұл ұғым жеке адамдардың болмыс-бітімін, ойлау түрін, сонымен бірге мүмкіндігін бейнелеп, олардың басқа физикалық құбылыстардан ерекшелігін ажыратып береді [15].

Д.Кішібеков «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» деген еңбегінде менталитет ұғымына кең көлемде түсінік береді. Ғалымның пікірінше, менталитет санаға тікелей байланысты. Шығыс халқының, олардың ішінде қазақтардың өз менталитеті бар. Көшпелі өмірден туындаған қазақ елінің менталитеті – бірте-бірте қалыптасқан мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ойлау жүйесін, салт-санасын бейнелейтін рухани келбетінің сомдалған жиынтығы [16].

Менталитет алдымен бүкіл халыққа, одан соң оның жеке өкілдеріне тән. Ол жеке адамдар арқылы көрініс беріп, жалпы сол ұлтқа, халыққа тән қасиет ретінде танылады.

Менталитет мәңгі қатып қалған дүние емес, ол да өзгереді. Күнделікті өмір көшіне ілесе алғандары қала береді де, ал қалғандары жойылып кетіп отырады. Өзгерген менталитеттің жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Халық менталитетінің өзгерген жақсы жағы мемлекетті дамытып, оны алдыңғы қатарға көтереді. Соған сәйкес прогреске сай келмейтін ескі әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер ұмытылып, жаналары қалыптасады. Өйткені, өмір сүру тәсілі өзгерсе, соған сай қоғамдық болмыс, қоғамдық пікір де өзгереді.

Әрбір халықтың өзіндік менталитеті бар, себебі, өзінің бет-бейнесі, ерекшелігі айқындалмаған халықтың тарихта болуы мүмкін емес.

Жоғарыдағы қарастырып отырған мәселелер шынайы ұлт өкілін қалыптастыру үшін, ұлттық тіл мен мәдениет мәселелерін тереңірек түсіну үшін, ұлттың келешегін қамтамасыз ету үшін өте қажет деп ойлаймыз.

Қарастырып отырған менталитет ұғымы біртектілікпен тікелей байланысты. «Біртектілік» - дегеніміз, тұлғаның өз-өзіне сыртқы ортаның қасиеттері мен ерекшеліктерін дарыту, жеке тұлғалық өмірінде берілген жағдайда өмірлік маңызға ие белгі-қасиеттерді маңыздандыруға ұмтылу процесі ретінде түсіндіріледі. Ұқсастыру еліктеу процесінің негізі болып табылады, яғни күш көрсету арқылы емес, адамның өзі ие болғысы келген құндылықтар мен қасиеттерді еркін таңдауы.

Этникалық біртектілік мәселесі біз үшін өте маңызды. Өйткені ұлттан тыс тұлғаның болмайтындығы баршаға мәлім, әр адам қандай да бір этникалық топтың мүшесі. Жаңа туған сәби өзіне қандай да бір ұлтты

таңдау мүмкіндігіне ие болмайды. Шыр етіп дүниеге келісімен, оның тұлғалық негізі оны қоршаған ортаның ережелері мен салт-дәстүрлеріне сай қалыптасуы қажет. Біртектілік арқылы этникалық құрылғылар мен мінез-құлық таптауының қалыптасу механизмі ретінде еліктеу жүреді. Осы арқылы туған этникалық ортасының тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, әлеуметтік және этникалық нормаларын меңгереді.

Этникалық біртектілік мәселесін тарихи тұрғыдан зерттеу төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді, әртүрлі себептер мен жағдайларға қатысты этникалық біртектілік қалыптасу процесінде оның тұрақты белгілері мен қасиеттерінен ажырататын негізгі типтері бар:

- қалыпты біртектілік – осы арқылы халықтың түр-тұлғасы қабылданып, оның мәдениетіне, тарихына жақсы көзқарасы қалыптасады.

- этноүстемдікті біртектілік – бұл арқылы этносқа тиісті болу үстемші құндылық ретінде сөзсіз қабылданады. Сондай-ақ өз халқының үстемдігін дәріптеу, басқа этностармен араласуда өзіндік ерекшеліктерін сақтауға ұмтылу сияқты жағдайлармен де айқындалады.

Кейбір әдебиеттерде бұларды интеграцияланған біртектілік деп атайды.

- этникалық енжарлық – адамдардың өз этносы мен этносаралық мәселелеріне, өз халқы мен басқалардың да құндылықтарына немқұрайлылық танытқанда көрініс табады. Олар этникалық топтардың арнайы ережелері мен әдет-ғұрыптарынан тәуелсіз топ. Бұны біз ассимиляциялық біртектілікке сәйкестендіреміз.

- этнонигилизм - космополитизм нысанасында этносты және этникалық, этномәдени құндылықтарды мойындамауды білдіреді, сондықтан біз оны маргиналдык біртектілік деген ұғымға теңейміз.

Өкінішке орай, этнонигилистік көзқарас өз этносын мойындамауға әкеліп соқтырады. Ал оның түбі – мәңгірттік.

Көптеген шетел ғалымдарының еңбектерінің ішінен біз өз зерттеуімізге Э.Эриксонның *эпигенетикалық* тұжырымдамасын әдіснамалық негіз ретінде қабылдадық [17].

Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, біртектілік - ұлт өкілінің орталық қасиеттері, қоғамдық қатынастардың белгілі бір жүйесіне индивидтің қызмет ету нәтижесі ретінде қарастырылады. Біртектілік келесі өлшемдер арқылы байқалады: адамның өзін орталықтандыруынан, бұл жағдайда адам өзінің кім екендігін біледі, өзін-өзі бақылайды; қоғам құрылымына байланысты жеке тұлғаның орталықтануы да өзгереді, ол әрқашан ортамен біртекті, яғни әлеуметтік орта өзгертін болса, жеке тұлға да өзгереді.

Зерттеушінің пікірі бойынша, адамзаттық құндылықтарды анықтауда біртектіліктің жоғарыда айтылып кеткен өлшемдерінің маңызы ерекше.

Бұл орынды пікір, өйткені осы өлшемдер арқылы адам өзін бір халықтың өкілі ретінде санап, оған тән белгілерді көрсетеді.

Жоғарыдағы зерттеушілердің ой-пікірлерін жинақтап, саралай келе қазіргі қоғам талабына сай өзекті проблема – ұлтжанды адамды қалыптастыру ғалымдардың басты нысанасына ілігіп, көрініс тапқандығына көзіміз жетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Белков П.Л. Этнос в доклассовом и раннеклассовом обществе. – Москва, 1982. – С. 139.
2. Сельченко К.В. Этнопсихологические проблемы вчера и сегодня. – Минск, 2004. – С. 206.
3. Нежурина-Кузничная Н.Ю. – Минск: Харвест, 2004. - С. 137.
4. Гумилев Л.Н. Этносфера: История людей и история природы. – М.: Экспресс, 1993. – 87 с.
5. Гумилев Л.Н. Этноко-психологические очерки. – Москва, 1989. – 286.
6. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Москва: Айрис-Пресс, 2003. – 267 б.
7. Бромлей Ю.В. К разработке понятийно-терминологических аспектов национальной проблематики // Советская педагогика. – 1989. - №6 – С. 3-17.
8. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983. – 192 с.
9. Бромлей Ю.В. Этнос и этносоциальный организм // Вестник Академии наук СССР. – 1970. - № 8. – С. 28-36.
10. Бромлей Ю.В. Еще раз о многообразии этничности // Расы и народы. – 1989. - Вып. 19. – С.22 -29.
11. Елікбаев Н.Е. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - Б. 22-26.
12. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. – Алматы: РБК, 1995. - 129 б.
13. Жандилдин Н. Природа национальной психологии. – Алма-Ата: Казахстан, 1974. – 186 с.
14. Аймағанбетова О.Х. Основы этнопсихологии. – Алматы: Литера, 2003. – 176 с.
15. Садохин А.П. Этнология: Учебный словарь. – Москва, 2002. - С. 82.
16. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – Б. 45-49.
17. Анцыферова Л.И. Эпигенетическая концепция развития личности Эрика Г.Эриксона // Принцип развития в психологии. – Москва: Наука, 1978. – С. 212-242.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ПСИХО-ЭМОЦИОНАЛЬДЫҚ КҮЙЗЕЛІСТЕРІ

Құлмышева Н.А.
педагогика ғылымдарының кандидаты
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті
Семей қ.

Кілттік сөздер: *Психо-эмоционалды стресс, депрессия, стресс.*

Аннотация

Психо-эмоциональный стрессом часто встречаются людей, работающих в области общения, как описано в профессионального заболевания.

Annotation

Psycho-emotional stress often vstreschayutsya people working in the field of communication, as described in an occupational disease.

Психо-эмоциональдық күйзеліс дерті бұрыннан бар. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі жаһандану дәуірінде депрессияға түспеген жан кемде-кем. Өйткені, әлемдік көрсеткіштер бойынша жүрек қан-тамырлары ауруынан кейінгі орында тұрған осы ауру. Қазақтың қамығу, күйзеліс, жабығу, торығу сөздеріне саятын депрессия ақыр соңында адамды өзін-өзі саналы түрде басқара алмауына әкеледі.

Депрессия (лат. depressio — көңілсіздік, жабырынқылық) – жабығу, торығу, күйзелу секілді ұғымдарына балама ұғым. Депрессия - көпке созылмайтын, бірақ созылып кетсе невроз немесе психоздың бастауына айналатын түңілу мен пессимизм арқылы бейнеленетін көңіл-күй жағдайы. Оның негізгі белгісі бар: өмірге қызығушылығының төмендеуі, көңіл күйдің бұзылуы (ангедония), ой мен сананың сергелдеңі, яғни жағымсыз ойларға бой алдыру және белсенділіктің [1] жоғалуы.

Стресс ([ағыл. stress](#)) қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі. Ғылымға ең алғаш осы ұғымды енгізген канадалық физиолог [Ганс Селье](#). Оның анықтамасы бойынша, стресс - өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жинағы. Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлері байқалады.

Стресс үш кезеңнен тұрады:

1) *үрейлену* - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. [Таңырқау](#) іспетті сезім пайда болады;

2) *төзімділік* – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде [гипоталамус](#) – гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамдайды, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;

3) *әлсіреу* – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда [дезадаптация](#) (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Стрестің көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, [қайғыға](#) батырады.

Бұл өзі нарықтық қоғам орнаған соң ең көп қолданылатын әрі ең бір «сәнді» сөзге айналды. «Депрессияда жүр едім», «депрессияның салдарынан жұмыстан кеттім» болмаса «депрессиядан айыққан соң бәрін жаңадан бастаймын» деген тіркестер бір ауыздан шығып, екінші біреулердің құлағына ілініп жатады [2]. Құлағына ілінетін себебі – тыңдаушының өзі депрессияда жүр... .

Депрессия - адамның психологиялық ауытқуы. Көбіне көңіл-күйі болмаған немесе қандай да бір қайғылы оқиғаны, күйзелісті кезеңді бастан өткерген адам депрессияға ұшырайды. Психолог-мамандардың айтуынша, әсіресе, күз, көктем мезгілдерінде адамдар депрессиялық күйге тап болады. Бір қызығы, әлемде әрбір жиырмасыншы адам қандай да бір депрессиялық күйзелісті бастан кешіреді екен. Америкалық мамандар депрессияға «психологиялық тұмау» деп айдар таққан. Яки бұл дерт бүгінде қарапайым тұмау сияқты қаптап кеткен дегенді білдіреді. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында жыл сайын 15 миллион адам «психологиялық тұмауға» тап болады [3]. Ал жаһан халқының 5 пайызы депрессиялық күйзелісте жүреді екен. «Депрессия – адамның өмір сүруге бейімділігін сипаттайтын жаһандық дерт» деген пікір бар. Ең қызығы жер-жаһанның миллиондаған адамы аталмыш дертпен бетпе-бет кездесе де, одан шығу жолын, пайда болу себептерін дөп басып ешкім айта алмайды. Гиппократ депрессияға ұқсас психологиялық күйреуге «адам миының «қара сөлге» толуы» деп анықтама берген [4]. Психологтар ХХ ғасырға тән дерт деп атаса да, депрессия ХХІ ғасырға адамзатпен бірге аяқ басты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пайымынша, алдағы он жылда депрессия адамды өлімге жетелейтін аурулардың қатарына жатқызылады-мыс.

Көбінесе күйзеліс, жабығу ең алдымен мегаполис тұрғындарына тән. Өйткені көптеген психологтар депрессияның қалалы жерлерде үлес салмағы басым екенін жазады. Сосын оны үлкен қаладағы өмір ырғағының жоғарылығымен түсіндіреді. Мегаполис тұрғындары үлкен қаланың жақсылығы мен жамандығына қатар төзіп, басқаша айтқанда екеуінің дәмін тең татып күнелтуге мәжбүр. Техника мен технология алысты

жақын етіп, қол еңбегін жеңілдеткенімен, мобильді телефонмен күніне бірнеше рет сөйлесу, радио, теледидардан керекті-керексіз ақпараттар алу, негізінен батыстық менталитетті бейнелейтін агрессиялық фильмдер көру, нарықтың басты құндылығы ақша болғандықтан, ақша табу үшін жанталаса өмір сүру, сөйтіп әке-шеше, туған-туыс, қатар құрбыдан алыстау арқылы өз-өзіне тұйықталу адамның жүйкесін шаршатып, депрессияға ұшыратады. Биік-биік ғимараттар да жүйкесі әлсіз адамның мысын басуы мүмкін. Оның бер жағында «жұмыстан шығып кетпес пе екенмін?», «бастығым ұнатпай жүр», «пәтерақының уақыты жақындады», т.б күдік-күйзелістер де мегаполис адамының еңсесін көтертпей, нарықтың күресіне лактыруға бейім.

Нарықтық экономикадағы халықтың кешкі тоғыз-онға дейін жұмыс істеп, дұрыс дем алмауы да әсер етеді. Күйзеліс – ағзаның күш түсуге, аландаушылыққа және күнделікті қарбаласқа реакциясы. Асыра күш түскен жағдайда адамның көңіл-күйі нашарлайды, басқа да белгілер пайда болады. «Күйзеліс» деген сөз ағзаның жай-күйін айқындайды, ол өмірдің қиын жағдайларына бейімделуге тырысады.

Адам аса қиын физикалық және психологиялық қысымға ұшыраған кезде, ең алдымен оның ағзасы қорғануға тырысады. Бірақ одан кейін бейімделіп алады және аса жоғары қысымдағы реакциясы оңтайлы жағдай болып қалады. Мұндай жағдай оң күйзеліс деп аталады. Ол адамның дұрыс психикалық дамуына және қоршаған ортаға бейімделуі үшін қажет. Алайда ағза жиі миға салмақ түсуге немесе физикалық жүктемеге шамасы келмейді. Мұндай жағдайда кез келген қосымша қысым адамның дұрыс жай-күйін бұзуы және ауруға шалдықтыруы мүмкін.

Белгілері: ашуланшақтық, ұйқы көрмеу, енжарлық, көңіл-күйінің ауытқуы, ойын ұштастыра білмеуі, қызба іс-қимылы, жылауық, түңгі үрейлер, асыра белсенділік, аландаушылық, желікпе қимыл, тәуелділік, қарым-қатынасының өзгеруі.

Бұл неден болады? Мамандар адамды қатты эмоционалды толқуларға ұшырататын кез келген жағдай күйзелістің пайда болуына себеп болуы мүмкін деп есептейді. Күйзеліс баланың дүниеге келуі, күйеуге шығу (үйлену) сияқты оң эмоцияларды, сол сияқты баланың қаза болуы, жақын адамның қайтыс болуы сияқты кері эмоцияларды тудыруы мүмкін екендігін есепке алу қажет. Күйзеліске ықпал ететін жағдай болар-болмас сипатта да болуы мүмкін (көп уақыт кезек күту немесе жолда кідіріп қалу). Күйзеліске кез келген сәтте, кез келген жаста ұшырауы мүмкін.

Күйзеліс – ауру емес, бұл қорғаныс механизмі, бірақ мұндай қорғаныс тұрақты болса, онда адам ауруларға осал болып келеді. Жалпы күйзеліс әр адамға қажет, олай болмаса ол талапсыз адам болады. Күйзеліс – бұл өзіндік энергия көзі. Бастысы оның ұзаққа созылуына жол бермеу керек. Барлық мәселе мынада, ұзаққа созылған күйзеліс кезінде ағза адреналин мен энкефалинді шығармайды, сол үшін С және В витаминдерінің, цинктің, магний мен басқа да минералдардың запастарын асыра жұмсайды. Бұл өз кезегінде нервті жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді, ақыл-ой және дене белсенділігін төмендетеді.

Психо-эмоциональдық күйзеліс – адамдармен жиі қарым-қатынас арқылы жұмыс істейтін мамандықтар арасында кездесетін қауіпті кәсіптік ауру ретінде сипатталады, мысалы, мұғалімдер арасында, психолог, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, журналистер – бұлардың барлығының жұмысын қандай да бір қарым-қатынасыз елестету мүмкін емес.

Психо-эмоциональдық күйзеліс терминін 1974 жылы ең алғаш америкалық психиатр Х.Дж.Фрейденбергер өзінің еңбектерінде қолданған.

Жоғарыда аталған мамандықтар бойынша психо-эмоциональдық күйзелістің себептері:

Бұл сырқат таралуы жөнінен бірінші орында тұрғанымен, оның неден пайда болатыны туралы мамандар арасында келісілген нақты жауап жоқ: шығу себебін әр теория әрқалай түсіндіреді.

Биологиялық теория: кейбір зат алмасу процесі мен ми жұмысының бұзылуы.

Генетикалық теория: тұқымқуалаушылық.

Психологиялық теория: жақын адамын мәңгіге жоғалтудан туатын ауыр қайғы, үнемі жолы болмаушылықтан, арманына қол жеткізе алмаудан туындайтын жан күйзелісі.

Әлеуметтік теория: қоршаған ортамен келіспеушілік, жұмыс пен үйдегі ұрыс-керістен туатын қақтығыс, талас-тартыс, өзара қарым-қатынастағы шиеленіс, қарама-қайшылық.

Діни теория: адам күнәсінің артуының салдары [4].

Күйзеліссіз атқарылатын мамандық бар деп елестетудің өзі мүмкін емес нәрсе. Жоғарыда көрсетілген психо-эмоциональдық күйзелістердің себептеріне сәйкес, CareerCast.com сайтының статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, күйзеліске жиі ұшырайтын мамандықтардың қатарына мектеп мұғалімдері, әскери қызметкерлерді, өрт сөндірушілерді, ұшқыштарды, журналистерді, қоғамдық мекемелердің қызметкерлерін жатқызған [5]. Тек қана рухани күйзелістерімен қатар, материалдық күйзелістеріне де баса назар аударылған.

Қоғам мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Ал осы жауапкершіліктің шамадан тыс көп жүктелуі салдарынан мұғалімдерде стерестік жағдайлардың, яғни күйзеліске жиі ұшырау факторларының жиі орын алып жатқандығын біреу білсе, біреу білмес.

Педагог стресі – педагогикалық іс-әрекет барысында аяқ астынан кездескен өзгеше қиындықтардан туындайтын жағдай. Мұғалім стресі көбінесе уақыт тапшылығынан, оқушының үлгерімі мен тәртібінің нашарлығынан, әкімшілікпен және әріптестерімен қақтығыс кезіндегі және т.б. жағдайлардан туындайды.

Педагогтар күйзеліске ұшырауының негізгі үш себебін қарастыруымызға болады: оның біріншісі – физиологиялық, екіншісі – психологиялық, үшіншісі – тәртіпке байланысты. Сабақты ұтымды жүргізе білу, берілген материалды бекітілген уақыт ішінде үлгеруге деген қорқыныш салдарынан педагогтар психо-

эмоциональдық күйзеліске ұшырау факторлары байқалған. Сонымен қатар, педагог бір мезгілде бірнеше педагогикалық міндеттерді орындауы шарт: әрбір студентті бақылап отыру, жеке студентпенде жұмыс жүргізе білу т.б.

Психо-эмоциональдық күйзеліске шалдыққан мұғалімде келесідей белгілер байқалады: Сезімі: барлық жағдайдан шаршауы, қорғанышсыздық, ынтаның төмендігі, қателесуге деген қорқыныш, өзіне деген сенімсіздік. Ойлары: өзіне деген қарым-қатынасының әділетсіздігі, қоғам ортасында өз орнын таба білмеу, басқа адамдар тарапынан жұмысының бағаланбауы. Іс-әрекеттері: айналасындағы адамдарды және өзін үнемі сынау, қоршаған адамдардың ортасында басым болып көрінуге тырыспаушылық, жұмысты орындамай, сылтаулар табудың пайда болуы.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді қарастыра келе, енді мектеп мұғалімдерінің күйзеліске жиі ұшырау себептерін тоқталсақ:

➤ Мамандыққа басқа біреудің ықпалы арқылы келген мұғалімдердің, яғни өз мамандығына көңілі толмаушылық;

➤ Жұмыстың көптігі: қағаз жұмыстары, қоғамдық, қосымша жұмыстар;

➤ Сағат санының, оқу жүктемесінің көптігі;

➤ Шамадан тыс жауапкершіліктің жүктелуі;

➤ Демалыс пен жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмауы;

➤ Басшылық тарапынан жоғары талаптардың қойылуы;

➤ Ата-аналар мен мекеме басшылары тарапынан әрдайым бақылау;

➤ Жаңа инновациялық құралдарды, әдістерді меңгеру, сабақта қолдану;

➤ Жетістіктердің дұрыс бағаланбауы;

➤ Бірге жұмыс істейтін ұжыммен, ата-аналармен қарым-қатынастарының дұрыс еместігі, тіл табыса алмаушылық.

Осыған байланысты ұсыныстарымызды ұсынамыз:

✓ Мектеп мұғалімдерін психо-эмоциональдық күйзеліс мәселелерімен таныстырып, ақпараттандыру қажет деп ойлаймын;

✓ Мұғалімдерге оқу жүктемесі дұрыс бөлінсе;

✓ *Мұғалімдер бұрын болған жағымсыз оқиғаларды және болуы мүмкін жағымсыз оқиғалар туралы ойламауы керек, тек гана бүгінгі күнге үлкен мән беріп, зейін қоюы керек;*

✓ *Саяхатқа, таза ауаға үнемі шығып тұруы керек;*

✓ *Әр апта демалыстарын қызықты ұйымдастыра білуі қажет: бір апта – киноға барса, келесі апта – басқа мәдени орындарға қыдыру;*

✓ *Демалысқа уақытымен шығу қажет;*

✓ Мектеп мұғалімдерімен психолог қызықты тренингтер, кенестер, ашық әңгіме жұмыстарын өткізіп отырса.

«Ойы саудың – жаны сау» дегендей, күйзеліске шалдықпау сіздің өз қолыңызда!

Әдебиеттер тізмі:

1. Педагогика және психология сөздік, А: «Мектеп» - 2002 ж.

2. И.В.Чупаха, Е.З.Пушаева, И.Ю.Соколова «Здоровьесберегающие технологии», М – 2004 г.

3. www.wikipedia.org

4. CareerCast.com

Тополянский В.Д., Струковская М.В. Психосоматические расстройства. – М., 1986

ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бұлақбаева М.К.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазмемқызпу проф. м.а.

Мұратбаева Б.

магистр

Кілттік сөздер: Жалпыадамзаттық құндылықтар, құндылық, жеке тұлға, ұлттық құндылық, т.б.

Аннотация

В статье рассматриваются общечеловеческие национальные ценности, их значимость и теоретическая обоснованность термина «ценность»

Annotation

Common to all mankind national values are examined in the article, their meaningfulness and theoretical validity of term are a "value"

Білім жүйесінің мазмұны өмірдің түрлі жағдайларында әрекет ете алатын «тұлғаны» дайындау. Осы мақсатта оқу жоспарын оқушыларға азаматтық білім беруге бағыттау керек. Бірінші кезекте әлемдегі болып жатқан өзгерістерге байланысты білім жүйесін ұлттық модельде құру және ол үшін өркениетті елдерде берілетін біліммен ортақ көзқарастарын табуға ұмтылу қажет.

Қазіргі қоғамдық сұраныс – өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын бүгінгі студент, ертеңгі маманды тәрбиелеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндетері көзделді [1]. Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру ұжымдарының, әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.

«Қытайлықтар ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кеменгер жазушы М.О.Әуезов. Келе жатқан ғаламдану кезеңінде ұлы жазушымыз атап айтқан ұлттық құндылықтармыз бен бай тілімізді келер ұрпаққа жеткізуде мектептің ролі мен ұстаздар қауымының алар орны ерекше және күн тәртібінен түспес өзекті мәселе болып қалуы керек. М.Жұмабаев кезінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебімен салмақ. Бір елдің тағдыры - мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе» [2]. Бұл ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі.


Құндылық - объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді [3]. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды.

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі [4]. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың жеке тұлғасына қатысты тәрбиені жүзеге асырумен қатар, жалпы қоғамның дүниетанымдық көзқарасы мен ұстанымын, ертеңгі күн бағдарын айқындайды.

«Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам қызметіндегі заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылықты қатынастар нысандары ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшем-шектер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады.

Адам қызметіндегі заттар, қоғамдық қатынастар және олар қамтыған табиғат құбылыстары құндылықты қатынастар нысандары ретінде танылған бағалы заттар сипатында іс-әрекетке қосылады, яғни бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалғандық, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады. Белгілі құбылыстарды бағалауға негіз болған тәсілдер мен өлшем-шектер субъектив баға түрінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де адам әрекетін бағыттаушы құралдарға айналады. Қалыпты тәртіптік ұғым формасына енген мұндай құралдар түрі: ұстанымдар және бағалар, бұйрықтар мен шектеулер, мақсаттар мен жобалар. Сонымен, заттай және субъективті құндылықтар адамның өзін қоршаған дүниеге болған құндылықты қатынастарының екі қарама-қарсы (полярилы) шегін аңдатады. Адам іс-әрекеті құрылымындағы құндылықты тараптар танымдық және еріктік құндылықтармен өзара тығыз байланысқан.

Бүгінгі Қазақстандық қоғамда құндылықты бағыттар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу - жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге әрбір адам үшін жоғары құндылық – өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі - әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету (Сурет 1).



Сурет 1 – Жалпыадамзаттық құндылықтар құрамы

Жалпы адамзаттық құндылықтар арасында ұлттық құндылықтар шегерілмейді. Керісінше, осы ұлттық құндылықтар арқылы көрінеді. Алғашқыда осы ұлттық формада көзге түскен қайталанбас соны жетістіктер уақыт өте жалпы адамзаттық құндылыққа өтеді. Қоғамдағы азаматтық, гуманистік құндылықтардың бекуі, өз міндеттері мен құқықтарының өзара тәуелділігін сезінуші әрі азаматтық ұстанымы бар ерікті тұлғаны қалыптастыру көбіне тәрбие және оқу жүйесіне байланысты. Заман ерекшелігін ескерумен түзілген құндылықты бағыттардың дамуынан әр адам өзін планета азаматы, әлем адамы санатында сезінуге мүмкіндік алады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды түсіне танудың негізі қоғамға бағытталған идеялардың, сезімдердің, ұғымдардың қалыптасуына; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра білуге; қоғамға және басқа адамдарға болған қатынастарға орай құқы мен міндеттерін зерттеп тануға; азамат құқы мен міндеттерінің бірлігін түсінуге; азаматтық мінез-құлық пен сезімдерді тәрбиелеуге; пікір жүргізу еркіндігінің дамуы мен көңіл-күй ортақтығын сезінуге және т.б. орайлас келеді.

Құндылық құрылымдары қоғамның тарихи даму процесінде қалыптасып және қзгерістерге отырады. Бұл жай адам өмірінің түрліше өрістеріндегі өзгерістерге байланысты, оның уақытты қарқыны (масштабы) әлеуметтік саяси және басқа өзгерістердің қарқынына сай келмейді. Мысалы, антика заманының эстетикалық құндылықтары өз мәнін оны туғызған өркениеттің (цивилизацияның) құлауынан кейін де жоғалтқан жоқ; бастауын антикалық және эллиндік мәдениеттерден алған европалық ағартушылықтың гуманистік және демократиялық мұраттарының ықпалының қаншалықты ұзақ уақытқа созылғаны да белгілі. Диалектикалықматериалистік философия оларды қарастыра отырып,әрдайым түрліше субъектілер үшін жалпы мәнге ие болғандарын ғана талқыға салады.

Құндылық нысаналарының дамуы жеке тұлғаның дамуының белгісі, ол оның әлеуметтік өлшемінің көрсеткіші. Бұл – индивидтің санасы мен сана сезімінің арасындағы байланыстың тууына ықпал ететін, сыртқы және ішкі дүниені қабылдаушы призмасы, өмірдің мәні туралы мәселені шешу үшін психологиялық негіз.

Құндылықтық нысаналардың тұрақты және қайшылықсыз ықосындысы жеке тұлғаның бойында мінездің бір қалыптылығы, сенімділік, белгілі бір принциптер мен мұраттарға (идеяларға) берілгендік, сол мұраттармен құндылықтар үшін жігерлік күш жұмсауға қабілет, өмір позитцисының беленділігі, мақсатқа жетудегі қажырлылық сяқты сапаларды қалыптастыруға жағдай туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана, 2007,
2. translate.ua/ru
3. Бұлақбаева М.К. Жоғары білім беру жүйесіндегі шығармашылық әлеует /Монография. – Алматы, 2010. – 213 б.
4. Авторлар ұжымы. Түсіндірмелі сөздік. – Алматы, 2010.

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сайдахметова Л.Т.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызну доценті*

Кілттік сөздер: Этномәдениет, ішкі фактор,білім беру

Аннотация

Этнокультурное образование - это образование, направленное на сохранение этнокультурной идентичности личности путем приобщения к родному языку и культуре с одновременным усвоением ценностей мировой культуры.

Annotation

Ethnic and cultural education - is education aimed at the preservation of ethnic and cultural identity of the person through initiation to the native language and culture, with simultaneous development of the values of the world culture.

Қоғам дамуының әр кезеңінде жас ұрпаққа берілетін этномәдени білімнің құрылымы мен құрамына қойылатын жаңа талаптар мен соған енгізілетін өзгерістердің сипаты сыртқы және ішкі факторлардың негізінде айқындалады. Осы тұрғыдан жалпы этномәдени білім беру жүйесіндегі бетбұрыстардың себепшісі болып отырған сыртқы факторларға еліміздің егемендік алуына байланысты қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік экономикалық өзгерістер, әлемдік деңгейдегі білім берудің жаңашыл үрдістері жатады. Ішкі факторларға білім берудің жүйесінің өзіне тән ішкі жағдайы, соған сай ішкі құрылымдық элементтер кіреді. Нақтырақ айтсақ, олар жалпы білім берудегі ұстанымдар, берілетін білім мазмұны, оқу тәрбие үрдісінің жайы, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы.

Егемендік алғаннан бері елімізде этномәдени білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеру мақсатында аталған факторларды, олардан туындаған салдарды, шешуі табылған қайшылықтар мен мәселелерді пайымдай отырып реформа жүргізілуде. Кешенді түрде ұйымдастырған этномәдени білім беру жүйесіндегі реформа барысында ғылыми тұрғыда негізделген жетекші идеялары мен қағидалары жүйеленіп, Қазақстан Республикалық білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасында нақтыланды. Жалпы білім берудегі өзгерістерді жүзеге асырушы негізгі әлеуметтік институт-мектепті жаңартудың бағыттары айқындалды. Олар: мектепті ұлттық және дүние жүзілік мәдени мұраның диалектикалық бірлігі негізінде дамыту демократияландыру, ізгілендіру арқылы оның жасампаздық қызметін ұлттық болмысқа сай жаңарту.

Халық тәрбиесін құндақта жатқан Ұлттық салт-дәстүрлер - ұлттың бала тәрбиесі, тұрмыс салты, ата кәсібі, әлеуметтік мәдени өмірін реттейтін тағлымдар. Ұлттық мектеп - ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқытатын мектеп, ол мектептің басты белгісі - ұлттық рух. Осы мақсатта қазақ мектептерінде оқитын қазақ балаларына ұлттық тұрғыда білім мен тәрбие беру мүмкіндіктері қарастырылған.

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі - халықтық педагогика. “Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері жатады” - делінген. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда - ақыл-ой тәрбиесі, өлең-жыр-дастандарда - эстетикалық тәрбиенің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Халықтық педагогика - тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығы мен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе - бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Жас ұрпаққа ел қадірін “Өз елің - алтын бесігің”, “Отан оттан да ыстық”, “Туған жерге туыңды тік”, “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол”, “Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер” деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларын, аңыз әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған. Сондықтан лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұл-қыздары болып келеді. “Отан үшін отқа түс күймейсің, арың үшін алыс, өлмейсің”, “Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі” деп өз ұрпағын отанын сүйуге шақырады.

Салт-дәстүр дегеніміз - халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесі, ұлт қаһармандарының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, даналық сөздері - отаншылдыққа тәрбиелеуде үлкен орын алады. Батыр бабаларымыз қазақ елінің басын қосып, ұлттық жауынгерлік-ерлік мектебінің негізін салған. Сондықтан бабалардың ерлігі - адамгершілікке, отаншылдыққа толы, асқақ рухы күні бүгінге дейін ел аузында, оны халық тәрбие ісінде үлгі етеді.

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде. Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады.

Қазақ халқының өзіне тән ерте заманнан жиып-терген ұлттық тәлім-тәрбиесінің асыл қазынасы, мол тәжірибесі бар. Ананың бесік жырынан басталатын қарым-қатынас, іс-әрекет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халық ауыз әдебиетінің үлгілері - осылардың бәрі адамның дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыратын тәлімдік мұра. Оның бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің негізіне алынуы - халық мүддесі, ел

талабы.

Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынас, дүниетаным, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын этномәдени білім беру арқылы қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

«Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленді», - делінген Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында. Міне, осындай мақсатқа жету білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру міндетін жүзеге асыруды қажет етеді.

Тәрбиедегі ең басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек». Осыған байланысты өсіп келе жатқан жас ұрпақты ізгілік, имандылық тұрғыда өмір сүріп, шығармашылықпен еркін еңбек ете алатын, бәсекелеске бейім, өмірге икемділігін, ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтарды тұтастықта меңгере алатын және өзін-өзі дамыта алатын, патриоттық сезімі қалыптасқан жаңа азаматты тәрбиелеудің қажеттілігі туындауда.

Ұрпақ тәрбиесі тілден басталады. Ұлттық сана-сезімі мен дүниетанымдық көзқарасты қамтамасыз ететін де тіл. Көркем сөз зергері, академик, жазушы Ғ.Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» - деп, этникалық-мәдениеттің басты белгісі тіл екенін ерекше атап өткен болатын. Қоғамның басты мақсаттарының бірі - әрбір сәбиден бастап жоғарғы оқу орнына дейінгі жастардың туған елінің мәдени қазынасынан айырылып, рухани мүгедек болып қалмауы үшін қазақ тілін білуді, олардың өмірлік қажеттілігіне айналдыруы, еркін қолдануына мүмкіндік туғызу.

Тіл - адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал. Адам тек құлқының толық мүшесі екенін сезінуі, белгілі бір халықтың перзенті болуға ұмтылуы - көкірек көзі ашық әрбір жанның өзіне қоятын талабы. Ол талапты орындау үшін ана тілімен ауызданып өз ұлтының психологиясын бойына сіңіріп, наным-сенімін, салт-дәстүрін игеріп, өмір сүруі керек.

Тіл - ұлттық этностың ұлттық мәдени талаптарын қанағаттандыратын, жас ұрпақты ұлттық дәстүрге тәрбиелейтін ұлттық игіліктің даусыз көрінісі. Ұлттық тілді игеру - рухани тәуелсіздікке жетудің жолы. Қазақстан Республикасындағы этникалық мәдени білім тұжырымдамасында: ұлттық білім идеясын жүзеге асырудың негізгі шарттары қарастырылған. Онда: білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту; жеке тұлға үшін ана тілі мен төл мәдениеттің сөзсіз басымдығын тану және оны қамтамасыз ету; білім беруді демократияландыру, білім берудің меншіктік түрі жөнінен де, этникалық мәдени мүдделерді жүзеге асыру арналарының сан алуандығы жағынан да көп түрлілігі мен онтайлылығы; ұлттық білім беру жүйесінің нысанаға қатысты дүниежүзілік тәжірибесіндегі бүкіл озық атаулығы ашықтығы мен икемділігі, жеке адам мен қоғамның этникалық-мәдени қажеттерін іске асыруға бағытталған білім беру қызметінің үздіксіздігі; сұраныстарды анықтауға және қанағаттандыруға мақсатты түрде бағыттау; мемлекеттік бағдарлама негізінде аталған проблема бойынша халықтың этникалық құрамының ерекшеліктері ескерілген аймақтық бағдарламалардың болуы, - деп көрсетілген.

Жалпы білім беретін мектептің тәжірибе жүйесі бірін-бірі толықтыратын, сабақтастыратын негізгі екі бөлімнен құрылады. Бірінші бөлім - оқу, білім беру саласындағы тәрбие, екіншісі - арнайы тәрбие. Мектептегі тәрбиенің мазмұны мен түрлерін түбегейлі жаңарту ісін, осы негізгі екі бөлімнің мазмұнын өзгерту қажет. Бүгінгі таңда мектепке арналған төл оқулықтар мен бағдарламаларда қазақ халқының этникалық-мәдениеті, өмір тәжірибесі, салт-дәстүрлері, шаруашылық жүргізу тәсілдері, рухани байлығы, сондай-ақ республиканың табиғи, саяси-әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктері оқу жоспарында барлық пәндерден көрініс тауып отыр. Сонымен қатар, оқытуда дүние жүзілік мәдениет, ғылым, техника жетістіктерін, әлем халықтарының озат тәжірибесі мен дәстүрлерін пайдалану қарастырылады.

Осыған орай Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңының 8 бабында көрсетілгендей:

- жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

- азаматтылық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасын сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу қарастырылған.

Этномәдени білім беру - бұл ана тілі мен төл мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы этникалық мәдениет сәйкестігін сақтауға бағытталған білім болғандықтан қазақ этнопедагогикасы мектептің ұлттық нышанын айқындауы қажет. Аталған идеяны жүзеге асыру үшін мынадай шарттар орындалуы тиіс. Алдымен білім беру мен мектептің ұлттық бастауларын дамыту және нығайту керек. Сонымен қатар мұнда

жан-жақты мәдениетті тұлға қалыптастыру үшін алдымен мектеп жасындағы балаға ана тілін үйретумен қатар өткен тарихын, географиялық санасын, діни көзқарасын бойына дарытып, дүниетанымын кеңейту қарастырылған.

Қазақ халқының сан ғасырлардан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді. Әрбір халық өзінің этникалық-мәдениеті, тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді ғасырлар бойы тәрбие әдістері мен тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сыннан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді бойларына екті. Этникалық - мәдениетіміз ұрпақ тәжірибесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен ырым-тыйымдарын, әдет-ғұрыптарын, тағлымдарын оқып, үйреніп, өнеге тұтпайынша балалардың әдептілік, инабаттылық, парасаттылық пен ізгілік, адамгершілік қасиеттерді бойларынан байқау мүмкін емес.

Л.Н.Толстой айтқандай: «Өткенін жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар».

Ал бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесінің негізгі өзегі - оларды ұзақ жылдар бойы қалыптасқан халқының этномәдениеті, салт-дәстүрлері рухында тәрбиелеу. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің белгілі жүйесін жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті әдіс-тәсілдер болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда - ақыл-ой тәрбиесі, өлең-жыр, дастандарда-әсемдік тәрбиенің негізгі қағидалары, ал ертегілер халықтық тәрбиесінің сан алуан мәселерін қозғайтын тәлімдік құрал ретінде пайдаланылған. Ал бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлердің түрлерін сабақта тиімді пайдалану, балаға халық ауыз әдебиетінің түрлерін таныстырумен тығыз байланыста болады.

Ата-бабаларымыздың дәстүрлері, халықтық тәрбиесінің тәжірибесіне көз салсақ, тәрбие беру ісі жан-жақты тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік ізгі қасиеттерін сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз.

Халықтың өміршең әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін этномәдени білім беру арқылы балаларды тәрбиелеу бір ғана адамның, бір ғана мезгілде атқарар міндеті емес, жалпы жұртшылықты жұмылдыра қолға алып, кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Олай болса, тәрбиенің негізі ретінде этномәдениет - адамның өткен тарихқа басты назар аударып, этностың түп-тамырын құрметтеуге шақырған басты құралымыз болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.
2. «Қ.Р.2011-2020 жылдарға арналған білім бағдарламасы»
3. Ж.Артықбаев. «Этнология және этнография». Астана, 2001ж.
4. Наурызбаев «Этномәдени білім» Алматы, 1999ж.
5. Бухарбаева А. Б. Этномәдени білім мен тәрбие – қоғамдық мәдени қажеттілік.

СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

Сқақова Р.А.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызпу*

Кілттік сөздер: Қарым-қатынас, студент, оқытушы, мәдениет.

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности взаимоотношения студента и преподавателя, подчеркивается роль культуры педагога в субъект-субъектном отношении.

Annotation

This article describes the features of the relationship between student and teacher, emphasizes the role of culture in the teaching of subject-subject relationship.

Қазіргі қоғамымыздағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым- қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді.

Мәдениет адамды жалпы әдептілікпен өндіріске қажетті етіп қалыптастырады. Осы мәселенің маңыздылығын ашу мақсатында ең алдымен жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан студенттерге қарым-қатынас мәселесінің маңыздылығын және оның қажеттілігін түсіндіре келе жоғары деңгейде қарым-қатынас жасау керек. Қарым-қатынас туралы айтқанда адамдардың бірлескен іс-әрекет барысында, олар бір-бірімен түрлі ойлармен идеялармен, қызығушылықтармен, көңіл-күй сезімдермен бөлісуін айтады.

Педагогика және психология ғылымында қарым-қатынас өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі, психология ғылымының кез-келген мәселесі адамдардың жан дүниесінің сырымен, қоғам мен әлеуметтік

өмірдің сан алуан сырларымен тығыз байланысты. Ол студенттердің топтық іс-әрекетінің реттеуші және мінез-құлықтың топтық нормаларын қалыптастыру құралы болып табылады. Қарым-қатынас студенттік кезеңдегі ең негізгі тенденция. Жасы өскен сайын оның өзге адамдармен, құрбы-құрдастармен ұлғая түседі.

Жоғарғы оқу орындарында қарым-қатынас мәдениеті дәл қазіргі уақытта психологиялық педагогикалық зерттеу нысынына айналууда. Бұл проблеманы шешудің басты жолы педагогикалық кадрларды дайындайтын жоғарғы оқу орнының қабырғасында ескерілуі тиіс.

Сондықтан студенттердің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру яғни, студенттердің қарым-қатынас кезіндегі әр түрлі жағдаяттарға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болу, оқытушылармен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін жетілдіру болып табылады.

Заман талабы алға тартқан бұл міндет болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттігін айқындайды. Осы орайда студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым- қатынасты ұйымдастыру әлеуметтік экономикалық және мәдени дағдарыспен бірегей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің біріне айналды.

Қарым- қатынас білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адам баласының тәлім- тәрбиесі мен өзгелермен байланыс орнатуының ерекше жолы.

Қарым қатынас педагогикалық үрдістегі өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін көкейкесті мәселелердің құрамдас бөлшегі. Қазіргі кезде ащы да болса шындық кейбір педагогтардың бойынан жат қылықтарды жиі ұшырастырып қаламыз. Ондай олқылықтар мінез-құлыққа еніп, педагогтардың кәсіптік психо-педагогикалық қарым-қатынасты меңгере алмауына жағдай туғызады.

Жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушылардың қарым қатынас мәдениетінің жақсы нәтижеде дамуы оқытушылардың білім дәрежесінің сапасы мен шеберлігіне байланысты. Ал ұстаздарға мұндай қажетті қасиеттерді А.С. Макаренко «өнер» деп бағалаған. Сондай-ақ қарым-қатынастың қалыптасуына В.С.Библер ерекше мән берді. Оның пікірінше «қарым қатынас адамдардың мәдениеті мен өмірінің жандану жолы», деп көрсетеді.

Қазіргі қоғамдағы жағымсыз қылықтар адамдар арасындағы қарым-қатынаста жиі байқалып отыр. Қарым- қатынас жасау ақылды адамға ғана тән қасиет. Сондықтан болашақ мамандар мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру педагогика ғылымындағы және тәлім тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі мәселелердің қатарына жатады. Бұл салаларда жүргізілген бірсыпыра зерттеулер мен осы бағатта айнақталған тәжірибелердің нәтижелері студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас орнатуда айтарлықтай ерекшеліктер мен сипаттар, түрліше түсініктер бар екенін көрсетті.

Оқу тәрбие жұмысын күнбе күн жедел жүзеге асыруға қарым- қатынасқа түсетін екі тұлға бар. Олар: оқытушы мен студент. Осы екі тұлғаның өзара қарым- қатынасы дұрыс жолға қойылған уақытта ғана оқу тәрбие жұмысы бойынша алға қойылған міндеттер орнымен жүзеге асады. Психо-педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыру оқытушы мен студенттер арасындағы оқу тәрбие жұмысын жүзеге асыруға қажетті маңызды психологиялық ахуал жасайтын, болашақ мамандардың кәсіпке бейімделуін шындейтін кәсіптік мамандық қатынасының түрі. Сондай- ақ, қарым-қатынасты оқу үрдісінде ұйымдастыруымыз үшін төмендегідей кезеңдерді дұрыс меңгеруіміз қажет.

Қарым қатынас бірінші кезеңі қарым-қатынасты модельдеу деп аталады. Әрбір топта қарым- қатынас үрдісінің өзгешелігі болады, демек, сол топтағы сабақтың да өтілуіне қарым-қатынас әсер етеді.

Топпен бастапқы байланыс жасау кезеңі тікелей қарым-қатынасты ұйымдастыру деп аталады. Тәжірибеде және жүргізілген зерттеулерде қарым-қатынастың бұл кезеңінің ерекше маңызды екендігі аңғарылады. Сабақта студенттердің танымдық әрекетін және оны тәрбиелеуді меңгеру ең алдымен қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Мұнда педагог шартты түрде педагогикалық байланысы бар толып жатқан коммуникативті міндеттерді шешеді, мәселен, қарым-қатынас арқылы зейінділікті меңгереді.

Педагогикалық қарым-қатынастың тағы бір кезеңі жүзеге асырылған қарым-қатынасты талдау. Оқытушы қарым-қатынастың осал жақтарын да айқындай білуге, білімділермен өзара әрекет жасаудағы байланысына қаншалықты қанағаттанғандығын талдап, ұжыммен алдағы болатын қарым-қатынас жүйесін жоспарлауы тиіс.

Жоғарғы оқу орнында оқитын студенттердің педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың арнайы педагогикалық жүйесін әзірлеу қажет. Бұл жүйе болашақ мамандардың қарым-қатынас жасауына және жеке басына тиянақты әсер етуші болып табылатын оқу процесі және педагогикалық құбылыстар жиынтығы.

Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің кейбір құрамды бөлігі үй тапсырмалары және өзіндік жұмыстары арқылы қалыптастыруға болады.

- студент тәжірибені өткізген алаңда немесе заңда орын алған өзара қарым-қатынас әрекетінің іс-жүзіндегі мән жайын көрсету;
- студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру кезінде олармен жеке жұмыс жүргізу барысында аса маңыздысы болып табылады;
- студенттің қарым-қатынасын жақсартуда болашақ кәсіби қызметіне қажет мәліметтендіру.
- жеке адамдық қасиеттерін өзі тәрбиелеу бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілуі. Бұл үшін студенттердің қарым-қатынасын анықтау үшін анкета, жауап алу, байқау және әңгіме өткізулерді пайдалану ұсынылады.

Студенттердің арасындағы қарым-қатынасты айқындау үшін жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру тек мәліметтік сипатта ғана алып бару емес, олардың арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру қызметінде айқындауы тиіс.

Студенттердің жеке қобалжулы сәттеріндегі зерттеу нәтижесі-олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайларды жасау мақсатында оқушылардың психологиялық жағдайын оптимизациялау үшін оларды аутогендік шынықтыру әдістерін үйретуіміз қажет.

Студенттердің қарым-қатынасының барысында келесі қасиеттердің болуы шарт:

- Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу.
- Басқа адамдарды түсіне білу.
- Өзін басқа адамның орнына қоя білу.
- Жеке адамдардың негізгі көзқарастарын есте сақтау.
- Жаңа адамдармен тіл табыса білу.
- Адамдардың жас ерекшелігін ескере отырып қарым-қатынас жасау.
- Кикілжіңге түспеу жолдарды қарастыру немесе дұрыс шеше білу.
- Жолдастарының көзқарастарын есепке ала білу.

Оқытушылар көбінесе қарым-қатынасты өздері ұйымдастыруға тырысады. Ал шындығына келгенде қарым-қатынастың мұндай түрі көпшіліктен қолдау таба бермейді. Оқытушы мен студенттер арасында кейбір қарым-қатынас барысында қиыншылықтар кездеседі. Психолог В.А.Лубянскаяның тұжырымдамасы бойынша қиын қарым-қатынас әлеуметтік психологиялық феномен ретінде, студенттер мен оқытушының өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қиын қатынастың көрсеткіштері қатынас жасаудағы ұзақ үзіліс, бір сөзді жауап қайтару, дауыс ырғағын жоғарлату, адамды тыңдай алмау, әңгімені жалғастырмау, байланысқа түсе білмеу, көздер байланысының болмауы, дөрекілік, серіктерін кемсіту, менсінбеу, жасықтық, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік, сенімсіздік, бірбеткейлік, серіктерінің пікіріне құлақ аспаушылық. Сондықтан оқытушы да, студент те қарым-қатынас техникасын игеру үшін оның құрылымын білгені жөн. Олар: коммуникацияны талап ететін мәселенің шарттарын жетік білу;

Қарым қатынас әрекетінің мазмұнын сауатты жоспарлау(не айту керек);

Сұхбаттасу амалдарын таңдау(қалай айту керек)

Сөйлесу үрдісінің өзін сапалы өткізу;

Қарым-қатынастың мақсатына жеткен, жетпегенін көрсететін кері байланысты жүргізу. Бұл тізбектің бір буыны босап қалса «қарым- қатынас» көздеген мақсатына жетпейді. Қарым-қатынастың табысты болуы осы тізбектегі әрекеттерді шеберлікпен атқаруға байланысты. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына ұстаздың білімі, жалпы мәдениеті, ой өрісі, сабақ беру сауаттылығы, адамгершілігі, кәсіби шеберлігі ықпал етеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», - дейді халық. Ол жақсылық сыртқы көріністе ғана емес ішкі дүниесінде, істеген ісінде көрініс табуы керек.

Қорыта келгенде, ұстаз білімгерлерге адамгершілік және рухани мәдениетті оның тамаша үлгілерін кәсіптік қарым-қатынас негізінде бере алады. Ал, осы негізде жас педагогтар мен болашақ маманның біліктілігін қалыптастыруда «қарым-қатынас мәдениеті» деген арнайы пән жүргізіледі. Бұл пән болашақ мамандардың кәсіпке қызығушылығы мен бейімделуін арттыруда тәжірибелі оқытушылардың танымдық семинар, тренингтер, семинар кеңестер жиі өтіліп отырғаны жөн. Нақтысы өз мамандығын сүйетін, оны жетік меңерген оқытушының биік шыңнан көрінуі әр шәкіртін субъект деп тануынан және студентпен нәзік мәдени қарым-қатынас жасауынан туары хақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтемирова К.Б «Қарым-қатынас мәселесінің әдебиеттерде қарастырылуы» Вестник КАСУ №3- 2006
2. Сағытаев Т.С «Педагогикалық шеберлік негіздері» Оқу құралы. Қарағанды ; ҚарМУ «Ғылым» 2002. 80. 81-беттер

ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Сәндібаева Н.Ә.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазмемқызпу қауымд. проф. м.а.*

Маханбетова С.Е.

физика магистрі, оқытушы

Кілттік сөздер: Өзін-өзі реттеу, білім беру, жеке тұлға, іс-әрекет.

Аннотация

В данной статье рассматривается развитие и формирование профессиональной квалификаций учителей. Процесс управления развитием и самореализацией педагога в условиях учебной и профессиональной среды вуза, который характеризуется адекватной субъектной позицией по отношению к собственному профессиональному становлению, развитием профессиональных и жизненных планов, реальных путей их достижения; формированием позитивных личностных стратегий и ориентаций

в профессиональной и учебной деятельности.

Annotation

In article managerial process by development and self-realization of the teacher in the conditions of the educational and professional environment of high school, under the influence of certain mental conditions and mechanisms which is characterized an adequate subject position in relation to own professional formation, development of professional and vital plans, real ways of their achievement is considered; formation of positive personal strategy and orientations in professional and educational activity.

Кез келген ЖОО ең негізгі тұлға болып табылатын ол сол оқу орнында дәріс беруші оқытушы болып табылады.

Ол студенттің кәсіби дайындығы барысындағы жеке тұлғалық дайындығына тікелей жауапты.

Оқытушының негізгі кәсіби қызметінде өзара байланысты және өзара шарттастырылған қызметтердің тұтас жиынтығын көрсетеді.

Әрине мұнда ең негізгілері ретінде білім беру, тәрбиелеу, ұйымдастырушылық, және ғылыми-зерттеу жұмыстары болып табылады.

Олар оқытушының ЖОО қызметі барысында біртұтас қарастырылуы керек, бірақ көп жағдайда кей оқытушыларда осы қызметтің белгілі бір түрі басымдық көрсететін де кезі болады.

Белгілі бір қызметті орындауда ЖОО оқытушысының тәуелділігі бойынша бағытталатын үш негізгі топқа айқындалуы керек:

Өз кәсіби қызметінің бағыттылығында педагогикалық бағыт басым болатын оқытушылар;

Кәсіби қызметінің бағыттылығында ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінетін оқытушылар;

Кәсіби қызметінде педагогикалық және зерттеушілік қызметінің басымдығы байқалатын оқытушылар;

Білім – адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, біздің жағдайымызда, ол – педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды» оның өмір сүру барысында өзгере алатын, оған өзінің әлеуеті жететін ашық жүйе ретінде қарастырамыз. Ал ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» – маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Білім беру сапасының критерийлері:

мұғалімнің кәсіби шеберлігі;

мұғалімнің білімділігі;

мұғалімнің тәжірибесі;

мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігі;

білім беру сапалылығы;

еңбектің тиімділігі;

әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

ЖОО оқытушысы үшін ең маңыздысы және қажеттісі педагогикалық, ғылыми және зерттеушілік қызметі өзара байланысты болуы керек. Соның ішінде ғылыми-зерттеушілік қызметі оның кәсіби біліктілігін көтеруде жоғары деңгейге шығуына көмектеседі. Сондықтан оқытушының ғылыми зерттеу жұмыстары ғана оның өз пәнін жүргізу саласындағы, жоғары педагогикалық құзыреттілікке ие болуына жол ашады.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқытушы ғылыми мақала немесе монографияларын жариялай алады. Егер оқытушының іс әрекеті белгілі бір белсенді ғылыми жұмыспен бекітілмесе, онда оның педагогикалық кәсіби шеберлігі шыңдалмай қалады, ал оқытушының өз қызметіне деген сүйіспеншілігі арта түседі.

Бүгінгі күннің ең негізгі ерекшелігі оқытушы ролінің студенттер үшін «жалғыз дереккөзі» ретінде қабылданбауы болып табылады. Себебі, қазіргі таңда студенттер, жалпы барлық білім алушылар «Ғаламтор желісіне» сүйене отырып, кез келген қызығушылық туғызатын мәліметтерді таба алады.

Дегенмен де білім алушыларда алынған деректерді жүйелеу, әдістемелік саралау жасау, оның шындығын бағалау тәжірибесі жоқтың қасы. Сондықтан да, бүгінгі күні керісінше студенттер үшін сарапшы және кеңесші қызметін атқара алады, демек оқытушының ролі артып, білім алушының ғылыми ақпараттар Әлемінде дұрыс бағдарлануына септігін тигізеді.

Оқытушының беделі ол оның ұжымдағы әріптестерімен қарым-қатынасы, ал студенттердің оқу-тәрбие ісіндегі жетістіктері кәсіби, педагогикалық, жеке тұлғалық орны арқылы анықталады.

Зерттеулер мен сауалнамалардың нәтижесі көрсеткендей, оқытушылардың жеке тұлғасының белсенділігінің негізгі көрсеткіштері:

- оқытушының өзін-өзі бағалауы мен оның тұлғасын студенттер мен әріптестерінің бағалауының қатынасы;

- қайшы және күрделі мәліметті қабылдау және өңдей білуі, оқытушылық іс-әрекетте көп кездесетін қиын жағдайлардан тиімді жол табуы,

- нақты өмірлік бағыттың, құндылық ұстанымдардың және көзқарастар мен оларды ұстану жолдарының бар болуы;

- әрбір студенттің жеке тұлғасына түсіністікпен қарау, оның жеке көзқарасын, оның өмірлік мақсаты мен үлгі тұтар бейнесін құрметтеу, таңдауына қысым мен зорлықсыз қарым-қатынас жасауы.

Әдетте беделді оқытушылар – студенттерге қарым-қатынас жасауын жоғары деңгейге көтере алатындар, олар студенттердің бойында белсенді және зияткерлік іс-әрекетін дамыта отырып, үздік және стандартты емес педагогикалық шешімдерді қабылдауға баулиды, сонысынан өздері толық қанағаттанып, шәкірттерінен ұстаздық еңбегінің қайтқанын көре алады.

Ал, шәкірт арасында сыйы кеткен оқытушалар, керісінше, қатал, өктем, педагогикалық қатынаста авторитарлы, студенттердің білім дәрежесін де сыйлай алмайтындар болады.

Студенттеріміз оқытушының бойындағы тұлғалық, адамгершілік қасиеттерін және өздеріне деген қамқорлығын бағалап, содан соң барып, оның зияткерлігіне, жан-жақтылығы мен біліміне, тапқырлығы мен пәнін білуіне көңіл қояды.

Оқытушының жеке тұлғасы ғана студенттерге педагогикалық, тәрбиелік, және психологиялық тұрғыдан күшті әсерін тигізеді.

Осы орайда оқытушының жеке тұлғалық құзыреттілігі үшін маңызды қасиеті:

өзін басқа адамның орнында ойша сезіне білуі, жанашырлығы;

адамдармен қарым-қатынас жасай білуі;

шыдамдылық, өзін-өзі сынай білуі, көңіл бөле білуі, ұждандығы;

адамгершілік, мейірім, шапағаты, шын көңілділігі мен елгезектігі;


тәртіптілігі, шыншылдығы, ашықтығы, сезімталдығы;

жананы сезгіштігі, студенттің бойында инновациялық ойлауды дамыта білуі, т.б.

Байқап қарасақ бұл нағыз оқытушының кескіні, болмыс-бітімі болып табылады. Түп тамырына үңілсек, мұнда педагогикалық іс-әрекетке тура бағытталған оқытушының ішкі «менін» анық көруге болар еді.

Аталып өткен нағыз оқытушылық қадір-қасиеттерден басқа бірқатар арнайы талаптарды да көрсете аламыз, соның ішінде атап айтсақ, кәсіби құзіреттілігі мен білім беру мәдениеті.

Кәсіби құзіреттілік түсінігі өз ішінде әрбір оқытушының теориялық және практикалық дайындығын қамтиды.



1 Сурет – Оқытушының кәсіби құзыреттіліктілігінің негізгі талаптары

Біліктіліктік сипаттаманың өзі әрбір оқытушының теориялық және практикалық дайындығы деңгейіндегі талаптарды жалпылау арқылы жасалады.

Мұндағы теориялық дайындық негізін аналитикалық ақыл, білім, педагогикалық болжам, жобалық біліктілік, рефлексияны жасау біліктілігі құрайды.

Ал практикалық дайындық ұйымдастыру қабілеті, қарым-қатынас шеберлігі, перцептивті біліктілік арқылы жүзеге асады.

Теориялық дайындық құраушыларына тоқталып өтер болсақ:

мұндағы оқытушының алдына ала нәтижені болжауы - болжағыштық қасиет ретінде оқытушының шығармашылығын көрсетеді. Кез келген жағдайда қорытқы мағынаны, жағдайды, студенттің көңіл-күйін алдын ала болжау оқытушының ең қажетті қасиеті.

Жобалық біліктілік педагогикалық болжам нәтижесін жүзеге асыруда көрінеді. Мұнда мақсатты жобалау, оларды барынша нақтылау, және кезеңдік жүзеге асыру жолдары жатады.

Рефлексиялық біліктілік оқытушының бақылау-бағалау іс-әрекетін орындауда өзінің жасаған жұмысының оң және теріс нәтижесін бағалау, оларды алу жолдарын саралау арқылы жүргізіледі.

Практикалық дайындық оқытушының келесі біліктері арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру қабілеті оқу-танымдық, ұжымдық қарым-қатынастық іс-әрекеттің алуан түрлілігін жүзеге асырудың ең негізгі шарты болып, ақпараттық, дамушылық, бағдарланушылық біліктіліктердің негізі болып табылады.

Қарым-қатынас шеберлігінің маңыздылығы әріптестермен, студенттермен педагогикалық мақсатты қарым-қатынас қажеттігімен сипатталады. Оқытушының әлеуметтік-психологиялық тәсілдер жүйесін құраушы іс-әрекетінің негізі де осы қарым-қатынас болып талады.

Перцептивті біліктілік оқытушының білім алушының ішкі әлеміне үңіліп, аса байқағыштықпен оның өзіндік құндылықтарын бағалауы мен психологиялық көңіл күйінің өзгерістеріне түсіністікпен қарауы арқылы айқындалады.

Біздің атап көрсеткеніміз, оқытушының кәсіби біліктілігіне әсер ететін ең негізгі біліктіліктер болып табылады. Әрине олардың бәрі бір-бірімен тығыз байланыста, сондықтан біріге отырып жоғары мектептің нағыз маманының педагогикалық болмысы мен шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру курсы бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015 ж.
2. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы «Ғылым» 2002 жыл.
3. Ясвин, В. А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. М., 1997.
4. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары . – Өскемен. 2004.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНДІРУІ

Өгешова Б.Қ.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Атырау мұнай және газ институтының доценті*

Идельбаева Р.А.

ҚазҰӨА-ның оқытушысы

Макенова С.К.

Атырау инженерлік – гуманитарлық институты

Түйін сөздер: Халықтық тағылым, этникалық білім, этномәдени білім, білім кіріктірілуі, білім реформасы, ой-өріс, өзіндік пайымдау.

The summary

In this article the authors examine the views of Kazakhstan scientists ethnopedagogics to introduce in the educational process.

Аннотация

В данной статье авторы рассматривают взгляды Казахстанских ученых по внедрению этнопедагогике в образовательный процесс.

Осы кезге дейін педагогика ғылымын дәстүрлі педагогикамен шектеп келсе, енді жалпыадамдық құндылықтар қатарына саналатын эзотерикалық ілімдері қамталып, ғылыми педагогика негізін жүйелеуге бетбұрыс жасау қажеттігі туындап отыр.

Қазақ этнопедагогика ғылымында алғаш рет 70-ші жылдардың басынан бастап зерттеліп (А. Мұханбаева, И. Оршыбеков), одан кейінгі 10 жыл көлемінде оған елеулі назар аударылды. Нәтижесінде түрлі ғылыми педагогикалық еңбектер ғылыми, мақалалар, кітаптар мен қолжазбалар т.б. жарық көрді. Бұл зерттеу еңбектері педагогика ғылымында белгілі жіктемелер бойынша жүйеге келтіріліп, мазмұндық тұрғыда сипатталады.

Оларға жасаған талдау былайша тұжырым жасауға мүмкіндік береді: қазақ этнопедагогикасы саласында 1970-2000 жылдары 60 зерттеу еңбегі орындалған, оның 10 іргелі, 50 қолданбалы зерттеулер.

Халық педагогикасының қағидалары оқу-тәрбие жүйесіне енгізуге арналған: «Балбөбек», «Мұрагер», «Кәусәр бұлақ» атты бірнеше бағдарлама басылып шықты. М. Оразаевпен М Смайлова «Қазақ халқының салт –дәстүрлері» кітабында қазақ этнопедагогикасының салт –дәстүрге байланысты жолдарын анықтады. Ғалымдар Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев «Әдеп және жантану» оқулығын жазып, қазақ этнопсихологиясын және этнопедагогикасы ғалымдарының негізін айқындады. Ә.Табылдиев «Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегі арқылы қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашып береді. Профессор С.Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының негіздері және тарихы» оқу – құралы арқылы қазақ этнопедагогикасының қайнар бастауы біздің заманымыздан бұрын бастағандығын дәлелдеп, бұл ғылымның теориялық негіздерін айқындап берді. Зерттеушілер А.Асыллов пен Ж.Нұсқабаев «Әдеп» атты оқулығында қазақтың салт- дәстүрлеріндегі тәлім – тәрбиелік мақсаттарды дәлелдеді.

А. Құралұлының ұлттық дүниетану бағыттары бағдарламасына көмекші құрал ретінде «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы» атты ізденіс жұмысы жарық көрді. Бұл анықтамалықта ұлтымыздың материалдық және рухани мәдениетіне қатысты көптеген құнды мағлұматтар жүйеленген. Олар ғылыми негізде 5 бөлімге іріктелініп, жүйеленген және тарауларға бөлінген. Ондағы әрбір ұғымға қысқаша сипаттамалар және түсініктер берілген. Анықтамалықтағы материалдар оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге көмегі зор.

Белгілі әдебиетші ғалым А. Қыраубайқызы жаңа сипатты мектеп – лицейдің «Сенім» атты авторлық бағдарламасында «Мұғалімнің түпкі мұраты – баланың рухани өсуіне басшылық жасау, шығармашылық қабілетін дамыту, дүниетанымын кеңейту» - деп көрсеткен. Автор 1- 11 сыныптарда «Әдеп» сабағын өтуді ұсынады. Бұл жүйеде: «Әдеп әліпесі», «Қазақ дәстүрлі әдеті», «Қазіргі қарым-қатынас мәдениеті», «Ұл – қыз әдебі», «Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті», «Отбасындағы баланың жандүниесі және тәрбиесі» арнайы пәндер жүйесін берген. «Әдеп» пәнінің жоғарда берілген мазмұнын жүйеге асырудың , яғни ерекше ұғымының сәйкес түсініктеріне сүйеніп, оқушылардың ұлттық дүниетанымы генезисін былайша түсіндіруге болады: таным – ұлттық дүниетаным – дүниетаным әлемдік дүниетаным.

Таным негізінде – ұлттық дүниетаным қалыптасады. Ұлттық дүниетаным арқылы жалпы дүниетанымды меңгереді. Дүниетаным әлемдік дүниетанымды игеруге негіз болып табылады. Адамның ұлттық дүниетанымын зерттеушілер қазақ менталитетіндегі еркіндік пен тәуелсіздік идеяларымен байланыстырады. Ғалым Д. Жамбылов «Бір көрінісі дүниетаным болып табылатын менталитет –адамның немесе әлеуметтік топтың әлемде белгілі бір кейіпте, қалыпта сезіну, түйсіну, түйсіну жіне іс-әрекеттер жасау жөніндегі жалпы кең тараған түсінікті білдіру» - деп қорытады.

Менталитеттің мағналарына, Д.Жамбыловтың пайымдауынша, «Ойдың бағыты, жүйесі, ақыл – шабытының құрылымы, адамның, топтың, халықтың дүниетанымы, өмірге саясатқа, билікке қатынасы, рухани өмірдің ерекшелігі енеді. Зерттеушінің ұлттық менталитеті ең үлкен құндылық ретінде бағалап, кереметтігіне, ұрпақтан –ұрпаққа сабақтастық ретінде берілетіндігіне тоқталып, оның мәнін ашады. «Қазақ халқының ұлттық санасында еркіндік пен тәуелсіздік менталитетінде көшпелі өмір ойлау жүйесіне, психикалық жандүниесіне еркіндік сезімін сіңірді» -деген пікіріне толық қосыламыз. Н.Албытова өзінің «Қазақ балалар фольклорі арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясында оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда қазақ балалар фольклорының мүмкіндіктерін, мазмұнын, сұрыптауы ұсынымдарын, теориялық тұжырымдар ретінде келтірген. Біздің зерттеуімізде халық ауыз әдебиеті жанрларының мазмұнын «Әдеп» пәнін басқа пәндермен кіріктіре оқытуға пайдалануға жанжақты талдау жасалады.

С.Қ.Қасенов «Қазақ этнопедагогикасы арқылы оқушылар дүниетанымын қалыптастыру физикалық география материалдары негізінде» - атты жұмысында қазақ этнопедагогикасындағы географияны оқытуға қажетті материалдың жүйесін мазмұндап, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруын педагогикалық шарттарын сипаттайды. Жеке тұлғаның дүниетанымы ұлттық дүниетанымының психологиялық негіздерін, қазақ ойшылдарының қоршаған ортаның дүниетанымға әсері туралы пікірлерін жинақтап келтірген. Негізінен географ ғалымдар мен әдіскерлерінің еңбектеріне сүйеніп оқушы дүниетанымын қалыптастырудан әдістемесін жасаған.

Біздің қазақ этнопедагогикасы материалдарының сипаттамасын жасауымызға ғалым Р.Қ.Дүйсембінованың «Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу тәрбие процесіне ендірудің ғылыми педагогикалық негіздер» атты жұмысында, Б.Ж. Мұқанованың «қазақ этнопедагогикасы материалдарын педколледждің оқу-тәрбие процесінде пайдалану» тақырыбына жазылған жұмысы көп септігін тигізді.

Ғалым А.Мұхамбетжанова өзінің «Бастауыш білімінің интеграциясы арқылы оқушыларды дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық – әдіснамалық негіздері» атты жұмысында дүниенің ғылыми бейнесі моделін оқушыларға тұлғалық – бағдарлы, пәнаралық, танымдық әрекет процесінде қалыптастырудың технологиясын жасап көрсеткен.Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес адамгершілік құндылықтар арқылы дүниетанымды қалыптастыру мәселелері бірқатар докторлық диссертацияларда қарастырылған.

Ғалым К. Оразбекова өзінің зерттеу жұмыстарында: «Азия халықтарына ортақ «дүние» сөзі халықтың зерделілігі ұлттық көзқарастар жүйесінің ұғымы. Ол – ең алдымен жаратылыс, табиғат, жербеті, адам. Ұлттық таным – түсініктің көп зерттеушілердің назарына іліге бермейтін бас құпиясы, 1-ден, дәстүрлі қазақы санадан адам дүниемен тілдеседі, онымен адамша сұхбат құрады. 2-ден, «дүние» сөзі жеке адамның ғұмыры мағнасында қолданылады. 3-ден, «дүние» - зат, мал, байлық ретінде ұғынылады» деп талдау жасайды.

Дүниетанымның философиялық және психологиялық тұрғыдағы мазмұнына сүйеніп, педагогикалық сөздікте дүниетаным дегеніміз қоғам мен әлеуметтік топтық жүйеде өзіндік бейнесін табатын адам, қоғам табиғат туралы біртұтас көзқарас делінген сонымен пәнаралық деңгейде дүниетаным ұғымына жасалған талдау бұл ұғымының теориялық әдіснамалық ядросы дүниеге «дүние», «таным», «дүниетаным», «ұлттық дүниетаным» түсініктеріне біршама мән берген профессор Қ.Айтмағанбетова болды. Ол өзінің «Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі» атты еңбегінде «дүние», «таным», «дүниетаным», «дүниеге көзқарас» түсініктеріне философиялық талдау жасаған. «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі оның ішінде ар –ождан мұраттары мен әлеуметтік құндылықтардың реттеушісі, саяси бағыт – бағдар, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарас», - деп тұжырымдайды. Соңғы жылдары жарық көрген «Педагогика» оқу құралына талдау жасағанымызда біз мына жәйттерді аңғардық. Ж.Б.Қоянбаева мен Р.М. Қоянбаевтың авторлығымен жазылған «Педагогика» оқулығының 4 –ші тарауы «Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру» деп аталады. Авторлар дүниетанымы дегеніміз – «объективті дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясын, сенімдері, мұраттарын, таным және іс-әрекет принциптерін білдірді» - деген анықтама ұсынады.

Қазақ этнопедагогикасы мәселелеріне жан-жақты талдауы жасалған еңбектер бүгінгі күнгі тәрбиелеу мен оқыту үрдісінің талдаптарына сай жүзеген асырылып келеді.

Еңбектерге жасалған талдаулардан қазақ этнопедагогикасын арнайы зерттеу объектісі болғандығын және білім беру мекемелерінде жүйелі пайдаланылуда деп тұжырым жасауға негіз баршылық.

Ұсынылған әдебиеттер

1. Дүйсенбаева РҚазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру . Алматы,2000. 353 бет. Б 272-285.
2. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы 1998.
3. Қыраубайқызы А. Сенім (авторлық бағдарлама)// Қазақстан мектебі. 1996.
4. Қоянбаев Ж. Қоянбаев Р Педагогика Астана, 1998.
5. Қасенов С. Қазақ этнопедагогикасы арқылы оқушылар дүниетанымын қалыптастыру. Автореф.п.ғ.к. Алматы, 2001.
6. Албытова Н. Қазақ балалар фольклоры арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру. Автореф.п.ғ.к. Алматы, 1999.
7. Төлеубекова Р. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми – педагогикалық негіздері. Автореф.п.ғ.к. Алматы, 2001.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Иргалиев А.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті*

Жумасейтова А.Е.

*магистр
Орал қ.*

Кілттік сөздер: кәсіби және психофизиологиялық дайындық, кәсіби-шығармашылық қабілеттер, мұғалімнің психологиялық қасиеттері, студенттерінің психологиялық дайындығының компоненттері.

Аннотация

В статье рассматриваются понятия «профессиональная» и «психофизиологическая» готовность данные в современной психолого-педагогической литературе, структуру и содержание педагогической деятельности, компоненты психофизиологической готовности, структурные элементы профессионально-творческих способностей, психологические качества учителя важные для педагогической деятельности, описываются 3 компонента психологической готовности студентов вузов (интеллектуальный, эмоционально-волевой и коммуникативно-межличностный).

Annotation

In the article concepts are examined «professional» and «psychological -physiological» readiness data in modern psychological pedagogical literature, structure and maintenance of pedagogical activity, component of psychological physiological readiness, structural elements of professionally creative capabilities, psychological internals teachers important for pedagogical activity, 3 components of psychological readiness of students of institutions (intellectual, emotionally-volitional and communicative-interpersonally) of higher learning are described.

Осы таңдапсихологиялық-педагогикалық әдебиетте адамның еңбекке, түрлі іс-әрекеттерге дайындығының феномені туралы кең ауқымды теориялық және эксперименттік материал жинақталып, дайындық ұғымына анықтама беріліп, дайындықтың мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері мен оның байқалу динамикасына, ұзақтығына және тұрақтылығына ықпалы анықталған (Д.И. Водзинский, А.Д. Ганюшкин, М.И. Дьяченко, А.А. Калужный, Л.А. Кандыбович, П.Р. Чамата, А.А. Қалыбекова, Қ.С. Ұспанов, А.А. Молдажанова, Ә.М. Мұханбетжанова, А.Б. Ынтықбаева, Б.А. Утегенова және басқалары).

Жалпы педагогикалық мәселелерді зерттеу саласында дайындық мектепке дайындық, жоғары оқу орнында оқуға дайындық, кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір түрлерін орындауға дайындық, педагогикалық міндеттер немесе күрделі жағдаяттарды шешуге, т.б. дайындық ретінде қарастырылады.

Бұл зерттеуде дайындық бізді ең алдымен кәсіби дайындық, яғни белгілі бір кәсіби іс-әрекетті орындауға өзін қабілеттімін деп санайтын және оны орындауға тырысатын тұлғаның субъективті күйі ретінде қызықтырады.

Айтар болсақ, қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиетте «кәсіби» және «психофизиологиялық» дайындық ұғымдарының ажыратылуы жиі кездеседі. Бір авторлар (көпшілігі) кәсіби дайындықты кеңірек ауқымда қарастырып, оның аясында психофизиологиялық дайындықты бөлек көрсетеді (В.А. Моляко, В.А. Слостенин, А.Г. Мороз және басқалары), басқалары (К.К.Платонов) - керісінше пайымдайды

(психофизиологиялық дайындық аясынан кәсіби дайындықты бөліп көрсетеді), үшіншілері - оларды тұлғалық және функциялық деңгейлердегі екі өзара бөлек, дербес дайындық түрі ретінде ажыратады (А.Г. Ковалев).

Біздің ойымызша, психофизиологиялық дайындық белгілі бір жүйе ретінде кәсіби дайындықтың маңызды компоненті болып табылады, тұтас жүйенің барлық маңызды қасиеттеріне ие, алайда бірқатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Психофизиологиялық дайындықтың кәсіби дайындықтың элементі ретіндегі деңгейі кәсіби іс-әрекеттің табыстылығынан байқалады.

Жалпы алғанда кәсіби іс-әрекетке дайындық іс-әрекетті туындататын тұлғаның белсенді күйі; іс-әрекет салдары; кәсіби жағдайлар мен міндеттерге беталыстарын анықтаушы қасиеттер; мақсатқа лайықты іс-әрекеттің алғышарты, оның реттемесі, тұрақтылық, тиімділігі, субъект іс-әрекетінің жалпы жағдайлар ағынындағы формасы ретінде қарастырылады.

Көптеген ғалымдар мазмұны жөнінен қарастырылатын дайындықтың келесі компоненттерін бөліп көрсетеді:

- мұғалім мамандығына деген оң көзқарас, педагог іс-әрекетінің белгілі бір түрлеріне деген оң беталыс;
- тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері;
- нәтижелер үшін жауапкершілікті сезіну;
- кәсіби іс-әрекеттің тұлға қасиеттеріне, мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- мамандық үшін маңызды білім, білік, дағдылар, оларды жұмылдырып, белсендіруге қабілеттілік;
- дамыған педагогикалық қабілеттер; кәсіби міндеттерді шешудегі дербестік;
- эмоциялық, еріктік, сезім саласының дамуы (шабыттанушылық, табысына сенімділік, өзін-өзі басқара алу, күмәнділікті, қорқыныш-үрейді жеңу, т.б.);
- қабылдау, зейін, ойлаудың тұрақты, мамандық үшін маңызды ерекшеліктері. Оның үстіне кәсіби іс-әрекетке дайындық кәсіби дайындықтың салдары болып табылады.

Біз кәсіби іс-әрекетке дайындықты әрі психикалық күй, әрі тұлғаның қасиеттері ретінде қарастыруға бейімбіз.

Педагогикалық іс-әрекет құрылымы мен мазмұны, кәсіби дайындық (соның ішінде кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындық) мәселеріне қатысты қолданыстағы ғылыми тәсілдемелерді (М.В. Гамезо, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, Л.Ф. Спирин, А.И. Щербаков, және басқалары) талдаған кезде біз қарастырып жатқан дайындықтың екі негізгі құрамды бөлігін бөліп көрсете аламыз:

А) психологиялық;

Б) әрекеттік.

Әрекеттік дайындыққа сәйкес келесі компоненттерді ажыратамыз: құрастырушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, гностикалық. Психофизиологиялық дайындықта - мотивациялық-құндылықтық; когнитивтік-бағалаушылық; эмоциялық-сезімдік; ұйымдастырушылық-тұлғалық және әлеуметтік-перцептивтік компоненттер.

Бастапқыда психофизиологиялық дайындықтың келесідей компоненттерін қарастырайық:

1. Мотивациялық-құндылықтық компонент. Дайындықтың бұл компонентінің құрамына біз балаларға, педагог еңбегіне деген сүйіспеншілікті, жауапкершілік сезімін, балаларды оқыту мен тәрбиелеуге деген ықыласты, балалармен жұмыс жасауға деген қажеттілікті, педагогикалық мамандықты құндылық деп қабылдауды қостық.

Бұл мотив тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында көрініс береді - біріншіден, баланың тұлғалық бастамасын күшейту жөніндегі мақсатқа сай іс-әрекетте, оның бойындағы әлеуметтік және тұлғалық құндылыққа ие бұғып жатқан мүмкіндіктерін ашуға ұмтылуда, осылайша оның тұлға ретіндегі өзін-өзі орнықтыру перспективаларында; екіншіден, баланың өзіндік «Менін» орнықтыруда, оның өзін-өзі таныту қабілеттерін дамытуға ынталы болуда, тұлғаға айналу қажеттіліктерін қалыптастыруда.

2. Когнитивтік-бағалаушылық компонент студенттердің болашақ мамандық туралы ұғынымдарынан, олардың өз педагогикалық мүмкіндіктерін бағалай білуден тұрады. Ұғыным - бұл еске алу немесе өнімді түрде көз алдына елестету негізінде туындайтын заттардың, көріністер мен оқиғалардың бейнелері.

Болашақ педагогтың келешек кәсібіне қатысты ұғынымдары неғұрлым айшықты болса, ол іс-әрекет міндеттерін соғұрлым жақсы түсініп, мақсатқа жетуге лайықты, дұрыс шешімдерді қабылдап, оларды дұрыс орындайды.

3. Ұйымдастырушылық-тұлғалық компонент болашақ педагогтың келесі негізгі кәсіби маңызды қасиеттерінен тұрады:

1) балаға деген қызығушылық пен сүйіспеншілік педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттіліктің, әділдіктің, педагогикалық қырағылық пен байқағыштықтың, педагогикалық әдептіліктің, педагогикалық қиял, тіл табысқыштық, талап қойғыштық, табандылық, мақсатқа ұмтылғыштық, ұйымдастырушылық қабілеттер, байыптылық және ұстамдылық, кәсіби жұмысқа жарамдылықтың көрінісі ретінде;

2) баланы түсіне білу, оның психологиялық ерекшеліктерін, мінез-құлқын оңай тану, білімінің, сенімдерінің, моралдық қасиеттерінің деңгейін дұрыс анықтай алу; балаларға оқу материалын жетімді тілмен түсіндіруге қабілеттілік; оқушыларды қызықтыра білу, олардың бойында энтузиазм (білуге деген құштарлықты) ояту, қызықтыру, сәйкесінше эмоцияларын туындату; адамдарды сендіре білу; ұйымдастырушылық қабілеттер; педагогикалық такт; талап қойғыштық, балаларға жеке тәсілдемені таңдау, өз жұмысының нәтижелерін көре білу, шығармашылық жұмысқа қабілеттілік; белгілі бір оқиғаға немесе жағдайға сай шұғыл және уақытылы әрекет етуге қабілетті болу;

3) азаматтық жауапкершілігінің, әлеуметтік белсенділігінің, балаларға деген сүйіспеншілігінің жоғары болуы, оларға шын жүрегімен берілу, шынайы зиялылық, рухани мәдениеттілік, басқа адамдармен жұмыс жасай білу және қажетсіну, кәсіби шеберлілік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі, жаңа құндылықтарды жасақтауға және шығармашылық шешім қабылдауға дайын болу, толықтай өзін-өзі жетілдіру мен өз білімін арттыруға дайындық, физикалық және психикалық денсаулық, кәсіби жұмысқа жарамдылық (И.Б. Котова мен Е.Н. Шиянов).

4. Дайындықтың әлеуметтік-перцептивтік компоненті сәйкестендіру, эмпатия, аттракция, рефлексия механизмдеріне негізделеді. Бұл компоненттің ерекшелігі сол - онда тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара әрекеттесудің сипаттамалары анығырақ қарастырылған.

Сәйкестендіру - бұл басқа адамды танып-білу тәсілі, оның ішкі жан-дүниесі туралы пайымдарын серігінің орнына өзін қойып көріп негіздейді, яғни өзін басқа субъектімен теңдестіреді. Эмпатия - бұл басқа адамдарға эмоциялық сезімдері арқылы тілектестігін білдіру немесе басқалардың сезімдерін түсіну. Эмоциялық үндесу арқылы біз басқалардың ішкі күйін түсіне аламыз. Эмпатия басқа адамның ішінде болып жатқан нәрселерді ұғынуға, оның тебіреністерін, қоршаған әлемді қалай қабылдайтынын елестетуге негізделген. Эмпатия неғұрлым жоғары болған сайын, адам соғұрлым басқа адамдардың ішіндегісін жақсы елестетіп, бір оқиғаны әртүрлі адамдардың қалай қабылдайтынын түсінуге қабілетті болады, түрлі көзқарастардың туындауын заңдылық деп қабылдауға бейім болады.

5. Дайындықтың эмоциялық-сезімдік компоненті педагог тұлғасының сезім саласының даму деңгейін оның эмоцияларының сан қырлары арқылы анықтайды. Басты қасиеттерде біз интеллектуалдық, эстетикалық және адамгершілік сезімдерді бөлек айырамыз. Олар тұлғаның таңдану, күмәндану, қызығушылық білдіру, эстетикалық ләззат алу, махаббат, басқаның күйзелісіне ортақтасу, жақсылық тілеу, адал болу, адамгершілік, ізгілік танытуы арқылы көрсетіледі.

Эмоциялық сала тұлғаны, оның ерекше өмірлік құндылықтарын дамытудың өзіндік реттегіші болып табылады.

Әртүрлі зерттеушілер педагогтың кәсіби-шығармашылық қабілеттерінің құрамдық бөліктерінің құрамы әртүрлі екенін көрсетеді. Айталық, мысалы, А.И.Щербаков педагог тұлғасының келесідей жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін бөліп көрсетеді, оның кәсіби-шығармашылық жетістіктерінің деңгейі олардың дамуына байланысты: жоғары танымдық қызығушылықтар, балаларға деген сүйіспеншілік және олармен жұмыс істеуге деген қажеттілік, мінездің мықтылығы мен жігерлілігі, дербестік пен іскерлік, педагогикалық қабілеттер (мұғалімнің баланы дұрыс қабылдауы, педагогикалық болжамдау) және практикалық дағдылар мен біліктер: жалпы педагогикалық (ақпараттық, дамытушы-жұмылдырушылық), бағдарлық, жалпы еңбектік, коммуникативтік, өз білімін дамытушылық [1-2].

Педагогикалық қабілеттерді талдаудың басқа да тәсілдемелері бар. Мысалы, Н.В. Кузьмина келесілерді бөліп көрсетеді: коммуникативтік, ұйымдастырушылық, гностикалық [3]. Әрине, бөліп алынған педагогикалық қабілеттердің әрқайсысы түрлі жағдайларда, соның ішінде шығармашылық жағдайында байқалуы мүмкін, мұндағы педагогтың шығармашылығы студенттерге көрсетіліп, олар оны меңгеріп алады. Сондықтан педагогтың шығармашылық тұлға ретіндегі маңызды қасиеттерінің бірі - бұл эмпатияның айрықша жоғары деңгейі немесе В.Левидің кітабының атымен айтатын болсақ: «Басқаларды түсіну өнері» [4].

Арнайы педагогикалық қабілеттердің деңгейі тереңіректен, мұғалімнің өз оқушыларының даму ерекшеліктері туралы алатын ақпаратының жан-жақтылығынан, өз іс-әрекетін қайта құру жылдамдығынан көрінеді. Арнайы педагогикалық қабілеттердің ішінде мұғалімнің іс-әрекетіне немесе тәрбиешінің жұмысына да жатпайтын, екеуіне де қатысы бірдей ерекше қабілеттер бар. Бұл педагогикалық қарым-қатынасқа деген қабілеттілік. В.А. Кан-Калик осы қабілеттерді көп жылдар бойы зерттеп, педагогикалық еңбектің құрылымында 200 астам компонент барын анықтаған [5, 5-13 бб.]. Қарым-қатынас оның ең күрделі жақтарының бірі, өйткені педагогикалық жұмыстағы ең маңызды іс - мұғалім тұлғасының оқушы тұлғасына ықпалы – осы арқылы жүзеге асырылады.

А.К. Маркова және Л.М. Митина сияқты бірқатар авторлар педагогикалық іс-әрекет үшін маңыды мұғалімнің келесі психологиялық қасиеттеріне тоқталады [6]. Оларды тізіп өтейік.

Педагогикалық эрудиция - мұғалімнің педагогикалық міндеттерді шешу кезінде икемді пайдалана алатын қазіргі заманға лайық білімінің қоры.

Педагогикалық мақсат қою - мұғалімнің өз еңбегін жоспарлауға деген қажеттілігі, міндеттерді педагогикалық жағдайға сай өзгерте білуге дайындық. «Педагогикалық мақсат қою - бұл мұғалімнің қоғам мақсаттары мен өз мақсаттарын біріктіріп, оларды соңынан оқушыларға қабылдаулары мен талқылауы үшін ұсынуға қабілеттілігі» [7, 54 б.].

Педагогикалық жағдайларды талдау барысында жағдайларды салыстыру және жіктеу, олардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау арқылы педагогикалық іс-әрекеттің көзден таса, сырттай көрсетілмеген қасиеттерін анықтау үрдісінде педагогикалық ойлау қалыптасады.

Бұл жерде практикалық педагогикалық ойлау ерекше қызықтырады. Бұл теориялық заңдылықтарды пайдалана отырып, нақты жағдайларды талдау және соның негізінде педагогикалық шешімдерді қабылдау болып табылады.

Мұғалімнің ойлау қабілетін талдау үшін оның екі түрін қатар қойып қарастыру қажет: аналитикалық дискурсивтік (уақыты созылған, анық білінген кезеңдері бар) және интуитивтік ойлау қабілеті (тез өтетіндігімен сипатталады, анық білінген кезеңдері жоқ, санадан өткізілмеген).

Мұғалім оқушыны және өзін-өзі танып-білу барысында басқа да КМҚ жетілдіреді. Педагогикалық байқағыштық, қырағылық, педагогикалық есту қабілеті, педагогикалық оптимизм, педагогикалық тапқырлық. Педагогикалық болжамдай білу - оқушылардың педагогикалық жағдайлар басталғаннан аяқталғанға дейінгі мінез-құлқы мен реакциясын жорамалдай білу. Педагогикалық рефлексия - мұғалім санасының өзіне қарай бағытталуы, оқушылардың мұғалім іс-әрекеті туралы ұғынымдарын және мұғалімнің оқушы іс-әрекетін қалай түсінетіні туралы ұғынымдарын есепке алу.

Педагогикалық іс-әрекеттің колледждің білім беру үрдісіндегі аталған бағыттарының жүзеге асырылуы олардың тиісті қағидаттарға сүйенуін талап етеді. Біздің пікірімізше, студенттермен жұмыста ең тиімді қағидаттар келесідей:

- жүйелілік және оңтайлылық қағидаты аталған дайындықтың қалыптасу мақсаттарының, мазмұнының, формаларының, әдістері мен тәсілдерінің бұл үрдіс нәтижелеріне берілген бағаға сәйкес келуін талап етеді. Үрдістің жүйелілігі, тұтастығы көбінесе теориялық және әдіснамалық негіздердің дамуымен, талданып, ой елегінен өткізілуімен қамтамасыз етіледі.

- *ЖОО білім беру ортасында өз білімін көтеру мен ұйымдастырылған білім беру-қалыптастырудың өзара әрекеттесуінің бірлігі қағидаты, бір жағынан, өз білімін көтерумотивтерінің дамуына, кәсіби өрлеуді жетілдіруге, ал екінші жағынан, болашақ мұғалімнің құзыреттілігі қалыптасатын рефлексиялық-инновациялық ортаны құруға бағытталады.*

- *болашақ педагогтың тұлғаға бағдарланған тәсілдемені жүзеге асыруға кәсіби дайындығын қалыптастыру үрдісін басқарудың сызықтық емес қағидаты оның гуманистік бағыттылығынан көрінеді.*

- *ресурстардың шектеулілігін есепке алу қағидаты, өйткені ЖОО ресурстары мен білім беру әлеуеті педагогикалық іс-әрекетті игеру тұрғысынан алғанда шектеулі, қалыптастыру стратегиясы бойынша болашақ педагогтың тұлғаға бағдарланған тәсілдемені жүзеге асыруға кәсіби дайындығын қалыптастыру үрдісін ресурстармен қамтамасыз етуді құрамалау және оңтайлы таңдау жасауды қарастырады.*

- *жүйенің олқылықтарының орнын толтыру қағидаты. Білім беру ортасы ішкі (тұлғалық) әлеуетті белсендіру есебінен ресурстар тапшылығының орнын толтырып отыруға қабілетті. Болашақ педагогтың тұлғаға бағдарланған тәсілдемені жүзеге асыруға кәсіби дайындығын қалыптастыру стратегиясы тұлғалық әлеуетті дамыту, қолдау және жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.*

Қарастырылып жатқан дайындықта біз жоғары оқу орнының студенттерінің психологиялық дайындығының 3 компонентін анықтайды: 1) интеллектуалдық; 2) эмоциялық-еріктік; 3) коммуникативтік-тұлғааралық.

Психологиялық кәсіби іс-әрекетке дайындықтың біз бөліп қараған көрсеткіштерінің негізінде біз психологиялық-педагогикалық диагностика әдістемелерін іріктеп алып, арнайы жұмыс бағдарламасы, жасалған жұмыстардың тиімділігін бағалау критерийлерін жасақтадық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Щербаков А.И. Формирование личности учителя в системе высшего педагогического образования. - СПб., 1998. - 120 б.
2. Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. - СПб., 1999. - 98 б.
3. Леви В.Л. Искусство быть другим. - М., 1990. - 207 б.
4. Кан - Калик В.А. К разработке теории общего профессионального развития личности специалиста в ВУЗе. - М., 1995.
5. Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. - М., 1999. - 215 б.
6. Климов Е.А. Психология профессионала. - М., 1996. - 400 б.
7. Тесленко А.Н. Сборник диагностических методик. - Астана, 1995.- 36 б.

ПОТРЕБНОСТИ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ И ИХ РОДИТЕЛЕЙ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Л.К.Ермекбаева

*кандидат психологических наук
Казгосжену*

Н.Турсынбекова

Магистр

Ключевые слова: Инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, образовательные потребности, мониторинговое исследование, интеграция.

Аңдатпа

Қазіргі кезде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту проблемасы педагогтар мен психологтардың және әлеуметтік қызметкерлердің айрықша назарында болуымен қатар, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Балаларының мүддесін білдіретін өкілдері ретінде білім беру қызметтеріне негізгі тапсырыс берушілер болғандықтан, ата-аналар сауалнаманың объектісіне айналды. Өйткені олар баланың білім алу қажеттілігін іске асыру көзі болып табылады. Ата-аналар балалары үшін білім беру жүйесіне және оның мүмкіндіктеріне дербес тапсырыс береді. Осылайша білім беру қажеттіліктері жалпы отбасында білім беру қызметінің тапсырысына айналады.

Annotation

Currently, the problem of education for children with disabilities are not only attracted the attention of teachers, psychologists, social workers, but is one of the priorities in today's social and educational policy of the Republic of Kazakhstan.

Parents have become the object of the survey, as they are the main customers of educational services for their children as representatives of their interests. The parents are the source of verbalization educational needs of the child. It is they, and not the children, formulate an individual educational order for the education system and its capabilities. In this way, the educational needs of children are a necessity, purchase of educational services to the family in general.

В настоящее время проблема образования детей с ограниченными возможностями (далее – детей с ОВ) привлекает внимание не только педагогов, психологов, социальных работников, но и является одним из приоритетных направлений в современной социальной и образовательной политике Республики Казахстан. Вопросы создания условий и защиты прав детей с ОВ, разработки специальных программ обучения и развития поставлены на правительственном уровне.

Развитие инклюзивного образования в Казахстане происходит в экспериментально-проектном режиме. В законе об образовании РК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.10.2011 г.), где впервые в законодательной практике дано определение инклюзивного образования.

21-3. Инклюзивное образование - совместное обучение и воспитание лиц с ограниченными возможностями, предусматривающие равный доступ с иными категориями обучающихся к соответствующим образовательным учебным программам обучения, коррекционно-педагогическую и социальную поддержку развития посредством обеспечения специальных условий.

В то же время дети с ОВ имеют возможность получать общее образование в специальном образовательном учреждении, в условиях домашнего обучения, посредством дистанционных технологий.

Для целенаправленного проектирования процесса развития инклюзии в условиях общего образования необходимо иметь информационные данные о том, какова потребность детей с ОВ в инклюзивном образовании. Настоящее исследование посвящено данной проблематике.

Исследование образовательных потребностей детей с ОВ обеспечивает управленческие задачи, связанные с проектированием изменений в системе образования, ориентированных на реализацию права на образование детей с ОВ и их успешную социализацию в обществе. Результаты исследования позволят наметить необходимые преобразования в образовательной системе республики в направлении полноценного образования различных категорий детей с ОВ, оценить необходимое обеспечение детей с ОВ в целях полноценной социальной адаптации их в образовательной среде, выявить потребности семьи на образовательные услуги и запросы на образовательные условия.

Разработчиком мониторингового исследования выступила лаборатория социальной адаптации и трудовой реабилитации Национального научно-практического центра коррекционной педагогики.

Основная проблема исследования может быть сформулирована следующим образом: изучить, каковы особенности образовательных потребностей детей с ОВ, которые в самое ближайшее время придут в общеобразовательные школы, и в какой мере родители детей с ОВ ориентированы в удовлетворении этих потребностей на инклюзивное образование и соответствующие услуги и условия образования.

Целью данного исследования является получение аналитической информации о потребности детей с ОВ в инклюзивном образовании для принятия управленческих решений и совершенствования работы с детьми с ОВ в системе образования.

Предметом данного исследования является потребность детей с ОВ в инклюзивном образовании.

Задачи исследования:

- выявление отношения родителей к совместному обучению обычных детей и детей с ОВ и оценка осведомленности родителей об инклюзивном образовании;
- выделение особенностей образовательных потребностей детей с ОВ;
- анализ ожиданий родителей, связанных с будущим образованием детей.

Родители имеющих детей с ОВ стали объектом опроса, так как они выступают основными заказчиками образовательных услуг для своих детей как представители их интересов. Родители являются источником вербализации образовательной потребности ребенка. Именно они, а не дети, формулируют индивидуальный образовательный заказ к системе образования и ее возможностям. Таким путем образовательные потребности детей становятся потребностью, заказом на образовательные услуги семьи в целом [1].

Для данного исследования была выбрана анкета, разработанная для опроса родителей. Анкета в оригинале состоит из 13 вопросов (составитель: городской ресурсный центр по развитию инклюзивного образования г. Москвы), нами был добавлен один вопрос («Как вы относитесь к зачислению Вашего ребенка в специальный класс общеобразовательной школы?»). Все вопросы анкеты являются закрытыми и предполагают выбор предпочитаемого варианта из нескольких предложенных. В отдельных вопросах предусматривается

возможность выбора нескольких вариантов ответов. Каждый из вопросов соответствует определенному показателю мониторинга и относится к одному из трех параметров. Ориентировочное время для заполнения анкеты - 10 мин [2].

Результаты исследования родителей детей с ОВ

Базу для проведения исследования составили специальные школы-интернаты. Всего в исследовании приняли участие 139 родителей детей с ОВ. Из них:

✓ школа интернат №7 и 6 для детей с интеллектуальными нарушениями развития г. Алматы - 37 респондента;

✓ КГУ «Карагандинская областная школа-интернат для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата» - 11 человек;

✓ КГУ «Специальная общеобразовательная школа-интернат для детей с нарушением слуха» - 35 человека;

✓ КГУ «Областная специальная школа-интернат №1 для детей с нарушением зрения» - 32 человека;

✓ КГУ «Областная специальная школа-интернат №3 для детей с ОВР» - 5 человека.

В результате анализа данных, полученных в исследовании потребностей детей с ОВ в инклюзивном образовании, можно сделать следующие выводы:

1. Больше половины родителей, детей с ОВ, не принимают идеи инклюзивного образования, не видят ценность такой формы образования для своих детей.

2. 76,3% больше половины родителей правильно понимают инклюзивное образование как совместное обучение детей с разными способностями, детей с нарушениями в развитии и обычных детей. Однако больше 23,7% родителей затрудняются в определении инклюзивного образования.

3. Родители детей с ОВ в своем большинстве не знакомы с Законом РК «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей и подростков с ограниченными возможностями», имеющем непосредственное отношение к их правам и возможностям.

4. Больше половины родителей детей с ОВ (57,5%) считают, что рядом с домом есть подходящая их ребенку школа. 29% родителей детей с ОВ утверждают, что подходящая для ребенка школа расположена рядом с домом. Остальные не осведомлены об образовательных возможностях, которые им предоставляет микрорайон.

5. В целом, большинством родителей идея инклюзивного образования не понимается и не принимается.

6. Родители детей с ОВ отдают предпочтение обучению своего ребенка в специальной коррекционной школе (78%). Школа надомного обучения не является востребованной у родителей детей с ОВ.

7. Родители детей с ОВ, как наиболее характерные для своих детей в настоящее время, отмечают трудности: учебных занятиях, эмоциональной и поведенческой саморегуляции и в общении. Более 29,5% родителей затруднились определить, в чем именно состоят трудности развития их детей.

8. Преобладающее число родителей прогнозируют наличие у своих детей трудностей в развитии, обучении, социализации в будущем. Родители прогнозируют нарастание сложностей с обучением и эмоциональной саморегуляцией, а также сохранение тех трудностей, которые есть у детей в общении с детьми и взрослыми.

9. Среди видов помощи, оказываемых детям с ОВ, в настоящий момент наиболее распространена дефектологическая, педагогическая и медицинская помощь.

10. Практически не распространены виды помощи, оказываемые индивидуальными помощниками и социальными работниками. Можно предположить, что это также обусловлено не объективным отсутствием потребностей в таких видах помощи у семей, воспитывающих ребенка с ОВ, а отсутствием специалистов или их низкой профессиональной компетентностью.

11. Потребности детей с трудностями в развитии в помощи педагогов-психологов в настоящее время полностью не удовлетворяются.

12. Родители детей с ОВ в своем преобладающем большинстве ожидают, что для их детей школьное образование станет ступенью к профессиональному высшему или среднему образованию; 21% родителей главным результатом школьного образования называют социализацию их детей – получение опыта общения с разными детьми и взрослыми, жизненные навыки, умение легко адаптироваться, жить в современном обществе.

13. В наибольшей степени потребностям детей с ОВ в случае выбора инклюзивной школы отвечают такие специальные образовательные условия, как:

- индивидуальная программа обучения для ребенка;

- система психолого-педагогического сопровождения, включающая занятия с психологом, логопедом, дефектологом.

14. Для большинства родителей, выбирающих инклюзивное образование, «специальные условия» это, прежде всего, - специализированная медико-психологическая и педагогическая помощь и особый режим освоения учебной программы (темп, размер группы, объем заданий и прочее).

15. Ожидания родителей, связанные с потребностью в тех или иных видах специальных образовательных условий для своих детей, не всегда подкреплены сознательным выбором вида образовательного учреждения или находятся в противоречии с возможностями выбранных образовательных учреждений.

По результатам нашего исследования выяснилось, что на уровне ценностного отношения к совместному обучению около 60% родители детей с ОВ, не принимают идеи инклюзивного образования, отрицательно относятся к зачислению своего ребенка в специальный класс общеобразовательной школы. Они отдают предпочтение обучению своего ребенка в специальной коррекционной школе (78%), в которой и обучают своих детей на данный момент. Причину отказа можно увидеть в прогнозировании нарастания сложностей с обучением и эмоциональной саморегуляции, социализации в будущем.

Таким образом, родители детей с ОВ не готовы отдавать своих детей в обычные школы из-за страха, опасений, что с ребенком будут плохо обращаться остальные дети и учителя. Некоторые из них предпочитают обучать своих детей на дому из-за боязни «за свою репутацию», т.к. в нашем обществе распространено мнение о том, что большинство детей с ОВ – это дети пьющих родителей, из неблагополучных семей и т.п.

Список литературы:

1. Ткачева В.В. Психокоррекционная работа с матерями, воспитывающими детей с отклонениями в развитии. Практикум по формированию адекватных отношений. – М.: «Издательство ГНОМ и Д», 2000. – 64 с.
2. Управление образовательным учреждением, осуществляющим интегрированное образование детей с ограниченными возможностями здоровья. Методическое пособие для руководителей образовательных школ / Курс «Интегрированное обучение детей с особыми образовательными потребностями» - Самара: Изд-во ЦСО, 2004. – 80 с.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІШТЕУДІҢ БІР ЖОЛЫ - ВЕБ-САЙТТАР

Медешова А.Б.
Бақытжанова Г.Б.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал қ.
п.ғ.к., доцент Абылай хан атындағы ХҚЭТУ
Алматы қ.*

Кілттік сөздер: ұлттық құндылық, ана тілі, веб-сайт, портал.

Аннотация

В статье опубликовано влияние информационных и коммуникационных технологий в жизни молодых людей, проинформирован о структуре и содержании веб-порталов.


Annotation

The article was published on the impact of information and communication technologies in the lives of young people informed about the structure and content of the web portals.

Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу әрбір отбасының міндеті және ол үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл бағытта Отанды сүю, халық арасында таралған салт-дәстүрді құрметтеуге үйрету білім мекемелеріндегі шаралармен ұласады. Өйткені, «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы,» - деп Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай келешек ұрпақ өмірі ұлт құндылықтарын бағалаумен, сақтаумен жалғасады.


Қазіргі кезде өскелең ұрпақ уақытының көп бөлігінде ақпараттық технологияны пайдаланады. Балалар ата, әжелерінің ертегісін тыңдағаннан гөрі теледидардан көргенде қалайды. Оқушылар кітапханаға барып, ақпарат іздегенше, оны Интернеттен табуға тырысады. Жастар бір-бірімен кездесіп, әңгімелесуді Facebook, WhatsApp, Вконтакте, т.с.с. интерактивті байланыспен алмастырады. Бұдан, біз бала тәрбиесінде ақпараттық құралдардың алатын орны күн санап артып келе жатқанын байқаймыз және сәйкесінше олардың сапасының артуына да мән беруге тиіспіз. Сондықтан біз ана тіліміздегі бірнеше веб-сайттарды қарадық.

Ұлттық құндылықтардың бірі – ана тілі. Осы ана тілімізді, әдеби мұрамызды сақтап, оны оқуға, білуге баулитын веб-сайттар кездеседі. Олардың ішінде халықтың назарын аударатыны - айтыс өнерінің әлемі.




Сурет 1. www.kazaitys.kz

Шетелде жүрген қандастарымыздың тәрбиесіне алаңдаушылық білдірген ой-пікірлерді топтастыратын сайт та бар.




Сурет 2. www.qazaq-alemi.kz

Ұрпақ тәрбиесі деген айдары бар сайт – namys.kz. Мұнда ақпараттар қазақ, латын, араб қаріптерімен беріледі. Білгенге маржан айдары, пікір талас алаңы өзіндік қырын көрсетеді.



Сурет 3. www.namys.kz

Балалар мен аналарға арналған веб-сайт - erketai.kz. Мұнда аналар үшін кеңестер, балалар үшін ойындар мен мультфильмдер, ұстадар үшін тәрбие сағаттарының жоспарлары, жаңалықтар және орыс тіліндегі материалдар ұсынылған.




Сурет 4. www.erketai.kz

Келесі сайтта ұлттық тәлім-тәрбие басты наарда болмаса да, қазақ балаларының өзге ұлт жетегіне ермей, қазіргі уақыттың еншісіменен сән, сымбат, аспаздық, шаңырақ, денсаулық, психология сияқты бөлімдер арқылы ұлтын сүйер, оның салтын сүйер азаматтарды тәрбиелеуге үлес қосады.




Сурет 5. www.massaget.kz

Біз оқып жүрген кейбір басылымдардың электрондық нұсқасы интерактивті веб-сайттарда беріледі. Соның бірі – «Дәстүр» журналы. Мұндай басылымдардың қолжетімділігі оның тарылым санына әсер етуі мүмкін. Ал, веб-сайт арқылы оқырманның пікірін білу, ақпараттық сауаттылықтың артуына оң ықпал етері сөзсіз.



Сурет 6. www.dasturkb.kz

Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту департаментінің тапсырысымен жасакталған «Қыздар әлемі» порталында қазақ қызын тектілікке, инабаттылыққа салт-дәстүр негізінде тәрбиелейтін материалдар жарияланған.



Сурет 7. www.kyzdaralemi.kz

Аталмыш порталда бүгінгі күні жастар арасындағы өзекті мәселелер, тәрбиешілер мен сынып жетекшілеріне арналған тәрбие сағаттарының сабақ жоспарлары, ата-аналар үшін пайдалы кеңестер берілген. Сөз қадірін білетін, тіліне, дініне аса мән беретін қыздардың тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру бұл сайттағы басты мақсаттың бірі. Ол болашақ аналардың ел тағдырына бей-жай қарамауына үйретеді. Инабаттылық, қарапайымдылық, ұлтжандылық қасиеттермен қарулануы тиіс.

Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін веб-сайттардың саны күн санап артып келеді. Бұл қуантарлық жағдай.

www.kaztube.kz порталында қазақша көріністер жарияланып, бесікке салу, сүндетке отырғызу, қыз ұзату, келін түсіру, т.с.с. дәстүрлерді үйренуге мүмкіндік туғызды. Міне, мұндай веб-сайттардың елдің алдағы күнін ойлайтын, ұрпақ тәрбиесін болжайтын қазақстандықтар үшін маңызды болмақ. Олардың саны артқан сайын жастардың ұлттық тәлім-тәрбие туралы түсініктері кеңейе бермек.

Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру – сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбиеге негізделген жаңа технология арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. www.kyzdaralemi.kz
2. www.adyrna.kz
3. www.kyzdar-alippesy.kz
4. <http://massaget.kz/>
5. www.namys.kz.
6. www.erketai.kz
7. www.qazaq-alemi.kz
8. www.kazaitys.kz
9. www.dasturkb.kz
10. www.kaztube.kz

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Алимбекова С.Ш.
педагогика ғылымдарының кандидаты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
Әмірбек С.
магистр
Түркістан қ.

Кілттік сөздер: технология, мәдениет, еңбек мәдениеті, технологиялық мәдениет, технологиялық білім, іскерлік, сапа

Аннотация

В данной статье рассматриваются содержание технологической культуры при формировании личностные качества учащихся

Annotation

This article discusses the content of technological culture in the formation of the personality of students

Қазіргі уақытта дамыған өндіріс саласында жұмыс жасайтын және екінші жағынан салтымыз бен дәстүрімізді бойына сіңірген тұлға қалыптастыру мәселесі білім беру алдына міндет ретінде қойылып отыр. Бұл міндетті шешу оқушыға тек білім ғана емес практикалық іскерліктерді кешенді түрде қалыптастырумен байланысты. Оны жүзеге асыру біздің ойымызша технологиялық мәдениетпен тікелей қатысты.

Заманауи зерттеулерде технология адамның мақсатты іс-әрекеті түрінің бірін көрсетеді, оның жәрдемімен табиғатты түрлендіре отырып, мәдениеттің материалдық және рухани әлемі, жасанды орта түзеді. Адамзат іс-әрекеті табиғат, технология және мәдениет арасындағы жанама буын және бір уақытта адам, мәдениет және технология үшін болмыс тәсілі болып табылады.

Сол себепті де технология іс-әрекеттің сипаттамасы болып табылуымен оның практикалық, рухани формасы мен қатар адамзат мәдениеті формасының бірін құрайды. Технология мәдениеттің феномені, онсыз, адамзаттың болмысынсыз, ол мүмкін емес.

Мәдениеттің технологиялық сипатын Э.С.Маркарян, Н.Ф.Тарасенко, З.Файнбург және басқа да зерттеушілер өздерінің жұмыстарында көрсеткен. Олар мәдениетті адам іс-әрекеті жүзеге асырылатын ерекше тәсіл немесе технология ретінде қарастырады. Нақтырақ айтқанда Э.С.Маркарян мәдениет «арқасында қоғамдағы адамның белсенділігі ынталандырылатын, бағдарланатын, үйлестірілетін және жүзеге асырылатын, ... өзіне биологиядан тыс өндірілген механизмдердің кенеттен күрделі және көпқырлы жүйелерін қамтитын адам іс-әрекетінің ерекше тәсілі» ретінде атап өтеді [1, С.20-22].

Мәдениеттің заманауи теориясы «технология» ұғымын тек материалдық-өндірістік практикалар саласымен шектелмейтін мәдениетті тасымалдаушы әрекет, іс-әрекет сфераларын көрсетеді. Мәдениеттің туындауы қоғамда кездесетін әртүрлі мәселені шешуге бағытталған, функциональдық өзара байланысты технологиялық ішкі жүйелердің күрделі жүйесін құруды білдіреді. Мәдениеттің арнайы компоненттері сәйкесінше идеялар, рухани құндылықтар және мінез-құлық мақсаттары қоғам мүшелерінің әрекетін реттейтін және ынталандыратын басты әлеуметтік құрал ретінде көріне отырып, аса технологиялық мәнді иеленеді.

Сол себепті мәдениет құрамында адамды қоршаған ортасын түрлендірумен және адамның өзін түрлендірумен байланысты технологиялық мәдениет бөліп көрсетіледі. Технологиялық мәдениет – бұл тектік ұғымға қатынасы бойынша түрлік ұғым. Барлық мәдениет жүйелерін кіріктіруші басты факторлардың бірі болып табылып, адам іс-әрекетінің әртүрлі сфераларын технологияландырумен келісілген технологиялық мәдениет тұтастай адамзат мәдениетінің бөлігі және солай бола тұра олардың арасында диалектикалық өзара байланыс, жалпы және жекеңің, бөлік пен бөліктің арасында өмір сүреді.

«Технология» термині гректің *techne* - өнер, шеберлік, іскерлік және *logos* – ілім, ғылым сөздерінен шыққан. Энциклопедиялық сөздікке сәйкес технология – бұл «өндірістік өнім үдерісінде жүзеге асырылатын, шикізаттың, материалдық немесе жартылай фабрикастың жағдайын, қасиетін, формасын өзгерту, дайындау, өңдеу әдістерінің жиынтығы» [2].

Технологиялық мәдениет - өзара байланысты, көп деңгейлі және элементтердің динамикалық жиынтығы. Оларда тарихи қалыптасқан, салыстырмалы берік көзқарас, сенім, мінез-құлық модельдері орын алады. Технологиялық үдеріс субъектілерінің тікелей іс-әрекетінде өткен ұрпақтың іске асырған тәжірибесі көрініс табады.

Адамның технологиялық мәдениеті Ю.Л.Хотунцевтің анықтауы бойынша – бұл мәдениет материалдық және рухани құндылықтарды туғызу бойынша түрлендіруші, шығармашыл, табиғи сәйкестіктегі іс-әрекет:

1. Өндіріс және қызмет көрсету сферасындағы материалдарды, энергияны және ақпаратты түрлендіру, заманауи және перспективтік энергия жинақтаушы, материал сақтаушы және қалдықсыз технология білімі;
2. Еңбек мәдениетін меңгеру;
3. Графикалық мәдениет пен дизайн элементтерін игеру;
4. Кәсіпкерліктің және кәсіпкершілік мәдениеттің негіздерін игеру;
5. Адам қарым-қатынас психологиясын, адами қатынас мәденетін меңгеру;
6. Ақпараттық, оның ішінде компьютерлік технологияны пайдалану, құжаттармен компьютерлік жұмыс, ақпараттық технологияны меңгеру;
7. Технологияны қолданудың әлеуметтік және экологиялық салдарын, қоршаған ортаны ластаумен күресу әдістерін зерделеу, экологиялық мәдениетті меңгеру;
8. Үй мәдениетін және тұтынушылық мәдениетті игеру;
9. Шығармашылық іс-әрекет негіздерін және жобалау мәдениетін меңгеру, жобаларды орындауды меңгеру [3, 4].

Сонымен, Ю.Л.Хотунцевтің пікірі бойынша адамның технологиялық мәдениеті ұғымына адамның қоғамдағы орындайтын азаматтық, еңбеккерлік, жеке кәсіпкерлік, отбасылық тұтынушы және оқушы функцияларын ескере отырып келесідей мәдениет аспектілерін қосуды ұсынады: еңбек, графикалық, дизайн, ақпараттық, кәсіпкерлік, адами қатынастар, экологиялық мәдениет және үй мәдениеті, тұтынушылық, жобалау мәдениеті [3, 5]. Осылардың ішінен:

- еңбек мәдениеті - еңбек үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруды, құрал-саймандар мен жабдықтарды оңтайлы таңдауды, қауіпсіз еңбекті, технологиялық және еңбек тәртібін, өнімнің сапасын бақылауды және еңбеккердің әлеуметтік функциясын орындау үшін қажетті шарттарды қамтамасыз етуді қосады (қамтиды);

- дизайн мәдениеті - өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету үшін. Материалдарды көркем өңдеудің және эргономиканың, эстетиканың, дизайнның принциптерін пайдалану білімі, іскерлігі және даярлығы;

- үй мәдениеті – үйді құру мен сәндеу, отбасының жылуын, салауатты өмір сүру үлгісін қамтамасыз ету және ойластырылған үй шаруашылығын жүргізу, жақсы отбасының әлеуметтік функциясын орындау білімі мен іскерлігі.

Еңбек мәдениеті педагогикада оқушыларды тәрбиелеу мақсатын жүзеге асырады және өндірістік еңбек үшін қажетті деп қарастырылады. Л.П.Шило оқытудың тәрбиелік 8 бағытын анықтап, осы бағыттың ішінен бірінші етіп оқушылардың еңбек мәдениетін тәрбиелеуді атап көрсетеді [6]. Ал, оқушылардағы еңбек мәдениеті дағдылары қалыптасуымен байланысты көрсеткіштерге төмендегілерді жатқызады:

1. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру мен ұстау.
2. Жұмыстағы технологиялық тәртіпті сақтау.
3. Жұмысты жоспарлай алу.
4. Еңбек қауіпсіздігі ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.
5. Қоғамдық меншікке ұқыпты қатынас жасау.
6. Өзінің жұмыс уақытын, материалдарды, электр энергиясын үнемді жұмсау.
7. Еңбек тәртібін, шеберханадағы ішкі ережені сақтау.

Іс-әрекеттік, кәсіптік тұрғыдан қарастырғанда мәдениет – заттық емес, функционалдық объект болып табылады. Ол белгілі тәжірибелер мен шеберлікті игерген адамның өмір сүруінде ғана болады [7, с. 151].

Мәдениеттің басты ерекшелігі кеңістік пен уақыт формасында жүзеге асырылады. Зерттеушілер субъектінің жеке дара, топтық және тектік (адамзат тұтастай) іс-әрекетін бөліп көрсетеді. Осыған байланысты ізденуші Т.М.Шакированың зерттеулері нәтижесінде мәдениет құрылымы төмендегідей иерархияны сипаттайды (көрсетеді):

- а) адамзат мәдениеті;
- б) әлеуметтік топтар мәдениеті (этнос, ұлт, класс, сословие, кәсіптік топтар, отбасы және т.б.);
- в) жеке тұлға мәдениеті (вариативті ерекшелікті және жалпының инвариантты жеке көрінуі ретінде) [8,

с. 10].

Зерттеулерге сәйкес оқушылардың технологиялық мәдениетінің үш құраушысын атап көрсетуге болады, олар технологиялық білімдер, іскерліктер және сапалар.

Сонымен, жоғарыда мазмұндауларды назарға ала отырып, оқушылардың технологиялық мәдениетін түзетін білім мазмұны төмендегідей:

- а) базалық технологиялық ұғымдар: «технология», «технологиялық орта», «технологиялық процесс», «технологиялық мәдениет»;
- ә) түрлендіруші іс-әрекет тәсілдері: механикалық, химиялық, биологиялық, ақпараттық, энергетикалық және т.б.;
- б) жобалау іс-әрекетінің негізгі кезеңдері: зерттеушілік дайындық, технологиялық, қорытындылау;
- в) жобаларға, оларды жабдықтауға және қорғауға қойылатын талаптар;
- г) жобаны бағалаудың технологиялық, экологиялық, құрастырушылық, экономикалық, маркетингтік, эстетикалық критерийлері. Қолданылатын материалдардың негізгі қасиеттері пайдаланылатын аспаптар мен бейімдеу құралдарының арналуы, оларды пайдалану тәртібі мен тәсілдері;
- д) шығармашылық тапсырманы шешудің негізгі әдістері;
- е) үлгілеу мен құрастырудың ғылыми негіздері;
- ж) негізгі экономикалық ұғымдар;
- з) дизайнның, дизайн – талдаудың тағайындалуы;
- и) эскизді, сызбаны, суретті орындаудың негізгі ережелері;
- к) еңбек мәдениеті ұғымы және оның аясындағы іс-әрекеттер түсінігі;
- к) нақты технологиялық операцияларды орындау барысындағы техника қауіпсіздігі ережелері туралы білімі.

Жобамен алынған технологиялық іскерліктер:

- а) жобалаған іс-әрекеттің зиянды салдарларын (техногендік, биологиялық, антропогендік) және олардың алдын-алу тәсілдерін білу;
- ә) проблеманы іздеуді жүзеге асыру;
- б) шығармашылық жоба нұсқаларын мектеп, отбасы, нарық қажеттіліктері мен заманауи дизайн талаптарына жауап беретіндей үнемді технологиялық таңдау;
- в) бұйым әзірлеуге байланысты лайықты материалдарды, аспаптарды, бейімдеу құралдарын таңдау және оларды қолдану;
- г) технологиялық карталарды қажетті сызбаларды, эскиздерді, суреттерді құрастыру;
- д) бұйымды дайындаудың едәуір тиімді технологиясын таңдау;
- е) жобалау іс-әрекетінде компьютерлік технологияны қолдану, жобалардың автоматтандырылған банкін морфологиялық кестелерді, сызбаларды, сызуларды, пайдалану, нысанды (объектіні) құрастыру және жобаларды электронды-есептеу машиналары (ЭЕМ) көмегімен жабдықтау;
- ж) әзірленетін жобаны конструкциялауды техникалық және көркем үлгілеуді жүзеге асыру;
- з) еңбек мәдениетін жүзеге асыру;

- и) өзінің жобалау іс-әрекетін жоспарлау және оның нәтижесін алдын-ала көре білу;
 - к) жобаның технологиялық, экономикалық, экологиялық, қауіпсіздік, эргономикалық, жүйелік, шығармашылық бағыттылығы және дизайн талаптарына сәйкес орындау қызықты, шамаға лайықты бұйымның немесе қызмет көрсетудің бәсекелестікке қабілеттілігі, маңыздылығы және құндылығы секілді критерийлері бойынша кемшіліктері мен артықшылықтарына өзіндік талдау жасауды жүзеге асыру;
 - қ) жобаның экологиялық шектеулерін анықтау, оған экологиялық экспертиза өткізу;
 - л) критерийлер бойынша жобаның дизайн - талдауын жүргізу;
 - м) жобаны экономикалық негіздеуді жүзеге асыру;
 - н) кіші маркетингтік зерттеулер жүргізу, бұйымның (қызметтің) тауарлық белгісін әзірлеу, жарнамалық проспекті құрастыру, өнімді өткізу нарығын іздестіру;
 - о) орындалған жобаны қорғау;
 - п) жасалған бұйымды көрсету (демонстрациялау);
 - р) қойылған сұрақтарға нық сенімді жауап беру;
 - с) болжамды болашақ кәсіп пен жобалау іс-әрекетінің қатынасы;
 - т) шығармашылықты жобалау іс - әрекетіне өзінің дайындық деңгейін анықтау.
- Тұлғаның жобамен алынған технологиялық сапасы:
- а) жеке тұлғаның өзінің еңбекке деген оң қатынасын білдіру түріндегі еңбексүйгіштігі;
 - ә) шығармашылық жобалау іс-әрекетіне қызығушылығы;
 - б) табиғатқа, қоғамға, адамға және өндірістік іс-әрекетке технологиялық көзқарастар жүйесін қамтитын жобалау;
 - в) жобалау (технологиялық ойлау, шығармашылық жобалау іс-әрекетке адамның ойлану қабілеті);
 - г) оқуға деген оң көзқарасы, жаңа білім алуға әрдайым ұмтылысы;
 - д) субъективті немесе объективті жаңалығы бар жобаларды құру;
 - е) қиялдау және елестетудің дамытылғандығы;
 - ж) экологиялық мәдениеті;
 - з) эстетикалық мәдениеті;
 - и) коммуникативті іс-әрекетке қабілеттілігі, дамығандығы, тазалығы және сөз мәдениеті;
 - к) аксидентальды қабілеттер: қауіп-қатерге және қауіпсіз психомоторикаға сезімінің дамығандығы;
 - қ) өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес өзіндік баға беруі.
- Қорыта айтқанда, технологиялық мәдениет өз кезегінде түрлендіруші, дамытушы, дәстүрлі мәдениетті жалғаушы, кәсіби даярлықты қамтамасыз етуші, т.б. міндеттерді оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыруды қарастырады. Ал оқушылардың технологиялық мәдениеті дамыған өндіріске еркін бейімдеу алатын тұлғаның болмысын түзетін құраушы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Маркарян Э.С. Системное исследование человеческой деятельности // Вопросы философии. – 1972. - №10. –С.20-22
2. Краткий словарь по философии. – М.: Политиздат, 1982. – С. 155.
3. Временное требование к обязательному минимуму содержания основного общего образования и требования к условию подготовки выпускников по образовательной области «Технология» // Школа и производство.–1999. -№3. –С. 6-8.
4. Экспериментальная программа образовательная область «Технология» /В.Д. Симоненко, Д.А.Хотунцев и др. – М.: ВНИК «Технология», 1994. – 270 с.
5. Техническое творчество учащихся: Пособие для учителей и руководите-лей кружков: Из опыта работы / Сост. Андрианов П.Н. – М.: Просвещение, 1986. – 128 с.
6. Соединение трудового обучения и воспитания учащихся с производительным трудом: (Из опыта работы). Книга для учителя / Под ред. Л.П.Шило. –М.: Просвещение, 1983. –176 с.
7. Климов Е.А. Введение в психологию труда. - М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1988. - 350 с.
8. Шакирова Т.М. Национальная культура как основа формирования личности учащихся в профессионально-технических лицеях: автореф. ... канд. пед.наук. – Алматы, 2001. - 26 с.

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Әлқожаева Н.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проф. м.а.*

Жантеева А.Б.

магистр

Кілттік сөздер: тарихи тұлға, отансүйгіштік тәрбие, патриоттық тәрбие, қазақстандық патриотизм, ұлттық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, отбасылық тәрбие, еске алу тағылымы

Аннотация

В этой статье поднимаются вопросы о важности развития моральных и духовных ценностей обучающихся в образовательном процессе в соответствии требованиям национального образования

Annotation

This article raises questions about the importance of moral and spiritual values of students in the educational process in accordance with the national education

Мемлекет саясаты, соның ішінде азиялық өңірде орналасқан, білім беру саласындағы жүздегер-елдердің білім беру саясаты ұлттық басымдылықтарды, өзінің дәстүрлі мәдениетін Шығыстың дәстүрлі құндылықтары мен бағдарын сақтауға, шығармашыл, бірегей ойлайтын, үйлесімді және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге әрі оқытуға бағытталған. Білім беру саласындағы басқа да жүздегер-елдер осы қағидатты ұстанады. М. Дулатовтың: «... тәрбиеші баланы ұлттық тәрбие рухында тәрбиелеуге міндетті, себебі әрбір бала өзінің ұлттық ортасында өмір сүреді және өз ұлтына қызмет ететін болады», - дей келе, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуда ұлттық тәрбиеміздің орнын ерекшелей түседі. Біз жастарды тәрбиелеуде және оқытуда ғасырлық тарихи тамыры бар дәстүрлі қазақ халық тәрбиесінің негізгі идеялары мен құндылықтарын қалпына келтіріп, кеңінен пайдалануымыз керек. [1]

Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», - деп айтып өткеніндей, білім тәрбиесімен қатар жүрсе ғана кемел болатынын атап өткіміз келеді. Осыған орай, әрбір оқу-тәрбие үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту – арнайы дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Себебі, оқу-тәрбие үдерісі, оқулық, мектеп – тұнып тұрған идеологиялық құралға жатады. Мұның дәлелі ретінде, КСРО-да жүргізілген, мектеп пен оқулықтарға, соның әсерінен оқу-тәрбие үдерісіне терең енген компартия идеологиясының 70 жылдық тарихын атап өтсек болады. Демек, оқу-тәрбие үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарын ұлттық дәстүрімізге сай дамыту, еліміз үшін рухани әрі саяси тұрғыдан өзекті болып отыр.

Оқу-үдерісінде рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту – ұлттық білім беру жүйесі негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесінің негізін А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде қалаған. Ол жүйенің элементтері: ұлттық жазу жүйесі; ұлттық негіздегі бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар; ұлттық мектепке керек заттар; мектеп ісін жандандыратын ұлтжанды мұғалімдер мен тәрбиешілер. Ол осы жүйеге қазақтың тілін, аңыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті. Ал, Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» - деп жаза отырып, оқу-тәрбие үдерісінде оқытушының рөлін айқындап, үлкен жауапкершілік артып отыр. [2]

Студенттер – жоғары мектептің білім алушылары болғандықтан, білім беру үдерісі күрделене түседі де, арнайы сала ретінде – Жоғары мектеп педагогикасы болып бөлінеді. Жоғары мектеп педагогикасы қоғамдағы өзгерістер әсерімен теорияға, яғни, өсіп келе жатқан тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу туралы ғылымға айналды. [3] Студенттік кезеңде, тәрбиенің, рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі қалыптасып болғандықтан, жоғары оқу орнында, оны одан әрі дамыту үдерісі белсенді түрде жүреді. Жоғары мектеп педагогикасына тереңінен үңілетін болсақ, мақсат-міндеттері, ұстанымдары т.б., білім алушының адам ретінде қалыптасуын аяқтап, өмірге бейімделіп, дами түсуіне негізделген. Қазіргі таңда кредиттік технология, білім алушылар мен білім берушілерге жаңа талаптар қоюда. Оқу-тәрбие үдерісінің басым пайызы студенттердің өзіндік жұмысына бағытталады. Білім алушылардың өзіндік жұмысы логикалық ойлауды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалын меңгерудегі зерттеушілік бағыттың дамуын қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды іске асыруымен байланысты. [4] Демек, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту да, практикалық тапсырмалар негізінде жүзеге асырылса тиімді нәтиже береді деп айта аламыз.

Қоғамның жаңарып өзгеруіне байланысты өзекті мәселелердің бірі – жастардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда жаңа дидактикалық әдістер мен жолдар іздестіру. Осы ізденістердің нәтижелері педагогикалық технологиялардың маңыздылығын айқындайды. [5] Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологиялар негізінде рухани тәрбие беру, немесе рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытудың арнайы педагогикалық технологиясын құру маңыздылығы айқындалып отыр. Өйткені, студенттердің шығармашылық қабілеттері рухани-адамгершілік құндылықтарын одан әрі дамуға өте маңызды. Сондай-ақ, тәрбие берудің нәтижесі бағытталмауы қиындық тудыруда. Себебі, студенттер – рухани-адамгершілік құндылықтар жайлы мәліметті, қандай істе, қандай шара қолдану керектігін білгенімен, сөзден іске көшкенде нәтиженің көңілден шықпайтыны көрініп отыр. Демек, тәрбие беру үшін де, педагогикалық технологиялар кепілдік беретіндей, нәтижеге бағдарланған жүйе қажет.

Жоғарыдағы мәселелерді саралай келе, келесі тұжырымдарға тоқталамыз оқу-тәрбие үдерісіндегі рухани-адамгершілікті дамыту:

1. Ұлттық идеологияның негізі;
2. Білім сапасының маңызды көрсеткіші;
3. Нәтижеге бағытталған арнайы әдістемені, технологияны қажет етеді.

Ендеше, «оқытушы, өзінің оқу-тәрбие үдерісінде не жасауы тиіс?» деген орынды

сұрақ туындайды. Осы орайда, ең алдымен, студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, тереңінен таныстық жұмысын атқаруы шарт. Ол үшін, В.С. Сухомлинскийдің берген кеңестерін ескеру тиімді:

1. Студенттердің ақыл-ой күштері мен мүмкіндіктері бірдей емес.
2. Оқыту мен тәрбиелеудің барлық заңдарын қолдануға болатын абстрактілі студент жоқ: студент әрқашан дара, өзінше ерекше.
3. Оқуда барлық студенттер үшін табысқа жетудің бірыңғай алғышарттары жоқ.
4. Оқу қызметінің берілген сәтінде әр студенттің неге қабілетті екенін анықтаудың маңызы зор.
5. Оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытуға болатындығын анықтау да маңызды.
6. Студенттен мүмкін еместі талап етпеу.
7. Бағдарламада қаралған деңгейге әр студент қандай жолмен, қандай кідірістермен және қиыншылықтармен келетінін анықтап алу керек.
8. Әрбір студенттің ақыл-ой еңбегінде бағдарламаны нақтылы жүзеге асыру керек.
9. Әрбір студенттің күші мен мүмкіндігін ашып, оны ақыл-ой еңбегінде қуанышқа кенелту.
10. Қиын студенттерге шамасына қарай ақыл-ой жұмыстарын беру.
11. Әрбір студенттің оқудағы және ақыл-ой еңбегіндегі дара сұрлеуін анықтау.

Осы сұрлеуді және жақсылық жалынының қызуын сақтау. [3]

Келесі кезекте, оқытушы өз пәні аясында қандай құндылықтарды дамытуға болатынын анықтап алуы шарт. Сабақтың тәрбиелік және дамытушылық міндетінде, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуды қамтып өткені абзал. Айта кететіні, оқытудың педагогикалық технологиялары секілді, арнайы тәрбие технологиялары жоқтың қасы. Егер де, нәтижеге кепілдік беретін арнайы әдістер жиыны берілген әдістемелік құралдар сабақта пайдаланылса, тәрбие беру тиімді жүреді. Оқу-тәрбие үдерісіндерухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту жеткіліксіз зерттелінгендіктен, бұл мәселе жайы кенде қалып отыр.

Үшінші кезекте, жоғарыда айтып өткеніміздей, теорияны практикамен байланыстылығы ұстанымына сай, студенттерге арнайы тапсырма беру. Тапсырмалар, нақты оқу материалын бергендегідей, яғни, «студенттің өзіндік жұмысы» негізінде беріледі. Тек жалпы мазмұнында көптеген айырмашылықтар бар. Әсіресе, нақты бір істі атқаруға негізделі отырып, машықтандыру әрекеті болып табылады. Тапсырмалар, мамандық, студент ерекшелігін ескереді. Мәселен: әлеуметтік жұмыс мамандығы студентіне, белгілі бір мектепке барып, әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыда тәрбиеленіп отырған бір немесе бірнеше оқушыға, мүмкіндігінше өз біліктілігін қолдана отырып көмектесуді тапсыру. Осы секілді әр студентке жекелей тапсырма бере отырып, олардың теориялық білімін практикада қалай тиімді қолдануға болады деген сұраққа жауап алу мүмкіндігі туады.

Төртінші кезекте, кез келген пән тақырыбын ашу барысында, ұлт тарихы, ұлттық ерекшелігімізді насихаттай отырып, елге деген сүйіспеншілікті арттыруға болады. Мұның да берері мол. Себебі, сол білімді еске алған сайын, бейсаналы түрде Отанға деген жылы сезімі ояна түседі. Мұнда психологиялық әдістердің рөлі ерекше. Шебер педагог мұны да тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, студенттерге арналған оқулықтар жазатын ғалымға қойылатын негізге талап: еңбекті оқу барысында, өз ұлтына деген ерекше құрметті оятатын мысалдар, фактілер, көрнекіліктер т.б. болуы абзал. Егер оқулықта жеткіліксіз болса, оқытушы өзі іздене отырып, кез келген сабақты ұлттық рухты көтеретін, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытушы үдеріске айналдыра білу біліктілігін игергені абзал.

Қорытындылай келе, оқу-тәрбие үдерісі білім алушының әлемді танудағы өте белсенді танымдық іс-әрекеті жүретін уақыты. Осы уақытты өте тиімді пайдалану – оқытушының басты міндеті, әрі өте өзекті мәселе. Оқулықтар мазмұны ұлттық құндылықты насихаттаса, оқытушылар әрбір сабағында рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуды ең бірінші орынға қойса, әрі арнайы әдістемелік құралдар көмегімен жүйелі жұмыс атқарса студенттердің ұлтжандылығы артып, рухани тұрғыдан дами түсері анық. Сондықтан да, бұл мәселені өзектендіре отырып, үлкен зерттеулер жүргізу маңыздылығы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / А.Қ. Құсайынов. – Алматы, 2013. – 196 б. (142-166 б.)
2. Этнопедагогика – дербес оқу пәні: оқу құралы / К.Ж. Қожахметова, Ш.И. Жанұзақова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 177 б. (24 б.)
3. Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы / Ш.К. Беркімбаева, А.Қ. Құсайынов, А.Қ. Рысбаева, М.К. Бұлақбаева. – Алматы, 2009. – 168 б. (13-73 б.)
4. Жоғары мектепте студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жолдары: Оқу әдістемелік құрал / Ж.Р. Баширова, Н.С. Әлқожаева, Қ.Б. Жұмабекова. – Алматы: Срочная типография, 2010. – 117 б. (4 б.)
5. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 162 б. (4 б.)

ТӘРБИЕ САҒАТЫН ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ - МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Медешова А.Б.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті*

Бақтығалиева А.
Орал қ.

Кілттік сөздер: ұлттық тәрбие, сыпайылық, әдептілік, тәрбие сағаты.

Аннотация

В статье предлагается образец классного часа цель которго является воспитание вежливости и любви к родному языку.

Annotation

This article presents the example of classroom hour organization which is bring up pupils' appreciation to native language and educate them to be civil and mannerly. This is ready plan for teachers in forming pupils' native customs by the help of pedagogical technologies.

Бүгінгі таңда елімізде орын алып отырған келелі мәселелерді - ана тілін, тарихын, ұлттық салт-дәстүрін тереңірек білуге ықпал ету мақсатында ұлттық тәрбие беретін веб-сайт жасау арқылы жастардың ұлттық патриотизмі қалыптасады.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды, ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы қарыз бен ізбасар ұрпақтың алдындағы парыз деп түсінуіміз керек. Осы орайда мектепте өткізілетін тәрбие сағаттарының мазмұнын және оны өткізу формасын алдын-ала тыңғылықты жоспарлауға аса ден қойған жөн. Біз «Сықырлы сөздер сыры» атты тәрбие сағатының үлгісін ұсынамыз.

Мақсаты:

- оқушыларға қазақ халқының дәстүрін үйрету;
- сықырлы сөздер сырын ашуға қызықтыру;
- мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар қазақ халқының дәстүрлерін ана тілінің құдіреті арқылы бойына сіңіреді.
- Сықырлы сөздерді пайдалануға, әдептілікке үйренеді.

Кіріспе бөлім

Қызығушылықты ояту.

Мақсаты:

-Оқушыларды әдептілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Пікірлесу үшін қойылатын сұрақтар:

1. *Сіз ата-анаға «сіз» деп сөйлейсіз бе? Әлде «сен» деп сөйлейсіз бе?*
2. *Ата-анаға, жасы үлкен адамға қалай сөйлеу керек?*
3. *«Сіз» деген сөздің «сен» деген сөзден қандай айырмасы бар?*
4. *Әдептілік деген не?*
5. *«Рахмет» сөзін қолданасыз ба? Қандай жағдайда? Оған қалай жауап беру керек, әлде жауапсыз қалдырған дұрыс па?*

II. Сабақтың негізгі бөлімі. Жаңа ақпаратпен танысу.

Үлестірме мәтіндермен жұмыс

Мақсаты: сықырлы сөздердің мағынасын ашып, сыпайылыққа, имандылыққа тәрбиелеу.

№1. *Төменде берілген мәтінді оқып, соған сәйкес сіздің өміріңізде болған оқиғамен байланыстырыңыз.*

«Сіз» бен «Сен»

«Сіз» – сыпайы, «Сен» – оның анайы түрі. Сөз қолданыста «сіздің» орнына «сен» қолданылса, ол сөз айтушының анайылығын, яғни мәдениетсіздігін көрсетеді.

Айтжан бала дастархан басында шешесіне:

– Сен, осы, шәйді көп ішесің, – деп кінә тақты.

– «Сен» деме, «сіз», – деп сөйле, – деп, оған әкесі Асхат кейіді.

– Менің досым Сергей әке-шешесіне «сен» деп сөйлейді ғой.... «сен» деген сөз ең жақын адамдарға айтылады емес пе?

– Әрбір халықтың өз дәстүрі бар, – деді оған әкесі, – үлкен кісіге, ата-анаға «сіз» деп инабат көрсету қажет. «Сіз» деген сөз құрметтеуді, сыйласымды білдіреді. Кез-келген үлкен кісіге «сіз» деп сөйлемесең, ол сені әдепсіз деп жек көреді.

– Ал, өзбек халқында үлкен болсын, кіші болсын кез-келген адамға «сіз» деп сөйлеу – ұлттық дәстүр, – деді аңкылдақ, ақ көңіл ана.

– «Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмайды» деп мақал айтушы едіңіз ғой, кешіріңіз! – деп, Айтжан әкесіне күлімдей қарады.

– Сөз қадірін біле біл, балам! – деді Асхат баласына.

№2. *Мәтінді оқып, өз сөзіңізбен баяндап беріңіз. Сіздің баяндауыңыздан жолдастарыңыз жылылықты сезінетіндей етіп әсерлі жеткізуге тырысыңыз.*

Айналайын

1. Бала кезімнен естіген, үйренген, білген сөздерімнің ішінен бір сөз ерекше орын алады. Өйткені ол сөзді әжем де, анам да, әкем де мен үшін тілдерімен емес, жүректерімен айтып отыратындай сезілетін. Кейде әжем сол сөзді маған арнап айтқанда, мейірлене кеудесіне қысып, маңдайыма ыстық лебін тигізе иіскейтін. Сондықтан ол сөз маған барлық сөздердің құдіретіндей сезілетін. Ол сөз әжемнің аузынан шыққан сайын, масаттанып, наздана түсетінмін, еркелейтінмін. Ол сөз – «айналайын» деген сөз еді. Осы сөз әжемнің мейірімді кеудесінен шыққан сайын, мен іштей қайталаймын, есейе келе, өзімнен кішілерді мен де «айналайын» дейтін болдым.

2. Соғыстың ауыр жолының үстінде «айналайын» деген сөз менің аузымнан түспеді. Өйткені қарамағымдағы адамдардың барлығы маған бала сияқты көрінеді. Тар кезеңде барлығы да қатал бұйрық емес, мейірімділікті күтіп тұрғандай көрінетін. «Айналайын» дейтінмін. Менің сөзім олар үшін бұйрықтан да өтімді сезілетін. Олар да маған мейірлене қарап, құрмет көрсететін.

Сол әдетіммен қазір де мен айналамадағы жолдастарымды, реті келгенде, «айналайын» дегенімді өзім де сезбей қаламын.

3. Кейде алыстан хат жазған, тіпті қатар жүрген жолдастарым осы «айналайын» деген сөздің сыры туралы жазыңыз деп мазалайтын болды.

Бұл жағдай мені өте ойландырды. Өзіміз күнде айтып жүрген қарапайым «айналайын» деген сөздің салмағына, күшіне ерекше назар айдаруыма тура келді.

«Айналайын» деген сөзде аналық мейірімнің кіршіксіз таза сыры бар. Ол – жанына балаған баласын ғана сүйсінерлік қызықты тілі үшін, талпынған талабы үшін ғана «айналайын» дейді. Сол баланың сотқарлығын көргенде, қатал сөздермен тыйым салады.

Осы тұрғыдан қарағанда, «айналайын» деген сөз бала үшін ана жүрегінің баланың санасына мейірімділікті егетін, рухани ерекше күш беретін сыйлығы – марапаты сияқты.

«Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» дейді халық. Бұл – қарапайым жылы сөздің күш-қуаты жөніндегі халық жүрегінің шындығы.

4. Иә, жылы сөз!

Барлығымыз да жылы сөзді естігіміз келіп тұрады. Кейде сол жылы сөзден қатал үкімдей мағына аңғаратын кезіміз де болады.

5. «Сөз тауып жеткізу!»

Қыраулы қыстың қарлы боранындай ызғарлы, қатал сөздерден гөрі көктемнің жайма шуақ күндеріндегі жылы лепті, көңілге еркелей кіретін жылы сөздер санаға тез жетіп, талас-тартыссыз орын алады. Шіміркіткіп ашуландырмайды, көңіл жайлауына қонып тербетеді. Оның жылы сөзін де іштей қайталасын.

6. *Айналайын!*

Осы сөз, осы сезімге байланысты өз басымнан үлкен уақиғаларды өткіздім. Осы сөз, осы сезіммен өзім де бірнеше адамдарды өлімнен құтқардым. «Жақсы сөз – жан азығы» деген халық пікірінің сырын өмірдің ауыр жолының үстінде түсіндім. Міне, менің әрқашан да «айналайын!» деп соғатын жүрегімнің сыры да осында.

№3. *Е.Хасанғалиевтің «Айналайын» әнінің сөзін есіңізге түсіріп, мазмұнын өз сөзіңізбен түсіндіріп көріңіз.*

№4. *Өлеңді оқып, әдепті жасқа лайық қасиеттерді тізіп көрсетіңіз.*

Жағаласпай Жан қалмақ қайда,

жарғылыста жаныңнан айрылма.

Не шындық, не сұмдық,

Жау тимек, ақылыңнан айрылма.

Еркесіз ел, серкесіз шел болмас,

Ел бастаушы көсеміңнен айрылма.

Тіл-кесілмес, атқан оқ,

Дау туылар-шешеніңнен айрылма.

Өзіңді зор, басқаны жер деме,

көппен көрерсің, еліңнен айрылма.

Кебенек іші мың арып, мың семірегерлік,

Жаныңды алса да сырыңнан айрылма.

Жаман деп қатыныңнан,

Көшем деп отыныңнан айрылма.

Қырық найза қарғы деп қарақудай

Баспанаң қосыңнан айрылма.

Ағайын-туыс, дос-жарансыз кім бар,

Болмашыға өкпелеп, досыңнан айрылма.
Пенде қадір санаты бес қаруды тастама,
Шыбын жаның шыққанша, намысыңнан айрылма.
Өте шығар бұл жалған, жоқшылыққа қайғырма,
Адам күні адаммен, ысылмақ өнер қай қырда.
Өнерпаз деген аша алсаң өлсең-дағы қайғырма,
Әрбір пендеге пайдалы іс істе, пайдасызға жолама.


III бөлім. «Ой тую, өз ойын білдіру»

Мақсаты: *бұрынғы білімдері және жаңа мәліметтерді талдай, өздерінің ой елегінен өткізе отырып, өз ойлары мен жаңа көзқарастарын қалыптастыру.*

1. Мына дөңгелектерге сиқырлы сөздерді жазыңыз. «Білемін» дөңгелегіне бұрыннан білетін, мағынасын түсініп, күнделікті пайдаланатын сөздеріңізді, «Білдім» дөңгелегіне бүгінгі білген жаңа мағынаны немесе жаңа сөздерді, «Білгім келеді» дөңгелегіне мағынасын түсінбей жүрген немесе сіздің қолданысыңызда жоқ сиқырлы сөздерді жазыңыз.

Мысалы, сәлематсыз ба, рахмет, сіз, айналайын, өте жақсы екен, оқасы жоқ, ас болсын, мархабат, өтінемін, кешіріңіз, айып етпеңіз, сау болыңыз, қош болыңыз, т.с.с.

2. Сиқырлы сөздер ағашын салып, әр бұтаққа бір сөзден жазыңыз.



Тәрбие сағатын жоспарлау маңызды қадам екенін, оны өткізу одан да зор жауапкершілікті талап ететінін ескерсек, мұғалімнің мәдениеттілігі ғана емес, оның ұлтжандылығы, отансүйгіштігі де оқушыларға үлгі, өнеге болады..

Әдебиеттер тізімі:

1. Медешова А.Б. Мектеп оқушыларына ана тілінде ұлттық тәлім-тәрбие беруге арналған тәрбие сағаттар жинағы.– Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2012. – 34-38 б.
2. www.kyzdaralemi.kz

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Касымова А.Х.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің доценті*

Кілттік сөздер: Білім беру технологиясы, инновация, технология, техника, инвариативтік технология.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы инновационных технологий обучения, пришедших на смену традиционным методом обучения. Инновационная технология охватывает все стороны дидактического процесса: формы организации, содержанию и технологию обучения, учебно-познавательную деятельность. Выделена и охарактеризована технология проектного обучения, рассматриваются формы и методы технологий интерактивного обучения, в частности: «мозговой штурм» и т.д.

Annotation

This article considers the issues of innovative learning technologies, which replaced the traditional method of learning. Innovative technology covers all aspects of the didactic process: forms of organization, content and technology of education, educational – cognitive activity. To isolate and characterize the technology of project-based learning, considered the forms and methods of interactive learning technologies, such as «brainstorming», etc.

Білім беруде инновациялық технологияларды енгізудің негізгі бағыттары: оқытудың үрдісін жетілдіру, оның сапасы мен тиімділігін арттырудың құралы ретінде пайдалану: компьютерлік техниканы білім алушының өзін танудың және ортаны танудың құралы ретінде пайдалану; компьютерлік техниканы және ақпараттық технологияның жаңа құралдар оқып-білудің объектісі; жаңа ақпараттық технологияны білім алушының шығармашылық дамуының құралы ретінде қолдану; компьютерлік техниканы бақылау үрдісін, түзету, тестілеу

және психодиагностика құралы ретінде, педагогикалық тәжірибемен әдістемелік және оқу әдебиетімен алмасу құралы ретінде; ақпараттық техниканы қолдану арқылы коммуникациялар ұйымдастыру; қазіргі заманғы инновациялық технологиялар құралдары интеллектуальды бос уақытты ұйымдастыру; оқу орнын және оқу үрдісін қазіргі коммуникациялық технологиялары негізінде интенсификациялау және жетілдіру [1,б 5-6].

«Арнайы білім беру» біліктілігі бойынша, білім алушыларды даярлауда инновациялық әдістерді қолдану маңызды рөл атқарады, себебі болашақта түлектеріміз әлеуметтік педагог кәсіби қызметінде және оқыту үрдісінде жа-ңа дидактикалық әдістер мен тәсілдерді пайдалану үшін ізденіс үстінде Инновациялық технологияларды қолдануға мәжбүр болады. Инновациялық әдістерді оқытушылық қызметінде пайдалану тәжірибесін зерттей келе, мынандай артықшылықтарын атап өтуге болады: білім алушыларға белсенділікпен жаңа білім алу әдістерін үйретеді; жеке әлеуметтік белсенділіктерін жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік береді; оқыту барысында әрбір білім алушы үйренбеуі мүмкін емес, шығармашылық қабілеттерін ынталандыру жағдайларын туғызады; оқу процесін күнделікті өмірдегі практикаға жақындатуға көмектеседі, білімді қалыптастырып қана қоймай, пән бойынша дағдыларын, сонымен қатар белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Осыған байланысты белсенді оқыту әдістері ерекше қызығушылығын арттырады, себебі олар: білімді тиімді игеруге, кәсіби шешімдерді қабылдауға ықпал ететін тәжірибелік зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қарапайым білімді жинақтаудан өздігінен ізденіп зерттеу қызметіне көшуге шешімін табуға; жеке тұлғаның құндылықтарын қалыптастыру; танымдылық белсенділігін көтеру; шығармашылық қабілетін дамыту; дидактикалық және психологиялық жағдай туғызу; білім алушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Белсенді оқыту әдісін қарастыра отырып, оның болашақ әлеуметтанушының ізденіс мүмкіндіктерін ашуға көмектесетінін атап айтқан жөн. «Кәсіптік білім берудегі оқытудың әдістемесі» бағыты бойынша білім алушылар дәріс, семинар өткізу, сонымен қатар «студенттік топ-оқытушы» жағдайында кәсіби рөлдерін бөліп, басқару және дәріс, семинар жүргізу дағдыларын меңгереді[1,б 12-18].

Инновациялық технология және кәсіптік білім берудің әдісін оқыту барысында екі мәселе шешімін табады: біріншіден, кәсіптік қызметте кәсіби білім алуда қолданылатын әдіс, екіншіден, білім беруші, яғни сарапшы топтар әртүрлі идеяларды қарастырып, қабылданған шешімнің маңыздылығын дәлелдейді.

Ғылыми-зерттеудің оқу модельдері (инновациялық технология және кәсіптік білім берудің әдісін оқыту) ұйымдастыру түрінде білім алушылар деректер жинау әдістері бойынша алған білімдерін пайдаланып, ғылыми-зерттеу рәсімдерін меңгереді. Және мынандай мақсаттарға жетеді: әлеуметтік педагогтың теориялық білімі шығармашылық құралына айналады және педагогикалық қызметінде жаңа әдістерді пайдалану дағдысын меңгереді.

Білім алушыларды жобалық қызмет бойынша оқу үрдісінің орталығына практикалық, яғни мамандықты меңгеру және осы негізде теорияға деген қызығушылығын ынталандыру мәселесін қояды. Жобаға рецензенттермен пікір таластырып, жобасын қорғап, өз ұстанымын дәлелдеуге және осы мақсатта дәлелді түрде теориялық сұрақтарды меңгеріп, бірнеше жылдар өтсе де материалды жадында сақтайтынын практикада көрсетті. Бұған сондай-ақ нақты жағдайларды талдау ықпал етеді – білім алушылардың оқу-танымдық қызметін белселеңдіру әдісі мынандай ерекшеліктерімен сипатталады: нақты жағдайдың болуы, топпен (жартылай топпен немесе жеке) жағдайды шешу нұсқалары, көпшілік алдында жағдайларды шешудің қарастырылған нұсқаларын қорғау, қортындылау және инновациялық технология және кәсіптік білім беруде білімді меңгеру нәтижесін бағалау. Студенттердің пікірі бойынша, олар осындай беруде білімді меңгеруде өздерін әлеуметтік қызметке қатысушылар ретінде сезінеді[2,б 24-36].

Біздің қоғамымыздың қазіргі кезеңінде шамадан тыс ойлауға қабілетті шығармашыл тұлғалардың әлеуметтік қажеттілігі туып отыр. Маманның шығармашыл белсенді және ойлау қабілеті жоғары, жобалауды және бағалауды білу қабілетінің болуы қажеттілігі өсіп келеді. Бұл мәселелердің шешімі көбіне болашақ мамандарға білім беру үрдісінің мазмұны мен оқыту әдісіне байланысты.

Қазіргі жаһандандыру жағдайында және білім нарығының конвергенциясында, ортақ білім беру кеңістігін құруда жоғары сапалы білім

Боллон үрдісі мақсаттарымен тығыз байланысты: академиялық ұтқырлық, дипломдардың танымдылығы, кредит жүйесін енгізу, инвариативтік технологиялық оқыту және білімді басқару.

Кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты мамандығы бойынша білікті, кәсіби, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау болып табылады.

Мамандығы бойынша ғана білім мен дағды алуға бағытталған дәстүрлі оқыту түрімен мамандарды оқыту қазіргі заманның талаптарына сай келмейді. Білім беру негізіне білім беру пәндері ғана емес ойлау мен іскерлік әдістері де енгізілуі қажет. Жоғары деңгейлі дайындықтан өткен маманды ғана емес, өндірістік ортаның нақты жағдайларына бейімделген, жаңа технологияларды дамытуға әзір, жаңа шешімдерді қабылдап нұсқау жасай алатын, менеджердің қызметін атқара алатын мамандарды оқытып шығаруымыз керек.

Педагогикалық практикада соңғы онжылдықта әр түрлі технологиялар кеңінен қолданыла бастады, бірақ технологиялық оқу үрдісі туралы ойды Я.А.Коменский айтқан болатын. Ол «техникалық» білім беру түріне шақырды, яғни, не үйретсек те табысты болу керек[3,б 54-61].

Шетелде білім беру технологияларына деген қызығушылық XX ғасырдың ортасында аудиовизуалды оқытудың бірінші бағдарламалары, яғни техниалық құралдар арқылы оқыту шыға бастағанда пайда болды. 1960 жылдары шыққан «Білім беру технологиялары» деген термин педагогикалық үрдістің нәтижелі құрылымы дегенді білдіреді.

Педагогика бұрыннан абсолютті болмаса да тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізуде жоғары нәтижеге

жеткізер жолдарын іздестіріп, үнемі өзінің әдістері мен педагогикалық құралдарының түрлерін жетілдіріп отырды. Ұзақ уақыттар бойы ойлаған мақсатқа қол жеткізу үшін кейбір әдіс, тәсілдерді тапса жеткілікті деп есептелді. Бірте-бірте педагогикалық практика оқыту мен тәрбиелеудің көптеген әдіс-тәсілдері, түрлері мен құралдарын жинақтады, бірақ оларды қолданудың нәтижелері әрдайым бірегей емес.

Педагогикалық процесті әдістер мен құралдарды жетілдіру арқылы оңтайландыру қажет болғанымен, бұл жеткіліксіз. Оқыту және тәрбиелеуді бақылау жүйесінің көрсеткіштері және нақты мақсаттарды жүзеге асыру үшін, оқыту әдістері мен тәсілдері, құралдары үйлесімділікте таңдалынып алыну керек. Осындай жағдайларда педагогикалық үрдісті технологияландыру көмектеседі [4,6-27].

Технологизация - кез келген нәтижеге қол жеткізудегі іс-шаралардың жиынтығы. Кез келген саладағы технология – бұл толық көлемде пән саласындағы объективті заңдары көрсетілген қызмет, сондықтан да алдынала қойылған мақсаттардың орындалу шарттары сәйкестігі нәтижесінің деректерімен қамтамасыз етеді. Қазіргі білім беру Глоссарийінде «Білім беру технологиясы» түсінігінің үш жақты көзқарасын қарастырады:

1. Жүйелі жоспарлау әдісі, қолдану, оқытудың бүкіл үрдісін бағалау арқылы, адами және техникалық ресурстарды және олардың өзара қарым қатынасын ескере отырып, білім берудің неғұрлым тиімді түріне қол жеткізу.

2. Оқу процестерінде нәтижесі нақты сипаттамасы мен анықтамасын беретіндей, қойылған мақсаттармен дидактикалық мәселелерді шешудің басқару арнасы.

3. Материалдар мен әдістерді құрастыру және әдіс-тәсілдерді қолдану көмегі арқылы білім берудің тиімділігін көтерудің факторларын талдау арқылы принциптерді анықтау және білім беру процесін оңтайландыру.

Білім беру технологиясы - жобалаудың жүйелілік әдісі, жүзеге асыру, баға, білім-тәрбие процестерін жаңғырту және түзету.

Сипаттамасы:

- мақсаттардың диагностикалық тұжырымдамасы;
- кепілді түрде мақсатқа жету үшін барлық оқу процесін бағдарлау;
- ағымдағы және қорытынды нәтижелерді бағалау, кері байланыста болу;
- оқу-тәрбие жұмысының жаңғыртылып отыруы.

Мамандарды даярлаудың сапасын көтеру мақсатында студенттердің танымдылық қызметін белсендіру, шығармашыл тұлғаны анықтау, оқу процестерін өздіктерінен жоғары деңгейде ұйымдастыруға қол жеткізу үшін, оқытушылар келесідей білім беру технологияларын: жеке тұлғаға бағытталған оқыту, проблемалық оқыту, білімді тестік бақылау түрлері, блокты-модульдік оқыту, кредиттік-модульдік жүйеде бағалау, қашықтықтан оқытуды қолдану қажет.

Білім беру технологияларын қолданудың артықшылықтары : педагог пен оқушылардың қызметі өзгереді, оқытушы ақпарат беруші, кеңесші, ал жаңа оқу материалын меңгеру жолын таңдау мүмкіндігі студенттердің өзіне беріледі.

Білім беру технологиялары оқу қызметін дифференциациялау мен индивидуализациялауға кеңінен мүмкіндіктер береді.

Білім беру технологияларын қолдану нәтижесі, ол оның компоненттерін жиынтығы анықталады, оқытушының шеберлігі аз тәуелді.

Білім беру технологияларын қолданудың нәтижесі аз мөлшерде ғана оқытушының шеберлігімен, көбіне барлық оқыту жиынтығымен анықталады.

Білім беру технологиялары оқыту мен тәрбие берудің тиімділігін жетілдірумен байланысты және оқу үрдісінің қорытынды нәтижеге бағытталған – жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады:

- іргелі білімі бар және жаңа білімді өздігінен қабылдай алатын;
- жаңа кәсіби және басқару бағытын тез, табысты меңгере алатын, әлеуметтік экономикалық жағдайлар өзгергенде икемді, тез қимылдайтын;
- инновациялық білім беру кеңістігі жағдайында жоғары адамгершілік және азаматтық қасиеті бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. - М.: Народное образование, 2000.
2. Жуков Г.Н. Основы общей профессиональной педагогики: Учебное пособие. -М.: Гардарики, 2005.
3. Маликова Н.Р. О некоторых инновационных методах преподавания социологии // Социс, 2002, № 2.
4. Сорокин Н.Д. Об инновационных методах в преподавании социологических курсов // Социс, 2005,

№ 8.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Садирбекова Д.Қ.
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
PhD докторанты

Кілттік сөздер: Құзыреттілік, басқарушылық құзыреттілік, функционалдық сауаттылық.

Аннотация

В статье рассматривается формирование управленческих компетентностей будущего педагога. Утверждается, что особенность современного управления, отражаемая в представлениях об управленческих компетентностях, выступает как основа обновления технологий и направленности образовательного процесса в рамках высшего профессионального образования.

Annotation

Article considers the problem managerial competencies. The text states that a feature of modern management, reflected in the views of managerial competencies, serves as the basis for the revision of technology and the focus of the educational process in higher education.

Білім беру жүйесінде қайта құру қажеттігі, кез келген елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертуге бет бұрған кезеңде туындайтыны белгілі. Ал ол реформалар өз кезегінде білім беру саласында жиналған мол оң тәжірибені сақтай отырып, оның әрі қарай дамуына жағдайлар жасауы тиіс. Қазақстан Республикасының алдында тәуелсіздік алған уақыттан бастап, білім беру саласында қайта құрулар жүргізу қажеттігі тұрды. Соның негізінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары қатарында білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту көрсетіледі. Ал бұл принциптердің іс-жүзіне асыуы білім беру мазмұнын жаңартумен тығыз байланысты. Білім беру мазмұнын жаңарту білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін қамтуы керек.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі алдыңғы 30 елдің қатарына кіреміз деген мақсат қойды. Жолдаудың үшінші бағытындағы «**Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары**» деген бөлімінде «**Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек деді.**» [1]. Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бір қадамы ол – ғылым-білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің білім беру сапасын түбегейлі өзгертуге нақты қадамдар жасалған. Мысалы, Елбасының биылғы Жолдауы Тәуелсіздігіміздің тарихына шолу жасап, алдағы уақытта ұстанар мақсат, нақты қадамдарды алдымызға қойып беріп отыр. [2] Бұл еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруды талап етіп отыр. Ал, бұл қасиеттерді меңгерген маман өз ісінің шебері болуы ең бірінші оның құзыреттілігіне байланысты.

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық тәжірибеге сүйеніп жасалған ресми құжатта әрбір білім алушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін коммуникативтік құзыреттілік; маманның басқарушылық құзыреттілігі.

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады.

Ең алдымен «Құзыреттілік» терминінің шығу тарихына тереңінен үңілсек, сауаттылық сөзінің синонимі ретінде 1596 жылы Webster сөздігінде тіркелген. Байқағанымыз, көптеген деректерде уақыт өте келе, бұл терминнің мағынасы өзгеріп отырады. Сауаттылықты айта келе, XX ғасырдың екінші жартысында «құзыреттілік» термині қолданбалы мәнге ие болып, «функционалдық сауаттылық» деп қолданылады. Кейіннен сауаттылық анықтамасы жаңа ақпараттық технологиялардың өрім алуына байланысты кең мағынада қабылданып, оқытудың мақсатын нақтылауға әкелетін білім ұстанымы ретінде түсіндіріледі.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үдерісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы болашақ педагог мамандардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Құзыреттіліктің сипаты қандай? Кейбір сөздіктерде құзыреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірілген. Ал, қазір құзыреттілік дербес және жауаптылықпен әрекет етуге белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын кәсіби шеберлік, тұлғалық сапалардың қосылымы ретінде белгіленіп жүр.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психолог мамандарын даярлау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Осы орайда, педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ педагог-психолог мамандарын кәсіби даярлау мәселесінің жан-жақты зерттелгенін байқатады.

Болашақ педагог-психолог мамандары барлық жағынан – жаратылыстану бағытында да, гуманитарлық бағытта да жетік, білім алушылардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін меңгерген, білім алушымен тіл табысып жұмыс істеудің шебері, пәндердің әдістемесін меңгерген, басқарушылық құзыретті болуы қажеттігінен туындайды.

Болашақ педагогтардың кәсіби даярлау үдерісі жоғары кәсіби білім берудің құрамдас бөлігі, өйткені ол болашақ маманның кәсіби педагогикалық даярлық жүйесін жобалауға, ғылыми-педагогикалық, ойлау қабілетінің мәдениеті мен ғылыми ізденіс жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін жетілдіруге септігін тигізеді. Ол білім беру үдерісінің бірізділігін, жүйелігін көрсететін нәтижелі істер атқаруға, педагогика ғылымындағы озық тәжірибесін зерделеуге, білім алушылардың кәсіби іскерлігін және әдістемелік жұмыстарды жүргізу арқылы оларды басқарушылық құзыреттілігі дамыған маман ретіндегі қасиеттерін қалыптастыруға бағдарлайды. Болашақ педагогтардың құзыреттілігін жетілдіруде құзыреттілікті меңгеру мен қолдану кезеңдеріндегі іскерлік үдерістерін қамтуы қажет. Сол іскерліктер байланысы оқытушылар мен білім алушылар арасында өзара ықпалдасу жүйесі арқылы жүріп отырады. Мұндай ықпалдасу жүйесінде меңгеру мен қолдану іскерліктерінің стратегиялық, тактикалық және оперативтік (жедел) компоненттерінің шарттары арқылы болашақ педагог-психологтің басқарушылық құзыреттілігінің қалыптасу үдерісі айқындалады. Жоғарғы оқу орнының білім беру жүйесіндегі болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігінің қалыптасуын біз кәсіби іскерліктің қалыптасуы мен дамуының кезеңдік міндеттерінен кәсіби міндеттерді шешуге теориялық және практикалық мүмкіндігі мен дайындығының бірлігінен көрінетін нәтижеге бағытталған қозғалыс циклдері ретінде түсінеміз[3].

Елімізде жоғары білім жүйесін дамыту талаптарына сай болашақ педагог-психолог мамандарға терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі. Білім беру үдерісіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осыған орай, жоғары оқу орындарындағы білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай болуы болашақ педагогтардың болашақта кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына әкеледі.

Кәсіби білім беру жүйесінде құзыреттіліктерге ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін жетілдіру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер осы күнге дейін кеңінен қарастырылуда. Сонау ежелден келе жатқан Платон, Аристотель ұлы философтар еңбектерінде түрліше аталып келе жатқан «маманның кәсіби құзыреттілігі» бүгінгі таңда түрлі терминдермен аталып, маман даярлау ісінде көкейкесті мәселе екені мәлім [4].

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский өз еңбегінде тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын беретін термин ретінде пайымдап береді. Ұлыбритания психологы Дж.Равеннің тұжырымдамасы құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы шарттарын жасау, кәсіби маман тұлғасын тәрбиелеу мәселелерін қарастырады. Құзыреттіліктің жетекші компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсатын орындауға көмектесетін қырыққа жуық сипаты мен икемділігін атайды [5].

Дж. Равен құзыреттілік қатарына мыналарды жатқызады:

- құндылықты және оның нақты мақсатқа қатынасын неғұрлым анық түсіну үдерісі;
- өзінің іс-әрекетін бақылап отыру үдерісі;
- іс - әрекеттегі эмоция;
- өз бетінше оқуға икемділік және дайын болу;
- кері байланысты іздеу және қолдану;
- өзіне өзінің сенімі;
- өзін-өзі бақылау;
- бейімділік;
- шарасыздық сезімінің болмауы;
- болашақ туралы ойларға бейімділік;
- мақсатқа жетуге байланысты мәселеге көңіл аудара білу;
- өзіндік ой, жекелік;
- сын тұрғысынан ойлау;
- күрделі мәселелерді шешуге дайындық;
- мазасыздық туғызатын және даулы мәселелерді шешуге дайындық;
- қоршаған ортаның мүмкіндіктері мен ресурстарын анықтау мақсатында зерттеу (материалдық және адами тұрғыда);
- мақсатқа жету жолында жаңа идеялар мен инновацияларды пайдалануға дайындық;
- қайсарлық;
- ресурстарды пайдалану;

- сенім;
- шешім қабылдауға қабілеттілік;
- жеке жауапкершілік;
- мақсатқа жету жолында бірігіп жұмыс істеуге қабілеттілік;
- басқа адамдарды тыңдай білу;
- қызметтестердің дербес әлеуетін субъективті бағалауға ұмтылыс;
- басқаларға өз бетінше шешім қабылдауға рұқсат беруге дайындығы;
- дау-жанжалды шеше білу және әртүрлі көзқарасты жұмсартуға икемділік;
- бағыныштылық жағдайында тиімді жұмыс істей білуге қабілеттілік;
- басқа адамдардың өмір сүру дағдысына төзімділікпен қарау;
- ұйымдастырушылық және қоғамдық жоспарлаумен айналысу дайындығы.

Орыс педагогикасы бұл кезде педагог құзыреттілігін оның адамгершілік туралы білімі мен және кәсіби қызметті басқара алуымен өлшеді. Бұл идея кейіннен П.П.Блонскийдің, П.Ф.Каптеревтің, С.Т.Шацкийдің және т.б. еңбектерінде дамытылды.

М.В.Семёнова «кәсіби құзыреттілік» ұғымын кәсіби қызметтің субъектісі ретіндегі болашақ педагог тұлғасының гностикалық, әрекеттік, тұлғалық, коммуникативтік, шығармашылық және рефлексивтік компоненттерде көрінетін сапаларының сипаты деп түсінеді. Ол «құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалардың қысқаша тұжырымдамасын жасаған [6]. Құзыреттілік және құзырет ұғымдары мәселесін талдаған ғалымдардың (Н. Хомский, А.В. Хуторской, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова т.б.) пікірлеріне сүйене отырып, И.А. Зимняя білім берудегі құзыреттіліктің үш кезеңін ұсынады [7]:

Бірінші кезең (1960-1970) ғылыми аппаратқа «құзыреттілік» категориясының енуімен, құзыреттілік, құзырет ұғымдарының шектеулілігінің алғы шартының жасақталуымен сипатталады. Осы кезден бастап грамматиканың өзгерушілік қызметі мен тілдерге оқыту теориясында тілдік құзыреттіліктің әр түріне зерттеу жүргізіле бастады, «коммуникативті құзыреттілік» ұғымы енгізілді.

Екінші кезең (1970-1990) тілдерге оқыту теориясы мен практикасында және басқарудағы, жетекшіліктегі, менеджменттегі кәсібилікке, қарым-қатынас мәдениетіне үйретудегі «әлеуметтік құзыреттілік» ұғымының мазмұнының анықталуымен байланысты.

Бұл кезеңде құзыреттіліктің мәнін ашуға ұмтылыс жасалды. И.А.Зимняя Дж. Равеннің еңбегіне сүйене отырып, бұл ұғымның мазмұны бір-біріне байланыссыз, біреулері когнитивтік, біреулері эмоционалдық сфераға жататын көптеген құзыреттіліктерден тұратынын анықтады. Бұл компоненттер тиімді тәртіп түрі ретінде бір-бірін ауыстыруы да мүмкін. Ол өз еңбектерінің бірінде үш топқа біріктірілген негізгі құзыреттіліктерді қарастырады:

1. Адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер;
2. Адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер;
3. Адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер.

Үшінші кезең педагогтің кәсіби іс-әрекетін психологиялық тұрғыда ғылыми категория ретінде сипаттайды.

В.В.Краевскийдің пікірінше, педагогтің жан-жақты дамыған педагогикалық ойлауы теориялық болжау мен практикалық ойлауды жобалау қабілеттілігімен үйлестіре білу іскерлігімен сипатталады, десе Н.В.Кузьмина құзыреттілікті жеке тұлғаның қасиеттері ретінде қарастырады. Оның пікірінше құзыреттіліктің бес түрі бар:

1. Оқытатын пән бойынша арнайы және кәсіби құзыреттілік.
2. Білім алушылардың білім, біліктерін қалыптастыру тәсілдері бағытындағы әдістемелік құзыреттілік.
3. Қарым-қатынас аясындағы әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік.
4. Білім алушылардың ынтасы, қабілеті аймағындағы дифференциалды-тұлғалық құзыреттілік.
5. Тұлғаның өзінің және өзіндік іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктері айналасындағы аутопсихологиялық құзыреттілік деп пайымдаған. [8].

Жаңа білім беру стратегиясы заманауи педагогикалық білім беруді түлектер тарапынан кәсіби бейімделген кәсіби ұстанымдар негізінде өз мәдениетін көрсете алатын жеке тұлғалық сапасынан анықтайды. Осы жағдайда педагогикалық пәндер аясында шынайылық, әлемдік жаһандану негізінде дамитын түрлі философиялық көзқарастар, педагог-психолог ғалымдары мен ғылыми мектептер тәжірибесінде жинақталған педагогикалық тұжырымдамалар мен ойлардың үйлесімділігін қамтуы өте маңызды. Міне, осындай жағдайда ғана педагогикалық жоғары мектеп түлектері болашақта таным үдерісінің субъектісі бола отырып, келешекте өзіндік педагогикалық болмысына айналатын оңтайлы ойлар мен тұжырымдамалар мен теорияларды анықтап алатыны сөзсіз.

Қандай да болмасын маман даярлау мәселесінің нәтижелілігі теориялық біліммен практикалық іскерліктің қабысуынан келіп туындайтыны белгілі.

Осыларға байланысты, қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, жаңа идеялармен, жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары сөзсіз. Олар: білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруымен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын көтеріп, ең алдымен педагог мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына кәсіби өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамыту. Бұл

әрекеттің жоғары дәрежеде орындалуы ең алдымен, ұйым басшысының басқарушылық іс-әрекетіне тікелей байланысты екені белгілі.

Бұдан, білім ұйымдары басшылары бұрын да талантты, ұйымдастырушы, әділетті, білімді, дарынды, ұжымдағы адамдарға құрметпен қарайтын, уақытпен санаспайтын маман болуға тиісті болса, ал қазіргі кезеңде кәсіби құзыреттіліктің арқасында ол өзгерісті тәжірибеге, өмірге енгізуді өзінен бастайтын, айналасына мүддесі бір топ жинай алатын, ұжымды демейтін, қозғау сала алатын, шығармашылық еңбектің қалыптасуына жағдай жасайтын, ұжымның әр мүшесінің орнын, қажеттігін, соның негізінде жұмыстың табысты болатынын сездіре алатын, өмірде кездесетін кедергілерді шеше алатын білікті маман басқарушылық құзыреттілікті меңгергендіктің негізінде болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, 14.12.2012 ж.
2. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2011.
3. Кенжебеков Б.Т. «Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» // Алматы, 2006 ж. 130-131 бет.
4. Аристотель. //Сочинения. М.: Изд. – Мысль, - 1976. Т.1.-550с.
5. Дж. Равен («Компетентность в современном обществе»: Когито-Центр; М.; 2002 ISBN 0-7186-0481-4, 5-89353-052-7 142-стр.)
6. М.В.Семёнова Формирование профессиональной компетенции будущих дизайнеров средствами изобразительного искусства.//Москва, 2006.
7. И.А. Зимняя «Россия в Болонском процессе» Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании // Москва – 2004.
8. Краевский В.В. Методология педагогического исследования как часть профессиональной подготовки преподавателей вуза //Теоретико- методологические проблемы педагогики и условиях становления и развития целостной системы непрерывного образования: тез. докл. XII сессии Всесоюзного методологического семинара, Москва, 21-22 марта, 1998 г.

БАЛАҒА БАҒДАРЛАНҒАН СЫНЫПТАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Мышбаева Г.М.

п.ғ.м., оқытушы

Қазмемқызпу

Ключевые слова: учитель, инноватор, иннотехник

Аннотация

В статье говорится о роли учителя, ориентированного свою деятельность на развитие, формирование личности в коллективе класса

Annotation

The article describes the role of the teacher, based its activities on the development, the formation of personality in the team class

*Нашар ұстаз шындықты қайталайды,
жақсы ұстаз сол шындықты іздеп,
табуға үйретеді.*

Адольф Дистервег

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасынан күтілетін нәтижелер оқушылардың

калай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өз ойларын нанымды жеткізе алатын, ынталы, сенімді, сыни көзқарасы жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгере алатын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын көздейді. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де «XXI ғасыр оқушысы қандай болу керек?» деген екі мәселе алдында тұр. Әлемдік өркениетке сай сапалы білім беру және ақпараттық интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын, үнемі даму үстінде болатын, жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Жаңа тәсілдер қолдану стратегияларын қамтитын бағдарламалар мұғалімдердің оқу үрдісінде нәтижеге жетуіне өз ықпалын тигізеді. Әлемдік білім алу деңгейіне жетудің негізгі мақсаты - оқушыларға білім беруде жаңа стратегияларды қолдану, сабақ берудің стереотипін өзгерту, сабақ өткізу арқылы зерттеу болып табылады. Білім беру үрдісін заман талабына сай жақсартудың тағы бір жолы-инновация яғни, білім алу жолындағы жаңалықтарды үйрету, қабылдау, бағалау және қолдану үрдісін басқару. Бұл білім беру мазмұнына, әдісіне, формасына ұйымдастыруға және басқаруға қатысты. Қазіргі таңда заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім - ұстаз, иноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім өзі иннотехник (инновациялық технологияларды жетік меңгерген педагог) дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүргізеді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, меңгергеннен соң сабақ барысында қолдану өткізеді. Сабақ ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбек етуінен туатын педагогикалық шығарма.Сабақ үстінде небір күрделі қиындықтар, әр түрлі ситуациялар кездеседі. Балаға бағдарланған сыныпта, педагог балалардың оқуына көмектеседі. Олар балаларға себеп-салдарды түсіндіріп, бағыт береді және оқуға балалармен бірге жауапкершілік алады. Педагогтың мұндай рөлі жаңалық емес. Бұл жайлы Выготский де жазған. («Жақын арадағы даму аймағы»). Педагог сұрақ қойғанда немесе жауапты түсіндіргенде, ол балаларды ойлауға бағдарлайды.(Брек және Уинслер, 1995).

Педагог тарапынан көрсетілетін көмек қалай көрініс табады? Педагог оқу үрдісін жеке бақыламайды, мұнда оқушылар да өз білімдеріне жауапты. Мұны былай суреттеуге болады: педагог құтқару шлюпкасына отырып, үнемі күзетте тұрады, ол оқушыларға бағыт сілтеп, көңілдерін көтереді.Бірде-бір бала суға батып немесе басы ауған жаққа жүзіп кетпейді, өйткені педагог барлық уақытта жанында: ол көмектеседі және бағыт береді. Осы бағытта жұмыс жасайтын педагог:

- Қайсар өзі шығарған есепті қатесі бар болса да дұрыс шығардым деп ойлайды. Педагог, оған есебінің дұрыс еместігін айтудың немесе дұрыс жауабын берудің орнына, былай деп сұрақ қояды: «Сен бұл жауапты қалай алдың? Не істегеніңді көрсетші?». Мұнда оқушының өз қатесін өзі тапқаны қажет.

- Ғылым жобасын орындау барысында балалар түс және көлеңкені талқылады. Бір оқушы: «Кейде менің көлеңкем үлкен, ал кейде – өте кішкентай болады. Неге?»-деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа педагог өзі жауап беруден бұрын, сыныптағы балалардың бірге ойлануын өтінді. Ол былай деді: «Көлеңкенің әр түрлі көлемде болатындығын, тағы кім байқады?». Балалардың біразы қолдарын көтеріп, өз ойларын білдіргісі келді. Сонда ғана жанданған талқылау басталады.

Балаға бағдарланған сыныпта педагог маңызды шешім қабылдауға және балаларға оқуға көмектесуге жауапты. Педагог оқу үрдісінің қызықты болуына, балаларды ынталандыруға, оларды оқу үрдісінде қолдауға және де өздерін қауіпсіздікте сезінуіне жауапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы
2. Дж.Джаблон (1992). Кіші жас балаларына арналған бағдарламаны жетілдіру.Мт.Рейнер
3. В.А.Митчел., Дж.Дэвис «Кіші жас балаларын зерттеу: бағдарлама құруға басшылық» (121-132 беттер) Грипон хаус.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ЭМПАТИЯСЫН ДАМУ

Бейсембаева К.Д.

пед. ғыл. магистрі

Қазмемқызту аға оқытушысы

Кілттік сөздер: Эмпатия, болашақ мұғалім, педагогикалық пәндер, стратегия, маман даярлау, кәсіби-маңызды сапалар, эмпатияны дамыту бағыттары.

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы развития эмпатии будущего учителя в процессе изучения педагогических дисциплин в ВУЗе.

Annotation

The article discusses the problems of the development of empathy of the future teacher in the course of studying pedagogical subjects in the university.

Жоғары педагогикалық білім беру үдерісін кәсіби білімді, біліктер мен дағдыларды меңгеру үдерісі ретінде дәстүрлі тұрғыда түсіндіруді, болашақ педагог тұлғасының кәсіби қалыптасу үдерісі ретіндегі жаңа, аса кеңейтілген ұғым алмастырады. Жоғары мектептің алдына болашақ мұғалімнің біртұтас тұлға ретінде, өзінің практикалық іс-әрекетінде тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыруға дайын, мұғалімді жалпы-мәдени және кәсіби-педагогикалық даярлау үшін қажетті жағдайларды құру мәселесі туындайды.

Қазіргі мектепке жоғары мәдениетті, өзінің әрекеттерін рефлексиялауға, болжауға және түзетуге қабілетті, шебер сөйлейтін, басқа адамды тыңдай және түсіне білетін жауапты педагог-интеллигент қажет. Зияткерлік - әрбір тұлғаны түсінуге және бағалауға ұмтылыспен, басқа адамның құндылықтарын адамгершілікпен және құрметпен бағалаумен тығыз байланысты. Толеранттылық – педагогтің баланың ішкі күйіне ену қабілеті, баланың тұлғасына ерекше зейін мен қызығушылық мұғалімнің эмпатиялық мәдениетінің маңызды көріністері ретінде болады. Білім беру үдерісі субъектілерінің оңтайлы тұлғааралық қатынастарын құруға және педагогикалық үдерістің нәтижелілігіне ықпал ететін, педагог тұлғасының кәсіби-маңызды сапасы ретінде эмпатияны түсіндіру психологиялық-педагогикалық зерттеулер үшін дәстүрлі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі заманауи қоғамды алға дамытудың ең тиімді жолдарының бірі ретінде елдің болашағын өрге сүйрейтін жастардың білімін, біліктілігін арттырудың қажеттілігі туралы айтылады, сонымен бірге аталған Жолдауда Елбасымыз төмендегідей құнды ой-пікірін білдіреді: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» [1].

Елімізде болашақ педагог мамандардың эмпатиясын кәсіби сапа ретінде дамыту, қалыптастыру мәселесі дербес зерттелмегенімен, соңғы жылдары отандық педагог-ғалымдардың ішінде ЖОО мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздері бірқатар ғалымдардың (Қ.М. Арынғазин, Б. Әбдікәрімұлы, Ш.А. Абдраман, А.Е. Әбілқасымова, Қ.М. Кертәева, В.В. Колосова, М.С. Мәлібекова, Ш.М. Мұхтарова, Н.Ә. Мыңжанов, Т.С. Сабыров, А.П. Сейтешев, Н.Д. Хмель, Ә.Ә. Усманов, А.И. Щербаков) зерттеу жұмыстарына арқау болды; аталған мәселені қазақстандық ғалымдар Г.О. Тәжіғұлова [3], С.З. Қоқанбаев [4], Б.Т. Кенжебеков [5], Е.Ө. Жұматаева [6] диссертациялық зерттеулерінде әртүрлі аспектіде және әр қырынан қарастырады.

Білім беруді ізгіліктендіру жағдайында эмпатиясы дамыған мұғалімдерді даярлау, қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі, ол көптеген ғалымдардың ғылыми пікірталастарының пәні болып саналады. Сонымен бірге, эмпатияны қалыптастыруға арналған ғылыми зерттеулердің жеткілікті болуына қарамастан, педагогикалық және психологиялық зерттеулерде болашақ мұғалімді педагогикалық кәсіби даярлау барысында оның эмпатиясын тиімді дамытуға мүмкіндік беретін жүйелі тұғырдың және аталған мәселеге қатысты біртұтас көзқарас қалыптаспағаны анықталды. Мұғалімнің кәсіби тұрғыда қалыптасуында ЖОО-да педагогиканы оқыту үдерісі ерекше рөл атқаруы қажет. Педагогикалық пәндер эмпатияны дамытудың үлкен әлеуетіне ие, алайда педагогикалық пәндерді оқытудағы эмпатияны дамытудың тиімді технологияларын айқындап көрсететін зерттеулер жоқтың қасы.

Психологтардың эмпатия феноменін түсіндірудегі үлесі баға жетпес және құнды болып саналады, біздің ойымызша, әрі қарай эмпатияны түсіндірудегі психологиялық тұғырларды қарастыру маңызды болып саналады. Ролло Мей өзінің «Искусство психологического консультирования» атты кітабында былай деп жазады: «... «ниеттенуді» көрсететін «симпатия» сөзімен ұқсастық байқалады. Эмпатия – аса терең сезім, ол бір адамның басқа адамның *сезімдеріне терең енуде*, тұлғалардың рухани бірлігін көрсететін күй, бұл күйде адам өзін уақытша басқа адаммен теңестіреді. Осы эмпатияның терең және тылсым үдерісінде өзара түсіністік, өзара әсер ету және адамдар арасындағы басқа да маңызды қатынастар пайда болады. Эмпатияны талқылауда біз психотерапияның тіректі үдерісін ғана қарастырмаймыз, сонымен бірге адамдарға әсер етумен байланысты кәсіптердің өкілдері мен оқытушылардың жұмысындағы тіректі сәті ретінде қарастырамыз» [7].

Кәсіби сапалар жүйесінде эмпатияның орнын және байланыстарын талдауды кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы арқылы жүзеге асыру оңтайлы болады. Басқа адамды сөзін бөлмей тыңдау шеберлігі, тыңдай білуі, түсінуі, атап айтсақ оның ішкі әлемін түсінуі өте маңызды болып табылады. Кәсіптердің осы типіндегі өкілдерінің танымдық үдерістер саласындағы басты нәрсе, әрине, көрудің немесе естудің мықтылығы емес, онда ақыл-ойдың өзіндік жантанушы бағыттылығы болып саналады. Мұнда сезімдердің көрінісіне деген адамның ақыл-ойы мен мінезінің байқампаздығы, адамның ішкі әлемін ойша көру, модельдеу шеберлігі немесе қабілеті маңызды болып саналады.

Көптеген зерттеушілер эмпатияны мұғалімнің кәсіби-маңызды сапаларының қатарына енгізді, мысалы В.Г.Подзолков педагогтің кәсіби портретінің құрамдас элементтері ретінде келесі сапалар мен қабілеттерді келтіреді:

1) тұлғалық сапалар: педагогикалық оптимизм, ізгілік, талапшылдық және сенімділік, қарым-

қатынастағы ашықтық, эмоционалды тепе-теңдік, педагогикалық интуиция, эмпатия, рефлексия қабілеттері және т.б.;

2) кәсіби-коммуникативті қабілеттер: психодиагностикалық әдістемелерді білу және оларды қолдану шеберлігі, оқушылармен қарым-қатынастың алуан түрлі формаларын сауатты қабылдау білігі, театрландырылған педагогиканың элементтері;

3) кәсіби тұрақтылық компоненттері: өзіне кәсіби шеберлікке қабілетті мұғалім ретінде сенімділік, кәсіби эрудиция, педагогикалық іс-әрекетке қанағаттанушылық, мазасызданудың болмауы [8].

Эмпатияны дамыту – бұл бағытталған, заңды өзгеріс, оның нәтижесінде объектінің жаңа сапалы білімі пайда болады – оның құрылымы немесе құрамы. Бұдан басқа, дамыту біріншіден, әрекет үдерісін білдіреді, екіншіден, күйді (даму күйін), ал үшіншіден, ағартушылық және мәдениет, ақыл-ой және дене жетілуінің дәрежесін білдіреді. Тұлғаны дамыту туралы айтатын болсақ (бұл әлеуметтендіру нәтижесінде тұлғаны заңды өзгерту үдерісі), мұнда бұл үдеріс аталған тұлғаға тән мотивтердің басқарылатын жүйесіндегі іс-әрекетте жүзеге асырылады. Жалпы түрде тұлғаның дамуы, адамның жаңа әлеуметтік ортаға ену және осы үдерістің нәтижесінде интеграциялау үдерісі ретінде көрінуі мүмкін. Адамның жоғары дамыған әлеуметтік қауымдастыққа интеграциялану нәтижесінде, тұлғада ізгілік, адамдарға деген сенім, әділеттілік, өзін-өзі анықтау, өзіне деген талапшылдық және т.б. сапалар пайда болады.

Болашақ мұғалімнің эмпатиясын дамытудың *екі негізгі бағытын* қарастырайық.

Бірінші бағыт педагогикалық пәндерді оқытуда жүзеге асырылады, онда оқытушы негізінен бүкіл оқу тобымен фронтальды режимде және студенттердің дара сапаларына ерекше зейін аудармай жұмыс істейді. Бұл бағыт тақырыпты оқытудың ұсынылған мақсаттарымен байланысты, біздің міндетіміз (эмпатияны дамыту) оқу бағдарламаларында көрсетілген оқу мақсаттарына енгізіледі. Бірінші стратегия студенттердің Мемлекеттік білім беру стандартының нормативті талаптарына сәйкес оқу мазмұнын меңгерудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл стратегия біршама дәрежеде оқытушының эмпатияны дамыту бойынша дәстүрлі оқу үдерісіне бейімделу жұмысына бағдарланған, онда білім беру мазмұнының барлық компоненттері (деректер, ұғымдар, заңдылықтар, іс-әрекет тәжірибесі, құндылықтар) эмпатияны дамытудың қойылған міндеттерімен арақатынаста болуы мүмкін. Біз арақатынастың көрсетілген мүмкіндіктерін көрсетеміз. Бұдан басқа, біз аталған стратегияның келесі төмендегі жағдайларда қолдануға мүмкін болатынын атап көрсетеміз:

1) оқу пәнінің тақырыбы эмпатияны дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынған жағдайда, мысалы, «Жалпы педагогика» курсына «Оқытуды ұйымдастырудың қазіргі заманғы модельдері. Оқытудың формалары. Қазіргі мектептегі сабақ» тақырыптарын оқытуда қолайлы;

2) оқытушының эмпатияны дамыту үшін және біртұтас оқу іс-әрекетінің тиімділігі үшін маңызды студенттердің дара ерекшеліктері туралы толыққанды немесе сенімді ақпараты болмаған жағдайда, немесе студенттердің танымдық тәжірибесі жеткіліксіз, ал олардың оқу іс-әрекеті әлі дұрыс қалыптаспаған жағдайда қолайлы;

3) студенттік топ омогенді топ болып саналады, яғни студенттердің тұлғасының көптеген маңызды сипаттамалары (жалпы мәдениет деңгейі, жауапкершілік, орындаушылық және т.б.), сонымен бірге студенттердің оқу іс-әрекетінің алуан түрлеріне қатысу тәжірибесі (пікірталастар, диспуттар, дидактикалық ойындар) жақын немесе сәйкес келеді.

Педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде эмпатияны дамытудың *екінші стратегиясы* білім берудегі тұлғалық-бағдарлы тұғырдың принциптеріне сәйкес келеді.

Тұлғалық-бағдарлы білім берудің міндеттері ретінде алынатын: әрбір оқушының дара танымдық қабілеттерін дамыту, алдын ала ұсынылған қасиеттерді қалыптастыру емес, өзін-өзі танудағы, өзін-өзі анықтаудағы және өзін-өзі жүзеге асырудағы оқушының жеке тәжірибесін барынша айқындау және көмек беру. Тұлғалық-бағдарлы білім беру оқушының дамуын және өзіндік дамуын оның жеке қасиеттері мен ерекшеліктері негізінде қамтамасыз етеді. Бұл тұжырымдаманың негізіне өзіндік қайталанбас субъектілі тәжірибесі бар әрбір адамның даралығын, құндылығын мойындау және тану, ал оқытудың негізгі міндеті ретінде әрбір оқушыға өзіндік тәжірибесін дамытуға және өзінің дара ерекшеліктерін жетілдіру, тұлға ретінде дамыту алынады.

Оқытуға қатысты осындай тұғырдың аясында эмпатия оқыту мен тәрбие үдерістерінің маңызды құндылықтарының бірі болып табылады. Оқушының мүмкіндіктерін және тәрбиеленуші тұлғасының әлеуетін шындыққа жүзеге асыруды көру үшін, мұғалім эмпатиялы болуы керек, яғни әрдайым нақты жағдаятты оның барлық аспектілерінде басынан өткеруі керек. Сонымен, педагогикалық өзара әрекеттестіктің тұлғалық-бағдарланған моделі мұғалімнің және оқушының эмпатиялығын талап етеді. Педагогикалық өзара әрекет үдерісі жүзеге асады (педагогтар мен оқушылардың бір-біріне деген өзара әрекеті жүзеге асады, соның нәтижесінде олардың тұлғалық өсуі жүзеге асады).

Қазіргі әлеуметтік жағдайда және кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жаңаша жағдайларында мұғалімнің рөлі, оның кәсіби құзыреттілігі артып келеді. Мұғалімнің тұлғасына қойылатын жаңа талаптар туындауда, оларды жүзеге асыру көп жағдайда мұғалімнің кәсіби-маңызды сапаларының қалыптасуына байланысты, аталған сапалардың арасында эмпатия адамның басқа адамдармен өзара әрекеттестік үдерісінде олардың жай-күйіне ену, оның күйін, көңіл-күйін, рухани жай-күйін түсіну қабілеті ретінде жетекші орындардың бірін алады.

Эмпатия байқампаздықты қамтиды, ол интуициямен, педагогтің басқа адам үшін жауапкершілік сезімімен, өзінің қоғамда алатын орнын саналы ұғынуымен байланысты болады және прогностикалық әлеуетке ие болады.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық пәндерді оқыту үдерісіндегі эмпатияны дамыту үдерісіне жүргізілген зерттеу, бізге бірқатар теориялық жалпылама жасауға және қолданбалы сипаты бар нәтижелерді алуға мүмкіндік берді.

Педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде эмпатияны дамытудың негізгі стратегиялары ретінде екі стратегия анықталды, олар шартты түрде төмендегі атауларға ие болды: *эмбебап стратегия* және *эмпатияны дамытудың жеке стратегиясы*.

Әмбебап стратегия студенттердің іс-әрекеттің барлық негізгі түрлерін орындау барысындағы эмпатияның дамуын қамтамасыз етті: мәтіндердің арнайы іріктелген базасын және педагогикалық жағдаяттарды талдауда, проблемалық сипаттағы топтық пікірталастарда, жеке тапсырмаларды орындауда, өзіндік жұмыстарды және өзіндік диагностика тапсырмаларын орындауда.

Эмпатияны жеке дамыту стратегиясы әрбір типологиялық топтардың спецификасына сәйкес келетін вариативті педагогикалық технологияларды қолдануды қамтиды (эмоционалды тип үшін ойын және топтық технологиялар, интеллектуалды тип үшін – дамытушы, проблемалық технологиялар, практикалық тип үшін – педагогикалық жобалау технологиялары). Бұл стратегияны жүзеге асыруда студенттердің әрбір типологиялық топтарындағы кәсіби-маңызды сапалардың үйлесіміне сәйкес келетін тапсырмалар қолданылды, бұл өз кезегінде болашақ мұғалімнің эмпатиясын дамыту үдерісінің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Эмпатиямен арақатынас тұрғысында, педагогтің айқындалған кәсіби-маңызды сапаларына жүргізілген талдауды қорытындылай келе, біріншіден, осы арақатынастың байланысын анықтауға болады, екіншіден, эмпатияны дамыта отырып, біз болашақ мұғалімнің барлық айқындалған кәсіби-маңызды сапаларын қарастыра аламыз деп болжаймыз; және керісінше, аталған сапаларды дамыта отырып, біз эмпатияға әсер етеміз.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, атап өтеміз: эмпатия – қасиет, үдеріс және күй ретінде – әлеуметтік құбылыс, ол адамның адаммен, объектімен өзара әрекеттестігі және қарым-қатынас жағдайында көрініс береді. Эмпатияны тек шынайы эмоционалды құбылыс ретінде қарастырмауымыз қажет, педагогикалық практикалық іс-әрекетке қатысты эмпатия интеллектуалды құрамдас компонентсіз мүмкін емес және ол мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестік тәжірибесінде көрініс береді.

Сонымен қатар, философтардың, психологтардың, педагогтардың эмпатияға берген сипаттамалары тұрғысында біз айқындаған ұстанымдарды мұқият талдау (мысалы, эмпатияның құрамындағы рефлексивті бастаудың, интуицияның, болжаудың, байқампаздықтың болуы) бізді эмпатияны оқшауланған феномен ретінде емес, педагогтің кәсіби-маңызды сапаларының біріменгікелей байланыста қарастырудың қажеттілігіне әкелді. Эмпатияны біртұтас, жүйелі түрде қарастыру, біздің ойымызша, болашақ мұғалімдегі осы сапаны дамытудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді деп болжаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Большой психологический словарь/Сост. и общ.ред.Б.Мещеряков,В.Зинченко.- СПб.: прам-ЕВРОЗНАК, 2004.- 672.
3. Тәжіғұлова Г.О.Дидактические основы формализации знаний в условиях интеграции информационных технологий в образовательный процесс вуза. –Қарағанды, 2001.
4. Қоқанбаев С.З. Педагогические основы непрерывного образования педагогов профессионального обучения в условиях образовательного комплекса «школа колледж - вуз» : автореф. дис. д-ра пед. наук. Караганда, 2007. - 44 с.
5. Кенжебеков Б.Т.Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе ВУЗа. –Астана, 2006.
6. Жұматаева Е.О. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: Педагогика ғылым. докт. дис. 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика.- Алматы, 2003. – 301 б.
7. МейР. Искусство психологического консультирования. 2000.
8. ПодзолковВ.Г. Профессиональное развитие будущего учителя в условиях региональной системы непрерывного педагогического образования/ В.Г.Подзолков.- Тула:Изд-во ТГПУ им.Л.Н. Толстого. -1999.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМУТUDЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Үсенова А.

*Абай атындағы ҚазҰПУнің
PhD докторанты*

Кілт сөздер: Табыс, әлеуметтік табыстылық, қажеттілік, үміт, іс-әрекет, нәтиже.

Аннотация

В статье рассматриваются психологические аспекты развития социальной успешности педагогов начальной школы. Автор раскрывает сущность категории «успех», основываясь на труды зарубежных психологов.

Annotation

The article considers the psychological aspects of social success development of primary school teachers. The author reveals the essence of the category "success" based on the works of foreign psychologists.

Қазіргі білім беру парадигмасының мақсаты мен мазмұнының келешек ұрпақты еркін және жан-жақты дамытуға, өздігінен білім алуға, бәсекеге қабілеттілігі, іскер тұлға ретінде табысты өмір сүруге бағыттау болып айқындалуы, жоғары оқу орнындағы студенттерге кәсіби білім беруде, оларды жоғары сапалы мұғалім ретінде дайындауды, сонымен бірге өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, адамгершілігі мол, мейірімді азамат тәрбиелеуді көздейді. Осы бағытта көптеген зерттеулер жүргізілуде, дегенмен ЖОО студенттерінің әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру мәселелері арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әлеуметтік табыстылық жастардың тиімді әлеуметтенуіне жағдай жасайтын жеке тұлғаның әлеуметтік маңызы бар ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Табыстылық күйі сенімділік, өзін-өзі қадірлеу, ар-намыс сияқты адамның өте маңызды қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Екінші жағынан, өз кемшілігін сезіну, өзіндік сенімділіктің болмауы жастардың бойында қатігездік тудырады (Ю.П. Гиппенрейтер т.б.).

Ғылыми- психологиялық әдебиеттерді зерделей келе, табыс – бұл қоршаған адамдардың үміттері мен тұлғаның қызмет нәтижелері арасындағы оңтайлы арақатынас. Психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, табыс – бұл тұлға ұмтылып жүрген нәтиже күткен нәтижелермен бірдей болып шыққандықтан немесе олардан асып түскендіктен қуаныш, қанағаттану сезімдерін бастан кешіру. Осы күйдің негізінде тұрақты қанағаттану сезімдері, қызметтің жаңа әлдеқайда күштірек себептері қалыптасуы мүмкін, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қадірлеу деңгейі өзгереді.

Белгілі болғандай, жасаралық ерекшеліктердің салдарынан өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі құрметтеуге деген қажеттілік студент жастар үшін өте маңызды. Сондықтан біз жүргізіп жатқан зерттеу үшін «табыс» ұғымын әлеуметтік маңыздылық және адамның іс-әрекеттерін мойындау мәнінде, нәтижелілікке және белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған өмір мәнісін талдау және тұлғаның тағдыры мәнінде қарастырған орынды деп санаймыз.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге сүйенсек, табыс – бұл тұлғаның күш-жігерінің салыстырмалы нәтижесі, сондай-ақ біреудің табыстары басқа біреудің табыстарымен бірдей емес.

Ресейлік педагогтар табысты жеке тұлғаның күш-жігерінің нәтижесі деп түсінеді. Осылайша, Г.Ю. Ксенозова жеке бас табысын дербес сапа стандарты ретінде түсінеді: «табысқа жетуге деген уәждеме адамның өз еңбегі нәтижесінің жоғары бағасын алуға, әрекет етуге, өзін нығайтуға ықыласын тудырады» [1].

В.Ю. Питюков табыс мүлдем күтпеген болуы мүмкін деп санайды, мысалы жолы болу, біреудің бақытты жұлдызы деп сондықтан айтылған. Н.Е. Щуркова табысты оқу еңбегі барысындағы жеке жетістіктерді субъективті бағалау ретінде түсіндіреді. Алайда, «табыс туралы сөз қозғағанда біз, мысалы, емтиханда түскен ең оңай билет сияқты сәттілік немесе бақытты жағдайдан гөрі белгіленген мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелілікті ескереміз» [2].

Ресейлік психолог И.Л. Финьконың еңбегінде табыс факторлары дәйектелген, олардың ішінде бірінші орында тұрғаны «жастардың өздерінің табысқа жету қабілеттіліктеріне сенуі, бірақ өзгелердің көмегі, мәселенің күрделілігі, сәттілік және жолы болу да сондай маңызды болып табылады» [3].

Батыс психологиясының дәстүрлері табысты адамның өзін-өзі таныту контекстінде қарастырады. Тұлғаның өзіндік құндылық идеясы тұлғалық себептілік идеясы сияқты табысты анықтаған кезде негізін қалаушы болып табылады. Р. Хубер индивидтің тағдыры жағдайларға емес, индивидтің өзіне байланысты, сондықтан басты күшті өзінді өзгертуге бағыттау керек екенін атап өтті. М. Мольц табыстың шарттарының бірі ретінде адамдарға деген жақсылықты және өзінді жоғары қадірлеуді атаған: «Өзіңе деген шынайы сыйластық ұлы іс-әрекеттерге емес, мүліктік жағдайға емес, бағаға да емес, Адам ретінде өзіңнің құндылығыңды мойындауға негізделеді» [3].

Сонымен қатар, табысқа жетудің алғашқы себебі ретінде өзін-өзі сыйлауға деген қажеттілік қызмет етеді. Қазіргі заман психологы және педагогы У. Глассер махаббаттың жетіспеушілігін және өзін-өзі төмен бағалауды табыссыздықтың басты екі себебі ретінде ұсынады, оларды тек жастардың өзін сыйлауға деген қажеттілігін қанағаттандырып, адамды өзін толық қанды тұлға ретінде сезінуін қалыптастырып, оның өзін-өзі бағалауын арттыру арқылы ғана жоюға болады. Әлеуметтік табысты адам оның өзін-өзі сыйлауының жоғары деңгейімен, жақсы қасиеттерге ие болуымен, ол үшін маңызды болып саналатын салаларда табысқа жету қабілеттерімен ерекшеленеді (А. Маслоу, И.С. Кон және т.б.). Өзін-өзі сыйлауды «индивидтің жалпы өзін-өзі бағалауы» ретінде, өзін «бір тұтас деп «қабылдау» немесе «қабылдамау» дәрежесі ретінде анықтаған С.Л. Рубинштейн.

У. Джемстің пікірінше өзін-өзі сыйлау және «өзін-өзі бағалау біздің кім болғымыз келеді, қоғамда қандай орын алғымыз келеді – сондай факторларға байланысты; бұл біздің өзіміздің табысымыз бен сәтсіздіктерімізді бағалауда санау нүктесі болып табылады. Адамдарға өзіндік «Меннің» барлық мүмкін болатын шектерін барынша дамытуға ұмтылу тиесілі, алайда адамның мүмкіншіліктерінің, оның кеңістік пен уақыт шамасында өмір сүруінің шектелгендігі түптеп келгенде әркімді бұған шынайы көзқараспен қарауға мәжбүр етеді, яғни жеке басын дамытудың жеке аспектілерін таңдап, оларға қатысты соңғы мақсаттарын алға қоюға – адам өзінің өмірлік табысын осы мақсаттарға қол жеткізумен байланыстырады. Өзін-өзі бағалау ұмтылыстардан пайда болады: ұмтылыстар жүзеге асса, өзін-өзі бағалау арта түседі, егер адам ұмтылыстарды жүзеге асыра алмаса – төмендейді. Ұмтылыстарды біз өзіміз жаратамыз және оларды жеке бастың дамуының белгілі деңгейімен байланыстырамыз. Біреу үшін сөзсіз табыс болатын нәрсені басқа біреу сәтсіздік деп қабылдайды» [4].

XX ғасырдың екінші жартысында табысқа жетудің уәждемелік тұжырымдамалары пайда болады. Шетелдік авторлардың (У. Джемс, А. Маслоу, М. Мольц, Ф. Хоппе және т.б. Табысқа жетудің уәждемесі

теориясының негізін қалаушылардың бірі – Х. Хекхаузен. Ол адамның іс-әрекетке қатысты түрлі бағыттағы екі уәждемесі болатынын атап көрсетті, олар: табысқа жету уәждемесі және сәтсіздіктерден қашу уәждемесі [4].

Сонымен қатар, психология табысты іс-әрекет сипаттамасы ретінде қарастырады, алайда ол ретінде өзін-өзі бағалау емес, табысқа қол жеткізу, қалаулы нәтиже есептеледі. Табысты ұмтылыстардың тандалған деңгейі мен нақты нәтиженің арақатынасы ретінде қарастырған Ф. Хоппе [4]. Кейде табыс субъективті мақсатқа объективті қол жеткізудің сәйкестігі ретінде немесе қызметтің сапасы мен жоғары деңгейі ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық туғызып отырған Дж. Аткинсонның түрткі теориясының мәнісін құрайтын табысқа жету түрткісі келесі сипаттамалары: табысқа ұмтылу (сәтсіздіктерден қашу уәжі); табысты күту; табыстың құндылығы.

Дж. Аткинсонның көзқарасы бойынша, табыс жағдайы адамға тұлға ретінде танылуға мүмкіндік береді. Егер табысқа өз күшімен жеткен болса, онда тұлғаның айтарлықтай тұрақты ішкі уәждемесі, оның өзін-өзі бақылауы туралы айтуға болады.

Табысқа жету уәждемесінің сипаттамаларына сәйкес, Дж. Аткинсон табысқа жетудің ережелерін қалыптастырды. Олардың біріншісінде былай делінген: табыс ықтималдығы жоғары, ал мәселе жеңілдеу болған сайын, табыстың құндылығы азая түседі, және керісінше, табысқа жету мүмкіндігі азайған сайын оның тартымдылығы көбейіп, ішкі уәждеме арта түседі. Екінші ережеге сәйкес, табыс тұлғаны ұжымның табыстарымен әлеуметтік түрде салыстыру механизмі арқылы анықталатын болса, ол құндылығын жоғалтады. Үшінші ережеде былай делінген: ұзақ табыссыздықтар тұлғаны шарасыздық жағдайына, нәтижелерге қанағаттанбаушылық сезіміне, қателіктер алдындағы белгісіздікке және қорқынышқа әкелуі мүмкін. Адамға табысқа жету уәжі де, сәтсіздіктерден қашу уәжі де тән болып саналады. Табыс жағдайында жеке бастың дамуының мүмкіндігі және табысқа жету уәждемесінің жоғары деңгейі қажет. Тұрақты ішкі уәждеменің болуының дәл өзі тұлғаның қиыншылықтарды жеңуіне түрткі болып, оған берік табысты қамтамасыз етеді [3].

В.М. Ботовтың пікірінше, табысқа жету уәжі өзінің біліктілік сезімімен қатар жүреді. Психолог «эмоциялық тұрақты сыналушылар табысқа ұмтылуды көрсететінін» айтқан [3]. Р.Л. Мирцхулаева мен В.М. Ботованың еңбектерінде табыс жағдайы әсерленушілік жағдайы ретінде қарастырылады, сондай жағдайда болған тұлға қуынаш, мақтаныш және ішкі қанағаттану сезімдерін кешеді [3].

М.Ш. Магомед-Эминовтың зерттеулерінде табысқа жету уәжі әсерленушілікпен және атқарылатын қызметті адамның өзінің немесе басқа адамдардың бағалауымен байланысты. Және де табысқа жету жағдайын бағалау сол жағдайдың қажеттілігін эмоциялық түрде кешу түрінде көрінеді. Бұнда табысқа жету уәжі «тұлғаның бірдені жылдам әрі жақсы орындауға, қандай-да бір істе жоғары деңгейге жетуге ықыласы» ретінде көрсетілген [3].

«Табыстылық» ұғымы психологиялық сөздікте объективті нәтижеліліктен және адамның өзінің берілген нәтижелерге субъективті қатынасынан құралатын қызметтің сапалы бағасы, нәтижелілігі ретінде түсіндіріледі.

С.В. Ковалев А. Маслоудың ұсынған адамның қажеттіліктері иерархиясының теориясын түсіндіре келе, табысты тұлғаның келесі сипаттарын бөліп көрсетті: шынайылықты толық қабылдау және оған қолайлы қарым-қатынас, өзін және әлеуметтік қоршаған ортаны қабылдау, сүйікті ісіне қатысты кәсіби әуесқойлық, әлеуметтік ортадан және өзіндік пікірі бар, басқа адамдарды түсіну қабілеті, жаңашылдыққа ұмтылу және тәжірибелерге даярлық, мақсатты және оны жүзеге асыру құралдарын анық бірақ икемді түсіну жүріс-тұрыстың пәктігі және табиғилығы, әзіл-оспақты түсіне білу; өзін-өзі дамыту, өзін маңыздандыру; проблемалар мен қиыншылықтарды, өз мүмкіндіктеріңді шын мәнінде түсінуге дайындық [4].

А.С.Белкиннің әлеуметтік-психологиялық көзқарасы бойынша «табыс» қоршаған адамдардың, тұлғаның іс-әрекетінің нәтижелері арасындағы оңтайлы қатынасты білдіреді [4]. Яғни, әлеуметтік психологияда кейбір іс-әрекеттің қандай да бір салдары бола алады.

Жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, біз мынадай тұжырымға келдік:

- психологиялық көзқарас бойынша табыс – іс-әрекеттегі жоғары нәтижеге жетуден алатын қуаныш, қанағаттану жағдайынан өту;

- әлеуметтік-психологиялық көзқарас бойынша табыс – қоршаған адамдардың, тұлғаның күтуі мен олардың іс-әрекеттерінің нәтижелері арасындағы оңтайлы қатынас.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ксенозова Г.Ю. Оценочная деятельность учителя. – М.: Пед. общество России, 1999. – 121 с.
2. Питюков В.Ю. Педагогическая технология в процессе профессиональной подготовки учителя: автореф. ... канд.пед. наук. – М.: 1994. – 16с
3. Лопатин А.Р. Создание ситуаций успеха в воспитательно-образовательной работе с подростками: дисс. ... канд. пед. наук. – Кострома: КГПУ, 1999. – 218 с.
4. Белкин Н.А. Основы возрастной педагогики: // В 2-х ч. – Екатеринбург: Уральский ГПИ, 1992. – Ч. 1. – 176 с.

Л.М.Балгазина

А.Р.Дюсенова

*преподаватели английского языка колледжа
Актюбинского университета имени С.Баишева*

Ключевые слова: этнокультурная идентичность, коллектив.

Аңдатпа

Бұл мақалада орыс және ағылшын тілі сабағында этнопедагогика әдістері мен құралдарын пайдалану проблемасын, сондай-ақ орыс әдебиетіндегі сабақтарындағы мәселелер көтеріледі. Қазақ тілінде білім беру топтарын орыс және ағылшын тілдерінде сабақ тарихи және мәдени салыстыру - шетел тілдерін оқыту әдістемесі ұзақ қабылданған тәжірибенің бірі. Үздік жұмыстарын салыстыра отырып, біз тереңірек және толық талдауға мүмкіндік береді. Студенттердің ұлттық мақтанш сезімін дамыту, адами құндылықтарды түсіну және меңгеру үшін, оларды дайындау үшін мүмкіндік беретін ортақ негіз табу.

Annotation

This article raises the problem of the usage of methods and techniques of ethnopedagogics at the lessons of Russian, English languages, and at the lessons of Russian literature. Historical – cultural comparing at the lessons of Russian, English languages in the groups with the Kazakh language teaching - one of the receptions in the recognition of a foreign language teaching. Comparing the two best works of literature, we can more deeply and fully analyze them, which allows to develop students sense of national pride.

Историко-культурные сопоставления на уроках русского и английского языков в группах с казахским языком обучения - один из давно признанных приемов в методике преподавания иностранных языков. Сопоставляя лучшие произведения двух литератур, мы можем глубже и полнее анализировать их, находя точки соприкосновения, что позволяет развивать у учащихся чувство национальной гордости и готовить их к пониманию и усвоению общечеловеческих ценностей.

Изучая другой язык, учащиеся не всегда воспринимают материал осознанно, затрудняясь в некоторых понятиях, образах и литературных приемах.

Что касается обучения английскому языку, в нашем колледже английский язык является профилирующим в группах специальности 0512000 «Переводческое дело (по видам)», поэтому работа преподавателей специальных дисциплин строится несколько иначе, чем в других учебных заведениях. Вся планируемая документация составляется на основе типовых программ, утвержденных Министерством науки и образования РК. Не всегда можно найти учебные пособия по специальным дисциплинам для средних учебных заведений, поэтому приходится использовать учебные пособия, предназначенных студентам высших учебных заведений, естественно, подстраивая их под программу колледжа. В таком случае разрабатываются методические пособия и дополнительные дидактические материалы.

Например, начиная работу с новым учебным пособием страноведение, мы определяем следующие конечные цели:

- работать над воспитанием патриотизма, развитием знаний о прошлом нашей страны.
- расширить и углубить знания, умения и навыки в овладении иноязычной коммуникативной деятельностью.
- стимулировать интерес учащихся к изучению предмета.
- способствовать всестороннему развитию личности.

Цели работы по английскому языку направляют деятельность учащихся в том случае, если они совпадают с их личностными установками: «хочу научиться говорить на английском языке», «хочу научиться читать на английском языке», «хочу больше узнать о стране изучаемого языка», «хочу использовать английский язык в своей будущей специальности». В случае несовпадения целей, поставленных преподавателем на конкретном этапе деятельности с целями учащихся, отсутствия у них мотивов деятельности, вся система оказывается формальной, так как не принимается учащимися и не воздействует на них. Преподавание любого языка в учебном заведении должно быть основано в первую очередь на любви учащихся к этому языку. Ближайшие частные цели системы всей работы по дисциплине страноведение должны быть подчинены стратегическим целям. Постановка и реализация целей системы работы определяется также личностью преподавателя, уровнем его педагогического мастерства, необходимостью учета его сильных сторон.

Содержание работы над предметом страноведение заключается в органическом единстве ее основных направлений:

- прагматическом (формирование у учащихся коммуникативных умений и навыков, некоторых доступных умений и навыков художественной деятельности)
- гносеологическом (сообщение учащимся сведений о прошлом Казахстана, различных обычаях и традициях)

- аксиологическом (развитие у учащихся ценностных ориентаций и мотивов деятельности)

Взаимодействие этих направлений обеспечивает гармоническое развитие личности в системе работы на уроках по английскому языку.

Чтение литературы на иностранном языке привлекает учащихся как цель и как средство обучения. В некоторых случаях чтение является основой для рецептивного и экспрессивного видов речевой деятельности, а в других оно используется с целью извлечения информации, служит способом удовлетворения познавательных потребностей. С помощью чтения человек приобщается к научным и культурным достижениям человечества, знакомится с искусством и жизнью других людей. Процесс чтения оказывает огромное влияние на формирование личности.

К примеру, при изучении творчества А.П.Чехова, можно остановиться более подробно на его письме брату Николаю. Здесь, как нельзя кстати, можно было бы провести параллель со «Словами – назидания Абая», так как очень важно дать своим учащимся представление о моральных ценностях и нормах, о которых размышляли великие писатели прошлого и которым должен следовать каждый, если он хочет оставаться порядочным человеком всегда и во всем. Отрывки из «Слов- назидания Абая» и письмо Чехова, отобранные для чтения, анализа и сопоставления, доступны по языку. Как и Чехов в личном письме, Абай словно беседует со своим читателем, адресуясь непосредственно к слушателю- собеседнику. Нравственные проблемы, поставленные русским и казахским писателями, актуальны и сегодня.

В начале урока можно продемонстрировать портреты Абая и Чехова, обратить внимание на облик писателей, взгляд, который как бы проникает в душу. Оба пользовались огромным уважением современников, служили для них нравственным авторитетом. Хотя они были представителями культуры народов с разными традициями, во многом их взгляды по ценности человеческой морали совпадали. Об этом говорят «Слова-назидания Абая», созданные в 1890-1898 гг., и письмо Чехова брату Николаю в то же время, в 1896 году.

На партах у учащихся отрывки из 14-го, 15-го, 18-го, и 32-го слов Абая и письма Чехова. Мы читаем их по частям, и я подвожу учащихся к мысли, что общий смысл прочитанного можно было бы выразить известными словами А.П.Чехова: «В человеке должно быть все прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли». Их произносит в пьесе «Дядя Ваня» один из главных героев, доктор Астров.

Учащиеся под моим руководством составляют сопоставительную таблицу нравственных качеств по Абаю и Чехову: записывают стержневые слова и ключевые фрагменты. Затем мы коллективно делаем вывод о близости нравственной позиции классиков казахской и русской литературы, и что лейтмотивом в их высказываниях звучит идея воспитания высоких моральных качеств. Можно подобрать к уроку пословицы о нравственных качествах человека, а домашним заданием для учащихся предлагаю написать эссе о нравственных качествах.

Таким образом, сопоставительный анализ способствует критическому мышлению учащегося, формируют у него нравственные идеалы.

В организации же чтения на уроках английского языка на начальном этапе необходимо помнить о том, что отработанность артикуляции определяет качество чтения. Работа над произнесением звуков, слогов, синтагм, фраз и самого текста- необходимый компонент урока иностранного языка. Лучше, если она проводится с использованием магнитофона, интонационной разметки, элементов дирижирования, в которое включаются и сами учащиеся. Работа над фонетической отработкой текста сочетается с переводом незнакомых слов, объяснением грамматических явлений, переводом наиболее сложных предложений текста.

В организации чтения нередко используются ставшие традиционными методы работы с текстом:

1.ознакомление с содержанием в процессе чтения про себя.

2.выборочное чтение вслух с заданиями типа: найдите и прочитайте предложения, в

котором говорится о..., найдите ответы на следующие вопросы и прочитайте их, найдите предложения, в которых

а) передана основная мысль

б) дана наиболее яркая характеристика персонажа

в)содержится оценка событий

На последующих этапах работы учащиеся практикуются в чтении текстов по образцу, от лица персонажей, чтение диалогов по ролям. Во всех этих видах чтения следует поощрять фонетическую гиперболу, утрирование в допустимых пределах, изменение тембра голоса в целях быть похожим на персонажа.

Уже на начальном этапе работы важно приучать учащихся к глубокому и широкому охвату содержания читаемого, учить догадываться о значении новых слов, искать в тексте ответы на поставленный вопрос, объяснять название текста. В связи с этим появляется необходимость привития учащимся определенных знаний, умений и навыков работы с книгой и словарем.

Чтение казахских сказок на английском языке поможет нашим учащимся не только научиться бегло читать и переводить тексты, но и узнать многое об истории Казахстана, обычаях и традициях нашего народа. Урок домашнего чтения рекомендуется проводить один раз в неделю. Задание на каждый урок дается на целую неделю, с тем, чтобы учащиеся могли читать по одному или два абзаца каждый день. Непременным условием работы над домашним чтением является ведение словаря, куда они вписывают все новые для них слова. Эти слова относятся к пассивной лексике, которую учащиеся должны легко узнавать в тексте, но можно допустить, что учащиеся не всегда могут написать эти слова.

Первая половина урока обычно посвящается обсуждению содержания прочитанной сказки, ответам на

вопросы, выполнению грамматических и лексических заданий. Наиболее сложные слова рекомендуется выписать на отдельные листы с той целью, чтобы повесить их на доску и опрашивать детей.

Примерно на 15-20 минут урока учащимся раздаются рабочие листы с заданиями, отражающие содержание сказки. Задания могут быть разнообразными, к примеру:

- найдите в тексте эквиваленты данных выражений на английском языке.
- перефразируйте выражения, используя предложения из текста.
- ответьте на вопросы по тексту.
- заполните пропуски соответствующими предложениями или оставьте пропуски незаполненными.
- Заполните пропуски соответствующими словами.
- Дайте краткую характеристику персонажам.

Во время выполнения учащимися задания, преподаватель дает возможность одному из учащихся пересказать текст. Таким образом, за один урок опрашивается в среднем 5-6 учащихся. Для объективности оценки учащимся предоставляется возможность перевести слова, которые выписаны из текста, как наиболее сложные и которые должны висеть на доске на протяжении урока.

Работа над казахскими сказками в качестве материала по домашнему чтению может дать учащимся много как в плане развития устной речи, так и в приобретении знаний по истории Казахстана.

Предлагаю следующие сказки как наиболее доступные для чтения и содержащие мораль: «Sly Bekzhan», «The cobbler and the Khan», «Wise Galym», «One thousand dilda for a wise word», «A kind man and a wicked man», «Batenke», «A brave shepherd» и другие по выбору учащихся. Например, по сказке «A brave shepherd»

1. Find the English equivalents: кто пас байских овец, подарил ему лук и жеребца- трехлетку, большую сумму денег, крытая повозка, подстрелить что-нибудь к обеду, он промолчал о драконе, едва он сказал это, крепко держал крышку, но напрасно, она казалась испуганной, шелковый платочек, на пороге, пастуху стало любопытно, пастух тосковал по родному дому, лучшее место за столом, пир в честь ханской дочери.

2. Fill the prepositions

- A) I have been serving you... twenty years and I shall serve you twenty years more.
- B) There were dangers.... every step.
- C) The dragon made a fire and put a pot ... the fire.
- D) The shepherd could not anything and he had to stay... the dragon.
- E) Next morning there was a feast... honor... the Khans daughter.

Задания и реплики преподавателя направлены на то, чтобы побуждать учащихся чувствовать себя непринужденно, раскованно, способствовать получению удовлетворения от самого процесса чтения. В выполнении подобных заданий особое внимание следует уделить правильной расстановке логических ударений, правильному выбору и воспроизведению интонации, а также общему контролю за выразительностью речи учащихся.

Содержание рабочих учебных программ по английскому языку требует от преподавателя постоянного обращения к республиканскому и региональному материалу, помогающему формировать чувство любви к родному краю, стране, сознательное отношение к окружающему миру. Работа по использованию краеведческого материала способствует патриотическому воспитанию, общему политическому образованию, расширяет кругозор учащихся и развивает их познавательный интерес.

Использование республиканского и регионального компонента предлагает изучение истории и этнографии, экономики и политики, традиций и ценностей конкретной страны и конкретного региона, придает обучению коммуникативно- мотивированный характер.

Региональные знания должны служить средством повышения общеобразовательного уровня и совершенствования владения иностранным языком. Например, материал о гениальном казахском композиторе Курмангазы Сагырбаеве, основателе народной музыкальной классике, сопровождается тематическим словарем, определенными заданиями лексико- грамматического содержания, а также иллюстративным материалом, служащим наглядным дополнением к изложенному материалу. Данный текст может быть применен для различных видов работ: для самостоятельного изучения, монологической и диалогической речи, чтения и перевода, аудирования.

В заключение можно сказать, что использование этнокультурологического аспекта на уроках русского и английского языков содействует закреплению положительной мотивации изучения иностранного языка и способствует совершенствованию знания иностранного языка в целом.

Список литературы:

1. Кайзер Ф.М. Национальный компонент на уроках иностранного языка. М., 2001 г.
2. Костина О.Н. Методическое пособие для чтения по английскому языку «Казахские сказки». Алматы, 2002 г.
3. Слова – назидания Абая. Алматы, 1997 г.
4. Сборник собраний А.П.Чехова. М., 1988 г

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Тоқтағұлова Г.Б.

Қазмемқызту аға оқытушысы

Кілтті сөздер: Рухани-адамгершілік тәрбие, рухани білім, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттер, тұлғаның мінез-құлқы, жалпыұлттық, этномәдениеттік жеке тұлғалық құндылықтар.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы воспитания всесторонне развитых, образованных и квалифицированных специалистов, обладающих высокой нравственностью, являющейся главной целью общества, а также возможности духовно-нравственного воспитания школьников на основе предмета самопознания.

Annotation

The article deals with problems of education fully developed, educated and skilled professionals with high morals, which is the main purpose of the society, as well as opportunities spiritual and moral education of students on the basis of subject matter self-knowledge

Рухани-адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда, ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани-адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компоненттерін өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани-адамгершілік көз қарасын қалыптастырады. Осы сөздеріміздің дәлелі ретінде, әлемдік ой-сананың асқар биігіне көтерілген Әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне оңат әкеледі» деген сөздері, деп айтуы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған. Баланың сана-сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратын тәрбиенің ең біріншісі рухани міндет. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарды басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады[1].

Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, өз идеяларына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез-құлық қалыптастырғысы келеді. Кейбір оқушылар алғашқы кездескен қиындықта-ақ өз күшіне сенімсіздік тудырып, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Оқушының жақсы қасиетке ұмтылған ниетін мұғалімдер кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерден байқап, оған қолдау көрсетіп отырған болса мектептерде қайшылық жағдайлар кездеспейді. Оқушыларды ибалыққа баулып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру әрбір мұғалімнің және мектептің басты парызы. Оқушылардың рухани-адамгершілік жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық көрсеткіштігі жатады. Мінез ол адамның өзіндік бағыт-бағдардың, жан дүниесінің ерекшеліктерінің тұрлаулы белгісі[1]. Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін талдап жеткізген халықтың ырысы. «Құтты біліктің» негізін қалаушы Ж.Баласағұн адамның мінез-құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады. Адам дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркендетті әлемге танытатын, елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ - егеменді елдің берік тірегі, себебі мемлекеттің болашағы білімді де саналы жас ұрпақтың жеке басының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты. Біз білімді ұрпақтың, рухани жан-дүниесі бай, біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең болуын, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруын қалаймыз. Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, басында ұлттық сана-сезім қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру әрбір отбасының, мектептің, жоғарғы оқу орындарының, ортаның, ұжымның барша жұртшылықтың міндеті[2]. Өскелең ұрпаққа адамгершілік-рухани білім беру және тәрбиелеу қазақстандық қоғамда жалпыадамдық, жалпыұлттық, этномәдениеттік жеке тұлғалық құндылықтарын үйлесімді бірігуінің бағдарланған, олар адамға қоғамға қызмет етуде өзін толық пайдалану, өзінің мәнін және өмірдегі тағдырын білуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі тану, білім мағынасының құндылығын күшейте отырып, жеке тұлғаның риясыз сүю, өзіне және өз күшіне сену, жақсылық жасау, көп білу және өзін-өзі жетілдіру, дене, психологиялық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық дамуда үйлесімділікке жету қабілетін ашады және дамытады. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа жолдауында «Біз әрбір адамның ар-намысын, жағымды қасиеттері мен беделін, жоғары адамгершілік, этикалық стандарттары және рухани құндылықтарын бағалайтын қоғам құруымыз керек» деп атап көрсетті[3]. Адамгершілік – рухани тәрбиедегі басты нысана - баланы құрметтеу. Баланың қуат қоры мол болғандықтан, оның өмірді танып білуге ұмтылысы зор екенін мойындап, соған орай баланың сезімін тәрбиелеуге, сұлулықты сезінуге, көңіл – күйін реттей білуге көмектесетін «Өзін-өзі тану» пәні болып отыр.

Бұл пән болашақ ұрпақтың бойына рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. «Өзін –өзі тану» пәні бойынша сабақтар оқушылардың бойында рухани – адамгершілік тәрбиесін дамыту негіздерін қалауға мүмкіндік береді, өйткені, сол үшін ерекше қолайлы жағдайлар жасалады. Ізгілік пен сұлулықтың шын мағынасын түсінуге, шынайы мейірімділік пен ақиқатқа ұмтылуға, өз өмірін жоғары мәнмен өткізуге жетелейді. Қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе - тұлғаны рухани - адамгершілік тұрғысынан дамыту. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы – **руханилық**. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шындап, жетілдіруге ұмтылады. Бала әрқашан, барлық жерде – бала. Бала үшін ойын ол өз тәжірибесін, өмір мен адамдар туралы түсініктерін тексеріп, зерделейтін эксперименттік алаң ғана емес, сонымен қатар, бала үшін ойын – үлкен әлем, үлкендер араласпайтын, ол өзі қалаған нәрсесін жасай алатын оның өзінің жеке, тәуелсіз, таңғажайып әлемі [4].

Педагог ғалымдар істің өзі емес, сол істегі мұғалім мен оқушы арасындағы мұғалімнің тәлім-тәрбиелік ықпалы жақын, бірлескен қарым-қатынас барысында іске асатынын дәлелдеген. Мұнда тағы бір маңызды мәселе ол – баланың істеп жатқан еңбегіне қызығушылығын ояту, оның пайда-зиянын білу. Бұрынғы кездері үлкендер тәрбие жұмысының негізін білім, іскерлік, дағды және құндылықтарды балалардың бойына жинақтау деп түсінді. Соның негізінде балалар, олардың ата-анасы өмір сүрген ортаның қағидаларына сүйенеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік өзгерістер ғылыми-техникалық мәдени, тұрмыстық жағдайлардың күрт өзгеруіне байланысты болғандықтан, балаларды осы ыңғайға дайындауымыз қажет сияқты. Сондықтан тәрбиенің жетістіктері- оларға өздерінің іскерліктері мен дағдыларын беру ғана емес, олардың жеке әрекет жасауға және шешім қабылдауға өз бетінше үйрене алуына мүмкіндік туғызу. Жас ұрпақ үнемі өзгеру жағдайында болады, оның психологиялық реакциясы да ауыспалы болып отырады. Осы күні педагогикалық білімі жоқ адамдар да білетін ереже – «тәрбиешінің өзі тәрбиелі болу керек». Бірақ кейбір мұғалімдеріміз өзін-өзі тексеріп, өзін-өзі қайта тәрбиелеуде бас тартқандардың жауабы біреу - енді кеш, болары болды дейді. Тағы да сол ұлы ғалымдардың айтқаны бар. «үйрену ешқашан кеш болмайды», ал халқымыз «ештен кеш жақсы» дейді. Мектептегі тәрбие өз оқушыларын артынан ертіп, еліктетіп әкетуді, онда тек жақсы істермен ғана үлгі көрсетуді көздесе, оның басты жолы рухани-адамгершілік тәрбиесі болмақ. Баланың сана – сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратын тәрбиенің ең біріншісі рухани міндет. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарды басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады[5].

Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, өз идеаларына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез-құлық қалыптастырғысы келеді. Кейбір оқушылар алғашқы кездескен қиындықта-ақ өз күшіне сенімсіздік тудырып, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Оқушының жақсы қасиетке ұмтылған ниетін мұғалімдер кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерден байқап, оған қолдау көрсетіп отырған болса мектептерде қайшылық жағдайлар кездеспейді. Оқушыларды ибалыққа баулып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру әрбір мұғалімнің және мектептің басты парызы. Оқушылардың рухани-адамгершілік жеке басының даралық ерекшеліктеріне мінез-құлық көрсеткіштігі жатады. Мінез ол адамның өзіндік бағыт-бағдардың, жан дүниесінің ерекшеліктерінің тұрлаулы белгісі. Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін талдап жеткізген халықтың ырысы. «Құтты біліктің» негізін қалаушы Ж.Баласағұн адамның мінез-құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады [6].

Адам дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың басты мақсаты.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркенниетті әлемге танытатын, елдер қатарына терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ - егеменді елдің берік тірегі, себебі мемлекеттің болашағы білімді де саналы жас ұрпақтың жеке басының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты. Біз білімді ұрпақтың, рухани жан-дүниесі бай, біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең болуын, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруын қалаймыз. Жаңа ғасырға аяқ басып отырған заманымызда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, басында ұлттық сана-сезім қалыптасқан ертеңгі қоғам иелері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру әрбір отбасының, мектептің, жоғарғы оқу орындарының, ортаның, ұжымның барша жұртшылықтың міндеті.

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет. “Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек” – деді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі мектептердің міндеттерінің бірі – кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани – адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін – өзі дамытуына жол көрсету.

Рухани-адамгершілік тәрбие – дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым – қатынас мәдениетінің тұрақтылығы. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен

кез-келген затқа, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондықтан рухани-адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады[7]. «Отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс. Өйткені біз баланы адал еңбек етіп, елін, халқын сүюге тәрбиелеп отырмыз. Сондықтан ұл-қызымызға көзбе-көз айтқан сөзіміз, берген тәрбиеміз жүректен жүрекке жетсе, қандай ғанибет!»

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев– А.: Рауан, 1993
2. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания/ К.Д. Ушинский– М. Просвещение, 1977
3. Богословский В.В. Жалпы психология / В.В. Богословский– А.: Мектеп, 1995
4. Қоянбаев Ж.Б Педагогика / Ж.Б Қоянбаев– Астана.:1998
5. Выготский Л.С. Педагогическая психология/ Л.С. Выготский– М.:1980
6. Балтабай Е Этнопедагогика және тәрбие / Е Балтабай // Қазақстан мектебі, -2003, -№ 1, - 40 б.
7. Сіләмбекова Т. Адамгершілікке тәрбиелеу – басты мақсат /Т Сіләмбекова // Қаз. Мектебі, -2003, - № 5, - 44 б.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ

Жарылқапова Ә.С.

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистрі

Кілттік сөздер: Зерттеушілік, іс-әрекет, құзыреттілік, модель.

Аннотация

Одной из самых важных актуальных проблем на сегодняшний день является подготовка исследовательских высоко компетентных квалифицированных специалистов. Поэтому формирование исследовательская компетенция студентов должна быть в процессе обучения в высших учебных заведениях и в не учебного процесса тоже.

Annotation

Nowadays preparing well educated, high quality specialists with research competence is one of the main problems. That is why it is very important to form research competence in students with programs in a higher education institution and with works done beyond the college.

Білім беру реформасы қоғамның даму қарқынына байланысты жүзеге асырылады. Мәселен, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп елімізде болып жатқан экономикалық өзгерістерге сай келетін инновациялық реформа қажеттілігін ашып көрсетеді.

Сондықтан жоғары оқу орындарына енгізіліп отырған білім берудің жаңа жүйесіне сәйкес оның мақсаты – оқыту әдістерінің студенттің өз бетімен белсенді ізденіп, әрекет жасау әдістері мен тәсілдерімен толығы арқылы айқындалады. Осыған орай біздің зерттеуіміз өз бетімен ізденетін, әртүрлі өзгермелі жағдайларда бағдар ұстай алатын, белсенді жеке тұлғаны, яғни зерттеу құзыреттілігі дамыған студенттерді тәрбиелеуді мақсат етеді.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігі олардың оқу әрекетімен тікелей байланысты. Оқыту үдерісінің жалпы құрылымына сүйене отырып, студенттердің зерттеу құзыреттілігіне талдау жасайық. Ю.К.Бабанский бойынша, оқыту үдерісінің құрылымы өзара байланысты компонентердің тұтастай жүйесін білдіреді: мақсаттылық, ынталандырушы-мотивациялақ, мазмұндылық, операциялы-әрекеттік, бақылаушы-реттеушілік, бағалаушы-нәтижелі.

Ғылыми-зерттеу әрекетінің мақсаттылық компоненті Мемлекеттік білім стандартының, кәсіби білім бағдарламасының талаптары негізінде, сонымен қатар студенттердің алдағы даярлық деңгейін, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру негізінде анықталады. Мотивациялық компонент ғылыми-зерттеу міндеттерді шығармашылықпен шешуде студенттерде қызығушылық пен қажеттіліктерді ынталандырумен анықталады. Студенттердің зерттеу құзыреттілігінің ішкі мотивациясын қалыптастыру студентке зерттеу сипатындағы болшақ кәсіби қызметіне белсенді енуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу құзыреттілігінің мазмұндық компоненті туындаған мәселені шешумен, әртүрлі ғылыми-зерттеу міндеттерін рационалды шешу жолдарын іздеумен байланысты.

Зерттеу тапсырмаларын өңдеуде олардың классификациясы туралы білім қажет. Ю.Н.Кулюткин, В.А.Андреев, В.Г.Разумовскийдің еңбектерінде өңделген зерттеу тапсырмаларының классификациясын

келтіреді. Авторлар әртүрлі негіздері бойынша тапсырмалардың классификациясын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- 1) оқу материалының мазмұнының сипатына байланысты: эмпирикалық, теориялық, практикалық;
- 2) зерттеу тапсырмасында ұсынылатын талаптардың сипатына байланысты: тануға, құрастыруға, түсіндіруге және дәлелдеуге;
- 3) тапсырманы құрастырудың логикалық схемасына байланысты: индуктивті-логикалық схема, дедуктивті логикалық схема;
- 4) тапсырманы орындауда ғылыми танымның әдістерінің қандай тәсілдері басым болуына байланысты: логикалық, аналитикалық, эксперименталды, графикалық және т.б.;
- 5) тапсырманың орындау «мақсаты» мен «берілгеннің» өзара қатынасына байланысты: толық мәліметтермен, артық мәліметтермен, жеткіліксіз мәліметтермен;
- 6) тапсырманы орындауды ұйымдастыру формасына байланысты: жеке, топтық, фронтальды.

М.У.Пискуновтың көзқарасы бойынша, кез-келген ғылыми-зерттеу міндетін шешу келесі кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін:

- қазіргі жағдайдың диагностикасы;
- ситуацияны талдау;
- шешім қабылдау;
- түзету, шешімді жүзеге асыру.

Операциялы-әрекеттік компонент зерттеу құзыреттілігінің процессуалды мәнін бейнелейді. Студенттердің зерттеу құзыреттілігінің қозғаушы күші әртүрлі қарама-қайшылықтар болып табылады. Басым қарама-қайшылық деп ғылыми-зерттеу міндетін шешуге қажетті студенттің білім, білік, дағдысының, іс-әрекет тәсілдерінің, тұлғалық қасиеттері мен сапаларының деңгейі мен олардың шынайы жағдайының арасындағы қарама-қайшылықты есептеуге болады.

В.И.Андреев, В.И.Журавлев, В.И.Загвязинский, А.И.Кочетов, А.Я.Найн, П.Т.Приходько, В.И.Рузавин, М.Н.Скаткин, З.П.Шульганың еңбектерін зерттеу және талдау зерттеу құзыреттілігіне қатысты кезеңдерінің мазмұнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігінің ерекшелгі субъективті сипаттағы жаңаны «ашу» болып табылады. Бұл көптеген ғалымдардың зерттеулерінде сенімді түрде дәлелденген. Мысалы, Т.В.Кудрявцев шығармашылықтың екі түрін қарастырады: «өзіне арналған» шығармашылық және «басқалар үшін» шығармашылық. М.М.Поташник «Как развивать педагогическое творчество» атты еңбегінде зерттеу құзыреттілігіне көз жүгірте отырып, ол педагогтың шығармашылығы, педагогикалық ғылымда танымал бір жаңаны ашу, шығармашылық акт болып табылатынын көрсетеді.

Кез-келген жаңа білім бұрынғы біліммен, тәжірибемен байланысты. Сондықтан, біздің ойымызша, зерттеу құзыреттілігінің әрбір кезеңінде негізгі рөлді білім мен іскерліктің, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің өзектенуі алады.

Зерттеу іс-әрекеті үдерісінде студент-зерттеушінің тұлғалық сапалары мен қасиеттерінің қалыптасуы жүзеге асады. Е.И.Регирердің «Развитие способностей исследователя» еңбегінде көрсетілген «тұлғалық сапаларының» жеткілікті түрде анықталмау фактісі басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттеушінің әр түрлі сипаттамаларының болуын көрсетуге мүмкіндік береді. Әдетте, көпшілігі әуестік, танымдық, өзбеттілік, шығармашылық белсенділік, ғылыми қызметке қабілеттілік, жұмысқа қабілеттелікті көрсетеді.

Оқу және зерттеу іс-әрекеті үдерісінде студенттің әртүрлі тұлғалық сапаларын ескеру және дамыту қажеттігі С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, И.Г.Герасимов, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьмина, Р.А.Низамов, Е.И.Регирер, З.П.Шульга және т.б. авторлар еңбектерінде бірнеше рет атап көрсетілген.

Тұлғаның зерттеушілік қасиеттері мынадай түрлерге бөлінеді:

- мотивациялық тұлғаның ғылыми-зерттеу әрекетіне қатысын сипаттайды (зерттеу қызығушылығының қалыптасқандық деңгейі, бұл іс-әрекет түрінде жетістікке жету тілегі және ұмытылысы);
- операциялық – тұлғаның ғылыми-зерттеу әрекетінде қолданатын ақыл-ой тәсілдері мен операциялары;
- ұйымдастырушы – бұл ең алдымен студенттің ғылыми-зерттеу әрекетін өздігінен ұйымдастыру тәсілдерін қолдана алудың іскерлігі мен қабілеттері;
- коммуникативтік – студенттердің зерттеу іс-әрекеті үдерісінде ынтымақтастық тәсілдерін қолдану іскерліктері мен қабілеттерін сипаттайды.

Жеке тұлғалық сапалар студенттің неліктен зерттеу, іздену әрекетінде жетістікке жететіні немесе қиындықтарға кезігетінін түсіндіре алмайтыны белгілі. Олардың жиынтығын талдай отырып, қандай да бір жағдайдың белгілі бір себептерін анықтауға болады.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігін дамытуға қажетті әртүрлі тұлғалық сапалары мен қасиеттерін анықтай отырып, оның ғылыми сипаттағы белсенді іздену әрекетінің қажеттіліктері мен іскерліктерін анықтауға болады.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігі оқытушы тарапынан бақылау және өзін-өзі бақылау кері байланыстың қызмет ету жағдайын туғызады және бұл байланыс студенттің зерттеу құзыреттілігін реттеуді, оны ұйымдастыру формалары, әдістері мен тәсілдеріне өзгеріс енгізуді қамтамасыз етеді.

Ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу үдерісінде студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес шынайы білім мен іскерліктің деңгейінің көтерілуі, бұрыннан белгілі тәсілдерді жетілдіру және жаңамен толықтыру жүреді. Бұл

факт көптеген зерттеушілердің зерттеу құзыреттілігін дамыту барысында студенттердің шығармашылығының субъективті сипаты туралы көзқарасын тағы да дәлелдейді.

Сонымен, оқу әрекетінің және зерттеу құзыреттілігінің негізгі айырмашылығы мақсаттарға, пәнге және оларды жүзеге асыру нәтижесіне байланысты негізделеді.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігіне қатысты біздің көзқарасымызды нақтылау үшін бұл түсініктің «оқу әрекеті», «оқу шығармашылық әрекеті», «оқу-зерттеу іс-әрекеті» түсініктерімен сәйкестендіру және салыстыру арқылы жүргізілген талдаумен толықтыруға болады.

В.И.Андреевтің «Эвристика для творческого саморазвития» еңбегінде «оқу-шығармашылық әрекет» және «оқу-зерттеу іс-әрекеті» түсініктеріне терең талдау жасалған. Автордың талдауларынан мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Оқу-зерттеу әрекеті – педагогтың ұйымдастыруымен тікелей және жанама басқарудың басым дидактикалық тәсілдерін қолдану арқылы жүргізілген студенттердің іс-әрекеті және студенттердің бұл іс-әрекеті заңдылықтар мен қатынастарды түсіндіру мен дәлелдеуді, эксперименталды бақыланған немесе теориялық талданған фактілер, құбылыстар, үдерістерді іздестіруге бағытталған. Бұл іс-әрекетте танымның ғылыми әдістерін өзбетімен қолдану басым келеді, нәтижесінде студенттер білімді белсенді игереді, өздерінің зерттеу іскерліктері мен қабілеттерін дамытады.

2. «Оқу шығармашылық іс-әрекет» және «оқу-зерттеу іс-әрекеті» түсініктері жақын түсініктер және түрлі айырмашылықтар ретінде қарастырылуы мүмкін.

3. Бұл түсініктерді теңдестіру және қарама-қарсы қоюға болмайды, өйткені студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекеті үдерісінде шығармашылықтың элементтері міндетті түрде болады және әртүрлі логикалық, логикалық-эвристикалық, басымырақ эвристикалықта деңгейлерде болады.

Оқу-шығармашылық іс-әрекетке іс-әрекет өнімінің жеке маңыздылығы тән. Оны жүзеге асыру нәтижесінде психикалық жаңа құрылымдардың көрінуі жүреді.

Сонымен қорыта келе, студенттердің зерттеу әрекеті дегеніміз - құбылыстарды, үдерістерді түсіндіруге, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздеуге, танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену қызметі деп анықтама береміз.

Зерттеу әрекетінің мәні туралы қазіргі пікірлерді талдау әртүрлі аспектіде жүргізілуде. Әрекеттік-тұлғалық ыңғай тұрғысынан В.Г.Афанасьев, М.С.Кагана, Н.В.Кузмина, А.Н.Леонтьев және т.б. еңбектерінде өңделген іс-әрекеттің құрылымдық-қызметтік сипаттама тиімді болып табылады.


Әлбетте, педагогикалық іс-әрекеттің жоғарыда сипатталған ерекшеліктері студенттерді зерттеушілік құзыреттілігін дамыту кезеңдерінде және болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде жүзеге асатын педагогикалық шарттар кешенінде көрініс табуы тиіс. Біз шартты түрде келесі аспектілерді анықтадық:

1. Студенттерде ғылымға деген пәрменді қажеттілікті қалыптастыру мақсатында жағдай жасау.
2. Олардың инновациялық қызметтерге кәсіби дайындығы.
3. Оқу барысында зерттеу әрекетін ұйымдастыру және оның орындалуындағы жүйелілікті қамтамасыз ету.

Білім берудің күрделі де, көп деңгейлі жүйесі есебінде жеке тұлғаның зерттеу әрекетін дамыту үдерісінің заңдылықтарын оқып үйрену үшін, біз модельдеу теориясын пайдалану керек деп есептейміз. Ол бізге оның құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуға мүмкіндік береді. Ғылымда «модель» ұғымының бір-біріне ұқсас бірнеше анықтамасы бар. В.В.Краевский модельді ішкі, мәнді қатынастар мен өзара байланыстарды бейнелейтін және белгілі бір нақты құрылымды түзетін элементтердің дәл белгіленген байланысы деп анықтайды.

Студенттерді оқытудың біртұтас педагогикалық үдерісін модельдеудің теориялық салаларын қарастыра отырып, біз өз жұмысымызда педагогикалық зерттеулерге қатысты «модель» ұғымына былайша анықтама береміз: *қандай да болмасын құбылысты нақты және дәйекті талдау үшін оның мазмұны мен мәнін сақтай отырып, ықшамдау керек. Мұндай құбылысты ықшамдап көрсетуді ғылымда, техникада, басқару саласында модель деп атайды. Біздің пайымдауымызша, моделдеу дегенді зерттеушінің меңгеруіне қолайлы түрде жинақтап қорытындыланған, дерексіз - қонымды бейнені жасау үдерісі деп түсіну керек. «Модель» және «модельдеу» ұғымдарына жасаған талдау бізге педагогикалық зерттеулерге тиімді болатындай анықтама беруге негіз болды.*

Студенттердің зерттеу құзыретін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау олардың даярлық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Модельдің мазмұндық сипаты оқу үдерісінің мазмұндық сипатын анықтауға көмектеседі. Біз зерттеулеріміздің барысында тұтас педагогикалық үдерістегі студенттердің зерттеу құзыретін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрып, оның белгілері мен жүргізу технологиясының ерекшеліктерін анықтауға тырыстық. (Сурет-1)



1 – сурет. Студенттің зерттеушілік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Жоғары оқу орны студентінің зерттеушілік құзыреттілігінің дамуы студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерінің дамуымен анықталды және келесі факторлармен түсіндіріледі: болашақ мамандығының шығармашылық табиғаты және оның салдары қазіргі мамандарға қойылатын талаптардың жоғарылауы; білім берудегі ақпараттану үдерісі және студенттің шығармашылық индивидуалдылығы және зерттеу мәдениетінің қарқынды дамуы үшін мүмкіндік туғызатын көпдеңгейлі жоғары білім жүйесінде студенттерді оқыту мазмұны және ұйымдастырылуы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» // Егемен Қазақстан.
2. 2007, 15-тамыз.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 318 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік / аударған А.Егеубаев. – Алматы, 1986. – 52б.
5. Лукашенко С.Н. Развивающее обучение в условиях многоуровневого
6. образования / Н.Л. Кузнецова, С.Н. Лукашенко // Сборник научных материалов окружной научно-практической конференции « VI Знаменские чтения » / под ред. В.Н. Малиновской. В 2 ч. Часть 1. - Сургут: РИО Сур-ГПУ, 2007. С. 130-132 (авторских- 1,5 с).

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Тайболдина Қ.Р.

*математика және МОӘ кафедрасының
аға оқытушысы*

Тасқали Ә.

Төлеубай А.

*Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Семей қ.*

Кілттік сөздер: Этнопедагогика, математика, ұлттық есептер, теңдеу.

Аннотация

В данной статье рассмотрены методы решения задач с национальным содержанием по предмету математика.

Annotation

Solution methods of mathematical problem with national contents are considered in this article.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған үндеуінде «мемлекетке қажетті барлық басты ерекшеліктердің ішінде білімге зор мән беріледі. Себебі білім беру ұлттық қауіпсіздіктің кепілі болып саналады» дейді. [1]

Халықтық педагогиканың математика пәнінің есептері мынандай түрлерге бөлінеді:

- мақал-мәтелдер; жұмбақтар; ойлан тап отауы; халық есептері; ертегі есептер; санамақтар; жаңылтпаштар; математикалық сиқырлар; тоғыз құмалақ ойыны; [2]

Математика пәніне қызығушылықты арттырудың негізгі жолдарының бірі – ұлттық мазмұнды есептерді шығару. Ұлттық мазмұнды есептерді шығару - бұл адамның ойлау қабілетін дамытып, логикасын жетілдіріп, тез ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеп, халқының өміріне көз жүгіртеді.

Ұлттық мазмұнды логикалық есептерді шығару үшін:

• Есептің шартымен танысып, оны элементар шарттарға ажыратып, қандай талаптар қойылғанын анықтап есепке толық талдау жасау керек;

- Берілген есепті схема түрінде жазу;
- Есепті шығару тәсілін іздеу;
- Табылған тәсіл бойынша есепті шығару;
- Есептің нәтижесін тексеру;
- Есепті зерттеу;
- Есептің жауабын тұжырымдау. [3]

1-есеп

7 домбыра мен 2 қобыз 1552 теңге тұрады. Домбыра қобыздан 34 теңгеге қымбат. Қобыз қанша тұрады?

Шешуі:

1-тәсіл.

1) Екі қобыздың орнына 2 домбыра алса, тағы қанша төлейді? $34 \cdot 2 = 68$ теңге.

2) барлығы неше домбыра алар еді? $7 + 2 = 9$ домбыра.

3) 9 домбыраға қанша төлеу керек? $1552 + 68 = 1620$ теңге.

4) бір домбыра қанша тұрады? $1620:9=146$ теңге

2-тәсіл

1) кілең қобыз алса, 7 домбыраның құнынан қанша ақша қайту керек? $34 \cdot 7=238$ теңге

2) қобыздарға қанша ақша жұмсау керек еді? $1552-238=1314$ теңге

3) неше қобыз алыншы еді? $7+2=9$ қобыз.

4) бір қобыз қанша тұрады? $1314:9=146$ теңге.

Ұлттық мазмұнды есептерді теңдеу құру арқылы шығару алгоритмі:

Теңдеу құру арқылы берілген есептерді шығару үшін:

- Белгісіз шамаларды анықтау.
- Теңдеу құру;
- Теңдеуді шешу;
- Теңдеудің шешімдерін зерттеу.
- Есепті тексеру;
- Есептің толық жауабын жазу, шарттарын орындау қажет.

2-есеп. Аяқтары 94, басы 35, балапан мен көжектер санын тап.

1) есептің мәтінін түсіну, балапанда - 2 аяқ, көжекте - 4 аяқ.

2) теңдеу құру: балапан саны - x , көжек саны - y , балапанда 2 аяқ - $2x$, көжекте 4 аяқ - $4x$.

Сонда
$$\begin{cases} x + y = 35 \\ 2x + 4y = 94 \end{cases}$$
 теңдеулер жүйесін аламыз.

3) теңдеулер жүйесін шешу.

$$\begin{cases} x + y = 35 \\ 2x + 4y = 94 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 35 - y \\ 2 \cdot (35 - y) + 4y = 94 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 35 - y \\ y = 24 \div 2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 35 - 2 = 23 \\ y = 12 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 23 \\ y = 12. \end{cases}$$

4) теңдеудің шешімдерін зерттеу:

балапан - 23

көжек - 12

бастарының саны $23 + 12 = 35$

аяқтарының саны $2 \cdot 23 + 4 \cdot 12 = 46 + 48 = 94$

5) Есептің жауабы: 23 балапан, 12 көжек.

3-есеп.

Шекпен киген кедей мен Қарқаралы хан

- Мейірімді алдияр! Өз бағыңыздан бір алма алуға рұхсат етіңіз, - деді кедей. Хан алуға рұхсат етті.

Кедей баққа келсе, бақ үш рет қоршауға алынған екен. Әрбір қоршау қақпасында жасауыл тұр.

Кедей бірінші жасауылға келіп:

- Хан маған бір алма алуға мейірімділік жасады, - деді.

- Ал, бірақ шығарда алған алмаңның тең жартысын, және бір алма бересің, - деді жасауыл.

- Қақпадағы екінші және үшінші жасауылда оған осылай деді. Жасауылдарға сұраған алмаларын

беру үшін, кедей бақтан неше алма алуы керек?

Шешуі: Бірінші қақпадан шығарда жасауылға барлық алманың жартысын және бір алма беруі керек.

Ал өзінде бір алма қалуы тиіс. Осы жердегі

2 және 1 алма - жасауылға беретін алма. Демек, кедейдің бірінші қақпадан шығар алдында 4 алмасы болуы керек. Екінші қақпадан шығарда кедей жасауылға барлық алманың жартысын және бір алма беруі керек. Бұрынғы 4 алма мен жасауылға берілетін бір алма бес алма құрайды. Демек, екінші қақпадан шығарда кедейдің 10 алмасы болуы керек.

Осы сияқты талқылап, үшінші қақпа алдында 22 алмасы болуы керек екендігін табамыз.

Есепті теңдеу құрып та шығаруға болады. Мұнда x деп кедейдің жұлып алатын алмасының саны десек,

$$\frac{x}{8} - \frac{7}{4} = 1 \text{ теңдеуіне келеді. Мұнан } x = 22.$$

4-есеп

Қызықты, әрі тосын жағдайлар.

Біз кейде теңдеулерді шешу кезінде тәжірибесі аз математикті тұйыққа әкеп тірейтін жауапқа кезігеміз.

Бірнеше мысал келтірейік.

1. Төмендегідей қасиеттері бар екі таңбалы санды табыңдар.

Ондық цифры бірлік цифрынан 4-ке кем. Егер сол цифрлармен, бірақ керісінше жазылған саннан ізделінді санды шегерсе, онда 27 шығады.

Ондықтар цифрын x арқылы, ал бірліктер цифрын y арқылы белгілеп, бұл есеп үшін мына теңдеулер системасын оп-онай құрамыз:

$$\begin{cases} x = y - 4 \\ (10y + x) - (10x + y) = 27 \end{cases}$$

x -тің бірінші теңдеудегі мәнін оның екінші теңдеудегі орнына қойып, мынаны табамыз: $(10y + y - 4) - (10(y - 4) + y) = 27$, осыны түрлендіргенімізде мынау шығады: $36 = 27$.

Белгісіздердің мәндері анықталмағанымен, оның есесіне біз $36 = 27 \dots$ болатынын білдік. Бұл не деген сөз?

Бұл — есепте қойылған шартты қанағаттандыратын екі таңбалы сан жоқ және құрылған теңдеулер бір-біріне қайшы — деген сөз.

Шынында да: бірінші теңдеудің екі жағын 9-ға көбейтіп, одан біз мынаны табамыз: $9y - 9x = 36$, ал екінші теңдеуден (жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерді біріктіргеннен соң) мынау шығады: $9y - 9x = 27$.

Бір ғана $9y - 9x$ шамасы бірінші теңдеу бойынша 36-ға тең, ал екіншісі бойынша 27-ге тең. Бұлай болуы мүмкін емес, себебі $36 \neq 27$.

Төмендегі теңдеулер системасын шешкенде де осындай қателік кездеседі:

$$\begin{cases} x^2 y^2 = 8 \\ xy = 4 \end{cases}$$

$$\begin{cases} xy = 4 \\ xy = 2 \end{cases}$$

Бірінші теңдеуді екіншіге бөліп, мынаны табамыз: $xy = 2$, осы теңдеуді екінші теңдеумен салыстырсақ, мынаны байқаймыз:

$$\begin{cases} xy = 4, \\ xy = 2, \end{cases}$$

$$\begin{cases} xy = 4, \\ xy = 2, \end{cases}$$

яғни $4 = 2$. Бұл теңдеулер системасын қанағаттандыратын сан жоқ. (Осы қарастырылып өткен теңдеулер системасы үйлесімсіз деп аталады.)

II. Егер алдыңғы есептің шартын біраз өзгертсек, біз басқа түрдегі тосын жағдайға тап боламыз.

Атап айтқанда, ондық цифр бірлік цифрдан 4-ке емес, 3-ке кем деп есептейміз, ал есептің өзге шартын бұрынғысынша қалдырамыз. Бұл қандай сан?

Теңдеу құрамыз. Егер ондық цифрды x арқылы белгілесек, онда бірлік цифр $x + 3$ өрнегі арқылы өрнектеледі. Есепті алгебра тіліне аударып, мына теңдеуді шығарып аламыз:

$$10(x + 3) + x - [10x + (x + 3)] = 27.$$

Енді ықшамдасақ, мына теңдік шығады:

$$27 = 27.$$

Бұл теңдік сөзсіз тура, бірақ ол x -тің мәні туралы ештеңе білдірмейді. Бұл есептің талабын қанағаттандыратын сан жоқ деген сөз бе?

Керісінше, бұл біз құрастырған теңдеудің теңбе-теңдік екенін білдіреді, яғни ол теңдеу x белгісіздің кез келген мәнінде тура. Шынында, бірлік цифры ондық цифрынан 3-ке артық болатын кез келген екі таңбалы санның осы есепте көрсетілгендей қасиеті бар екеніне оп-оңай көз жеткізуге болады.

$$14 + 27 = 41, \quad 47 + 27 = 74,$$

$$25 + 27 = 52, \quad 58 + 27 = 85,$$

$$36 + 27 = 63, \quad 69 + 27 = 96.$$

Ғасырлар бойы даналығымен, өміршендігімен дәлелденген халықтық есептер үлгілері - тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Қанша уақыт өтсе де маңызын жоймаған халықтың ұлттық мұрасын тәлім-тәрбиенің түп қазығына айналдыру – біздің де асыл борышымыз. Сондықтан халқымыздың ауыз әдебиетінде, ертегілерде, шешендік тапқыр сөздерінде, салт-дәстүрінде оқушылардың ақыл-ой зердесін тәрбиелеуде ұлттық мазмұнды есептер шығарудың маңызы зор.

Қорытындылай келе, осындай есептерді шығара отырып біз өз еліміздің тарихын терең меңгеріп, салт-дәстүрді сақтай білетін ұрпақ тәрбиелейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә, Қазақстан — 2030, — Алматы: Білім, 1997ж. — 66-б.
2. Кусанова Д. Д «Математика пәнін казактың кара есептерін , ұлттық салт дәстүрінқолдана отырып оқыту», Талдықорған - 2006 ж.
3. Момынқұлов З. «Ұлттық мазмұнды логикалық есептерді шешу жолдары есептер жинағы» ғылыми жоба, Алматы – 2014 ж.

МАТЕМАТИКА ҰШТАҒАНЫН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДА ҚОЛДАНУ

Жолымбаев О.М.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университетінің доценті*

Токбаева А. Е.

Төлеубай А. М.

Тасқали Ә. Ж.

ШҚО, Аягуз қаласы, №4 мектеп

Кілттік сөздер: математика, музыка, тіл, этнопедагогика

Аннотация

В данной статье рассмотрены методы использования математики в гуманитарных науках.

Annotation


Methods of using math in the humaties are considered in this article.

Алғашқы қауымдық синкретизм теориясы Еуропа ғалымдарын ертеден толғандырып келеді. Үш сала арасындағы байланыс түрлеріне бағдарлап қарайтын болсақ, олардың ұзын саны он екіге жетеді:

- ырғақ; вариация; бейнелену; пропорция; кезектестік; параллельдік; қарама-қарсылық; реттілік; қайталау; салыстыру дәрежесі; тепе-теңдік; құрылым.


Математика – ғылым, музыка – өнер түрі болса, тіл – белгілі бір этностың өзара түрлі қоғамдық өмір саласында қарым-қатынас жасау құралы.

Осыны қарапайым кестемен көрсетер болсақ төмендегідей болып келеді. [1]



1-сурет

Бұл кесте арқылы біздің айтпағымыз ол кездегі бабаларымыз өздерінің қарапайым ғылыми түсініктерін: сауықтық, танымдық және ғұрыптық синкретизм негізінде кейінгі ұрпағына аманаттап отырған. Сауықтық түрінен кейін – музыка мен қалыптанған әдеби тілге негізделген ауыз әдебиеті бөлініп шықса, танымдық түрінен – қазақтың жаппай математикалық сауаттылыққа дейінгі – ұлттық математикалық фольклоры мен 12 жылға негізделген мүшелдік жыл қайыруы жеке отау тігіп шығады. Ғұрыптық түрден – бақсының асатаяғы мен қасиетті қара қобыз және санға байланысты ырымдар мен тыйымдар пайда болып, ұлттық жадыда генетикалық жолмен кодтанды. Енді осыны кесте түрінде берелік.



2-сурет

Параллелизм

Параллелизм Махамбеттің отты жырларында:

Біз бір енеден бір едік,

Бір енеден екі едік.

Екеуміз жүргенде,

Бір-бірімізге ес едік.

Бір енеден үш едік,

Үшеуіміз жүргенде,

Толып жатқан күш едік,

Бір енеден бес едік,

Бесеуіміз жүргенде,

Алашқа болман деуші едік.

Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа мінгенде,

Жер қайысқан қол едік[2, II, 187]-

деп, санға акцент түсіре қолданады. Бұл – қазақ балалар фольклорындағы санамақтарда жиі ұшырасатын әдеби-сандық құбылыс. Егер осы құрылымды нақты мазмұнмен байықтырсақ, нақты (шынайы немесе жалған) математикалық тіркес туады.

Қарама-қарсылық

Біздің басында сөз еткен ұштағанымыздың (математика, тіл және музыканың) басын бір жерге қосатын ерек құбылыс – бұл қарама-қарсылықтың аталған ғылым салалары үшін ортақтығы мен жекелігі. Біз оның тек алғашқысын өзіміздің зерттеу объектіміздің нысаны етіп алып отырмыз.

Қазақ әдебиетінің абызы – Асан Қайғы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ –

Құлан қайтіп күн көрер?!

Аяғы жоқ, қолы жоқ –

Жылан қайтіп күн көрер, - [2, II, 300]

десе. Мәшһүр-Жүсіптің мына өлеңінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тұрмысының күнделікті өміріндегі қарама-қарсылығын «Мәшһүрдің өлер шағындағы сөзінде»:

Өлмегенге – бір дәурен кезек тимек,

Пенде асығып, аптығып, пісіп күймек.

Ұрған Құдай пендесін қан қақсатып,

Құшырланып, құшақтап аяп сүймек.

Мәңгі-бақи бұл дүние тұрмақ емес,

Қалжыратып шаршатты күнде – Кеңес.

Өлмеген құл көреді, асықпандар,

Бұл «Кеңес» те таусылып, болар көрмес...

Жұрт көрді – Құдай ісі оңайлығын,

Қысы-жазы тығын жоқ, күнде шығын.

Пенде асығып, жеткенше тарығады,

Құдай өзі көрсетпек – Құдайлығын! [3, II, 81] –

деп, өзінің сол кездегі жалпы ел қабылдаған коммунистік тұрмысқа қарсы шығып, «Бүгінгіні» жазғырып, «Келешекті» қоштайды. Бұл екі өлең үзгінен көреріміз: құйрық пен жалдың бары мен жоғы

арасындағы; аяқ-қолдың бары мен жоғы арасындағы; Бүгін мен Келешек арасындағы қарама-қарсылықтар болып табылады.

Дәл осындай қарама-қарсылық музыкалық туындылар арасында бар ма?

Қазақ халық өлеңдері не жыр, не қара өлең үлгісіне салып айтылады. Алғашқысы – 7-8 буындық болса, соңғысы – 11-12 буынды болып келеді. Әрі екеуінің бунақ санына орай айтылу мәнері әр қилы, демек бір-біріне қарама-қарсы.

Үшінші сыныпқа арналған музыка пәнінен мектепке арналған оқулықтың 94-ші бетіндегі «Ана тілін сүйеміз» әннің сөзін келтіре кетелік.

...Бабамыздың тілі деп,
Даламыздың үні деп,
Ана тілін,
Ана тілін,
Ана тілін сүйеміз.

Ондағы буын саны төмендегідей болып келеді: 7, 7, 4, 4, 7. Осы әннің ырғақтық суреті төмендегідей болып келеді:



Біз осы арқылы ән жолдарындағы бунақтардың ұзын және шолақтығын (келтелігін) аңғара аламыз. Белгілі математикалық сандық өлшемге бағынатын музыкалық ән шығару үрдісінен жақсы хабардар етеді.

Біз мысалға алған «Ана тілін сүйеміз» әніндегідей дұрыс және бұрыс ырғақтардың математикада кездесетіндігін сөз етелік.

Енді осы кестеде жасырынған ырғақтарды іздестіріп көрелік.

Біз тізбектеген сандардан екі ерекшелікті аңғарамыз.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	Көлденең жолдардың бірінші цифр-
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	лары өзара дәл келетін болса, тіке жол-
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	дардың екінші цифрлары өзара сәйкеседі.
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	Жоғарыда берілген кестеде жасыр-
51	52	53	54	55	56	57	58	59	60	ынған заңдылықты аңғару оңай емес. Бұл
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	кестелер өздігінен пифогордың квадрат-
71	72	73	74	75	76	77	78	79	80	ын танытатын барша сандар ұшырасады.
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	2,3,4,5,6 және 7-нің еселіктері кездеседі.
91	92	93	94	95	96	97	98	99	100	

Ең алдымен кестені тереңдей байқауға жігі назар бөліп, еселік сандардың кейбірі қандай ырғақтық қасиетке ие екендігін анықтауға көшелік. Мысалға, нольден бастап, әр жолы бір бірліктен арттырып отырар болсақ, онда барлық санды 3-ке еселеп отырамыз. Онда мынандай нәтижеге қол жеткіземіз: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және т.с.с. (еске салмағымыз: 0 3-ке еселік болып табылады).

Қайталау

Әжей базарға өзінің жұмыртқасын сатуға алып келді. Бірінші алушыға ол өзінің әкелгенінің тең жарымы мен жарты жұмыртқасын сатты. Екінші алушыға – қалған жұмыртқаның тең жарымы мен жарты жұмыртқаны, ал үшіншіге – қалған жұмыртқаның тең жарымы мен жарты жұмыртқаны сатқан кезде әжейде бар болғаны 2 жұмыртқа ғана қалды. Сонда әжей базарға қанша жұмыртқа әкелген еді?

Шешуі:

Әу баста әжейдің сатуға әкелгені 23 жұмыртқа болатын. Бұл есепті төмендегідей жолмен шешеміз.

Үшінші сатып алушы келгенде әжейде 5 жұмыртқа қалған болатын. Яғни $2\frac{1}{2}$ жұмыртқа. Бұдан ұғынатынымыз екінші сатып алушы келгенде $2 \cdot \left(5 + \frac{1}{2}\right) = 11$ жұмыртқа болған еді. Ал бірінші келген кезде

$2 \cdot \left(11 + \frac{1}{2}\right) = 23$ жұмыртқа.

Есептің шарты бойынша бірінші алушы әкелгенінің тең жарымы мен жарты жұмыртқа алды, яғни

$\frac{23}{2} + \frac{1}{2} = 12$ жұмыртқа. Сонымен, әжейдің қолында әлі сатылмаған 11 жұмыртқасы қалды. Ал екінші сатып

алушы қалған жарымы мен жарты жұмыртқаны алды, яғни $\frac{11}{2} + \frac{1}{2} = 6$. Осылайша, әжейдің қолында 5

жұмыртқа қалды. Соңғы сатып алушы $\frac{5}{2} + \frac{1}{2} = 3$ сатып алғанда әжеміздің қолында 2 жұмыртқа қалатын

болады.

Сонымен, осындай есептерді шығара отырып біз өз еліміздің тарихын терең меңгеріп, салт-дәстүрді сақтай білетін ұрпақ тәрбиелейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Варга., Димень Ю., Лопариц Э. Язык, музыка, математика: пер. С венгр. / Перевод Данилова Ю.А. – М.: Мир, 1981. – 248 с.
2. «Бес ғасыр жырлайды» М. Өтемісұлы: «Жазушы» 1989 ж., 187 б.
3. М. Көпейұлы, Шығармалары -2 том. Павлодар. қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003 ж. 81 б.

ПРИМЕНЕНИЕ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Ж.М. Култанова

А.Нуржаубай

*Карагандинский государственный
университет им. Е.А.Букетова
г.Караганды*

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, средства массовой информации, межкультурная коммуникация, коммуникативная компетентность, информационная насыщенность, обсуждение газетных материалов, социальная компетентность и критическое мышление.

Аңдатпа

Мақалада газеттік мақаланы орта оқу орындарындағы ағылшын тілі сабақтарында және газеттің мәтінімен жұмыс кезеңдеріндегі қолдану әдістеріне арналған. Мақалада ағылшын тілі сабақтарында БАҚ қолдану сұрақтары көрсетілген. Газеттік мақала және аутентикалық мәтіндердің көмегімен айқындалған оқушылар ағылшын тілін толығырақ және көлемдірек үйрене алады.

Annotation

The article is devoted to methods of using a newspaper article at English lessons in secondary schools and at stages of work with newspaper texts. The questions the Mass Media usage are displayed at English lessons. By the helping of newspaper articles and authentic texts students can study the language more fully and more voluminous.

Английский язык, как язык международного общения предполагает включение разнообразной тематики для диалога с миром: культура, литература, искусство, политика, образование, окружающая среда, средства массовой информации и т.д. Почему же так важна коммуникативная компетентность? Да, потому что в современном быстро меняющемся мире для овладения английским языком необходимо также обладать и навыком ориентации в языковых ситуациях, способностью принимать решения самостоятельно при встрече с новыми языковыми реалиями. И урок английского языка- это перекресток культур, практика межкультурной коммуникации. Современный учитель в условиях многообразия учебных программ, пособий, учебников часто оказывается в трудной ситуации при подготовке к конкретному уроку. Какую выбрать форму урока, чтобы увеличить его эффективность, чтобы создать условия для самореализации личности, чтобы представить возможность использовать языковые знания, чтобы обеспечить максимальное включение учащихся в процесс обучения.

Использование СМИ в изучении английского языка становится все более популярным в образовании как разнообразный источник информации и самовыражения путем создания собственного контента. Дальнейшие исследования созданного СМИ непрерывного потока живой информации убеждают нас в том, что его существование служит для жизни человека в современной действительности. Тогда почему бы и нам не использовать этот поток информации в классе, где ученики проводят столь много времени? [1]. Современные газеты предоставляют материал в виде печатной продукции и цифровой версии с использованием текста, изображения, графики, анимации и видео, что создает насыщенную и захватывающую среду для обучения,

столь необходимую для повышения эффективности урока английского языка. Прежде всего, важно продумать возможности интеграции работы со СМИ в школьный курс обучения языку. Газеты информируют читателей о реально происходящих событиях и созвучны многим темам школьных учебников, однако, довольно сложно подобрать материалы, которые будут полезны в процессе обучения с учетом ограниченного времени, возрастных особенностей учеников и их уровня владения английским языком. Следует учитывать объем статей, их информационную насыщенность, тематику и содержание, сложность понимания слога, которым они написаны и много других факторов. От учителя требуется высокая самоотдача и заинтересованность во время разработки заданий, удовлетворяющих лингвистическим и мыслительным запросам учеников. Эффективны задания, связанные с заглавиями, содержанием статей, заполнением пропущенной информации, рекламой, обменом новостями, обсуждением фотографий, проведением пресс-конференций или интервью, прогнозированием событий, составлением гороскопов, написанием колонки советов, репортажа с места событий, телепрограммы, прогноза погоды, ребусов и кроссвордов и другие предложенные Полом Сандерсоном в книге «Использование газет в классе» [2]. Они развивают навыки понимания текста, карт, схем и диаграмм; поощряют использовать сложные грамматические конструкции в устной и письменной речи. Ученики могут читать статьи, делать переводы, анализировать использованные журналистами языковые средства: неологизмы, заимствования, газетные клише, сленговые выражения и лаконичность заглавий.

Обсуждение газетных материалов в классе вовлекает учеников в аргументированные дискуссии и вдохновляет на самостоятельное изучение затронутых тем и дополнительное чтение. После систематической работы с прессой старшеклассники приобретают навыки детального анализа газетных статей, определяют тип, тематику, тему, стиль статьи, оценивают качество подачи материала, комментируют наличие фактов, цитат и аргументов. Они делают собственные выводы исходя из содержания статьи, оценивают эффективность выбранного формата и структуры, понимают причины использования определенных лексических и синтаксических средств, видят эффект использования графических средств и фотографий и прочее. На примере печатной и цифровой версии газет ученики также могут провести сравнительный анализ газет разных стран на уровне контента и дизайна и определить различия между таблоидами и серьезной прессой.

Более сложным этапом работы со СМИ является написание статей. Для успешного выполнения этого задания ученикам нужно помочь разобраться в разнице между типами статей (передовица, репортаж, анонс, газетные расследования, реклама и др.), научить собирать и непредвзято представлять информацию в формате газетной статьи посредством изложения полемических точек зрения. Опыт самостоятельного написания статьи дает возможность детям проявить их творческий литературный потенциал, повышает желание делиться мыслями и идеями на английском языке, развивает навыки социальной компетентности и критического мышления.

Издание школьных газет, как заключительный этап работы со СМИ на уроках английского языка, предполагает живой опыт использования языковых ситуаций. Редколлегия распределяют обязанности и задания: определение тем интересным читателям, подбор информации, проведение интервью и соцопросов, редактирование материалов, дизайн газеты, работа с программой Microsoft Publisher, фотосъемка, печать. Класс становится многомерным пространством: ученики имеют дело с поиском информации в электронном и реальном мире. Рабочий процесс укрепляет дружеские отношения со сверстниками и повышает интерес к школьным событиям. Дети работают как в команде, так и самостоятельно, разрабатывают общую стратегию, учатся решать проблемы самостоятельно и строить профессиональные отношения. Учитель перестает быть в глазах учеников единственным источником получения знаний, он становится помощником в изучении нового, умеющим направить и поддержать их в процессе конструирования знаний, а учеба становится социальной деятельностью.

Проектная работа по изданию школьных газет в активной личностно-ориентированной учебной среде повышает уровень междисциплинарных знаний и помогает ученикам развить технические и исследовательские навыки, которые невозможно применить, просто читая учебник. Ученики достигают ключевой цели изучения языка, свободно его использовать. К примеру, для них становится очевидным, что не только использование интернет-ресурсов помогает в изучении английского языка, но и изучение языка помогает свободно пользоваться возможностями интернета. Весь процесс интеграции СМИ в школьную программу созвучен мнению Роберта Хатчинсона: «Следует помнить, что целью образования является не заполнить сознание ученика фактами, а обучить его мыслить, и, если это возможно, то думать самостоятельно» [3]. От современных учеников ожидают умения концептуализировать идеи, работать совместно с командой единомышленников, решать проблемы и действовать, и это становится возможным при эффективном внедрении СМИ в обучение. Учитель получает большую маневренность на уроках, а ученики – возможность изучать язык с помощью привлекательных для них средств.

Использование средств массовой информации на уроках иностранного языка также предоставляют учителю неограниченные возможности для создания новаторских подходов к школьной программе. Работа с прессой формирует интерес к чтению, предполагает разнообразие заданий, обновление информации учебника, обучение пониманию современного стиля представления информации в СМИ, и одновременно помогает учащимся достичь свободного и грамотного владения языком. Преимущества использования медиаресурсов на уроке очевидны, но существует и ряд задач, требующих решения. Среди них стоит выделить такие, как необходимость сочетать информацию из медиаисточников с материалом школьной программы, изменение привычки изучать язык исключительно при помощи учебников на активное использование газет и новостных

сайтов, а также создание личностно-ориентированной учебной среды.

Список литературы:

1. Полимерова В.К. Подготовка учащихся 6 класса к работе с газетой// Иностранные языки в школе.- 2003.- № 3. — С. 54-58.
2. ПолСандерсон Using Newspapers in the Classroom/Paul Sanderson. Cambridge. Cambridge University Press.-1999.-275с.
3. РобертХатчинсон The University Utopia/Robert Hutchins Chicago: University of Chicago Press.-2010.-103с.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Умбетова Г.М.

Халикова Б.Т.

*Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық
университетінің аға оқытушылары
Орал қ.*

Кілттік сөздер: Дарынды балала, шығармашылық, интеллект.

Аннотация

В этой статье рассматривается проблема обучения и воспитания интеллектуально одаренных детей. А также приведены программы и методики по обучения и воспитания одаренных детей.

Annotation

In this article the training and education problem is considered is intellectual exceptional children. And also programs and techniques on training and education of exceptional children are resulted.

Еліміздегі әлеуметтік саяси өзгерістерге байланысты білім беру мекемелерінде өскелең ұрпақтың бойында рухани адамгершілік, біліктілік, маңызды қабілеттерді қалыптастыру мақсатында жұмыстар ұйымдастырудың қажеттілігі туып отыр. Болашақта ел тұтқасын ұстар білімді де, іскер де, тәрбиелі өнегелі ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар тобы. Сондықтан қоғам талабына сай қоғамды көркейтетін, дамытатын жастарды тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында "Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту" сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [1]. Дарынды балаларға білім беруді ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Жасөркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты дер кезінде танып, оның әрі қарай дамуына дұрыс бағыт-бағдар бере білу ерекше іс болып табылады. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу- ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып табылады. Осыған орай, егемендікке қолы жеткен елді өркендететін жас мемлекеттің саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына үлес қосатын бүгінгі мектеп оқушысын, ертеңгі қайраткерлердің интеллектуалды дарындылығын қалыптастырудың маңызы зор. Дарынды балаларды оқыту мен білім беру мәселесі бойынша оқыту үрдісінде баланың жоғары қабілеттілігі әрдайым жағымды көрініс бермейтінін атап көрсетуге болады. Көптеген психологтар мен педагогтар «табыссыз» бала жағдайы дарынды балалардың арасында жиі кездесетінін бейнелейді. Дарынды балалардың арасында жүйке жүйесінің қысымы жоғары балалар жиі кездеседі. Бір жағынан, дарынды балалардың танымдық үрдісінің және мүмкіндігінің энергетикалық босануын қамтамасыз етсе, екінші жағынан оның негізінде ұстамсыздық, күйзелшендік, тез қозғыштық жатыр. Ол өз кезегінде стрестік жағдайға жоғары эмоционалды, жүйкелік және соматикалық бұзылыстарға, құлықтық ауытқушылықтарға алып келеді. Бұндай жағдайларда дарынды балалар әлеуметтену және бейімделуде қиындықтарды сезініп, ол жоғары жүйкелік қысымдылыққа алып келіп, бейімделе алмаушылыққа тап болады. Сондықтан кейде дарынды балаларды қиын балалар тобына жатқызады. Дарындылық бұл- біріншіден жеке тұлғалық ерекшелік. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Өкінішке орай, дарынды баланы анықтау, дамыту, оған қолдау көрсету қазіргі уақытта білім жүйесіндегі қолға алынып жатқан өзекті мәселе екеніне қарамастан еліміздегі жоғары оқу орындары осындай категориялы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау мәселелерін нақты, әрі мақсатты қарастырмаған. Мектепте мұғалімдер мен психологтардың дарынды оқушылармен жұмыс істеу тәжірибелері жеткіліксіз. Дарынды оқушыны анықтау, дамыту және оқытуға арналған ғылыми әдістемелік оқулықтар тапшы. Сондықтан әрбір мұғалім өзінің жинақтаған және семинарларда алған тәжірибесі деңгейінде ғана оқушымен жұмыс жасайды. Ал бұл дарындылық мәселесін шешуге қиындықтар

туғызады. Дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби бейнесі мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа жоғары талап қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады. Мұғалімнің дарынды оқушымен жұмысқа дайындығының қалыптасуының мәселесі арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ал қазіргі жағдайда республиканың әлеуметтік экономикалық дамуы үшін интеллектуалды әлеуметті арттыру аса қажет. Сондықтан мұғалімдер арнайы курстар арқылы және өзін-өзі жетілдіру арқылы, әріптестерімен тәжірибе алмасу арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейін жоғарлатуы тиіс.

А.М. Матюшкин педагог-психологтың дарынды балалармен жұмыс бағдарламасын былайша ұсынады және бұл аталған бағдарлама психологқа дарынды балалармен барлық даму кезеңінде жұмыстануға көмектеседі[2].

1. Дарынды балалардың жанұяда дамуы.

Мақсаты: Балалардың шығармашылық потенциалды мүмкіндігін дамыту мен стимулдау үшін ата-аналар мен тәрбиешілерді психологиялық әзірлікпен қамтамасыз ету.

Жүзеге асуы: ата-аналарға дарынды балалар жөнінде ақпаратты радио бағдарламаларда, теледидарларда, баспада үнемі шығарып отыру.

2. Мектепке дейінгі дарынды балалардың дамуы.

Мақсаты: Дарынды балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсетіп, дарындылықты анықтауға психологиялық әзірлікпен қамтамасыз ету.

Жүзеге асуы: Мектепке дейінгі мекемелерде шығармашылық ойындармен және кітаптармен, ақпараттармен қамтамасыз етіп, баланың ізденушілік қызығушылығын арттыру. Балабақшадағы баланың барлық шығармашылық потенциалын анықтауға әдістеме жасап және арнайы қабілетті анықтап оны дамытатын жұмыстар жүргізу. Дарынды және талантты балалармен жұмыс бағдарламасын жасау.

3. Бастауыш мектептегі дарынды балаларды дамыту.

Мақсаты: Дарынды балалармен жұмыстануға бастауыш сынып мұғалімдерін психологиялық даярлықпен қамтамасыз ету.

Жүзеге асуы: мектепке қабылдау барысында тек мектепке дайындығын анықтау ғана емес, сонымен қатар, оның шығармашылық мүмкіндігін, тұлғалық ерекшелігін, арнайы қызығушылығымен, қабілетін анықтау.

4. Дарынды жасөспірімдерді дамыту.

Мақсаты: Жасөспірімнің әртүрлі салада шығармашылық қабілеті мен өзіндік көрінісін және өзін-өзі өзектендіруді қамтамасыз ету.

Жүзеге асуы: шығармашылық дарындылығын анықтау және дамыту және оқушының кәсіби қызығушылықтарын, жаратылыстану, гуманитариялық, бейнелеу, әлеуметтік техникалық аймақтардағы қабілеттерін мақсатты түрде жүзеге асыру.

Жасөспірімдерге арналған «Шығармашылық психологиясы» және «Шығармашыл тұлға психологиясы» атты факультативті сабақтар жүргізу, шығармашылық қызығушылықтарына байланысты оқыту мен тәрбиелеу үйірмелерін ұйымдастыру және жасөспірімдерге арнап психологиялық кеңес беру жүргізу өте маңызды болып саналады.

5. Дарынды балалардың кәсіптік қызығушылығын анықтау кезіндегі дамыту мен оқыту.

Мақсаты: Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту.

Жүзеге асуы: оқушының әртүрлі ғылыми саладағы сайыстардың нәтижесіне байланысты дарындылық пен талантылықты анықтау.

6. Орта және арнайы білім берудегі дарындылықты дамыту.

Мақсаты: Оқушының арнайы қабілетінің, кәсіби қызығушылығының басымдылығы мен тұлға ерекшелігінің негізінде кәсіби шығармашылығын дамыту.

Жүзеге асуы: талантты оқушының жеке қабілетін, бейімділігі мен кәсіби қызығушылығын шығармашылық жұмыстар мен сайыстарға қатысу негізінде анықтау. «Менім мамандығымдағы шығарашылық» атты арнайы оқу курстарын ұйымдастыру қажет.

7. Жоғары оқу орныдарында дарындыларды дамыту.

Мақсаты: Дарынды студенттердің қабілетін мамандығының саласы негізінде дамыту және жүзеге асыру.

Жүзеге асуы: зерттеу жобалары мен конкурстарға қатысуы негізінде ғылыми зерттеушілік дағдыларды дамыту.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, дарынды балалармен педагог-психологтың жұмыстануының ең тиімді бағыты 2 негізгі саладан тұрады: бұлар педагог-психологтың психодиагностикалық және психологиялық дамыту жұмысын жүргізу болып табылады. Диагностикалық жұмыста оқушылардың дарындылық, интеллектуалды және шығармашылық қабілеті зерттеленеді. Зерттеу жұмыстары психологиялық зерттеу әдістері арқылы (интеллектуалды және шығармашылық тестілер) жүзеге асады. Психодиагностикалық жұмыстардан алынған мәліметке байланысты дамыту жұмыстары жүргізіледі. Дамыту жұмыстары баланың танымдық сферасында жағымды өзгерістер туғызады, ақыл-ой қабілетін, шығармашылық қабілетін одан әрі ұштай түседі.

Қазіргі қоғам талабы білікті, қалыпты емес ойлай алатын талантты тұлғаларды тәрбиелеу болып саналады. Мақсатқа бағытталған дамытушылық және психологиялық бағытталған жұмыстар баланың қабілетін дарындылығын анықтап, балада интеллектуалды дарындылық болса, ақыл-ойын жетілдіріп, ал шығармашылық дарындылық болса, қай саладағы дарындылық екенін анықтап, оны дамытуды қамтамасыз ету.

Осылай мектептерде дарынды жасөспірімді қоғамның экономикалық, саяси жағдайдың бүгінгі мен ертеңгі күнгі талаптарына сай дайындау және жасөспірімдердің дарындылығын анықтап, дұрыс бағытта жұмыс жүргізу қажет екеніне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы.- Егеменді Қазақстан// 28 ақпан, 2007.- 13 бет.
2. Макарова И.В., Крылова Ю.Г. Педагог-психолог. Самара. 2004.- 262-275- бет.
3. М.А Холодная. Психология интеллекта. Санкт-Петербург 2002
4. Богоявленская Д.Б., Богоявленская М.Е. Психология одаренности: понятие, виды, проблемы. Вып. 1. М.: МИОО, 2005.
5. Ильницкая И.А. Психолого-педагогические основы выявления и развития одаренности детей и подростков: Спецсеминар: программа и задания для самостоятельной работы (вопросы, схемы, таблицы). Омск: ГОУ ДПО «ИРОО», 2006.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Кияозова А.Ж.

*Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледж оқытушысы
магистр*

Кілттік сөздер: ойлауды дамыту, ұлттық құндылықтар, мақал - мәтелдер, ұлттық ойындар, салт - дәстүр, шығармашылық ойлау.

Аннотация

В этом статье написана развития творческого мышления ученика с помощью нашего духовного богатства - пословиц и народных игр и знакомства ребенка с родной культурой, народным творчеством, такими как - игры, пословицы, поговорки, для общего развития детей и необходимости его использования в сфере образования.

Annotation

In this article has written the development of pupil's creative thinking with the help of our spiritual wealth - proverbs and national games and introducing them with their native culture, folk art, such as games, proverbs, sayings, for the common development of children and the necessity of using it in education.

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан әлеуметтік - экономикалық өзгерістер жалпыға бірдей білім беретін ұйымдардың алдына әлемдік өркениеттің барлық талаптарына сай келетін, парасатты, тәрбиелі жастарды тәрбиелеп дайындауды талап етуде. Бұл Отанымыздың келешек дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуымен, қазіргі мектеп оқушыларының білім дәрежесімен, шығармашыл ойлай алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Қазіргі таңда оқытушылардың басты мақсаты оқушыларға шет тілін ана тілінің негізінде үйрету, оларды өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білуге дағдыландыру, шет тілінде жазылған шығармалардың тіл байлығын, әр сөздің атқаратын мағынасын, идеялық - эстетикалық жүгін жете меңгерту, шет тіліндегі материалдарды өздігінен пайдалана білу сияқты іскерлік дағдыларды қалыптастыру, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған рухани - мәдениетімен, білімімен қаруландыру, сөйтіп егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, әдет ғұрпын, салт дәстүрін, тарихи құндылықтарын, ізгі тағылымдарын дамыту.

Оқушылар басқа елдің тілін, салт - дәстүрін білуі үшін алдымен өз ана тілін, салт - дәстүрін жақсы біліп, сыйлап, құрметтеуі керек. Бұны бала санасына үнемі сіңіріп отырған жөн. Бұл жағдайда халықтың ұлттық мұрасы – мақал - мәтелдер мен ұлттық ойындардың маңызы зор. Сабақта мақал – мәтелдерді оқытып, оқушылардың шығармашыл ойлауын қалыптастыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі.

Мақал - мәтелдер бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Мақал мен мәтелдердің мағынасы терең, сөзі ықшам да, көркем, еске сақтауға икемді де, жеңіл болғандықтан бала тәрбиелеу ісінде ерекше рөл атқарады. Мақал - мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, көркем және образды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын, шығармашылық ойлауын байыта түседі. Беріліп тұрған мақал – мәтелдердің мағынасын ашып, түсіну үшін бала бар ақыл - ойын, шығармашылық қабілетін ортаға салады.

Әсіресе, мақал-мәтелдер оқушылардың лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Мақал - мәтелдер оқушыларды тілдік материалдарға қызықтырумен қатар пәннен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі мақал - мәтелдер оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мақал-мәтелдерді меңгеру барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым - қатынасқа оңай түседі. Бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді.

Жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін факторлардың тағы бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты - халықтың ұлттық ойындары. Ата - бабамыз ойынды тек баланы ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез - құлығын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін ойлау мен шапшаңдығын дамытатын тәрбие құралы деп санаған. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлеу қарым - қатынасы үлкен рөл атқарып, олар сөйлесе жүріп өзара пікірлесіп, әсер алысады, тіл жаттықтырады. Мысал ретінде, тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар, лото, асық ойыны, сиқырлы қоржын тағы сол сияқты көптеген ойындардың элементтерін келтіруге болады. Бұндай ойындарды шет тілі сабағында қолданудың маңызды жақтары аз емес. Әсіресе, ұлттық ойындарды сабаққа кірістіріп, сол арқылы өзімізге кері байланыс алсақ, халқымыздың ұлттық құндылығын дәріптеп қана қоймай, олардың ой - өрісінің, логикалық ойлауының дамуына, көбірек сөйлеуге тартып, қарым - қатынастарының жақсаруына ықпалы зор.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл - ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл - ойы, парасаты ұлттық салт сананы сіңіру арқылы баии түседі. Қазақтың жазушысы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ал М.Гуннер қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қарап, оларға топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасады. /1/ Осындай ұлы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында қай сабақта болмасын ұлттық ойын элементтерін және мақал - мәтелдерді немесе тағы да басқа ұлттық нақыштағы киіз үй, сандық, қоржын сияқты бұйымдарды пайдалана отырып, ата - бабаларымыздың, халқымыздың тұрмыс тіршілігін оқушыларымыздың бойына сіңіреміз сөзсіз.

Міне, осындай ғасырлар қойнауында қорытындыланып, қалыптасқан қазақ халқына тән тәрбиенің өнегелі озық дәстүрлерін бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. /1/ «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс» екенін Елбасы Н.Ә.Назарбаев та өзінің сөйлеген сөзінде айтып өткен. /2/

Ақылдың көзі логикалық дұрыс ойда жатыр. Логикалық жүйемен ойлай білу дұрыс жүйемен сөйлей білуге жетелейтін жол, сөйлеу мәдениетінің алғашқы баспалдағы. «Тіл мен ойлау - еңбектің жемісі. Тіл - ойлаудың сыртқа шыққан көрінісі», - деп К.Маркс текке айтпаған. Дұрыс сөйлей білу - дұрыс ойлай білу, ал ол логика мен этнолингвистиканың бірлігінен туындайды. Қарапайым қазақтың мақал - мәтелдерінен де осы идеялар өзекті орын алған. Мәселен, «Аңдамай сөйлеген - ауырмай өледі», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Жүйелі сөз жүйесін табар» деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпаққа үнемі ұқтырып келді. Саяси сенімсіздігі үшін қазақ даласына жер ауып келген поляк офицері А.Янушкевичтің: «Қазақтардың ойлау қабілетінің кереметтігіне менің барған сайын көзім жетті. Сөз дегенде ағып тұр. Бұл жағынан алғанда оларды Батыс Азияның француздары деуге болады. Өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келді» (89,159), - деп бұдан 150 жыл бұрын асқан сәуегөйлік пікір айтқан. /3/

Олай болса, қазақи салт - дәстүрді бойына сіңірген жас ұрпақтың бұл пікірді қостап, шығармашылық ойлауы жоғары, тіл байлығы кең, білімі терең, өзіндік ой - пікірі қалыптасқан болашақ боларына сенімім мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Ұзақбаева, «Қазақ халық педагогикасы», Алматы, Глобус, 2013, 3 б.
2. Н.Ә.Назарбаев, «Ғасырлар тоғысында», Алматы, 1996, 5 б.
3. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова, «Этнопедагогика», Астана, Фолиант, 2010, 72-74 б.

МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИВТІ БОЛУЫНА НЕГІЗ БОЛАТЫН СЕБЕПТЕР

Абдраманова Д.Е.

Қазмемқызту а га оқытушысы

Кілттік сөздер: агрессия, агрессивті мінез-құлық, эмоция, мінез акцентуациясы, конфликт, өзіндік бағалау.

Аннотация

В статье рассматриваются причины основания агрессивного поведения детей в группе дошкольной.

Annotation

This article considered reasons for establishment of aggressive behavior of children in pre-school group

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын білім беруді дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайтудың, елдің прогресшіл дамуының негізін құрайды. Бұл тұжырымдамада көрсетілгендей ағымдағы жағдай және білім беруді дамытуды тежейтін факторлар бөлімінде негізгі мәселе мектеп жасына дейінгі жас кезеңдегі эмоциялық дағдарыстар деп көрсетіледі. Сондықтан соңғы жылдары мектеп жасына дейінгі балалардағы агрессивтілік жағдай бой көрсетіп келеді.

Қазіргі кездегі бала агрессиясы өзекті мәселелердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың агрессиялы әрекеттерінің жоғары деңгейде болуы оқу іс-әрекетінде қиындықтар тудырып, мектепке бейімделуі, үлгерімі, интеллектуалды дамуы төмен болуы мүмкін.

Балалық шақтағы мінез-құлықтың бұзылуы және агрессияның негізгі себептері, психикалық зақымданулар, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктер, мінездің акцентуациясы және де әр түрлі конфликтілермен байланысты болады. Баланың даму кезеңінде мінез-құлықтың екі түрі қалыптасады:

1. Бірінші типтегі балада өзінің жеке позициясын сақтау үшін қоршаған ортамен өзара әрекетін өзгертуге тырысады. Мысалы: олардағы негативизмді, қарсылық мінезді, қарсыласуды және шектен шығу сияқты сапаларды айтуға болады.

2. Екінші типтегі бала микроортаның кері әсерімен ерекшеленеді, себебі қоршаған ортамен мінез-құлықтың қатынас эталоны, әлі қалыптаспайды. Осының нәтижесінде өзіне, басқаларға деген қатынастарда сарапшыл емес, өзара қарым-қатынастың жағымсыз жағын норма ретінде қабылдайды. Балалық шақта мінездің кейбір бітістері өмір тәжірибесімен үйлеспейді, оларды сауатты басқару үшін әр баланың тәрбиесін және жеке тұлғалық ерекшелігін, эмоциялық-мотивациялық сферасындағы қажеттіліктің қалыптасу деңгейінің бағыттылығын ескеру керек.

«Қиын» балаларда жалған құндылық, қоғамға қарсылық көрсететін терең тұлғалық өзгерістер байқалады. Бала-бұл сананың өзіне бағытталу кезеңі, өзін тану психологиялық құнды құрылым ретінде өзіндік жетілуге жағдай жасайды.

Бала кезде тұлғаның қарқынды мінез-құлықтық санасының қалыптасуы, моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларын игеру, өзінің мінез құлқында пайда болған бағалық пайымдау жүйесіне жетекшілік ете бастайды. Міне, сондықтан да мінез-құлықтың қалыптасу процесінде пайда болған өзіндік бағалау жағдайлары баланың тұлғалық құрылымына тәуелді болады. Баланың өзіндік сананың ерекшеліктері, яғни тұлғаның өзіндік бағалауды басқарудың негізгі жетекшісі компоненттері, өзбеттілік дәрежесі, әртүрлі және қоғамдағы күрделі өзара байланыстар жүйесіндегі адамдармен қарым-қатынастағы тұлғаның дербестілігін анықтайды.

Балалардың агрессивті мінез-құлқы мен өзіндік бағалауының өзара байланысы: балалардың агрессивті мінез-құлқымен өзіндік бағалауының арасында туындайтын өзара байланысты зерттеу өте маңызды. Өзіндік бағалау процесі субъектінің агрессивтілігін шешу детерминантына ие болады. Өзіндік бағалау деңгейі ішкі нормативті стандартты реттеп отырады. Егер әділетсіз шабуыл жасаса, яғни субъектінің ар-намысына тисе, онда агрессия балалардың өзінің ар-намысын қорғауға бағытталады. Кейбір зерттеулер бойынша, агрессияның төмендеуі өзіндік бағалау процесімен жанама түрде байланысты (С.Фишбах).

Өзіндік бағалау агрессиялық мінез-құлыққа белгілі-бір өзгешеліктер алып келеді. Көбінесе тұлға аралық өзара әрекеті, ішкі әсерленулер мен эмоциялық реакцияларды, әрекет пен іс-әрекет мотивациясын анықтайды, өзін және басқаларға деген не оң не теріс қатынасты қалыптастырады. Өзіндік бағалау процесі субъективті агрессивті мінез-құлықтың шешуші детерминанты қарсыласатын немесе оны жандандыратын ішкі міндетті нормативті стандарттарды реттейді. Балалар қоғамда өтіп жатқан процестерді өзіне лайықты болатындай қабылдап, оған тез бейімделіп, соған сәйкес мінез-құлықтың стереотиптерін қалыптастырады. Өзіндік сана тұрғысында бала өзін қоғам мүшесі ретінде ұғынады және қоғамдық мәнді позицияларда нақтыланады. Өзіндік бағалаудың негізгі функциясы: іс-әрекет пен мінез-құлықты реттеу болып табылады. Өзіндік бағалауы төмен балалар қарым-қатынаста қандай қиыншылықтармен қақтығысады? - Өзі туралы көзқарасы өзгереді, мен бақытсызбын, әдемі емеспін, жолым болмайды деп санайды. Мұндай жағдайлар көбінесе мінез акцентуациясының педанттық типі көрініс береді және бұл мазасыздану деңгейі жоғары болатын балаларға тән құбылыс. Өзіндік бағалау шектен тыс төмен болған жағдайда бала өз бетінше шешім қабылдай алмайды оларда тұйықтық, ұялшақтық, жасқаншақтық сияқты қасиеттер басым болады. Ата-анасының, педагогтардың қатынасы және баланың құрбы-құрдастарының арасында алатын орны оның өзіндік бағалауын қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады.

Кейбір балалардың төбелесқойлығы көбіне біреуден өзінің күші басым екенін дәлелдеуге тырысумен байланысты. Жолдастарының алдында өзі айтатын ерлік қасиеттерінің әр түрлі көріністеріне өзінің шамасын едәуір асыра көрсетуі мүмкін. Бұл тұрғыдан жоғары баға алу бала үшін өте маңызды. Жолдастары өзін «әлсіз», «жасқаншак», «қыз құрлы жоқ» деп ойламасын деп бала өзі дұрыс емес, әділетсіздік, қаталдық деп санайтын қылық жасауы немесе сондай топтық істерге қатысуы мүмкін. Ол өзін де, жолдастарын да іштей айыптауы мүмкін, бірақ ашық наразылық айтуға көбіне батылы бармайды.

Баланың агрессияны көрсетуде даярлығы оның айналасындағы адамдардың пікіріне байланысты. Ол өзінің өрескіл мінезіне әрдайым қолдау тауып отырса, онда баланың агрессиясы әртүрлі жағдайда өсіп отырады. Жасалған агрессияға қолдау тауып отыруы, біртіндеп дағдыға айналады, осының салдарынан агрессиялы тұлға қалыптасады. Агрессия көп жағдайда күрес үстінде көрінеді, бүкіл күрес жоғарыда айтылған құндылықтарды қажет етеді. Бала-бақша жасындағылардың агрессиялы әрекетінде бұл құндылықтар дамымаған формада бой көрсетеді. Бала ерте даму шағында агрессияның неге қажетті екенін түсіне бермейді, оны тек әрекеттерді реттеуге, жағдайды дұрыс бағалай білуге және өз әрекетінің соңын, өз көңіл-күйін меңгере алмаған жағдайда ғана түсінеді. Отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері, тәрбиелеу стилі, сонымен бірге достарынан, ересектерден, теледидардан байқайтын агрессивті мінез-құлық көріністері балалық шақтағы агрессияның қалыптасуына әсер ететін факторлар болып табылады.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей балалар ақпараттық құралдар арқылы агрессивтілік мінездің жаңа түрлерін меңгереді. Сонымен баланың жасына тән заңдылық агрессия деңгейінің өсуіне байланысты болады. Егер бала өзінің агрессивті әрекеттерін қадағалауды үйренбесе, өсе келе агрессивтілік басым болып өз жалғасын оның мінез-құлқында байқалуы мүмкін.

Агрессияны біржақты феномен деп қарастыруға болмайды, оның көрініс беруінің әртүрлі формалары бар: жас ерекшелігіне, индивидуалды мақсаттарына, сондай-ақ әлеуметтік ортасына байланысты болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Агрессия у детей и подростков: Учебное пособие / под ред. Н.М. Платоновой. – СПб.: Речь, 2004.
2. Берковиц Л. Агрессия. Причины, последствия, контроль. — М.: Владос, 2001.
3. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. — СПб.: Питер, 1997.
4. Бюттер К. Жизнь с агрессивными детьми. — М.: Просвещение, 1997.
5. Леонгард К. Акцентуированные личности.- Киев: 1981
6. Румянцева Т.Г. Агрессия и контроль.// Вопросы психологии.№5/6/1992.
7. Урунтаева Г. А. Дошкольная психология. — М.: Академия, 2001.
8. Шужебаева А.И Психологияеские-педагогические исследования трудностей в общении детей в условиях семейного воспитания Автореф. канд. дис. Алматы, 2004.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҮРДІСІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Жарылғасова П.Е.

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ.*

Кілттік сөздер: ойын, психикалық ерекшелік, білуге құмарлық, ақыл-ой, еске сақтау, шығармашылық, творчестволық қиял.

Аннотация

Роль национальных игр занимают особое место в развитии познавательного процесса ребенка. Это способствует на развитие мышления, памяти, креативности и творческого воображения, остроумия.

Annotation

The role of the national games occupy a special place in the development of cognitive processes of the child. This contributes to the development of thinking, memory, creativity and the creative imagination, wit.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі бір әрекетпен айналасуына байланысты. Адам өз психикасын түрлі жолдармен жарыққа шығарады. Ойын арқылы адам психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойынның әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп. Ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады. Балалар ойынының түрі де, мазмұны да әртүрлі ойынның барысында көрінеді. Ойынның сан алуандығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды. Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар. Мысалы: "Баланың істегені білінбес", "Баламен ойнама, шаршарсың", "Ойнай білмеген, ойлай білмейді" деген қазақтың мақал-мәтелдеріне қарасақ, балалардың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы балалардың сана-сезімі, ақыл-ойы өсіп жетілетіндігі дұрыс көрініс береді. Балалық шақ ойыннан бөлінбек емес. Балалар ойындарының қандай болмасын мәдени ұлттық орталармен мазмұндастығы және мерзімдік жағынан әлдеқайда тұрақтылығы ойын мәнін бір жағынан ғана ашады. Ойын әр уақытта және әр халықта болатын бірден-бір балалардың негізгі іс-әрекеті.

Сонымен қатар ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік-жігері қалыптасады. Осыған сәйкес қазақтың типтік спорттық, тұрмыстық жағдай сюжетіндегі және іс-әрекетке

икемдеуші ойындары өскелең ұрпағының денсаулықтары мықты, жайдары, батылдығын қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Қазақтың бұл типтік ойындары барлық жиын-той, демалыс сәттерінің басты көрінісі болады. Жүргізілу формаларына жарыстық сипат тән. Олай болса, ойынның бұл түрлері әдейі "шыңдалуды", әдейі "ойнауды", ішкі потенциалды барынша шығаруды талап етеді. Бұл- халық саналылығының көрсеткіші.

Қазақ құндылығының ғасырлар қойнауынан сүрінбей өтіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы балалар ойындары. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ. Қазақ ойындарының өміршең қызметі де оның жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісімен байланысты болуында. Әрбір қоғамның балаларға жасап отырған қамқорлығына, жеткіншек ұрпаққа деген көзқарасына қарап, сол қоғамның болмыс- бағдарын байқауға болады. Түптеп келгенде, ұлттық қасиет пен дәстүрдің қалайша жалғастық табуы да сол қоғамның ұрпаққа деген мәмілесіне байланысты. Әр халықтың өз ұлт ойындары және әр ұлт ойынының өз ерекшеліктері бар. Ұлт ойындарының қалыптасуы тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің күнделіктегі тіршіліктің қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын өткізудегі қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды. Мәселен, әртүрлі қозғалмалы ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамыды да, кейін келе жасөспірімдерде қалды. Себебі, үлкендерден көргенін балалар да, үй ауласында, далада ермек етеді, түйе құмалағынан қой бағып, қой құмалағынан қозы бағып, бір жерден, екінші бір жерге көшіп-конумен тағысын тағы сәбилер уақытын өткізеді. Адамзаттың дүниеге келген күнінен бастап-ақ ақыл-ой, қабілетінің ортаға, өмірге көзқарасының дұрыс қалыптасуын реттейтін, белгілі бір жүйеге келтіретін осы "балалар мен жас өспірімдер ойындары", сондықтан да "ойын балалар еңбегі, балалардың уақытымен ғана санасады". Ұлт ойындары адам еңбегінің жемісі, халықтың фантастикалық ой құбылысының көрінісі, дүниені танып, білуге талпынысының нышаны, бар өнердің бастамасы. Қазақ халқының ұлттық ойындары әлеуметтік — экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамыды. Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының алуан түрлерін кездестіреміз. Жырлардың негізгі кейіпкерлері де ойын үстінде көрінеді. Ол негізгі кейіпкерлер: болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері т.б.

Ойын арқылы қазақ балалары өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түскен. Ойынды қазақ халқы тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарамаған. Ең бастысы - ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшандыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне пайдасын тигізеді.

Б.Алтынсарин қазақ балаларына мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, танымдық қызығушылығын тудыратын жәйттар адамгершілікке, ақыл ойды қалыптастыруда аса тиімді болады деп санаған. Ұлы ағартушының "Хрестоматиясындағы" әңгімелері, өлеңдері метафора ретінде де, вербалдық ойындар ұйымдастырғанда да қолайлы болады. А. Құнанбаев бала психологиясының ерекшелігі білуге құштарлық деп есептейді. Өсе, ержете келе тәрбие құралдарының қатарына ұлттық ойындарды жатқызған. Ақын бала мінезі ересектердің өмірі мен өнегесін бейнелеу арқылы қалыптасады деген. Ал бұл ролдік ойындардың негізін құрайды. Абай ұлттық ойындардың ең келелісіне ақыл-ойды дамытатын "тоғыз құмалақ" ойынын жатқызған (1).

Н.Құлжанова қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мәселесін қарастырған педагог. Ол ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа айрықша мән береді. Бұл жөнінде ол былай дейді: "Балаларға сусындай керегінің бірі — сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі — баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы". Н.Құлжанова балалар ойынын тану, білуге құмарлығымен, сөйлеумен ұштасып жататындығын ескертеді. Н.Құлжанова балалар дамуы үшін табиғаттың аясында еркін жүріп, аунап-қунап ойнаудың тиімділігін айтады. Ол ойынды өзіндік бір мектеп деп оның құндылығы мен мәнін ашады. Ойын арқылы балалардың дүниені танып, білуі, білік, дағды ерекшеліктерінің қалыптасуын сипаттайды. Педагог "ойын арқылы - дене және көңілді машықтандырады"- деп, ойынның әр жақты функциясын көрсетеді (2).

М.Жұмабаев балалар фантазиясының табиғатына ерекше көңіл қойып, оны өркендетудегі ертегі, ойындар мен ойын материалдарының рөліне тоқталады. Ол балалардың ойы, сезімі ойын арқылы көрінеді, ойнау арқылы балалар сыртқы ортаны танып, нақты білім алады деген. М.Жұмабаев тілдің адам өміріндегі маңызына дәйекті талдау жасайды. "Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе құйындай екпінді қайраты, біресе тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінездері көрініп тұр"-деп тілдің ұлттық мәнін дәйекті мәнермен береді. Ол балалардың тілдесуі, сөйлесуі топтық ойындар арқылы көрінетіндігін және өркендейтіндігін жазған (3).

Қазақ халқының ұлттық ойындарын жинаушы этнограф Ә.Диваев өзінің "Қазақ балаларының ойыны" деген еңбегінде оның балалар тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, сол кездегі қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша жас ерекшелігіне қарай жасөспірімдерді үш топқа бөледі: 1-7 жасқа дейін — нәресте, 7-15 жасқа дейін — бозбала, 15-30 жасқа дейінгілері — жігіт. Осының негізінде қазақ ойындарын да сәбилер ойыны, бозбалалар ойыны және жігіттер ойыны деп негізінен үш топқа бөледі. Сонымен бірге Ә.Диваев мынаны атап көрсеткен: "... бұл жерде менің айтарым, егер қыз балалардың қолдан жасайтын қуыршақтары мен ер балалардың балшықтан жасап алатын жылқы мен түйе сияқты жануарлар мүсіні болмаса, қазақтың балалар ойыншығы мүлде жоқ. Бірақта антропологиялық көзқараспен қарайтын болсақ, олардың осы ұсқынсыз ойыншықтары балалардың өз творчестволық қиялынан туғандықтан да құнды болып есептеледі" (4).

М.Мұқанов есеп шешу барысында жұмбақ шешу механизмдерінің айырмашылығын көрсетеді: жұмбақ

шешуде тапқырлық, байқампаздық қасиеттердің ақыл-ой сапасы ретінде сипаттайды, мақал-мәтелдердің рөлін әлеуметтік нормаларының пайда болуымен байланыстырады (4).

Ұлттық ойынның тіл дамытуда ролі ерекше. Ойын үстінде балалар тілдің ішкі иірімдерін, халықтың ойлау жүйелерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдік, психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіншілік алады.

Сонымен қатар ұлттық ойынның фольклорлық, рөлдік-сюжеттік және ережелерге сәйкес түрлері балалардың ақыл-ойын, еске сақтауын және топ ішіндегі ересектермен, басқа балалармен қарым-қатынасын, тілдік ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Ең алдымен ұлттық ойындар балалардың қарым-қатынасты қажетсінуін, мотивтерін көрсетеді, себебі ұлттық ойындар топ ішіндегі вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың ең белсенді формаларымен ғана жүзеге асырылады.

Ұлттық ойындар түрлі себептерге байланысты пайда болып отырған. Мәселен, "Аңшылар", "Марламкөш" ойындарында аңды жан-жақты қоршап аулау, топталып іздеу, жасырыну, қуу қалай қолға түсіру анық бой көрсетсе, "Даусынан біл", "Шұқыма" ойындарының далада із кесу, түрлі дыбысты ажырата білу мақсатында пайда болғандығы байқалады. Ойындардың енді бір тобы көшпелі тайпалардың өзара қақтығыстарын, жаугершілік дәуірінің бітімін, рулық қауымның жол-жоралғысын өзінше қайталайды. Олардың қатарына "Жамбы ату", "Теңге ілу", "Тұтқын алу", "Қамалды қорғау", "Батыр", "Жігіт қуу", "Ат үстіндегі тартыс", "Итеріспек" сияқты іс-әрекет ойындарын жатқызуға болады (5). Ойындарда ежелгі заман көріністерінің молынан сақталу себебі, олар халқымыздың ізгі қасиеттеріне, шаруашылық кәсібіне (этикалық және статистикалық дәстүріне) тәрбиелеудің бірден-бір тиімді жолы болды. Ойындар арқылы балалардың тәні де, жан дүниесі де ойдағыдай жетіліп отырған, көпшілік ортасында өзін-өзі ұстаудың, қысылғанда жол табудың қоғамда өз орнын сезінудің алғашқы мектебі де осы ойындар болды десек асыра айтқандық емес. Ойында, қойшы, қой, қасқыр, ит ("Ай құлақ"), түйе, бота, теке ("Соқыр теке") рөлдеріне еніп, олардың арасындағы қарым-қатынасты көрсету — таза көшпелі тұрмыс-тіршіліктен туған. Төрт түліктен басқа да үй жануарларының басты жауы қасқыр бейнесінде берілсе, кейде қасқырдың орнына ескі сенімдерге байланысты жалмауыз кемпір түлғасы көрініс береді ("Етек-етек", "Көш-көш"). Балаларды ептілікке, тапқырлыққа баулитын, отырып та, қозғалып та, жүріп те ойнайтын түрлері аса мол. Олардың арасында түрлі заттар арқылы және сөзбен ойналатындарын қарастырып көрелік. Түрлі заттарды пайдалану арқылы ойналатын ойындар көбінесе қимыл-қозғалыстармен байланысты өрбиді. Ондай заттар айнала қоршаған орта және тұрмыс-тіршілікте кездесетін тас, ағаш, балшық, құмшыбық, таяқ, сүлгі, орамал, бөрік, белбеу, жіп, ине т.с.с болып келеді. Кейде ойынға, арнайы даярлайтын заттар да болады. Оларға тазартылып, боялған асықтарды, түрлі ойыншықтарды, қуыршақтарды, ертеректе қолданылған сиырдың түлеген жүнінен басылған допты, жонылған және кесілген ағаштарды т.б. жатқызамыз. Заттарды пайдаланып ойнау кейде іс-әрекет барысында қара сөз, не өлең-тақпақтармен қосақталып айтылады. Сөз текстері ойынның кезекті шартын, іс-әрекеттің себебін түсіндіреді.

Ойындардың енді бір тобында негізгі қызметті сөз атқарады. Мұндай қызметті ойындарды балалар көбінесе бір жерде отырып ойнайды. Дегенмен, сол ойындарды да кейде қимыл-әрекеттермен тығыз байланысты. Мәселен: "Үй артында қолағаш", "Соқыр теке", "Ұшты-ұшты", "Тымпи-тымпи", "Ақ серек, көк серек" сияқты ойындар да сөз, кейде іс-әрекетке жетекші, ал кейде қосалқы қызмет атқарады. Сөзге негізделген ойындардың басты мақсаты - балаларға дұрыс сөйлеуді, күрделі құбылыстарды, іс-әрекеттерді түсінікті, жатық етіп сипаттауды үйретуді, сөйлегенде, шешен, тапқыр болуға тәрбиелеу. Осындай ойындардың ішінде, әсіресе, жан-жануарлардың дауысын, төлдерін, іс-әрекетін дұрыс айтуға дағдыландыратын "Қалай айтуды білемін", түрлі сөйлем құрастыруға тәсілдендіретін "Егер...", айтылған сөзді есте сақтауға машықтандыратын "Хабаршы", сөз бен сөйлемнің мазмұнына дұрыс мән беруге үйрететін "Біз де", "Ұшты-ұшты", бірден сөз табуды қажет ететін "Орамал табу" ойындарының тілді жетілдіруде, яғни коммуникативті біліктілікке дамытуда маңызы зор (4). Бұл ойындарды қазір де, балалардың қарым-қатынасын зерттеуде, жетілдіруде әдіс ретінде қолдануға, жалпы сабақ барысында ойнатып, балалардың іс-әрекетіне эмоциялық жағдай жасауға әбден лайықты. Сонымен қатар сөз ойындарының қатарына түрлі ұлттық, ойын-жырлар мен жаңылтпаштар да жатады. Алайда сөз ойындарына қарағанда, ойын жырларының нақтылы ойнау шарты, қабылданған ережесі бола бермейді. Осындай ойын жырларының бірі санамақ. Жас баланың қолын ұстай отырып, саусақтарына ат қойып, оларды бірде бүгіп, бірде жазып ойнау арқылы балалардың көңілін аулау, алдандыру мақсатында айтылатын бұл ойын көбінесе нәрестелерді уату жырларына жатқызылып жүр. Дегенмен, санамақты сұрақ түрінде келетін, кейде ойланып жауап беруді қажет ететін, үлкендер мен балалардың бірлесіп отырып атқаратын қимыл-әрекеттері бар. Бұл ойын жыры негізінен оң-солын әлі толық танымаған бір-үш жастағы сәбилерге арналып айтылған. Санамаққа қызметі бойынша жақын тұрған ойын жырларының келесі бір түріне сұрамақ жатады. Бұл көбінесе 7-8 жасқа дейінгі балалар ортасында сұрақ-жауап (диалог) түрінде орындалады. Сұрамақ көбінесе жан-жануарлар мен табиғат құбылысы атына балалардың өзінше берген жауап-түсінігі іспеттес.

Түрлі ойындарда әркімнің атқарар қызметін, орнын, рөлін, кімнің ойынға кіріп, кімнің онан шығатынын кімнің басқаратынын белгілеу үшін балалар арасында арнайы тақпақтар айтылады. Оларды "қаламақ" деп атайды. Қаламақта айтылатын сөздердің мазмұны ойындағы іс-әрекетке сәйкес болуы шарт емес, тіпті олар мүлде басқаша болуы мүмкін. Шарты сол - тақпақ сөздері рет-ретімен айтылғанда кімге кезегі келгеніне байланысты (күні бұрынғы келісім бойынша) қызметтерді бөлісу үшін орындалатындығы. Мұндай тақпақтар құрылысы қарапайым, тез жатталатын, көлемі шағын, ұйқасы мығым, ойнақы жолдардан құралады.

Балалардың ойын жырлары мен ойындарынан аздап өзгешелеу тұратын, бірақ іс-жүзінде ойынның

қызметін атқаратын тағы бірер ұлттық құндылықтарға жаңылтпаштар мен есеп ойындарын жатқызуға болады.

Жаңылтпаштар - ересектерге де, балаларға да ортақжанр. Балалар арасында жаңылтпаштар көбінесе ойын қызметін атқарған. Қаламақ, айту арқылы тағайындалған ойын жүргізушілер жаңылтпаштар айтып, ойынға қатысушылардың шапшаң қайталауын талап еткен. Дұрыс айтылмаған жаңылтпаштар отырғандарды күлкіге батырып, жағымды эмоциялық фон жасаумен бірге, дәл қайталай алмаған ойыншы айып тартатын болған. Ал, есеп ойындары үлкен тапқырлықты, шыңдап ойлануды қажет ететін қазақ халқының айрықша құндылығы. Ұлттық есеп ойындарының мазмұны мен шешуі негізінен көшпелі тұрмыс-тіршіліктің, мал шаруашылығы мен аңшылықкөріністеріне байланысты қалыптасқан. Ауызша есеп күрделі болса, оны шешуге нұсқау, түсініктемелер берілген. Ойыншы есеп шешімін таппаған жағдайда, алдын-ала жасалатын келісім бойынша айып тартқан. Ол өнер көрсету, зат беру түрінде болған. Есеп ойындарының бір ерекшелігі - оларда халықтың өлең-жырлары да, көркем қара сөзі де кеңінен пайдаланылған. Мұндай ойындар топқа бөлініп те, жеке адамдар арасында да ойнала берген. Қазақ халқының ойын түрлері, балалар психикасын дамуында атқаратын қызметі, шығу тарихы, құндылық жақтары және тақырыптары бойынша жан-жақты зерттеу - болашақтың ісі.

Қазақтың ұлттық ойындары тек қана қарым-қатынаста ғана емес балалардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асыратындығы да белгілі болды. Мәселен, "Орамал тастау", "Тапқыш", "Шертпек" т.с.с ойындар ақыл-ойдың, қиялдың дамуына жағдай жасайды.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың ересектердің әлеміне кіруге өзара әрекеттестік жасауға бағытталған бірден-бір қажеттілігі болады. Ойын балалар психикасының жан-жақты жетілуіне тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды. Мұнда мотивтердің иерархиясы қалыптасады, яғни "керек" талабы "қалаймын" талабын бағындыру біліктілігі пайда болады. Ойында бала өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауға, өзінің және құрбыларының мінез-құлқын бағалауға, оны бақылауға, өз әрекеттерін жоспарлауға үйренеді. Сонымен қатар, ойын арқылы сананың таңбалы, символикалық функциясы, яғни ақыл-ойы дамиды.

Ойынның сапасы қозғалыстық ұлттық ойындары арқылы күшейеді деп санаймыз, себебі қазіргі кездегі балалар үшін халық ойындарының көпшілігі жаңашылдықпен тартымды болады. Екіншіден, ұлттық ойындарда болатын ереже талаптар шумақтар ритмі диалогы кездесе бермейтін сөздердің оралымы балалардың шабытын үстемелейді, белсенділігін арттырады. Міне, ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адам қиялына қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, «Сана», 1995
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың халық педагогикасының тарихынан. Алматы, «Кітап», 1992
3. Қалиев С., Базиллов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, РБК, 1993
4. Мырзатаева Б. Халықтық салт-дәстүрлердің бала дамуына ықпалы. Ұлағат – 2002 №5 37 б.
5. З.Әбілова, Қ.Қалиева «Этнопедагогика оқулығы» Алматы 1999жыл

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Сатпаева Н.К.

*М.Әуезов атындағы №128 ЖББМ мұғалімі
Алматы қ.*

Кілттік сөздер: Халықтық педагогика, ұлттық ойындар, адамзаттық құндылық, ұлттық сана, ойын технологиясы.

Аннотация

Игра относится к одному из старых методов народной педагогики. Актуальность использования национальных игр в процессе обучения и воспитания является важным аспектом. Чтобы укрепить фундамент нашего общества одним из вопросов сегодняшнего дня является дать молодежи примерное нравственное воспитание.

Annotation

A game behaves to one of old methods of folk pedagogics. Actuality of the use of national games in the process of educating and education is an important aspect. To fix foundation of our society one of questions of today is to give exemplary mo

Өмірдің жақсы болуы, аспанымызда бейбітшіліктің қалықтап тұруы өмірді жалғастыратын ұрпақтың жақсы тәрбиеленуімен үндеседі. Ұрпақты жақсы жолға түсіретін оның ата-анасы, халқы, ортасы, білім ордасы, қазіргі заман ұғымымен айтқанда. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы оның салт-дәстүрінің өлмей халықпен бірге өмір сүруімен тығыз байланысты, менің түсінігімде. Қазіргі уақытта педагогика саласында

халықтық педагогика деген ұғым бар. Халықтық педагогика десе көз алдымызға бірден ата- бабаларымыздың өткен өмірі, ақ жаулықты әжелеріміз, Ұлы Дала төсіндегі ойнақтаған тұлпарлардың бейнесі, кең жауырынды апай төс батырларымыз елестейді. Шындығында, солай. Ақ жаулықты әжелеріміздің зерделі оюлары, малдың асығын оюлап, әдемілеп баласына сыйға тартатын апаларымыздың мырзалығы, аталардың немерелерін ат құлағында ойнатуға шынықтыратын дене тәрбиелері, махаббаты берік ұстауға шақыратын ойын-сауықтары, батыр, қайратты болуға жұмылдыратын өзім көзіммен көріп өскен көкпар, арқан тартыс ойындарының өзі- ақ ұрпақтың санасын ашып, өмір сүруге қайраттандырады. Менің бала кезімде көктем шығысымен асық ойнайтын балалардың асыққа құмарлығын енді түсіндім. Асық баланың саналы, зерек өсіп-өюіне тікелей байланыстылығы екен ғой. Міне, халықтық педагогика қайда жатыр.

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ұлттық ойындарды оқу және тәрбие үрдісінде пайдаланудың өзектілігі қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Қазіргі мұғалімнің міндеті халқының сан жылдары бойы саналы түрде дамыған педагогикасын, ұлттық салт-дәстүрін, оның ішінде ұлттық ойындарын оқушының жаңа тақырыпты өз бетінше іздене білуіне пайдалану болып табылады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Жалпы адамзаттың дамуында еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Бұл мұғалімнің шеберлігінде. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Қазіргі жаңа технологиядағы мысалы, атап айтсақ, «Қар көшкіні» стратегиясы біздің «Сақина тастамақ» ойынының үлгісінен шыққан. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Өзімнің 25 жылдық тәжірибемде мен сабақты ұйымдастыруға ойынды аламын, алып келемін де. Маған «Ұшты-Ұшты» ойыны мен «Кім тапқыр?» ойынын қолданған өте ұнайды. Себебі, бірден бала сабаққа ынтасын аударады, қызығушылығы артады. «Ұшты-Ұшты» ойыны баланы шапшаңдыққа, алғырлыққа тартады. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Көбінде «Кім тапқыр?» ойынында мақал – мәтелдердің жалғасын, жұмбақ, жұмбақ-есептер жасуға арнаймын. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Мақал-мәтелдің мағынасын ұғу арқылы білім мен өмірді байланыстыра салыстыруды үйренеді, батылдыққа, өжеттікке тәрбиеленеді. Кез келген ұлттық ойындарды әдіс ретінде алса, пән тақырыптары тез, жылдам меңгеріледі деп ойлаймын. Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын

құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі. Қай кезден-ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген атам қазақ сәбидің зерек те зерделі, алғыр да тапқыр, ширақ та шымыр болып өсуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді ойлап тапқан. Дүниеге жаңа келген сәбиді бесік жырымен әлдилеп, ана тілінің нәрін, ата-бабасының әуезді әнін санасына сіңіруге тырысқан. Өсе келе ертегімен елітіп, мақал-мәтелдің мәнін түсіндіріп, жыр-дастанмен сусындатқан. Бабаларымыз осындай ұлттық құндылықтар арқылы ұрпақтың туған еліне, жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тәрбие бере білген. Осылайша дала даналарының көрегендігі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қала берді. Сол себепті сан жылдар бойы қазақ өз ұрпағына саналы тәлім-тәрбие беріп келді. Бабаларымыз бала тәрбиесінде ойындардың да үлкен рөл атқаратынын аңғарды. Сондықтан баланың зеректігін арттырып, зейінін ашатын, шынықтыратын, ширықтыратын сан түрлі ұлттық ойындарды тудырды. Қазақтың қайсыбір ойынын алып қарасаңыз да, тапқырлық пен табандылықты, біліктілікті талап етеді. Ал сол даналардан өрбіген бүгінгі қазақтың әр баласы ұлттық ойын туралы ойлана ма? Жастар ұлттық ойынды ұмытып бара жатқан жоқ па? Ұлттық ойынның ұлттық тәрбиеге әсері қандай? Бүгінгі әңгімеміз осы турасында өрбімек. Ұлт мектептерінде ұлттық ойындар қалай қолданылады, сабақтың тақырыбы ұлттық ойынды қолдану арқылы ашыла ма? Ал енді «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрді бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған». Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру ойнату әдісі деп қарамағаны анық. Жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Қазақтың ұлттық ойындарын оқыту процесінде қолдану мұғалімнің әдіскерлігіне байланысты. Балаларды демалдыру, сергіту мақсатында ұлттық ойын түрлерін қолдануға да болады. Ойнау, ойнату арқылы баланың ақыл-ойы кеңейеді, тілі дамиды, сөздік қорды байиды, зерек болады және денсаулығы нығаяды. Ойынды сабақта қолдану - оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын оқушының бойына сіңіріп, ұлтжандылыққа тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ әдіс десек болады. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі.

Қазіргі жаңа технология заманында оқушыларды қызықтырып, «асық», «бес тас» ойнағандар деп айту өте қиын іс екені анық. Сондықтан білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық ойындарды, спорттық ойын түрлерін, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып, пайдалануға болады. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Алдымен ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөліп алу керек. Мысалы, орта сынып оқушыларына эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыруға болады. Көп қозғалыс пен күшті талап ететін де ұлттық ойын түрлері бар, соларды әр дене шынықтыру пәнінде қолдану балалардың шымыр да ширақ боп өсуіне әсер етеді. Мысалы, «Арқан тартыс» ойыны күштілік пен шыдамдылыққа тәрбиелейді. Қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Оны оқыту процесінде қолдану - тиімді әдісі. Басқа пәндерде ұлттық ойындардың ішіндегі жарыс ойындарын көбінесе қорытынды сабақтарда пайдаланылады. Асықтармен топқа бөлініп, «Оқы да біл, ойна да күл», «Ойнайық та ойлайық», «Қыз қуу», «Сақина салмақ», «Тақия тастамақ», «Орамал» т.б. жарыс-ойындары әдіс ретінде де қолданылады. Оқушыларды әсіресе, «Бәйге», «Көкпар», «Теңге алу», «Көш», «Қарлы кесек», «Кім жылдам?» секілді танымдық, ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойын үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Оқушылардың ойын арқылы қызығушылығын туғызу мысалы, тарих сабағын алайық, тек қана тарихқа қызығушылықты туғызып қоймай, оқушылардың өмір тәжірибелерін кеңейтуіне, дүниені танып білу қабілеттерін жетілдіре түсуіне, тарихты басқа пәндермен байланыстыра қарауға үйретеді. Ендеше тарих сабағын танымдық, ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Ойын технологиясын қолдану арқылы тарих сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптасады. Еңбек, ойын және оқу ерте кезден ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ол балалар үшін кәмелетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Атақты педагогтар В.И.Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен. Қазақ халқының ұлттық ойындарының педагогикадағы ролі туралы алғашқы пікірлерін айтқан Д.А.Диваев, М.О.Әуезов. Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылады.

Бастауыш оқушысы қарапайым тілмен айтқанда әлі ойын баласы ғой. Ойын арқылы қызықтырып барып, теорияға біртіндеп ауысасың. Әр мұғалім технологиясының нәтижесін дұрыс болуы үшін мынадай жағдайларды ескеруі қажет:

1. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықталады.

2. Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын ала әзірленеді.

3. Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі қарастырылады.

4. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз етіледі

5. Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Тағы да, сөзіміз шындыққа жанасу үшін, бір пәнді, мысалы, тарих пәнін оқып үйрету барысында ойындардың алатын орны ерекше. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат - ойын әрекеттері арқылы оқушылардың ойын жүйелеп, өткен материалды бекітуге негізделсе, хронологиялық тапсырмалар, терминдер мен даталарды есте сақтауға үйретеді. Теориялық білімін практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Қазақ халқының шығармашылық дәстүрі «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, басты мақсатымыз ұрпақ тәрбиесі.

Ойын технологиясының тиімділігі. Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірбиесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу сырын ғалымдар жүздеген жылдар бойы зерттеп келеді. Оның шығу тарихы жайлы көптеген пікірлер бар. Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындаған. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни саяси маңыз берілген. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс құбылыс. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Сабақ процесінде пайдаланылатын ойындардың бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қарастыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылық, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - танымдық, тарихи ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады. Сабақтарда танымдық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, қорытындылау сабақтарында да пайдалануға болады. Ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Теория мен практиканың байланысы қалай болса, ойын мен сабақ мазмұны солай байланыста болғанда ғана сабақ өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б. Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары». Алматы, 1994 ж.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 1998 ж.
3. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. Петропавл, 2006 ж.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Утепова Г.У.

Қ.Дүтбаева атындағы

Атырау гуманитарлық колледж оқытушысы

Атырау қ.

Кілттік сөздер: Оқу үдерісі, ұлттық мазмұн, ойын, оқушылардың пәнге қызығушылығы, ынтасын арттыру.

Аннотация

Одно из эффективных средств воспитания и развития интереса к учебному предмету, в том числе математике, наряду с другими методами и приемами, используемыми на уроках, - игра, особенно народные казахские игры.

Annotation

One of the most effective means of education and the development of interest in subjects including mathematics, along with other methods and techniques used in the classroom - the game, especially Kazakh national games.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады. Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де мектептерде, оның ішінде бастауыш мектептерде математиканы оқытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау - кезек күттірмейтін іс.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында математика пәнін оқытудың мақсаты: «...практикалық қызметте пайдалануға, іргелес пәндерді оқып үйренуге білім алуды жалғастыруға қажетті нақты математикалық білімді меңгерту», – деп анықтайды. Жалпы білім беретін мектептерде математикадан сапалы білім беру мәселесі Қазақстанда А.Е.Әбілқасымов, Б.Баймұханов, М.Е.Есмұқан, А.Көбесов, Ә.К.Қағазбаева, А.М.Мүбәрақов, Д.Рахымбек, О.Сатыбалдиев және басқалар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдерінде И.Б.Бекбоев, В.А.Гусев, В.А.Далингер, Ж.Икрамов, А.И.Мордкович, В.А.Оганесян және басқалар тарапынан зерттелген. Бастауыш мектепте математиканы оқыту ерекшеліктері Ә.Б.Ақпаева, Ж.Т.Қайыңбаев, М.И.Моро, Т.Қ.Оспанов, А.М.Пышкало және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертеді делінген.

Бастауыш мектептерде оқыту барысында ойын элементтері үнемі қолданылғанымен, оқыту әрекеттері алғашқы орында тұрады. Кіші мектеп жасындағы балаларды компьютерді қолдана отырып оқытудан байқағанымыз оқыту мен ойынның, оқу материалы мен ойыншықтың, ойыншық пен оқыту ойынының арасын ажырату қиын-ақ. Алдыңғы қатарлы педагогикалық әлеумет материалдың маңыздылығы мен ғылымилығын жоғалтпай, оқуды қызықты етуге болатынын жоққа шығармайды, сондай-ақ оқыту мен ойын толық үйлесімді мәселе болып қалыптасты. Оқыту барысында компьютерлік техниканы қолдану бастауыш сынып оқушыларын қызықтырады, өйткені олар оны бейне ойын ретінде қабылдап, бірақ өз қателіктерін тез түсінеді, себебі компьютерлік оқыту ойындары ойын элементтерінен тұрмайды, олар әдетте білімді қайталауға және тексеруге бағытталған. Баланың назарын аударатын нақты бағдарлама емес, ойыншықтың өзі де айтарлықтай қызығушылық тудырмайды, тек компьютер – таңғажайып зат және бала оны басқарудан үлкен әсер алады, және нәтижесінде ғана ақпараттануға қызығушылығы пайда болуы мүмкін.

Ойын мен оқу – біртұтас зерделі үрдіс және бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауда ойын атмосферасын құру өте маңызды.

Оқытудың алғашқы кезеңін бастауыш мектеп десек, онда бастауыш сыныптардың болашақ педагогтарын дайындаудың іргесін нығайту керек.

Қазіргі студенттер болашақ маман ғана емес, олар ұлт тәрбиешілері, қазақ халқының ұлтжанды болашағын қалыптастырушылар. Сондықтан, математика пәніне ұлттық мазмұндағы ойындарды қолдану тиімді деп санаймын.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Сондықтан, келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталады. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түсетіні белгілі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Ойынға толық сынып қатысады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Өтілген тақырыптардағы сабақ материалына лайықталған ойын есептерін алып, тек ғана оқушының орындай алатын іс - әрекетімен шектелу жеткіліксіз. Мұндай ойынды ұйымдастырудың және басқарудың сипаты мен жолдары және жолдары және оларды қолданудың тиімді бөліктері жан-жақты ойластырылуы керек. Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі.

Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптары оқушыларының ой-өрісін дамытатын «Сақина тастау» ойыны. Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі қосу және азайтуға берілген мысалды тақтаға шығарып, сақинаны өзі қалаған оқушыға салады. Ойын осылайша жылдам түрде жалғасады. Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының ерекшелігіне, оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескере, дүниедегі жақсы жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - деді Абай Құнанбаев. Бұл пікір ойынға да толық қатысты деп ойлаймын. Ойынға қатыспай тұрып, оған күні бұрын тер төгіп, еңбек етуге тура келеді. Ол үшін алдымен ойынға әзірлігімізді, кімдер даяр екенін «Үндемес» ойыны арқылы көрейік.

Ойында 2-нің көбейту, бөлу таблицалары қайталанып, оқушылардың қаншалықты меңгергендігі айқындалды. Әрбір карточканың жауабын тауып шешкен кезде карточка сыртынан атқа байланысты салынған ойын бейнелері шығып, оқушылар білетіндерін атап, қайдан көргендерін әңгімелейді. Бұл ойындар: «Қыз қуу», «Бәйге», «Көкпар», «Бұғалық тастау», «Күміс алу» «Аударыспақ». Бұл ойындардың бәрі де әділдік пен адамгершілікке негізделген. Сондай ойындардың бірі - «Бәйге жарыс» ойыны былай жүргізілді: Ойынға қатысушы сынып оқушылары «Исатай», «Махамбет», «Сырым» ауылдарына бөлініп, әзірленген киіз үй макеті қойылады. Мынау далада жүрген үйір-үйір жылқының ішінен әр ауыл бәйгеге қосатын өз аттарын таңдап шығулары керек. Әр аттың сыртында оқушылардың бір-екі танбалы сандар туралы білімдерін байқау үшін тапсырмалар берілген. Кімде-кім тапсырманы дұрыс әрі тез орындап көзге түссе, ол өз ауылының атын әкелу құрметіне ие болады. Осылайша ауызша жауаптар тыңдалып, бәйге аттары іріктелді. Бәйге атының озып келуі, аттың күшін дұрыс пайдаланып, оны баптап, жаратуға байланысты. Енді аттың бапкерлерін белгілеуде теңдік, теңсіздік туралы қайталап, өз беттерімен жұлдызшалар орнына тура теңдік, теңсіздік шығатындай тиісті таңба қою керек. Берілген өрнектер жазылып, үш ауыл өз тапсырмаларын орындайды.

Тексеріліп, теңдік деген не? Теңсіздік деген не? –сұрақтарына жауап алынады. Осы кезде үй тапсырмасын үш ауылдан үш оқушы тақтаға орындап, белгісіз бөлінгіш, бөлгішті табудан білім деңгейін көрсетеді. Өз бетімен жұмыстың нәтижесі жарыс атын бапкерлері, алғашқы бәйгеге шабатын баланың үй тапсырмасының қорытындысымен белгіленеді.

Сергіту мақсатында «Ер қанаты-ат» туралы тақырыпқа оқушылар мақалдар айтудан жарысады: мысалы, «Арық атқа қамшы ауыр», «Тай атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді», «Ат үсті желді болады» т.б.

Осы кезде күйтаспадан күй атасы Құрманғазының «Сарыарқа», «Балбырауын» күйлері, тыңдалып, жарыстың басталғаны хабарланады.

Ойынның жарыс алаңы сызылған таблица ілінеді. Жарыс өтілетін жерге ойлы-қырлы, жасанды бөгесіндер белгіленеді. Жол бойына белгілер қойылады. Әр тапсырма орындалған сайын атымыз ілгері жылжиды. Бәйгеге қатысушы мен оның атына жоғары талап қойылатыны түсіндіріледі, жауаптарына қарай балалар атқа алмасып отырады. Жарыста үй тапсырмасымен сергіту сәтінде белсенділік көрсетілгендер айқындалады. Сонымен қандай ойын ойнаса да, ол іс-әрекет арқылы іске асады. Ойын кезінде оқушының қоршаған ортаға қатысы дами түседі.

«Көрші-көрші» ойынының мақсаты 10 көлеміндегі сандардың ретін меңгеру. Яғни, мұғалім бір санды атайды, «Жеті» дейді жеті саны тағылған бала ілгері шығып, балалардың алдына тұрады. Соңа соң мұғалім бұл санның көршілері қатарына тұрындар дейді. 6,7,8 сандарын құрады. Одан соң 6 және 7 сандары салыстырылады. 6-ның 7-ден біреуі кем, 6-ға 1-ді қоссақ 7 болады. 6 саны 6 бірліктен тұрады. Одан соң 7,8 т.с.с. Алайда, ойын арқылы есептер мен тапсырмаларды орындау ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттарына жету үшін пайдалану орынды. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, еркі қасиеті, қабілеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың жан-дүниесіне әсер етіп, оның рухани адамгершілік сезімінің дамуына ықпалын тигізеді. Халқымыз ойынға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Жаңылтпаш, жұмбақ санамақты айту арқылы бала әрі сан, жұмбақтың шешуін тауып, ойын дамытады. Оқушылардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру - мұғалімнің негізгі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, түрлі дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Санамақ айтыста бала санға ұйқас сөз табу арқылы, ақындық қабілетін байқайды. Егер ол ұйқас таба алмаса айтыста жеңілген болып табылады.

Жалпы қорытындылай келе, мектеп оқушыларына математика сабағында ойын - тиімді тәсіл

екендігіне көз жеткізіп жүрміз. Практикант студенттердің іс-әрекеттерін бақылап, талдау барысында ойын арқылы - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруға әсері мол екендігі байқалады.

Оқыту пәніне оқушының қарым-қатынасы (қызығушылығы, танымдылықты) көп жағдайда оқушының мұғалімді тұлға ретінде қабылдауына байланысты (себебі мұғалім мотивтендіру жағдайында ең басты рол атқарады), ал ойын бала үшін ең ұтымды мотив. Сондықтан математиканы ойындармен, әсіресе ұлттық ойындармен тығыз байланыстыра білу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нагибин Ф. Развивающие игры. М.: Просвещение, 1985.
2. Құлбаева С. Ойын әдісімен // Бастауыш мектеп. №3, 2004, 37-38 б.
3. Керімбаева Р. Ойын түрлері және оның ерекшеліктері // Бастауыш мектеп №3, 2008, 11-12 б.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДАҒЫ РОЛІ

Қайруллина Ж.Б.

*Қ.Дұтбаева атындағы Атырау
гуманитарлық колледжі оқытушысы
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Халық педагогикасы, дүниетану пәні, дүниетаным, білім беру үдерісі

Аннотация

В статье выявлены условия обеспечения эффективности уроков естествознания на основе народной педагогики в современных условиях.

Annotation

In the article revealed the conditions for software the effectiveness of the lessons of natural sciences on the basis of natural pedagogy in modern conditions.

Халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бергі ата- бабадан қалған, ұрпақтан- ұрпаққа өлмес мирас, өмірлік мұра болып келе жатқан тәрбие жөніндегі, баланы бағып- қағып өсіріп, азамат етіп шығару мәселесі туралы жинақталған іс-тәжірибесі. Терең мағынасында, ол-адамды зерттеу, жан-жақты білу, адамдық болмысын анықтау. Халық педагогикасының қағидалары бір ұрпақтан екіншісіне жалғаса отырып, бірте-бірте сұрыпталып, өңделіп, қорланып, бай тәжірибемен кемелденіп, «халық айтса, қалт айтпайды.» дегендей дәрежеге жетіп, үнемі дамып отырды. Халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Мәртебесін төрі деп білген, ізеттілігін кейіннен таныған, татулығын, абысыннан тапқан, қызын – арға, ұлын – қарға балаған, дархандығын даласымен өлшеген, өткірлігін – қылышқа, намысын найзаға теңеген. Баланың бірінші тәрбиешісі әрі ұстазы әжесі мен атасы болған. Олар ұл қызына, жас буынға аға буынның- алдыңғы ұрпақтың арлы, ақылды, адал ниетті адамдарын үлгі – өнеге етіп ұсынады, болашақ ұрпақты солардың өнеге – өсиетімен тәрбиелейді.

Халық педагогикасы өмір тәлімі, адамның адамгершілігі ұлтына, тарихына, дініне тіліне деген адалдығы мен сүйіспеншілігі.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың: «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім», - деп атап көрсеткеніндей, рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім ғана ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана - болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтушы ұрпақ. Ата-бабадан қалған өшпес мұра, мол қазынаны қабілеті жоғары ұрпақтың бойына дарыту – мектеп міндеті. Қазір бала тәрбиесін бүгінгі теледидарға, компьютерге жүктедік. Ғалам қаншалықты өзгеріске ұшыраған сайын да сонымен бірге жаңа өзгерістерге ұшырайтыны ақиқат. Осындай кезде адам өзінің тектілік, ұлттық тәлім-тәрбиесінің негіздері болып табылатын халықтың үлгі-өнегеден қол үзбеулері ауадай қажет.

Халық дәстүрінің қағидасы бойынша үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, иманжүзділік, қонақжайлылық, бауырмалшылдық, балажандылық, ақкөңілділік, қайырымдылық, ақынжандылық, шешендік, сергектік, зеректік, сезімталдық сияқты қадір-қасиеттерді құрметтеу, игі іс болып есептеледі.

Байқап қарасақ, халық даналығы мен дінінің тәрбие жөніндегі пікірлері өте ұқсас. Екеуінің де негізгі мақсаты адам баласын асып-таспауға, адамгершілікке, имандылыққа, қанағатқа білім-ғылымға шақырып, олардың ынтымағын талап етеді.

Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысына енгізудегі басты мақсат оқушыларды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, халқын, отанын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу, олардың білімге деген ынтасы мен қызығушылығының көрсету, алған білімін табиғат, тұрмыс, өмір заңдылықтарымен байланыстырып, тәжірибеге қолдана отырып білуге, олардың ойлау қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, еңбекқорлық пен шынайы шеберлікті үйрету.

Соңғы жылдарда оқу тәрбие процесінде халық педагогикасын енгізу кәсіптік білім беру мекемелерінде

жан-жақты өріс алып келеді. Мектептер, оқу орындарында, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері жеткіншек ұрпаққа ұлттық мәдениетті, салт – дәстүрлерді үйретудің, олардың санасына сіңірудің түрлерін іздестіруде. Халықтық педагогика негіздерін оқытуда оқушыларды халқымыздың, ұлтымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеуге, ұлтымыздың асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіруге өсіруге мүмкіндік ашты. Халықтық педагогиканы оқу тәрбие жұмысының әр түрлі салаларына енгізіп, оның тәлімдік аясын кеңейтудің маңызы зор. Қорыта айтқанда, халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық педагогикасында ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі, жастар арасындағы тәрбие жұмыстарының мақсаттары, міндеттері мен тәсілдері, олардың бір-бірімен байланысты жинақталған. Сондықтан тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне, республикамыздың тәуелсіздік алуына байланысты тарихымызда, мәдениетімізде бүкіл адамгершілік рухани қазынамызды ғылыми жүйеге келтіріп, оны ұрпақ тәрбиесіне орынды пайдаланатын кезең жетті. Бұл салада ұстаздар мен әдіскерлердің, мектеп басшылары мен оқу бөлімдерінің алдында күрделі де жауапты міндеттер тұр.

Халық педагогикасы – бұл ұлттық қазына, кең өріс ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ш. Уәлиханов, Ы Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, т.б. педагогикалық ой-пікірлерді дамытқан қазақ халқының ғұлама ғалымдары. Бұл демократ – ағартушылардың еңбектеріндегі қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлері, мақал-мәтелдері, фольклорлық жырлары мен көркем шығармалары, тілі мен мәдениеті ұлттық тәрбиенің құралына айналады.

Тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысты тұңғыш қарастырушы К.Д.Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып “Тәрбие көзі - халықтық педагогика” деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы педагог Ы. Алтынсарин мынадай адамгершіліктің түрлерін атап көрсетеді, 7 жақсы қасиет:

Бірінші: Иmandылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық

Қазақ халқының ұлы педагогы, этнографы, жазушысы Ы. Алтынсарин өзінің әдеби және педагогикалық еңбектеріне қазақтың фольклорын, мыс, түрлі батырлар жыры, сол сияқты жақсылық пен жамандыққа тән тәрбиелерді де талдап-талқылап, маңызын, түсіндіре білді. Ы. Алтынсарин өзінің еңбектерін жеке адамның жоғары қасиеттерін қалыптастыруда еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің ерекше орын алатынын атап көрсетті. Кемеңгер ұстаз Ы. Алтынсариннің ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт дәстүрлерінің қайта жанарту кезінде кең мағынада насихаттау әрбір ғалымының, мұғалімінің, ата-аналардың борышы болуы қажет.

Халық педагогикасын дамытуда қазақтың асқан ақыны, педагогі М. Жұмабаев үлкен үлес қосты. Ол бала тәрбиесі туралы жазған өлеңдерінде өзінің терең педагогикалық ойларын ортаға салды. Балалық шақ әлемінде өмірді қызықты өткіз, білім алуға тырыс, білімді адам адам ел басшысы және мейірімді, көреген азаматы бол деп тілек берген. Бастауыш мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеу әр түрлі ұйымдастыру формаларында өтеді. Оқу жұмысының әрбір формасы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің сипатына, оқушылар құрамына, оларды сабақ кезінде ұйымдастыруға, сонымен бірге оқу уақытының режиміне байланысты.

Дүниетану сабағы бұл пән бойынша оқыту мен тәрбиенің негізгі ұйымдастыру формасы болып табылады. Сабақ мұғалімге әр түрлі әдістер мен тәсілдер жүйесін қолдана отырып, негізгі дүниетану түсініктері мен ұғымдарын қалыптастыру бағытында жоспарлы және мұқият жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бастауыш мектептегі оқушыларға халықтық педагогиканы оқып үйретуде дүниетану сабағының маңызы зор. Оқушылар дүниетану сабақтарында кейіннен орта мектепте өсімдіктану, жануартану, физикалық және экономикалық география, тіршіліктану сияқты пәндерді өтуде қажетті білім, іскерлікпен дағдылар алады.

Мысалы, «Қонақжай» тақырыбында қонақ күту – қазақ халқының дәстүрінің бірі. Бұл адамдар арасындағы қатыстың көрінісі екенін түсіндіру. Қонақ күтудің ерекшелігін, оған балалардың және отбасының әр мүшесінің қатысын, «қонақжайлылық», «меймандостық» деген ұғымдар түсіндіріледі.

«Сыйластыққа себеп көп» тақырыбын өткен кезде халық арасындағы бір-біріне деген сый-сияпаттың түрі көп. Оның бәрі адамдар арасындағы, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым қатынасынан туады. Әр түрлі отбасылық дәстүрді сақтаудан сыйластық туындайтынын түсіндіріледі.

Дәстүр ұғымына жаңаша көзқараспен қарасақ, онда ол үш нәрсемен сипатталады. Біріншіден, дәстүр дегенің – жалпыхалықтық. Олай деуге себеп – оның өзі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, халықтың әлеуметтік, психологиялық, мәдени, толып жатқан басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты. Екіншіден, дәстүрдің тағы бір сипаты – тұрақтылығында. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді. Үшіншіден, дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Егер осы сипаттамаларға тереңірек үңілсек, онда ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлт өмірінің желісін үзбей, біріктіре отырып берілетіндігін аңғарамыз. Әдетте бір ұлтқа жататындығы да осыған қарап анықталады. Көне грек ғұламаларының айтуына

қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз. Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толыққанды өкілімін деуге құқылы- дейді грек ойшылдары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақбаев Н.«Ата салтынды аяла». Алматы, 1998ж.
2. Х. Табылдиев «Халықтық тағылым» 1996ж
3. Қ. Сейталиев «Педагогикалық ізденіс». 1998ж.
4. К. Қожахметова «Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі - біртұтас». «Ұлт тағылымы» журналы 2005жыл.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Артигалиева А.Т.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Джармухамбетова Г.З.

оқытушы

Орал қ.

Кілт сөздер: Болашақ мұғалім, кәсібилік, тұлға бағыттылығы, тұлғалық ерекшеліктер, кәсіби-тұлғалық даму.

Аннотация

В статье были рассмотрены вопросы реализации профессионального потенциала будущих учителей. Проанализированы профессиональные качества, личностные особенности необходимые для формирования профессионального потенциала студентов. Рассмотрены и проанализированы труды ученых, исследовавших проблемы профессионального потенциала.

Annotation

The questions of future professional potential of teachers were considered in the article. Personal and professional potential of students from properties that is important in forming of professional services, personality descriptions were analysed. Professional scientists, to consider potential considered and analysed.

Қазіргі қоғамдағы білім берудің мақсаты – студенттің тұлғалық және кәсіби тұрғыда дамуы болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін болашақ мұғалім бойына мектепте қызмет ететін маман ретінде оларға білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты айқын көрсетілуі тиіс. Оған оқу процесінің тиімділігі, сабақтардың жүйелілігі мен сапасы, бағдарламаның орындалу барысы, білімнің тереңдігі бүкіл оқу тәрбие жұмысын дұрыс жоспарлауға игі ықпал етеді.

Болашақ мұғалім — біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Сондықтан да болашақ мұғалімнің кәсіби бейімделу аясына негізінен мыналар кіреді деп есептейміз: кәсіби бағдар, кәсіпке дайындық, кәсіби орнығу, мамандық бойынша студенттердің білім алу ерекшеліктері, еңбек жағдайлары. Бірақ, әр түрлі бейімделу түрлері маманның қалыптасуына әр түрлі әсер етеді. Оның ең негізгісі кәсіпке бейімделу болып табылады.

Болашақ мұғалім үшін оның өмірлік іс-әрекетіне мамандықты меңгеру мәселесі үлкен орын алады. Ол алдымен мамандықты оқып үйренуге, дайындыққа көңіл аударса, одан кейін мамандықты терең меңгеруге, кәсіби шеберлікке ұмтылуы қажет. Кәсіби әлеует — педагогтың негізгі сипаты. Кәсіби әлеует жоспарлаған нәтижеге қол жеткізу, өзінің қалауын шынайы түрде жүзеге асыру, әрекет ету, жасау, белсенді ойлау қабілетін дамыта отырып, кәсіби білім, білік негізінде анықталады [1].

Сондықтан тұлғалық әлеует кәсіби қызмет аясында келесідей кәсіби маңызды қасиеттерді қарастырады:

1. Қарым-қатынасшылдық - адамдарды өзіне тарта білу қабілеті, оларда сенім қалыптастыру.
2. Көшбасшылық - ұжым жұмысына әсер ете білу қабілеті, өзара қарым-қатынасты реттеу, алға қойған мақсатқа қол жеткізу.
3. Ұжымда жұмыс жасай алу - ұжымда белсенділік пен жаңашылдық қалыптастыру.
4. Кәсіби құзыреттілік - білім, тәжірибе, дүниетаным, кәсіби міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді.
5. Адамгершілік - сезгіштік, адамдарға назар аудару білу, олардың қадір-қасиетін құрметтеу жатқызылады [2].

Студенттердің оқу іс-әрекетінің нәтижелілігі, оған бейімделу көптеген факторларға байланысты. Оған

студенттердің танымдық іс-әрекетін реттеу функциясы, өмірлік жоспары мен қызығушылықтары, мотивтері, құндылықтық бағдарлардың басым болатын түрі, ұмтылыс деңгейі, мінез-құлықтарын саналы басқара алуы т.б көптеген факторлар үлкен ықпал етеді.

Мұғалім мамандығына бейімделу мәселесі кезеңінде студент болашақ мамандығы бойынша еңбек талаптары мен ерекшеліктерін меңгеру керек. Ол мамандықты меңгеру кезеңіндегі тұлғаның кәсіби қасиеттерінің қалыптасуынан, еңбек дағдыларынан көрінеді. Болашақ мұғалімдік кәсіпке бейімделу студенттің жаңа ұжымға сіңуіне, енуіне әсер етеді. Ол жаңа ұжымға, еңбек талаптарына, кәсіби іс-әрекетке қатысу үдерісі және кәсіби қызығушылықтарының, жеке сапалардың осы іс-әрекет талаптарымен арақатынасын көрсетеді.

Тек адамның физикалық және эмоционалдық, рухани табиғатына бағытталған кешенді тұрғы ғана, тұлғаның және тұлғалық әлеуеттің дамуын қамтамасыз ете алады.

Студенттің тұлғалық әлеуетін тиімді қалыптастыруда 5 негізгі бағыттағы кешенді жүзеге асыратын психологиялық дайындық алынады: 1) когнитивтік; 2) мотивациялық; 3) операционалдық; 4) рефлексивті; 5) рухани дайындық.

Яғни, студенттің тұлғалық - кәсіби әлеуетін қалыптастыру – бұл тәрбие мен білім берудің өзекті міндеті болып саналады. Демек, тұлғалық өмір сүру болмысын қамтамасыз ету міндеті көзделетіні байқалады. Ондай жағдайда болашақ мұғалімнен ең алдымен оның мәдени әлеуеті, тұлғаның әлеуметтік мәні бар, зияткерлік әлеуетін, өз қабілеттерін адамның өмірлік тәжірибесінде оңтайлы қолдана алу шеберліктері ескеріледі.

Осы мәселе төңірегінде, яғни мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне, ерешеліктеріне қатысты ғалымдардың ойлары бар. В.П.Беспалько, К.А. Абульханова-Славская пікірінше, мұғалім:

-жақсы кәсіби дайындығының, психология, педагогика салаларынан, инновациялық оқыту технологияларынан білімі жетік болуы;

- жоғары дәрежелі мәдениетке ие болуы;

- қоғамдағы қазіргі инновациялық технологияларды, педагогикалық-психологиялық үрдістер туралы ақпараттан хабардар болуы;

- түрлі әлеуметтік топпен жұмыс істеуге қабілетті болуы;

- жоғары дәрежелі тұлғалық әлеуеті болуы;

- қоршаған адамдарға, көпшілікке сүйкімді, сеніміне ене алатын кәсіби өнегелік қасиеттерінің болуы;

- эмоционалды жағдайда өзін-өзі ұстай алатын, өз міндетін әділ орындай алатын дағдыға ие болуы;

- іс-әрекет барысында туындайтын стандартты емес жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай алатын, өз ойын нақты, сауатты, түсінікті білдіре алатын шеберлігі болуы тиіс [3].

Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мұғалімнің кәсіби қызметі үздіксіз тұлғалық қарым – қатынаста көрінеді. Тұлға әрқашан дамуды қажет ететіндіктен өзін-өзі жетілдіріп отырады. Ал бұл жолда жоғары кәсіби жетістіктерге бағдарланған өзін-өзі дамыту, кәсіби әрекет және кәсіби өзара әрекетте жүзеге асатын тұлғаның қалыптасу процесі басшылыққа алынады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметте жетістікке жетуі үшін маңызды сапалары тұлғаның өзінің қабілеттері мен ұмтылысын дамыту болып табылады. Н.В. Кузьмина кәсіби және тұлғалық дамудың өзара байланысын және олардың бір – бірінен бөлінбейтінін: «... екі ұғымның да негізінде тұлғалық қабілет жеке өмірлік әрекетті практикалық білім беру пәніне айналдыратын, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру - тұлғалық өмірлік әрекетті жоғары формаға әкелетін өзін-өзі дамыту принципі жатқанын» көрсеткен [4].

Мұғалімнің тұлғалық - кәсіби дамуы жоғары мәнге ие және дамытушы, өндіруші, мағыналы-бейнелік, сәйкестендіру және тұрақтандырушы қызметтерді атқарады. Оларға тоқталатын болсақ:

Өндіруші қызмет өмірдің сапалық өлшемі рөлін атқарады. Ол өзін-өзі жүзеге асыруда көрінетін құндылық; тұлға еркіндігінің кепілдігі мен шарты; негізгі қажеттіліктер; тұлғаның жетілу және үздіксіз даму үрдісі; тұлғаның барлық элементтерінің бірлігі мен үйлесімділігі; психикалық саулық пен ұзақ өмір сүрудің факторы ретінде қамтамасыз етіледі.

Дамытушы қызмет мұғалім тұлғасының маңызды күш-қуатының дамуына әсер етеді.

Мағыналы-бейнелік қызмет мұғалімге педагогикалық қызметтің шынайы мәнін қабылдауға мүмкіндік береді, жеке өмірлік мәнін іздеуде және соған ие болуда өзінің үлесін қосады.

Сәйкестендіру қызметі мұғалім кәсіби-педагогикалық мәдениет құндылығын дербес тасымалдаушы болғандықтан оның тұлғалық кәсіби сәйкестігін дер кезінде қамтамасыз етеді.

Тұрақтандырушы қызмет мұғалім педагогикалық қызметте үнемі өзара диалогта болатын дәстүр мен инновация арасында оңтайлы пропорционалдықбайланыс құрады, сол арқылы дәстүрдің шығармашылық дамуы мен шығармашылық үрдіс қалыптастыру мүмкін болады [5].

Тұлғалық әлеуетті қалыптастыру жалпы (психофизиологиялық, зияткерлік), арнайы (кәсіби-біліктілік) және ерекше (ұйымдастырушылық, шығармашылық т.б.) тұлғалық қабілеттердің диалектикалық бірлігі негізінде жүзеге асады.

Сонымен, тұлғалық әлеует құрылымына мынандай элементтер жатады:

- кәсіби құзіреттілікті құрайтын кәсіби білім, білік және дағды (біліктілік әлеует);

- жұмысқа қабілеттілік (психофизиологиялық әлеует);

- зияткерлік, таным қабілеттері (білімдік әлеует);

- креативті қабілеттер (шығармашылық әлеует);
- ынтымақтастыққа, ұжымдық ұйымға және өзара әрекетке қабілеттілік (коммуникативті әлеует);
- құндылықты - мотивациялық сала (идеялық-дүниетанымдық, адамгершілік әлеует).

Б.С. Генкиннің пікірінше, адам әлеуетінің негізі болмысынан тұма берілген сапалар. Олардың дамуы және жүзеге асуы үш негізгі жүйемен анықталады: отбасы, ұжым және қоғам.

Өз кезегінде әлеует төрт әлеует негізінде анықталады:

1. гносеологиялық (жаңа идея, ойлардың пайда болу үрдісі);
2. аксиологиялық (идеалға қол жеткізу, қажеттіліктер мен қызығушылықтардың қанағаттандыру тұрғысынан туындаған идеялар мен ойларды таңдау және бағалау);
3. туындаушы-тәжірибелік (адамның идеяларды іске асыру біліктері және қабілеттерінің жиынтығы, іс-әрекет объектісін өзгерту).

Тұлғалық қасиеттерді дамыту жұмыстың немесе оқудың бөлігі, ойлау түрі, студентті шығармашылыққа, жаңашылдыққа, инновациялық идеяларды іздеу мен оларды жүзеге асыруға итермелейтін процесс болуы тиіс. Тұлға таным мен іс - әрекеттің субъектісі ретінде сол қалпында өмірге келмейді, ол бұл дәрежеге қалыптасу барысында жетеді. Ол үшін іс – әрекет тәсілдерін, қажетті білім мен әлеуметтік тәжірибелер жиынтығын өмір бойы меңгереді. Ал олардың тұлғалық бағыттылығы, игерген тәжірибесі, тұлғалық ерекшеліктері өзгеріссіз қалып, тұлғалық және кәсіби әлеуетін қалыптастырудағы негізгі жүйелердің алғашқыларының бірі болуына септігін тигізеді.

Қорыта келе, кәсібилік - адам өмірінің үлкен бөлігін қамтиды. Олай болса, жоғары кәсіби және әлеуметтік мәртебесі бар, жағымды әлеуметтік маңызға ие, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби жетістіктерге бағдарланған кәсіби әлеуеті қалыптасқан маман ең бірінші, ұстаз кәсібилігіне, шеберлігіне байланысты. Педагогтың кәсібилігін арттыру және дамыту мәселесі қай кезеңде болмасын өзекті орынға ие болып қала беретіні анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Э.Ф.Зеер. Психология профессионального образования. М.2003г.
2. Базарова Т.Ю., Б.Л.Еремина.Управление персоналом: Учебник для вузов– 2-е изд., М.: ЮНИТИ, 2005. 96-102 с.
3. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности.- М.: Наука, 1980.-258с.
4. Кузьмина Н.В. Акмеология — новый этап развития петербургской научной школы психологов Б. Г. Ананьева. /Под общ.ред. А.А. Деркача. — М.: РАГС, 1998.
5. Копылова Н.В. К вопросу о становлении личностно-профессиональных качеств будущего специалиста // Вопросы психологии. – 2005, – № 1.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Сарсенова А.К.

*Қ.Дұтбаева атындағы гуманитарлық колледж
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: Химия, этнопедагогика, пәнаралық байланыс

Аннотация

«Межпредметность - важный принцип в образовательном процессе. Учитель должен научить школьников применять знания и умения из народной педагогики на уроках химии.»

Annotation

"Interdisciplinary communication is important principle in an educational process. A teacher must teach schoolchildren to apply knowledge and abilities from folk pedagogics on the lessons of chemistry".

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ш.Айтматов: "Өзінің және басқа халықтың даму тарихын білмеген адам, қоғамның алға даму тарихынан тыс қалып, бір күндік қане өмір сүреді" деген.

Қазіргі таңда жастар арасында бой алдырған жағымсыз қасиеттер мен сүренсіз іс – қылықтардың етек жаюы – халықтық тәрбиенен қол үзіп бара жатқанымыздың нәтижесі екені даусыз.

Жас ұрпақтың санасына батыстық құндылықтар мен нормалардың, тұрмыс – салт үлгілерінің ықпал ете бастағаны да жасырын емес.

Академик Г.Н.Волков: "Батыстан келген бұл рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, түрлі сындардан өткен, халықтың бай тәжірибесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ" – деп тұжырымдайды.

Этнопедагогика өзінің ғылыми қалыптасып дамуында педагогика, философия, психология, анатомия мен адам физиологиясы, жаратылыстану, гигиена, математика, кибернетика және т.б. ғылымдардың идеяларын пайдаланып жетілуде. Құрылымында этнопедагогика элементтері бар немесе өзге өлшем мен көрініс беретін

сабақтар жобаларын сыныптан тыс жұмыс түрлерін дайындап, өткізу, этнопедагогикалық тақырыптарды үйірмелер жұмыстарының бағдарламаларына енгізу, этнопедагогикалық факультативтер ұйымдастыру, халық педагогтары шығармалары бойынша сынып сабақтары циклін ұйымдастыру, тарихи этнопедагогикалық тақырыптамалар бойынша жоғары сыныптар үшін кештер дайындау, арнайы этнопедагогикалық газеттер, хабарламалар ұйымдастыру және өткізу әдістері жайлы біріділікпен баяндаудың студентті этнопедагогика материалдарымен жұмыс істеуге баулудың біздің оқу орнында мәні ерекше.

Халықтық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын пайдалану, химия пәнінің әр тарауларынан өткізген сабақ түрлері оқушылардың пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тарауды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге, материалды толық меңгеруге көмектеседі. Сонымен бірге оқушы ойын дамытып, өзіндік пікір айтуға үйренеді. Оқушыны құрғақ жаттандылықтан аулақтап, дербес ойлап, әрекет етуге жетелейді.

Халықтық педагогикасының тағылымдарын химия сабағында қолдану- оның білімділік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мән бар.

Халықтың тірнектеп жинаған оқу-тәрбие ісінің бай тәжірибесін аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу- әрбір ұстаздың міндеті.

Халықтық педагогиканың негізгі көздер мақсаты- өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер білім машықтарын меңгеруде, отбасы , ауыл-аймақтың, отан сүйеге, ар-намысын қорғауға және т.б ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Қазақ халқы өзінің барлық ойын сауығында, ертелі кеш отбасында жұмбақ, ертегі, жаңылтпашсыз өткен күндері болмаған.

Қазақ халқы жұмбақ шешу ойындарын әрбір құбылыстың өзіндік дербес қасиетін дәл келтірумен қатар, екінші бір затқа не құбылысқа ұқсастығын салыстыра отыра, баланың өзін қоршаған табиғат әлеміне: аспан, жер, су, жан-жануарлар, от пен жарық, тұрмысқа қажетті бұйымдар мен жабдықтар, өмірде кездесетін құбылыстар мен заттарға зейін қойып, бақылау, байқау, қабілеттерін ояту мақсатында пайдаланған.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан үйрету даналығы өзіне халық шеберлері, білгірлер, ұсталар мен диқандар, суретшілер мен сәулетшілер, малшылардың терең және сан түрлі білімдерін шоғырландыратынын байқатады. Олардың тәжірибесі этнодидактика арқасында ұрпақтан ұрпаққа көбейтіліп, беріліп отырды.

Қазақ халқының өмірімен табиғатпен тығыз байланысты болған. Олар табиғат заттарды өте ұқыпты пайдалануға ерекше назар аударған. Табиғат өнімдерін бір-біріне қосу арқылы тұрмысқа қажетті заттарды алу жолдарын меңгерген. Өнімдерді қалдықсыз, үнемі пайдаланған.

Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор.

Сондықтан, химия пәнін оқытуда халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал- саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады. Мысалы, химия сабағында этнопедагогика элементтерін енгізіп өткізген сабақтарыма тоқталсам, “Металдар” тақырыбын өткен кезде, химияға қызығушылығын арттыру мақсатында халық шығармашылық материалдарын қолданудың маңызы зор. Олар үй тұрмысында, зергерлік бұйымдар ретінде күнделікті өмірде таныс.

Сабақта сұрақ- жауап, жұмбақ шешу, мақал- мәтелдер жалғастыру, өлең жолдарының мәнін түсіндіру, тірек сөздерге сөйлем құрау, т.б. әдістер қолданылады.

Мысалы, сұрақ- жауап:

1. Адамзат баласына ертеден таныс металдарды атаңыздар?

Зергерлік қандай өнер бар?

Қазақтың металдан жасалған ыдыстары?

Темірдің қазақ халқының тұрмыстық өміріндегі рөлі?

2. «Атадан қалған ақсауыт

Жағасы алтын, жеңі жез...

Алтын қалпақ дулыға...» деп көшпелі халықтың тіршілік болмысында әрі киім, әрі қорғаныс құралы, әрі қару жарақ болған химиялық элемент не? (жауабы: темір)

3. Зергер сөзінің мәні – қазақта әсемдік заттар қыз балалардың әшекей бұйымдарын жасайтын адамды зергер дейді

Зер сөзінің мәні- адамзаттың ойлау қабілетін белгілі бір затқа көңіл бөлуін зер салу дейді(зейін, назар салу).

Зерек сөзінің мағынасы- адам баласы қандайда бір затты тез иегріп алатын адамды зерек. Сондай-ақ, химиялық элементтер туралы мақал-мәтелдер мен жұмбақтар шешуден жарыс ұйымдастыру тиімді.

Оқушыларды тәрбиелеуде аса зор маңызы бар жанрлардың бірі- жұмбақ. Жұмбақ оқушылардың ұшқыр ойын шынықтырады, іске әрекетке баулиды, ой санасының өсуіне септігін тигізеді, оқушылардың білімпаздығын, алғырлығын, бақылағыштығын, тапқырлығын, дүниетанымдылық көлемдігін, тағы басқа толып жатқан қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Себебі, жұмбақ шешу үшін әуелі олар мектеп оқулығының материалдарын білу керек және қосымша әдебиеттерді көп оқуы керек. Жұмбақты көбіне жаңа сабақты бекіткенде немесе қорытынды сабақтарда пайдаланамыз. Жұмбақтар кәсіпке байланысты, тіршілік- тірекке тиянақты болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Оқушылар жиналып алып


ойларының жүйріктігі мен тапқырлығын сынға салады. Жұмбақ шешімін тез таба білуге асығады. Химия сабағында өтетін тақырыпты жұмбақтап бастау оқушыларға үлкен ой қалдырады. Сабақ барысына оқушылар үлкен қызығушылықпен кіріседі.

«Көмірсулар» тақырыбында қымыз құрамы жайлы айтып өтуге болады. Барлық сүтте әр түрлі мөлшерде казиноген ақуызы, лактоза қанты, майлар, тұздар және дәрумендер болады. Сүттің ұюы, не ұйымауы казиноген концентрациясына байланысты. Бие сүтінде казиноген, май аз болады. Бие сүтін ашытқанда саумалға арнайы ашытқыны қосып, үнемі сапырып, пісіп отырады. Ашытқы ретінде былтырғы қымызды, семіз қазының майын қолданған және әлі де қолданылады. Піскен кезде сүттегі оттегі еріп, аэробты жағдай туады. Ашытқының құрамындағы қантты сүт қышқылына айналдыратын аэробты бактерияларға қолайлы жағдай туады. Бактериялар лактозаны глюкоза мен галактозаға айналдырады. Бие сүтін (саумалды) піскен кезде, құрамында 2,5-3% өзіне тән спирті бар қымыз түзіледі. Түзілген қымызда этил спирті аз, сүт қышқылы көп болғандықтан, ол тұтқыр, қышқылтым болады. Егер бие сүтін жөндеп піспесе, оттегі аз болып, анаэробты жағдай туады. Соның нәтижесінде анаэробты бактериялар өсіп, сүттегі қантты сүт қышқылына айналдырады.

Түзілген қымызда этил спирті аз, сүт қышқылы көп болғандықтан, ол тұтқыр, қышқылтым болады. Бие сүтінің өзі дәрумендік заттарға бай.

Сондай-ақ, күбіге айран піскенде майдың түсуі қатты дене бөлшектерінің сұйықтағы қалықтаған қозғалысы екенін айтуға болады. Бұл құбылысты химия сабағымен тығыз байланыстыра отырып сабақ барысында қалай жүзеге асатынын айта кеткен абзал.

Былтырғы қымыздың қалдығын дәкеге сіңіріп сорғызып қояды. Оны тобылғымен күбіде салқын жеркепеді сақтайды. Оны “ қор” дейді. Дәкеге түйген қорды сабаға не күбіге салып, оның үстіне бір шелек саумалды құйып ыдысты күннің көзіне қояды. Қор езіліп саумалға тегіс тараған саумал дәмі қышқылданады



сүт қанты сүт қышқылы

Химия сабағында “Жол аялдамалары” ойыны:

Жиені нағашы ауылына қыдырып бармақ болады. Шешесі осыған байланысты “тоқым қағар” жасайды.

Жолшыбай бала алты рет аялдама жасап берілген сұрақтарға жауап береді

Мысалы: бірінші аялдама “Металдар” 2. “Бейметалдар” 3. “Негіздер” 4. “Оксидтер” 5. “Қышқылдар” 6. “Тұздар” осы аялдамаларда берілген сұрақтарға мүдірмей жауап берген жиен нағашысының ауылына жетеді.

“Бәйге” ойынына сынып оқушыларының барлығы қатысады. Әрбір оқушы қағазға химиялық теориялар мен анықтамалар жазады. Ойынға 7 мин уақыт беріледі. Уақыт біткенде кім көп жазса сол оқушы бәйге жеңімпазы атанады.

Қорыта келе, этнопедагогика- ғасырлар бойы қалыптасып, одан әрі қарай дамып, келешекте кемелдене беретін ғылым. Оның философиялық, дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, тәрбиелік мәнін жан-жақты терең зерттеп, ғылыми жүйесін саралап, сараптап пайдалану ісі аса жауапкершілікпен қажырлы ғылыми еңбектерге байланысты. Мектептерде арнайы сабақтар, жоғары оқу орындарында арнайы курстар ұйымдастыру қажеттіліктері туындауда. Өйткені барлық оқу-тәрбие, ғылыми зерттеу жұмыстары этнопедагогикамен байланысты жүргізу тиімді, әрі нәтижелі болуда. Барлық жерде оқу тәрбие ісін ұлттандыру мақсаттарын жүзеге асыру үшін этнопедагогика пәні негізгі тірек, қозғаушы күш бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. З.Әбілова, Қ.Қалиева «Этнопедагогика»
2. Исанова Б.Х. «Жалпы химия»Қарағанды : ҰҒТАО, 2010. - 134 с
3. sabaq.kz сайты.

ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Есказинова Ж.А.

Оспанова В.А.

Прлепесова А.Ж.

Қанат Ш.Қ.

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университеті
Қарағанды қ.*

Кілттік сөздер: ерте жастан шетел тілін оқыту, дағды, лексикалық дағды, әдістеме

Аннотация

Данная статья раскрывает пути формирования лексических навыков для детей младшего возраста и методические особенности в обучении английского языка в казахской школе. В статье даны упражнения и примеры лексических тем для детей 3-6 лет, учитывая их возрастные особенности и интерес к изучению языка.

Annotation

This article shows the ways of formation lexical skills for children of younger age and methodical features in training of English in Kazakh schools. In the article are given the exercises and examples of lexical subjects for children of 3-6 years considering their age peculiarities and interests in learning languages.

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр. Қазақ мектептерінде шетел тілін оқу тұлғаның әр түрлі жақтарын дамытатындығы белгілі: ес, зейін, ынта, тәртіп, ой-сана; сондай-ақ, баланы белсенді етіп тәрбиелейді; оны топта ұжымдық жұмыс жасауға үйретеді, әртістік қызығушылықтарын оятып, баланы зерделік және эстетикалық жағынан қалыптастырады. Сонымен қатар, тілге қабілетті балаларды ерте кезеңнен анықтап, олардың ары қарайғы тереңірек шетел тілін оқуға дайындайды. 3-6 жастағы балаларды шетел тіліне оқытқан дұрыс па және мүмкін бе деген сұраққа жауап тәжірибеде дұрыс деп шешілген болатын.

“Үш жастағы балаларға мүмкіндік жасалған жағдайда, олар өзінің оқуына, дамуына, асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті”- деп 2008 жылы ағылшын зерттеушісі Whitebread айтқан болатын. Яғни олар жас ерекшелігіне қарамастан, өздерінің оқуына, дамуына саналы түрде қарайды, тапсырмаларлы шешу үшін өзіндік әдіс-тәсілдерді қолданады, сондай-ақ, өздерін оқушы ретінде сезіне бастайтындығын айтуға болады [1,17].

Ерте жастағы оқушылар өте зерек, алғыр, әуес және үйреткен нәрсені тез ұғып, есіне сақтауға қабілетті, сондықтан да оларға өткен сабақты қайта үйретпес үшін алғашынан дұрыс оқыту қажет. Ресей ғалымдары Бим И.А., Верещагина И.Н. әдістемесінде ерте жастан шетел тіліне үйрету шетел тілінде қарым-қатынас жасауға әмбебап дағды мен қабілетті қалыптастыратын маңызды кезең деп қарастырылады [2,4].

Балалардың ағылшын тілі сабағында орындайтын іс-әрекеттері әр түрлі болғанымен, оқыту үрдісінің мәні бір ортақ мақсатпен құралады: яғни, баланың ағылшын тілінде сөйлей алу қабілетін дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

- 1) Ауызша сөйлеуде (диалогтық және монологтық) және тыңдалым кезінде балалардың біліктер мен дағдыларын дамыту;
- 2) Ес түрлерін жұмылдыратын және әр түрлі анализаторлардың жұмыс істеуіне ықпал жасайтын есту және көру көрнекіліктерін кең қолдану;
- 3) Балаларға арналған ауыз әдебиеті (ағылшын өлеңдері, тақпақтар, ертегілер, санамақ т.б), салт-дәстүрлер мен мерекелерден бастап ағылшын тіліне үйретуді ағылшын тілінде сөйлейтіндердің мәдениетіне ену процесі ретінде ұйымдастыру;
- 4) Сабақты ұйымдастырудың әр түрлі түрлерін қолдану: жекелей, жұптасып, топтық және ұжымдық;
- 5) Қазіргі заманғы технологияларды, тиімді әдістемелік амалдарды, дыбыстық құралдарды пайдалана отырып, сабақтың нәтижелі, толық меңгерілуі үшін қажетті жағдай жасау;
- 6) Ағылшын тілінің ерекше дыбыстарының айтылу ерекшеліктерін меңгеру;
- 7) біліктері мен білімін өзіндік дамыту үшін қажеттіліктерді қалыптастыру;
- 8) ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылықты тудыру, Отанға, жақындарына, табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу [3,3].

Кез келген тіл фонетикалық, грамматикалық және лексикалық материалмен беріледі, ал тілді үйрену берілген материалды негізгі сөз әрекетінің түрлерін меңгерумен байланысты. Ерте жастағы балаларға ағылшын тілін үйрету фонетикалық, грамматикалық және лексикалық аспектілерімен өзара байланысты болғанымен, ерте жастағы балалардың физикалық, грамматикалық және интеллектуалдық ерекшеліктерін ескеретін болсақ, балаларды лексикаға үйрету олар үшін негізге алынатын үдеріс деп айтуға болады. Мұнда фонетикалық аспектіге аз көңіл бөлінеді, себебі бұл кезеңде балаларда ана тілінде айтылым дағдыларының қалыптасу үрдісі жүзеге асады, ол ағылшын тіліндегі дыбысты айтуға жетілдіруге қарағанда одан да маңызды үрдіс болып табылады. Сондай – ақ, грамматика да басым бағытта бола алмайды, себебі 4-5 жастағы сол тілде сөйлеуші балалардың өзі грамматикалық қателіктермен сөйлейді. Осылайша, тілді үйренуде негізгі назар грамматикалық ережелер жинағына емес, тілді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыруы маңызды.

Жалпы айтқанда тілдің негізгі материалы – лексика, сөздер. Үйді кірпіштің қалауынсыз салынуы мүмкін емес болса, тілді де керекті мөлшердегі сөздерді білмей игеру мүмкін емес. Сөйлеудің лексикалық жағына үйрету оқытушының сөйлеуі арқылы жүзеге асады. Лексиканы үйрету, әдетте біртіндеп енгізіледі. Лексикамен жұмыс істеудің негізгі кезеңдеріне: жаңа материалмен танысу (сөз құрамымен жұмыс жасау, айтылуына үйрету); кейінгі кезең- бекіту (белгілі бір жаттығулар санынан тұрады); сөйлеу әрекетінде лексиканы қолдану үшін білік пен дағдыларды дамыту (ерте жастағы балалар жайында айтатын болсақ, онда ол- сөйлеу және тыңдалымға үйрету).

Шолпо И.Л. жаңа лексиканы енгізу кезінде келесі ережелерді ұсынады:

1. 10 сөзден артық сөзді енгізу дұрыс емес.
2. Енгізілетін сөздер арасында ассоциативті байланыс жұп сөздер болғаны абзал.
3. Лексиканың енгізілуі балалардың коммуникативті қажеттіліктеріне байланысты болуы қажет.

4. Топ ішіндегі сөздерді менгеру тәртібін қарастыру қажет: кейбір сөздер тірек сөздер, ал басқа сөздер оларға ассоциативті түрде қосылады.

5. Атап өтетін жайт ретінде балаларға сөздерді жаттауға беруге болмайды. Жаңа лексика баланың есінде арнайы жаттығулар арқылы біртіндеп сақталуы қажет [4, 48].

Жаңа сөздің мағынасын оқытушы ойыншықтарды, суреттерді, зат немесе іс арқылы көрсетіп, түсіндіреді. Осылайша балалар сөздердің әр түрлі топтарға жататындығын ажыратып, лексикалық бірліктерді байланыстыра алады (зат есім және сын есім, зат есім және етістік, сан есім және зат есім т.б.). Өлеңдер мен тақпақтар, санамақтар балалардың сөздік қорларын байытады. Жоғары топтағы балалар оқытудың алғашқы жылдарында келесі тақырыптармен жұмыс жасайды: “Кел, танысайық”, “Сандар”, “Түстер”, “Жануарлар”, “Отбасы”, “Дене мүшелері”, “Кім болғың келеді?”.

“Кел, танысайық” тақырыбы келесі сөйлемдерді қамтиды: Good morning. Hello

What is your name? My name is...

Where are you from? I am from...

How old are you? I am ...

What is his (her) name? His (her) name is ...

How are you? I am fine (OK), thank you

Who are you? I am ...

I am glad to see you.

Good-bye.

“Сандар” тақырыбында балалар 10 сөздік бірліктерді игереді: one, two, three, four, five, six, seven, eight, nine, ten.

“Түстер” -11 сөздік бірліктер: red, yellow, blue, green, brown, black, white, grey, pink, orange. Сұрақ: What colour is ...? It is ...

“Жануарлар” – a cat, a dog, a frog, a cow, a fox, a rat, a bird, a horse, a tiger, a zebra, a crocodile, an elephant, a lion, a sheep, a duck, a fish, a camel, a bear, a hare, a giraffe.

Етістіктер: can, sit, stand, sleep, run, jump, fly, dance, swim, count, see, climb.

Сын есімдер: big, little

“Отбасы” – a family, a mother, a father, a grandmother, a grandfather, a sister, a brother, a son, a daughter. Сөйлемдер: I have got, I haven't got, I love т.б. [3,5].

Лексиканы енгізу мүмкіндігінше сөздік арқылы емес көрсету арқылы жүзеге асқаны дұрыс. Мысалы, Close! Open! Listen! Look! I, You, We, Up, Down. Сабақ басталуына 10-15 минут өткен кезде бұл тіркестерді сергіту жаттығуы ретінде ұйымдастыруға болады.

Hands Up

Hands Down

Hands on hips

Sit down

Ерте жастағы балаларға презентацияны құру немесе лексикалық материалмен жұмыс кезінде, ең алдымен, балалардың “білуге құмарлық, нақтылы-бейнелі ойлау, еріксіз есте сақтау, тез шаршағыштық, ойынға деген сүйіспеншілік, қимыл белсенділігі” сияқты ерекшеліктеріне мән берген дұрыс. Ерте жастағы балаларға шетел тілін үйрету 4 негізгі жұмысқа негізделеді: ойын, қозғалыс, музыка және көрнекілік. Олар оқытудың сапасын көтеруге және өзара байланысқан уақытта жоғары нәтижеге қол жетуге көмектеседі. Осы сияқты амалдар лексикаға үйрету кезінде өте тиімді болып табылады, себебі лексиканы ойын формасында өткізуге болады.

Ойын- тіл үйренудің қызу әрі қызықты түрі, ол бала бойында сенімділік пен жылдамдықты дамыта отырып, сабақты әрлейді, шетел тілін қолданудың табиғи ортасын орната отырып мотивация туғызады [5,11]. Тәжірибе көрсеткендей, балалар көбіне лексикалық ойындарды ұнатады.

1. “Сиқырлы қалта”. Оқытушы қолындағы қалташада ойыншықтар бар. Ойынды бастаушы көзін жұмады немесе артқа бұрылады. Бір оқушы ойыншықты алып, қатысушылардың барлығына ойыншықты көрсетеді де, оны артына жасырып қояды. Ойынды бастаушы ойыншықтың атын табуы қажет: Is it a bird? деп сұрақ қояды және “Yes, it is /No, it isn't” деген жауаптарды естиді.

2. “ Жасырын тап”. Бала байланған көзімен ойыншықты ұстап көріп, атын табуға тырысады “Is it a ball?”

3. Қуыршаққа жылы және суық ауа райында киінуге көмектесу.

4. Түрлі-түсті гүлдерді жинап, түстерін атау.

5. Суреттерден жасырылған сандарды тауып, аттарын атау.

6. Bingo “ABC”. Бала 9 әріпті жазады. Оқытушы 1 әріпті алып, атын атайды. Оқушы аталған әріпті сызып тастайды. Бірінші барлық әріпті сызған оқушы Bingo деп айқайлайды. Кейіннен әріптердің орнына мұғалім сөздерді қолдануына болады. Бірақ мұғалім сөзді емес, суретті көрсетеді.

7. Сатушыға дүкендегі ойыншықтардың санын анықтауға көмектес. Бұл ойын сандарды бекітуге қолданылады.

8. Етістіктерді үйрену кезінде “Simon says” ойыны өте тиімді. Жүргізуші Stand up! Sit down! Hands up! деген сияқты командаларды береді. Бірақ кейде жүргізуші басқа әрекеттерді жасап балаларды шатастырады. Іс –қимылмен шатасқан оқушы ойыннан шығарылады [6, 29].

Осы орайда ғалым С. Филипс кішкентай балаларға тән бір ерекшелікті атап өтті, ол ағылшын тілінің лексикалық жағын оқытудың маңыздылығын дәлелдейді: балалар сөздерді тез жаттап алады, бірақ оларға сөйлемдерді, сөз тіркестерін жаттау қиынға соғады. Оның себебі, сөздердің сезілетін түсінікті мағынасын бар болуы, ал сөйлемдерде ондай құрылымның болмауында. Мысалы, “Pencil!” деген сөзбен айтылған өтініш “Can I have a pencil?” деген өтінішпен бірдей түсінікті болады. Балалар сөздерді сөздердің топтамасы ретінде үйренеді, мысалы, “I’ve got” тіркесі үш түрлі сөз ретінде емес “I’ve got” секілді біріккен сөз ретінде түсініледі. Сондықтан да, балаларға сөйлемдерді үйрету үшін оларды әр түрлі сөздікті қолданып, қайта-қайта әр түрлі мәнмәтінде қайталау керек.

Сонымен қатар, ағылшын тілін оқуды лексикалық материалды бекіту үшін қолданылатын жаттығулар жүйесіне ерекше назар аударғанымыз абзал. Балаларда лексикалық дағдыларды қалыптастыру үшін төмендегідей жаттығулар ұсынылады:

- Ойлап табу (сөздерді, ойыншықтарды, суреттер, жұмбақтарды шешу);
- Сурет салу, мүсін жасау, аппликация, суреттерді бояу және балалардың қолынан жасалған заттардың атын атау;
- Сергіту сәті;
- Зейін ойыны (оқытушы лексикалық бірлікті атап суретті немесе ойыншықты көрсетеді; балалар суреттегі бар сөздерді ғана хормен қайталайды);
- Тақырыпқа байланысты сөздерді немесе суреттерді таңдау;
- Жарыс;
- Балалардың тақырыпқа байланысты сөйлеу әрекеті.

Жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қазақ мектептерінде балалардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Қорыта келгенде, балалар ағылшын тілінде сөйлеп, бір-бірімен қарым – қатынас жасамастан бұрын, олар негізгі лексикалық бірліктерді меңгеруі керек. Ойын ойнау арқылы, бала оқу міндеттерін алдына мақсат қылып қоймайды, бірақ ойын арқылы бала оқиды. Ойын- оқытудың тиімді әдісі болып табылады, ойын арқылы ағылшын тілін үйрену балаларға қызықты және сүйікті пәндеріне айналады. Ойындар қызықты, қиынға соқпайтын, түсінікті әрі тиімді болу керек. Шетел тіліне үйрену коммуникативті сипат алу керек, яғни, бала тек қана сөздерді үйреніп қана қоймай, үйренген сөздер арқылы сөйлем құра отырып, сөйлеу қарым-қатынасына түсу қажет. Шетел тілінде сөйлеу мақсатқа бағытталған болуы тиіс. Баланың бойында шетел тілінде қарым-қатынасқа деген оң қозғарасты қалыптастыру қажет. Осылайша, ерте жас шетел тілін меңгеруге бірден-бір маңызды кезең және бұл кезеңді міндетті түрде пайдалану керек. Балабақшада негізгі лексикалық материалды меңгерген бала мектепке алған білік пен дағдылары арқылы жазу мен оқуға толығымен дайын болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейдманов О.Р. // Шетел тілін оқыту әдістемесі - Методика обучения иностранному языку , 2011. - №3.-С.42 - 47.
2. Английский для младших школьников. Руководство для преподавателей и родителей. И.А. Шишкова, М. Е. Вербовская. Москва “РОСМЭН” 2002. 96с.
3. Изучаем английский язык для детей 5-6 лет. Методическое пособие . М.С. Шарипбаева. Алматы кітап 2003.
4. Как научить дошкольника говорить по-английски. И.Л. Шолпо. СПб, 1999
5. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4 (66) 2015. -Б.13 - 17.
6. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2(58) 2014. - Б.6 - 8.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қапиева А.Қ.

Даутова Қ.А.

*«Өрлеу» ҰБАО АҚ Ф Ақтөбе облысы
бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты
Ақтөбе қ.*

Кілттік сөздер: этнопедагогикалық білім беру, этноәлеуметтік құндылықтар, өмірлік құндылықтар

Аннотация:

В статье рассматриваются проблемы развития этнокультурных ценностей педагога в системе образования

Бүгінгі жаһандану үрдісінде еліміздің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарынан көрінуге және

экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы, білім беру жүйесінің Балон декларациясына сәйкес, әлемдік білім кеңістігіне кіруі біздің алдымызға маңызды міндеттер жүктейді. Қай қоғамда да барлық ұлттың мақсаты – саналы ұрпақ тәрбиелеу, тәрбие негізі ана әлдінен басталып, тұрмыс тіршілік арқылы өмір бойы қалыптасады. Тәрбиенің негізгі баспалдағы - ұрпақтан-ұрпаққа сан алуан тарихтар арқылы жалғасып келе жатқан үздіксіз процесс. Тәрбие - бұл өмірлік құндылық. Сондықтан, мұнда басты бейне - Адам. Жаңа ғасырдағы Адам тәрбиесін ұйымдастырушы тұлға – мұғалім. Бүгінгі мұғалім тәрбиесінің тиянақтылығы, жауапкершілігі, жан-жақты білімділікті және іскерлікті қажет етеді. Өйткені, бұл заман талабы. Қазіргі таңда қоғамда ақпараттандыру қаншалықты қажет болса, білім беру мазмұнына этнопедагогикалық таным түсінік беру өзекті. Ұрпақ тәрбиесіндегі этнопедагогика білім беру дегеніміз – тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани болмыс ұлттық сананы, парасаттылық пен адами қасиетті білім жүйесімен қамтамасыз ету. Заман талабына сай педагогқа ұлттық этномәдениет арқылы әлемдік өркениет мәдениет біліктілігін игеру қажет. Біліктілік – адамның белгілі бір жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілетіндегі қажеттілікті қамтамасыз етуі.

Аталған себептерді жүзеге асыруда мұғалім көп ізденіс, теориялық біліктілігін жетілдіру қажеттігі туындайды. Ол қажеттіліктер:

- дүниетанымды қалыптастырудағы халық тағылымдары туралы дала ойшылдары мен педагог-ғалымдардың көзқарастарынан хабардар болуы;
- халық тағылымдары мен қағидаларының танымдық, тәрбиелік мәнін меңгеруі және түсінуі;
- халық тағылымдарын әлеуметтік тұрғыдан қажетсініп қабылдауы, бағалай және іс-тәжірибеде қолдана білуі.

Этнопедагогикалық білімді арттыруда қойылатын талаптар:

- педагогтың этнопедагогика, этнопсихология ғылымдарынан білім ауқымының кең болуы;
- оқу-тәрбие процесінде этнопедагогикалық идеялар жүйесін пайдалана алу қабілеті;
- этнопедагогика, этнопсихология, этнология ғылымдарына өзінің қосар үлесінің салмағын айқындауы.

Педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытудағы көзқарастар: педагогтың ұғымтанымдық /терминологиялық/ білімін саралап, оны дамыту шараларын ұйымдастыру. Этнопедагогика/Г.Н.Волков, Е.Л.Христова, С.К.Калиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Кожаметова т.б. /этнопсихология /Қ.Жарықбаев/ зерттеулері мен еңбектерін таныстыру, бірлесе талдау арқылы ұстаздың өзіндік ой-тұжырымдарын жасатуға ұмтылдыру.

Ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктері жайлы теориялық біліммен қаруландыру, жаңаша оқыту технологияларын ұлттық мектеп құрылымына тиімділерін сұрыптай және түрлендіре білу біліктерін арттыру.

Ұлттық сана, ұлттық намыс танымдық мәнін басқа ғылым салаларының заңдылықтарымен байланыста ұғынып, өзіндік ой пайымдауларын жасай алушылық ізденісін жетілдіруге бағыт-бағдар беру.

Этнопедагогикалық білім беру мақсаты:

- әр халық болмысын, оның өмір сүру тәсілін тұтас қалыптастыру;
- тарихи әлеуметтік орта мен тәрбиелік тәжірибенің ерекшелігін табу, сол ортаға ықпал етудің нақты жолы мен бағытын қалыптастырудың мүмкіндігін кеңейту;
- ұрпақ арасындағы үйлесімділікті нығайту арқылы адамның өзіндік өмір сүру ынтасын ояту;
- тұтастық пен бірлікті қабылдаудың сипатын айқындау.

Міндеті:

- ұлттарға тән қажеттіліктерді айқындау, қоғамдық демократиялық өзгерістерді қабылдауы, халық дәстүріндегі өркениеттілік адам мінез құлқындағы гуманистік әдеп мәнерлерін меңгеруі;
- рухани- дүниетанымдық жүйені етене біткен бабы ретінде адам санасы мен мінез- құлқына ендіру;
- ұлтжандылық ұғымын жүйелі ғылым тілінде түсіну;
- әркімнің өз болмысы мен деңгейін анықтау өзінің ішкі жан-дүниесін танып-білуіне, өзгенің кісілігін, тұлғалық ерекшелігін бағалауға бағыттау;
- ұрпақ пен ұлтқа қызмет жасайтын таланттарды табу, талаптарды тәрбиелеу, ұлғалармен жақындасу;
- елдік пен еркіндікті, есеюшілікті қалыптастыру, үйлестіру;
- өмір құбылыстары мен оқиғаларды ғылым дәлелдерімен ұштастыру, осы арқылы ұлттық шеңберіндегі адам өмірінің мағынасын ашып көрсету;
- Этнопедагогикалық білім беруде негізінен философиялық-дүниетанымдық, ғылыми- әдіснамалық, әлеуметтік-практикалық үш бап жүзеге асады.

Жалпы этнопедагогикалық білім беруде негізінен философиялық-дүниетанымдық, ғылыми-әдіснамалық, әлеуметтік-практикалық болып үш бағытта жүзеге асады.

Аталған үш бағыттың аясында адамның өмірге деген өз көзқарасы мен тәжірибесін қорғау, өмірдегі өз жайын жақсартуға ұмтылуы, қам-қаракет жасауы - бұл табиғи нәрсе, табиғи заңдылықты басшылыққа алынады. Этнопедагогика ғылымының *философиялық- дүниетанымдық бағытының* басты проблемасы - жеке адамды қалыптастыруда баланы жасынан тәртіптілікке дағдыландыру, оның бойына ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып құндылықтарының ерекшеліктерін сана-сезіміне рухани қажеттілікке айналдыруда ерекше назар аудару.

Этнопедагогика ғылымының *ғылыми-әдіснамалық бағыты*-ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктері жайлы теориялық біліммен қаруландыру, жаңаша оқыту технологияларын ұлттық мектеп құрылымына тиімділерін сұрыптай және түрлендіре білу біліктерін арттыру. Ұлттық сана, ұлттық намыс танымдық мәнін басқа ғылым салаларының заңдылықтарымен байланыста ұғынып, өзіндік ой пайымдауларын

жасай алушылық ізденісін жетілдіруге бағыт-бағдар беру. Сондай-ақ, этнопедагогиканы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі ретінде, этнопсихология, этнофилософия, этнография, этномәдениеттің тоғысу нүктесіндегі ғылым саласы (К.Кожаметова) ретінде тану. Өйткені, этнопедагогиканы дара қарастырылмайды мұндағы этнопсихология - адамның жан дүниесінің дамуын, этнофилософия - ұлттық дүниетанымын және т.с.с. қалыптасу ерекшеліктерін зерттейді десек қателеспейміз.

Білім беру мақсаты – дүниетанымды жетілдіру, білім алудың ең басты мақсаттарының бірі – дүниетанымның тұтастықта қалыптасуы. Әлем тұтастығы, табиғат, қоғам, адам ұғымдарының бейнеде, қабылдау мен түйсінуде көрініс алуы, әлемді тұтастықта қабылдауға мүмкіндік береді.

Әр педагог, ең алдымен білікті, әрі заман талабына сай лайық этномәдениет пен әлемдік өркениетті кіріктіре меңгеруі шарт. Білік – адамның белгілі бір құбылыс не күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті. Біліктілік – адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана білу қабілеті.

Білім беру мазмұнының жүйесіне көшудегі басты мақсат: ұрпақтың өзіндік санасы мен сезімін, адамгершілік көзқарасының дамуына, жақсы қасиеттердің мінез-құлыққа сіңіруге бағытталған өмірлік ұстанымдар арқылы берілетін тәрбиелік құндылықтар болып табылады.

Білім беру мазмұнының жаңа жүйесіне көшуде этноәлеуметтік құндылықтар басымдылықтары:

• Мектеп оқушыларының ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар мен мәдени құндылықтарға негізделу;

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтық түсінікті қалыптастыру;
- Жоғары адамгершілік тәрбиелік рухани адамгершілік интеллектуалын дамыту;
- Оқушылардың экологиялық салауаттылығы мен экологиялық саналық мәдениетін қалыптастыру;
- Тәрбиенің философиялық, аксеологиялық және гнесеологиялық танымдық негізін құру т.б.

Берілген ұстанымдарды жүзеге асыруда ата-ана, мектеп, мектептен тыс мекемелер және қоғамдық ұйымдар біріге, бірлесе әрекет етсе нәтижелі болады. Ұстаным нәтижесінде баланың шығармашылық қабілеті өседі, өзін-өзі тәрбиелейді және ұжымдық тәрбиені ұтымды үйлестіреді.

Сондай-ақ, бұл білім беру жүйесін дамытуда педагог қауымға қажетті төмендегі өмірлік құндылықтар атап өтеміз:

- Баланы сыйлау, балаға тұлға, адам ретінде қарым-қатынас жасау (оқушы ретінде тәрбие беру емес).
- Баланың жас ерекшеліктерінде болып жатқан (психо-физиологиялық, биологиялық т.б.) өзгеріс, даму, өсулеріне кеңес беру.
- Тәрбие процесінде әрқашан жоғары көңіл – күй, фон жасау (өкпе–наз, ашу–ыза, зеку, қорқыту т.б. емес).
- Тәрбие процесінде баланың жеке тұлғалық қасиеттері: арманы, мұраты, өмірлік жоспары, бағыты, мінез-құлық, ниет-пиғылы, өмір сүру құндылығы ерекше мән беру және т.б.

Жалпы қай уақытта да тәрбие дегеніміз – үлкендердің, педагогтардың басқаруы мен реттеуімен қалыптасатын, ұзақ мерзімді, жүйелі, көп салалы, өте күрделі процесс. Олай болса, әлемдік кеңістікке енуде басты мақсат адами және ұлттық құндылықты ұрпақ санасына сіңірудегі кәсіби шығармашылықтағы ізденістері мен қажеттілікті қанағаттандырудағы мүмкіндіктері деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Қожаметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1998, 48-50 б.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы Алматы, 1994, 232 б.
3. Игенбаева Б.Қ. Мен – Адаммын. //Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуға арналған әдістемелік құрал. Алматы: Дәуір, 2000, 128 б.
4. Ғаббасов С. Халықтық педагогиканың негіздері (монография). Алматы: Әл-Фараби, 1995, 233, 433-437б.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ СИПАТЫ

Есказинова Ж.А.

Абдразақова А.А.

Зекен Г.А.

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ.*

Кілттік сөздер: Фразеологиялық бірлік, ұлттық, мәдени, фразеология, тіл білімі

Аннотация

Данная статья раскрывает национально-культурное описание фразеологических единиц в английском и казахском языках.

Annotation

This article shows national and cultural description of phraseological units in English and Kazakh languages.

Қазіргі кезеңде тіл білімінің саласында фразеологизмнің алатын орны ерекше. Кез келген елдің фразеологиясы – аса құнды лингвистикалық мұра. Мұнда сол халықтар дүниетанымы, ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі, сенімі, қиялы және тарихы бар. Фразеологияны зерттеу арқылы тек тілдің өткенін, түп-тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халық мәдениетін тереңірек білуге болады. Қандай да бір тіл болмасын оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, менталитетін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологизмдерін жүйелеп, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізіп, баяндау арқылы осы ерекшеліктерді анықтауға болады. Діні, мәдениеті, тарихы, әлеуметтік және саяси даму жолдары бөлек ағылшын және қазақ халықтары тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы олардың бойындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау, ортақ айшықтарын табу, фразеологизмдердің жасалуына негіз болған уәждерді ашып көрсету, мағына қалыптасу жолдарындағы ерекшеліктерін анықтау осы жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан фразеологиялық бірліктерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл фразеологиялық бірліктер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған құндылығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын негіз етіп алдық.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі екені даусыз.

Фразеология атауы, негізінен, екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиянақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімнің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу барысында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындауда. Сондай-ақ, тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айқындатуда. Әр типтегі тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу өзіндік тұңғыш сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуге деген құлшыныс академик І.Кенесбаевтың «Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегінен етек бастаған. Бұл құнды еңбек тек қана қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологиялық теорияның мәселесін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Қазақ тілінің фразеологизмдерін зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекті қолданатыны айдан анық [1].

Қазақтың әдеби тілінде көркем шығарманы әсірелеу, көркемдеу тәсілдері үшін фразеологизмдерді қолданудың орны ерекше. Фразеологизмдер арқылы шығарма мәтінінде айтылатын ойға айрықша әр, мәнерлілік беріледі. Сондықтан да фразеологизмдерді – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап бейнелей суреттейтін тілдегі дайын құрал деп есептейміз. Олар – халық даналығынан сусындаған образды ойлау тілінің үлгісі болып табылады.

Ә.Қайдаров «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қолданысы жөнінде мынандай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли» [2].

Ғалым Ә.Қайдар фразеологиялық бірліктердің стилистикалық қолданыстағы құрылымдық

стилистикалық варианттарын былайша топтастырады: 1) фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-синонимдік варианттары; 2) фразеологиялық бірліктердің толық және ықшамдалған варианттары [2,213]. Жоғарыда келтірілген фразеологизмдердің құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін анықтамас бұрын, ең алдымен олардың сөздікте берілген нұсқасына назар аударайық. *Көздеріне қалай құмқұйылды* тұрақты тіркесі сөздікте «*көзіңе құм құйылсын*» [2,214], «*аузынақандай берік болса*» - «*аузына берік*» [2, 214], «*құлағын әркімнің аузынатөсеу*» – «*құлағын түрді (салды, тосты, тікті)*» тұлғасында берілген.

Әрине, бұл бірліктерді құрылымдық-синонимдік вариант түрінде қарастыруда олардың құрамындағы бір не бірнеше сөздің морфологиялық тұлғасының өзгеруі (*көзіңе құм құйылсын-көзіне ... құм құйылды*) немесе бір компонентінің тіркес ішіндегі бір сөзге сәйкес лексикалық синониммен ауыстырылуын (*құлағын салу – құлағын ... төсеу*) ғана түсіндіруге болады. Ал аталған құрылымдардағы инварианттық өзгерістер автордың қолданысына байланысты пайда болған. Оған *көзіне құм құйылды* тұрақтытіркесінің *көздеріне қалай құм құйылды, аузына берік* тұрақты тіркесінің *аузына қандай берік, құлағынсалып* тұрақты тіркесінің *құлағын әркімнің аузына бір төсеп* түрінде қосалқы компоненттермен құрылымдық жағынан кеңейтілуі дәлел бола алады [2,471].

Кез келген фразеологизмнің өз мағынасын білдіруде басқа сөз немесе сөздермен белгілі бір грамматикалық заңдылықтармен тіркесуі және олардың мағыналық жағынан өзара байланысының болуы – лексика-фразеологиялық тіркесімділікке тән ерекшеліктердің бірі. Бұны Ә. Кекілбаев шығармаларындағы лексика-фразеологиялық тіркесімдердің қолданысы арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы: *Ат тұяғы жетер жерде бұның қол астына қарамаған жалғыз-ақ ел бар* («Махаббат мұнарасы»). *Әйтпесе, азжақсылығыңды бәрбір місе тұтпайды, ал сәл гана жамандығыңды көрсе, жерден алып, жерге салып жазғыра жөнеледі* («Махаббат мұнарасы»).

Фразеологизмдердің еркін қолданыстағы сөздермен семантикалық байланысы лексика-фразеологиялық тіркесімділік негізінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан *ат тұяғы жетер* тұрақты тіркесінің (*атпен баруғаболатын* д.м.) атауыштық мағынадағы *жер* зат есіммен, *жерден алып, жерге салу* (*қатты ұрсу* д.м.) тұрақты тіркесінің қимыл мағынасындағы *жазғыру* етістігімен тіркесімінде мағыналық байланыс бар.

Ат тұяғы жетер тұрақты тіркесінің белгілі бір қашықтық ұғымына қатысты қолданылатыны осы тіркестің өзін еркін қолданыстағы сөзсіз айтқанда да айқын көрініп тұрады. Ал оның еркін қолданыстағы *жер* зат есіммен тіркесімі тұрақты тіркес пен дербес сөз арасындағы семантикалық үйлесімділігі арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ *жерден алып, жерге салу* тұрақты тіркесі де еркін қолданыстағы *ұрысу, жазғыру* етістіктерінің сол мағынаны білдіреді. Сондықтан фразеологизмдердің еркін қолданыстағы кез келген сөзбен тіркеспей, тек өздеріне семантикалық жағынан жақын сөздермен ғана тіркесіп қолданылуы лексика-фразеологиялық тіркесімділіктің алғышарттарының бірі болып табылады.

Фразеологизмдер мен олардың анықтаушы сөздері арасындағы мағыналық және грамматикалық байланыс тек фразеологизмдердің ғана емес, олардың жетегіндегі сөздердің де семантикалық-грамматикалық сипатына әсер етеді. Мысалы: *Қазір талай жаудың жүрегін шайлықтырған әскері де нағыз «сен шап, мен атайын» боп бабында тұр* («Махаббатмұнарасы»). *Қос қанаттағы жер қайысқан қалың қол мен тосқауыл әскер сансыздың соңынан шаһардың қақпасына дейін бірге барады*(«Махаббатмұнарасы»). *Ал әмірші басыңмен қарапайым біреуге қайырым жасасаң, қанишама боздақты қырған қан ішер атағың жойылып, қарашыға қайырымдылық жасаған, қара қылды қақ жарған әділетті атағың жайылады*(«Махаббат мұнарасы») [3].

Фразеологиялық бірліктер мәдени ақпарат арқылы денотативті аспект мағынада беріледі, немесе коннотативті, осы екі аспект арқылы фразеологизмдердің ішкі пішіні сақталады. Ішкі пішін, фразеологиялық бірліктің образы болып табылып, «нақты көрінісін» ұсынады [4].

1. Кез келген тілдің фразеологиялық бірліктерінің ішкі пішінін зерттей келе, Ураксин З.Г. сол халықтың рухани әлемімен, мифологиясына еріксіз үңіледі. *He who would eat the nut must first crack the shell* – мақал: қазақша: еңбек етсең емерсің (жаңғақ шақпайды), нәтижесі болмайды. Аталмыш мақалдағы негізгі ой өзегі мынандай: ешбір жақсылық еңбексіз келмейді.Синонимдері: *He who would catch fish must not mind getting wet, He that will eat the kernel must crack the nut, He that would eat the fruit must climb the tree.*

Сонымен қатар орыс тілінде баламасын көреміз: *Без труда не вынешь и рыбку из пруда; без труда нет плода; любишь кататься – люби и саночки возить.*

It's no go – нақышты сөз. Ал қазақ тіліндегі баламасы: Мұндайқылығың жөнсіз! Ағылшын тіліндегі синонимдері: *Have got another think coming; that cat won't jump; that cock won't fight* [5].Осы жерде халықтардың мәдени, салт-дәстүрлерімен байланыс байқалады.

Мәселен Ұлыбританияда әтештер соғысы (*cock fighting*), қазіргі кезеңде тоқтау қойылған, алайда әтештердің соғысып жатқан образы тілде сақталған. Ал *мысық* образы ағылшын және қазақ халықтарына етене таныс. Айталық, араб және түрік халықтары діни сенімдерімен мысықты қадірлесе, керісінше ағылшын халқы мысықтың үйде, отбасында оны пір тұтады. Мысықтың тышқан аулағаннан басқа пайдасын Ұлыбритания Екінші жаһандық соғыс кезінде білді. Ағылшындар аралына фашистер баса-көктеп кіре алмаса да дүркін-дүркін аспан арқылы бомбылап тұрғаны мәлім. Неміс ұшақтарынан сақтану үшін ағылшындар радарды ойлап тапты. Сыбыс тыңдау қосындарын орнатты. Жағалаудан 13 шақырым су бетіне төрт тұғыр салып, оған 150-300 солдат аралығында гарнизон қойды. Олар фашист ұшақтары мен сүңгуір кемелері жақындағанын хабарлап, елді бомба мен минадан сақтандыруы керек. Бірақ соншама қаржы шығарған шаралары нәтижелі болмады. Немістер Ұлыбританияны дүркін-дүркін бомбылап жатты. Осы орайда ең сенімді хабар көзі ...кәдімгі мысық болып шықты.Мысық көктен келетін катерді алдын-ала сезеді екен. Әуе шабуылынан қорғау дабылы қағылмай жатып,

үйдегі мысықтың жүні үрпіп, мазасыз мияуласа, кешікпей жау ұшағы бомба тастайды. Кейбір ақылды мысықтар мияулап қоймай, бомбапанаға қашыпты. Халықты аман сақтаған мысықтар үшін соғыс кезінде арнайы медаль белгіленген. Оған «Біз де Отанға қызмет етеміз» деген асқақ сөйлем бедерленген. Соның бір иегері Сэлли деген мысық Лондон кеме жөндеушілерінің қасында жүрген. Қатер жақындай бастағанда ол алдымен газ тұмылдырығы тұрған тұсты, сосын бомбапананың есігін тырмалайды. Оның артынан барлық жұмысшылар тұмылдырықтарын киіп, бомбапанаға кіретін. Сөйтіп, кеме жөндеушілер арасынан ешкім құрбан болмаған. Ал келесі хикая тіпті жон арқанды шымырлатады. Фюрердің әуе күштері аяусыз бомбылаған Портсмутта бір мысық кішкене марғауларымен үйде қамалып қалыпты. Ол өз балаларын бір-бірлеп желкесінен тістеп, терезенің желкөзінен шыққан[5,15].

Фразеологиялық бірліктердің ішкі пішінінің негізіне ағылшын және қазақ тілдерінде материалды әлем жатады, кең мағынада адамның іс-әрекеттерімен байланысты.

Атап айтқанда, фразеологиялық бірліктердің түгелі дерлік ұлттық ерекшеліктерге сай емес. Мәселен, Библиядан алынған тіркестер әлемнің көптеген елдерінде таралған. Аталмыш тіркестер ұлттық ерекшеліктерді көрсетпейді, тек адами рухани құндылықтармен қоғамдағы мінез-құлықтарды сипаттайды. *He who lives by the sword dies by the sword* – мақал. Библияда Гефсиманбақшасындағы оқиға суреттеледі, Иисусоқушысын қамауға келген адамдардың бірінің құлағын кескені үшін налиды, осыдан нақыл сөз қалған: *'all they that take the sword shall perish with the sword'* (Matthew 26:52). Орысша. *Кто с мечом к нам придет, тот от меча и погибнет*. Қазақша. **Біреуге ор қазба өзің түсерсің**, байлық **бір** жұттық. Кімде кім жамандық жасаса, өзі де соған тап болады. Қазіргі аудармаларда *'sword'* сөзі *'gun'*, *'bomb'* сөздерімен жиі ауыстырылады [11].

Фразеологиялық бірліктерде Ұлыбританияда ескерту мағынасында, сайтан – аздырушылық символы келтірілген:

Better the devil you know (than the devil you don't know): даналы ақылды мен адаммен әрекет жасау, әлсіздіктері мен міндері белгілі, жағдаятына қарамастан немесе анда-санда өзгерістер және тәуекел үлкен қиындықтарға соқтыруы мүмкін. Тіркес XIX ғасырдың ортасынан қолданылады [6, 26].

Рационалды және эмоционалды бағалау әртүрлі тілдерде сәйкес келе бермейді. Ағылшын халқының түсінігіндегі «жақсы», қазақ халқында керісінше. Мысалы, ағылшын халқы үшін қонақжайлылық жақсы емес, жағымсыз қасиет: *The best fish smell when they are three days old; a constant guest is never welcome*. Ағылшындар қонақта ұзақ болу ұят және тәрбиесіздік деп санайды. Керісінше, қазақ халқы қонақжайлығымен танымал. Қонақ келсе – құт Қазақтар - өте қонақжай халық. Қонағын құдайындай сыйлаған. Орыс тілінде қонақжайлық жайлы: *Незваный гость хуже татарина*. Осының барлығы тарихи жағдайлармен түсіндіріледі.

Ағылшын мәдениетінде өзін-өзі сыйлау жағымды құбылыс болып есептеледі, егер өзіңді сыйласаң басқалар да сыйлайды: *Respect yourself, or no one will respect you*.

Өкінішке қарай, ағылшындық және американдық лингвистикалық әдебиеттер арасында фразеология теориясына арналған шығармалар аз, тіпті маңызды жұмыстардың өзі (А. Маккей, У. Вейнрейх, Л.П. Смит) фразеологизмдерді анықтау критериялары, фразеологиялық бірліктер мен сөз арасындағы байланыс, фразеология жүйелілігі, фразеологиялық әртүрлілік, фразеолоқұрылым, фразеологияны зерттеу әдістемесі сияқты маңызды сұрақтар қойылмаған. Сонымен қатар, ағылшындық және американдық ғалымдар фразеология лингвистикалық ғылым ретінде зерттемеген. Ағылшын тілінде бұл пәннің болмауы осымен түсіндіріледі [7].

Сонымен қатар ағылшын тілінде інжіл фразеологиялық бірліктері әдеби дереккөздерінің бастысы болып табылады. Бұл ұлы туынды ағылшын тілін ғана емес, сонымен қатар, әлемнің басқа да тілдерді фразеологизмдермен байытты. «Інжілді аудару ағылшын тіліне деген үлкен әсер туралы көп жазылды да, айтылды. Жүзжылдық бойы Інжіл Англияда ең кең оқылатын және кітап болды; «... тек қана бөлек сөздер ғана емес, сонымен қатар толық идиоматикалық сөйлемдер де ағылшын тіліне Інжілден кірді» Қазіргі заманғы ағылшын тілінде қолданылатын сөйлемдерге және інжілдік шығу тегілері нақты бекітілгендерге мыналар жатады:

To bear one's cross – қайғылану, азап шегу;

The blind leading the blind – Соқыр соқырды жетелейді.

Библия фразеологизмдердің негізгі көзі болып табылады. Соңғы кездері зерттеушілер библиизмдерге көп көңіл бөле бастады. Библиизмдердің көптеген тілдермен өзара байланысы зерттелді, бірақ осы таңға дейін орыс, испан және ағылшын тілдер арасында зерттеліп көрген жоқ. Фразеологизмдерді бірнеше тілде қатар зерттеу өте маңызды. Библиизмдер бір жағынан фразеологиялық бірлік болса, екінші жағынан фразеологиялық микрожүйе деп қарастыруға да болады. Ағылшын тіліне Библиядан кірген фразеологизмдер өте көп. Төменде ағылшын тіліне Библиядан енген фразеологизмдерді келтірдік:

The apple of Sodom – сыртынан әдемі, іші шіріген;

The beam (themote) in one's eye – өзінің кемшіліктерін байқамау;

The blind leading the blind – көре алмайтын көре алмайтынға жол көрсетеді;

By the sweat of one's brow - бар күшін салып;

The same land the needle's eye – бай о дүниеге кіргенше, түйе ине тесігіне кірер;

Can the leopard change his spots? – адам кемшілігін молла түзетер;

A crown of glory - атақ белгісі;

Daily bread – күнделікті нан;

A drop in the bucket – үлкеннің кішкене бөлігі;

A fly in the ointment – бүлдіру деген мағынада;

Loaves and fishes – өмірдің берген сыйлары;
No man can serve two masters – екі ханға бір адам қызмет етпейді;
The prodigal son – қайтып келген адам туралы.

Қорыта келгенде, қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер салыстырмалы түрде алынып, зерттеуге ұмтылыс жасалды. Бүгінгі күнге дейін фразеология тақырыбына байланысты ізденіс жұмыстары, жазылған жеке мақалалар, монографиялар саны жеткілікті. Мұның өзі фразеологизмнің тіл білімінде алатын орнының ерекше екендігіне дәлел бола алады. Бұл ғылым саласын одан әрі зерттей түсу тұрақты сөз тіркестерінің белгілі тілдік құбылыс екендігін одан сайын таныта түсумен қатар, сөйлеу тіліміздің мәдениетін арттыруда белгілі ерекше рөл атқаратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін] / - Алматы : ҚазАқпарат, 2007. - 356 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 196 б.
3. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 400 б.
4. Зусман, В. Концепт в системе гуманитарного знания / В. Зусман // Вопросы литературы. 2003. - № 2. - С. 3-29.
5. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Москва: 1975.
6. Слепушкина, Е.В. Фразеология русского и английского языков в свете лингвокультурологической лингвистики (на материале фразеологических единиц со значением «предупреждения» и «угрозы») Е.В. Слепушкина // Вестник Санкт-Петербургского университета. – Серия 9. – СПб., 2008. – Вып. 3., ч. II. – С. 215-220 (0,8 п.л.).
7. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. - М.: Высшая школа, 1996. - 381 с.

МУЛЬТИМЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Какимжанова А.Б.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университеті магистрі
Семей қ.*

Кілттік сөздер: Мультимедиалық білім беру, , мультимедиалық технологиялар, ақпараттық күзiреттiлiк.

Аннотация

Мультимедиа технологиясына негізінде білім беру, , мультимедиа технологиялар, ақпараттық күзiреттiлiк.

Annotation

Multimedia technology is based on the education system using a computer to perform any of the screens can be found to attain the desired messages.

Мультимедиалық білім адамдардың құқығын алған ақпаратын, өзінің ойын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ол адамның жеке дамуына ғана емес, әлеуметтік белсенділігін және интерактивті болады. Мультимедиалық білім беруді дамыту - адам өмірінің аяғына дейін қажетті оқу тұжырымдамасының бір бөлігі, болып табылады. Оқыту үрдісінде білім беру, тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асырылатыны белгілі, олай болса, студенттердің өзіндік жұмысында бұл заңдылық басшылыққа алынады.

Мультимедиалық білім берудің негізгі міндеттері: заманауи ақпараттық жағдайда студенттерді кәсіби қызметке дайындауда әртүрлі ақпаратты қабылдауда мультимедиа технологиялары туралы терең түсінігінің болуы, оны студенттің өзіндік жұмысында қолдануға үйрету, оның адам психикасына әсерін ұғыну, техникалық құралдар көмегімен коммуникацияның сөз жүзінде емес формасында адаммен қатысу тәсілдерін меңгерту.

Белсенділік және өзінділік ұстанымы онда әрекеттік тұрғыда әрбір студенттің өзіндік жұмысында мультимедиа технологияларын пайдалануы. Басқа пәндерден информатиканың өзгешелігі - ол білімнің жеңіл, жаттанды түрде ұғылуын қабылдамайды. Яғни, бұл жерде әрбір студенттің және тұтас топтың білімді белсенді және саналы түрде ұғыну ұстанымының мазмұны зор. Бұл ұстанымды іске асыру - оқыту барысында жекелей деңгейін арттыратын әдістерді қолданған кезде ғана мүмкін, мысал ретінде әрбір студенттің жеке өзі бір компьютерде жұмыс істеген кездерін келтіруге болады.

Оқытудың жүйелілік ұстанымы «ұғымдар мен пән бөлімдерін оқытып, түсіндіргенде, олардың логикалық байланыстырылған және өзара алмаса алуын құрастыра алуында», яғни, жаңаны үйрену (ұғымдар, ережелер, талдаулар) студенттер бұрын өтіп кеткен материалды терең түсінуімен сипатталады. Курстық, диплом жұмыстарын тұтастай орындауда мультимедиалық технологияларды жүйелі пайдалануы.

Оқытудың көрнекілік ұстанымының қағидасы бойынша, білімді саналы игеру, студенттердің ғылыми танымының және көзқарасты қалыптасуы тек-сезімдік практикалық тәжірибесі негізінде ғана қалыптасуы

мүмкін, яғни объектілер мен құбылыстарды саналы түрде қабылдау. Ғылымилық ұстанымы және оның қазіргі талапқа сәйкестігі онда мультимедиялық технологиялардың жаңа нәтижелері, оқытудың жаңа әдістерін қолдану. Пәнаралық байланыс ұстанымы мұнда тақырыптардың курс аралық байланысында білім мен біліктіліктің интеграциялық дамуы.

Педагогика ғылымы және ғылыми техникалық дамудың нәтижелерін қолдану принципі мұны электрондық оқулық дайындауда пайдалану. Кәсіби бағыттылық принципі студенттердің өзіндік жұмыстар мультимедиа технологияларды пайдалану арқылы электрондық оқулықтар дайындату барысында қолданылады.

Тәрбиелей оқыту ұстанымы - дидактикалық оқыту мен тәрбиелеудің арасындағы тығыз байланыстылықты қамтиды. Әдетте тәрбиелік әсер оқу процесі кезінде пайда болып, студенттің өзіндік қасиеттері дәл сол кезде қалыптасады. Бұл ұстаным дидактиканың барлық принциптерін біріктіреді. Осы айтылған ұстанымдар мен бірге басқа да дидактикалық ұстанымдардың бәрін информатиканы оқытуда қолдану, оны тереңірек түсініп, тек жеке сабақ емес, іргелі, байланыстырушы пән ретінде қалыптастырады.

Педагогикалық шарттардың ішкі байланысына сүйене отырып, бағдарламаға сәйкес ұсынылған өзіндік жұмыстарда мультимедиа технологияларын пайдалануды жүйелі түрде меңгергенде ғана студенттердің ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады.

Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту - қазіргі білім мен тәрбиенің теориясы және практикасында басым бағытқа ие болып отыр. К.К.Коллиннің пайымдауынша, ақпараттық құзыреттілігі білімі үрдісте ақпаратты қолдану және меңгеру деңгейін көрсетеді.

Ақпараттық құзыреттілікті меңгерген әрбір студент орындайтын өзіндік жұмысында мультимедиа технологияларын еркін пайдалана алады.

Сондықтан әрбір жоғары оқу орнында курс сайын оқытушының тікелей басшылығымен барлық студенттер үшін өзіндік жұмыс материалдары іріктеліп алынады.

Типтік жүктеме бойынша оқу материалдарын меңгеру, арнайы тапсырмаларды орындау мақсатындағы өзіндік жұмыстарда рефераттар жазу, ғылыми зерттеу жұмыстарын (университеттегі студенттердің кіші ғылыми академиясы) орындайды.

Шарт дегеніміз – оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысының жүруін анықтаушы ретінде қарастырылады. Педагогикалық шарттар дегеніміз – өзіндік жұмыстардың мазмұндық сипаттамаларын құрастыруды және нәтижеге жетуде мультимедиа технологияларын пайдалану.

Тақырыбымыз бойынша келесі педагогикалық шарттар ұсынылды: студенттердің өзіндік жұмысында мультимедиа технологиялары туралы білімі; мультимедиа технологияларын пайдаланудың жүйесі; студенттердің өзіндік жұмысында мультимедиа технологияларын пайдаланудың оқу-әдістемелік кешені, электрондық оқулықтар жасай білуі; өзіндік жұмыстары негізінде студенттердің портфолиосын құруы.

Мультимедиа технологиясының негізінде орындалатын білім беру жүйесінің көмегі арқылы компьютер экрандарында кез-келген қажетті хабарлармен жете танысуға болады. Мұндай кезде бұл жүйе пайдаланушы адамның белгілі бір сюжеттің немесе жағдайдың өзіне керекті бөлігін таңдап алып көруіне де мүмкіншіліктер тудырады.

Британ медиапедагогы, зерттеушісі Д.Букингэмнің: «Ақпараттық қоғам» кезеңі «мультимедиа білімде» жаңа парадигмаға алып келді мультимедиа білім студенттік аудиторияның қабылдау жүйесіне қатысты көзқараста емес. Мультимедиа білім студенттің тұлғасын алға қояды, берілетін білім бірден оқытушының талап етуінен басталмайды, оның өзінде бар медиабілім мен тәжірибеге тірек ретінде беріледі. Мультимедиа білім жастарды оның әсерінен қорғауға ұмтылмайды, осылай студенттердің өзін қорғауға бағытталған негізі бар шешім қабылдауына мүмкіндік береді, - деген тұжырым жасаған [3]. автордың пікірі мультимедиа білім нәтижесінде аудиторияның мультимедиа сауаттылық деңгейі жоғарылайды. Мультимедиа сауаттылық көп өлшемді, ол дамыған білім құрылымына негізделген үлкен перспективаны талап етеді, - деп есептейміз.

Мультимедиа сауаттылық - қатып қалған категория емес. Оның деңгейін танымдық, эмоциональдық, эстетикалық, этикалық мультимедиа, ақпаратты сараптау, интерпретациялау арқылы өмір бойы теориялық жағынан өсіріп, толықтыра беруге болады. «Мультимедиа сауаттылықтың жоғары деңгейіндегі аудиторияның медиа әлемін бағалау мен басқаруы, түсінігі де жоғары болады» [3.]. Мультимедиа сауаттылық адамға «өзінің, өзінің қабылдауына қиын, тарихи шектеулі аяда жауап алуға» көмек те бере алады. Медиаөтінді оқу сауаты мен оны қорытып, ой түйю «Мен кім боламын, мен оны қашан көремін?» сұрақтарды анықтауға мүмкіндік береді [2].

Мультимедиа сауаттылық біздің күнде көретін медиаөтіндеріміз әртүрлі әлеуметтік жағдайларда, экономикалық, саяси бағыттарда әлемді танып, білуге, түсінуге мүмкіндік береді. Мультимедиа сауаттылыққа сын көзде қарай білу медиаагенттіктердің шешімі мен қарсылығына әсер ететін белсенді оқырмандар мен авторлардың қоғамын жасауға ұйғарады, өйткені олар күрделі әлеуметтік, мәдени аясында жұмыс істейді [4]. Мультимедиа сауаттылыққа жетудің әртүрлі жолдарының арасынан тиімдісін таба білу керек.

Мультимедиа сауаттылық студенттерді оқытумен шектелмей, медиаөтінді оқытып, одан ой алып, қорытуға, не өз медиаөтіндерін жасауға мүмкіндік беруі тиіс. Студенттерге жүйелі түрде «оқу», «жазу» процестері туралы ойлауға, өздерін автор не оқырман ретінде өз қызметін сараптау, түсінуге мүмкіндік беруге тиіс [3]. Әлеуметтік мәселелерге жеке бастың мәселесі қосылуы жеке мен қоғамдық мүдденің демократиялық бірігу мүмкіндігінен туындайтындықтан мұнда мультимедиа білімнің «жеке тұлға аспектісі» де өте маңызды болып табылады.

Мультимедиа сауаттылықтың жеке «жоспарының» тікелей мақсаты сауаттылық ұғымын кеңейту үшін

эртүрлі медиамәтіндермен бетпе бет келу, бағалау, сұрыптау, қабылдау қабілетін қоса пайдалануды жүзеге асыру. Міне, осы жағдайдан жеке және әлеуметтік мүдделердің бірігуінің демократиялық мүмкіндігі көрінеді.

Студенттер аудиториясы кинобілімін жетілдірілген оқыту моделімен (1989) толық және кезең кезеңімен тұңғыш жасаған Ю.Н. Усов студенттің шығармашылық тұлғасын аудиовизуальды қабылдау, қиялдау, көру арқылы есте сақтау, интерпретация, талдау, өздігінен сыни ойлау т.б. дамыту.

Л.П. Прессман өзінің көптеген еңбектерінде мультимедиа білім процесінде техникалық құралдарды пайдалануға педагогикалық тұрғыдан келуді ұсынады [4].

Қазіргі жағдайда бүгінгі маманның қалыптасуының көкейкестілігі жоғары оқу орнында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен енгізілуі болып отыр. Мұның өзі жоғары оқу орнында оқытудың тиімділігі мен динамикалық өсуді қамтамасыз етеді. Оқыту үрдісінде мультимедиа технологияларын құрал ретінде пайдаланудың төрт қарапайым өлшемін саралауға мүмкіндік туды. Олар:

- жас ерекшелігіне қарай бағдарламаның түсініктілігі;
- жас ерекшелігіне қарай бұл бағдарламаның қызықтылығы;
- бағдарламаның кәсіби-техникалық сапасы (тұрып қалмауы, басқа бағдарламалармен жақсы үйлесуі);
- меңгерудегі қарапайымдылығы.

Мақсатқа жету үшін белгілі білім мен дағдыны меңгеруге бағыттылық; жалпы әрекет тәсілдерін меңгеруге бағыттылық; оқу материалын меңгеруде мазмұндық талдаудан теориялық білімге өту принципін басшылыққа алу; оқу әрекетінің нәтижесі, яғни студенттің өзінің дамуы. Өзіндік жұмыстарды орындауда мультимедиалық технологияларын пайдалану деңгейлерін айқындауға мүмкіндік туғызылды. Өзіндік жұмысты орындауға дайындық, бұрын меңгерген материалдарды еске түсіру. Өзіндік жұмыстарда қажетті жағдайда қолдана білу. Өзіндік жұмысты шығармашылықпен орындауға меңгерген білімін жүйелеп, қорыту. Шығармашылық әрекетке дайындық меңгерген материалдар негізінде жаңа нәтижелер алу қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сардарова Ж.С. Дамытушы компьютерлік ойындардың дидактикалық мүмкіндіктері (6-10 жас аралығындағы балаларды оқыту процесінде). – Алматы, 1996.
2. Бидайбеков Е.Б. Мұғалім қызметі мен ата-аналармен жұмыс істеу қызметін ақпараттандыру мәселелері // Білім – образование. – 2008.).
3. Бөрібаев Б.Б., Балапанов Е.Қ., Дәулетқұлов А.Б. Жаңа информациялық технологиялар : информатикадан 30 сабақ : оқулық /- 4-басылым, жөнделіп толықтырылған. - Алматы: ЖТИ, 2007.
4. Рысбаева А.К. Категории педагогики в системе научного знания. – Астана, 2005.
5. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед.ғыл.док. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 1996.

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есказинова Ж.А.

Катыкбаева М.Б.

Жанбай Б.

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ.*

Кілттік сөздер: Шығармашылық қабілет, шетел тілі, лексикалық дағды, әдістеме

Аннотация

Данная статья раскрывает пути формирования и развития творческих способностей учащихся на уроках иностранного языка.

Annotation

This article shows the ways of formation and developing creative abilities of school children at foreign language lessons.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында саяси және экономикалық өркендеудің мәнділігі, нарықтық қатынастар жолы, ұлттық – мәдени тұрғыдан даму білім беру жүйесіне де ерекше талаптар жүктеуде.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен шетел тілін оқыту үдерісі. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулудың өсіп, өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады.

Тіл - қоғам өмірін ұйымдастырушы басты күш болуымен бірге әлеуметтік және экономикалық өрлеу

мен дамудың халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардың айнасы. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Тіл байлығы-әрбір елдің, ұлттың мақтанышы. Тіл ең алдымен адамдар арасындағы қоғамда өмір сүреді де, сол ортада қоғамдық қызмет атқарады. Тілдің адамдар арасында қатынас құралы деген сөз адамдардың бір-біріне ойын жеткізіп, түсінсе алуы, сөйтіп бір-бірімен қатынас жасауы. Қадыр Мырзалиев айтпақшы: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, қазіргі заманда шындығына келсек ағылшын тілінің рөлі зор.

Қоғамның дамуының қазіргі кезеңі, елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Қазіргі уақытта ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін - мұғалім. Мектеп мұғалімдері оқушылардың білімі мен іскерліктерін қалыптастыруда бірқатар іс-шаралар жүзеге асырады. Қазіргі уақытта ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін - мұғалім. Мұғалімнің сабақты неғұрлым жоғары деңгейде жүргізсе, білім деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуірінде ойшылдардың назарында болғандығын «Шығармашылық теориясын» жасауға талаптанған көптеген ізденістерден байқауға болады. Әлемдік озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлының психологиялық ой-пікірлерінің қазіргі заман талабымен үндесетін тұстары көп. Мәселен, Абай 19-қарасөзінде өнердің кез келгені адамның белсенді шығармашылық қызметінің барысында қоршаған орта шындығынан нәр алып, мазмұндық жағынан байи бермек деп есептеді [1].

Шығармашылықты дамытудың шарттарын белсенді түрде зерттеген ғалымдар А.Н.Лук, Л.С. Выготский, А.А. Мелик-Пошаев, Я.А. Пономарев, Б.М. Теплов, қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыровтың еңбектерінде шығармашылықтың негізгі белгілері сипатталады. Шығармашылық қызмет адам әрекетінің ең жоғарғы түрі, оның тұрмысының тәсілі, өзіндік әрекетінің, өзін-өзі дамытуының, тануының түрі делінген.

Психология ғылымында адамның шығармашыл болуы мәселесі өзекті мәселе болып отыр. А.А. Мелик-Пошаев пен А.Н. Луктың шығармашыл тұлғаны анықтаудағы пікірлерімен қатар, психолог Қ. Жарықбаевтың пікірі шығармашыл тұлға жөніндегі тиянақты тұжырымдардың бірі болды. Ғалымның пікірінше, ешкімнен көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам – шығармашыл ойдың иесі. Ал «ой» дегеніміз белгілі бір мәселені шешу кезінде кездесетін психологиялық үдеріс екенін, ал интеллект сол ойдың жемісі екенін психолог ғалым М.Мұқанов еңбектерінде де айтылды. Ойлау – шығармашылық әрекеттің негізгі ядросы. Психологияда ойлау табиғат пен қоғамдағы объективті күштердің мәнін ашағын психологиялық үдеріс, адамның шығармашылық әрекетінің ең жоғарғы түрі деп түсіндіріледі. Ал шығармашылық ойлау – дайын білімдер мен біліктерді қолдану үрдісіндегі репродуктивті ойлаудан ерекшеленетін, мәселені тиімді шешудің жаңа жолдарын таба білу әрекеті [21].

Шығармашыл тұлғаға жету үшін қабілеттілік деңгейінің көрінуі маңызды болып келеді. Ол баланның өскен ортасына, алған біліміне байланысты болады. Қабілет адамда туа біткен қасиет қана емес, оны жақсы бағытпен тәрбиелеу арқылы жетілдіруге болады. Шығармашылықты «даму» ұғымымен тікелей бірлікте қарастыру – психология ғылымының табысы. «Даму» ұғымының анықтамасын айқындайтын болсақ, даму – жанару үдерісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы. Барлық ғалымдардың «даму» аясындағы ойлары оқыту барысында бала психикасының жаңа сапалық деңгейге көтерілуі дегенді меңзейді. Психология ғылымында қол жеткізілген жоғарыдағы нәтижелер жеке тұлғаны дайындап, тәрбиелеуде шығармашылық үрдісті дамытудың тұжырымдамасын жасауға негіз болды. Мұғалімнің оқушымен бірлесіп шығармашылық еңбек етуіне ғалым В.И. Андреевтің ұсынған ережелері басшылыққа алынады.

Педагогтің мүмкіндігінше, өзінің ұстаздық шеберлігін және шығармашылық қабілеттерін үнемі дамытып, шыңдап отыруы қажеттігі; ұстаз өз оқушыларымен қарым-қатынаста үнемі демократиялық стильді дамытуы керектігі; мұғалім оқушының шығармашылық қабілеттерін және басқа да тұлғалық сапаларын дамытуда үнемі онымен бірге осы қасиеттерді дамытудың жолдары мен құралдарын іздестіруде болуы және шығармашылық тапсырмаларды шешудің тамаша әдістерін бірге талқылау, жаңа ой-пікірлерді бірлесіп іздестіру т.б. секілді қағидаларды сақтау негізінде іске асырылады.

Сонымен қатар білім алушылардың оқу-ізденім белсенділігін ұйымдастыруға басшылық жасайтын шығармашылық жаттығулардың ерекшеліктері талданып, оларды оқытуда қолданудың әдістемелік сипаты анықталды. Мысал ретінде: орыс, қазақ және ағылшын әлемдік оқытудағы жаттығу жасаудың тәжірибелеріне, көптілді оқытудағы шығармашылық жаттығулар мен тапсырмалардың топтастырылуы мен сипатына шолу жасалып, түрлері көрсетілді. Іріктелген жаттығу, тапсырма, ойындардың шығармашылық сипатта болуы өте маңызды. Оның маңыздылығы: білім алушылар үшін практикалық құндылығының болуы; олардың өмірімен байланысты болуы; интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына жағдай жасалуы; қызығушылығын туғызуы; жағдаяттарды, тапсырмаларды шешу арқылы жеке қабілетін тануына мүдделілігі; олардың жеке тұлғалық оң шеше алу қабілеттерінің арта түсуі; оқытудың практикалық мақсаттарына сай болуы.

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Ол үшін білім алушыларды бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға дағдыландыру керек. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді.

Шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен: «қабілет» ұғымының мәнін терең

түсініп алуды қажет етеді. Қабілеттілік-белгілі бір істі орындап шығуға мүмкіндік беретін адамның жеке басының қасиеті. Әр адамның белгілі бір әрекеттің бір түріне мүмкінділігін білдіретін дара ерекшелігі болады. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білімжүйесінің, икемділік пен дағдының, болуына байланысты. Қабілет негізі екіге бөлінеді:

1. Адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке жақтарын көрсететін қабілет.

2. Жалпы қабілет.

Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, зейінділік пен бақылағыштық, зеректілік пен тапқырлық т.б. Осы сияқты ақыл-ой әрекетінде көрінетін ерекшеліктер жалпы қабілетке жатады. іс-әрекеттің жеке жақтарынан көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнаулы қабілет дейді. Бұған суретшінің, музыканттың т.б. қабілеттерін жатқызуға болады.

Яғни, білім алушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн. Әрбір шығармашылық тапсырманы ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек:

- шығармашылық жаттығу ойын тапсырмалардың мазмұны мен қызығушылығына үйлесуі керек.
- тапсырма- міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі.

Шығармашылық дегеніміз - адамның өмір шындығында өзін-өзін тануға ұмтылуы мен ізденуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзін тануына көмектеседі [3].

Шығармашылық сөзінің негізгі мәні - «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Шығармашылық жұмыс беру арқылы баланың ізденімпаздық қабілетін арттырамыз. Шығармашылық тапсырмаларды оқушының қабілетіне, пәнге деген сүйіспеншілігіне байланысты оқуға қойылатын талаптарын басшылыққа ала отырып, жүргізген жөн. Өте пайдалы тәсілдердің бірі – тапсырмаларды оқушының білімін, қызығушылықтарын ескере отырып, олардың қабілетіне байланысты тапсырмалар беруге болады.

Ағылшын тілі сабағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көп мүмкіндік береді. Ең маңызды және күрделі мәселелердің бірі – оқушыларды дербес, өз бетінше, шығармашылық ойлауға, үйрету болып табылады. Біздің ойымша, біз ағылшын тілі мұғалімдері сабақ өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен үлесімізді қосамыз. Мектеп оқушысының бойында ашылмаған қасиеттерінің бірі– шығармашылық қабілеті. Мектеп мұғалімінің басты міндеті осы шығармашылық қабілетті анықтап қана қоймай, оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілетті дамыту. Сонымен қатар мұғалім оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруы керек. Оқушылар шығармашылықпен айналысуы үшін үнемі ізденісте болуы тиіс. Ол үшін оқытудың достүрлі емес түрлерін, яғни жаңа оқыту технологияларын сабақ үрдісінде жүйелі пайдалануымыз керек. Менің ойымша оқушышылардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін мына төмендегі әдістер арқылы қалыптастыруға болады:

- Фонетикалық жаттығу;
- Ойын технологиялары;
- Мақалдар мәтелдерді қолдана отырып;
- Рефераттар мен жобаларды қорғау;
- Ән мен тақпақтарды пайдалану;
- Шығармашылық конкурстарға қатысу

Сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең – оқудың бастапқы деңгейі (1-4 сыныптар). Бұл кезеңде оқушылардың есте сақтау қабілеттері өте жақсы дамыған болады. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар кішкентай болса да, айтқан сөзді тез есте сақтайды, себебі олар мұғалімнің әр айтқан сөзіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бұл кезеңде менің ойымша оларға қысқа тақпақ жолдарын беріп, оңай ән жолдарын беруге болады.

Екінші кезең – оқудың ортаңғы деңгейі (5-8 сыныптар). Бұл кезеңде оқушылардың ағылшын тілінде деңгейлері жоғарырақ болады. Менің ойымша бұл кезеңде, сыныптан тыс жұмыстарды жарыс ретінде өткізген дұрыс. Мысалы, бесінші сыныпта оқушылар диалогты оқып, мазмұнын түсініп отырса ол оны кітапсыз, есіне сақтау қабілетін қосып рөлмен ойнап береді. Осы кезде жиі-жиі рөлдерін ауыстырып отыру керек. Екі бала бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік туады, бірінің қатесін бірі тауып, толықтырып, бір-бірімен жарысып, бір деңгейде болуға тырысады.

Үшінші кезең – оқудың жоғарғы деңгейі (9-11 сыныптар). Бұл кезеңде оқушылар өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізу керек. Сабақ басынан аяғына дейін ағылшын тілінде өтіледі. Олардың шығармашылықтарын дамыту үшін олимпиядалар, жарыстар, саханалық қойылымдар қамтиды. Бұл деңгейде оқушылар Рождествоға немесе Ғашықтар күніне қойылымдар өткізуге болады [4].

Оқу үрдісінде мұғалім мен оқушы тығыз байланыста болуы керек. Ол үшін мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Ал оқушы өз тарапынан белсенділік таныту керек. Сонымен бірге, әрбір сабақ үстінде шығармашылық тапсырма беріп отыруы тиіс.

Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Біздің ойымызша, әрбір ұстаз сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Қорыта келе болашақта оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттырауға көп көңіл бөлген дұрыс. Сонымен қатар оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері (Оқу құралы).—Алматы: Қазмемқызпединституты, 2006. – 86 б.
2. Зимняя И.А., Сахарова Т.Е. Проектная методика обучения английскому языку. // Иностранные языки в школе. 1991. № 3. С. 9 -15.
3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические технологии в системе образования. - М.: Академия, 2000.
4. Аверьянов А.Н. Методологические проблемы. - Москва: Издательство: Политиздат, 1985.-263с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есенова А.И.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң
университетінің магистрі
Семей қ.*

Кілттік сөздер: Толеранттылық, студенттер, іс-әрекет, күзiретiлiк, қарым-қатынас.

Аннотация

Проявление толерантности в общении является уникальным способом взаимодействия индивида в социальном обществе, где формируются межличностные отношения

Annotation

The manifestation of tolerance in dialogue is a unique way to interact socially Invid society where interpersonal relationships

Философиялық тұрғыдан қарағанда жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады. Сондықтан 1995 жылғы 16 қарашада ЮНЕСКО-ға мүше елдер қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің Декларациясында» [1] білім беру саласында толеранттылық идеясын насихаттауға басымдық берілген. Педагогика ғылымында оның саласы ретінде «толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [2] қазақстандық отансүйюге, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу отандық білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде көрсетіледі. Яғни, білім беру мазмұны адамдардың нәсілі мен ұлтынан, мәдени және конфессиональдық белгілерінен тәуелсіз олардың арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа, тұлғаның жалпыадамзаттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Осы орайда, Қазақстан қабылдаған «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» республикаға еуропалық білім беру кеңістігіне интеграциялануға мүмкіндік береді және «өндіріс пен ғылымды интеграциялауда жоғары білім беру экономиканың барлық саласы үшін құзыретті, бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады» [3].

Құзыреттілік - ол тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға әкелетін, білім алушылардың әлемде өз орнын табуға көмектесетін тұтас білім берудің, біліктің, дағдының формасы.

Аталған әдіснамалық амалдар өзінің мәні мен мазмұны жағымен студенттің іс-әрекетімен байланысты. Өйткені, тұлғалық амал - ол тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қолдайтын әр педагогикалық істің мазмұнына апаратын бетбұрысы. Жалпы айтқанда әрбір міндет өндірістік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім беру оны шешудің әдіснамасы ретінде тұлғалық бағытты қолданған жағдайда ғана, адам жасаушы мәнге ие болады. Осындай жағдайда, ЖОО-да тұтас педагогикалық үдерісте студенттердің интеграция арқылы толеранттылығын

калыптастырудың педагогикалық- психологиялық әдіснамалық негіздерін оқытушылар ескеруі қажет:

- білім беру үдерісіндегі құндылық-бағдарға бағыттылығын;
- оқытушының диалогтік өзара әрекеті және диалогтік құзырлығын;
- ойын түріндегі моделдеу тәсіліне «Шет тілі» пәнін қолдану арқылы;

Қазіргі кездегі қоғам, ғылым және білім беру ізгіліктік құндылықтарына бағытталады. Құндылықтар шынайы әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесінде бар және қызмет етеді. Құндылық бағдардың дамуы және өзектілік үдерісі өте күрделі.

Тұлғалық-бағдарлық бағыттылығынанбиз, адам түсінігіндегі құндылықтың тұрақты түртікілер жиынтығын білеміз. Студентке құндылық көрсету қарым-қатынастың арнайы жасалған жағдайларда және де күнделікті арақатынаста болады. Құндылықты көрсететін негізгі жол ол күнделікті білім беру әрекетінен көрінеді. Мысалы, сабақта немесе сабақтан тыс жағдайларда «оқытушы-студент», «студент-студент» байланысындағы қарым-қатынас.

Ал, арнайы жасалған жағдайлар (ойындар, диалог, дискуссия) қысымсыз, таңдау негізінде құрылуы тиіс.

Отандық және шетел психологиясында толеранттылық мәселесін анықтаудың бірнеше бағыттары дамуда:

- толеранттылық психофизиологиялық түсінік және оның әсер етуіне сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде қандай да бір жағымсыз факторға бағытталуды білдіреді;
- толеранттылық сезімталдықтың төмендеуі олардың қайталанатын әсер етуі нәтижесінде қалыптасатын фрустрация немесе стресстердің бар болуына психологиялық беріктік ретінде қарастырылады;
- толеранттылық феномені үш позицияда: «Мен және Сен» антропологиялық мәселелері контекстінде, құндылық мәселелерінің аксиологиялық аспектілерінде және праксеология, жекеше қатынас әрекетінде қарастырылады. Толеранттылық бойынша көптеген педагогикалық жұмыстар «ағартушылық бағыт» тұрғысынан (анық немесе анық емес) қарастырылады: толеранттылық пен күштемеудің бұндай дұрыс идеясын анық, жан-жақты және табанды түсіндіру жеткілікті – өйткені бұл сол идеяға табыс әкеледі, ол «жұмыс істей» бастайды. Бұл жерде өте маңызды құрылым – толеранттылық феноменінің психологиялық, тұлғааралық мазмұны адекватты және тиімді педагогикалық стратегияны тудыруды осыған сай шарттар мен механизмдердің дамуын жалпы қиын түрде күтуге тура келеді. Бұл жағдайда толеранттылықтың маңыздылығы мен қажеттілігі тақырыбына декларация мен жолдауларға барлығын тарту тәуекелі артады [4].

Толеранттылық қандай да бір «фактордың» (ішкі немесе сыртқы) әрекетінің механикалық нәтижесі болып табылмайды, мысалы; созылмалы **толеранттылық** – бұл адамның саналы, ойлы және жауапты таңдауы, нақты қарым-қатынас құру бойынша оның жеке көзқарасы мен белсенділігінің көрінуі.

Толеранттылықтың психологиялық мазмұны жеке қасиеттерге, сипаттамаларға таңылмауы керек, бұл бірнеше «базалық өлшемі» бар күрделі, көпаспектілі және көп компонентті феномен.

Толеранттылықтың күрделі «анатомиясында» оның психологиялық негізі мен ең басытсы - толеранттылықтың тұлғалық өлшемі – құндылығы, пікірі, тұлғалық құрылымы болып табылады.

Толеранттылықтың барлық әралуан түрлері мен формаларының ішіненбиз үшін адамның жалпы толеранттылығы тұлғааралық толеранттылық болып табылады: толеранттылық тұлғааралық диалог сияқты басқалармен өзара қарым-қатынаста және тұлғаралық өзара әрекетте қатынастың ерекше тәсілі ретінде.

Біртұтас толеранттылық – ең алдымен өзінің тұлғалық негізінде – тек қана сыртқы әсерлердің нәтижесі бола алмайды: толеранттылық қанша қалыптасса, сонша дамиды; толеранттылықтың қалыптасуына көмек – бұл даму үшін жағдай жасау [5].

Ал әр амалдарды жеке-жеке қарастыратын болсақ:

Толеранттылық әртүрлі философиялық және психологиялық амалдардан қарастырылады – бүгінде әдебиеттерде бихевиористік толеранттылық ең алдымен адамның ерекше мінез-құлқы ретінде қарастырылады және когнитивтік толеранттылық негізінде өзінің білімі мен рационалдық шешімдері болатын амалдар басым. Жетілген толеранттылық үздіксіз түсінген, ойланған және жауапкершілікті. Мұндай толеранттылық автоматизмге, қарапайым стереотипті әрекетке қосыла алмайды – бұл әрбір нақты жағдайда нақты толғамы бар және толеранттылық субъектісінен бұл толғамға ізденушілікті жүзеге асыруды және шешімге жауапкершілікті талап ететін құндылықтар мен өмірлік көзқарас.

Толеранттылық тұлғалық амал. Жетілген толеранттылық – бұл толеранттылық мінез-құлықта, когнитивті «жарактауда» және эмоциялық дайындыққа қарапайым азғантай күзіреттілік.

Толеранттылықты тұлғалық өлшеудің негізгі мазмұны өзіне ең алдымен сәйкес келетін құндылықты-мағыналы жүйені – яғни орталық орнын базалық мәселелерде, дүниетаным мен өмірлік тұғырын таңдауда адамның құрметтеу құндылығы, өзінің жеке өмірін және әрбір адамды және демократиялық азаматтық қоғамдағы басқа да құндылықтарды қатынасы бойынша адамдардың тең дәрежелі және құқығы мен еркіндігі құндылығы басты орынға шығады.

Толеранттылықты «құндылықты-мағыналы амалда мәселе бұл тұлғалық құрылым, құндылық және мағына, немесе нақ осылар бір жағынан, тұлғаның ішкі әлемін, оның түйсінулері мен күйзелістерін, екінші жағынан, тұлғаның шынайы мінез-құлқын анықтайтын мотивациялық-реттеуші түзеткіш болып табылады» деген шенберде берік көзқарас ұстанатын қарым-қатынас психологиясын танымал зерттеуші Л.И.Рюминамен келісуге де болады [6]. Бұндай амалдың болашағы бар болып көрінеді, өйткені ол басқа өлшемдерде толеранттылықтың пайда болуының ішкі механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61 // Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995. *Век толерантности: Научно-публицистический вестник*. - М.: МГУ, 2001.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж. ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы. – Астана, 2010.
4. Апине И. Толерантность и идентичность (Латвия середины девяностых) // *Толерантность и согласие*. - М.: ИЭА РАН, 1997.
5. Муханова М.Н. Толерантность и социальное расслоение общества // *Толерантность и согласие*. - М.: ИЭА РАН, 1997.
6. Тәжібаева С.Ф. Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2010.
7. Бейсенбаева А.А. Компетентностный подход-методологическая основа обновления системы высшего образования Республики Казахстан // *Педагогика и психология*. – 2010.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАҒДЫ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Акжигитова Г.Ж.

Алматы Университетінің аға оқытушысы

Кілттік сөздер: оқу, тәрбие, білім беру, дағды, түсініп оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы методики обучения навыкам выразительного чтения

Annotation

This article discusses the technique of expressive reading skills training

Оқудың тәрбиелік және білім беретін маңызы өте зор. Оқу – дүние тану құралының бірі. Оқу балалардың сезімі мен еркін тәрбиелейді. Ол оқушының логикалық ойлауы мен тілін дамытады. Оқу баланы халық ойы, халық тілегі, халық рухымен таныстырады.

Балалар дұрыс түсініп, мәнерлеп шапшаң оқуға дағдылана түскен сайын, оқудың маңызы да арта түседі. Сондықтан оқуға үйрету процесі бір жағынан, білім мен тәрбие беруге, екінші жағынан, балаларды оқуға машықтандыруға бағытталған күрделі процесс болып саналады.

Оқу-жазуға үйретудің алғашқы кездерінен бастап-ақ балалар түсініп оқитын болуы керек. Түсініп оқу дегеніміз – баланың оқыған әрбір сөзді нақты затпен байланыстыра алуы, оқығанына мағына бере білуі, оқыған сөздерінің бір-бірімен байланысын және өзара қатынасын түсіне білуі болады; сондай-ақ көркем шығармаларды оқығанда, олардан әсер ала білулері болады.

Түсініп оқу оның идеялық бағытымен тығыз байланысты болады. Оқуға үйрету процесінде балаларда бірте-бірте оқығанының мазмұнына дұрыс түсінушілік пайда болады; оқылып отырған шығарманың шын мәнісін мұғалім ашып беріп отырады.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін, алғашқы кезде балалар жеңіл және өздері түсінетін мәтіндерді оқиды. Мұндай мәтіндердегі сөздер балаларға таныс заттардың, қимыл-әрекеттің аттары болуы керек, ал сөйлем құрылысы жағынан – балалардың әлі жететін болуы керек.

Тұтас мәтінді түсініп оқу үшін оның ішіндегі әрбір жеке-жеке сөзге түсініп қою жеткіліксіз, өйткені бала жеке-жеке сөздің мағынасын түсінгенмен, әңгіменің желісіне, шығарманың негізгі идеясына түсінбей қалуы мүмкін. Түсініп оқу дегеніміз - әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің мағынасын түсінумен қатар, сөздердің, сөйлемдердің бір-бірімен байланысына, тұтас шығарманың негізгі мақсатына түсіну деген сөз.

Оқушыны түсініп оқуға төселдірудің бір жолы - алдын-ала дайындық өткізу болады. Мұғалім балаларды оқылатын шығарманың ішінде кездесетін ұғымдармен және әңгіменің ішіндегі оқығаның жағдайымен алдын-ала таныстырады.

Әсіресе, таныс емес шет елдер немесе отанымыздың өткендегі өмірі туралы әңгімелерді оқығанда, алдын-ала әңгімелесудің маңызы өте зор. Бұндай кезде әр түрлі көрнекі құралдар көрсетіледі, көбінесе, мұғалім балаларды қызықтырып әңгіме айтып береді. Мысалы, Д.Дефоның «Робинзон Крузо» әңгімесін оқытудан бұрын, мұғалім бірнеше суреттерді пайдалана отырып, теңіз туралы, теңіз толқынының жағаға соғып жататыны туралы, балалар көрмеген құбылыстар туралы айқын түсінік береді. Осының арқасында әңгіме балаларға түсінікті болады.

Алдын-ала әңгімелесу балалардың өздерінің бұрын көріп-білгендерін еске түсіру мақсатымен

жүргізіледі. Әсіресе жыл мезгілдері туралы оқығанда мұғалімнің сұрауларына жауап бере отырып, оқушы табиғат құбылыстарын естеріне түсіреді. Сөйтіп, оқушылар саналы түрде оқуға дайындалады.

Қандай болмасын мақаланы оқыған кезде, сол оқылған мақаланы түсіндіріп отыру керек, бұл – шығарманың жеке-жеке бөлімдерін бір-бірімен байланыстырып, тұтас мазмұнын меңгеруге көмек етеді.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін шығарманы оқып шыққаннан кейін де бірсыпыра жұмыс істеу керек болады. Бұл жұмыс қорыту әңгіме деп аталады. Қорыту әңгімеден көзделетін мақсат түрліше болады. Қорыту әңгімеде оқылып талданған шығарма түгелінен қорытылады, оның ішінде оқиға, әрекеттерге баға беріледі, шығарманың кейіпкерлеріне балалардың қалай қарайтындығы анықталады, оқылған шығарманы қазіргі шындық өмірмен байланыстырады, яғни шығарманың идеялық мазмұны айқындалады.

Оқудың әр түрі бар: дұрыс оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу, іштен оқу.

Дұрыс оқу түсініп оқу шарттарының бірі болып саналады. Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету процесінде-ақ қалана бастайды. Балаларды буын жігімен оқуға әбден дағдыландыру, оларды сөздердің сыртқы кескінін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынуға немесе тіпті түсінбей оқуға әдеттенуден сақтандырады. Мұғалім буын жігімен оқудан сөзді тұтас оқуға тез көшіп кетсе, балалардың оқыған кезде жаңылысып, қателесе беруінің басты себебі осыдан болады. Дұрыс оқуға дағдыландыру үшін мұғалім балалардың оқығанына ықылас қойып, олардың оқудағы қателерін көрсетіп, түзетіп отыруы керек. Оқушыларды қателеспей дұрыс оқуға үйрету үшін, яғни сөздерді дұрыс оқуы үшін қолданылатын тәсілдердің бірі - қиын-қиын деген сөздерді алдын-ала балаларға талдатып оқытып алу тәсілі болады. Мәтіндегі осындай қиын сөздерді мұғалім күн ілгері тауып алып, әуелі оқушыларға бұл сөздердің мағынасын түсіндіреді, кейін осы сөздерді мәтін ішінде оқиды.

Оқыған кездегі балалардың жіберетін қателерін жөндеу жұмысы сол қателердің түріне байланысты болады.

Оқығанда балалар негізінен мынадай екі түрлі қате жіберулері мүмкін. Сөзді бұзып оқу және оқып отырған сөзге тілі келмеу. Бала сөзді бұзып оқыған кезде, оған сол сөзді қайта дұрыстап оқытқызу керек те, ол сөздің мағынасын түсіндіру керек. Егер оқушы сөзді соған ұқсас басқа сөзге айналдырып оқыған болса, бұлай алмастырып оқуға болмайтындығын, сөздерді алмастырғаннан оқып отырған сөйлемнің (әңгіменің) мағынасы өзгеріп, бұзылып кететіндігін түсіндіріп, қатесін өзіне түзеттіру керек.

Балалар өте жай оқыса, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай, ақырында, Мәтіннің тұтас мазмұнына түсінбей қалады. Оқу-жазуға үйретудің бірінші кезеңінде – балалар әлі әріптерді нашар айыратын және оларды бір-бірімен қосып оқуы қиын кезде ғана – жай оқыттыру керек. Бірақ барған сайын балалардың оқу шапшаңдығы арта түсіп, бірте-бірте сауатты адамша оқуға жақындауы керек. Дегенмен балаларды шапшаң оқуға дағдыландыра отырып, белгілі шамадан тыс кетпеу керек.

«Оқу шапшаңдығы түсіну шапшаңдығымен қатар дамуы керек». «... Егер баланың түсінуінен гөрі оқуы шапшаңдау болса, ол – баланың түсінбей оқығаны. Баланың түсінуі арта түссе, ол өзінен-өзі-ақ шапшаң оқи бастайды; сондықтан оқытудың алғашқы кезінде шапшаң оқудың қажет жоқ, тіпті ол зиян келтіреді».

Шапшаң оқу дауыс ырғағын келтіріп оқумен тығыз байланысты. Дауыс ырғағын келтірмей шапшаң оқитын болса, керек емес жерге пауза жасап, пауза жасайтын жерді қосып жіберіп, бала мәтінді өзі де, тыңдаушы да түсінбейтіндей етіп оқитын болады. Шапшаң оқу үшін тым асығып оқыған бала дауыс ырғағын келтіріп оқи алмайды. Шапшаң оқуға машықтандырудың ең сенімді жолы – мәтінді қайыра-қайыра оқыту; бірақ балалар мәтіннің мазмұнын ұғынып, оны қайыра қызығып оқытатын болуы шарт. Бұрын оқыған мәтінді қайта оқытқызу үшін сол мәтінге байланысты басқа бір тапсырма берілген болуы керек немесе балалардың өздері қайта оқуға қалап алған мәтін болуы керек. Бір мәтінді қайта оқытқанда балалар ол оқуды құр бекер оқу деп санамай, белгілі бір тапсырмаға қатысы бар оқу деп қарайтын болулары керек. Және сол тапсырманы істеп шығу керек.

Шапшаң оқуға машықтандыру үшін қайыра оқыттыруға ертегілердің мәтіндері өте қолайлы, өйткені ертегілерде бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын жерлер көп болады.

Дауыстап оқудың негізгі сапасының бірі – мәнерлеп оқу болады. Мәнерлеп оқу – саналы түрде түсініп оқудың көрінісі. Тек қана жақсы түсінгенді жақсы айтып, оқып беруге болады.

Мәнерлеп оқудың белгілері кәдімгідей еркін оқу болады. Мәнерлеп оқу дегеніміз кәдімгі сөйлегендегідей етіп оқу болады. Оқып отырған мәтінді анық және дұрыс түсінгенде ғана мәнерлеп оқуға болады. Мәнерлеп оқу, бір жағынан, балалардың мәтінді қаншалықты түсінгенін аңғаруға мүмкіндік беретін болса, екінші жағынан, ол мәтіннің мазмұнын жақсырақ меңгеріп алуға бірден-бір құрал болады. Мәнерлеп оқудың тәрбиелік үлкен мәні бар. Ол оқушы мен тыңдаушының арасын байланыстырып, балалардың эмоциялық қабылдауын күшейтеді. Сонымен қатар, мәнерлеп оқу балалардың сөйлемдегі дауыс ырғағын дұрыстап отыруға себепкер болады, әрі балаларды сөз бен сөйлемдерді дұрыс айтуға үйретеді. Мәнерлеп оқу жұмысы ең алдымен мәтінді саналы түрде түсініп алу жұмысынан басталады.

Оқуға машықтанған сайын, балалар бірте-бірте грамматикалық, логикалық және психологиялық тыныс жасаудың ережелерін, логикалық екпін түсіре оқу және дауыс ырғағына келтіріп оқудың қарапайым ережелерін меңгере бастайды.

Балаларға, әсіресе өлеңді оқығанда, дұрыс кідірістер жасап оқуды үйрету керек. Өлеңнің әрбір жолы аяқталған ритмикалық тұтас бірлік болғандықтан, ешбір тыныс белгісі тұрмаса да, мағына жағынан пауза жасайтын жер болмаса да, әр жолды кідіріп-кідіріп оқу керек.

Балаларды оқып отырған шығарманың мазмұнына қарай дауыс ырғағын дұрыс келтіріп оқуға

үйретудің маңызы бар. Ол үшін мұғалім оқып отырған шығармадан жеке сөйлемдер не бір үзінді алып, оның мағынасына қарай қандай дауыс ырғағымен оқылатындығына балалардың көңілін аударуы керек. Жалпы оқуға үйретуде, оның ішінде мәнерлеп оқуға үйретуде мұғалімнің оқуына еліктеудің зор маңызы бар. Бірақ егер мұғалім балаларды мәнерлеп оқуға үйреткенде құр дауысқа қарап үйретсе, үлкен қателік жасайды. Мұғалімнің құр дауысына қарап оқу саналы түрде түсініп оқу болмайды. Мәнерлеп оқуға үйретудің негізгі шарты мәтіннің мазмұнын талдау болып табылады. Сондықтан балалар әуелі мұғалімнің көмегімен, кейіннен өздері-ақ оқып отырған шығарманың мазмұнына қарап, дауыс ырғағын дұрыс келтіріп, логикалық екпінді дұрыс түсіріп, керекті жеріне дұрыс кідіріп оқуға үйренулері керек.

Оқуға төселдірудің түпкі мақсаты – оқушылардың түсініп, іштерінен оқып алуы болып табылады. Балалар бұған оқып-жазуға үйрене бастағаннан-ақ бірте-бірте дағдылана береді.

Оқуға төселдірудің алғашқы кезіндегі негізі дауыстап оқуға үйрету болады. Оқушылар дұрыс, бір қалыпты буындап оқып төселгеннен кейін ғана ақырын іштен оқуға, яғни көзімен оқуға үйрене бастайды. Бұлайша оқудың техникасын балалар бірден біле қоймайды. Ол үшін мұғалім балалардың бірте-бірте сыбырлап оқудан ерінді ғана жыбырлатып дыбыссыз оқуға, ақырында, көзді ғана жүгіртіп, нағыз іштен оқуға көшуін ұзақ уақыт қадағалап отыруы керек. Бұлайша оқығанда, балалардың қаншалықты түсінгендігін оларға тапсырма беріп, соның орындалуына қарай байқауға болады. Балаларды іштен оқуға үйреткен кезде, оқыған шығармасына байланысты тапсырма беріп отыру керек.

Мұғалім тапсырманың орындалуын тексере отырып, балаларды оқыған мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін тексереді. Сонымен қатар, балалар мұғалімнің тапсырмасы бойынша іштерінен оқып отырған кезде, олар оқып отырған шығармасының түрлі жағына ой жүгіртеді, сөйтіп, саналы түрде түсініп оқуға машықтанады.

Іштен оқу тұсында берілетін тапсырмалар шығарманың қалайша оқылып отырғанына қарай түрліше болуы мүмкін.

Балалар түсіне алатын шығармаларды оқыған кезде, мұғалім балалардың көңілін негізінен оқып отырған шығарманың тұтас алғандағы мазмұнына аударды. Ол үшін сұрақтар қойылады, балалар оған шығарманы оқып шыққаннан кейін жауап қайтарады.

Іштен оқуға машықтандыра түсу үшін үйде іштен оқуға тапсырма беруді көбірек қолдану керек. Балалар оқу сабағына дайындалған кезде, мұғалімнің басшылығымен бірнеше тәсілдерді меңгереді. Мысалы, оқуға берілген тапсырманы орындап отырған кезде, мәтіннің кейбір жерлерін оқушылардың іштен де, дауыстап та бірнеше рет оқып шығулары, өздері сұрақтар қойып, оларға жауап берулері, мәтіннің ішіндегі ең негізгісі, ең қызығы қай жері екендігін ойлаулары, берілген мәтінді қайта-қайта бірнеше рет оқып шығулары өте пайдалы. Оқушылар мәтінді сөйлем жігімен, ал қиын деген сөздерді буынға бөліп оқуға үйренсін.

Мұғалім тапсырма берген кезде, әрдайым қалай оқу керектігін, дауыстап па, не іштен бе, көрсетіп беріп отырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Сыздықова, Т.Қордабаев. Оқыту методикасының негізгі мәселелері// Алматы, 1980.
2. Аткинсон Р. Человеческая память и процесс обучения // Москва, Прогресс, 1980 ж.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҚҰЗЫРЕТТІ МАМАН ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Балмағамбетова Д.Қ.

*Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледж
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: *құзыреттілік, Тәуелсіздік, технология, кәсіби құзыреттілік*

Аннотация

В статье рассматривается проблема подготовки специалистов, обладающих новыми инновационными технологиями, которые через этнопедагогическую культуру развивая компетентность, приобретут жизненно важные знания.

Annotation

In this article author reveals the essence of new and innovative technologies in the training of future teachers. Also analyzes the structure of the professional culture of the future specialists, it calls not to forget the values, cultural characteristics, traditions of the people in the innovation process.

Тәуелсіздігіміздің тірегі – білімді әрі саналы, парасатты, жан – жақты, мәдениетті, еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін патриот азаматтарымыздың көп болуы әбден керек – ақ. Бұл жөнінде Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2030» Жолдауының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманға нарықтық экономика

жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, азат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», – деп үміт артып отыр. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін жан – жақты тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте педагогикалық үрдістің жалғасын табатыны бәрімізге белгілі. Ал біздің колледжде білім алушылар – болашақ мамандар, яғни болашақ тәрбиешілер мен мұғалімдер. Сол үшін әр студенттің кәсіби құзыреттілігінің толықтай дамуы өте маңызды.

Құзыреттілік латынның «competentis» — бейім сөзінен пайда болған, қандай да бір оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті жеке тұлғаның орындай алу қабілеттілігі. Ал, кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс – әрекетті арттыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігінің бірігуі. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Қазақстан 2015 жылғы білім беру бағдарламасында: Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлға дайындау деп атап көрсетілген, сондықтан оқу тәрбие үрдісінің алдында тұрған негізгі міндет табысты және тиімді әрекетке дайын өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс- әрекетін өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесіндегі білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты-мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңдағы ең өзекті міндеттің бірі – еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын, бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандар дайындау. Жеке тұлғаның әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниеге Қазақстан Республикасының іргелі ел ретінде танылуына үлес қосатын білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие – білім беру үрдісін модельдей алатын, білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын жеке тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыреттілік тәрбие – білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге ұйретуді міндеттейді. Осы міндеттерді толығымен қанағаттандыру үшін қазіргі таңда күннен-күнге дамып келе жатқан жаңа ақпараттық құралдардың пайдасы өте зор. Жаңа технология-сапалы білім кепілі. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»-деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескеріп отырып қазіргідей жаһандау дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың тәнге деген қызығушылығын арттырады. Сол себепті, оқушыларға білім беруде жаңа ақпараттық оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологиялар заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, оқытуға тиянақты түрде көңіл бөлініп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану, оқыту-тәрбиелеу үрдісін толық жетілдіруге, педагогикалық еңбектің тиімділігін арттыруға, оқушылардың білім, білік дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізип, кәсіби бойынша құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл кезде оқушылардың ойлау қабілеті іске қосылып, танымдылық іс-әрекеті жинақталып кәсіби құзыреттілігі дамиды. Жаңа ақпараттық технологияның мақсаты — оқушыны біліммен, білім алу тәсілімен қаруландырып, оның өмір салтымен, мінез-құлқын сауықтандыра отырып, өзін үнемі дамитын оқушыны тәрбиелей отырып, саналы білім алуын жүзеге асыру. Егер оқушының кәсіби бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе жаңа ақпараттық технология арқылы оқушылардың шығармашылығы қалыптасса, онда логикалық ойлары теңеліп, өздігінен білім алу, сол білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті және кәсіби құзыретті тұлға болып қалыптасады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану қызметі дайындығынан мыналарды байқауға болады:

- оқушылардың компьютерлік техниканы пайдалануға қызығушылықтарының артқандығы;
- оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау;
- оқушылардың жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби педагогикалық

даярлау үрдісінде ЖАТ-ны кешенді пайдалану.

Ғалымдар мен зерттеушілер В.В.Семеновтың, Т.В.Васильеваның, В.В.Рубцовтың және тағы басқалардың түрлі пікірлерін зерттей келе, оқыту үрдісінде компьютер атқаратын функциялардың барлық жиынтығын екі топқа бөлуге болады:

- Үйренушілердің оқу қызметіне байланысты функциялар;
- Әлеуметтік маңызы бар функциялар.

Бірінші топқа мынадай негізгі функциялар жатады: коммуникативтік; танымдық, білімдік, құндылықты-бағдарлаушы, диагностикалық.

Екінші топты мынадай маңызды функциялар құрайды: ізгілік, басқарушылық, теңестірушілік, оңтайландырушылық, оңалтушылық, көңіл көтеруші-тыныштандырушылық.

Жаңа ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат — оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігімен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы болады. Интерактивті тақтамен сабақ берген кезде мұғалім, шәкірт және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі. Мұнда компьютер ойына үрдістер арқылы қозғау салып, шәкірттердің құзіреттілігін дамытуға әсер етеді. Ең алдымен оқушының ойлау қабілеті мен білімін арттыруға үйретеміз. Сонан соң оқушы кейінгі және бүгінгі өмірді салыстырмалы түрде тани білуге тырысады. Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. «Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, – Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзіреттілігін дамыту оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, этнокомплекттік тәлім-тәрбие негізінде тәрбиеленіп және білімді өздігінен ала алуы, алған білімдерін қажетіне қолдану арқылы кәсіби құзіреттілігін дамыту болып табылады. Өйткені, бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Жаңа әлемде халық дәстүрлері мен оның үлгілерінің жоғалуы қоғамның рухани жағынан жутандыққа ұшырауына, уақыт пен ұрпақ байланысының ыдырауына әкеліп соғуы мүмкін. Қазіргі таңда көптеген адамдар өз тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білмейді, ұлттық әдет-ғұрып, кәсіп халықтың өзіне тән тұрмыстық көрінісі жоғала басты. Сондықтан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өмір сынынан екшеленіп бүгінгі өмірге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңа технологиямен қатар алып жүру - әрбір отбасының, тәрбиеші-ұстаздардың абройлы міндеті.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Кез-келген кәсіп иесі жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделе отырып, жаңа үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енуде өз ұлтымыздың құндылықтары мен мұраларын ұмытпауымыз керек деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзіреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009 ж., Б. 403-420
2. Қазақстан мектебі, № 1 – 2008 ж., 23-24 б.б.
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы- педагогикалық технология көзі. Алматы 2001. -75б.
4. С.Аманжолов, Құзіреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері. Өскемен: 2007. –Б.135-140.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ.

Абдрахманова А.М.

*Қ.Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледж
Атырау қ.*

Кілттік сөздер: математика, халықтық педагогика, бастауыш сынып, қабілет, оқу дағдысы

Аннотация

Главной целью начальной школы является обеспечение становления личности ребенка, раскрытие его способностей, формирование желаний и умения учиться.

Реализация этих целей вызвала необходимость внедрения в современную систему образования достижения передовой практики в области народной педагогики. Потребность в приобщении школьников к

национальной культуре на основе традиции народа и недостаточная разработанность теоретического обоснования и опытно-экспериментальной проверки использования элементов народной педагогики в начальных классах.

Annotation

The main goal of primary school is ensuring formation of the child's personality, disclosure of its abilities, formation of desire and ability to study.

Realization of these purposes caused the necessity of introduction in modern education system achievement of the advanced practice in the field of national pedagogies. Need for familiarizing of school students with national culture based on the traditions of the people and an insufficient readiness of theoretical justification and skilled and experimental verification using elements of national pedagogies in primary school.

Математика жаратылыстану ғылымдарының негізі және математикасыз бірде-біреуін терең меңгеруге болмайды десек, математика пәніне берілген диалектикалық анықтамадағы «математика-адамдардың табиғатпен және техникамен қарым-қатынас құралы»-на қабілетімізді бастан-ақ дамыту міндеті қойылады.

XXI ғасырдың ұрпағы жаппай компьютерден сауатты, интернет, мобильді телефондар, смартфондар мен айфондарды толығынан бала жасынан меңгерген. Бұл өз кезегінде балалардың терең ойлау, логикалық талдау мүмкіндіктеріне ықпал етері хақ. Демек, бастауыш сыныптарда математикалық білімді оқып-үйренудің, игерудің қиындығын оқушыларға түсінікті, қызықты образды халық «тілінің» көмегімен игерту қажеттілігі туындап отыр.

Бастауыш мектеп оқушыларының математика пәніне қызығушылығын қалыптастыру үшін қазақ халық педагогикасы идеяларын өз кезегінде ұтымды қолданудың маңызы зор. Атап айтсақ:

- қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз әңгімелер;
- санамақ, жаңылтпаш, жұмбақтар;
- ұлттық ойындар;
- ауызша есептер;
- төрт түлік туралы жырлар, тақпақтар.

Бала дүниетанымы еліктегіш, сенгіш келгендіктен, математика сабақтарында халық педагогикасының идеяларын ұтырлы қолдану айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, жетілдірілу жолдары міндеттеліп жатқан еліміздің білім беру жүйесінің жаңа мақсаттарынан туындап отырғанадамгершілік қарым-қатынас мәдениеті мен құндылықтарға жетелейді.

Қазақ халқы математикалық білімнің құндылығы – оның қолданысының басымдығында.

Қазақ педагогикасының математикалық астарларына үңілер болсақ, олар біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе ұйқас табу, ертегі, ойын, біресе мақалдап сөйлеу, біресе ертегі, біресе даналы ой түрінде беріліп жатады.

Қазақстан Республикасы Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартына енгізілген Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасында: «Бастауыш сатыда оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейінде қол жеткізу үшін, ең алдымен білім берудің мақсат басымдылығы түбегейлі өзгеру керек: бірінші кезекте, бұрынғыша оқушының пәндік білім, біліктердің белгілі жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады», - делінген.

Халық педагогикасының тарихында өшкен ұрпақтың ғасырлар бойғы жинақталған терең рухани тәжірибесінің үлкен маңызы бар. Ол мұраның көбісі қолжазбаларда, әдеби естеліктерде сақталған. Олардың ішіндегі ең үздіктерін қазіргі заманғы жас ұрпақтың тәрбие ісіне, көзқарасының қалыптасуына, ойлау қабілетіне және мінез-құлқын қалыптастыруға пайдалануға болады. Педагогикалық жұмыс ағымында оқу-тәрбие ісінің сапасын арттыруға көп көмегін тигізуі тиіс. Біздің ұсынып отырған экспериментіміз- бастауыш сынып математика сабақтарында білуге деген ұмтылысын белсендіру және оқушылардың оқуға құштарлығында халық педагогикасы мен тарихи мәліметтерді тиімді пайдалану жолдарын анықтау.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыра түсуге қолайлы мүмкіндік жасайды. Математика сабағында халық ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы, ойын сабақтың басында, не ортасында, не соңында қолданылуы мүмкін. Ойынды сабақтың басында қолдану жаңа сабаққа немесе сұралатын үй тапсырмасына оқушыларды түгел қатыстыру мақсатын көздейді.

Егер ойын сабақтың ортасында қолданылатын болса, онда мұғалімнің мақсаты – оқушылардың көңіл-күйлерін сергіту, шаршағанын ұмыттырып, ерік-жігерін дамыту.

Ойын сабақтың соңында тақырыпты бекіту не сол сабақтан алған білімді жинақтау мақсатында пайдаланады.

Ұлттық ойындарды өткен сабақтарды қайталау кезінде де қолдануға болады. Ол жағдайда ойын элементтері сабақты түрлендіріп, мазмұнын байыта түседі, оқушылардың бойындағы білуге деген талпыныс пен құмарлықты оятады, балалық қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі, өмір тәжірибелерін толықтырады.

Ұлттық ойынының бұл қасиеттерін халық ерте танып, өмірлік мәні зор ойындардың алуан түрлерін ойлап шығарған. Қазақ халқы – халық ойындарына өте бай және оның түрлері де алуан салалы болып келеді. Солардың бір парасы логикалық ойлау мен математикалық сызбаларға негізделсе, енді бір тобы тез ойлап,

жедел шешуді талап ететін ауызша есептер, сондай-ақ философиялық ой түйіндерін жасауға арналған ойындар болып келеді. Біздің пікірімізше, бұл ойындар күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта жүйелі, тиімді пайдалана білсе, жастардың ой-өрісін дамытып, дүниені танып, білу қабілеттерін кеңейте берері сөзсіз.

Логикалық есептер – кеңірек ойлануды қажет етеді. Есептің жауабы бір немесе бірнеше болуы мүмкін. Есептің бұл түрі мұғалімнен де, оқушыдан да аңғарымпаз болуды талап етеді. Логикалық есепті шешу қатаң дәлелге сүйеніледі. Сондықтан мұнда қысқа есептей салу, көрнекілікпен астарластыру болуы ықтимал. Мұндай есептер логикалық ойлауға, қиялдауға, ұстамдылыққа, еңбектену білуге тәрбиелейді.

Біздің ойымызша, математика сабағында шешілетін есептер мына бағытта болуы керек: математикадан бастауыш сыныпта өтілетін, бірақ қиын шығарылатын есептер мен тапқырлықты талап ететін логикалық есептер астарласып келуі тиіс. Берілетін есептер оқушылардың жас шамасына шақталып, оқушыны жасытпай, қайта жігерлендіретін, математикалық инициативасын арттыратындай түсіндіруі жеңіл, тұжырымдалуы қысқа болғаны жөн. Есеп зерделілікке, қиялдауға, логикалық ойлауға, тапқырлыққа, байқампаздыққа, есепті шешу тәсілдерін меңгеруге тәрбиелейтіндей болуы керек. Сондай-ақ, есеп өмірден алынатындығын танытатындай болуы қажет.

Қызықты есептер өлең, ермек, әзіл, викторина түрінде де жазыла береді.

Өлең есепте өлеңді жазу заңдылығын пайдалана отырып, математикалық есеп құрастырылады. Онда не белгілі, белгісіздік екендігі айтылады. Олар есепті шешуде байланыстырылады, табылған жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Кейде есепті өлең түрінде тұжырымдау, оқушыны әдеттегіден тыс күйге түсіріп, өзіне баурап алады. Өлең есеп оқушыларды ұжымдыққа, адамгершілік қасиеттерге, математикалық заңдылықты байқауға, тыңдай білуге, негізгіні қосымшадан ажырата білуге тәрбиелейді. Өйткені математикалық ұғымның өлеңде тұрмыстық маңызы кеңірек ашылады.

Әзіл есептер өлең түрінде де, қара сөз түрінде де кездеседі. Есеп шарты дұрыс берілгенімен, қорытындысы әзіл түрінде ұшқары айтылады. Алайда, есеп- дұрыс есеп болғандықтан, оның астарлы сыры болады. Сондықтан жауап тез талап етіледі. Соңынан жауап талданып, жауаптың дұрыстығы дәлелденіп көрсетіледі.

Демек, қазақ халқы сонау көне замандарда-ақ ұлттық болашағын өнер-білімнен ізденіп, ал өнер – білімнің негізін математика қылатынын дәл тани білген, осы жолда жастарды да тәрбиелеп отырған.

Сондықтан, ұлттық дәстүрдің аясын тарылтпай, қайта жана әдістермен толықтыра отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі ұстаздарға жүктеліп отырған міндет болып саналады. Мұғалімдердің математика сабақтарында жоғарыда келтірілген халықтық тәсілдерді қолданулары өз пәндеріне деген қызығушылықты да арттырады, сабақтарын да қызықты еткізуге мүмкіндік алады, әрі жастарға, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына халықтық салт-дәстүрден мол мағлұмат бере біледі. Мұндай сабақтардан кейін балаларда халықтық педагогикаға деген қызығушылық туындап, өз бетінше де іздену жолдарына түсуге тырысады.

Жоғарыда айтылғандар мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазақ халқының ұлттық педагогика идеяларын бастауыш мектеп мұғалімдерінің өз сабақтарында қолдануы оқушылардың бойындағы математика пәніне деген қызығушылығын тудырады, өз халқының салты мен дәстүріне деген сенімді арттыра түседі.

2. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ халқында ауызша математикалық санамақ арқылы тәрбиелейтін өнердің бар екендігінен хабар береді, жақынырақ тануға мүмкіндік туғызады.

3. Қазақ халқының мұндай ерекше ойындарын мұғалімдердің қолдануы, оқушыларға кейбір терминдерді түсіндіру жолдарын жеңілдетеді.

4. Балалардың мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ түрлерінде берілген мұндай ойындарды жаттап алулары, өз бойларындағы танымдық және логикалық қабілеттерін кеңейте түсулеріне ықпал етеді.

Оқушылардың логикалық ой өрісін арттыруда оларды математикаға қызықтыруда математикадан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың ерекше маңызы бар. Бұрын қалыптасқан дәстүр бойынша, сыныптан тыс жұмыстар пәнге қызығатын, қабілетті оқушыларды ғана қамтитын еді. Ал қазір барлық оқушылардың оқу процесіндегі инициативасын, творчестволық іскерлігін арттыру мақсатындағы сыныптан тыс жұмыстың түрлерін жүргізу қажеттігі туды. Белгілі бір себептер мен бағдарламалық материалды жүйелі түрде меңгере алмаған немесе білімінде олқылықтар көп үлгірмеушілерді жекелей оқыту тәжірибесі де қалыптасады.

Бастауыш сыныптарға математиканы оқыту жөніндегі әдістемелік ой –пікірдің қалыптасу кезеңін айқындап, оны таңдаудың рухани негізі мен оны анықтау бүгінгі күнге ғана емес, болашақ үшін де зор маңызы бар. Бастауыш сыныптарға математиканы оқыту жөніндегі ғылыми ой – пікірдің қалыптасуының негізі халық педагогикасының идеялары болып табылады. Атап айтсақ:

- Ауыз әдебиетінің ой дәлдігімен, мазмұн тереңдігімен ерекшеленетін нақыл сөздер, дастандар, мақал – мәтелдер секілді түрлері балаларға математикалық білімнің қажеттілігін насихаттауда да кен орын алған.

- Бастауыш сынып оқушыларының математикаға қызығушылығын қалыптастаруда санамақтардың маңызы зор. Ұйқас өлеңдер балалардың поэзияға құмарлығын арттырады, сөйлеуге дағдыландырады, санамақтарды жаттауға деген құлшыныс олардың жаттау қабілеттерін, танымын қамтиды. Санамақ балаларды сергектікке, тапқырлыққа баулиды, баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

- Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнінің қызығушылығын арттыру мақсатында ауызша есептердің маңызы зор. Ауызша есептер халық даналығынан ерекше орын алады. Бұндай есептер аң

шаруашылығы, мал шаруашылығымен байланысты болып келеді. Ұрпақтар сабақтастығын жалғап келе жатқан халықтың ауызша есептеріні зор маңызға ие. Ауызша есептер балалардың математикалық қызығушылығын қалыптастыруда маңызды әдістемелік құрал болып есептеледі. Есептің шешуін іздеу барысында бала ойланады, іздейді, сұрайды.

-Халық ертегілері тереңдігі мен шыншылдығы, маңызы мен мәні жағынан оқушылардың дүниетанымын дамытуға байқағыштыққа, әр нәрсенің байыбына баруға тәрбиелейді. Осы арқылы баланың математикаға деген қызығушылығын тудырады.

- Ұлттық ойындарын математикамен ұштастыру оқушылардың күнделікті алған білімдерін өмірімен байланыстыру – сыныптағы білім мен сыныптан тыс жұмыстардың бірлігінің болуы. Мәселен, халық ойындарын сабақта пайдалану тәрбие мен білімнің сабақтастығын көрсетсе, балалардың білім көкжиегін кеңейтіп, оқушылардың сабаққа деген ынтасын қалыптастырады.

- Жаңылтпаш – балалардың сөз мәнін ұғындырады, жаттықтырады, ойлау деңгейін көрсетеді

- Педагогикадағы балаларға арналған жырлар, өлеңдер, тақпақтар оқушылардың қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы негізгі құндылықтары болып табылады.

Математика сабақтарында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысы және сыныптан тыс жұмыстары өзара тығыз байланыста болады, себебі бұлар бірін-бірі толықтырып отырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005.- 1-2 б.
2. Білім туралы: Қазақстан Республикасының заңы. – Алматы: Данекер, 2000.
4. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориясы мен практикасы.- Алматы: Ғылым, 2001.
5. Ұзақбаева С., Қожахметова К. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы.-Алматы: Өнер, 1998.
6. Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының педагогикалық білім беру тұжырымдамасы.- Астана, 2005.
9. Әбілқасымова А.Е.Кобесов А.К: Рахымбек Д.Р. Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі.- Алматы: Білім, 1998.
10. Елубаева С.Бастауыш кластарда математикадан жүргізілетін кластан тыс жұмыстар – Алматы:Мектеп, 1985-98 б

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Ержигитова И. Д.
Қазмемқызпу магистрі*

Кілт сөздер: болашақ мамандық, кәсіби құзыреттілік, мотив, кәсіби білім беру, іскерлік, біліктілік.

Аннотация

В статье рассматриваются основные мотивы, главные требования при формировании профессиональной компетентности будущих специалистов. Проблема компетентности реализуется на основе педагогической деятельности, значительно увеличивая ее дидактические, информационные, методические и технологические возможности.

Annotation

In the article basic reasons, main requirements, are examined at forming of professional competence of future specialists. The problem of competence will be realized on the basis of pedagogical activity, considerably increasing her didactic, informative, methodical and technological possibilities.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деп Елбасымыз айтып өткендей, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр [1].

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды

менгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр[2, 6 б.]

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын *рухани-адамгершілікті*, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Қазіргі кезде білім беру қоғамның қоғамдық, ғылыми және өндіргіш күштерін интеграциялауға қол жеткізудің қажетті шарты және құралы болып табылады. Өйткені кәсіптік білім беру – адамның жүйеленген сапалы білімді, кәсіптік дағдыны және білікті меңгеру, ақыл-ойы мен сезімін дамыту, дүниеге көзқарасын және танымдық ойларын қалыптастыру үрдістері мен нәтижесі. Сапалы маман деп әр алуан фактілер мен құбылыстарды танып – білуге жалпы көзқарасты білдіретін ортақ идеяларды, ұстанымдар мен әдістерді меңгерген, қабілеті мен біліктілік деңгейі жоғары сапалы маманды айтуға болады.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту процесін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген [3]. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым [4, 30 б.].

Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [4, Б.32-33].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – 12 б.
3. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан. – Астан, 2010.
4. Құдайбергенова К. Құзыреттілік тұғырлар //Жоғары мектеп. – Алматы, 2 (11) 2010. – Б. 30-33.

СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ, ЗЕРТТЕЛУ ЖӘЙІ

***Жарқымбекова М.Б.**
Қазмемқызну магистрі*

Кілттік сөздер: сыни ойлау, сын тұрғысынан ойлау, сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Аннотация

В этой статье автором рассмотрены проблемы развития критического мышления обучающихся и возможности новых технологий критического мышления

Annotation

In this article the author deals with the problems of development of critical thinking of students and possibilities of the new technologies of critical thinking

Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс»- деп атап көрсетті [1].

XXI ғасыр дамыған білім мен техниканың ғасыры екендігін ескерсек, алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылу мақсатында негізе алатын болсақ, онда болашақтың негізін қалауды бүгінгі күннен бастауымыз қажет. Болашақ жас ұрпақтың тағдыры, олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші – ұстаздардың қолында. Ал, ұстаздардың басты міндеті- болашақ ұрпаққа сапалы білім нәрімен сусындату болып табылады. Ал ұстаз осы міндеттерді заңнамалар, стандарттар мен бағдарламалар негізін басшылыққа алып жұмыс атқарады. Сондықтан да ұстаздың міндеті тек сабақ беру деп қарамау керек.

Осы орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңаны табатын өнер» - деген екен. Осы мақсаттарды жүзеге асырудың негізінде оқытудың жаңа технологиясын педагог - ғалымдар мен республика мұғалімдері жан-жақты ізденіп, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруда білім берудің тиімді жолдарын қарастырып, оқытудың жаңа көп нұсқалық қағидасын бекітті. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқу қарқынын жақсарту мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану- заман талабы.

Педагогикалық технологияларды сипаттағанда олардың негізгі ерекшеліктері- қасиеттері, идеялары, оқу жүйесінде қолданылуы, тиімділігі мен нәтижелілігі негізге алынады. Іс жүзінде қолданылып жүрген көптеген педагогикалық технологиялар бар. Ш.Т. Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап

көрсетеді.

Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
 - оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясы; [2].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясына тоқталмас бұрын, «сыни ойлау», «сын тұрғысынан ойлау» ұғымының мәнін ажырата білуіміз керек.

«Сыни ойлау» ұғымы П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Н.А. Менчинской, С.Л. Рубейнштейн, А.А. Смирнов, Б.М. Теплов, В. Штерн, И.И. Кожуховская еңбектерінде талданған. Авторлар ой жұмысын бағалау білігімен, болжамдарды жан-жақты тексеру, басқа ойдың ықпалына түспеуімен байланыстырады. Сыни ойлауды қалыптастыру проблемасымен В.А. Попков, А.В. Коржуев, Е.А. Ходос, А.В. Бутенко айналысқан. Кәсіптік-педагогикалық ойлау құрамында ол Ю.Н. Кулюткин, Дж. Вилькеев жұмыстарында қарастырылады. Сыни тұрғыдан ойлаудың психологиялық аспектілері Д.Р. Андерсон, Н.Е. Вераксы, Х. Гарднер, В.П. Зинченко, З.И. Калмыкова жұмыстарында қарастырылады. «Сыни ойлауды» дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен «Сыни ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану-деп жазған. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі «психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сыни ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [3]. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. «Сыни ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. *RWCT* бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан әдістерінен тұрады [4].

Аталған анықтамаларды саралай келе, *меніңше сыни ойлау дегеніміз*- жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеяларды жүзеге асыруда белгілі бір пікірлерді есепке ала отырып, өзінің пікірін қалыптастыру мен шешімін шығаруға бағытталған ой үрдісі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы-білім берудің сапасын арттырудағы жаңа технологиялардың бірі болып табылады. Ол үшін мұғалім сабақтың мақсат, міндеттерін нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, оның ой-өрісін дамытуда аянбай еңбектенуі қажет. Неміс педагогі А Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді » дегені мәлім .Осы тәжірибені СТО технологиясы да ұстанады. СТО мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы болғандықтан, оқушылардың шығармашылығы мен танымдық белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан ойлау негізінде құрылған сабақта тек жақсы оқитын оқушылар ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артатыны даусыз. Сондай-ақ «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасып, артады. СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше

жұмыс жасауына және уақыт үнемдеге өте ыңғайлы. Қазіргі уақытта бұл технология «Өрлеу» мұғалімдердің біліктілігін арттыратын институтта да өріс алып келеді, және Кембридждің оқытуда да басты орынға ие болып отыр. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттердің шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады.

Нәтижесінде:

- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді;
- жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

Қорытындылай келе, әр мұғалім өз жұмысының шығармашылық тұрғыда көтеруге, шыңдауда таптырмас технология деп есептеймін. Себебі, біз болашақ жас ұрпаққа сапалы білім беру міндеті жүктелгендігін есте ұстауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – Астана, 2014. -51 б.
2. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. -1999. №4. бб-5-12.
3. Клустер Д. Что такое критическое мышление? Перемена: Междунар. Журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – №4 – С. 36-40
4. Халперн Д. Психология критического мышления. - СПб.: Питер, 2000. - 512 с.: ил. - (Серия «Мастера психологии»)

МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ҮДЕРІСІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Баймухамбетова А.С.

*Әди Шарипов атындағы №16 орта мектеп мұғалімі
Алматы қ.*

Кілтті сөздер: тәрбие, тәрбие технологиясы, білім беру.

Аннотация

В статье рассматривается связь между технологией воспитания личности и процесс образования.

Annotation

In the article connection is examined between technology of education of personality in the process of education.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына, оның ішінде орта мектепте білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үдерісінде жаңа оқыту мен тәрбие үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін айтуға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және күш-қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек. [1]

Келешек ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселе болып табылады.

Тәрбие үдерісінде өзара байланысты және ретке келтірілген компоненттердің анық құрылымы бар. Тәрбие үдерісі құрылымының дәрежесімен оның бір тұтастығы, кіріктірілгендігі, өзіне жеткіліктілігі, тәуелсіздігі, дамушы педагогикалық жүйенің дербестілігі, ішкі белсенділігімен тығыз байланысты. Тұтастықта тәрбие үдерісінің жүйе ретінде өз бейнесі көрініс береді, оған жалпыға тән, жұмыс істеу мен дамудың арнайы заңдылықтары да сәйкес болмақ. Тұтастық - кез келген нысанаға педагогикалық шынайлықпен қарау – тәрбие үдерісіне тән қасиет. Солай бола тұрғанмен, өзгермелі сипат танытып, үдерістің іске асуының бір кезеңдеріне қатыспай, басқасында аз деңгейде болып қалуы мүмкі. Бұл туралы И.А.Колесникова екі кезеңді ескеруді өте қажет деп санайды:

- педагог жағында жасалатын: жағдайы, қызметтері, компоненттердің «жиналып қалуы», тәрбиеленуші жағында шартты түрде тұтас нәтиже алуын күтудің, үдерістің тұтастық қалыптасуының сырт бейнесін көрсету жеткіліксіз;

- «оқшауланған педагогикалық тұтастық», «жаңа ашылған» кеңістікте, кең көлемде, тәрбие жағдаятында, қатысушылардың белсенділігі сияқты емес, үдерістің нақты тарихи және социомәдени көріністерінде үйренетін үдерісті дамытатын тұтастықты ерекше талдау өте қажет. [2]

Тұлғаның пайда болуы немесе қалыптасуы – бұл барлық уақытта педагогикалық бақылау мен талдауға мүмкіндік бере бермейтін, ішкі үдеріс Е.В.Бондаревская мен С.Куклиневичтің пікірінше, оған қарсы шығушылық пен беделсіздік мінездер тән, өзінің шарықтауы мен құлдырауы, рухани оянушылығы мен сенімсіздік қасиеттері бар. Тәрбиенің осындай ерекшеліктерін табу – егер тәрбиені баланың қалыптасуына педагогикалық көмек көрсету деп түсінсек, онда арнайы зерттеу міндеттері тек қана ғалымдарға ғана емес, педлаог мамандарға да арналған. [3]

Осыларды айта келгенде, қолда бар нәтижелер мінез – құлық әрекеті емес, керісінше, үлкен еңбек пен қанша күш жұмсалғанмен, бағалауға берілетін дағдылар болып табылып, уақыттан кейінге шегерілген тәрбиенің педагогикалық технологиялары туралы айтуға болады. Мұғалімдерге тәрбиешілер сияқты дұрыс нәтиже беретін мүмкіндігі бар тәрбие жұмысының «рецептері» мен құралдары қажет. Осындай «рецептермен» тәрбие технологиясы феномен саналады. Егер білсеңіз, тәрбиенің «рецептері» мектеп немесе сыныптың белгілі бір оқушысының лездегі жағдаятына емес, жетістіктерге бағытталған өте нақты тәрбие мақсаттарына, арнайы ұйымдастырылған белгілі бір жағдаяттар тізбегіне арналған. Қазіргі педагогикада адамилықтың серіктестіктің, шығармашылық, даму, экология, денсаулық және т.б. тәрбие технологиясы зерттелуде. Басқаша айтқанда, «тәрбие технологиясының» көп жүйелілік дәрежесін баса айтқан жөн.

Тәрбие технологиясы білім беру үдерісімен өзара бағынышты және өзара байланыста табылады. Сондықтан да біз, тәрбие технологиясын білім беруі – тәрбие үдерісінің жалпы барысында ойлаудың қазіргі экоорталықтанған түрін қалыптастыру үдерісі мен белгілі бір мінез – құлық дағдыларының пайда болуын реттеу сияқты тәрбие технологиясын қарастыруды дұрыс деп есептейміз. Кейбір анықтауларда тәрбие технологиясы бірінші кезекте ұғымның психологиялық жақтарын ұсынатындықтарын байқаймыз. Б.Т.Лихачевпен келісе отырып, бұл тәрбие құралдары, тәрбие тәсілдері, қолданыстары, әдістері мен түрлерінің анықтаушы арнайы жинағы, психолого-педагогикалық қондырғының жиынтығы және ол педагогикалық үдерістің ұйымдастырушы - әдістемелік аспаптары болып табылады.

Сондай-ақ психологиялық жәйт педагогикалық үдеріске ұатысушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерінің табылуына байланысты болады және бұл ерекшеліктер әрекетті ұйымдастыру арқылы есепке алынады.

Анықтау барысында педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара әрекеті мен тәрбие мақсаттарына баса назар аударылатынын атап өту қажет. Оқыту мен тәрбие үдерісіндегі өзара әрекетті Н.Е.Шуркова өнер ретінде қарастырады. Тәрбие технологиясының жетекші ұстанымы қарым-қатынасқа бағдарлы болып табылады, демек, әрекеттің бірізділік сипатына қатысты педагогикалық өзара әрекетке де бағдарлы болғаны. Тәрбие технологиясының мазмұны өзіне «талап қойғыш, шешендік өнер, сөз ...» сияқты әрекетерді сыйғыза білетін болады. Аталмыш анықтаулардан Н.Е.Шуркова педагог қызметінің бірізділігіне кепілдік беретін, белгілі бір тәрбие нәтижесін нұсқап көрсетпейді. [4]

Тәрбие технологиясы – бұл тәрбиешінің тұлғалық ерекшеліктерінен көп жағдайда дербес, тәрбиелік мақсаттардан туындайтын нәтижеге жетекші кепілдік беретін, педагогтың кәсіби қызметінің тұрақты бағыттағы бірізділігі – дейді.

Мұғалім оқушымен өзара әрекеттестікке түсе отырып (тікелей немесе ортасымен бірге), сабақта, сабақтан тыс уақытта – еркін тіл табысу барысында, ойнау, еңбек ету, көркемөнерпаздық әрекеттер арқылы тәрбие үдерісін ұйымдастырудың шынайы жолдарын игереді.

С.Д.Поляковтың тәрбие технологиясы бойынша сызбанұсқасы мақсатында қатысты қойылған, өз міндеттері бар, демек, күтілетін нәтижелері де бар бірнеше кезеңдерден тұрады. Әр кезең анықталған тәсілдер мен техникаларға толы:

- * аталуы;
- * мақсат (болжалды нәтиже)
- * технологияның психологиялық, әдіснамалық негіздері, тәсілдер, техникалар
- * нәтиженің диагностикасы;
- * пайдалану үлгілері;
- * кездесетін қиындықтар;
- * пайдаланудағы шектеулер

Тәрбие технологиялары деген атау дәстүрлілікті күрделендіре түсіреді, ол жаңа, авторлық болуы мүмкін. Бұл бейне, символ, белгі түрінде болады, технологиның мәнінде көрініс табуы міндетті емес. Мақсат өзара әрекеттесу сипатын ашатын терминдерде қалыптасады. Диагностикалық процедурада екі аспекті көрініс береді: рефлексивті (тебіреністі өзіндік пікір) және жеке диагностика жасаушы. Диагностика жасаушы өлшеудің процедурсы мен әдістемесі деген түсінік береді. Рефлексивті аспекті өзара әрекеттесу нәтижесінде болатын оқушылармен саналы түрде ойлаудың көрінісін беретін жұмыстар есебінде түсінеміз. Осылар арқылы екі аспекті де бірде» тәсіл ретінде жүзеге асуы мүмкін немесе рефлексивті құрайтын аспекті тәрбие технологиясының дербес кезеңі де болуы мүмкін. Кез келген тәрбие технологиясына үш негізгі бағытпен:

мұғалімге қойылатын талап оқушылардың жас кезеңі және оқушылар ұжымы мен топтардың түрлері бойынша шектелу тиіс.

Тәрбие технологиясын құру үдерісі күрделі және көп түрлі, мұғалімге белгілі бір талаптарды көрсететін ескеруіміз керек. Жаңа технологияны ендіретін мұғалім, мынаны білуі тиіс:

- тәрбие технологиясының мәні, оның тұжырымдамалық негізі, оның жасалу тарихы, жасаушы – авторлар, (оның көмегімен шешуге болатын) проблемалар;

- жоспарланған нәтижелердің теориялық негіздемелері;

- жаңа технологияны меңгеру кезеңдері;

- жаңа технология бойынша жұмыстарда педагогтар пайданылатын әдістер мен тәсілдер;

- тәрбиешілер жұмыстарының әдістері мен тәсілдері және олардың қызметін ұйымдастыру түрлері.

Тәрбиеші қызметінің табысты болуы үшін бұл бағытта төмендегіше жағдайлар жасалуы керек:

1. Оқушының жеке дамуын дамытатын технологияға тәрбиешінің дайындығы.

2. Тәрбие жұмыстарын талдау.

3. Тәрбие мақсаттарын бөліп, жобалай, жоспарлай білу.

4. Қызметті ұйымдастыра, талдау жасай білу.

5. Өз тәжірибесін рефлексия арқылы меңгере білу және оны технологиялық түрде көрсету.

6. Өзін-өзі көрсетуге қабілеттілік.

7. Технологияның ескіргенін сезу және қайта құру білу.

Осылайша, педагогика теориясында даулы сипат танытқан, тұтыну да және анықталуда әр түрлі оқылатын «тәрбие технологиясы» ұғымына жүйелі таңдау жасалады.[5]

Ғылыми әдебиеттерде бір-біріне қарама-қарсы тенденция қарастырылады: ұғымды жан-жақты бейнелеуге тырысу, оның барлық жиынтығы, белгілерін, өлшемдерін, сипаттары мен байланысы, мағыналарының сондай-ақ керісінше маңызын түсіру, зерттелетін феноменнің мазмұнын тарылту. «Тәрбие технологиясы» ұғымының әртүрлілігі санат дәрежесіне қарай оны құрайтын сапасы мен қасиетінің ұқсастығын көрсететін ең жалпы ғылыми түсінік.

«Тәрбие технологиясы дәрежелік иерархиялық деңгейінің зерттелуі феноменді оқып – үйренудің көп қызметтілігін көрсете білді, ал технологиялар өзі өзара байланысты техникалардың жиынтығы, жаңаға бағытталған, нақты практикалық міндеттердіңерекше шешімі іспетті өздерін көрсете алады. Құрылымды сабақтарда процедуралық бірге биік шығармашыл баламалық тән.

Тәрбие технологиясы – бұл тәрбие үдерісіне қатысушыларды барынша жақсы жағдайлармен қамтамасыз ету барысында нақты нәтижелерге жету мақсатымен түзетулер, бағдарлылық, ұйымдастырулар, жобалау (жоспарлау) бойынша тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен қызметінің үдерісті жүйесі.[6]

Келтірілген анықтамаларға байланысты түсініктер береміз. Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірлескен қызметі тек педагог арқылы соңғы нәтижеге бағдарлама жасау және оқушылар әрекетіне жетістіктері бойынша қатаң бағдарлама құруды жоққа шығарады деген мағынаны ұғындырады. Басқаша сөзбен айтқанда, өз әрекеттерінің соңғы нәтижесін және үрдіс жетістіктерін анықтайтын, тәрбие субъектісі ретіндегі оқушылар туралы да айту керек. Бұдан да басқа тәрбие технологиясы оқыту барысында оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдермен қамтамасыз етуге де арналған. Тәрбие үдерісіндегі субъектілердің қызметіне лайықты жағдай жасау арқылы оқушылардың тұлғалық мүмкіндіктерін дамыту мен жүзеге асыруға, өзін-өзі көрсетуге жағдай жасау үшін және ізденіс жұмыстарына мұғалімдер бағдарлылық таныта біледі.

Осылайша, тәрбие технологиясын жүзеге асыру тәрбие үдерісіндегі оқушының манипуляциясын жоюға және оның субъектілік қызметін кеңейтуді қамтамасыз етуге бейім болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы заңы”. – Алматы, 2000.
2. И.А.Колесникова. Методика воспитательной работы в школе. – М.: Просвещение, 1991.
3. Е.В.Бондаревская. Методика воспитательной работы в школе.–М.: Просвещение, 1994.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы “Санат” 1995.
5. Иманбаева С.Т. Ұлттық патриотизм негіздері. Алматы. ҚазМемҚыздарПИ. 2005.
6. Тәрбие хрестоматиясы /Құрастырушылар.: Қалиев С., Майғанова Ш., Нысанбаева Г. – Алматы “Ғылым” ғылыми баспа орталығы 2001.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Нурпенсова И.Т.

Палымбетова Г.А.

Нұрманова Г.Қ.

Қазмемқызғу оқытушылары

Кілттік сөздер: отбасы, тәрбие, ұрпақ, халықтық педагогика, сыйластық, өркениет

Аннотация

Данная статья затрагивает проблемы семьи в воспитании детей, являющееся основным средством разрешения учебно-воспитательных задач.

Annotation

This article addresses the problem of the family in the upbringing of children is the primary means of resolution of educational tasks.

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің қоғамның экономикалық саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де, мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің ұстаздар қауымы, ата-ананың бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті. Адам ұрпағамен мың жасайды – дегендей, ұрпақ тәрбиесі – қай кезде де халықтық мәселе болған. Тарихтан білетініміз: дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған. Аталған міндетті жүзеге асыру тәрбиеші педагогтардан ғана емес, әрбір отбасынан баланы тәрбиелеуге саналылықпен қарап ерекше көңіл қойып, озық іс-тәжірибелерді пайдалануды талап етеді. Сондықтан бала шыр етіп дүниеге келген күннен бастап кемелденіп азамат болып қалыптасқанға дейінгі жан-жақты тәрбие беруді ұйымдастыру, жүзеге асыру отбасы мен мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің басты міндеті десек те болады. Яғни, үздіксіз ұрпақ тәрбиесі мәселесіне ерекше көңіл қойып қарайтын болмақ, педагогика, психология және физиология ғалымдарының дәлелдеуі бойынша ұрпақ тазалығынан, ана құрсағында жатқанда-ақ бастау керек деген пікірді қолдап, іс жүзінде қолға алу кезек күттірмейтін мәселе болуға тиіс.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жастарды ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Халықтық педагогика арқылы оқушыларының - адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық мәні де оған қоғамдық салт-сана, әлеуметтік экономикалық, мәдени өмірден саяси көзқарас пен тарихи кезеңнің айқын айғағы болып табылады. Сондықтан, еңсе көтерген қазақ елінің жаңа тұрпаты халықтық тәрбие жүйесінде ең алдымен өз халқының ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесіне арқа сүйері және оны қастерлеп дамыта түсуі заңды құбылыс. Өйткені, мұндай негіздерді білмей, өз халқының, ұлттық ерекшеліктерін сезінбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз байлығын байыта түсу мүмкін емес. Халықтың өзі жасаған бастауларға сүйенген тәрбие ғана өз күшінде бола алады. Бұл тәрбиенің артықшылығы: әр адам ең алдымен өз халқының перзенті екендігін сезінуі, екіншіден, өз халқының болашағы сол жекелеген адамдарға байланысты екендігін сезінеді.

Сондықтан да, әр ұрпақ өз уақытын, өз талаптарын негізге ала отырып, ата-ана тәрбиесін, яғни халықтық педагогиканы игеріп отырғаны жөн. Тілімізге, дінімізге, қайта мойын бұрған кезде, болашақ ұрпағымыздың өз ана тілін білмеуі, салт-дәстүрден бірте-бірте қол үзе бастағаны, әке-шешесін, ата-әжесін, бауыр еті баласын тастап кету, жетімсірету сияқты қатыгездіктің етек алды, арақ ішу, анаша тарту, зорлық-зомбылық, ұрлық жасау сияқты жағымсыз қасиеттерге бой алдырды, өз пікірі жоқтық, біреудің айтқанына оңай ерігіштік, көңгіштік, табансыздық, тағы басқа да сүреңсіз жағдайлардың етек жайып еркінсуі-халықтық тәрбиеден қол үзудің салдары екені даусыз. Жағымсыз құбылыстардан құтылу үшін халқымыздың өзі жасаған, ұлттық дәстүр, салттарын оқу-тәрбие ісіне кеңінен пайдалану жолдарын іздестіру өмір талабы.

Халық педагогикасы отбасындағы тәрбиенің негізі болып табылады. Ұрпақ тәрбиесі халық педагогикасы туралы айтқанда қоғамдағы басты мәселе ата-ана мен бала, үлкен мен кіші арасындағы сыйластық. Отбасылық тәрбие мәселесін А.С.Макаренко, В.В.Петровский, В.Дружинин, Маргарет Мид, Ы.Алтынсарин және тағы басқалар еңбектерінде терең, тиянақты зерттеген./4,5,6,7,8/. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауға Н.С.Верещагина, З.Д.Жантеева, Ж.Сакенов, Б.Ж.Құлжанова, Ж.Т.Сарыбекова және тағы басқалардың зерттеулері арналады. /9,10,11,12,13/. Соңғы зерттеулерде шетел және ТМД ғалымдарының (М.М.Прокофьева, Б.М.Борлакова, Т.Н.Ушинина, А.А.Григорьев) отбасылық тәрбиеге үлкен мән бергендігін көреміз. /14,15,16,17/.

Қазақ халқы өте қонақжай халық. Сәбилік шақтан бастап, қазақ баласын үйге келген қонаққа сәлем беру, киімін алу сияқты тәрбие эстетикаларын көрсетеді және игертеді. Сондықтан әрбір ата-ана күнделікті қонақ күту, оны шығарып салу, сияқты жағдайлардың өзінде балаға көп үлгі көрсетіп, отырғандығын ескерген жөн. Келген қонақты төрге шығарып, көрпе жаю, қолға су құю, бұның бәрі толып жатқан тәрбие элементтері. Осындай үлгі көріп өскен ұл мен қыз да келешекте саналы азамат болып өсері белгілі. Бала үшін жас ерекшелігіне қарай, бала бойында болатын мақтаныш сезімінің ролі. Бала үшін жақсы ісіне қуану, мақтану ерекше әсер етеді. Байқаған жақсы істері үшін ата-ана баланы мадақтап қана қоймай отбасында жиналған ересектермен талқылап, баға беруге тырысқаны абзал. Халық педагогикасы элементтерінің бірі ретінде мақал-мәтел, нақыл сөздерді пайдалану тиімді тәрбие құралы. Баланы жастайынан үлкеннің тілін екі етпей алуға, айтқанды орындауға төселдіру ата-ананың басты міндетіне жатады. Қазақ халқы тәлімгерлердің парыздарынсыз өнері арқылы жүзеге асырып, отырған. Бала түсінігіне лайық, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, ертегілер, мақал-мәтелдер ойнақы тілге құрылған жұмбақ, жаңылтпаштардың маңызын дәлелдеп жатудың өзі артық сияқты. Дегенмен, «адамдықтың белгісі-іліп сәлем бергені!», «кішіпейілдіктен кішіреймейсің» деген мақалдар балаға ой салумен бірге имандылық қалыптарын еске салып отырады. Мақалдарды сөз арасында айтып қана қоймай, балаға мазмұнын анықтап ашып, түсіндерген жөн және баланың жас ерекшеліктерін ескере

отырып қолданған тиімді. Ал, ертегілер мен батырлар жыры, аңыз әңгімелердің бұл үлгілері арқылы баланы өзгенің еңбегін қадірлеуге, үлкенді тыңдау, сыйлауға сонымен бірге табиғатқа, әлсіз деген қамқорлық сезімдерге тәрбиелей аламыз. Баланы отбасында тек адамгершілік, имандылық қасиеттерді ғана үйретіп қоймай, өз Отанын, халқын сүйуге тәрбиелеуге тиіспіз. Ал, Отан, халық деген ұғымдар баланың өз отбасынан басталатындығы мәлім. Аталған тәрбие міндеттерін шешуде жоғарыда көрсетілген ауыз әдебиеті үлгілерінің маңызы зор. «Тәні саудың – жаны сау» дегендей адамның құрылысы мен жан дүниесі бір-бірінен бөлінбейтін жүйелер мен тән мен жан тәрбиесі халық педагогикасы ғылымының заңдылықтарына бағынады десек те қателеспейміз. «Газалық иманның жартысы» деген сөз бар. Баланы жастайынан тән тазалығына тәрбиелеп, тән тазалығы жан тазалығы екендігін түсіндірумен қатар, мойындату да керек. Дәрет алу, бойды таза ұстау, шаш күтіміне көңіл бөлу, өзіне қатысты құралдарын, ойыншықтарын, ыдыстарын таза ұстау – мұның бәрі қоғамының белсенді, денсаулығы мықты, ақыл-сезімі кемелденген азаматтардың өсіп, қалыптасуы үшін бірден-бір қажетті шарттар. Бала тәрбиесінің имандылық негіздерін отбасында мектеп жасына дейінгі балалармен ойын үстінде қалыптастырып, еңбекке деген сүйіспеншілікпен, адалдық қатынастырын үндестіре білу ата-анадан білімділікті, асқан шеберлікті қажет етеді. Халық педагогикасының келер ұрпаққа айтар ақылын, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күйі, биі, музыкасы, фольклорлық шығармалары бала тәрбиесіне терең бойлатып, қалыптастырғанымыз жөн. Тәрбие процесін халықтық педагогика негізінде ұйымдастырудың тәрбиелік те, бейімділік те үлесі зор. Халықтық тәлім-тәрбиенің басты ерекшелігі өмірмен тығыз байланыстылығында. Халықтық педагогикамызды әрбір жанның терең түсініп, онымен бұлақ суындай сусындай алуы бүгінгі ұлағатты ата-аналар арқылы жүзеге асырылады. Қалай десек те, халықтық тәрбие дәуірдің небір қатаң сынынан өтіп, жаңарып, шым болаттай шынығып, бізге толыққанды боп жеткен баға жетпес бай мұра. Ол халқымыздың ұлттық қадір-қасиеті, тіршілік тынысы, бірге жасасып келе жатқан құнды қазына.

Ұлттық тәрбиені жаңартып, жаңғырта отырып ұрпақ тәрбиесін халық педагогикасының құндығымен астасып дамытуға тиіспіз. Адамның жеке басының мінез –құлқын қалыптастыру оның бойына жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иман жүзді етіп тәрбиелеу. Ата-ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, жүзеге асатындығын ескерген жөн. Баланың өскен бесігі, кең дүниенің есігі,-деген мақалдар біздің оймыздың айғағы іспеттес. Көптеген ата-аналарымыздың тіршілік күйбеңімен жүріп, бала тәрбиесін қолдан шығарып алып, дер кезінде ескерілмеген кемшіліктердің себептерін таба алмай дал болады. Әйтеуір баланың қарны аш, үсті жалаңаш болмаса болғаны, басқаның не қажеті бар дейтін ата-аналар да ортамыздан табары сөзсіз. Осылайша балаға жақсы тәрбие беру үшін үлгі беретін отбасының жақсы болуы , сол ортадан бала ақ пен қараны ажыратуды үйренетіндігін ескермей қаламыз , ұлы Абайдың Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, -бірінші-ата анадан, екінші-ұстаздан, үшіншісі- құрбысынан деген пікірі орынды айтылған.Себебі бала тобасында көбірек болатындығын таа-анасының үйдегі өнегесі мәдениеті мен ішкі жан дүниесі оған көбірек әсер етеді. Көптеген оттасылордың тіршілік тауқыметінің нашарлауы бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуі мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың төмендеуі орын алып отырғанын көреміз. Қысқасы әр бір ата-ананың педагогикалық білімінің жетіспеуі,жаңа бағытқа сай баласымен тәрбие жұмысын жүргізуге психологиялық тұрғыдан дайын емес екендігі ақиқат.

Ендеше, шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, ана тілінің әлдиін, туған халқының өнегесін , тәлім-тәрбиесін салт- дәстүрін бойына сіңіру отбасы ата- аналарға байланысты деген. Ол ұрпақ хал-қымыздың болашағы. Ана барген тәрбиесі оның жүрегінде мәңгі жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Ә., Қазақ этнопедагогикасы., - Алматы, Санат, 2001
2. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялы егіздері мен тарихы, Алматы, 1998

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Өтепбергенова Г.Д.

*Алматы облыстық көруі нашар
балалар интернатының директоры
Қазмемқызпу магистрі*

Кілттік сөздер: Инклюзивті оқыту, ақау құрылымы,екіншілік кемістік,әлеуметтік-психологиялық көрініс,астигматизм.

Аннотация

Из учебного процесса для детей с нарушениями зрения и познавательных способностей, характерных для формирования сложности иногда представляются проблемы, требующие создания определенных условий образовательной среды для детей с ограниченными возможностями, оказывающие социально-психологическую помощь детям педагогами

Annotation

Of the learning process for children with visual impairment and cognitive abilities characteristic of the formation of the complexity of the phenomenon, because in making educational environment for children with disabilities should be seen as a social and psychological assistance.

Әрбір мемлекет қоғамында мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Мүмкінділігі шектеулі балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог-психологтардың міндеті.

Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, мүмкіндігі шектеулі балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5 сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу ақылы танып біледі. Ал көру қабілеті бұзылған бала не істейді? Қоршаған ортаны қалай танып біледі? Осы орайда балаларға сол таным мен түйсікті сезінуге және үйретуге ықпал ететін фактор – оқытушылар.

Мүмкіндігі шектеулі бала мектепке алғаш келген кезде қарапайым және түрлі ауыртпалық тудыратын қиыншылықтарға тап болады. Бұл қиындықтар қатарына өз-өзіне қызмет етуінің төмен, не мүлдем болмауы, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы, ортаға тез бейімделмеуі сияқты мәселелерді жатқызуға болады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған оқыту-кешендерінің болуы шарт. Сондай оқыту кешендері ұйымдастырылған жағдайда, мұндай топтағы балалар мектеп табалдырығын аттаған кезде білім алу оларға жеңіл, әрі тиімді болар еді. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру кеңінен қолданылуы етек алып келеді.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім процесінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу процесіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім процесіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрету үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтау қажет. Сондай-ақ, кітапхана қорын арнаулы оқулықтармен, арнаулы электронды жабдықтармен жабдықтауға, оқу-әдістемелік кешендермен, әдістемелік әдебиеттермен толықтыру керек.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқып-үйренудегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептегі білім игеруге байланысты қолжеткізілген деңгей туралы оқушылармен ата-аналарды хабардар етіп отыру үшін тұрақты түрде психологиялық-педагогикалық мониторинг өткізіліп тұруы тиіс. Бұл интеграциялық оқыту сыныбы мұғалімінің арнаулы (коррекциялық) сынып мұғалімімен, пән мұғалімдерімен, психологпен, тифлопедагогтармен, арнаулы және әлеуметтік педагогтармен тығыз ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жүргізу нәтижесінде іске асады.

Осымен қатар арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдаудың бақылануын және орындалуын мектеп психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы арқылы жүзеге асыруы тиіс. Көру қабілеті бұзылған бала жалпы білім беретін мектепте оқытылса, сол сыныпқа сабақ беретін педагог баланың қабілетін жіті тексеріп және денсаулығына байланысты қойылған диагнозына қарай оқытуы тиіс. Бұл баланың көзі көрмейді, не нашар көреді деп ысырып тастауға мүлдем болмайды. Бұл топтағы балалардың диагноздары, көзінің көру мөлшерлері, қабылдауы, ойлау ерекшеліктері, зейіні, есте сақтау қабілеттері әр түрлі деңгейде болып келеді.

Көру қабілеті бұзылған балалар үш топқа бөлінеді[1].

Олар: 1-топ мүлдем көрмейтін балалар;

2-топ көру деңгейі төмен балалар;

3-топ көру деңгейі функционалдық бұзылған балалар. (қыли, амблиопия) 1 - топтағы балаларға брайль жүйесінде оқытылу ұсынылады. Брайль жүйесі – бұл бедерлі нүкте арқылы оқыту мен жазу. Аталған жүйемен оқыту үшін арнайы құралдар (прибор, брайль дәптері, грифель) қолданылады. 1-топтағы балаларға брайль жүйесін үйретпес бұрын ет сезім қабілеттерін дамытумен жұмыстану керек. Баланың ет сезім мүшелері дамыса, қалыптасса бедерлі нүктелерді сезуіне, әріптер мен сандарды тез үйренуіне көп көмегін тигізеді. Ет сезім мүшелерін дамытуға түрлі әдістерді пайдалануға болады. Үлкен заттан бастап, ұсақ затқа дейін ауысу. Мысалы: жіпке тізілген үлкен моншақтан бастап, ұсақ моншаққа дейін төмендеу және оған ілгекті де алуға болады. Сабаққа қатысты үлестірмелі материалды грифельмен бастыру, құрастырмалы, бұрандалы заттармен, жіптің түрлерімен, өсімдік дәндері мен дақылдарын пайдаланға т.с.с. көрнекі заттармен жұмыстануға болады[2]. Әр 15 минут сайын көз бұлшықеттері шаршамауға, көру деңгейі төмендемеуі үшін көзге арналған жаттығулар

жасап тұру керек. Мысалы, мынадай жаттығуларды қолдануға болады. Брайль жүйесінде оқитын балаларға әуеннің сүйемелдеуімен орнында отырып, басты оңға, солға, алға, артқа айналдыру. Қолды алға созып алақандарымызды ашып-жұму. (15-20 рет). Орнынан тұрып, басын жүректен төмен қойып, дем алып, дем шығару. Қолдарын жаңға созып, жұдырығын түйіп білегін, шынтағын, айналдырады, қолдарын жоғары көтеріп жұдырықтарын ашу. (15-20) рет, басында 5-10 рет, т.с.с.

Сонымен қатар саусақ ұштарына, алақанға бүдірлі заттармен жеңіл массаж жасау. Көру деңгейі төмен балалар мен көру деңгейі функционалдық бұзылған балаларға мынадай үлгідегі көзге арналған жаттығулар жасатуға болады. Әуеннің сүйемелдеуімен көзді ашып, жұму, ауаға көзбен көлденеңнен сегіз салу (15-20 рет), көзге сұқ және ортаңғы саусақпен жеңіл массаж жасау, т.с.с. Көзге арналған жаттығулармен қатар денеге де жаттығулар жасап отырылады. Сонымен қатар көзге арналған электронды жаттығулар мен тренажорлар бар.

Көру деңгейі функционалдық бұзылған балалардың ауру диагнозына байланысты әр қайсысымен ұсынылым бойынша жұмыстанылады. Егер балада миопия ауруы болса, жақында тұрған нәрселерді жақсы көреді де, алыстағыны көрмейді. Бұл баламен жеке жұмыстану қажет және көзге арналған арнайы жаттығуларды жасап отыру керек. Жұмыс орны жарық болуына ықпал жасау және баланың денесін тіке ұстап отыруына бақылау жасап отыру керек. Көрнекілік түстері үйлесімді реңмен берілуі тиіс (қара реңге- қызғылт сары, жасыл түсті). Көру жүктемесі 10 минуттан аспауы тиіс, ауызша жұмыстану 10 мин. Алыстан көру (гиперметропия Н) – алыстан да, жақыннан да көру қашықтығы бұзылған, алайда жақыннан көру қашықтығы балада анық байқалып тұрады. Мұндай баламен тақтамен жұмыстануға, ұсақ заттармен, үлестірме материалдарды бөліктермен беріледі. Астигматизм (ast)- бала заттарды бұлдыр көреді, яғни алыс болса да жақын болса да көре алмайды. Астигматизмнің болу себебі көздің айналасындағы бұлшықеттерінің бірқалыпты болмауы. Мұндай баланың көру жүктемесі төмен деңгейде. Жазу жұмысы аз болуы шарт. Партаға дәптерді дұрыс орналастаруға тіке сызықты желімдеп қою керек. Егер гиперметропиялық астигматизм болса ұсақ заттарды, ұсақ суреттерді қолдану керек. Ал, егер миопиялық астигматизм болса жарық жақсы түсу шарт, контрастық реңде қызғыл сары және жасыл түсті көреді. Көру жүктемесі 10 минуттан аспауы тиіс.

Амблиопия – көру мүшесінің төмендеуі. Егер амблиопия туа пайда болса, бала басқаша көре алатынын білмейді. Сондықтан бала қалай көріп тұрса солай қабылдайды. Сол себептен көзіне байланысты шағым айтпай жүре береді. Көрнекілік нақты, артық сызба, сурет болмауы керек. Тақтадағы суретке жақсы көретін көзімен қарауы қажет. Сурет, графикалық үлгілер үлкен болуы шарт. Нистагм көз ауруында – баланың көзі төмен-жоғары, көлденең ойнақшып тұрады. Мұндай баламен жеке картамен жұмыстану керек. Жүргізіп оқыған кезде коррекциялық сызғышты пайдалануды қажет етеді. Балаға оқуға ыңғайлы уақытты таңдау қажет. Қыли көзді ауруы (косоглазия) – көз қимылының бұзылуы. Қыли көзінің көру қалдығының төмендеуі. Егерде балада көзінің ауытқушылығы 15-20 градус болса көз әйнекті тағуға міндетті[3]. Көздің қарашығы екі жаққа қарап тұрса, кітап қоюға арналған кітапқойғыш керек емес. Ал, егер көз мұрынға қарап тұрса кітапқойғыш міндетті түрде қажет. Баланы асықтыруға мүлдем болмайды.

Бір мемлекетте, бір қоғамда өмір сүргендіктен сол елдегі халықтың дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан болашақ өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу көзі ашық, көкірегі ояу, жүрегі мейірімге толы ұстаздар қауымына тиісілі. Елімізде жылдан жылға мүгедек балалар саны артып келе жатыр. Алайда, ол балаларды мемлекет қамқорлыққа алып, денсаулықтары мен білім алуларына жағдай туғызуда. Жоғарыда жазылған көру қабілеті бұзылған балалардың оқытудағы жұмыстардың түрлері мен ауру диагноздары[4]. Егер жалпы білім беретін ордаларда жоғарыда айтылған ұсынылымдарды есепке алып, сол бойынша инклюзивті білім беретін болса, мүмкіндігі шектеулі балалар да басқа балалардан қалыс қалмайтыны хақ.

Көру қабілетінің бұзылуы соқыр және нашар көретін балаларды оқыту, тәрбиелеу жұмысында ерекше әдіс-тәсілдерді талап етеді. Бұл балалар оқу материалын бақылау әдісімен қабылдай алмайды. Арнайы түзету (коррекция) сабақтары олардың екінші кемістіктерін түзетуге бағытталады. Көру арқылы қабылдау логопедия, ритмика, дене шынықтыру т.б. сабақтар оқытудың дифференциалдануын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта тифлопедагогика мен тифлопсихология ғылымдарындағы өзекті мәселе – әлеуметтік, психологиялық реабилитация. Сондықтан соқыр және нашар көретін балалардың әлеуметтік белсенділігі мәселесі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеулер жүргізуде ғалымдар бұл балалардың жасын, кемістік дәрежесін, пайда болу уақытын, соған байланысты, психикалық ерекшеліктерін есепке алады[5].

Заттар мен құбылыстар туралы тікелей әсер алу тапшылығы басқа сенсорлық қабілеттермен толықтырылады. Бұл оқу процесін айтарлықтай жеңілдетіледі. Бірақ, сезу арқылы қабылдау мен естеу арқылы қабылдау мағлұмат алуға, қажетті білім қорын жинақтауға және ойлау операцияларының жүзеге асырылуының толық мүмкіндік бере алмайды. Біздің елімізде және шет елдерде нашар көретіндердің бұрынғы (көру мүмкіндігі бар кезіндегі) алған білім базасын сүйеніп тәжірибеде өте қолайлы болып есептеледі. Осыған байланысты тифлопедагогикада баланы психологиялық зерттеу және онымен түзету жұмыстарын жоспарлауда дифференциалды, индивидуальды әдістемелер керек, әрбір мектепте арнайы психологиялық қызмет жүйелерін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Тіпті әрбір сыныпта бұл балалармен өткізілетін жұмыс дифференциацияны қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Балалардың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер . А: 1999

2. Астапов В.М., Ю.В.Микадзе Обучение и воспитание детей группы риска: Хрестоматия / Сост.. М: 1996
3. Винарская Е.Н. Раннее речевое развитие ребенка и проблемы дефектоогии. М: 1987
4. Воронова А.П. Нарушение зрительного гнозиса у дошкольников с речевой патологией / Дефектология. 1993 № 1
5. Абаева Ғ.Ә. Арнайы психология негіздері./оқу құралы Алматы.,2013

ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

Алдибекова А.И.

Қазмемқызту аға оқытушысы

Кілттік сөздер: педагог қызметкерлер, білім беру сапасы,біліктілік арттыру

Аннотация

В статье затронуты проблемы повышения квалификации педагогов в условиях улучшения качества казахстанского образования.

Annotation

The article was published on training teachers in terms of improving the quality of Kazakhstan education.

Әлемдік экономикадағы өзгерістер жоғары бәсекелестік ортаға бейімделудің қажеттілігін тудырды, адам капиталына, білім сапасына жоғары талаптар қойылды. Қазақстан Республикасының білім беру саласы экстенсивті даму жолына түсті және отандық білім беру әлемдік білім кеңістігіне енді.

Білім беру жүйесін жандандыру барысында оны тиімді басқаруға қойылатын талаптар күшейеді. Бұл білім беру саласындағы басқару, басшылардың жаңа буынын дайындау мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеушілік қызығушылықтың алғышарты болып табылары сөзсіз.

Қазақстандық білім беру саласын жаңғырту педагог және басқару мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін дамыту негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Аталған жүйе ХХІ ғасырдағы адам өмірінің қажетті шарты болып отыр, ол өз кезегінде оның тек орны мен ролін түбегейлі өзгертуді емес, сонымен қатар даму үдерісінің озық сипатын қалыптастыруды талап етеді.

Үлкендердің, білім беру жүйесіндегі басқарушы мамандардың, үздіксіз білім алуы парадигмасының қалыптасуы біліктілікті арттыру институттарының қызметінде маңызды өзгерістерді, мазмұнын тындаушылардың білімдік және кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес қайта құруды, педагог және басқарушы мамандардың бәсекелестігін қамтамасыз ететін кәсіби қызметтің вариативті, жемісті сипатын дамытуды талап етеді.

Кәсіби біліктілікті арттыру мен қайта даярлау кәсіби білімдерді тереңдету мен жаңа кәсіп, мамандық және мамандандыру мақсатымен жүзеге асырылатын кәсіби білімнің қосымша формасы болып табылады [1, с.164].

Біліктілікті арттыру мен кәсіби қайта даярлау жүйесі Қазақстан Республикасындағы үздіксіз педагогикалық білім берудің құрамдас бөлігі. Оның ерекшелігі елдің үлкен жастағы тұрғындарының үздіксіз білім алуының біртұтас жүйесінің бөлігі болуында.

Білім беру саласы мамандарының біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлау жүйесін жандандыру республиканың білім беру сапасын арттыру мен халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануының негізгі шарты ретінде педагог кадрлардың кәсіби деңгейі мен құзыреттілігін арттыру қажеттілігінен туындаған.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлау жүйесінің заңнамалық негізін ҚР Конституциясы, ҚР «Білім беру туралы» Заңы, «Білім беру» Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, Қазақстан Республикасындағы 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік Бағдарламасы, 2015 жылға дейінгі ҚР білім беру жүйесін дамытудың Тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасындағы мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы Ереже, ҚР білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау мекемелерінің қызметін ұйымдастыру туралы Ереже және ҚР басқа да нормативтік актілері.

Соңғы онжылдықта білім беру саласында демократияландыру, гуманизация, гуманитаризация үдерістері күшейді, инновациялық қозғалыстар пайда болды. Олар білім беру жүйесінің саяси демократияның, азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың дамуының жаңа шарттарына жылдам бейімделгіштігімен айқындалады. Оқытуды жеделдету мақсатында интербелсенді әдістер кеңінен қолданылады: тренингтер, іскерлік ойындар, тұжырымдамаларды, жобаларды, бағдарламаларды құрастыру және қорғау, ми шабуылдары, релаксация (демалу) тәсілдеріне және қызметтің жоғарғы зияткерлік әрі психофизикалық деңгейлеріне үйрету [2, с. 50].

Қайта даярлаудың дәрісханалық, тәжірибелік және семинарлық сабақтардан тұратын классикалық

курстық үлгісімен қатар, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлаудың инновациялық формалары да қолданылады:

1. педагогтік шеберханалар;
2. МШТ-ның (мұғалімдердің шығармашылық топтары) жұмысы;
3. педагогтерді зерттеу, тәжірибе жүргізу жұмыстарына қосу;
4. пікірталас үстелдері;
5. білім беру бағдарламаларын қорғау және т.б.

Білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлауда халықаралық ынтымақтастық кадрларды шет елде қосымша оқытуға, қаржыландырудың қосымша ресурстарын тартуға, оқу-әдістемелік, кадрлық және ғылыми қамтамасыз етуде, республикадағы білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлау жүйесінің инфрақұрылымын кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер береді.

Біліктілікті арттыру жүйесі мекемелерінің және басқа мекемелердің, оның ішінде мемлекеттік емес мекемелердің, арасында келісім-шарттар жасалады. Оқыту бағдарламаларын және біліктілікті арттыру әдістері мен Қазақстанның халықаралық бағдарламалар мен ұйымдарға бірігуінің икемді формаларын жетілдіру саласында әріптестік орнатылуда.

Білім беру саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлау саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жетекшілігімен жүзеге асуы тиіс [3, с. 114].

Яғни, педагогтік біліктілікті арттыру бойынша жұмыстың қажеттілігі білім беру мазмұнындағы, оқыту мен тәрбие беру мақсаттарындағы, оқу құралдарының құрамындағы, заманауи сабақ пен сабақтан тыс жұмысқа қойылатын талаптардағы, оқыту әдістеріндегі, оқу-тәрбие үдерісі технологияларындағы, оқыту мен тәрбиелеудің жалпы принциптеріндегі және т.б. өзгерістермен сипатталады. Басқаша айтқанда, педагогтің инновациялық қызметі мен педагогтік біліктілікті арттыру кәсіби-педагогикалық қызметті үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ететін, өзара байланысты, өзара шарттасқан және өзара ұғынысқан үдерістер болып табылады.

Егер де жеке тұлға қызметтің белсенді субъектісі позициясын ұстанса, егер педагогтің кәсіби және әлеуметтік тәжірибесі сарапталып, әріптестердің тәжірибесімен біріктірілсе, егер педагогтік ұжымда кәсіби шығармашылық, оқытудың тың жолдарын іздеу, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту қолдау мен мадақтауға ие болса кәсіби шеберлік пен педагогтік мәдениеттің өсімі әлдеқайда қарқынды жүрері анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметбекова С.К. «реализация комплексно-интерактивного подхода в процессе повышения квалификации управленческих кадров системы образования» // материалы международной научно-практической конференции. – Семей, 2012.-стр 164-168.
2. «Адами капиталды дамытуға бағдарланған білім берудің заманауи үлгісі контекстінде біліктілікті арттыру жүйесін жаңғыртудың өзекті бағыттары» // халықаралық – ғылыми практикалық конференция материалдары. – Петропавл, 2013. – 103-128.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Албытова Н.П.

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проф.м.а.*

Қожахметова А.

*магистр
Астана қ.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Кілттік сөздер: *ЖОО-дағы студенттер, әлеуметтену, студенттердің әлеуметтенуі, педагогикалық қолдау көрсету.*

Аннотация

В статье рассмотрено проблемы о социализации студентов и преподавательского поддержки.

Annotation

The article deals with the problem of socialization of students and academic support

XXI ғасыр білім ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік

туғызу –көкейкесті мәселе. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады. Жоғары білім маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны қалыптастырады.

Студент - материалдық және рухани өмірде жоғары кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау үшін белгілі бір бағдарламамен іс-әрекеттері ұйымдастыратын әлеуметтік жеке тұлға.

Студенттік жасқа әлеуметтік тұрғыдан жетілу кезеңі сәйкес келеді. Бұл кезеңнің белгісі ол - орта мектептегі білім алудың аяқталуы, еңбекке деген белсенділік, қоғамдық жұмыстар, заң алдындағы жауапкершілік, отбасын құру, бала тәрбиесі болып келеді. Қазіргі кезде студенттік жастағы тұлғалар қоғамдағы сан жағынан алғанда алдыңғы орындардың бірінде. Соңғы жылдары білім беру, оның ішінде жоғары білім беру жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістерге байланысты арнаулы орта білім, жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі екінші жоғары білім жүйесінде және магистратурада білім алып жатқан жастардың саны арта түсуде.

Білім алушы жоғары оқу орнында оқудың басталысымен жаңа ортаның талаптарына жауап беретіндей болып қалыптасады, бейімделеді, ондағы жағдайды меңгереді және өзі де соған лайықты болу үшін талаптанады, ондағы өзгерістерге белсенді араласады. Осы іс-әрекеттердің барлығын әлеуметтенудің негізі деуге болады. Ал, тәжірибе көрсетіп отырғандай әлеуметтену үдерісі әр уақытта оң шешіле бермейді.

Әлеуметтену үрдісі адамның дамып, қалыптасу кезеңдерінің барлығында жүзеге асады. Адамның әлеуметтенуіне оның отбасы, әлеуметтік-институттар, белгілі бір стильдегі әлеуметтік тетіктер, тұлға арасындағы байланыс тетіктері сияқты көптеген факторлар ықпал етеді. Олар стихиялы да, арнайы ұйымдастырылған және жеке адамға бағытталған тәлім-тәрбие, оқыту іс-әрекеттері арқылы да іске асады.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтену терминін адамға тиесілі ұғым ретінде америкалық әлеуметтанушы Ф.Г.Гиддингс 1887 жылы «Теория социализации» деген еңбегінде қолданғандығын айтады [1,38]. Ұғымды, алдымен философтар, жазушылар және мемуар жазатын қаламгерлер әлеуметтік қоғамның тұрмысын баяндайтын шығармаларында қолданған. Ал XIX ғ. соңына таман бұл мәселені әлеуметтанушылар және әлеуметтік психологтар, педагог ғалымдар зерттей бастаған. Олар өз еңбектерінде осы ұғымды келеңсіздікке ұшыраған адамды қайта тәрбиелеу мақсатында қолдана бастады.

XX ғасырдың ортасына қарай әлеуметтендіру мәселесін философтар, этнографтар, әлеуметтанушылар, психологтар т.б. зерттеді. Бүгінде осы мәселемен әр түрлі аспектіде педагогика, философия, этнография, социология, психология, криминология және т.б. ғылым салалары ерекше айналысуда. Өткен ғасырдың 60 жылдарына дейін олардың зерттеу нысаны – балалар, жеткіншектер, жасөспірімдер мен жастар болған. «Әлеуметтендіру дегеніміз жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек, жас ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріліп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды-іскерліктерді және біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделерді, құндылықтарды, дүниетанымдық тағылымдар мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгерту арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу» [2,146]. Ал қазіргі кезде әлеуметтану және әлеуметтік педагогика ғылымы ересек адамдарды, қарттар мен жастарды зерттейтін болды [1,38]. Ал, ЖОО-да білім алуда студенттерде кездесетін қиындықтар туралы З.И.Калмыкова, Л.С.Славино, Н.А.Менчинской, Н.И.Мурачковского, П.И.Пидкасисты, Л.С.Славина, Э.П.Бекшеева, О.Г.Кукосян, В.Т.Лисовск, Т.Н.Мартынова, И.А.Слдавико, Е.Ю.Шлюбуль т.б.ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. *Әлеуметтену педагогика* ғалымдары үшін ең басты мәселе болып табылады. Әсіресе, әлеуметтенуде көрініс табатын адамның жеке қасиеттері оның өмір жолында дамиды, қалыптасады. Сондықтан жеке тұлғаның «дамуы» және «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика ғылымы үшін өте маңызды мәселе болып отыр. Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуы қоғамның қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады. Білім беру жүйесінде әлеуметтену үдерісінің нәтижелілігі осы бағыттағы педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Тұлғаның қандай да болмасын іс-әрекетін қолдау, дамытуға қатысты мәселелер ұлт ғұламалары әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Х.Дулати, М.Қашқари, А.Яссауи шығармаларында өз бастауларын алған. Ал әдіснамалық, теориялық негіздері философия ғылымында Д.Кішібеков, Ә.Нысанбаев, А.Айталы, Ғ.Есім, М.Орынбеков, Ә.Тұрғынбаев, және шетел философтары И.Кант, Платон, Г.Гегель, Д.Дьюи, И.Фихте А.Спиркин, Б.С.Гершунский, т.б. еңбектерінде әр қырынан зерттелген. Қазақстандық әлеуметтанушылар Ж.Алтаев, Н.А.Аитов, А.И.Артемов, Р.Әбсаттаров, М.Дәкеновжәне т.б.тұлғаның жалпы іс-әрекетке бейімділігін оның әлеуметтенуімен байланыстыра отырып, зерттеу нысанына айналдырған.

Педагогика ғылымында педагогикалық қолдау ұғымы негізінен тәрбие мәселесіне қатысты зерттелген. Онда педагогикалық қолдаудың дұрыс ұйымдастырылуы төмендегідей кешендік қамтылуда қарастырылады:

- нақты адамға оның денсаулығы мен психикалық қалпына, оқуына, тұрмыстық әрі кәсіби бой тіктеуіндегі кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;
- адамның жеке басы ерекшеліктерінің орнығу процесін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық қызметтер;
- ауытқуға бейім қылық-әрекет қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалдасты әрекеттердің ерекше түрі;
- келеңсіз мінез әрекеттеріне бейім жас өспірімге нақты жекеленген жәрдем беру;
- тәрбие мекемесінің педагогикалық қолдау проблемасын өзінің өмірлік қағидасына айналдыруы;
- балалардың өзін-өзі тану шартына айналып, оқу мен тәрбие шеңберін үйлестіруге бағытталған

мұғалім мен оқушы ықпалдастығын күшейте түсу.

Педагогикалық қолдау біріншіден, тәрбиеленушілердің баршасына түгел бағыттталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрініс табады және өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайында іске асады. Екіншіден, жеке тұлғаға бағыттталып, оның дамуына, білімді игеруіне, тәрбиелілігіне, жеке бас проблемаларын өз бетімен шешуге, азаматтық көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан да бұл үдерістің нәтижелігі тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуына тікелей байланысты. Педагогикалық зерттеулерде жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны – адамды алда көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды. Мұндай кедергілердің түрі:

- *субъектив* (тұлғалық) «Мен» – кедергілер: өз бетінше дербес шешім қабылдауға қажет ақпараттың болмауы (ақпарат толықса, кедергі сол бойда жойылады); адамның қосымша еңбектенуінің қажеттігі (қол ұшын беріп, ынтасын көтеру); тұлғаны күйзеліске келтіретін кемшіліктер (тән-денелік, психикалық, арақатынастық); білім және тәжірибе жетіспеуі; — *объектив* (әлеуметтік) «Олар» - кедергілер: (әлеуметтік орта – мұғалімдер, әкімшілік, дос-жарандар, құрбы-қатарлар, отбасы және басқалар)

- *материалдық* кедергілер (отбасының қаржылық жағдайы және т.б.).

Бірқатар зерттеулерде осы аталып өткен кедергілермен бірге студенттердің әлеуметтенуіне кері әсер ететін, әрі жиі кездесетін - мамандық таңдаудағы түсініксіздік, өз мүмкіндігін ажырата алмау, кездейсоқтылық, білім деңгейінің сәйкессіздігі және т.б. объективті кедергілердің болатындығы жан-жақты қарастырылады. Дегенмен, осы кедергілердің алдын алу, болған жағдайда оларға педагогикалық қолдау көрсету арқылы әлеуметтенуге жағдай жасау арнайы зерттеу өз дәрежесінде қарастырылмай келеді.

Мамандарды даярлаудың сапасын көтеру үшін үлкен резервтер студенттер білімін бақылауды жүзеге асыруды ашады. Емтихандық сессияларда үлгерімдікті бақылау жүйесі студенттердің тек сол кезде ғана дайындалып, кейіннен ұмытуға себепші болатын жағдай ғана. Студенттердің кітаппен жұмыс жасамауы, бүкіл семестр бойына жүйелі түрде дайындалмауы кездейсоқ емес [3]. Уақыт бюджетін социологиялық зерттеулер көрсеткендей, студенттің жұмыс күні тығыз құрылуды қажет етеді. Ал студенттің аудиториялық сабақтары 8-9 сағатты құрайды. Бірақ студенттің оқуға деген қатынасына орай оның жұмыс уақытын өте үлкен шашыраңқылықпен құратындығы жиі кездеседі. Студенттердің тек 9,6 % - ы әдетте семестр бойы дайындалып, емтихан кезінде өткенді қайталайды, ал 47,6% - кітап және конспект бойынша бүкіл курс материалдарын қайталап шығады, және 42,8% - ы тек конспект бойынша даярланады. Әдетте, барлық оқу орындарында бірінші курстағы студенттерді оқу орны жағдайына бейімдеуге көмектесетін арнайы іс-шаралар жүйесі жоспарланады. Маңыздырақ іс-шаралар қатарына «Студенттерге арнау», «Мамандыққа кіріспе» курсының оқытылуы, алдыңғы қатарлы мұғалімдер мен бірінші курс студенттерінің сөз сөйлеуі, бақылау, бағалау шаралары жатады.

Қазақстанда енгізіліп отырған кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту. Болон декларациясының 10 негізгі қағидаларына студенттің өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру, студентке бағыттталған оқыту әдістерін қолдану, студент қауымдастығының белсенділігінің рөлін арттыру жатады. Олай болса, еліздің жоғары оқу орындары студенттің университетте сапалы білім алуына мүмкіндік жасайтын, студенттің ішкі потенциалын дамыту үшін енгізілген арнайы академиялық қолдау қызметтерінің жұмысын (академиялық эдвайзер, тьютор, арнайы бағыт-бағдар беруші курстарды) белсендіруді қажет етеді.

Эдвайзер, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің реформалауымен келген «жаңа феномен» деп тұжырымдауға болады. Білім алушыларды кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктеріне бейімдеу, ақпараттық хабардарлығы мен академиялық сауаттылығын арттыру, олардың жеке оқу траекториясын саналы түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы мәселелерді қанағаттандыру үшін, соңғы жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарына эдвайзер-оқытушы, тьютор-оқытушы деген жаңа қызметтер енгізілуде. Қазақстандық білім беру жүйесінде «академиялық эдвайзер»(Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы» деп анықталады [4]. Демек, студенттердің әлеуметтенуіне педагогикалық қолдау көрсетуде эдвайзер, тьютор қызметін шығармашылықпен ыңғайластыру қажеттігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Халитова І. Әлеуметтік педагогика. Алматы «Білім», 2007. –198 б.
2. Нұсқабаев О. Мектеп – жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы.: Қазақстан, 1997. – 152 б.
3. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология / Т.Г. Стефаненко. – М.: Академический проект, 1999. – 320 с.
4. Абдыхалықова Ж.Е. АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерге академиялық қолдау көрсетудің ерекшеліктері. (Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация).

БЕСІНШІ СЕКЦИЯ

ПЯТАЯ СЕКЦИЯ

САЛЫСТЫРМАЛЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ЭТНОПЕДАГОГИКА: СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ

САЛЫСТЫРМАЛЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МӘНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Джанзакова Ш.И.

педагогика ғылымдарының докторы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

мемлекеттік университетінің профессоры

Қойшыгулова Л.Е.

педагогика ғылымдарының кандидаты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

мемлекеттік университетінің доценті

Кілттік сөздер: Этнопедагогика, этномәдени, этникалық, ұлттық тіл, салыстырмалы этнопедагогика.

Аннотация

В статье рассматриваются функция, структура и значение сравнительной этнопедагогике; сравнительное исследование общих проблем и тенденции системы образования; его планирование и прогноз на национальном и региональном уровнях; возможности применения опыта зарубежных стран с учетом национальных особенностей.

Annotation

This paper examines main functions, structure and significance of comparative ethnopedagogics; comparative study of common problems and trends of educational system, its planning and prediction on national as well as regional scales; experience application opportunities of foreign states considering national features and characteristics.

Қоғамдағы және білім беру жүйесінде болып жатқан көптеген өзгерістер соның ішінде білім беру жүйесін реформалау әлем тәжірибесіне назар аударуды талап етеді, осыған байланысты педагогикалық мәліметтер алмасудың зор мүмкіндіктері ашылуда. Алайда, әлем тәжірибесін пайдалануда өзгелердің тәжірибесін қолдану үрдістерін ғылыми негізде дәлелдеп, оны дәл сол қалпында ешбір өзгеріссіз пайдалану тенденциясынан және ұлттық мәдениеттің өз шеңберінде қалып қоядан сақтау қажет. Бұл мәселелерді салыстырмалы этнопедагогика саласы қарастырады.

Салыстырмалы этнопедагогика әлемнің әртүрлі елдеріндегі оқыту және тәрбие үрдістерінің даму заңдылықтарын зерттеумен айналысады. Салыстырмалы этнопедагогика мақсаты-білім беру жүйесінің жалпы мәселелері мен тенденцияларын салыстырмалы түрде зерттеу, ұлттық және аймақтық дәрежеде оны жоспарлау және болжау; шет елдерінің тәжірибесіндегі ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Ғалымдар арасында салыстырмалы этнопедагогиканың түсінігі туралы пікірлер әртүрлі. Кейбір ғалымдар, мысалы, В.Маллинсон тәрбие ұлттық психологиядан туындайды дейді [1]. Басқа ғалымдар Б.Барбер, Б.Холмс салыстырмалы педагогиканы әлеуметтік ғылым деп түсінеді [2]. Ал Л.Фрезе салыстырмалы педагогиканың талдау пәні ретінде әртүрлі геополитикалық және әлеуметтік-мәдени аймақтарындағы тәрбие проблемалары мен педагогикалық құбылыстарды қарастырады [3].

Көптеген салыстырмалы педагогика мамандарының пікірінше, педагогиканың кез келген саласы компаративті болуы керек. Зерттеушілердің тұжырымдауынша, зерттелетін тақырып жайында дүниеде не жасалғанын білмейінше, зерттеулер жүргізуге болмайды, сондықтан да білім және тәрбие жөнінде шетел тәжірибесіне жүгіну салыстырмалы педагогиканың негізгі зерттеу пәні болып табылады.

Салыстырмалы этнопедагогика әр түрлі елдерде белгілі аймақта,

дүниежүзілік көлемде педагогикалық теория мен тәжірибенің жайын, даму заңдылықтарын, негізгі тенденцияларын көбінесе салыстыра зерттейді. Олардың ортақ, ұлттық және жергілікті ерекшеліктерін ашады, халықаралық педагогикалық тәжірибенің жағымды және жағымсыз жақтарын, ұлттық педагогикалық мәдениеттің нысандары мен тәсілдерін, шетелдік тәжірибенің атамекен топырағына “тасымалдануының” шекарасын анықтайды.

Қазіргі заманғы салыстырмалы педагогиканың міндеті мектепке дейінгі, мектептегі және мектептен кейінгі жүргізілетін үздіксіз білім беру жүйесінің барлық буындарының жайы мен даму келешегін талдау болып табылады. Қоғамдағы қызметі үлкен өзгеріске ұшырап отырған жоғары білім беру мәселелерін салыстыра зерттеудің зәрулігі барған сайын артып отыр.

Салыстырмалы этнопедагогиканың пәнін анықтағанда жалпы мен жалқының диалектикасы, білім беру мен педагогика ғылымының дүниежүзілік байланыстылығы ескерілуі керек. Дүниежүзілік қауымдастықтың (өркениет) мемлекеттердің немесе халықтардың (мәдениет) және жеке тұлғалардың жан-жақты даму талабына сай білім беруді жетілдірудің ұтымды жолдарын болжау мақсатымен білім берудің жүйелерін тарихи-салыстырмалы типологиялық тұрғыдан зерттеп, соның нәтижесінде оның даму заңдылықтарын, жалпы және аймақтық тенденциялары мен арнайы ерекшеліктерін анықтау салыстырмалы педагогиканың пәні болып табылады.

Салыстырмалы этнопедагогиканың міндеттерінің ауқымы өте кең, өйткені ол педагогиканың және оның салаларының барлық мәселелерін қамти алады.

Ғылыми-педагогикалық білімдердің дербес саласы болып табылатын салыстырмалы педагогиканың оқу пәні ретіндегі міндеттері мынандай:

- басқа елдердің білім беруді реформалау тәжірибесін зерттеу;
- білім берудің шетелдік тәжірибесін өз еліндегі тәжірибемен салыстырып, айырмашылықтарына педагогикалық баға беру;
- Қазақстан Республикасында білім берудің тәжірибесін зерттеген шетелдік зерттеушілердің материалдарын талдау;
- Шетел тәжірибесінің элементтерін еліміздің білім беру жүйесіне тасымалдаудың мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау;
- Қазақстандық білім беру жүйесін дүниежүзілік және еуразиялық білім беру жүйелерімен ұштастыру шараларын қарастыру;
- Білім беру проблемалары жөнінде халықаралық зерттеуге қатынасу.

Салыстырмалы педагогиканың қызметтері. “Түсіндіру қызметі” білім беру жүйесінің және оның элементтерінің қызметін талдау (түсіндіру) дегенді білдіреді. Сонымен бірге қазіргі жайды өткен істің нәтижесі ретінде түсіндіріп қана қоймай, қазіргіні талдау арқылы кейінгі істерді (белгілі дәрежеде) болжау міндеті қойылады.

Негізгі қызмет болжау болып табылады. Зерттеу арқылы білім беру саласында мәселенің дамуын алдын ала болжауға болады. Б.Холмс алдын ала болжауға аса сақтықпен қарауға шақырады. Ол үшін бастапқы шарттарды, бірегей ұлттық жағдайларды барынша дәлірек талдау қажет, теорияда, әсіресе практикада бұлар болжаудың алдында істелуі шарт [2].

Қолданылып отырған саясаттың терістігін, оның нәтижесіз екендігін дәлелдеу арқылы салыстырмалы педагогика білім беру ісін жетілдіруге үлкен үлес қоса алады.

Болжау қызметімен тасымалдау қызметі де байланысты. Басқа елдің немесе бірнеше елдің педагогикасын, оқу орындарының жұмыс тәжірибесін зерттеуде компаративист өз еліне тасымалдауға болатын және тасымалдануы тиіс құбылыстармен танысады. Тасымалдағанда ол елдің экономикалық дамуы ғана емес, халқының рухани байлығы, сенімі, діни наным үлкен рөл атқарады. Сөйтіп, тасымалдау қызметінің де шектелу сипаты болады. Дүниежүзіндегі білім беру жүйесінің сан алуандығы, педагогикалық тәжірибенің қарама-қайшылығы, тәрбие және білім беру мәселелері жөнінде ғылыми мектеп тұжырымдамасы теориясы, әр түрлі бағыттарының көптігі салыстырмалы педагогикалық зерттеулер жүргізуде толып жатқан методологиялық тәсілдердің қолдануына негіз болып отыр. Оның үстіне әр зерттеуші зерттелетін мәселеге өз еліндегі білім беру ісінің және салыстырмалы педагогиканың даму дәрежесіне сай өз көзқарасын енгізеді. Салыстырмалы педагогикалық зерттеулерді жүргізуде дүниежүзілік тәжірибеде қалыптасқан негізгі методологиялық тәсілдерге: елтану тәсілі, индукциялық, дедукциялық, социологиялық, экономикалық, тарихи және этномәдени тәсілдер жатады.

Елтану тәсілі жеке бір, немесе бірнеше шетелдің білім беру жүйесін зерттеуді қамтиды. Зерттеуші шындықты бұлжытпай, болған жайды жинақтап қорыту арқылы соның өзіндік фотографиялық бейнесін жасауды жоспарлайды. “Мүмкіндігінше оның дәл суретін беру кейінгі кезеңде алынған нәтижені айқын болуына негіз қалайды”.

Индукциялық тәсіл (жекеден жалпыға қарай) салыстырмалы педагогикалық зерттеуді деректерді жинақтаудан бастап, оны жүйелеп талдау және оған теориялық түсініктеме беру болып табылады.

Дедукциялық тәсіл (жалпыдан жекеге қарай) мәселені талдау, болжам жасау және соны дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын деректер жинауды білдіреді.

Социологиялық тәсіл (білім берудің қоғамдағы орны)-қазіргі әлеуметтік инфрақұрылымдағы білім беру жүйесінің алатын орнын, білімнің қоғамдық өмірдің басқа салалармен байланыс нысандарын анықтайды.

Экономиялық тәсіл (білім берудің экономикасы) білім беру жүйесі дамуының экономикалық жайын: ғылыми-техникалық прогресс және экономика, маман жұмыс күшін толықтыру; білім беруге қаражат жұмсаудың сандық мөлшері, ұлттық табыс және мемлекеттік қаржының төлену бөлігі; табыс көздері, білім берудің тиімділігінің есебі және т.б.-анықтайды. Тарихи тәсіл білім берудің бір елде, сол сияқты бір аймақта немесе дүние жүзінде дамуына тарихи талдау жасаудың өте қажеттігін білдіреді. «Компаративист үшін тарихи зерттеу қазіргі белгілі құбылыстың түптамырын анықтау, терең түсіну үшін қажет. Құбылыстың хронологиялық шегін анықтау белгілі шамамен ғана мөлшерленеді. Өткен мен бүгіннің шегі тез өзгеріске түседі, көбінесе білім берудің дамуының жаңа кезеңі қарастырылады. Кей жағдайда жаңа тенденциялар оларға жан-жақты және объективті талдау жасауға мүмкіндік беретіндей деңгейде қолданылмай жатады. Ондай жағдайда белгілі мәселеге өткенді шолу өте пайдалы болады».

Этномәдени тәсіл халыққа білім берудің, мәдениеттің жеке елде, аймақта немесе жалпы дүние жүзінде дамуының жалпы заңдылықтарымен қатар ұлттық ерекшеліктерін де анықтауды көздейді. Салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеу “практикалық әрекет жөнінде шешім қабылдау, пікір түйю немесе баға беру үшін белгілі білім, ереже не анықтама негізінде ойлау процесі ретінде” дәлелдеуден басталады.

Дәлелдеу мынандай бөліктерден тұрады: 1. зерттеу тақырыбының маңыздылығы; 2. зерттеудің мәселесі; 3. мақсаты; 4. нысанасы; 5. пәні; 6. бастапқы концепция (жетекші идея); 7. болжам; 8. зерттеудің міндеттері.

Тақырыптың маңыздылығы оқыту және тәрбиелеу тәжірибесінің мүддесіне, әлеуметтік талапқа қаншалықты сәйкес келетіндігіне, сонымен бірге салыстырмалы педагогикалық ғылымның даму талабына орай анықталады.

Салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеудің нысанасы – “қазіргі дүние жүзіндегі білім берудің дамуының жайы және негізгі тенденциялары”.

Зерттеудің орны – салыстырмалы елдердің білім беру мекемелері.

Зерттеудің нәтижесі – салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеудің барысында зерттеу жасауға және талдауға, қорғауға ұсынған теориялық, болжамдық және практикалық ереже, қорытынды, нәтижелер мен ұсыныстар.

Зерттеудің нәтижесін түсіндіруде ескерілетін сипаттамалар: жаңалығы, шындығы, теориялық маңызы, практикалық мәні.

“Жаңалық – теориялық маңызымен бірге проблеманы жаңа жағдайға эксперимент пен ғылыми ізденіс кезеңдерінде сипаттайтын сандық мәліметтерді қамтиды”.

Анықтық–философиялық және логика-методологиялық зерттеулерді білім ретінде дәлелденген, даусыз негізделген және ақиқат ретінде қолданылатын термин.

Практикалық мән. Салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің отандық тәжірибесінде өзгеріске тиісті жайлар: жаңа әдістер, тәсілдер, тәрбиелеудің жаңа жолдары мен құралдары, білім беру жүйесін басқаруда, кадрлар даярлау және т.б. болатын өзгерістер. Салыстырмалы этнопедагогика негізін анықтау үшін салыстырмалы педагогиканың этникалық педагогиканың да спецификалық негізін және педагогика ғылымының этносоциологиямен қиылысу аумағын қарастыру мәселесі туындайды, себебі соңғысы этникалық топтардың дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік аспектілері туралы ғылым ретінде қарастырылады. Сондықтан да, бұл жерде “салыстырмалы педагогика”, “этникалық педагогика”, “ұлттық тіл”, “ұлттық сәйкестілік”, “ұлттық сана-сезім”, “ұлттық идея” түсініктерін қарастыру мәселесі туындайды.

Салыстырмалы этнопедагогика негізін анықтау үшін салыстырмалы педагогиканың этникалық педагогиканың да спецификалық негізін және педагогика ғылымының этносоциологиямен қиылысу аумағын қарастыру мәселесі туындайды, себебі соңғысы этникалық топтардың дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік аспектілері туралы ғылым ретінде қарастырылады. Сондықтан да, бұл жерде “салыстырмалы педагогика”, “этникалық педагогика”, “ұлттық тіл”, “ұлттық сәйкестілік”, “ұлттық сана-сезім”, “ұлттық идея” түсініктерін қарастыру мәселесі туындайды.

Салыстырмалы этнопедагогика әлем тілдерінің, мемлекеттер немесе халықтық және тұлғаның сұранысына сәйкес білім берудің тиімді жолдарын болжау, әртүрлі этнос балаларын тәрбиелеуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар, салыстырмалы-этнопедагогикалық зерттеулердің маңызын және оның әдістерінің түсіндіруін талап ететін салыстырмалы зерттеулердің өзіндік бағыттарын іздестіруге негіздейді.

Осындай ізденістердің әдіснамалық бағытының негізіне орыстың белгілі ғалымы Г.Н.Волковтың “Жалпыадамзаттық мәдениетке жол ұлттық ерекшеліктерден бас тарту емес, керісінше оны жақсы түсіне отырып, прогресшіл элементтерін қолдана білуде жатыр» деген тұжырымын алуға болады [4].

Әр халықтың дәстүрлі педагогикалық мәдениеті жеке тұлғаның дамуы мен тәрбиесінің тірегі болып саналады, ол бұрынғы қалыптасқан тарихи тәжірибелерді саралай отырып, сол арқылы қазіргі тәрбие үрдістерін этнопедагогикалық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе бойынша ғалым Г.Н.Волковтың «этникалық педагогика тарихи жағдайлары қалыптасқан және ұлттық тәрбиелелу жүйесінің негізінде сақталып қалған, өмірдің басқа да заңдылықтары мен халықтың педагогикалық мәдениеті сияқты өзгерістерге ұшырап отыратын ұлттық мінез ерекшеліктерін зерттейді» деген тұжырымдамасынан салыстырмалы этнопедагогикалық зерттеулердің қажеттілігі сезіледі.

Қазақстандағы этнопедагогика ғылымының дамуына өзінің қомақты үлесін қосып жүрген белгілі ғалым К.Ж.Қожахметованың зерттеулерінде «Этнопедагогика-салыстырмалы педагогиканың негізі» деген пікір тұжырымдалған. Оның пікірінше, қазақ этнопедагогикасы-интегративті білім саласы, ол педагогика аясында және этнофилософия, этнопсихология, этномәдениет пен этнография ғылымдарының қиылысында қалыптасқан [5].

Ғалым Б.А.Жетпісбаеваның неміс ғалымдарының «Этнопедагогика» түсінігі туралы айтылған пікірлеріне жасалған талдауларына сүйенер болсақ, бұл түсінікті 3 түрлі түсіндірген:

1. ол этнологиялық және педагогикалық зерттеулердің жиынтығы;
2. мәдениеті әртүрлі жасөспірімдерді тәрбиелеудің жолдары немесе сол этностың құндылық бағдарының және тәрбие идеологиясының қалыптасуы, бұл жерде тәрбие мәдениетінің бір аспектісі болып саналады, ал этнология педагогикалық ғылымының бір бөлігі болып табылады;
3. педагогика ғылымының танымдық ізденісі үрдісінде, соның негізін этнологиялық мәліметтер құрайды, содан кейін олар өздерінің этнологиялық ауысуларын бастайды [6].

Яғни, автордың тұжырымдауы бойынша этнопедагогика ғылым ретінде екі пәнді біріктіреді: этнология және педагогика.

Әрине, этнология мен педагогика арасындағы айырмашылығы олардың зерттеу объектілерінің әртүрлілігі: педагогика тәрбиемен айналысса, этнология этнос тіршілігін зерттейді. «Этнос» бұл ортақ тілі, өздеріне тән мәдени ерекшеліктері бар, тарихи қалыптасқан территорияда мекен еткен халықтар тобы. Этностың пайда болуының негізгі шарттары: ортақ жер, тілі, мінез-құлық ерекшеліктері.

Жалпы, педагогика мен этнологияны байланыстырып тұрған ғылым этнопедагогика. Қазіргі кезде салыстырмалы-этнопедагогикалық зерттеулердің маңыздылығы өте жоғары дәрежеде, себебі этникалық құбылыстар адам өмірінде маңызды роль атқарып, оның тұлға ретінде қалыптасуына өз әсерін тигізуде.

Себебі, тек қана өз әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін танып біліп, қастерлеп өскен адамды ғана нағыз ұлтжанды азамат деп есептеуге болады. Оны оқып-үйренуге көптеген ғылыми пәндердің қатысы бар. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың ең басты міндеті-«балаларды бірге өмір сүруге үйрету» зерттеушілерді дүниежүзілік біріктіру мақсатында көптеген этникалық қауымдастықтардағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктеріне назар аударуға бағытталған.

Қазіргі кезде салыстырмалы-этнопедагогикалық зерттеулердің маңыздылығы өте жоғары дәрежеде, себебі этникалық құбылыстар адам өмірінде маңызды роль атқарып, оның тұлға ретінде қалыптасуына өз әсерін тигізуде. Себебі, тек қана өз әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін танып біліп, қастерлеп өскен адамды ғана нағыз ұлтжанды азамат деп есептеуге болады. Оны оқып-үйренуге көптеген ғылыми пәндердің қатысы бар. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың ең басты міндеті-«балаларды бірге өмір сүруге үйрету» зерттеушілерді дүниежүзілік біріктіру мақсатында көптеген этникалық қауымдастықтардағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктеріне назар аударуға бағытталған.

Педагогикалық қауымдастықта, этникалық педагогика мәселесіне қызығушылық артқанмен, салыстырмалы этнопедагогика туралы зерттеулер аз деп атап көрсетуге болады. Кез-келген халықтың тарихи дамуында кенжелеп артта қалу, немесе алға шығып озып кетуі кезеңдерінен өткен. Осындай тарихи кезеңдерін ұқсастығы белгілі дәрежеде тәрбие мен білім берудің мақсаты мен міндеттерінің біркелкілігін бейнелейді. Ал, енді олардың арасындағы айырмашылықтарға келетін болсақ-бұл әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлері. Сонымен қатар, әр халықтың өз тағдыры, тарихы, әлеуметтік және экономикалық дамуының деңгейі болады. Осы ерекшеліктеріне байланысты барлық ұлттық тәрбие мен білім беру жүйелеріндегі білім мақсаты мен іс-әрекеттің алғы шарттары әртүрлі болып табылады.

Ұлттық ерекшеліктердің, әрбір халықтың бір-біріне ұқсамайтын даралығы көптеген факторлармен анықталады. Соның ішінде ерекше орын алатындары-тіл, дін, сенім-наным, тарихи дәстүрлер, рухани құндылықтар, этикет, сол халықтың мәдениеті қалыптасқан табиғи органың ерекшеліктері. Жалпыадамдық және ұлттық құндылықтар адам өмірінде бірлесіп қатар жүреді. Сондықтан, әрбір адамның жеке басының құндылықтары-жалпыадамдық және ұлттық құндылықтарының жиынтығы. Жалпыадамдық құндылық ешқашанда өзгермейтін абсолютті, ал ұлттық-этникалық құндылықтар кеңістік пен уақыт өлшемінде ғана құндылық болып табылады. Белгілі бір тарихи кезеңде қандайда бір халықтың мәдениетінде қалыптасқан құндылықтар салыстырмалы түрде болады.

Салыстырмалы этнопедагогиканың әдіснамалық негізі педагогика әдіснамасы, этно-әдіснама, этноәлеуметтік әдіснама, салыстырмалы әдіснама және этникалық педагогика әдіснамасы болып табылады. Салыстырмалы-этнопедагогикалық зерттеулерді жүргізу әдісінің бағдарламасын жасау мынандай құрылымнан тұрады: әрбір кезеңдегі зерттелетін міндеттер, зерттеу объектісінің сипаты және осы кезең соңындағы нәтижелерді қамтиды. Сонымен қатар, әрбір кезеңнің нәтижесі келесі кезеңнің өте зер салып қарайтын объектісіне айналады. Әрбір кезеңнің ерекшелігі оның міндеттері, объект және күтілген нәтиженің сипатымен анықталып қоймайды, сонымен бірге зерттеудің кешенді әдістерімен де нақтыланады[7].

Дүниежүзінің барша дамыған мемлекеттерінде салыстырмалы педагогика саласы қарқынды да мақсатты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Әр елде білім беру саласындағы ең соңғы жаңалықтарды салыстыра отырып жариялайтын арнаулы журналдар саны үздіксіз өсуде. Қазіргі кезеңде салыстырмалы педагогикаға, әсіресе білім беру жүйесін реформалау жөніндегі болжамдық ұсыныстарға ден қоюда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Mallinson V. Introduction to use study of comparanive education. L., 1975. 123p.
2. Холмс Б. Эволюция сравнительной педагогики // Перспективы. Вопросы образования. ЮНЕСКО. М., 1986, №2, С. 45-46.
3. Schneider, F.: Vergleichende Erziehungsissenschaft. Geschichte, Forschung, Lehre. Heidelberg: Quelle u. Meyer, 1961.
4. Волков Г.Н. Этнопедагогика, Чебоксары, 2004, 480 с.
5. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика әдіснамасының даму болашағы // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, 2005, №3, 25-29 б.
6. Жетписбаева Б.А. Этнопедагогические основы содержания в школах Казахстана и Германии. Дисс...канд.пед.наук. Караганды, 2004.-198с.
7. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. Док.дисс.Караганды, 2007. 229-242 б

**СОЦИАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА И ЕЕ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
АСПЕКТ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ НАСЛЕДИИ К.Ж.
КОЖАХМЕТОВОЙ**

Л.В.Мардахаев

*доктор педагогических наук, профессор
заведующий кафедрой социальной и
семейной педагогики РГСУ
Почетный академик МАНПО
Почетный работник высшего
профессионального образования РФ*

Ключевые слова: Социальная педагогика, этнопедагогика

Аңдатпа

Мақалада К.Ж. Қожахметованың мұрагерлік педагогикадағы әлеуметтік педагогика және оның этнопедагогикалық аспектілері қарастырылды.

Annotation

An article about the Social pedagogy and its ethnopedagogical aspect of pedagogical heritage K. Zh. Kozhakhmetova.

Развитие социальной педагогики явилось естественной потребностью заботы государства и общества о подрастающем поколении. В первой половине XIX века получило активное развитие индивидуальная педагогика. В то время известный немецкий педагог К. Магер¹ отмечал, что альтернативой развития индивидуальной и коллективистской педагогики является социальная педагогика.

Первые публикации, посвященные существованию социальной педагогики (П.Г. Наторп² и П. Бергеманн³), свидетельствуют о том, что она ориентирована на воспитание подрастающего поколения с учетом потребностей государства и общества. При анализе истоков социальной педагогики выделены с определенной долей условности следующие подходы [2, с.10]:

- личностно-социальный – обусловленный потребностями социального фактора развития личности;
- социологический – обусловленный потребностями общества в воспитании подрастающего поколения;
- средовой – развитием социологии как научного знания и практики.

Следует выделить также – культурологический подход. О его важности писал П. Наторп [3] и П. Бергеманн [1]. По существу социальная педагогика, разработанная П. Бергеманном, построена на культурологическом подходе. Такой подход определен, с одной стороны, потребностями общества в подготовке подрастающего поколения в соответствии с потребностями культуры, а с другой, – потребностями растущей личности в овладении основами культуры, необходимой для адаптации и самореализации себя в нем. Культурологический подход непосредственно связан с этнопедагогикой. Данный факт позволяет при развитии теории и практики социальной педагогики выделять два направления: общенаучный и культурологический. Общенаучные основы социальной педагогики включают ее теоретико-методологические основы. Культурологический – это все, что связано с социальным воспитанием, традициями, культурой, народной педагогикой.

Каждое государство, общество, среда жизнедеятельности человека характеризуется своей культурой. Это определенный результат эволюции, характеризующий своеобразие среды, в которой люди принимаемы и понимаемы. Культура является одним из важнейших факторов, способствующих формированию социокультурного мира ребенка, юноши, взрослого человека, определяя его нравственно-духовное своеобразие, и позволяющих личности реализовываться в среде жизнедеятельности. Через культуру обеспечиваются все духовные приобретения человечества и их воплощение.

*Культура*⁴ – язык, понятия, установки, обычаи, традиции и особенности поведения, общие для большой группы людей и передающиеся от поколения к поколению.

Исследователи выделяют *духовную* (весь круг идей, ценностей, приоритетов) и *материальную*

¹Магер Карл Вильгельм Эдуард (*Mager Karl Wilhelm Eduard*) (1810-1858) – известный немецкий школьный педагог и школьный политик.

²Наторп Пауль Герхард (*Paul Gerhard Natorp*) – немецкий философ-идеалист, автор социальной педагогики (*Natorp P. Sozialpädagogik. Theorie der Willenserziehung auf der Grundlage der Gemeinschaft. Stuttgart, 1899. – VIII, 352 S.; Natorp P. Gesammelte Abhandlungen zur Sozialpädagogik. Abt. 1. Historisches. Stuttgart, 1907. – VIII, 510 S.*), переведенной на русский язык (*Наторп П. Социальная педагогика. Теория воспитания воли на основе общности / пер. А.А. Громбаха с 3-го доп. нем. изд. - СПб., 1911. – 360 с.*); *Культура народа и культура личности. Шесть лекций П. Наторпа / пер. с нем. М.М. Рубинштейна. - СПб., 1912. – 189 с.*

³Бергеманн Пауль (1862–1946) – известный немецкий, а в последствие американский педагог.

⁴ от лат. *cultura* – возделывание, развитие, образование, почитание

(реальные достижения человека и своеобразие их осуществления) культуру.

Для конкретного государства (общества) присуща своя культура, которую называют национальной, подчеркивая тем самым ее принадлежность и ведущую роль для него.

Национальная культура представляет совокупность материальных и духовных ценностей нации (этнической общности), а также практикуемых ей основных способов взаимодействия с природой и социальным окружением. Она находит свое проявление в национальных ценностях, традициях, обычаях, ритуалах и непосредственно сказывается на формировании национального своеобразия и менталитета народа.

Качественными характеристиками, определяющими культуру народа, являются:

– явления, характеризующие природное своеобразие и материальное богатство культуры в целом: природные и климатические своеобразия, ставшие неотделимой частью государства и народа; созданное в прошлом и имеющее для государства и общества национальную ценность: архитектура, памятники искусства, музеи, национальные парки; национальное искусство, ремесло и художественное творчество;

– явления, характеризующие духовное своеобразие народа: национальные ценности, религия со всем ее нравственно-духовным богатством, национальное самосознание, гордость, честь, предрассудки;

– явления, характеризующие проявление духовной культуры народа: язык, национальные и семейные праздники, традиции, обычаи и ритуалы.

– *Явления, характеризующие природное своеобразие и материальное богатство культуры в целом.*

Для каждого государства характерна своя среда обитания, которая определяет то природное своеобразие, без которого нет возможности охарактеризовать сам народ. Это то, что часто вызывает ностальгию у человека, ставшего частью другой культуры. Ему не хватает той березки, запаха тайги или леса, крепкого мороза, речки.

– *Явления, характеризующие духовное своеобразие народа,* – это то своеобразие, менталитет народа, которые стали следствием его многовекового духовного обогащения.

– *Национальные ценности* – это совокупность духовных идеалов представителей тех или иных национальных (этнических) общностей, в которых находит отражение их историческое своеобразие. Они выступают в роли социально и нормативно-культурных аксиом поведения и непосредственно связаны с природными и материальными богатствами региона, его религиозной культурой и самодостаточностью народа в самореализации.

– Духовное своеобразие определяет *национальную идентификацию* – чувство приобщенности человека к национальной культуре, при котором он постоянно отождествляет себя с группой, этносом, нацией, расой этой культуры. Формами ее проявления могут быть: ежедневный труд, соседские отношения, совместная религиозная практика, политическая активность, экономическое поведение, досуг и развлечения.

– Во многом национальную идентификацию определяет сформировавшееся *национальное самосознание* – осознание людьми своей принадлежности к определенной социально-этнической общности, ее положения в системе общественных отношений, понимание национальных интересов, взаимоотношений своей нации с другими социально-этническими общностями, проявляющееся в идеях, чувствах, стремлениях. Оно является основой *национальной гордости* – патриотических чувств любви к своей родине и народу, осознанием человеком своей принадлежности к определенной нации, региону страны, выражающееся в понимании общности интересов, национальной культуры, языка и религии.

Нравственной оценкой национального самосознания и гордости людей является *национальная честь*, представляющая нравственную оценку достоинства нации как ей самой, так и представителями других этнических общностей. Она выступает сильным побудительным мотивом к самосовершенствованию нации, наращиванию ее духовного потенциала. Поэтому о национальной чести человека можно судить по его вкладу в богатства и развитие культуры, а также деятельности по их сохранению и защите от внутренних и внешних посягательств.

Материальное и особенно духовное богатство народа делает его достойным представителем мировой цивилизации, вызывает уважение других народов, заставляет считаться с его интересами.

Однако следует иметь в виду, что своеобразие народа характеризуют и *национальные предрассудки*⁵. Они складывались веками в виде общественно-политических явлений, представляющих собой неадекватные и искажающие действительность установки, вырабатываемые этнической (национальной) общностью по отношению к другим общностям, их характеристикам и т.д. Национальные предрассудки могут проявляться в виде определенных заблуждений, ошибок, недооценок.

По своей сущности своеобразие народа – это единство духовного богатства и национальных предрассудков.

Явления, характеризующие проявление духовной культуры народа, – это то, через что непосредственно проявляется духовная культура народа и по чему о ней можно судить. Их носителем выступают и народ в целом, и семья, и каждый взрослый человек.

Важнейшим из них является семья. Именно она в первую очередь передает духовное богатство народа подрастающему поколению. Речь идет о подготовке будущего носителя духовного богатства страны, того, кто в последующем должен формировать новое поколение. От ее возможностей и непосредственной деятельности во многом зависит, что и как усваивает подрастающее поколение, а значит и то, каким оно будет.

Данный факт диктует необходимость значительного внимания со стороны государства к семье, ее

⁵ от англ. *prejudice* – мнение, предшествующее рассудку

материальным и духовным возможностям и деятельности по передаче духовного богатства подрастающему поколению. При этом оно должно не только заботиться о благополучии семьи, но и спрашивать с родителей за воспитательную деятельность по формированию культуры их детей.

Перед государством, обществом и семьей стоит проблема наиболее эффективного использования многообразия средств культуры для ее передачи подрастающему поколению в интересах подготовки последнего к самореализации.

Средства культуры – это то, что исторически активно используется в данной социокультурной среде для передачи культуры подрастающему поколению. По своей сути они отражают культуру народа и являются средством воспитания в народной (этнопедагогике) педагогике. Такими движущими силами воспитательного воздействия выступают: язык, национальные (народные) игры и праздники, музыка, традиции, обычаи, ритуалы, быт, религия, народные промыслы, искусство, общение.

Наиболее важным средством формирования культуры человека выступает язык народа.

Язык – система знаков, служащая средством осуществления человеческого общения, мышления; социально-психологическое явление, общественно необходимое и исторически обусловленное, являющееся достоянием и ценностью народа, показателем его культуры. В нем заложены больше социально-педагогические возможности.

На важность языка в формировании личности, передаче национальной культуры указывал К. Д. Ушинский. «В языке, – подчеркивал он, – одухотворяется весь народ и вся его родина; в нем претворяется творческой силой народного духа в мысль, в картину и звук небо отчизны, ее воздух, ее физические явления, ее климат, ее поля, горы и долины, ее леса и реки, ее бури и грозы - весь тот глубокий, полный мысли и чувства, голос родной природы, который говорит так громко в любви человека к его иногда суровой родине, который высказывается так ясно в родной песне, в родных напевах, в устах народных поэтов»⁶. «Усваивая родной язык легко и без труда, каждое новое поколение усваивает в то же время плоды мысли и чувства тысячи предшествовавших ему поколений, давно уже истлевших в родной земле... Не условным звукам только учится ребенок, изучая родной язык, но пьет духовную жизнь и силу из родимой груди родного слова. Оно объясняет ему природу, как не мог бы объяснить ее ни один естествоиспытатель, оно знакомит его с характером окружающих его людей, с обществом, среди которого он живет, с его историей и его стремлениями, как не мог бы познакомить ни один историк; оно вводит его в народные верования, в народную поэзию, как не мог бы ввести ни один эстетик; оно, наконец, дает такие логические понятия и философские воззрения, которых, конечно, не мог бы сообщить ребенку ни один философ»⁷.

Характерно, что развитие этнопедагогике получило широкое развитие в Республике Казахстан. Ведущую роль в этом бесспорно принадлежит Кларе Жонтареевне Кожаметовне. Знакомство с ее публикациями [3] показало, что ей принадлежит более 70 публикаций по вопросам этнопедагогике (этнопсихологии). Среди них следует выделить работы методологического, теоретического и методического характера.

Под руководством К.Ж. Кожаметовны подготовлены две докторские и одиннадцать кандидатских диссертаций, в которых нашли отражение этнопедагогические аспекты. Я мог ошибиться в численных показателях, так как не смог перевести с казахского языка существо темы. Однако представленные цифры свидетельствуют о ее значительном вкладе в развитии идей этнопедагогике в Казахстане.

Изложенное свидетельствует о сложившейся под руководством К.Ж. Кожаметовой научной школы этнопедагогике, получившей признание как в Республике Казахстан, так и в других странах.

В 2010 году в Республике Казахстан принято решение о начале подготовки социальных педагогов и о переводе учебника «Социальная педагогика» на казахский язык. Этнопедагогическая подготовленность К.Ж. Кожаметовой в этом отношении сыграло огромную роль. Она, будучи проректором Казахского Женского государственного педагогического института провела значительную работу по формированию коллектива авторов и организовало работу, которая была завершена уже в 2011 году, а в 2012 году вышел учебник в издательстве «Полиграф-сервис К».

В учебнике получило отражение этнопедагогический аспект в различных разделах социальной педагогике, что сделало учебник адаптированным к социальным педагогам Республики Казахстан. В нем нашли отражение традиции и опыт народной казахской педагогике в воспитании подрастающего поколения, социально-педагогической работы с родителями.

Список литературы:

1. Бергеманн, П. Социальная педагогика. – Гаага, 1900.
2. Истоки становления социальной педагогике: матер. круглого стола, посв. 70-летию Л.В. Мардахоева / под ред. Л.В. Федакиной. – М.: Изд-во РГСУ, 2014.
3. Кожаметова Клара Жантөреқызы. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 90 б.

⁶ [7, с.110]

⁷ [7, с. 110-111]

4. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 317 с.
5. *Наторп П.* Социальная педагогика. Теория воспитания воли на основе общности / пер. А.А. Громбаха с 3-го доп. нем. изд. - СПб., 1911. – 360 с.
6. *Наторп П.* Культура народа и культура личности. Шесть лекций П. Наторпа / пер. с нем. М.М. Рубинштейна. - СПб., 1912. – 189 с.

МОНГОЛ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨЛІКТІ ЖЕРЛЕУ, ҚАЙТЫС БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ ДӘСТҮРЛЕР

Дәреже Хазіұлы
докторант PhD

*Қобда Университетінің Баян-Өлгей
аймағындағы филиалының қоғам тану
және гуманитарлық кафедрасы*

Кілттік сөздер: Қайтыс болды, жерлеу, талийгаач, монғол, қазақ, сархинаган боов, эргэж төрнө, Үзэмчин, Хотон, молла

Аннотация

Тухайн өгүүлэлд монголчууд, түүний дотор Үзэмчин, Хотонгуудын оршуулах, нас барахтай холбоотой зарим нэгэн ижил, ялгаатай зан үйл, уламжлалын тухай өгүүлдэг. Үүнд Монгол, қазақтың ард түмэн эрт дээр үеэс нэг дор аж төрөн амьдарч ирсэн эсгий туургатнууд учир оршуулгын, нас барахтай холбоотой зан үйлд ижил төсөөтэй зүйлүүд их бий. Мөн оршуулгын зан үйлд шаманизм, буддын шашны уламжлал ч хадгалагдсан. Үүнийг харьцуулж оршуулга, нас барахтай холбоотой зан үйлийн талаар өөрийн үзэл бодлоо илэрхийлсэн болно.

Annotation

In this article, the similarities and differences between Uzemchin, Khoton and khazakhs funeral tradition will be presented.

Since, Mongolians and Kazakhs, who have same ancestry, have been residing together for hundreds of years, their funeral tradition has similarities. Therefore, some elements of Buddhism and shamanism can be found.

Ерте кезден-ақ Монғолия жерін мекен еткен алғашқы мемлекеттер Хүннү, Сьянби кезінен бастап ҮІ-ҮІІІ ғасырдағы Түрікпен жалғасын тапқан монғол, қазақтардың дәстүрлік ғұрыптары жан жақты байланысты деп көруге болады. Сөзімізді дәлелді болдыру үшін бірнеше мысалдарды келтіруді жөн деп көрдім.

Қазақтардың аса құрметпен атқаратын істерінің бірі өлікті жерлеу салт дәстүрі. Өлген адамдарды қазақтар “Қайтыс болды”, “қайтты” деп айтады. Мұның себебі адам о дүниеден келген, сондықтан да дүниеден өткен адам сол келген дүниесіне қайта қайтты деген ұғымды білдіреді. Адам алғаш дүниеге келгенде ешбір күнасыз, пәк келген, олай болса дүниеден өткенде де сол қалпында пәктігімен кету керек деген ұғымды қазақтар берік ұстанады. Мұнда адамның денесін арулау арқылы тазартса, санасын өтерінен бұрын аллаға иман келтіру арқылы, қалған туыс, таныстары өткен адамдардың жақсы адам болғандығын, бұл дүниеден ешбір борыш қарызсыз өтіп бара жатқандығын жаназасында дәлелдеу арқылы, мархұмға арнап құран оқытып тазартуға ниеттенеді. Иманды шамасы келсе ол адам өзі, ал шамасы келмесе қасындағы молла, басқалар айтуға болады деп көрген. Ендеше монғолдар өткен адамды “талийгаач” (ұзаққа кеткен деген мағынаны білдіреді), “өөд болооч” (жоғары кетуші деген мағынада) деп айтуы жоғарыдағы қазақтардың “қайтты”, қайтыс болды” дегенімен мағыналас келіп жатыр.

Қайтыс болған адамның орнына келгендер туыс туғандарына “Алдынан жарылқасын” (урьд зам нь өлзийтэй байг), “Жаны жаннатта болсын” (диваажинд морилох болтугай), “Арты қайырлы болсын” (Хойтохдоо буян болог), “Иман байлығын берсін” (хөрөнгийг нь үр удамд нь хайрлаг) деген сөздермен көңіл айтуы да сәйкес келетіндігін көріп отырмыз. Монғол, қазақтардың қай қайсысы да өткен адамның бас жағына шырақ жағып қоюуы ерте кезден ақ жалғасып келе жатқан біркелкі дәстүр. Ол сүйек жатқан үй үнемі жарық болуға тиіс дегенге байланысты. Қайта соңғы кезде дін уағызымен кейбір жағдайда шырақ жағу шаман нанымның қалдығы деп көріп тыйым салынуда.

Қазір тек біздің қазақтарға ғана тән деп жүрген жоқтау рәсімінің де ертедегі ата бабаларымызда, онымен қатар монғолдарда да болғандығын көптеген дәлелдер арқылы растауға болады. Нақтап айтсақ БЭБ 174 жылдары Модун хан қайтыс болғанда:

Гис Гис Гис
Ұшып жүрген сұңқардың
Қанаты болып кеттің бе
Шиқылдаған арбаның
Доңғалағы болып кеттің бе
Ұзақты көретін әділ едің

Айды да көре алмадың
Бір құлаштай үлкен едің
Көз көрмеске кеттің бе деп жоқтаған болса
ҮІ-ҮІІІ ғасырларда Түріктің кезінде Күлтегиннің тас кесенесінде:

Күлтегин бауырым өтіп
Мен қайғыға баттым

Көрер көзге құм құйылып
Есімнен де айырылдым

Ақылымнан алжастым
Ақымақ болып қайғырдым
Жылап сықтап халқымның

Жылы жүзі суыйтын болды [1] деген жоқтауы тарихта қалған. Олай болса Сөнөдтің Гилүхтэй батыры

XIII ғасырда Шыңғыс қаған қайтыс болғанда айтқан:

Халықтың қағаны, ел басымыз
Қаршығаның қанаты болып аттанды
Қара арбаның жүгі болып аттанды
Шипылдаған құстардың қанаты болып аттанды
Шиқылдаған арбаның жүгі болып аттанды
... Ыстық жаның кетсе де

Ылдида қалған денеңді
Қорғап алып қайтайық қағаным
Қатын Бөртеге көрсетіп

Қалған еліңе апарайық ... [2] деген жоқтауы Монғолдың “Күпия шежіресінде” анық жазып қалдырған.

Ал қазір монғолдарда жоқтау айту мүлдем жойылып кеткен. Және де бұдан біз монғолдардың да қазақтарға тән өлікті неғұрлым өзінің туған жеріне жеткізіп жерлесек деген ниетінің болғандығын байқаймыз.

Халхаларда қайтыс болған адамның сүйегін үйден шығарғанда босағадан, яғни есік пен керегенің арсынан шығаратын дәстүр бар. Қазір де қазақтар жаңа көтерілген отауға “босағаң берік болсын” деп тілек білдіруін біз осыған қатыссыз, байланыссыз деп айту қиын. Қазақ дәстүрінде адамдарды арулауға ең жақын адамы, жанашыры, немесе ол адамның көзі тірісінде тапсырып кеткен адамдары қатысады. Үзэмчин халқында да қазақтармен бірдей жақын жанашырлары немесе тапсырған адамы қатысатындығы анық жазылған. [3]

Және де Үзэмчиндерде (Моңғолдардың бір руы) де көп жасаған адамдарды жерлеу рәсіміне арналған тамақты адамдар көптеп керектенуі, оның жасын берсін деп ырымдайтындығында да қазақтармен ұқсастық байқалады. Үзэмчин халқында да қазақтар сияқты артындағылар өткен адамға арнап қаншама кітап \діни\ оқытса соншама көп сауап алады деген наным сенім бар. Олардың қазақтармен тағы бір ұқсастығы өткен адамға арнаған атты ер жүгенімен әкеліп молдаға құран оқытып сойып халық көпшілікке таратуы. Мұнда осы ат өлікті ұжымаққа апарды деген діни сеніммен ер жүгенімен дайындайды. [4] Монғол ұлтында өліктерге арнап “сархинаған боов” жасайды. Вұл қазақтардың қырық шелпек жасауының бір бейнесі. Мұның істеу тәртібі, арналуы да қазақтармен ұқсастығы байқалады. Басқа кездерде мұндай шелпек істеуге тыйым салынған. Қазақтар өлікті арулаған адамдарға жетісінде не сол күні “киім” таратады. Ал монғолдарда (өөлдерде) 49 күннен кейін сол адамның киімін тарататындығы формасын өзгерткен ұқсас дәстүр деп көруге болады.

Буриадтарда май жұтқызу дәстүрі деген бар. Бұл дәстүр бойынша жасы ұлғайған қарияға туған туыстары жиналып тілеу жасайды. Рәсім бойынша қарияға жіңішкелеп кескен ұзын майды жұтқызады. Бұл осы адамның майды жұтқан қалпы дүниеден өтіп кетуін ырымдаған. Қазір де қазақтарда бір бірін “аузына май тығып өлтіре салатынның өзі” деп ажуалауының да осы рәсімге төркіндес болуы да ықтимал.

Ал өлікті жерлегенде монғолдар басын тура батыс солтүстікке қарататын болса қазақтар да солай жерлеп бетін аздап қыбылаға бұрады. [5] Моңғолдардың наным сенімі бойынша батыс солтүстік о дүниеге жақын деп көрілетіндіктен осылай жерлейтін болған. Жерлеу рәсімінің айырмашылығы десек монғолдардан кісіні жерлеуге тек 3-4, 5-6 адам ғана (ертедегі дәстүр бойынша 2 адам) барса қазақтарда керісінше жасқа жеткен барлық адам қатысуға талаптанады. Бірақ қай қайсысында да әйел адамды қатыстырмайды. Моңғолдарда өлікті жерлеген адамдар “Қаралы ізді баспаймыз” деп қайта қайтқанда өзге жолмен келетіндігі қазақтарға ешбір ұқсамайды.

